

1 2006
21105к

ӘНЕС САРАЕВ

Egiл-Жайың,





12206/211054

С22.

ӘНЕС САРАЕВ

Eгіл-Жайық,

РОМАН



АЛМАТЫ

«ЖАЛЫН» 1992

8df.512.122-31(57е)
ББК 84 Қаз7-44
(574)

С 22

Сараев Э.
С 22 Еділ-Жайық: Роман. — Алматы: Жалын,
 1992.— 608 бет.

ISBN 5-610-00927-8

«Еділ-Жайық»— белгілі қаламгер Әнес Сараевтың жаңа қолтумасы. Шығарма — басты кейіпкерлері арқылы бұдан бірнеше жыл бұрын жарық көрген «Алтын арал» романымен байланысып, жалғасып жатқанмен, оқиға арқауы, сюжеттік түзілісі, көркемдік шешімі тұрғысынан бас-аяғы бүтін өз алдына жеке дүние. Роман — 1919—1920 жылдар аралығындағы Атырау өңірінің тірлік тынысын, майдан оқиғаларын, қиян-кескі тап тартысын, таптар мен әлеуметтік топтардың, әрқиылдық саяси күштердің өліспей беріспес күресін ел өмірі, халық тағдырымен астастыра баяндап, шынайы суреттейтін кең тынысты туынды.

Бояуы қанық, тілі тартымды, шиеленісті оқиғаларға толы роман жақсы оқылады.

С 4702250201—001
408(05)92 без объявл.— 92


ББК 84 Қаз7-44

ISBN 5-610-00927-8

© Әнес Сараев, 1992

ДАРЫНДАУЫТТАЛЫҚ КОМПАНИЯ

«ДАРЫНДАУЫТТАЛЫҚ





БІРІНШІ БӨЛІМ

I

Ор суының кеңірдектен келіп, лықылдарап тұрған кезі. Көз жетер айнала төніректің бәрі толқыны дөңбекшіп, шағаласы шаңқылдаған кең шалқар айдын. Жайықтың ит тісіндей ойқы-шойқы кемерлі жағалауы су астына шайылып кеткен — ізі бар да, өзі жок. Ұлан-ғайыр жалпақ су лықсып толқып, ыңырана дөңбекшіп Гурьевке соғылып жатыр.

Жайықтың қылқа тамағындағы айналасын су шайған, теңкиген-теңкиген аралдардың бірінен ірге айырған дәу баржы қалаға қарай бет түзеді. Бас-аяғы тендей-тендей кесек мұзға лықа толы темір баржы ауыр жүктен шым батып кете жаздал, ернеуімен су сзығып мәймендеп келеді.

Тенізден аңқылдаап, құрғақ сары жел еседі. Желмен бірге қылтылдаған қалың толқын Үйшікке қарай жосыла жөңкіді. Баржының үлігінен сыртқа шыққан жалпақ танау сары бала бір көш жерде сағымға шайылып, толқын жалында теңселіп тұрғандай шіркеулі, мұнаралы қалаға аузын аңқита қарап тұрды да, ыңылдаап ақырын баяу әндettі:

— Көрінген сонадайдан Гурьевім,

Көрмедім Гурьевтей-ау жер биігін,—

деп алыш, танауын тартып, мырс етті.— Судан жошы алмай отырып: «Көрмедім Гурьевтей жер биігін»,— дейді. Қы-

зық-ә, аға! — Кенере сыртындағы ағынды арнаға телміріп, менірейген ағасы құлақ қақпаған соң, қазаншы Жақау:

— Балық дайын,— деп, ағасын тамаққа шақырды.

Баржы ернеуінде Жайықтың жалпиған айдынына қарап, өз ойымен өзі боп, шөмиіп отырған Ахтан езуіне жабысқан тәмекі түқылын кенереден асыра тастап, орнынан тұрды. Кешегі күндері Астраханның көшесінде қызыл-әскер киімін киіп, аяғы аяғына жұқпай, тықақтап жүрген Ахтан дейтін емес, маусымдық жұмысқа жалданған көп кезбелердің біріндегі. Жалаңбас, жалаң аяқ, бұтта қаудырлақ кенеп шалбар, үсте май-май жейде. Сақал-мұрт өскен. Өскен деген аты ғана, айтулы көседе не жөнді мұрт, не жөнді сақал болушы еді, сұп-сұйық сорға біткен сорандай сойдиган-сойдиган бірдеме. Мынау бөтен қалада ізіне шам алып түскен аңдушылардан сыртын жасырғаны да баяғы.

Қазаншы Жақау майын жүздіріп, шоқыр асып қойған екен. Ахтан еті қайрақтай тіл үйірген дәмді семіз балықты тұздыққа әлсін-әлі батырып, аштан келгендегі қарпытып үзақ жеді. Сосын сорпаға нан үгіп, түйір ғып ішті де, жантая кетіп, балық қылтанымен тісін шұқыды. Дағаға құлақ түріп, тың тындағандай болып жатты да:

— Бұлғақтап келеміз-ау, осы? Қараши,— деді.

Жақау жиып жатқан тақтай үстелін тастай салып, есіктен бас сұғып, сыртқа мойнын созып, бойлай қарады. Буксир жетегіндегі баржы, шынында да, Жайықтың о беті мен бұз бетіне кезек аунап, қатты теңселіп келеді екен.

— Тұмсық шым батып кетіпті, жеңілдетпесе болмайды, аға,— деп қазаншы бала қауіп айтты.

— Қалай жеңілдет дейсің?

— Мұзды ептең аударыстырамыз ба, қайтеміз...

— Ол үшін қожайын артық ақша төлер деймісің? Өлмесе тұрмасын. Бүгін сүйреп жүрген жок, бірдеме ғып жеткізер,— деп, Ахтан жаны ашымастың басы ауырмас мінез танытып, немқұрай қолын сілтеді.

Алайда, айтуын айтқанмен, шыдай алмай, іле-шала тысқа шықты. Жүгі ауыр баржы, шынында да, ернеуі суға тиер-тимес боп, шықпа жаным шықпалап шаққа ілбіп келеді. Ірілеу тоқындар ара-тұра кенерені шайып кетіп тұр. Алғаның ас болмағыр, атана нәлет жүкшілер көзі сәл тайып кеткенде білгендерін істепті. Әлгінде мұз тиеліп жатқанда балаға сеніп, бірауық кірпік қабыстырып алып еді, онбаған жүкшілер барлық жүкті тұмсыққа үйемежүйме топылтып үйе салған. Енді, міне, баржы құйрығы аспанға, тұмсығы суға шашылып, балдыр терген үйректей

шюңкішінде жатқаны. Содан соң бұлғақтамағанда қайтсін. Бұлғақтаймын деп қарсы жолыққан көлікке соғылып жүрсе, қызық пен шыжықтың майқаны сонда. Бірақ айдын бетінде бейсекеует көлденең көлік көзге шалынбады. Жә, мұндайды көріп жүргендері бір бүгін емес, ілігер дағы қалаға амалдап.

Олар шайға отыра бергенде, буксиждің капитаны жаушапты ойбайға басты. Ахтан далаға тағы да жүгіре шықты.

— Да, не бол қалды соншама?

— Қала жақтан пароход... пароход келеді. Баржыны бұлғақтатпай дұрыстап ұстандар. Баржы капитаны, мені үқтың ба?

Ахтан палубада жайрап жатқан кесек-кесек мұзды жалаң аяғымен басып, баржының тұмсығына барды.

— Шәлкінді қысқарт! Шәлкінді! Құйрық ұстауға келмейді.

— Неге келмейді, оған не болды?

— Өрел сынған.

— Эй, оның не болғаның? Баржының иесі сен бе, мен бе?

— Сынып қалса, сирағыммен ұстаймын ба? Одан да ерінбей, шәлкінді қысқарт. Бүгін капитан болып тұрмады шығарсың.

Бәрін біле тұрып, капитанның да мойны жар бермей келе жатқан. Енді буксижді кідіртіп, командастын жиып алып, дәу баржыны мықшындаған қолмен тартып, жетек арқанды ықшамдаудан басқа лаж қалмады. Откенде қайраңға соғып шағып алған өрелді ендігі он рет жөндең, керексінсе жаңалап алатындағы уақыт болса да, Ахтанның шөп басын сындыруға құлқы жоқ-ты. Кім үшін жанығады ала өкпе болып? Атаманның әскері аш қалмасын деп арам тер бола ма, әлде атаманның артына кірген балық заводының қанар қарын көпесін байытамын деп құлшына ма? Мә, тұт, тауыптың ақмақты. Ал ерегескенде, еріп телегейтеңіз болып шалқып жатқан мына мұздың да бетін жаппайды. Су боп ағып кетсін мейлі. Сол қанар қарын көпесің заводымен, балығымен, мұзымен қоса бір түнде орнында күлі ғана қалып, тып-типыл бол неге күйіп кетпейді, өл де маған.

Деуін дегенмен, шығыр қалағымен су сабалаған дәу пароход бақырып-шақырып қапталдаса бергендеге, қысылғанда баржыға бас білдіруге жарайтын нәміс тақтай алып, баржының көрмесіне барды. Тұмсығымен су жарып,

E:\18.09.13\edi\kazat\page1.kz
Калағымен айдын айырған тажалдың соңынан қаптаған жал-жал толқын қауіпті еді. Ахтан домалаған берене толқындарға баржының биік мандайын тосып, су сыйған аласа кенерелерді аман алып қалды да, қазанының буы ысылдаپ-пысылдаپ іргеден жөңкіп өткен пароходты ала көзбен ұзатып салды.

Жұмасына бір қатынайтын Гурьев — Баку жолаушылар пароходы. Бір кезде, бар-жогы осыдан екі-үш ай бұрын, жолдасы Қажығали екеуінің тірлік-тағдыры осы пароходқа тікелей қатысты болып еді-ау. Тапа-тал түсте, ашық-жарықта қанды көйлек серігі Қажығалидан тірідей айрылды. Байғұс қазір не күйде екен: тірі ме, бір жерде тәнірім шашқан ризығын теріп жеп жүр ме, әлде бір бұтаның түбінде сүйегі курап қалды ма, болмаса түрменің темір шілтері тар қапасында санадан сарғайып отыр ма — беймағлұм.

Ахтан унілеп, ауыр күрсінді.

* * *

Қала шеті, Жайық жағасындағы күлімсі сасыған шағын балық заводы мал жайлағандай дағдылы у да шу даңғазасымен қарсы алды. Жар асты қаптаған қайық, сыңсыған кеме, арна беті қара-құрым, ілгері-кейін жосылып, бір-бірінен жол сұрап аңыраған моторлар. Атырау өнірінің бүкіл шағаласы осы арада: ұшып-қонып, өлген балықты теріп жеп, бір шүйгіп, бір жыртылып, жауар бұлттай қаптап жүр.

— Ал жабылғырдың балалары жабылындар! — деп, көнілдене айқай салды Ахтан, ілдалдаپ азар жеткен баржыны айлаққа жанастыра беріп.

Жұмысшылар бұларды екі көзі төрт болып, шыдамсыздана күтіп тұрған. Сөзге келмей, жабыла кетті. Балық сасып жатыр. Мұздың қаны жерге тамбай тұр. Жаугершілік басталғалы қызыл Астрахан көк желкеден ак бандының туын тігіп, дәупірімдескен Гурьевке есікті тарс жауып, Басқұншақтың тұзынан емге татырмай қойған. Гурьевте тұз құстың сүтіне, жыланның өтіне бара-бар. Балықты әзірше мұзбен қатырып, амалдаپ тұр. Биыл мұзшылардың бағасы шығандап шырқағаны сондықтан. Білек сыбанып, жаланып дайын тұрған жұмысшылар сандықтай-сандықтай мұздарды арқанға іліп алып, сырғанақ тақтай науамен дырылдағып қоймаға қарай жөпелдем сүйрей жөнелісті. Мұз басына жылмандаپ піркәзшік те жетті.

— Мұзды бүгін мол әкесің, Рахмет!

Баржының құйрығында шошайған кінекке бөксө басып, буы бүркүраған темір қүрешкеден ысылдап-пысылдап шай үрттаған отырған Ахтан оған «е, сенбісің» деген жоқ. Бұрылып қарамай, бір қырын отырған күйі саусағын жыптылдатты. Піркәзшік тиесілі ақшасын санап берді. Ахтан саусағына түкіріп қойып, ақшаны санап алды да, тағы да саусағын жыптылдатты. Піркәзшік амалсыз бір көкқұлақ «керенке» қосты.

— Алла акбар!— Ахтан саудаға ризашылығын білдіріп, бетін сипады.

— Оқасы жоқ. Ақ-адал еңбегің, игілігіне жарат,— деді піркәзшік.— Еңбеккор, адал, жақсы малайсың.— Піркәзшік оның шикіл сары түріне, жап-жасыл көзіне, ара-тұра татарша қосып сөйлейтініне қарап, не Орынбор, не Қазан жақтан кәсіпшілеп келген татар малайына жоритын. Өзі «ә десен, мә» деп тұрған тілді де өткір. Әншейінде боқтықтан аузы кеппейтін жуан дойыр піркәзшік онымен адам құсан байқап сөйлесетін.— Шырағым,— деді ол майдалап,— күні тұскірдің шыжып кеткені мынау. Балық сасып, қот берер емес.— Піркәзшік көрдің бе дегендей, қылды танауын аспанға төсеп, ауаны иіскеледі. Ауа ол айтпаса да кеңсірікті жарып, сасып тұрғаны бесенеден белгілі.— Ертең сапарға шықсаң етті.

— Жоқ, болми,— деп бас шайқады Ахтан.— Ертең жатыс. Аллам қош көрмейді.

— Екі есе төлейік.

— Үш есе төлесең де, шыға алмаймын. Көрмеймісің, баржының іші телегей теңіз. Тек сүнн төгуге бір күн керек.

Баржының іші, шынында да, тізеден келген шылқыған су еді.

— Төктіріп берейік.

— Төккеннен пайда жоқ, баржының түбі тесік, жамамаса болмайды,— деп, Ахтан бет бақтырмады.

Ахтанның кергуге қақы бар-ды. Баржы — балық заводының меншігі емес, бір қолмен беріп, бір қолмен алатын кемді күн жалға жүрген көлік. Ал баржы иесі Ахтанның ақшаға араны ашылып, таңын жыртуға мұлде зауқы жоқ. Көкейі басқада, тықырлап мазасын алған, бас қаңғыртқан тығыз шаруа жетіп артыларлық. Мұғдары — тезірек қалаға жету еді.

Буксир оларды Үйшіктің іргесіне сүйреп әкеп тастады.

Үйшіктің масасы қашаннан айтулы маса емес пе? Күн батысымен қарақұрым боп қаптап, ауаны бұлттай торлайды, белқасты. Шіркіндердің жінішке, ашы ызыңынан құлақ тұнады. Кірмейтін тесігі жоқ, көйлек-шалбардың сыртынан шаққанда ондырмай үзіп алады: ел өз-өзін жынды адамдай басқа-көзге сабалап жүргені. Дем алғанда демінмен қолқаңа кетіп, қақалтып-шашалтып рәсua ететінін қайтерсің. Күн еңкейді-ақ Үйшіктің үйлері көзден ғайып болып, өртенген ормандай мұнараға малынып тұрғаны: әр үй түтін салады, бір емес, бірнеше жерден қатар салып, жарыса шұбалтады. Сол түтіндіктерден ара-тұра өрт те шығып жатады. Жан сактаудың басқа лажы болмаған соң, Үйшік күн еңкейді-ақ көк түтінге тұншығып, қи сасып, ысталып тұрғаны. Жастар жермай иісін аңқытып, бетіне торкөз шіркей киіп жүреді. Шіркей кию өзінше бір сән. Қыздар неше түрлі жіптен кестелеп тоқып, сүйген жігіттеріне сыйға тартады.

— Қармақ жібереміз бе, аға? — деді Жақау.
 — Маса шығып кетті ғой.
 — Шабақ шаншып беріңіз, мен сүйреп апарып тастайын.

— Шабағың бар ма?
 — Дайын. Сүзіп әкеліп қойғам.

Жақау іші шабаққа толы дәу шелекті шайқақтатып алып келді. Қашан үлгеріп жүргенін: қармақтың желібауларына дейін жазып, әзірлеп қойыпты. Ахтан жоқ демеген соң, бала апыл-ғұпты шешінді де, Жайықтың ағыны үйіріліп, шырышық атқан тып-тығыз айдынына гүмп берді. Бой жазу үшін әуелі ерсілі-қарсылы ойқастап жүзіп алып, желіні аузына тістеп жүзе жөнелді. Желі басындағы ауыр зілді бір қолмен көтеріп, екінші қолмен шалқалап, малтып барады. Айдыны толып, кемеліне келген Жайықтың үршықтай дөңгеленіп зыр қаққан шымыр ағынына қыңар емес, сары сазандай бұлқиды, белқасты. Ахтан шелектен бармақтай-бармақтай асау шабақтарды сүзіп алып, тыптырлатып тұрып қара жонынан қармаққа шаншып, желіні жіберуге мәжбүр болды.

Ахтан баржы көрмесінде түтіндеген қалаға тұнжырай қарап отырып, темекі шекті де, масахана құрды. Селдір масахананы үліктің үстіне, ашық аспанның астына тәрт бұрышынан тәлтитіп кере салды да, ішіне зып берді. Шешініп жеңілденісімен, Жайықтың қоңыр салқын саумал лебі денесін сипалап, әп-сәтте жаны жай тапты. Ашық

аспанның астында, бұралып, майысып, сылдырап аққан. Ақ Жайықтың жағасында үйықтау дегенің жанның рахаты емес пе! Көзінді жұмып, бір рет қор-р еттің-ақ, үйқың қанып, құр атқа мінгендей тыңайып шыға келесің.

Ахтан ойлағаны ойынан шықпай, алакөңіл болып жүргенмен, еңсесі құлап, ұнжұрғасы тұскендей ештеңе жоқты. Ат басын әдейі тіреп келгенде, обалы нешік, Үйшік басындағы жігіттер қайдан көрдім деп тосырқамай, зыр қағып жүріп, қолма-қол жұмыс тауып берді. Жан қинап, ашы тер төккендей, күшке тиер жұмыс емес, табысы да қолма-қол, әжептәуір. Бір жақсысы — елдің көзіне сүйел болатындағы емес, көзден таса қаға берісте, оның үстіне күндіз болмағанымен, кешкісін қала басында. Ал оған әсіресе қазір қаладан қарға адым ұзап шығуға болмайтын. Тағдырың тәлкегін қараши: кеше ғана осы қаладан артына ит қосқандай жандәрмен амалдан азар қашып құтылып еді, енді сіңісе алмай әуре.

Біреу желкелеген жоқ, өз басына өзі тілеп алды бәрін. Ел асып, жер асып келген шаруаларын есебін тауып бітіріп, «Ә, сәт!» деп Астраханға бет тұзегенде, орта жолда айнып, жолдастарынан жырылып қалған өзі. Басқаша істей алмады. Көз алдында тапа-тал түсте атаман тіміскілерінің тырнағында шырылдаپ қалған серігі Қажығали-дың тағдыры күндіз күлкі, түнде үйқы бермеді. Астрахан қайдасың деп қайқып тарта берсе, бүгін болмағанымен, ертең өкшелеп куып, ентіктірген қорқыныш сейіліп, зәрені зәр түбі қылған үрейден айыққан соң, жау қолына тірідей беріп кеткен жолдасының күйігі өмір-бақи арына салық болатынын анық сезді.

Сөйтіп, жолынан қалып, тар жерде табысып, қан кешкен алмағайып заманның ашы-тұщысын біргे татысқан қимас серігіне бір септігім тиер ме деп, қалаға қайтып оралғандағы түрін көрсөң. Қол-аяғы дірілдеп, қалаға ене алмай, жал сыртындағы қазақ моласында екі күн түнегенін қайтерсің. Шайлыққан жүрек бет бақтырмады. Қала көшесінде төбесі қылт етсе-ақ болды — атаманшылар анталап келіп бас салатындаі. Қазір шамалы еті үйренгені. Сонда да үрей жалтағы көп, қалаға адым аттап шыға алмай отырғаны мынау.

Алайда күн өткен сайын, төзім шіркін таусылып, дегір қашып, діңкесі құрып барады. Бас тігіп, бел байладап келген шаруасы орнынан жыллап етіп жылжыған жоқ. Жігіттер қолдан келгенге аянбаспыш деп, уәдені үйіп-төгіп кетіп еді, содан бері ләм-мим ошар жоқ, алла акбар, ұшты-

күйлі із-тұzsіз жоғалды. Ал, мұның болса хабар күтіп көзі бозарғанына, міне, табаны күректей жиyrма күн. Не ойларын білмей, жұртта қалған күшіктей іш құстадан айға қарап ұлыр түрі бар. Не дегенмен де, жігіттер тап бұлай кешікпесе керек-ті. Бұған қол ұшын беремін деп жүріп, өздері бір пәлеге ұрынып қалмады ма деп тағы зәре жок. Ол жігіттерден бір қол үзіп қалса, мына қалада аузына қара су тамызар адам таппасы бастағы бөріктей.

— Аға, айкезбе, айкезбе! — деп, масахана сыртынан сыйыр етті Жақау.

Естімеген елде көп, Ахтан осында келгелі талай тамашаны қөріп, біліп жатыр. Соның бірі — айкезбе. Ай то-лысса-ақ болды — тұщы үйқысы бұзылып, аспанға қарап көше кезіп, ләйліп жүргендегі. Ахтан масаханадан басын қылтитып еді: қайсысы айкезбе, қайсысы жәй екені белгісіз, жағалау толы сенделген халық.

— Эне, эне! — деп қолын шошайтты Жақау. — Қап! Кеменің тасасына түсіп кетті. Жүрінізші, барып көрейік.

Далада маса буып тұрған. Ахтан қолын сілтеп, төсегіне қисайды. Селдір масаханадан кемеліне келіп, толысқан айдың жүзі, тіпті ай бетінде су ағашпен су көтерген қыздың бедері анық көрініп тұр. Ай, айкезбе. Бұл не? Дерт пе, елікпе көңілдің елеңі ме, әлде іргесін су шайып, теңізден ажырай алмай жатқан өнірдің бір қасиеті ме? Жайық өнірінің тұні күндізгідей жарық, айы да бөтенше, қол созым жерде жez табақтай ілініп тұрғаны. Оның сүттей үйыған сәулесінен су бетінің шағылатыны соншалық — Жайық үстіндегі аппак нұрдан көз қарығады. Әлде содан ба? Эйтеуір, Ақ Жайық таң-тамаша, тұрған бойы бір ғажайып. Жұз жасаған әжейдің әжіміндей қатпар-қатпар жағалауының әр тасында сыр тұнып, шежіре шертіліп жатқандай.

Мәселен, «үйсіздер». Мұндай ғажап қайда бар? Ғұмыры балшық илеп, үй соғып әуре болмаған жандар. Қысыжазы, жыл он екі ай тірлігі кеме үстінде, бір жылы Шағадам, бір жылы Кетік қысталап, кей кездері Ауған жағалауларына ауып, көшіп-конып жүргендегі. Өздері әжептәуір әупірім, іргелі ел екен бір кезде, қазір өліп-жітіп, біразы отырықшы жұртқа сіңіп, қатарлары кәдімгідей сирегені. Бұл күнде қала басында бес-алты кемелі шағын қосығана бар. Өздерін қазақ санайды, қазақ болғанда да ши қазақпыз дейді. Арғы тегін Атырау ақсақал мен Ақ Жайық анадан таратып қарттары шежірені соққанда, сай-сүйегінді сырқыратады, белқасты. Әндері Қоркыттың күйіндей көне, үндері көрдөн шыққандай күнгір.

Мес қобыздай кеңірдектен кеңгірлеп баяу сөйлейді. Эн шырқағанда сөзден гөрі гөй-гөйі басым. Олар осы күндері, ай толған қырық күн шілдеде, суда жүріп шағылысады екен деген қауесет тарап, ел соны көреміз деп жағалауда сенделіп өріп жүр.

* * *

— Аға, ау, аға! Ұйықтап қалдыңыз ба?

Ахтан селк етіп шошып оянды. Соның арасынша кірпігі айқасып, ойлағаны қаз-қалпында айна-қатесіз түске айналыпты. Анадан туғандай жалаңаш, үйсіздермен бірге айдында асыр салып, жүйткіп жүзіп, шолпылдалап шомылып жүр. «Ту-у, нағылет!» — деп, басын шайқап, алақанымен бетін уқалады.

— Жақау, сенбісің? — деді ақыры тілге келіп.

— Мен ғой. Сізді бір кісі сұрайды.

— Кім?

— Танымаймын. Бөтен біреу.

Ахтан киінем дегенше, баржының кенересімен етеп жылжып келе жатқан адамның қарасы да шалынды. Ахтан оның Теңізбай екенін жазбай таныды.

— Аха?

— Қазір, қазір...

Ахтан ірметіліп шығам дегенше, масахананың етегін түре салып, Теңізбай ішке кіріп келді. Екеуі үн-тұнсіз қол алысып, иық сүйкесе қатар жайғасты. Ай қарағандай боп тықыршып жүрген Ахтан көңіліндегі назасын жасыра алмады.

— Апрай, мұнша неге кешіктіңдер? Сарғайттындар ғой. Жайшылық па, әйтеуір?

— Жәй... жәй.

— Енді болмағанда, іздең шыққалы отыр ем.

— Мынауың кім? — деп, Теңізбай Жақауды иегімен нұсқады.

— Қолқанат, жәрдемшім... жетім бала екен.

— М-м...

Байқауынша, Теңізбай — аузынан шыққан әр сөзі есепті, әр емеурінде мән жататын, іш қыртысы қалың, қос тінді, астарлы жігіт. Ыңыранғанынан Жақауды жақтырмaganы анық болды. Ол Ахтанды бүйірінен тұrtіп, әңгіме бар, оңаша шығайық деген ишара аңдатты.

Жағалауға шыққанда Теңізбай жар басына қойып кеткен, ішінде екі-үш балығы бар шелекті қолына алды.

— Қармақтан келесің бе?

— Жоға! Әншейін сылтау ғой.

Олар жан-жақтарына қарағыштап, қайранда жатып қақырап шіріген, қабырға тақтайы үңірейген көне кеменің көлеңкесіне тізе бүкті. Жар басы баяғысынша сабылған халық. Кеме-кеменің арасында салмасын сұмендетіп, суға телмірген қармақшылар да, қазандық балық саудалаушылар да қаптап жүр. Тенізбай жан-жағын көзben шола отырып, ақырын тіл қатты.

— Сәлемінді Ордаға жеткіздік. Ар жағы сартылдаған темір жол, ендігі Астраханның құлағына іліккен шығар.

— Рахмет,— деді Ахтан, сүйтті де даусы дірілдеп, деміне шашалғандай ентігіп қалды. Оның сарыға күткені мұлде басқа еді.— Өзге не хабар бар?— дегенді жүрегі зу-зу етіп азар айтты.

— Одан да азды-кемді сыйбыс бар.

— Рас па? Тірі ме? Жаны ұяда ма, апырай?

— Тс-с! Тірі... әзірше тірі.

«Әзірше» дегенді құлаққа ілмей, Қажығали тіріліп келіп тұрғандай айран-асыр болған Ахтан Тенізбайды иықтан қапсыра құшақтап, мытып-мытып жіберді. Тірі дейді... Жаны ұяда дейді... Жолынан қалып, қатерге бастігіп іздел келгені бекер болмапты. Тәуекелі татыды. Өліп қалды ма деп зәре жоқ еді. Шыбын жаны кеудесінде, тірі болды, ендеши, құтқарады, құтқармай қоймайды, бітеу қабырғаны тырнақпен үгіп тессе де, жол табады. Нені көрмеген жұмыр желке, шақша бас, жаны қысылғанда иненің көзінен де жылп еткен Ахтан емес пе? Ол Тенізбайды иығынан түйіп қалып жалп еткізіп, өзі де сақылдай құліп, қайран құмға шалқалай отыра кетті. Оған тап қазір мынау қапас тірлік анау айтқан қытымыр көрінбеді.

— Ту-у, бала боп кеткенсің бе!— Тенізбайдың сіркесі су көтермей отырған: болмашиға апшып, шытыр ете қап, түзеліп отырды да, уайымды қоңыр ұнмен тіл қатты.— Асықпа, Ахтан, тында. Қажығалидың жағдайы мәз емес. Қара тұрмеде. Карцерде... тырп еткізбейді.

Куаныштан жүрегі өрекпіп, басы айналған Ахтан Тенізбайдың не айтып, не қойғанын байыбына бармай, шала ұқты.

— Енді қалай деп едің? Тұрме сайрандатып қоятын нағашың емес қой. Белгілі ғой,— деп ыржиды.

Тенізбай оған таңырқағандай ұзактау бір қарап алды да, шытырман бұл әңгімені түгендер жатпай, өз есебінше одан әлдеқайда маңыздырақ екінші мәселеге ойысты.

Екі айдан бері Орал қаласын тас шенгел, темір құрсауға алып тұншықтырмак болған генерал Толстов қамалдың қабырғасын бұза алмай, кері лықсыған. Оның осы шегінісі — біржола шегініс болуы да ғажап емес. Кешікпей жоғары, төменгі Жайық бойындағы әскер атаулы Турьевке топылуды ықтимал. Жағдай қындаған түспесе, женілдейтін емес, қала басында аяқ алып жүрудің өзі қиямет-қайым болатын түрі бар.

Теңізбайдың қорқынышы Ахтанның ойна кіріп шықпады. Оның аңсары басқада еді. Тек Теңізбай Қажығалидың жағдайына айналып соққандаған, құлағы елең етті. Қатпа қара Теңізбай, неге екені белгісіз, Ахтанға дем беріп, көніліне үміт үялату орнына, дәмеленер саңлау қалдырмай, жағдайды әсіре қоюлатып, шілтері торда отырған бейшара Қажығалидың тағдырын сүмірейте суреттеді. Тірі тулақ, саудыраған құр сүйек, өз бетінше қыбырлап қозғалып, ошаң етуге халі жоқ. Қолы майып, көз шыққан. Өлім халінде, кісі танымайды. Қысқасы, бұл жалғанның пендесі емес. Қажығали үшін енді болмасты болдырам деп, жан қинап арамтер болудың қажеті шамалы, ол басы ашық біткен шаруа.

Мұны естіген Ахтанның тынысы тарылып, жүрегі тоқтап қала жаздады.

— Менің келгенімді естіді ме екен? — болды бар сұрағаны.

— Жоқ, естіген жоқ. Қайдан естісін...

— Естіру керек, — деді Ахтан. — Менің келгенімді білсе, еңсесін көтеріп, қайратын жияр еді ол байғұс. Үміт дегеннің не екенін білесің ғой. Жыланнның үш кессе де кесірткедей қауқары бар, тепсе темір үзгендей, кәтепті қара нардай жігіт емес пе? Көрмесең екен, көрдің ғой.

Теңізбай не дұрыс, не бұрыс, ләм-мим жауап қатпады.

— Бар айтпағың осы ма? — деді Ахтан ренішін жа-сырмай.

Эншейінде біртоға сабырлы Теңізбай жарасын шұқып алғандай, шыр-пыр болды.

— Азсынып отырсың ба? Кірген із бар да, шыққан із жоқ, тас бітеу түрмеден хабар алу оңай деп пе едің? Тімсінбеген тесігіміз қалмады, табаннан таусылдық. Енді кеп, шындықты айтса, ренжисің. Өтірік айтуым керек пе еді? — Теңізбай жеткірініп алып, тез-ақ сабасына түсті. — Өз көзіммен көргенім жоқ. Маған айтулары солай. Ренжіме, «болмасқа болаттай берік бол» деген бар.

Бұл тірі адамға өлмей жатып, алдын-ала көңіл айту сияқты еді. Ахтанның естігісі келмеді.

— Жоқ,— деді ол.— Мен ол үшін бәріне бас тігіп келген адаммын. Не тірідей, не өлілей әкетем. Ол жауыздардың қолына соп-соламай беріп қоймаспын.

Теңізбай шалбарын қағынып, орнынан тұрды.

— Ендеше, өзің біл, Сен бізді, біз сені білмейміз.

Ахтан да орнынан созаландай көтерілді.

— Бізің кім?

— Оны қайтесің? Біз, мен, ол, тағы басқалар. Ондай сұракты қоймас болар, бала болмасаңшы.

— Е, солай де?

— Иә, тоқ етері сол.

— Бәсе, тегін жатқан бұл не деген батпан құйрық деп едім-ау өзім де.— Ахтан тісінің арасынан шырт тұкірді.— Арттарыңдан пыстындар ма? Пәледен аулак. Со-лай ғой? Сендерді де біреу қызыл чекист дейді-ау. Сендермен қыр астына бірге шығудың өзі қауіпті ғой. Коян жүрек қорқақтар!

— Хош, сау бол.

— Бар, бар. Зыт! Біреудің көзіне тұспей тұрып, ініңе кіріп ал. Өңкей сұжурек!

Теңізбай сол кеткеннен артына бұрылып қарамай, әп-сәтте-ақ ғайып болды. Кеме жанында шошайып жалғыз қалған Ахтан бір қайнап, бір басылып, көпке дейін сабасына түсе алмады.

* * *

Қазақтар Үйшік атайтын Жайық жағасындағы Гурьевте таныс-тамыры жоқ Ахтан жападан-жалғыз қалғанын енді ғана ұқты.

Ол өзі тағдырдың тәлкегімен, амалдың жоғынан барлаушы атанған Астраханның мұсылман ротасының қызыл-әскері болғанда, Теңізбайлар Ордамен байланысты астыртыншылар еді. Олардың Гурьевте не көзеп жүргені бұған қараңғы, әйтеуір жәй жүрмегендері, әріден бакқан бір есептері бары аян. Баяғыда қорбаң Қажығали екеуі майданың қара жұмысынан қайтқан жандармыз дегенді желеу етіп, қыр жолымен жата-қонып Гурьевке қарай жылыстап келе жатқанда мандайларының екі елі сорына қарай Жамбайдағы астыртын төңкерістің дәл үстіне келіп, тұтқынға түсіп, одан амалдап жырылып шығып, Нарын құмының жыңғылды жықпылында адастып жүріп, зордың күшімен Ордаға тап болғандары бар-ды. Құдай ондап,

Сөтін салғаңда, бірінші атты қазак полкының барлау бөлімінің бастығы Бейсен Жәнекешев деген көшелі, атпал азаматқа душар болып, сол кісінің көмегімен жете алмаспыш деген Гурьевке жетіп құлаған. Үйшіктің жағдайына қанық азамат: қиналғандай жағдайға душар болсандар, ең құрығанда бағыт айтып, жөн сілтер дең, «насыбайшылар» деген жалған атпен жүрген өз адамдарының әдірісі мен поролін берген. Ол жолы «насыбайшылар» едәуір қолғабыс көрсетті. Атаман контрразведкасының бастығы полковник Горбунов тыңшыларының құрган торына онбай тұтылып тұрған мұны ебін тауып қаладан сыйылып кетуіне тікелей септесті. Алайда Қажығали бейшара сорлап қалған сол жолы.

Шындығында, оның басына төнген алабөтен қауіп жоқ-ты, құдік-күмәннан аулақ еді, ертеңгі күні не боларын біле тұрып, бұл үшін әдейі барып тұсті лапылдаған отқа. Талайдан бері мұның әр қадамын бағып, ізінен екі елі қалмаған Горбунов, оның оң қол жандайшабы Егоровтыңшылары мұны ең ақыр аяқта Гурьев — Баку пароходына отырар сәтте алмақ болған. Полицияны бастап келген жалпақ танау тыңшы мұны нұскап көрсетем дегенше, оны аузын ашуға үлгерпей ұрып жығып, пристаньда майқан қырғын төбелесті бастап кетіп еді сабазың. Таяққа жығылып, тұтқын болар алдында бір сәтке бұрылып, аманесен пароходқа іліккен бұған бота көздері жәудірей қаралған. Түйедей жігітте де кірпіктері соядай осыншама әдемі көз болады екен-ау. Ол оның соңғы рет қарап, актық коштасуы еді. Сол көзқарасы сан етке шыжғырып басқан таңбадай жадында өшпестей боп, мәңгіге қалғандай. Қажығалиды есіне алса болды — сол бейкүнә, шарасыз көзқарасы, Гурьев айлағында анталаған қалың жаудың арасында жападан-жалғыз қалып бара жатқан, неден болса да, тайынбайтын, өмірден баз кешті тұтіккен түрі елес береді, содан кейін барып — ту сонау ит қиян Саратов губерниясындағы қазак жеріне іргелес Орбық станциясында алғаш ұшырасқан күннен бергі жетектесіп бірге жүрген өмірлері моншақтай тізіліп көз алдына келеді. Мынау бір қан сасыған, біреуді-біреу өлтіруге білек түрініп құлшынып тұрған алмағайып, аласапыран заманда қабырғаңа қамшау, желіңе ық, ығыңа қорған адал серік, жан жолдасың болмаса, жалғыз жүріп шекең шылқымасы белгілі. Қажығали өлім аттап, қан кешкен, атылған оқ, шабылған қылыштан бір-біріне талай оққағар болған қанды кейлек аяулы жолдас еді. Басқа болса бұл үшін кірпік

E:\18.09.13\esil\edilQif\page18
Қақнай олімге баар ма еді? Тіпті бір сәт ойланған да, шіміркенген де жоқ қой сабазың, көзді тарс жұмып қойды да кетті. Сөйткен серігі үшін шөп басын сындырмаса, су сулап, от оттағанына мәз екі аяқты макұлық болғаны емес пе? Ол іштей бекініп, тәуекелге етек-женді түріп келген-ді.

Ал мына өздерінше тісқақты болып, тәсілқойсыған «насыбайшылар» оны түсінер емес. Басы ауырмаған басқаның балтыры сыздағанын қайдан үқсын. Шындығында ол орта жолдан жырылып қалып, Үйшікке қайтып оралғанда, осы жігіттерге үміт артып келіп еді. Басқа ошаң етер сенері де жоқ-ты. Обалы нешік, жігіттер әу баста мұның қайғы-мұнына ортақтасып, дұрыс пейіл көрсетті. Қолдан келгенге аянбасқа уәде де етті. Сөздерінде тұрып, ақыры Қажығалидан хабар да әкеліп берді. Оның бөрікпен ұрып алар оңай сауда емесін де шамалайды. Ал енді сөйткен азаматтардың аяқ астынан теріс бағып, сырт айналғандары қалай? Ахтан миң жетпей, көрер таңды көзімен атқарды.

* * *

Ертеңіне ол баланы баржыға қалдырып, сауда қызды ау деген кезде базарға келді. Қырық күн шілде күндері — қала табаға салып қуырғандай шыжып тұр. Адамдар қара күйе боп күйіп кеткен. Базар аузы-мұрнынан шыққан лықа толы халық. Бүкіл Ресей мойнына дорба салып тентіреген небір жылан жалаған жұт жылдарының өзінде Үйшік ашығып көрген емес. Іргедегі ақ маржан Ақ Жайығына бақ қонып, қыдыр дарыған. Жер жүзінің көмейі қуыс пендесінің жеңсік асы — қызыл балықтың қарашиқтай қап-қара уылдырығы адам аяғы жетпес ит арқасы қияннан ұнынды да, қант-шәйінді да бүйдасынан жетелеп осында әкеп күйіп жатыр. Ұзакқа созылған мына итжығыс жаға жыртыс та оның үріп-ішіп, шайқап төккен тоқтығын ортайта алмапты. Қазан аузы әлі де жоғары.

Ахтан тұнде қармаққа іліккен қозы қарын қос көксеркені желбезегінен жасталға іліп алып, балық сататын адамдай шайқалақтап базарды ілгері-кейін бір сүзіп шықты. Іздеп келген адамдары жоқ. Алашорда сарбаздарына киім тігетін шеберхана тас жабық. Үнемі есік алдында құркілдеп насыбай сатып отыратын шал да ізім-ғайым, Ахтан алыстан шеберханаға көз қыдыртып тұрды да,

бір жайсыздықтың болғанын іші сезіп, арқасынан құмырсақ жосып өткендей тұла бойы шымырлап қоя берді. Тенізбайдың кешегі от басқандай шыр-пыр болған мінезінің астарын енді ғана үққандай еді.

Ол сатам деген балығын сатпай, базардан шығып, қазақы көшелердің бірімен ойдан ауырлап, аяғын сүйрей басып келе жатыр еді, қылыштан бұрыла бергенде, ойда жокта, Тенізбаймен мәндай түйістіріп қалды. Жерден жеті қоян тапқандай қуанған Ахтан аузын ашып-жиям дегенше, Тенізбай оны иықтан ұстай алып, жұлқа сүйреп көрші аулаға енді. Демдерін іштеріне алып, қабырғаға арқаларын сүйеп, жабысып тұра қалысты. Сөйткенше болған жок, екі адам аяқты ептең басып, баяу күңкілдесіп, аула сыртынан өтті де, базарға қарай ұзады.

— Бұларың кім? — деді Ахтан сезіктеніп.

Тенізбай жауап орнына қабағы қарс түйіліп, бұған куырыла қарады:

— Шеберханада нең бар? Неге бардың?

— Жәй, әншейін... өздерінді іздең...

— Сен бізді, біз сені білмейміз дегенім қайда. Түсінікті емес пе?

— Жайшылық па? — деді Ахтан енді ғана бір қатердің салқынын анық сезіп.

— Жайшылық болушы ма еді? Эне! — Тенізбай иегін шошайтып жаңағы базарға қарай ұзаған адамдарды меңзеді. — Контрразведканың салпаңқұлақтары ізімізге түскен сияқты. Байқағанымызға екі-үш күн болды. Енді, міне, аңдысып жүргеніміз...

— Қап, білсемші, — деді Ахтан өкініп. — Келмейтін едім ғой. Бірақ мені ешкім байқаған жок. Алыстан көз салғаным болмаса, шеберханаға маңайлаған емеспін.

— Көрдім. Оның ақыл болды.

— Немене, мені де аңдығы жүрмісің?

— Енді қалай деп едің. Жарайды, шаруанды айт. Неге жүрсің?

— Көмектерің керек.

— Мәндайың тасқа тимей қайтпайын дегенсің бе?

— Тенке! — деді Ахтан оны жеңінен ұстап. — Бәріміз де қалың оттың ішінде жүрміз. Қай күні шоқ басарымыз белгісіз. Бір-бірімізді өртке тастап, қайрылмай жүре берсек, не болғанымыз? Басқа болмағанмен, мұны сіз түсінуіңіз керек қой.

— Жарайды, — деді Тенізбай даусына діріл араласа

E:\18.09.13\edi\MediOffice\page20
бастаған Ахтанды аузынан қағып.— Көмек болады. Хабарласады.

— Кім?

— Қатын құсан тым әуес бола берме. Кім екенін қайтесің? Көмектессе болмай ма? Қабырғасы жарық кеменің ішіне еніп, бормен крест сыйылған тақтайды көтерерсің. Сол жерден қағаз табарсың. Сонда бәрі жазулы... ақшаң бар ма?

— Аздал... шәй-сулық дегендей.

Теңізбай қалтасынан бір уыс ақша шығарып, екіге бөлді де, санамастан Ахтанның қолына ұстатты.

— Мұны қайт дейсің?

— Қағазды алған сайын, бір көкқұлақтан салып отырасың. Салмасаң, хабар болмайды.

Ахтан басын изеді.

— Тағы не керек?— деп асықтырды Теңізбай.

— Қару-жарак: бесатар, граната...

— Пулемет керек емес пе?— деп күлді де, Теңізбай:— Жарайды, болады,— деді.— Тағы не тілегің бар?

— Рахмет, әзірше қанағат.

— Қанағатты білгеніңе де шүкір. Ендеше, мына есіктен шық та, зыт,— деп иегімен түпкі қораның қақпасын нұскады.— Бізге келуші болма, керек болсаң, өзіміз тауып алармыз. Жағдайды көрдің ғой.

Ахтан Теңізбайды иықтан құшақтап қатты қысты да, сілтеген жаққа ұмтыла беріп, қайта тоқтады.

— Ертеңді кім болжаған? Тығыз шаруа шығып қалғандай болса... Кездесетін бір жерді тиянактасақ қайтеді?

Теңізбай ернін тістелеп ойланып тұрды да, жөн ақылды ұзын арқан, кең тұсауға салмай, табанда шешімін айтты.

— Макұл, о да дұрыс шығар. Ендеше, былай болсын: базар ашылар кезде балаңды балық сатуға жібер. Балық сөресі біздің терезенің алдында. Бірақ бала ештеңе білмесін, балығын сатсын да, бетіне жөнелсін. Қорықпа, мен ол балаңды жақсы танып алдым.

Ахтан қаланың шет шалғайындағы шаңыт көшелермен баржыға тартты. Ол шексіз куанышты еді. Көкей құртын тескен шаруасы доңғалағы қисайып барып, қайта түзелген сияқты. Кешегі жайсыз әңгімеден көнілге секем алып, қатты шошынып қалып еді, оның астарын бүгін өз көзімен көріп, жүрегі орнына түсті.

Ертеңіне олар мұз тасуға аттанды. Мұз қоймасы қаланың сыртында, Жайықтың тамағындағы су шаймайтын жарқабақ биік дөңестердің бірінде. Қазір ол өр сұнан толқыны жосылған телегей теңіз ортасындағы аралдай болып тұр.

Әншнейінде «ул болмаса, күл болсын» деп, баржыны қоймаға қабыргалатудан асып жерден шөп көтермейтін Ахтан бүгін жүкшілерді бол да бол, тез де тездің астына алды. Елді мал қайыргандай үйіріп куып, түске жеткізбей дәу баржыны кесек мұзға сықап толтырды да, жолға шықты.

Олар балық заводына мұз түсіріп, Жайық жағалауындағы қара орындарына қайтып оралғанда, күн әлі ерте еді. Тағы да су төгу, баржы жамау сияқты дағдылы митың басталды. Ахтан қолы қалт еткенде көзді ала беріп, анадай жердегі жарық кемеге барып келеді. Теңізбай айтқандай белгі де, тақтай да орнында. Алайда қағазы құрғыры көзге шалынбады. Інірде шыдай алмай тағы барған: қабырга тақтайды тартып қалғанда, тілдей қағаз жерге салп ете қалды. Ашып көрсе, бар-жоғы екі ауыз сөз жазылыпты: «әскери далалық трибуналға беріледі». Басқа артық-ауыз ләм-мим хабар жок. Ахтан келісім бойынша, бір көккүлақ керенкені орнына салды да, тысқа шықты. «Әскери-далалық трибуналға беріледі». Ахтанға бұл хабар таңсық емес-ті. Айтпаса да, Қажығалиды маңдайынан сипамайтынын, ең қатал үкім, ең қатал жазаға кесілетінін құні ілгері-ақ білген. Аяушылық болмайтыны белгілі. Дегенмен бұл хабар оның жиналып күтіне беруіне алдын-ала жасалған құлаққағыс сияқты еді. Демек, мезгілдің домалап таяп келгені. Әрі салса бір жұма ғана уақыты бар.

Ертеңіне олардың жатыс күні еді. Аты жатыс демесең, бел шешіп тынығу көзден бір-бір үшқалы қашан. Ертелікеш тақтайы қақыраған, түбі тесік баржымен арыс-гүрс алысып жатқандары. Сын сағат, кесімді мезгіл таянған сайын бұл шаруаның да аяққа оралғы, қолбайлау болар түрі бар. Бірақ Ахтан одан бас тарта алмады. Үйренісіп қалды, азды-кемді жалақысы да бар, жүріс-турысынан да қолайлы. Мұзын тасып әкелген соң, әй дейтін әже, кой дейтін қожа жок, өз тізгіні өзінде. Әрі мұз тасуши туралы қандай күдік болуы мүмкін?

Кешкісін Ахтан «ісі әскери трибуналға беріледі» деген

тағы да хабар алды. Келесі күні де айна-қатесіз сол. Осы жай бір жұма бойы өзгеріссіз қайталана берген соң, Ахтан көзге көрінбейтін жұмбақ жәрдемші туралы құдікті ойға қалды. Бұл кезекті бір жауап хатында «жолығысайық, ақылдасатын шаруа бар» деген емеурін білдіріп еді, жәрдемші шошып тұсті: «олай десең, мен сені, сен мені білмейсің, хош-сау болға» көшті салғаннан. Ахтанның құдігі одан сайын молайды. Бұл кім өзі? Сөзіне сенуге болатын пәтуалы біреу ме? Әлде бір сатқанын екі сатып, тегін мал таппақ болған алаяқ па? Болмаса, тіпті өтірікті ышқырдан шығарып, мұны ақымак қып жүрген қу тұлкі неме ме?

Алушыны аңдушы құтқарған ба, екі күн көз жазбай баққан Ахтан үшінші күні әлгі жұмбақ жәрдемшіні орнынан басты. Жирен мұртын әдемілеп қаққан, ұзын бойлы, әлжуаз, оқыған азамат екен. Көкшіл көзі тас тәбесінен шығып, талып қала жаздады.

— Кім десем? Ә, осындай ма едің? — Қарынан мықтап ұстаған Ахтан оны тырп еткізбөді.

— Өзіңе кім керек еді?

— Сен, бауырым, сен.

— Ескертпедім бе, айтпап па едім. Мен сені білмеймін. Осымен сауда тамам.

— Түк те тәмамы жок,— деді Ахтан оның ерін бауырына алып тулағанын қыртына да қыстырмай.— Жан қинамай мал таппақсың, ә? Немене, аспаннан жауған тегін бауырсакқа кезіктім деп ойладың ба? Ақымакты тапқан екенсің, көкешім...

— Байқа, жігітім, ойнама. Тиісті орындарға мәлім етермін.

— Сенің біреуге шағынар не бетің бар? Мәлім етсем, енді мына мен мәлім етем.

Ахтан оны ел аяғы жосылған, күн көзі сары майдай шыжыған шаңқай түсте жолықтырам деп ойлаған жоқ-ты. Жәрдемшіні жөніне қалдырып, айнала төңіректі бажайлау үшін, кеме қабырғасындағы аpanдай тесіктің алдына келіп тізе бүкті. Көлеңкедегі күм мап-майда, жұп-жұмсақ, сап-салқын. Ол сол құмды алақанымен сапырып отырып, қараңғы бұрышта тәбесі кеменің тақтайына тиіп, екі бүктеліп тұрған адамға көз тастады.

— Солай, көкешім. Енді қалай деп еді,— деді Ахтан. Жәрдемші ал кеп қарғансын.

— Қарғыс атқыр, қарғыс атты мені. Айлы күні аманда қара басты. Қайдағы біреумен шатысып... қарап жүрмей нем бар еді? Сорлы басым. О, Иисус Христос, «Күнәмдік»

09.09.13 Teletype0.tif_page_28
өзін кешіре көргейсің. Шиеттей бала-шағаның қамы деп... кінәлімін. Өзің кешіре гөр, құдіреті күшті жаратқан.

— Жә, зарлама! — деді Ахтан қатқыл үнмен.

Жәрдемші жым болды. Ол тегін біреуге тап болмағанын іші сезіп, құйрықты бұтқа жымып, мысы құрып тұр еді:

— Ныспың кім?

— Никифор... Никифор деседі...

— Осы аранікісің бе?

— Жоқ, көгершінім... ауып келгенмін. Шиеттей бала-шағам бар, солардың жүрегі сазып, ерні кезермесін деп... құдай үрды. Неге сұрадың? Бөтен екенім көрініп тұр ма?

— Иә, көрініп тұр,— деді Ахтан әйтеуір дәм болсын.— Бұл жерде құдайды ауызға көп ала бермейді. Әркімнің өз құдайы бар. Ал бәріне ортақ құдай — жалғыз ғана мұнау.— Ол ақша дегенді меңзеп, саусағын сусылдатты.

Жәрдемшінің шоқша сақалы шошаң-шошаң етті:

— Шамалаймын, шамалаймын. Адамдардың ниеті бұзық көрінеді. Құдайды ұмытқан, бес тыын үшін бауыздап кетуге бар. Қаталдық жайлапты.

— Ә, заманың безбүйрек болса, қайтерсің? Кім боп істейсің өзің?

Бұл сұрактан жәрдемшінің тұла бойы қалтырап қоя бергенін Ахтан қарамай-ақ сезді.

— Оны қайтесің, білмей-ақ қой. Сенің алдында да азды-кемді кінәм бар. Соның өтеуі болсын — бұдан былай білгенімді тегін-ақ жеткізіп тұрайын.

— Тегіннің жілігі татымас деген бар. Келісім — келісім. Алашағынды аласың,— деді Ахтан.— Бірақ хабарың құнды, анық-қанық болсын. Бір айтқанынды екі айтып сандалуынды қой. Далада тегін жатқан ақша жоқ. Кім боп істейтінінді білуім керек.

— Мен кішкентай адаммын. Фельдшермін. Сүзек басталғалы түрмеде жиі боламыз.

— Оның жақсы екен,— деді Ахтан шын қуанып, сосын Никифорға бұрыла қарады.— Өз көзіңмен көрдің бе, әлде біреудің айтқанын жеткізіп жүрсің бе?

— Эрине, өз көзіммен...

— Хал-жағдайы қалай?

— Не жағдай сұрайсың? Қай онған жағдай дейсің.— Ахтанның жанары еркінен тыс жалт етті ме, Никифор сезінен жаңылып, қибыжықтап мұдірін қалды.— Шылымыңыздан рұқсат па?— деп, Ахтанның жанына шөкелеп, шылым тұтатты. Неден сасқанын, әлде қоңыр салқын

дегенмен, кеме ішінің ауасы ауыр ма, болмаса өзінің жінішке дерті бар сиқалы адам болғаны ма — мандайын бұршақ-бұршақ тер жуып кетіпті байғұстың. Темекі тұтқан саусақтары эткеншек атып, жалпақ ерні шаққа дегенде икемге келіп сөзін жалғады.— Бір көзі кеткен, көрмей ме дедім. Бір қолына да зақым болған. Былай, біртүрлі сырт айналып теріс қарап тұрады. Шамасы, жанын қинап, қолын бұрап сындырған. Өзі енді бір туар алыш жігіт екен.

— Өз аяғымен жүре ала ма?

— Жүріп-тұрады, бірақ ара-тұра басы айналып құлап қалатыны бар. Қаны азайған. Кімінде еді?— деп сұрады Никифор.

— Аталас ағайыным.

— Жаның ашиды. Азамат көренеу кемтар болған. Мұндайды көрмеген едім, алғашында жаным түршікті. Тәптішке адам құсатып әкетеді де, өлік құсатып алыш келеді. Онымен қоймай, жан салып тірілт деп дікендейді. Адам хайуанға айналып кетті ғой.

— Сот шешімі не болмақ?

Никифор жирен мұртын сипап, көкірегі шуылданап ауыр күрсінді.

— Алдан қайтем, ауыр болса да айтайын: өлім жазасына кеседі. Сүзек індетінің белгісі бар деп, сотқа әкеткелі жатқан жерінен шегеріп тастадым. Шынында да, сүзек белгілері бары рас. Тұла бойы күп боп ісіп кеткен.

Жер шұқып үйілеген Ахтан иығын зіл басқандай азар дегенде басын көтерді.

— Құтқаратын жол жоқ па?

— Қандай жол болушы еді. Ешқандай жол жоқ. Тас бітеу. Жаратқан жар болсын, басқалай не дейін.

Ахтан тамағына тығылған ашы өксігін кері талмап, далаға жабырқау көз салды. Шаңқай тұс, шыжыған ыстық, қамалған қапырық. Жағалау бойындағы үйлердің күнге қараған терезелері тас бітеу жабық. Торғайлар қанаттары күйгендей ұша алмай, ауыздарын аңқайта ашып, көлеңкеден шырғалап шыға алмай жүр. Ахтан тер құйылды ма, әлде жанарынан шым-шымдал жас шықты ма, кез алды бұлдырап бірауық үнсіз отырды.

— Рахмет,— деді ол бір кездे барып.— Рахмет. Жібің тұзу жан екенсің. Бекер күмәнданыппын. Ауызба-ауыз тілдесіп, хабарына қанығып, құмардан шықтым. Тәнір жарылқасын.— Ол қалтасынан ақша алыш, азар да безер болып маңына жуытпаған Никифорға тықпалап әуре болды.— Ал, ал. Адал малың. Мені мына көкала қағазға

жанын жалдаған алаяқ екен деп қалма, қысылғанда қол ұшын бердің. Еруліге-қарулы, Еңбегің бар. Бүгін оны көре аласың ба?

- Жок, бүгін көре алмаспын. Ертең болмаса.
- Ендеше «Өмір-кәпектен» сәлем де.
- «Өмір-кәпектен?»
- Иә, солай десен, өзі түсінеді. Қолыңдан келсе, науқасын сылтау етіп сотты ұзарта тұр. Ол еңбегіңе бөлек төлеймін.

Никифор басын шұлғыды да, енді қөлденең көзге шалынбай, кемеден сыйылыштың шығудың амалын ойластырды.

2

Егоров қара түрменің тұтқындарынан жауап алатын бөлмеге күндегіден ерте келгенмен, Қажығалиды актық тәптішке шақыртуға асықпады. Оның алдында трибуналдың: «Тұтқын Қажығали Жарқынбаев, қазак, 20 жаста, қызылдардың жансызы. Атылсын!» деген қысқа да нак-нак сот шешімі жатыр. Егоров үш ай бойы оны империя мұддесіне аса қауіпті қылмыскер деп жанталаса дәлелдеп, өлім жазасына кестіру үшін білген айла-шарғысын істеп бағып еді, енді дегеніне қолы жетіп, ун деудің орнына айдыны суалғандай, көңілі қонылтақсып отырғаны. Бұл заманда не оцай, адамды қыршынынан қию оцай. Тіпті трибуналдың шешімін күтпей-ак, қаласа өзі-ак жайғай салатын еді. Бірақ оған керегі Жарқынбаевтың ауыздың желімен үріп өшіре салатын түкке тұрғысыз шыбын жаны емес, басты қатерге тігіп, адам айтқысыз азап шегіп, жер асып, су кешіп Гурьевке келгендері көздеген мақсаты еді. Оны біле алмай, айраны қара су, жігері күм болып отырғаны мынау. Оңбаган кәzzаптың өзі екен, етінен ет кесіп алсан да қан шықпас сұмырай жұмған аузын ашпады. Жанынан безген мұндай дүлейді көрсе, көзі шықсын. Түйекөз, бадырак жанарын төбенің бір бұрышына қадап алып, «майданның қара жұмысынан қайтып келемін» дегеннен танбады-ау, танбады. «Қайда барасың?» десен, «Маңғыстауға»— айтатыны. Бар жауап осы. Ал оның ақ-карасын тексеріп біліп көр. Эрине, бұл сөздің бәрі — бос далбаса, айла-шарғы. Олардың қандай болмасын бір аса құпия тапсырмамен майдан шебінен өткен қызыл барлаушы екенине иманы кәміл. Булардың ине кезінен өткен ептілігін ешкандай бақалшы, ешкандай майданның қара жұмысынан қайтқан адам істей алмасы қөпе-көрнеу.

Ордада қызыл чекистер араласқаннан кейін тойшылар арасында бұл екеуінің пайда болғаны аян. Бірақ ақылына қонбай, санасын сан саққа тентіреткен — бұлардың Баку пароходына отыруы еді. Егоровтың ойын тығырыққа тіреп, маңдайын тасқа соқтырган осы жәйт. Маңғыстау бара жатса, Баку пароходында нелері бар. Тіпті әлектеніп Ахтанды үстaugа Бакуғе телеграмма да берген. Онысы немен тынғаны да белгісіз, аяқсыз қалды. Сол тұста іргедегі Ракуша аралында жайсыз бір оқиға болған. Қойма басшылары шындықты жасырып айтпағанмен, бұл біраз тіміскілеп көріп еді, одан да ештеңе өнбеді. Арады дүрліктірген адамдар бұл іздеген Ахтанға мұлде ұқсамады. Тарыдай шашылған деректер қанша жиса да, басы бір жерге бірікпей, шашырап, сайдан санын, құмнан ізін таптырмай діңкелетіп тынған ақыры. Ал Ахтан болса, не жерге кіргені, не қанат байлаپ көкке үшқаны белгісіз, көз алдында ізін сипатып, жер соқтырып кетті.

Поручик Егоровтың өзінің тікелей әміршісі атаман контрразведкасының бастығы полковник Горбуновтан бір жасырғаны бар. Ахтанды індеп жүріп Қажығалиға тап болды — қаз орнына қарға ұстап қалды. Қолдан сусып кететін болған соң, «бақалшыны» ұстадық деп Горбуновты сендіргенімен, қай бақалшыны ұстағанын ашып айтқан жоқ-ты. Басшылары алдында Қажығалиды Ахтанның өсебімен өткізіп жүр. Ахтанның ізіне шам алып түскен жалпақ танау тыңшы ертең ауруханадан жазылып шығып: «Ойбай, бұл Ахтан емес» десе болды — Егоровтың өтірігі жария боп, аяғы аспаннан келгелі тұр. Сондықтан, бір жағынан, өз қылмысын бүркеу үшін Қажығалидың көзін тезірек құртпақ еді. Дегеніне жетті. Міне, трибуналдың шешімі алдында. Бірақ қарны шұрқырап, көңілі әлі де көншір емес. Үміті акталмады — ештеңе біліп жарытпады. Тұктің де байыбына бара алған жоқ. Ет қызумен алғашында шекара өткен қызыл барлаушы деп айтып қалып, жар шашып дабырайтқанынан дәнене шықпай, аяғы жіңішкеріп сүйылып барады. Откенде полковник Горбунов Қажығалиды тәптішке өзі алып көріп: «Кой, жоқ, мынауың қызыл барлаушы дегеніңе күмәнім бар» деп басын шайқап кеткені бар. Мұнысы жақсы нышан емес-ті. Поручиктің маңдай терін жоққа шығарғанмен бара-бар еді.

Поручик Егоров бүгін Қажығалимен ең ақырғы рет тілдеспек. Трибуналдың шешімін танауына тықпалап, тағы да терідей мыжып, тулақтай сілкілемек. Темірден емес, ет пен сүйектен жаралған жан болса, өлім алдында бір

қаймығар деген есек дәме үміті бар. Алайда Қажығалиды алдыртуға бөгеліңкіреп отырған. Мандайы тасқа тие-тие, жүрегі әбден шайлыққан. Дегенмен соңғы үміттен бастарта алмады. Сұрақ-сауалдарын тағы бір екшеп алғып, үнлеп қойып, ақыры Қажығалиды шақыртты.

* * *

Бір қолы топшысынан бұралып, теріс айналған Қажығали жарбай түйедей қаңқып кіріп келді. Қатты жүдеген: саудырап құр сүйегі ғана қалыпты, он екі мүшесі терісіне ғана ілініп тұрғандай. Жүдегендіктен бойы да тым ұзарып, сорайып созылып кеткендей. Сопайған атжақты бетінде сау-тамтығы жоқ — бір жері іскен, бір жері көгерген, дуадақтың түріндей тарғыл-тарғыл. Сорасы дамылсыз сорғалаған сол жақ көзі күп бол ісіп, ұшына тигендей қанталап қағынып кетіпті. Бұл баяғы екі иығына екі жігіт мінгендей Қажығалидың көрден шыққан сұлдеріндей еді.

— Отыр,— деді Егоров орындықты нұскап.

Қажығали босағадағы орындыққа бексерін басып, намазға жығылар шәкірттей-ақ екі қолын тізесіне қойды. Дала тағысындағы арсың-күрсің арда жігіт түрме тәртібіне бас біліп қалыпты. Ол алғашқы күндердегідей тіл-ауыздан мақұрым кеңкелес болуды қойған. Сол үшін азапқа салып, жанын көп қинағы. Мұнықі де көрбалалық құрдалбаса да, түкке алғысыз ол қулығына кім сенеді, оның үстіне өзі білмейді, өткенде айлақ басында айғай салып, боқтасып жүріп төбелесіпті. Соны естісімен Егоров ал келіп қинасын. «Өзің айтып түсіндірмесең, кім екенінді қайдан білеміз. Мына түріңмен мұрдем кетесің», — деп үркітті. «Түсінбейтіндей кеше емеспіз, түсіндір. Жазықсыз жан шығарсың, кім біліпті? Біз қателесіп жүрген шығармыз», — деп бір алдады. Қажығали сол алдауға түсіп — өтірік сақау бол жүрген тіл-аузы тастай екенін сездіріп алды. Корлықтың неше атасын содан кейін көрді. Сақау күйіне жылап көріскендей жағдайға тап болғанмен, енді кері аттауға жол жоқ еді.

Егоров бұл жолы басқаша сөйлеуді ойласа да, қалып-тасқан дайын сүрлеуден шыға алмай, ақыры трибуналдың шешімінен бастады: «Қажығали Жарқынбаев, ұлты — казак, жиырма жаста...»

— Дұрыс па? — деді Егоров.

Қажығали басын изеді.

— Дұрыс па? — деп қайыра құрады поручик.

— Дұрыс,— деп құптады Қажығали.

— Ендеше, әрі қарай тыңда... «Астрахан большевиктерінің астыртын тапсырмасымен жүрген қызыл тыңшы. Трибунал ату жазасына кесті. Мәселе қайта қарауға жатпайды». Түсінікті ме?

— Түсінікті,— деп алып, Қажығали иегін созды.— Мәселе қайта қарауға жатпайды деген не пәле?

— Үкім өзгермейді, атыласың деген сез.

— М-м...

— Басқа сұрағың бар ма?

— Бар... Шайнапсың!— деді ол қазақшалап.— Отта! Көкшірейген көзіңнің енесін. Қорқытам деп тұрмысың? Тұт, мынаны,— деп қолын шығарды да, атып тұрып омырауын жыртты.— На, стреляй, пей кровь, собак! Шакал!

Есік сыртында андып тұрған екі күзетші жетіп келіп, оны ұстай алды. Таяқтан әбден запыс болған Қажығали бұл жолы қарсыласқан жоқ. Қолын осындай жағаластың бірінде морт қайырып сындырғандары бар. Қажығали орындыққа қарай шегіне бергенімен, аузын жаппады:

— Мені өлтіріп, өзің тып-тыныш жер басып жүрем деп бйлама! Ахтан жаны ұяда болса, сен кәпірдің қанынды ішпей қоймас, кегімді қайтарар. От, солай, біліп қой!

· Қазақша іліп алмайтын Егоров оның бір сөзін де ұққан жоқ-ты. Күзетші казак-орыстар Қажығалидың не дегенін сайрап берді. Олар сақтық ойладап тұтқынның қолын байла-сақ қайтеді деп еді, Егоров байлатпады. Ол құдерін ұзбей, әлі де бір нәрселерден дәмелі бол отырған. Оның ұстіне Қажығали да әлгіндей емес, жыны басылып, тыншиын деді. Егоров оның жаңағы әупірім мінезіне қуанбаса, ренжіген жоқ. Трибунал үкімі жұқа шапқа қамшыдай батқан тәрізді. Төтелеп келген ажал қайдан оңай болсын — бір айтқанын екі айтып, тас тұнжырдай беді-рейіп міз бақпайтын жігіттің тілін шығарып, сабырын шайқаған сияқты. Шыбын жаның қамы талай тілсізге тіл, бас асауға бас білдіріп, көріктей кепкен тасыр кеуделерді әп-сэтте-ақ мыштай қылатың.

Егоров тақымдап тәптіштің астына алуға асықпады. Ол бұдан былайғы сұрағының аңысын андал, темекі тұтініне көміліп ұзак отырды. Қажығалидың жаңағы қоқан-дексың шын ба, өтірік пе деп ойын сан-сакқа қыдыртты.

E:\18.09.13\edil\Heo\CHT_page_25
Коркытасың, ә?— деді ол бір кезде барып.— Сы-

йынғаның Ахтан ғой. Ол өзі қайда қазір?

— Қайтесің. Бір күні тас төбеңней шүйгенде көресің де...

— Охо, оның бір отқа жанбайтын, суға батпайтын мықтының мықтысы болды ғой.

— Мықтылығын сен өлі көрген жоқсың. Езуінді ыржитуға шаманды келтірмес.

— Жарайды, қайтеміз, мандайға жазғанды көреміз де,— деді Егоров сол баяғы езу үшін кекесінмен.— Макұл, менің жағдайымды сенің серігің ойлайтын болды, ал енді мына сенің жағдайынды кім ойлайды?

— Кегімді қайырса болды. Менікі ақ өлім. Атасың ба, асасың ба, мейлің.

Қажығали көйлегінің омырауын тағы да дар еткізді. Оның қолымен көзін сұрткенін көріп, көңілі бұзылып отыр ма деп еді, жок, сұрткені сырқат көзі екен де, ал сау жанары ағы ақ, қарасы қара, құп-құрғақ. Егоров оның жыландай шашылған назарынан қаймығып, теріс бұрылып кетті. Не деген таусылмайтын шет-шегі жоқ бетбактық бұл? Мына қабарған батпақ бет, қысық көз түздіктер қарадай жарты жасын кемітіп, уақытынан бұрын қартайтатын болды. «Кегім қайтса болды. Менікі ақ өлім» дегені қай пәлсәпа, не сандырақ? Ақымақтық дермісің, әлде жүрекжүтқан ессіз ақкөздік деймісің. Есебі, бұлармен алыстан біліскең жөн екен. Түстеп танып, жақыннан абыласқан сайын, мына бір бұратана деп аталатын тұз жұртының іш безерлігінен төбе шашы тік тұрып, жанышошиын деді. Басқаға ұқсамайтын, өздеріне ғана тән әдет-ғұрып дейсің бе, әлде дағды дейсің бе — мызғымас тас берік өмірлік қағидалары бар. Екі сөйлемеу, уәдеге беріктік, көз шығарғанға көз шығару, бас жарғанға бас жару, дос тілегі, ант сөзі деген өзге түсініп болмайтын небір жөн-жосықтары қаншама. Ресей державасы осыларды бағындырдық, кейбіреулерін аузынан алласын алып, кресті сүйгізіп шоқындырдық деп арты шелектей болғанмен, шын мәнінде ара-тұра қаһарына мінгенде төбелеріне қамшы ойнатқаннан басқа тұк те бітіре алмапты. Бұл иманың оңайлықпен сата қоятын халық көрінбеді. Бас билігін, жерін, малын берсе де, ішін бермепті, беретін де түрі жоқ. Ол ұзын да қыска өмірінде мұндайды көрген емес, бәлкім, енді қайтып көрмес те. Мына қарсы алдында қара тастай мелшиіп отырған, бар айла-шарғы, жігер-қажырын құм қылған жалғыз-ақ. Жарқынбаевтың қай-

Е\18.09.13 10:11:44 page 18
сарығынеге тұрады? Жасыратыны жоқ, тауы шағылып, тауаны қайтты. Тіпті кейде ара-тұра осылардың күнәсін бекерге көтеріп жүрмін бе деген күмәнді ойға малтығып, басы қаңғырып сандалатыны бар. Шынында да, тірнектеп жиған дәлел-дәйегінің бір жері жымдасса, бір жері сетінеп, сөгіліп тұрғаны рас. Мәселен, Жамбайда бұл екеуінің айдауылды ұрып-жығып қашуы мен әскер қазынасының ұрлануын қалай ұштастыра алады. Өз бастарымен қайғы бұлардың қазына ұрлайтында жағдайлары бар ма еді? Сонсоң, айдаладағы Баку пароходына отыруы. Бакуден не алады? Барлаушы болса, Астраханның аржағында тиіп тұрған Бакуге жер айналып, Гурьев арқылы жүріп не бастарына ат тепті. Асылы, Маңғыстау барамыз дегендері — күн аралатып жүретін пароходты шатыстырып алулары ғажап емес. Ал егер, шынында да, қызылдардың құпия тапсырмасымен жүрген біреулер болса, із бұлтакқа келгенде алдарына қара салдырмайтын, кулықтарына құрық бойламайтын, ит аузынан білдірмей сүйек алатын, тумысынан зымиян екендерінде дау жоқ. Десі қайтып, діңкесі құрып, торыққан кезде поручиктің бірауық осындаған көңіл жібін босатып, күдік-күмәнға бой алдыратын әдеті. Иә, өстіп, бірауық қана айнып-толқып, санасы саққа пышырап, сансырайтыны бар. Әйтпесе Қажығалидың мойнына қыл шылбырды орап, тістей қатып, бұлтартпай, көр аузына жетелеп әкелген өзі. Егоровтың тағы бір таңқалғаны: осыншама білім, оқу-токумен, қолда тұрған құдіретімен, орыс офицері деген атағымен жарытып қара танымайтын тағы түздікті не ақылымен, не айласымен ала алмағанына қайран. Түйедей болған мына түздік ақыл-парасаты жөнінен өзінен әсте де олқы соғып, кем түсіп отырған жоқ.

Егоров осындаған әрі-сәрі ой үстінде отырғанда, есік ашылып, ішке тұрме бастығының жәрдемшісі кірді.

- Поручик мырза, сізді бір адам ізделеп келіп отыр.
- Кім? Қайдан?
- Қайдан екенін айтпады. Алашорда офицері.

Егоров жаратпай тыржың етті. Соңғы кезде **Жайық** казак-орыс әскерінің қолбасшысы генерал Толстов жергілікті тұрғындардың қылмысын Алашорда үкіметі қарасын деп пәрмен шығарды. Онысы негізсіз де емес-ті. Орыс офицерлері бар, казак-орысы бар, жергілікті жүрттың ақ-қарасын ақтармай, тіпті айдалап жүруге қынсынып, кез келген жерде атып кетуді әдетке айналдырған-ды. Жергілікті халық, жергілікті Алашорда үкіметі тарапынан на-

разылық көбейген. Оның салқыны әскер жабдығына да көренеу әсерін тигізе бастаған-ды. Содан генерал Толстов әлгіндегі мәмілеге еңкеюге мәжбүр болған еді. Ал Алашорда ханы әлде министрі Жанша, Халел Досмұхамбетов дегендердің өкілдері осы жарлықты малданып, аты қазақ болса-ақ көлденең көк аттыға ара түсіп, бұлардың жолын кес-кестеуге айналған.

Ал контрразведка басшысы — полковник Горбунов болса өз кеңесіне біреудің тіміскіп танау сұққанын мейлінше жақтырмайтын, әрі танау сұқтырмайтын да, бірбеткей қатаң тәртіптің адамы еді. Эйткенмен жергілікті әкімдермен қырғи қабак болып, керілдесе беруге оның да құлқы жок па — өз кеңесінде жергілікті тұрғындарға қатысты істерді сыртқа дымын шығармай, көзден таса әрі құпия тындыруды қатаң ескертумен ғана шектеледі. Ал мына алашорда офицері бір пәленің түтінін андып, ісін сезіп келген сыңайлы. Алашорда шындалп ара түссе, күштеп жүріп Қажығалиды шенгелінен жырып әкетуі ғажап емес. Ал олардың істі қалай жүргізерін кім білген, қандарына тартпайды деймісің. Поручик енді осыншама созбалап келген Қажығалиды «Алаштың» қолына тигізбей тезірек көзін жоюға бекінді.

- Жауап алғып жатырмын, қолым тимейді,— деді ол.
- Біраз күтіп қалды.
- Асықпаса, әлі де күте тұрсын.
- Сізбен жолықсын деп, Горбунов мырзаның өзі жіберіпті.

Басшысының аты аталған соң, сырғактауға Егоровтың енді шамасы келмеді. Алашорда офицеріне Қажығалиды қалай да көрсетпеу үшін, Егоров жәрдемшіге ілесіп, тұрме бастығының бөлмесіне өзі барды. Онда өзі сияқты поручик, бірақ өзінен жасы көп үлкен, салпауыз Үсмайыл күтіп отыр еді. Оның Қажығалимен ісі болған жок, қағаздарын жайып жіберіп, шаруасына шұғыл кірісті. Бұл Гурьев пен Астрахан екі ортасында не қызылдарға, не актарға бой ұсынбай, дербес шаңырақ көтергендей болып отырған атаман Қарабас қарамағындағы теңізші қауым арасында болған бір төтенше жағдайға байланысты қитұрқы еді. Екі адамның аты аталғанда, немқұрай Егоровтың құлағы елең етті.

- Екі адам дейсіз бе?
- Иә, екі адам. Бірі — орыс, бірі — казак. Митрофаныч дегені Астраханға асып кетті де, Ізбасар Қарастың қосында қалды. Ол өзі Қарастың бір кезде Ас-

траханға окуға жіберген шәкірті екен. Аужайы большевикке үқсайды.

— Сіз олардың тұсін түстеп бере аласыз ба?

— Неге бермейін? Рақым етіңіз, міне.

Ұсмайыл оның алдына турасынан және қырынан қарындашпен сзылып салынған екі адамның суретін тастады. Егоров суреттен көз алмай, қарашиғы біресе үлкейіп, біресе кішірейіп бір шама ойланып тұрды да:

— Бұл оқиға шамамен қай уақытта болды? — деп сұрады.

— Дәл күні белгілі болса, шаманы қайтесіз? 26—27 майда.

— Кайдан келе жатыр екен? Ракуша аралын ауыздарына алмады ма?

— Жок, Ракуша туралы ештеңе айтқан жоқ. Адайлардан келеміз. Адай ревкомының бастығы Тобанияз Элниязовпен келісім жүргізіп келеміз деді.

— Нендей келісім?

— Гурьевті екі жақтан қыспаққа алу да баяғы...

— Тап солай деді ме?

— Мен бір сөз алып-коспай, айтқандарын айтқан қалпында қайталадым, поручик мырза.

— Адайлардан дейді? — Егоров үстелді айнала жүріп, ойлана сөйледі. — Адайларда қазір атаманға қыр көрсетердегі қауқар бар ма? Жер мойны алыс болған соң, ілдалдап жан сақтап отырған жоқ па өздері. Келеге келмейді, поручик мырза.

— Естіген құлақта жазық жоқ.

— Эрине, эрине. Жазғырды деп ойдал қалмағайсыз. Сөз реті келген соң айтып жатқаным. Шын ниеттерін жасырып, жалған жолға салу үшін өтірік айтпады ма екен? Ондай болуы ғажап емес қой, тіпті дәлірегі солай да шыгар.

— Әлбетте... Қисындарына мен де сеніңкіремедім.

Басының тас бітеу қауашағынан жылт етіп сәуле шашылғандай Егоровтың қиялы шығандап кетіп еді. Көктен іздегені жерден табылғандай, керек адамды құдайдың өзі айдал әкеліп қолына берді. Әлгінде ғана ернінің ұшымен шаққа сөйлескен ол Ұсмайылды үйіріп ала жөнелді.

— Поручик мырза, — деді тіпті қатар отырып, оны қолтығынан алып, — Біз әртүрлі мекеменің әртүрлі дәреже, әртүрлі қызметіндегі адамдар болғанымызben, илеген тेңіміз біреу. Оның үстіне ақ патшаға адалдыққа берген антымыз бар. Біз бір-бірімізге бөтен бола алмаймыз.

Сондаңтан мен бул мәселені неліктен тәптіштеп теріп кеткенімді сізден жасырмаймын. 24-25 майда Ракуша аралынан екі адам қашып шыққан. Бірі — орыс, бірі — казақ. Тұрларі мына сіз салған суретке өте үқсас.

— А-а, солай ма? — деп шын таң қалды Ысмайыл. — Естісем, құлағым керен болсын. Ендеше, олардың Тобаниязды ауыздарына алулары жай сылтау болуы ғажап емес екен.

— Мәселе сонда!

Егоров өз болжамын Ысмайылға құптатып алды. Оған керегі де сол ғана еді. Одан әрігісін таратып айтпады, айту ойында да жоқ-ты. Құдайдың өзі айдаپ келген мына бір пендесінің арқасында әзірше ешкімнің ойына келмеген маңызды бір ізге түскен тәрізді. Қызыл Астрахан Ракуша мұнай қоймасын көз қырына алғандай. Сонда не іstemек? Диверсия жасамақ па? Әлде аралды басып алмақ па? Басып алғанда, қалай басып алмақ — құрылықпен бе, теңіз арқылы ма? Қызылдардың құрылықтағы жағдайы мәз емес, өздері етектері түріліп, кері ысырылып барады. Демек, мақсаттарын жүзеге асырса, тек су жолымен ғана асырмак. Аян бергендей, аяқ астынан ойына сап еткен бұл долбары жай долбар болмай, қандай да бір негізі болса, атаман контрразведкасындағы елеулі бір оқиға болғалы тұр. Қарсы барлау жасап, Астраханның Ракуша туралы қандай ойы барын анықтау қын емес-ті. Ал бірақ бұл жайдың Ахтан, Қажығалиларға қандай қатысы болмақ? Әлде алаңдатушы топ па, әлде Маңғыстау барамыз дегенде — Тобаниязға байланысқа бара жатқандар осылар ма? Шектен тыс долбар кәнігі барлаушының өзін алжытып жіберуі ғажап емес-ті. Жоқ, оның бұл араға ақылы жетпеді.

— Осы арада бір адам бар еді. Мүмкін, көріп бересіз? — деді ол Ысмайылға.

Ысмайыл жалпақ ерні жайылып, жымың-жымың етті.

— Құрметті поручик мырза, сіз мениң не шаруамен келгенімді ұмытып, өз шаруаңызды құнттап кеттіңіз-ау деймін.

— Ғафу етіңіз, құлағым сізде.

Патша әскерлерінің поручигі, Каспийдің терістігін жайлаған теңізшілер арасындағы Алашорда өкілі Ысмайыл ат басын тіреп келген шаруасын әрі қыска, әрі нұсқағып баяндалған берді. Әлгі екі жүргіншінің бірі Ізбасар келгелі бері балықшылар арасынан тыныштық тайған. Қызу үгіт күшеген, көпшілік Астраханға қарай елеңдей

E:\18.09.13\Документы\page бастаған Ал бұл жаман нышанның алдын алмаса болатын емес.

- Не істе дейсіз? — деді Егоров.
- Қызылдың құйыршығын аластау керек. Негұрлым тезірек аластасақ, солғұрлым ортақ іске пайдалы болмақ.
- Ұрлап әкетсек қайтеді?
- Ұрлап әкетесіз бе, басқаша әкетесіз бе, әйтеуір елді бүлдірмей тұрғанда тезірек аластаған жөн. Горбунов мырза да осы ниетте. Егжей-тегжейін сіз ойластырар деген.
- Жарайды, асығыстық шайтанның ісі. Ақылға салалық, — деп қорытты Егоров. — Ал, жүрініз.

* * *

Егоров Ысмайылды ілестіріп, дәліздің түп жағындағы тергеу бөлмесіне қарай жүрді. Ол алашорда офицері Қажығалиға ара түседі деп енді қорыққан жоқ. Ысмайыл мұндағас, мұдделес адам көрінді. Көзі қисық қазакты көрсе — кеуде салып ара түсे кететін, күншілік жерден иісі мұнқитін ұлтшылдарға ұқсамады ол.

- Ысмайыл Қажығалиға қарап жіберіп, басын шайқады.
- Жоқ, танымадым. Қайдан өзі?
- Астраханнан.
- О-о, жерлес болдық қой. Руың кім?
- Табын.
- Табын? Ойбай-ау, ол жақта не қылып жүрсің?
- Табын иісі жоқ еді ғой онда?
- Майданның қара жұмысынан келемін.
- Е, байғұс-ай. Тесік тамақ үшін қызыләскерге жалданған екенсің ғой. Қай полктенсің — 159-шы ма, әлде мұсылман ротасынан ба?
- Ондайды білмеймін, отағасы, — деді Қажығали.

Ысмайыл Астраханда майданның қара жұмысынан қайтқан Гурьев, Маңғыстау жігіттері көп екенін, олардың дені 159 полк пен мұсылман ротасының жауынгерлері екенін, ал қызылдар оларды қазақ жеріне байланысты құпия тапсырмаларға үнемі жұмсайтынын айтты. Ысмайыл Қажығалиды орысшаға макрұм деген болса керек — ойындағысын даңғырлап ашықтан-ашық жайып салды. Жаңа ғана оны кім де болса қазақ қой деп, ықыласпен жауап берген Қажығали мынау оқалы жаға офицердің аузын байқап, іш жиып қалды. Сұмырайдың білмейтіні жоқ сияқты. Көріп келгендей сайрап тұр.

— Е, Маңғыстауға барамын де. Елді сағынып келеді екенсің ғой, — деді Үсмайыл Қажығалиға қайта бұрылып. — Дұрыс, дұрыс. «Ер туған жеріне» деген. Қазаққа қаңғыбас болған жараспайды. — Ол ернін орамалмен бір сүртіп алып, Қажығалидың иығына қолын салып, бетіне бетін түйістіре жаздаپ жәңкейе сөйледі. — Бірақ қызылдар қарамағындағы елді оңайлықпен шашыратат коймаушы еді ғой, босатқаны үшін бір шаруа істеп бер деп тапсырған шығар. Біреуге жолық деп сәлем айтты ма әлде?

— Жоқ, отағасы. Бұнысыз жерге пышақ үрмаңыз.

— Қы-қы-қы... бізді бала көргенің-ау, шамасы? Мына ағаң да сол жерден келіп тұр. Қызылдардың құлқына қанық. Ауылынды сағынып келе жатсаң, шындықты айт та, жөніне қайт. Сені иен дала — Маңғыстаудан кім іздең тауып алар дейсің? Ешкімнің аяғы жетпейді. Қызылдардың шамы сөнді. Бар еді, жоқ болды...

— Мен білгенімді айтқам. Тірідей тұтсендер де басқа қосарым жоқ, — деді Қажығали. — Білмегенімді айт дейсіңдер, не деп айтамын? Қызылдарға қатысым болған жоқ, ел сағалап келе жатқан адаммын. Қызылдардың аулына бір түнеп шықты деп, осыншама жәберлеуге бола ма?

— Жоқ, бала, сенің ісінде шалалық болып тұр ғой, — деді Үсмайыл саусағын шошайтып.

Егоров алашорда офицерінен Қажығалиды тексеруді емес, танып беруді ғана өтінген. Оның бас салып тәптіштің астына алғаның жақтырмады да, әуелі сөзге айналдырып, сосын рахметін айтып сыпайылап шығарып салды. Оның қолында Қажығалиды тағы бір тығырыққа тіреп, жанын шырылдататын дерек бар-ды. Ол Үсмайыл сызып әкелген суретті Қажығалидың алдына жайып салды.

— Танимысың?

— Жоқ, танымаймын.

— Е, сенде енді жоқтан басқа жауап болушы ма еді, — деді де, Митрафанычтың суретін алдына тосты. — Мұны да танымаймысың?

— Танымаймын.

— Ал, бұлар сені де, Ахтанды да танимын деп отыр.

Қажығалидың іші мұздап сала берді. Бұл суреттердің қайдан алған, шамасы олар да қолға түскен ғой. Осы түрмеде отырған болды ма? Ол қапелімде не ойларын білмей, жолынан жаңылысып, ақылынан сандырақтаңғалды.

— Енді мойындаймысың?

— Нені?

— Осы адамдармен Астраханнан бірге шыққаныңды?

Ғұмырында иегінен әргіні ойлап көрмеген, аңқау, аңғал Қажығали түрмеде отырғалы бері ине көзінен өтетін зымиян болып алған-ды. Әсіресе тергеу-тәптіштің сырқырына қанық-ты. Егоровпен салғыласа жүріп, бұрын есігін ашып көрмеген бір астарлұ; шытырман мектептен өткендей еді.

Бүгін Егоров өрмегін мықтап тоқып келіпті. Салған бетте састьрып, абдыратып тастады. Бұрын оның ауыз ашысынан ой-жүйесін андал, әрекет қылатын Қажығали бүгін бұлтаруға саңлау таппады. Бәрі тас бітеу. Тәжірибeden аңдағаны мұндайда тергеушінің ығына жығылмай, не болса да шалқая беру еді. Оның үстіне шығар үкім шыққан — Егоровқа жағынудан келер-кетері шамалы еді. Тергеуші Қажығалидың ойын бұзбады. Оны айтам-айтпаймынның екі арасында қобалжып отыр деп ұқты. Ұнсіздік тым созылып кеткен соң ғана, тыныштықты бұзуға мәжбүр болды.

— Қалай, есіңе түсті ме? — деді.

Қажығали міз бақпады:

— Жоқ, тұскен жоқ.

— Неғып тұспейді? Бірге шыққан, бір жерден тапсырма алған серіктерінді неғып ұмыта қалдың?

— Мұндай адамдарды мен көрген емен.

— Ту-у, сен өзің жаныңдан безген найсал екенсің! — Егоров еденді тепкілеп, орнынан атып тұрды. — Саған көздестіру керек бол отыр ма?

— Макұл, көздессек, көздесейік. Маған да керегі сол.

Егоров аяқ астынан бет-аузы теңбліденіп, оның жанына жұдырығын түйіп, жетіп келді. Ұрғысы кеп, ұрғысы кеп тұрды да, неге екені белгісіз, қол жұмсамады. Одан келеркетер шамалы еді, ұра-ұра қолы ауырған. Дегенмен, ыздан шыдай алмай, Қажығалиды бақшиған көзінен саусағымен нұқып қалды.

— Оңбаған! Саған бір өлім емес, екі өлім аз, — деді ысылдал. — Қалауың сол болса, бүгіннен, бүгіннен қалмассың.

* * *

Қажығалиды бұжырмақ тас еденді, ұзын қараңғы дәлізбен карцерге қарай алып жүрді. Үйшіктің қара түрмесі онды-ак еді. Басқадан кенде болғанмен, Ресей түрмे тұрғызудан әлемде алдына жан салмаған сияқты.

Күн тымырсық бол тұтқындар тірідей тұншыға бастаған соң, камералардың есігін ашқан бүгін. Дәліздің әлдеқандай тесігінен үййтқыған желге ауыздарын тосып қамаудағылар тор шілтердің алдында шүпірлесіп тұрган. Олардың көпшілігі Қажығалимен көз таныс-ты. Алапес адамдай бір-біріне жуықтырмай, тар қапаста бөлек-бөлек ұстағанмен, гу-гу әңгіме тас қабырғаның өзінен саңлау тауып, бөлме-бөлмеге тарап жататын. Тұтқындар Қажығалиға тағылған айыптан, ісінің бет алысынан хабардар еді.

Жауаптау бөлмесіне күніне бірнеше мәрте барып қайтатын қызыл чекистің көрген азабы көз алдарында. Бірде өз аяғымен барып; өз аяғымен келеді, бірде дәліздің ұзына бойына қанын шұбыртып, сүйрелеп әкеліп тастайды. Мынау онбаған итаршылардың ер жігіттің қолын қалай сындырғандары да естерінде. Қызыл чекист күзетшілердің қорлығына шыдай алмай, ара-тұра төбелес шығаратын. Иттей абалаған онбағандарды бір-біріне соғып, қоғадай жайқап, бөрі тигендей у-шу қылатын. Осындағы екі-үш күзетшінің тісін қолына санап берген-ді бірде.

Содан ұялас иттей тұрме күзеті түгел жабылып, көресіні көрсетті. Аяуды білмейтін онбағандар еденге сұлатып салып, бас-көз демей кезек-кезек тепкіледі дейсің. Сондай кезекті төбелестің бірінде бас надзиратель оның қолын тізеге салып әдейі сындырды. Ер жігіт содан кемтар болып қалды. Жұмалап үні шықпаған соң, өлдіге санап жүргендерінде, оны қайтадан тергеу бөліміне алғып бара жатқандарын көрген. Тұтқындардың тұрме күзетіне деген жаулығы алабөтен екені айтпаса да түсінікті емес пе? Олар Қажығалиды өздерінің кегін қайыруши көретін. Сондықтан ол келе жатқанда қошемет айтып қалу үшін бірі есікке, бірі тесікке ұмтылатын.

Қазір ол тор шілтердің ар жағында есік көзінде иін тіресіп тұрғандармен салқын амандастып өте шыққан. Бір есікten «Қажеке!»— деген таныс дауыс естігенде, қалт тұра қалды. Қазақорысы аралас төрт-бес жігіт оған көз жазбай еңсеріле қарап қалыпты. Қажығали олардың бірде-бірін жыға тани алмады. Жирен шашты, көзі аспан тұстес бір орыс жігіті көзінен жасын домалатып тұрып:

— Аға, хош болыңыз! Жалғызыратпай сіздің соңыныздан біз де кешікпей жетерміз!— деп дауыстады.

Қажығали не дерін білмеді: трибунал кесігін естіген екен ғой, өздерінше дем бергендері ғой шамасы деп қана

ойлады. Күзетші желкелей берген соң, ілгері басып жүріп кетті. Келесі бір есіктен көнілді айғай естілді:

— Несіне аянасың! Соңғы рет сойқанды салышы бір! Мыналардың есінде қалсын!

Жер-жерден абыр-дабыр көбейген соң, қүзетщілер есіктерді сарт-сарт жаба бастады. Өздері бір пәле шығып кете ме деп, көздері үңірейіп, үрпісіп қалған екен. Дау шығару ойында жоқ Қажығали кекесін жымып, карцеріне енді.

Темір есік шың етіп қатты жабылды да, бастырмалар сарт-сұрт бекітілді. Тек сонау төбесінде алақандай шілтерлі терезеден өлмеші сәулө түсіп тұрған карцердің іші алакеуім. Ол тақтай кереуетке отыра кетіп, тас қабыргаға қөзін қадады: «Осымен бітті, бітті», — деді.

Ол өлімнен қорыққан жоқ, себебі іштей әлдеқашан өліп қойған. Егоровтың қолына іліккен сэтте-ақ: «Біттім, біттім», — деп, өмірден баз қешіп, тірлікпен әлдеқашан қоштасып еді. Содан бері де әжептәуір жан созбалады, соның өзіне де қанағат. Бір өкініші: ажал бүгін тап осылай шұғыл келеді деп ойлаған жоқ-ты. Сот болар, тағы да бірер жұма әрі-бері сүйрелеп сенделтер деп жүрген. Бұл о бастан-ақ ен-таңбасын салып, төтелеп келген ажал-ды, одан ебін тауып құтылармын деген үміт үшты-куйлі болған емес. Сондықтан ол ажалдан бетін басып, жасқанбады. Енді сол ажалды қалай қарсы алу керек — сол ғана мазалады. Неге екенін — қол-аяғы дірілдеп, ырқына көнбей отырғанын аңдады.

Қажығали: «Ту-у, пәлекет!» — деп орнынан тұрып, сықсиған терезеден алақандай көкпенбек ашық аспанға телміре қарады. Бірақ сөлден кейін аспан өз бетінше қалып, сол тесіктен өзін атқалы жатқан адамдарды, кеудесіне қадалған бесатардың ұңғысын көріп, зәре-иманы ұшып шошып кетті.

Ол терезеден сырт беріп, сенделіп жүріп, әке-шешесін есіне алды. Экесі шоқша сақал, теке көз, болмашыға күйіп-пісіп, пышаққа түсуге бар, мейлінше жанғалақ, бір қисайса қызырайып болмайтын барынша сынарезу адам еді. Ауылдастары оның көзінше де, сыртынан да: «Тайраңдал жүргенің Хансұлу бәйбішенің арқасы ғой. Эйтпесе, арқа етің арша, борбай етің борша боп, коңыз теріп кетер едің», — деп, ашықтан-ашық анасын ұлықтап отырар еді. Бір қызығы әкесі бұл сөзге арланбайтын да, корланбайтын, қарсы тіл қайтарып намысқа да шаппайтын. Айтса айтқандай, шешесі қолы құтты, қыдыр дарыған

берекелі жан еді. Бір қауым елдің сұы сүт, шалабы айран боп үйып отырғаны соның арқасы. Экесіне салса, бір тапқаны бір тапқанына қосылмайтын аш пен тоқтың арасындағы ала көбен ауыл әлдекашан торғайдай тозып кетер еді. Сол шеше қайда? Шіркін, әке не күйде? Жұздесе алмай барады. Іргеге келіп тұрып, желді күні түтіннің іісі аңқыған қол созым мынау Сағызға аяғы бір ілікпей-ақ қойды, әттең!

Ахтан, Ізбасар, Митрағанычтарды да ойна алды. Олардың арасында табынары да сыйынары жалғыз — Ахтан. Шыбын жаны үяды болса, қайрылып соғып, бір шаң берер кезі болып еді. Әлде басымен қайғы болып жүр ме өзі де? Қажығали оны үргін-сүргін, қыншылыққа қиғанмен, жаманатқа қимады. Оның ойынша, Ахтан зынданға салып шынжырлап қойсан да, жол тауып сытылып шығатын «суға батпас, отқа жанбастың» өзі. Алиса жайында көп ойлап, көп толғады. Өзі-өз болғалы, етегін ашқан, жан-тәнімен ықыласы құлаған әйел еді. Алисаны есіне алса болды — жүрегі сыздал, шым ете қалады. Өзі де, жүзі де, аты да жанына алабөтен ыстық. Мына қапаста отырып ойша ең көп сырласқан, ет-жүрегі езіліп сағынған адамы да сол. Оның көлендеген бейнесі үш ай бойы жатса бірге жатып, тұрса — бірге тұрып, жанынан екі елі үзамады. Қажығали баяғыда осы неғайбіл сапарға өкшелері көтеріліп тұрғанда, Астраханның «алты басында» ойда жоқта Каспий өңірі большевиктерінің көсемі Сергей Мироновичпен кездескенін есіне түсірді. Бұл да әпенді ғой, не тілектерің бар дегенде, әйелі Алисамен бірге еліне қайтқысы келетінін айтыпты-ау. Өзі де сабаз екен азаматың: «Осы тапсырманы орындалп келсөң, өзім үйлендіріп, еліңе өзім шығарып саламын», — деген арқасынан қағып. Дүние-ай десенші! Сол күндер көзден бір-бір үшты-ау!

Ол түскі тамакты татып алған жоқ. Жарға арқасын тіреп, керуетте мең-зең отырды да қойды. Сөйтіп отырып, өң мен түстің арасындағы әрі-сәрі бір тәтті күй кешті. Әлгіден бері іздел таппаған жан тыныштығы, көніл рахаты жанына өзі оралды... Шуақты көктем. Көк майса жазық дала, күркіреген өзен, салқын сазға жаңадан көшіп қонған ауыл, өзен бойына жағалай жапырласқан ақбоз, қараша үйлер. Тұндіктері ашулы, іргелері түрулі. Желіде шыбындаған құлындар. Апыр-ай, адам өмірінің еш нәрсеге бергісіз тәтті шағы — балалық бал дәурен екен-ау. Басқасы жәй әншейін қызығарлық дәнеңесі жоқ, бейнет пен азап екен де. Адам мына өмірге сол балалық шақтың

бакытты күндерін өткізу үшін келмесе қайтсін? Олай болса, өкініш жоқ. Балалық шағы тамаша өтті. Қажығали осы бір өзі ойлап тапқан жұбаныштың шылбырына жармасып, басқа ештеңеге алаңдағысы, білгісі, естігісі келмеді. Осылай отырып түрмешілер дайындал жатқан анау дүниеге көзін ашпай жүре бергенге не жетсін! Ол есік сылдырына, есіктің ашылғанына да мән бермен еді, тек күзетші өліп қалған жоқ па деп, иығынан жұлқылағандағандаған көзін сыйситты.

— Ту-у! Зәрем кеткенін,— деді күзетші шегіншектеп.

Фельдшер оған «бара беріңіз» деп ымдады да, аспаптарын жайғастырып, Қажығалиды қарауға кірісті. Әдетінше, жаралы көзден бастады. Қажығали қарсылық білдірген жоқ. Денесін түгел тінтіп шығып, саусағынан қан алуға кіріскенде:

— Осынызыға түсінсем бұйырмасын,— деді Қажығали.— Бірің сілейтіп ұрасың, екіншің келіп емдейсің. Түсінбедім. Сосын өлетін адамның қанының таза, таза емесінде тұрған не бар?

— Заң, заң солай,— деді Никифор.

— Сізден бір нәрсе сұрауыма бола ма, дәрігер?

— Сұра, сұра.

— Осы сіздерде жан қинамай өлтіре салатын дәрі болатын көрінеді. Менің қалай өлгенім бәрібір емес пе? Сол дәріңізден жәрдемдессеніз.

— Атудан корқамысың?

— Жо-ға! Корқатындай да ештеңе жоқ. Заты жаман да, әншейін...

— Ондай дәрі бар. Бірақ, оны берсем, артынша мен де сенің жолынды құшамын. «Өмір-кәпектен» сәлем.

— А-а?

— «Өмір-кәпектен» сәлем! Ал енді шалқаңыздан жатыңыз.

Дәрігер әдетінше оның қарнын умаждап, ішкі сарайын тексерді. Қажығалидың екі көзі Никифорда, бірақ дәрігер көзі тайғақтап, бұрылып қарамастан: «Е-е, жақсы, дұрыс екен»,— деп, танау астынан міңгір етті де, Қажығали оның соңынан ұша түрегеліп, аўзын ашып-жиганша болған жоқ, есікті сарт ұрып шығып кетті. Ол «а-а-а!»— деп, қолын созған күйі бөлме ортасында қаңқайып тұрып қалды. О, ғажап! «Өмір-кәпектен» дейді, сол ғой, сол! Сол, Ахтан ғой! Айналайын-ай! Шаң берер бір кезі болып еді, үкідей ұшып жеткен екен ғой сабазың. Бәсе, бәсе, осылай болса керек-ті. Жолдасын жауға тастайтын жігіт

емес-ті. Ол мына қапастан, кесіліп қойған өлім жазасынан құтылғандай куанды. Құтылмағанмен, алла жазса, ісі енді көп ұзамай оңалатынына кәміл сенді. Ахтан кірісті дегенше, шаруа бір жайлы болды дей бер.

Оның көзі дәрігер ұмыт қалдырған бір ұзыншак ораулы нәрсеге түсті. Аспаптарының бірі ме десе, жок, тілдейғана ораулы ара екен. Араны ұқыптап қарап отырып, оның бір шетінде «А» деген әріп пен қолдан сыйған «Ленгір» таңбасына көзі түсті. Ахтанның белгілері — «А» дегені өзі де, «ленгірі» — иығындағы инемен шабақталған таңбасы ғой.

Жігіттің көз жасы темір араға тырс-тырс тамды.

3

Іңгәлап өмірге келген қызылشاқа жап-жас Советтер республикасы тоқсан жыл толғатып тапқан жұмысшылардың төл перзентінің өмірі әлі де қыл үстінде еді. Аш бөрідей жалаңған жау жан-жақтан жас өкіметті жөргегінде тұншықтырмак боп, жауар бұлттай тұнеріп, темір құрсау, қан шеңгелге алып жатты. Батыс буржуазиясы советтердің қабірін қазып, табытын да дайындал қойды. Жағдайдың жерге қарағандай қын екені де рас еді. Көз жетпес Қыыр Шығыстың алыс тұқпірінен зілмауыр қару-жарағын поезға тиеп, Москванды түтіп жетіндей боп, самсаған сары қолмен адмирал Колчак келе жатты. Оңтүстіктен Деникин ентеледі. Москва, Ленинград және Орталық Ресейдің кейбір қалаларынан басқасы жау қолына көшті. Шыбын жан көзге көрінген аса бір қатерлі сәт еді бұл. Жас республиканың жағдайының күрт қындауына отын, жанар май, жағар май тапшылығы тікелей әсерін тигізді. Отынның тапшылығынан қару-жарақ заводтары, майдан шебіне әскер таситын поездар тоқтап қалып, Орталық не істерін білмей, қатты абыржып отырған.

Ракуша мұнайы туралы Ізбасар, Ахтан, Қажығалилардың егжей-тегжей мәліметі көсемнің қолына, міне, осы кезде тиді деп жобалауға әбден болады. Себебі көп ұзамай жағдайдың ауырлығына қарамай, Шығыс майдан үлкен өзгерістерге ұшырады. Он бірінші августе (1919 жыл) Шығыс майдан шұғыл түрде екіге бөлінді: Шығыс майдан және Түркістан майданы болып. Түркістан майданына қолбасшылыққа Фрунзе тағайындалды да, оның әскерінің алдына мынадай міндет қойылды: «Ең қысқа мерзімнің ішінде Орал, Ақтөбені алып, Гурьевке дейінгі

аймақты түгел азат ету! Мұның бәрі Ракуша мұнайына байланысты әрекеттер екенінде, біздің қатардағы кара-пайым қаһармандарымыздың жаумен жағаласып жүріп, істеген істерімен сабактасып жатқанында ешқандай дау жоқ. Ленин Гурьевте қысылшаң кезде республика қажетіне жарайтын мұнай барын білген соң, барлық күшті сол мұнайды алу мақсатына жұмсады. Алдымен көсемнің нұсқауымен Балтық теңізінен Астраханның қарамағына төрт сұңгуір қайық жөнелтілді. Арнайы майдан ашты. Онымен де шектелмей, теңіз десантын әзірледті, Түркістан майданының бас қолбасшысы М. И. Фрунзе шұғыл жарлық берді.

«5 август. 1919 ж.

Төртінші армия Орал облысын азат етіп, Сахарная — Калмыково тарапына аяқ басысымен, мынандай міндеп қойылады: Орал казачествоын біржола талқандап, Гурьевті алып, Каспий теңізінің жағалауына жету. Жайық өзенімен төмен құлдилай отырып, төртінші армия жүргізетін Гурьев операциясын Астрахан әскер тобының Каспий теңізінің терістік жағалауымен, әрі Каспий флотилиясының теңіз арқылы жүргізетін әрекеттерімен үштасса, көп женілдік болар еді. Флотилия қолбасшысы Роскольников Гурьевке теңіз арқылы шабуыл жасауға болады деп сендіріп отыр.

Десант түсірудің нақты жоспарын жасау кезі енді келді. Жоспар жасалғанда десант операциясының нәтижелі болуы — операцияға қатысқан әскердің аз-көптігіне байланысты емесін, іс-әрекеттің жан-жақты үқыпты дайындалуына әрі аса құпия жағдайда әзірленуіне тікелей қатысты екенін мықтап ескеру қажет. Осы айтылғандарға орай, нақты пікірлерінде сұраймын».

1919 жылдың орта кезінен бастап жас Советтер республикасының алдында Гурьев мұнайына жету төтенше басты мақсаттардың бірі болғаны айдан аян. Гурьевке тезірек ілігу үшін алдымен Жайық ақ казактарының ту тіккен ордасы — Орал облысын азат ету керек еді. Ал Орал қаласы арельдің басынан генерал Толстов әскерінің тас шенгел темір қоршауында. Июль айында Чапаевтың атақты 25-ші дивизиясы Орынбор майданынан Орал шебіне көшірілді. 7-июль күні Чапаев Орал қаласын алуға өз дивизиясына бүйрық берді. Орал қаласы 11 июль күні қоршаудан біржола құтылды. Сөйтіп, аңсаған Гурьевке жол ашылды.

Бірақ женістің алғашкы буына мастанған ол кезде бұл екі араның бес жүз шақырымдық жолында алты айға созылған сұрапыл қиян-кескі ұрыс болатынын ешкім болжай алмаған еді.

* * *

Бойы үйрәнген соң, Ахтан қалашыл болып алды. Қолы босаса-ақ, басы қисайып, қалаға тартады да тұрады. Үстінде алашорда офицерінің формасы. Әрі анау-мынау емес, шені ротмистр.

Алашорданың Ойыл юнкер мектебінің ұстазы Қарымурзиннің атына жазылған, бадырайтып мөр басып, қол қойған документі де, Гурьевте шаруамен жүр деген жолдама қағазы да қалтасында. Алабөтен туралап келген пәле болмаса, ешкім бармақ батыра қоймастай. Бұл қол-қалап қоймаған соң, қолы ұзын Тәңізбайлардың үйлестіріп бергені еді.

Бұл күндері Ахтан қаланың шет шалғайынан гөрі орталығына үйірсек. Барлық мекеме осы арада: уезд әкімшілігі деймісін, қала басшылығы, әскери штабтар деймісін. Оралдан, Ақтөбеден көшіп келіп жатқан мекемелер қаншама. Оның үстіне қаланың қан тамырдай қосқапталы дүкенге толы Торговая көшесі де осы манда. Аяқ аттасаң асхана, шайхана, ресторан, самса, пирожки сататын ларектер. Ертелі-кеш құмырсқа илеуіндей құжынаған халықтан аяқ алып жүргісіз. Шапқылаған офицерлер, небір дейи полковниктер мен жуандык желке генералдар. Гурьев өзінің әргі-бергі тарихында мұншама көп генералдар көріп тұрғаны осы. Орынбор әскери корпусы осында түгел көшіп келген бе деп қалғандайсың. Ахтан олардың арасында өзін судағы балықтай сезінді.

Ол Жайықтың ұзынабой жағасындағы Набережная көшесіне түскенде, халық тіpten у-шу болып, аспанға қарап ауыз ашып тұрғанын көрді. Бұқар беттің мидай аспанында он бес шақты аэроплан шүйгіп ұшып жүр. Бірер айналым жасаған соң, бір-бірден жырылып, қаланың теніз жақ бұрышын жанап өтіп, Гурьевтің күнбатысына құлап жоқ болды. Асылы бұл, Гурьев тұрғындарының аэроплан атаулыны алғаш көріп тұрғандары болса керек.

— Бұл не аэроплан қаптаған? — деп сұрап еді Ахтан бір офицерден:

— Ағылшындар, — деді ол қысқа ғана.

— Ағылшындар? Соғысқалы келіп жатыр ма?

— Енді қалай деп едіңіз? Норрис дейтін генерал бастап келеді деседі. Басшылардың бәрі қала сыртында қонанын жерге қарсы алуға кетіпті ғой.

— Өздері қандай екен? Ағылшындарды айтам... көргендерің бар ма?

— Адам нәсілінен ғой. Аң сияқты болмас сірә?

Ахтанның сөйлескені өзінен шені кіші штабс-капитан еді. Бірақ ол шенім кіші деп именіп тұрған жоқ-ты, содан-ақ алашорда офицерлеріне бұл жерде көзқарастың онша еместігін аңғарды Ахтан. Ол жай намысына тигенмен, өле алмай жүр ме, тиіспе не жыны бар — бұрылып жүре берді де; елдің топылып киноға кіріп жатқанын көріп, кассаға барды.

Киноның енді ғана етек алғып, елді естен тандырып жатқан кезі. Өмір дейін десе, өмір емес, өмір емес дейін десе — өмірге ұқсас көз айырғысыз бір құдірет. Бір күлдіреді, бір жылатады. Елді есінен айырып, басын дуалап алғаны соншалық — шыдай алмай, залда отырып шыңғыратындар бар. Бұл жолы күлкілі кино екен. Ахтанның шегі түйіле жаздады. Дағаға шықса, қараңғы түсіп, көшелерге шам жағылыпты. Ағылған елмен бірге ілесіп келе жатып, темекі алу үшін түнімен істейтін подвалдағы аракшарап дүкеніне бұрылған. Жақындағанда-ақ гүрілдескен масаң дауыстар естілді. Ішкілік орнының қашанғы данғазасы емес пе — Ахтан оған мән берген жоқ. Тек табалдырық аттаған соң ғана тұнгі бардың таң қалғандай бос, бар-жоғы екі-үш адам отырғанын, дүниені азан-қазанғып басына көтеріп жатқан соның біреуі — түпкі бұрышта жалғыз жайғасқан әскери адам екенін байқады. Әлгі үстелді тоқпақтап қойып, сөз ләміне қарағанда, тұнгі бардың иесіне тиіспе сөйлеп отыр.

— Эй, оңбаған! — деп гүжілдейді әлгі. — Сен орыссың ба, әлде шоқынған мордвасың ба? Мордва шығарсың? Тұысқаның Чапаев келе жатқан соң, сөреге бәрін жайыпсың ғой. О, сасық! Ресейді жеуге бәрің барсындар, қорғауға бірің жоқсың. Шетінен тізіп қойып бытырлатар ма еді!

Қойма жақтан шыққан тұнгі бар иесі бетінде анаумынау дейтіндей белгісі жоқ, барлық ұлтқа бірдей ұқсас, шүңірек көз кішкентай ғана адам түпкі бұрышта шөмеледей боп отырған гүрілдекке қарап басын шайқады да, Ахтанға: «Сізге не керек еді?» — деп сыпайы тіл қатты. Темекі беріп жатып, мұнын да шағып үлгерді: «іshedі, бок-

тайды, онымен қоймай жағаңдан алады. Алдыңғы күні біреуі арақ бермейсің деп ыдыс-аяқтарды түгел шағып кетті. Қала басшыларына шағынсам, қолдарын жаяды: «қайтеміз, заман солай, әскер дегенің әкімшілігінді пыс-қырмайды да» дейді ұялмай-қызармай. Бұл казактар құтырды ғой», — деді бар иесі өзінің казак-орыс нәсіліне жатпайтынын аңғартып.

Ахтан әңгімеге айналмай далаға шыға берген, біреу көп ұзатпай етігі тарпылдалап, іле-шала қуып жетіп, иығынан шап беріп ұстай алды. О, тоба, бұл кім десе — көзіне сенсін бе, сенбесін бе — Ноготков — әйгілі Қара Никита. Удай мас, ықылық атып, аяғында теңселіп шаққа тұр, дудыраған бүйра шашы көзін жауып кетіпті. Қолында зіп-зілдей өктаулы браунинг. Ахтан қапелінде не дерін білмей тілден айрылып, сілейіп ұнсіз қалды. Жаңағы тұнгі бардың қара көленке бұрышында үстел тоқпақтап гүжілдеп отырған осы нәлет болды, шамасы.

— Бақалшы. Солай ма? — деді Ахтанның бетіне үңіліп
— Қолыңды тарт! — деді Ахтан іші мұп-мұздай бол
— Неге қаштың? Көре сала неге тұра қаштың?
— Мен сені көргем жок. Қашу ойымда да болған емес.

— Қаштың, қаштың. Сен тұрмеде емес пе едің? Қалай жүрсің?

— Қолыңды ал деп тұрмын ғой мен саған. Шені жоғары адамменен қалай сөйлесуді ұмытқанбысың өзің?

— Ұрғаным бар шеніңді.

Ахтан беліндегі алты атарын суырмак болып еді, Қара Никита тырп еткізбеді.

— Тұрған орнында бақадай бақ еткізіп қатыра салайын ба, — деді ол аш буйірден алты атардың аузын қадап: — Комендатураға айдал барайын ба осы қазір табанда.

— Ал жүр, — деп жұлынды Ахтан.

Ахтанның комендатураға құлшынғаны Қара Никитаны ойлантып тастаған сыңайлы.

— Тоқта, — деді ол. — Мен сенің мына киіміне де, шеніңде де сенбеймін. Оның бәрі жалған. Бірақ сенің қара тұрмeden қалай шыққаныңа миым жетпей тұр.

— Мен тұрмеде болған емеспін.

— Қалайша?

— Солайша.

— Мағаң сені өз көзімен көрген адам айтты ғой.

— Демек, қате айтқан.

— Қой, жоқ. Мүмкін емес.

— Ендеше, жүр комендатураға! Тексерілейік. Ақ-қарасына көзің жетсін. Мүмкін, сенің сенімді адамың мені Қажығалимен шатастырған шығар. Оның түрмеде екені рас. Егоров оны қызыл чекист деп шенгелдеп ұстап отыр.

— Чекист дейсің. Чекист болмағандა сонда ол кім?

— Кім екенін қайтесің? Бірақ чекист емесі анық.

— Ал өзің ше?

— Мен бе? Мен барлаушымын. Мына иықтағы пагонның құзырына құлдық етуші пақырыңмын.

— Түсінбедім...

— Оны сенің түсінуің, әсіресе мына түрінде түсінуің киын.

— Былшылдама! Менің түрімде шаруаң болмасын. Өзің әлгі сандырағыңды дәлелдей аламысың?

— Адам тұрсын, алbastының алдында да дәлелдеуге бармын.

— Ендеше, ана серігіңе неге ара түспейсің?

— Ол — саясат.

— Қандай саясат?

— Барлаушы қолға түспеуі керек. Түссе — өзі жол тауып шығуы керек. Кім қолындағы картасын ашуға әуес дейсің. Мәселен сен Егоровпен бірің — әскери барлауда, екіншің — контразведкада қызмет еттің. Сен бір жерде шырмалып қалсан, ол ара түсер ме еді?

— Фу-у! Одан жақсылық күткенше, бұқадан сұт сауған әлдекайда оңай.

Қара Никита мастығынан айыққысы келгендей басын сілкілеп алды да, әлгіндей емес, достық ықыласпен Ахтанды түнгі барға қарай сүйреді.

— Миым ағып кеткен бе? Түк ұғар емеспін. Жүрші, асықпай сөйлесейік. Бұл арада бір қитұрқы бар сияқты.

Ахтан тығыз шаруам бар еді деп қипақтағанмен, табан тіреп қарсылық көрсете алмады. Ойламаған жерден бір пәлеге басы шатылды, қашқанмен одан енді оңайлықпен құтыла алмасы белгілі. Қайткенмен де бұл істің бір жағына шықпайынша болмайды. Қайтып келіп қара көлеңке бұрышқа жайғасқан соң, Ахтан бір шиша арак алғызды. Қырлы стақанды орталап тартып жібергеннен кейін:

— Ал, енді асықпай түсіндір,— деді Қара Никита ентелеп.

— Тында,— деді Ахтан, сосын:— Тек барқырама. Айтатын нәрсе емес, тек сен болған соң айтып отырмын.

E:\18_09_13\edil\edil0.tif page 47
Тішін білсін де қойсын. Эйтпесе менің түбіме жетесің, сен сығыр,— деп ескертті.

Қара Никита кеңірдегі бұлк етіп, басын шұлғыды.

— Түсіндің бе? — деп қайта мошқады Ахтан.

— Түсіндім. Бала емеспін.

— Біз алашорда барлаушыларымыз. Өкімет орындарының арнайы тапсырмасымен Астраханның «Милләт Идер» ұлттыл үйымына барып келе жатқан бетіміз еді. Неге барғанымызды сен сұрама, мен айтпайын.

— Баяғы ұлттық мұдде дағы?

— Ол жаққа барыспайық демедім бе?

— Жарайды. Сонда адамдарыңа қалайша ара түспейсіндер. Әлгі ағайынды ма, әлде андас па — Досмұхаммедовтерің айдаладағы қаймана қазаққа шаң жұқтырмай шырылдап жүрген жоқ па?

— Қаймана қазаққа ара түскен Досмұхаммедовтердің — Қажығалиға ара түскісі жоқ. Шаруасын бітіртіп алғып, танып шықты. Таңбасына да лаж жоқ. Қажығалидың алашорда байланысшысы екенін контразведкадағылар білсе, атаман Досмұхаммедовтерді ондырмайды. Оның өз сыртынан біреулердің сыйырласқанын ұнатпайтын әдеті емес пе?

— Шамасы орыстарға қарсы бірдеме үйымдастырғансындар ғой. Солай ма?

— Эне! — деді Ахтан. — Қатардағы орыс, орыс та емес, кәдімгі казак-орыс сен солай ойлағанда, атаман не ойла-мақ? Алашорда басшыларының Қажығалиға ара түспей отырғаны да сондықтан. Одан да ол байғусты қызыл барлаушысың деп атып жібергені тиімді. Құпия істерінің иісі шықпаса болғаны. Олар Қажығалиды қызыл чекист деп, Егоровтың шатысып жүргеніне «шок-шок» деп қуанып отыр.

— Солай де! — деді Қара Никита енді-енді бір нәрсе үққандай боп. — Солай де. Міне, қызық. Мұны кім ойлаған? Сонда Қажығали... — деп өңмендеп келе жатыр еді:

— Дарылдама! — деп, Ахтан оны тыйып тастады.

Қара Никита оған етпеттей еңкейіп, сыйырлай сөйледі.

— Сонда Қажығали алашорда барлаушысы ма?

— Оған күмәнің болмасын.

— Сонда Егоров оны, алаш барлаушысын, қызыл барлаушы деп аттырмак па?

— Дәл солай! Ол екі жаққа бірдей тиімді.

Кара Никита жырқ етіп күліп жіберді де, аузын алақанымен басып, Ахтанға бақырая қарады:

— Екі жаққа бірдей тиімдісі қалай?

— Егоровтың қырағылығы үшін шені өседі, бұл бір, «Алаш» басшылары сыры ашылу қаупінен құтылады. Ол екеуі бір-бірімен иіскесіп те үлгерген шығар. Көмейіне тықпады деймісің?

— Ох, жауыз!— деді Қара Никита гүжілдеп.— Екі жеп биге шықпак екен ғой. Бәсе, бәсе... бір шикілік барын ішім сезуші еді. Бірақ желдің қай жақтан үйитқығанын біле алмай жүргенмін. Бәсе... ал біз соның кесірінен, мына сендердің кесіріңнен тұраладық емес пе?

— Қой?!

— Қой емес, ешкі. Түгел қызметімізден күйлдық. Қазір осында адамнан кейін, иттен ілгері бір жұмыста жүрмін. Сендердің кесірің бізге, біздің кесіріміз генерал Кирилловқа тиді.

— Қалайша?

— Мені сендердің қашуларыңа қол үшін берді деп жазғырды. Мұндайда біреу әйтеуір кінәлі болуы керек қой? Айналып келіп таяқтың басы маған тиді. Кириллов та ара тұра алмады. Ақыры оны да кетіріп тынды.

— Не дейді?

— Естімел пе едің?

— Құлағым керен болсын.

— Ендеше, солай. Шаңымызды аспаннан қақты. Бәрі Горбунов шайкасының ісі. Эрине, Егоров та шет қалмағаны белгілі, жанын салып баққан шығар.— Қара Никита тершіген мұрнын уысталап бір сүртіп алып, Ахтанға көзі жылтырай қарады.— Бәрі арандату екенін, дүшпандардың құрған шимай торы екенін енді көріп отырмын.— Содан кейін:— Сенің өзің осындамысың? Әлде бір жақтан келдің бе?— деп сұрады.

Ахтан қазір Ойылда тұратынын, Алашорда юнкерлер мектебінің барлаушылар дайындастын бөлімінде дәріс беретінін, мұнда мектеп шаруаларымен келгенін, бір жағынан серігі Қажығалидың халін білмек ниеті барын айтты. Қолынан келсе, көмегін аямай, ол байғұсты басына төнген ажалдан құтқарып қалғысы келетінін де жасырған жоқ. Бірақ қолынан дәнене келмей тұрғанына налыды.

— Жүр, кеттік!— деді Қара Никита оқыс орнынан көтеріліп.

— Қайда?

— Даңаға шығайық. Мына ара ысып кетті, жүрек қағып тұр.

Олар даңаға шыққанда, ел аяғы кәдімгідей саябырлаған еді. Дегенмен орталық бақта оркестр әлі гүмпілдеп жатыр: вальстің созылыңқы әдемі әуені құлаққа келеді. Көше қызыстарында «фонарь шамдары» сығыраяды. «Торговая» көшесі қаңырап бос қалыпты, көше сыпырушылардың сыпырғыларының сұсылығана құлаққа шалынады. Олар қала жүртү серуендейтін Бродвей — Набережная көшесіне қарай жүрді. Кешікпей алдарынан Ақ Жайық шықты сылаңдалап. Бұқар беттен ен даланың жусан иісін таратып, рәш желіндегі майда қоңыр самал еседі. Мөлдір таза ауадан тыныс кеңіп сала береді. Жағалау бойында серуендер сенделгендер әлі де аз емес. Қара Никитаның бір жерге бастап келе жатқанын сезген Ахтан:

— Қайда барамыз? — деп сұрады.

— Бір жерге...

— Ол қай жер?

— Алыс емес. Кириллов ағзамдікіне.

Ахтан қалт тоқтады.

— Есің дұрыс па?

— Жүр, жүр, — деп сүйреледі Қара Никита. — Жақсы шал, о да запа шеккеннің бірі. Әлгі шытырманыңды өз аузыңдан түсіндірмесең, мен айтып бере алмаспын. Не дер екен, білейік. Мүмкін, бір септігі тиер.

Ахтан Қара Никитаның шенғелінен білегін жұлып алды.

— Мен ешқайда бармаймын.

— Қой, ақымақ болма! Одан саған келер ешқандай пәле жок.

— Мен бұрынғы көз таныс қой деп, жасырмай сырымды айтсам, сен мені сатпақ екенсің ғой, — деп дір-дір етті Ахтан.

— Не деп тұрсың? Қайдағы сатқан?

— Сатқан емей немене? Ертең генералың айғай шығарады. Алашорда менің көзімді қарғаға шұқытады. Сол ма саған керегі?

— Сөзді қой! — деді Қара Никита.

— Мен ешқайда бармаймын.

— Барасың! — Қара Никита белінен алтындарын жұлып алды да, Ахтанды иықтан нұқып жіберді. — Кәне, түс алдыма!

— Оңбаған екенсің! Білсемші?

— Бол-бол! — деді Қара Никита иықтан түйгіштеп. —
Не десең де қазір мен сені босата алмаймын.

* * *

Ахтан Қара Никитаның айдауында келе жатып, ойнаймын деп оңбай от басқанын ұқты. Енді құтылу жоқ. Өтірігін қолма-қол шығарып, мойнына қыл арқанды тұзактап салатын болды. Қап! Басқа сұлтау құрып қалғандай, пәлелі жерге басын сұғып не жыны бар еді. Бәрін бұлдірген мына үстіндегі мундирі. Соны жасырам деп, қайдағы жоқты тантып, қазулы көрге аяқты өзі басты. Бара жатқан жерінен қайтып жарық дүниеге шыға ма, шықпай ма, негайбіл. Ай, қын-ау! Осымен ақыры жол түбі көрініп, саудасы біржола тынған шығар?! Үреуге, анау Ибраһим, Тенізбайларға зияны тимей, өзімен кетсе де мейлі ғой.

Қара Никита биік қақпаны тоқылдатқанда ар жағынан қасқыр ит арылдал қоя берді. «Бұл қайсың?» деген қалтыраңқы кәрі дауыс естілген кезде, Ахтан бұл басқа емес, айна-қатесіз генерал Кирилловтың үй-жайы екенін, тағдыр желкелеп бұл араға бір емес, екінші рет әкеліп тұрғанын есіне алды. Баяғыда осы қақпаға еніп, ізіне шамалып түскен тыңшылардан ұсталғалы тұрғанда ойда жоқта жырылып кеткені бар еді. Онда дуалды биік қақпа төтелеп келген қатерден араша болып еді. Сондағыдай тағы да бір септігі тиер ме, жоқ па? Бағы ма, соры ма — әйтеуір айналып үйіріліп осы есікке мәндайы тіреле беретін болды. Ахтан баяғыда ақысын алса да, жасырын есікті сілтеп, құтқарып жіберген қора сыпырушы шалды даусынан таныды.

— Митрыч, мен Ноготков. Аш! — деп тықыршыды Қара Никита.

- Танып тұрмын. Қожайын ешкімді жіберме деген.
- Тығыз шаруа бар. Ұғып тұрмысың?
- Жарайды, мырзаның құлағына салайын.
- Бол, тез!

Қора сыпырушы шал голоши тырпылдал үйге қарай үзады. Ахтан қақпа алдында тілі байланғандай үн-тұнсіз, өзінен екі еседей биік, өгіздей өңкіген Қара Никитаға мәндайы астынан сұзіле қарап тұр.

— Қорықпа! — деп жұбатты Қара Никита. — Айтқаның рас болса, Алашордадан келген пәлені көріп алдық. Талата қоймаспзыз.

Ахтан жауап қатпады. Ол Алашордадан қорқып тұрған жоқ-ты, олармен үш қайнা�са сорпасы араласқан емес,

оның қорқып тұрғаны осылардың өзі. Ахтан үшін әуелі Егоров, қала берді бұлардан өткен жау жоқ. Қора сыпышы шал алдымен қасқыр итті үйшігіне қуып тығып, содан кейін барып есік ашты. Бұлар сыртқы баспалдақпен қарағай үйдің екінші қабатына көтерілді.

Айбанға енгенде қабат-қабат есіктердің ар жағынан баяу ғана күйлеткен күйсандықтың үні естілді. Үй иесі — шашына ақ кірген, әдемі арық адам пеш алдында таяқ жонып отыр екен. Ұзынды-қысқалы болып бұлар кіріп келгенде, бұрыла қарады да қойды. Өнінде сәл-пәл таңырқау бар еді.

— Генерал ағзам,— деді Ахтанның артында шұбалған есік пердесінен азар көрініп тұрған Қара Никита.— Мына кісі баяғыда Жамбайда жолығатын бақалышы. Поручик Егоровтың қызыл барлаушы дейтіні. Ал ол қызыл барлаушы емес, алашорда офицері болып шықты.

Кириллов Ахтанды бастан-аяқ шолып өтті де, Қара Никитаға бара бер деп, мұны көзімен қарсы алдындағы орындыққа шақырды. Ахтан жайғаса беріп, қайта тұрды.

— Генерал ағзам...

— Отыра бер, әуре болма,— деп, Кириллов қолын сілтеді.— Мен саған ешқандай генерал емеспін.

— Faфу етіңіз... айтуға да ұят... оғаштау бір жағдай болып...

— Оқасы жоқ, оқасы жоқ,— деді Кириллов оюлап жатқан таяғын іргеге сүйеп.— Қазір өзі тұрған бойы оғаштықтың заманы емес пе? Оған қапа болмаңыз. Бас аман ба — соған да шүкір, тәуба деңіз!

Көрші бөлмеден етегі жерге шұбалған, ұзын қара кейлек киген, үлде мен бұлдеге оранған, өрттей қызыл шашы арқасына төгілген, саранау сиырдай ірі бойжеткен шықты.

— Қызым Лариса,— деп таңыстырды генерал.

Ахтан орнынан шапшаң тұрып, ізет білдіріп, өзінің аты-жөнін атады. Лариса мезгілсіз келген түсі бөтен қонаққа таңырқай қарап қалып еді, әкесі өздерінің шығыс топырағының дәмін татып отырғанын, ал шығыста сұрамай, күн-тұн демей қалаған мезгілде сау ете түсетін қонак деген құдірет барын әзілмен ұғындырып, қызына дастарқан жаюға ишара білдірді. Лариса подносқа салып шәй, ішімдік, көр-жер әкелгенде, бұлар қызық әңгімеге белшeden батып отыр еді. Кириллов әпенде адам болып шықты. Неше тұрлі сақина-білезік деймісің, жүзік, алқа деймісің — казак әйелдерінің әшекейлерін тұр-тұрімен алдына жайып салды. Өзі сүйсініп, таңдай қағып қояды. Мұндай тамаша

зергерлік өнерді бұрын көрген емеспін дейді. Ине үшымен жүргізгендей бір нәзік оймыштарды аяғын жер-көкке тигізбей мактайды геп. Қазақта әшекей-үшекейлердің мұншама көп екенін Ахтан өзі де алғаш көріп таңқалығ отыр. Кириллов одан зергерлік өнерге қатысты әр нәрсені тұртпектеп сұрап еді, Ахтан мандытып ештеңе айта алмаған соң, өзі түсіндіре бастады. «Күс таңдай», «Арқар мүйіз», «Балық көз» дей ме — өздерінің аты да көп екен. Кириллов қыза-қыза келе адам талып жығылатында, бір нәрсе көрсетпек болып, көрші бөлмеге озды.

— Сіз осы арадансыз ба? — деп сұрады Лариса.

Ахтан басын шұлғыды:

— Осы арадан десе де болады.

— Түсінікті. Байқауымша, қазақ бір-бірін бөтенсінбейді. Бұғін анда, ертең мұнда. Қайда барса да өз жері.

— Қазақтың ондайы бар. Дұрыс байқағансыз,— деп мақұлдады Ахтан.

— Бақытты халықсыз,— деді қыз.

Ахтан түсінбегенін жасырмай қыздың бетіне таңырқай қарады.

— Қайғы, мұны жоқ бақытты халықсыз,— деп, Лариса тәптіштей түсті.— Бір жер ұнамаса, екінші жерге көшіп жүре бересіз. Жатырқамайсыз. Жаңа жерден отан табасыз. «Отан, отан» деп өлеңін, басқа жерді жерсінбейтін сорлы орыс қой. Сол отаннан не тапқанын! Шаңырағы шайқалып ортасына түсті.

— Түңілменіз, бикеш,— деді Ахтан.— Бәрі, әлі қара, орнына қайтып келеді де.

— Эй, қайдам? Енді оңала қоюы қын шығар,— деді Лариса күрсініп.

Генералдың бес биенің сабасындағы батыр туатын ерке қызы көренеу қапалы еді. Қапа ізі оның бетінде шимайланып жазулы тұрғандай. Ахтанның өмір бойы таң қалумен келе жатқаны: орыс әйелінің парасаты, олар еркектерінен анағұрлым ақылды болатын-ды, ошақ басында отырып, Отан қамын ойлайтын бір керімдері бар-ды. Өзінен туған ұл-қызына емшек сүтімен сол қасиетті сіңіріп бағатын. Орыстың ошақшыл болмағанмен, отаншыл болатын ұлы қасиетінің қайнар көзі, бастау бұлағы осында жатқандай көрінетін. Сол сыңай мына бикенің бойынан да анық аңдалып тұр. Ал әкесі генералдың ойында түк жоқ: отан мұддесін ойлайтын адамның қиқым-сиқымға алданып, әуейі болып кеткені мынау.

— Генерал ағзам қызық адам екен,— деп Ахтан әңгімені басқаға бұрды.

- Ол кісі генерал емес,— деді Лариса.
- Қалайша?
- Отставкаға шыққан...
- Біржола ма?
- Біржола.

Ахтан бұл жағынан бейхабар еді. Жайық казак әскерінің қолбасшыларының бірі — генерал Кириллов бір сәтсіздіктерден кейін орнынан алғынп, қала басына қайтып келді деген қауесетті құлағы шалғаны бар. Бірақ оған мән берген емес-ті. Тәлкек тағдыр айдал әкеліп екеуін беттестіреді деп кім болжаған. Кирилловтың отставкаға шығуы Ахтанды ойландырып тастады. Бұл құлақ түбінен елеңсіз өткізе салар мәнсіз хабар емес-ті. Ол атаман Толстовтың әрі досы, әрі аузы алты қарыс сенімді серіктепінің бірі еді. Атаман оны қолбасшылықтан шеттеткенімен, далада қалдырmasы белгілі. Бір жерде аузынан қаққанмен, айнала беріп тоқпан жіліктің майлы басын ұстапас деймісің. Соған қарамай, оқалы жаға Кирилловтың әскер қызметіне қолды бір сілтеуі — араларынан қыл өтпес ескі достардың татулығына жарықшак түскені, не басқаша бір елеулі себеп бар... Елдің жөптеуінше, Кириллов — аузынан от бүркеген, ә деп бетіне қарасаң тұмсық бұзатын тентек генералдармен үш қайнаса сорпасы аласпаған, биязы мінезді аксүйек, кешірімшіл, сен тимесең, мен тимен либерал адам. Сол майысқақ мінездің салқыны ма, әлде мына бір ертеңгі күнінді болжап болмас, аласапыран әлемет тұста бұға тұрғанды жөн көрді ме?! Әйтеүір ол көз қаныққан патша генералына мұлде ұқсас емес-ті. Тіпті тұннің бір ортасында хорунжий Ноготовтың мұны неге желкелеп алғып келгенімен де шаруасы болған жоқ. Оны ұшты-күйлі ұмытып кеткен сынай танытты. Бұдан былай өртеніп жатса да, әскерге қатысты әңгімеге араласуға құлқы жоқ мінез аңғартты.

Кириллов жерден жеті қоян тапқандай, жанама бөлмеден тот басып бажып кеткен алақандай алқаны алғып келіп, лупамен аударып-төңкеріп қарай бастады. Алқаның астарында көше бастаған көмескі быжырқай жазу бар екен. Соны бұған күшейткіш әйнекпен үлкейтіп:

- Танимысың? Не жазу?— деді.
- Араб әрпі сияқты ғой?
- Ха-ха-ха!— Кириллов қарқылдай күліп, санын шарт еткізді.— Жо-жоқ, араб әрпі емес. Мен оны жүргізе

алам. Бұл — басқа әріп, бұл — қазақтың араб жазуынан бұрынғы жазуы. Меніңше, Орхон — Енисей таңбалары, Шығара алмай кор болып отырмын. Қазак арасында мұны танитын адам бар ма? Білмеймісің?

Ахтан басын шайқады. Қазақта жазу болды дегенді естісе құлағы керен болсын, көнілі күпті боп, Кирилловтың сөзіне сенбей де отыр. Надансың деп көзге шұқи-шұқи құлағынды өлтіріп тастаса, қайдан да сенсін-ау. Мұның өткен-кеткеннен тас меніреу бейхабар екенін байқап, жырғай жөнелді Кирилловтың өзі-ақ. Орхон-Енисей дейме-ау, Күлтегін, Тоңкөк дейме-ау, Талас жазулары дейме-ау, үш ұйықтаса түсіне кірмеген шежірелерді соқсын-ай кеп. Ахтан аузын ашып, көзін жұмды.

— Мұның бәрін қайдан білесіз? — деді ол таң қалғанын жасырмай.

Генерал қарқылдалы қыска қана құлді де:

— Білгесін айтам да, айтсам білгөнім де, — деп жаңылт-паشتап алды да, мән-жайды ұтындырды. — Әкейім — бір кезде Орынбор шекара комиссиясының белгілі чиновнигі болған адам. Кезінде «Северная пчелаға» қазақтар туралы мақала да жазған. — Ол жүзік, алқаларды нұскады. — Сол кісіден қалған мұра. Ал мен ақымак болып, шен қуып кеттім. Одан гөрі әкейдің жолын қусамшы.

— Айналып келіп жерлес шықтық қой.

— Рас, рас. Мен өзім Орынборда туғанмын. Бірақ туған қаламды көріп тұрғаным осы сапар. Этнографияға бала кезден әуес едім. Әкейдің біраз құнды қағаздарынан айрылып қалдым. Енді бәрін жиып қойып, сол кісінің ісін жалғастырып, кітап жазсам ба деген ойым бар.

— Папа! — деді Лариса жақтырмай.

— Қойдым, қойдым. — Генерал жымия құліп, қолын көтерді. Сосын кофені ұрттап көріп: — Суып қалыпты ғой, қызым, — деді.

Лариса шәйнекті қыздыруға ас үйге алып кеткенде, Кириллов көзді қысып, құпиялай сыйырлады:

— Жаратпайды. Ақымак көреді. Ал бұл менің өмір бойғы арманым екенін қайдан білсін. Түсінбейді...

— Рұқсат етсеңіз, мен жүрейін, генерал ағзам, — деді Ахтан.

— Қайда асықтың?

— Біраз уақыт болды. Кешікпей коменданттық сағат та соғады.

Кириллов қол сағатына қарады да, орнынан тұрды.

— Жарайды, — деп, Ахтанның шынтағынан алып

есікке қарай жетеледі.— Өз үйіңдей көріп келіп тұр... Ал жаңағы көне таңбаларды оқи алатын адам тапсан, маған жібер. Ренжітпеймін, ақысын төлеймін.

Ахтан генералмен ықыластана қоштасып, есікке беттей берді де, қайта бұрылды.

— Генерал ағзам. Таң қалғанымды несіне жасырайын. Сіздей ізетті жанды көріп тұрғаным... Мезгілсіз уақытта, қолайсыз жағдайда ұшырастық. Хорунжий мені зорлағандай ғып жетектеп әкеліп еді. Сіз тіпті сұрамадының да ғой?

Генерал немқұрайды қолын сілтеді:

— Қайтесің! Мән бермей-ак қой. Жақсы жігіт еді, ақылына қиқым түсіп жүр.

Генерал оны сыртқы есікке дейін шығарып салды. Шамы сөндірілген айбан да, аула іші де көзге тұртсе көргісіз қараңғы еді. Генерал:

— Прохор! Қайдасың?— деді.

— Мұндамын, ағзам,— деген қора сыпыруышы шалдың қалтыраған даусы естілді,

— Ноготков қайда?

— Мен мұндамын.

— Эй, сен, ондайыңды қой. Қолыңдан келсе, қайта ротмистер мырзаға қызметіңді көрсет, ұқтың ба?!

— Түсінікті, генерал ағзам.

Қараңғыда Ноготковтың өзі көрінбегенмен, именген даусы мен құлдық ұрып сарт еткізіп өкше қаққанығана естілді.

Қақпадан Қара Никита Ахтанмен бірге ілесе шықты. Дымы құрып, жер болып солбырайып еріп келеді. Ахтан оны итсің бе, кісісің бе деген жоқ. Көзіне де ілмеді. Ал шындығында ол әлі жәндеп есін де жиған жоқ еді. Қара Никитадан тезірек құтылғысы келді.

— Қайда тұрушы едің, эй?— деді ол артына бұрылғып қарамастан.

— Қала сыртында. Казармада... Ат базында.

— Е, біраз жер екен ғой. Ендеши, қайта бер.

— Генерал ағзам не деді?

— Не дегенін естімедің бе? Жарайды, бара бер, керек болсаң өзім тауып аламын.— Ол бұрыла берген Қара Никитаны жағадан шап беріп, бетіне бетін тақап тұрып, еki тістің арасынан жыландай ысылдады.— Өз бетіңше ештеңе істеуші болма! Бұлдіресің! Ертең бір күні генералдан да бір хабар болып қалар. Ұқтың ба?

Әлгіндегі әупірім мінездің бірі жоқ, мойнына сұы кетіп

бейшара болған Қара Никита өкшесін сарт еткізіп, бойын тіктеді де, бұрылып жүре берді.

4

Ахтан Қара Никитадан құтылғанда, алалап келген ажалдан құтылғандай сезінді өзін. Қарсы жолықкан бір үйдің алдындағы орындыққа сүйретіліп барып жантая кетті. Жүрегі аттай шауып, көкірегі көріктей гулеп, ентігіп отыр. Кителінің түймелерін ағытып, кейлегінің омырауын желпіп, сәл-пәл тыныс алды. Апыра-ай, мұндай сұмдық болады екен-ау. Өмір дегенің адам ақылы жетіп болмайтын бір шиқыман ба, қалай өзі? Жолынан бұрылып, темекі іздеп барып, Қара Никитамен ұшырасамын деп кім ойлаған. Зәресі зәр тубіне кетті. Біткен екенмін деді. Жарығың таусылмаса ебепке себеп көп екен. Одан да дәметпеген жерден сұтылып шығып отырғаны мынау. Асылы, мұның не наны жүріп тұр да, не бір оққағары бар. Әйтпесе, жаңағы жерден ит құйрығынан ине суырған небір кудан өткен қу болсаң да, аман құтылар жері емес-ті. Мұның көрер жарығына Кирилловтың отставкаға шыға қалуы мұндай онды болар ма? Қаншама қоғам, тәртіп, заң дегенмен, өмір біткен соның ағымымен ағып, сілтеуімен жүріп жатқандай көрінгенмен, оның бәрін темір емес, кеудесіне жылтылдаған жаны бар, өзіне ғана тән мінезі, қайғы-мұны бар адам атқаратын болған соң, адам адамдығын істемей қоймайды екен. Отставкаға шыққан Кириллов бәріне саусақ арасынан қарады. Ал сол Кириллов отставкаға шықпай, сол баяғы қолбасшы қызметінде болсыншы — тірілей үйітіп жер еді, белқасты. «Өлмегенге — өлі балық» деген осы да. «Уң, жан-ай!»— деді ол қайта-қайта желпініп.

Мұлде мезгілсіз кезде Жайық балықшыларынан естіген бір қызық ән ойына оралды:

Өмір-ай, ит екенсің иттен туған,
Мен дағы ит екенмін итті құған.

Апыра-ай, бұл елдің шығармайтыны болсайшы. Ахтан өлеңнің сезі мен үйқасына риза болғандай, басын шұлғып, рахаттана жымиды.

Тып-тыныш көшеде, қараңғы орындықта, тірлігін дәтке қуат қылып, өз ойымен өзі бол темекіден тұтін салып отырған Ахтан сол көзін ұстай алды. Қабағы бұлк-бұлк етіп, жорғалап барады. Бұл қар тағы не жамандыққа бастады? Жаңа ғана есін жиғандай бол отырғанда,

мына көздің жыптылдауы қарадай шошытып, құтын қашырды. Ол етек-жесін қағып, орнынан түрғанда, екі саны үзіліп, аяғын сандалап баса алмады. Әлгіндегі шыбын жанды көзіне көрсеткен қысталадаң қара саннан алған ба, қалай? Ол шойқандап барып, еті қызған соң азар жүріп кетті.

Коменданттық мезгілге дейін әлі жарты сағаттық уақыт бар-ды. Ол соған дейін шаруасын жайғап, жарбасындағы баржысына жетіп алуға асықты. Қаламен жалғас жатқан айлақ сыртындағы орыс-қазағы аралас ығы-жығы жұмысшы аулына бұрылды. Бұл бір көше деңгенді білмейтін, зират сияқты үйме-жүйме бытысқан ауыл. Ахтан үстіндегі әскери киіммен баржыға бару қауіпті болғандықтан, киініп, шешініп шығатын осы арадан үй тапқан. Жақаудың үй-күйім жоқ, көше кезген тұл жетіммін дегені өтірік боп шықты. Жапырайған тауық қора сияқты болса да, өз үй, өлең төсегі бар екен. Ең щетте, темір-терсек үйіндісінің жанында, келіп-кетуге мейлінше қолайлышты-ак.

Ахтан есікке тақала беріп, құлпының ашылып, тоспа-ның салбырап түрғанын көріп, қалт тоқтады. Бұл несітағы? Үйде біреу болғаны ма? Аңдушы ма деп зәре-құты қалмаған ол жан-жағына алақ-жұлақ етті. Жоқ, аңдушының сырттан бақпаса, есікке тиісуі қара ақылға қонбайды. Шамасы, үйге біреу кірген, болмаса тоналған. Бірақ тонайтындай ескі-құсқы жалба-жұлбадан өзге іліп алар дәнене жоқ-ты. Әлде бұл тым кешіккен соң, Жақаудың елегізіп іздел келгені ме екен? Ол сөйтіп әрі-сәрі болып түрғанда есік сарт ашылып, әйел адамның қарасы көрінді.

- Бұл қайсың? Неғып жүрген адамсың? Кімсің?
- Өзің кімсің?
- Мен осы үйдің иесімін.
- Бұл үйдің иесі басқа адам емес пе еді?
- Жақауды айтамысың? Ол қайда? — деп, қыз бала үмтүла түсті де, мұның артынған-тартынған әскери киімін көріп, зәресі ұшып, кері шегінді.— Ол бала қайда деймін? Білсеңіз, айтыңызшы,— деп жыламсырады іле-шала.
- Ол бала кімің еді?
- Інім. Мен әпкесімін.
- Неге өтірік айтасың? Жақаудың әпкесі жоқ.
- Неге жоқ. Әпкесімін. Саған жоқ деп өтірік айткан шығар? Tipi ме өзі? Қайда жүр?

Ахтан жауап орнына қызға үн-тұнсіз жақындай беріп еді, қыз жалт беріп далаға қашты. Ахтан енді бұл жайдың

аки-такына шықпай, аяқсыз қалдыруға болмайтының үкты.

— Жүр, сөйлесейік,— деді де, ол үйге кіріп кетті.

Үй-іші көрдегі қараңғы. Ахтан сипалап тауып алғып, шам жақты. Ыбырысған үй-іші бұрынғыдай емес, еден сыпрылып, шашылған көрпе-жастықтар тап-түйнактай болып қаз-қатар тізіле қалыпты. Ахтан қыздың бұл үйге қандай да бір қатысы барына енді шәк көлтірмеді. «Балаға қарайласатын жекжат біреу болды ғой, шамасы» деп ойлады. Жақау бір жаққа кәсіп іздең кеткен ағасы жөнінде жасырмай айтқанмен, әпкесі туралы жұмған аузын ашқан емес-ті. Ахтан аласа орындыққа бәксесінде басып, қыздың ішке кіруін күтті. Бірақ қыз ішке аттап баспай, босағаданғана сығалады. Көзі алақандай, дүрдиген қалың ерін, қапкара қыз.

— Бұл үйді билеп-төстеп алғандай кімсің өзің?— деді ол жұлынып.

— Жақау менде жұмыс істейді.

— Қайда?

— Мұз баржысында.

— Қазір қайда деймін?

— Жағалауда...— Қыз сәл-пәл мұдіріп қалған соң.— Жарайды, далада тұрмай, бері кел,— деді.

— Дәмеленбе!

— Корқамыссың?

— Білмейді деймісің? Кім екенің бетінде жазулы тұрған жоқ па?.. Өзің мұсылмансың. Құйттай баланы жолынан аздырып...

Ахтан қыздың өзіне сенбей тұрғанын, мұны қаланың қаракшыларының біріне балағанын үйіп, баржыдағы Жақауға жұмсады. Элгінде сол қабағы тартқаны бекер болмады. Мына кикілжіңге көрінгені, шамасы.

* * *

Ахтан енді болары болған соң, шешініп, киініп алды. Даға шығып, айналаны барлан еді, төңірек бейбіт тыныш. Ай туыпты. Көршілер үйқыда. Үйге қайтып келін темекі шегіп бола бергенде, келе жатқан адамдардың аяқ тықыры да естілді. Шашы үрпіп, танауы делдиң алған Жақау табалдырықтан аттап, төрде отырған Ахтанды көрді де, есік көзінде кідіріп қалған қызды ішке жұлқып жіргізіп, шап беріп шашынан ала кетті.

— Неге келдің? Кім сені шақырды? А?!

— Эй-эй, Жақау. Мұның не болғаның?— деді Ахтан.

Жақау қызды шашынан сүйреп апарып, бұрышқа итеріп жатқыза салды. Кыз қарсыласқан жок, дыбыс та шығармады. Түк болмағандай, шашын жөндеп, түрегеліп отырды.

— Өш! Құры! Енді қайтып көзіме көрінсөн, аяғыңды сындырам демеп пе едім?

Жақау езуінен көбік шашып, тұлан тұтып зіркілден түр. Әпкесі ләм-мим қарсы тіл қатқан жок. Орнынан тұрып, аяқ ұшымен басып, есік босағасындағы қоржынын алып, көйлек-дамбал сияқты көр-жерлерді бұған қарай тастай бастады. Жақау оларды теуіп-теуіп жіберді.

— Экет! Көрсетпе көзіме! Біреудің ескі-құсқысына зәру деп пе ең? Керек болса, ешкімге жалынбай, өзім-ак сатып аламын.— Ол қалтасынан алақан толы ақша шығарды.— Міне, көрдің бе? Керек болса ақшаны менен ал, ак-адал мандай тер еңбегім. Онесі-ай, маған!

Осыдан бір-жар күн бұрын Жақау үлесіне әжептәуір ақша алған. Соған көйлегіне сыймай, ісіп-кеуіп тұрған-ды.

Ахтан бұл қыздың Жақаудың әпкесі екеніне енді күмәні қалмады да, ағалық айтуына тұра келді.

— Іздеушің көп болмас, іздел келіп тұрған адамды сөккенің не болғаның?— деді, сосын сөзінің аяғын әзілге шаптырды.— Әзірше бай-батша бола қоймаған шығарсың? Әпкеңдің әкелгендерін киіп ал. Ескі-құсқы болғанда иығыңнан түсіп қалар деймісің?

Ахтан өлгіндегі деген соң, Жақау оғаш қылыштан саптыйылды. Шәй қайнат деп әмір етті де, пеш түбіне малдасын құрып, қонжия отырды. Елді бет бақтырмай тұқыртып ұстайтын, құдды, қабағынан зәр шыққан зәредей қожайын. Бірақ қожайын танауына саусағын тықпалап, іле-шала ез әбүйірін өзі айрандай төкті.

— Тұған әпкен бе?— деп сұрады Ахтан.

Жақау басын изеді.

— Неге алдадың?

— Кешіріңіз, Ахтан аға,— деді Жақау көзін жыптылыхатып.— Енді қайтып келмейтін шығар дегем.

— Қайда, бір жаққа кетіп пе еді?

— Ағайындардың есігінде... Барма дегем, көнді ме?— Ол тыжырына қолын сілтеді.— Кыз дегенің адам емес кой. Титтей намыс жок.

Ахтан суыртпакта отырып, бәрін сұрап білді. Әкешелері бұдан төрт-бес жыл бұрын бір айдың жүзінде бірінен соң бірі дүниеден көшіпті. Портта жүкші болып

жұмыс істейтін үлкен ағаларының қолына қарап қалады. Ағасын Маңғыстауға Новоалексеевкеге жұмысқа жіберетін болады қожалары. Ол жағдайын айтып, бармаймын десе, қызметтен босатып тастапты. Басына тауқымет түскен жігіт жұмыссыз жүріп, арақ ішіп бұзыла бастаған. Аракқа салынған адамның жетер үшпағы белгілі емес — ақыры біреудің жаюлы тұрган кірін үрлап, түрмеге түсер болған соң, алтын іздеушілермен тайга жаққа тайып отырған. Содан бері екі жылға қарады, үшты-күйлі хабар жок. Шиеттей әпкелі-інілі екеуі әйтүп-бүйтіп жан созады. Жақау ағайындарының қолына кіруден үзілді-кесілді бастартады білем, айтуларына қарағанда. Содан әпкелі-інілі екеуінің арасына араздық кірген сыңайлы.

Қыздың аты Сәбила екен. Кісі есігінде жүріп үй шаруасына піскен Сәбила әйтіп-бүйткенше дастарқан жайып, самаурынды дірдектетіп алып келді. Үй іші сұмдық азып-тозған: кірі бес елі шұрық-тесік тілдей дастарқан, түбін мактамен бітеген тесік қаңылтыр күрішкелер, аузы пұшық аққұман. Сәбила коржын басына тығып алып келгендерін алдарына жайды. Ахтан мына жоқ-жітікке таң қалған жоқ: мұнан да сорақыны көзімен көріп, басынан өткерген. Керісінше, өзінің бала кезден үйреншікті ортасына тап болғандай, аяқты көсіліп тастап, шынтақтап жатып, терлеп-тепшіп шәй ішті. Ағайынды екеуі ара-тұра шұңқілдесіп қалып отыр. «Жағдайың қалай?», «Ұрмай ма?»— деп сұрап қояды Жақау. Сәбила басын шайқап, қашырта жауап береді. Шынын айтпай, жасырып отырғаны түрінен белгілі. Есіктен сығалаған жетімдік мектебін түгел өткен Ахтеннан бұл орайда бір нәрсені бұғіп қалуғын еді. Ол қыздың қақпыштай болған жүдеу өні мен бір орнында байыздалп тоқтамайтын үркек көзінен-ақ: өмірдің ашысы таңдайына татқанын айтпаса да көріп отыр.

— Сен қонаға келдің бе? Әлде қайтасың ба?— деп сұрады Жақау.

— Жоқ, қайтамын,— деп асыға жауап қайтарды Сәбила, қонасың ба дегеннің өзінен қорыққандай селкетіп.

— Түннің бір уағы болды. Қалай баراسың? Ертең кетерсің?

— Жо-жоқ, үй-үйдің арасымен жүрем, қорықпаймын.

— Коменданттық сағат басталды, енді жүргізбейді.

— Ендеشه, сен жеткізіп сал, жеңгейлер қонаққа



кеткен, сосын ғой келгенім.— Қыз апыл-ғұпым асығыс жиналды.

Ахтан жүргелі жатқан ол екеуін есік алдында кідіртіп, Сәбилаға бағыштап былай деді:

— Сәбила, қарағым, Жақау менің кім екенімді түсіндіріп айтқан шығар. Мен де өздеріңдей жетім өскен адаммын... Жақауды ойлама, кор болмас. Мен тірі жүрсем, жаман жер бастырмаспын. Ал, енді өзің... үйге келгің келсе, қайтып кел. Біз тұрғанда аш-жалаңаш болмассың.

Сәбила мұндай мейірімді күтпесе керек: көзі алақандай болып, жан-жағынан қаумалаған екі еркекке кезек-кезек жалтақтады. Ерекк санатындағы Жақау балалық істеп, әпкесінің білегіне жармасып қыңқ-қыңқ етті.

— Барма деймін! Қал деймін! Сені үрады, білемін ғой. Сол көкбеттің жуындысына телміріп қайтесің. Күнімізді көрерміз. Ахтан ағай тұрғанда кор болмаспыз.

Кыз інісіне жыламсырай бұрылды:

— Ал ана көзін таңған соқыр келіп мазамызды алып жүрсе қайттық?

Жақау күмілжіп, түсініксіз міңгір-міңгір етті.

— Ол кім еді? — деді Ахтан.

— Осында біреу, — деді Жақау ашып айтпай.

Ахтан Жақаудың иығынан үстай алып, бетіне еңкейе үңілді.

— Жақаужан, — деді ол. — Құпияға мен де берік адамның бірімін. Көп сөзді ұнатпаймын. Бірақ мен сенен ештеңе жасырмаданда, сенің менен жасырғаның көп бол шықты. Ол жолдастыққа жатпайды.

Апалы-інілі екеуі бір-бірін кимелеп, жарыса баян етті. Баяғыда ағалары жұмыстан босап, көше кезіп ішіп жүргендеге көзін таңған бір соқырмен таныс болған. Анда-санда ағасымен бірге еріп келіп жүреді екен. Кейін ағасы қаладан үшты-күйлі жоғалған соң, бұларға өзінше қамкоршы болғансиды. Сөйтсе, ол осы қаладағы белгілі бауқеспе ұрылардың бірі бол шығады. Бұларды теріс жолға итермелей бастайды. Жақау соның азғыруымен бір рет пәтерге түсіп, ұрлық та жасаған. Онымен қоймай, тұра келе қорқытатын, ішіп келіп Сәбилаға қол салатынды шығарған. Сәбиланың үйден кетуіне бірден-бір себеп сол көрінеді. Жақау жаман қатынның алақанына телміргенше, далада қаңғырып өлейін деп бармаған. Бірақ әлгі соқырдан қорқып, үйіне де жоламай далада түнеп жүргенде, сәті түсіп Ахтанға кезігіпті.

— Немене, олар шайка ма? — деп сұрады Ахтан.

— Онысын білмеймін, бірақ уры екенінде дау жок,— деді Жақау.

— Жалғыз ба, әлде жандарында адамдары бар ма?

— Жалғыз сияқты, жалғыз жүреді.

— Е, ендеше, жарасы жеңіл,— деді «шайка» дегеннің не екенін жақсы білетін Ахтан.— Қорықпа, басындыра коймаспзыз,— деп жұбатты қызды. Сосын үлкен басымен кіп-кішкентай Жақауға ақыл салды.— Ертең жұмыс қой. Хабар өзімізден болсын, солай емес пе, Жақа,— деп жақауратты.

Жақау да, қыз да қарсы болған жок. Олар үйді кілтпен жапты да, Жақау әпкесін шығарып салуға кетті. Ахтан баржысына қарай аяндады. Даға сүттей жарық еді, иті жок тыныш көшемен Жайық жағасына ілікті.

5

Көптен бері үрейлене күткен сын сағат ақыры соқты, соқпай қоймайтыны да айдан-анық еді. Никифор: ертең түнде атуға апарады деген анық хабарын айтып, ақшасын алып, ат құйрығын кесісті. Өз міндетін адал атқарған адамға тәнір жарылқасыннан басқа не деуші едің?

Ахтандар ертең кезекті сапарға шығатын да, бүгін қаланың басында қолдары бос еді. Ол барлық дайындығын істеп қоюға бекінді. Ең алдымен Теңізбайлармен кездесуі керек-ті. Жетекшілері қандай тәртіп бергенін: бұрынғыдай емес, соңғы кезде иілгіштеу міnez танытып жүр ол жігітің. Элі де бекерге әуре болма, бетінен қайт дегеннен екі елі танбайды. Бірақ онысы талаптан гөрі достық уәжге көбірек үқсайды. Соңғы бір жұздескенінде амал қане, далаға тастамаймыз ғой деп, қинала-қинала отырып: шет қалмаспзыз, қолұшын берерміз дегендей де аужай анғартқан. Осыдан төрт-бес күн бұрын іңір қараңғысында құс қайықпен бір еңгезердей қызыл сақал келіп, қару-жарап тастап кетті.

Келісім бойынша, Ахтан таңертең елең-алаңнан балық сату үшін Жақауды базарға жіберді де, өзі қала сыртындағы әскери аттар базасына тартты. Ол үзак түндер бойы қабырғасымен кенесе келіп, бір көzsіз тауекелге бел буған-ды. Әткендергі жағдайды, генералдың ауыз ләмін малданып, бұл іске Қара Никитаны да жекпек еді. Қала сыртындағы казарманы оцай тапқанмен, Қара Никитаны таба алмай, үзак сандалды, ақыры сұрастырып жүріп ат қорада аттарға жем беріп жатқан жерінен ұшырас-тырды. Ол да мұның жәй келмегенін сезіп, түсі өзгеріп,

қаға беріс қараңғы бұрышқа қарай оңашалана берді. Ат күтушілер шағын ғана команда екен, бұл солардың басшысы көрінеді.

— Генералда болдың ба? — деп сұрады Ахтан былай шығып тізе бүгер-бұкпестен.

— Барып едім, жоқ болды.

— Қашан?

— Алдыңғы күні. Шіркеуге кетті дейді. Шіркеуден де таба алмадым.

— Ендеше, мен қазір содан шықтым,— деді Ахтан ақырын ғана.— Шіркеуді қайтсін? Әлгі шаруамен жүр де. Контрразведка оның бір нәрсені сезгенін іскеп-білсе керек. Қажығалиды аттырып жіберіп, айғақтан тезірек құтылмақ. Із жасыруға келгенде олардың құлығына құрық бойлаған ба?

— Е, солай де...

— Шындықтың бетін ашу үшін Қажығалиды қалай да контрразведка тырнағынан жырып әкетуіміз керек. Генералдың бұйрығы солай.

— Қалай... қалай жырып аламыз?

— Оны тындыруды сені мен маған жүктеді.

Қара Никита әдеттінше ернін шымшылап, ойланып отырды да:

— Ток етерін айт. Не істеу керек? — деді.

— Ертең тұн ортасы ая атуға алып шығады. Адамдарың бар ма?

— Табармыз.

— Ендеше ертең кешке тұнгі барда жолығысалық. Оған дейін генерал тағы бір жайларды анықтармын деген. Ақи-тақыы сонда белгілі болады.

— Түсінікті. Бас жазар бірдемен бар ма?

Ахтан оған бір көкқұлақты ұстартты да, тез жиналышп, орнынан тұрып шығып кетті.

* * *

Сол күні кешкісін күн батар алдында қарны жарық кеменің жанында Теңізбаймен жолығысты. Ол әдеттегідей бетіңен қайт деп үгіттеген жоқ. Қайта, Ахтанның не істегелі ойы барын сұрап біліп, қызыққаннан көздері шоқтанып жайнап сала берді. «Қап, білсемші. Өзім сұранатын едім ғой» деп опынды. Содан кейін ол бұл іске өздері тарапынан өткенде қару-жарақ әкеліп берген Рыбак деген астыртыншының қатысатынын, басқа жәрдем болмайты-

нын айтып, оң сапар тілеп таразты. Ахтан оған Қара Никита туралы жұмған аузын ашқан жоқ.

Сонымен, дайындықтың етек-жесі жинақталып келді де, басқасы ертеңгі күннің тәуекелінің қолына тапсырылды. Ертесіне олар мұзға барып қайтты. Ахтан бет аузының тамырлары адырайып, іші өткендей түрінің бозарып кеткені болмаса, былайша аяқ жол сабырынан жаңылмады. Ол барлық жан-дүние болмысымен алдағы оқиғаның ырқында еді. Күн ұзак шайдан басқа нәр татпады. Кешкісін қалаға келіп тоқтаған соң, күндегідей баржыны айналдырмай Жақауды ілестіріп алып, жар басына шықты. Жайықты жағалап жүріп келеді. Ойы — иі қанбаған тағы бір қажетті істің алдын алу. Кеше Тенізбайдан түрменің жылжымалы абақты ретінде пайдаланатын «БТ» маркалы үш темір баржысы барын сұрап білген. Тұтқындарды Жайық жағасындағы форпостылардағы түрмелердің бірінен екіншісіне жылдыстырғанда, этаптап айдағанда, не теңіз тамағындағы Пешной аралына барып атқанда осы баржыларға жасырып алып жүретін көрінеді. Қажығалиды да солардың бірімен аттандыратыны белгілі. Ахтан сол темір баржыларды тауып, танып алуға бекінді. Кешікпей алдарынан қоқандалған көп кеменің арасынан «БТ» баржысы көзге оттай басылды. Ахтан баржыға шығып, іші-сыртын бажайлап байқап, иесін дауыстап шақырғанда баржының бөксесіндегі үліктен сақалы беліне түскен шүңірек көз, ұзынтура казак-орыс едірең етті.

- Не керек еді? Не ізден жүрсің?
- Баржының иесімісің?
- Ал иесімін. Не дейін деп едің?
- Аптықпа. Шаруа бар...

Ахтан оның абай-қоқайынан айылын жимай, жайлап басып жанына келіп, шаруасын айтты. Жаманқала жаққа бүгін түнде қызыл балық, азды-кемді уылдырық асыратын көлік керек болып тұр. Ренжітпейді, төлемі жаман болмайды. Баржы иесі тамағы қырылдаған беймаза бейшара екен, кетте кетке басып бет бақтырмады.

- Бүгін қолың тимесе, мүмкін ертеңге келісерсің? — деді Ахтан.— Келіссен, басқаға алаңдамаймын. Күтемін.
- Ертең деймісің? Қанша бересің?
- Жеті червон.
- Ендеше, ертең кел, ертең. Қазір бар, құдай ақына тезірек жөнел.

Ахтан оның соншама неге абыржып тұрғанын мошқаған жоқ: басын изеді де, бұрылып жүре берді. Екінші

«БТ»-ны олар жар басында қайырлап жатқан жерінен тапты. Шамасы, жөндеуге қойған. Оның басы ашылған соң, үшінші «БТ»-ны іздең ұзақ сандалды. Ол тіпті қаланың екінші шетінде түр екен. Ахтан шаруасын айтқанда олар саудаласпай-ақ қазір жолға шығуға дайын екендерін білдірді. Ахтан бірер сағаттың ішінде қайта айналып соғамын деп, әлгі жерден тез тайып тұрды. Бұгін Қажығалиды атуға апаратын көлік белгілі болды — бірінші кездескен баржы. Ахтан осылай топшылады. Бірақ оның бәрі жай топшылау болуы да, тіпті мұлде олай болмауы да, болған күнде де бәрі аяқ астынан өзгеріп сала беруі де ғажап емес-ті.

Бірақ кейін өкініп өз-өзін жерлемеу үшін, қолдан келгеннің, осы қалай дегеннің бәрін реттеуі керек-ті. Олар жар басында қайырлап жатқан ескі «БТ»-ға қайтып келді. Ішіне түсіп үліктерінің қабырға-жарын, еден-төбесін әр тесігіне дейін шұқылап зерттеді. Бұл «БТ»-лар егіздің сынарынан бір-бірінен айнымайтын. Ахтанның ойы: тунде тұтқындарды апаратын баржыға кескіш пен қару-жарак енгізу. Бұлар аттан салғанда тұтқындар қабаттаса қимылдаса көп жеңілдік болар еді. Ахтан кескіш пен қаруды тексеруішілердің көзіне түспейтіндей қынға, тұтқындардың табуына оңай жерге тығудың амалын іздең бас қатырды. Ақыры бір жөнін тапқандай да болды.

Ахтан темір баржының қабырғасына сүйеніп, темекі шекті. Катты ойланғандықтан ба, жер қазғандай маңдайын шым-шым тер жуды. Жақаудың бір жақсы әдеті: айналаны көзімен бағып ішіне түйгені болмаса, сұрамасаң өздігінен сөзге араласып, ойынды бөлмейтін. Ол қазір де Ахтанның жанында оның темекісінен тараған тұтінді аузымен қағып алғып, тым-тырыс өзімен-өзі болып отырған. Ахтан оның балалық қылығын қөріп, күліп жіберді.

— Ай, бала-ай! Темекіге әуес-ақсың. Жасырын шылым шекпейсің бе?

- Жок, ага-ау, ол не дегеніңіз?
- Жок, шынынды айтшы?
- Бұрын шеккем, қазір сізден үялып қойып журмін.
- Е, үятың болса жараганың. Жастайынан өкпенді ыстап қайтесің. Элі үйренирсің.— Ахтан оны еркелетіп басынан сипады да:— Бір шаруа бол түр, Жақаужан. Оңай емес, жөнін тапса, қын да емес,— деді.
- Айтыңыз.
- Жаңағы бірінші баржыға бір нәрсе апарып жасыра аламысың?
- Бір нәрсе болғанда, ол не?

Ахтан қолына ұстап жүрген сөмкені ашып, кос алтынан бір мен бір уыс темір араны шығарып, баланың алдына қойды. Жақау таң қалған жок, балаға ұксап қызықтап үмтүлмады да. Ол Ахтанның қаруын күнде ұстап көріп жүрген — таңсық емес-ті. Ахтан қалай, қайда тығуын түсіндіріп жатқанда, Жақау шала тындан, ышқырын көтеріп орнынан тұрды.

— Асықпа. Тындан ал.— Ахтан ежіктеп түсіндіріп болып:— Айналаңа екі шоқып бір қара. Сақ бол. Көріп калса, таста да тұра қаш,— деп ежіккеді.

Жақау басын изеп, кенеп шалбардың ышқырын көтеріп қойды. Ахтан оның жәлбіреген кең көйлегінің астынан белбеу тағып әлгілердің бәрін самсатып қатар-қатар тізіп берді. Бұл өзі ебін тапса, аса қын да шаруа емес-ті. Тіпті алда-жалда сезіп қалғандай болса, баржы иесіне ұстаптай қашып құтылуға да болатын. Бірақ қолдан келсе басқан ізінді сездірмегенге, желдей жым-жылас болғанға не жетсін!

Олар «БТ»-ға жақындан келіп көрші кемелердің тасасына енгенде күн әлі ерте еді. Желбір сақал казак-орыс баржысын ұқыпташ тазартып, күйбендең ұзақ жуды. Сосын швабрасын сүйеп қойып, аяқты талтайтып тастап, бұларға қарап отырып темекі шекті. Казак-орыстың салакұлаш «ешкі-тұқайы» қапелімде бітуші де еді — сақалын сипап қойып, ұзақ түтіндеді. «Әлгінде үртын толтырып, наң жеп жүрген бұл онбағанның шөлдейтін уақыты болған жоқ па?»— деп, Ахтанның ойлауы мұң екен, сол тілегін естігендей, баржы иесі орнынан тұрып, қазан-ошағын салдырлата бастады. Енді кірісуге болатын. Дегенмен шайға жайғасуын күтүге тұра келді. Баржы иесі шоқынып алып, буы бүркүраған гемір крушкені аузына апара бергенде, Жақау да айттырмай-ақ орнынан лып етті. Ахтан оны май құйрықтан еркелетіп сипап үлгерді.

Жақау бұкшеңдеп барып қабырғаға жармасты да, ырғып міне алмаған соң, аяғымен өрмелеп шықты. Содан кейін құйрықта отырған күзетшіге бір қарап ап, жып беріп үлкке түсті. Босқа қобалжыпты: баржы иесі түк сезген жоқ, шайын сораптап отыра берді.

* * *

Жақау қайтып келе жатып, басты сипап қойып, жымың-жымың етті. Ахтан оған үнсіз рахметін айттып, иықтан құшып, кеудесіне қысып-қысып алды.

— Жарадың, Жақаужан. Бір іс тындырыдың.

— Ту-у, со да сөз бе екен.— Ол танауын көтеріп, Ахтанның бетіне тоқтала қарады.— Бірақ оныңызды тұтқындар таба алмайды.

Ахтан не дәрін білмей састы. Ол кішкентай серігі Жақауға тұтқында жатқан жолдасының қамымен жүргенін сездірмеген, не істемек ойы барын ашып айтқан жоқ-ты. Жамбасқа басып жасырғандай бол жүргенін мына Жақау өзінен артық болмаса, кем білмей түр. Ахтан жалтаруға жол таппады. Өтірік айтып Жақауды сендіре алмасы кәміл. Айтқаныңа бас шүлғи қоятын ашық аузың ол емес.

— Таба алмайды деймісің?

— Эрине, таба алмайды. Тастан қараңғыда қай жерде не барын қайдан біледі?

— Енді қайт дейсің?

— Мен барайын.— Баланың жасыл көзі от шашып, қатты жалтырап кетті.— Быжға тығылам... оллахи, тірі жан сезбейді. Тұтқындар жайғасқан соң, жайлап шығарып беремін ғой.

— Быжды қараса қайттің?

— Жылына бір қарамайтын быжды бүгін қарап деймісің,— деді бала құлшынып.— Жаңа байқап көрдім, іші толған қоқыс, қақпағын ашып кеттім.

— Сыртыңдан қақпақты жаба салса, біттің ғой. Өмірі шыға алмайсың.

— Мә, қызық екенсіз. Мынаумен ашпаймын ба?— деп, ол ышқырына тығып алған темір араны көрсетті.

— Жоқ, болмайды,— деді Ахтан.

— Аға, ағеке...

— Жо-жоқ, буынсыз жерге пышак салма. Бұл сен. араласатын іс емес.

— Ендеши, еңбектерің еш, құтқара алмайсындар. Оллахи, аға, маған түк те болмайды. Барайын.

Ахтан баланы маңына жуытпады. Ақыр аяғы немен тынары белгісіз бұл алмағайып іске қаршадай баланы араластырғысы келмеді. Ебін тауып оны керегіне біраз жұмсады, соған да қанағат. Бұл ара баланың қолы емес, ертең обалына қалып жүрсе, өмір бойы өкініші өтелмес.

Баржыларына қайтып келіп, жылдамдап қазан көтеріп шайға отырған кезде, Ахтан қалтасының түбінде қалған-құтқан ақшасын санап екіге тең жарды да, бір бөлегін Жақаудың алдына қойды. Жақау ақшаға — ақша емес, жылан көргендей шошына қарады.

Бул не?

— Ал, ала ғой. Сыбағаң.
 — Сосын?
 — Сосын сен жақсы, мен жақсымен тарасайық. Біліп істедің бе, білмей істедің бе — ағана, біраз, колғабысың тиді. Рахмет, балақай.

— Мынау соның төлемі ме?
 — Мошқап қайтесің, ағаң беріп тұрғанда алсаншы. Жақау көзі көкшиіп, ақшаны Ахтанның алдына қайта ысырды.

— Мен қайыр-садақа алмаймын.
 — Өй, ол не дегенің? Қайыр-садақа ма екен?
 — Маған осыны ал да, пәлеңнен аулақ, табаныңды жалтырат деп отырсыз ғой.

— Ой, сен де!.. Бірақ қазір бара тұрғаның жөн, шынында...

— Ешқайда бармаймын.— Жақау мұрнын қорс еткізіп, сырт айналды.

— Кой, тентек болма, Жақаужан.
 — Тентек болма!— Жақау кемсең-кемсең етті. Бұрылыш қарағанда көзінің жасы тізесіне тырс-тырс тамды.— Мен сізді әғамдай көріп, өлсе бірге өліп, тірілсе бірге тірілемін деп жүрсем, бұныңыз не? Адалдық па осы да? Маған сенбегеніңіз бе?

Ахтан оны құшактай алғып, тізесіне отырғызып, алақанымен көз жасын сұртті. Бала жұбату бермей еңкілдеп жылап, балпылдан сөйлеп, шағынып жатыр. Сөз ләміне қарағанда бәрін білетін, білмеген күнде де көп нәрсені сезетін болып шықты. Мұның Теңізбаймен жасырын кездесіп жүретінін де көрген, өткенде түнде құс қайықпен қызыл сақал қару-жарап әкелгенде бәрін айтпай-ақ түсінген. Енді ағаның тұрмадегі жолдасын азат ететін күн де таянды ғой деп, неге болса да іштей бекініп, түнімен көз ілмей, жүрегі дұрсілдеп армандал жүрсе, көптен күткен сын сағат соққан кезде, мә саған, мұны бөтенсіп сырт тебеді. Баласына ма, әлде қолынан ештеңе келмейді деп қорына ма? Келгенде қалай! Ешкімнен қайраты да кем емес: міне, бұлшық еті қайрактай, жұдырығы да тап-тастай. Ал бұл қалада ол білмейтін тесік бар ма? Тыщкан өткен күйстан бұл да өтеді. Ол тұтқындардың баржыға тыққан темір аралар мен еден тақтай астындағы қаруды таба алмайтынын айтып, қол үшін беруге рұқсат ет деп, жата жалынып жылады. Тірі жан өзім тұрсын, тықырымды сезбейді деп ант-су ішкендей болды. Бірақ Ахтан жібімеді.

— **Жок,** — Жақаужан, болмасқа ағанды кинама,— деді ол.— Сәті түссе де, түспесе де, мен ертең бұл арадан кетем. Сен қалада қадасың. Саған қын болады.

Жақаудың қөзі үрейге толып, үрпиіп кетті.

— Кеткені қалай?

— Енді бұл қалада маған қалуға болмайды. Оны түсінүің керек кой?

— Ендеше, өткенде біз тұрганда корықпа, үйге қайтып кел деп Сәбилиданы неге азғырдыңыз?

— Одан бері жағдай өзгерді, бауырым.

— Сонда шын кетпексің бе?

— Шын, шын...

— Ендеше, мені бірге ала кет.

— **Жок,** айналайын, қазір болмайды. Кешікпей қайта оралам ғой. Айнып қалмасаң, сонда ала кетермін.

Ахтанның әзірше бұл қаладан кете қоятында жағдайы жоқ-ты. Шылауға жабысып, шылбырға оралған баладан құтылудың амалы ғана. Не дегенмен, өресі тар бала емес пе — Ахтанның сөзіне сеніп қалды. Сенген соң қазанның қара желі сокқандай үміті солып, қыска қызығының мәні жоғалды. Ахтан оны қайтып оралсаң өзім тауып аламын деп, арқадан қағып, алдаусыратып шығарып салды. Жақау көр-жерін арқалап, басы қисайып үйіне қайтты.

* * *

Ахтан асығулы еді: әлі Қара Никитаға жолығуы керекті. Ол екі кештің арасындағы апақ-сапақта тұнгі барға келгенінде, Қара Никита баяғы орнында тапжылмай күтіп отыр екен. Мас емес, сырамен ғана ауыз шайып, көніл жұбатқан түрі бар. Онымен шүйіркелесетін уақыты болған жоқ. Қай жерде кездесетінін айтты да, тез оралды. Іңір кезінде құс қайығымен қызыл сақал келді. Даусы гүжілдеген еңгезердей азаматпен Ахтан бұрыннан-ақ таныс. Баяғыда Үйшікке ат басын тіреп ізден келген адамы осы Рыбак болатын. Ол кезде оның атуға апара жатқан жерден қашып шығып отырған беті еді. Көніл көншітер қолғабыс бере алмаған. «Қорқақты қуа берсең — батыр болады» деген. Үнемі ажал аузында жүріп, қатып-піскен түрі бар қазір. Жауынды көрсет деп, білекті сыбанып, алақанға түкіріп отыр. Ахтан оның алдына бүгінгі тәуекелдерінің жоспарын жасырмай жайып салғанда, Рыбак жұдырығына жөтеліп, мұртынан жымың-жымың етті.

E:\18.09.13\edil\Xe\110.tif page 71
— Жарайсың, жігітім,— деді ол Ахтанды иықтан қағып. — Мұндай тәуекел үшін өлуге болады.

— Өлу қайда қашар дейсің? Өлмейік те.

— Эрине, тырысып бағамыз да. Ал енді жоспарың-жоспар-ақ. Қалай ойлап тапқансың? Баяғыда біздің ойымызға неғып келмеген?

— Жатпай тұрмай екі ай дойлансан, таппайтын пәлең бар ма?

— Жоқ, ойлағаннан емес, тәжірибеден. Не сұмдықты көрген жырындысың ғой, шамасы?

Ахтан жымындаپ иегін сипалады.

— Баржының жолын білесің ғой?— деп сұрады сосын.

— Білгенде қандай? Басқаны ұмытсам да, оны ұмытамын ба? Қашып құтылғанымды естімелеп пе едің?

— Естігем,— деді Ахтан.— Сіздің сол ерлігіңіз — осы ойға мұрындық болған.

— Ерлік пе екен сол, жандалбаса да.

— Ерлік, ерлік болғанда қандай!— деді Ахтан шын көңілмен.— Ешкімнің көмегінсіз сіз қашып құтылғанда, бәріміз жабылып неғып бір нәтиже шығара алмаймыз?

— Құдай деп айтайын, сәті болар. Бәрінің етек-жені жиналып, оңтайы келіп тұр екен.

— Аузыңа май.

— Қыңқ етпе! Батылдық тәуекелді сүйген. Мен сендердің батылдықтарыңа тәнті болдым. Мені қорқақтық дертінен емдеген де сендерсіңдер. Откенде жарытып қол ұшын берे алмадым. Бұл жолы есесін қайтаруға тырысармын. Аяма, ең қын жеріңе сал, ағайын.

— Ықыласыңа рахмет, Рыбак жолdas.

— Яшка десенші. Яшка...

— Рахмет, Яшка. Ал енді бері қара. Көмегің керек.

Ахтан Жайықтың қос жағасын бұрылыс-қылышына дейін, жағадағы шоғыр-шоғыр қайық-кемелеріне дейін ұқыптап қағазға көшіріп алыпты. Рыбак оған үңіле қарап отырып, арасында қайсыбір белгілерді тиянақтап сұрап біліп, ақылға қонымды ұсыныстарын айтты. Баржыға шабуылды қала мен қазақ ауылының арасында бастаған дұрыс болар. Қала күзеті көмекке ұмтылса, тұтқындардың қайда — қалаға ма, ауылға ма — қашқанын анықтай алмай, бастары қатады. Қайткенмен, әйтеуір олар алаңдауға мәжбүр. Бір бөлегі қалаға, екінші жартысы ауылды сүзуге бөлініп, қуғыншы күш ыдырап ырың-жырың болары анық. Оның өзі аз жәрдем емес. Бірақ ол үшін аса дәлдік, үлкен есеп керек. Ахтан оның айтқандарын мақұл алды.

Олар шай ішіп, дағаға шығып, темекі тартты. Ай сүттей жарық. Желсіз ақ тымық тұн. Ақ Жайық күмістей жалтырап сылаңдап ағып жатыр. Қалаға коменданттық сағат енгізудің әсері көпе-кереңеу. Бұрынғыдай емес, жағалауда қармақшылар азайған. Қазір кесіп тыйылған корық кезі. Су бойында несие жүріп тұрған көлік те көзге шалынбайды, арна бойы тып-тыныш. Олар әңгіме-дүкен құрып біраз отырды. Ахтанның ылғи да сеніп жүретін нышаны — алда тұрған алмағайып сәттен жақсы-жаман хабар бермеді: жыпылдай беретін қабағы ең құрығанда бір рет бұлк етпеді.

6

Тұн ортасына дейін қолдары бос Ахтан мен Рыбак ай астында бей-жай әңгімелесіп отырғанда сырттарынан бағушы барын, оның алыста емес, танауларының астында екенін андаған жоқ-ты. Әлгінде кет-кет деп желкеден итергендей болған соң, басы қисайып жөніне кеткен Жақау былай шығысымен, тұңғық ойға шомған. Сараптап көрсе, Ахтанның сөзінде де, ісінде де ақылға қонбайтын жайлар аяқ алып жүргісіз. Кетемін дейді, бірақ жеті тұнде қайда кетеді? Қапелімде қаладан қашып шығу оңай бопты ма? Әрі кешікпей қайтып келемін деп және жақау ратады. Соған қарағанда тұптің түбінде оның бір жаққа ығысары анық болғанмен, қаладан әзірше кетпейтінін, тек әншайін мұны араластырмай шығарып салудың амалы екенін ұқты. Ол мысықша басып, Ахтанның ізін андыған. Қазірде де өзенде, баржының қапталынан қара тышқандай басын қылтитып тұр еді. Баржы үстіндегі екеудің сөзін бір естісе, бір естімейді. Откенде қару-жарак әкелген қызыл сақалды да жазбай таныды. Әңгімелерінің ұзынырғасы алда тұрған тәуекел қамы екенін шамалады Жақау.

Сәлден кейін олар көрменің қуысына тығылған қару-жарактарды түгендеуге кірісті. Ахтанның үні қаттырақ шығып кетті.

- Қап, мына жүгірмектің қылғанын-ай!
- Не болды?
- Алтыатар жоқ. Алып кетіпти.
- Кім алады?
- Әлгі жүгірмек бала да. Қуып жібергем.

Ұрының арты қуыс: одан әрі сөз тындауға жүрегі дауамай Жақау сұңгіп жөнеді де, бақадай тарбаңдап келесі кеменің тасасынан бір-ак шықты. Ол тез-тез киініп

алып, әліп арадан аяғы-аяғына жүқпай беziп берді. Ахтан, әрине, кетемін деп мұны алдаған, кету ойында да жоқ. Сонда не: мұны баласынғаны ма, әлде сенбегені ме? Сенбегендей не шалалық істепті? Кеудеден итеріп, көңlін қалдырды, қомсынып шын ниетін аяқ асты етті. Жақаудың өкпесі қара қазандай еді. Жарайды, оқасы жоқ. Жақау тірі болса өзінің кім екенін әлі танытар. Білмей жүр екен мұны. Керек десең, тіпті ешкімнің көмегінсіз-ақ жалғыз өзі-ақ қыруар тұтқынды құтқарып алады. Ал қыл, оған содан кейін. Әуселелерінді сонда көреміз.

Ол жортып отырып қару-жарақ тығылған таныс «БТ»-ға келіп еді, тұрган орнынан таба алмай аң-таң болды. Әлгінде осы маңнан мотордың тыңқылдаған үні естіліп еді. Сол пәле сүйреп кетпесе қайтсін? Әне! Мотор үні қалаға қарай ұзап барады. Ол сүрініп-қабынып жар жағалай тұра жүгірді. Бір тұста жағалау торыған күзетшілерге кезігіп, жып беріп қалаға жалтарды. Қап! Мына қырсықтың шырмауын-ай! Ол өзіне таныс есік-тесік, жыра-жықпыл, аула-шайлалармен аяғы жерге тимей, үкіше ұшты. Қанша өкпесі өшкенмен, ол кино көрсететін жазғы клубтың маңына баржыдан кейін жетті. Баржы жарға жағып, баспалдағын түсіріп жатқанда, Жақау өкпе тұстан ентелеп келіп төніп, тұрды.

Сәлден кейін жанында жандайшаптары бар бір офицер келіп, баржы иесімен күнкілдесіп сөйлесіп, үлік ішін қол шаммен бір сүзіп шықты да, келген ізімен қалаға қайта кетті. Тұтқындарды бақ жанынан тиейді дегенге өз көзі көрмесе біреу айтқанға сенбес те еді. Талай сұына шомылып, құмына қақталып, шаңын аспаннан келтіре асыр салып ойнаған жері.

Жақау баржыға ілігудің амалын ойластырды. Күйек сақал казак-орыс қаруланып алған, иығында сұнгісі шошаңдаған бесатар. Фонарьды палубаға қойып, баспалдақты жөндең жүр. Жақаудың бар ойы: егер ол бір шаруамен баржының құйрығындағы баспанасына беттесе болды — жып етіп ішке бір-ақ орғу. Бірақ казак-орыс орнынан тапжылмады. Бақ жаққа, бұл отырған тал түбіне бір пәле бардай иегін көтеріп, едірейе қарайды. Жақау оның баспалдақтан екі елі ұзамайтынын түсінді де, айналып барып алыстау тұстан жағалауға шықты. Жайық майда толқынымен шылп-шылп жар соғып, ширатылып ағып жатыр. Ол үстіндегі киімін сызырып тастап, дамбалашаң өзенге түсті. Құдды бір теңіз қарақшысы дерсің. Белінде алтыатар, аузында көлденең тістеген темір ара. Ол жан

E:\18.09.13\edil\100 page\7
кинап қыбыр еткен жоқ, ағынның өзі баржыға дірдектетіп алып келді. Темір қабырға жып-жылмағай. Тырнақ ілінер бұдырмақ болсайшы. Ағын тоқтатпай дөңгелетіп алып барады. Ол баржыны жағалап келіп, енді айдалаға лағып кететін болған соң, қос қолдап өрелге жармасы. Денесі суға кептеліп сарылдаپ, өрел бебеу қағып шиқылдаپ қоя берді. Атаңа нәлет, қас қылғанда бәрінің жау болуын қарашы.

Келесі сэтте ол баржының құйрығына өрмелеп шығып, саршұнақтай шошайып отырған. Ендігі көздегені үлікке жету ғана. Баржының жанында бусир командасы ма, қара-құра көбейіпті. Ол еңбектеп келіп, үліктің тасасына жатып алып, баспалдақ жанындағылардың қимылын бақты. Солардың көзі тайса-ақ болды — үлікке лып етпек. Бірақ әлгілер табандары тақтайға жабысып қалғандай орында-рынан тапжылмады.

Қала жактан қонырау үні естілді, жоқ ол қонырау үні емес, айдан әкеле жатқан тұтқындардың бұғауының сылдыры еді. Жақау енді кешіксе бәрі қараң қалатынын сезіп, көзі алақ-жұлак етіп, жанұшырды — еңбегі еш, жігері құм болғалы тұр. Баспалдақ жанындағы күзетші аздай енді бусирдің командасы түгел далаға төгіліп, тұтқындарға анталай қарасты. Жақау қорлық пен ыздан жылап жібере жаздал, үнін шығармау үшін өз білегін өзі қыршып алды.

Бір топ күзеттің қамалап алып келгені бар-жоғы он шақты ғана адам. Баспалдақ жанына тоқтағанда бастап келген офицер оларды басқа сокқандай ғып санап шықты да, баржы иесімен бірге үлікке түсіп, фонарь жарығында ішті тіміскіп, тексерे бастады. Қақпағын ашып, тұмсықтағы быжды да көрді. Үліктің тасасынан сыйдалап не үлікке, не быжға жетуді армандал жатқан Жақау мынаны көргенде тәубесін шақырды. Баржыны тап осылай шұқылап тексереді деп кім ойлаған. Мәселе мұның шамалағынан әлдекайда қынырық болып шықты.

Офицер баржы палубасына қайта көтеріліп, әлдене деп команда бергенде, төрт-бес солдат баспалдақпен жүгіре шығып, үлікті қамалап қоршап алды. Біреуі тіпті мұны басып кете жаздады. Бейшара бала қорыққанынан бақырып жіберуге шақ қалды. Бірақ солдаттың екі көзі тұтқындарда еді. Етігінің жанында отырған мұны байқаған жоқ. Жақау солдаттан көзін айырмай, шегіншектей барып, бөшкеге қалай кіріп кеткенін өзі де андамады. Кептіруге койған балық тұздайтын бөшкеге молынан сыйып кетті.

Бастары салбырап ун-түнсіз тұрған тұтқындар ажал баржысына отырғызар кезде баспалдаққа аяқ аттап баспай, бір-бірін қолтықтап шынжырларымен мatalып қасарысып тұрып алды. Бажылдал тап берген офицермен салғыласып, боктасты. Анталаған күзетшілер қойып кетіп, қолға іліккен бір-екеуін сүйрелеп әкеліп аяғын аспаннан келтіріп ашық үлікке лактырды. Байғұстардың не жаны қалғанын — темір баржының қабырғасы солқ-солқ етті. Тұптің тибі бәрібір өлім екенін түсінген тұтқындардың бірі барлыққан жаман дауыспен қаланы басына көтеріп, әнге басты.

Аттан, азап шегіп жанышылған,
Әлемнің құл мен аштары!
Кекпен ой-санамыз ашылған,
Дайын тұр майдан ашқалы!

Жеті түннің бір уағында жым-жырт қаланы үйқысынан шоштып, барылдал, интернационалды шырқау барып тұрған сұмдықтың сұмдығы еді. Офицер аласұрып, күзет пен буксир командасын тұтқындарға жауып жіберді. Баспалдақ жанында ұмар-жұмар айқас басталды да кетті. Аяқ-қолдары матаулы тұтқындар басқа амалы болмағандықтан, аузы іліккенді тістеп, қарсы келгенді баспен ұрып жандәрмен шайқасқа кірісті. Баржы үсті бос қалғанын байқаған Жақау бұғып отырған бөшкесінен қалай шыққанын сезген жоқ, бір-ақ қарғып үліктің түбіне топ еткенін ғана білді. Ол есін жиып ұлгергенше ашық қақпақтан ішке тағы бір тұтқын лактырылды. Тұтқын темір қабырғаға дұрс етіп басымен соғылды да, қыбыр етпей сырықтай серейіп қалды. Сол-ақ екен, тұтқындар үлікке бірінен соң бірі басымен шашылып топ-топ түсе бастады. Жақау бетіне су сияқты бірдеменің шашырағанын, бірақ оның жылымшы тұрінен су емес, қан екенін аңғарып, шоршып түсіп бұрышқа тығылды. Ол өзін қалың өліктің арасында көрде отырғандай сезінді. Енді біреуді құтқаралын деп әуре болудың қажеті де шамалы еді. Құтқаралын жан баласы қалмағандай. Ол үлікке түсем деп қате жасағанын енді ғана ұқты. Ешкімге септігі тимейтін болды, өзі де торға түсіп тірідей шырмалды.

Жақау төбеге бір қарағанда үліктің аузынан бес-алты бас ішке еңкейе қарап тұр екен. Қатырма мандай, фуражкалы бастар.

— Санаймыз ба, поручик мырза,— деді біреуі.

— Санағаннан көбейер деймісің. Бәрі осында... Дыбыс жок қой, түгел тынды білем.

— Жарайды,— деп қолын сілтеді офицер. Содан кейін:— Болындар, қозғалындар!— деп буксир команда-сын асықтырды.

Жақау буксирдің таңқылдай жөнеліп, жұлқа тартқа-нын, қайырылған баржының қапталымен жар соғып лық-сып барып арнаға түскенін іште отырып ап-анық сезді. Ол тұтқындарды алып келген қыруар айдаушының қаншасы баржыға отырғанын, қаншасы жар басында қалғанын білмеді. Палубада сықыр-сықыр етіп топылып толып жүр-ген аяқтар.

* * *

— Оңбаған иттер!— деді біреу ыңырсып.

Жақау мынау сөзді ап-анық естігенмен, қайсысының аузынан шыққанын андай алмады. Дегенмен, осының өзі оның құлағын селт еткізіп, ойын бөлуге жарап еді. Оның есіл-дерт ындыны акымақтығымен өзі кеп түскен мына қазулы көрден құтылудың амалығана болатын. Басқа уайымды ұмытқан-ды. Ол өзіне жақын жатқан адамның қозғалғанын байқап, жабыса кетіп жұлқылай бастады.

— Тірімісің? Тұр, тез!

— Кімсің?— деді тұтқын оған.

— Өз адамдарың...

— Не істегелі жүрсің?

— Тұр! Есінді жи! Қазір қашамыз...

Жақау ышқырынан темір араны сурып алып, темір кісенді қайзалауға кірісті. Мұрынды тартқыштап қойып, ентіге ырсылдаپ жатыр. Қымсынатын, корғаштанатын дәнене жоқ-ты: мотордың таңқылы анау-мынау дыбысты естірте қоятындаі емес. Бір кездे бұғау темір шалдыр етіп екіге бөлініп түсті. Тұтқын арқасына қайырылған қолын жиып, уф деді. Сосын баланы білегінен ұстай алып, өзіне тартып бетіне үңілді.

— Кім жіберді сені?

— Ағайлар.

— Қандай ағайлар?

— Оны қайтесің? Қашудың қамын ойла.

— Көмектесетін, қол ұшын беретін адам бар ма?

— Әрине.

Өлекседей үйме-жүйменің арасынан тағы біреу ыңыр-сыды. Олар енді екеулеп кірісіп, жігіттерді өлі-тірі, жанды-

~~жансын деп аз аламай~~, сүйрелеп ғапарып, үлкітің қабырғасына жантайты. Көпшілігі кеуделеріне жан бітіп, қыбырлай бастаған. Алдымен құлап, басылып қалғандар ғана ауыр халде екен. Жақау еден-тақтайлардың астындағы темір араларды суырып алып, бұғауы босаған тұтқынның қолына ұстатты. Ол ай-шайға қарамай, бірден-ақ кірісіп кетіп, жолдастарын жұлқылап ес кіргізіп, құлақтарына сыбырлап әбігер болып жатыр. Тірлік деген неге жаман болсын, ыңырсыған шала-жансар адамдар шырт үйқыдан шошып оянғандай бастарын селт-селт көтеріп алысты.

Жақау:

— Ахтан ағаның жолдасы қайсысын? — деп, тұтқындарды жағалады.

Ес-түстен айрылғандай аяғын көсіліп жіберіп, қабырғаға сүйеніп сұлап жатқан еңгезердей адам басын жұлқа көтеріп алды.

— А-а? Не дедің? Бұл қайсын?

— Ахтан ағадан сәлем!

— Ахтан деймісің? Ол кайда? Сені сол жіберді ме?

— Иә. Сіздің жаныңызда болсын деп... қолыңызды әкеліңіз.

Жақау оны отырғызып қойып, жуан білекте тырсылдалап тұрған бұғаудың қоспа шынжырын егеуге кірісті.

— Не істегелі жұрсің?

— Қазір қашамыз, бәрі дайын...

Қажығали бұғаудан босағанына сенбегендей, қос білеғіне кезек қарап ұзақ отырды. Жақау оның көз алдында ін қазған қарсақтай еден тақтайларын қопарып кетті де, шүберекке оралған бір нәрсені суырып алды. Бала қолына алтыатардың сұп-сүйк тұтқасын ұстатқанда, Қажығали мына көзі алдында болып жатқанның түсі емес, өнді екенін сонда ғана шамалады. Ол баланы бір қолымен көтеріп алып, тізесіне отырғызды да, мандайына мандайын басты Жақау еңгезердей дәу жігітті аймалай беріп, қолын жылы қанға малып алып, шоршып тұсті

— Басыңыз жаракат қой, аға.

— Қайтер дейсің? Не көрмеген бас.

— Жылымшылап тұр. Таңып берейін.

— Е, мақұл, таңсаң таңа қой.

Жақау Қажығалидың көйлөгінің омырауын дар еткізіп жұлып алып, басын таңып жатқанда, ол екеуінің алабөтен жұғысқанын көріп әлгінде қолы босаған бет аузы түк-түк тұтқын олардың жанына келді. Мына бір төбеден тұскен

дей тосын әрекеттің басқа емес, Қажығалиға бола істеліп жатқанын ол басқалардан бұрын аңғарған еді.

— Бұл кім? Серіктерің бе? — деп сұрады ол Қажығалидан. — Адал достар екен. Біздің жолдастардан өлі-тірі хабар жоқ. Мен ештеңе түсінген емен. Не істейміз? Қалай болады өзі? — деп Қажығалидың аузына қарады.

Қажығали не істеп, не қоятындарынан мүлде бейхабар еді. Олар Жақаудың бетіне қарады, Жақау айтып берді: қазір қала мен қазақ ауылының арасына іліккенде тоспадағы адамдар баржыға шабуыл жасайды, атыс басталған кезде бұлар баржы құзетіне тарпа бас салулары керек. Жақау тұкті бет тұтқынға алтыатарды ұстадты. Тұтқынның куанғаннан жанары қараңғыда жалт етіп, баланы бір, алтыатарды бір сүйді.

— Оқтаулы ғой? Жарайсың, балақай! Эй, бәлем, енді өлсем де өкініш жоқ. Жастығымды ала кететін болдым.

Тұкті тұтқын артық патрондарды етегіне түйіп, алтыатарды әуеде иіріп қағып алып, мәз-мейрам болды.

— Ал, ағайын, басқар, — деді ол Қажығалиға.

— Мен не білем, өзің басқара бер.

— Е, бопты. Айтқанды екі етпендер тек.

Ол еңбектеп жігіттерді жағалап кетті. Осы кез үліктің қакпағы ашылып, ішке солпаң етіп фонарь түсірілді. Жілке байланған шам төбелерінің үстінде шайқалактап тұр. Қақпак аузында шекелері түйіскен екі-үш құзетші. Қажығали таңулы басын қараңғы бұрышқа көлегейлеп, баланы денесімен жасырды. Еңбектеп жүрген тұкті бет тұтқын да екі қолын арқасына басып, біреудің алдына сұлап жата кетті.

— Таракандай бұрыш-бұрышқа тарапты ғой, — деді бір құзетші.

— Үйліп жатқан шығар десем... Өздерінің жандары сірі-ақ екен.

— Кеудеден тіреп тұрып атпасан, үрганға өлмейтін большевиктер емес пе шетінен?!

— Солай ма? Нагыз қызыл Коштей десенші, одан да.

— Патша өмір бойы үрып-соғып тауыса алмады емес пе? Таракандай балалай береді білем өздері.

— Небір қырық жанды болса да, енді саудалары біткен шығар. Кайда баар дейсің? Көрдің бе? Эне біреуі сеспей қатыпты ғой?

Фонарь жоғары көтеріліп жоғалды да, үлік ішіне қою қараңғылық қайта үйірілді. Тұрмешілер көзге шетін ештеңе

байкамаган тәрізді. Түкті бет тұтқын еңбектеп бұлардың жанына қайтып келді.

— Тым еркінсіп кеттік білем. Сақ болған жөн шығар,— деді ол сыбырлап.

— Ана жігіттердің қолын неге босатпадың?— деп сұрады Қажығали.

— Шеткі жіл іт жантәсілім етіпті. Ал бергі екеуі жүргуге жарамас. Жағдайлары тым мүшкіл.

Олар үлкке алғаш лақтырылғандар еді: ал кейінгілер солардың үстіне түсіп, жандары аман қалған. Қажығали үндеген жоқ. Ол бұл адамдардың бір де бірін жарытып танымайтын. Әлгінде түрменің қаракөлеңке подвалында алғаш жолығысты. «Куаныш араздастырғанмен, қасірет біріктіреді» деген рас-ау, олар түрмеден шынжырлары салдырап жағалауға жеткенше ауыз жаласқан үялас күшкітей болып алды. Анау жантәсілім етті деген шеткі жігіт баржыға отырғызар сэтте бүлікті бастағандардың бірі еді. Терең үлкке бірінші боп лақтырылған да сол. Бұлардың тірі отырғаны соның арқасы.

Түкті бет тұтқын алғыр, пысық жігіт болып шықты: қайрат көрсетуге жарайтындарды маңына жинап алып, жағдайды ұғындырды. Бір ересектеу адамға Жақаудың алтыатарын алып берді. Сонымен олар тәубелеріне сыйынып, екі көздері төрт болып, соғар сәтті күтті.

* * *

Ай батысымен-ақ Ахтандар алақанға түкіріп, тәуекелге кірісті. Ахтанның елдің таңдайын қактырған жоспары шалдуар баланың ойыны сияқты балдыр-батпақ бірдене еді. Қызыл сақал Рыбак екеуі екі балтаны қолына алып, жағалаудағы байлаулы қайық-кемелердің желілерін шауып-шауып жіберіп өзенге ықтыра берді. Әп-сәтте-ақ Жайықтың үсті қаптаған қайыққа толып кетті. Баржы сүйреген буксир осылардың арасына кеп бытысатын да, тоқтауға мәжбүр болатын. Ал бұларға керегі де сол. Баржы тоқтаған кезде осы қаптаған қайықтардың әр түсінан баспалап келіп бас салмақ бұлар.

Ахтан бірнеше күннен бері көлденең қалқытып қоя берсең, Жайықтың о жағасы мен бұжырақтың молынан жететін бір ұзын шұбак кеп прозды көз қырына алып жүрген. Қара Никитамен соның жаңында кездесейік деп пәтуаласқан-ды. Бұлар жетіп келсе, аттарын қала шетіндегі үйілген шошак қамыстың тасасына байладап, жар

астында екі жолдасымен Қара Никита күтіп отыр екен.
Рыбак олар жайлы ештеңе білмейтін.

- Бұларың кім? — деді ол шошынып.
- Көмекшілер...
- Сенімді ме?
- Кепіл бола алмаймын. Бетіңе шіркейінді жауып ал.
- Өй, өздерің тіпті азсындар ғой, — деді Қара Никита.
- Бес адам аз бола ма?
- Олар неше адам екен?
- Буксир командастымен он-он бес болып қалар.
- Он беске бесеумен қарсы шығып, өле алмай жүрмісің?

— Былшылдама! Доғар! — деді Ахтан катуланып. — Мәселе адамның санына байланысты ма екен? Қолынан түк келмейтін көп шылдақтан не пайда?

— Мен бір тұтқынға ғана ара түсем, — деді Қара Никита. — Басқаларына қол үшін беремін деп айта алмаймын.

— Құтқаруға келген адамыңды құтқарсан жарағаның. Басқасына басың ауырмасын.

- Басқаларын атуым мүмкін.
- Ақымақ болма, Никита!
- Эй, сен не деп сандалып тұрсың? — деп омыраулады кетті Рыбак.

- Сен кім едің?
- Тентек болма, казак. Кулагиндікімісің?
- Оны қайдан білдің?
- Маңқылдаған мақамыңнан танып тұрмын.
- Өзің казакпысың?
- Енді кім деп едің?
- Қайдансың?
- Қазір жөн сұрасар мезгіл емес, кейін білісе жатарсыздар.

Ахтан даудың тұтінін өшірді де, Рыбакты шұбалып тұрған тіркес-тіркес проздың арғы басына жіберіп, Қара Никитаны жігіттермен орта тұска жайғастырып, өзі тізбек үшінан ұстап жар басында қалды. Рыбак проздарды Жайықтың арғы бетіне қарай есті. Сәлден кейін тіркес-тіркес проз Жайықты көлденең ендең, көлбеп ыға бастады.

Олар бұл жұмысқа кіріскең кездे қаланың арғы басынан буксиридің таңқылдаған үні де естілген. Кешікпей жылтыраған шамы да көрінді. «Ә, сәт! Исатай бабамның аруағы қолдай көр!» — деп, Ахтан білегін түрінді.

Әлгінде көгеннен, ағытылған қайықтар арнаның орта-

сында тарыдай шашылып, қалқып жүрген. Соларға кеп киліккенде ағын құяға екпіндеген боксир ойбайын салып бақырып, қайық-қайықтың арасымен бұлтарып бақты. Тосқауыл прозға жақындаған сайын кедергі тым көбейіп кетті де, боксир енді жалтара алмай қарсы келгендерді қағып-соғып ұнтай бастады. Бірақ қайық біткенді қайдан қиратып өтсін, прозға жақындай бере екпінінен мұлде айрылып, ауға түскен балықтай көп қайықтың арасында қамалды да қалды. Сүйрекен баржысы бір жақта, өзі бір жақта басымен қайғы бол, бетімен лағып жүр.

Проздың арғы басынан Ахтанның жанына қайтып оралған Рыбак алақанын ыскылап: «Ә, бәлем, шырмалдың ба? Шок, шоқ! Жақындай түс!»— деп, жаны кіріп барады. Жаңа ғана ол Қара Никитаның қауіпті адам екенін, мына шаруа ойдағыдай болып жатса, акыр аяқта суға тұншықтыра салу керектігін айтып, Ахтанды үгіттеп ауыз жиғаны сол еді, қазір есіл-дерті қайыққа шырмалып, у-шу болып өздеріне қарай ығып келе жатқан баржы мен боксирге ауды. Не дегенмен, өзінің жүйкесі жүқарып біткен екен. Қайта-қайта ытырынып орнынан атып тұра берді. Ахтан оны жеңінен мықтап ұстап, проз түбіне тұқыртып отырды да, қос көзбен баққан нысаналары оңтайлы сәтке келді-ау дегенде, Рыбакты әрқадан қағып босатып қоя берді. Рыбак зіп-зілдей денесімен қапталдасқан екінші қайыққа мысықша қарғыды. Содан боксирді андып, қайықтан қайық қоймай ұзай берді. Оған боксирдің үнін өшіру жүктелген еді. Боксир бір жайлы болса, не ескегі, не желкені жоқ баржы қанаты қызылып, өз бетінше аяқ баса алмай сорлайтын. Рыбак боксирге бір бүйірлеп барып, шіреніп тұрып, бірінен соң бірін екі граната жіберді, біреуі ысып барып суға шолп еткенмен, екінші боксирдің рубкасына дәл түсіп, гұрс жарылып, Жайық ұстіндегі қараңғы тұнді селк еткізді. Сол-ақ екен — айқай атыс басталды да кетті. Әлгіден бері баржы ұстіндегі ерсілі-қарсылы шапқылаған күзетші нысанаға алып, іштен тынып жатқан Ахтандар ұсті-ұстіне оқ боратты.

Бір кезде жанұшырған жаман айғай, боктық естіліп, баржы ұсті қым-қиғаш апыр-топырға толды. Тұтқындар ебін тауып палубаға шығып, күзетпен шаппа-шап ұстаса кеткен сияқты. Бірақ жанжал ұзаққа созылған жоқ, артынша Жайықтың арнасына бірінен соң бірі гүмп-гүмп құлай бастады. Өзенге тоғытылып жатқан кім — күзет пе, тұтқындар ма, әлде болмаса жағадан ұстасқан күйі бірге құлап жатыр ма? Әйтеуір судың беті қарақұрым:

біреулері әрі жүзіп барады, екіншілері бері малтып келеді. Су ішінде балағаттасып, төбелесіп жүргендер де аз емес. Ахтандар бұлардың қайсысы дос, қайсысы жау екенін ажырата алмай, кімді атарын, кімді құтқарапын білмей анырып тұрып қалысты. Әйтеуір мылтық көтеріп жүрген бір-екеуін басып салып, аюдай ақыртып Жайықтың ағынды арнасына құлатты. Дегенмен атыс әлі де саябырлар емес, баржы күзеті айнала қайықтарға бұғып алып, оқты зулатып жатыр.

Тұтқындар өлгені өліп, құтылғаны құтылып, жағаға қарай ойысқанда, Ахтан да проздан-прозға қарғып кері шегінді. Хабар берген соң, орта тұстағы Қара Никиталар да бері жылысқан. Күзетшілердің оғының көбі солай қарай жауды. Әлгілердің жүрісі өнбекеннен-ақ Ахтан бір пәле болғанын іші сезіп еді. Серіктегі қаны шүмектеген Қара Никитаны сүйрелеп келеді екен. Ол қеудесін басып Ахтанға сүйене кетті.

— Біттім, Ахтан,— деді ол демігіп.— Ақырында айналып келіп сендер үшін өлдім. Бұл жазмышты қойсаңшы... өкінішті-ақ!

— Қой, жаман айтпа. Қім жараганбайды? Кәне, жүр.

— Жоқ, жоқ, қинама,— деп Қара Никита проз ішіндең тізеден суға жантая кетті.

Оны дегенине қоймай, Ахтан Қара Никитаның серіктегіне қосылып жағаға қарай көтеріп алып журді. Итшілеп шеткі прозға жеткенде жағалаудан әжептәуір алшақтап кеткен екен. Қара Никитаны құшактаған күйі Жайықтың арнасына қойып кетіп, малти жөнелісті. Су екені, тер екені белгісіз, мандайларынан тамшы бүршактап, ондалап жағалаудың батпақты жиегіне іліккенде, Қара Никитаның серіктегінің бірі аяғы суда, басы қара жерде шалқасынан жатқан Ноготковты байқап көріп:

— Жарығы бітті. О дүниеге жөнелді,— деді.

Ахтан Қара Никитаның бетіне үңіліп, құшактай алып, атын атап жүлқылап еді, былқ-сылқ еткен денеден тірлік нышаны білінбеді. Ахтан үрпісіп тұрган Қара Никитаның серіктегіне былай деді:

— Ал, жігіттер, рахмет! Тапсырманы орындаңық. Енді барындар, көзге түспей тұрганда зытындар. Хорунжийді өзім жайлармын.

Көздері апак-жапақ еткен жігіттерге керегі де сол екен, алды-арттарына қарамай, шошақ қамыс жанында байлаулы аттарына қарай зытты. Ахтан арыстай боп аспанға қарап жатқан Қара Никитаның жанында май-

балшыққа тізеден батып, не істерін білмей аңырып отыр. Айнала құлаққа ұрған танадай тып-тыныш. Проз, баржылар ағынмен бірге үйме-жүйме бол теңізге қарай әудем жер ығып кетіпті. Ендігі төмендегі қазақ ауылының тұсына барып та қалған шығар. Сол жақтан айғай-үйғай, иттердің абалаганы жиіледі. Ахтан Қажығалиды есіне алып, селкете түсіп артына жалт қараған. О, тоба! Есі шығып, саубасты саудаға не үшін байлағанын да ұмытыпты ғой. Элгінде сондарынан қуалай атқан оқтан екі-үш қашқынның жазым бол, өзенге батып кеткенін көзімен көрген. Апрай, от ішінде мактанды сактайды деп, еңбегі зая кетней, тірі болса жарады ол соры қайнаған. Ол сасқанынан Рыбак деп айғай салған, құрғап қалған көмейінен дыбыс шықпады. Апрай, Рыбак неге жок, оның қайда жүргені, мұны жар басына жалғыз тастап кеткені ме? Жаралансағой, итжемеде қалатын түрі бар. Э, айтқандайын, Қажығалиды тауып алып, маған қарамай зыта бер деген екен-ау. Тарсесінен шығып кетіпті. Ахтанның жүрегі орнына тұсті.

Ахтан енді бұған не істедім деп қарсы алдында аспанға құшағын жайып сұлап жатқан Қара Никитаға қарады. Шырғалаң өмір жолында тағдыр тоқайластырған, өзінің бір жақсылық, бір жамандығымен қара жерде алшаң басқан табиғаттың арда ұлдарының бірі еді ол. Қаны сорғалаған нағыз казак болатын. Оны бетін жасырмай, көзін қарғаға шұқытып айдалаға тастап кетуге қимады. Біреу қорс етіп мұрнын тартқандай болған соң, артына бұрылып еді, тура көкжелкесінде тұрған жалаңаш баланы көріп, шайтан ба деп зәресі кетті.

- Жақау, сенбісің?
- Мен ғой...
- Бұл арада неғып жүрсің?
- Кету керек, аға. Қала жақтан шу шығып жатыр.

Ахтан құлағын түріп, тың тыңдалап еді: абың-гүбің адам дауыстары мен аттардың кісінегені әлде пысқырынғаны еміс-еміс құлағына щалынды.

- Мынаны не істейміз? — деді ол баладан ақыл сұрап.
- Иманды болсын деп, суға ағыза салыңыз.
- Обал емес пе?
- Теңізшілер сөйтеді ғой. Болыңыз, тездетіңіз, аға.
- Қажығалиды көрдің бе?
- Қызыл сақал жетектеп кетті.

Ахтан жайшылықта қаныпезер, тас жүрек көрінгенімен, өлікке боркемік осал болып шықты. Қара Никитаның қимай, оның жанында әрі-бері күйбендер, ақыры көзін

жауып, екі қолын кеудесіне қойды да, тізерлеп отырған қалпы күбірлеп бетін жасыра алмағанына кешірім сұрады. «Кешір, бауырым. Жазатайым қапыда кеттің, біз үшін кеттің. Жаңың жаннаттың төрінен орын алғай. Қайтейін, жағдай осылай болды. Бетінді жасыра алмағаныма кешір, мойныма салық қылма». Олар зілдей Қара Никитаны екеулеп арнаға тусірді де, Жайықтың ортасына қарай ысырып жіберді. Сарқыраған ағын өлі денені салындыдай ^{QS:} иіріп, сүрелеп ала жөнелді.

* * *

Жайық казагы атаман әскерінің алғаш ту тіккен орда-сы, қысылғанда арқа сүйер тіреті Гурьевте біздің жігіттер бір құлап, бір тұрып жанкештілікпен қан кешіп жүргенде, Жайық майданында елеулі өзгерістер болды. Он бірінші июльде (1919 жыл) Уральскіні азат еткен Чапаев Гурьевті, Гурьев мұнайына тез жетуге тапсырма алды. 25-ші дивизияның атышулы қолбасшысы Жайықтың оң жақ жағалауымен ақ казактарды түре қуып келе жатқанда, Ілбішіде кенет ілгері баса алмай, тоқтап қалды. Ол тегін кідіріс емес еді. Қызылдар Уральскіні қоршаудан босатқаннан кейін көп ұзамай, дәлірегі 7 августа, Деникинен ағылшын әскерінің капитан-инженері Карл Уос Чокас шұғыл, астыртын тапсырмамен Гурьевке келген. Оған екі армияның тізе қосқан әрекетін үштастыру міндеті жүктенген-ді. Деникин әскерінің штабы Баку мен Толстов әскерінің штабы Гурьев арасында тікелей радиобайланыс орнады. Іле-шала Гурьевке көмекке ағылшын техникасымен жабдықталған бронды дивизион түсірілді. Шегінген боп келе жатып, щебін күшейтіп алған айлакер Толстов тұтқылдан Ілбішіге шабуыл жасап, қызылдардың маңдай алдын ондырмай ойсыратып тастады. Сол шайқаста халық батыры Чапаев Жайыққа ағып өліп, қаза тапты. Орал — Жайық майданында жағдай оқыс қыннады. М. В. Фрунзе 1919 жылдың 11 октябрінде главкомға жазған ақпарында: «Соңғы кездे мен басқарған майданда бірінен соң бірі қын оқиғалар етек алып, жағдай ауырлап кетті», — деп шындықты мойындауға мәжбур болды. Толстов армиясының Ілбішідегі ірі жеңісі — Орал қаласын уш ай коршап ала алмай тауы шағылған атаман әскерінің қолтығына дым бүркіп, қайтадан қанаң бітірді. Салы суға кеткен Жайық казагы қайтадан жалаулатып, ұран әндерін шырқап, шабынып шыға келді.

Ел бір үйқысы қанып, төсегінде аударылып жатып, түсінің жалғасын көретін жеті тұннің бір уағы ма, әлде таң алдының талықсыған талма тұсы ма, қайдам? Уақыттан хабар беріп, шақыратын әтеш, бақыратын есек жоқ. Ізбасар мен Гүлбаршын некелері қылғалы бері уақыт есебінен жаңылған.

— Мен мына түріммен отыз бала табатын шыгармын,— деді Гүлбаршын.

Жаңа ғана аяғын жилюға шамасы келмей, ашық-шашық қалпы пысылдап үйықтап кеткені сол-ақ еді, іле-шала қайта оянып, Ізбасарға сүйкеніп, денесімен дене бол жабыса түсті.

— Үйықта, үйықта,— деді Ізбасар.

— Қай уақыт болды екен?

Сұрады демесең, уақытпен санасып жатқан ол жоқ: қолын Ізбасардың мойнының астына тығып, басын оның кеудесіне салып тас қылып құшақтап жатты. Э дегенше ашылған ауыздан рахат баяу пысыл естілді. Ізбасар оның сәбидей бейкүнә, мамыражай әдемі түріне сүйсіне қарап жатып, езу тартты.

— Неге күлдің?— деді Гүлбаршын қарамай біліп.

— Жоқ, күлгем жоқ.

— Танауыма күлдің бе? Эйелімнің танауы шелектей деп күліп жатсың ба?

— Жо-ға! Отыз бала табармын дегеніце.

— Оның несі күлкі? Тек құдай көпсінбесін де.

— Оның бәрін қалай асырап жеткіземіз.

— Эр баланың өз несібесі бар да...

— Отыз бала тапқан эйелді көргенім жоқ.

— Көрмесең — көрерсің. Қос-қостан табам сияқты.

— Мына түріңмен тапсан, табарсың.

Екеуі сылқылдай күліп, жаңа көріп түрғандай бір-біріне қайта жармасты. Бұл аймаласу Гүлбаршының бұл түнде нешиші мәрте өліп-тіріліп шыңғыруымен тынды. Ол тағы да қайқы танауы желбіреп, табанда со-лықтап үйықтап кетті. Ізбасар түрегеліп отырып темекі шекті. Темекі тұтінің келіншегіне жолатпай, қолымен желпіп қуып, аузы аңқиған Гүлбаршынға жымыңдал қарап қояды. Қараса болды — қуаныштан өкпесі өшіп, жүрегі жанып-күйіп сала береді. Тағы да құшақтай алғысы келе-

E:\18.09.13\edil+\edil0.tif_page_86
ді. Тоймайды. Отыз бала дейді... аузына құдай салып жүрген шығар. Мына түріне қарағанда таң қалатын дәнеңе жок, болса болар.

Гүлбаршын үйқысырағандай болды. Ізбасар бұрылып қараса: келіншегі екі қолын құстың қанатындай екі жаққа жайып жіберіп, екі езуі екі құлағында, жүзі бал-бул жанып, күлімсіреп жатыр. Бір кезде ол: «ұшып барам, ұшып барам» дегенді ап-анық айтып, екі қолын бір көтеріп, бір түсірді. Ізбасар оны құшақтауға үйқысын қимай, келіншегінің жүзіне сүйсіне қарап ұзак отырды. Шамасы, тағы да түс көріп жатыр. Некелері қылғаннан бері құнде болмағанмен, құнара қайталап көретін бір ғажап түсі бар.

Бұлар үйленгенде Қарабас тәгіп-шашып, ой-қырдағы теңізшілерді түгел жиып, айран-асыр той жасады. Содан ертеңіне ерлі-зайыпты болып қол ұстасқан бұлар келінді қолымызға түсірмедің дей өкпелеп, жақсылықтарына келмеген Ізбасардың жағалау кәсібіндегі әке-шешесіне сапар шекті. Жалаулатып, үкілетіп, моторлатып аттанды. Соңдарына жүздеген желкенді кемелер ілесіп, шашбау көтерісті. Теңіз үсті өмірінде көріп-білмеген сән-салтанатты тойға куә болды. Шексіз теңіз кеме-кемеден қосыла шырқаған әнге тербеліп, теңселіп тұрды сол күні. Сонда қайыната босағасына қарай жүйткіп келе жатқан қалың шеруді бастаған мотордың ұшар басында Ізбасар мен Гүлбаршын жұптарын жазбай қол ұстасумен тұрған. Карсы беттен ескен самалдан Гүлбаршының ұстіндегі ақ торғын көйлек, жібек орамал желбіреп ол қолын көтерсе болды — желмен бірге қалқып, ұшып кетердей бір халде еді. Гүлбаршын өміріндегі ең бір қуанышты сәті ме — түсінде де соны қайталап көре беретінді шығарды. Көрген сайын бір жасап қалатында.

Өкпелі шал-кемпір қайтті дейсіз ғой. Қуанғаннан аяқтары жерге тимей, төбелері көкке жетті. Соның бәрінің жымын тауып, тігісін жатқызып үйлестірген Гүлбаршының өзі. Болмашы бір қылғымен көңілдегі шеменді жуып-шайып жіберді. Өзге келіндердей мызылып-сызылып жатпай есік алдында шекеден қарап шікірейісп тұрған ата-енесіне жүгіріп барып, беттерінен сүйіп-сүйіп алды да, тізе бүгіп, алдарына жалп етіп отыра кетті. Ізбасар кейін бір оңашада: «Әдептен аттап мұның не?» — деп құңқілдеп еді: «Өмір бойы ата-енелі болуды аңсағам, оның несі айып», — деп ақталды келіншегі. Ізбасар шын адап жүрекпен істелген жақсы қылғықтың ешбір әдеп-ғұрыпқа

шетін еместігін, оны қайта көркейтпесе, арзандатпайтынын сонда байқаған. Ескі ата салтқа қatal көнекөз қариялардың өзі ата-енесін құшақтағанда тұрған оғаттық жоқ, қайта жақсы ырым деп бас шүлғысты. Сол сол-ақ екен, Гүлбаршын қаздай қалқып, келіндік жөн-жосықтан бір жаңылмады. Қабақ астынан баққан міншіл жеңгелердің өзі тілден байланды. «Бәрекелді, келінге жарыған екенсін» болды елдің бірауыздан жапырлап айтқаны. Шал-кемпірдің баладай бал-бұл жайнап, куаныштан ұшып-қонғанын көрген Ізбасар өзін шексіз бақытты сезінген. Сол бақыттың сабасы ортайып көрген емес әлі де. Құлағын тұрген Ізбасар біреудің батылсыздар есік қағып тұрғанын естіді. Бұл кім болды екен? Бейуақытта оны ешкім мазала-маушы еді, қазір оған тіреліп жатқан тығыз шаруа да жоқтың қасы. Рас, Ізбасар Ақжайма — Қарақолтықта, сосын Астрахан — Гурьев, Гурьев — Баку, Кетік — Шағадам¹ араларында ағылып жатқан әскери кеме жолдарын торитын шолғыншыларға бас болуды өз міндетіне алған. Олар тығыз шаруа болмаса, алыстан ат сабылтып күнде келе бермейтін, көрген-білгендерін, айналаның аужайын аптасында бір хабарлап келіп-кетіп тұратын. Айнала төнірек тыныш болғанымен, көктемнен бері суда да, құрылышта да үнемі итжығыс ұрыс жүріп жатқанмен, бұларға қараған аймак әзірше бейбіт, тыныш. Әскери кемелер алыстан дүрбі салып аужай андықсанмен, Ақжайма — Қарақолтыққа жуыса қойған жоқ әзірше.

— Бұл кім? — деді Ізбасар ақырын ғана.

— Митрофанычтанмын, — деген сақ, баяу дауыс естілді.

Ізбасар есіктің ілмегін ептең ашып, іш киімшең сыртқа шықты. Қараңғы дәлізде қарағайдай серейген біреу тұр.

— Ізбасар ағамысыз?

— Т-с-с.

Ізбасар оны қолынан жетектеп шаланың ашық тұмсығына қарай алып жүрді. Дала көзге тұртсе көргісіз тастай қараңғы. Теніз бетінде бір жылт жоқ, ну орман, қалың тұлейдей тұнеріп жатыр. Ізбасар қанша үңілгенмен, тұнгі жолаушының бет-ажарын андай алмады. Сонын амалсыз сіріңке шағуды өтінді.

— Мені танымассыз, ағасы.

— Сондықтан да жүзінді көруім керек емес пе?

Жігіт сіріңке тұтатты. Ізбасар оны көріп-тансып алған соң:

¹ Кетік — Форт-Шевченко, Шағадам — Красноводск.

— Ал айта бер,— деді.

Жігіт Митрофанычтың сәлемін тақ-түк қысқа ғана баян етті: Ахтандар Гурьевте, сол баяғы жырылып қалған беті қайтып оралмаған. Аман деген сырт хабарлары ғана бар. Солармен байланысқа шығу керек. Орал-Жайық бағытындағы уақытша сәтсіздіктер Ракуша мұнайына жету мақсатына кедергі бола алмайды. Жанармай баяғысынша тапшы, зәрулік бұрынғыдан бетер қыстап тұр. Астраханның Ракуша мұнай қоймасымен көбірек айналысып кеткеңін, жалпы Түркістан майданының алдында тұрған басты мақсаттың өзі мұнайға жету екенін, Гурьевке өңмендегендеге нені көздең отырғанымызды ендігі жау жағы андаған да шығар. Гурьев бағытындағы майдан шабуылы сәтті болып, жау шегіне қалса, мұнай қоймаларын маған да жок, саған да жок қып талқандап кетпесіне кім кепіл? Басқаға болмағанмен, оған ақылдары жетеді. Үлкен өлім-шығынға қарамай, барлық күшті төгіп, Гурьевке жетіп барғанда, мұнайдың орнын сипап қалсақ, өкініштің үлкені сол болмақ. Сондықтан, сіздерге Ракуша мұнайын қорғау міндеті жүктеледі. Бұл бұрынғы тапсырмалардан анағұрлым қын да қауіпті екенін ежіктең айтып жатудың қажеті шамалы. Бұл шаруаға өзінің бас болу керек екенін, Ақжайма теңізшілерінің қолғабыс көрсетініне сенім білдіріпті.

Тапсырма қайта ежіктеуді қажет етпестей анық еді. Ізбасар желкесін сипалап ойланып отырды да, бір күрсініп алып:

- Шалдың өзі аман ба? — деп сұрады.
- Аман, аман. Шапқылап жүр.
- Қайда істейді? Тапсырма бергеніне қарағанда...
- Иә, дұрыс айтасыз. Әскери инспекцияда. Брагинскийдің қарамағында.
- Астраханның жағдайы қалай?

— Баяғысынша қоршауда, бірақ жаудың бұрынғы екпіні жок. Қызылжардан әрі аяқ аттапады.

Ізбасар шолғыншылар арқылы Астрахан бағытындағы майдан жағдайын егжей-тегжей біліп отырған.

- Митрофаныч тағы не айтты? — деп мошқады ол.
- Теңізшілердің тағдыры — осы мәселеге қаншалықты қолғабыс көрсетумен тікелей байланысты болуы ғажап емес.

Бұл іске, Қарабас қауымының тағдырына, басқа емес, Митрофанычтың араласқанына қуанды Ізбасар. Не дегенмен, ол бұл жақты білетін, теңіз сауған балықшылар тір-

жің, ғлардың нағыз қаратабан кедей екенін өз көзімен көріп кеткен. Бұларды бір түсінсе, сол ғана түсінуге тиісті. Әрі өзі біреуге болсыннан басқа бөтен ниеті жоқ кішіпейіл, ізгі жан.

— Өзің қайдансың? — деп сұрады Ізбасар тұнгі жолаушыдан.

— Жамбай балықшысымын.

— Менімен байланысып тұрамысың енді?

— Ол арасын білмеймін. Митрофаныч қалай десе, солай болады ғой.

— Ендеши, сәлем айт: тапсырманы ұқтым. Жақын арада Гурьевпен жалғасуға тырысам.

— Мен енді жүрейін, ағасы.

— Жолың болсын, сәлем айт.

Ұзынтура жігіт көлеңкедей жылыстап шығып кетті. Сәлден кейін шаланның арт жағынан желкенді кеме жырылып шықты да, қараңғыға сіңіп жоқ болды. Ізбасар байланысшыны алып-келіп жүрген өз жігіттері, Қарас қауымына қатысты теңізшілердің бірі екенін іші сезді.

* * *

Бір қауым жұртқа осы толқыны көпіршіген көк теңіздің кіндік қаны тамған атамекен болғалы қашан. Еске түсіре бастасаң — сұыртпақ жіп ұшы есте жоқ ескі замандардың қойнауына қарай қайқандайды: адам адам болғалы, жер жараптасаң да, арқаны әріге салады көнекөз қариялар. Не де болса осы кәрі Атыраумен бауыры бітісін, онсыз өмірі қараң, жадырап күле алмасы, шалқақтаң жүре алмасы аян. Өз қауымының кекілінен жел ескен дәуренде күндерін — Атырауды аяғымен кешкен құдіретті Абыралы атаманмен байланыстырады. Ол туралы әңгіменің көзбен көріп, қолмен ұстағандай нақтылығына қарағанда, Абыралы не жын, не пері емес, өмірде болған адамға ұқсайды. Теңізші қауым өздері ғана танып-білетін, бөтен көзге есілген толқыннан басқа белгісі жоқ — «Қызылбастың күйрекен ойы», «Ақ патшаның кемесі кеткен», қысқаша «Кеме кеткен» деген теңіз ортасында жалпақ су, жайылма айдындар бар. Қалай дегенмен де, Абыралы тұсында теңізші қауым айналаға қайрат көрсететіндей айбынды болған, айтуларынша.

Қауымдағы ең жоғарғы дәреже — ханы да, қолбасы да — атаман. Басқа әкім болып көрген емес, басқа әкімді мойындаған жан емес өздері-өз болғалы. Атамандар уақы-

E:\18.09.13\edil+\edil0.tif_page_90
ты келгенде дүниеден кезегімен көшіп отырған. Назар
атамандар артына мола қалдырмаған. Не күнінен бұрын
төңізге ағып өлген, не өлгеннен кейін денесін үш буғызып,
төңізге тастатқан. Одан өткен атаман аруағына құрмет
жоқ, есте.

Қазіргі атаман — Ізбасардың қайын атасы Қарабас. Оны анадан олқы, мынадан кем еді деуге ауыз бармайды. Ізғындай жұртты соңына ертіп, көш бастағалы, міне, отыз жыл. Макұлын мақтап, тентегін тыйып, шашау шығармай уысында ұстап келеді шетінен ақи көз басасауды. Айтса айтқандай, атамандығында кемдік жоқ, төңізші қауым десе, ішкен асын жерге қоятын назар енреген ердің өзі. Кешегі күндері ел аузында азыз болған, балықшы қауымның игілігі үшін атаманға тән ірі мінез, дөң айбат көрсетуден табаны таймады. 1916 жылы жігіттерді әскердің қара жұмысына бермейміз деп, балықшы қауымды бір тұнде аяғынан тік көтеріп төңізге қашып, Ауған асып та кете жаздады. Тек Шағадамға таяғанда соңдарынан төңізшілерді солдатқа алмаймыз деген қуғыншы хабар жетіп, кері оралды. Сонда, сол жойқынның қалың ортасында Карабастың қазаншы баласы Ізбасардың өзі де болған. Атаманның қажыр-қайратын өз көзімен көрді. Құшпен қайырамыз деп Кетіктен шыққан темір сауыт зілмауыр кемелерді айла-шарғымен көпекеренеу қайраңға қайырлатып жер соктырып кетті. Қарабас Атырау тұбінің жыра-жықпылы, ой-қырына жетік айтулы сұңғыланың бірі екені даусыз.

Құрысын, босқан елде не сән, не мән болушы еді. Екі дүние ергізде ұрым бұтағыңың басына бермегей. Бір тұнде тік көтеріліп кеткенде ілескендер ілесті, ілесе алмандар қара жұртта қалды. Біреу қаттасынан, біреу қарындастынан, енді біреулер ұзак жолға ере алмайтын жер таянған кәрілерінен тірідей айрылды. Ағайынмен арызdasа алмаған, қатарымен бақылдаса алмаған, сүйгенімен қоштаса алмағандар қаншама! Тіпті қыр бойындағы ағайын ауылдарға қыдырып кетіп, жылы ошағынан көз жазып қалғандар да аз емес. Жұртының орнын сипап, күлі шашылған, қаныраған қара шаңыракты көргенде ол байғұстардың күйі не болды десенші! Құсадан ақылы ауысып, әлі күнге дейін үйіріне қосыла алмай жүргендер де бар. Үштөрт бозбала босқан елді қайықпен соңынан қуамыз деп, дауылға тап болып із-түссіз ол кетті.

Босқан ел де не жетісті дейсің? Құсадан күніреніп, құдайдан өз басына өзі өлім тіледі. Туған топырақ көз

үшін а батып көзден жоғалғанша, үлкен-кіші қол булғап дауыс салып ботадай боздады. Кемелерге тиеп алған қойешкі, сиыр-торпак жарыса мөңіреп құлақ тұндырды. Жарбасында қыңсылап үріп, зар илеген иттер кемелердин сонынан салып, улап-шулап біраз жер жүзіп келді де теңізге жұтылып кетті. Осы бір қайғылы көрініс омыртқаңдан жұлын суырғандай тәбе қүйқанды тітірентіп әзіз жаннан бездірді. Сол жаз теңізші торларына өлген иттің өлекесі жиі ілінді.

Әуелі ауып Кетік барды, адайлар қоныс бермеді. Өздерінде де тентек жігіттер атқа қонып, Тұпқараған түбегін шаңдатып жатыр екен. Кетіктің комендантты жуытпай, үстерінен асырып доп атқан соң, бұлар Шағадамға бет түзеді. Сол кезде елдің зар илеп, қан жылағанын көрсөн. Катын-балаларды үлікке тығып, қамап тастауға тура келді. Содан әйтеуір қожалары Алексеев көпес азаттық қағаз алып, ит өлімнен кері қайтарды, қайтармағанда күйлеріне болары бір күштіге ғана аян еді. Шет жерде көздің жасын көл қылышп, зар-жоқтауын айтып, аңырап жүрер ме еді, қайтер еді.

Сәтін салғанда құдай ондал, екі айдан кейін туған топыракпен қайта қауышты. Көрген бейнет бір күндей десіп, дәтке қуат, шүкіршілік етісті. Десе де... көңіл орнына түсіп, жара аузы бітелгендей болғанмен, содан кейін-ақ теңізшілер қауымының иті ілгері баспай қырсықты. Шашылған шаруа, кеміген ырыздықтың кемері толмады, оның үстіне іргелес көршілермен де қабактары жараспай, әй-шәйлері тым көбейіп кетті. Ал одан мынау жақтасқан жаугершілік, ат сабылтқан жортуыл жағдайларын қындаратқан үстіне қындаратты. Босқын боп белен алған көңілден тұрлаусыз нәрсе жоқ екен: тәубеге келіп, ірге басып орнығы орнына «ай, бір береке кеткен соң, бұл бізге қайырлы жұрт болуы қын-ау» деп, айнып-толқып, қит етсе тағы да қопарылғалы отыр.

Ізбасардың жанына жарадай бататыны осы. Ел арасы тағы бұліне ме деп, зәре жоқ. Енді бүлінсе — біржола құрығаны. Заман ажары адам аямастай қанына безеріп, қатайып тұр. Откенде серігінен жырылып, Астраханға бармай қалғаны да содан: лаулаған өртке соқтығып, біржола күйіп кеткелі тұрған елге қарлығаш қанатымен су сепкендей септігім тиер ме деген үміт:

Ізбасар шалан сыртында толқыны шылпылдаған, қара ормандай тұнерген қара теңізге қарап отырып, осымен әйел етегінен ұстаған тыныш өмірдің тәмам болғанын

шамалады. Қимылдап қалатын, алынбай жүрген аштердің шүмектеп таматын кезі енді келгендей. Өзі де бусыт хабардың алыстан иісін сезгендей қарадай елеңде тұғырда ұзак отырып, еркіндік сағынған қаршығадай бйын таранып, қанатын созып іштей түлеп жүр еді. Ол енбаяғыдай басы қисайған жаққа шабуылдап жүре берет сүр бойдақ сабау қамшы емес-ті. Аландайтын, керек болса кеуде салып қорғайтын жылы үя, отан-ошағы ба басы байлаулы азамат-ты: ол енді балықшы қауымыны тағдырын бір ойласа, қайын атасы Карабастың тағдыры екі ойлауға міндетті. Бөлек-бөлек ойлай алмайтыны жәнбар. Әзірше ол Карабаспен бет ашысып сөйлескен емен. Оның орайы тілеңбей-ақ өзі бір келер деп жүрген. А салпынауыз Ысмайыл болса мұның Гүлбаршынға үйлене тіні анық болған соң, бір түнде із-түссіз ғайып болды. Естимей, табыннан шыққан бұқашықтай біржола кетті мәлде басқа қауырт шаруалармен жүр ме — ол арасы Ізбасарға әзірше беймағлұм. Шамалауынша, балықшы қауы арасында бұл тұрғанда өзіне тендік тимейтінін түсін, білем, ол байғұс.

Гүлбаршының Ізбасарлап мұны іздеген даусы естілдеде, артынша қараңғы дәлізден көйлегі ағарапдан өзі дышыға келді.

— Неғып отырсың? — деп, күйеуіне сүйкеніп, толқын шылпылдаған қара шұңғыл теңізге қарап: — Ыща! — дей омырауын қымтады.

Қарабарқын аспаннан әлсін-әлі жүлдyz сорғалағай шілде аяғының айсыз қараңғы түні ғажап әдемі еді. Теңі үстінен қоңыр самал желпіп, кемелер баяу ғана тербеліп бас шүлғиды. Ол келіншегінің неге тітіркенгенін түсінбеі Гүлбаршының соңына еріп, бөлмеге қайтып келді.

— Шамды сөндірейін бе?

— Мейлің. Сөндірсең сөндіре ғой.

Ізбасар төсегіне қисайғанда Гүлбаршын оны тас қыңқышақтай алды. Екеуі тағы да денесімен дене боп бітісі кетті.

— Біреу келді ме? — деп сұрады Гүлбаршын бір демнен соң.

— Жо-ға, кім келуші еді?

— Есік қағылғандай болып еді ғой.

— Жоқ, естігем жоқ. Жел шығар...

— Маған солай көрінген ғой, әлде түсім бе екен...

Гүлбаршын іле-шала қайтадан үйықтап кетті. Ізбасар енді одан басқан қадамын жасыра алмайтынын, жа-

E:\18.09.13\edil+\edil0.tif page 93
сырғанмен бәрібір біліп-сөзіп қоятынын ұқты. Сөйтеп тұра оған ештеңе ашып айта алмай, іштей булығатының алдына ала болжады.

2

- Қайырлы таң, Карага!
- Э, Ізбасармысың? Аман өрдіңдер ме, шырағым.
- Аяғыныз қалай?
- Оның несін сұрайсың? Кәріліктің сәні шамалы екен, баксым.
- Қарасордың тұзына барсаныз, құлантаза айығып кетер едіңіз.

— Е, ол қолжетпес арманға айналды емес пе?

Аяқ ауру, тізе қақсау — балықшының кәрі жолдас, көне серігі әзелден. Судан болатын деріт. Жер ортасынан асысымен-ақ, аяқтан қала бастайтын әдеті теңізшінің. Жылда күн ысысымен, Нарындағы Қарасордың тұзына шұбалатын жұрт қос-қос боп. Қазір Астрахан — Гурьев екі аралығында сабылған әскер жолды кесіп тастап, ділгер боп отырғаны мынау.

Қарабас әрі қарауыл қарап, әрі таңғы шуаққа қыздырынып, тізесін уқалап шаланның үстінде дүrbісі бір жағында, қылышы бір жағында шашылып отыр еді. Күн арқан бойы көтеріліп қалғанмен, шаланның жанында бірде-бір кеме жок, тұнгі құрымнан әлі оралмаған, Көз жетер төңіректе де қара-құра көзге шалынбайды. Теңізшілер балық білінді деген соң, кеше кешкісін желкендерін қақшита керіп алғып, ұлы теңіздің төріне қарай тартқан. Шамасы жер асып тым ұзап кеткен сияқты.

Төменгі жақтан шелектің даңғыр-дұңғыры естілді. Жұмысшы жігіттер шелекпен шаланның сұын төгіп, түбін тақырауға кірісті.

- Қалай? Көп өніп тұр ма? — деп сұрады Қарабас.
- Әжептәуір, тізеге жақындалты. Тұп тақтайлар шіріген, биыл қыс жөндеуге қоймасақ, болмайды-ау. Суды төге-төге жігіттердің алақандары жауыр болды.

Шаланның тұп тақтайынан көптен бері су еніп тұрғаны рас. Ұсақ-түйек жөндеуге көнер емес. Төрт-бес жігіт күні-түні бел жазбай су төгіп, жаз бойы иықтары салбырап, әбігерден арылмай келеді. Осы жәйт жанына батты ма — Қарабас шүйдесін қасып, ойланып отыр.

— Жағалау жақтағы шолғыншылардан не хабар бар? — деп сұрады ол бір кезде.

— Алдыңғы күні қатынап еді, тыныштық айтады. Ақжаралдар Забурынды иеленіп алған сияқты.

— Ақкөсенің суының мөлшерін білді ме екен?

— Сұрамадым.

— Соны қадағалаши. Білсін. Қазу керек болса, сунай тұрып қазып алайық.

Ақкөсе — жалпақ теңізден Қарақолтыққа енетін тақалта-шығанак. Қарабастың биыл жағаға, ел шетіне барып қыстамақ ниеті анық болды. Ол өткен жылы құрылыққа жоламай, осы көк теңізде, қалың мұздың арасында қыстаған. Осы ара кемеден қаланған үйме-жүйме шағын қалашыққа айналып еді. Ол теңізші елге таңсық нәрсе емес-ті. Шағын балықшы кемелерді мұз үстіне сүйреп шығарып, кәтекке қойды да, үліктерді қымтап-бітеп, үядайбып ап, қиналмай қыстап шықты. Сосын көктемнің алғашкы жылымығы білінгенде майлап, жөндеп, мұз ерігенде сенмен қабаттаса теңізге қайта түсірді. Өткен жылы осылай қыстап шығып еді. Ешкімнің міні құраған жок, тек балықшы қауымның көк теңіздегі аяқ суытып, ат байлар кіндігі — бір өзі кішігірім ауылдай дәу шалан жөндеуден өтпеген. Оны мұз үстіне шығару да, мұздың көтеруі де кын. Сол енді жаз бойы сыр бере бастаған.

Қарабастың құрылыққа жуымай, арқаны аулак сап, көзден жырак көк теңізге шеттеуінде себеп жок емес. Эу баста дікеңдеп төбелерінен шыбық ыскыртқан қызыл комиссармен араздасып, ірге айырып шықкан-ды. Бұлар кеткен соң, Забурынның жағдайы мәз болмады. Көпестер мен батаға иелері бір түнде қызыл өкіметті аяғын аспаннан келтіріп, төңкеріп тастады. Қызыл комиссар Коломицев Астраханға дамбалшаң қашып, зордың күшімен жанын сүйреп, азар құтылды. Содан кейін Забурынды ақ казактар басыбайлы иемденіп, әскери базасына айналдырып алды. Олардың айналасындағы елге тізе батырмаса, іштеріне ас батпайтын қашанғы әдеті емес пе? Біресе балық, біресе көлік сұрап, бұларды ығыр етті. Онымен де қоймай, әскер қажеттеріне желкелеп жұмсайтынды шығарды. Қарабас олармен осы тұста ұстасқан. Мылтық кезенісуге дейін барды. Ақыр аяқта шаң-шұң шығарып, атысып тарасқан. Содан бері олар бұларды құрылыққа, бұлар оларды теңізге аттапай, текетірес, қырғи қабақ бол отырғаны мынау.

Шаланның жағдайы болмаса, Қарабас ел ішіне биыл да бас сұққысы жоқ-ты.

“Ізбасар қайын атасына келген шаруасын айтты.

— Карага, мына моторлар осылай байлаулы тұр

бере мег? Күз алғы қырдың астында емес, хабар берер кешікпей. Каашаның жел қузында қолымыз кесілді ғой.

- Да, қайт дейсің?
- Май керек.
- Керек екенін білем. Қайдан аламыз оны?
- Кетікпен не Ракушамен байланысып көрсек қайтеді?
- Кетікте май жоқ. Ал Ракушаң берे қояр ма екен?
- Алақан жайып, қайыр-садақа тілемеспіз, ақшамызға берер, не бопты?!
- Балам,— деді Карабас Избасарға бұрылып, оны алғаш рет осылай атап тұрғаны еді.— Ата жауыма жалынып көрген жан емен. «Жақсы ит өлімтігін көрсетпес» деген, жоқтығымызды соларға білдірмей-ақ қоялық. Тауықсыз да таң атқан, моторсыз да амалдармыз.

Атаман Карабастың Гурьевпен шығысуы әдегендеге осы Ракушадан басталған. Ақжайма-Карақолтық балықшылары жана майды сонау ит жылынан бері — осы Ракуша қоймасынан айырбасқа алып келген. Көсіпшілік қожасы көпес Алексеевпен жиырма жылға қол алысып, мөр сүйікен келісім шарттары да бар еді. Төңкерістен кейін қойма қожасы сабындаған айныды: бұрынғы қожаларың жоқ, сендерге енді түк татырмаймыз деп. Е, макұл, жарайды, солай-ақ болсын: буынсыз жерге пышақ ұра алмайды ғой. Жоқ адамды қайдан іздел тапсын енді? Карабас өз атынан сөз салып, кепілдік қағаз жасаспағанмен, он қолмен беріп, сол қолмен айырбасқа алуға ауызша келіскең. Қойма басшылары күніне қырық құбылып, сөздерінде тұрмады. Айнала беріп уәдені бұзып, танып шығады. Бұлардың мұқтажын көріп, бағаны шырқатсын кеп. Ол өз алдына ғой, әсіресе бұлдағаны, жалындырғандары батты. Басқа тұрсын, қасарысса қан алатын темір шеңгел ақ патшаның да уысына бір сыйса, бір сыймаған өңкей телі тентек теңізшілер қашанғы басындыра берсін, бірде шартпа-шұрт кетіп, берсең қолыңнан, бермесең жолыңнан деп қитыққан. Айтқандарынан қайтпай, майды күшпен тартып әкеткен. Соның есесіне келесі қатынаған майшыларды өлімші ғып сабап жіберіпті. Содан әбігер басталсын. Тенізшілер торып жүріп, бір тунде Ракушаны қоршап алып, аралдың қарсыласқан жұртын суға салып сабап, алатынын алып, өздерін бақан басына байлап кеткен. Ракушада әскери күзет содан кейін пайда болды. Тенізшілер онымен де қоймай, май керек кезінде жолдағы мұнай баржыларын шауып ала берген соң, оларды қарулы

әскери кеме күзететінді шығарды. Әстіп, екі араның даушары ушығып кеткен еді.

— Мұнай баржылардың бірін шауып алсақ қайтеді? — деді Ізбасар.— Күзет жоқ жерлерді шолғыншылар байқап келді.

Ізбасардың мотор жайын алабөтен құнтарауды тегін емес. Май — қаныңа бірдей, жүріп-тұруға онтайлы көлік болса, жалпақ теңіздің төрт бұрышына шашылған қыруар шаруаның басын түгендедеу жеңілдер еді. Оның үстіне жел-құзды күз де алты қырдың астында емес, енді бір демде іргеден сыйалары даусыз, одан кейін қылышын сүйреткен қысыңыз тағы бар. Етек-жеңі далиған мамыраҗай Атыраудың күз басы қылаң берді-ақ, маңдайы тарылып, мінезі қырсауланатын әдеті. Аспанда бұлты, айдыннында тұманы жүйткіді ертелі-кеш. Жауын-шашын молаяды. Оған кеп соқпа жынданай ұштырма дауылдар ұласады.

Теңізші қауымның тандайына татыған ең ауыр індет — ығыс деген пәле тағы бар. Терістіктен оқыстан дауыл тұрып, бейғам кемелерді алдына салып аласұрған ашық теңізге айдал кетеді. Одан ілуде біреу болмаса, аман оралған некен-саяқ. Не көк теңізге жұтылып, ізім-ғайым жоғалады, не Түрікмен, не Қызылбас өтіп, таптырмай кетеді. Жау шаппай іргесін жауға алдырып, жыл он екі ай қара жамылып отырғаны елдің. Теңізші қауымнан тыныштық тайып, анда екен, мында екен, ойбай, түрікменде тентіреп жүрген көрінеді, Қызылбаста құлдықта екен, әлен айтты, түген айтты деген қауесет гүлдейді. Үіғысқа ұшыраған әлгі теңізшілердің ағайын-тума, бала-шағалары жер сабалап жылап, үйінен кетпеген соң, амалың жоқ — таптырмайтынан ішің біліп отырса да, жасақтап іздеуші шығарасың. Ара-тұра олардың өзі де із-түссіз кетеді. Әйтеуір не керек, жоғалған табылғанша, не жаз айналып, қыс түсіп, тағы біреулер ығысқа ұшырап, жаңа әбігер басталғанша, жарғақ құлағың жастыққа тимей, тілің салактап жүргені. Ал күр аттай шауып тұрған моторың әлгіндегі алапатты болдырмас еді: жел-құзда шілдей шашылған кемешілерді тез-ақ жиып, теріп алар еді.

— Күте тұрайық,— деді Карабас.— Мүмкін кешікпей, Үісмайылдан бір хабар болып қалар.

— Ол қайда еді?

— Жымпитыға кеткен. Жаңағы шаруаны да реттемек болып еді.

— Қызықсыз ғой, Гурьев өлсек, аузымызға қара су тамызар ма?

— Уәлдаят басшылары арқылы келістірмін деген. Аш құлақтан тыныш құлақ, әзірше қоя тұрайық. Әрі Баку, Мақашқала жаққа керуен жөнелтпек ойым бар.

Бұрын бір ойын ашып айтса, екіншісін таңдайы астына бүгіп қалатын Қарабас бүгін ештеңені бұлдыратпай көкейін ашықтан-ашық жайып салып отыр. Иә, керуен жайын қазірден ойластыру керек-ті. Биыл қара азықты бір тапса, сол жақтан ғана табады.

Ал енді Қарабастың Үсмайыл туралы айтқандары Ізбасар үшін тосын жаңалық еді. Оны қарасын біржола батырған шығар деп жүрсе, олай болмады: Жымпитыдағы әміршілерінен ақыл сұрауға кетіпті. Онымен қоймай, атаманды да бүйдасының бір үшіна байладап үлгеріпті. Істеп жүрген құлығын көрдің бе, ішмерез найсаптың. Ізбасар басын шайқап, ашына мырс етті. Онысы атаманның назарынан тыс қалмады.

— Неге күлдің? — деді Қарабас басын көтеріп.

— Жәй, Қараға.

— Жәй болса жарады. Ал бірақ... — Қарабастың торғай қанатындей жалба-жұлба, ұйыскан буырыл қасы маңдайына түйілді. — Біздің арамызда бүгетін сөз, жасыратын сыр болмағаны абзал. Солай емес пе?

— Сөз бар ма! Әлбетте, Қараға.

— Е, солай болғаны жөн.

— Біз өлсек бірге өлетін, тірілсек те бірге тірілетін тағдыр қосақтаған жандар емеспіз бе?!

— Үқыласыңа рахмет, балам.

— Ақкөсеге мен өзім барып келейін.

— Келіншегің жіберсе, бар, — деп жымиды Қарабас.

Көгермесе, ғұмырында қызармайтын Ізбасардың екі беті құлағына дейін ду ете қалды. Соншама неге қысылғанына өзі де таң. Бұл сөзде өзгелер аузы барып айта алмай жүрген бір шындық бар ма еді, әлде Қарабастың әзілі төбеден ұрғандай тосын болды ма — әйтеуір екі беті шиедей боп кетті. Ізбасар әлгі сөз Қарабастың әзілі емес, шыны екенін, отауына қайтып оралған соң түсінді. Гұлбарышын ешқайда бармайсың деп, жолына кесе-көлденең жатып алып, қиғылықты салды. Ізбасардың не істерін білмей есі шықты.

— Ойбай, ұят болады, — деді ол сасқалактап.

— Түк те ұяты жок. Ешқайда бар ғысың.

— Ойбай-ау, атаманның өзі жұмсап отыр ғой.

— Ендеше, жұмсама дейін, басқа адам жіберсін.

Ізбасар жұлынып есікке ұмтылған Гүлбаршының әкекөкелеп азар тоқтатты. Алдап жатыр, жұбатып, ақыл айтып, түсіндірген болып жатыр. Оның айтқанын құлаққа ілер Гүлбаршын жоқ.

— Ендеше, жалғыз қалмаймын. Өзіңмен бірге барамын,— деді Гүлбаршын.

Ізбасардың көнбеске лажы қалмады. Гүлбаршын еш уақытта жалғыз қалмайтынын, кайда барса да, тіпті аузын арандай ашқан ажалға болса да, қол ұстасып, ілесіп бірге баратынын бүкпесіз ашып айтты. Бір жағынан күйизеліп тұрғанмен, бір жағынан бұл ер көніл сөзі үшін келіншегіне риза болды Ізбасар.

Сол күні олар желкенді кемемен Ақкөсеге жүріп кетті.

* * *

Ақкөсенің қылтасы шынында да ірі кемелер қайырлап өте алмайтындей, саязсып, шөп-шаламға толып, сусыма құмға қақалып бітеліп қалыпты. Теңізге шықпай, кәрі бүркіттей өзен кәсібінде тышқаншылап жүрген балықшыларға хабар салып шақыртып алып, екі күндей қылтаның шебін шаптырды, кенерін кеңітті, түбін тазалатты. Ақкөсे қылтасы дем салғандай кеудесіне жан кіріп, қара ағыстанып сала бері.

Ол әлденеге алағызып, асығулы еді. Қылтаны бол да болдың астына алып, елге бір сәт дамыл бермей, төбеден төніп жүріп қаздырды. Ол шаруа бір жайлы болған сон, балықшыларды желкелеп қуғандай ғып жөпелдем таратты. Содан кейін ел аяғы басылысымен-ақ Ақкөсенің батыс шалғайында түлей ормандай тұтасқан қоғалы-қамысты қорысқа қарай тартты. Астындағы кеменің түбі жер соғып қайырлағанға дейін жақындаپ барды да, желкенді жығып, мәндайды желге беріп, ленгір тастап түнемеге тұрды. Сойдауылдың басына шашылған қос құлаш жасыл жалауды төменірек сырғытып, бос тастап, желге ұшырып бұлғактатып қойды. Бұл теңізшілердің қажет адамын шақыру белгісі еді. Ізбасардың бұл әрекетіне жанындағы серігі бала жігіт Қалмұрат пен келіншегі Гүлбаршын таңырқағандай көздерін қиғаштағанмен, Ізбасардың түнеріңкі тұнжыр қабағын танып, мошқауға батылдары бармады.

Ізбасар іргедегі ит мұрны батпайтын қалың қопаға қарап қойып, кеме құйрығында езуінен тұтіндең, үн-тұнсіз ұзак

отырды. Гүлбаршын мен Қалмұрат ара-тұра сыңғырлап күліп, сыбырласа сөйлесіп, қазан көтерген боп жатыр.

Ізбасар ел-жұртынан безіп, құла тұз, қалың түлейге қаңғып кеткен ел аузында «жабайы» атанған нағашысы Пірәліні іздеп келіп отырған. Ақкөсеге келгендегі ішкі есебі «жабайымен» жүздесу еді. Оның осы маңда екенін біледі. Қопа көзген балықшылар «жабайының» өзін көрмегенмен, оның аунап кеткен орнын, жатып кеткен жатағын, құс ататын күркесін көріп, «жабайының» өзінен емес, көлеңкесінен қорқып, демігіспе жүретін. Ол атағы азызға телінген, жын-перімен шатысты деген жаман лақабы бар, елдің қарадай құтын қашырган шын жұмбак жан еді. Қопа арасынан қапелімде хабар болмаған соң, Ізбасар мазасыздана бастаған. Ұшарын жел, қонарын сай билетін жалғыз басты кезбенің бұл қопада атымен болмауы, бір жаққа жол шығып кетуі ғажап, емес-ті. Күн еңкейіп, көлеңке басы ұзарып, енді күдерін үзе бастаған кезде, қазандық жанында ағаш бұтарлап отырған Қалмұрат:

— Аға! — деп, қопа жаққа иегін көтерді.

Ізбасар не болғанын түсінбей, қопаны жағалай шола кеп, бір атшоқалдың тасасынан сығалап тұрған құс қайқты көзі шалды. Қуанғанынан орнынан атып тұрып, қолын бұлғады. Мұны шырамытты ма, әлде көзге бір шалынып қалған соң, қоян жүрек қорқақтай бұқпалауды ар көрді ме, болмаса өзіне бір шаруамен ат басын тірекен жолаушының аужайын аңдығысы келді ме — «жабайы» тасадан шықты. Ернеуімен айдын сыйған қалтылдақ қос тақтайдың үстінде етек-жеңі суға малынып, кәрі бүркіттей жарбып отырған нағашысы еді. Алайда ол кәнігің жырындылығына бағып, кемеге тұра салмай, қопаны жиектей бір қырын ақырын жылжыды.

— Піраға, мен ғой! Ізбасармын ғой.

Ізбасар ағалап ұшып-қонғанмен; «жабайы» сақтықты ұмытқан жоқ: бір жалжып, бір тоқтап, баспалап жақын келді де, Ізбасар екеніне анық көзі жеткен соң, қалағын суға тереңірек батырып, батылдана күреді. Ізбасар оны еңкейе құшақтал, кемеге көтеріп шығарды. «Жабайыда» ес жоқ. Айғыр тістері қалың сақалдың арасынан ақсаң етіп, ерсілеу барқырап кісіней күледі. Әбден тағы боп, адам құсап күлуді де ұмытқан ба сорлы байғұс.

— Мынау келініңіз,— деп таныстырды Ізбасар Гүлбаршынды.

— Естігем, естігем. Құсың құтты болсын, жиен. Бақытты болындар,— деп, Гүлбаршының маңдайынан иіс-

кеді де, Ізбасарға бұрылды.— Тек жақсылығында бола алмағаным ақінем.

— Іздегенбіз. Таптырдыңыз ба?

«Жабайы» бұл сауалға жауап қайтармай, аяқсыз қалдырды. Нағашысы күлкіні ұмытқанмен, сөзді ұмытпапты. Шәй үстінде желіп, есіп отырды. Кендірі кесіліп қалғандай, басқа дәмге қарамай шайға еңсе салып, баяғы аузымен құс тістеген кездегі әдетінше мандайды ақ сұлгімен қайта-қайта сипап қойып, күрен шайды мейірлене ұзак сораптады. Өзі азбапты. Таза. Сәл-пәл ақ ене бастаған қою сақалы да жөндем. Ізбасар еркек атаулының ішінде мұндай әдемі адамды бұрын-соңды көрген емес-ті: тік мандай, түзу мұрын, келіскең атжақты. Тостағандай көзінен шам барлап тұруши еді. Қазір сол жанағра кіреуке еніп, нұры таяйын деген бе, қалай? Шық шылаулы қоңыр күздей тұнжыр, бұйығы көрінді. Нағашысының келбетінен басқаша анау айтқан өзгеріс андай алмады.

— Эйелді қатырған екенсің. Тіл-көзім тасқа. Жақсы екен,— деді ол, Гүлбаршын шәй демдеуге сыртқа шығып кеткенде.

Келіншегінің нағашысына ұнағанына риза болған Ізбасар куанышын шала жасырып:

— Бұйырғаны да,— деді.

— Жақсы қыздың жақсы жігітке бұйырғаны да бір бақыт,— деді «жабайы» күрсінгендей боп.— Көбіне жаманға кезігіп қор болады ғой. Қосағынды тапқан екенсің, ұзағынан сүйіндірсін.

— Іздеген мен жоқ. Өзі келіп қонды қолға.

— Өй, тумай шек!— деп селкілдей күлді «жабайы».— Ана жаман жездейден туарсың ба, бүйтпесең. Баяғыда апамызды алған соң, бір барғанымда: «Бала белде, қатын жолда, мына қопаның арасы толған үрғашы»,— деп бескені есімде. Сіздің тұқымның қатын десе қағынып бөсетін бір қара албастысы бар ғой. Әй, бөркің қазандай болмасын, жиен. Жақсы әйелдің алдында кішірейгеннен тұралап қалмайсың, жақсыны танып, сыйлай білгеннен жаман болғанды көргем жоқ. Еркегіңе бергісіз үрғашы бар, шырағым.

Тілі жыбырлап, тиіскелі отырған Ізбасар кіді мінез адамның теріс жағынан келіп, андаусызда өрт шығарып аламын ба деп сақынып, тіл ұшына келген әзілін кері жүтты. Әсіресе, «еркегіңе бергісіз үрғашы бар» дегені алыс бір жайларды мензегеніндей еді.

Пірәлі бақытсыздыққа ұшырап, ел көзінен безіп, дала

кесіп «жабайы» аталғалы баяғы беріктері қақырадай салт бойдак, сабау қамшы серіктегі шығының кеткенмен, бұрынғы көңілдес әйелдері үмітпапты дегенді еститін. Бұл жүрген жерге сәлем-сауқат, киім-кешек жіберіп, кір-конын жуып тұрады екен деген де жалқыаяқ қауесет бар. Пірәлінің ел бетін көрмей, дүз кезіп жүргенмен, азып-тозбауының сырғы осында болар-ау деп іштей топшылап отыр қазір. Ал, нағашысы болса бір әлкисаны бастап кетіп-ті. Мына сырттағы құмда кезінде қоныраулы найза өңгөріп, жауға жалаңаш шапқан Шыман деген атақты көкжал батыр болған. Ол туралы «отамалы өткен соң, құралай қырға кеткен соң, ер Шыман белді буады» деп басталатын ұзак жыр да бар. Батырдың ұрпактары әлі күнге тірі, бір рулы ел. Бірақ жүртү, ата-бабалары ер Шыманнның атымен аталмай, қарт әжелері Ұлдайдың атымен аталыпты. Ел аузында «Құдайдан қорықпа, Ұлдайдан қорық» деген мәтел бар. Батырдың атын көмексілекен бұл қандай әйел: ақылды болған, сұлу болған, өжет болған айтса-айтпаса да. Ер Шыман жауына бықпыштай тиіп түзде жүргенде, елді уысында ұстаған сол Ұлдай екен. Жау жағы Шыманнан емес, Ұлдайдан қорқып, әлгіндей мәтел қалдырыпты кейінгіге.

— Келініңіздің арқасында атың шықсын дегеніңіз бе, нағашы? — деп күлді Ізбасар.

— Е, шықса несі бар? Ұлдай аталған жерде Шыман да қоса аталады. Ұлдай болмаса Шыманнның да аты әлде-кашан өшкен болар еді.

Қазақтың ат шығару деген бір дерті бар әзелден. Батырлықпен шығарады, байлықпен шығарады, болмаса тентектікпен шығарады — әйтеуір жалба тымактың астында аяқ жолын танитындей басы бар, аяқ қаптай кеудеде жылт еткен намысы бар пенде қалайда ел аузына ілігуге құмар-ақ. Колынан жақсылық келмесе, жамандыққа барудан да тайынбайды. Әйтеуір алқа топқа енгенде, қорқып сыйласын, құрметтеп сыйласын: «Ә, пәленше екен ғой!» — деп, ошарылып жол берсе болғаны. Сондықтан сабылып жау іздеушілер, ел жиылған торқалы той, топыракты өлім үстінде жалынып жүріп, біреудің дауын екі бағасына сатып алушылар болған. Уа, қазағым, түйе үстінен от көсегендей оғашсың да қызықсың-ау, тәңір жарылқағыр!

— Келініңізді сынаңызшы, Піраға, — деді бір кезде Ізбасар.

— Не сынайтыны бар? — деді Пірәлі сөзге келмей. — Көрініп тұр емес пе? Баласы бақайынан шығып тұрған жоқ па? Құрсағы құрғамас. Ер жігітке одан артық не

Бақыт керек?! Келінді оқсатыпсың, өзгесін оқсата алсаң.

«Жақсы сөз — жарым ырыс»— Ізбасар аузы жайылып, жымың-жымың етті. Ол «келініңізді сынаңызшы» дегенді сөз орайы келген соң әзілмен айтқандай болғанмен, бір жағынан шыны да жоқ емес-ті. Пірәлі жастайынан көп жорытып, ел таныған, жер таныған көзі қаракты, көнілі жіті азамат-ты.

* * *

«Жабайы» десе дегендей, атына заты сай маймақ аюдай жалғиған, күдіс жауырын қыр бөрісі еді. Жасы жас, қырықтарға жетсе жетіп, жетпесе жетпеген. Баяғыда бұл алғаш көрген кезде, әдемі, сұңғақ, қыз көзінің жауын алар жігіттің сұлтаны еді. Бақытсыздыққа ұшырағаннан бері, түр-түрпаты жаман өзгеріп, сырғытай мүшесінің емендей арбыып, әбден бұзылғаны бұл. Жабағы жұндей үйысып қалың өскен сақал-мұртының астынан ойқыш-ойқыш жақ сүйек, шодырайған шықшыты қоянтыбықта-нып шошайып тұр. Бет-аузы мысық тырнағандай быж-тыж.

— Нагашыңды танымай отырмысың?— деді «жа-байы».

Оған бір жағынан таңырқай, бір жағынан сынай қарап отырғаң Ізбасардың қысылып қалғаны рас.

— Жоға, неге танымайын.

— Элде таңырқап отырсың ба?

— Таңырқауым бар. Көрмегелі біраз болды гой.

— Иә, ол рас. Баяғыда апаммен келгенің бар еді. Содан бері көрмеген шығармыз. Нагашың қартайды.

— Шашыңызда бір тал ак жоқ, қайдағы қарттық.

— Тән емес, жан қартайды, жиенжан.

— Осының қоймайсыз ба?

— Нені?— деді «жабайы» қабағын керіп.

— Мына күйкі тірлікті...

— Оның күйкі екенін сен қайдан білдің?

Ізбасар жауап таба алмай, жауап тапқанымен, онысын жеткізіп айттар сөз аузына түспей, қипаң-сипаң етті.

— Иә, есі дұрыс, дені сау адамға күйкі екені рас,— деп «жабайы» мұның айта алмағанын өзі қирағаттай жөнелді.— Тұрпі де көрінер, бірақ етім үйрөнді. Басқанды қаламаймын да. Біреудің бетіне қарап жалтақтағаннан өткен қорлық бар ма? Адамға тәуелді болғаннан, табиғатқа тәуелді болайын.

— Басқа заман қеле жатыр ғой, нағашы.

— Эй, ол заманың да опа жаққан әйелдей беті ғана жылтырақ па дедім.

— Ол білмегенниң ғайбаты, бекер сөз. Есесі кеткенге есе тиер кез келді.

— Менің есемді жіберген жерім жок. Есебім түгел, шырағым!

Ізбасар сөз таппай тосылды. Оның алдында жәй біреу емес, атын атаса бұл өңірдің баласы жылауынан сап тыйылатын Пірәлі, сері Пірәлі отырған-ды. Бір кезде Атыраудың терістік бетін, сонау Орал тауының етегіндегі Текеге деңгі аралықты ән мен күйге тербеткен, бозбаланың құмары, бой жеткеннің аңсауы болған аты шулы Пірәлі емес де еді. Ауыл шетіне келіп, аттан түсіріп көтеріп алмаса, аяғымен аттап баспай серейіп жатып алады екен сабазың. Сөйткен Пірәлі жылаған баланы қорқытатын «жабайы» атанды дегенге қалай нанарысың. Нанбайын десең, міне, шашты сайтандай боп, алдында отыр. Уа, бірде алдын, бірде артын берген жел шайқаған әйелдің етегіндегі құбылған сайқал тағдыр демесіне не шара!

Ізбасар көкейіндегісін айтуға батпай, айтпайын десе амалы таусылып, не істерін білмей тілі тұсалып отырысы мынау.

— Қалай таптың? Бұл арада екенімді кім айтты?— деді Пірәлі.— Айтпа деп ем, аузына сөз тұра ма, апам ғой, шамасы.

— Апаңызды жазғырмаңыз, ол кісінің аузынан несие сөз шығушы ма еді.

— Енді кім?

— Жел.

— А, өсек те. Апырай, осы ел-ак аяқ басқанымды андумен болды-ау. Бұлардан қайда қацып құтылармын.— Ол Ізбасарға бұрыла қарады.— Ал осы алаңқайға келіп, жалау салуды саған кім үйретті?

— Үйретпей-ак, өзім білемін. Баяғыда ізден келгенде сөйтпедік пе?

— Сол есінде ме, апырай!

— Ай, нағашы-ай... қызықсыз. Бала деген пәле емес пе.— Ізбасар тамағын толғап алып, елдің бірі білсе, бірі біле бермейтін, тіпті Пірәлінің өзі де оншалықты аңдай қоймайтын бір сырдың шет-жепірін шығарды.— Піраға,— деді ол,— сізді көп көрмесем де, сіз туралы аз білем деп айта алмаймын. Мен ес білгеннен біздің үй сіздің қуанышыңызға бірге қуанып, қайғыңызға бірге қайғырумен

күн кешті. Біздің шаңырақта сіздің қайғыныздан басқа қайғы болмайтын. Сөйткен адамнан анау есінде ме, мына есінде ме деп мошқайсыз кеп.

Ізбасар, өтірік айтып отырған жоқ-ты. Өтірік тұрсын ойындағының оннан бірін жеткізе алса неғылсын. Және иек қақты ишара сияқты болды мұнысы. Ал шындығында оның барлық бал дәурен, балалық шағы көзге жыл құсындай анда-санда бір көрінетін, киім киісі, жүріс-тұрысы да өздерінен окшау, сол құлағына тесіп сырға салға. Пірәлінің ел шулатқан қиқулы тірлігінің әсерімен өтті. Ізбасар үңіліп нағашысының құлағына қарап еді, сырғасы құлағында екен: үйисқан самай шаштың арасынан жылт жылт етті. «Жабайы» да күлімдеп, сырғасын түзеп қойды. Ескі жолдас қайдағыны-жайдағыны еске түсіргендей еді.

— Иә, бұл жаққа жәй келдің бе, жиен? — деді Пірәлі.

— Жәй, сәлем бергелі...

— Жиен нағашысын басына іс түскенде ғана іздеуш еді? Ендеше туысқан іздең, адам болайын деген екенсің

Бұл әзілгө екеуі де қарқылдал құлісіп алды. Сөз орайы сұранып тұрған соң, Ізбасар келген шаруасын айтсам ба, айтпасам ба деп, екі ойлы боп түйіліп отыр еді. Гүлбаршын қайтып келген соң, кейінге қалдырды.

* * *

Шәйдан кейін сыртқа шықса, күн көзі әлдекашан батып, төңірекке қаракөлеңке үйипты. Көкжиектің қызыл жалқыны семіп, көлбеген қарақошқыл бұлттар жырым-жырым боп ыдырай бастаған. Теңізден маса қашырап аңқылдақ самал есіп тұр.

Кеме сыртында кеудеден келетін суда Қалмұрат, белкасты, ойнаққа шыққан сазандай бұрқақ салып, шомылып жүр. Бір өзі бүкіл теңізді лайлас бітіпті. «Аға, келіңіз, су тамаша екен» деп қояды. Ту-у, мынаны серік деп жанына ілестіріп жүрсе, барып тұрған ойын баласы екен ғой. Пірәлі екеуі оған күлімсірей қарады да, кеменің құйрығына жайғасып, біреуі насыбайға, екіншісі темекіге жармасты.

— Эңгіме айт,— деді Пірәлі.

— Қандай әңгіме сұрайсыз?

— Ел жайлы, заман жайлы... не болып жатыр өзі? Қызылдарың қалай? Алғашқы қарқындарың жаксы еді, беттерінді қайырып таstadtы ма, не болды өзі?

— Уақытша ғой. Қызылдарды жеңетін күш тұған жок, Піраға.

— Солай де!

— Оған күмәніңіз болмасын. Ертең-ақ қайта түріп шығамыз.

— Е, жарайды, дегендеріңе жетіндер. Мен тілектеспін. Ізбасар күлімдеп, нағашысының тізесіне қолын салды.

— Рахмет, Піраға. Ұқыласыңыз біздің жағымызыда екенін ішім сезіп еді. Екі жақ қолдасқанда, ер-азамат бір жағына шығуы керек-ті. Карап қалмасыңызды білгем.

Пірәлі миғынан майысып, жымың етті.

— Өзіңе сұраусыз-ақ қосып алдың ба мені, жиен? Үмітінді ақтасам жақсы. Менен қызыл шығып жарытпас, ете-мөте...

— Шыққанда қандай?

— Эй, білмеймін. Шарифаттың жолы тарам-тарам дегендей, біздің жолымыз үйлесе қояр ма екен?

— Сіз бізге, большевиктерге, сенбейсіз бе?

Пірәлі ернін тістелеп отырды да, жауап орнына сұрақ қойды:

— Төңкеріс, төңкеріс дейсіндер. Ал сол төңкеріс қазакты несімен жарылқамақ? Есесі кетіп еңреген ел не үшпақ көрмек?

— Тенден, еркіндік, бостандық! Ол аз ба?

— Кімнен бостандық? Неден тенден?

— Ақ патша, бай-мырза... барлық қансорғыш қарасуліктерден.

— Ал орыстан ше? Орыстан тенден тие ме? Құдайшылығыңды айтшы маған?

— Эр халықтың тізгіні өз қолына беріледі.

— Иә, беріледі,— деді Пірәлі аяқ астынан кекесін мырс етіп.— Мынаны береді,— деп қолын шығарды және де.— Қазір жаны көзіне көрініп, иманы иегінің ұшына келгенде, береміз деп отыр әншайін. Ертең-ақ, қашан айттым деп, түк көрмегендей тайқып шыға келер. Орыстың қарақазакты алдауы бүгін бе еді? Он жерден төңкеріс болсын, билеп қалған орыс билеуін қоймайды. Мен өзгесіне сенгенмен, төңкерістеріңің осы арасына сенбеймін.

— Қателесесіз, нағашы,— деп, Ізбасар да Пірәлі сөзін аяқтар-аяқтамастан киіп кетті.— Үкімет басына біреуді алдап-арбамаса ішкені ас болмайтын ақ патщаңың итаршылары емес, еңбекші халық өкілі келгейін ұмытпаңыз. Еңбекші еңбекшіні алдамайды.

— Сары орыстың бәрі орыс. Қашан айтты деме, ертең көрерсің, шырағым.

— Ақ патшага екі жүз жыл бодан болу, ақ патшаның қазак үшін жерден шөп көтермегені, өрысса сенімсізді туғызғаны белгілі. Бірақ орыс дегениң бәрі отаршыл емес жарлысы бар, байы бар, жарлысы байынан зар илеп отырғаның неғып көрмейсіз?

— Ал орыстың сол жарлылары — казак-орысы бар мұжығы бар — жерімізді тартып алып отырған жоқ па Орыстың жарлысының қазаққа жаңы аштын болса; бас қаның жері бізге керек емес деп, неге бас тартпайды Жоқ, кожа болып құнжыңдастып жатыр. Эне, қазақтың барлық шұрайлы жері солардың қолында. Қазақты шөлдең қаталап өлсін деп, ку далаға итеріп тастанды.

— Оларды туған жерінен айырып, зорлап әкеліп отырған ақ патша,— деді Ізбасар.

— Зорлап әкелді деймісің?

— Әрине, енді қалай деп едіңіз? Ақ патшаның қазақтың тоз-тоз етіп, халық ретінде құртпақ болғаны айдан-анық Төңкеріс болмаса, солай болатын да еді. Енді оның жоль кесілді. Төңкеріске қазақ құтқарушым деп табынса болғандай.

Жетелі сөз жетесіне жетті ме, дес беру ойында жоқ Пірәлі Ізбасарға бұрылып тұрып, көзіне көзін қадап, ба-жайлап бір қарап алды да, басын төмен тұқыртты. Алақанына шұқшиып, көк бүйра насыбайды шымшылап үгіп отыр. Оның әлгі сөзден өзіне қараңғы бір аужайды аңғарып, ойланып қалғаны анық еді. Ізбасар тақымдамады. Ақыры Пірәлі танауына насыбайын атып, алақанын сипап тастанап, Ізбасарға қарап қулана жымиды.

— Осының бәрін Астраханнан біліп келдің бе? Жақсы оқытқан екен,— деді.

— Оқытқан ештеңесі жоқ. Көзіммен көріп, көкірегіммен танығаным осылар.

— Алдамаймысың?

— Сізді алдағаным — өзімді алдағаным емес пе?

— Жарайды, сендім сөзіңе. Сөзіңе емес, сөзіңін қисынына сендім, өте-мөте. Ал келген шаруанды айт,— деді оқыстап нағашысы.

— Шаруамен келгенімді қайдан білдіңіз?

— Жиен дегенің қолқасын көзімен айтатын баяғыдан белгілі тақыс жүрт емес пе?

— Ол рас еді,— деп, балаша басын сипады Ізбасар.

Ізбасар қаптың аузын ашқандай болғанмен, түйін-түйіншегі көп екен: шыжымын абылап ағытты. Нағашысы қабақ бермесе аяқты тартып ала қоюға да әзір. Бірақ

E:\18.09.13\edil\edil011\page107
түксіген Прелінің өңінен ештеңе аңдал болар да емес-ті: «М-м» деп ыңыранып қойып, басты шұлғып қана отыр. Сақтық ойлаған Ізбасар, айтпаймын деп отырып, біраз нәрсенің ішін әктарып тастағанын өзі де аңдамай қалды. «Насыбайшылармен» қалай кездесетінін тәптіштегенде барып:

— Е, мыналарың кәдімгідей шаруа ғой,— деді. Болады, болмайды деп ештеңенің басын ашып айтпады.

Тек тамақтан кейін құс қайығына отырып, аттанғалы жатқанда:

— Жарайды, Ізбасаржан. Үйшік бармаспын деген жерім еді. Сен ат басын тіреп келген соң, қайтейін, көндім. Жұлдыздың он жаңасына бір хабарласарсың,— деді.

Ізбасар өны құшақтап сүйіп, шығарып салды. «Өй, кет әрі, жарамсақтанбай» деп, жиенін кеудесінен итеріп жіберіп, Пірәлі құс қайығына қарғып түсті де, бұрылып қарамастан, қара түлей қопасына қарай ұзай берді.

* * *

Ізбасар шаруа біткен соң, шоқал арасында түнемей түнделетіп жөлға шықты. Тенізшіге теңіз жолы көкіректе жазулы хаттай. Оның үстіне аспан картасы — жол сілтейтін жұлдыздар да сайрап тұр. Ай сүттей жарық. Олар кеме тұмсығын айдың астына беріп, қалтыраған көк теңіздің төріне тұра тартты. Эжептәуір жел бар. Қос желкенді сүйрік кеме толқын жалында ор текедей орғиды. Кеме құйрығында Ізбасардың өзі де, жанында Қалмұрат. Тіл алғыш, пысықай көрінген соң, әрі аға-агалап шылауына оралып жүрген соң, ығына тартып еді, өзі тілінен қағынған бейпіл ауыз былапыт болып шықты. Екі сөзінің бірі — «анаң», аузына шоқ күйдіріп бассаң да, тыйылар түрі жоқ. Бірак өзі тілінен де, қолынан да келетін, шаруаны тас табақтай қағыстырған, домаланған пәле. Білмейтіні жоқ, сөите тұра осындағы жол шыққанда ермек болсын деп, әңгіме сұрасаң, айтатыны: шаландағы елдің кіммен жатып, кіммен тұратыны, белқасты, түнімен үйқы көрмей, соны бағып шығатындағы-ақ. Айтса айтқандай, шаланда етек мәселесі асқындал тұрғаны өтірік емес, бір жағынан. Күкітай қалқыма тақтайдың үстінде жүзден астам ерек-ұрғашы жатып-тұратын орын жетпей тұздаған балықтай мінгесіп, сығылысып жатқандары. Шетінен жиырма мен отыздың арасындағы солқылдаған еркектер мен қыз-келіншек. Түнімен күйекке түскен текедей бакылдал

шығатындары да рас. Бір түнде төсектері жарасып, үйленіп қалып жатқандары да бар. Бірак қызықтарын оңаша қызықтайтын жер таба алмай, төсек-орнын сүйрелеп, әр қайықтың қалқасын сағалап жүргендер де аз емес. Мұндай жерде бала бұзылмағанда, кім бұзылсын.

— Женгейдің жанына бармайсыз ба? — деді Қалмұрат сықсыңдап.

Ізбасар қабағын түйгөнмен, ашулана алмай, күліп жіберді:

— Өй, өзің... бір бейпіл ауыз екенсің.

— Қызықсыз ғой. Оның несіне ренжисіз? Эйелді не үшін алады?

— Тек сол үшін бе?

— Әрине, сол үшін. Бетіне қарау үшін дейсіз бе енді?

— Қой, жок. Сені үйлендірмей болмайды екен.

— Сөйтіңізші, ағатай. Өліп барам...

— Ен тағып жүрген қызың бар ма?

— Маған қатын да жарайды.

— Өй, берекесіз! Кет әрі, көзіме көрінбей, бар үйықта! — деп, оны қуып жіберді.

Ізбасар кәдімгідей қабағы тырысып, қамығып отыр. Теңізшінің баласы кемеде туып, бар өмірін бас-аяғы он екі қадам сол қуықтай кемеде өткізеді, өмірінің ақырында сол тақтайдың үстінде дүниеден озады. Тәrbие жок, сыйғаның қосындағы ыбырсыған жерде қандай өнеге болушы еді? Жақсы-жаманыңың бәрі көз алдында: түнде екінші жамбасыңа аунап түскеніңе дейін біліп жатады. Соны көріп өскен баладан не сұрайсын?

* * *

Ізбасар кеменің тұмсығын ай астына қаратып, желге иық тіреп, бір бүйірлеп жосылтып келеді. Шоқал, шәлік араларынан шыққаннан кейін, толқын күшейіп, жел тіпті дігірлеп алды.. Қара кеме майдайымен толқын соғып, шоқалақ теңіз үстімен сылтың шоқыраққа салды. Шаруа жайланған соң, көңіл көтеріңкі еді. Ұзак жол бірде ойға жетелесе, бірде әнге жетелейді. Құйрық ұстап отырып, айдаладай ашық-теңізде ыңылданап ән салмайтын теңізші кемде-кем. Ізбасар да сөзі жок, таусылмайтын ұзак гөй-гөй әрайдайға басқан. Тек ара-арасында «Еділ-Жайық елдері-ай да. Кіндік кескен жерлер-ай да» деп кез-келген сөзге таңып айта беретін теңізшілер арасында кең тараған өлең-нің қайырмасын қайталап қояды.

Ұзак жол бойы Ізбасардың ойы арқандаулы аттай нағашысының тағдырының төңірегінен шырғалап шықпайды. Күпіршілік қылышп қайтеді, анық-қанығын білмейді, ел аузынан естіп, үй-ішінің қабағынан аңдағаны: мынау өмір шебердегі ең бақытсыз адам осы Пірәлі. Тік мүйіз сотанақ еді, өзінен де болған шығар, өзгелердің де бармақ басты септігі аз емес. Көруге көз керек жігіттің сұлтаны ақыры елден безіп «жабайы» атанды. Ізбасар бала болса да біледі, келіп-кетіп жүргенде сирек те болса көргені бар: көздері шамдай парлаған, шашы қемірдей қап-қара, қылыштың жүзіндегі өткір, әдемі жігіт еді. Табиғат ерекше жаратқан жан екені тілінен де, ісінен де айтпай танылып тұратын. Сұнқылдаған әнші, тақылдаған жыршы, он саусағынан бал тамған күйші еді. Ат жалын тартып мінісімен, қиқуға ілесіп, қатарға қосылды. Көн шалбарының тізесі жылтырап жүріп, қазаны сасыған байлардың кекірік атқан жампоздарымен шаршы топта иық тірестірді. Ешқайсысы оған тен келе алған жөқ. Табыннан шығарған бұкашықтай талайын топтан бездіріп жіберді. Сері атанып, жастардың пірі болғаны да сол кез. Баста үкілі бөрік, қолда үкілі домбыра, аяқта көксауыр етік, тақымда бұлғақтаған көк сүмбі бесті. Ойдөйт, бетіне шаң жүқпай, елдің алақанынан түспей бір дәуірледі дейсің. Артық бақыт біреуге жақса, біреуге жақпайды — сорлап қалғаны да содан ба, кім білген!

Қызылбастан Нарынға тіке шыққанда, Кетешағылдың қонырында қыздарымен аты шыққан Күшік аулы отырды. Қыздарын сатып күн көрген, токжарау, дойыр ауыл еді. Айтып-айтпай не керек, қыздары шетінен батыр табатындей, айлапат хас сұлу. Төрелердің тұқымын асылдан-дырған сол ауылдың қыздары. Аузымен құс тістеп жүрген сері ағаң күндердің бір күні мактаулы қыздарын көрейін деп Күшік аулына ат басын бұрмай ма? Не ортақ — өнер ортақ, жастар жағы алақанға көтеріп қарсы алады. Үлкендерінің алғашқыда қабақтары тырысқанымен, әліптің артын бағып, әдептен аспайды. Небір хас сараңың алақанын ашқан, нойыстың шор бол қатқан қырыс-тырысын жазған, көр соқырдың көнілін оятқан, сиқырлы жақсы ән мен тәтті күй емес пе бұл дегенің. Көбісінің-ақ аузының сұы құрып, тәнті болысады.

Сол ауылдың танауынан есек құрт тұскен байы Күшіктің Айшолпан, Таңшолпан, Ақшолпан деген бойжетіп, буыны былқылдап отырған тетелес үш қызы бар екен. Үшеуі де бірінен бірі өткен сұлу. Пірәлі Айшолпанға есі-

нен танып, өлердей ғашық болады. Өнерлі жас періге қыздың да аңсары ауады. Күшіктің қыздары бір берілсе шын берілетін, бетінен қайтпайтын ер міnez келетін әдеті. Лапылдап өртеніп, өліп-өшіп тұрады. Ғашықтың дертіне шалдыққан сыр жасыра білген бе, күнкіл-сұнкіл көбейеді. Пірәлі елдің қаңқуын естісе де, естімеген болып, ат қантарып кетпей жатып алады. Бірде қыз үйінің сыртынан керегені шешіп жатқан жерінен, қыздың ағалары ұстап алғып, көкала қойдай қылып сабап, ит қосып ауылдан күп шығарады. Қыз үшін таяқтың дәмін татқан жалғыз бұл маеді — оны кек тұтпайды. Күндіз жоғалып, түнде ауылды сыртынан торып жүреді. Өнерімен елді аузына қаратқан жігітке жанашыр табылмаушы ма еді? Күшік ауылының бір жігіті екі араға жеңгетайлық істейді. Екі ғашық ауыл сыртындағы жыңғыл арасында жолығысып, қол ұстасып қашуға серт байласып жүргендे, тағы да ұсталып қалады. Мұны талдырып ұрып, қызды ак боз үйге құлыптап тастайды.

Ғашығынан тірідей айрылған шерменде жігіт басқа амал таппаған соң, түнде ауыл сыртынан ән салатын әдет шығарады. Тебе басына шауып шыға келіп, аңырап қоя береді. Қыз да сыңсып үнге үн қосады. Екі ғашық ботадай боздап, Күшік ауылының берекесін басына тепкендей қылады. Жау тигендей у-шу күні-түні бір басылмапты. Аттанға айғай қосып, тұра қуғанмен, Пірәлі шайтандай ізім-ғайым таптырмай кетеді. Ауыл сыртына торуыл да қойған, бірақ сонда да Пірәлінің жортұылына кедергі бола алмаған. Таң алдының талма тұсында таңғы салқынмен жортқан көкжалдай бір төбенің басына шыға келіп, аңырап үйқылы ауылдың үйқысын шайдай ашады. Тебелерінен қиқу кетпей, амалдары таусылған Күшік ауылы Айшолпанды тезірек ұзатудың қамына кірісіп, құдаларға сөз салып, тойды жеделдетеді. Күйеуі Орда бойындағы бір төренің оқыған сылқымы екен. «Суға кеткен тал қармайды» дегендегі, қыршыны қылған Айшолпан бір септігі болар ма деп, ағайындардың алдында өзінің Пірәліден аяғы ауыр екенін айтады. Онысына кім құлақ ассын. Той жабдығын одан сайын тездетеді. Екі ағасы қызды кезек бағып, арқанмен ұстап отырыпты деседі. Алып кетуге келген күйеуіне де Айшолпан аяғы ауыр екенін мәлімдеген. Әлгі күйеуінің баяғы намысқа шауып, менсінбей, алмай кете ме деген жандалбаса да. Күйеуі оқыған дегенмен, бір жуанбілек шой қара дойырдың өзі екен.

— Кімнен? — деп өкіреңдепті.

— Айуаннан деп пе едің? Адамнан да.

— Кімнен деп отырмын ғой. Аты бар ма өзінің?

— Гашығымнан. Арқан емес, құдай қосқан қосағымнан.

Айшолпан Пірәлі жайын жылап отырып жырғап беріп, өзін қара бетпін деп, жерден алып, жерге салып, мені талак қыл деп, өлердегі сөзін айтып жалынады. Болашақ күйеуі тыңдал-тыңдал болып:

— Катын болып үлгерген екенсің. Енді қатыным емес, есіктегі күнім боларсың,— деп шығып жүре беріпті.

Қыз әйелмін деп өтірік байбалам салған екен. Айласынан ештеңе шықпағанын, күйеуі әлгі сөзді енді бетіне салық қылышп, өмір бойы кешпейтінін түсінеді де, келсін, тез жетсін деп Пірәліге хабар салады. Пірәлі қойшы болып, қоймён бірге ауылға енеді. Тұнде әлгі қол ұшын берген төлеңгіт жігіт арқылы ебін тауып қыздың отауына еніп, таң атқанша ойнап, шығады. Айшолпан жेर-көкті қарғап, зар-мұнын шағып, құдай қоспады, мен енді жат жүрттықпын, өзім болмағанмен, өзімнің қөзімдей көріп Таңшолпанның білегінен ұста деп актық арызың айтады. Сонымен қыз ботадай боздаң кете барады, оны көз ұшынан көзімен ұзатып, айдалада азырап, жер сабалап, жалғыз сері қалады.

* * *

Арада күннен-күн, айдан-ай өтеді. Пірәлі құсадан екі бүгіліп, ел бетін көрмей Майқұдықтың басында жападан-жалғыз жатып алады. Пірәлі ашы айғай, мұң мен зарға толы «Айшолпан», «Құса», «Басында Майқұдықтың» деп басталатын зарларын осы кездे шығарған деседі. Асылы өмірден баз кешіп, елден безу ниеті осы кездे ойына келді ме, кім білген. Себебі, сол өлеңдердің бәрінде: «Адамнан қайран күткенше, кетейін қол көтеріп жапан қезіп» дейтін жолдар бар.

• Бірде жанашыр жігіт келіп, Таңшолпанның сәлемін жеткізеді. Әпкесі байғұс көңіліне сініріп, құлағына қүйыш кеткен екен. Ретін тауып, оңаша жолығысады. Ол кезде біреудің аманаты үшін жанын садақа ететін адамдар болған ғой. Таңшолпан әпкесінің аманатын орындауға әзір екенин білдіреді. Жігіттің қатып қалған шемен жүрегін жап-жас қыздың әділетке деген адалдығы жібітті ме, әлде қараған адам ернінен көз ала алмайтын сұлулығы жараорнын жамады ма.— Пірәлі етек-женін түрінің, қайтадан

үзенгіге аяқ артты Иә, мұны тағдыр Айшолпанмен киын кезде душар қылды. Қыздың басы байлаулы еді. Мұның де болмасты болдырамын деп, буынсыз жерге пышак ұргандаі сөлекеттік шығар. Ал Таңшолпанның әзірше басы бос. Ол ойланып-толғанып келіп, ақылшылардың ақылына үйіп, қыздың әке-шешесінің алдынан өтуді үйғарады.

Өзінің әз-әулие ұстазы, атақты күйші Марғау Қарияны бас етіп құда жөнелтеді. Ешкімнен беті қайтпаған, сөзі жерде қалмаған күйші Күшік аулынан түңіліп оралады. «Сөзіңді қимай барып едім, балам. Ат шапан айып тартып қайттым», — деді жер боп шөгіп, қарайып отырған қарияң. Әлгі Күшік найсан қыз сұрап барған мұны шәкіртінің Айшолпанның тұсындағы қылышын бетіне басып, айыпты қылышп, айбана алыпты. Пірәлі күйіп кетіп, сол бойда атқа конып, екі серігімен Күшік ауылына аттанды.

Қызыл іңір кезінде кешкі шайды ауыздарына ала бергенде, есікті айқара ашып, сұраусыз Күшік үйіне ентігіп кіріп келгенде, ауылдың игі жақсылары да старқан басында төрт көзі түгел екен. Пірәлі қамшысын көлденең тастай беріп, аузын қақпак болғандарға дес бермей, сөйлей жөнеледі:

— Да, игі жақсы үлкендер, құлдан да бір тілек деген. Ал мен құл емеспін, қойың қоралас, қонысың іргелес көрші отырған бір табан елдің ұланымын. Сендерді, аттың төбеліндей аз атаны он орап алатын іргелі жұрттың бар. Бір емес, екі емес, қайта-қайта неге басынасың? Жарайды, алғашқыда ұрынбасқа ұрынып, бізден бір қате кетті делік. Иілген басты балта шаптайды деген қайда? Біз еңкейгенде сіздер неге шалқаясыздар? Жарайды, жөнсіздікті — жөнсіздік делік, жөнімен келгеннің не айыбы бар? Соны білгелі келдім.

Жағалай отырған жуандар жағының жұні үрпиген Күшіктің аузына қаасты. Күшік босағада тізерлеп отырған жігітке:

- Сені кім шақырды? — деп дүңк етті.
- Шақыруды жүтетін үлкен емеспін, үлкен деп алдарыңа өзім келдім.
- Аулақ жұр! Жөнінді біл! Жолыңды тап!
- Айтарыңыз осы ма?
- Мен қазаққа қыз бермеймін. Берген күнде де саған бермеймін, жаман домбырашы.
- Өзіме тіл тигізсең де, домбыраға тіл тигізбе, кәрі қақпас. Құдай алдындағы сезің бе осы?
- Құдай алдындағы да, адам алдындағы да сертім

осы. Эйда, жоғал!— Ол иегін шошаң еткізді.— Жонынан таспа алып, енді қайтып аяқ аттамастай қылышдар!

Күшіктің жанындағылар өре түрекелгенімен, Пірәлі айылын жимады. Қолын көтеріп:

— Дат!— деп айқай салды.— Ендеше, менің де ртімді тында,— деді Күшікке.— Бұлдаған қыздары шетінен қатын қылып, қарнын шермитпесем, бетіме түкі!

Қамшы сарт та сұрт жауып, төбелес бағталып кетті. Сері серіктерімен алдырмай құтылды. Пірәлі тағы да баяғы өнеріне басып, ауылды торуға кіріседі. Тұн ортасында ауыл сыртынан айқай салып, елді дүрліктіріп жүреді. Күшік ауылы енді одан қәдімгідей сескеніп, етекжеңді жиып отыратынды шығарды. Барлық пәлені енді Таңшолпаннан көріп, оны да мал берген біреуге тоқалдыққа тезірек асырады. Таңшолпан аласы Айшолпандай міnez көрсете алмай, бұған хабар салмай, үн-түнсіз кете барады. Қараға қыз бермеймін деп күпсінген Күшік өсегі шықпай тұрғанда Таңшолпаннан тезірек құтылу үшін өз қолынан қараға теліді. Бұл іргелі бай ауылдың жын сияқты жалғыз серіден сасып, ата салтынан тұңғыш жаңалуы еді.

* * *

Көз жасы құрғамаған жауын-шашынды құз келіп, Күшік ауылының төңірегіне тыныштық орнағандай еді. Ұзак жаз бойы берекелерін шайқап, беделдерін аяқ асты еткен жалғыз сері құмға сіңген тамшыдай үшты-күйлі жоғалды. Ал ұзынсонар қыс бойы олар Пірәлінің құлағын шулатып, жырғаумен шықты. Біреуі әнін айтады, біреуі түрін айтады, енді біреулері көзінің отын айтады. Тұнде, белқасты, жапжасыл шоқ болып жанады екен десті. Айтып-айтпай не керек, біреулері оны тұз тағысы көк бөрімен, екіншісі шайтанмен шатыстырып, серінің атын аңызға айналдырып, жалпақ елге жайып жіберді.

Көктем тыныш өтеді. Барлық пәле тағы да жайлауға ел көшкен соң басталады. Пірәлінің қарасы көрінді деген хабар тағы да Күшік ауылының құлағына жетіп, елеңдетіп таstadtы. Бірақ ел болған соң, елдің таусылмайтын тірлігі бар емес пе? Көрші ауылда келін түсірілетін болып, көрші ауылының жастары да жақсылыққа шақырылды. Сол тойдың қызығының ұйытқысы алыстан ат шаптырып әдейі алдырған Пірәлі боп шығады.

Тілі мен жағы сақылдалап, төгіліп тұрған өнерпаз желдей

ескен жүйелі сөзімен, балдай тамған ән-қүйімен жиылған елдің таңдайын қақтырып, үлкен-кішіні өзіне үйіріп алады. Оған қарсы келген жан баласы жоқ. Азды-кемді оғаштық, ұсақ-түйек тентектері де елеусіз кешіріліп жатты. Сондай дүрілдеген той-думан қызықтың үстінде ол Күшіктің кенже қызы Ақшолпанмен тізелес көрші бол қалып еді. Әпкелері сияқты ол да көздің жауын алар сұлу екей, антүрған. Баяғыда Күшік ауылына барып жүргенде шала-пұла көргені болмаса, жаңа ғана бой түзеп келе жатқан бала қызға онша көз тоқтата қоймаған. Алғашында танымай қалды, Ақшолпан екенін сұрап-білгеннен кейін ғана, қайдағы-жайдағы есіне оралып, қызыл көрген қырандай шүйгіді серің. Ақшолпан апаларыңдай сұлу болғанмен, апаларыңдай мінезді емес, тәйтіктеу көрінді. Әлде дым көрмеген жастықтың кері ме, ернін шүйіріп, серіні көзіне ілмеді. Менмендік өзінде де жететін, сары езў қақсал сері үрғашының танау көтергеніне шыдасын ба — шыбын жанын шырқыратып, қара саннан үзіп алды бір жанасқанда. Тағы бірде көрші бол қалғанында:

- Мен сені алам! — деді.
- Алатындаі мен саған мал ма едім?
- Мал болмай адам болсан, ендеше сен маған тиесің. Әйелім боласың.
- Бәріне де әйелім боласың дегенсіз.
- Айтқаңым рас. Болмаймын деген әпкелерің жоқ. Тағдыр бұйыртпады, қайтейін.
- Менің бұйыратыныма көзіңіз жете ме?
- Бір емес, екі емес, үш бұйырмайтын аузым менің жырық па еді соншама?
- Шалабыңызды шайқамаңыз, сері.
- Жоқ, мен сені алмай қойман!
- Біздің ауылдың қызы сізге арам астай екенін неғып түсінбейсіз?
- Солай дедің бе?
- Дейтіні жоқ...
- Ағаңың жынына тиме, еркетай, дамбалыңды басыңа байлармын.
- Қолыңнан екі келсе, бірін қыл!
- Қап, бәлем! Осыныңды ұмытпа! Қос алманды ит тиген өкпедей қылmasам, Пірәлі болмайын.

Кеудесі көріктей, кергіген қыз айылын жимады. Ауыл арасы жақын еді, бірер белден асты. Жанында ара түсер ер-қара жігіттер де жеткілікті. Серінің сөзі құлағына жеткен Күшік ауылының тойшылары сақтық ойлад,

түнгө қалмай, ашық-жарықта ерте қамданып, елдеріне қайтты. Аяқ астынан Пірәлінің тойды тастап кетіп қалуы да көңілге қорқыныш ұялатқан. Күшік ауылының жігіт-желен, қыз-қырқыны тойдан қайтқандай емес, жау арасынан жасырынып шыққандай, бір-бірінің тізгінінен ұстап топылысып қайтып келе жатқанда, қарсы алдарынан бел басына бетіне тұмша жапқан жалғыз атты қайқып шыға келмесін бе! Тойшылар ошарылып тұра қалысты. Қорыққаннан жылаң жібергендер де бар. Бетін жасырғанмен, алдарында жолды кес-кестеп қасқайып тұрған жалғыз аттының Пірәлі екені кімге болса да айдай анық.

— Ақшолпанды маған тізгінінен жетектеп өздерің әкеп беріңдер! — деп әмір етті жолаушы.

Бауырында безі бар ереккі кіндік ай мен күндей бетіне қараған араларындағы жалғыз асылы Ақшолпанды көлденең көк аттыға қалай ұстата салсын. Басында бөркі барлар бір-бірін көзben ұғысып, Ақшолпанды өлсе де бермейтін қабак танытып, ілгері шығып, топ алдына топталды. Олардың қошқар маңдай дөң айбаттарына көк сұңғі аттың шекесінен бесатардың ұңғысы ұңрайді. Топ алдына шыққан ерқаралар бұтына жібергендей, мыш болды.

— Ау, сері аға, мұныңыз не?

— Бәріміз сыйлайтын жақсы аға емес пе едіңіз? Қарашыдай жол торығаныңыз қалай?

— Көріспейтін адам ба едік, ұят қайда?

— Ағатай, біздің тараптан оғаштық кетсе кешіріңіз. Ақшолпанның бірер сөзіне бола байланысып қайтесіз? Арамызда жас балалар бар, қорқып тұр, — деп, біреуі жалынып, біреуі өтініп, бақадай шулады.

Пірәлі айтқанынан қайтпады:

— Басқаңда шаруам жоқ! Ақшолпанды шығарып беріңдер! — деп тұрып алды.

Топ алдындағы ерқаралар тіл қата алмай, бастары салбырап бұғып қалды. Олардан енді қайран жоғын сезген Ақшолпан жырылып шығып, ақжал атты борбайлап зытып берді. Пірәлі өзге тойшыларды тастай салып, қызың соңынан көк сұңғі атын тебініп бел асырмай қуып жетті де, Ақшолпанды алдына көлденең өңгеріп алып, батқан күннің астындағы өркеш-өркеш құмға сіңіп көзден ғайып болды.

Іле-шала Күшік ауылынан асығыс жасақталып құғыншы шықты. Бірақ тақымдарының астынан ұдайы сусып, тәсіл алған жырындыны қайдан таба қойсын. Өзі

тұрсын, ізін де көре алмай, құресінен аспайтын манқылдақ кәрі төбеттей түк бітірмей, дабырласып қайтып оралды. Келесі күні, одан арғы күні де қала баратындей жиылып шығып бітіргендері щамалы. Тұрағы жок, қыр қонып, сайға түнеп жүрген қаңғыбас, жайдак серіні қайдан табады? Елінің табанына, ағайындарына салмақ салайын десе, олар көк теңізді ұялаған, толқын жалында балалаған, жұрт санатында жок, балық деген макұлықтың шөңгесін сорған ку кедей теңізші көрінеді. Шалшық айналып өте алмай жүргенде, аласұрған алапат көк теңізге жанынан безген біреу болмаса, жок іздел кім барсын? Барғанмен не бітіреді? Күндей құркіреген ақ патшаға қайыру бермей отырған елден шығынған өңкей телі тентекке, ел сиқы жок өңкей жұрынға не деп базына айтады? Теңізге тұншықтыра салудан жұздері жанбас, өңшең қардың. Ақшолпан өлі емес, әйтеуір тірі ғой, аждаға әкеткен жок, адам әкетті ғой. Оған да мың шүкір. Өзі де барып тұрған кессе қан шықпайтын көкжұлын екен. Тентек сері айтқанында тұрды. Сол жынды сүрейді ашындыра бермей, пәтуаға келу керек пе еді, қалай?! Ақшолпанды соған беріп тынғанның өзі дұрыс па десіп, тұстен кейін ақыл жиып отырғандарында ауыл сыртынан боздаған дауыс естілді.

Өре түрегеліп, тайлы-таяғы қалмай жылаған дауыска қарсы шыққанда, жұрт жоғалтып отырған қыздарын көріп, жұздері шыдамай біреуі теріс қарады, біреулері беттерін басты. Ызалы ыстық жас көздерінен ыршып-ыршып кетті. Масқараның да шегі болатын, мұндай масқараны көріп тұрғандары. Ақшолпанның етегін түріп, дамбалын басына байлап жіберіпті. Қызды әкеткені де, далаға апарып ойына келгенін істеп ойнағаны да ештеңе емес-ті, ал енді мына масқарасы — айдай әлемге абырайларын төгіп, әділ жаннан тұңілдірді. Күшік ауылы қара жамылып, қанына қарайды.

Ана біткен аспанға ақ сүтін сауып, зарлап, ел ағасы, басына бөрік киғендерді жер-жебіріне жетіп жөрлеп, өлі-тірі аруақты шақырып, ел үстіне зікір ойнатты. Күшік ауылы шаруаны жиып қойып, түгел атқа қонды. Намысты жоқтау — ардың ісі. Қазақ даласы оны қоштамаса құбыжық көрген емес, әсте. Бірақ айнала отырған беріштерден жерден шөп көтергендей көмек болмады. «Ау, тыныш ел едіңдер ғой, сабылып неғып жүрсіндер? Мал қарап жүрсіндер ме?»— деп, түк білмегендей болады да, айнала беріп, ауыздарын басып жырқ-жырқ күледі. Олардың Пірәліні жасырмаса, шығарып берір түрлөрі жоқ-ты.

Дегенмен алушыны андушы жеңбей қойған ба, тіміс-кілеп жүріп, ақшамен қомағай елгетіл бітіріп жүріп, ақыры ізіне тұсті. Өркеш құмның ығында жалғыз үйлі беріштің үйінде отырған жерінде қамап алды. Бірақ жүрек жүтқан көкжұлының бес қаруы сай екен, атысып алдырмай, тағы да қолдан сусып шығып кетті. Куғыншы жігіттер Пірәліні жасырды деп, жалғыз үйлі берішті қотыр атанға жайдақ мінгізіп алғып жүрді. Пірәлі жолда екі-үш рет куғыншыларды бөгеп, жазықсыз жанды жәбірлемендер, қолдарыңнан келсе менімен болындар деп, ара ағайынның сөзін айтты. Бірер рет тұн ішінде тартып әкетпек болған әрекеті жүзеге аспады. Содан бір төбенің бағына шыға келіп, Күшік ауылы жігіттеріне былай деп жар салған екен дейді:

— Да, жігіттер! Сендер мені талай сорлатып, талай таяққа жықтыңдар. Есе қайтпайды деп ойладындар ма? Ер мойнында қыл арқан шірімейтінін неге түсінбедіңдер. Мен де кеткен есемді қайтардым. Осымен құда да тыныш, құдағи да тыныш. Сендер мені көрмесін, мен сендерді көрмей-ак кояйын деп едім. Жарамның қотырын қайта тырнадындар. Өз обалдарың өздеріңе. Астарыңнан су шығармасам, мен мен болмайын.

Пірәлі осы сөзін айтып жоқ болады да, арада апта өтпей жатып, төбелерінен тағы да жай түсіреді. Талтусте пішен шауып жүрген Күшіктің туған інісі Торщаны арбаға байлап тастап, көз алдында келіншегін масқаралапты. Бұл өзі лаулап тұрған өртке май шашқанмен тең еді. Күшік ауылы тағы да қарғанып, өлі аруақтарды шақырып, жапырлай атқа қонды. Бұл жолы олар жиған малды аямай шашып, жер-жерге тыңшы салды. Пірәліні тұнгі жортуылдан кейін Қасқырсайдың табанында сілейіп үйықтаپ жатқан жерінен басқан. Қанына қарайып, кіжініп жүрген Күшік ауылының ер-азаматтары азды-кемді кеңес құрғаннан кейін, ит тепкісін шығарып үрып-соғып болып, жазаның ең сүмдығын ойлап тапқан. Мал ақтаушыны алып келіп, Пірәліні тарттырып жіберген де, Қасқырсайдың табанында қансыраған серіні жападан-жалғыз айдалаға тастап жөндеріне жөнелген. Сол жерде қансырап өліп қалмай, қалай тірі құтылғаны жалпақ елге әлі күнге дейін жұмбак. Жұмбак болатын себебі, ел ештеңе білмейді, ал Пірәлінің өзі тірі жанға тіс жарып айтқан емес. Айтпақ тұрсын, адам баласымен тілдесспеді. Содан кейін шығынып, ел бетін көрмей, тірі аруақтай алыстан елес беріп қана жүрді. Көргендер: қасында адам жейтін тайыншадай көк-

шулан қасқыр иті бар екен-міс дегеннен асып ауыз тұшырылғы хабар айта алмады.

Хикая мұнымен тынған жоқ, бұл үзак-сонар, жылдарға созылған алып кетті, шауып кетті айғай-суренің басығана еді. Пірәлі енді әйелге жуымай, қазақ үшін қатынынан артық болмаса, бір кем емес малға бықпирттай тиді. Күшік ауылы жақсы ат мінуден қалды, тас қораға қамап, шынжырлап қойса да, перідей көзді ашып-жұмғанша жер сипатады. Ол ол ма, тәуір ат таусылғаннан кейін, малға қасқыр шабатынды шығарды. Тайыншадай көкшулан арлан қайдағы-жайдағы аш қасқырды үйірімен бастап келип, ауыл айналасын қан сасытып кетеді. Кыс болса шеген кораның төбесінен түсіп, жайратып салады. Көкшулан өзі шаптайды, өзгөлерді жауып жіберіп, биқтеу жерден қарауыл қарап тұрады да, қауіп төнсе итше ұлып, дыбыс береді. Құйын соққандай ізім-ғайым безіп жоғалады сосын-ақ іле-шала: Пірәлі тумысынан адам емес, бірде адам кейпіне енсе, елсізге барғанда аң бол кетеді екен, адамдай ақылды көкшулан арлан соның өзі екен деген қауесет осы кезде қаулады. Ол бір қазақтың қауесетке сенгіш, қазақтың даласын жын-шайтан иектеген, жын-шайтан десе жас-кәрінің жаны түршігетін әрі оныменен күресетін өлі-тірі аруақтарға арқа танған бақсы-балгер сияқты құшнаштары көп кез еді ғой. Күшік ауылына тылсымның тілін білетін небір сиқыршы, бақсы, балгер, жауырыншы, дәруіш-дуана аяқ жетер жерден түгел жиналады. Он төрт күнге шарт байласап, кернейдетіп, сырнайлатып берді. Жауырыншылар күнде бір қойдың жауырынын отқа қақтап, ауаны сасытты. Құшнаштар отқа май құйып, ібіліспен шатысқан арамның қол-аяғын бүрістіріп тастаймын деп табаға тірі тышқан қуырды. Жұмыртқаны шоққа пісіріп, дірілдеп қақшандағандар қаншама. Бұлар, қазақ даласының әз-әулиелері арамтер боп шала бұлінш жатқанда, тайыншадай көкшулан ауылдың бір адамының атын жарып, өзін ер үстінен қалпақтай жұлып алғып, басын құмға кептеп, бөксесіне сарып кетті. Бақсы-балгер, құшнаштар, ібілістің жаны қысылды, мынау жан тәсілім алдындағы аяқ серпу ашуы деп, тағы жеті күнге шарт байласып, аспан мен жердің арасын айғайға толтырып, жेर сабалап сарнап берді. Қөкшулан пыскырган да жоқ. Күн аралап, араға апта салып, еруліге — қарулының кебін келтірді де отырды. Ол аздай, екі кештің арасында алыстан аруақтай елеңдеп Пірәлі сері өтіп жүрді ілгері-кейін. Бақсы-балгер түк бітіре алмай, ақыры жерге түкіріп тарасты масқара боп.

Қыс құндері тыныштық орнады. Күшік ауылы жаз құрысын, ақ қар, көк мұз мәңгі қыс бола берсе екен деп тілейтіндей күйге жетті. «Аш бәледен — қаш бәле» деп, енді өзі тиіспесе, біз тиіспейік деп, баяғы жалғыз үйлі беріштіде ат шапан айыбын төлеп, еліне қайтарып жіберді. Бірақ Пірәлі тыншымады. Жаздай жайлауларын өрт алды, күзде қыстаулары күйіп кетті. Содан Күшік ауылы бұл ара бізге мекен болудан қалды деп, құдаларына сөз салып, Орданың арғы жағындағы ноғай арасынан жер алып, бір түнде көтеріле көшті.

Нарын құмына тыныштық орнады. Пірәлі де, көкшулан қасқыр ит те көзден ғайып болды. Нарын нарын болғалы, аш қасқырдың қалың жатағы Өркеш құм жаққа ешкім аяқ аттап баспады. Оқта-текте ат үрланып, мал желінді, бірақ оны ешкім жоқтаған жоқ — құдай жолы садақаға бағыштады. Пірәлі сол кеткеннен мол кетіп, ел бетін көрмей, далаға түнейтін «жабайы» атанды.

Міне, Ізбасар білетін нағашысы Пірәлінің тарихы осы. Білетіні ғана, білмейтіні қаншама. Айлап-жылдал ізтүзсіз жоғалып кетіп, бір күні жерден шыққандай қайта төбе көрсететін оның не бұлдіріп, не қойып жүргенінің есебін кім шығарған. Бір ісі жария болса, бір ісі құпия. Эйткенмен, Күшік ауылы аударылып көшкеннен кейін, елге зияны тиген жоқ. Тек шешелері мұның атын атап, жылаған балаларын қорқытып жұбататын «жабайы» дақпырты ғана қалды.

Сүйріктей қара кеме толқыннан толқынға орғып, айастына қарай сүмендеп келе жатты.

3

Тіркеуінде екі-үш темір баржы, дүкен кемесі бар ұзыншұбақ керуен үсті-үстіне боздаپ, алыстан дыбыс берді.

Шаландағы балық тұздап жатқан жұмысшылар баста-рын көтеріп-көтеріп алып, шу ете қалысты.

- Керуе-ен келеді! Керуе-ен!
- Үйшік беттен керуе-ен келеді!
- Бізге туралап келеді!
- Атаманға хабар беріндер!

Тұскі тамақтан кейін шынтақтап жатып, мызғып кеткен Қарабас шошып оянып, бір жеңін киіп, бір жеңін кимеген күйі қара шапанын далаға сүрете шықты. Дүрбіні салып жібергенде жүрегі зу ете қалды. Жайық өзеніндегі ең қуатты тасымал буксирлердің бірі «Амур» мұржасынан

тұтіні будақтап қасқайып қарсы салып келеді. Дабы қағатын мыс қоңыруға Карабас қолын апара беріп, қал тоқтатты. Тоқтаған себебі — апылыс-қапылыста байқа мапты; керуенді Ақжайманың шекарасына күзетке қойған өзінің шолғыншы кемелерінің бірі жол бастап ілестіріп келеді екен.

Керуендегілер де Карабастың қарасын көрді ме — абыржымандар, бейбіт сапармен келеміз, өз адамдарыңызбыз дегенді гудок тілімен хабарлап, буын бұрқыра тып қысқа-қысқа ышқына ыскырды. Шолғыншы өз кемелері де жалауларын желбіретіп, жайбаракат ілбіп кележатыр. Дегенмен сактық ойлаған Карабас балық тұздау жұмысының бас-көзі Тасбака Төлегенді айғайладап шақырып алды.

- Жайшылық па, Карага?
- Абыр-дабырсыз тез қаруланыңдар.
- Жарайды, Карага.
- Тоқта! Қаруларыңды онтайладап қойындар да, жұмыстарыңмен бола беріндер.
- Түсінікті.

Карабас тағы бірдеме айтпақ болып қайта бұрылғанда Тасбака Төлегеннің орнын сипап қалды. Сәлден кейін балық тұздау пункті жанында Карабас Тасбака Төлегеннің ыскыра әндептіп, өкшесімен «яблочканы» ұрып билеп тұрганын көрді. Карабас көз қығын тастағанда, ол басын шұлғыды. Өзі бір ерен оғаш жігіт. Атырауға атышықкан айтулы жуанжұдырық, суда жүзіп жүріп төбелесудің жойқыны. Астрахан барғанда бір кеменің командасын Еділдің суында малтып жүріп сабап, түгел жайратып кеткелі бері жұдырық өтпейтін, суға батпайтын қасиетіне бола Тасбака Төлеген атанды. Ол қазір де бір майқан төбелестен дәметіп, алақанды ыскылаپ қойып, тыптырышып билеп тұрган. Өзі де аяқ-қолы қып-қысқа, кеудесі айлапат тасбака тәрізді неме.

Ұзын-шұбак керуен шаланға жанаса бергенде, онын тоқтауын күтпей Үсмайыл бусирден қарғып түсіп, Карабасқа қарай томпаңдады. Топ-толық денесіне қарамай домаланып келіп, үңгірден шыққан кәрі арыстандай едірейген Карабасты құшақтай алды.

— Армысыз, Карага! Деніңіз сау ма? Куаттысыз ба?— Ол керуен жаққа қолын созды.— Міне, бұйымтайыңыз, артығымен торындарым. Енді маған өкпеңіз жоқ шығар.

— Қарымы қанша?— деді Карабас онша елікпей.

— Қарымы дейсіз бе? Қарымы жоқ. Тегін, су тегін.

Қарабас бұл сөзге қуанбады, қайта, қабағы қарс түйіле түсті.

— Бұл не деген батпан қүйрық? Алмақтың да салмағы бар. Салмағы не болмак, сонда?

— Ту-у, Қараға-ай, әбден күмәншіл болыпсыз ғой. Дүние қайырымды жандардан құралакан емес деген. Оның үстіне беделіңіз де бір басыңыздан жетіп асарлық екен.— Үсмайыл жалпақ аузын әдетінше сипап алғып, екінші жамбасына аунап түсті.— Бұл сізге сәлемдеме. Алаш уәләятынан сәлемдеме!

— Алаш уәләяты?

— Иә, иә алаш, алаш...

Үсмайыл бір салмақты дәлелді көлденең тартатындағы қолын қойын қалтасына сұқты да, әлденеден сақтанғандай жан-жағына қарап алғып, ішке қарай ымдады. Қарабас оның сонына еріксіз ілесті. Шашақты парсы кілемнің үстіндегі кішігірім тақыттай бөстекке кеп бексе басқанда, Үсмайыл оның алдына момын шәкірттей моп-момақан бол, жүрелей отырды. Сонсоң жалпақ ерінді бір жалап алғып, сөзге кірісті.

— Да, Қараға!— деді ол жайдың шешендікке басып. Иттің баласының адамды қарадай сөзбен дуалайтын бір әлеметі бар еді. Қарабас оның арбауынан қашып басын сілкілегенмен, ырқынан аққұла шыға алмады.— Да, Қараға! Сіздің бір бетті, бір сөзді, адам баласына кеудесін бастырмаған, ел деп еңіреген батыр мінез, өр азамат екениңізді білгенмен, жалпақ елге атыңыз аңызға айналған әз-әулие екениңізді білмейді екенбіз. Осы сапар көріп қайттым. Орынбордан бергі ел ақ патщаңа да, ақ казагына да, қызыл комиссарыңа да көнбекен хас батыр Қарағаң деп, ауыздарының суы құрып жыргап отыр. Қазақ дегенің өзі — көне түркіде ешкімге бас имеу, бағынбау деген сөз екен ғой. Сізді атаниң қанына тартқан нағыз түс қазақ деп марапаттағанын өз құлағым есітті. Иісі қазақтың игі жақсылары дүғай-дүғай сәлем айтты өзінізге.

— Кімдер?

— Жанша, Халел, Салық мырзалар.

— Оларың кім еді? Элгі уәләятыңың басшылары ма?

— Иә, иә солар. Көзі ашық, оқығаң, текті азаматтар.

— Төрелер ме?

— Иә, төресі де, қарасы да бар.

Қарабастың тісі қақсағандай беті қисайып кетті. Қыналағандай қоңыр сақалы жел соққандай желп етті:

— Сәлемдері өздеріне!— деді көзі шатынап.— Төре

E:\18.09.13\edt\dedi011\page122
Бастаған екөнбіз уәләятқа. Олар көзінен қара
каның ағызбаса қай уақытта шығарып еді бұл халықты
үшпакқа? Төре той бастаған жерде мен жоқпын!

Ысмайыл бәксесімен жер соққылап, шыр-пыр болды.

— Жоқ, ойбай! Уәләят басшылары — он екі ата Бай-
ұлы, өзіміздің қарағай мүйіз қараларымыз.

— Осы сен шошқаның тегің кім еді?

Абайсыз сөйлеп, от басқандай болып отырған Ысмайыл
сойған тұлкідей ыржың-ыржың етті.

— Мен өзіңізбін ғой, Қараға.

— Басыңды қақ бөлейін бе осы! — Карабас бөстек
жанындағы асатаяғын шошаң еткізді. — Құйысқанға
жабысқан тезектей бол...

Ысмайыл «Дат, Қараға! Дат, Қараға! — деп шарт жүгі-
ніп тоңқандай берді. Андаусызда аузынан қағынып, жаза
басты. Білмейді емес, біледі: Карабастың ата жауының
бірі — ак патша болса, екіншісі — төре тұқымы. Онысын
жасырмай жарияладап айтып та отырады: «Көз қиятын
азамат па еді, Истатай мен Махамбетті өлтірген соң, бұлар
қазақтың қамын ойлайды дегенге сендіріп көр мені», — деп.
Онысы рас та еді: билікке таласып, бітеу қазақты алдымен
жүзге, одан атаға ыдыратты, одан ру-руға бөліп әкетіп,
діні бір, тілі бір, ділі бір халықты ит пен мысықтай ырыл-
датты да койды.

— Дат, Қараға! Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ.
Мойныма қарыз болмасын, бастаған соң айтып бітейін, —
деді Ысмайыл.

— Сайра... сайра.

— Жымпітыда батыс уәләятының мәжілісі болып,
мәжілістен кейінгі құлшылықта Құсман имам сіздің атың-
ызды батаға кіргізді.

Жастыққа жантая берген Карабас басын қайтадан
жұлып алды.

— Нендей әулиелігім үшін?

— Оны өздерінен сұраңыз.

— Білгендерін істеп, дін бұзып жатыр де.

— Жоқ, муфтидің рұқсатымен істепті.

Аты батаға ену деген — қазақ қауымындағы құрметтің
ең шыны, тірілей әз әулие аруаққа айналу дегенің басқа
емес, осы. Небір ел шетін қызғыштай қорыған ерқара
батыр, бағланың, аузыменен құс тістеген сұңғыла шеше-
нің, шаршы топта қара қылды қақ жарған әділ би, киіз
туырлықты қазақтың не түрлі жайсандары мен қасқала-
рының қолы жетпеген дәрежеге Карабастың иегі қышыған

да емес ешкашан. Оны айтасыз — уш үйиқтаса ойна кірсе неғылсын. Ол сенер-сенбесін, не ойларын білмей есендіреп қалды. Бірақ біреу беті бұлк етпей жырғап отырса, сенбесіне лажы кәне? Үсмайыл жанынан безген біреу болмаса, мұндай мойын жұлынар нәрсені қылжаққа айналдырып өле алмай отыр деймісің. Карабас сасқаны ма, бала сияқтанып саусағын аузына салып, бармағының басындағы көн теріні тістелеп жұлып алып, түкіріп тастады.

Атаманың тілі байланып, алқы-талқы қүйде отырғанын сезген Үсмайыл буынсыз тілінен май тамызды.

— Үфәдағы мұфтиге алдын-ала хабар салыпты, мұфти мұсылман қауымының бір еңе көтерер кезі, дін қамын, ел қамын ойлайтын азаматтарды батаға кіргізудің әбестігі жок, мақұл деп ризашылығын беріпті. Аспанға қол жайған қалың жұрт: киелі кәрі Атыраудың қорғаны Карабас атаманға алланың рахымы жаусын деп күніренгенде, сасқанымнан: «Ау, ол біздің Қарағаңғой!» дей беріппін.

Осы бір әңгіме Карабастың эп дегендегі ашуының басына ақ қүйды білем, атаман Жайықтың өріндегі майдан жайын, уәләят хал-ахуалын сұрастырды. Іздегенге сұрапан — Үсмайыл көбіктене беретін жалпак ернін жалап алып, қызыл тілді bezеп берді.

Аш-жалаңаш қаратабан кедейді құтыртқан Лениннің өзінен бата алған, бетіне жан қаратпайтын қызылдардың жаналғышы, қаралы күнге деп қап тубіне сары майдай сақтаған Ер Шапай деген айтулы ері бар. Десе дегендей, шыбын жанын шүберекке түйген көзсіз батыр, жалаңтөстің өзі. Жайық бойын бидайдай қуырып, жайпап жібере жаздады. Бірақ генерал Толстовтан пәле артылып көрген бе — бұл жалғаның бар кулығын ішіне жиғаның бірі емес пе, бұл да. Еңреген есіл ер Ер Шапайдың аңғалдығын байқап, оның қарасын көрісімен зәре-құты қалмай екі етек боп тұра қашқан да, үндеңей қабатын иттей айнала беріп, бас салған. Ер Шапай мұрдем кеткен. Қызылдар арыстандай арысын жоқтап, әлі күнге қара жамылуда. Жайық бойын бөрідей бөрліктірген Ер Шапай жазым болған соң, қызылдардың туы жығылыпты. Қазір шұбалып Текенің тас қамалына барып тығылып жатыр. Бірақ Текенің осыменен шамы сөніп, күні батқан шығар біржола.

Ал Батыс уәләяты өткен жылы Қаратөбе Құрьлтай съезінде дүниеге келді. Көздеген мақсаты — киіз туырлықты қазаққа өз алдына тутін түтеттіріп, отау тіктіру, уақытша үкіметтен заң жолымен автономия әперу.. Ел

басы азаматтар уақытша үкіметтің жайсандарының иә деп емес, жоқ та емес, ұзын арқан кең тұсау сүйретпесіне шыдамай, «ойбай, мұнымыз заңсыздық болады, қарап отырып халық басына жау шақырамыз» деген өз байбалашыларымызға құлак аспай, уәләятты жарияладап, жар шашып жіберген. Енді онымен айнала төңірек санааспай отыра алмады. Қайсыбіреулері болған іске не шара деп, мойындай да бастаған.

Жантая берген Қарабас жастықтан басын қайта көтерді:

— Мойындады дедің бе?

— Мойындағамай қайда барады? Қазақ өз алдына үкімет құрды, министр тағайынды, әскерін ұйымдастырды. Ол мойындағаны емей, немене?!

— Эй, қайдам? — деді Қарабас басын шайқап.— Сенбеймін. Уа, бұл не деген батпан қүйрық? Ақ патша бостандық берсе, бұрын қайда қапты? Жаны қызылғанда қызылдарға қарсы айдал салған қот-қоты шығар. Таққа қолы жетсе, ертең-ак, қашан айттым деп, тайқып шыға келмес дейсің бе?

— «Бөлінбейтін бірегей Ресей» деп көкіп жүргендер жоқ емес, бірақ жоғары жерлерде әнгіме болып, біраз ай мүйіздердің ауыздары алынған.

— Қызылдар қантөгіссіз-ак өз-өздерінді билеуге ерік берем... ә-ә... әлгі не деуші еді... автономия берем деп әлемге жар шашты емес пе?! Елдің қамын ойлағандарға сол қызылдарың қолайлы ма дедім. Ал мына Уақытша үкіметіндікі, атына қарай заты дегендей, былқылдақтау ма, қалай?

— Ойбай, Қараға-ау, қызылдарың уәләяттың еркіндігін акқұла мойындағамай отырған жоқ па.

— Онысы несі?

— Не дерің бар ма? Міне,— деді ол, қалтасынан бір будақ газет шығарып.— Міне, уәләяттың бетіне түкіріп, заңсыз деп отыр.

— Оқы! — деді Қарабас шалмасынан құлағын шығарып.

Бұл қызылдар жағын жактаған қазақтың кедейшіл бір топ белгілі азаматтары қол қойған Орал ревкомының уәләятқа қарсы жазылған үндеулері мен газет мақалалары еді. Онда уәләятты байшыл, заңсыз, халық мұддесіне жат деп, жер-жебіріне жеткен-ді. Үсмайыл қайсыбір жара аузын тырнаған ашы шындықтарды аттап өтіп, даулы, шытырман тұстарына мән бере, құлық коя оқыды.

— Өй, бұларың Теке шенберіндегі әңгіме болды ғой. Мәскеу не дейді, Мәскеу,— деді Карабас, мына бір өсек-аяң сияқты жайдақы сөздерге көнілі толмай.— Бәрін шешетін сол ғой. Мәскеудің аузы қалай қисайып отыр?

— Қараға-ай, бала сияқтысыз. Оралдағылар өз ойынан сөйлем отыр дейсіз бе? Мәскеудің айтағымен айтып отырған жоқ па?

Карабас «м-м» деп ыңыранып қойып, қатты ойланып қалды. Ол еркіндік, теңдік, автономия береміз деп дабырлап жатқан кеңестің — автономияның іргесін қалап, ошанын түтін шубатқан уәләятты қолдау орнына, жауғып алғанын түсінбеді. Түсінбеді де, көніліне әжептәуір қауіп алды. «Бәрі де көк мылжың, бос сөз болмағай еді»,— деп ойлады. Ешкімнің оп-оңай теңдік бергісі жоқтай көрінді оған.

* * *

Атаман қазаншы қайнатып әкелген қара шайды тұз салып, үн-тұнсіз сораптап ұзак ішті. Жерден жеті қоян тапқандай ентігіп келген Ысмайылдың алғашқыда құлағын елең еткізіп, көніл жадыратқандай болған хабарының куанышы ұзаққа бармады. Тіпті анау Өр Жайықтағы құдай үйіне жиналған қалың ел атын батаға енгізгені де көнілін көншітпеді. Қазақ өз алдына түтін түтеткен іргелі ел болды, уәләят болды деп дүрлігіспе жүргендери әрі ешкім мойында маған, ешкім зандастырмаған түсіктей шала туған бірдеме болып шықты. Ал, ойбай, ақ патшаның есігіндегі күні болудан құтқарам, өзінді-өзіңе билетем, автономия берем деген қызылдардың уәләятты жау көруі — көнілге құдік қашырып, әрі-сәрі ойға қалдырды. Эй, бейнетің бес батпан, бағың ашылмаған сорлы қазақ! Жаралғалы көргенің қорлық пен азап болды-ау. Адамың да алдамшы, үкіметің де алдамшы, бәрі алдамшы, кімге сеніп, қайда барып әділет табарсың!

Карабас қабағы қарс түйіліп, әрі-сәрі ойға шомып, түнерген сайын, Ысмайыл іштей «шоқ-шоқ» деп, жымыңдай түсіп отыр еді. Ол қар тумысынан өзі де такыр кедей, кедейдің мұңын мұндалап, жоғын жоқтаудан өзге мұраты жоқ атаманды кедей үкіметі — кеңестен біржола шығындырып «Алаш» дініне бас игізудің небір айда-шарғыларын әріден ойлап, көніліне түйіп дайындалап келген-ді. Сонысын есеппен, үнемдеп жұмсауға кіріскең.

— Ойбай-ау, тарс ұмытып кетіппін,— деді ол қалта-

сына қолын салып, бірақ ізінше тосылып атаманға жіпсие қарады.— Сүйіншіге не бересіз?

— Ол не?

— Болыңыз, сүйіншіңізді айтыңыз!

— Жарайды, қалағаныңды ала ғой!

— Үйінізден мен қызығатындай ештеңе көріп тұргам жок. Қалағаныңыз болсын деңіз.

— Эй, алаяқ! Жетті енді, бұлданбай...

— Ойын ғой, ойын ғой, Қараға!

Ойыннан өрт шығарып алудан қаймыққан Ысмайыл атаманың даусынан қатқыл білінген соң, бетінен тез қайтты. Оның табиғатының өзгеден артықшылығы да — осы айтып қайтқыштығында еді. Ол қойыны толған көп қағаздың арасынан бүркіт мөрлі, тасқа басқан табақтай қағазды алып Карабасқа ұстадты.

— Бұл не?

— Оқыңыз.

Қарабас бөксесімен от сөндіргендегі қопаң-қопаң етіп; отырып-тұрды.

— Эй, ақымак! Сен кімді күлкі етпексің? Басыңды алдыңа сылқ еткізейін бе осы?!

— Ту-у, Қараға. Сізге жақсылық істесен де жақпай-сың.

— Шымшылаймын деп жақсылығыңды аяқ асты етіп отырған өзіңсің, ақымак!

Ысмайыл әзілге жығып, нарқын арттырамын деп отырып, жақсы басталған әңгіменің әрін кетіріп алғанына өкінді. Осы бір теңіз кезіп, тентіреген балықшыларды түсіну қын: бірде көл, бірде шөл, үстінен түйе айдасаң да мыңқ етпей отырып, болмашыға шарт та шұрт қызылшеке болатыны бар. Ысмайыл назасын ішіне тұншықтырып ләм-мим демей, қағазды оқи бастады:

— «Бұл куәлік атаман Қарабас Кәржіқұлына өеріледі: аталмыш адам өзінің балықшы қауымыменен Ақжайма — Қарақолтық, Қызылбас өңірінің, атап айтқанда, шығысында Порховинскі батағасына дейінгі жиырма бес шақырымдық межеден, теріскейінде Таскраның әскери жолдарына шейін, батысында Забурын батағасының Қара теңіз аталағын қойнауына дейін, тұстігінде Гурьев — Баку, Гурьев — Астрахан, Гурьев — Порт-Александровск су жолдарына шейінгі аймаққа басыбайлы қожа деп табылсын. Бұл шекараларды аттауға ешкімнің, арнайы рұқсаты болмаса, Жайық атаман әскерінің де қақы жоқ. Өз еркімен шекара бұзушылар қатаң жазаланады.

E:\18.09\13\medil\medil0.tcr

Атаман Карабас Кәржікұлына Гурьевпен, Забурынмен және жағалау бойындағы басқа батағалармен алым-бөрім сауда жасауға рұқсат етіледі. Сондай-ақ, Ракушадан жағар-жанаң май алуына болады.

Жайық-казак атаман әскері штабының бастығы генерал Татуирев».

Ысмайыл оқып отырғанда, енсе салған Қарабастың аузы ашылып қалып еді.

— Қол қойып, мөр басқан мұның, Татуиревің кім?— деді ол қағаз оқылып болысымен.

— Штаб бастығы, Толстовтың оң қолы, мүйізі қарағайдай екі-үш мықтыларының бірі.

Қарабас қағазды қолына алып, аударып-төңкеріп көрді де, мырс етіп күліп жіберді. Күрең сақалы жел қаққандай желп-желп етті:

— Сенер-сенбесімді білмей отырғаным, казак-орыстан да мұндай рақымшылық болады деп кім ойлаған. Өзі шын занды куәлік пе?

— Шын-шын, Қараға! Күмәнің болмасын.— Әлгін-дегі өкпесін ұмыта бастаған Ысмайыл жұтынып қойып, сөйлеп кетті.— Эрине, казак-орыстаң қайырымшылық күту қын. Тұс көргеннен түзеліп отырған жок, уәләят салмақ салды. Мәселені қабырғадан қойған соң, иілуге мәжбүр болды да:

— Ә, бәсе, солай де.

— Солай, Қараға! Оңай иіле қойған жок.

— Рахмет, шырағым, еңбегің құдайдан қайтсын, бізді де ел деп әскеріп, жаны ашыған үәләятыңа рахмет.— Атаман кеудесі ашылғандай тыңысы кеңең сөйледі.— Қанша тырбынсақ та көптен бері қол жетпей жүрген арман еді бұл. Анау Қиғаштың кісі жегендей құйқалы өңірі князь Юсуповтікі, одан бергісі граф Безбородъко-ныкі. Жайықты казак-орыс межелеп бөліп, жанбасына жастанып алды. Аяқ аттаптайты. Уа, бұл не сұмдық! Өз жерінді басып жүру өзіне мұн! Қиянаттың да шегі бар емес пе? Баяғыда ақ патшаның Столыпин деген бір нәлет атқыры қазактарды қаңғыртудың, жан сақтайтың шұрайлы жерлерінен шөлге ығыстырып, құмқата ғып өлтірудің жоспарын жасады деп еді. Осыларды ойласам қаным қарайды. Соны істеген ақ патшаның бетіне түкірсөң — обалы жок. Үәләяttің ел боламын десе, алдымен осы жағын ойлағаны жөн. Жан берсек те жер беруге болмайды.

— Е, Қараға-ай! Оның несін айтасыз.— ҮІсмайыл күнірене күрсініп, тізесімен бір жылжып отырды.— Жерді алды, малды алды, аузымыздан құранымызды алып, шоқындырмак та болды. Жан-тәнімізде шарпылмаған не сау-тамтық қалды? Көрген қиянатымызды жіпке тізер болсақ — әзиз жаннан түңілгендейсің. Ақ патшаның барлық іс-амал әрекеті — тілімізді нокай ғып, дінімізді алып кәпір ғып, қазақ деген атымызды жер бетінен өшіру екен, оған енді көз жетті. Ақ патшаң да, бәлшебегіңе де сенім жок. Біреу біреуді тұқыртпаса, ұшпаққа шығарады деген бос сөз. Өз қотырыңды өзің қасы, өз арыңды өзің арла! Жақсы болсын, жаман болсын өз тұтінінді өзің тұтепей ел бөлмәсімиз аян. Қазақтың иғі жақсылары «Алаштың» ала туының астына бірігуден басқа жол жоқ деп отыр. Мұратқа жеткізсе, сол ғана жеткізбек. Басқа амал-айла тәмам!

ҮІсмайыл кең шапанының белін босатып жіберіп, шашақты жылтыр кездемені алып, колдары дір-дір етіп Қарабастың алдына жайды. Алтын шашақты көгілдір жібектің қақ ортасында жаңа туған ай мен жұлдыздың бейнесі. ҮІсмайыл еңкейіп көгілдір жібекке мандайын тигізді.

— Бұл не? — деді Қарабас түсінбей.

— «Алаштың» қасиетті ала туы емес пе, Қараға?! Құсман имам үшкіріп, иғі жақсылар батасын беріп, сізге жолдады бұл туды.

Қарабас шошып кетті:

— Ендеңе, мұны аяқ асты етіп не қылғаның? Іл анау іргеге!

ҮІсмайыл туды іргеге іліп, сүйсіне қарады да, көзінің жасын сығып, қайтып келіп орнына жайғасты.

— Кешіріңіз, Қараға! — деді ол моншақтаған көз жасын алақанымен айғыздал. — Көңіл босап, көзге жас тоқтар емес. Біздің де ту көтеріп, ел болғанымыз ғой. Уа, жасаған, қолдай көр! Шырылдаған шиеттей қазақтың көз жасын елеп, ескергейсің, құдіретің құшті жаратқан!

* * *

Кешкісін ҮІсмайыл уәләяттың сәлемдемесі деп алып келген көр-жерін жүртқа түгел үлестірді. Айна-тарақ деймісің, иіссу, сабын деймісің, кездеме-көйлектерге де қолдары жеткендері бар. Шалан үсті опыр-топыр, у да шу, тегін олжаға өңмендеп бір-бірін итермелеп баса-көктеп ентігіскен халық.

— Уа, өлтіремісің! Кимелеме!

— Былай тұрсай, құйысқанға қыстырылмай.
 — Ағатай, маған берші, маған!
 — Эй, қатындар! Барындар енді... сендердің шүберекке көздерің тоймас.

— Кимелеме кезексіз! Бір алғанға екі берме, шырағым!
 — Эу, қайным, бұл не топалаң? Тегін бе? Әлде сұрауы бар нәрсе ме?

— Тегін, женеше, тегін. Ұмтылыныз, әйтпесе құр қаласыз.

— Мұндай жақсылықты әке-шешеден де көрмен едік. Уәләяттан айналдым.

— Эй, оның кім еді?

— Ту-у, надандық-ай! Үкімет қой, жаңа үкімет те! Тенізшілер қолдарына бір-бір нәрсе ұстап, Ысмайылдың алдынан күлімдеп шығып жатты. Еркектер жағы анадай жерде бұл абыр-сабырға сыртынаң қарап тұрған атаманға бұрылып, көніл ризалығын білдірді.

— Кеп — тонда емес, жолдағой, елегендеріне раҳмет!

— Уәләятың ерледі!

— «Әркім сыйлағанның құлы» деген, бізге қолайлысы осы үкімет болмаса неғылсын!

— Ау, ағайын. Не дегенмен, осы Ысмайылың ерлеп тұр. Откен жылы да астық, қант-шәй әкеліп бір жарыл-қаған.

— Қанына тартпағанның қары сынсын, өз үкіметіңің аты — өз үкімет те!

Ысмайыл уәләятың сәлемдемесін бірін қалдырмай қап түбін қағып, түгел таратты. Сыйлық жетпей дау салған екі-үш әйелге де қолдарына бірдеме ұстатаң, оларды да риза қылды. Содан кейін екі езуі екі құлағына жетіп, екі беті. бал-бұл жанып, оқшау тұрған Қарабастың жанына келді.

— Да, Қараға! Мына жұртына бірдеме демейсіз бе?

— Өзің дей берсеңші.

Елдің көңілін тауып, аузын алған Ысмайылға да керегі осы еді. Екі айттырмай ортаға суырылып шықты сабазың.

— Да, ағайын! — деді ол шаттана айғай салып. — Да, ағайын! Иісі қазақ жиналып, жақсылар мен жайсандар ақылдастып, кеңесіп, өз алдына шаңырақ көтеруге пәтуаласты. Азан шақырып, жаңа отауға Уәләят деп ат қойды. Жаңа үкіметтерің құтты болсын, ағайын!

— Айтсын! Айтсын!

— Қайырымен болсын!

— Аруақ қолдап, ұзағынан сүйіндірсін.

— Маңдайынан жарылқасын!

Елдің ықыласына кенеліп, аруақтанған Үсмайыл одан сайын көсілді:

— Ат жалында, атан қомында туып, ат құлағында ойнаған айбынымыздан айнала тітіренген аруақты ел едік бір кезде. Кім болдық? Кім көрінгенге жем болдық. Құл болдық, күң болдық, бас еріктен, ауыздағы сөзден, айдаған малдан, кіндік кесіп, кір жуған жерден айрылған соң, қара күннен қай жеріміз артық? Кешегі ел басына күн туған қысылшаң кезде аузына қарап, тағдырымызды қолына тапсырып, қолтығына енген мына ауыз түкті ағайын торғайдай тоздыруға қалды. Тілі тәтті болғанмен, пиғылы қатты болып шықты. Тілімен алдаң, омыртқамыздан жұлынымызды суырғалы жүргеніне енді-енді көз жетті. Мұның бәрі неден дейсіз ғой баяғы? Халықтың мұңын мұндалап, жоғын жоқтайтын, басын қосып ұйыстыра, бүгінгі тілек, ертеңгі үмітінің іздеушісі болар, жол көрсетіп, бағыт сілтер ордасы болмағандықтан. Міне, сол киелі орда уығын қадап, шаңырағын көтерді. Үзғындай елім ырың-жырың болмай, бір жағадан бас, бір женнен қол шығарып, тілек біріктіріп, ақ жолға бет түзер деп отыр. Өздеріңе дұғай-дұғай сәлем жолдады.

Ел гу-гу етті.

— Сәлемат болсын!

— Көп жасасын!

— Ақ жол, әділет істен кім безер дейсің?

— Сәлем-сауқаты боп тұрса, уәләятыңнан біз қашпадық,— деп күядірді біреу.

— Өзімізден-өзіміз қашып қайда барамыз? Жасасын, уәләят!

— Уәләятың ак па, қызыл ма?— деп сұрады бір опырық шал.

— Ойбай, ак та емес, қызыл да емес, уәләят дегенің — казак! Қазак!

— Солай ма еді? Е, жасаған!

Үсмайыл анау Жымпітыдағы сияқты қалың жұрт беркін аспанға лақтырып қуанған, жаға жыртып, төс қағып өңештеген қошемет күтіп еді. Ол болмады. Үкіметтен әбден түнілген, одан жақсылық күтуден қалған, қайта, оны өзінің ата-жауы көретін аяқ жол ақылы мен білегінің күшіне ғана сенетін, жоқшылықтан жанышылған қарабайыр балықшы ел уәләяты бірі орнап, бірі құлап жатқан көп үкіметтің біріне ғана балап, самарқау қала берді.

Ізбасар сирек ашуланатын, ашуланса түтіккеннен түгі сыртына шығатын, қастасқанын қарпымай тынбайтын жолбарыс мінез жігіт еді. Шаландағы өзгерісті көргенде, үкі көзі дәп-дәңгелек болды, шықшыты шодырайып, айқулағы айналып кетті.

- Бұл не? — дед бақырды ол Тасбақа Төлегенге.
- Ойбай, қайдан білейін...
- Неге білмейсің? Не қарап жүрсің?
- Ойбай, енді... Қарағаң ештеңе демеген соң...
- Қарағаң! Қарағаң не біледі? Жоғалт, ананың көзін! Жырт! Лақтыр!
- Ойбай-ау, үят болмай ма?
- Өй, уәләятыңың тап ішін...

Ізбасар төбелескөй теңізшінің әдетіне бағып, үстіндегі жолақ көйлегін шешіп тастады. Ойқы-шойқы денесі айлат, кеудесі жалаңаш ол аузынан темекісін алмай, езуін қисайтып, жер тітіренте қатты бақырып жіберді. Бес-алты қайың қара жігіт олардың жанына жетіп келді. Тасбақа Гөлеген қолын қалтасынан шығармай, бір аяғымен тықылдата билеп тұрып, шаланның төбесіндегі көкала туды иегімен нұсқап әмір етті.

— Көзің құртыңдар! — Жігіттер бақшия қарап қалып еді: — Кш-ш! Кәне! — деді, астаудай жалпақ иегін қисаң-қисаң еткізіп.

Екі жігіт баспалдақпен өрмелеп жүгіре жөнелді. Қалғандарына шаланның мәндайшасына қағылған — «Жасасын уәләят!» деген ұранды нұсқады:

— Иісін мұнқітпей, жұлып тастандар!

Ізбасар сәл-пәл сабасына түскендей болғанмен, әлі де ашуы басылған жоқ-ты: езуіне жабысқан темекі түқылы шошаңдап Тасбақа Төлегенгеобып жіберердей шүйліге қарады.

— Көрсоқыр, надан екеңсің ғой өзің барып тұрған! Өзінде тіпті таптық сана жоқ қой атымен. Уәләят деген не? Ол қазак байларының үкіметі, енді қазакты бөліп ап жеке билемек, бізге керегі сол ма еді? Бір құлдықтан шығып, екінші құлдыққа түспекпіз бе?!

Ізбасардың төндіре ұрысқаны Тасбақа Төлегеннің құлағына кіріп-шыққан жоқ.

— Айыптымын, — деді ол иегін қисандатқан қалпы. Ұрандарды жұлуға кеткен жігіттер шаланның төбесінен айғайладап үн қатты:

Теке, не істейміз? Лактырайық па?

Тасбака Төлеген қарап жіберді де:

— Лактырындар! — деп қолды бір-ақ сілтеді.

— Ал мына ұранды ше? — деп қайта мошқады жігіттер.

— Қайсысын?

— Бұрынғы, өзіміздің ұранды.

— Оған тимендер!

Ол шаланның мәндайында баяғыдан, қызыл комиссар Коломицевпен жанжалдасып, ашық теңізге шығып кеткелі бері келе жатқан теңізшілерге қатты ұнайтын ұраны еді. Ұран дейтіндей ұран да емес, кәдімгі олактау жазылған өлең жолдары:

Біз ешкімге бағынбаймыз!

Біз ешкімге табынбаймыз!

Байыңа да, патшаңа да,

Жандарал мен комиссарға

Түкіреміз!

— Етиаумайт! Осы ұран маған ұнайды! — деді Тасбака Төлеген бір аяғымен әдетінше еденді тырпылдатып тұрып.

Жоғары жаққа жалау жығуға кеткен жігіттер тымтырыс болған соң, Тасбака Төлеген: «Әй, неғып жатсындар? — деп, мойнын созып баспалдақпен өрмелей берді де, бұға қалды.

— Ойбай, Қарағаң!

— Қайда?

— Шаланның төбесінде.

Ізбасар жейдесін иығына іле салып, баспалдақпен жоғары көтерілді. Шаланның арғы басынан сырыйтай ұзын аяғын санай басып Қарағаң келеді. Жанында кәнден иттей шыр айналып шалғайына оралған Ысмайыл. Ізбасар қаймықпай қарсы адымдады.

— Бұл не, Қараға? — деді ол амандық жок, саулық жок төтесінен. — Кез келген дегенін істеп, төбемізде ойнақтай бере ме? Біреуді төбемізде ойнақтату үшін отырмыз ба? Тыйыңыз, бұл бейбастықты!

Қарабас иегі шошайып, көк теңіздің үстіне қыдырта көз жүгіртті. Атырау жарықтықтың айдыны күміс нұрга шомылып, етек-жөні жайылып, тыныш жатқан бір кезі еді. Белін жазбайтын шаруақор ұлы теңіз бірауық тыным алып, мызып кеткендей ме, қалай. Ұшып-қонып дамыл таппайтын шағалалар да айдын бетіне қонақтан, тараңып

Маресаре. Тек аннан да, мыннан да шолп етіп шоршығаң

балықтар айнадай айдын үстін әжімге толтырып жүр.

Карабас Ізбасарға бұрылып қарамастан:

— Ақкөсө қалай екен? — деді бей-жай ғана.

Іштей неге болса да дайын, ширығып келген Ізбасардың көңілі сұлқ түсті. Карабастың басқаны сұрауы, даусындағы бейжайлыш, мұны абдыртып таstadtы. Капелімде не дерін білмей:

— Шүкір, — деді. — Эжептәуір бітеліп қалған екен. Та-зарттық.

— Терендігі қанша?

— Екі метрге жуық.

— Е, жарайды, жақсы болыпты.

Карабас басқа сөзге келмей, бұрылып жүре берді. Шаланның тоза бастаған төбе тақтайларының қаншалықты беріктігін етігінің үшімен тұртіп тексеріп, кенерені жағалап ұзап барады. Оның мына мінезі Ізбасарға қаншалықты оғаш көрінсе, Үсмайылға да соншалықты тосын boldы білем. Арқа таңып келген атаманы ләм-мим тіс жармаған соң, Үсмайыл бет-аузы тікенденіп, алабұғадай айқұлағы ісініп сала берді.

Ізбасар оны обып жіберердей жайлап басып, жанына келді.

— Эй, саған не жоқ? Негып жүрсің? Ит шақырды ма сені мұнда?

— Үзадан жарылғалы тұрған Үсмайыл талағы тарсайрылып шарт кетті.

— Не деп тұрсың? «Әйің» не, көргенсіз. Жасым үлкен емес пе?

— Жасынды үрғаным бар.

— Эй, күшік! Сені ме, осы...

Үсмайыл қолын қалтасына апара берді де, алтыатарды саусағында шыр айналдырып ойнап тұрған Тасбақа Төлегенге көзі түсіп, қалт тоқтады. Қолы қалтасына жетержетпес, ауада ілініп тұрып қалды. Үсмайыл ойын жүзеге асыруға бөгет болған Тасбақа Төлегенге көзімен от бүркіді.

— Эй, сен жартыбас, маған туған бөле екенінді білемісің?

— Бөле болсаң, қайт дейсің?

— Жоқ, сен өзің білемісің? Элде қарны тойып, тарқтарқ жеддеткеніңе мәз, туысын танымас түйірсізбісің?

— Қайтесің, о жағына барыспайық, отағасы.

— Сонда сен мені бетің шімірікпей атып салмаксың ба?

— Тфу, қарабет!

Ысмайыл қолын сілтеп сырт айналды.

— Кәне, кәне, сөйт! Есің барда елінді тап. Табаныңды жалтырат!— деп еді Ізбасар, Ысмайыл өз құйрығын өзі жұлатын құтырған иттей арс етіп, артына жалт бұрылды:

— Қожандама! Қожандайтын адамың мен емес. Қарабас өлген жок, тірі. Бұл жердің атаманы сен емес шығарсың? «Көп асқанға бір тосқан», байқа, жігітім. Қалпағыңды қайырып жіберермін...

— Өйбой, мына жаманға жал бітіпті ғой. Суға салып, салқындастып алатын екен өзін. Қайтеміз, Төке?— деп еді Ізбасар ойын-шыны аралас:

— Салқын су тез-ақ ес жиғызады. Е, макұл,— деп, Тасбақа Төлеген білегін түріне бергенде:

— Эй! Жетті! Қойындар!— деп дауыстады, шаланың бас жағында кенере тақтайларды шұқылап жүрген Карабас.

Қауқар көрсете алмай, іштей қанжылаған Ысмайыл иттей болып атаман жаққа кетті. Мына бір өз дегені болмаса, тірі жанға дес бермейтін, жұдырықтарына ғана сенген, жаратылысынан тентек, жынды жігіттермен тіресу қын еді оған. Тіпті Карабастың өзін де ықтырып тастаған ба: атаман әй-шәй деп, далаға үрген төбеттей маңқ-маңқ еткеннен басқа батып ара түсе алмады, әлде бақаның тілін білетін ол сығырдың ішкі есеп-құлығы ма мұнысы. Табанымен «чечетка» қаққан Тасбақа Төлеген Ізбасардың біресе о жағына, біресе бұ жағына шығып, ізінен екі елі қалмады.

— Бөле дейді. Бөлелігін білсе, етиаумайт, баяғыдан қайда жүр? Ұрғаным бар енді. Әңгіме қысқа — суға тоғытып алу керек еді.— Тасбақа Төлеген теңізге тоғытып Ысмайылды жуасытпағанына опынумен болды.

Кешкісін шаланың төбесінде батар күннің жалқынымен таласып қызыл жалау желбіреп тұрды.

* * *

Қалмұрат үйқыдан оянса, атасы дағдысынша қазан асып, «ешкі тұқайын» тұтіндептіп, өзінің мәңгілік, түбіне таяу бойламас терен ойларын ойлады, есік алдында сыйқан кірдей мұжырайып отыр. Бала жігіт керіліп-созылып, рахаттанып айдын бетінен демденген шипалы жібек самалға кеудесін төсеп, жан-жағына көз созды. Күн жа-

рыктық жөнжектен жаңа қылтиып келеді, теңіз оянған: айнала төңірек сойдауылдары сорайған балықшы кемелер, қыбырлап ауларын жинай бастапты, теңіз тереңіндегі тұнгі қонасынан топ-топ боп шұбалып шағалалар қайтып келеді, үп өткен леп жоқ, айдын беті айнадай.

Қалмұрат қауға шелекті теңізге тастап, толтыра күреп су алды да, шалпылдатып жуынып, желпініп, сілкініп атасының жанына тізе бүкті. Шаланның тұмсығындағы осы бір қуықтай жер екеуінің ес білгенмен бері өз үй — өлең төсегі. Атасы демденген қазанның бұрқыраған буын үргілеп қойып, балық түсірді.

— Катыштың қызына құда түсті,— деді тамақты алда-рына ала бергенде.

— Айтолқынға ма?

— Айтолқын ба, Күнтолқын ба... әйтеуір кеше құда шақырысып, қуырдақ жесісті.

— Кімдер екен?

— Жыға танымадым, кейін қосылған кемешілер білем..

Қалмұрат жүрегі тай балықтай бұлқып, құлағына дейін бет алды қызарып кетті, бірақ онысын сездірмей:

— Е, қайырлы болсын,— деді немкұрайды.

— Сес!— деді атасы, оның ең жаман қатты боғауызы осы еді.— Сес! Несі қайыр оның? Өлгеніңнің қайыры ма? Сен бе, сен адам болмайсың. Жер хабар бермесін, марқұм әкен құдды осындай еді. Аумағансың. Шалапай!

— Өлген аруакта нең бар?

— Өлгенің бар, тірің бар, жетіскен бірің жоқ. Бір жөнді адам болсайшы біздің тұқымда. Шетінен шалапай.

— Оның ішінде өзің де кетесің ғой.

— Э, немене, мен қай жетіскен адам деп ең? Мен де шалапай. Шалапай болмасам, өстіп ит құсан өмір сүрер ме ем? Не өз отым, не бала-шағам, не жиған-тергенім болсайшы. Осы отырғанда өлгенде киер кебінім де жоқ.

— Жарайды, өлсең — орайтын бірдеме табармыз,— деп әңгімені әзілге шаптырды Қалмұрат.— Ал енді Катыштың қаракөтен қызы байға кетті деп, өлетін жайым жоқ. Кетсе — тастай батып, судай сіңсін. Ондай қойға мінетін тоқпак торы қарашибдар қызды қайтем, алған соң ақ сазандай аппақ, оймақ ауыз, күлім көзін алмаймын ба!

— Байқа, аузыңды жырып кетпесін...

— Көрде тұр. Бәстесесің бе?

— «Шешесіне қарап қызын ал» деген. Катыш мың-болғыр жақсы адам ғой бір.

— Оның қай жері жақсы? Бақырауық түйедей баж-баж еткеннен басқа білері жоқ. Бір кезде Қатышқа ғашық болып, қолың жетпеген екен, енді соның қызын мен алуым керек пе? Тапқан екенсің ақымакты. Қатышыңды қимай отырсан, өзіңе алып берейін.

— Ту-у, пәтуасыз-ай,— деп ашына мырс етті атасы.— Саған сөз айтып отырған менде ми жоқ. Кой, кет, бар қаңғуылда.

Шаланда туып, шаланда өскен Қалмұрат екі-үш күннен бері Ізбасармен бірге жол жүріп, жолдастарын, әзілі жа-расқан қатар-құрбыларын сағынып келіп еді. Өзі де жы-быршып, бөксесін әзер басып отырған-ды. Іліп аларын үстіне киіп, езуіне папиросын қисайта тістеп, шаланды аралауға шықты. Балықшы кемелердің алды біртінде шаланға енді-енді жанаса бастаған. Қалғандары әлі орта жолда: теңіз үсті қаптаған ақ желкен, желкен емес, ақ көбелек қалқып жүргендей.

Шалан күндегі дағдылы тірлігіне еніпті. Қабылдаушы Әлімжан таразының тасын сарт-сұрт қағып, жаландап тұр. Қазір жиған-тергенді бір қазанға құйып, қауымдасып енбек етіп жатқанда, таразыдан жымқырудың пайдасы жоқ. Әлімжанның қалтасына сынық тиын түспейді, бірақ өмір бойы таразыдан азық айырып дағыланған қабылдаушы қымқырмай тұра алмайды, көзді ала беріп, таразының тасын шайтандай жылп еткізеді. Балықшылар бір емес, екі емес, талай-талай дау шығарды. Тіпті бірде Қарабастың өзі араласып, ендігәрі сұыққолдық істеп, таразыдан жейтін болсаң, тұз тасуға жіберемін деп зәре-сін алды. Тұз тасу — азаптың тозағы, Нарынның Қара-сорын белден кешіп, аяқ-қолдарың ақжем, ауыз-басың жара-жара болып, қара сирағынан қан сорғалап жүрге-нің. Әлімжан «енді алдасам, кәпір болайын!» деп Қарабастың аяғына жығылып, мандайымен жер тоқпақтап, ант-су ішті. Сонда да бәрібір таразы тартқанда қолы жыбыр-лап, қарадай қағынып тұрғаны.

Қабылдаап алған балықты ыстаған қайыңдай күп-күрен, қара-қайыс қайратты жігіттер зембілмен балық жаратын әйелдерге әкеледі, олар балықты жарып, шек-қарынынан тазартып, тұздаушыларға жөнелтеді. Тұздаушылар оларды бөшкелерге сыйқайды. Жүкшілер оны қол арбаға тиеп шаланның қараңғы үлігіне әкетеді. Сол жерде бір жұма бойы тұздыққа бөгіп, дәм-татымы түзелген соң, жайып кептіруге шығарады. Шалан, қабылдау пункті, айналадағы кеме-қайықтардың үсті тізбек-тізбек балыққа толып,

түрғыны тамиылап, самал жеңмен шайқалып тербеліп тұрғаны. Шыжынаған күн астында олар бір аптадан кейін қара жонынан майы сорғалап, мейіздей бол қата бастайды да, ауадағы кешегі ашқылтым тәтті тұздық иісін енді күнірсіген балық майының иісі алмастырады. Осы кезде жайған балыққа шағала шүйгиді, азан-қазан бол шалан үстінде бұлтша жыртылып-айрылып жүргені. Оларды үркіту балалардың міндеті. Ертеден қара кешке шейін кеменің әр түсінан айғайға айғай қосып:

Ала шағала айт!
Қара шағала қайт!
Сақпан тиер басыңа,
Келме мениң қасыма!—

деп зар қақсан сакпаңын сартылдатып тұрғандары.

Жұмысшылар жұмысқа ендіғана дең қойыпты. Қалмұрат шаланның төменгі қабатындағы дүкенге бұрылды. Бұл — теңізшілерді табысына қарай шәй-су, қара азықпен қамтамасыз ететін жалғыз дүкен. Дүкенші — қысыр жыландай қайқаңдаған Бәтес атты бойдақ әйел. Үлкен-кіші демей елдің бәрімен тілін безеп, қалжындаса кететін Қалмұраттың онымен де жеңіл-желпі әзілі бар-ды.

— Көрмегелі көп күннің жүзі болды, қима қас жеңеше!
Аманбысың? Мен жоқта біреу-міреу жеп қойған жоқ
па?

— Мені кім жесін? Тамақтарынан өтпей жатырмын.

— Сен де бір, шоқырдың тікені де бір.— Ол керіліп-
созылып, тұла бойының сіңірлерін сықыр-сықыр еткізді.—
Бойымда шықпай жүрген тер бар. Қойныңа ал дағы,
женеше.

— Кешкісін ел жатқанда келе қал.

— Ермұраттай қып жүрмейсің бе?

— Бұйыртқаны болады да,— деп сылқ-сылқ етті Бәтес.

Осында елдің көзінше шешініп суға щомыла алмай жүрген Ермұрат деген бар. Қой аузынан шөп алмайтын, моп-момақан жігіт еді, көзіне не көрінгенін, биыл көктемде айғырлығы күшейіп, қарадай қағынбасы бар ма? Тұнімен терезесін қағып Бәтеске үйқы бермейді. Содан бір күні аңдып тұрып, терезеге қарай тоңқандап келе жатқан жігіттің бәксесіне күйіп тұрған ыстық көсеуді басып алған ғой мына бетпак. Дамбалшаң жүрді ме, әлде тыр жалаңаш келе жатты ма — көсеу бәксеге шылжырып басқан суреттей боп айнымай көшіпті. Енді Ермұрат «ак бәксе» ата-

Е\18.09.13\еди\еди010.tif page 138
ның, ет күнегін болған соң, жұртпен бірге шомыла алмай қор боп жұр.

— Кой, құрысың, бәксе емес, одан қымбатырақ бір жеріме басып аларсың,— деп қолын сілтеп, бұрылып кетті Қалмұрат.

— Топ шенгелге келсөң кел, өз-өзіңе сенсөң кел,— деп сылқ-сылқ етті Бәтес.

Қалмұрат әлгінде Айтолқының құда түсіп, атастырылып кеткенін естігенде, жүрегі сазып өкінгендей болып еді, шаланның үйреншікті байырғы тірлігіне араласқан соң, көңілі бөлінгендей еді. Дегенмен Айтолқынды, жоқ Қатышты көзімен іздеген-ді. Қатыш қайда болса қосақтаулы қозыдай Айтолқын да сонда болуға тиіс, Көз тайса қас қағымда сұлатып салатын мына жаландап сумаң қаққан өңкей аш бөрінің арасында шешелері қыздарын жандарынан екі елі шығармай, арқандаң ұстап бағумен, көлденеңнен аман сақтап келеді әйтеуір. Әйелдердің барлығы беттері күйіп қараймасын деп көздерін ғана сыйырайтып, орамалмен беттерін түгел түмшалап таңып алған. Біреуді-біреуден ажыратып танып алу оңай емес, дегенмен кенже келіні мен қызын іргесіне үйіріп балық жарып жатқан ұзын бойлы, қатпа қара әйелді бірден-ақ тауып, солай қарай бұрылды. Қатыш Қалмұратты көре салып, балапанын қорыған күре тауықтай қыт-қыттап шыға келді.

— Жоғал! Жуыма! Көргенсіз. Не бетіңмен ыржындалап келе жатсың?

— Не боп қалды, апа?

— Не болғанын білмейтін шығарсың, опырым! Тұнімен терезеден сығалап нең бар еді? Сен келсөң осы шаланның тыныштығы бұзылады. Өй, жын құсаған неме, ұятсыз!

— Ту-у, апа, қызық екенсіз. Бірдеме болса бәрін менен көресіз. Қызыл иттің аузы жесе де қан, жемесе де қан...

— Опырым! Білмеуші едім мен, сен жөке аяқты. Аулак жұр. Басқамен бол, шырағым.

Қатыштың мұнысы дәм болсын бос сандырақ: бүгін тұн олла-біллә аяқ серіпкен емес. Ал бұрындары ондай кінәсі болған: шаланның кенерімен жағалап, жылжып барып Айтолқының терезесін талай-талай қаққан. Қатыш елдің көзінше соны айтып, абыройын айрандай төге ме деп, онша қарсы келмей сырғақтай сөйлесті. Бетін түмшалап алған, қол-аяғы балғадай, жасына жетпей бәксесі көйлегіне сыймаған Айтолқын басын көтермеді. Осы шаланда дүниеге келіп, ес білгелі қол ұстасып бірге өскен құрбысы

еді. Бір ауыз арашыға жарамай, осыншама ынжық болар-
мысын.

Қалмұрат қыздың кенже жеңгесімен жақсы еді. Балық-
қа қол жалғап, оған көмектескен бол отырып әңгімеге
тартты. Адуын Қатыш түсінбесін деп, сол кезде теңізші
жастар арасында етек алған дағдымен сөздің терісін айнал-
дырып, бұрмалай сөйледі.

— Ұқыда дей түскен пе, асыр?

— Эй, асыр!

— Гекім?

— Іңүо итесінқа, ізіңе үріп же, ылдыңа імес еп?

— Эй, қаншық, шұжықы-мұжықыңды қой. Сұңқылда-
май тыныш отыр,— деп енесі келінінің желкесінен нұқып,
тыйып тастады.

Олар «Құда тұсті ме? Кімдер? Оны қайтесің? Жүріп
алған өзіңнен көр» деген тақ-тұқ сұрақ-жауаптан басқа
оғаш ештеңе айтқан жоқ-ты. Қалмұрат күрсініп, бет
алдына мұң торлап, тіл-жағынан айрылып бұғып отырған
Айтолқынға қарады. Айтолқын да түмшә арасынан көзі
жылтырап бірауық бұрылып басын көтерді. Екеуінің ара-
сынан бұлтты көлеңке жүгіріп өткендей болды. Ол не?
Гүл жармаған, айтылып үлгермеген іңкәр сезімнің ұщығы
ма, әлде бірге өскен бал дәурен балалық шақтың қимас-
тығы ма — екеуі де анықтап, айыра алмаған сияқты.

Қалмұрат орнынан тұрып, теріс бұрылды. Қараңғы
үлкіте бастары қылтыңдал, балық жайып жатқан жұмыс-
шылардың төбелерінен үңіле қарап, ысқыра әндептіп бір
аяғымен «чечетка» ұрып билеп қойып тұрған Тасбақа
Төлегеннің жаңына келді.

— Ассалаумағалайкум.

— Салют! Папиросың бар ма?— Тұла-бойы инемен
шабақталған, кеудесі жалаңаш Тасбақа Төлеген темекі
тұтатып тұрып, Қалмұраттың көзіне көзін қадады.
Сен Бәтеспен неге ыржактайсың?

— Болмай ма?

— Болмайды.

— Е, ендеше қойдык.

— Ха-ха! Осы сен ұфымталсың. Түбінде мировой
жігіт боласың.

Тасбақа Төлеген келтектей қып-қысқа қолымен иықтан
періп қалғанда, Қалмұрт жалманынан түсе жаздады.
Едендегі көлкіген су мен балық шырышына табаны тай-
ғақтап, аяғы көктен-жерден бір келіп, әйтеуір құламай
теңеліп тұрып, артына бұрылғанда, Тасбақа Төлеген кенк-

E:\18.09.13\edil+leditor\page10
кенк күліп тұр еken. Оның жаңағы перісі жәй әзіл ем екенін аңғарды да, бұрылып жүре берді. Қара дүлей Тасбақа Төлегенмен тілге келіп өле алмай жүр ме?!

«Мейл талай еркекті ышқырына байлаған сойқы Бәтестен дәм болсаң жетісерсің» болды бар айтқаны. Оны да табал ішінен ғана айтты.

Ол өзі елмен үлкен-кіші демей, әзілдесе беретіндікт анау-мынауды кек тұтпайтын, қайтуы тез әзілкеш жігті. Көйлектері бөкселеріне түрліп, балтырлары жалтыр бөшкеге еңкейіп балық тұздап жатқан келіншектер көргенде, жаңағы Тасбақа Төлегеннің дөрекі қылышы лезде ұмытты. Бөшке түбіне отыра кетіп, ак балтыр ши жүгіртіп еді, келіншек «көтек» деп, ор қояндай орши тусты.

— Эй, қағынды келгір! Қара шешек, сен бе едің?

— Етегінді жел көтермегендай шоршығаның не сошама?

— Көтермесе көтермеген шығар, оны қайдан білді?

— Айтак! Қасекең қой бағып жүр деймісің?

— Қасекең басқасын жүгіртеді, сен құсап ши жүгір пейді.

— Ха-ха! Хи-хи!..

Ұшайын деген қарғаға тәйт деген соң не жорық-күлеғеш қатындар ішек-сілелері қатып етектерін бір ашы бір жапты. Орамалдарын шешіп, көздерінің жасын сұрт азар тыйылды.

— Эй, қатындар! Мен бір ғажап жаңылтпаш үйрен келдім. Ғұмырларында ондайды естіген жоқсындар. Айтайын ба? — деді Қалмұрат.

— Айт, айт.

— Ендеше тыңдандар. Менің айтқанымды бірің қалмай іле-шала дауыстап тез қайталайсың. Кәне Құлпас сен баста. «Сыпыра тіктім, сыпыра сөктім!» Кәне, тез-те қаттырак.

— Сыпыра тіктім, сыпыра сөктім.

— Хи-хи!

— Ойбай, бетім, мына қата қалғыр не дейді?

— Эй, қекшешек!

— Жоғал, жоғалғыр!

— Бәсе, бұдан не жөнді сөз шығушы еді?

Қатындар оны балықпен жіберіп ұрып, Қалмұра шық-шиқ жүліп, қояндай жытып қашып құтылды.

- Папиросың бар ма, қатын?
- Жоқ, қара темекі...
- Шығар, шығар... бұлданба!

Бәтес бір қорап папиросты сөренің үстіне Тасбака Төлегеннің алдына қойды. Тасбака Төлеген шынтақтаған күйі қорапты бір қолымен алып, бір қолымен жыртып, сілкіп қалғанда, бір тұқылы ытқып шығып, езуіне қолмен апарып қойғандай жабыса қалды. Тасбака Төлеген сіреңкені де жалғыз қолымен сөреге ұрып тұтатты.

- Өй-ә, өнерлі екенсің. Бакуден үйрәнгенің бе?

- Кызылбастарға оны өзіміз үйреткенбіз.

Аяғы ұзын, жүріп-тұрысы мол теңізшілер Атыраудың айнала жиегіндегі ала-құла порттарға бара жүріп, талай «өнер» үйреніп, өздері де талай «өнерлерін» тастанап қайтатын. Олары ылғи бір тұнып тұрған ожарлық пен оғашық. Дағды ма, әлде өздерін бөтен жер, басқа жүртта хасқанбай еркін ұстаудың бір тәсілі ме — біліп болмайды. Тасбака Төлеген қазір аузынан темекі тұтінін шеңберлеп ытқытып тұрған.

— Сені Бакуде шәйкеде болды деген рас па? — деп сұрады Бәтес.

— Кате! Болуға болатын, бірақ болмадық. — Ол Бәтеске көз киығын тастанады. — Осы сен неше байға тиіп, неше байдан шықтың?

— Есте тұра ма? Жеті-сегіз бар шығар.

— Неге тоқтамайсың?

— Тоқтата алмаса кайтем?

— Сені бедеу деседі ғой?

— Ол енді тоқпағына байланысты ғой. Тоқпағы жетіспейді де.

— Тоқпак бар. Табамыз, — деді Тасбака Төлеген қасқыр иегін олай бір, былай бір қисайтып. — Так что, ойлан, келіншек!

— Сен маған сөз айтқалы тұрмысың?

— Сөз айтылды деп үғын.

— Жарайды, ойланайын; бірақ сені піштірілмеген кәпір деседі ғой. Шын ойың болса, алдымен сундетке отырып кел.

— Го-го-го! — Тасбака Төлеген жөл тартқан мұржадай күрледі де, аяқ астынан шорттыйылды. Бет алды сұрланып, сала берді. — Сен қатын, немене, шын айтып тұрмысың?

— Енді қалай деп ең?

E:\18.09.13\edil+ledil0.tif_page 142 Ақымақ қатын,— деді де, ол тұздығын ағызы бөшке домалатып бара жатқан жұмысшыларға дүрсे қой берді.— Эй, сендер, неме! Бұл не, Қарынбайдың малыма еді, көзіңе неге қарамайсың?

Тасбақа Төлеген — шаландағы балық жару, баль тұздада сияқты қара жұмыстың бас-көзі. Ол жағына ешкімнен ақыл сұрамайтын оқымағанның жетігі. Бірақ өзінің әпенділігі бір басына асып жетерлік: қатын алып бала сүю орнына бөлмесіне жиып қойған пұт-пұт гірлерді арс-гұрс көтеріп, қара терге малшынып, «куш жиып» әлектеніп жатқаны. Ол күшті қайда жұмсамақ екен. Содан кейінгі ермегі жас жігіттердің денесін инемен шабактап, неше түрлі теңіз суреттерін салу.

Сол күні кешке баладай аңғал, теңізші қауымның жасы әдетінен гөрі жаман әдетін бойына көбірек сіңірге жойқын күш иесі Тасбақа Төлегеннің піштірілмеген кәпі екені шаланның үлкен-кішісінің құлағына тегіс жетті.

* * *

Қалмұрат көрінгенмен қалжындастып, езуі жиылмасойған тұлқідей ыржандаганмен, азанда көңіл аспаны торлаған кіреуке бұлт бір серпілмеді. Ол ақыры оңашалана берді де, кемеден-кемеге, проздан-прозға орғып, ешткі елсіз баржыға келіп отырды. Одан әрі ештеңе жоқ — айдыны жалтыраған ұшы-қырысyz көк теңіз. Кеменде желкенінді тігіп алып жосып берсең — Кетік, Шағада барасың, оңға салсаң — Қызылжар, Мақашқала, одан әрі Баку, Пірсағат, — сосын шетел деп аталатын ар жағына келгенде бері жібермейтін, бері жағынан барғанды әрі жібермейтін ақ патшаның зілмәуір дәу кемелері күзетін тұрған шекараның арғы жағы Ауған, Иран. Ол екеуіндегі болған жоқ, басқасын көзімен көрді, осы сабылған теңіз қауыммен ілесіп жүріп көрді. «Барған жерің Батырақай ол да біздің нағашы апай» дегендей, қызығатында туған жоқ. Мына Ақжайманың ақ тымығы мен аласапыра дүлейіне не жетсін!

Шешесін білмейді, әкесінің қойнында өсті. Әліп деге аты қызық, тоқпак мұрт қарағайдай қара кісі еді. Мұны сегіз жасында қыста ақ балыққа ахон құрып жүріп, мұжарылып суға ағып өлді. Содан бергі панасы әлгі леңгірші шал. Әйтеуір аталас демесең, тікелей туыстығы шамаль сасқанда не демейсің — қасқырға ешкіні тапа дегізге қу тірлік емес пе бұл.

«Әй, мүнің берің неге теріп отырмын» деді ол өз-өзінен гаңырқап. Өзі-өз болғалы өткен өмірін сабактағаны осы шығар. Аспан ашық, өмір жайлы, ұйқы тынышта бүйтіп қазымырланып не көрінді? Әлгі қайқы бексе, тоқпақ торы қыздың әлегі ме?!

Адам шындаپ келгенде бір күнде есейетінін байғұс бала қайдан білсін.

Айтолқын ес білгеннен жетектесіп бірге өскен құрбысы еді. Бала кезде екеуі бақадай тарбандаپ судан шықпайтын. Бұл шаланның айнала төңірегінде екеуі жүзіп жүріп тексермеген қуыс, шұқылап көрмеген тесік қалды ма екен, сірә. Қатша «ойбай, суға кетесіңдер!» деп іздерінен шоқ басқандай шыр-пыр боп жүгіріп жүретін. Ту-у, сөз болғаныңа! Суда туған балаға теңіз бүйім ба екен? Кейде бұлар әдейі таптырмай кеткенде байғұс ананың жүрегі ұстап, талып құлап қалғанын талай көрді. Есіл балалық-ай десенші — оған қыңып, аяқ жиып жатқан бұлар бар ма! Талып қалған шешені көріп, бірге қосылып жылайды, енді бұлай іstemейміз деп ант-су ішеді, айнала беріп көзді ашып-жұмғанша әлгі уәделерін ұшты-күйлі ұмытады. Әй, ңесін айтасың, қам-қаракетсіз бір қызық дәурен еді ау! Сөйткен Айтолқын бөтенмен қол ұстасып кеткелі жаңыр, аузын ашып бір сөз айтуға да жарамады, ал ана сындаған Қатшаның лебізі әлгіндей. Оның пәмдеуін ше, шаланда бұдан өткен бұзық жок. Сондай жаманатқа қиоға қалай ғана дәті барады десенізші! Бұзық болып не бүлдіріпті, кімнің қазаның қиратыпты?! Иә, әрпіл-тәрпіл аузына қелгенін сөйлейтіні бар, бірақ көзін тырнақ ашқаннан көргені осы болса, басқа өнегені қайдан табады?

Бала жігітке өмір мәнсіз, мағынасыз, әсіресе әділетсіз көрінді. Ол шешініп, киімдерін бір жерге жиғы да, көзді тарс жұмып, темір баржының құйрығынан суға аяғымен тік қарғып, тұпсіз қара тереңге тасаша зымырап берді. Ол қанша зымыраса да теңіздің түбі жеткізбеді, тынысы тарыла бастаған соң, қолымен жанталаса күреп қайтадан жоғары бұлқынды. Құданың құдіреті мұнша тереңге ұзағаны несі? Жынды ма, өле алмай жүр ме? Ол тұншыға жаздал жандармен дегендे су бетіне қалқып шығып, шалқасынан сұлай кетті. Уф, жан-ай! Бір жұтым ауа қандай тәтті едің, қадірінді жаңа білдім ғой, уф!

«Жастық — мастық» дегенді койсаншы, жаңағы қорқынышы лезде тарс есінен шықты. Жүрегің жүлқынып, тамырың тепкілеп бойында мұқалмас күш-қайрат кімге соқтығарын білмей, лепіріп тасып түрғанда, өлім бар да

E:\18.09.13\edil+edi001\page 144
Каза бар, сөз ба екен, тәйірі... Көз алдында ұшы-қырысъ салқар кеңістік, тазалаған шыныдай тап-таза кіршікс аспан. Әредік маңыған ақша бұлтардың өзі әдемілік үш жаралғандай, маған көзінді сүйеп дамылда бірауық де жаныңды әлдилегендей... Ал астында шәйі көрпедей жұжумсак, сап-салқын жанға жайлышып тұнады. Денес үп десе үшіп қетер мамықтай, салмағың сезілмейді. Аяқ-қолыңда сәл қозғап су күресен, шортандай шоршып, жер түбін зымырайтындастың. Теренен бұлкілдеген кәдімгіде демі бар, тынысы бар жанды ағын денесін әлде қытықта әлде сипалап баяу тербел ағызып алып келеді. Ол ағынны біраз жерге жетелеп алып кеткенін білсе де білмеген болғалмай жата берді. Мына бір жастығыңды еске түсірі бесіктей тербеген жан рахатынан айрылғысы келмед «Мейлі, ағызып әкетсе, әкетсін» деді ол. Әрі дегенде Кетбаар, Шағадам жетер, Ауган асар. Көп болғанда жан таза, әдемі бала еді, теңізге ағып кетті деп, көзіне жаалар мына ел.

Неге екені белгісіз, әлгінде Тасбака Төлегеннің кеңінек күліп иығынан ондырмай үрғаны есіне түсті. Жоғары бұл оны кектеген жоқ, аздап қана көңіліне дық алғаны болмаса... Өй, жоқ, тіпті көңіліне дық та алған жоқ, оны ойда шығарып келе жатқан өзі, теңізде о дегенің ет үйренген дағдылы тірлік емес пе, тәйірі. Пересің, перілесің! Несін өкпелесін: ол да өзіндей қу жетім, тәрбие көрмеген, тыйыс білмеген дәрекі өмірдің ашы жидегін теріп жеген бишара!

Осыдан үш-төрт жыл бұрын өзін Карабас Бакуді портында қарлық қып, қаңғып жүрген жерінен байлаган матап зорлағандай ғып алып келді. Оны анау жылғы ығысқа үшірап, не өлі, не тірі хабарсыз, із-түзсіз кеткесін. Әлсейіт теңізшінің баласы дейді атаман. «Құдды Әлсейіт аузынан түсे қалғандай» деп жөптейді. Бұлар Әлсейіттеңізшінің білмейді, көрген жоқ, ал көргендер: «Қой, босаң, Әлсейітке үш қайнаса сорпасы қосылған бала емені минаяның» деп, атаманға естіртпей күңкілдеседі. Бірақ қайткенмен ығысқа үшірап, сүйегі теңізде қалған бір балықшының баласы екенінде күмән жоқ. Бейшара алғашқы келген жылдары жаман болатын, артық-кемі жоқ, ақылы кіресіл-шығасыл таза жынды еді, жол көріп, жосытанып адам кейпіне еніп келе жатқаны қазіргісі. Әйелі шындалап аңсары ауғаны да осы шығар, меншіктең өзгеде қызғанған түрі де әлгісі. Жоқ, кектемейді, несіне кектесін.

Қалмұрат басын көтергенде шаланнан әжептәүір үза-

кеткенін аңгарды. Бірақ қорқып, сасқан жоқ. Мұндай аралықтарды бір емес, екі орап жүзеді ерегессе. Дегенмен, ол көк теңізде мағынасыз мәни бермей, кері бұрылды. Өзінің ұзак малтуға машиқкан дағдысымен екі шекесін суға кезек малып, баппен баяу ғана құлаш ұрды. Онысы көкейкесті ойларын ойлауға кедергі болған жоқ. «Жұрт қызық қой, осы Бәтесті сыртынан түгел күндейді, жамандамайтын біреуі жоқ, аққаптал сайқал деседі. Бірақ сол байғұстың сайкалдығын көрген біреуі жоқ. Әзілі аузында ақжарқын келіншек. Тисе, ойланбай-ақ алар еді. Бірақ ол да мұны жөргегінен қағынған бұзық көреді ғой».

Ол басын көтеріп, жер орайын шамалағанда, таң болды. Орнынан бір елі ілгері жылжымапты. Ол аяқты қайыра серпіп су тепкілеп, тәсті қайқытып алып, қос қолымен үсті-үстіне ғұрлдетіп күреп берді. Мына ғажапты қара — орнынан қарға адым жылжыр емес. Бұ несі деп, бір болса ағыннан болды ғой деп, тоқтап су екпінін байқап көріп еді, қайдағы жоқ бір теріс ағынға тап болыпты. Шенбірік атқан шымыр иірім дедектетіп алыс теңізге қарай дөңгелетіп ағызып алып барады. Батырға да жан керек — көніліне алғаш рет шындал қауіп енді. Ол теріс ағынның сарқырамасына кез болғанын, оның жұтпасынан қалай да сытылып шығу керектігін ұқты. Дірдектеген ағысқа қарсы тіреспей көлденең көлбеді. Шаланнан төменірек, бұл арадан әжептәуір жерде балығын өткізген кемешілер қатар-қатар тізіліп, керуен түзеп бұланда тұрған, соларға қарай қиялады. Така болмаса, ұятты жиып қойып, дауыс салып шақырармын, көмекке келер деп ойлады. Бала жігіт айда-ла ит өлімге сүйреген ағынмен тіресіп, дыбыс шығармай тістеніп ұзак жүзді. Ол қанша уақыт өткенін білген жоқ, әйтеуір жандәрмендеп отырып, қарға адым жерді қыруар азаппен сатылай ұтып, жұтпа ағынға алғызбай, кең жаймаға ілікті. Таусылып, зордың күшімен үзіліп ілікті. Аяқ-қолын зіл басып көтертпей қалған соң, ауық-ауық шалқасынан жатып тынығып алып, шеткі кемеге батып-шығып сандалып әзер жетті. Құйрықтағы өрелден ұстай алып, екі иінінен ентігіп ұзак тұрды. Е, алла, мұндайды кім көрген, көрер жарығы таусылмаған екен, бір ажалдан аман қалды.

Өз-өзіңе келіп, есін жиып жан-жағына қарана бастағанда, Қалмұрат кеменің кенересінен титтей қолдарымен қапсыра ұстап, айдынға үніліп қарап тұрған сәбиді көріп бақырып жіберіп, жанталаса ілгері ұмтылды. Оған әлгі бала суға құлап кеткен сияқты көрініп еді, құлаш ұрып же-

E:\18.09.13\edil+edil0.tif page 146
тіп барса, сәби бұған құдды бір ойыншыл мысықтың бала
сындаі көздері күлімдеп, қылмың-қылмың етіп, орнынд
отыр екен.

— Ау, бұның шешесі қайда? — деп айғай салды Қал
мұрат.

— Ау, ау! Не болды? — Үлкітен жалаң аяқ, жалаң
бас көзі қарақаттай қарасұр келіншек жүгіре шығып кене
реден үңілді. — Бұл қайсың? И-и, Қалмұратпысың? Мұнд
негіп жүрсің?

— Мына сәби суга кетеді ғой, немене балаға қарамай
тапа-талтұсте құмардан шыға алмай жатырсындар ма?

— Неге құласын? Есің дұрыс па? Аяғынан байлаулы
емес пе? — Келіншек шашылып кеткен шашын, ағытылып
кеткен омырауын түзеп қысыла күлімсіреді, сосын сәбиін
суда қалқып тұрған Қалмұратты нұскады: — Afa! Afa!
Ертең өскен соң, сен де осылай жүзесің. — Келіншеге
Қалмұратқа бұрылды. — Кемеге шық, шәй іш, шәй ішкел
жатырмыз.

Қалмұрат мырс етті.

— Иә... оның қандай шәй екені белгілі ғой.

— Өй, қояншық. Сенің сөзің тек сол-ау. Иә, неғын
жүрсің, жәй жүрсің бе?

— Қыз қарап жүрмін.

— Қыз қарасаң, қырға бар. Теңізде бос жатқан не
ғылған қыз?

— Қырдың қызы маған қатын бол жарытпас. Оны
суда жүріп сүйісуге үйреткенше қай заман?

— Қара қасқа, тым ұзап кетіпсің ғой, қайтып жетे
аласың ба шаланға?

Сәл дамылдап, бойына жастық қуаты қайтып оралған
Қалмұрат ол сөзге мән бермеді. Оның ықылас-ынтасты
сәбиде еді. Енді-енді аяғына қалтия бастаған кішкентай
Теңізбай ма, Дауылбай ма — сүйкімді қылығымен баураі
алып барады. Қарақат көзі жылтырап, екі түйір мандаі
тісі аксиып, алақанды шапактап Қалмұратқа «қолыңа ал
көтер» деп ұмтылады. Аяғындағы қазықбау босаса, құстай
ұшқалы талпынып тұр.

— Екеуің ойнағыларың келіп тұр екен, ал ойнаңдар! —
деп шешесі сәбиінің аяғындағы тұзакты тексеріп, үліккесіп
кетті.

Екеуі, шынында да, біраз ойнады. Қалмұрат су шал
пылдатса да, аспанға су шашып тамшыдан моншақ түзсіде,
сұңгіп кетіп қайта шықса да, бала тісі-тісіне соғылып
сақылдап тұрып күледі.

— **Өте! Өте!** — дейді бар білгенін былдырлап.

— Ата емес, аға де. Менің сақалым жоқ қой.

— Өте! Өте!

— Жарайды, ата десең ата-ақ болайын.

Сәби бір кездері аспанға көзін төңкеріп:

— Өте! Өте, у-у! — деді қолын созып.

— У-у. Иә, ол — аспан. Ал анау бұлт, оны ақша бұлт дейді. Әппак-әппак, тәтті... тәтті! Ал, Тенізбай бауырым, әзіршे хош түр. Дәу-дәу жігіт бол. Ұмытпай келіншек алған тойына шақыр.

Қалмұрат шаланға қарай құлаш үрды. Оның малтығанын тамашалағаны ма, әлде үзап кеткеніне мұңайғаны белгісіз, теңіз баласы кеменің кенерінде құмғандай шошайып отырып, бұдан көз алмай қараумен болды. Қалмұрат жан қинамай, жайбаракат тыныстап шаланға қарай мандайымен су сүзіп келе жатып, кішкентай сәбиді ғесіне алды. «Бәріміз де осылай өстік қой», — деді.

* * *

Атырау аспаны қабағын тұкситіп, тер қатқандай құрыстанып алғанына екі-үш күн. Қара қошқыл, жалба-жұлба жауын бұлтар маңып Кетік асты, Шағадам үзады, содан кейін жөңкіп Астрахан ауды, ақыры қайта айналып келіп Атыраудың үстіне байланды. Бірде қоюлап, бірде ыдырап Ақжайманың аспанын шыр айналады. Не ой екенін, әйтеуір бір ойы бардай. Бір-жар күннен кейін әлгі бұлтар Гурьев-Баку керуен жолының үстіне шоғырланып алып, баяу құркіреп, жай ойнатып, ордалы жыландай ыскырынып, дәңбекшіп-дәңбекшіп алып, қайтадан ыдырап, тарап кетеңінді шығарды. Бір күні таңертең теңізшілер қара шоғыр қалың бұлтың аспанның бір бүйірін түгел тіреп, тастай түйіліп тарамай тұрғаңын көрді. Атырау аспанында шашыраған бұлт атаулының бәрі ойдан-қырдан жиылып, солай қарай жөпелдем жөңкіп берді. Тұс кезінде қара шоғыр бұлт — тамам бұлтың бәрін өзіне тартып алып, қомақтанып, түте-түте боп, аспан өріне тік өрлеп Ақжаймаға қарай дәңбекшіп келді.

Айдын үсті тырп етпей сілтідей тынды. Қаптаған қарақошқыл Атырау аспандағы бұлтармен бірге желді де өзіне сүйреп тартып алды. Бірақ осы жым-жырт тыныштықта үрей мен қорқыныш бар-ды. Лезде толқын тыйылып, теңіз тыншыды. Балықтар шоршуын қойды. Тек шағалаларғана мазасыз шаңқылдап, дүрліге қашып, бірақ артынша

E:\18.09.13\edil+ledil0.tif.page 148 бауыр басқан мекені — шаланға қайтып оралып, аспан мен теніздің арасын у-шуға толтырды. Ол бейшаралар өздерінің түсініксіз тілімен бір қатерді қақсан айтып жүргендей еді. Қара бұлт күн көзін жауып, аспан әлемін тұтас тұмшалап алды.

Шалан аяғынан тік тұрды.

Бөлмесінде жата алмай, сыртқа шыққан Қарабас қара селдей қаптаған алапатқа үрейлене қарап, шаланның тұмсығына келді. Қалмұраттың атасы — ленгірші Шоқыр шал ленгірлер мен шынжырларының арасында аруақтай аппақ бол жалғыз өзі шошайып отыр. Үстінде кенеп ақ көйлек, ақ дамбал, щашы да, қасы да, бетінің қылтанағы да аппақ. Қызыл иегінен сүйір тілі жылтандаپ, төбеден үшқан бұлтқа аңтарыла қарайды.

— Үа, Шоқа, бұл не? — деді Қарабас шаланның төбесінен еңкейіп. — Жел ме, жауын ба?

Шоқыр шал дауыстың қайдан шыққанын түсінбей жан-жағына жалтақтап, ақыры төбеден, шаланның шарбайынан асылған Қарабасты көзі шалды.

— Ләббай? Не дейсің, атаман?

— Жел ме, жауын ба көле жатқан?

— Соны өзім де біле алмай отырмын. Жел дейін десем, желге үқсамайды, желдің бұлт шақырып не жыны бар?

— Ленгірлерің қалай? Төтеп бере ала ма?

— Ленгір жаман емес, екеуі де сегіз пүттық зілмауыр. Бірақ шынжыр онған емес, түгел ескірген.

— Косалқы шынжыр, шүйме арқан, салмаларың бар ма?

— Бар ғой, бар.

— Көмек керек пе?

— Әй, Қалмұрат, қашанғы үйықтайсың! Тұр, маубас неме, — деп, Шоқыр шал ішке айғай салды да, Қарабасқа иек қакты. — Бір-екі жігіт жіберсең артық болмас еді.

Бұлардың қақ төбесінде екінші қабатта Ізбасарлар тұратын. Атаман екеуінің әңгірлеген даусын естіп Ізбасар терезеден басын сұғып:

— Мен барайын, — деді.

— Ө, Ізбасар келсе, басқаның қажеті жоқ. Үшеуміз жарап қалармыз, — деді Шоқыр шал.

Өмірін теніз үстінде өткізіп, теніз үстінде аяқтауға таяған жалғыз басты Шоқыр шалдың жарты фасырдан бергі мекені — шаланның тұмсығындағы осы алақандай алаңқы еді де, кәсібі ленгірші болатын. Ол осы арадан адым аттап шыққан да, басқа өмірді көрген де емес, керек

Е\18.09.2017 10:40:00
десеніс, кемпірі дүние салған он бес жылдан бері табаныменен қара жерді басып көрген жоқ. Ол тіпті қалай жүруді ұмытып қалған да сияқты еді.

Жайшылықта оны ешкім еске алмайтын, санатқа қоспайтын, тіпті өлі ме, тірі ме деп іздемейтін де. Шал апта, айлар бойы ел көзіне шалынбай үйшігінен аттап шықпай бұйырып жата беретін. Тек осындай жел-құз, ұштырма дауылдарда ғана оны еске алғып, әз-әулие тұтатын. Себебі теңіз үстіндегі қалқыған ауылды ықтырмай, батырмай, жел-құзға жем қылмай қотандай үйіріп ұстап тұрған су түбіндегі сары иді азуымен тістелей қауып жатқан қосленгір мен жыландай ширатылған білектей-білектей қосшынжыр. Ал, оның тілін білетін жалғыз адам осы Шоқыр шал ғана. Оның өз ісіне жетіктігі сонша, тіпті Қарабасқа да қолды бір сілтеп, құлақ аспайтыны бар.

— Охо!— деді үйқыдан оянған Қалмұрат, аспанға қарап жіберіп. Теңіздің талай сұрқиясымен етene біте қайнасқан бала жігіт сескеніп, айылын да жиған жоқ.— Келе жатқан жел ме, ата?

— Ит біліпті ме, жел болса, алдымен желторғай келуі керек-ті. Желторғай көрінбейді.

Онысы рас: теңізде қатты жел алдында әлде өзі желмен жарысып бірге жүретіні, әлде еріксіз жел айдал әкелетіні белгісіз аспаннан желторғай жауатыны бар. Жауады демеске лаж жоқ: жып-жылтыр ақбауыр, сап-сары сары торғай қанаты тала ма, әлде өзінің әдеті ме шаланға жетіп топ-топ құлайды. Құлаған жерінде өкпе қағып, көздерін ашып-жұмып демігіп жатқаны — дауылдан зәресі ұшқаны ма, кім біліпті. Әйтеуір, тезектей ғып қолменен теріп аласың. Қалмұрат та қарат тұр: желторғай көзге шалынбады.

Ізбасар келген соң, тақа тұмсықта шаншылып отырған Шоқыр шал жорғалап төмен тұсті.

— Шылым шегір алайық. Кейін мұрша бола ма, болмай ма,— деді ол «ёшкі тұқайын» шиыршықтап.

Орта тұсы қара тастай қатпар-қатпар қара бұлт дөңбекшіп жылжып келеді. Айналасы тұте-тұте. Қара бұлт жайылып барып, қайта кусырылды. Кусырылғанда жырылып, үзіліп қалған бұлтты жел зыр қақтырып, қотанға куып тығады. Әйтеуір, не болса да бір алапат сұмдықты құйын жел Ақжаймаға қарай жөнкілтіп айдал келеді. Бұлт асты қара түндей қарауытып алған, теңіз үсті жын көшкендей ызың-ғызың бірдеме.

Бұлт астынан жел тартты. Шаланның жел қалай ауса, артындағы қара-құра косынын ығына алғып, маңдайын

Е\18.09.Желтес берілген 150 ратын әдеті. Қос шыңжыр мен қос ленгірі қазықтаулы дәу шалан сонындағы қыруар кеме, баржы проздарымен ыңырси шайқалып, ауыр теңселіп, бір-бірі мен салдыр-гүлдір соқтығысып, қыңсылап, сыйырлап көл бей бастады. Шоқыр шал тұмсыққа шоршып шықты да

— Сылаб! — деді.

Онысы теңізшіге артық ауыз сөзсіз түсінікті ишара. Жел тұрып шалан ауғанда шыңжырлар босап қалатын. Соның артығын суда қалдырмай жинап шығарып алады. Ізбасар мен Қалмұрат шыңжыр орайтын шығырға сырғықтарын қадап, дөңгелек күпшекті ойбайлатып, бұрай бастады. Шал тұмсықта қалқып тұрып, біресе «оң сылаб», біресе «сол сылаб» деп, қос шыңжырды кезек жинатты да, шалан тұмсығын желге беріп қос желіге бірдей көгенделіп сымдай тартылған кезде, «кінек» деп қысқа ғана әмір етті. Жігіттер шыңжырдың басын әрқайсысы құшақ жетпейтін жуан бағандарға орап-орап түйіп тастады.

— Ал енді, мықты болсаң шауып ал! — деп, шал тұмсықтан түсті.

* * *

Жөңкіген бұлттан, дөңбекшіген таудай-таудай толқындардан бұрын жел жетті. Уілдеп, ұйытқып, қағынған жынды сүрэй тентек жел. Ә дегеннен жаюлы кірлер кетті ұшып, бос қалған қалайы шелектер домалады даңғырлап, қараусыз ескек-таяуларды лақтырды жынды жел, әйтеуір не керек, әп-сәтте аспан ескі-құсқы шүберекке, шұбалған арқанға, тақтай жаңқаларына, ыдыс-аяққа, ең ақыры қалайы сияқты жеңіл-желпі темір-терсекке толып кетті. Соның біразы шаланың арт жағындағы ықтасынға шолпшолп етіп қайта түсті, ал енді кейбіреулерін сол күйі ғайып-қа ұшырып әкетті. Әсіресе бір қаңылтыр шелек теңізшілер дің көз алдында бұлғаңдап барып, аспанға жұтылып жоғалғанда.

— Астапыралла! — деді Шоқыр шал жағасын ұстап. — Мұндайды кім көрген? Аспан шелек жұтты деген не сүмдик!

Бұл ғажапты Ізбасар мен Қалмұрат та өз көздерімен көрді. Көргендерін қызықтағаны болмаса, не таңқалған, не сескенген жоқ. Құтырма жел бар екпінімен шаланға келіп соғылды. Аспан жыртылғандай, әлде ауа сөгілгендей бір үрейлі жаман дыбыс шықты. Дөңгеленіп ыға жөнелген дәу шаланды қос шыңжыр солқ еткізіп тоқтатты да, тырп еткізбей табандатып тастады. Шаланың артындағы кеме,

Е\18.09.12 10:10:10 раз

қайыңтар отын жарғандай сатыр-сұтыр боп, таставақтай қағысты. Байлауы олқы екі-үш проз бөлініп шығып, теңізге ығып кетті.

Іле-шала таудың тасында дөңбекшіген толқындар да жетті. Дәу толқын шаланды иығына көтеріп ап, аспанда-тып апарып, қайта тастағанда, шалан теңізге бір сұңгіп шықты. Тұмсық белуардан суға толды. Толқын соққанда сарқыраған сумен бірге ағып кетпес үшін бір-бірін қолтық-тап үстаса қалған үшеуі толқынның қаһарын сезген соң, енді белдеріне бір ұшы қазықтаулы арқан байлады. Келесі толқын да тұмсықтан басып құйды. Бірақ көлкіген су шаланың түбіне өтпей, кенередегі самсаған тышқан-шықтар арқылы теңізге қайта төгіліп жатыр. Шаланды лақтырып ұрған әр толқыннан кейін, Шоқыр шал шынжырға алақ-жұлақ етеді. Ленгірді сындырып, шынжыр үзетін осындағы сілікпе толқындар.

Тұмсықтағы үшеу айыл жияр емес, арқаны кенге салып, әңгіме-дүкен құрып, бей-жай отыр.

— Откінші сияқты ғой, ештеңе етпес.

— Ашуы алдында, қатты келді. Тез басылар да.

— Осының соңында жауыны бар ма деймін. Жалт ойнай ма, қалай?

— Э, мейлі, білгенін істесін, көрмей жүрген құқай ма!

Шынында да, бір шылым шеккендей уақыт өткенде толқын бәсендерегендегі болды. Тұмсықтан басып құйып, көлдетіп шайып өтуін азайтты. Енді бір айналымда жеде пышақкесті тыйылып, жөңкіген қара бұлт, шаланың бір бүйіріне кеп қалт тоқтады. Кәдімгідей көз алдарында көпек-көренеу тоқтады.

Әлгінде ғана қатты желден жасқанып үйді-үйге тығылған жұрт жел тынған соң, далаға төгілді. Бәрі де іргеге кеп қонақтаған қара бұлтқа аң-таң қарасып тұр.

— Мынаның бір ойы бар ғой.

— Ойы болса жауар да.

— Жауып тынса жарады, жай тастап жүрмесе.

— Қой, алла сақтасын, жаман айтпаңыз.

— Мен бұл бұлтыңнан емес, желіңнен қорқып тұрмын.

Бір құтырынады, бір тыйылады.

Шәй пісірімдей теңіз үстін жын көшкендей қылған есірік желдің аяқ астынан үзілуі, қара тастай қатпар-қатпар қожыр бұлттың іргеге келіп жамбастап жатып алуы — Карабастың да көңіліне түйткіл тастағандай. Ол далаға шығып, шаланың жактауына сүйеніп, бұлт жаққа қарап-қарап тұрып:

— Өу, Шоқа, мынауың не дейді? — деді.

Үсті-басы сығып алғандай, иегінен су тамшылаған Шоқыр шал да бұлтқа сығырая қарап қойып, «е什кі тұқайын» шиырып жатқан.

— Қайдан білейін, атаман,— деді ол темекісін опырайған езуіне жapsырып.— Жаратқанның қай ойын түсініп білгендейсің. Мандайға жазғанды көреміз де енді.

Табиғаттың талай құқайын көрген теңізшілер анау айтқандай абдырай қоймады. Су төгуші жігіттер шаланның үліктеріне түсіп, қол ырғакпен шелектерін шиқылдатып, су, төгуге кірісті. Өзгелері шаланның сонындағы кемекайықтардың бауларын тексерді. Іргеге қонақтаған қара бұлт өткенде Қалмұратты ықтырған теріс ағынды қара тереңге жіпсіз байланып, тұнеріп тұрды. Қалың қыртыстарында аунап-қопарылған әлдеқандай түсініксіз қозғалыс бар. Бір кезде қара бұлт баяу ғана күркіреді де, себелеп жауын жауды. Тып-тыныш теңіз беті шеңберге толып, жыбырлап қоя берді. Әр күркір сайын жауын жиілей түсіп ақыры жер тітіреніп, аспан опырылғандай болды да, бармақтай тамшылар тарсылдал құйып берді. Оның соны бұршаққа айналды, саудыраған зіп-зілдей бұршақ кемелерінің бет тақтайын ойып жібере жаздады. Содан кейін бір әлемет жасын ойнап берді дейсің: тарс та тұрс, жалт та жұлт, бір ғаламат оттар қара бұлтты тілгілең ойнак салды. Аспан әлсін-әлі жарылып, қып-қызыл шок бұркіді. Қайсыбір наизағай көз алдында тұтіндең, кәдімгі жай оғынданай зырқырап, зуылдал үшты. Су беті жай түскен сайын шаж-баж етіп, құшақ-құшақ бу атты аспанға. Ақыры қара тереңнің теріс ағынды сұы сарқылдал қайнады бір кезде. Жай түскен екі қайық лездे қап-қара болып қүйіп, лапылдал жана бастады.

Бұрын-соңды мұндайды көрмеген, құдаймен шатағы жок, дінсіз Шоқыр шал басы қалтандал:

— Астапыралла, астапыралла! — деумен болды.

Бір кезде жасын бәсекдей бергенде жер астынан шыққандай түсініксіз қорқыраған, адам баласы бұрын-соңды естіп-көрмеген жан түршіктірген жаман дыбыс естілді. Сол-ақ екен, қара бұлтқа қасқая қарап мандай беріп тұрған шалан шынжыры шиқылдал, бір қырын көлбеп жамбастай бастады. Бір қараса теңіз сұы бір алапат сорып, жұтып жатқандай қара бұлтқа қарай жөңкіле көшіп жатыр екен.

— Ойбай! Өңеш, өңеш түсті! — Шоқыр шал құлын даусы шырқырап шыр-шыр етті.— Ойбай, шығындар, сыртқа. Бұлт су ішті!

Шоқыр шал жануширып, қосымша шығырдың тежегіш тармасын ағытты. Тұмсыққа ілулі үшінші ленгір теңізге күмп етіп, зілдей шынжырды су түбіне қарай салдырлатып сүйреп жөнелді. Ізбасар мен Қалмұрат толық түсінбегенімен, не болғанын шамалап: шаланның тұмсығындағы быждан тағы бір ленгір сүйреп шығып, шүйме арқанға жалғай бастаған.

— Тоқта! Сабыр ет,— деді шал ленгірді тастағалы жатқан жігіттерге.— Байқалтық әуелі...

Бұл кезде шалан бүкіл қоңсы-колаңымен түгел бұрылып, қара бұлтқа сыртын беріп тұрған. Тіркес-тіркес ұзын шұбак керуенниң сонындағы бөлдерке қайықтар қара бұлттың шетіне іліккен. Теңіз сусы қара бұлттың ортасынан шыққан алапат сарылға қарай зырқырап ағып жатыр. Қабат-қабат шынжырға сүйенген дәу шалан сымдай тартылып, қалтырап тұр. Күллі жұрт сырқа төгіліп, теңізге таяу салып, кенерелерге табан тіреп, жантайып жатып алған. Жаббар құдайға жалбарынып күніренген дауыстан құлақ тұнарлық. Алланың аты оған сенетіннің де, сенбейтіннің де аузында. Әулие-әмбелердің аруақтарын да көмекке шақырып далбасалаған біреу.

— Е, алла өзің жар бола көр!

— Ақсарбас! Ақсарбас!

— Бала-шағалардың көз жасына әулие-әмбиeler қолдай' көр.

— Су патшасы Сүлейменге жеті тыын нияз.

— А-а, Абыралы атамның аруағы!

— Уа, Бекет әулие!

Елдің зәресі зәр түбінде. Ұлы зауалдардың қарсаңында сирек болса да ұмыттырып барып, аспанның қара бұлтының теңізге өңеш салып су ішетіні бар. Оны көргендер де жоқ емес. Бірақ тап бұлай іргеден келіп су тартқанға көздері күә болғаны осы. Ұштырма жел, алапат дауыл, таудай дөңбекшіген толқындардан айыл жимайтын теңізшілерде қазір қорыққаннан зәре-иман жоқ: көздері алақтап, беттері күл болып кеткен. Бұлттан көз алмай, тістері-тістеріне тимей, иектері шошаңдап қалтырап тұр.

Шаланның өзі, ұзын шұбак керуенниң бас жағы тыныш болғанмен, қабат-қабат шынжыр қыбыр еткізбей тастабандатып тұрғанмен, қосынның су тартқан қара бұлтқа бір табан жақын соңғы жағы ойран-ботқа. Кейінгі жактағы кемелер, проздар, қайықтар алабөтен құйын соққандай шайқалып, бір-біріне соқтырып, жүлқынып, тастабақтай қағысада. Жұтпа бұлт оларды дәмімен сүйреп, жұтқалы

Е\.\18.07.2011 г. ж.д. 15 жылай. Жойқын күшке шыдай алмай, ақыры бір топ қайық тіркеме арқанды үзіп, бөлініп шығып, қара бұлтқа қарай шыр айналып, зырқырап берді. Шетінеген әр қайыққа жаны ашып зар қағатын теңізшілердің бірде- бірі қынқ етпеді.

— Шығасыға иесі басшы. Мейлі, кетсін, жаннан сада-
ка,— десті.

Сәлден кейін, қапастан қашып шыққандай бір ыстық, бір сұық жауын жауды. Қараса теңізге шөккен қара бұлт өңешінен сұы сорғалап, жоғары көтеріліп барады екен. Шалқайған бұлтпен бірге әлгіндегі үзіліп кеткен бір топ көлік тұмсықтары қайқайып, аспанға көтеріле түсті де, үзіліп кетіп, теңізге шалп-шалп құлады. Әлдеқандай ирек-ирек өңештен сұы тамшылаған қара бұлт әлгінде келген жағына қарай кері серпілді.

5

Атырауға жайма-шуақ жайдары күндер қайтып оралды. Аспан шыныдай тап-таза, ине шашыр бұлт жоқ. Шетсізшексіз көк теңіз уйілеп қойып, баяу ғана тыныстап жатыр. Теңізшілер дағдылы тірлік, үйреншікті кәсібіне ойысты.

Күн қабағы оңалғанмен, шалан басындағы ел ағаларының қабағы түзілмеді. Өткендеңі бет жыртыс жандарын жаман жарап кеткендей. Бір-бірінә жақындаш жуыса алмай, ерек қойдай бөлініп, тоң-торыс жүр. Әсіресе Қарабастың көңілі қоймалжың. Апрай, осыншама жалпақтап жанын салған, қолынан келген жақсылығын аямаған Үсмайылға ара түсे алмағаны несі? Даусы шықпай, тілі байланды да қалды, белқасты. Осы итті, Ізбасарды айтады, баяғы жанына ерген қазаншы бала кезінен жақсы көретін, оның үстіне тілеуін беріп, ойламаған жерден күйеу баласы болуы — тіліне тұсау, бетіне шіркеу сол ма, әйтеуір аса алмады. Жоқ, әлде гәп мұлде басқада ма? Күші қайтып, тайсактайын дегені ме?! Кәнігі теңізші, әйгілі атаман Қарабас теңізшілердің ертеңін Ізбасарсыз болжай алмайтын дерптапқан соңғы кезде. Аузын қағып, қолын байлаған сол қисын ба, әлде. Әйтеуір, неде болса өмірінде істемегенін істеп, Үсмайылдың алдында қарабет болды. Қазір ол мұның жүзіне, бұл оның жүзіне қарай алмай, бетінің ары бес елі боп, төменшіктеп жүр.

Ал, Ізбасар болса, кайын атасы Карабасқа да, Үсмай-ылға да қатты дықты еді. Карабастың әйгілі атымен, осы-

наулабыра-лакпыштымен өткен-кеткеннің табанын жалаған, қайдағы бір жылым құрт келімсекті жауға да, досқа да қеудесін бастырмаған теңізші қауымның төбесіне шығарғанына ашулы. Теңізшіні билеп-төстегендей, жаман қыршай кімнің шікірәсі еді. Аптығынды тез-ақ басармын, сен салпышауыз.

Ысмайылдың не деп үшкіргенін — Қарағаң, әйтеуір соның аузына қарап үйіп қалыпты. Адам надан болған соң, қын екен ғой. Табиғатынан кедейшіл, біреудің ығын ықтауға жоқ, бұлікшіл тентек атаманның мұнысына жол болсын! Алжын деген бе өзі, алжыса — дұрыстап алжымай ма? Ысмайылдың әкелген көр-жеріне көнілі қолқылдаپ, қартайғанда енді дүниеге жанын жалдайын деген бе?

Эрине, Ізбасардың өткендегідей шарт кетпей, ретін тауып, бәрін ақылмен жайғауына болатын. Ашу көзіне қан толтырып, билетпей кетті. Ысмайылға баяғыдан жұлдызы қарсы еді. Көрсе-ақ қарадан-қарап ит жыны ұстайтын әдеті. Өткен жылы Астраханның төңкерісіне қатысып, өмірдің алқы-талқысын көріп, тағдырдың жетегімен өскен үйіріне қайтып оралса, атаманның жанында осы бір салпышауыз, жылтыр қара көсемсіп сұңқылдаپ отыр. Тіпті абайсызда қолға түскен бұларға кесік айтып кергіді емес пе. Сонда қол-аяғы байлаулы Ізбасар оның бетіне былш еткізіп түкіріп жіберген. «Сен салпышауызды ма! Осы арада не сен, не мен болармын! Екінің бірі!»— деп, жасырмай ашығын айтқан. Ізбасар дегеніне жетті: оны көп ұзатпай, иіс шығарған өгіздей табыннан түріп таstadtы. Бірде сөзге келіп қалғанда балықпен жіберіп үріп, бет-аузын даладай қан қылған. Содан қарасын батырып еді. Тағы да қайтып келіп, өлермендігін қарашы. Әрі ылғи бұл елде жоқта жасырынғандай болып келетін әдеті.

Ізбасар оның үш қайнаса сорпасы қосылмайтын теңізшілерге үйірсектегеніне таң. Бұл ит-шошқаның теңізші қауымына жынысы араласқан жері жоқ-ты. Өзі Жамбай, Забурын батағаларының иесі атаманның ата-жауы көпес Алексеевтің есігіндегі малайының баласы. Неден жаққын — битін сығып, қанын жалаған сараң көпестің осы дегенде әйтеуір иі түсті. Сүйрелеп жүріп оқытты. Үстіне қыл жүктірмай, бай-патшаның баласындағы ғып киіндірді. Баяғыда Астраханнан елге, каникулға келгенде көруші еді: үстінде ақ жібек костюм, баста ши қалпак, жанында сол Жамбайдың орыс байларының сылқым бикештері.

Жанына каймана қазақ батып бара алмайтын. Сол бикештерді қолтықтап, жағалау бойында серуенде жүреті сабазың. Ел шоқынып кетті десетін. Шынында да, оны Алексеевтерге жақын бір алпауыттың жесір қызымен шіркеуге барып некелескені рас көрінеді. Бірақ ұзак отас алматы. Ізбасар оның жүдеп жүрген кезінде Астраханның көшесінде ұшырастырығаны да бар. Ол танымаған адамда теріс қарап өте шыққан. Сөйткен Ысмайыл енді «Алаш болып, уәләяттың жыртысын жыртып, Карабастың қолтығына кіrmек. «Жоқ, сен басқаға сіңгенмен, теңізшіге сің алмассың. Кезекті бір дауылда толқын соққан балыктай желбезегің желпілдеп жағаға шығып қаларсың» деп түйді Ізбасар.

Ал Ысмайылдың болса өкпесі қара қазандай, белқасты. Ол сол күні қайтқалы жатқан бұксирмен Үйшікке кетіп те қала жаздады. Ашуын ақылға жендеріп, қопаңдаған бөксесін зордың күшімен азар басты. Ол Ізбасарға ашуланған жоқ: жүгендің сотқардан о баста-ақ жақсылық күтпеген, Карабасқа ашуланды. Басы жерге жеткеншे иіліп жүріп істеген жақсылығының қарымы қайтпады. «Ай, не дегенмен, тегі нашар нәйістің аты нәйіс те. Қанына тартпай тұрмады, қанша жөптегенмен, жалаң аяқ Карабас жалаңаяқтығын істеді. Асылы, қолтыққа қанша тартқанмен, тоқ етер кезде тайқып шығып, балықшыларыңа қарай аунап түсуден бір танбассың, сен кәрі төбет».

Ысмайылдың Атырау айдынын ерсілі-қарсылы айғызы даған телі тентек теңізшілерге кіріптар болам деп үшүйіктаса түсіне енген жоқ-ты. Бәтуасыз бұл өмірге не шара: бармаймын деген жеріңе сүйрелеп, баспаймын деген жеріңе желкелеп апарады. Бұл өмірден көрем деген үшпәғы осы ма еді? Бодауы жоқ, ит тірлік-ай! Өмірін бастамай жатып, бұлдіріп алды. Құдайдай сенген қамкоршысы көпес Алексеевтің жөpteуімен тығыны шыққан бай жесірге үйленген. Онысы адам емес, айуан болып шықты. Мұны малай орнына жұмсады. Онысы да ештеңе емес-ау, бұл көрмеген малайлық па, жасынан батаға қожасы Алексеевтің есігінде жүріп, етігінің шаңын тазалап, иіліп-бүгіліп өсті емес пе?! Жанын жарадап, көмбіс бұл байғұсты жамбасынан біз сұққандай аспанға шапшытқан — әлгі антүрған бай, сұлу жесірдің сол құдайдай табынған Алексеевтің ашынасы болып шыққаны емес пе! Апырай, әрі-беріде мұндаиды кім көрген. Бетсіздіктің де шегі жоқ екен. Бұл үстерінен түскенде әйелі мамық төсекте шалжайған бұтын да жимады, ал екі сөзінің бірі «құдай тағала» — діндар

E:\18.09.13\edil+\edil0.tif_page.157
такуа Алексеев шалбарының ауын түймелеп жатып: «Осылай, шырағым, Біліп қой. Көнесің. Көнбесен, еркің білсін!» — деді-ау беті шімірікпестен.

О, тоба! Бұл малайлық мінезді қойсанышы. Ешкімге тегін есе бермеспін деп жүрген, кеудесінде желі бар көкіректі азамат жарты ауыз қыжыл сөзге жарамай, бұралқы иттей бұраландалап шығып жүре берді. Сол қылышына өзі де қайран осы күнге дейін.

Адам ата, Хая ана боп адам жарапталы бері жер жаһанның әз-әулиелері — бұл өмірге зар айтып, соңшама неге түңіледі десе — осыңдай сұрқиялықтан екен ғой. Студент кездерінде бір зиялы шал қақсап айта беруші еді: жыртқыштар құмырскадай қаптаған кешегі заманда диназавр, полеозавр сияқты алыптар жер үстінің қан жосасына шыдай алмай, неліктен құрып кетті, ал аяғына тәй-тәй тұра бастаған жаратқанның әлсізі әдам баласы неге тірі қалды? Хайуан атаулының ішінде күншілік жерден күлімсі иісі мұнкіген әрі нас, әрі сасығы біздің бабаларымыз екен, жән баласы жиіркеніп, танауын басып ығынан жүре алмаған. Содан тірі қалған деп. Сөзі зәр, кекесіншіл кекірт, оқымысты сол шалдың айтқанында бір шындық болмаса неғылсын. Дәріптеп жүрген Жеранамыз — тек жаманшылықтың, опасыздықтың, сұрқиялықтың талбесігі тербелген жылы үясы болмасына кім кепіл? Кіслік үшін зар салушылардың жыл құсындай сирек болуы содан емес пе? Апырай, Алексеевтен нені құтседе, мұндайды құтпеген еді ғой. Бетінен иманы, аузынан дұғасы тамған адам. Адамдық туралы жырғағанда көзіңнен жасыңды ағызады. Сонда осының барлығы жалған, көзарбау, айнала тәңірегің аузын аңқитып ақымақ қылу болғаны ма? Мұны мандайынан сипап, бауырына басқанда, түбінде бір қарау ісіме кәдеге жаарар деп арам есеппен істегені ме? Құдай-ау, бұл не деген зымиян зұлымдық.

Ол сол кеткеннен қара үзіп үйінен біржола кеткен еді. Құтымның жағалауына күнде келіп, шөп-шаламды үршықтай үйіріп ағызып жатқан жыландаған сумандаган ағысына телміре үзак қарайтын. Ойы: мойнына тас байлас, Құтымның сұына лактыру еді өзін. Іштей қанша бекінседе, жүрегі дауамай, болмаса көлденең бір нәрселер кедергі боп, ертеңге, одан арғы күнге қалдыра берген. Аракқа салынып, татар базарында әбделес шығарып, көрінген жерге түнеп, адамдықтан айрылып қала жаздаған кездері еді ол бір.

Мұнды батырған да, құтқарған да әйел болды. Ах, Алиса! Адам үрпағында да мұндай әдемі, түр-түрпатында бір мін жок, келіскең, көздері жақұттай жайнаған, түрған бойы сурет бір бейне еді-ау! Астраханның фонары сирек қаракеуім көшесінде мас болып келе жатып байланысқа онымен. Жарыққа шығарып дұрыстап көргенде талым қала жаздады. Қыздың жарқ еткен сәулелі өткір көзі түп-түзу мұрынды әдемі жүзі жүрегін шоқтай қарып түскен. Әлі де адамшылықтан айрыла қоймаған Үсмайыл есін тез жиып, қыздың алдына көше ортасында тізерлеі кеткен-ді.

— Faфу ет, қарғашым! Ағаңнан бір қателік өтті. Кешіре гөр. Сіздей перизатқа...

— Ол не дегеніңіз, Үсмайыл абзи. Тұрыңыз,— дегоны шынтағынан көтеріп алған Алиса.— Сіздей оқымысты, ел билетін азаматқа көшеде бұлай сенделу үят болады Қасіретіңізді женуге тырысыңыз.

— Қасіретім барын қайдан білдіңіз?

— Қасіретсіз адам көшеде бұлай жүрмейді. Ел құлдағы — елу. Ел бәрін де біледі.

Үсмайыл сол тұні Слободка көшесінің бойындағы ноғай қыздың үйіне түнеп шықты. Дағарадай үйде жападан-жалғыз жатқан қыздың жанына бармақ тұрсын, қапсырулы есігін де ашпады, тұпкі бөлмеде көрер танды көзben атқызып, шошайып отырды. Ол өз өмірінде бір өзгерістің болатынын сезгендей еді. Таңертеңгі шай үстінде екеуі оңашадан-оңаша ұзак сұхбаттасты. Әйелге өтімді, оңаша қалса үршықтай үйіріп, төмен етектіні құтқармайтын Үсмайыл қарадай құты қашып, еркегі келіссе батыр туатындаі әдемі, ірі, сағағынан үзілген сұлуға жөндеп көзін де сұқтай алмады. Сұлудың мысы басты. Жоқ, құтын қашырған қыздың сұлулығы да емес, бұдан айылын жимаған, әйел екенмін деп қымсынбаған ерекшоралау, тік мінез, не мәселе жөнінде болмасын өзімен тен түсіп, тең сөйлесіп отыруы.

— Жоқ, бұлай өмір сүрәргे болми, Үсмайыл абзи. Заманның түрі басқа. Өз-өзіңізді қолға алыңыз. Ер-азаматтың өмірі сынға, ары таразыға түскен заман бұл,— деп алыш, оны өзімен бірге көшеге ілестіре шықты.

Сол күні ол татар базарындағы барлық дүкендерді уысында ұстап отырған Ахмади мырзаның іс жүргізушісі болып орналасты да, бір жұмадан кейін татарлардың «Миллэт Идер» ұлтшыл үйымының табалдырығынан бір-ақ аттады. Үйымның көздеген мақсаты көніліне бірден-ақ

ұядай кетті: татар қазақ деп бөлу жок, дін бірлігі, мұсылман әuletінің бірауыздығы, өзара қарындастық көмек, ал бұған айтып-тапсырғандары — үйымға қазақ оқымыстыларын, көзі ашық қазақ жастарын молынан тарату. Мұның игі іс екенін түсінген Ысмайыл бірден-ақ құлшына кірісті. Қазақтың көзі ашық оқығандары да, жаңа ғана өмірге аяқ басқан студент-жастары да Астрахан ревкомы жанынан үйымдастырған мұсылман комитеті мен жақындаған жер ауып келген Гурьев ревкомының айналасында еді. Ділмәр, қажырлы, қадалған жерінен қан алатын Ысмайылға әрі-сәрі солқылдақтарды аузына қарату қынға түспеді. Кешікпей бөкейліктегі алашорда үйымымен байланысты күштейтіп, теңіз жағалауындағы елге ықпалын жүргізе бастаған. Осы кез Батыс уәләятінің Құрылтай съезіне арнайы шақырту келді де, сол съезде астрахандықтар да, бөкейліктер де уәләятқа бағынышты болды. Осы жолы аузымен құс тістеген Жанша, Халелдермен дидасты. Сонда олар мұның Жамбай-Забурын маңынан екенін біліп, Карабасты қолдан шығарма деп Атырау теңізшілерінің арасына арнайы уәкіл етіп жіберген.

Ол сөйтіп, қыз ба, келіншек пе, әйтеуір қарасаң ішпей-жемей көз тоятын әдемі Алисадан көз жазып қалды. Бірақ аласұрған көніл шіркін шарқ ұрып сол сұлуды іздеді. Көзін жұмса түсінде көрді. Қайта бір жүздесіп, кірпігінен нұр тамған әдемі жүзіне көз сусынын қандырып, мүмкін болса бал шырынды аузынан уәдесін алсам деп армандағы. О, опасыз жалған дүние, бұған не дерсің: теңізшілердің арасына келісімен, тұрлаусыз көнілге алаң енді. Теңіз перісіндей әрі жұмбақ, әрі өр, табиғат ананың қанасынан жаралғандай хас сұлу Қарабастың Гүлбаршыны әдемі Алисанаң бейнесін көлегейлеп былай ысырып таstadtы, о-о, аллашебер, мұндай да көз тартар жабайы сұлулық болады екен-ау. Ысмайыл алғаш көргенде аузы аңқиып, солниған ернін жия алмай масқара болған. Бірақ ол қызығы да үзак-қа бармады. Мына бір бет сүйегі ойқы-шойқы, үкі көз, теріс мойын телі тентек Ізбасар келді де, бәрін қағып-сілкіп, басынан аяғына қойды. Байтал тұрсын, бас қайғы жағдайға ұшырады.

Хош, ол солай-ақ болсын, қызды кім айтпайды, қымызды кім ішпейді. Бірақ қырсық ұрғанда басқа шаруасы да онға баспай діңкелетті емес пе?! Эжептәуір иін қандырып, аузына қараты бастаған Қарабасты Ізбасар келісімен үсынан шығарып алды да, жігері құм боп, сопайып кері қайтудан басқа лаж қалмады. Не Астраханға, не басқа

E:\18.09.13\edil\100 page
жакқа бой тасалап жылсып кетуге намысы жібермеді ондай алаяқ қар-емес-ті. Бетіне шіркеу түскенмен, имен шектеп уәләятка қайтып баруға тұра келді.

Жымпityдағы үкімет құлағындағы жайсандардың қабағының сондағы түнергені-ай. Жер-жебіріне жетті, айт паған сөз, такпаған кінәсі қалмады. Інжықсың, жігер сізсің, қауым ісіне жаның ауырмайтын салғыртсың, ел қамына қабырғаң қайыспайтын ішкен-жегенің мәз кекірік атқан кесірсің деп бір жазғырса, съезд талабын аяқситқаның үшін «Алаш» алдында кінәлісің деп екі қорқытты Әйтеуір түкке жарамсыз ғып шаңын аспаннан қақты Үсмайыл «Алаш» кеңсесінен иіні түсіп, сансырап шыққан «Апыр-ау, мұншама нeden жаздым? — деп қамықкан. — «Алашқа» кіріп жатқан, шығып жатқан ел аз ба. Откейдеғана Тобаниязың келіп, «Алашың» күрсын, көрмегендерім сендер-ақ болсын деп, уәләят кеңсесінің босағасын қылышпен шауып, бүкіл адайын соңына ілестіріп, ойға құлап кеткен жоқ па? Бір жазықты болса, сол болар еді. Оған ештеңе істей алмай, Тобеке, бір ашуыңды қи деп, артынан адам шаптырып кешірім сұрап кішірейіп отырыстары мынау. Оларға қарағанда торының сауырындағы ақ қылыштайғана аз Карабас қауымы үшін осыншама бұлінгені несі?»

Ол осымен саудам бітті, адымым түсалды, көрген жерде ауыл бар, Астрахан қайдасың деп тартып кетсем қайтеді деп, екі ойлы боп жүргенде, ойда-жоқта уәләяттың қарағай мүйізінің өзі Жанша шақыртты. Жанары алмастай өткір, мандайдан сүзе қарайтын арық, қарасұр адам екен. Тerezесі түмшалы, қараңғы бөлмеде ара-тұра бұған адырая қарап қойып, шай үстінде сыр щертті.

— Карабас па, Алабас па онда менің шаруам жоқ,— деді ол.— Бірақ сол тентегің бізге керек адам. Өзі емес, аяғы ұзын қауымы керек.— Жанша кесесінің түбіне ұзак қарап, сөзін жалғады.— Жаман айтпай, жақсы жоқ. Ертең қызылдар бел ала қалса не боларымыз белгісіз. Жылдысуға мәжбүр боламыз ба, кім білген? Кетік бар, Шағадам бар, қала берді оның арғы жағы Ауған бар дегендей... Ол өзі Ауғанға барып-келіп жүрген ел көрінеді. Бізге керегі сол.

Бұлардың Карабасқа алабөтен неге құсы түскенин ендіғана түсінген Үсмайыл басын шұлғығанда кеңірдегі қылқ-қылқ етті. Ар жағын, Жаншаның көкейін айтпай үқты, одан әрі езудің қажеті шамалы еді. Бірақ Жанша бір айтқанын екі айтып, шегелей түсті: «Өзіңнен басқа тірі жан білмесін. Аузыңа ие бол! Мұны үәләяттың арнайы

тапсырмасы дегендеги, — дегенді нығырта ежеледі. Карабасты батаға кіргізу рәсімі, оның қажет-мұқтажын тауып беру шаруалары осыдан кейін қолма-қол шашаң щешілген. Ысмайыл сол жолы уәләяттың арнайы қолқалауымен генерал Толстовтан әскери шен алыш, ишіна пагон тағып қайтқан.

Оның көзөп келіп жатқан мақсаты осы еді. Карабасты, қала берді теңізші қауымды қалай да қолдан шығармау Откенде ашу үстінде қайтып кетпек боп жағдайын қындастып ала жаздады. Барлық пәле басы Карабаста да, теңізші қауымда да емес, Ізбасарда екені айдан-анық. Оның аузы теріс баққан қызыл большевик екені де даусыз. Карабасты да, теңізші қауымды да алқы-талқырып, жолдан тайдырып жүрген сол, сол ғана. Бірақ дауасы табылmas деріт жок, көп асқанға бір тосқан. Зорлығы мен қорлығы өткен бәлемнің сыбағасын сайлап келіп отырғаны және бар.

* * *

Аспан асты сөгіліп, ая а түршіккендей аңыраған жаман дауыс құлак тұндырды. Бұлт су ішкен өткендеғінің бір кері ме деп еді, жок, оған үқсамады: кіршіксіз көкпеңбек аспанда ине шаншар лыпа жоқ. Ізбасар далаға жүгіре шықса, ел біткен иектері шошайып аспанға аңтарылып тұр. Шаланның төбесінде үсті-басы алабажақ қос аэроплан шүйгіп жур. Құдды бір алашұбар қанатты аждаға дерсің. Шаланның үстінде Карабас аяқты алшақ тастап, қаперінде түк жоқ әлгілерге шалқая қарайды. Шаланның арғы басынан көздері алақ-жұлақ Ысмайыл да көрінді.

— Ау, Карага! Неғып тұрсыз? — деп айғай салды Ізбасар.

Карабас Ізбасарға бір, аспанға бір қарады.

— Бұның не еді?

— Аэроплан ғой, аэроплан...

— Ә-ә... өзім де сол шығарсың деп тұрғам.

Надандық па, жаужүректік пе атаман айылын жијар емес. Тіпті көзі үш бұрыштанып таңырқап, қызықтап тұрғандай.

— Астрахан, Астрахан жақтан келді, — деп, жерден жеті қоян тапқандай ентікті Ысмайыл.

Ізбасар: «Өй, оңбаған қар! Сүрқиялығың қалмайды-ау сенің. Айтактауын!» деп ойлады да:

— Астраханда мұндай аэроплан жоқ, бұлар ағылшындар! — деді.

Ағылшындар?

— Иә, солар. Елдің зәресін алып, үрейін ұшыру үшін аэропландарын осында түске бояйтын әдеттері.

— Ойбай, мына тажалдар бұрылып қайтып келеді!

Шынында да, әлгінде ғана төбелерінен аңырап өткен кос аэроплан көз ұшына ұзаған соң біржола кетті ме десе жоқ, жамбастай бұрылып қайта орағыта бастапты. Көзі атыздай Үсмайыл Қарабасты жеңінен ұстап төмен сүйреді. Тасаға түсіп, бұлар не істер екен деп бақылаپ тұрғанда, балық қабылдау пункті жағынан шаң-шұң ойбай естілді... Сол-ақ екен, шаланның үстіне тарс-тарс бұршақ жауды, онысы бұршақ емес, пулемет оғы еді: балқыған ыссы қорғасын кемелердің тақтайын дал-дұл ғып қақыратып өтті. О, нағлет! Мыналар бас-көз демей боратып атып жүр ғой. Ол — ол ма, хикіметтің көкесі келесі сәтте болды. Кос аэроплан шүйгіп келіп қанатымен кемелердің сырғауылын жанап, төбелерінен аңырап өте шыққанда, әлденені ағызып сеуіп кетті... Іле-шала қалқымалы ауыл жын соққандай солқ-солқ етіп, жан түршігерлік жаман гүрсіл құлак тұндырды. Жалын аралас көк түтін аспанға бұрқ-бұрқ етті. Тас-талқан болған кемелердің тақтайлары аспанға зымырап, жалпылда жанып түсе бастады.

Аэропландар әп-сәтте-ақ көз ұшына ұзап кетті де, ізінде адам айтқысыз ойран-топан бұліншілік қалды. Қалқымалы ауылдың қас-қағым көз алдында астан-кестені шықты. Жер-жерде лапылда жанған кеме, будақтаған түтін, қабырғасы үңірейіп қирап қалған қайық. Лапылда жанған кемелер жамбасынан жантайып су түбіне шөге бастады. Қатты запа шеккен қабылдау пунктінің үсті дал-дұл, шұрық-тесік, апандай-апандай опырайған ойықтардан түтін будақтайды. Бақырған, боздаған, қарғанған, әлде қорқып, әлде жаралы боп аңыраған елдің ойбайынан құлак тұнады. Бұрын мұндайды көрмеген теңізшілер өртті сөндіру, жаралыларға жәрдем беру, суға батқан кемелерді құтқарудың орнына үркіген қойдай дүрлігіп, шалан басшыларына жүгірді.

— Ойбай, неғып тұрсындар! Қырылып қалдық қой! Қырып таstadtы ғой!

— Отап қетті! Ойсыратты!

— Мұнымен қояр деймісің, қазір тағы айналып келер.

— Ойбай, не дейді? Тұп-туқиянымызбен құртпақ па?

— Елді қырғызып қоясындар ма? Бірдеме қылсандаршы, ойбай!

— Жаралы болғандар бар ма?

— Қайдам, ана шеткі кемеден тірі жан шықпай қалды
— Қараға-ау, енді қайттік?

— Ау, Ізбасар осылай тұрамысың? Бір қайрат қыл саңшы!

— Осылар баржыларды көздең жүрмесе қайтсін. Баржы өртенбегей еді,— деп қалш-қалш етті Үсмайыл.

— Баржың құрсын, ел қырылып жатқанда.

— Оның не дегенің, Ізбасар! Баржы жарылса, түгел кеттік дей бер, іші толған май емес пе!

— Ендеше не қарап тұрсың, ағытып жібер.

— Ойбай, мына тажалдар тағы да қайтып келеді.

— Қашындар!

— Тығылындар!

— Өлдік, қырылдық!

Ел жел ұшырғандай тесік-тесікке зып-зып берді. Баспалдақ үстінде Қарабас, Үсмайыл, Ізбасар үшеуі ғана. Батысқа ұзап кеткен аждаһадай алапес аэропландар жамбасқа жатып, тағы да қырындан бұрыла бастады. Қарабас шын сасайын деді.

— Мыналар қыратын болды ғой. Не істедік?

— Пулемет қайда? — деді Ізбасар.

— Қоймада да, итжегірің.

— Қоймашы қайда?

— Жүрген шығар.

Ізбасар қоймашыны іздең жанұшыра айғай салды. Қапелінде одан дыбыс болмаған соң, көзіне іліккен біреуді жүгіртіп жіберді де, қолында қаруы бар азаматтарды жинап еді, бар-жоғы сапарға шыққалы жатқан төрт-бес жігіттің басы құралды. Бесатармен төбеден от буркеген тажалға не қайран қылмақ?!

— Қой, жоқ, мұның бос әуре, — деді Үсмайыл.

— Енді не істе дейсің? Қарап өлеміз бе?

— Шамдарына тимейік. Қарсыласпасақ өздері де кетер. Аспанға тас лақтырғандай болмайық.

Ізбасар оған қолды бір сілтеді де, жігіттерге мылтықты оқтауға бұйырды. Ол төбеден ажал шашқан бұл тажалдың өзін ата ма, әлде адамын ата ма, анығын білмеді. Қос аэроплан бұрылып алып, бет түзеп келеді. Қарабас қап-қара болып, тіл-жағы байланып сілейіп тұр. Пулеметке жұмсаған адамдар ұшты-күйлі жоғалды. Қарабасқа бір, келе жатқан аждаға бір жалтақтаған Үсмайыл бір кезде домаланып жүгіре жөнелді де, шаланның орта беліндегі діңгекте желбіреген қызыл тудың шыжымына жармасып жөлпедем жыға бастады.

— Эй, не істеп жатырсың? Туда не ақың бар! — деп айғай салды Ізбасар.

Оны құлаққа ілген Үсмайыл жоқ, қақшиған қызыл туды жерге шөгеріп, құлдыратып барады. Ізбасар жұдырықты тас түйіп алып, тұра ұмтылды. Ол жеткенше Үсмайыл туды жығып та ұлгерген еді, ентіге жеткен Ізбасар қызыл туға шап берді. Біреуі алам деп, екіншісі алғызбаймын деп қада түбінде жұлқысып, иттей арылдасты.

— Туда нең бар? Жібер деймін, иттің баласы.

— Токта! Барлық пәле осы қызыл тудан, қызыл туға өшігіп жүр.

— Өшікпес түгіл, талағы тарс айрылсын, әкел бермен.

— Сабыр ет. Қоя тұр деймін, тентек.

Аэроплан дарылдалп үстеріне төніп келгенде діңгек жанында жеңіс алмай жұлқыласқан екеуі аспанға тіккен көздері алақандай бол шалқалап отыра кетті. О, ғажап! Аэроплан пулеметтерін кезеніп төніп келгенмен, оқ атпады. Төбелерінен зулап өтіп, қайқаң етіп аспанға шалқайды да, хош айтысқандай қанаттарын бұлғап, Үйшікке қарай үзай берді. Үсмайыл қарсы алдында жер тізерлеп отырған Ізбасардың бетіне майлы көзімен жіпсіе қарап, жымыңжымың етті.

— Айтпадым ба? Бар пәле тудан деп...

— Шайнама!

Ізбасар туды жұлып алып, шыжым бауға шырмады. Үсмайыл: «Әлгі пәлелер қайтып келіп жүрер, шыдайықшы, шамалы», — деп жалынғандай бол тұр. Әлгіден бері бір орнында сырғытай серайген Карабас қолын артына ұсташан күйі аяқты санай басып, олардың жанына келді. Үсмайыл атаманның шалғайына оралды.

— Көрдіңіз бе, Карага! — деді жып-жып етіп. — Туға өшігіп жүр екен. Бізді қызыл деп қалған ғой, шамасы. Мына тентекке қоя тұр десем, тыңдар емес. Өзіңіз айтыңызшы.

Карабас Ізбасарға тұнере қарап:

— Қоя тұр! — деді.

— Сонда қандай жалау көтермекпіз? Уәләяттікін бе?

— Тауықсыз да таң атқан. Қазір жалау көтеріп, сән құратын заман емес.

Ізбасар қайын атасының, бетінен, жел бол қарсы келе алмады. Ит жыны ұстаса, ешкімді қыстырмай, бір көтеруге көтеріп те тастар еді, ол қайын атасы Карабастаң да, салпанауыз Үсмайылдан да ығып тұрган жоқ-ты, теңізшілерден ғана қаймықты. Олар жаңа не болғанын өз көздерімен

E:\18_09_13\edil\edil0.tif_page165
көрді. **Кызыл жалауды** желбіретсе, шынында да, Үсмайыл айтқандай жаңағы аэропландар қайтып оралып, тағы да төмпештің астына ала ма, өйтсө туды енді Үсмайыл емес, теңізшілердің өзі жұлып алғып, лақтырып тастамай ма деп іш жиды. Ит қүйрығынан ине суырған залым неме бұл жұдырық білеп, жұз шайысып жүріп азар көтерткен жалауды ығытың тауып оп-оңай-ақ алғызып тастады.

* * *

Теңіз үстінде тұман қоюланды. Қай уақытта түсетіні белгісіз, таң алдында бір жақтан желмен бірге жылыстап келе ме, әйтеуір теңізшілер елең-алаңда көздерін тырнаң ашқанда ақ айранның арасында оянады. Содан сал бөксес сәскеге дейін оң-солын айыра алмай бастары қаңғып жүргендері. Кейде тіпті шаланды таба алмай, адасып әуреге түсетіндері де бар. Қорғасынды балқытқан жарықтық күн тұманды жидітпей қойсың ба — күн көзі қылтиысымен тұман да ізім-ғайып жоғалады.

Өткенде ала топалаңнан бері шалан басы тыныш. Ағылшын аэропланары сол кеткеннен қайтып қарасын көрсетпеді. Бірақ арылмас үрейін тастап кетті: әлдекандай басалқы дыбыс шықса зәрезеп болған теңізшілер аспанға жалтақтайтын мінез тапты.

Үсмайыл бомбылау кезінде қаза болған, ауыр жарақаттанғандарды жағалау бойындағы ауылдарға алғып кетті. Ал Ізбасар болса қолынан іс келетін балтаға ұсынақты жігіттерді жиып алғып, бұліншіліктің ізін жамауға кірісті. Аяушылықты білмейтін нағілеттер жаман ойсыратыпты. Бұлініп, қирап, омырылып қалған кемелерді көргенде жүрегің жылап, жаның шырқырайды. Ізбасар қара-құраның көптігіне арқа сүйеп, бір жұманың о жақ, бұ жағында қолға алған істі бір жайлы қылармын деп ойлап еді, онысы жәйқиял боп шықты. Жамау тілеген жыртық-тесікте қисап жоқ. Әуелі өткенде табиғат апаты, кейін аэроплан лаңы екі-үш жылдан бері жөндеу көрмей қаңсыған ыдыстарды ондырмай қаусатып кетті.

Олар шаланың шет шалғайындағы сиыр құрсақ қос кемені қосақтап, ұстаханаға айналдырды. Бұлінген, далдұлы шыққан, суға батқан ыдыстың бері сол маңда. Қайыстај қатқан тарамыс жігіттер оларды екі-үш жерінен гәкпен іліп алғып, ағаш тәлмен дарылдата тартып, суларын сарылдатып теңізден көтеріп алады да, жәнді сыйбанып,

балталары жарқ-жүрк етіп кірісіп кетеді. Лезде-ақ қайықтардың қаңқасын қалдырып, бұтарлап тастап, қайтадан жамауға кіріседі. Сөйтіп, екі қайықтан жаңа біреуін құрап шығарады.

Шетінен қапсағай, бұлшық еттері еменнің безіндей теңізші жігіттердің көңілдері көтеріңкі. Кешегі төбеден жауған ақырзаман ұмыт болғандай. Оны әзіл-қалжыңмен ғана еске алады.

— Ененді ұрайын, мұндайды кім көрген? Жіберіп қоя жаздадым,— дейді біреуі.

— Өзі аждана сияқты екен.

— Кой, бұл адамзаттың шығармайтын пәлесі болсайшы.

— Ау, Ізбасар, сонда бұған дауа жоқ па? Төбемізден саңғып жүре бере ме?

— Санғытып қоймас, оған да бірдеме ойлад: табар.

Жігіттер жарқылдап күліп, жұмыстарын істеп ара-ара-сында бұлтызы шыңылтыр аспанды жаңғыртып әнге басады.

Еділ де Жайық белдер-ай да,
Аға да жеңге елдер-ай да,
Сағындым Жайық, сағындым Жайық,
Елдер-ай!

Дұға дарыған қос тақтаймен ажал жалында ерсілі-қарсылы сайрандап, небір кер кезең, кеміс күндерді бастаң өткеріп қындыққа ет үйреніп, пісіп-қатқан теңізші қауымның көңіліне мына бір уайымы көп алмағайып уақыт көлең кесін түсірмегендей. Бұлар да бір, толқынға қарсы жүзген кеме де бір. Айтты-айтпады, теңізші тірлігінің өзі замана толқынына қарсы жүзу емей немене?

Шағаласы шарқ ұрған көкала теңіз балташылардың әнімен жаңғырығып, баяу толқып жатты.

* * *

Балташыларға бас болып, құрбы-құрдастарымен ойнап-күліп, өзгелерге қосылып ән салған Ізбасардың көңілі қатты алаң-ды. Ара-тұра жұмысты доғарып, жағалау жаққа мойын созып, тесіле ұзак қарайды. Жұлдыздың он жаңасы — уәделі уақыт та таяған. Пірәлінің Гурьевке барып-қайтатын уақыты болды. Ол осы шаруаны бір жайлыш етісімен, сылтау тауып жағалауға сапар шығуға буынып-түйініп жүрген-ді. Ойда жоқта аяқ астынан бір көлденең кезігіп, күтпеген жерден тағы да жолынан бөгелді.

Күзде жылы жаққа топталып қайтатын құс сияқты теніз

балығының да шоғырланатын әдеті. Бұл өзі қанжыға күнде қандана бермейтін, кәсібі қара жоннан қарсак қаққандай суренсіздеу күзгі маусымның қысқа ғана майқанды шағы Аш тогайып, теңізшілердің бүйірі шығатын бір тұс. Қыс көзі қырау ұзын сары қақаған қантарда сорпалайтын напақаны да осы кезде жиып-теріп алады. Балық шоғырын бастайтын басқа емес, су макұлығы арасындағы ашық ауыз аңқауы сазан жарықтық. Құмырсқадай құжынап суды аспанға шашып, көк теңізді қара лайғып, сарт-сұрт ойнайды дейсің бір ертөлі-кеш. Бұл жалғандағы ең соңғы қызығындай есендіреп есінен танады. Расында да осы ессіз ойнақ көбісінің-ақ-ең ақтық қызығына айналады. Қарауыл салып, торып жүрген теңізшілер төбеден басады. Мұны «распор» кәсібі атайды. Бұл кезде балықшы кемелер тізе қосып, үш-төрт кемеден серік құрайды.

Бірде балық қарап жүрген шолғыншы жалғыз кеме осындай қалың ойнақтың үстінен шығады. Балықтың қалындығы суға таяу салдырмайды, белқасты. Енді ау сүйреп жүрген серіктегіне хабар берейін десе, олар көз жетпейтін жерде алыста кейіндеп қалған. Айғайлайды қышқырады, қарақшы бұлғандатып хабар береді. Кейіндеп қалған серіктегінен белгі болмайды. Кетейін десе судағы сары алтынды көзі қимай, кетпеуге және амал таппай қысылғаннан самайынан тер моншақтап тұрғанда, тағы бір үйік қараған шолғыншыға жолығады. Эйтеуір бөтен емес өз адамдары, жыға танымағанымен, жүзі таныс. Жолыққан шолғыншы таң қалғаннан есінен танады.

— Ойбай-ау, мол қазынаға кезігіпсің ғой кедейлікті енді ұмытатын болдың, замандас.

Балық иесі есен-саулыққа да жарамай, сазарып жақ ашпайды. Бөгде біреудің көз сұғынан мына үйікты қызғанып, қарадай жері тарылып, апшып тұр. Тезірек кетсе екен деп жыбыршығанмен, әлгі саппаздың кетер түрі жок. Суға үңіліп, таңдай қағып, өліп-өшіп барады.

— Эй, қой деймін, балықты үркітесің,— деп тарылады жалғыз шолғыншы.

- Ау салмай неғып тұрсың енді?
- Серіктегімді күтіп тұрмын.
- Олар қайда?
- Эне келеді...

Бірақ келе жатқан кеме көрінбейді. Шолғыншы сойдауыл басына бір қарақшының орнына екінші қарақшы іліп, жаңын қоярға жер таппай, күйінгеннен жер тепкілеп тұр. Көздерін шел қаптаған соқыр серіктегін жеті атасынан

бері қарай көрінде аунатып боқауызды боратты. Бірақ судагы балық тым-тырыс жататын көгендегі қозы емес. Аударылып-төңкеріліп жылжып барады. Ол сенің зарынды, ыздан аспанға шаптырғалы ұрганынды қайтсін, көз жазып қалмайын деп қара шоғырдың соңынан еруге мәжбүрсің. Бірақ су патшасы Сулеймен жазып қалдырды ма, кім білсін, көңілге медеу бұлжымас бір заң бар: ұйықты кім бұрын көрсе сол қожа, өзгенің иегі қышымасын. Ол осылай ұйықтың жанынан кетпей ілесіп жүре берсе, ешкімнің көз алартып кеуделеуге қақысы жоқ. Ал балық иесі бір себептермен өзі игере алмай, ұйық тарап кетердей болса, өле жегенше, бөле же деп, ортақтасып-пайласып шабуға рұқсат. Қазына иесі кейін келген шолғыншыға жағдайын айтуға мәжбүр болды.

— Ау, замандас, есімің кім?

— Құрмаш. Өзің ше?

— Оразғали.

— Е, жарайсың, Құреке. Байитын болдың, мынау қыруар дәулет қой. Кем дегенде екі қайық батыратын шығарсындар. Қырық центнерден кем емес,— деп, Құрмаш судагы балықтың мөлшерін көзімен өлшеп, жұтынып барады.

— Бөлінеді ғой,

— Неше пайсындар?

— Он бес.— Онысы бес қайық серікпіз, әрқайсында үш-үштен адам бар, он бес ауызға бөлінеді деген еді.— Ал, Құреке, заманы бірге құрбы екенбіз, мына бір напаканың басында құдайдың өзі жолықтырды. Сізге бір қолқа салсам, қалай көресіз,— деп майдалады Оразғали.

— Алыстан орағыттың ғой, жігітім. Эйелімді қалағалы тұрған жоқпышың?

— Алла сактасын. Құлкісі жоқ, Құреке.

— Айт, айта ғой.

— Серіктерім кейінде қалып еді. Қарақшыны көрмей жатыр, патшагарлар. Барып ілестіріп келмейсіз бе?

— Не бересің?

— Ер мойнында қыл арқан шірімес.

— Қыл арқаныңмен өзің бай бол, неше пай бересің?

— Бір пай. Он алтыдан бір пай.

— Жарытпадың, замандас. Біз бақандай үш адам екенімізді көріп тұрған жоқсың ба?

— Жарайды, бір жарым.

— Ендеше келістік.

Оразғали серіктерінің қай маңда қалғанын, аты-жөндерін, кемелерінің түрін, желкендерінің белгілерін айта

бастап еді, онысы көкала жылқы ішінен көкала тайды үстап әкел деген кепке үксады. Отірік алдаң, жоқты іздетіп айдалаға лақтырып жібермек пе деген ойға қалды тісқақты Құрмаш.

— Ореке, мынауыңыз жаңылтпаши сияқты болды. Серіктерінді өзің таппасаң, асылы мен таба алмаспың. Балығыңды қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқытпай күзете тұрайын,— деді.

Оразғали сеніңкіремей екі ойлы болғанмен, басқа лажы да жоқ-ты.

— Құдайшылығың, ба, құрдас? — деді.

— Ау, енді көрмейтін адам емеспіз. Оның үстіне сұрағанымды беріп тұрсың, ақысына қалмақтың да шаруасынтындырып береміз. ғой.

— Ендеше, әуелі құдайға, қалса өздеріңе сендім,— деп, Оразғали серіктеріне жүріп кетті.

Олар тайлыш-таяғы қалмай, тұс ауа ентігіп жетіп келсе, ұйық төңірегі у да шу, айран-асыр. Бір топ кемеші аудысалып, балықты қоршап алыпты. Ұйық сұмдық қалың екен, қоржынға сыймай, аудың ірге торын кеуlep, үрген бүйендей ғып қампитып жіберіпті. Мынаны көргенде көздеріне қан толып кеткен. Оразғалидың серіктері әйшайға қарамай, кемелерінен қарғып-қарғып шығып, аудың құлағына жармасты. Ау тұрсын, торынан атласаң, ырысымды аттадың деп, аяғыңды сындыратын балықшылар біреуге кеуделетіп қойсын ба — екі ауыз сөзге келмей ауды түйіп-түйіп тастап, білекті сыбанып төбелесті бастап та жіберді.

Теңізшінің төбелесі де қызық. Әуелі бір-біріне таяу ала ұмтылады, сосын темелек, ленгір, балталар жарқылдайды. Одан аман қалғандары бір-бірін тырбандаңтып көтеріп алып теңізге лақтырады. Бұл жолы да айна-қатесіз солай болды. Ала жаздай толқын жалында теңселе-теңселе қауашақтың ішінде сылқылдаған ми шеміршек болып қатып қала ма — соққыға теңізшідей шыдамды жан баласы және жоқ. Беті қисайып, тісі жұлынып, мұрнынан қызыл қан шүмектеп жүрсе де, ақылынан жаңылып, аяқ жолынан адаспайды. Әрі өздері сұмдық тырысқақ, шапшаңдығын қайтерсің. Лақтырып жіберсөң, аяғынан тік тұрады. Көтеріліп алып кенереден атсан, әйтеуір жел бау деймісің, діңгек бау деймісің кеме үстінде керілген көп арқанның бірінен шап беріп үстай алып, сілкілесең тұспейді. Құдды бір тырнағы тиген жерге желимдей жабысатын мысық дерсің. Онымен қоймай, аяғы жер иіскемей әуеде не кеме сыртында сал-

бырап тұрып, әткеншектеп келіп, бетіңнен теуіп мұрныңың дал-дұлын шығарады. Біреулер діңгектің жел бауларына асылып төбелесудің әбден әдісін алған. Теріс қарасаң болды, желкеңнен періп жалманыңнан түсіреді. Желбауға жабысып алыш, бір кемеден бір кемеге ытқығанда көз ілеспейді. Шайтандай зымырап қай жағыңнан келіп қалғанын білмейсін. Шақтап-шамалап төбелесу деген оларға атымен жат, не қиратып жеңеді, не қирап жеңіледі. Екінің бірі, итжығыс, мәміле деген жоқ. Аяқтарынан тұра алмағандай жағдайға тап болса, еңбектеп жүріп төбелеседі. Бүгін екі жақтың күші тең түсіп, жағалас ұзакқа созылды. Кеменің қай бұрышына барсаң да ыңқылдасып, ырсылдасып, домалап жатқан біреу. Киім дал-дұл: шалбарда балак, пешпетте жең жоқ. Беттерінде бет қалмаған: білем-білем көкала ісік, көздер жұдырықтай боп шодырайып кеткен, ауыздар қисайып, мұрындарынан қан дірдектеп жүр. Оған қарап жатқан ешкім жоқ, сынған тісті түкіріп тастап, айғай салып, ұрандап өршелене ұмтылды. Әупірімдесіп, аруақ шақырады. Бірақ оларда ру-шұру деген атымен болмайды, екі жақтың да сыйынары, ұрандап шақырары — су құдіреті, теңіз пірі Абыралы. Өздері Атырауды айнала жайлаған ала-құла елдің төбелес-тәсілдерін түгел менгерген. Әсіресе жатып лақтыратын қалмақша құреске жетік: оның ми жет-пес небір тәсілдерін біреуден үйрөнгені, әлде өздері ойлап тапқаны белгісіз. Ұмар-жұмыр, домаланған ұзак арпалыстан кейін, мерейі үстем болған біреу жауын қеудесінен тіземен басып тұрып:

— Ал, кәне, қоямысың! — дейді.

— Мә, қоям!

Сөйткенше болмайды — астындағы қеудесінде отырғанды аударып тастап, үстіне ытқып шығады. Қан майдан жағалас кемедеғана емес, теңізде де қыза түскен. Теңізге лақтырылғандар жүзіп жүріп шайқасып жатыр. Бір-бірін төбеден басып тереңге батырып жібереді. Батып кеткен, тұншығып өлген шығар десен, қарсыласын аяқтан алыш, құрдымға қарай сүйреп береді. Сосын екеуінің де демі бітіп, екі жерден сопаң етіп сұңгіп шығады да, әл шақырып алыш, қайта кіріседі. Сойдауылдың басына өрмелеп кетіп, түу сонау аспан астында жұлқыласып жатқандар да аз емес. Олардың жағдайы жанашырлық: құласа палубаға құлайды — сүйектерін теріп алушың өзі қын.

Молынан екі сағатқа созылған майқан шайқастан кейін төбелес саябыrsын деді. Кемеден-кемеге ойбай салып, шыңғыра атылып, таяу ленгірін сілтелеп ерсілі-қарсылы

E:\18.09.13\edil+\edil0.tif page 171
ойқастаушылар азайып, ыңқыл, гүрсіл, былашыт боғауыз күшіне түсті. Енді бір кезде ыңқыл, гүрсіл де тыйылып, құлакқа үрғандай тыныштық орнады. Қалжырап біткен адамдар кимылдауға шамалары келмей, сонда да бір-бірінің жағасынан қол айырмай, терлері тамшылап, бүйір соғып жатыр. Тіпті бір-бірін жағаларынан ұстаған күйі әбден діңкелеп, үйықтап кеткендері де бар.

Әйтеуір бір кезде қай жақтың адамы екені белгісіз, бір даусыс:

— Қайтеміз? Қоямыз ба? — деп мәмілеге шақырды.

— Қойсак, қояйық, — деп қарсыласы да қарсы болмады.

— Ендеңе, қолынды ал, жағамды босат.

Өзге ел шын ба дегендей, жер-жерден бастарын көтеріп, әлгілерге қарап алып, олар да ажыраса бастады. Бір жақ кеменің тұмсығына, екінші жақ кеменің құйрығына топталды. Жиылған жерге аяғымен жүре алмай, еңбектеп жеткендер де бар. Әр жақ өз адамдарын есепке алып, түгендер жатыр. Бұл тәбелестің тарқауы емес-ті әсте. Қазір ес жиысмен бір-біріне шарт қойысып, мәмілеге келеді. Ал мәміле болмаған жағдайда бәрі басынан қайта басталады. Ал өздері не үшін тәбелесіп жүргендерін мүлде ұмытқан, аудағы балық жайына қалған. Ауды түйдік дегенмен, тордың табанынан балықтың сусып шығып, ағытылып жатқаны қаперлерінде жок.

Екі жақ түгенесіп, темекі шегіп, дамылдаپ алған соңғана, бірі кеменің басында, екіншісі кеменің аяғында отырып бір-біріне сөз салды.

— Да, енді не істедік? — деді үйықтың алғашқы иелері Оразғали жақ.

— Не істегені несі? Сендерді кім шақырды? Жөнеліңдер жөндеріңе!

— Не деп тұрсың? Жөнелің не, ауысқан! Бұл біздің үйық, онбаған жолбасарлар. Мә, тапқан екенсің жүндейтін жуас түйені, абыла, аузынды жырып кетіп жүрмесін!

— Айдаладағы үйықты менікі деп, сені жын қаққан шығар, ей!

— Шалтай-балтайды қой, балық біздікі.

— «Біздікі?» Қарай гөр мұны, дәлелің кәне, дәлелің?

— Дәлел, міне! Міне! — Серіктің басы жұдырығымен шолғыншы Оразғалидың кеудесін тоқпактады. — Дәлел осы! Үйықты бірінші көрген Оразғали. Ана жігіттеріңе пайға келісіп, бізге хабар беруге кеткен. Өтірік деші осыны, иманың күйгір!

— Нé деп сандалып тұрсындар? Қандай жігіт? Қандай пай? — деп таң қалды қарсы жақ.

Оразғали аузының қанын түкіріп тастап, шыдай алмай орнынан атып тұрды. Тұла бойы тыр жалаңаш, мойнында көйлегінің тілдей ғана өңірі жалбырап жүр, шалбарының бір балағы мұлде жок, жұлып әкетіпті.

— Эй, ант атқыр, Құрмаш, қайдасың? Тұр орнынан! Шық мына елдің алдына! — деп айқай салды.

Бет-аузы ақ қылтанак, үртys опырайған қызылкөз кетік шал орнынан түрегелді.

— Болмадың ғой, әкенді. Ал Құрмашың мен! Нé демек едің?

— Эй, кәрі қақпас, кімді алдамақсың! Кет жоғал, сайтан құсамай!

— Ей, мына есірік не дейді-ай! Азан шақырып қойған атымды сен білесің бе, мен білемін бе?

— Жоғал, имансыз! Сақалынды талдап жұлсын демесен...

— Өй, ананды!.. Мынау қайтеді-эй, қазір мен саған жұлайын!

Опырық шал ышқырына қолын салып еді, сапының орнына шолтаң етіп шынжыры ғана ілікті. Езуі көпіршіп, көзі қанталап алған Оразғали тістеніп ілгері үмтүлғанда опырық шал көзі алақтап шегіне берді де, біреудің үстіне шалқасынан құлап түсті. Оразғалидың онымен шаруасы болған жок, біреудің басынан, біреудің аяғынан аттап барып, арт жакта жасырынып бұғып отырған Құрмашты білегінен шап беріп, ортаға дірдектетіп сүйреп шықты. Байғұс жасырынса, жасырынғандай екен: дамбалының ауын біреу жұлып әкеткен бе — алақандай жыртықтан әбүйірі жылтындалп жүр. Мырс ете қалған ел ауыздарын алақанымен басып, күлкіден тұншықты. Бірақ ортадағы екеудің онымен ісі жок, жан алып, жан бергелі тұр.

— Кéне, жанынан безген шайтан болмай, адам болсаң, айт мына елге құдайшылығынды!

— Нені айт дейсің?

— Ұйықтың басында қалай кездескенімізді, нé деп келіскенімізді?

— Эй, сен ауыс шығарсың, көзіңе қос көрінген болар. Қайдағы ұйық! Нé деп тантып тұрсың?

Қанына қарайған Оразғали шап етіп тамақтан ала кетіп, мытып-мытып жіберді. Әп-сэтте беті көгеріп, көзі аппак боп қырылданп қалған Құрмашты серіктері ара түсіп, айырып алды. Жаны күйген Оразғали қарсы топтың

алдында жалғыз өзі ойқастап жүр. Біреуді аятын түрі жок, беті күлденіп алған, ә дегенге мә деп, бетіне қарағанды тірідей тұтуге әзір. Ол көп арасынан сығалаған Құрмашқа тап-тап берді.

— Өй, ардан безген найсан!
— Өзің найсан! Арпылдаған ауыс ит!
— Жіберіндерші, мына донызды бауыздап-ақ тастайын!

— Мә, мынауымды бауыздарсың! Құрмаш дейді, мен Құрмаш па екем! Жәбірәш емеспін бе?

— Жәбірәшсің бе, Қотырашсың ба! Қызыл ит сені білем. Мен бір пай бергенімде, бір жарым пай сұрап алған ит-шошқа сен емес пе едің? Енді не деп танып тұрсың!

— Қайдағы пай! Алжыған шығарсың! Жоғал! Мен сені өңім тұрсын түсімде де көргем жок, сандалма!

— Өй, ененді, тап сенің!

Қаны басына шапшыған Оразғали не істегенін өзі де шала үқты. Аяқ астында жатқан кертік тасты іліп алыш құлаштай сілтегендеге, Құрмаш бұғып үлгерді де, жұдырықтай жұмыр тас теріс қарап тұрған біреудің көкжелкесіне сарт етті. Әлгіге байғұс бақ деуге шамасы келмей, серен етіп сұлап тұсті. Қарсы жақ: «Өлді! Өлтірді, ойбай! Аттан!»— деп өре түрегеліп, аяқ астында шашылған ау табанына байлайтын тесік тастарға жармасып еді, жігіттердің біреуі ілулі торды ортаға керіп үлгерді де, адам өлтіретін зулаған жойқын діттеген жеріне жетпей әлгі торға соғылды. Өлді деген адамдары өлмеген екен, жарылған басын таңып, артынша қатарға қосты.

— Өй, бұларың не, азаматтар! Енді бас жарып, көз шығару қалды ма?— деді қарсы жақ.

— Бас емес, жан шығады, жан! Білдің бе!

— Адал малымызды біреуге жегізіп отыра алмаспыш, иә алармыз, иә өлерміз!— деп, бірауыздан әнгірлесті мал иелері.

— Уа, жарқындарым, деректерің жок, бұларың барып тұрған қарақшылық қой!

— Каракшы біз емес, сендер! Біреудің напақасына құзғындаш шүйгіп, көздерің қарайды ма? Осы үйық болмаса, өлеңін бе едіңдер!

— Өздерінде, өздерінде мін жок қой, шамасы?! Көз шығарып, бас жарғандай әкелеріңің құны ма еді осы балық!

— Өй, көп сөзді қой, үйық біздікі. Суға ағызып жіберек те сіздерге алдырмаймыз, тоқ етері сол!

— Өй, ақылыңа болайын. Ақымак!

— Өзің ақымак! Сен жегенше қызыл ит жесін! Саған да жоқ, маған да жоқ!

Жоқшылардың беттерінен қайтпайтынын, неге боса да дайын екенін көріп, зорлықшыл қарсы жақ күбірлесе бастады. Сәл-пәл ырың-жырыңдан кейін өзара бас шұлғысып алғып, серік басы мәмілегерлік әңгіме бастады.

— Ағайын, сендердің ісі емес, жаудың ісі. Ен-таңбасы жоқ теңіздегі балықты менікі деп таласқаның ешбір келеге келмейді. Қырылып өлер болдық. Пілдей бір азаматтың басын жардыңдар! — Эне, талып жатыр...

Төбелеспен бітпейтін, соңында сүйретпесі бар үлкен даудың ісі мұнқіді. Алдын-ала қамданған қарсы жақ: көз қылған қоқан-лоқы домбытпасы ма, қазірден-ак байбаламды күшеттіп, ертеңгі күні кінәнің ауыр басын бұларға аратын аужай аңғартты. Алайда жоқшылар кінәні мойнына дарытпады.

— Ол далбасанды доғар, шырағым! Басқа өтеу — көз, Көзі шыққан бізде де бар. Одан да мәміленді айт!

— Талаптарың не?

— Қыл ортақ, тең жар!

— Үштен бірі,— деп қисайды қарсы жақ.

— Тең жар!

— Қылмен бөлгендей бөлеміз! — деп даурықты жоқшылар.

— Үштен бірі! — деп қасарысты зорлықшылар.

— Олай болса, тұрысар жерінді айт!

— Өй, қоймадың ғой тіпті! Тұрысар жерім — осы ара! Шық ортаға!

Еселері кетіп, қанына қарайған жоқшылардың іздеген дері де осы үрит-сок еді: үстіндегі жалба-жұлбаларын лактырып тастап, білек сыбанып, жаланып шыға келді. Шетінен сен ат, мен тұрайын мыналардың тұрлери жаман еді. Салған бетте-ак әй-шәйға қарамай, жапырып жіберетіндей болған соң, қарсы топтың басшысы айғай салды.

— Қайт! Қайт! — деп тоқтатып алғып, іле-шала коқайын қайта көрсетті. — Сөз түсінбедің, мәмілеге келмедің, ағайын! Енді өз обалдарың өздеріңе, аямаймыз! Енді сөз басқа! Оқтаңдар мылтықты!

Зорлықшылардың пүтқа толып, неге күшейгендері енді түсінікті болды: жана жыбырлап жүргенде үлкітен білгізбей мылтық алғызған екен. Бесатарлар сатыр-сұтыр оқталғанда, жоқшылар тұра қашты. Аяқ-аяқтарына жүқпай,

кемелеріне қарай зытып барады. Қарсы жақ кеуде түзеп, тіпті қарқылдап күлгендей болып еді, алайда іле-шала кемелеріне қашып тығылған жоқшылар тұс-тұстан өздерінен мылтық сықситқанда әп-сәтте езулерінен құлкі жоғалды.

— Ал атыңымыз ба? — деді жоқшылар бел алып.

— Мықты болсаң, ал баста!

— Оның не қындыры бар? Бастасақ әкелерінді танытамыз! Ау сендердікі, балық біздікі! Тең жарға келісіндер ме, жоқ па! Кәне, ақтық сөздерінді айтындар!

— Тоқтандар, ақылдасайық,— деп жөнге қөшті қарсыластар.

Гүбір-сыбыр, түсініксіз қозғалыс көбейіп кетті де, бір кезде кеменің үстінде аузы шошайып қалқанды пулемет шыға келді. Мына сойқандар қан жұтса да, өлмей беріспеуге алдын-ала қамданған екен.

— Ал енді мынаумен сөйлесіндер! — деді қарсы жақ қарқ-қарқ құліп. Сөрік басы аяқ астынан арқасы қозып, даңғырлап айғайға басты.— Кәне, аман тұрғандарында жоғалыңдар! Құрмаш, кәне бір рет жалатшы өздеріне!

Көлденең көлбеген қарсы кеменің үсті жын қаққандай болды. Кеменің кенере тақтайларының да, орауды желкенің, қақшиған кіндік сойдауылдың да түте-түтесі шықты. Ыдыс-аяқ, балық тұздайтын бөшкелер шұрық-тесік болды әп-сәтте. Жоқшылар түгел қырылып қалғандай дыбыс бермеді.

— Ал кетесіндер ме, жоқ па? — деп дігірледі зорлықшылар.

— Ақылдасайық,— деп пұрсат сұрады жуасыған жоқшылар.

Олар бұқшаңдап жүріп, бір жерге жиылып, иектері шошаңдап сыйырласып алды да, тез тарады.

— Жарайды, дегендерің болсын, үштен бірге келістік,— деп көнгендерін білдірді.

— Төрттен бір!

— Оны қайдан шығардың? Төрттен бір деген сөз болып па еді?

— Болмаса, енді болады да!

— Сол балықты жұт та, шөңгесіне қақалып өл, нысапсыз!

— Олай болса, тайындар, кәне! Сөз бітті!

— Біткен жоқ. Басталды де!

— Колыңнан келсе, шауып ал!

— Шапқанда да бір емес, еселеп шабармыз!

— Сендерден келген құқайды көріп алдық... мынауымды шабасындар!

— Үштен бір!

— Бестен бір!

Басынғанмен бара-бар көренеу зорлыққа шыдай алмай ашынған жокшылардың біреуі атып жіберіп еді, қарсы жақтың серік басы иығын үстай алып, шыңғырып отыра кетті. Пулемет сақылдаپ қоя берді. Жанжалмен жүріп күннің батып, қас қарайғанын да байқамапты. Қараңғыда пулеметтің оғы жалақтағанда ғана, қараңғы түсіп, көз байланғанын аңғарды. Амалы құрыған жокшылар, шәлкілерді кесіп, сыйылып, шығуға мәжбүр болды. Былайырақ барып, желкендерін көтеріп алып, қараңғыға сініп жоғалды.

Жеңімпаздар қағынып-сілкініп, естерін жиып, аудың құлағына жармасты. Балықты тезірек буып, кемелерге қотарып алып, мыңа даулы жерден тайып тұруға жанталасты. Бірақ ауды тартқан сайын балықтың азайып, сүзекінің жеңілдеп бара жатқанын көріп, бір сойқанның болғанын іштері сезе қойды.

— Ойбай, әлгі онбағандар коржынды жарып кетпесе неғылсын!

— Не дейді? Қарандар!


— Түйіндер коржынды, ойбай!

— Қап! Сорлатты-ay!

— Есіл еңбек-ай!

Жігіттер теңізге гүмп-гүмп беріп, коржынды жер-жерден үстай алып еді, коржынның түбі көлдей тесік, әлгі онбағандар жай кетпей, коржынның бір бүйірін кесіп алып кетіпті. Торға қамалып, сығылыскан қалың балық сендей соғылысып, теңізге жөңкіліп ағып жатыр. Балықтың қалыңдығы соншалық, ұрып-соғып тіпті маңайларат емес. Жігіттер қарны жарық коржынды бітеймін дегенше балық теңізге түгелдей ағып таусылды. Рулы елге жетер мол байлықтан мұрынға қолды тығып, екі-үш зембілдейін ғана ұстап қалды. Алда ғана арам тер, есіл еңбек-ай! Тамақ жыртқан бір айғайға татымады-ау ақыры. Қанша байлық, еріні кезерген балалардың напақасы бостан-босқа суға акты. А, хайұандар! А, екі дүниенің қызығын көрмегір атаңа нәлеттер! Бала-шағаның көз жасы соққырлар!

Айғай-шу мұнымен тынбай, Карабастың алдына төрелікке келгенде тіпті шаңытты. Қандарына қарайып, тістенісіп алған екі жақ қалың жүрттың көзінше бір-біріне мылтық қезеп, әбден масқара болды. Ол да ештеңе емес-ау, ең қының төрешілердің басы піспей, аузы бірікпегені: Ізбасар



жоқшыларды жақтаса, Ысмайыл жершілдігі қозып, көренеу сирактан бүйрек шығарып, Жамбай балықшылары — Құрмаштарды жөптеп беталды лакты. Ара түсіп, жоқ-барды шатып, езуінен көбік шашып, көпіріп берді дейсің. Онысы — астары әріде жатқан, түбінде теңізшілер арасына сына қағып, іріткі салатын бақай есеп екенін ол кезде Ізбасар да, Карабас та түсінбеді.

Карабас мәмілеге келмеген екі жақты да шаландағы абақтыға қаматып тастанады.

6

Осы оғат шаруалар қол күрмеу бол, Ізбасар жолға уәделі уақытынан әжептәуір кешігіп шықты. Жамбай беттегі шолғыншылардан көктен бері хабар жоқ, тексеріп қайтам дегенді желеу етіп, бұл жолы желкенді кемемен емес, жүрдектеу женіл мотормен аттанды. Жанына Қалмұраттан басқа адам ерткен жоқ: өрел ұстауға да, мотор жайында да өзі жетік-ті. Гүлбаршыннан жырылып шығу тағы да қияметтің қайымына айналды: «Қалмаймын да қалмаймын»— деп шалғайына оралып, ит әуресін шығарды. Әйтеуір амалдалап қашып құтылғандай болды.

Не дегенмен мотордың аты мотор емес пе, майы бол гұрса желіңе жалтақтайтын желкенді кеме емес, толқынды толқынға соғып жосылады да отырады.

Күн райы да тамаша: ыстық та емес, салқын да емес, жанға жайлы майшуақ, қарсы беттен кекіл желбіретер қоңыр самал лепілдейді. Кәдімгі жана ғана басталған керілме кербез күздің мамық күні. Жолаушылардың қөнілі жәй, емен-жарқын қалжыңмен жол қысқартып бейғам келеді. Ізбасар серігіне көз ұшымен қулана қарады.

— Қатын жағы қалай бол тұр?

— Ой, несін айтасыз, зары өтіп тұр-ау!— деді Қалмұраттың жаны кіріп.

— Қатын, қатын деп аузыңың суы қуриды, ен таққан қызың жоқ, қалай болады сонда?

— Е, ел ептеп жүр емес пе?

— Ә, батыр, ол болмайды. Ол өткен дүние. Төңкеріс дегениңің не екенін білемісің?

— Еркіндік, тенденция, бостандық!— деп зуылдады Қалмұрат.

— Дұрыс айтасың, ал ол не деген сөз? Жаппай еркіндік деген сөз. Бәрің еркін — әйел де еркін, еркек те еркін!

— Еркінің қалай? Ортақ па? Ол тіпті тамаша ғой!

— Тәйт әрі! Оның несі тамаша? Ендігі жерде әйел тиедесе де, тимеймін десе де ерікті. Зорлай алмайсың.

— Е-е, ендеشه жарыған екенбіз.— Қалмұрат бетін бір уыс қып, даусын сағыздай созды.— Әйелге ерік тиді дегенше — есірді десеші. Ерек әктап кетті дей бер. Түгел жәлап болып шығады да. Қой, жоқ, ондай төңкерісіңізben өзіңіз бай болыңыз. Маған керегі жоқ.

— Немене, бір қатынға бас иелік қауқарың жоқ па?

— Маған салсаң, он қатынды әкел, қатарынан жайғап берейін. Мәселе онда емес, қатын құтырды дегенше, ақыр заманың қыр астында тұр дей бер. Ау, бұларың дегенің тәк-тәктің күшімен жүрген бір тақтайы кем ел емес пе! Сосын... е, әлгі, ерек бір қатын алады дейсіндер. Бір ерекке бір қатын не бәлады? Ерек сорлыны қантарып қоймақсындар ма? Жоқ, ондай төңкерісіңді менсіз жасай беріңдер. Косылмаймын.

— Бәріне қарсысың. Сонда сенің косылар жерің бар ма?

— Неге болмасын! Мәселен, бай-мырзаны құрту дегеніңе, міне, қол көтерем. Тұп-тұқиянын тұздай құртып, орнына шөп шықпастай қылу керек. Жер шарын боржойлерден тазарту деген ұрандарың да ұнайды. Косылам! Ал, енді әйел мәселелерің томпақтау. Әйелімізден енді: жолдас, бола ма?— деп рұқсат сұрауымыз керек пе? Хи-хи-хи!...

— Осы тұсіріп кетейін бе?— деді Ізбасар тікірейіп.

— Тенізге ме?— деп өтірік жіпсиді Қалмұрат.

— Иә, тенізге, теніздің ортасына. Сұға қақалып, ішің кеуіп жүрсін, мүмкін ақыл кірер сонда.

— Ау, неден жаздым, батырекесі?

— Жаңағы бейпіл сөзің үшін.

— Ал жарайды. Пәле сөзден болса, қайтып алдым.

— Өзінді төңкеріс тұрсын, төңкерістің маңына жолатуға болмайды екен. Екі сөзіңің бірі — қатын, басың қатында қалғыр неме!

— Жарайды, қойдым дедім ғой, қатыны құрсын! Өзінің қатыны бар — қатыны жоқтың зарын қайдан ұқсын!

— Ту-у, пәтуасыз-ай!— деп, күліп жіберді Ізбасар.

— Жарайды, аға. Осы әңгімені доғаралықшы. Қатыны құрсын! Қатын деме, тунып тұрған пәле де. Ал, бірақ жаңағы төңкеріске маңайлатпаймын дегеніңіз, көңілге келетін сөз. Немене, елдің азы мен тазы мен бе екем? Кім-кімнің де кеудесіне бір аяқ ас сыйады, артық сыймайды. Қатем, тұсінбегенім болса, тұсіндеріңіз, тәрбиелеңіз. Төңкеріс жетім мен жесірдікі болса, тұл жетімің де, тырдай жала-

нашың да мына менмін. Менсіз қалай төңкеріс жасамақсыңдар?!

Күлкі үшін жаралғандай, өзі қап-қара, жанары жап-жасыл шимұрын Қалмұрат көзді аударып-төңкеріп аузы-аузына жүқпай, нүкте-үтірсіз сарнап отыр: мұдірмейді, әрі қалай-қалай қисында соғады дейсің. Оның әзілдең тұрғанын, әлде ағынан сөгіліп шынын айтып тұрғанын аңғарудың өзі қын.

— Мені кеудемнен итерсең де, төңкерістен шеттете алмайсың. Мен оны шешемнің қанасында жатып армандаң туғанмын. Мен жаратылысымнан төңкерісшілмін,— деді.

Ізбасар мырс-мырс күлгенмен, дауласқан жок. Пәтуасыз суайтқа не дерсің? Бірақ айтып тұрғанында жан бар. Ешкімді кеудеден итеріп, кемеден шығарып тастай алмайсың. Қалмұрат та, одан он есе, жұз есе көкезу сорақылар да тарих көшімен бірге жылжыдық. Айдан адам көшіріп әкелу әзірше тәжірибеде жок, ертең жаңа өмірді осылармен бірге бастап, бірге орнатасың, өйтпесіңе амалың кәне! Жә, тәйірі, оның бір жөні бола жатар да, алдымен сол арманды құн жүйкені тауысып, шектей шұбалмай, келер болса тезірек келсе екен. Қажытты ғой, әбден діңкелетті.

* * *

Олар бәлдерке моторды Ақкөсенің маңындағы бір атжал қалың шәліктің тасасында қалдырып, ар жағына қайықпен кетті. Шоқалдардың арасы әрі тайыз, әрі киіздей тұтасқан көк балдыр. Мотордың қалағы оралып, қақалып жүре алмайды. Шағын құс қайық қалың-қалыңдың арасымен ирелендеп, жыландай жүйткіді. Қорыс арасы айрылып жыртылған құс. Биылғы балаңдар балаңан дейтін емес, майға жатып, күп болып алыпты, енелерінен айырғысыз. Су тауығы аталатын қасқалдақтар су бетін бермей, құмырсқадай қаптап жүр. Жан баласын көрмей, әбден тағы болған ба, әлде жонынан жарылған семіздіктен есіргені ме — адамнан қыңар емес: таяқ тастам жерге келгенде ғана, зордың күшімен амалсыз жол береді.. Ел қаз-үйрек болмаса, оқ шығында майды. Тіпті ен жатқан бұларды мазалайтын бұл маңда аңшы атаулыңың өзі сирек. Қамыс арасы мұрты сымбаған қалың ну, аяқ алып жүргісіз қара түлей, қабағы тұнерген жабайы жыныс. Атшоңқай деймісің, иір деймісің, тұңғиық деймісің — теңіз гүлінің неше атасы осында. Су бетіне сыймай шүпірлесіп тұнып тұр. Айдынға түскен жұлдыздай боп су жаңғағы — шүйілімдер жатыр

жапырактары теңкиіп. Қамыс тағысы қабан ба екен — жегенін жеп, жемегенін ат-көпір ғып шашып кетіпти.

Ізбасар өткенде тоқтаған алаңға жақындаپ келіп, дыбыс бергенде, көп күттірмей-ақ қамыс арасынан құс қайығымен Пірәлі қарсы шықты.

— Ау, бұларың не? Қалтылдақпен жүргендерің қалай? — деді.

Ізбасар түсіндірген соң:

— Ә, әлгінде Ақкөсеге қарай келген мотор сендер екенсіндер ғой, — деді де, жол көрсетіп бастап жүрді.

Пірәлінің бұларды ай қарағандай тосып жүргені бөлгілі болды. Тосқаны — бір хабары болғаны да, демек, сөзінде тұрып, Үйшікке барып келген ғой деп қуанды Ізбасар.

Олар құс қайықтың жыландай ирелендерген ізімен біраз жүрді, әлден қейін алдарынан су үстіндегі салындыдай қалқыған итарқа күркес кезікті. Жок, күркес су үстінде емес, бас-аяғы он шақты аршын шағың құм шәліктің үстінде екен. Қайық күркенің есігін сүзе тоқтады. Әлдеқайдан тайыншадай көк шулан ит арылдал жетіп келгенде:

— Ұялас! Жат-жат! — деді Пірәлі.

Ұялас құйрығын бұлғаң-булғаң еткізді де, анадай жерге барып екі бүктелді. Баяғы аты аңызға айналатын тайыншадай көк шулан осы болмағай еді. Ашуы езуіне ғана жиналқан кәрі тәбет бет-аузы жырық-жырық боп, тек жатпай, бөтен бұл екеуінің әр қимылын аңдып, көзімен бақты да жатты.

— Тимейді, жүре беріндер, — Пірәлі жүрексініп тұрған бұларды иттің жанынан өткізіп, күркенің қапсырулы есігін ашты. — Ал қошала, төрлөтіндер!

Жып-жинақы шағын ғана жол күркес. Іргелеріне қамыс тұтылып, еденіне сабан төселипті. Сабан үстінде сарыала текемет. Бездін адамның тірлігі сайрап тұр: есік көзінде темір мосы, темір шәйнек, бұрышта тор ішінде ағаш қасық, ағаш тостақан. Күркес төбесінде шабақтарға қыстырылған аңшылық, балықшылық құрал-саймандар.

— Жиен, бұғін қонатын шығарсың? — деді күркес сыртында ерсілі-қарсылы жосып жүрген Пірәлі.

— Оны нағашының мырзалығы біледі де.

— Е, дұрыс. Кеш болып қалды, қайда асығасындар, қосшы баланды бері жіберші — қолғабас етсін.

Өзі де бөксесін шаққа басып отырған Қалмұрат ұша жөнелді. Күркес сыртында қыбыр-жыбыр көбейіп кеткен соң, бұлар не істеп жатыр деп, Ізбасар да сыртқа шығып еді, күркенің сырт жағындағы шағын көгалға мосы құрып

ошак қазып тастапты. Қалмұрат ағаш жарып, Пірәлі қазандыққа қақтаған құс етін сықып жатыр.

— Охо! Ауыз қаңсып жүр еді, жақсы болды ғой,— деді Ізбасар.

— Женсік ас қой дей жатырмын. Нагашыңың малыосы. Қан шығармады деп өкпелеме.

— Ол не дегеніңіз? Мынадан артық ас бола ма?— Содан кейін жәй-әншейін қарап отырғанша, қағытып отырайын деп әзілге басты.— Өкпелесем, тай сояр ма едіңіз?

— Тай болмағанмен, қозы-кепе табылар еді де.

— Мен тай десsem, аузыңыздан қозы шықты. Қаттысыз-ау деймін, нағашы.

— Жиен сұраншак, нағашы сараң,— деп жымиды Пірәлі.

Қалмұрат бықсыған жер ошактың жел жағына текемет жайды. Ізбасар: «Ой, жан-ай!»— деп жантая кетті. Қазан астын жанқаға толтырып, Пірәлі де оның жанына жайғасып, шақшасын шығарды.

— Ізбасаржан, байқаймын, осы сен көп өзгеріпсің,— деді ол насыбайды танауына жөнкітіп отырып. Бұл бір тосын әңгіменің бет ашарындай көрінген соң, Ізбасар құлақты қайшылай қойды.— Ара-тұра болмаса, мен өзінді көп көрген жоқпын ғой. Сөзіңің дұрысынан бұрысы көп, теріс біткен бұтақтай қыңырлау көрінетінсің. Үйсұлыпсың. Сөзің де түзеліпті. Оқыған, қалада оқыған деген жақсы-ау, өте-мөте. Астраханда оқыдың ғой, оқытты ғой шамасы.

Ізбасар нағашысы неге иіп әкелетінін ұға алмай, жалпылап қана жауап қатты:

— Азды-кемді кез ашты демесең, қырып тастағаным шамалы. Бір күн ұрыс, бір күн қеріс, оқуға уақыт та болмады. Бір тапқан олжам — әйтеуір тағдыр жақсы жандармен душар қылды.

— Бәрекелді, қайырлы болсын!

— Сіз түзеліп келіпсің дейсіз, Қарағаң бұзылып келіпсің дейді, қайсыңа сенем,— деп күлді Ізбасар.

— Қарағаң ба? Қарағаң да қызық адам ғой. Оқымағаның зерегі, ай, өз дегені болмаса, кісі дегеніне көнбейтін қыңырлығы да жетерлік-ау, ол шалыңың. «Атының сырғы иесіне мәлім»— оны саған несіне айтып отырмын.

Ашқарақтанып қазанның маңынан шықпаған Қалмұрат бір қайнауы ішінде құс етін ылжырап барады деп, ақыры түсіртіп тынды. Аюдай еркектерге еттің пісісі не, шикісі не? Бұы бұрқырап алдарына келгей соң, еңсені салып, қомағайланған жалмап берді. Сылп-сылп, қашыр-құшыр. Бітеу

жіліншік сүйектердің өзін диірменнен шыққандай мылжалап тастады. Мелдектеп тойып, кекірек атып, сорпаға кезек келгенде:

— Анаған қалай қараушы едің? — деді Пірәлі Ізбасарға.

— Оның не еді?

— Орыстың қымызына?

— Е, болса әкеліңіз.

Пірәлі тұрып, барып, күркенің іргесіндегі қамысты ашып, жарнамасы әлем-жәлем бір шиша арақты алдарына әкең қойды.

— Ағылшын,— деді ол.— Үйшікке түсіп жатыр екен, қызығып ала салғам.

— Ағылшын деймісіз? Өздерін көрдіңіз бе, сол ағылшынның?

— Ойбай, қаптап жүр. Өздері шетінен танау көтерген өркөкірек пе дедім, өте-мөте...

— Олар бізді бомбылап оқсатты ғой. Екі-үш адам жазым болды.

— Атаңа нағілеттер-ай, ә! Оларға не жоқ? Жәй елде несі бар?!

— Мұныңызды әлгіден бері сарымайдай сактап неғып отырсыз?

Ізбасар тығынды орыс арағы емес, бұрандалы вискидің тәсілін азар тауып, ашты.

— Аш қарынға ауыр соғады деген соң...

— Түк те етпейді. Бәлкім, өзгелерге сүйтетін шығар. Ал біз арақты орыс ағайындардан үйрендік. Орысша ішеміз. Олар уақыт талғамайды. Бар болса ішеді, жоқ болса қарап отырады.

Ізбасар арақты ыдыс-аяқтарға лықылдата құйды.

— Сен қалайсың? — деп еді Қалмұратқа, Қалмұрат:

— Женсік ас қой, көрейік, әйтпесе тамағым ісіп жүрер,— деп иегін сипап, арақтан көз алмай шарт жүгініп отырды.

— Мас болып қалмайсың ба?

— Оны енді ішкен соң көрерміз де.

— Байқа, есіріп жүрме.

— Ту-у, аға-ай, берген құрлы мысықтай маңдайымнан шертіп бердіңіз ғой, ішпей-ақ қойдым.

— Жә, жә, бұртыңдама!

Ізбасар көргенін істеп, тостаған қағыстырды да, тамақты жөткірініп алып, қағып жіберді. Пірәлі сылқ еткізді де, тұз ішкендей тыжырынып, аузын басты. Қалмұрат ішейін

десе жүрексініп, ішпейін десе көзі қимай, темір күрешкені аузына бір апарып, бір қайтарды. Содан кейін аспанға көзін сұзіп, құдайға жалбарына бастап еді, Ізбасар оны төбеден қойып қалды. Қалмұрат енді болмаса қолындағысын біреу тартып алатындей, апыл-ғұпты сіміріп салып, таң қалғандай көзін бақшитты. Бұрын мұндаиды ұрттап көрмеген балаң жігітке бірдеңе болды ма деп, Пірәлі мен Ізбасар оған тамақ ала жүгіріп еді, Қалмұрат тамсанып аузын малжан-малжың еткізді:

— Су құйғансындар ма? Түк дәмі жоқ қой.

— Өй, бадырак! — деп сылқ-сылқ күлді Пірәлі. — Міне, азамат! Тіпті шіміркенбейді де, болашақтың балалары осындаі болса керек.

* * *

Қалмұрат қос тостаған сорпаны төгіп-шашып бұлардың алдына шаққа жеткізіп берді. Әлгіндегі жалаң-жұлаң еткен Қалмұрат жоқ, буындары босап, кенеуі кетіп қалыпты соның арасынша. Екі беттің ұшы қып-қызыл. Көзі қылиланып, ерні солпиып, жағын жинай алмай езуінен сілекейі шұбырып кетіп отыр. Пірәлі мен Ізбасар құлқісін мұрттарына жасырып, миықтарынан ғана майысты. Ізбасардың қой дегеніне құлақ аспай, саусақты шошайтып алып, «Пірәлі аға, сізге бір сауалым бар?» — деп, тақымдап қояр емес Қалмұрат.

— Жарайды, айтсын енді, — деді Пірәлі. — Сұрай ғой.

— Өкпелемейсіз бе?

— Түшкірмей жатып, жәрекімалла демейін.

— Өкпелемейсіз ғой?

— Ал өкпелемеймін.

— Ендеше, сіз кімсіз осы?

— Эй, жетті енді, саған! — деп аларды Ізбасар.

— Оқасы жоқ. Сұрағаны жөн, өте-мөте.

— Кімсіз? Айтыңыз, — деп Қалмұрат Пірәліге одан бетер ентелей түсті.

— Ойбай, айтайын, айтайын. Мен бе?... Мен өзің сияқты құдайдың жаратқан пендесімін.

— Ә, ендеше, құрыған адамсыз, — деді Қалмұрат қолын сілтеп. — Болашағыңыз жоқ. Бәрібір қоймаймыз, тұқымыңды тұздай құртамыз.

— Мені құртатын қай мықты?

— Біз, мына біз, — деді ол Ізбасар екеуін ишарап. —

Иә, төңкерісшлермен бірге боласың, иә құрисың, ал қарсыласқанды қоғадай жапырамыз. Қазірден ескертіп қояйын, кейін айтпады деп жүрменіз.

Ізбасар күліп жіберді. Қалмұрат «Сіз кімсіз?» деп сөз бастағанда, Пірәлінің өткен-кеткенін теріп, жаралы көңіліне жаракат сала ма деп зәре-құты қашып еді. Бақса, Пірәліні өзінше төңкеріс жағына үгіттеп отырған сиқы екен. Үгітінің түрі осы болса, жарытады екен бұл патшағар. Ізбасардың көңілге қауіп алып, сезіктенуі бекер еді: кейінгі жастар Пірәлінің кім екенін, оның қайғылы хикаясын білмейтін. Жалғыз сері туралы гәй-гәйдің бұл бір бәсендерген тузы-туғын.

— Айтарыңды айтып болдың ба? — деді Ізбасар.

— Ал айтып болым. Қайтейін деп едіңіз?

— Ендеше, қазір жат та үйықта!

Аузының сілекейін жинай алмай қалғып-шұлғып отырған Қалмұрат артық сөзге келмей, дастарқанның шетіне қисая кетті.

— Араққа жоқ екен, бишара бала, асыраса адам болар, — деді ол туралы Пірәлі.

— Өзіңіз тіпті шіміркенбейсіз ғой, — деді Ізбасар нағашысын қағытып.

— Жиені жаманның нағашысы оңған ба?

Бір-бірін шымшылап қағытқан екеуі мәз болып шиша түбінде қалғанды тең бөліп, алып тастады. Ол бір қазақ арасында арақтың жаңа тарат жатқан таңсық кезі еді. Біреулері жастықтың буымен жаңалық деп, екіншілері емге деп, енді біреулері құр дәм болсын әуестік үшін ауыз үйрете бастаған. Жартығасыр өтпей жатып қазақ даласы осы арақты бастап таратқан орыстың өзін қанжығаға байлаپ кететініне ол уақытта айтса ешкім сенбес те еді.

Қабағы тұксиіп, ашуын езуіне жиған Көкшулан созаландап келіп иесінің алдына жатты. Пірәлі табак түбіндегі еттің жұмсағын теріп алып, паршалап турал иттің алдына тастады.

— Ау, бұл не сый-құрмет?

— Қатқанның сыйы деймісің? — деді Пірәлі. — Аузында ақ тіс жоқ. Қартайды байғұс. Құлағы да шала естиді.

— «Ер арыса аруақ, ат арыса тулак» деген осы. Баяғы аңызға айналған Көкшулан деп адам айтар емес қой.

— Э-ә, — деп мырс етті Пірәлі. — Ол Көкшулан бұл емес. Ол шіркін иттің емес, қасқырдың сырттаны еді ғой. Қоспасыз таза көкжал болатын. Соның тұқымы демесен, мұның будан. Қасқыр мен құмай шата. Бір адамның акы-

лындаң ақылы бар еді, қазір қартайып күйі қайтты байғустың...

Пірәлі қызыл иекпен малжаңдаған көк төбеттің маңдайынан сипады.

— Көкшулан не болды? Өлді ме? — деп сұрады Ізбасар.

Пірәлі басын шайқады.

— Жоқ, өлген жоқ. Адам болсын, макұлық болсын, қанына тартпай қоймайды екен, үйіне қашып кетті. Сырттан деп соны айтса болар еді, шіркін. Шөкейі аттың топайындай. Төрт аяқтыда бетіне жан қаратпайтын. Кейін бір-жар рет көрдім. Таныды. Бірақ келмеді. Жанында қаншардай қатқан қара ёзу қаншығы бар, серігін қимады білем.

Иттің әңгімесі осымен тәмам болып, екеуі келісіп алғандай бір-біріне қарасты. Ізбасардың жанары көңіл аусарын айтпай жария қып тұр еді. Пірәлі саптама етігінің көлдей қонышына қолын сұғып жіберіп, төрт бүктеулі тілдей қағазды алып берді. Ізбасар айналасын ұмытып, есіл-дерті қағазға ауды. Бір жүгіртіп шығып, қайта оқыды. Ахтан мұның хатын алғанын, түсінгенін, кешікпей абылап амалдауға кірісетінін айтыпты. Қиямет-қайыммен есебін келтіріп Қажығалиды ажал аузынан жырып алғанын, оған қалада қалуға жағдай болмағаннан еліне қайтарып жібергенін, енді Үйшік басында жападан-жалғыз екенін жырғапты. Астраханды сағынғанын жазыпты. «Буынып-түйініп, елге қарай әне-міне өкшем көтерілгелі отырғанда, мына хабарың маған жайсыз тиді. Бірақ амал қанша, басқа түссе — баспақша деген. Біз көрмеген құқай бар ма, бұл да соның бірі де, ағайындар өтінсе, аянбаспыш. Ендігі жалғыз тірегім, серігім де, сенерім де өзіңсің. Менің қолым қыска, хабар өзіңнен болсын», — деп бітіріпті.

Әрі жұмбақ, әрі қандай ап-айқын хат. Ахтан бір парак қағазға арманың, мұның, сенімі мен үмітін түгел сыйызыпты. Сабаздың өзі қайт жоқ, айтқан жеріне шегедей қағылатын, бір сөзді нағыз еркөніл жігіт қой. Осындағы азаматтармен үзенгілес болсаң, тауқыметті мына өмірдің өзі түк қындығы жоқтай женілденіп сала береді емес пе?

— Ау, өзің ес-түстен айрылыпсың ғой, — деп мырс етті Пірәлі.

Ізбасар шапшаң бұрылып, текеметтің үстінде шынтақтап жатқан нағашысының иығынан қапсыра құшақтай алды.

— Раҳмет, нағашы. Бір кәдеге жарадың. Жақсылығыңды ұмытпаспыш. Рақмет.— Содан кейін тағы да қарсы

алдындағы ит мұрны өтпес қалың қамысқа көз тігіп, иегі шошайып сойланып қалды. Ол нағашысының Үйшікке қатынап, хат алып келгенде нені үққанын білмейді. Өткенде ештеңе ашып айтпаған: алдында көп қарыздар майдандас серігін іздеген адам іспеттенгең. Хатты да нағашысы түсіне қоймайтындағы астарлап жазған. Ахтан да астарлап қана жауап қайтарыпты. Нағашысы бұл хатты ашып оқыды ма, оқыса түсінді ме, түсініп құптады ма, болмаса аяғын тартып іш жиып қалды ма, әлде табиғатынан зерек адам бәрін айтпай-ақ біліп жатыр ма — Ізбасарға қараңғы. Дегенмен, ол нағашысы тақымдап сұрап жатпаса ештеңе ашып айтпай, күлбілтелеп жүре беруге бекінді.

* * *

Келген шаруасы тынғанмен, Ізбасар жол шықпай Пірәлінің қасында түнеді. Екеуі қамыс төсектің үстінде жұлдызы сиреген күзгі аспанның астында аунақшып-дөңбекшіп жатып сыр шертісті. Жалғыздықтың зары өтіп, ішқұста болған Пірәлі жиенінің ықыласты көңілін таныған соң, қаптың аузын шешіп, тоқтаусыз актарылды. Бақса, Ізбасардың білмейтіні көп екен: байғустың бүкіл өмірі ашы запыран, тұла бойы тұнған шер мен мұң екен. Аһ ұрғанда аузынан жалын атады. Айшолпанның дерті жанына тас қашаумен таңба басқаннан бір кем емес. Айналып келіп, жүрегі қақ айрылып, уәделеп соны аузына ала береді. Бейшара әйел ажалынан бұрын өліпті, оқымысты дәу қараның таяғының қорлығына шыдай алмай жастай үзілген. Моласы мал аяғы астында елеусіз қалған екен, Пірәлі жиған-тергенін беріп, басын қарайтыпты. Оған көңілі көншімейтінін мола жаңарту ырымға шетін болғанмен, тубінде жер басып жүрсе, көктастан күмбез соғатын ойы барын айтты. Айшолпан әйелдің әулиесі еді ғой деп қояды сөз арасында. Соның басын әулие орынға айналдыру ниеті барын аңғартты. Айшолпаннан жалғыз ұл қалған екен, ел іште келгенін меңзеп, арда бала атайтын үқсайды. Қазір онды толтырып, ат жалын тартып мініп, кәдімгідей кекілі желбіреген азамат болып қалыпты. Үй ішінің ықпалы ма, әлде нағашы жұрттың тәрбиесі ме — мұны қанды құн арқалаған ата жауысанайтын көрінеді, тубінде ізден тауып өлтірем, өлтірмей қойман деп төбесіне құран көтеріп ант ішкенге үқсайды. Адам баласының жауыздығында шек бар ма, бейқунә баланы бесіктен белі шықпай жатып, қалай-қалай ауыздандырағаң десеңізші, о тоба! Жанына шөгірдей бататыны сол екен.

Сыртынан көріпті, баласы аузынан түскендей, өзін белқасты сойып қаптап қойғандай. Көздері қазірден-ақ шамдай парлап жанып тұр. Көзінде оты бар адам тегін болмайды, әйтеуір түбінде бір киырдан шығады. «Қалың жаудан қайтпаған жүрегім содан тайсалды, мына баладан шықса шығар», — деп, өмірінде алғаш рет арқасы мұздағанын мұнқып шағынды.

— Қазақты өлтіретін өлім емес, сөз ғой. Сөзі батады да, — деді Пірәлі күрсініп. — Өлтірем деп қазір жетіп келсе, мен қарсы болып қоюмды көтермес те едім.

— Эр нәрсе қарына тартпай тұрмайды демеп пе едіңіз. Қарына тартар да түбінде.

— Қарына тарту үшін қанын білу керек те. Иіскең білестін сезімтал тағы емес, сезімге топас адам емес, пе?! Құлағына салып, айтып түсіндіретін жанашыр қайда?!

Ізбасар әке мен бала арасындағы осындай келіспес жаулықты бұрын да бір рет естіген сияқты еді. Апыр-ау, кімнен естіді? Айтқандай, Митрофаныч екен ғой жылап отырып жырғаған. О, тоба! Егіздің сынарындағы қандай үқсас тағдырлар. Тірлігі де, тұрмысы да, әдет-ғұрыш, тіпті өмір жайлы, әдел жайлы түсінік-ұғымы бір-бірінен алшақ — бір орыс, бір қазақтың тағдырлары қандай бір қалыптан шыққандай айнымаған үқсас еді. Жалпы, жер бетіндегі адам тағдыры сәл-пәл өзгешелікпен бір-бірін кайталап жататын болғаны ма? Ізбасар нағашысының қайғысын қалыннатпаса, сейілтпейтін бұл жайды аузынан шығармады. Сөйтіп жатқанда көңілді әр сақта қашырған тағы бір әңгіме шаң берді: нағашысы адам атаулыдан түңілгендей, хайуанды ылғи адамнан ілгері қойып сөйлеп отырды. Оны жапан кезген жалғыздықтың салдары ғой деп мән бермеген, Пірәлінің бір сөзі көңілін елең еткізді.

— Ай, адам баласы азды ғой. Ойлайтыны қараулық. Жақсылығынан жамандығы басым түсіп барады. Бала әке-ге жақсылық іstemей отырғанда, сен бір халық екінші халықты бақытты етеді дейсің. Ай, соған шубәм бар, өтемете...

О, тоба, не деген ауызға түкіргендай айна-қатесіз қайталау — Ізбасардың таң қалмасқа лажы болмады. Баяғыда Астраханда «Мирный» теңізшілерінің алдында сөз сөйлеген комиссар Лариса Райснердің: «Ұзак жылдар ак патшаның езгісін, қанауын, оның чиновниктерінің сатқындығын, аярлығын, ебін тауып қорлаудан басқа көздеген мақсаты жоғын үққан нацмендер әлгілердің үлтү орыс болғандықтан орыска деген сенімсіздікті күшейтті. Орыс

десе — шет аймак жұртшылығы кім екенің қарамай, езуші деп қана үғатын болды. Орыс халқы ак патшаның езгіге жаралған басшылығының әрқасында Ресейдің аз халықтарының алдында осындай атаққа ие болды. Төңкерісшіл орыс халқы өздерінің ондайларға үш қайнаса сорпасы қосылмайтынын іс жүзінде дәлелдеуі керек. Ал нацмен арасында біз «сары орыстың бәрі орыс» емесін түсіндіруге тиіспіз» дегені бар еді. Апрай, көрмей-білмей қайдан дәл тауып айтқан десеңші, қой, көзі ашықта дауа бар ма? Нағашысы сол сөзді бұлжытпай қайталап отырғаны мынау. Ізбасар осы бағытта біршама әңгіменің басын шалып көріп еді, Пірәлі қолын сілтеді:

— Эй, қой! Жөптей берме. Ертең ак патшаны жеңіп, таққа отырып алған соң көрерсің көресіні. Баяғы Әбілхайыр заманында ит терісіне жазылған антты жұтқан орыс енді түзеле қойды деймісің. Айтқаңым келмесе көр де түр.

Айтпайтын, айтты бітті қайтпайтын, бірұрт нағашысының мінезін білетін Ізбасар болмасқа таласып арам тер болған жоқ. Одан аралары шалқайып, алшактамаса, әсте жуыспайтын. Нағашысы өз дегені болмаса, кісі дегенімен журмейтін, еменнің қисық бұтағындағы қыңыр жаратқан-ды. Дегенмен, көз қырынан шығармай, заманың ойқышүйқы жолының құлама құз, оппаларынан қанатымен қағып отырса, «көш жүре түзелер» деген үмітпен түн ортасы ауа үйиқтап кетті.

Ертеңіне Пірәлі оларды қамыс арасымен орта жолға дейін шығарып салып, қосына оралды.

* * *

Шоқал-шоқалдың арасымен жыландаған жылыстап Ақ көсеге жақындай бергенде атжал шәліктің ығындағы бұлардың моторлары анадайdan көзге шалынды. Айнала аламантопыр боп, ұрлық-қарлық дендегенмен, кейде көзінді ала беріп, бөксене басып отырғанды жымқырып, жер соқтырып кетіп жатқанмен, бұл маң әзірше көлік қуып кету дертінен аман еді. Өздерінің теңізшілері тимейтін, ал сырттан келуші қашқын-пысқын ілуде біреу болмаса, көсенің түгіндей сирек. Оның үстінен көздері қызыққанмен, мотордың тілін тауып, бас білдіре қоятындағы адам да некен-саяқ. Әншнейінде көрінгенге қол шошайтып, көбелектей ұшып-қонатын, не болса соны жыргап аузы тыным таппайтын. Қалмұрат бүгін жынынан айрылған бақсыдай. Басын көтере алар емес: ыңырсып, локсып, сұғып шашыған

шекесінен қолы кетпей, екі дүние мұң болып отыр. Кешегі женсік астан ұшынды ма, әйтеуір оңбай қалды.

— Э, бәлем, өзіне сол керек. Енді ішемісің? — деді Ізбасар құліп.

— Құрып қалсын, құрып қалғыр! — Қалмұрат қолын сілкілеп, азар да безер болды. — Аузыма татып алсам, итк болайын енді. Арам нәрсе екен. Оны ішкенше зәрді ішейін.

— Өзің тез айнығыш екенсің. Ертең басыңа таяқ тисе төңкерістен де тайып шыға келесің бе сонда?

— Төңкеріс — арак емес қой.

— Е, бәрекелді! Міне, мұның дұрыс. Асыраса түбінде мал болатын ұтқын бар.

Карқ-қарқ құлген Ізбасар аяқ астынан түкірігіне шашалып қалғандай болды да, көзі айналып тәлтіректеп кетті: қолындағы таяуы сусып суға шолт етті. Осы кез мылтық даусы гұрс етіп, құлақты жарып жіберді. Қалмұрат «аға тайлап» Ізбасарға ұмтылғанда, мылтық екінші рет атылды Қалмұрат бұқты ма, бұқпады ма білмейді, әйтеуір теректей теңселіп құлап бара жатқан Ізбасарға жетіп үлгеріп құшақтай алғанда, астарындағы қалтылдақ қайық бұлтаң етіп аунап кетті де, бұлар суға күмп берді. Құлап бара жатып Қалмұрат тағы да шаңқ еткен мылтық үнін естіді. Үсті-үстіне атып жатыр ма, жоқ әлде бір дауыс қайталанып жаңғырығып жатыр ма — анығын ажырата алмады. Әйтеуір аяғының бір жері, балтыры ма, саны ма, тұз құйғандай тызылдан жөнелді. Оған мән берген бұл жоқ. Су астынан Ізбасарды құшақтап көтеріп ала шықты.

— Аға! Изага! Не болды сізге, ойбай!

Ізбасар тіл-ауынан айрылған, денесінде жан жоқ сияқты. Мойны былқ-сылқ етіп, зілдей басын судан көтере алар емес. Қалмұрат не екенін анық білмегенмен, бір сұмдыққа тап болғанын сезіп, қайыққа қарай ұмтылып еді, қайықтары аяғы аспаннан келіп төңкеріліп жатыр. «Суға кеткен тал қармайды» — басқа лаж болмаған соң, қайыққа жармасты. Ізбасарды төңкөрілген қайыққа шығара бергенде, алдарындағы шоқалдан қару ұстаған екі адам көрінді. Астарында діңгегін құлатып, желкенін жыққан ұры қодыран қайық. Қалмұрат шашын жұлып айқай салды:

— Эй, оңбағандар! Бұларың не? Көздеріңе не көрінді! Кімсіндер?

Жауап орнына тұмсықтағы адам мұның өзіне мылтық кезегенде, Қалмұраттың тілі таңдайына жабысып, жаңағана тайғанақтап әзер өрмелеп шыққан қайықтың тасасына сырғып суси берді. Көзі жыланның көзіндей әйнектеніп,

тоқтап қалды. Ол мұны жазатайым жаманатқа жорыған. Құсатам деп шоқал бүқпалап жүріп, кісі атып алушылар болатын, сондай бір тосын көлденеңге сайған. Жоқ, мыналар ондайға ұқсамайды, әліптері бөтен. Масқара болдық деп шаштарын жұлып зарлап, жаздық-жаңылдық деп аяқта жығылып кешірім сұраудың орнына қаруларын кезеңіп төніп келеді. Әлде кешірім сұрағанмен, түзелмес ағаттық жібергендеріне көздері жетіп, арттарында айғақ қалдырмай, іздерін су шайғандай жым-жылас қылмақ па? Не болса да бұрын-соңды көріп-білмеген, түстері жат, өндери сұық бөтен жандар. Ниеттері де әлен-пәлен дейтіндей емес, тайға таңба басқандай: көздел, дәлдеп гүмпітіп атып келеді. Бұлар бас сауға қып жатқан қайықтың тұп тақтайның жұлығы жалбырап жұлым-жұлымы шықты. Қалмұрат қапелінде не ойлад, не қоярын білмеді, бас сауға соқыр түйсіктің итеруімен өлі-тірісі белгісіз, былқ-сылқ еткен Ізбасарды құшақтай алыш, іргеде қарауытқан шеткегі шәлікке қарай жаң-дәрмен жылыштай берген. Әйтеуір су тайыз, бар-жоғы кеудеден. Ізбасардың басын суға тигізбей көтеріп, артына жалтақ-жалтақ етіп, шылп еткен дыбыс шығармай аяғының ұшымен сзып берді. Қорыққаннан иек-иегіне тимей, тісі сақылдал, көзіне дейін қалтырап: «Е, алла, өзің сақтай гөр! А, Бекет!» — дей берді бар болғаны.

Бауыры аспанға қарап теңкиген қайық біраз жерге шейін әжептәуір көз қалқа еді, оның тасасынан шыққанда жылыштап бара жатқан мұны көрген қарақшылар үсті-үстіне жөпелдем мылтық атты. Оқ қарша борап, жаңбырша жауды. Ыссықорғасын баж-баж етіп, бірі алдынан, бірі артынан шоршып түсіп жатыр. Зәредей оқ зыңғырап, құлағын шертіп өткенде, ес-түсінен танған Қалмұрат су астына сұңғп кеткен, Ізбасар су жұтып шашалып қалды. Сумен бірге аузынан жылымшы қан ақты. Оның кеудесінде қыбырлаған жаны барын сондаған білді. Енді сұңгуге болмайтын: ол біресе онға, біресе солға бұлтарып, жандәрмен іргедегі шоқалға ұмтылды, бір құтқарса сол құтқаратын. Көрер жарығы бітпеген соң, ақыры шоқалға жетіп, уһ деп демін бір алып, артына қараған — қарақшылар қос таяумен мұның сонынан салыпты. Ентқін басып үлгермеген Қалмұрат Ізбасарды сүйрелей жөнеліп, келесі шәлікке зытты. Бетінен су ма, тер ме, әлде көз жасы ма шүмектеп, аласұрып жанұшырап жүр. Су бетінде шалқалаң көлбеп жатқан Ізбасардың салмағы шамалы. Әзірше күшке тиген жоқ, бірақ есі танып, шыбын жаны көзіне көрініп, құлап-сүрініп жүргендеге оның бет-аузын судан сақтай алмады.

Ізбасар байқаусызда су жұтып, жұтқан сайын шашалып, шашалған сайын лоқ-лоқ қан құсумен болды.

Сұмандаған ажал оғы жан-жағынан тажалдай зулайды. Шоқалдардың тасасына жалт бергендеге, балқыған қорғасын кигіздей қалың атшоңқайлардың басын оракпен оғандай тіліп-тіліп түсіреді. Жаңғырығып, бір оғың бірнешеу болып зыңғырайды. Дегенмен, киіздей қалың шоқалдардың кәдімгідей жан сауға екеніне көзі жеткен бала жігіт атшоңқайдан атшоңқайға жолбарысша ытырынады. Қолды-аяққа тұрмай, бір орнынан бір орынға атылғанда, қимылына көз ілеспейді. Бұкіл болмысы көз бен құлакқа айналғандай. Ізбасарды мысықша тістелеп, қуғыншыларға жеткізбей келеді. Қуғыншылар да ізінен екі елі қалар емес, қылт етсе болды-ақ — гүмп-гүмп атады.

Бір кезде шәлік айнала бергенде, қалтылдақ қайығын асыға таяп, көзі алақтаң ұшып келе жатқан Пірәліні көріп, Қалмұрат анадайдан дауыс салып еңіреп қоя берді.

— Ойбай, өлтірді! Құтқара гөр, ағатай! Бол, ойбай!

Пірәлі мылтығын қуғыншыларға қаратып екі-үш дүркін оқ атты да, жетіп келіп Ізбасарды құшақтай алды.

— Ізбасаржан! Саған не болған? Есінді жиши, қарғым.— Пірәлі даусы қалтырап, қанша жұлқылағанымен, Ізбасардан тірлік нышаны білінбеді: басы қисайып, аяққолы салбырап, денесі толқынға шайылып жатыр.— Жаралған ба? Қай жерінен жараланды?— деп сұрады Пірәлі Қалмұраттан.

Қалмұрат кіндіктен келген лай суда мандай тери жаңбырдай тамшылап, демін дұрыстап ала алмай, ёнтігіп тұрған.

— Қарауға мұршам болған жоқ, аға.

— Тал түсте жол торыған бұл неғылған албастылар?

— Білмедім, аға.

— Танымадың ба?

— Жоқ. Бөтен жандар, мен көрген адамдар емес.

— Су жұтқан жоқ па?— деді Пірәлі Ізбасардың киімінің түймелерін ағытып жатып,

— Жұттырмауға тырыстым.

Пірәлі ақтарып жүріп, Ізбасардың кеудесінің жоғарғы жағынан түйме орнындағы тесікті көріп, көзін жұма қойды. Су шайған жараның аузы ақ жемденіп, сүйқыл қан жылымшыланып тұр екен. Қалмұрат жаны шырқырап бақырып жіберді.

— Ой, онбаған, жауыздар! Қап, бәлем! Сендерді ме!

Қалмұрат Пірәлінің иығынан бесатарды жұлып алып,

беттерін кері бұрған қаракшылардың соңынан тізеден суға бір құлап, бір тұрып жаяу салды. Пірәлі оны тоқтатқан жоқ. Ізбасарды қайық үстіне шығарып, жайғастырып жатқызып, жүрөгін тындалап, білегін ұстап көріп еді, тамырының өлеусіреген болмашы қыбырынан кеудесінде шыбын жаңы барын анғарды. Жараны таңып, басын еңкейтіп сәл-пәл құстырып алыш, қайта жатқызды. Әлі күнге дейін тамырының соғып жатқаны — жүректің амандағы, оқ жүрек тұсты жанап өткен, шамасы. Оқтың кірген ізі бар да, шыққан ізі жоқ. Қорғасын іштеп қалған — жаманы сол еді. Пірәлі енді не істеу керегін самайы солқылдан аласура ойлады. Дүғамен оқ тусіретін кемпір алышта — Нарын құмының бір жықпышында, арбамең солқылдатып оған жеткізу қияметтің қайымы. Оның үстіне Ізбасар алыш жүруге жарайтын емес, ал емшіні шақыртып алыш келуге ол байғустың өзі қаусап отырған аруақ. Қауқары қайтты ма — соңғы кезде емінің бірі қонса, бірі қонбайды дегенді естиді. Ал басқа дуана-құшнаштарға Пірәлінің көңілі тоқтамады. Ізбасарға қазір бір қол үшін берсе — адам соятын орыс дәрігері ғана. Жамбайда болмаса, жуық манда дәрігер атаулының иісі жоқ.

Теніз жақта тарс-тұрс көбейіп кеткен соң, қазіргі жаңындағы арқа сүйер жалғыз қарасын Қалмұрат жазым бола ма деп, Пірәлі қайықты ілгері баstryрды. Қалмұрат әлгілердің соңынан қалмай тірсектеп атысып жүр екен. Пірәліні көрген соң қарақшылар желкенді көтеріп алыш, енді арттарына аландамай, көк тәңізге қарай қайқайып тартып берді. Қалмұрат ойбайлап су сабалады.

— Қап, мына атана нәлдеттер құтылып кететін болды ау. Бол! Тезірек, таясаншы! — Қалмұрат шыдамы жетпей, кіндіктен келген суда құлап тұрып, Пірәліге қарсы жүгірді. — Бол! Ойбай! Моторға! Моторға!

— Онда не бар?

— Не бары несі, ойбай! Колдан шығарып жіберіп, қарап тұрамыз ба? Куамыз, о несі-ай!

— Енді жеткізе қбымас.

— Жетеміз! Қазір-ақ қуып жетіп, әкелерін танытамыз. Талтүсте адам аулау дегеннің не екенін көрсетейін ол нәлдеттерге!

Салып ұрып Ақкөсеге жетіп, моторға қабырғаласа бергенде-ақ мысықша қарғып, машина бөліміне лып берген Қалмұраттың іле-шала жер тепкілеген ойбайы естілді.

— Ойбай, ойбай-ай! Мыналардың қылғаны-ай! Ергізде екі болмағырлар, енді не істедік?!

— Не болды?

— Машинаны күл-талқан қылыпты. Қап! Мына атаңа нәлеттердің қорлығы өтті-ау. Құтылып кететін болды. Енді қайттік?

— Оны коя түр. Алдымен ағаңың жағдайын ойла,— деді Пірәлі.— Кететін адам кетті. Ағаңың жаңын алып қалсақ, кек алғандай болармыз.

Балалық-ай десенші, есіл-дерті қарақшылардан кек алу болып, Ізбасар ағасының жағдайы есіне кіріп-шықпапты. Көпті көрген жырынды Пірәлі дұрыс айтады: Ізбасардың шыбын жаңын сақтап қалса, кек алғаның үлкені сол. Бірақ ақылы пышыраған балаң жігіт не істеу керегін білмеді.

— «Тас тұскен жеріне ауыр» деген бар. Не болса да, әке-шешесінің қолына жеткізейік. Мұсылманшылық жолы сол,— деп үлкендік айтты Пірәлі.

* * *

Кішкентай қос тақтай кәлөс қайыққа төрт бұрыш қалмақ желкенді тігіп алып, өткенде ғана аңғары тázаланған. Ақкөсе қылтасынан айналып өтіп, ауылға салды. Ауыл Қараколтықтың құрылымынан шектескен жиегінде. Арас-аралдарда шошайып отырған шағын ауылдар. Ал Қараколтығың болса, бұрындар ұлы теңізben жалғасқан балық-шабағы мол үлкен жам, кейіндер теңіз қашқан соң бір ұрпақтың көз алдында пайда болған о шеті мен бұшетіне көз жеткізсіз жалпак су. Осы судан балық аулағандарды «іш кәсібіндегілер» деп, көк теңізді шарлаған балықшы өзін дағарадай ғып теңізшіміз десе, бұларды кемсітіп «өзекші, қайықшы» деп атайды. Қартайған теңізшілердің тышқаншылаған тірлігі. Көзден нұр, буыннан әл тайған соң, бұрынғыдай толқыны тулаған, ақкөбіқ көк теңізге шыға алмай, өмір бойы жыбырлаپ қалған қолды жеңге қусырып және қарап отыра алмай, ауыл маңындағы шоқал-шоқпыттың арасынан тімсініп азық айыратын. Ізбасардың әке-шешесі осы іш кәсібінде. Бірақ басқалардан бір айырмашылығы момын шал өмірінде ұлы теңізге аяқ аттап баспаған, құрылымыпен қатынасын үзбеген, бір жағынан—теңізден напақасын айырса, бір жағынан екі-үш қарасының желініне қараған шаруажай адам еді. Бұлар ешқайда бұрылып соқпай, ешкімнен жөн сұрамай жағалаудағы ауылға тартты. Орта жолға келгенде Ізбасар қинада бастады.

Әуелі көзін ашып, не болғанын сұрап білген-ді, содан кейін шөлдеп барам деп, су сұрап ішті. Пірәлі мен Қалмұрат

ажарланып, көздері жылтырап қалған. Ол қуаныштаръ үзакқа бармады. Ізбасар аяқ астынан ыңқылды көбейтіп жіберді. Сандырақпен басталған жанталастың арт жағы аласұрган айғайға айналып, Ізбасар бетінен қара тер моншақтап, бір иіліп, бір бүгілді. Демі үзіліп кетіп, екі дүниенің арасында барып-келіп жатты.

Пірәлі мен Қалмұраттың зәресі қалмай, шыбын жандары көздеріне көрінді. Жолда өлтіріп алып, үйге үш буып қіргізіп қарабет боламыз ба деп қорықты. Кеудесінде жаны барда әке-шешесінің қолына тапсырсақ дегеннен басқа үміт қалмады енді. Ауыз ашып айтпағанмен, жүректері суынып, одан күдер үзе бастаған: Ізбасарда үйірге қосылар адамның сұры жоқ-ты. Ол аласұрып Қалмұратқа әл бермей, қайта-қайта орнынан тұрып кете берген соң, қайықтың құйрығын серігіне тапсырып, Ізбасардың жанына Пірәлінің өзі жайғасқан. Білгенін оқып, жиені талықсып кеткенде үшкіріп дем салып отырды. О, ғажап! Мынаны қараңыз: Ізбасар әке-шешесін аузына алмай, Гүлбаршынның атын атап, жаны қысылғанда соны жоқтап, соны дауыстап шақырумен болды. О, құдіреті құшті құдая, алла шебер демесінде не шара. Біреу оны қабырғасы, қайысып, тоғыз ай, тоғыз күн көтеріп жарық дүниеге әкеледі, барын аузына ұстап, мәпелеп өсіреді, өзін ұмытып, бар тілеуі соның үстінде болады, бірге жылап, бірге күліп, бірге тыныстайды. Ал сол-бала болса, жаны қыл үстінде жатып, ант мәзгілі сокқанда әлпештеген ата-анасын емес, басқа біреудің атын атап өледі. Бұл не? Өмірдің келеге келмейтін мағынасыздығы ма, әлде ит тірлік дегеннің адам тусініп болмайтын жазылмаған заңы ма? Пірәлі өзінен бұрынғылар да, өзі де, өзінен кейінгілер де басын қанша қатырғанмен, шешімін таба алмаған жартастай жауабы жоқ мәңгі мылқау бой ойлап, қарайып отырды.

Ізбасар бірдеме деп ерні қыбырлап еді, Пірәлі үға алмай ананы да, мынаны да егжайлеп сұрап, әлекке тұсті. Ізбасар сөйлегісі келгенмен, сөйлей алмай, тілінің үшіндағыны айту үшін бүкіл құш-қуатын жиып, қиналып жатқан сыңайы бар-ды.

— Немене? Не дейсің, Ізбасаржан,— деп Пірәлі үшып-қонды.— Су сұраймысың? Не тілегің бар? Айтсаңшы?

— Ңағашы,— деді Ізбасар ақыры ерні азар икемге келіп.— Басымды көтөрші...

Пірәлінің тұла бойы мұп-мұздай болып, көзінен жас, мәндайынан тер бүрк етті. Ол көріп-білгенше: үзілер адамда осындаи «бой жазу» деген болатын. Сол қаралы сэт хабар

мен жиенін қаттырақ құшактап, оның басын көтерді.

— Көзіңді ашшы, Ізбасаржан.

Ізбасар көзін аша алмады.

— Қайда... келе жатырмыз... нағашы?...

— Ўйге, ауылға.

— М-м...—деді де, Ізбасар мойны былқылдаң, басын сылқ еткізіп құлатып алды.

Пірәлінің жүргегі шым'ете қалды да, көзінен ыстық жасып кетті. Жанына кеп тізерлей отырған Қалмұратқа қарай алмай, солқылдағанда көз жасы Ізбасардың жаракаткеудесіне тырс-тырс тамды. «Ағаннан айрылдық, қосшы бала. Бекем бол» дегенге құрмелген тілі азар келді. Қалмұрат Ізбасардың кеудесіне бетін басып бұктусіп жата кетті. «Ағатайым, ағатайым-ай» деп дауыс салып жатыр. Бұл елде өлімге айғайлап дауыс салу әдеті жоқ-ты. Қабырғаң сөгіліп, жаның шықса да, тұншығып, үнсіз ғана егілесің. Ағыл-тегіл жылаумен оны қайтара алмайтындарына көздері жетіп, Пірәлі енді мұсылманшылықтың жорасын жасап, білгенімше иманын шығарам ба деп отырғанда, Ізбасар құркілдеп жөтеліп жіберді. Шошып кеткен Пірәлі оның білегіне жармасып еді, тамыры баяғысынша әлі лыпылдалап тұр. Апрай, құдай ұрып, қарабет бола жаздағанын қарашы. Ізбасар әлсіз ғана талпынып, бірдеме айтатұғын сыңайтанытты. Пірәлі мен Қалмұрат оның аузына үңілді. Ізбасар «Шаланға... Гүлбаршынға» дегенді үзіп-үзіп щаққа айтып, тағы да сұлқ қалды.

Пірәлі енді оның тамырынан қолын айырмады. Кірпік қақпаған Қалмұраттың көзі атыздай.

— Не, не? Типи ме?

— Сабыр ет, қалқам.— Пірәлі қолының астындағы лыптылдаған тамырға сенбекендей, Ізбасардың бетіне үңіліп, тынысын бақылады.— Ұйықтап кетті білем. Тамыры жаман емес.

— Pac na?

Қалмұрат жасаураған көзін женімен бір сипап жіберіп, көлденендең лағып бара жатқан қайықтың өреліне жармас-ты.

— Ағаңың не дегенін естідің бе? — деп мошқады Пірәлі.

— Естідім.

— Не істейміз?

— Орындауға болмайтын шығар.

— Ендеңе, қайығыңың маңдайын кері бүр.

Е\18.09.2013 15:45:29 page 1

Калмурат екіншінде жайтырған жок, көзді ашып-жұмғанша қайықты шыр айналдырып, өздерінің келген ізіне қайта салды. Ол ә дегеннен-ақ шаланды айтып, Гүлбарышын жеңгейге жеткізейік деген-ді, бірақ бұра тартқан Пірәлі болатын, ақыры мұның айтқаны келді де қойды. Тек бір нәрсе ғана көңілге күпті еді:

— Мына шайтан қайықпен шаланға қалай жетеміз, қайық ауыстырғанымыз дұрыс болар еді,— деді.

— Оның ағаттығы жоқ. Табылса, ауыстырғанға не жетсін.

— Қайығыңыз бар емес пе...

— Бар ғой. Ит жегір алыста қалды емес пе?— деп Пірәлі күн астына қолын сілтеді.— Айналыстау болып тұр. Уақыт өткізіп аламыз ба деп қорқамын.

— Жарайды, Ақкөсеге дейін біреу кездеспес деймісің, аударып аламыз,— деп түйді жолдан бөгелгісі келмеген Калмурат та.

Астарындағы қос тақтай кәлес шоқаң арасының ықтасыны, қамыс арасының қаға беріс қалтарыстарына болмаса, үлкен суға жарамайтын. Жел тұрып, толқын жүйткісе, ашық тенізді айтасыз, осы Караколтықтың жайылмасының өзінен қарға адым жерге мұн болары анық. Ұлы тенізге кеме, болмаса қодыран қайық, тіпті, амал таусылғанда бөлдерке қайықпен тәуекел қылуға болатын. Солардың бірі болмаса бірі кездесер деп ойлап еді, иттің боғы дәрі болса дәрияға демекші, әншнейінде құмырсқаның илеуіндегі қаракұрым болып қаптап жүретін балықшылардың қырсыққанда бірде-бірі көзге шалынып, қарсы жолықпағаны. Оларды не жер жүтқанын, айнала төңірек жылан жалағандай жым-жылас. Жалпақ айдын ұшарға қара көрінбей құлазып бос жатыр. Енді ғана естеріне түсті: өзекшелердің бір-жар түяқтарына шөп жинайтын кезі еді, шамасы барлығы қара суды тастап арал-аралдардың құрак, қоғажайын теріп тентіреп кеткені.

* * *

Күн бұлтқа батты. Жайықbastan anқылдаған жайсыз жел бар. Теніз усті сұық көк мұнарға шомып, жапырақтай қалтырап тұр. Жолаушылар Ақкөседегі мотор жанына келіп, ұшы-қиырсыз көк тенізге қалтылдақ қайықпен қойып кетуге жүректері даумай, кейін де қайта алмай, екі ойлы болып әжептәуір кідірді.

E:\18.09.13\edil+ledil0\ff page 198
— Қайттік? Не істедік, аға? — деп мазасы кеткен Қалмұрат сабырдан айрылды.

— Амал жоқ, көз қорқақ, қол батыр. Жүреміз, — деді Пірәлі негайбіл сапарға ішін бекіткендей бет-аузын қайта-қайта умаштап.

— Жел қатайса, қайттік?

— Жел қатайса, қын болады.

— Күн бұлтқа батты ғой, байқадыңыз ба?

— Содан жүрексініп тұрғаным. Эйтпесе мына желіге пысқырамыз ба.

Біраздан бері үйықтағандай сұлық жатқан Ізбасар қозғалақтап тағы да ыңқылды күшетті.

— Ал, неде болса, тәуекел. Екі өлім жоқ. Кәне, өрелді маған бер, — деп, Пірәлі қалтылдақтың өзіне сыры мәлім тізгінін қолына алды.

«Адам жеті күннен кейін көрге де үйренеді» демекші, Ізбасардың жанталасқан арсыл-гұрсіліне де көңілдері бастығып, көздері үйренді. Енді екі дүниенің арасында жатқан оның басына ғана емес, өздерінің де шыбын жаны шүберекке түйілді. Бас-аяққа екі құлаш қалтылдақ қайық толқын үстімен қолды-аяққа тұрмай безіп келеді. Қалмақ желкен қарнын желге толтырып, шіреніп алған. Көнторғай кәлес қайықта мамықтай салмақ жоқ, шайқалып, дөңбек-шіп мандайдан қаққан болмашы толқыннан тостағандай бұлтақтап, ұшып кете жаздайды, белқасты. Әзірше қалтылдақ майда толқындар. Көк теңізге ұзаған сайын толқындар да ұлғаяды. Ұһілеген үйдей толқындар көлденең көлбеп жатып алады. Әрқайсысының белінен асып түскен сайын шатқалға құлап тұрғандай, тәубен көзіңе көрініп алалап отырғаның. Қалтылдақ қайық болмашы толқыннан көбелектей жалп етіп, жантая кетуі де оп-оңай. Пірәлі Ізбасарды естен шығарып, барлық ынтасын алдағы жолға салды. Ай тумай кідіріп жатыр. Теңіз үсті ұры жортар бейуақтай қаракеугім, түйенің өркешіндегі қылтылдаған қисапсыз көп толқын. Пірәлі оларды көріп жарытпай, түстеп танымай, соқыр түйсікпен ғана жобалап келеді. Теңізді шалшық құрлы көрмейтін небір беріш жүрек кемешілердің өзі алды-артына қарап абылап аттанатын негайбіл сапарға бұлар, амалдың жоғынан, көзді жұмып қойып кетті. Осылары қате болмаса не қылсын?! Жел қатайса-ақ болды; жо-ға, қатаймай қазіргіден сәл ширығып, толқын үдерсе болды — сайда саны, құмда ізі қалмай, су түбіне бақалшақ тेруге кетті дей бер. Иненің жасуындағы жалғыз медеу — алдарынан кемешілер кезігер деген үміт қана.

Е.1899годурады

Қалтылдақ қайық іңірде көшкен шайтандай бір көрініп, бір жоғалып, толқын-толқынның арасымен ұрлана жытады. Мандаға көк теңіздің өрі, шалқайған көк теңіздің кіндігін-дегі жұдырықтай түйілген қарашағыр бұлт. Көңіл есеп қара долбарша, шалан сол манда. Ілгері сұғынған сайын, толқын да білдіртпей ұлғая түсті. Бұлтандаған қалтылдақ шоқалаққа үрынғандай енді шошаңдап шоршып түсе бастады. Жел жақтан шашыранды тамшы борады.

— Тышқаншықтарды тазала,— деді Пірәлі.

Тышқаншық қайықтың бел ағаштарының арасындағы қол басындаған саңылау. Сол саңылаулар арқылы су құйрыққа жиылады да, түп тақтайларды тақырлап төгіп отыруға қолайлы.

Іргедегі қара бұлттың арасынан бұйығып ай туған кезде, бұлар астан-кестен сапырылысқан ак көбіктің ортасында тостағандай бұлтандағап келе жатыр еді. Ыңыранған алғын теніз, ыңырсыған толқындар. Аунақшып-дөңбекшіген бір әлемет. Пірәлі енді қайықты толқынға соқтырмай, сәл көлбетіңкіреп жіберіп жал-жалдың арасымен тұлкі жалтаққа салды. Бұл тенізші атаулының қай-қайсысына да сын, аса қын өнер. Толқын кенереден сығалап кетіп, сығалап кетіп отырды.

— Құдай бергенін қайтып алмаса, іншалла, аман-есен жетерміз,— деп қайраттанды Пірәлі.

— Эйтеуір жел қатаймаса екен.

— Жел бола қоймас, жел болатындаі себеп жоқ қой.

Қалмұрат арт жақтарында, ай астында тұнеріп, қарауытып жатқан шоғыр бұлтқа қауптene қарап отырған.

— Жел емес, жаңбыр ма дедім. Айдың жүзі бұлыңғыр емес, ашық қой. Жауын болатын шығар,— деп өзін де, серігін де жұбатты Пірәлі.

Шынында да, көп ұзамай іргеде жамбастап жатқан қа а бұлт аспан әлеміне селдіреп жайылып, жаңбыр сіркіреді. Бірауық алыстан наизағай ойнап, күн күркіреді Аспан әлемінде салдыр-гүлдір етіп арба доңғалап жүргендей. Не дегенмен бір жерлерде жауын селдетіп тұр, шамасы. Бұлар ілгері жылжыған сайын, күркір жақындаі түсті де, жауынның сыбдыры күшнейді. Енді бір кезде аспан опырылып, шарт-шұрт наизағай ойқастап, жай түскендей болды. Теңіз үсті алың-құлың құбыжық сәулеге толды.

— Ойбай, мынау Кемежұтқан ғой,— деп орнынан атып тұрды Қалмұрат.

— Қой, не дейді?

— Сол, соның өзі. Өлдік!

Қалтылдақ кәлес қапелімде шұғыл бұрыла алмай, желкені желбіреп, толқынға маңдай төсеп тоқтап қалды. Сөйткенше болған жоқ ыңыранған үйдей толқындар бірінен соң бірі көміп-көміп жіберді. Қайық іші тізеден суға толып, көлкіп кетті. Жалтарып қаша бергенде бекседен келіп тағы бір толқын басты. Екеуі де жалма-жан төккішке жармасты. Толқын да құйып берді, бұлар да төгіп берді. Осы жандармен жанталас біразға созылды, ақыры үлар бой бермей Кемежүтқанның теріс ағынан жалтарып, алдырмай аман құтылды. Қайықтың түбін тақырлағаннан кейін қайтадан көк теңізге, жел астына маңдай түзеді.

— Апыр-ай, әлгі, шынында да, Кемежүтқан ба? — деді Пірәлі көңілі жайларған соң, тілге келіп. — Қалай барып қалғанбыз? Шамасы, көлбейміз деп ығып кеткенбіз-ау Құдай сақтады.

— Мен де қарабасып андамай қалыппын. Қалтаңда уақ бар ма?

Пірәлі үсак тыйн беріп еді, Қалмұрат оны үшкіріп қайықтың жан-жағына теңізге шашты. Кемежүтқан — Атыраудың терістік жағалауындағы бір алапат орын. Ашық-тымықта теріс ағыны қазандай қайнай, сарқырап жатқаны. Иірімі диірменнің тасындағы зырқыраған бір әлемет. Қай уақытта жұтқаны белгісіз — «Кемежүтқан» деген жаман лақабы бар. Теңізшілер қолынан келсе, маңайламай, алыстан орағытып, сырт салып жүретін бұл оппадан.

Қайықшылар шыбын жанды шүберекке түйіп, бір тұтам желкен, кос тақтаймен ара-арасында аллалап қойып, теңіз өріне қарай суырылып тарта берді. Ай батқан, аспан да, теңіз үсті де көрдей қараңғы. Эйтеуір табандарының астында былқылдаپ толқыған теңіз, әрі итеріп, бері жығып, жұта жаздал, қайта түкіріп тастайды. Шуда-шуда қап-қара толқындар кенереден үңіліп қарап кетіп жүр. Үміттенген, қарай-қарай көздері талған кемешілер жер жұтқандай жым-жылас. Ақыры таң құлан иектеніп, көк айдын үстіне көгілдір сәуле жүгіріп, көз ұзарған кезде, алыстан жотажота толқындардың арасынан топан суда жан сақтар аралдай бол шалан да мұнартты.

Құлқын сәріден қарғамен бірге оянатын теңізшілер бұларды іргеге таяп келгенде ғана көрді, көріп өз көздеріне өздері сенбей, таң қалғаны сонша, тайлы-таяғына дейін қалмай анталап қарсы алды. Бұлар сұлқ жатқан Ізбасарды қолдарына көлденең салып көтеріп алып шыққанда, айқай-

шу, жылау-сықтаудан құлақ тұнды. Төсегінен жаңа тұрған Гүлбаршын көйлекшен, алау-далау күйі жиналған елді бұзып-жарып келіп, Ізбасардың үстіне құлады. Еңіреп жатыр, айқайлас жатыр, Ізбасарлап боздаш жатыр. Біреулер басу айтып, ара түсіп айырған болды.

Пірәлі белін шарт буынған, қарағайдай тіп-тік, желбірген күрең сақал шалдың атаман Қарабас екенін айтпай-ақ таныды.

— Тірі ме? — деді ол ернін болар-болмас қозғалтып.

Пірәлі бетін сиқап, баяу күрсінді.

— Эйтеүр қыбырлаған жаны бар...

— Қалай болды?

— Не керегін, бір түсі бөтен белгісіз адамдар. Жолторыған қаракшы ма, аңдықсан дұшпан ба?

— Қай жерде?

— Ақкөседе.

— Ақкөседе не бар еді бұған? Неге барған? — Саялына жауап болмаған соң: — Өзің кімсің? — деп мошқады атаман.

— Жол-жөнекей кезіккен құдайдың бір пендесімін...

Пірәлінің қашыра жауап бергенін түсінбегенмен, атаман тақымдып сұрап жатпады. Ізбасарды көтеріп алғып кеткен жігіттер қайтып оралды. Олардың өндөрі солыңқы, бастарын шайқауы көбірек еді.

— Қыын екен...

— Кеудесінде шықпаған жаны бар демесен...

— Жаман айтпай, жақсы жоқ, жүрсөнізші, Қараға, — деді олар. Қарабас үн-түнсіз жігіттердің алдына түсті. Ағаш аяқ адамдай аннан бір, мыннан бір басады, қапелімде буыны кетіп шатқаяқтап қалғандай. Ізбасардың отауының алдында жылап-сықтаған қатын-қалаш ысырылып жол берді. Бөлме ішінде басы артық адам жоқ: Ізбасардың басын құшактап боздаран Гүлбаршын, қазандық жанында май күнірсіткен Қатыш кемпір, зыр жүгірген екі-үш келиншек және де.

Қарабас еңкөйіп күйеу баласының бетіне үңілгенде, оның үртү семген құп-ку өңін көріп жаман шошынды.

— Ізбасар, Ізбасаржан! — деді ол тізерлеп отыра кетіп. — Айналайын, көзінді ашты, мен ғой, Қарабас... атаң ғой.

Жауап болмады. Жауап болатын сыңайы да жоқ-ты: бергі дүниеден гөрі әргі дүниеге жақын Ізбасар қыбыр етіп, кірпік қақпады. Бет алдын ажал мендең, фәни мен ғайыптың арасында құр сүлдері ғана жатыр. Гүлбаршын әкесінің

мойнына асылып боздағанда, оның тамшылаған көз жасы Карабастың бетін шоқтай қарыды. Карабас жаны түршігіп, не істерін білмей, қызының қолын сипалай берді. Гұлбаршын дауыс созып, гөй-гөйге басты.

— Бұл не, көке? Бұл не сұмдық! Көрсетейін дегенің осы ма едің, құдая...

— Сабыр ет, карашығым.

— Ей, ақ көке-ай! Он екіде бір ғұлім ашылмай... — деп Гұлбаршын үдетіп келе жатыр еді:

— Эй, қатын, өшір үнінді, жаманға бастамай,— деп Қатыш кемпір қазандық жақтан айқай салды да, жетіп келіп Карабасты шынтағымен итеріп таstadtы.— Бар! Сенің қолыңдан не келуші еді? Араласпа қатынның ісіне!

Карабас, өзгे еркектер жарты ауыз сөзге келмей, өң-киіп-өңкиіп шығып кетті. Науқас әйелдердің үзіріне берілді. Апрай, өмір дегенің өзі қарап тұрсаң бір қызық: әншайінде дүңкілі жер жаратын, айнала-төңірегін қофадай жапыратын ерек осындайда жерден шөп көтере алмайтын байғұс бишара, мұрны іс алмайтын мәңгұрт те, қайдағы бір қатарға қосуға жарамайтын жаман кемпір білекті сыбанып, жанараша болатының қайтерсің. Шырқыраған шыбындай жаның үшін соған кіріптарсың. Еркектер есік алдындағы көздерін көлдеткен әйелдерді қып тастан, өздері ғана қалды. Біраздан кейін өзге еркектер де сиреп, Карабас, пен Пірәлі ғана екеуден-екеу есік көзінде шошайып отырды. Бір-бірін қабақ астынан бағып, іштей жер танысып қалғанмен, ләм-мим ауыз ашпады. Ізбасар қалай болып кетеді деп зәре жоқ, құлақ-көздері іште. Ал жабық есіктің ар жағынан отқа құйылған майдың құңірсіген иісі мен шокқа қарыған темір көсеудің баж-баж үнінен басқа бөгде дыбыс шықлады.

Біраздан кейін мандайының тері тарам-тарам болып, есіктен Қатыш кемпір көрінгенде, оны әз-әулие тұтқаң бұл екеуі тұра ұмтылып, аузына қарап, бетіне жапақтаң еді, ол насыбай атқаннан кейін ғана тіл қатты.

— Бұл теңізде бұлінбеген қатын қалды ма? Қорғасын түсер емес. Орыстың дәрігері керек,— деді.

Карабас етегі таза әйел мен кеудедегі қорғасының арасында не байланыс барын түсінбегенмен, бақсы-балгер алдын көп көрген Пірәлі айтқызбай-ак шамалады. Ерінің көзіне шөп салмаған, өзгеге етегін ашқызбаған адал әйел жаралының үстінен аттаса, денедегі қорғасын сау етіп түсекалатын бұл күндері сиқырлы сырьы көмекіленген,

Бұрынғы бабалардан қалған «ақ жол» деген ем болушы еді. Қатыш емді емес, қатындарды кінәлі ғып тұрған.

— Дәрігер деймісің? — деді аузы бұрынырақ икемге келген Қарабас.

— Иә, дәрігер, адам соятын орыс дәрігері керек. Менен қайран жоқ, қолымнан келмейді.

Еркектер Ізбасардың жағдайың сұрастырып еді, Қатыш қолды онды-солды сермелеп, баж-баж етіп, бет бактырмады:

— Кайдағы жағдай. Көріп тұрған жоқсындар ма? Бір аяғы көрде, бір аяғы жерде. Азамат керек болса, дәрігер іздендер! Болындар! Тездетіндер,— деп, есікті танауларының алдынан тарс жапты.

— Ал, енді не істедік? — деді Қарабас Пірәліні оңашалап. — Дәрігерді қайдан тантық?

— Мен барайын,— деді Пірәлі.

— Кайда бармақсың?

— Жамбайға.

— Иә, содан жақын жерде дәрігер де жоқ шыгар,— деп басын шүлғыды Қарабас.

* * *

Шай пісірім ішінде шұғыл жиналып, жанына үш-төрт жігіт ілестіріп алып, Пірәлі апыл-ғұпыл жолға аттанды. Астарына ең жүйрік деген моторды мініп, Жамбайға тартты. Осылай аянбай мігірсіз жүріп отырғанда, көлденең бірдемеге кезікпесе, Жамбайға ертең таң алдының алаң-еленінде жетіп жығылуға тиіс. Қара есеп шалғай кетпеді. Олар таң алдының қараңғысында айналасы кеме-қайыққа бықыған, өзен-өзеннің ара-арасында отырған Жамбайға ілікті. Ашық теңізден өзен сағасына ене бер генде, бұларды шағын күзет тоқтатып еді, жігіттер «Забурыннанбыз. Проз әкелуге келе жатырмыз», — деп, сылтау айтты. Оған ешкім күмән келтірген жоқ, теңіз жағасында отырған екі батағаның арасында қатынас күні-түні үзілмей сапырылысып жататын. Жамбайға кедергісіз енді.

Дәрігер Мамонтов үйінде болмай шықты, есік ашқан қызметші әйел ауруханаға сілтеді. Аурухана ауылдың шетінде, өзеннің жағасында еді. Бұл да екі көзі теңізге телмірген, ығы-жығы балықшы ауыл. Аурухана бұрынғыдай емес, төңірегіндегі қора-қопсылардың бәрі әскери лазаретке айналып, далиып кетіпті. Жамбай казак-орыстың

E:\18.09.13\09\09\04 Астрахан бағытында жүргізіп жатқан майданының арқа тірегінің бірі еді.

Пірәлі дәрігер Мамонтовты қықтай шағын бөлмеде төрт аяқты таған үстінде басын бүркеп ап, ұйықтап жатқан жерден тапты. Секпіл бет, сап-сары жуан орысты қазактар «Сары Лексей» атайтын. Обалы нешік, өзінің қазақ десе жаны жоқ, іздең жүріп емдейтін елгезек адам-ды. Онысының астары әріде, сырь да жоқ емес: түпкі атасы, Жайық бұлікшісі Пугачевтің жансеріктегінің бірі, ак патшаның қаһарынан қашып қазактардың арасында жан сактаған. Мандайы жерге тигенше қазактарға қарыздар екенін ұрпақтарына аманат етіп тапсырып кеткен. Бергі ұрпақтары көрі аталарының өсиетін аяқ асты еткен жоқ. Қазактармен бірге Жайық бойындағы форпостарды талай шапты. Бертін келе, не дегенмен түп-тамыры отырықшы емес — сахарада көшіп-қонып жүре алмай Жайық қазактарының арасына сіңісті. Сонда да тарыққанда татқан қүйқаның дәмін ұмытпады. Жайшылықта алыс-берісті болып, қазактар шуылдап атқа қонып, шоқпарға жармасқанда, баяғыдай қосыла шаппағанмен, жасырын оқ-дәрі, қару-жарқ асырып, қолұшын берді. Баяғыда Парамон деген қызыл шеке ағасы — қазактардан қол жиып, көсем болғаны да бар. Кейін ол қазактан әйел алып, үйлі-баранды болып, адай-табынның арасына біржола сіңіп кетті. Дәрігер Мамонтов та сол аталарынан алыс түскен алма емес-ті. Қазақ десе ішкен асын жерге қоятын, жаны жоқ, алда риза болғырдың бірі. Пірәлінің баяғыда жауласып, қашып-пысып жүргенде жарақаты жазылмай өлетін болған соң, біреулердің айтудымен іздең келіп емделгені бар-ды. Қазір ол бет-аузын түк басқан аюдай төртбак азаматты үйқылы көзімен қапелімде танымай да қалған. Таныған соң, күлімсіреп, оның иығына қолын салды.

— О, Пірәлі! Бұл қым десем, сен бе едің? Құдай, ұрып танымай қала жаздадым ғой. Иә, ат-көлігің аман ба? — деп жетектеп әкеп орындыққа жайғастырып, самбыр-самбыр етті.— Иә, жәй жүрсің бе? Баяғыдан дақ қалмады ма? Құлан-таза айырып кеттің бе?

— Шұқір, Лексей.

— Көрінбей кеткенге бұған не болды деп жүр едім... әр нәрсені ойлайсың да...

— «Сыр сипағанды білмейді»— біз жақсылықты тез ұмытатын елміз ғой. Кешір, Лексей достым.

— Оқасы жоқ. Біз оған үйренген адамбыз.

Пірәлі өмірінде қазақ тілін үйренуге келгенде казак

Бұрыстай зерек жанды көрген емес. Екі-үш ай бірге жүрсек болды — судай ағып, сайрап шыға келеді, мәтелдегендегінде өзінді жаңылыстырады. Сонда дәрігер Мамонтов емделіп жатқан бұған мәтелмен талай нәрсені тұспалдаپ айтқанды. Казак-орыс — Дондағынды ал, қүй Жайық, қүй Ертісіндең ал — тұс орыс емесін, патшаның орыстанған ма-лайы, арғы түбі далалық екенін, бірақ олар енді түздік болып жаратпайтынын, дегенмен етегін жауып, есейген халық, тіпті арада жылдар, ғасырлар өтсе де, өзінің арғы түбін іздемей тұра алмайтынын хикаялай келіп, мұны бір шаруамен Дондағы біреулерге жұмсамақ ниетін білдірген. Пірәлі «ой, сол да сөз бе екен» деп уәде беріп, кейін ат ізін салмай кеткен еді. «Біз оған үйренген адамбыз» дегенде, ерін үшін емеуріні соны мензеді ме, қайтті? Бірақ Пірәлінің оны мошқап жатуға мұршасы жок-ты.

— Шаруа бар, Лексей,— деді де, табанда келген қол-
касын айтты.

Мамонтов бет-аузын үқалап қатты ойланып тұрды да, жүқалап жағдай айтуға кіресті. Астраханды қоршау үзакқа созылып кетті, қала іргесінде табандаған қанды шайқас толас көрмегеніне төрт айға айналды, казактар тарапынан шығын көбейіп тұр, жаралыларды әкелмейтін күн болмайды, ал оларға бұл арада өзінен басқа қол ұшын беретін жан баласы жок.

Пірәлі оған құдайдай сеніп, өз адамындаі алабөтен іштартып, басқаға алаңдамай, төтелеп келіп еді, енді оның басқашырғаның көріп, аз-кем абыржып қалды.

— 'Ау, Лексей! Біз саған амалдың жоғынан ат басын тіреп келіп тұрмыз, — деді.

— Түсінем, Пірәлі. Мені сең де түсін. Қаны шұбырып, көмек сұрап зар қақсан жатқан мұншама жаралыны көздерін бақырайтып қалай тастап кетемін... мен дәрігермін. Дәрігердің анты деген болады. Әрі бөтен-бастақ біреу де емес, өзіміздің түс казактар.

— Сонда қазақ саған бөтен болғаны ма?

— Олай деме. Сіздердің алдарыңда арым таза. Иісің
қазақ маған әлен-пәлен дег өкпелей алмайды.

— Лексей, сен журуң керек. Азаматты қутқаруың керек.

— Бұынсыз жерге пышақ үрма, Пірәлі. Мүмкін осында жеткізерсіңдер. Қолымнан келгенге аянбаспын, жағдайын жасармын. Корықпаңдар, бул жерде оған ешкім тимейді.

— Жеткізуге жарамайды.

E:\18.09.13\edil+ledi0.4f_page

Ендеңе, ғафу етіңдер. Баруға шамам жоқ,— деп Алексей шарасыздана алақанын жайды.

Пірәлінің түсі бұзылып сала берді. Істемеген әдетін істеп, таңдайын қағып, басын шайқады.

— Цк, цк... мұның жарамады, Лексей. Әуелі құдай, қалса өзіңе сеніп келіп едік. Қысылған үйректей артымнан сұңгігенде, қолұшын бермегенің не болғаның?! Ренжіме, Лексей. Бәрібір баруынаң тура келеді, басқа амалым жоқ.

Көздері бағжаң етіп Алексей шарт бұрыяды:

— Бармасам қайтпексің? Зорлап әкетпексің бе?

— Оған жіберме, қайырымды достым.

Қазақтың беті бедірейіп, көзі әйнектенгенін көріп-білгені бір бүгін емес-ті, Алексей оның арғы астарын айтпайтақ түсінді. Көзі әйнектенді-ак қойдай қоңыр момын халық аузынан от түкірген аждаһаға айналып сала беретін. Ал оның алдында бөтен-бастақ біреу емес, сойқанды жалпақ даланың кекті жұдырығындай жойқын үлдарының бірі Пірәлі тұрган.

— Ал кеттік. Баста!— деді шарасы таусылған дәрігер.

Үйшіктө «балапаң басына, тұрымтай тұсына» заман орнады.

Тұтқындар пышырап қаша жөнелгенде, қолында жан тәсілім еткен Қара Никитаны тастап кете алмай, көзін жабуға мәжбур болған Ахтан өзгелерден көп кешеулеп қимылдаған еді. Жақау екеудегі дедектеп жүгіріп, іргедегі жұмысшы ауылдың шеткі үйіне іліккенде, бір топ атты казак жандарынан тарсылдап шауып өтті. Бұлар әйтеуір шошайтып, сокқан тезектердің тасасынан бұғып үлгерді. Оларды үстерінен асырып жіберіп, аяқ-аяқтарына жүқпай, ауылдың екінші басына қарай құстай ұшты. Зәрезәп болған ел қазір мұндайда есік-терезелерін қымтап, тас бекітіп алып, тесіктен сығалайтын болған. Ауыл жым-жырт. Иттері де аузын байлап тастағандай қаңқ етпейді. Соны көнілге медеу ғып, апақ-сапақта қалаға бір өтіп алсақ деп дәмеленіп келе жатқан олар, ауыл мен қаланың арасындағы итсигек өскен, ылғи бір қақ тұрып, шалшық боп жататын тазтақырга ілінгенде, әлгі араны әскер қоршап жатқанын көріп, маңдайға үрғандай көрі серпілді.

Кап, алдаға құдай-ай! Кешігіпті, алдарын орап кетті, қалаға өтуге үлгере алмады. Ал қалаға қалайды өтулері керек-ті, не дегенмен, көпшіліктің аты көпшілік: бой тасалауға, із жалтаруға мүмкіндік бар-ды. Енді мына жар басында жапырайған шағын ауылдың шаңын аспанға қағып, жердің жарығына кіріп кетсең де таптай қоймайды.

— Енді қайттік? — деді Ахтан сасқанынан қаршадай Жақаудан ақыл сұрап.

— Бері жүрініз, — деп, Жақау оны сүйрелей жөнелді.

Алайда талаптары тасқа шағылып, айрандары қара су болды. Ауылдан қалаға өтетін қалтарыс атаулыны мылтықтары шошандаған қарулы күзет мықтап тығындалп тастапты.

Араларын итсигек өскен алақандай тақыр бөліп жатқан жұмысшы ауыл мен қаны тамған казак-орыс қаласы — ежелден ит пен мысықтай еді. Жұмысшы ауыл қаланың қапталына кейін балық кәсіпшілігіне байланысты пайда болған тұғын. Қырғауылдың құйрығындағы ала-құла құранды жұрт. Олар әр жақтан келген қашқын-пысқын, қыр қазақтарымен молығып, іргеленіп алып, енді қаланың өзіне жал көрсетуге айналған. Екі арада жанжал құрғамайтын.

Балалардан басталатын төбелес ересектерге аусысатын да, мейманасы асқан казактар жиналып келіп, жұмысшы ауылды қан-жосағып сабап қететін. Бала қезінде бет-аузы әбден көгерген еркек кіндік етек жауып, ес жиган, кейінде казак-орыс ордасына іштен жұдырық түйіп, тіс қайрап жүретін. Кейінгі жылдары қала тыныштығын кетіретін барлық пәле осы жұмысшы ауылдан шығатын болды. Откенде көп шуылдақты құтыртып, қала әкімшілігін төңкеріп тастап, қала басқармасының төбесіне қызыл жалау желбіреткен де осылар. Кейін өздерінің екідегісін естеріне түсіргендей ғып сазайларын да берді. Шеттерінен атып-шапты, қарсы келгендерін қылышпен турап тастады. Тіпті жұмысшы ауылды жер бетінен біржола өшіріп жібермек боп, өрт қойғандар да табылды. Шұлғауы шұбалған жалдаптарды енді қайтып бет қаратпастай ғып, әкелерін танытқан. Бірақ өздері шетінен өлгөнін білмейтін, сен ат, мен тұрайын, қанына қатқан кәззаптар. Бірінің миын аузына түсірсең, таяғын сүйретіп екіншісі шығады. Қала шетінен атыс естілісімен, тағы да бір пәле болғанын біліп, қала әкімшілігі лезде күзетті қаптатып жіберіп, әлгі лаң қалаға жайылмасын дегендей, ауыл мен екі араны тығын-дап, бітеп тастаған еді.

Ауылдан жырылып шыға алмаған Ахтан не істеу керегін аласұра ойлады. Мынау алақұйын сұрапылдың қарлы үшқыны ғана, айғай желі, қарлы бораны әлі алда, әзірше не болғанын ешкім жөнді білмей жатыр. Қапылып жүрген қала күзеті ғана. Ертең анық-қанық болған соң, қаланы ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстап отырған атаман контразведкасы білек сыбанып кіріседі, олай болды дегенше — қөрер күнің қараңғы дей бер.

Ахтан ажалды аранға қамалып қалғанын, енді одан аяғын жерге тигізбей көтеріп әкететіндей құдірет болмаса, өз бетімен құтылып шығуы екіталай екенін көзі жеткенимен, кеудеде қыбырлаған жан болған соң, оның үстінен қолынан шап беріп ұстап әкетіп жаппағансын, өлместің қамын істеуге кірісті. Алдымен көлденең көз түрткіден сақ болуы керек. Ол Жақауды ілестіріп алып, жағалаудағы баржысына барды да, сүйменді салып жіберіп, сықырлатып бақыртып, кеменің түп тақтайын жұлып алды. Су сар етіп, дәу баржыны лезде Жайыққа жамbastатып тастады.

Ахтанның бұл сақтығында негіз жоқ емес-ті: таңертең буксир командасты келеді, бұл орнында болмаса, айғай шығарады, сабылып іздейді, сөйтіп тінтушілерді ізіне сілтеп салады. Ал мына дүрмек кезінде себепсізден-себепсіз

E:\18_09_13\edil\edil0.tif_page 209
ұшты-қүилгі жок болып кетсе, ізіне қарадай күдік байлануы да ғажап емес. Айнала жұртта көз, құлақ жок емес, бразына көз қанық, танымал да бол үлгерді. Күдік туды-ақ, байғұс Жақауды шырылдағып отырып, Жақаусыз-ақ мұны жатқан жерінен иіскелеп тауып алады.

Баржының шаруасы жайланған соң, екеуі тіркесіп Жақаудың үйіне келді. Ахтан шешімін осы арада айтты:

— Мені сыртынан кілтте де жүре бер. Баржыда бол. Таңертен алғып кетуге келген буксир командасына: түндегі айқайда баржыға мотор соғып, тұп тақтайын жарып жіберді де. Мені ала таңнан жөндеуші іздеп кетті де, бір жұмасыз баржы сапарға шыға алмайды де.

Жақау оның айтқандарын екі етпей сыртынан мықтап тұрып кілттеді де, жағалауға тартты. Әне-міне дегенше таң тауығы шақырып, шілденің шілделік мызғымайтын қысқа таңы да бозара бастады. Бозала таңмен қала оянды. Байқауынша, қала үйқыда дегенмен, мазасы болмай мезгілінен ерте оянған сын-ды. Пароходтар боздап, неше алуан кемелер, моторлар, баржылар, су көліктегі ыскырып-пыскырып, жамыраған қойдай азан-қазан болысты.

Ахтан осы тұннің қалай өткенін білген жок, баржының құйрығында батқан күнге сығырайып отырғаны әлгіндеғана сияқты еді. Бойында дел-сал шаршау, көзде үйқы болғанмен, сояу тіреп қойғандай кірпіктері қабыспады. Айнала үркіп оянып, үлардай шулап жатқанда не мазарының үйқысы. Ол даладағы айқай-шуға құлақ тосып, алтыатарын ашып-жауып, оғын санап ермек қып көрер түнді көзімен атқарды.

Жақау тапсырған шаруаңы тап-түйнактайғып оралды. Түсіндіріп айтқан соң, буксир ләм-мим демей тайып тұрған. Сонымен бірге Жақау бойды жыландай жиырылтқан жайсыз хабар да ала келді. Түнде қашқан тұтқындардың екеуін ұстап алғып, айдалап әкеткен.

— Қайдан ұстаған? — деп сұрады Ахтан.
— Ауылдың арғы басынан. Екі-үш үйден кейін...
— Өйткендегі несі? Неге үзаңқырамаған жазғандар...
— Жаралы білем. Біреуі аяғын сүйреп қансырып жүр, екіншісі сау сияқты.
— Е, түсінікті. Жолдасың қимаған ғой байғұс. Сүйрелеп жүріп жеткізген жері сол болған да. Обал-ай!
— Жасырғаң адамдарды да бірге айдалап кетті.
— Әрине, сөйтеді. Мені тапса, сені де бірге айдайды. Жақау естімегендей ол сөзге елең етпеді. Өзінің маза-

сыз бір ойларын ойлап отырды да, көкірегі шуылдай курсініп:

— Қала екі ортада күзет. Тірі жан өткізбейді. Ал атты казактар арғы бастан үй қалдырмай сүзіп келеді,— деді.

— Солай де. Ендеше, мұнда да келеді де.

Жақау басын шүлғыды.

— Енді қайттік?

— Білмедім...

— Ендеше, мен кетейін. Саған зияным тиіп жүрер,— деді Ахтан қабарып.

Жақау ол сөзді де керең адамдай құлағы тубінен өткізіп салды: бала өзі үшін емес, Ахтан үшін абыржып отырған. Даланың түрі жаман-ды, қауіп ауылдың арғы басынан бұлардың үйіне қарай өрттей жылжып қеле жатқан.

— Қайда баrasыз,— деді де қойды Жақау.

Иә, баар жер, басар тау қалмағаны рас. Қайта, уақытша болса да жан сақтауға жарайтын қабырғана қамшау осы үй ғана. Қора-қопсыдан жүрдай, қалқиған төрт қабырғадан басқа лыпа жок, қисайған жаман лашық тіміскілердің көзінен қағас қала ма деген есек дәме үміт те жок емес. Есік-терезесін тас қып бекітіп кетсе, ішке бұзып-жарып кіре қоймас деген үміт те бар баяғы. Қара ақылға салып, қайта ойлап көрсе, онысы қағаздан күрке түрғызғандай жәй далбаса, бос сандырақ. Жағалай сүзіп келе жатқан күзеттің шенғелінен құтылу жок сиякты.

— Кешке дейін келмей тұра тұрып, қас қарайғанға бір іліксек,— деді Жақау.

— Немене, қалаға шығатын жол бар ма?

— Жо-ға! Орын ауыстырып едік те.

— Қазір болмай ма?

— Қайдан, салпаңқұлак қаптап жүр.

Ахтан мынандай шешімге келді: Жақау есікті бекітіп далада жүреді, егер қатер бұлтартпай тәнгендей болса, хабар береді, бұл не беті қараған жаққа қашады, не атысып өледі. Басқа таңдау жок. Ендігі жерде бармақтай баққа ғана сенеді. Кім білген, шолғыншылар жағалай тіміскелемей, тек күдікті деген үйлерді тінтіп, бұларды аттап өтер. Ал тапа-талтусте көшеде ел құмырскадай қаптап жүргенде, орын жаңарту тіміскілерді қол бұлғап шақырумен барабар.

Жақау ләм-мим демей, жана ғана өзі түсken терезеден қайта шығып кетті.

Ахтан төргі бұрышта тілдей киіздің үстінде жалғыз жатыр. Ойы сан сақта. Тұнде дем үстіндегі Қара Никитаның жанынан шыға алмай кешеуілдеп қалаға өте алмағанына өжінішті. Қаланың аты қала, ауылдай ат айналым жер емес, жып етіп кіріп, сып етіп шығар есік-тесік көп. Ол бағынан қалтарыс іздегендей үй ішіне жағалай көз жүгіртті Ортасында пеші бар, жылан жалағандай жым-жылас азып-тозудың шегіне жеткен қу мола қуыс. Аузы үнірейген қазандыққа кіргендер де болған. Бірақ одан тырысып пысып қалғаннан басқа опа тапқандар шамалы.

Ахтан біресе сапырылысқан ойына, біресе дыбысқа толы даға құлағын қайшылап тым-тырыс жатты да қойды. Бір кезде ол осы үйдің жалғыз көзіндегі жыртық әйнерінен қараң еткен көлеңкені аңғарып, созулы аяғын тез жиып алды. Сөйткенше болған жок, мойнына қылыш асынған салқы мұрт дәу сары терезеден үңілді.

Ахтаниң тұла бойы бақадай мұздап сала берді. «Басталды. Келді», — деді. Кел, кел, жанынан үмітің болса, келе ғой. Ақырыңың актық кездесуіміз екен, мәңгі естеріңен кетпестей қылайын. Балаңнан балаңа жырғып айтып жүретіндегі боларсың, бәлем. Ол алтыатарын кезеңіп, терезеден көзін айырмай қатты да қалды. «Ал үңіл ішке, басыңды сүктерезеден». Дәу сары жардай денесімен әйнекті көлеңгейлеп терезе алдында тұр. Фуражкасын алып, тершіген мандайын сұртеді. Қолдарын ёрбеңдетіп, әлдекіммен ымдасатын сыңайлы. «Ә-ә, батыр, жалғыз емеспін де. Жан-жақтан анталап жиналып жатыр екенсіңдер ғой. Қаптаңдар! Қаптаңдар! Торсылдақтарыңды торсылдатуға маған сендердің неғұрлым көп болғандарың жақсы. Табыт жетпестей қылайын».

Каршадайынан үрің-қарлықпен аты шыққан Астрахандай айлапат қалада кім-көрінгеннің есігінде жетім өскен, шпананың боп шәйкіге қосылған, әйтеуір қақ-соқты көре-көре тағдырдың қарасуымен бұзықтық жолдан тыйылып, салат жолына аяқ басқан, бірақ қаны әлі де бұзықтықтан біржола тазармаған, небір сойқанды көріп өскен Ахтаниң ажал бетке тіке қараң бірме-бір келгенде, өмірді оп-онай тәрік қып, өлімнің өзін ойыншыққа айналдырып жіберетіні бар-ды. Қазір ол өлем-ау деп ойламай, орайласып келе жатқан қан-жосаға білек сыйбанып құлшынып тұрған. Ол терезе көзінде теріс қарап тұрған дәу сарыдан қыңбай, дағаны шамалап алу үшін әйнекке үмсынды. Шілденің соңғы

күндерінің аптабына қамалған көше тып-тыныш. Бейсекет жан көзге шалынбады. Ахтан өгіздей өңкиген дәу сарының тырсыған мойнынан бастап, бөрене балтырына дейін түгел шолып шықты. Күзетші мұны әдейі келеке еткендей, талтайып тұрып артын қасыды да, әндептіп жел шығарды. «Өй, оңбаған!» деп Ахтан бетін тыжырып, мұрнын басты. Содан кейін оның бір құшақ майлы бөксесінің тұсына тапаншасын тіреді. «Қазір ғой майлы бөксенде мына ыссы қорғасынның бірін жапсырсам, қалай тыптырлар едің, қышуың тез қанаң еді», — деді мырс етіп. Дәу сары оның күлкісін естігендей жан-жағына қарап, бұрыла бастаған соң, Ахтан селт етіп басын тартып алды.

Дәу сары әлсін-әлі бөксесін қасығаннан басқа оғаш мінез көрсеткен жоқ, тек бір рет қана сүйенемін деп шынтағымен терезені опырып жібере жаздады. Ахтан оның мына тұрысына түсінбеді. Мұны бакса, басқа жер жетпегендей терезенің алдында жарбышпесі бар? Терезеден шыға қашады дей ме? Өйтсе, андыспай ма, желкесін беріп далаға қарап тұрғаны несі?

Айтса-айтқандай, сәлдөн кейін дүбірлеген ат тұяғының топыры, жүген сұлдыры естілді де, топ казак үйдің жанына сау-сау түсі қалды. Ә-ә, солай ма еді? Құлығың екен ғой. Бәсе, бәсе... енді түсінікті болды. Дегенмен, көптің аты көп, көпке топырақ шашамысың — Ахтанның қарадай сағысынып, мысы құрыды. Бірауық «осыларды әуре қылмай, қарсыласпай-ақ берілсем бе екен» деп ойлады. Алалап келген ажалға не дауа бар? Бәрібір тұптің түбінде алмай қоймайды. Атысса тағы да біраз адамның жанын жәннәмға жіберер, одан мойнына қан жүктегеннен басқа не табады? Онсыз да сорғалаған қан аз ба еді? Өзектегі балықшылар «Жайықтың сұы күреңітіп кетті» деп жүр емес пе? Бар-жоғы бірауық қана-осындаі алқы-талқы дүниеауди ойға берілді Ахтан. Терезе шынысы тақ-тақ қағылғанда өл ештеңеден тайынбастай ытырынып шыға келген. Терезені қамшы сабымен тықылдатқан казак, неге екені белгісіз, бері қарамай, күржиген желкесін беріп тұр. Бір кезде ол әлдекімге қамшыны шошаңдатып көзден ғайып болды. О, гажап: казактар аттарынан тұскені бар, тұспегені бар — бәрі желкелерін беріп, сырт қарап тұр, назарлары бұл жакта емес, қарсы үйде. Бір жуан сан мес торы орын жетпегендей, әлде көлеңке іздегені ме, салбыраған қарыныменен қуықтай шыныны көлегейлеп, қасақана терезе алдына көлденең тұрып алды. Ахтан сырттағы дүрмектің өзіне жанамалай болмаса, тікелей қатысты емесін, атты казактардың басқа

біреуді көзеп жүргенін шамалап білгенде, аяқ-қолынан әл кетіп қабырғадан еденге сырғып тұсті. Мандайынан мұздай тер бұрқ етті.

Сыртта дабыр-дұбыр молайып, іле-шала сыңсыған дауыс естілгенде, Ахтан буынын қатайтып терезеге мойнын созған еді, әйнекті қарнымен тіреп жауып алған мес торы ештеңе көрсетпеді. Біреулерді ұстап, байлаап әкетіп жатқаны анық. Бір кездे казактар сау етіп атына қонғанда, жетектеріндегі байлаулы шалды көзі шалды. Аппақ кудай, қауға сақал қария жетек арқаның жұлқуын күтпей, аттылардың соңынан аяндаپ жүре берді.

* * *

Зәрені зәр түбіне жіберген бір қатер толағай басқа төніп келіп, кері серпілді. Ахтан әлі де өзінің аман қалғанына сенер-сенбесін білмей, өң мен тұстің арасында әрі-сәрі болып отырған. Терезе алдынан Жақаудың қарасы қылаң етті. Ол жан-жағына абайлай қарап, әрлі-берлі етті де, ішке жып беріп, әйнекті орнына қайта қойды. Балада не өң, не тұс жок, өлердей қорыққаннан ба — тұла бойының түгі тікірейіп кетіпті, құдды бір ит көрген сары мысық дерсің. Ол унілей отырып, тілім-тілім табанын ұқалады.

— Уң! Жаным-ай! Аяғым... қорыққаннан аяғымнан жан кетіп қалды білем.

— Жайшылық па, не болды?

— М-м!... Қызықсыз! Терезе алдына келіп топылып гұрса... әйнекті алып ішке үңілсе болды емес пе? Ой, табаным!

Ахтан қан-сөлден айрылып, қатып-семген, шымырлап үйіғандай болған бетін ұқадап, жан кіргізді.

— Иә, айтарты жоқ, құдай көмектесті ме, әлде нанымыз таусылмады ма — төғелеп келген ажалдан бір қалуға қалдық.— Сосын өзі айтқанынан өзі шошынғандай:

— Далада не боп жатыр? — деп мошқады.

— Астан-кестенін шығарып жатыр. Үй қалдырмай жағалай тінтіп келеді. Шөп арасына штық тығады, біреуін санынан шашып шығарыпты.

— Әлі алыс па?

— Ауылдың орта шеніне жетті.

— Жабулы үйлерді де тінте ме?

— Ойбай, үй қалдырып жатқан жоқ.

— Ендеше неғып отырмыз? Таю керек емес пе,— деп,

Ахтан орнынан атып тұрды.— Бір рет құтқарды. Екіншіде неғайбіл. Бір шейтім.

— Шыдай тұрайық.

— Ойбай-ау, есің дұыс па? Шыдатып тұр ма?

Ахтан шыр-пыр болып терезеге ұмтылғанмен, айнала аңталаған талтүсте далаға бас сұғуға батылы бармады. Көшеде ел сабылып жүрген-ді. Қас қарайып, көз байлануын құтуге мәжбүр болды ақыры.

Шудай шұбалып, шектей ірметілген мына күні тұскір батып болсыншы енді. Көкжиеекке еңкейіп барып, арқандағандай байланып тұрып алды. О, нәлет атсын сені нәлет атқыр, мұндай таусылып болмайтын, жылға бергісіз ұзак күнді көрсе көзі шықсын. Жамандық ойлап, әдейі қасарысып тұрғандай ма, қалай? Жүйкесі құрығаны ма — істеместі істеп күнді де тілдеді-ау. Осындай өзінді қоярға жер таппай жан қыдырғанда, әйтеуір бетіне қарасаң да көнілге демеу болар жанында Жақау да жоқ. Бір кеткеннен мол кетті, қарасын батырды жүгірмек. «Баланың көнілі далада» деген осы да. Сен сарыауыз серік боп не жарытпақшы ең? Соның бетіне қарап шапағат күтіп отырған мұның да миы жоқ. Жаны көзіне көрініп, бөксесіне тұз басқандай болып отырғанын неғылсын, ұмытып, бетімен лағып кетті де, басы ауған жаққа. Эне, қарсы үйдің терезесінің қызылы семіп, аспан қарабарқындана бастады. Астыңнан су шыккыр, бұл жүгірмекті жер жұтты ма, қайда жүргені. Шынында да, ұмытып кетпесе неғылсын?..

Ахтан небір жаман ойға қанша барып-келгенімен, далада қас қарайса да өз бетінше әрекет ете алмай Жақауды тапжылмай күтті. Жұмысшы ауыл шамын жағып, орнына толық отырып, қарабарқын аспанда жұлдыздар жамыраған кезде, Жақау келіп, терезенің шынысын алды.

Күкіттай терезеден зілдей азаматтың шығуы оңай болып па, Ахтан үстін жырттырып, терезе жактауын мойнымен іліп түсे жаздады. Аяғы жерге тиісімен қайда барамыз деп мошқамай Жақаудың сонынан ілесті. Үйдің сыртында тұрып: жан-жаққа көз салып, тың тыңдалап алды да, салқын самал аңқылдаған жағалауға қарай жылдысты. Екі басып, бір басып, сауықсандай сақ келеді. Кешікпей көр-жер төгілген, темір сасыған үйінділердің арасына келіп тоқтады.

— Бұл не?

— Үйінді... Кеме жарактарының үйіндісі ғой. Ленгір, шынжыр, көр-жер. Тенізшілер ескірген саймандарын осы араға әкеліп үйеді.

Шошак шошак темірден аяқ алып жүргісіз, ылғи бір білектей жуан шынжырлар мен арқардың мүйіздіндей небір қайқыбас, қос бұтак, төрт бұтакты адам айтқысыз зілбатпан ленгірлер. Жақау сол үйіндінің іргесіндегі індей үңгірге зып берді де, сәлден кейін басың қылтитып, қолын бұлғады. Шынында да, үйінді асты үңгір екен: тарам-тарам бол жан-жаққа кетіп жатыр, құдды бір, қарсақтың іні дерсің. Үңгірлердің бітеу емес, жалғас-жалғас екенін және бірнеше жерден аузы барын сездіріп, танаудың желіндегі бір басылып, бір кеулең самал еседі. Жақау ешбір қындықсыз жорғалап өткен жерден Ахтан аш белі күзендегі бүгіліп, азар сыйып өтті. Қықтай бір қалтарыста басы өткенмен кеудесі өтпей, қамалып та қалды. Пілдің азу тісіндегі адырайған ленгірдің бұтактары біресе ана жерінен, біресе мына жерінен іліп қалып, тырп еткізбей табандатып тастайды. Көлденең сұлаған сом темірдің астын қазып, жаурыныменен шалқалап, жылжып шыққан Ахтанның ентік соғып, демі тарылды. Эр қарай қозғалуға жүрөгі дауаламады. Ілгері үзап кеткен Жақау бұрылып қайтып келді.

— Мынау үстімізге құлап басып тастан жүрмей ме,— деді Ахтан қорқынышын жасырмай.

— Жоға! Мәңгі құлар ма! Темір қамал ғой бұл дегенің.
— Негілған таусылмайтын үңгір өзі?
— Балалардың істеп жүргені. Осында келіп жасырынбақ ойнайды.
— Е, мазаны алады десенші.
— Олардың аяғын бастырмау қын емес қой,— деді Жақау, бірақ қалай бастырмайтынын айтқан жоқ.

Тарам-тарам көп қуыстың түбінен ит үрді. Жұлып алардай шабаланып жетіп келгенде, Жақауды таныды ма — лезде жым болды.

— Келдік,— деді Жақау бір кездे.
Кайда келгендері белгісіз, айнала көрдегі қараңғы, қайда үмсынсан да қолыңа ілігетін тот басқан, жыландай сұп-суық сом темірлер. Жақау сіріңке жаққанда үлкен үңгірдің апандай аузында түр екен. Аяқ созып жатуға, түрегеліп отыруға болатындақ қуыс. Жерге сабан төсөліпті. Бұрышта бір-біріне тығылып, үйме-жүйме болған үш-төрт күшік, бауырларын жаңа-жаңа көтерген кілең сұліктей қап-қара өздері. Жарықтан жасқанып, қыңылап қоя берді әлгілер. Сөйткенше болған жоқ, қайдан шыққаны белгісіз, ак төс қара қанышық та сумаң етіп үясына өтіп, күшіктерінің үстінен барып етпеттеп жатып алды. Жақау бір жерден май шам

E:\18.09.13\edil\edil0.tif page 216 тұтатып ленгірдің басына ілді. Үңгірдің ішіне алакеуім жарық тұсті.

— Ақтөс, қонақтарды қарсы ал,— деді Жақау.

Оғаш мінез көрсетпегенмен, іші жібіп ықылас білдіре қойған Ақтөс жоқ. Жақауға қарап құйрығын бұлғактатса, Ахтанға қарағанда тісін акситады.

— Қаппайды ма?— деп жүрексінді Ахтан.

— Жоқ, жатырқап жатқаны ғой.— Сосын Жақау итке бағыштап сөйледі.— Ал, Ақтөс, жылы орныңды босатуға тұра келеді. Саған басқа үя жасап беремін. Мыналарды басқа жаққа көшірейін. Сонда балалар да тыныш болады.

Жақау енесінің бауырына кенедей жабысқан құшіктерді бір-бірлеп айырып алды да, Ақтөсті сонына ілестіріп кетті. Ол тұннің бір уағына дейін бірсө көрпе, бірсө ыдыс-аяқтасып әуре болды. Нан, бір шелек су да әкеліп қойды.

— Жаңбыр жауса, төбеден аздан тамшы тамады,— деп ескертті ол айқасқан сом темірлерді көзben шолып.— Бірақ құз емес, шілденің жаңбыры ештеңе етпес. Жаңбыр болатын түрі де жоқ қой, күн күйіп тұр.— Ол айналаға жағалай көз жүгіртіп, танауды тартып қойып, жымың етті.— Тамаша емес пе? Үйдей қоңыр салқын. Тіпті от жағып, шәй қайнатып ішуге болады. Енді бұл арадан өлсе таба алмайды. Біреу-міреу келгендей болса, мына ленгірлермен тесіктерді бітей саласыз.— Жақау қуыстың аузында шашылып жатқан бос ленгірлерді нұсқады.— Тұйыққа тіреледі де, бітеу екен деп кері қайтады.

Жақау темір щәйнекті самсаған көп темірдің біріне іле салды да, от жағып, шәй қайнатты. Ештеңе болмағандай, бәр-бәрі көңілден із-тұzsіз шайылғандай, бір күн, бір тұн көз ілмей шыбын жандарын қоярға жер таптай жанталасқандары мұлде ойдан шыққандай, жағасы жайлауға кетіп, рахаттанып отыр. Бұл ара қаңғыбас кезбе баланың өз үйі — өлең төсегі сияқты. Әркезде талай пана қылған түнемесі ме? Әлде үрлік-қарлық жолына түскен ағасынан қалған мұра ма? Не болса да Ахтанның жатырқар жағдайы жоқ. Мұның бәрі бала кезден таныс, бастан өткерген құқайы. Тек жаны үяды боп, мына кесепттан алдырмай-жұлдырмай аман шықса болғаны. Өзге бейнет көрген түстей де.

* * *

Жақау түнделетіп келіп, қаладағы жағдайды хабарлап кетіп жүрді. Мұнда ауысып алғандары ақыл болыпты, күзет бұлардың құжырасын аттап өтпепті, бұл жоқта терезені

E:\18_09_13\edil+\edil0.tif_page 217
бұзып қазандықтың күлін төрге дейін шашып астан-кестен аударып кетіпті. Жұмыскер ауылдан бес қашқын ұсталған, оған қоса жасырынып жүрген бес адамды да қоса әкеткен. Кызылсақал мен Қажығалидың жаманаты естілмейді әзірше. Олар есебін тауып, қалаға өтіп үлгерген сияқты шамасы.

Қажығалидың бас-қарыны аман болса, Ахтанның есебі түгел, басқасының бір жөні болар да, көрген бейнет көрген түстей. Неде болса, болмасты болдырып, айды аспанға бір шығарды. Қаланы жау тигендей бөрліктірді. Ахтан өзінің тындырған ісіне риза еді. Енді жолын тауып, қаладан шығып кетулері ғана қалды. «Ол жағын жігіттер ойластырып жатқан шығар» деп көніл делбеді. Не дегенмен де, алғашқыда олқысынғанмен, осы бір темір үнгірге келіп бас сауғалағалы алалап келген ажалдан құтылғанына көзі жетті ме, әйтеуір Ахтанның көнілі көншіді. Кешегі жанынан қорқып шырылдағанын есіне алса, күлкісі келеді. Апрай, соншама несіне састы. Көрмей жүрген құқайы ма еді? Талай өліп-тірілген жоқ па еді? Ай, не дегенмен жаны құрғырың тәтті екен. Ол осы тәуекелге серіктері көлденең түсіп қарсы болғанда, көнбей, өлімге бас тігіп, бел бұзып барған. Тіпті, айыл жимай, өлімді ойыншық сынды көрген. Ал сол тәуекелі іске асып, міні құрамай аман шыққаннан кейін, шыбындай жанды сауғалап іннен-інге тығылды. Тіпті жердің тесігі болса кіріп кетуге әзір еді. Адам деген осы — бірде батыр, бірде қатын.

Ертөніне тус әлетінде, мұлде мезгілсіз уақытта Жақау екі өкпесін қолына алып, танаурап жетті.

— Ойбай, құрыдық! Кызылсақалды ұстады. Айдал барады.

— Қайда?

Ахтан шошынғаннан атып тұрғанда, қаптаған темірге төбесін тақ еткізіп соғып алды.

— Көшеде. Мойнына арқан салып алып барады. Үстібасында сау тамтық жоқ.

— Қажығали бар ма?

— Жоқ, ол жоқ.

— Ол қайда?

— Білмеймін...

— Жоқ па, әйтеуір?

— Жоқ! Жоқ дедім ғой.

— Өз көзіңмен көрдің бе?

— Өз көзіммен... Тұрмеге айдал кетті.

Әлденеге қақалып қалғандай болған Ахтан үн деп демін бір алды. Бірақ артынша көзі бұрыштанып, қайтадан маза-

сыз халге душар болды. Тұтқындалған Қызылсақалдың жаңында Қажығалидың болмауы Қажығалидың ұсталмайтының кепілі емес-ті. Қызылсақалдан не ерте, не кеш ұсталуы, тіпті ұстап, басқа жақпен алып кетуі де әбден мүмкін еді. Олай болмаған күннің өзінде де Қызылсақалдың арандауы Қажығалидың басына бұлт айналғанмен бара-бар.

— Қай жерде көрдің? — деді Ахтан қайыра сұрап.

— Қара түрменің алдынан.

— Ол жерде неғып жүрсің?

— Қалада не болып жатқанын біл деген өзініз емес пе? Түрмеге бармасаң, оны қайдан білесің? Ана арада бәрі алақандағыдай. Ұсталғандарды жіпке тізіп сонда әкеліп жатыр.

Рас, үңгірде жіпсіз байланып отырған Ахтанның Жақауға ондай тапсырма бергені рас. Баланың айтқызбай өзінше жол тапқанына да риза. Түрмениң бұл күндері қаланың айнасындағы екенінде дау бар ма?

— Қайдан ұстапты? — деп қайыра мошқады әйткенмен.

— Оны білмедім. Алып келе жатқанда, мені көрер ме екен деп, көшени кес-кестеп олай бір, бұлай бір шықтым. Көрмеді. Тек есікке кірерде маған бұрылып қарап, бірдеме дегісі келгендей болды. Бірақ күзетшілер желкеден түйгіштеп, артына қаратпай алыш кетті.

— Демек, Тенізбаймен тез байланысу керек, — деп шешті Ахтан.

— Оны қайдан табам?

Жақау көзі жыпылықтап Ахтанға қарады. Ахтан сасқанынан ойын дауыстап айтып отырғанын сонда ғана аңғарды. Енді жұмбақтаудың да, жасырудың да қажеті шамалы еді. Тенізбаймен байланыспай болмайтын, ал онымен байланысқа шығатын жалғыз Жақау ғана. Ахтанның басқа таңдауы болмады. Ол Тенізбайды қалай іздел табу керегін түсіндірді.

Кинотеатрдың алды құмырсқаның илеуіндей ығыжығы. Әншейінде бұл арада судағы балықтай жүйткитін, қалтасында тын-сины бола тұрып, соңғы қонырауға дейін билет алмай ұрланып кірудің шарқ ұрып жолын іздейтін Жақау бұл ала-құла шулы топқа етек-жеңін жинаңқырап енді. Мұны көріп жер-жерден жылтындаған.

көшे таныстарына қабақ бермей, тура қассаға барып ақшасын санап беріп, билет алды. Есік көзіндегі биле жыртатын әйел өз көзіне өзі сенбей, тандайын қақты.

- Билет өзіндікі ме?
- Енді кімдікі деп ең?
- Біреуден жымқырган жоқпышың?
- Сенбесен, кассирден сұра.

Әйелдің оған бөгет жасау ойында жоқ-ты, қалтасынан ақша шығарып оның билет алғанына әрі сенбей, әрі таңыр қап: ерінбей-жалықпай барып кассирден сұрап-біліп басын шайқады.

- Адам болайын деген екенсің.
- Адам болғаны сол — жұмыс істеп жүр,— деп ара түсті сырт жақтан бір таныс бала.

Билет жыртушы әйел таңқалғанын да, Жақауды да сол, бойда ұмытып кетті, ал Жақау болса қайқандап барып тиесілі орнына отырды. Ең бірінші қатар — өзінің ұнататын сүйікті орны. Экранға жарық түскенде бастарын қылтындастып, қолдарын ербендетіп бір онып қалысады.

Шам сөнісімен Жақау жып беріп, 24-ші қатардың 24-ші орнынан бір-ақ шықты. Киносы бұрын көрген кино: бір бірін бастан ұрама-ау, құйрықтан тебеме-ау, сыпырғышпен еркектерін күп жүріп сабайтын ылғи бір көкдолы әйелдер Сосын етектерін ашып бикелер билейді. Балалар ілгері жақтан қозыдай маңырап, мылқау киноның экрандағы сөзін оқиды.

Ол жан-жағына көзін жүйткітіп, сақ отырғанмен Тенізбайдың қайдан шығып, қайдан келгенін аңғармай қалды. Тек құлағынан шап бергенде, селк етті.

- Эй, сен собалаққа бұл арада не жоқ!

Жақау Тенізбайдың бетіне бажырая қарап, Ахтаннын атын сыйырлаң ұлгергенмен, қакпыш қара оны құлағына да ілмеді:

- Кәне, билетің?
- Мінеки...
- Ендеши, орнынан су шықты ма? Эйда, бар орныңа!

Тенізбай оны иықтан итеріп жіберді. Жақау артына бұрылып қарай-қарай орнына қайтып барды. Түкке түсінбей, «мұнысы несі?» деп отыр. Танымағаны ма? Өзі, расында, бір көрерге оғаш адам: қабағы шытынаған нағыз Құлмесханның өзі. Сурет салама-ау, жарнама ілеме-ау, үстібасы бояу-бояу болып осы театрдың маңында жыбырлап жүргені. Әрі-сәрі күйге тап болған Жақау кино көріп жарытпады. Балалармен бірге қол шапалақтап, сықылықтап

куле алмады, шерінді тарқатып күле алмаған соң, киноның қызығы бола ма — тезірек шам жанып, ел тарқауын асыға күтті. Топылған жұртпен сыйылысып далаға шықты. Арадай гулеген жұрт бет-бетіне тарқап барады.

Жақау елдің соңында қалып, енді не істерін, кетеркетпесін білмей, театрдың анқиған есігіне бұрыла қарап тұр еді, Тенізбай шыға келіп, есікті қапсырды да, мұның жанынан ете беріп соңымнан жұр деген ишара аңғартты.

Жақау түйсіксіз ақымақ емес-ті. Жұр дегенге балағына оралып, жармаса кеткен жок. Кейінірек қалып, алыстанғана қара жазбай ілесіп отырды. Тенізбай театр алдындағы киоскіден су ішіп, жан-жағына барлай қарап түрғанда да жанына жуымады. Олар тек қана жағажайда табысты. Тенізбай шешіне салып, суға гүмп беріп, арнаның ортасына қарай жүзіп кеткенде, бұл оның киімінің жанына келіп асықпай көйлегін шешті. Тенізбай шомылып қайтып келгенше, суға ұмтылмады.

— Епті екенсің, бала,— деді Тенізбай оның жанына күйіп түрған ыстық құмға жантая беріп.— Жарайсың! Сақтықта қорлық жок. Ал бар сұңғіп кел!

Арқадан қакқанға мәз болған Жақау жүгірген бойы салдыр-гүлдір Жайыққа қойып кетіп, жағалаудың қайранында біраз тайрандалап қайтып оралды.

— Иә, Ахтан қайда? Аман ба?

— Мұздай.

— Қазір қайда?

— Бір жерде жатыр.

— Менен жасырмай-ақ қой, айта бер.

Жақау айтып берді. Тенізбай құптағаны, құптамағаны белгісіз, «м-м» деп алып, иегі шошайып өзеннің бойына жағалай көз қыдыртты.

— Иә, не дейді? — деп, қайта мошқады бір кезде.

— Қажығалидың хабарын сұрайды.

— Ол өзі қашып шығып па еді?

— Қызылсақалмен бірге кеткен. Ұшты-күйлі хабар жок.

— Қызылсақалдың не болғанын білесіндер ме?

— Білеміз. Көрдік.

— Білсендер — сол! — деді Тенізбай қабағын қарстүйіп.

Жайық тұк болмағандай, адамдардың тағдырына бейтарап; өз гөй-гөйі өзінде керіліп-созылып ағып жатыр. Құн нұрына малынып, күмістей жылтыраған майда толқындар жағалауға шолп-шолп соғады. Құм қайранда йиे шаншыр жер жок — жағалай жапырлаған ала-құла халық.

Жалпак балтырлар, Тенкиген-теңкиген бөкселер, май басқан сүбелі семіз денелер. Өзгелерден гөрі осылар көзге бұрынырақ ілігеді екен де, соған қарап: ұшы-қиырсыз Ресей үмбетінде қызыл қырғын зобалаң болып жатыр дегенге сенгің келмейді.

Жақау жағажайдың орта шенінен тіленші сияқты иығында дорбасы бар, күн қағары мыжырайған жалпак танау тыңшыны көріп, Тенізбайды тізесінен тұртті. Жалпақтананау бермен қарай ыстықтан қарғадай аузын ашып ілбіп көледі.

— Бар, ойна,— деді Тенізбай.

Жақау жағалауда бір-бірін айнала қып, су шашысқан балалардың арасынан бір-ақ шықты. Тенізбай орнынан қозғалған жок. Жалпақтананау оның жанына келіп, ту сыртынан сығырая қарап тұрғанда да міз бакпады, темекісін түтіндеп, Жайықтың көшкен толқынанан көз алмай отыра берді. Жалпақтанаудың қарасы өшкеннен кейін барып Жақау қайтып оралды.

— Элгіні қайдан танисың?— деп сұрады Тенізбай.

— Неге танымайын. Салпаңқұлақ емес пе? Ахтан ағам көрсеткен.

Онысы рас еді. Бірде Ахтан жар жағалап сүйек-саяқ жинап жүрген Жалпақтанауды көрсетіп, бұлар Гурьевтің табалдырығын аттаған күні мұның ізіне қалай тұскенин, Қажығалидың тұтқындалуына тікелей себепші болғанын жырғап берген-ді. Жақау алғашқыда өлсе сенбеген. Ойбай-ау, ол дегенің Онғыт қой, Онғыт аға ғой, қаладағы жоқ-жітік жетім балалардың қамқоршысы, базардың артындағы көр-жер дүкеннің иесі, сүйек-саяқ жинап апарсан, сағыз, қармак береді. Тіпті кейде мандайыңнан сипап, қолыңа самса ұстаратыны да бар, тілінің мүкістігінен бе — өзі қазақшаны да, орысшаны да, татаршаны да бұрып сөйлейді. Әсіресе «Машаны»—«маса» дейтіні қызық. Қаланың бұзық балалары оны көрсө-ақ болды — «маса», «маса» деп келемештеп жүргізбейді. Ал былайғы жүрт оны «Онғыт» дейді, аты ма, ұлты ма анығын ешкім білмейді. Эйтеуір осыдан үш-төрт жыл бұрын бір жақтан ауып келгені анық.

— Қызылсақалды ұстап берген осы,— деді Тенізбай.

— Рас па? Ох, онбаған! Сіздің де сыртыңыздан сығалап көп қарады.

— Оның мені сығалағанына көп болды.— Тенізбай табанының топырағын сұртіп, шұлығын киді.— Өлгенмен бірге өлу жок. Жарайды, Қажығалиды іздең табармыз. Жаны үяда болсын де, тек. Ал Ахтанға айт: інінен шық-

* * *

Жақау балағымен шаң сыпрып, үйге ыскырып әндептің қайтты. Көшеде кезіккөн тасты доп қып бір теппей өтпейді, жайынауыз бәтеңкенің тұмсығынан тұмсық қалмады. Екі қол қалтасында — тындарын сұлдырлатып ойнайды. Біраздан бері түбі тесік қалтасына береке бітті — әйтеуір көңілі соққанды көз сатпай алғып жетін тын-сиінның басы құралды. Оның тап қазір аспаны биқ, көңілі шат еді. Көңілі шат болмағанда қайтсін: Ахтан ағасының айтқанын бұлжытпай орынады, жайшылықта көзіне ілмейтін Тенізбаймен тіл табысты, тіпті мақтау да естіді. Басыңды қауіп-қатерге байлаң іс тындыру дегениңде өзінің бір ләззаты бар ма, қалай? Ол дегениң не істерін білмей зерігіп, көшे кезіп, ит куу емес.

Жақау көлір жанындағы бакалейкадан көр-жер сатып алды да, борпылдаған жұп-жұмсақ пряникті گүрп-гүрп күйсеп, жұмыскер ауылына қарай аяңдады. Үйіндінің жанына келгенде Ахтанға соғып шығуға көңілі ауып еді, шұбырып жатқан елден қаймықты.

Үйге келсе, есік алдында әпкесі Жаңыл күтіп отыр.

— Осыншама сарғайтып, қайда жүрсің? — деп ол дүрсө қоя берді.— Таңертең келгем.

— Біржола келдің бе?

— Енді ше? Екеулеп азғырдындар емес пе?

— Е, дұрыс,— деп, Жақау есіктің құлпын ашты.— Біреудің есігінде жүргенің де жетер. Өзіміз де күнелтерміз.

— Ту-у, үй азып кетіпті ғой,— деді Жаңыл қамығып.

Үйдің азып кеткені рас. Төбе шылау мен ыстан күйе жаққандай қап-қара, қабырғаның сылағы түсіп, қамыс бөшектері жалбырап көрініп тұр. Терезе сынған, қазандықтың аузы құлап пұшырайған. Откендегі тінтушілердің лаңы: ай дейтін әже, қой дейтін қожа болмаған соң, билгендерін істепті нағылеттер. Қабырғада не жындары барын: қашқынды қабырғаға тығып қаптап қойды деді мә екен антүрғандар, сұңғі тығып сылақтарын жұлып-жұлып алыпты. Жақау ол оқиға туралы әпкесіне ләм-мим ауыз ашпады.

— Сылау керек,— деді де қойды.

Аздап жүрек жалғағаннан кейін, Жаңыл білекті сыбандып үй ішін қағып-сілкуге кірісті де, Жақау қармақтарын алып жағалауға жөнелді. Екі адам бір адам емес, енді

көрінген жерге қонып-тұнеуді қойып, уақытымен қазан қайнатудың қамын ойлау керек-ті. Ол жағалауға келіп, бұлар жоқта бауыр басып меншіктеп алған балаларды баржыдан үркітіп қуып тастап, оңашаланып отырып қармақ салды. Айналайын, жағаң береке, сүнг құт Ақ Жайық-ай! Сыла мен бершіктерді қармақ тастасымен аузынан сүйреп шығарып ала берді. Сөйтіп отырғанда мұз таситын таңқылдақ буксир көрінді. Капитан мұны танып, алыстан бұрылып келіп тоқтады.

— Да, Жақау, хал қалай?

— Хал қалпақтай.

— Да, оған не болды? Ағаң қайда? Қашан шығасындар? Кожайын сұрап жатыр?

— Жөндеушілер таптырмай тұр,— деп беті шыли етпей өтірікті қоя берді Жақау.— Құстың сүтін, жыланның өтін сұрайды. Оған шама қайда? Ағам ақша таба алмай ағайындарына кетті.

— Ендеши, мен қожайынмен сөйлесіп қөрейін. Мүмкін, жалақыларыңың есебінен несиеге жөндеп берер.

— Қайдан білейін...

— Ағаңа айт. Мұз еріп қот бермей жатыр, қожайын-ның көнбеске лажы жоқ.

— Жарайды, аға! Асымдық балық-шабақ жоқ па?

Капитан сөзге келмей дәу қозқарын қос көксеркені баржыға лақтырды. Жақау ойда-жоқта үйге орта қап балық арқалап байып қайтты. Соны аршып, кесіп, сорпалғау қызығымен күн кешкертті. Ол көксеркенің басы мен бел кеспесіне қолын тигізбей тақтай шетінә қақпайлай бергенде, Жаңыл інісінің бетіне бажырая қарады.

— Ахтан ағамның сыбағасы,— деді Жақау.

— Ол кісі қайда?

— Баржыда...

— Неге үйге келмейді?

— Шаруасы бар да. Баржы жөндеп жатырмыз. Қазір сорпасымен алып барамын.

Жаңыл жөн сөзге әлен-пәлен деген жоқ. Жақау әпкесін зорлағандай ғып келтіріп алып, енді өзінің емін-еркін жүріп-тұруына кедергі болатынын, жөннен тыс бірдеменің сыйысын білсе, тергеп-мошқап мазасын алатынын қинала ойлады.

Жақау ас-сүн алып, іңірлетіп тысқа шықты да, жағалауға баратын жолға түсіп бірер үйден кейін күрт бұрылып үйіндіге қарай аяңдады. Ауыл тыныш: өзінің баяғы біреу ерте тұрып, біреу кеш жататын — қыбыр-жыбыр күйбен

калпына қайта еніпті. Жайықтың Бұқар бетінен самал есіп, ыстаған балықтың ашқылтым тәтті иісін мұрынға әкеп түр. Айсыз аспанда жұлдыздар самсағанмен, көше тас қараңғы. Үй сыртындағы күресінге жақындай бергенде, сым қоршау шарбақтың ар жағындағы үйінділердің арасынан Ақтестің шәуілдеген шіңкілдек үні естілді. Әлденеге қадалып, ізінен қалмай үріп жүр. Ол өзі көрінгеннің қабағына жалтақтап, кез-келгенге көзін сатып құйрық бұлғақтатуға әзір, бірде аш, бірде тоқ баянсыз тірлік жарамсақтыққа үйреткен бұралқы ит болғанмен, пифылынды көзіне қарап жіберіп түсіне қоятын кереметтей сергек те еді. Адамға ілуде бірде болмаса, сирек үретін.

Жақаудың танауы желбіреп, құлағы ұзарып сала берді. Шеткі үйдің қорасының жанында бұғып отырып, аныс андыды. Сәлден кейін коржиган біреудің қорасы көрінді. Әлгі темір шарбақтан шығып бұзылған үйдің тасасына түсті де, жер жұтқандай жоқ болды. Бірақ қараңғыда жерде жатқан сынық инені көретін Жақауды алдау кын еді: әлгі адамның ешқайда кетпегеніне, жаман үйде бұғып отырғанына мұның иманы кәміл еді. Шынында да, әуден кейін әлгі адамның тықыры естілді: бұқпандалап басып ауылға енді. Оның жай жүрген жазықсыз біреу еместігі айдан анық еді. Жайшылықта ізінен екі елі қалмай, не істеп, не қойғалы жүргенін білмейінше, ішкен асы ішіне батпайтын Жақаудың қазір оған мұршасы болмады: қашан келеді деп, әрбір тықырға елең етіп, екі көзі төрт болып Ахтан ағасы құтіп отырған.

Ахтан Тенізбайдың хабарын көңілі көншімей салқын тыннады. Қажығалидың жағдайын бір білсе солар білер, Қызылсақал оны жасырып қана қоймай, олардың қолына өткізіп үлгерген шығар деген дәмесі ақталмады. Тенізбай да, үшты-куйді хабарсыз екенін аңғартты. Қажығалидың тағдыры бұрынғысынша жұмбақ күйде қала берді, әйтеуір жаманаты жоқ, ол да болса көңілге көп шүкір. Қызылсақал өзі арандағанмен, оны бір жерге жасырып кеткен сияқты Бірақ ол әлі Қажығалидың өмірі қауіпсіз деген сөз емес-ті. Бұл заманда пәлеге ұрыну қас пен көздің арасы.

Ахтан Тенізбайға қайталап жеткізетін өтініштерін айтты да:

— Жаңа, сенің алдында ит үрді, біреу жүрген сияқты боп көрінген. Сен шығар деп едім, бірақ Ақтөс саған үрмейді ғой,— деді.

— Сығалап қарамадының ба?

Үңгірден жорғалап шығу маған қияметтің қайымы.

Ақтөстің саған үрмейтіні кейін есіме түсті.

— Бір қортықты мен де көрдім. Осы арадан шығып, ауылға енді.

— Кортық деймісің? Жалпақтау болып жүрмесін. Үксамай ма?

Жақау иығын қиқаң еткізді.

— Сақ бол! Маған осы тамақ бір-екі күнге жетеді. Келуің жиілеп кетті, тоқтата тұр.

— Онсыз да екі шоқып, бір қарап жүрмін,— деп, Жақау Тенізбайдың сөзін қайталады.— Жәрайды. Күдікті көрінсе келмеспін.

Жақау үңгірдің басқа аузынан шықты да, өзенге барып бір сұңгіп алғып, іргеден қызарған орактай бір тілім айға қарап ауылға енді. Жаңағы бұқпандаған қортық адам есінен кетер емес. Айтқандайын, жүріс-тұрысы сол Жалпақтанаудан айнымайды. Ол үйінің жанына келіп, ауыл үстіне көтерілген орақ айға қарап, ойланып ұзак отырды. Айдың біресе толысып, біресе неліктен семетініне түсінбеді. Ақыры кірпіктері желімденіп, ойы шатаса берген соң, ол бәрін — айды да, әлгіндегі қортықты да тарс ұмытып, үйге барып жатып қалды.

* * *

Таңертеңгі шай үстінде Жақау шайнаған нанын жұта алмай қылғынып қалды оқыстан. Ту-у, пәлекет, нені ұмыттым десе, кешегі капитанның баржыны жөндеу туралы Ахтанға айт деген сәлемін айтпаңты ғой. Жақауға бұл мәселе — өзге мәселелердің бәрінен де маңызды көрінді. Ол астынан су шыққандай байыздалп отыра алмай даға беттеді.

Ту-у, ант атқыр, жер қопарғандай аузынан сілекейі шұбырып, мұншама ұзак үйіктар ма. Сиыр сәске болыпты, күн шекеге шығып, қапырық қайнап тұр. Көршілердің қаз-үйрегі үй айналасындағы көлеңкеге қашып тығылыпты. Кеудесінде қыбырлаған жаны бар мақұлықтың бәрі де бір шаруасын бітіретін уақыт болыпты. Жақау жайлап келіп сәлем берді де, кір жуып жатқан көрші әйелдің көзін ала беріп, сатымен сып етіп үй төбесінен бір-ақ шықты. Бұл жерден үйінді алақанда жатқандай еді. Ол басы тершіп, мұржа көлеңкесінде үйіндіден көз алмай ұзак отырды. Жоқ, қыбыр еткен бейсеует жан баласы жоқ. Сүмендеп жортып жүретін Ақтөс те көзге шалынбайды.

Ол ышқырын көтеріп, тәуекел дегенмен, үйіндіге төте-

леп бара алмай, тағы да жағалау жақпен орағытты. Аяғына оралған Ақтөсті басынан сипаң, үйінді жанында біршама кідірді де ішке кіріп кетті.

Ахтан баржыны жөндеу жөнінде ештеңенің басын ашып айтпады, бір-жар күннен кейін келер, өзі сөйлесер деп жақауrat деді бар-жоғы. Содан кейін ол қалаға барын мезгілі болып қалған соң, көп кідірмей, үңгірден шыға бергенде, біреу аюдай қолымен құлағынан шап беріп ұстай алды. Жақау ауырғаннан да емес, қорыққаннан бақырып жіберді. Жалпақтанау оның аузын басып, іргедегі екінші үйіндінің тасасына сүрелеп апарды. Айтулы салпаңқұлак баланы білегінен мықтап ұстап, тершігөн бетін алақанымен бір сипаң қойып, қөленкеге тізе бұкті.

— Э, қармалдың ба, батыр,— деп Жалпақтанау жымып отыр. Жымығанда жаялықтай еріні жайылып, көзі жұмылып кетті. Жақау оның қазақ емес, бетен нәсілден екенін енді ғана анықтап байқады.— Кім деп біледі, ә? Кұлық асырғыш, ә? Ағат ми... ағат ми!— Ол қазақтың әмма сезін әдейі бұзып сөйлеп отырғандай еді. Ұстағаны болмаса, өғат мінез көрсетпей жымып қана отырған Жалпақтанаудың беті бір кезде адам жейтіндей бұзылып қетті.— Кім бар анда?— деді үңгірді нұскап.

— Ешкім жоқ.

Жалпақтанау баланы қолының ұшымен тартып жіберді. Жақаудың ерні ара шаққандай тыз етті де, домбырып сала берді. Жалпақтанау іле-шала езу тартып, баланы басынан сипады да қайтадан түсін бұзды.

— Кім бар?

— Ешкім жоқ,— деді Жақау безеріп.— Неге ұрасың?

— Ендеше, кімге келіп, кімге тамақ тасып жүрсің?

— Итке.

— Немене ол сенің екі туып, бір қалғаның ба еді?

— Ол менің итім. Жақында күшіктереген, күшіктеріне барып жүрмін.

— Күшіктеріне?.. Ол қайда?

— Эне, үңгірде...

Жалпақтанау үйінді жаққа мойнын созды, оның көзінің шел қаптаған күшік көзінен айырмасы аз еді.

— Күшік деймісің? Ешкім жоқ дейсің, ә?

— Ешкім жоқ. Ол үңгірге кім ене қоюшы еді?

— Кәне, жүр бері.

Ол Жақауды жетектеп үңгірге алып барды. Ақтөс ырылдаپ алдарын ойқастай берген-ді. Жақау жекірген соң, жым болды. Олар іnnің аузына тоңқайып, қаранды үңгірге

көз тікті. **Жалпақтанаудың жалпиған бетінде абыржу бар еді.**

— Кәне, күшіктерді алып шықшы,— деді.

Жақау темір-темірдің арасымен еңбектей жөнелді де, екі күшікті алып шықты. Көмірдей қап-қара, сұтке тойған күшіктер жерге қоя бергенде, ұяларына қарай борпаңдай жөнелді.

Жалпақтанау тізесін қағып, орнынан түрды. Бүйендей тырсаған тер-тер мойнын сұртіп, шақырайған құдайдың құнін тап-таза орыс тілінде боктады. Содан кейін баланы ілестіріп жүріп, шарбак түбіндегі көлеңкелі көгалға жантайды. Сол-ақ екен, танауы пысылдалп қор ете қалғанда, **Жақау** сенер-сенбесін білмеді. «Мынау тұнімен қала тімсініп, үйқы көрмеген пәле ғой, әлде құлығы ма?» деп ойлағанша болған жоқ, бетіне қонған шыбыннан оянып кетіп, көзін ашып алды.

— Сенен бір сұрайтыным бар,— деді.

Айтуын-айтқанмен, сұрауға асықпады. Аузына бір шекім талшын, әлде көкнар салып, ұртын бұлкілдетіп суын жұтып, самасын түкіріп тастап отырды.

— Осы сенің ағаң қайда?— деді **Жалпақтанау** бір кезде.

— Білмеймін. Алтын іздеушілерге ілесіп кеткен.

Жалпақтанау аузы кебістей жайылып, ырық-ырық күлді.

— Неге күлесіз?

— Алтын? Тегін жатқан алтын бардай? Ол ағаң нағыз баукаспе ғой, түрмеде отыр...

— Қайда? Осында ма?

— Жоқ, Князьда... Бірер жұманың тұсында келген жоқ па?

— Түрмеде отырса, қайдан келеді?

— Қашып кетіпті... бірақ қайда барады дейсің, ұсталады ғой. Сенің соңғы кезде қалтаңа шыр біткеніне қарап, ағаң келген шығар деп едім де.

— Жұмыс істеп жүрмін. Табысым шүкіршілік.

— Қайда?

— Мұз тасимын...

— Қанша аласың?

— Үш сом жетпіс тиын...

— Жаман емес, жаман емес,— деді **Жалпақтанау** құптаپ.— Оның дұрыс болған. Табыс тапқан да жөн... ал сенің көбірек табыс тапқың келе ме? Мәселен бір күнде жүз сом.

— Ондай жалақы болмайды.

— Болады, болғанда қандай! Бір күнде ханға сәлем бермestей байып шығасың. Эрине, сәті түссе... сосын өзін-өзің қожа, тірі жанға пыскырып қарамайсың.

— Қолыңыздан келсе, жарылқаңыз.

— Біреуді біреу жарылқап жетістірмейді. Жарылқасаң, өзінді-өзің жарылқайсың.— Жалпақтанауқалтасынан қағаз алып бүктеуін жазғанда, ентелей қарап отырған Жақау Қажығалидың суретін көріп, шошып кетті. Тіпті жасқанып, жыпылықтаң та қалды. Эйтеуір абырой болғанда тұқшырайып отырған Жалпақтанау аңғарған жок.— Мәселен, мынау адамды көргенің бар ма? Танимысың?

Жақау суретті батылдана қолына алып, үстап көрді.

— Көргенің бар ма? Мүмкін бір жерде болмаса, бір жерде кездестірген шығарсың?

— Иә, жүзі таныс. Көрген адамым сияқты,— деп Жақау ойланып отырды да, аяқ астынан айнып, суретті қайтарып берді.— Жоқ, көрген пендем емес.

— Есіңе түсір, балақай. Бұл жәй адам емес, ақша. Ақша, түсінесің бе?

— Түсініп отырмын.

— Ендеңе, ізде. Тап. Осында, қалада, жасырынып жүр. Жүз сом ішінді тесіп бара ма? Сенің білмейтінің жоқ, іздесең табасың.

— Жүз сомды тұластай бересіз бе?— деді Жақау көзі жалтырап.

— Тұластай ал, ұсатып ал, еркің. Эйтеуір тапсаң, жүз сом керен¹ сенікі.

— Тартып алмайсыз ба?

— Тартып алады десең, бірден банкіге сал.

— Жарайды,— деді Жақау әдетінше ышқырын көтеріп.— Қайдан іздеу керек?

— Қайдан іздеу керегін білсем, жүз сомды саған бермей өзім алмаймын ба,— деді Жалпақтанау мырс етіп.— Ізде, тынба, тіміскіле, тышқан кірер тесік қойма! Жер жұтқан, желге ұшқан жоқ. Эйтеуір осы қалада.

— Ұры ма?— деп мошқады Жақау.

— Оның саған қажеті шамалы. Табуыңды біл де, ақша алуыңды. біл. Мә, жүріп-тұруыңа,— деп Жалпақтанау бір сөлкебайды баланың алдына таstadtы.

Жақау мұның бәрі ерін қышытқан әншейін әңгіме ғой деп отыр еді, мәрі мұқалмаған жап-жаңа сөлкебайды көрғенде, аз-кем абыржып қалды. Ақша жүрген жерде, әзіл-

¹ Керен — Керенский ақшасы, деген сөз.

журмейтін өдеті. Енді бас қашыруға да лажы қалмады.

— Ізіне түсsem, кімге хабарлаймын,— деп сұрады ол.

— Маған. Тура біздің үйге кел. Білесің ғой.

Жақау білетін. Оның үйін де, бала-шағасын да, базардың көкжелкесіндегі сүйек-саяқ дүкенін де білетін. Өткенде Ахтан ағасыңдыңтынан нұсқап, оның кім екенін айтқанда, Жақау сене тұрып, сенбеген. Енді анық-қанық көзі жетіп отыр. Апрай, зұлымдық та қойдай қоңыр момақан болып жүре береді екен-ау.

— Ахтан деген есімді естігенің бар ма? — деп сұрады Жалпақтанау.

Жақау біреу тәбесінен су құйып жібергендей селк ете қалды.

— Кім дейсің? — деді шала ұққан бол.

— Ах-тан. Мүмкін біреу-міреуден естіген шығарсың?

— Ол кім еді? Оған да акша тігілген бе?

Жақаудың таң қалғаннан көзі дөңгеленіп кеткені соңша Жалпақтанау ол бірдеме біледі екен деп дәмеленіп қалды.

— Ондайды естігенің бар ма?

— Бар. Біреу емес, екеу,— деп қисындастыра соқты бала.— Біреуі — саудагер... екіншісі.... екіншісі... ау, өзініздің көршініз емес пе?

Жалпақтанау түңіле қолын сілтеді. Ол баламен бала бол, өзінің құр бекерге шашылып отырғанын ұқты. Алайда басқа лажы да жоқ еді: сасқан үйрек не істемейді — алдымен де, артымен де сұнгиді. Кеше өзін Егоров ит терісін басына қаптап жаман шыжғырды. Айтпаған сөзі жоқ: арамтамақсың, шөп басын сындырмай, сылдырлатып акша санап алуды ғана білесің, үкіметті тегін еміп жүрген арам борсықсың деді. «Мә, жепсің» деді бұл оған іштей қолын шығарып. Эрине, батырсынып отырғаны қазір ғой, ол кезде айтқаныңа құлдық деп бас ұрудан басқа лажы бар ма. Шынына келгенде, Ресейдің күллі зымияны жиналған охранкаға жаңадан ғана келген сары ауыз Егоровтан оның айыл жиып жүргені шамалы. Тәбесімен көк тіреген талай дәкейлермен істес болған, өз бойына шактаулы шені, наградалары да жетерлік. Сібір темір жолының бойында бұл із тастамаған қала некен-саяқ. Атынан ат, фамилиядан фамилия өзгертіп, бой тасалап жүрген небір тіскәкты астыртыншылардың тәбесінен жай түсірді. Оның шет жағасын патша охранкасының қазіргі бастығы Горбунов мырза біледі. Бірақ соңғы жылдары патша тағының ата жаулары куланды ма, әлде мұның басынан бақ таяйғын деді

ме — сүрінбейтін жерде сүрінуі көбейіп кетті. Омбыда бір ірі істен ши шығарып алды да, мұны жөпелдем Орынборға жөнелтті. Онда да көп кідіртпей осында аударды. Әрине, бұларда заң қатты. Бір қателігің бір өміріне бағынды байлауға молынан жетеді. Бірақ бір жақсысы — әйтеуір пайдаң тиер болса — далаға лақтырып тастамайды. Міне, өмірін ту-у сонау Иркутскіден бастаған ол Гурьевтен кеп бір-ақ шықты. Сол екі арада неше есім, неше фамилия өзгертуі десенші. Бұл қазір әкесі азан шақырып қойған әдепкі атын ұмытқан да сияқты.

Гурьевке келісімен охрânка оған сүйек-саяқ дүкенін сатып алып беріп еді. Кешегі Гурьев ревкомын талқандар кезде оның қарымын еселеп қайырды. Сол тұста шайқалған берекесін қайта бір нығайтып алғандай еді. Оны бокмұрын Егоров қайдан білсін. Бүйте берсең, қоштасуға тұра келеді деп әуселейді. Қыртыпсың! Өстіп, «құп, тақсыр» деп басты шұлғып жүріп, талайлардың аяғын аспаннан келтірген. Солардан мықты болмассың, өзің бастаған істің ұшығына өзің шыға алмай шашылып кете баарсың бір күні. Мақтанданы емес, ондайға, шүкір, бір кісідей ебі бар.

Алайда «қоштасу» деген охранканың тілінде онша жақсы сез емес. Оның жәй төте мағынасымен бірге көзінді жою деген де астары бар. Ал көз жою оларға түкіргенмен бірдей — ә деп ауыз ашып үлгерпейді: өз қолымен тұншықтырып өлтіре салып, семьяңа еңіреп тұрып көніл айтып, балаларыңа өмірлік пенсия тағайындастының қайтесің. Жоқ, бұларда иман жоқ халық. Мемлекет болған соң, жақсы болсын, жаман болсын заң бар, елдің бірі көбірек, бірі азырак әйтеуір соған кіріптар, ал бұларда ол атымен жоқ. Заң әрқайсысының өз қалтасында, істейтіндері толайым заңсыздық. Оның бәрін жіпке тізсөң төбе шашың тік тұрады.

Сібір темір жолы дегенің қияметтің қыл көпірі сияқты еді ғой. Поезд қызметкерлерінің дені охранка адамдары. Кімге не істейін десе қолында. Әсіресе төземдерге көрсетпегендері бар ма? Сол кезде патша охранкасының орталық лабораториясындағы ғалымдар ойлап тапқан «сатылап улау» деген тәсіл етек алды. Әуелі қоянды улады, оны үйрекке жегізеді, үйректі майын шылқытып қуырып адамға береді. Ешкім ештеңе сезбейді, уланған адам тек бір жылдан кейін ғана өледі. Төземдердің оқыған бас көтергендерінің көбінің көзін осылай жойды. Қайсыбір аспаздардың, даяшылардың жұлшынысының арқасында — өкіметке алты аласы, бес бересі жоқ жәй халық та қосақ-

талып кетіп жатты. Кей-кейде охранка агенттері алғыс түкпірдегі шағын ауылдарға оба, чума дертерін таратып, елді түгел қырып тастап та жүрді.

Иә, ол көп білетін, тарихтың бір кезеңінде көп білгеннің де зиянға шығатыны бар. Заман ыңғайы сол аужайды антартаңдай, бір күні мұның «қажетсіз» болуы ғажап емес-ті. Оның үстіне шаруасы шалқып, иті ілгері жүгіріп тұрғаны тағы шамалы. Ойламаған жерден қырсық шалды. Бәрі жарбай түйедей жарбиған Қажығали деген сұмырай-дың әлегі. Сол келмеді, қырсық келді, басына пәле жабысты, ол дүлей баяғыда қаптаған қалың елдің көзінше мұны өлтіріп тастай да жаздаған: бір періп, мандай тістен жүрдай қылды, тіпті ол аздай жақ сүйегін қоса омырып, үш ай ауруханада жатып, шаққа жөндөлген боп шықты. Бірақ баяғыдай емес, қойдың кәрі жілігін ортасынан күрт еткізетін қасқыр жақ жоқ, байкаусыз қатты басса, қақсағаннан құлын жаңы көзіне көрінеді. Бір күні жақ сүйегін қолына ұстап қала ма, кім білген. Әйтеуір сол пері құсаған дүлей ондырмай тастады. Ұстап, байлап берген адамдары жөндеп іске жарата алмай, қас пен көздің арасында айрылып қалып, ізіне тағы да салпақтатып салып қойды. Үйдің бетін, күндіз күлкі, түнде үйқы көрмегелі, міне, бірнеше күн. Табаны ине шаншығандай сұғып, қара саны қозғауға жарамай салдырап отыр. Біреулер үкіметті тегін еметін арамтамақсың дейді. Шайнапты. Карадай жаныңды жеп, қаныңды ішетінінді білмейді емес, біледі, әдейі айтады. Сенің адамың деп Қажығалидың ізіне тағы салып қойды. Оны қашырған да бұл шығар, мүмкін. Оңбағандар! Оңайды өзіне икемдеп, қиынды біреуге итере салуға мәстек шетінен. Бет-аузын рәсуга қылған сол қара сайтанды құдайым қайта кезіктірмесе еken деп еді. Ойласа, қарадай иманы түршігеді. Бір өтірігі жоқ, әбден зәрезап болғаны сондай.

Ал кескілесен де қан шықпайтын, таяқ та батпайтын, жөпшендіге өле қоймайтын темірдей жарагандай бұл қара перінің ар жағында көзі көкшиген, инеліктей ілмиген Ахтан деген пәлесі тағы бар. Мына қику — соның лаңы. Контрразведка бастығы Горбунов осыдан екі-үш күн бұрын қалада астыртын большевик үйымы пайда болды, соны тез арада тауып, аластау керек деп қол астындағылардың құлағын түгел бұрады. Сонда бас шүлғып отырып, Егоров әкеуі көз астымен бір-біріне қараған. Контрразведка бастығы сол баяғы белгілі бегейдің қара дұрсін кисынына салып, өзін де, өзгені де щастырды — қалада большевик үйымының болуы екіталай, мұның бәрі басқаның емес,

көк көз Ахтанның әрекеті, бұл бірдеме білсе. Оңбаған алаяқ елді алаөкпе қып, із тастап шатыстырып, жалған жолға салып жіберіп, өзі қалада бұғып қалған болды озалдан. Содан із суыған кезде аңыс аңдып жүріп, тағы жер соқтырыды. Егоров екеуі қаладағы төтенше жағдайдың ішкі астарын кітапқа қарағандай танып-біліп отырғанмен, ләм-мим ауыз ашпады. Себебі, Ахтанның мәселесінде артық-кемі жок, екеуі бірдей кінәлі еді. Ахтан қайтадан түтін салмағанда, жабулы қазан жабулы күйінде іс тәмам еді. Аяқ астынан істегенін көрдің бе? Белқасты, қан қақсатып, төбелерінен жәй түсірді. Ол зымиянның басында тағы қандай зұлымдық пісіп жатқанын кім білген?

— Сонымен бірдеме білсем, өзіңізге барамын ғой, деп ежеледі Жақау.

— А-а? — Оймен алыс қиянды кезіп кеткен Жалпақтанау есін тез жиды.— Иә, әрине. Бірден үйге кел. Ешкімге тіс жарушы болма.

Жалпақтанау ышқырын жүре босатып, шарбақтың бұрышына қарай ұзады. Жақау оның сыртынан қолын шығарды да, темір тордан бір-ақ қарғып табанды жалтыратты.

* * *

Бала асығыс еді: кетуге сылтау таппай тызақтап тұрған. Былай шығысымен жыртық бәтеңкесін қолына алып, төте тесік, ашық есік, аула-шарбақтардың жырықтарынан қарғып өтіп, кинотеатрга жетсе, ел кезекті сеанстан жаңа ғана шығып жатыр екен. Үн деп демін бір алып, Жайықтың жағасына барып аяғын өзенге малып отыра кетті.

Тенізбай көп күттірген жок. Жайыққа беті-қолын жуып, балағын түріп, су кешіп әрлі-берлі жүрді де, көлеңкедегі орындыққа барып жайғасты. Көйлегінің түймелерін ағытып, Жайықтың қоңыр самалына кеудесін тосып, желпініп қойып отырды. Жақау оның жанына келгеннемен, қатар отырмай, орындыққа сүйеніп, теріс қарап тұрып сөйлесті.

— Иә, не хабар, балақай! — деді де, Тенізбай жауап күтпей жаңалықты өзі айтты.— Түнде қолға түскен бес тұтқын атылды. Ішінде Қызылсақал да бар.

Баланың тұла-бойы түршігіп, арқасы мұп-мұздай болды. Ол бұрындар өлім дегенге мән бермейтін. Балалардың соғыс ойынындағы өліп-тірілудің ар жақ, бер жағындағы нәрсе көретін, жок, олай емес, ересектердің ойнының сұры бөлек екеніне өткенде көзі жетті. Жақау Қызылса-

қалды билетін, екі-үш рет көргені бар. Көңілі қатты бұзылған Жақау даусы дірілдеп бірдене дегісі келіп еді.

— Жә! Қой, ондайыңды! — деп, Тенізбай тыйып таstadtы.— Өлгеннен бірге өлмек жоқ. Бәріне бірдей жылай берсек — көз жас жетпес. Ендігі кезек кімдікі екенін бір құдай біледі.— Басалқы айтқандай болған Тенізбайдың қолы дірілдеп қалтасынан темекі алып, шылымды азар тұтатты. Содан кейін Жайықтың жөнкіген толқынынан көз алмай, күрсініп қойып, үн-тұнсіз ұзак отырды.— Жайықтың сұнының түсі де, дәмі де бұзылған. Қан татиды,— деді ол бір кездे ғана.— Адамның қаны судай ақты деген осы да. Жақсы жігіт еді, бірге өсіп едік,— деді ол бұдан кейін Қызылсақал жөнінде.— Бір сөзді болатын... Қажығалиды қайда жысырғанына басым жетер емес. Өзі тұтылғанмен, бір жерге оны мықтап жасырып кеткен сыңайлы. «Өлі арыстанинан — тірі мысық» деген, жаны ұядада болса табамыз да.

Тенізбай осылай бірді айтып, бірге кетіп отырды. Оның қатты абыржулы екені көрер көзге көренеу еді. Жақау Жалпақтанаумен жолыққанын әңгімелегендеге, ол бір отырып, бір тұрып, сасқанынан темекінің теріс жағынан тістеп ернін күйдіріп алды.

— Апыр-ай, ә, апыр-ай, ә,— дей берді күйгелектеп.— Осы иттің-ақ қорлығы өтті-ау. Бұған не істесек екен? Қап, енді қайттік? Ол нағылет жәй жүр деймісің, бірдеменің іісін сезген де. Апрай, Ахтан сорлап қалмаса жарады.

Жалпақтанауды алдап, аузын аңқитып кеттім деп отырган Жақаудың көзі дөп-дөңгелек болды. Бұл алдадым деп жүргенде, ол жұлын-құрт аяқтарын аспаннан келтіріп, тырапай асырмаса қайтсін. Мұны жұмсақ жіберіп, сол араның балаларына балмұздаққа ақша беріп, үнгірді тексертуі ғажап емес-ау ол сұмырайдың.

— Мен барайын,— деді Жақау абыржып.

— Қайда?

— Ауыл жаққа... Ахтанға... Элгі оңбаған сол манда қалып еді, қорқыш тұрмын...

— Барғанда не істейсің? Алалап келген ажалға араша бола аласың ба? Құдайым оған сездірмесін де, ақылынан алжастырсын де. Басқа қайран жоқ... Бірақ ол сығыр сезбей қойды деймісің.

Жақаудың да қаупі осы еді, көзіне жас үйірліп, жыламсырап қоя берді.

— Тезірек жүріңіз дағы. Бірге барайық тағы, бір жайыздықты сезгендей жүрегім қобалжып тұр. Ахтанды

көзіміз қып қалай беріп қоямыз. Бір әрекет істемейміз бе?

Теңізбай түймедей қоп-қоңыр көзімен балаға тесіле бір қарады да, шалбарын қағып орнынан тұрды.

Олар ауылға қарай жүрудің орнына жағалаудағы бактың ішіне еніп, құм қайранның арғы басындағы өзен үстіндегі «Калтқы» ресторанынан бір-ақ шықты. Ресторанның маңы түгел толған мотор-қайық екен. Төмен қарай жүргелі жатқан біреуі сөзге келмей бұларды ала кетті. Артында тіркеме қайығы бар, балық таситын тыңқылдақ мотор темір-терсек үйіндісі жанындағы ескі кеменің тасасынан түсіріп кетті. Жар астынан баспалап қараса, үйінді жаны у-шу, толған бала. Ит көрген мысықтай тікірейіп, көзі жалт-жұлт етіп тұрды да, қолына кесек жиып алған Жақау Теңізбайдың қой дегеніне құлақ аспай тұра ұмтылды. Құйындалап барып, балаларға бықпырттай тиді. Бір-екеуін құлақ шекеден жандырып, қолдарындағы күшікті тартып алып, үңгірге зып берді. Лезде үңгір іші де бөрі тигендей у-шу болды. Балалар тесік-тесіктен тарақандай безіп шықты. Кесекті қардай боратып, оларды шарбак асырып ауылға қарай қуып тастағанда, шеткөрі үйдің көлеңкесінен ырық-ырық құліп Жалпақтананау шыға келді.

— Әй, өзің тірі тажалсың ғой. Өрттей тидің ғой. Әй, жарайсың!

— Бұл арада неғып жүрсің? — деді Жақау кірпідей тікірейіп.

— Ұйықтап қалыптын, — деді Жалпақтананау көзін үқалап. — Шарбак түбіне қисая кеткем. Содан қатып қалыптын. Әлгі шаруаны неғылдың, кірістің бе?

— Ондай шаруамен күндіз емес, тұнде айналыспай ма?

— Е, о да дұрыс. Ал мен кеттім, — деп, Жалпақтананау талтаңдалап бетіне жөнелді.

Жақау оны ұзатып салып, жар басындағы жаман кемелердің жанына қайтып келді. Теңізбай бәрін сыртынан танып-біліп тұр екен.

— Не дейді? — деді.

— Не десін, ұйықтап қалыптын дейді, оңбаған! Сол ғой, соның лаңы. Балаларды жинаған ғой... қазір мен олардан білейін, — деп, Жақау ауылға қарай жүлқынып еді:

— Токта! — деп, Теңізбай кідіртіп таstadtы. — Білудің қажеті жоқ. Солай екеніне күмәнің болмасын. Күдік тудырма! Сен сұрап білсең, ол да артынан сұрап біледі. — Ол Жақауға үрейлене қарады. — Әлгі қуаяқтар Ахтанды көрмедине ме екен?

— Жоқ, көрмеген шығар. Үңгірдің бітейтін жері бар. Бітеген шығар.

— Е, ол ақыл болған екен,— деп алды да, Тенізбай иегін ұстап ойланып тұрды.— Жалпақтаңау сезіктенгенмен, әлі екіойлы. Көзі жетпеген. Бірақ ол қайта айналып соқпай қоймайды. Бүгін түнде Ахтанды басқа жаққа ауыстыру керек қалайда.

— Қайда?— деді шоқ басқандай боп жүрген Жақау қуанып.

— Мүмкін, үйге — сіздікіне...

— Қауіпті.— Жақау үзілді-кесілді басын шайқады.— Өзіміз содан азар құтылып шықтық емес пе?

— Ендеше, баржы қалай болады?

— Ол суға батып жатыр...

— Олай болса, тыңдал ал,— деді Тенізбай шұғыл бір әрекетке бел бугандай боп.— Інір қаранғысында осы тұстан «Индер» баркасы өтеді. Бұзылған боп жағаға тоқтар. Капитаны Жармұхамбет деген шал. Атын сұра. Содан кейінгісін өзі түсіндіріп айттар. Ахтан дайын отырсын.

— Мен бірге еріп барайын ба?

— Жоқ, саған баруға болмайды.

Жақау басын изеді.

Асыққанда уақыттың тоқтап қалатын әдеті емес пе? Желімдей созылып күні құрғыр батпай-ақ діңкелетті. Қас қарайысымен, Үйшіктің айналайын масасы да қаптады. Жақау оған елең еткен жоқ, Ақтөсті ілестіріп үйінді жаңындағы қара жерге жамбастаған ескі кеменің құйрығына отырып алып, қармаққа кірісті. Ұстаған балығын жанындағы Ақтөске тастайды, Ақтөс оларды ініне тасып апарып, қайтып келеді. Жақау өзі жүрексініп, үңгірге беттей алмады. Екі көзі өткен-кеткен баркастарда: баркасың — өзеннің тырқылдақ қайық-моторы.

Бір кезде ол төмен жақтан бір тоқтап, бір жүріп, бырқбырқ еткен баркасты көрді. Ол мұның тұсына, кеменің тасасына кеп тоқтағанда, Жақау да көлеңкедей жылыстап лезде жандарынан табылды. Қасы тұксиген, қабасақал шал төбесінен төніп тұр.

— Жармұхаммет ағасыз ба?— деп сұрады.

— Иә,— деді шал қарлығыңқы дауыспен.— Жолаушың қайда? Кәне, болындар!

— Қазір, ағатай!

Жақау үңгірге жөнелді. Ахтан қуысты іштен бітеп алып жатыр екен, мұның тоқылын айтпай танып, темір бітеуді жұлып алды.

— Болыңыз, жүріңіз,— деді Жақау ентігіп.

Ахтан қайда, неге деп мошқаған жоқ, оның сонынан үнсіз ілесті. «Индер» баркасы Ахтанды отырғызып алғып, Жайықты өрлең жоғары асты. Қайда бара жатқанын Ахтанның өзі де, оны қайда әкеткенін жар басында баркасты көзбен ұзатып салған Жақау да білген жоқ, әйтеуір Ахтанның алалап келген бір қатерден аман жырылып бара жатқаны анық еді.

3

Теңізбай екі күн ұшты-қүйді жоқ бол кетті де, үшінші күні Жақауды іздеп өзі келді. Бала не ойларын білмей жүрген: тығыз шаруамен бір жаққа кетті ме, әлде енді мұның қажеті болмаған соң әдейі бойды сырт салғаны ма деп. Жылжып акқан Жайыққа көз сүзіп баржының құйрығында мұңайып отырған Жақау арт жағынан келіп құліп тұрған Теңізбайды көргенде қуанғаннан айқайлап жібере жаздады.

— Амансыздар ма? Ахтан ағам қайда? — болды оның салған жерден сұрағаны.

— Аман... аман,— деді Теңізбай оның жанына тізе бүгіп.— Мұздай аман. Сәлем айтып жатыр.— Ол жымың-жымың етті.— Иә, Жалпақтанау ағаң қалай? Көрісп тұрамысың?

Жақау тыржың етті.

— Кетсінші! Құрысыншы! Жүрегім айниды...

— Иә, ол доңыздың адам сүйер қылышы шамалы. Қалай, бұл маңға келіп жүр ме? Көрдің бе?

— Іздеп келіпті. Мен қашып жолықпай жүрмін. Қажығали ағам табылды ма?

— Табылды.

— Қойшы, рас па?

— Рас, рас...

Жақау Теңізбайдың жеңінен ұстай алғып, жата жалынды.

— Ағатай, Теңіз аға! Айналайын. Өле-өлгенше жақсылығынды ұмытпаймын, мені Ахтан ағаммен кездестіріңіші. Сағындым. Не қайда екенін айтыңызшы? Өзім-ақ іздеп тауып барайын.

— Тауып баратын жерде емес. Алыста.

— Алыста? Немене, Астраханға кетіп қалды ма?

— Жоға, кешікпей кездесесің.

— Кешікпей болғанда қашан?

— Уақыт кеспейік. Кешікпей дедім ғой. Мына айғайшу сәл-пәл басылсын.

— Эйтеуір кеткен жоқ қой, осында ғой?

— Осында, осында... бірақ қалада емес. Шаруа бар, Жақаужан,— деді Тенізбай.

Бұл адамдар шаруа болмаса, біреуді бекерден-бекер іздемейтін, әрі «шаруа бар» дегенде басқа қам-қарекеттің бәрі керексіз нәрседей ысырылып тасталатын. Жақау Тенізбайдың бетіне телмірді. Ал Тенізбай болса күн нұрның астында бұқтетілген толқындары күмістей жалтыраған Жайықтан көз алмай, сүйсіне жымып отырган.

— Аға, сізді атаманның баласы деседі ғой. Рас па?

— Болғам, болғам,— деді Тенізбай басын шүлғып.— Атаман әкеміз: балам теңізге жұғысты болсын деп, атымды Тенізбай қойған ғой. Ал Тенізбайдың сол теңізді көрген жоқ, нанасың ба? Әке үміті ақталмады деген, міне, осы.

— Әкеніз қайда?

— Қайда болушы еді? Теңіз түбінде қайықшак теріп жүр де. Жарайды, ол ұзак хикая,— деп әңгімені шорт кесті де, жаңағы шаруаға қарай ойысты.— Сен бүгін Жалпақтанауды іздең тауып, жақсылап сөйлесуің керек.

Бала азар да безер боп, ат-тонын ала қашты:

— Жоқ, ойбай! Атамаңыз!

— Әуелі тыңдалп ал,— деді Тенізбай түсіндіре отырып.— Бізде «жоқ» деген болмайды. Айтылды ма, бітті. Өл-тіріл орында. Тоқ етері былай: үйіне іздең барып тілдесесің. Жек көргеніңді жасырып, майлы қасықтай жылпылдан, жік-жаппар бол.

— Ол не үшін?

— Өзің үшін. Оны кейін түсінесің.

Осы кіслердің-ак жұмбағы таусылмай діңкелетіп болды: ашық, анық бір сөз жоқ. Ылғи бір астар жатқан, ылғи бір қатпар, шетінен аузын баққан қосурей. Дендер айту жоқ, бірдеменің шетін шошайтады да, өзі шырғадай басты шыр айналдырады. Бұл не әдет? Енді, міне, түрін көрсөң құсқың келетін Жалпақтанауды іздең барып, ағалайсың ба, көкелейсің бе, әйтеуір іш-бауырына кір дейді. Қажет болса Жақау сайтанмен де тіл табысуға бар. Жалпақтанауға аяқ астынан соншама неге зәру бола қалғанын? Айтып түсіндірмей ме екен? Жоқ, өзің үшін керек дейді. Ай, осылар да қайберде бетімен лағады-ау, әбден кияли болып біткен бе?

Жақау Жайықтың шымырлаған ағынды суына әбден мауқын басқанша шомылып, нанын жүре күйсеп, айлаққа келді. Айлак қала мен ауыл арасындағы мүйісте, кеме жөндейтін заводтың жанында еді. Осы арадан қаланың арғы басына дейін жолда екі-үш жерге токтап, кісі таситын паром жүретін. Жақау ол паромдағыларға өз адамы еді. Бұрындар аялдамаларда шәлкі алғып, шәлкі беріп, үзак күн тегіннен-тегін болысып, қолғабыс ететін. Оның үстіне паромды сүйрейтін мотордың моторисі — Еремей үй арасы жақын көршілері, Дашка тәтейдің ұлы. Жақау ел жапырлап мініп, орынға таласып жатқанда, паромдың менсінбей, моторға өтіп, үсті-басы май-май Еремейдің жанына келді.

— О, Жақаука, көрінбей кеттің ғой, қайда жүрсің?

— Жұмыс істеймін.

— Е, жарайсың. Азамат болыпсың ғой. Балық жеймісің?

— Болса, әкел...

Еремей бір қаңылтыр балықты оның алдына қойды. Моторын жүргізіп жіберіп, табаққа өзі де қол салды.

— Қалай, ауыл, қала боп, казачьелермен тәбелесіп тұрсындар ма?

— Қойдық қой...

— Неге қоясындар?

— Қала бел алғып кетті.

— Ой, боқмұрындар! Біздің кезімізде...

— Олар қарулы. Самоделка, кәдімгі тапаншалары бар.

Атады.

— О-о! Олары қауіпті екен. Құтырды десенші — казачье. Откен жұмадағы оқиғаны естіп пе едің? Бөрі тигендей бөріктірді, енеңді үрайындарды. Қан-жоса қып қырып салыпты. Бастап жүрген Ахтан деген бір шпанада деседі.

— А-а?

— Сондай өлгенін білмейтін өжет жігіттер керек, сондағана бұл казачье құйрықты қысып жүреді. Біз қатын алдық, тәбелесті қойдық. Енді сендер ауылдың намысын жыртастын...

Еремей шешесі Дашка тәтеден аумаған, өзі жемесе де аузындағыны біреуге бөліп беретін аңқылдаған ақжелең жігіт. Қала мен ауыл қақтығыстарынан қалмайтын, тәбелес десе жанып түсетін, қиратып жапырмағанмен, бір кісідей қауқары бар жұмыскер ауылдың жүректі жігіттерінің бірі

еді. Ауру қалғанмен, әдет қалмайды — ауылдың арын арлап, өлі қызынып отырғаны мынау.

Жақау паромның ең соңғы аялдамасынан түсті де, тұра базарға қарай тартты. Жалпақтанаудың үйі сол маңда, базардың көкжелкесіндегі адам түсініп болмайтын, ығы-жығы көшелердің бірінде. Есік алдында ойнап жүрген балаларынан әкелерін сұрағанда үйде деп еді, үйге келсе, есік тарс жабық. Ішінен ілмектеп алыпты. Жақау есікті бір-екі рет жүлқып, тоқылдатып көріп еді, үй ішінен есіктің ашылып-жабылғаны, әлдекімнің бір-бірін ырсылдал қуғаны сияқты оғаштау, дыбыс естілді. Бір кезде әйелдің шыңғырған үні шықты. «Өй, мына онбаған есікті кілттең алып, әйелін сабап жатыр екен ғой, нeden жазды екен байғұс» деп ойланғанша болған жок, әйелдің түсініксіз тілде бірдеме деп былдырлап, сықылықтап құлгені естілді. Артынша шөп-шөп сүйіс, ырсыл-гүрсіл, әйелдің бажылдаған айғайы, Жалпақтанаудың кәрі бурадай күркілі құлаққа жетті. Жақау жәй-жапсарды енді ғана андал, жымың-жымың етті. Тоқал алған, әйелі жап-жас деуші еді. Әукені салып жатыр екен ғой байғұс екі кештің арасында...

Дыбыс басылған соң, Жақау есікті тықылдатып еді, қызара бөрткен Жалпақтанау дамбалшаң сыртқа шықты.

— Оу, сенбісің? Жәй ма?

— Жәйшылық, амандық білейін деп.

— Оның жақсы. Бірақ мезгілсіз кезде жүреді екенсің. Жә, бері кел,— деп, кең ауланың ішінде тең-тең бол жиылған бөренелердің жанына кеп жайғасты.

— Үй салмақшысыз ба? — деп сұрады Жақау.

— Иә, мына үй шөгіп кетті. Ағаштан болмаса, жер үйді ұнатпаймын. Иә, не хабар?

— Хабар болмай тұр.

— Қайда болдың?

— Қайда болдың дерің бар ма? Жағалау бойындағы ескі кемелерді түгел қақтым. Қазақ-орыс моласын шарладым. Ертең Тасқалаға барамын.

— Онда бармай-ақ қой.

— Неге?

— Оны адақтағанбыз. Алғашқы күні-ақ.

— Солай ма еді? Ендеше маған біреулер...

— Немене? Тасқалада біреу бар дей ме?

— М-м...

Жас тоқал есіктен сығалап бірдеме деп еді, Жалпақтанау бүған «ә, жарайды» деді де, үйге қарай талтаңдады.

— Келіп тұрайын ба, ағасы?

— А-а, иә... келің! Келің!

Жалпақтанау үйге кірді де, Жақау аулада сәл-пәл отырып көшеге шықты. Жалпақтанаумен әңгімесі өзіне мұлде ұнаған жок. Базарға жақындей бере көше бұрышында әрбіреуден жөн сұраған қабасақал адамды тағы көрді. Ол әлгінде бұл Жалпақтанаудікіне келе жатқанда да осы маңда жүрген. «Әй, қазағым-ай, қалаға келсөң, орманға келгендейсің» деді де қойды, басқа дәнене өйлаған жок.

* * *

Екі күннен кейін қала басы «Ойбай, Тасқала жақта сүйек-саяқ дүкенінің иесін өлтіріп кетіпти» деп шу ете қалды. Жақау бұл хабарға қуанбаса, ренжіген жок. Қайта, өзіңе сол керек, көп асқанға бір тосқан деп табалады. Ертеңіне «Ойбай, ол емес, өлген басқа екен, Оңғыт тірі екен» деп, бастапқы қауесет басқаша шалқыды. Жақау анық-қанығына көз жеткізу үшін, Жалпақтанаудың үйіне барған, есік алдында ойнап жүрген балалары алдыңғы күні ойламаған бір жайсыздықтың болғанын, әкелерінің тірі, бірақ ауруханада екенін айтты.

Жақау сол жақтан, әсіресе қаланың барлық жаңалығы тоғысатын базар алдындағы насыбайшы шалдардан әңгімеге егжей-тегжей қанықты. Оқиға, шынында да, Тасқала да болыпты. Тасқала дегенің — қаланың шетіндегі, орыс моласы мен қазақ зиратының арасындағы Гурьев Гурьев болғалы, мүмкін одан да бұрын, үй құрылышына топырақ алып келе жатқан жер. Осы қаланың бар үйі сол топырактан салынған. Ойда жоқта ішіне бір енсен, мың шұңқыр, миллион үңгірден жол тауып, қайтып шығуың негайбіл. Сүйегің сонда қалуы да ғажап емес. Әрі өзі қаланың да, даланың да ұры-қарысының жиналған жатағы. Тасқалаға топырақ тасып, тас соғушылардан басқа тірі жан аяқ баспайды. Ажал айдады ма, бейнет жетеледі ме, әлгі байғұс түнде өрістен келмей қалған қойларын іздел сонда барған. Еңгезердей екі адам ұстап алып, ит тепкісін шығарып сабап, қауғаның жібіне аяғынан асып іліп кетіпти. Ұзак түн бойы бақадай тарбандаپ тұрған бақан басында бұл сорлы. Таңертең сиыр саууға шыққан эйелдер көріп, байғусты түсіріп алыпты. «Кеудесінде жан бар деседі, әлі тірі көрінеді, бірақ енді үйірге қосылуы қын шығар» десіп отырды қариялар.

Жақау шалдардың әңгімесін қаз қалпында, айтылуына

қарай кездейсоқ қайғылы оқиға ретінде қабылдады. Ол өзін білмейтін пәлесі жоқ ересек санағанмен, әлі үлкендермен іш құлық, астарлы айла таластыра алмайтын, бірді дендел үқса, екіншіні шала ұғатын кәдімгі бала еді. Ол Жалпақтанаудың Тасқалаға өрістен қайтпаған қойын ізден бармағанын, қойы қорасында түгел екенін, оны тұн баласында Тасқалаға бұл айтқан бір ауыз сөз — біреулер бар екен-міс деген қауесет жетектеп апарғанын ұқпады. Қажығалиды өзі тауып, өзі ұстап, бір жағынан жұмыста беделі артып, бір жағынан ақшалы бол қалмақ еді. Кім көрінгеннің есігінде жүрген қаңғыбас Жақаумен ақша бөліспек емес-ті. Жақау балалықтың салдарынан — ағайын іздеген ауыл қазағының да сол манда бекер жүрмегенін сезбеген.

Теңізбайдың желкелеуімен Жақау оншакты күннен кейін Жалпақтанаудың халін сұрамақ болып, ауруханаға барды. Жалпақтанаудың басы-көзі түгел шандулы екен. Мұны даусынан танып:

- Жақаумысың? — деп елең етті.
- Иә... Халыңыз қалай, Оңқа?
- Халдың несін сұрайсың? Хал осы.
- Ештеңе етпес. Ауырып тұрдым — аунап тұрдым.

Оңалып кетерсіз де.

— Эй, қайдам, шырағым. Тән сау, көз жоқ. Екі шырағынан айрылған соң, ол не өмір?

- Дәрігерлер не дейді?

— Не десін? Көңіл көншітер ештеңе айтпай тұр.— Ол сипалап тауып алып, Жақаудың қолын ұстады.— Келгениң жақсы болды. Үйге де келіп кетіпсің. Мен сен туралы жаман ойлап қалып едім...

- Неге?

— Неге дерің бар ма? Жәй әншайін... Халымды сұрауга келмеген соң, өкпелегенім дағы.

Жақау неге екені белгісіз, осы бір жексүрін адамды жиіркене жек көре отырып, бір жағынан жаны ашыды. Шауып жүрген адамның жанынан тұңіліп, майып болып қалғанын көру оңай емес. Оның үстіне Теңізбай желкелеп итеріп, екеуінің арасын жақындастырып әлек. «Біздің ата жауымыз екені рас, бірақ қайтесің... керек адам», — деп қояды. Жақау оның тезірек жазылып шығуына тілекестігін білдіріп, әрі дәрі сасыған ауруханадан тезірек таза ауаға шықпақ болып еді, Жалпақтанау оның қолын босатпады.

- Тоқтай тұршы,— деді.

Сәл-пәл тынысып алды ма, әлде ойланып алды ма —

Жалпақтанау ұзақтау әңгіме бастады. Жақаудың қайтадан жайғасуына тұра келді. Ол өзі қазак та, қырғыз да емес, түбі бәтен, туған жері жыракта... жыракта, көк теңіздің жиегінде. Құдіреті күшті тағдырға не шараң бар? Жердің түбінен желкелегендей ғып осында әкелді. Балалар үйренісіп, айналамен тіл табысып қалды... бірақ әйелі әлі өгейсиді, сыртқа шығып жарытпайды. Азын-аулақ нан айырып отырған анау дүкен де тас бітеу жабық... Жақау оның көкейін айтпай танып:

- Жарайды, Оңқа, мен қолғабыс етейін,— деді.
- Сөйтші, айналайын. Ана балалар түктің мәнісін білмейді.
- Улкеніздің дүкенге отыруына болатын еді ғой.
- Кой, жок. Дүкені құрысын. Ештеңе етпес. Қолынды менің жастығымның астына тықшы,— деді Жалпақтанау баланың қолын өзіне қарай тартып. Жастық асты сылдырлаған сөлкебай екен.— Біреуін, тек біреуін ғана ал. Кәне? Қайсы?..— Жалпақтанау баланың алақанындағыны сипалап тексеріп көрді.
- Бұл не үшін?
- Саған, өзіңе. Керек-жарағыңа...
- Өй, мен еңбегімді сатпаймын, тегін-ақ істейтін едім ғой.
- Тегіннің тұзы татымайды.
- Ал жарайды, сау тұрыңыз.
- Тоқта!— деп Жалпақтанау оны босатпады. Керісінше:— Бері отыр,— деп өзіне қарай тартты да, құпиялай сыйырлап баяу сөйледі.— Откенде көрдің ғой менің әйелімді. Балардың шешесі өлген соң, өткен жылы елге барып зорлап әкеліп едім. Мына араны жерсінер емес, еліне қашпақ ойы бар. Осыған көз бол. Сосын көрші-қолаң еркектерді байқа. Еңбегінді жемеспін.

Уа, патшағар, мынау не дейді-ай: өле алмай жатып, қатының қызғануын қара. Қатынның етегі үшін жанынды салатын сарыезу болмағай едің. Оның әңгімесін естіп, Тенізбай ішек-сілесі қата сылқ-сылқ күлді. Ол Жақау мен Жалпақтанаудың бұл жолғы сұхбатына риза болып, қөнілі жайланды: қатердің қара бұлты кері серпілгендей болды. Ал Жақау болса өзінің басына қауіп төнгенін үқсан да, сезген де жок. Баламысың деген осы да.

Кешегі у-шу, даңғаза кезінде Жақау қылқөпірдің үстінен өткендей болып жүріп, бөркі қазандай әкінің бірінің қолынан келе бермейтін талай іс істеді. Сонымен бірге бұған дейін қараңғы талай жайларды көріп-біліп көзі де

қанықты. Дәп сол кезде **Жалпақтанаудың** оны төңірктеуі тегін емес-ті. Патша охранкасының әбден сартап болған бесенеден белгілі тәсілі. Әуелі асты-үстіңе түседі, азын-аулақ шарапатын тигізген болады, сөйтіп жүріп айналанды тіміскіп, індептің қазады да, бір күні қыл тамақтан алады. **Жалпақтанаудың** әрекетінен сол сыңай аңғарылған. Ал баланың аты бала. **Жантұршігерлік** азапқа шыдай алмай айтып қоюы ғажаң емес-ті. Осыларды сараптай келіп, астыртыншылар **Жалпақтанаудың** жанын жәһәннамға жіберу керек дескен, басшылары — Ибраһим абзи біз бандит не террорист емеспіз, саяси күрескерлерміз, сөзіміз де, ісіміз де саяси күрестің аясына сыйымды болу керек деп алжығанның сөзін айтып, көнбей қойды. Дегенмен Текізбайлар қорлығы өткен неменеге дегендерін істеп тынған: қомағайдың иістенген жемге қабатынын біліп, **Жақауарқылы** өтірік қауесет жеткізіп, Тасқаланың жанында үстап алып, көкала қойдай ғып сабап-сабап, бақан басына іліп кеткен-ді.

Дегенмен **Жақаудың** басына қарай жөңкілген қара бұлт әлі де біржола айыққан жоқ-ты. Қамкоршы боп **Жалпақтанау** ойнаған ойынды — қолғанат боп **Жақау** да ойнауы керек болды. **Жақауды** **Жалпақтанауға** зорлап жұғыстырудың себебі сол еді. Қашама ішіне пышақ айналмайды дегенмен, ол да ет пен сүйектен жараган пенде емес пе — **Жақаудың** жалпаңына сеніп қалғандай.

4

Өзеннің қиқым шаруасына ғана жараган «Индер» қайық моторы тұмсығын дірдектеген ағынға қаратып ап, Жайықты өрлеп тырқылдал келеді. Қала үйықтамаған, ояубағана басындағы фонарьлар сөнбеген, бродвейде ерсілі-қарсылы сендей соғылсықсан ел. Қалалық бақтың жанындағы қалқымағы «Қалтқы» ресторанында оркестр әлі де дабылын аспанға қағып, күніреніп жатыр. Дегенмен үзак күнгі у-шу тірлік саябыр тауып, аяқ із басылар кез де жақын. Құм қайран жаға бойлары адамнан сиреп қалыпты. Тек фонарьлар ғана **Жайық** үстіне сөule шашып, әлсіз жылтырайды.

Рубкада «Индердің» өреліне жабысып еңгезердей жүнсақал біреу отыр. Темекі жарығынан үйисқан сақалмұрты, жалпақ танауы жылтырап қалып отырганы болмаса, түр-түрпатын анық ажырату қын. Рубка іші қаракеуім.

Жартастай мелшиген жұнсақалда үн жоқ.— Жайықтың арнасын абыр-сабыр ғып, толқынымен төңкере жаздал, қарсы жақтан әскер тиеген, жүк тасыған екі-үш баржы өтті. Екі-үш буксир бұларды қуып жетіп, басып озды. «Индер» болса Жайықтың толқынына батып шығып, өгіз митыңмен ілбіп келеді. Эйтеуір абырой болғанда тоқтатып, мошқаған ешкім жоқ. Ауыл арасының күйбің тірлігіне ғана жаралған бұл бейшара мотор қайықты ешкім менсініп көзге ілмегендей еді. Мотордағылар ауыл арасының балықшылары сияқтанып, соңдарына ау тиеген қайық тіркеп келе жатыр. Ол кулықтары жүзеге де асты: қала сыртындағы посты да бұлар жанынан тырқылдап өткенде, «кімсіндер!» деп елеген жоқ.

Жұнсақал постының жанынан өткенде, есінеді ме, уніледі ме — әйтеуір бойын жазды. Құрысып қалған иықтары күтір-күтір етті. Ештеңені мошқап сұрамағанмен, жағдайды айтпай түсініп, айнала-төңіректі көзбен бақкан Ахтан да иығынан ауыр жүк түсіп, бойы жеңілдегендей болды. Қайық мотор қала сыртына ілікті.

Кешікпей жар басынан жел диірмен қарауытты. Капитан рубкадан басын шығарып елеңдегенмен, тоқтамай өтетін ниет танытып еді, жар астынан фонарьдың жылтыраған жарығын көріп, шұғыл бұрылып, суаттағы қайықтардың арасына келіп тоқтады.

— Парамон атай! Өзіңбісің?

Жел диірменнің жанынан қараңдаған көлеңке жөтеліп дыбыс берді.

— Иә, мен ғой... Жөрестісің?

— Тыныштық па?

— Тыныш... тыныш.

Ахтан диірмен жанынан түсіп қалды да, қайық мотор Жаманқалаға қарай ұзады. Қалтылдаған кәрі шал оны қолынан ұстап қалың сораң мен қурай арасындағы жалғыз аяқ жолмен жар басына жетелеп шықты. Биік шомның үстіндегі қаңқиған жел диірменнің жанында шағын ғана жермен-жексен зілмәңке бар екен. Дәу төбет арсылдан қарсы ұмтылды да, иесін танып, құйрығын бұлғактатып аяқтарына оралды.

Айнала қалың егін, тұтасқан кісі бойы жүгері. Қалыңдыққа қамалған күнұзынғы қапырық демі, пісе бастаған қауын-қарбыздың тәтті шырын исі танауға ұрды. Ахтан еркіндіктің, бостандықтың қадірін түсініп, өмір шіркіннің дәмін алғандай тұра қалып, көкірегін кере тыныстады.

— Демінді ал,— деді шал зілмәңкенің есігі наядынай

сықсима фонарын қойып жатып.— Еркіндік дегенниң не екенін білемін. Таңдайыма батқан адаммын.

Парамон атай кең көйлегін көтеріп жіберіп, ышқырына байлаулы темекі дорбасын алғып, есік көзіндегі сәкіге жайғасты да, темекі орады.

— Міне, осында тұрасың,— деді ол әлде зілмәңкені, әлде айналған төңіректі мензегені белгісіз.— Қауіпсіз деп айта алмаймын. Қаланың іргесі. Бірақ амалдауға болады. Көрдің бе!— Ол кісі бойы жүгеріні нұскады.— Қалың орман дерсің. Алдыңғы күні тіміскіп кеткен. Егінді жапырғаннан басқа түк таппады. Шөлдеп отырған шығарсың?

Шал ішке кіріп кетті де, артынша бір қолына қарбыз, екінші қолына бір бөлке наң ұстап шықты. Ахтан тамакқа бас қойғанда, Парамон шал темекісін тутіндеп, оның жанында бей-жай отырды.

— Білем. Қазір ат-жөнінді сұрайтын заман емес. Кешіргейсің қарт мылжыңды. Сұрайын, дегенмен Ахтан емеспісің?

Тәтті қарбызды үсті-үстіне құныға асаған Ахтан шалға абайлас мойнын бұрды:

— Болсақ болармыз...

— Шының ба?

Ахтан кекесін мырс етті.

— Сол есімді біреу алам деп сұраса, қуана-қуана берер едім.

Шал санын шарт еткізді.

— Бәсе, бәсе! Өзім де ойлан едім: дәу де болсаң — Ахтан шығарсың деп!— Шал күректей алақанын Ахтанның иғына салды, — Айналым өзінен. Құдай жаныңа жамандық бермесін, Мәрия кейуана желеушің болсын. Міне, крест! Шын көнілім...

Ахтан оның бетіне аңтарыла қарағанда, шал:

— Ақ-адал шыным,— деп тағы шоқынды.— Көлгірсу емес. Қазір тұсіндірейін...— Парамон атай аузынан тутінді бұрқ еткізді.— Мен еңбекпен көзім шыққан қарапайым орыс адамымын. Мына дүниенің кіндігі — еңбек. Большевиктердің осы еңбекші сөзін сөйлеуі мені қуантады... Еңбек — өмірдің қожасы. Мұндай сөз бірде-бір әулиенің аузынан шыққан емес. Әрине, мен жүріс-тұрысым ауырлад, жасыма келіп қалған адаммын — большевик бола алмаймын. Бірақ өсиеттері көніліме қонады. Қолымнан келгенше қолғабыс етемін, азды-көпті көмегім тигені дебар. Қызыл өрттің ішінде Рыбакты сақтап келіп едім, қолымнан шықты да, мерт болды.

— Қай Рыбак? — деді Ахтан.

— Неше Рыбак бар еді? Менің білетінім — Яков Семенович. Бір жағынан туыс еді. Түбінде бір пәлеге ұшырайсың-ау деп едім, ұшырап тынды.

— Оны атып жібергенін естідіңіз бе?

— Естідім. Ол осыдан бір жыл бұрын атуға кесілген. Астраханға кет деп осыншама қақсадым, кетпеді. Ажалына көрінді.

— Рыбак адал, жақсы азамат еді. Оның өліміне менің де кінэм бар.

— Жоқ, олай деме. Эрине, іннен шықпай бұғып жатып алса, тірі қалар ма еді, қайтер еді?! Бірақ олай адамдықтан айрылу да қын емес қой. Түрмеде отыргандардың көбі Яшканың жолдастары еді. Қайта адамшылық парызын өтеді. Ақ өліммен өлді. Ол да қазір оңай сауда емес. Ал сен, балам... — Шал тағы да Ахтанның иығына қолын артты. — Қайрат көрсетер азаматтың құрып-бітпегеніне көз жеткіздің. Басынып алған атаманшыларды беттен бір періп өттің неде болса. Енді есірмей, аяқты абайлаپ басатын болды. — Парамон атай Жайықтан ескен қоңыр самалдан ормандай шуылдалп тенселген жүгерілікке иегін көтерді. — Елдің ризығына биыл ну боп есті, жарықтық. Орман дерсің. Бір адамға пана болуға жарайды. Қорықпа! Алалап келген ажал болмаса, бір есебін табармыз.

Барак жұнді дәу төбет құлағын тігіп жатты да, бір кездे орнынан тұрып қала жаққа қарап маңқ-маңқ етті. Алғашқыда мән бермеген олар ит шығырдан әрі асып, кадалыңқырап үрген соң, диірменнің жанына барып тың тындарды. Оғаш ештеңе көзге шалынбады. Бөтен дыбыс жок. Қала екі арадағы тобылғылы бүйрат карауытып қана жатыр. Шал: «Бұл ит неге үрді? Аңға, малға бұлай үрмеуші еді?» — деп алып, Ахтанға жүгері арасына бой тасалай тұр деді де, өзі құс мылтығын иығына іліп, иттің соңынан кетті. Төбетінің атын атап шақырып, жөткірініп дыбыс беріп барады. Сәл кейін Парамон атайдың әлдекіммен жөн сұрасқан даусы естілді де, артынша тыныштық орнады: ит те үруін тоқтатты.

Парамон атай екі-үш адам боп оралды. Сақтық ойлаған Ахтан олардың қарасын көрісімен жүгері арасына қарай жылыстай бастаған — Тенізбайдың даусын естіп қалт тоқтады. Ол қараңғыда келе жатқан үшеудің аяқ-қолы саландағаны Қажығали екенін айтпай танып, тұра үмтүлды.

— Қажығали!

— А! А! Ахтан! Сенбісің? Апыр-ай...

Екеуі құшақтасып бір-біріне жабысты да қалды. Еңгезердей Қажығали солқылдаш жылап жіберді.

— Апырай, жаратқанның кеңшілігі көп екен ғой. Көрісетін күн бар екен-ау. Мың шүкір, екі бастан. Құдай бүгін алса да, арманым жок.

— Қой, қысқа тілек тілеме.

— Сөздің ләмі де, екі бастан. Енді өзім де өлгім кеп тұрған жок.

— Е, сүйде.

Екеуі айрылыспай бір-бірін жеңінен ұстаған күйі көк шөптің үстіне тізе бүгісті. Қараңғыда бір-бірінің бетіне үңіліп, жүздерін дұрыс көре алмай арманда боп отыр. Үй жаққа барып шалмен оңаша сөйлесіп келген Тенізбай бұлардың мына отырыстарын көріп, күліп жіберді.

— Ау, Ләйлі мен Мәжнұн сияқтысыңдар ғой, балқасты. Айып етпе, Тенке.

Оқасы жок, әзіл ғой. Ал Ахтан, мен кеттім. Таза жақсылап тынығындар. Екі-үш күннен кейін келер-ми. Сонда асықпай әңгімелесерміз.

Рахмет, Тенке,— деп, Қажығали да Тенізбайдың алды.— Жақсығың алдынан шықсын.— Ол үй иегін қақты.— Ақсақал қайтты, келісті ме?

— Э, ол жағы тап-түйнақтай, қам жеме. Шал адам не демесінде. Бір жағынан өзін де мезі ғып біттік. Ал, жігіттер, қуадашпен қауышуға жазсын, ләйім.

Тенізбай әдетіншे артық-ауыз сөзге келмей жолға түсті де, көзде көлеңкедей сузып көзден ғайып болды. Ахтан оның соңынан елеңдей мойнын созды. Артық сөзі жок, сауыт-түндай сак, барынша тиянақты, майлық-сулыққа бірдей бір мың болғыр жігіт өзі. Бәрін қолмен қойғандай үн-тұнсіз жайғап жүреді. Аяғына бас ұрып, бір рахмет айтатын адам болса — осы. Қолғабысы көп болды. Ахтан Қажығалидың әлгі шал жайлы сұрағанына түсінбей отырған.

— Ол нे әңгіме?— деп сұрады.

— Тенкеңе біраз сөз айтты. Менің келгенімді жаратпады білем.

Жок, Парамон атай ондай ниеті жоқтай дәм-тұзын алып, қарбызын көтеріп келді. Тураган нанды алдарына қойып, қарбызын жарды. Дәу қарбыз пышақ тиер-тиместен тарс етіп жарылып, екіге бөлінді де, тәтті шырын іісі ауаға тарады.

— Пах! Пах! Таңдаған-ақ екенмін. Қарбызым қарбы-

зым-ақ екенсің! Алындар, айналайындар, наимен қосып алындар. М-м, тұнып тұрған қант екен.

Қазір кеңірдектеп тойсан, қазір түк көрмегендей қайта жегің келетін жеңсік асқа жігіттер тістерін басты. Шырынды, дәмді қарбыз ауызда еріп, тілді үйірді. Өзгелерден бұрынырақ кекірік атып, кері ысырылған Ахтан:

— Атай, бізді ауырсынбадың ба? — деп еді, шал:

— Жо-жоқ, құдай сақтасын! — деп азар да безер болды. — Ол сендерге қатысты әңгіме емес, әлгілерге айтылған базына, қит етсе бері қарай тұра жүгіреді. Уа, айналайын, мынау менің меншігім емес, екінші гильдия дәрежелі көпес Моховтың меншігі, Моховтың дүниесі. Тексеру келсе қайтемін, сосын сұраусыз нәрсе жоқ, тым көбейе беруге болмайды. Әлгі анау жерқұт Тенізбайға айтып жатқаным ғой. Ол түсіндірді, мен түсіндім. Сендер туралы әңгіме жоқ.

— Рахмет, атай! Біз салмақ салмаспыз. Тезірек қарамызды батыруға тырысармыз.

— Айттым ғой, сіздер туралы әңгіме жоқ деп. — Шал мойнын созып иегімен жүгерліктің арғы басын нүсқады. — Ана тұс қалыңырақ. Сонда жайғасындар. Жағалау бойында шабылған шөп бар. Содан шөп алындар. Ал көзге түспеу жағын мен сіздерге үйретпей-ақ қояйын, өздерің де білетін шығарсындар. Қарбыз да сол маңнан табылған қалады.

* * *

Ахтан мен Қажығали түнейтін жерлерін шамалады да, іргеден сылдырап аққан Жайықтың жағасына шықты. Жанға жайлы қоңыр самал аңқылдалап тұр. Екеуі шешініп, жуынып, аяқтарын суға малып, әлі ыстығы қайтпаған жағалаудың мамықтай жұп-жұмсақ құмына жантайды.

— Қайран, Жайық! — деді Қажығали кеудесін кере тыныстап. — Адамға туған жер кәдімгідей пана екен-ау Жайықты көргенде, жау алмайтындей сезінем.

— Қызықсың! Жайығың да жаудықі емес пе?

— Дегенмен өзіміздікі сияқты. Жауға қимаймын... Қайран, Жайық! Кеңес үкіметі мүмкін иесіне кері қайтарар.

— Халқымыздың жаны, қаны, көз жасы еді ғой бұл Жайық. Оны біреуге қалай қиярсың. Тіпті, кейде есіңе түссе, ішің удай ашиды. Осында жауыздыққа барған ақ патшаға халықтың жүрегі қалай да қара тас болмасын.

Ахтанның сөзінде қылдай қиянат жоқ-ты: халқымыздың көңіліне шемен боп қатқан ғасырлық мұң-шерінің бір үшіғы жатыр. Ақ патша Жайықты қазақтан тартып алып, әскери шеп құрып, форпосты, кардондармен тығындағы коршап тастады. Аш өзекке әл берген жалғыз өзен көзден бір-бір үшты. Ақ Жайықты көргенде қазақтың көзінен домалаған ыстық жас омырауын жуады. Ақ патша бермеймін деп, қазақ баласы қалайда аламын деп қырқысқалы, міне, үш ғасырға айналды. Қазақтың намысты ұлдарының сүйегі осы өзеннің қос жағалауында ана жерде де, мына жерде де шашылып жатыр. Кейінгі үш жұз жыл бойы ұлық-кішік қантөгіс, ереуілдердің аш өзегінде қолқаңа шегірдей қадалған Жайық тағдыры. Ақ патшага қарсы ат сабылтып, төңкерісшілердің сонына ерген қыр жұртыйның көкейіндегі осы Ақ Жайықтың мұны жатқанында дау бар ма?!

Ай туып, Ақ Жайықтың толқынды арнасы нұрға толды. Ай жарығында шабақ ойнап, балық шоршып, маса-шыбын қуалаған инеліктер қаптап кетті. Бақа бақылдала, шілделік шырылы құлақ тұндырады. Ахтан мен Қажығали үзак сыр шертісті: біресе әріге, ата-бабалар тарихына кетеді, біресе бүгінге — күнделікті тірлікке қайтып оралады. Осы биыл көктемде Астраханнан Гурьевке сапар шыққан үш айдың ішінде көрген-білгендері де, бастан кешкендері де бір адамның ғұмырына молынан жетерлік. Қажығали түрме азабын тартып, атуға кесілген жерінен ғайыптың күшімен тірі қалып, үйіріне қосылғандай боп отыр. Басы еркіндікте болды демесен, Ахтанның да көрмеген құқайы жоқ, тірідей тозақ отын кешті. Айтып-айтпады не керек, қалай дегенмен, екеуі де өмірлеріне шүкіршілік етті. Қалай да шүкіршілік етпесін: міне, тірі, бас-қарын түгел, аман-есен қауышып отырса. Осыдан артық қандай қуаныш болмақ. Ал тартқан тауқымет — шала көрген түстей қазір-ақ ұмтылды да. Олар өз-өзін осылай жұбатқанмен, көңіл бұзылып, аратұра көзге жас келіп қалып отырды. Оның себебі: әңгіме ажайында ажырасар сәттің салқыны анық сезіліп отырған, уақытша, уақытша ғой деп бір-бірін жұбатқанмен, сол уақытшаның мәңгілікке айналуы ғажап емес-ті. Олар әңгіменің аяғына бәрібір шыға алмай, жұлдыз сөніп таң ағара бастаған кезде, кісі бойы жүгерінің арасына енді.

Кешкісін, қас қāрая, Жайық жағасына қайта шыққанда, арқасында жол дорбасы бар Қажығали жолға дайын еді. Оның қарсы болғанына, тоңқылдала өкпелегеніне, өлердегі сөзін айтып жалынғанына қарамай, Ахтан осылай шешті.

Өйтпесе лажы да жоқ-ты. Әлі де жер басып жүргісі келсе, жарық дүниеден үміті болса, Қажығали бұл маңнан тезірек қарасын батыруы керек-ті.

Қазір Астраханға қарай жылжу мүмкін емес. Ол жақ қырғын соғыстың тұтіні будақтап өртеніп жатыр. Жалғыз ғана жол — ауыл асу. Майданның қара жұмысынан аман оралып, екі жыл бойы еліне жете алмай, қызылдар мен ақтардың майдан шебінде сенделіп, ақыры сол ел шетіне ілігем бе деген үмітпен осы сапарға жазылған Қажығалидың өлгендеге сұраған бір тілегіне қолы жеткенде, Ахтанды жау арасында жалғыз қалдыруға қимай, ауылға қайтпауы ақымақтық болар еді. Ештеңе жоқ, екі түйме — бір түйме емес, жалғыз түйме тез жоғалады, Қажығали аман құтылса, бұл, белқасты, жолына жусан бітпесе, бір амалын табар да.

Бұлардың ниетін танып, Парамон атай шыр-пыр болды.

— Астарыңнан су шыққан жоқ еді ғой, неге асықтыңдар? Неге жата тұрмадыңдар? Әлде кешегі сөзімнен көнілдеріңе дық алып қалдыңдар ма? Құдай ақына, міне крест, оның сендерге қатысы жоқ.

— Жоқ, қысылмаңыз, атай. Толғақ келген соң, туу керек тағы,— деді Ахтан.

Парамон атай жол азыққа деп Қажығалидың дорбасына нан, жүгерінің піскен собығын салып, қарбызын тықпалап бәйек болды. Содан кейін жағалаудағы қайығының құлпын ашып, ескеқ-таяуын әкеп беріп, қол бұлғай шығарып салды. Жеңіл құс қайық қараңғыны жамылыш Жайықтың Бұқар бетіне жылжыды. Жайық толқыны дөңбекшіп, ағыны шиырылып баяу жылыстап жатыр. Төменіректе иті абалаган, фонарьлары жылтыраған, балық иісі мұнқіген қала. Қала шетінде көк-жасыл оттары жылтыраған әскери пост. Әлдеқайдан керуен сүйрекен мотордың дүңкілдеген дыбысы, бір-біріне белгі берген ыскырығы құлаққа шалынады.

Қайықты шоқал арасына жығып, қара жерге қайырлата сүйреп тастап, Ақ Жайықтың шиырылған арнасына қимастықпен бір қарап ап, жар басына көтерілгенде, қазақтың ұшы-қиырсыз кең даласы алдарынан жазылыш шыға келді. Көз жеткізсіз кеңістік, аспандай далиған бір әлем. Жұлдызды қарабарқын аспанмен жарысып, қиял жетпес алыс қияндарға созылып жатқандай. Демі де, тынысы да, иісі де басқа. Қоңыр самал еспектеп, жусан иісі танауды жарады.

— Ой, жан-ай! Рақат-ай!— Қажығали қоңыр желгे қолын тосып, рахаттана кеудесін ашты.— Ауылдың иісі

сезілді. Біздің Жылдыздағы анау жалғыз жұлдыздың астында...

— Ал, қоштасамыз ба?

— Тоқтай түр, тізе бүгейікші.— Олар жусанды далаға жантая кетісті. Қажығали айналасындағы жусан біткенді жұлып алып, танауына басып иіскеп отыр.— Сен өзің менен тезірек құтылуға асықсың ғой?

— Жоға! Тұнде жол өнеді. Жайықтан алысталап кетер едің де.

— Енді бір жөні болар. Маған бұл даланың әр бұтасы серік емес пе, екібастан.

— Сен енді майданның қара жұмысынан қайттым дегенді айта берме, қазір патша жағындағылар оларға сенуден қалды. Бәрін большевик көреді. Маусымдық жұмыстан келемін де...

Ахтан ақтық кеңесін айтты. Басын шұлғыған Қажығали күрсініп алып, жолдастың бетіне қарады.

— Аха,— деді.— Сен айттың, мен көндім. Соғыс біткен жоқ, ал мен болсам жан сауғалап ауылға қашып барамын. Осыным дұрыс па, бұрыс па — білмеймін.

— Дұрыс, бәрі дұрыс.

— Баяғыда Мироныч жолдастың тапсырманды орындалап, аман оралыңдар дегені есімнен кетпейді.

— Сергей Мироновичтің өзі тапсырмаңды орындасаң, босатам, еліңе жіберемін демеп пе еді. Тапсырма орындалды. Ал Алиса жөнінде қайғырма. Соғыс бітіп, жол түсісімен, мен өзім ұзатып алып келемін.

— Уәден, уәде ме?

— Уәде... уәде...

— Дегенмен Ахтан, мен ауылда ұзак аялдай алмаспын, асылы. Жарамды жалап-жұқтап жазысымен, Астрахан қайдасың деп тартатын шығармын. Жүргегім солай дейді.

— Алдын-ала жол кеспе. Оны жазмыш біледі де.

— Аха, бірге жүрсөніз әке-шешемнің жаны қалмас еді. Мүмкін кейін Астраханға да бірге оралармыз.

— Ауылыңа әйелінді ұзатып әкелгенде барамын дедім ғой. Кигізер, мінгізерің болса, сонда әзірле.

— Сенің бір ауыз сөзің үшін мал-жан садака, Аха!

— Ал, жарайды, енді жолыңдан қалма.

Олар құшақтаса кетіп, бір сәт бір-біріне сүйенісіп тұрды да, шапшаң сырт айналды. Қажығали адымы жер ойғандай дүңк-дүңк басып біраз ұзап барды да, артыңа бұрылыш:

— Аха!— деді жыламсыраған жарықшақ дауыспен.—

Аха, жан үяда болса бір-бірімізді іздейік. Көз жазып қалмайық. Сенсіз маган мына дүниенің қызығы шамалы. Осы есінде болсын!

— Жарайды! Енді артыңа бұрылма! Хош!

— Көрісуге жазгай, хош, достым!

Қажығали сырт беріп, жолсыз мидай даламен қарабар-қын аспанның жиегінде салбыраған жалғыз жұлдызды бетке алып, осынау салқар даланың бір қырындағы Сағыздың сазындағы ауылына тартты. Ол жел өтінде теңселген жалғыз сиректай бұлаңдап барып, азар дегенде қараңғыға сіңіп жоғалды. Оның ізіне үн-тұнсіз сүзілген Ахтан езуінде темекі оты жылтырап, Жайықтың жарлы жағалауында қозғалмай әлі де үзак отырды.

Қандай адад дос, айнымас жолдас дегенмен, әркім түптең келгенде, өз өмірін сүреді. Бірге туып, бірге өлердей болып жүргенмен, көңіл түкпірінде өз іздерің, өз жоқтарың болатыны кәміл, басыңа зауал айналғанда не мына сандалбай тірліктен түңілгенде, қашып тығылар, топырағына аунап жүрек жарасын емдер атамекен, қара шаңырақ деген бір киелі түкпір бар емес пе? Ахтанды ол жок, өмірі бұл біреуді, біреу мұны іздеген емес. Осынау жалпиған жалпақ дүниеде құйрығы жок, жалы жок тұл жетім. Осындай көңіл сансырағанда, баяғыда құмда ұйықтап қалып, жоғалтып алған титімдей қарындастың есіне алады. Апырай, файыптан-тайып сол бала табылса, жыртық көңілі бітелер еді-ау... Мүмкін тірі де шығар, титімдей қарақат көз қарындасты. Іздесе табылуы да ғажап емес қой. Ахтан сілкініп орнынан тұрды, Жайықтың арғы бетіне — Самар жағына көз тікті. Іздейтін қарындаст, туған топырақ, елден ерте айрылып, ұмыт болған ата мекен, әке-шешесінің моласы — бәр-бәрі сол жақта жатыр. Жол шақырып, құлағы қайшыланып, көңіл елегізді. Жолдастық парызды өтеді, ары таза, енді мұнда оған тірелетін титімдей де шаруа жок. Енді Астрахан қайдасың деп, қауіп-қатері көп неғайбыл сапарға аттанар сәт соғып, өкше көтеріліп тұрғанын ұқты ол.

5

Баяғы өр сусы лықылдаған телегей-теңіз көктем күндеріндей емес, Жайық сағасы мұлде өзгерген: қос жағалау үкісі бұлғақтаған қалың ну құрақ, су шайған жазық жайылымдар теп-тегіс көкорай. Қаланың малы бүйірінен дем алып, көк шүйгінді еміп жүр. Ел ток, жүрт тыныш, мамыра-жай салқар тыныштық.

Ертеңгі тұманнын айыққан Ақ Жайық үйқыдан оянған арудай керіліп, созылып баяу жылжиды. Көктемгі ағыны сарқыраған, арнасы лайланған тентек өзен емес, моп-мома қан, айдыны сүзіп алғандай мәп-мөлдір. Тұс-тұстан әбден семірген тайдай асау балықтар су сабап, шоршып ойнайды. Күн көзі майда шуақ нұрын себелеп, арқа қыздырып, Атыраудан ескен қоңыр леп жанынды рахатқа бөлейді

Жайықтың арғы жағы, бергі жағы
Жайқалған жағасында жапырағы.. —

деп, баяулап әндетеңді баржының өрелін ұстап отырған Ахтан.

Кесек-кесек мұзға шандары лықа толы баржаны жетекке алған қос моторлы буксир жанын салып безек қағады. Сонда да мандытуы шамалы... Ауыр жүктен мел дектеп суға батқан дәу баржы қабырғасымен су тіреп шаққа жылжиды. Жақау Ахтанның жанында самаурындай сар сазанмен алысып әлек. Жайықтың арнасынан жанаған шығарған су еркесі бұлқынып, тыптырап қабыршақтатар емес.

Ахау жалған,
Салдым сайран,—

деп қоңырлатады Ахтан.

Төңірекке көз салсаң, әлем тыныш, өмір рахат, қой үстіне бозторғай жұмыртқалағандай бір бейбіт заман. Одан артық — киер киім, ішер тамақ болса, көк зеңгір аспан астында кеуденді самалға сүйгізіп, жаның мен тәніңе дамыл беріп жатқаннан басқа бұл дүниеде не үшпақ бар деп ойлағандайсың. Бірак, құдай шебер, бұл өмірді жан рахаты үшін емес, бейнет үшін берген бе, қалай? Өмірге келгенге дейін де, өткеннен кейін де тынышсың, ал күрмеуге келмейтін жалғанның қысқа тірлігінде бір күн жаның тұшып үйықтау жоқ: басынды тасқа да, тауға да үрасың. Адам бұл бок дүниеге ақ көбік болып аласұру үшін келген де, е, алла-ай!

«Әжептәуір ән еді, пұшық шіркін булдірді» демекші, көңілде маза болмаған соң, әнде береке болушы ма еді? Ернінің үшіменен ыңылдады демесен, Ахтанның ойы басқа жақта еді. Откенде буынып-түйініп жол шығуға өкшесі көтеріліп отырғанда, мезгілсіз жауған қардай ойда-жоқта, Пірәлі деген біреу сау ете қалғаны. Мұндай қамырықпас — ашудан қаны қарайып, ызадан жарыла жаздады. Қолды бір сілтегісі келіп қанша оқталғанмен, сілтей алмады, бұл да бір байлаулы баспақ — амалсыз көнді. Деген-

мен, ықылас жоқ, мойын жар берер емес, ақылмен түсінгенмен, көңілдің хошы түсіп тұрмаған сон, жынын алдырган бақсыдай аузынан сөзі, қойнынан бөзі түскен бір мәнгі.

«Арнайы нұсқау болғанша орындарыңнан қозғалмадар. Бар күш-жігерді Ракута мұнай қоймасын бұліншіліктен сақтауға жұмылдырындар. Дұшпанның бұл орайда не пифылы барын біліндер. Қандай көмек керек — хабарладар!»

Абыржыған Ахтан нұсқауды алғаш естігенде ештеңеге түтеп түсінбей, аласұра жағын шайнап, басын изей берген әйтеуір. Ол көпке дейін «бұліншіліктен сақтау» дегеннің парқына бара алмады. Қойма орнында, оны көренеу бұлдіргелі жатқан ешкім жоқ-ты. Майдан шебі болса — алыста, Орал маңында. Өткенде қырық күн шілденің ішінде бір дүрбелен етек алып еді, тіпті майданнан жырақ Гурьевтегі казак-орыстардың іші өткендей сұры қашып, өндөрі бұзылып кеткен: көп ұзамай алып қашты қауесет те, дабырлаған дақпырт та су сепкендей тез басылды. Казак-орыстар бөріктерін қайтадан алшысына киіп, әндерінен қайта басты. Ахтан бет-аузы түк-түк қарақшы сияқты Пірәліден әлгі қысқа ғана екі ауыз жазбаша нұсқау мен Ізбасардың аманшылығынан басқа жөнді ештеңе біле алмады. Қолы қысқа Ізбасар хабар беруін бергенмен, сақтық ойлап, мардымды ештеңе айта алмаған сыңайлыш.

«Бұліншіліктен сақтау» деген сөздің парқына Ахтан енді-енді жете бастағандай. Казак-орыстар жантайып бір жаққа жылысатын болса, табан тепкен топырағынан кетуге амалсыз мәжбүр болса ғана қойманы бұлдіреді, әйтпесе жөн жоқ, жосық жоқ, қараптан-қарап неге бұлдірсін. Демек, Астрахан әлі де Үйшіктен дәмелі. Сонда көзді тарс жұмып, шабуыл жасамақ па? Әлде теңіз арқылы әрекет қылмақ па? Құрылық арқылы шабуыл келеге келмейтін тәрізді: майдан шебі шайқалып тым шалғай жатыр, Астраханның өзіне қауіп төнбесе, Үйшікке әзірше құрылықтан төніп тұрған қауіп жоқ. Демек, теңіз десантына басқа қолайлы жол жоқ. Бір қайрат көрсетсе, солар ғана көрсетпек. Айтқандай, баяғыда бұлар Үйшікке аттанарда Брагинскийдің өзі қадағалап тапсырған міндеттінің бірі аралға десант түсіру мәселесі емес пе еді? Ал астыртын десант түсірілетін болса, қойманы бұліншіліктен, сақтау деген де қисынға томпақтау.

Ахтан сауал мен жұмбакқа аяғы шырмалып, басы қатты. Шешуін өзің тап деп, бір қыын есеп бергендей. Бұрынғы күні күн екен: әйт-бүйт деп, бәрін аузыңа шайнап

салғандай үғындырып беретін, басқасы өзінің ептілігіне байланысты еді. Ал мынаусы торғайдың миындаған өзі аз миды тоздырған қын сауда болды. Дегенмен, Ахтан бұл тегін тықыр емесін, ойлаған ойдағыдан бола ма, болмай ма — ол басқа мәселе, қайткенмен Астрахан тегін жатпай, бір қам жасап жатқанын анық аңғарды.

— Аға, балық түсірейін бе?

— Ләппай?

— Балық түсірейін бе деймін, езіліп барады,— деп сорпаның тұзын татып көрді Жақау.

— Е, піссе, кімді күтеміз. Экел, әкел...

Өрелді кінекке байлай салып, Ахтан іргеден енкейіп қолын шайып, тамаққа отырды. Ақ Жайықтың ақ сазаны — кеспеге қарасы жоқ, шылқыған май. Кішігірім тоқтының басындаған дәу сазанның басын жалғыз тауыса алмай, миын Жақауға сорғызды. Жайықтың жем тілеген шағаласы ма, қарғасы ма — шубалып баржының соңынан еріп келеді. Бұлар жегендерін жеп, жемегендерін тілекші бол деп соларға тастайды.

Апрай, сонда қызылдар қоймай тықсырып, ақыры казак-орысты ту тіккен ордасынан бостыратын болса, сонда бұлар мұнай қоймасын бұлдіріп кетпек пе? Сөз бар ма? Оны басындағы бөріктей деп біл — тып-типыл жермен-жексен етеді. Сонда қайтеді — қопара ма, өртей ме — не істемек? Ту-у, сол да әңгіме болыпты ма, жамандықтың жолын табу қын ба екен, ол тәйірлерге.

Қап, осындайда ақылдасып, кеңесер жанында Қажығалидың да жоғын көрдің бе?! Ол сыйырдың сандырақтап отырып, кейде ойламаған жерден тауып кететіні болушы еді. Қап, мұндай боларын білсейші? Жанынан өлсе шығармас еді ғой. Енді, міне, желкелегендей ғып қуып жіберіп, қолы кесіліп, ділгәр болып отырғаны. Енді оны қайдан іздейді, қайдан табады? Бәрі өзінің алды-артын ойламаған күйіп-піскен шапшаңдығынан. Енді оған қын кезде қолтығына демеу болар Қажығалидай сенімді серік қайда!

Ойқашты боп сансырап отырған Ахтан жылт еткен бір емексіннің шылбырына жармасты. Колдан келгенше бұліншілікті болғызбау үшін ертеңгі күні бел шешіп кіріскең кезде іс нәтижелі болуы үшін — дұшпанның не істемек ойын алдын-ала білуі керек-ті. Өйтпеген күнде төккен тердің танаудың саңғырығы құрлы құны жоқ. Ал ол тек қана атаман төңірегіндегілерге ғана мәлім. Жабық есік-тердің ар жағындағы құпия. Тіпті, басқа емес, атаман контрразведкасының қолындағы шаруа болса да өзі білсін.

Ал ол болса, кірген із бар да, шықкан із жок, аранды апандой тұрған бойы. Оларды есіне алғанда Ахтанның жүрегі кілкіді. Егоровтың оған баяғыда-ақ көр қазып, дайындаған отырғаны мәлім. Қай пенде өзінің қазулы көрін көргісі келеді дейсің.

Ахтан өз басының тәжірибесінен байқап жүр: асылында адамды неге болса да ой бастайды. Аяғын жерге нық тіре-ген есепті, есті ой небір соқталанған жол тауып алғып шығады, ал ой жок жерде әрекетің құмдай пышыраған, құр далбаса. Осындай ойдың ұшығынан мықтап ұстаған Ахтан бак сынамас бұрын тамыр басып, аужай андысуға бекінді.

— Ал, Жақа,— деген ол серік баласына жағалауға келіп тоқтасымен.— Ірілерін іріктеп, балығынды қапқасал.

— Базарға ма?

— Жоқ, базарға емес. Энебір басы қазандай маубас үлкенін ал.

Жақау шаң ішінде, мұз арасында әлі желбезегін қағып жатқан балықтың ішінен құйрығымен жер сызған дыраусы сазанды мықшындаған азар көтеріп алғып, қапқа орады. Ахтан қайда аппаратының, не істеу керегін түсіндірген соң, Жақау басты бір шұлғып алғып, қайыра мошқамастан-қалаға тартты.

* * *

Жақау биік көк дуалды үйді қиналмай бірден-ақ тауып, есік қакты. Әуелі шынжырлы ит, сосын қалтыраған көрідауыс үн қатты.

- Кімсің? Не керек еді?
- Балық алмайсындар ма? Сазан...
- Жас балық па?
- Тыпирлап жатыр.
- Кәне, кәне?

Жақау қабын босағаға сүйеп, сазанның басын ғана көрсетіп еді, қауға сақал шал одан әрі мошқамай, ішке қарай емпендей жөнелді. Іле-шала мұны үйге шақырды.

Екінші қабаттың ашық айбанында шыбық жонып отырған көзілдірікті мырзаның алдына бала күмістей жарқыраған сазанды жайып салды. Отставкадағы генерал Кириллов балықтың желбезегін ашып көріп;

- Лариса!— деп дауыстады.

Желіндеген сиырдай мүше-мүшесі дерткен аппақ ұзын

бойлы бикеш ашық есіктен шыға келіп, таң қалғаннан қос көлін кеудесіне апарды.

— Мұндай да балық болады екен-ау, дәуін-ай! Сазан ба?

— Сазан, сазан. Ақ Жайықтың ақ сазаны деген осы. Ал, аламыз ба?

— Эрине, әке. Қанша тұрады?

Жақау не сұрарын білмей желкесін қасыды.

— Бергенізді алам да...

Генерал Кириллов баланың алақанына жарты теңгелік таstadtы. Жақау оны қалтаға сұңгітіп жіберді де, бұрыла беріп, қалт тоқтады.

— Қаласаңыздар, әкеліп тұрайын... арзанға беремін.

— Мұндай сазаның болса, қошала, әкел, аламыз.

— Қашан қатынайын?

— Үш күнде бір келіп тұрсаң жетеді.

— Макұл, хош-сау болыңыздар. Игіліктеріңе жаралындар.

Жақау айтқанды бұлжытпай орындаپ, әрі табысты оралды. Ахтан кішкентай серігіне риза: қолды-аяқтай інің — іргедегі ерттеулі атың деген осы да. Әсіресе Жақаудың балалыққа салынып, өз бетінше артық адым аттап, қия баспайтыны үнайды. Біреулер алпысында да аузына қарға саңғыған ашықауыз, екіншілері — етегін жабысымен-ақ ересек. Ахтан өз басынан біледі жетім қозы тез оттығатынын.

Жақау генерал Кирилловтың үйіне үзбей барып тұрды. Бір-жар рет оны сапардан қалдырып, әлгі үйді сыртынан бақтырды. Қолы босағанда өзі де қадағалады. Айналасы екі жұманың ішінде генерал Кириллов туралы не қажеттің бәрін біліп алды. Үйлеріне бірі поручик, бірі ротмистер екі жігіт кезек келіп тұрады, кейде Ларисаны офицерлер клубына ілестіріп кетеді, шамасы қыздан дәмелі мырзалар. Ал Кириллов болса ешқайда шықпайды, ешкіммен жолығыспайды. Тек ара-тұра өлкетану музейіне барып, осы өлкенің теңдесі жоқ білгірі, бірде-бір еңбегі, бірде-бір қолжазбасы қалмай өртеніп кеткен атақты зерттеуші Корелинің досы, өлкетану музейінің директоры алжыған шалменғана сұхбаттасады. Содан кейін екі күнде бір кешкісін Жайықтың үстіндегі қалқымағы «Қалтқы» ресторанына барып тамактанып, серуендеп қайтады.

Ахтан жағадағы баржының үлігінде жатып алыш, қолындағы деректерін таразыға салмақтап, долбар құрды. Адамды тұсіну қыын деседі, иә, адам жаны үстараның жүзіндегі қылпылдаған айнымалы жаратылыс, бұлтарған

тұлқінің құйрығындағ қазір олай, қазір бұлай уысында түрмайды сабындағ сузып: Ол осындағ ғой деген адамың — мұлде басқа болып шығады, дей тұрганмен адамдар туралы долбар құрмай тұра алмайсың тағы да. Кейде сандырағың айна-қатесіз дәл келетіні де бар. Атаман Толстовтың Жайық казак әскерінің кешегі генералдарының бірі, әрі бөтен, бастақ біреу емес, атаманың әрі досы, әрі сенімді серігі Кирилловтың Астрахан бағытындағы алғашқы сәтсіздіктен кейін аяқ астынан әскерден шеттеп қалуы қөзге оғаш, қулакқа тосын жағдай еді. Алыпқашты, құрық әкетті әңгіме көп. Оның қайсыбірін тергендейсің: бірі — шындықтай болғанмен, екіншісі — дәм болсын құр далбаса. Эйтеуір, қалай дегенмен де, атаман Толстов, Жайық казак әскері басшылары мен Кириллов арасында бір жарықшақ бары анық. Оның қаншалықты алшайып асқынғаны да беймәлім. Эйтеуір қарт генерал томагатұйық, көренеу оқшау олардан.

* * *

Бұл кездесуге ол екі-үш күн іштей буынып-түйіндіде, ақыры сәрсенбінің сәтінде түймелерін жалтыратып, мұздай киініп, Жайық аңғарымен ерсілі-қарсылы жосылған моторлардың толқынына бесіктей тербелген «Қалтқы» ресторанына барды. Мезгіл кешке тармасып, сам жамыраған шақ. Күн бұлтқа батып, әлемді елес кезгендей алакеуім. Таразы болып қалғанмен, күн әлі шыбынсыз жаздай ма-мыражай. Бұл өнірдің көктемі қарғын сұымен дүрілдеп қалай оқыс келсе, қысы да солай аяқ астынан тез түседі. Тіпті күз болмайтын сияқты: қарашаның аяқ шеніне дейін орман-тоғайдың мұрты бұзылмай, маужырап тұрады да, бір күнде казан қакқандай қағынады.

«Қалтқы» ресторанының бір-екі жабық залынан басқасы балаған тұтқан ашық алаңдар. Бұл өзі теніз сапарына жарамай қалған көне пароход. Соны қолы епті табыскер біреу ығытын тауып, әп-әдемі ресторанға айналдырған. Қаланың сауықкой тоғышарларының бас к атын жері осы. Қазірде де сауықсандай алабажақ киінгөн сол ағайындардан ине шашар жер жоқ. Әскери адамдар некең-саяқ. Қазір олардың сауық-сайранға уақыттары, мұршалары жоқ. Тек окта-текте, не майданға аттанып бара жатып, не окоптан оралған кездерінде топылып келіп, «Қалтқыны» аяғына тік тұрғызатындары бар.

— Рұксат па?

— Келінгіз... мархабат.

Ахтан жайғаса беріп, генералды енді ғана байқағандай, орынан атып тұрып, бойын сымдай түзеді.

— Генерал мырза... ғафу етіңіз, аңдамапын...

Кириллов отан көзі кілгіріп, сықсия қарады да, таныған танымаганы белгісіз, бетінің бір тамыры бұлк етпестен басын шұлғыды.

— Оқасы жоқ. Жайғасыңыз.

— Рақмет.

Генералдың онымен ісі болған жоқ, жағын таянып Жайықтың айдынына сүйсіне қарап отыр. Өзен беті өсекшіл әйелдің ерніндей жыбыр-жыбыр. Арғы беттен — Бұқар жағалауынан әлдебір алыс қырқалардың майқара жусаны мен изенінің иісін таратып, майда коңыр самал еседі. Ахтанның есіне Қажығали түсті. Коңыр самал өткенде сол кеткен жақтан, бәлкім соның ауылының үстінен есіп тұрған да шығар-ау. Ол сығыр ғой қазір әке-шешесімен аман қауышып, қағанағы қарқ, сағанағы сарқ болып жатыр. Мұнда Ахтанның жолы кесіліп, жіпсіз байланып отырғаны ол дарақының ойына кіріп-шығады деймісін.

Ал мына тәқаппар генерал мұны таныды ма, әлде әдейі көзіне ілмей кісімсіп отыр ма, мойнын тіпті теріс бұрып алды.

— Ғафу етіңіз. Мені танымадыңыз білем, генерал мырза.

Генерал көзін жіпситті. Танымай отырмаса, көрмей отырған ештеңесі жоқ еді, шамасы генерал көз қарағы нашар, ұмытшак адам болғаны да.

— Танымадым,— деді ол.

— Бір кісі күлерлік жағдайда сіздің үйдің табалдырығын аттағанмын... Ескі алқадағы көне жазуды көрсетіп, осыны оқитын адам тауыш бер деп қолқалағансыз...

Генерал ойланғанмен, есіне түсіре алмай басын шайқады.

— Жоқ, есімде жоқ. Мүмкін сіз шатыстырып отырған шығарсыз... Біздің үйде болым деймісіз?

— Болғам... Лариса бикенің қолынан дәм де татқанмын,— деп жымиды Ахтан.

— Ендеше мен қалай ұмытқанмын... Кәрілік-ай,— деп, ол мандайын ұстады.— Кәрілік дегенің, міне, осы, абырай бермейтін нәрсе. Шалыңызды ғафу еткейсіз.

— Оқасы жоқ. Ішемісіз?— деп сұрады Ахтан.

— Жо-жоқ, рахмет. Жемейтін ауыз, жейтін ауызды байлайды. Менен қысылмаңыз.— Ол ілгері еңкейіп ықыластана сыйыр етті.— Майдан шебінен келдіңіз бе?

— **Жоқ**, интенданттың қызметтемін.

— Е, оқасы жоқ. Алыңыз, алыңыз...

Генерал өлі құрылықтай жым-жырт, тірі қарға көзгөш шалынбайтын жым-жылас Жайықтың артында жағалауы — Бұқар бетке телміре үзак қарап отырып да.

— Тамаша,— деп таңдайын қакты.— Мей дала мұндай сұлу болады деп ойлаған жоқ едім. Бір үнсіз, тілсіз мылқаум сұлулық. Ауасын айтсаңшы. Евроғалықтарға өлсең — сендерге алмассың. Мұндай әрі таза, әрі жұмсақ ауа Жерорта теңізі маржан жағалауында да жоқ. Бірақ күндізгі ыстығы мен қапырығы сұмдық екен. Қайда қашып тығыларынды білмейсің,— деп жымиды ол.

— Ендеше, күзі мен қысына қалай шыдайсыз,— деп сұрады Ахтан.

— Сондай-ақ адам төзгісіз бе?

— Көрмеп пе едіңіз?

— Жоқ, мен мұнда көктемде күн жылына келдім. Бірден-ақ ыстық басталып кетті.

— Адам көрге де үйренеді деген емес пе? Ел тұрып жатыр ғой...

— Элбетте, әлбетте... бірақ мына кешкі самал бәрінің өтеуіне жарайтын.— Ол құс қанатының лебіндегі желпіген самалға кең танауын төседі.— Құдды, сұзгіден өткендегі. Сабындал жуғандай басынды әп-сэтте тазартып тастайды. Демікпеге шипалы ма дедім. Келгенде кеудемнің аздақ сырылы бар еді, құлантаза айықтым.

— Жалықкан жоқсыз ба, генерал мырза.

— Неден? Неден жалығам?

— Мынау сұрқай қаладан... қызығы жоқ, қаңыраған шет аймақ қой. Мәдениеті төмен.

— О, ол не дегеніңіз?— Кириллов салғаннан қарсылық білдірді.— У-шу, ырду-дырду қуатын мен емес. Ол жастан өттік. Иә, Ларисажанға обалдау. Мұндайды көрмеген ғой. Зерігеді. Ал маған іздесем таптырмайтын түкпір. Жан да, тән де тыныштық тілейді. Өмір бойы қолым жетпеген арманым еді.

— Тыныштық дейсіз... сол тыныштық жағы болынқырамай тұр ма, қалай?— деді Ахтан астарлап.

— А-а.— Астарды түсінген Кириллов аузын ашып, үнсіз күлді.— Бұл уақытша мазасыздық қой. Кешікпей біржайлы болатын шығар.— Ол еңкейіп құпиялай сұрады.— Майданнан не хабар бар?

— Ол жағынан хабарым онша емес. Елдің айтуынша, сол баяғы текетірес қалпы.

— Е, тұсінкі! — деп, Кириллов басын шүлғыды.

Ахтан алдырған арағын тартынбай ішті. Оған қазір батылдық, еркіндік керек-ті, сол еркіндік жағы жетіспей отырғандай сезінген өзін. Орыс адамының өзгелерден өзгеше тамаша бір қасиеті: еркіндікті сүйеді және өзі де еркін бола біледі. Айтса-айтпаса да, генерал мұны танымады, мүмкін сол танымаганы да дұрыс шығар, бәлкім. Эжептәуір жасқа келген адам — ұмытса ұмытқан болар, қапылыста бір көрген адамды қайдан есіне сақтасын. Оның үстіне генералдың қызметінен босап, алқы-талқы күйде жүрген кезі. Ол әсер етпейді деймісің. Мүмкін, шалдың басы ауыра ма, кім білген?

— Генерал мырза,— деді Ахтан батылданып.— Сіз әскери қызметтен біржола кеттіңіз бе, әлде уақытша ма?

— Біржола! — деді генерал мұдірместен.

— Ресей ананың басына күн туғанда бұның қалай?

— Не қалайы бар? Өте тамаша! Оны неге сұрадың? — деп Ахтанға едіре耶 қарады.

— Жәй, әншейін...

— Сен осы Горбуновтың тыңшысы емеспісің? Ол сыйыр орынсыз күлген адамды қызыл деп біледі... — Кириллов оқыстан жерден жеті қоян тапқандай санын шарт еткізді. — Есіме жаңа түстің. Сіз алашорданың офицері емес пе едіңіз?

— Ол рас,— деп жалтара алмады Ахтан.

— Эне, ендеше Горбуновтың да тыңшысысыз. Немене, сені маған әдейі жіберді ме?

О тоба! Мына шалың не деп тантып отыр, әжептәуір әңгіменің шырқы бұзылмаса жарады. Кезінде марқұм Қара Никита Горбуновтың өздеріне істеген қиянатын айтып, зар еңіреп еді. Шамасы, генерал да желдің қайдан ескенін біледі, шырылдауына қарағандай Горбуновтың тізесі батқан бұған да.

Ахтан қарқылдалп күліп жіберді.

— Faфу етіңіз, генерал мырза. Ондаймен айналыспаймын. Кудіктенсеніз, кетейін.

— Жок, отыра беріңіз,— деп, Кириллов бетінен тез қайтты. — Жәй айтып жатқаным. Ол жырыққұлақ қолынан келген жамандығын аяmas. Бірақ, мейлі, енді одан қорқа алман. — Кириллов әңгіме аужайын басқаға бұрды. — Есіме енді түстіңіз. Неге алдадыңыз? Уәденіз қайда? Шығыс адамы уәдеге тастай берік болмаушы ма еді?

— Қандай уәде? — деп, таңырқады Ахтан.

— Жок, генерал мырза, мен сізге тауып беремін деп уәде еткенім жок. Қарастырып көрейін дедім...

— Қарастырған жоқсыз, ұмытып кеттіңіз ғой.

Кириллов Ахтанды бұрышқа өзі құыштығып, өзі күтқарды. Ол ескі жазуды танитын осында музейдің директоры барын, тамаша адам екенін, ғылым әлемі өртеніп кетті деп жүрген Карелин мұраларының кейбір нұсқалары соның қолында болып шыққанын, Карелин деген саяхатшының бұл өңірдің шын мәніндегі сұңғыла білгіші болғанын аузының сұзы құрып жыргай келіп, алқадағы жазудың көне дәуір мұрасы емес, бергі жағындағы жасанды екеніне көзі жетіп, айраны қара су болғанын әңгімеледі. Ахтан оның бірді айтып, бірге кететін ой жүйесіндегі шашырандылықты, сұғыр көз пәделіктен аулақ — кейде өзінің тілінен табатын аңқылдақ орыс адамының қарапайым мінезін таныды. Сөйткенше болған жок, аңқау генералы бір сұрақпен мұның көзін атыздай ғып талдырып тастай жаздады.

— Қара Никитаның сүйегі табылды ғой, — деді.

Ахтан не дерін білмей аузын аңқайтты.

— Оған не болып еді?

— Суға тастап жіберген. Естімеп пе едіңіз?

— Құлағым керең болсын.

— Баяғыда сізбен бірге тұнделетіп бізге келгеннен кейін бір жұмадан соң, ұшты-күйді іzsіз жоғалған. Сүйегі теңізден шығыпты.

Ахтан мұны естіген жоқ-ты. Арқасынан жылан жорғалағандай денесі мұздады. Генерал бұл ойлағандай құржаяу болмады: мұның бетіне кірпік қақпай тесірейе қарап, әңгімені тегін қозғап отырмаған сияқты. Ахтан сыр бермей бақты: устел астында тізесі қалтырағанмен, еркін қалпынан айрылмауға тырысты.

— Кімдер екен? — деді ол ақыры.

— Кім білген? Бұл заманда кім дерің бар ма? Ұшығына жетіп көр.

— Обал-ай... өзінен болмады ма екен? Ішуші еді ғой.

— Жок, жазымы басқадан болған. Өзін-өзі атқанды біреудің атып, суға ағызып жібергенін ажырату қын емес.

— Қап, шешесі байғұска қын болған екен, жалғыз ұлы еді.

— Білуші ме едіңіз?

— Кулагиннің казагы ғой, — деді Ахтан онымен баяғыдан етene таныс адамдай.

— Горбуновтың шайкасының ісі, солардың кесапаты. Байғұс «бақалшы» деген біреуді айтып, бірдеме дәлелдемек болып жүрді. Мен оған мән бермеп едім. Сонысында бір шындық бар екен, байқасам.

Ұмытшақ генералдың жады елек көзіндегі тесік-тесік пе десе, мән бермегенсіп отырып, қажетін қалт жібермей түйіп алатын жабысқақтың өзі екен. Ахтан осы генерал бір нәрсені ішіне бүгіп, өтірік аңқаусып отырған жоқ па деп, аяқты тарта бастады.

Көкжиектің нұры семіп, аспан қарабарқынданып, әр жерден жұлдыздар сығалады. «Қалытқы» фонарьларын жақты. Устері шаң-шаң, бес қаруы бойында поручик бастаған бір топ қисық бөрік, қайқы мұрт казактар рестораның баспалдағына маңдай тіреп, аттарынан түсті. Бір жақтан ұзақ жүріп, шаршап келе жатқан адамдардың түрі. Олардың қазір түкірігі жерге түспей тұр, өздері қожа, өздері би, жүрген жерлерін жалпақ етікпен жапырып, шынтақпен жамсатып жүреді. Айбындары өрт сөндіргендей. Қырманның қызылына жайылған қарғадай у-шу болған қаланың тоғышарлары оларды көрісімен, көсілген аяқтарын жиып алысты. Бұл араға әскери адамдар аяқ аттады дегенше, кеш төбелессіз тарқамайды. Соны сезді ме, генерал Кириллов есеп айырысып, орнынан қағыла берді.

— Мен сізді шығарып салайын.

— Еркіңіз білсін...

Олар «Қалытқыдан» шығып, өзен жағасындағы серуен көшемен Кирилловтың үйіне қарай аяңдады. Генерал астағын тас көшеге тық-тық қадап, баяу басып келеді. Жаға бойы құмырсқаның илеуіндегі құжынаған халық. Ғұмырында көрмеген адамынды осынан көресің — күн ұзын көлеңке сағалап жан баққан небір жайсандар мен қасқалар, киіз қалпақ банкир деймісің, шойжелке буржуй деймісің, небір дәрежелі көпес алпауыт та, ит жетектеген ақсүйектер, бикештердің қолтығынан қолын айырмайтын сары езу серілер, — бәрі-бәрі осында.

Гурьев біраздан бері төңкеріс дауылынан қашқан-пысқан Ресей ақсүйектерінің баспанасына айналған. Олар құрқылтайдың ұясындаш шұрық тесік қаланы жерсіне алмай, өздерін осындаш күйге душар еткен тағдырды, жалаңаяқтарды қоздырған большевиктерді, еврейлерді қарғап-сілеп, құдайдың кәріне тапсырғанмен, кешкісін бой жазуға Жайықтың жағасына шығады. Жылды орындарынан қозғалып өгейсіген оларға қала әкімшілігі қолынан келген қамқорлығын жасап, Набережная көшесіне фонарьлар іліп,

тазалық, тәртіп орнатты. Жаңында біреуді тұншықтырып өлтіріп жатса да бұрылып қарамайтын, ішуден аузы босамайтын, жабайы қаланың дәрекі полицейлері де қазір жіптіктеі. Басқасын қайдам, әйтеуір Набережная көшесі жөндем.

— Папа!

Баяу күнкілдескен бұлар ауыздарын ашып-жұмғанша болған жоқ, Лариса жүгіріп келіп әкесін қолтықтай алды. Ұзын бойлы, қапсағай әдемі поручик те бұларға қарай ойыстады.

— Таныс болыңыздар,— деді Кириллов офицерге, олар қолдарын маңдайларына апарып, бас изесті.— Ауа тамаша екен. Отрып қалдым, қызым,— деп түсіндірген болды сонсоң.— Оның үстіне көне танысым кездесіп...

— Бұл кісіні мен танимын ғой.— Лариса алакеуімде Ахтанның бетіне үңілді.— Сәлематсыз ба?

— Біздің үйде болыпты, ал мен танымадым,— деп кеңкілдей құлді генерал.— Осы араның ауасы жақсы дегенмен, ұмытшақтығым күшейіп бара ма, қалай өзі?

— Койыңызшы, ұмытшақтық көне жолдастыңыз емес пе? Кейде мениң атымды да шатыстырып аласыз.

Ахтан кеткісі келген ыңғай танытқан соң, генерал Кириллов оған қолын ұсынды.

— Үйді білесіз ғой, келіп тұрыңыз, қошала. Қонаққа қуанбасақ ренжімейміз.

Ахтан күлімсіреп ұстамды ғана басын изеді. Оған мына тырнадай таранған, шені кіші болса да, кекірейіп иілмеген сұңғақ бойлы әдемі офицер онша ұнамады. Мұны көзімен ішіп-жеп, тұла бойын тімсініп тінтіп тұрғандай. Ол енді қазіргі заманда таңсық та нәрсе емес: елдің бәрі танымайтынын жау көргендей секемшіл, бірақ әдемі офицердің көзқарасында қызмет бабы қалыптастырған тіскәқты әккілік барды. Ахтан тезірек кетуге асықты.

Генералмен бұл кездесу үзілген тыныстықты жалғады демесен, ешқандай нәтиже берген жоқ.

* * *

Ер Чапайдың қазасынан қабырғасы үңірейген. Орал Жайық майданы көп уақытқа дейін ес жия алмады. Қарсы шабуылды ауызға алу мүлде күпірлік еді. Осы жағдайды естіп-біліп, ақыл елегінен өткізген көсеміміз В. И. Ленин жаңадан құрылған Түркстан майданының қолбасшысы

М. Фрунзеге төмендегідей телеграмма жолдауға амалсыз мәжбүр болды.

«18 октябрь, 1919 ж.

Түркстан майданының революциялық-әскери советіне, Фрунзеге.

Барлық күш-жігерізді Түркістанға емес, дипломатиялық жолмен болса да Орал казактарын алаңдату мақсатына бөлініз. Сөйтіп, Оңтүстік майданға қолғабыс көрсетіңіз. Орынбор казактарын Петри не басқа майданға ауыстыруға болмас па екен? Тапсырманың орындалу барысын шифрмен жасырын түрде жиі хабарлап тұрыңыз.

Ленин».

Бұл қабырғаны күйреткен ауыр соққыдан кейін, ес жиудың амалы еді. Саратов ревкомы «Казак-орыс қоғамы» арқылы Жайық казактармен келіссөз мәселесін шұғыл қолға алғанмен, одан ештеңе өнбеді. Өкілдерді ұстап алып, Жайық жағасында атып тастады. В. И. Ленин қара сұық қатқақты ноябрьдің басында Жайық майданының қолбасшысына тағы да шұғыл телеграмма жолдады.

Ленин».

Түркстан майданының қолбасшысы М. В. Фрунзе көсемге сол күні-ақ телеграмма арқылы жауап қайырды. «2 ноябрь 1919 ж.

... Орал казактарына тыныштық бергеніміз жоқ. Істі келіссөзben тындыруды ойлаған емеспін. Бірінші болып оларға күйрете соққы беру мәселесінің басы қашан да ашық. Бұл орайдағы шаралар Уральск маңына бар күшті жинақтауға саяды, күш жинақтау аяқталып келеді. 4-ші армияның әскерлері шабуылға шықты... казактарды шөлейт аудандарға тықсырып тастау қолдан келеді, оған кәміл сенімдімін, бірақ бұл әзірше Орал майданын жою боп табылмайды. Себебі: Жайықтың төменгі сағасына қарай елсіз жерлермен жорық жасау қын болатыны белгілі.

Түркстан майданының бас қолбасшысы Фрунзе».

Архив деректері шежірелегендей, Жайық бағытындағы қызыл майдан барлық күш-куатын бір жұдырыққа жұмылдырып, щешуші шайқасқа дайындалып жатты.

Ерте де емес, кеш те емес, жылдағы уақытында Атырау өніріне күз келді. Қабак танытып, іш пифылын аңдатпайтын шұбалаңқы, созылыңқы күз. Тұн ортасы ауысымен, киіздей қалың тұман түседі, содан ертеңіне сиыр сәскеге дейін дүниені көрер көзден тасалап тұрғаны. Тұманның қалыңдығы сондай, жерде емес, бұлт кешіп жүргендейсің.

Ақжайманың тісқақты тенізшілері мұның артында не пәлесі бар деп, айнала тәңірекке аңыс аңдып, сықсия қарағанымен, әлі етек-женін жимай, кең жайылып күзгі кәсіп соңында жүр. Балық тайызда. Күн қабағы бұзылар болса, тілі жоқ демесен, бұл макұлықтың өзі-ақ айтпай-ақ белгі береді: біреулері тырағайлап теніздің тұңғиық тереңіне қашады, екіншілері шабына ши жүгірткендей шоршып, жағалауға ұмтылады. Әзірше теніз жұрты оншалық оғаш міnez байқатқан жоқ. Құс біткен үйір-үйір боп шоғырланып алған, дүркіреп ұшып, дүркіреп қонып, қарақұрым боп су бетін бермейді. Ара-тұра жиылып алып, дауыстары қатты саңқылдап, у-шу боп кеңес құрғанмен, әзірше тырау күйі шертіле қойған жоқ. Бір айдыннан бір айдынға ұшып-қонып, көшбасын сайлап, керуен түзеп қана жүр.

Қатты жығылған Ізбасар екі ай дегенде шаққа басын көтерді. Ішкі жара жазылмай, қит етсе лок-лок қан құсады. Өлім халінен қалды демесен, ел санатына әзірше қосылғаны шамалы. Жел шайқаған тірі аруақ. Бет жоқ, бет орнында алақандай көз, адырайған сүйек, жағы-жағына жабысып, ұрты үңірейіп қалыпты. «Ат арыса тулак, ер арыса аруақ» деп, осындайdan шегіп айтқан да. Гүлбаршын оны тұман тарап, күн жылыған кезде ғана сейілдеуге далаға шығарады. Құдды бір жас баладай орап, қымтап, ықтасындағы күншүаққа отырғызады.

Бұл жерден айнала тәңірек: жалпайған алып теніз, теніз төрінде маңыған балықшылар, қаңқиған кемелер түгел көз алдында. Желсіз тымық айдын беті айнадай жып-жылтыр. Құзгі аспан су астында казандай төңкеріліп жатыр. Бәрі бәз баяғы қалпы: шыбынсыз жаздың жуан ортасында. Бірақ жаз емес, бір қырдың астында жауындышашынды қараша күз баспалап кеп тұрғаны көпе-көренеу: аспан өңі шала жаланған ыдыстай алажолақ, жақуттай мөлдіреген көкпенбек айдында қара ағыс молайыпты. Теніз үстінде дұр етіп көтеріліп, тез басылатын үйтқыма

Күйин көбейінгі, ол да емес, су сұып, айдынның демі салқын тартыпты.

Ізбасардың жаңына Қалмұрат шөкелеп тізе бұкті. Аяқта етік, үсте сырмак құрте, басында екі құлағы дедіген, төбесі тесілген жалбыр құлақшын. Ол Ізбасарға қосшы бала болғалы кәсіптен біржола шығынып, Ізбасар құлағалы оның жаңынан екі елі ұзамай, осы үйдің сұымен кіріп, күлімен шығып жүр.

Гүлбаршын аузын байлап қойғандай, тіс жарып ештеңе айтпайды. Өзі шаруадан қол үзіп қалғалы бері шаландағы жағдайды, теңізші қауым тірлігін осы Қалмұраттан сұрап-біліп қанығады. Гүлбаршының көзін ала беріп, құлағына сыбырладап кетеді. Жерге қарағандай ештеңе болмағанмен, жағдай онша мәз көрінбейді. Салпыауыз Үсмайыл тағы да қуатына мініп, жоталанып алған. Теңізші қауым соның ашса алақанында, жұмса жұдырығында, дүйім жүртты бір шыбықпен ыскырып айдал жүрген түрі бар. Бұл Ақкөсө барып, арандардың аз-ақ алдында ол сауда жасап, астық әкелмек болып, Петровскі, Қызылжар жағына сапарға шығып, кеткен. Табысты оралыпты. Ел аузын толтырып нан жеп күрпіп отыр. Пысық неме онымен де қоймай, сол жақта ағылшындармен байланысқанға ұқсайды. Кешікпей Бакуден ағылшын көпесі артынып-тартынып өз аяғымен келіпті. Бұл жолы құрғақ сөзбен алдамай, ауыздарын ақ май қылышты: шай деймісің, қант деймісің бәрін үйіп-төгіп, жаздай жинаған уылдырықтары мен қызыл балықтарын қотарып алыпты. Тиімді саудаға балықшылардың бөркі қазандай боп, қыз-келіншектердің үстері жылтырап, киімдері жаңарып қалыпты.

Ағылшын көпесі несиеге алдын-ала дүние беріп, бір табақтай қағазға қол қой деп атаманды қинаңты. Үсмайыл әлгінің пайдасын айтып қанша шырылдағанмен, атаман қасарысып бармағын баспапты. Бірақ Үсмайыл көпеспен оңаша сөйлесіп, ол-пұл жырып алып қалғанға ұқсайды: онысын Жамбай балықшыларына жасырып таратып берді деген қауесет бар. Осыдан екі-үш күн бұрын қүйеу баласының көңілін сұрауға келген қайын атасының қабағы салыңқы, жүдеу көрінген. Ізбасардың басын көтергенін көріп, шырайы кіріп, баладай куанды байғұс.

— Іншалла, құдайым көз жасымызды көрген шығар. Жанарың түзелген екен, енді жаман болмассың,— деп, мұның қолын өз алақанына салып, ұзақ сипады.

Ізбасар оның сексеуілдей қап-қатты ойқы-шойқы саусақтарының дірілінен қайын атасының өзіне деген шын

ықылас, адал жүрек соғысын аңгарды. Ол Карабастың өзіне деген әкелік сүйіспеншілігіне ешқашан шек келтірген емес-ті. Ал кейінгі ағайыншылықтары ол сезімді мықтай түспесе, әсте әлсіретken емес. Ол сонау бала кезінде де, кешегі етек жапқан бозбала шағында да, қазірде де осы бір құрыштай адамға іштей бас иіп, әз-әулие көріп, табынудан танған емес. Оның түсінігінде атаман — иен жапанды жалғыз өскен бәйтеректей оқшау тұлға. Шипалы көлеңкесі болмаса, жанына ел жиналар ма еді. Тек, түбіне жетіп жүрген қараңғылығы. Қауымындағы қара қазақ баласын мынау бір жағы от, бір жағы су аумалы-төкпелі заманнан жауға бермей қалай аман алғып шығамын деп, жарғақ құлағы жастыққа тимей, көлін қорқап қызығыштай шыршыр еткені бар жазығы. Бірақ соның жолын білмейді. Ғасырлар бойғы ақ патшаның алдағ-арбауы мен желкеден жаныштап езуі — орысқа деген сенімін әбден шайқалтқан. Олардан жақсылық күтпейді. бүгін өз-өзді жағаласып, жаны көзіне көрінген кезде жанашыр болғансып тілімен алдағанмен, ертең іргесін қайта бекітіп алысымен-ақ баяғы әніне басып, жағаға қолды қайта салады. Орыстың өзі екіге жарылып жағаласып жатқанының түп-тамыр, ішкі сырын түсінбейді: оған сары орыстың бәрі орыс.

Ізбасар қайын атасының бетінен қарап жатып:

— Қараға, өткенде ағылшындардың қол койдыруға қыштағаны не қағаз? — деп сұраған.

— Е, патшағар, келісім шарты да. Екі жылға алым-берімге келісім шарт жасасайық, сен бізге уылдырық, қызыл балығынды бересің, ал бізден қүй ақшалай, қүй заттай қалағанынды ал дейді. Жарты құнын ауыз бастырық деп алдын-ала төлемек. «Бұл неғылған батпан құйрық» деп келіспедім, — деді Карабас.

Ізбасар жымып қайын атасының саусағын қысты.

— Дұрыс бопты, Қараға. Құдай сактаған екен. Пәлесі аулақ.

— Әзім де жылпылдағандарын артында бір пәлесі бар шығар деп қорықтым.

— Арылмайтын пәлеге қалатын едініз, дұрыс істепсіз.

Ізбасар ондай келісім-шарттың ақыры неге апарып соғатынына анық көзі жетпегенмен, өмір бойы опынып өтер өкінішті іс боларын іші сезеді. Қызығыштай қорыған елдің басына ақырзаманның қара тасы құлайтынында дау жоқ еді. Естуінше, дүние жүзінің өздері сияқты ұсак халықтарын көзінен қанды жасын ағызып, табанға салып таптауға келгенде, бір өзінен жер жаһаның кулық-сұмдығы арыл-

маған ағылшыннан не үміт, не қайыр. Оның да көздегені біреуді басыбайлы құл ету: онысы жүзеге аспаса, уақытша қажетіне жаратып, қажет еместе түкіріп тастау. Іргедегі жер-сүңгі бір, бауырлас, ағайындас деген Ресейден көз жасың етегіңе тамшылап отырғанда, алыстағы алты аласы, бес бересі жоқ ағылшыннан не опа? Апырай, басында торғайдай миң бар адам осыны ойламас па! Эйтеуір ызындағы елдің көз жасына әруақ жебеп, құдай қолданпты. Бастары арылмас дауға қалғандай өкен. Мына бір жаландадаған жалаң қылыш заманда андаусыз басқан жалқы қадамың түбіңе молынан жетеді. Тұрт шайтан, осыларды адастыра көр деп алақанын ыскылап, кейін соны желеу етіп, жайпап жіберуге қылышын қайрап, құлшынып отырғандар жоқ емес, баршылық. Апырай, ел-ел деп шырылдағанда, езуі көпіріп, етегі жасқа толатын Ысмайыл осыны неғып түсінбейді. Бар арманы — араға от жағып бұларды қызылдардан кетіру, сол үшін шайтанмен құда болып, қүйрық шайнасуға бар. Уа, онбаған, найсан, елді аясаншы, қазулы көрге итеріп ала алмай жүрген өшің бар ма еді? Көңілі сайрап отырғанмен, осының бәрін қайын атасына аузымен айтып жеткізуге Ізбасардың дәрмені болмады.

Ізбасар қымтаулы шапанынан қолын шығарып, Қалмұраттың тізесіне қойды. Қалмұрат алақанына түкіріп жіберіп, оның шынтағын үқалауға кірісті. Жаракат жазымсыз кетпеген тәрізді: он қолы ауық-ауық жансызданып үйи береді, саусактарында жердён шөп көтерер дәрмен жоқ. Еті жыртылып қақсағанына қарамай: «Батырыңқырап сыла!» — дейді Қалмұратқа.

— Жаракат сол жақта, закым болса, сол қолыма закым болу керек еді, бұл он қолымның қақсайтыны несі? — деп, қауіптене сұрады ол бала жігіттен.

«Ұялған тек тұрмас» деп, Қалмұрат не дерін білмей аузына келгенді сандалады.

— Осы қолымнан кем болып жүрмесем жаарар еді, — деді Ізбасар саусактарын қимылдатуға тырысып.

— Қой, — деп шошып түсті Қалмұрат. — Оған не болушы еді. Дәрігер қаны аз, сылай беріндер теңеліп кетеді деген.

— Солай дегені рас па?

— Е, оллахи, өтірік айтсам онбайын!

Қалмұрат өтірікті көзді жұмып соғып отыр: дәрігердің олай деген ештеңесі жоқ, Қатыш кемпірдің далбасасы, Ал Ізбасар болса дәрігер деген кім екенинен бейхабар, бір еміс елес қана көз алдында, бірақ онысы — өңі ме, түсі ме болжап айырып болған жоқ.

— Пірәлі қайда? Неге көрінбейді? — деп сұрады Ізбасар.

Пірәлі осыдан екі-үш күн бұрын, Ізбасардың беті бері қараған соң, жөніне кеткен. «Жабайы» деп бекер айтпаған ғой, ешкімге ештеңе деместен ізім-ғайым жоғалған.

Іштен қазан тықырлап, қуырған балықтың дәмді ісі танауға үрды.

Гүлбаршын есік ашып, мұның не істеп отырғанын бір тексеріп кетті. Көзі тайса бұл екеуі бір оғаштық істеп қоятындей, ылғи көзінен таса қылмай бағып жүргені.

— Экел... — деп ымдады Ізбасар.

— Кой, жок, аға. Болмайды ғой.

— Экел, әкел... бір сорайын.

— Жеңешем көріп қалса, меңі тірідей көмеді.

— Өй, өзің! Жалындырып біттің ғой әбден.

Қалмұрат жеңінен шығарып, есік жаққа жалтақтай отырып, темекі тұтатты. Ізбасар құшырлана бір-екі сорды да, көзі қарауыткан соң, басын шайқап қайтып берді. Қалмұрат бір нәрсе айтқысы келгендей, көздері жүйткіп, ернінің үші жыбырлап отыр еді.

— Айт, — деді оның мінезіне қанық Ізбасар. — Не айтпак едің?

— Жоқ, ештеңе...

— Ендеше, бермесінді несіне жылтыратасың? Көрмей отырмын ба? Өзің бір суайтың ғой тұрған бойың.

— Алдыңғы күні тұнде... бір адам сізді іздең келді...

— Қандай адам?

— Бөтөн біреу. Танымадым.

— Түрі қандай?

— Қараңғы болды ғой... байқай алмадым.

— Ой! — деп Ізбасар қатты тыжырынды да, Қалмұратқаобып жіберердей ажырая қарады. — Не дейді? Мені неге іздепті?

Қалмұрат оған бекесімен жылыстап жақындей отырып, есікке бір қарап алып, ерні-ерніне жұқпай, жыбыр-жыбыр етті.

— Сөйлескен мен емес. Мен сырттан ғана тыңдадым. Сөйлескен Гүлбаршын жеңгем. Бірдеме деп күбірлесіп жатты. Жеңгем сізге жібермеді. Не дегендерін анық білмедім.

Ізбасар орнынан үш үмтүліп, азар тұрып есікке беттегенде, Қалмұрат «ағалап» шылауына оралды.

— Мен айтты дей көрмеңіз. Жеңгем тірідей көмеді. Сабыр етіңізші, аға. Мүмкін, сұрамасаңыз да өзі айтатын шығар.

Е\18.09.14 10:10:10 18.09.14 10:10:10
Ираншы үстап, қатты тұтіккен Ізбасарды «өзі де айта-тын шығар» дегені амалсыз тоқтатты. Ол ашуын сабырға жеңдіріп, шашыраған ақылын жиып алды да, шоқ басқандай бол түрған. Қалмұраттан келген адамның түртүсін ежелей сұрады. Қалмұрат «тумауратқан қарлығыңқы дауысты, ұзын бойлы» дегеннен басқа жарытып ештеңе айта алмады. Қалмұраттың нәрсіз көпірме көп сөзі қолға ештеңе үстатпады. «Даусы қарлығыңқы, ұзын бойлы, қапсағай». Тенізші атаулының бәрі ұзын бойлы, қапсағай, өмір бойы су жалдал, тұман жастанып жүргендіктен дауыстан ақсамағандары некен-саяқ. Дегенмен іздеп келген адамның тегін келмегенін, әрі оның кім екенін де Ізбасар іштей шамалады.

Гүлбаршын тамаққа шақырғанда ым-жымы бір бұл екеуі түк білмегендей, үстелге барып жайғасты. Қалмұраттың көзі Ізбасарда, ол аузын ашқан сайын іші қылп-қылп етеді. Күйрған сазанды біраз еңсеріп, шайға ауысқанда, Ізбасар бір жері сыздағандай қабағын қарс түйіп тұнжырап отырды да, Гүлбаршынға мәндай астынан алара қарап:

— Алдыңғы күні келген кім? — деді.

Гүлбаршын Қалмұраттың төбесіне ожаумен қойып қалды. Қалмұрат шайға шашалып, ытқып отырып үстелдің екінші басынан бір-ақ шықты. Гүлбаршын тағы да ұмтылғанда, Қалмұрат Ізбасарды қалқалап шыр-шыр етті.

— Ойбай-ау, жеңеше! Менің не жазығым бар?

— Сен ғой, тіміскі неме! Аузыңа сөз тұрушы ма еді? Соның арасынша құртың жыбырлап...

— Ойбай, айтсам, табанда қата қалайын. Бұгін таңнан шықпайын.— Ол Ізбасарды түрткіледі.— Мен сізге не дедім? Айтсаңшы, күйіндірмей. Мына қатынның мерт қылатын түрі бар ғой.

Гүлбаршын тамақты жиып, шай қамына кіріскең соң, үстел басында тыныштық орнады. Қалмұрат та басын сипалап орнына қайта жайғасты. Ізбасар қабағы қарс түйіліп, әлгіндегі сұрағына безеріп жауап тосып отырған соң, Гүлбаршын көрген-білгенін айтты. Ізбасар келген адамның хабарын естігеніне куану орнына, жері тарылып, апшып қалды.

— Неге ертерек айтпадың?

— Айтқандай болды ма? Басың қарайып отырғаның бұгін емес пе?

Ізбасар сөз терген жоқ: арасы батық күректей жалпақ иегін сипалап үнсіз отырды да, тездетіп ас қайырып, терезе алдына барып, ешкімге жалтақтамай темекі тұтатты. Қалмұрат пен Гүлбаршын бір-біріне жапақ-жапақ еткені бол-

маса, бұның не деп аузын аша алмады. Ізбасардың бет алды катқыл еді.

— Қос желкенді кемені дайында. Жүреміз,— деді ол.

Бұл сөзді Қалмұратқа бағыштап айтқаны бесенеден белгілі. Кеме дайындайтын атқағысы сол, Қалмұрат Гүлбаршынға жалтақ етіп бір қарап алғып:

— Ойбай-ау, аға, есіңіз дұрыс па! Мұныңыз не болғаныңыз,— деп келе жатыр еді:

— Доғар сөзді!— деп, Ізбасар беттен қауып тастанады.— Кештетіп жүреміз. Жолда ананы ұмыттым, мынаны ұмыттым деп жүрсөң, менен жақсылық күтпе. Желкенді үзем. Бол, қамдан!— Ол желдеткішті ашып, темекі тұқылын далаға лактырды.— Сұраған жүртқа ауылға шалдарға сәлем беріп қайтамыз де, түсінікті ме?

Ернін тістелеп сабыр сактап тұрған Гүлбаршын Қалмұрат шығысымен: «Жындандың ба? Өле алмай жүрсің бе?»— деп бай-байға басып еді, Ізбасар оның иығына қолын салып, шашынан іскеді.

— Бару керек, жаным. Бармауға болмайды,— деді.

— Қалай баrasың? Қараши, түріңе. Жел шайқап азартұрың.

— Жел шайқамақ түгіл ұшырып әкетсе де, бару керек. Күтіп қалды.

— Күтпек түгіл, көзі ағарсын.— Гүлбаршын танауды делдиң, жұлқынып шыға келді.— Өлім халінен қалдың. Бетің бері қарағаны жаңа, адам болар дегеніміз жоқ едік. Енді өшкенім жанды ма деп дәтке қуат қылып отырғанда мұның не? Құрып қалсын, құрып қалғырлар! Ешқайда бармайсың. Жібермеймін. Кетсөң өлтіріп кет!

Гүлбаршын күйеуінің аяғына тізерлеп отыра кетті. Өзі Ізбасар ауырғалы көрер таңды көзімен атқызып, тұшынып үйқы көрмеген, әбден жүдепті. Коң етінен азып, тырсыып теуіп тұратын көйлектері салбырап босап қалыпты. Ізбасар оны жалынып тұрғыза алмаған соң, ақыры өзі келіншегінің жанына тізе бұktі. Оны шашынан сипап, аймалай бастағанда, Гүлбаршын еңіреп жылап, күйеуінің қолын шөпшөп сүйді.

— Жаным-ау, жалғызым-ау, мұның не болғаның?! Түріне қарасаңшы, өзінді ойласаңшы,— деп шұбырта жөнелген.

— Гүлбаршын, айналайын,— деп жалынды Ізбасар.— Сабыр етші. Бармауға болмайды. Мен жалғыз бармаймын, өзінді ала кетем. Сені тастанап ешқайда жалғыз бармаймын деп уәде етемін.

Гүлбаршын бірге алып жүрем дегенге сәл-пәл жұмсар-

ғандай болғанмен, іле-шала қайтадан гөй-гөйіне басты.

— Саған адым аттап шығуға болмайды. Жолда бірдеңе боп қалса, қайрый?

— Маған ештеңе болмайды, — деді Ізбасар^{ес} нықтап. — Ал анау жолдастардың күрін^и қалғаны үят болады. Ол біз үшін — сен үшін, мен үшін, Карагам Үшін, қала берді мына екі оттың арасында басы саудадағы ел үшін керек. Өз қара басымның қамы болса, сенің бір тамшы көз жасынан садақа. Елдің қамы, елдің!

— Маған сенің басың қымбат, елі құрсын...

— Олай деме, Гүлбаршын. Сен ақылды едің фой. Елдің қамын біреу ойламаса, ол қара тастай су түбіне шым батады. Ел қамын ойлауға сұранған ештеңем жоқ еді, өзі солай болды. Эйтеуір біреу шырылдау керек болды. Ол сыбаға бізге жазылса, мойның үзілсе де, көтермесіңе не шараң бар? Тентек болма, Гүлбаршын. Сен маған жар болсаң, серік бол, сеп бол!

Гүлбаршын күйеуінің Астраханмен байланысы үзілмегенін іші сезетін. Кейбір күндері Ізбасар көрер таңды көзben атқызып, ішінде айықпас дерті бардай, уһілеп шығатын. Ара-тұра түсінде сөйлеп, әлдекімдермен орысша салғыласып ұрсысатыны да бар. Түк білмегенсіп жүргенмен, алдыңғы күні келген адамды өткенде алғаш есік қаққанда-ақ тerezeden сығалап көрген-ді. Қойыныңдағы күйеуі өзінен бірдеме жасырды деп те айта алмайды, ол жар төсекте айқасып жатып, мына бір ескексіз қайықтай бетімен лағып шөреше күй кешкен балықшы қауымның бас амандығы түтеп келгенде Астраханмен байланысты дегенді зарғып айтып, құлағына құюдан жалыққан емес. Ол жолдан айну — өз ошағынды өзің теуіп, өз отынды өзің сөндірумен барабар дейтін. Гүлбаршының сенбеске лажы жоқ-ты, сенсін, сенбесін оның енді құдай қосқан қосағы Ізбасардан бөлек тілек тілемесі белгілі. Не көрсө де мандайына жазғанды бірге көруге бақыл. Гүлбаршын көзін сұртіп, шашын жиды.

* * *

Ізбасар жол жүрер алдында кешке талас жөн айтып, ескертіп кету үшін атаманға барды. Кілем тұтқан бөлме іші батар күннің қызылымен нұрланып, қырмызыдай құлпырып тұр. Атаман құс жастыққа шынтақтап, тасбыық тартып отыр. Көзі төбеде, ойы алты қырдың астында. Ізбасардың келгеніне әрі қуанып, әрі абыржып қалды.

— Да, Ізбасармысың! Ізбасаржанбысың? Мұның не

қылғаның? Кел, кел! — деп жаңынан орын нұсқады. — Ертерек тұрып кеткен жоқпысың, балам.

Қос құлаш белбеумен оранып, қаққан қазықтай иліге алмаған Ізбасар төрге шықпай, кілем шетіне тізе бүкті.

— Жата-жата саржамбас болдым. Кішкене серпілейін деп.

— Е, оның дұрыс. Жатсаң — албасты басады, тұрсаң — аруақ қолдайды. — Карабас оның сөзін макұлдауың макұлдап алып, артынша басқаша ауандатты. — Дегенмен қозғалмағаның макұл ма еді? Темірдің таты, қорғасынның кегі болады. Эл жиғанша әліптің артын баға тұрғаның жөн еді.

— Жүре жусаймыз дағы. — Ізбасар әзіл айтып, жымыған болды, бірақ езуі күлкіні ұмыттып қалған ба, онысы күлкіден гөрі тіс ақситуға ұқсады. — Ата, мен жол шыққалы отырмын.

Көзі үкідей болған Карабас аузына қапелімде сөз тұспей, кекештеніп қалды.

— Шешем байғұс тұсімнен шықпайды. Мұңайып жылап жүреді ылғи да. Әлгінде көзім ілініп кетсе, ақсақалды шал: «Әй, бала, өлі-тіріні ұмыттың ба?» — деп нұқып қалғаны. Шошып ояндым.

Ізбасар дайындалп келген өтірігін беті шылп етпей, көзді жұмып соғып жіберді. Ол мұны тисе терекке, тимесе бұтаққа деп лағып айтып отырған жоқ-ты. Мұрнына құран иісі бармаса да, мұсылманың бес парызын өмірінің заңындағ тұтынатын Карабастың ырымшыл тақуалығына көзі жетіп, ішкі есеппен әдейі айтып отырған.

— Апыр-ай, ә? Әруақ болды-ау, шамасы, — деді ол көзі дөңгеленіп.

Тылсым ишараға қарсы келе алмай дымы құрыған атаман көніп қалғандай еді. Аузынан сөзі, қойнынан бөзі тұскендей қарадан-қарап абдырап «сақ бол, қарағым» деп жалынғандай болды. Ізбасар сөзге келмей, «әрине, әрине» деп бас шұлғи берген, бақса, қайын атасының сақтандыруында «ден-саулығынды күт» дегеннен басқа да астар бар екен.

— Су аяғы құрдым болып, із шалдырмай кетті. Кім дерімді, не ойларымды білмей отырған жайым бар, жаным, — деп қапалана күрсінді Карабас.

Атаманның ойы онға, санасты саққа бөлінгені рас еді. Аяқты адам тұрсын, қанатты құс ұшырмаймын деп қорықтай қорыған атамекенінде тапа-талтусте бір бейбастақ ештеңеден қымсынбай адамын жазым қыла жаздады. Бұл қай басыну, не астамшылық, күнінен бұрын өле алмай жүрген

бұл кім деп, атаман адам болмай аспаннан салбырап түс-кен біреу болса да, қолын қолдай, бұтын бұттай жұлмақ боп, аң соққыш тазыдай алғыр жігіттерін жайып жіберіп, Ақжайма — Қарақолтықты астын-устіне шығарып түгел қағып-сілкіп еді: қолға түспей жырылып кетті әлгі соққандар. Қайықтарын тастап жаяу қашыпты. Атаман олардың кім екенін, қандай пиғылды жан екенін айыра алмай әлек: қалта-рыста кездейсоқ ұшырасқан қашқын-пысқын ба, әлде алыс-тан ат арытып әдейі ізден келген кекті жау ма? Бұл екеуінің ара-жігін ажыратудың үлкен мәні бар-ды. Ол осы жайды қанша ойлағанмен, ұшығына жете алмай, ажалмен арпалы-сып өлім халінде жатқан күйеу баласының құлағына салуға дәті бармай жүр еді, енді соның орайы өз-өзінен келді.

— Не ойларымды білмеймін, қарақшы дейін десем, қа-рақшыға ұқсамайды. Қарақшы бұл арадан не алады? Басқа біреулер ме дейін десем, ол да ақылға шетін.— Қарабас сауалы мен күдігін көбейтіп келіп:— Мойныңа қан жүктеп, кектескен адамың жоқ па еді?— деп сұрады.

— О, не дегеніңіз, Қараға. Менің қандай жауым болушы еді?

— Бәсе деймін... жәй сұрағаным да. Өздерін таппаған-мен, қайығын таптық. Қайық — Астраханның қайығы,— деді Қарабас бір ілік іздеңдей.

— Онда не түр?

— Жоқ, әлгі Астрахандағы большевик жолдастарың емес пе дегенім де. Олар өз дегеніне жүрмейтін адамды кеш-пейді деседі ғой.

— Жалғыз қайық оған дәлел бола алмайды, Қараға.

— Жоқ, дәлел ізден отырған мен жоқ. Жәй, әншейін айтам да. Ал неге екенін — қашқындар Астраханға емес, Үйшікке қашыпты. Астраханның адамының Үйшікте несі бар?— деп, ол енді табан астынан басқаша жалтарып шықты.

Бұл жағдай балықшылар қауымы, Қарабас қана емес, Ізбасардың өзіне де жұмбақ. Талай үйқысыз түндер сарыла, ойлап, ұшығына жете алмай діңкелеген өзі де. Оның Гурьевте атаман кеңселерінің бірінде астыртын дайындалып, Үсмайылмен ілесе келген пәле екенін ешкім сезген жоқ. Мылтықтарын кезенген ол екеу өткенде Гурьевтен қатынаған май баржыға тығылып жатып Ізбасарды сыртынан түстеп танып алып, жолын андыған Гурьевтегі атаман контразведкасының тісқақты жалдалтары еді.

Ізбасарлар күн еңкейе буынып-түйініп жолға шықты. Кетік беттен есінеген майда қоңыр жел кешке талас ішін тартып үхлеуге кірісті. Теңгедей сұлдыраған майда толқындар әткеншек атып дөңбекши бастады. Қос желкенді кеме басынан ноктасы сыпрылысымен желкенін желге шіреп ап, толқын-толқынның жалымен шоқырактаң берді. Бұл сапар, кеме тізгіні Қалмұраттың қолында. Біраздан бері жол шықпай, жіпсіз байланған ол кәдімгідей серуен сағынып қалыпты. Кеменің құйрығында қаршығадай шашылып, көзді қияға қадап, баяу қоңыр дауыспен әндептіп қойып отыр. Әдет деген көрге сүйегінмен бірге енетін нәрсе, асылы. Ізбасар тілінді кесем деп қанша дігірлегенмен, жаман қалып алған аузы өзінің дағдылы әуенінен айнымайды.

Аушылар ау тартады ауыменен,
Бір дамбал шыға келді бауыменен,—

деп созады ол.

Гүлбаршын қазандықты өртеп жағып, аузына біресе тамақ, біресе шай ұстап, Ізбасарды үліктен тырп еткізбеді. Шектен тыс тым елеуреп алған Ізбасардың мысы тез басылды: жол шығысымен әлі құрып, басы айналып жатып қалды.

— Қозғалма, бала емеспіз, өзіміз де тауып барамыз,— деп келіншегі оны қыбыр еткізбей, бесікке бөлекендей бәйек болды.

Ізбасар іште отырып, толқынға жамбасың төсеген кеменің жүрісінен-ақ бағдарды аңғарып, біресе онға ал, біресе ықтатыңқырап ұста деп, жол сілтеп отырды.

Қызарып барып күн батты. Көкжиек көп уақытқа дейін салтақтанып тұрды. Шоғырланған күзгі құс үйір-үйірімен ұшып-қонып теңіз үстін қиқуға кенеді.

Ұмырт үйіріліп, көз байланысымен, арқауы босаған жел үркер жамбасқа келіп, түн ортасы ауған кездे сап тыйылып, мұлгіген ақ тымық орнады. Ұзак күн дамыл көрмеген табиғат бір сәтке басын жастыққа сүйеп мызып кеткендей. Сол ақ тымықпен бірге елестей селдіреп тұман кеуледі. Сәлден кейін тұман қоюланып, аспан-жердің арасы түгел тұмшаланды да, аяқ жолдың өзін айыру қынға айналды. Кеме тұман емес, бұлт кешіп жүргендей еді.

— Байқа! Сақ бол! Бағдарынан жаңылып қалма,— деп ескертті Гүлбаршын.

— Енді жүріп мандытпаспыш. Тоқтаған жөн шығар,— деп ақыл қосты Қалмұрат.— Ағам ояу ма?

Кұлак тігіп сергек жатқан Ізбасар сұратпай-ақ далаға бас сүкканда, дым бүркіген тұманға шашалып, қатты жете-ліп қалды.

- Не, не дейсіндер?
- Тоқтаймыз ба, қайтеміз? Көзге тұртсе көргісіз.
- Қай маңда келеміз?
- Кемежүтқанның тұсынан әлгінде өттік.

Ізбасар сыртқа шығып, аласа жаппаның астында жүргендей төбеден басқан тұманның еңкейіп, кеменің құйрығына, Қалмұраттың жаңына келді. Үшеуі сол жерде бас қосты. Жалпифан дәу желкен әлдеқайдан демеу тауып, талмаураған кеме ақырын су сызып келеді. Теңізшінің тас караңғы түндегі серігі — аспанда жұлдыз не бағдар аңғартар желжоқ — бәрі де құлакқа үрғандай тым-тырыс. Ұшқан құс та жөн сілтеуге жарайтын, бірақ қазір құс ұшатын мезгіл емес.

- Таяу салып көрші,— деді Ізбасар.

Қалмұрат таяу салып, судың тереңдігін өлшеді. Кәнігі теңізшіге ол да қолұшын ұстарат әжептәуір селбеу еді.

- Құлаш жарым шамасы,— деді Қалмұрат.
- Онысын мөлшерің мөлшер екен. Кемежүтқанның о жақ, бұ жағы шығар. Жылжи берейік. ...Таяу бойлайтын жерге іліккен екенбіз.

Ізбасардың емеуірінің айтпай тұсінген Қалмұрат пен Гүлбаршын қолдарына таяу алып, кеменің қапталына тұратұра қалысты. Өрелді Ізбасардың өзі ұстады. Кеме сырылдап, қапталымен су сыйзы. Тұманның қалындығы соншалық — сендей соғылысып азар сетінейді.

Арада біршама уақыт өтіп, ет қызып, таяуға төселіп алған кезде, Қалмұрат:

- Ойбай, тоқта!— деп таяуды қарсы салып, табандап тұра қалды.

Бұлар иек астынан қарайған балықшы кеменің қабырғасын қақырата жаздал азар тоқтады.

- Біздің кемелер,— деді Қалмұрат.
- Бұлар қайдан жүр? Қарашуңғыл жақта емес пе еді?
- Осылай ойысқан ғой. Балық білінген де шамасы. Шауып алса да, түк сезер емес қой өздері.
- Сезбей-ақ қойсын.

Олар шырт үйқыдағы кемені айналып өтіп, ілгері жылжыды.

Теңізшілердің өздері де, тірлігі де, құдды, бал араның науқы — жүптарын жазбай топтасып ұшып, топтасып қонып жүргендері. Жолаушылар адым аттаған сайын, түнеп жатқан балықшы кемелерге жолығып, соктығып қала

жаздаң сақ келеді. Шағала сияқты балық соңынан көшіп қонып жүретін теңізшілер, шамасы, осы сұы тайыз, жайылмаға іңірлете келіп ауларын салған да, жеткені жеткен жерінде қалжырап түней кеткен. Ізбасарлар соғылып бірдеме бұлдіріп алмай, түнемеден тезірек жылыстап аулак шығып кеткенше асықты. Олардың ешкімге жолағысы жоқ-ты. Жолығысқан соң қайдан жүрсің, қайда барасың әңгіме көбейеді, ал ондай әңгіменің бұларға қажеті шамалы. Дегенмен, Ізбасарлар қашама сақтық істегенмен, көзге ілікпей тұра алмады. Көптің аты көп: біреу үйқыда болғанмен, біреу ояу.

— Ей, кімсіндер? Түн жамылып неғып жүрген жансындар! — деді бір кемеші бұлар желкені бұлғандап жандарынан жылыстап өте бергенде.

Ізбасар дыбыс бермеген. Теңізшілер арасында да көзді ала беріп қақшып кететін сұық қол сұғанақтар аз емес. Ұрлайтындары — құрал-жарак пен судағы ау — үйқтағанда бір көзінді жұмып, бір көзінді сығырайып ашып жатпасаң, аузыңды аңқитып кетеді. Кемеші бұлардың мезгілсіз уақыттағы жүрісінен секем алды ма — бір құлағы кемесіне байлаулы торын тексеріп, серіктерін оятып, абыр-сабыр бола бастаған. Мына қар айнала төңірегін аяғынан тік тұрғыза ма деп қауіптенген Қалмұрат тіл қатуға мәжбүр болды.

— Эй, Қарымсақпысың?

Өз аты аталғанға абыржыған кемеші сәл-пәл тоқталып қалды да:

— Иә.., ал өздерің кімсіндер? — деді.

— Үтеп кететін үры деп ең... Шолғыншылармыз. Бұл араға қашан келдіндер?

— Түнде... іңір кезінде.

— Кәсіп қалай?

— Оны ау суырғанда көреміз де... осы жақтан балық білінді деген соң, тайлы-таяғымыз қалмай жеттік. Кімсің өзің?

— Ақкөсе алыс па? — деп жауаптан бас қашырды Қалмұрат.

— Ақкөсе деймісің? Оу, бұрыс кетіпсіндер ғой. Ақкөсе қайда, біреу қайда? Жайылмадан шығысымен, бірден онға алындар. Бірақ жолда распордың қадасы бар, содан байқандар,— деп жөн айтып қала барды кемеші.

Олар жер жағдайын сұрап біліп, өздерінің кім екенін айтпай құтылды. Қауіп алып, қатты алаңдап келе жатқандары да осы қада еді. Ол дегеннің кеменің жауы, су астында андып жатқан аран. Атаңа нәлет осы судың бұрынғы қожа-

сы алтын қапшық Алексеевтен қалған қанды мұра. Екі дүниеде онбағыр қалтасына сылдырап құйылып жатқан байлықты азсынып, одан да молырақ асасам деп, распор деген көсіптің жаңа түрін шығарды. Балықтың жүретін жолдарын бөгеп, көш қулаш аулармен керіп тастайды. Ал ол ауларды үстап тұру үшін бөренелерден қатар-қатар қада қағады. Балық әлгі алып торларда айлап-апталап өлмей тірі жүреді. Керек кезінде тыптыраған жас балықты баржыларға құйып әкетеді. Сол онбаған әлгі қадаларды суырмай су түбінде қалдырып кетті. Онысында есеп жоқ емес, әлгі жерге бөтен біреу келмесін, келсе, кемелері арандасын деген арам ой. Су астындағы қадалар білмеген адамға қада емес, құрулышайза белқасты, кемелердің қабырғасын қаусатын түсіреді.

Ізбасарлар қауіпті тұсты біліп алған соң, беттерінен бөгелмей тарта берген. Сәске тұсте тұман түрілген кезде, олар Забурын қолтығының қара ағысты кең шалқарына ілікті. Бұл қазір бөтен су болып есептелгенмен, Забурын кеше қызылдарға, ал бүгін ақ казактарға тәуелді болып отырғанмен, оған қарап теңізшілердің ірге айырып, бөлекtenген ештеңесі жоқ. Баяғыща қойы қоралас, бастары аралас ен-жайлап, еркін жатыр. Забурын қолтығында Қарабас балықшыларының да, Жамбай кемешілерінің де жүргені желкендерінің ен-құрақтарынан анық аңғарылады.

Ізбасарлар халық аузында Қара теңіз атанған Забурын қолтығының тайыздау бір тұсына келіп, ленгір тастап, желкенді бүктең, бұлаңға тұрды. Кешікпей Гүлбаршын тұтінін будақтатып қазан көтерді. Қойнауда шашылған балықшылар оларға кімсің деп бұрылып қарамады, өз күйбендерімен өздері әлек: Әріректегі балық өткізетін пунктіне қарай жөңкіліп барады. Өзінің ізден кеп тұрған адамы осылардың арасында екенине Ізбасардың иманы кәміл: иә Жамбай, иә Забурын балықшылары болып жасырынып жүргені анық. Бұлар тоқтасымен, өзге топтан жырылып бұларға қарай ойысқан бірер кемеге елеңдесіп қалып еді, олар жәй жүрген бейсеует адамдар болып шықты.

* * *

Күткен кісілері іңір қараңғысында ғана төбе көрсетті. Ел кең шалқарға жапа-тармағай ауларын төгіп, кешкі тамақ-қа отырған кезде, бұлардың тұсына келіп тор құрған кеме көз байланысымен бір бүйірлеп қапталдаса берді.

- Да, кімсіндер?
- Өздерің кімсіндер?

— Осы аранікіміз...

— Ақжайма жақтан келдік. Кәсіп қалай екенін білмек едік.

— Қош, қош. Кәсіп жаман емес. Бір жұмадан бері қара балық білініп тұр.

Теңізшілер іргелесе беріп, шәлкі арқанын тастады.

— Иә, Ақжайма жақ аман ба? Көршіктерің кім?

— Оны қайтпек ең? Мен мұндамын,— деп қүйрық жақта жұн шепкен оранып отырған Ізбасар тіл қатты.

Аяқ-қолы сырықтай серейген ұзынтура жігіт бұлардың кемесіне серең етіп қарғып шыққанда, Ізбасар оның басқа емес, байланысшы екенін салғаннан шамалады. Ол: «Ізара!»— деп анадайдан мұның жанына қолын соза келді.

— Аяғыңызға тұрдыңыз ба? Жолды ауырлап қалған жоқпышыз?

— Шүкір, шүкір... күтіп қалдыңдар ма?

— Оған ризамыз ғой. Сіз келе алмай ма деп екі жыл едік.

— Кеш есіттім, кеш айтты...

— Жаны ұяда болса, еңбектесе де жетер деп, болмай күттіріп еді Митрофаныч. Біледі екен ғой...

— Ол осында ма?

— Осында.

Митрофанычтың атын естігенде Ізбасар орнынан қалай ұшып тұрғанын өзі де аңғармады. Қараңғыда аяғын сипалай басып, кеменің кенерінен қорқасоқтап аттап жатқан еңкіш адамның сол Митрофаныч екенін жазбай танып, қарсы ұмтылды.

— Митрофаныч!

— Ау, Ізбасармысың?

Айналасындағы жұртты таң қалдырып екеуі құшактаса кетті. Митрофаныч жауырыны қақпақтай жігіттің орнына қуыршақ құшактағандай болғанынан қатты шошынып, түнде көрмейтін тауық соқырлығы бар көзіне сенбей, Ізбасарды қолымен сипалап әбігерге тұсті.

— Ау, саған не болған? Ауырып қалғансың ба? Мұның қалай, жарқыным,— деп шұбалтып келе жатыр еді.

— Ер жігіттің басына нелер келіп, нелер кетпейді демеуші ме едіңіз. Бір құйын ондырмай соқты да, өте шықты,— деп оны жұбатқан болды Ізбасар.

— Әйтеуір, арты қайыр. Дертті болмаса жарады.

— Қайыр, қайыр... қош келіпсіздер. Ал ішке кіріңіз.

Ізбасардың емен жарқын даусынà қарап көңілі тоғайған Митрофаныч үлікке түсіп, шам жарығында ескі серігінің

көрдөн шыққан арақтай жүдеу түрін көргенде тілі байланып қала жаздады.

— Ойбай-ай, Ізбасаржан-ай! Сені бекер қинаппын ғой. Мұндай екеніңді білсемші?

— Үрікпе, Митрофаныч. Бұл семіргенім,— деп тісін ақситты Ізбасар.

Митрофаныч науқас қабылдаған дәрігердей-ақ шұқылап ұзак сұрай келіп:

— Мына түрің маған ұнап отырған жоқ, жігітім. Дұрыстап қаралмасаң болмайды. Мүмкін Астраханға жүрерсің?— деді.

Қазандық алдында шай жасап жатқан Гүлбаршының жанары жалт ете қалды. Ізбасар тістерін оғаш ақситып қарқылдай күліп, көзімен Гүлбаршынды ымдады.

— Ай, Митрофаныч-ай! Қызықсыз. Менің бас еркім өзімде ме екен. Сіз жүр дегенмен, келініңіз жібере қоя ма?

— Келіншегің бе?

— Иә, келініңіз. Аты — Гүлбаршын. Баяғыда көргенсіз. Біздің қазір тілдесіп отырғанымыз, алдымен құдай, қалса осы кісінің арқасы.

Митрофаныч Гүлбаршынға көз тоқтата қарап:

— Көп жаса, шырағым. Жақсылығың алдыңдан шықсың,— деп ризашылық білдірді.

Гүлбаршын ернін болар-болмас жыбыр еткізгені болмаса, рай берген жоқ. Жаңағы сөзден көнілге түйткіл алғып, шошынып қалғандай. Ізбасар жуып-шая бастады:

— Қамқорлығыңызға ракмет, Митрофаныч. Түрімді көріп шошып қалғансыз ғой, шамасы. Жүдеулігім болмаса, былай сергекпін, айығып көлемін. Теңеліп кетермін, іншалла. Тұманды күз де келді. Қыс та алты қырдың астында емес. Ол енді теңізші қауымға жылда бір сын ғой,— деп сөз аралап кетті.

Астраханның жағдайын сұрағанда, томаға-түйық Митрофаныч көз әйнегін түзеп алып, шешіліп сала берді. Астрахан баяғы өзің көргендей қара орнында, әрине, жағдай анау айтқандай емес, жау іргеде, тыныш үйқыны ұмытқалы қашан. Майдан шебі шұрық-тесік, жау күнде бір жерден жарып өтеді, ала жаз бойы соны жамап-жасқап әуре, әйтеудің әзірше бел алдыра қойған жоқ. Жаздың ортасында Царичын құлап, темір жол қатынасы үзіліп шыбын жан көзге көрінгенде, Ордадағы атты қазақ полкі ерледі — жолды ту-у сонау Орбықтан бермен қарай түгел тазалап берді. Ішкі жау баяғыша лаң салып, лайлап бағуда: жақында айтакқа ерген

Гарнизон бастығы Атарбековты түрмеге қамап, Миронычтың

өзін тұтқындап тастаған. Бірақ барлығы тез қалпына келді.

Шайдан кейін олар сыртқа шығып, кеменің құйрығына екеуден-екеу оңаша жайғасты. Қою тұман айналаны санылау бермей тас бүркеп қымтап алған. Дымқыл ауа себелеп дым бүркіді. Ізбасар қайта-қайта күркілдеп жөтеле берді.

— Салқын ұстап қалып жүрмесін. Ауада ызғар бар ма, қалай?

— Иә, салқындайын деді білем. Қырау түсетін шығар асылы,— деді Ізбасар өмірауын қымтандып.— Мезгіл де келіп қалды ғой.

Митрофаныч баяу күрсініп алды да, Ізбасарға мойның бүрды.

— Гурьевтен не хабар-ошар бар?

— Аман, аманшылық. Ахтаның Қажығалиды қалай құтқарғанын естіп пе едіңіз?

— Тым шулатыңқырып жіберген бе, қалай өзі?

— Шулатқанда да, белқасты, төбеден жәй түсірген. Ерім-ақ екен, сабазың.

Митрофаныч жақтырмағандай басын шайқады:

— Батылдық, ер жүректік деген жақсы, жас кезде жігітке жарасатын қасиет. Бірақ көзсіздіктің қажеті не? Жау арасында жүр. Шөлмек мың күн сынбайды, бір күн сынады деген.— Шал болмашы ғана езу тартты.— Сендердің шетіңнен беттен қайтпайтын бұзық екендерінді білсемші. Бір-бірінді қалай тапқансындар. Сендер үшін естімеген сөзімді естідім, әкемді танытты.

— Неге?

— Эне, неге дейсің? Тіпті қаперіңе де кіріп-шықпаған. Біз Ракуша аралына сапарға төртеу бол аттанбап па едік? Ал нешеу бол оралдық? Астраханға сопиып мен жалғыз бардым. Брагинский жолдас, бұл не бейбастақтық, үкімет тапсырмасымен жүріп, жолда жырылып қалып қоюға кім рұқсат етті деп, ал кеп шыжғырсын.

— Қалсақ, себепсіз қалған жоқпыз. Түсіндірмедіңіз бе?

— Түсінер құлақ болса, түсіндіруден кенде болды деймісің?! Олардың тәртібінде — тапсырма алған жерге қайтып келуің міндет екен, ал біз болсақ бет-бетімізге тараап кеттік. Әйтеуір тапсырманың ойдағыдай болғаны — жыланның басына ақ құйды,

Ізбасар дағдарып, алақанын жайды.

— Мен түсінбеймін, Митрофаныч. Ахтан Үйшікке Қажығалиға бола оралды. Жолдасын жау қолына қалай қиын? Ал мен болсам — өзіңіз қөрдіңіз — амалсыз қалғанымды.

E:\18.09\Маган Несін\айтасың, Ізбасар. Бәрі түсінікті ғой, қазір Астрахан басшылары да осының дұрыс болғанына қөздері жете бастаған сияқты.— Митрофандың қолтығынан бір нәрсені алып, орауын жазып, алақанына салып салмақтап отырды. Қараңғыда Ізбасар оның қанжар екенін байқады.— Мынау,— деді Митрофандың,— жәй қанжар емес, Сергей Мироновичтің қолы қойылған арнайы сыйлық қанжар. Ракуша аралына сапарың үшін алғыс айттып, тапсыруды өтінді. Ал наградаң құтты болсын.

— Рахмет.

— Рахметің де бөтен емес. Бірақ большевик рәсімінше: «Революцияға адалдыққа ант етемін!» деу керек.

— Адалдыққа ант етемін...

Ізбасар шағын болғанмен, қорғасын құйғандай зіп-зілдей қанжарды қолына алып, жүзін тексеріп, көзімен жазуын іздеді. Митрофандың сіріңке жағып, өзі жақсы білетін құмырска жазуды қарамай-ақ жатқа оқып берді: «Қызыл теңізші I. Жанекеновке! Революция жолындағы ерлігі үшін. С. М. Киров». Еңбегінді елеген неге жаман болсын, Ізбасар езуі жайылып күлім қақты.

— Е, қорқыта бермей, өстіп қолпаشتап қоймайсыңдар ма? Жігіттердің еңбегі бар ғой,— деді.

Ізбасардың бұл сөзіне Митрофандың іш жиып қалды. Жастайынан аралас-құралас өсіп, бір адамдай қанықпын дегенмен де, теңіз жағалауы жігіттерінің мінезінде түсіне бермейтін оғаштықтар аз емес-ті. Басынан сөз асырмайтын шапшаңдықтары, шалқалап шарт кететін асаулықтары өз алдына, төземдерге сенбейтін орыстың байырғы мінезіне бағып, адалдықтарына құдік келтірер болсаң — ірге айырып, осқырынып шыға келетіндері және бар. Қайткенмен де, сөзінді өлшеп, аяғынды андан баспасаң, тізеге салуға көне қоймайтын қын жұрт-ты.

— Элбетте, элбетте!— деп Митрофандың басты шұлғып, жөптей жөнелді.— Жігіттердің еңбегін өзге білмесе де, мен білемін ғой. Оған дау бар ма? Бірақ тәртіп керек, революция анархия емес, темірдей тәртіп болмаса, анталаған жаудың аузында кететінімізге көз жетті.

Әлемдегі ең ауыр әскери муштраны көрген, сапты меңгерген, азы көбіне бағынып үйренген, жалпы, қоғамдық жолжоралғыларға мойын ұсынғыш орыс тұғырынан қарағанда: қазақ жігіттерінің бүйректы жүре тындаитын қисық мойын қыңырлықтары көзге оғаш көрінуі ғажап емес-ті. Тәртіпті тәлтіштеп кеткен Митрофандың лауазымынан сол ыңғай аңғарылды. Шамасы, басшылары бұлардың Астраханға

оралмай, әр нәрсені сылтау етіп, қазақ жерінде қалып қойғанына әжептәуір аландаған сыңайлы.

— Е, ондай кемшілігіміз бар,— деп күлді Ізбасар.— Бағынуға жоқ арда халық қой. Қаны солай жаралса, қайтаміз. Жер бетінен жоғалып кетпей жүргеніміз соның арқасы ма, кім біліпті!— Ізбасар айтарын-айтып алғып, ізінше жуыпшая бастады.— Орыс та тәртіпке бірден үйрене қоймаған шығар. Бара-бара қалып аламыз да. Оны сіз түсінуіңіз керек.

Митрофандың құптады ма, құптамады ма — әңгімені аяқсыз қалдырып, басқа мәселеге — жер түбінен ат арытып, тон тоздырып келген басты шаруасына ауысты. Көктем айларында Жылой қолтығындағы Ракуша аралына жасаған сәтті сапарлары, қындықпен тапқан мәлімет-дөректері үкімет басшыларының қолына жеткен. Ең жоғарғы әскери орындарда талқыланып, құptaушыларын тапқан. Митрофандың осы жайларды шым-шымдап айта көліп;

— Енді өздерің байлаған түйіннің шыжымын ағытар күн таяды. 10-ы мен 15-інің аралығында Ракушаға шабуыл басталмақ. Теңіз десанты түсіріледі,— деді.

— Қойшы, рас па?— деп қуанды Ізбасар.

— Күмәнің болмасын. Мен сол мәселеге байланысты арнайы келіп отырмын.

— Абырой болғанда ісіміз аяқсыз қалмаған екен. Енді өлсем-тірлсем де осының бас-қасында болуға тиіспін.

— Өлімді ауызға алма, Ізбасар. Беті аулак, ол нәлдеттің. Әуелі тыңдалап ал.— Митрофанды Ізбасардың шодырайған арық тізесіне қолын салды.— Десант түсіру кезінде сіздің теңізшілердің қолғабысы қажет. Жол көрсету, жүк тасу де-гендейін... тіпті қару алып, қатарға тұрса да артық емес. Бұл — бір. Екіншіден, десантты ұлы теңізге шығармай жағалау бойымен жылжытсақ деген ой бар. Ашық теңізде жау флоты басымырақ болып тұр. Сосын, құпиялық жағын құнтамаса, тағы болмайды. Жағалау бойымен, балықшы кемелермен араласа жылжысақ — көзге түспес едік деген ғой, баяғы. Осыған жағдай бар ма — өзінмен ақылдақшалы келдім.

Ізбасар иегін сипалап, сәл-пәл ойланып барып:

— Қолғабыс болады,— деді.

— Сіздің қолғабыстарың аралға шабуыл жасағанда да қажет. Су тайыздаса, балықшы кемелерден басқа көлік аралға жақындалап бара алмайды.

— Макұл. Ол да болады.

— Мәселе — өте-мөте маңызды. Көп нәрсө сенің теңізшілеріңе байланысты. Ойланып айт, Ізбасар.

— Ойланатын дәнеңе жоқ. Басқасына уәде бермегенмен, жиырма кемені өзім бастап шығам. Қанағат па?

Митрофаныч Ізбасардың қолын қысты.

— Рахмет, Ізбасар. Үмітті ақтадың. Енді екінші мәселе — теңіз жағалап Қарақолтық — Ақжаймамен жылжысақ атаманың айғай салып, әңгірлең жүрмей ме? Ол бұл судан адам тұрсын, құс ұшырмауға ант ішіп отыр ғой.

Ізбасар бұл сөзді жақтырмай мандайын тыжырды.

— Астрахандағы айтакшыларға еріп, сіздің де аузыңыз қисая бастаған еken, Митрофаныч. Сырттан тон пішкен көпсітпенің қажеті не? Сол Қарабаспен арнайы кеп адам құсан сөйлескен біреуің бар ма?

— Баяғыда комиссар Коломицевті таяқтап айдалап шықты емес пе?

— Ол Коломицевінді мен де айдалап шыққан болар едім.

Әңгіме теріс бағыт алып бара жатқан соң, Митрофаныч қытықты жерге ши жүгіртпей, үнсіз құтылуға тырысты. Оның ауыз ыңғайын таныған Ізбасар түйіліп отырып-отырып барып:

— Қарабас қайын атам болған соң ара түсіп шырылдан отыр деп қалмаңыз. Әлгіндей ғайбатқа кімнің іші жылығандай. Десантты өткіземіз. Айғай шықса, бетімізге сонда салық етерсіз,— деді.

Осымен бұл әңгіме тәмам болды да, десант жәйін егежей-тегжей сөз еткенде, Ізбасар:

— Қарашаның 10—15-і дейсіз бе? Неге кеш? Нағыз аласапыран, қолайсыз кез емес пе? Мұз ұстасып қалуы да мүмкін,— деген қауіп айтты.

— Мұз 25-не таман қатпаушы ма еді? Жылда солай еді ғой.

— Оған сенім бар ма? Керек десең бүгін де қата салады.

— Иә, ғажап емес,— деп самайын сипады Митрофаныч.— Эу бастағы келісім солай болды, енді оны өзгерту қыын.

— Қандай келісім?

— Жоғары жақтағы... өзің білесің — біз орындаушылармыз ғой.

— Митрофаныч,— деді Ізбасар әдёттегісінше басын сілке сөйлеп.— Тұмандатқанды сұқаным сүймейді. Анықканықты ұнатамын. Айттар болсаныз — ашық айтыңыз, не айтпаңыз. Мен де сенімнен шыға бастағанмын ба?

— Жоға! Ол не дегениң... — Митрофаныч орынсыз сақтығынан өзі ыңғайсызданды.— Аласапыранды біз таңдал

отырған жоқпыз, майдан жағдайына байланысты боп отыр. Гурьевке соққы негізінен Орал жақтан болады, енді көп кешікпей Түркстан майданы шабуылға шықпак. Фрунзе жолдастың есебі бойынша, біздің де ойымызша, Ракуша аралына десант түсіруге қолайлы осы кез. Бұрын түсірсек — жау жаншып тастайды. Сол қарашаның 10—15-терінде таяу Түркстан майданы Гурьевке жақындайды. Біз аралды сол кезде басуымыз керек. Енді түсінікті ме?

Оның түсінбестей түгі де жоқ-ты.

Ізбасар иегін сипалап ойланып отырып:

— Өлмеген құлға жаз келді. Сарыла күткен шабуыл басталды деңіз ақыры! — деді ол тынысы кеңейіп.

— Басталды. Жайық казак-орыс әскерінің саудасы осымен тынбак.

— Түсінікті. Демек он-он бесі ғой. Ол кезде біздің шалан Қарақолтықтың тайызына келеді. Ақжайма ашық болады. Мен десантқа ілесетін кемешілерді сонда қалдырам да, сіздерді күтем...

— Келістік!

* * *

Ізбасар енді бір демде басталғалы тұрган шабуыл хабарына бір есептен қуанса, бір есептен көнілге түйткіл алды. Теңізші қауымның жағдайы баяғысынша дұдамал, анықканық ештеңе жоқ, от пен судың арасындағы екіудай күйде еді. Астраханмен арақатынас жақсарып, даңғыл жолға түспеді, түнерген бұлт түнерген қалпынан бір сейілмеді. Осы тоң-торыс қабақтың түбі жақсылыққа апармайтынын іші сезіп, жарғақ құлағы жастыққа тимей, қанша шырылдағанмен, алшайған екі араға дәнекер болып жарытқаны шамалы. Оның үстіне мына бір көлденеңге ұшырап, басы қайғы болды. Көнілдегі көп ойларын жүзеге асыра алмады. Енді-енді ғана есін жиып, жан-жағына көз салса, сын сағат таянып келіп, табалдырық аттапты. Әне-міне дегенше ұлы дүрбелен басталғалы тұр. Әрі ол пешенеге жазғанды көрерміз дейтіндей әліптің артын бақтырар емес, бұлардың үстінен бұлағай салып, дауылдатып өтпек. Дауылдатып өткенде белден басып, жермен-жексен етпесе неғылсын? Бұл орайда Астраханның не ойы барын білмек боп тамақтан кейін далаға қайта шыққанда, анық-қанықты сүйетін Ізбасар әңгімені төтесінен бастады.

— Біз туралы не дейсіз? Қалай шешіп жатсыздар?

E:\18.19\13\001-0610.tif\page_287
Бүйрден койған төте сұраққа Митрофаның жалтармай ашық жауап қатты.

— Неп болар... жасырып қайтейін, пікір әрқылы. Мен өрем жеткен жерге дейін түсіндіріп бақтым, түсінген де, түсінбекен де бар. Соңғы жайлар мәселені тіпті қындастып жіберді емес пе?

— Қандай мәселені айтасыз?

— Ағылшындармен алым-берімдерің, сол өте-мөте қате болды.

— Онда мен ес-түссіз жатқам. Эйтпесе өлсем істетем бе? Орны толмас қате болғанын білем.

— Көрдің бе? Жағдай солай боп тұр,— деп күрсінді Митрофаның.

— Е, түсінікті, лепірісіп жатыр екен ғой.

— Кімнің аузына қақпақ болғандайсың. Ондайлар жок емес...

— Тенізші қауымның кеңес үкіметіне жау емесін, ша-тысып жүргенін, өздері ылғи сіңірі шыққан қаратабан кедей екендерін неғып түсінбейді. Атырау өңірінде кеңес үкіметін алғаш қолдап, теңіз үстіне қызыл жалау желбіреткен басқа емес, осылар екенін неғып ескермейді?

— Қазіргі жалауларың қандай?

— Ешқандай... ешқандай жалау жок.

— Міне, мәселенің төркіні қайда?

— Сізді түсінбедім, Митрофаның. Бастық болғалы пікіріңіз өзгерген бе? Баяғыда Жайықтың тамағында екеуден-екеу жатқанымызда басқаша әндетіп едіңіз ғой.

— Басқаша әндеткен дәненем жок. Сол пиғылым пиғыл: балықшы қауым нағыз жалаңаяқ пролетариат. Бірак бәрі өздеріңнен. Неге құйрықты қысып тыныш отырмайсындар? Бұрынғы қырын-қабақтықты қойып, жаулыққа көштіндер. Неге уланған балық жібересіндер?

Аң-таң болған Ізбасар:

— Қандай балық?— деді тұтығып.

— Откенде Астраханның жұмысшыларына бір баржы балық жібергенсіндер, улап-шулап қарсы алдық, ақыры не болды? Балық уланған болып шықты. Бұдан кейін қалай түсіндір дейсің?

Ізбасар басын қос қолдап ұстай алып, жаны күйзелгеннен ыңырсып жіберді. Бұл не, бұл не сор, ілгері басқан аяғы кері кеткендей не ит тиді? Бастарына бұршақтай жауған мына қырсықтан қашан арылады? Бармақты шайнаумен өтетін болды ғой күндері. Ол қайын атасын: «Астраханның ер жүрек жұмысшы табына!» деп бір-жар баржы балық же-

нелтейік деп көптен қолқалап жүрген. Ол, әрине, қоршауда қалып, тапшылық көрген елдің жұмырына жұқ болып жарытпас, әйтеуір қысылшаң кезде қол созып, ниет таныту да... сөйтіп, үзілген қатынасты шым-шымдаپ қайта жалғауға мұрындық болар еді. «Битке өкпелеп тонынды отқа жақпа» дегендей, комиссар Коломицевтің сотқарлығына бола ертеден ішек-қарыны аралас қалың елден қалайша ірге айырады. Әрине, алмақтың да салмағы бар, оны білсе әзірше «сіз-біз» десіп бетке қана жылтырасқан Жайық казагының қабағы қисаяры белгілі, бірақ ол қай уақытта түзік болып еді. Шеңгірткеден қорыққан егін екпес... Атаман Қарабас ләм-мим жақ ашпай қолқасын аяқсыз қалдырған. Кешегі күндері бұл тұяқ серіппей, ес-түссіз жатқанда «қарыз-парыз» дегенге ұқыпты, ырымшыл Қарабас мұның актық тілегін орында мақ болды ма, әлде Астрахан апарып емдеуді ойладап, алдын-ала қам жасағаны ма — әйтеуір көңіліне бір қиқым түсіп, Астраханға көмек жөнелткен болды. Бірақ ақылынан алжасқан ба бұл шал — өз басына өзі жау шақырып, балықты улағаны неғылғаны. Ізбасар мына бір қын жағдайдан бұлтарып шығар саңылауды аласұра іздеді.

- Балық уланбаған шығар, сасыған шығар, мүмкін?
- Қыркүйекте балық сасуышы ма еді.
- Күн ыстық болды, жолда көбірек жүріп қалса, неге сасымасын.
- Алғашқыда біз де солай ойлағанбыз. Бірақ комиссия уланған деп тапты. Уланып өлген адамдар болды.
- Жақсылығындың өзі басыңа жамандық болып оралуы бұрында да кездескен. Қазір ондай жағдай шаш етектен, — деді Ізбасар шарасыз қоңыр үнмен.— Бірақ Қарабас сау басына сақина салғандай ақымақ емес. Бұл — екі араны ушықтырып жүрген жаудың ісі. Оның кім екенін енді шамалаған да сияқтымын.
- Фажап емес. Бірақ қалың елге енді қалай түсіндірерсің.
- Ел — ел де, ал сіздер ше? Өздеріңіз ше?
- Біздің пікіріміз сәл басқаша,— деді Митрофаныч Ізбасар қызырақтаған сайын сабырлана түсіп.— Өзгелерге кепіл бола алмаймын, біздің әскери инспекция мекемесін-дегілер оны басқаша жорыды. Әйтпесе сіздерге ат басын тіреп келмес те едік. Тоқ етері былай: бұдан былайғы теңіз-ші қауымының тағдыры алда тұрған жауапты шаруаның сәттілігіне, оған қаншалықты адал атсалысатындығына тікелей байланысты. Іспен дәлелдендер, сонда ғана шындық-қа көз жетіп, күпсіген одағай ауызға құм құйылады. Кірдің

жүгүүс оңай, кетуі қын. Кейде адалдығыңды дәлелдеудің сәті де келе бермейді. Ал сіздерге сәті өзі сұранып түр. Қысқасы, бәрі өздеріңе ғана байланысты.

Басыңың қауашағын ашып құймаса, бұдан артық егежей-тегжей түсіндіру мүмкін емес-ті. Ізбасар теңізші қауымының төбесіне төнген зауалдың салмағын таразылап көрсе, өзі шамалағаннан әлдекайда құрдөлілеу болып шықты. Астраханның беті теріс бағыт алған сыңайлы еді.

Митрофаныч түн ортасы ауа жүріп кетті.

* * *

Ізбасар шырт үйқыдан айғайлап шошып оянды. Есі шыққан Гүлбаршын «Аллеке-ай! Не болды, не болдылап» қүйеуін құшақтай алды. Ізбасар қара терге малшынып, екі иінінен дем алып, ентігіп отырған.

— Неден шошыдың? Не болды? Қайталап қалған жок-псың.

— Жо-жоқ. Тұс көрдім білем...

— Немене, жаман тұс пе?

— Есімде жоқ, су берші...

— Тұс тұлқінің боғы. Ештеңе етпес. Аурудың иесі шығар.

Ізбасар су жұтып, ентігін басып, төсегіне қайта жатты. Иманы үшқан Гүлбаршын дірілін баса алар емес: көзі үкідей болып, біресе тамырын, біресе мандайын ұстап қүйеуінің жанында шошайып отыр. Қолын жайып күбірлеп, әулие-әмбиelerден медет тілейді.

Көзін жұмып, пысылдап үйықтап кеткендей болғанмен, Ізбасардың көнілі ояу, санасы сайрап жатыр. Әлгінде түсінен шошып оянғаны анық, бірақ оның қандай тұс екені жадынан үшты-қылышты өшіпті. Бақырып оянғанына қарағанда, әйтеуір жайлы тұс емес. Қырық күн шілдеде жаныңды қантардай қалшылдатқан мына сұры жаман заманға көріне ме, әлде ана дүниенің есігін аштырып-жаптырған дертіне көріне ме — әйтеуір соңғы кезде тұсі бір оңбайды. Кейде тіпті, жастығын, көл қылышты җылап оянады. Баяғыда бала кездері серіктері мазактаушы еді: үйықтап жатып тыркылдап күлесің, жындымысың деп. Шіркін, сол бейғам күндер, рахат түстер қайда жоғалды? Адам байғұс азапқа қана жаралған ба? Ес кіріп, етек жапқалы — түсінде де тыныштық жоқ.

Ізбасар жанын шошытқан түстің әлгінде Митрофаның екеуі арасында болған әңгімемен қалайда бір сабактастыры барына шәк келтірмеді. Баяғыда сапарлас болып, шыбын жанды шүберекке түйіп, қыл көпірден бірге өткен ескі танысы оны әрі қуантып, әрі қобалжытып кетті.

«Өлмеген құлға жаз келді» дегендейін, құдай жеткізсе — жетті: азаттық есіктен сығалап тұрғандай. Енді біржар айда Жайыққа шабуыл басталмақ. Жұдырықтай жұмылып, қаһар қадаған қызыл әскердің шабуылының не екенін ол жақсы біледі, тас қамалыңды да көзді ашып жұмғанша талқандап өтеді. Бүйіртса, енді көп ұзамай Жайық казак әскерінің аяғы аспаннан келіп, ошағының оты өшеді біржола. Келсе екен сол күн, тезірек құрыса екен елге сор болған осы бір қауға сақал әңгілер.

Ел уң деп бір демін алар еді. Есін жиып, еңсе көтерер еді. Әйтпесе арқа еті арша, борбай еті борша болып, азып-тозып барады. Тозбағанда қайтсін сорлы ел: мына Қиғаш бойында кейбір ауыл күніне қолдан-қолға үш рет өтсе, әр өткен сайын қызылың да, ағың да: «Кімсің? Ақсың ба, қызылсың ба?» деп төбеден қылышын төндіріп, онымен қоймай, көзіңше қатыныңды масқаралап, қызыңды зорлап жатса. Адам баласы айуан болуға айналды. Осы бір адамшылықтан, ардан безген екіаяқты мақұлықтардың ініне су құйса, ел іші бір жайланар еді. Еділ-Жайықтың арасына бейбіт өмір келіп, тыныштық орнар еді. Еліңе еркіндік, жұртыңа тыныштық, басыңа бостандық берем деп елді елендеткен қиялдай тәтті кенес өкіметі Атырау өніріне қайта құламастай ғып туын нықтап қадар еді.

Әйтпесе адам жаны жұқарып бітті. Еділ-Жайықтың арасы қан сасығалы екі жыл. Қара жолдардың бойы қаптаған өлік, қарайған мола, қыр бойындағы ауылдар, теңіз жағасындағы батағалар, өзен жиегіндегі орыс селендері жоғалып, оның орнын молалар басып барады. Ана жылы Ресей мен қазак жерінің шекарасы арқылы шұбалып өтетін Астрахан — Орбық темір жолын жаудан тазартқанда, кейбір ауылдарда адам тұрсын, үрерге ит қалмағанын өз көзімен көрді. Құрсын, есіңе алсаң шырт үйқынан шошып оянғандайсың. Ондайды басқа бермесін, енді қайтып көрсетпесін, өзімен кетсін. Қырғық жыл қырғын жоқ, тыныштық орнаса, жетім қозы тез оттар — ел теңеліп кетер еді де.

Мұның бір байқағаны: Еділ — Жайық қырғынында қазак жігіттері төңкерістің мықты бір діңгегіне айналғаны.

Төңкерістің түпкі мақсатын түсінгені бар, түсінбекені бар, шала үққаны бар, мынау шекаралас аудандарда патша әкімшілігімен жанаса жүріп, кемсітудің азы запыранын әбден сімірген олар әйтеуір патшаға қарсы деген соң, атаңа нәлетін жаудырып, аттылы-жаяулысы түгел көтерілді. Қазір мынау Астраханнан ту сонау Оралға дейінгі құрылықты, темір жол бойын солар қолға ұстап отыр. Бұл өзі де, солардың көбісі сияқты, төңкерістің мұраты — езілген елдің, аш-жалаңаштың қамы, еркіндік, тендік деген соң, көзді жұмып қойып кеткен. Астраханды үш рет қорғауға қатысты, теңіз флотымен Перовскіге шабуыл жасады. Кетікті алуға атсалысты. Аянып қалған жері жоқ.

Ендеши, оның ақтық ұлы шабуылдың алдында берекесі пышырап, жаны құлазуына жол болсын! Өз қамы емес, Ақжайма теңізшілерінің ертеңі беймәлім, солардың екі оқ тағдыры ғой арқасына аяздай бататын. Байғұстар төңкерісті елден бұрын жасап, Атырау теңізінің үстіне еркіндіктің қызыл жалауын өзгелерден көш бұрын желбірете отырып, төңкеріс жағына біржола шыға алмады. Оған еркіндікпен егіз жараган теңізшілерді бір қауызға сыйғызбақ болған зор кеңірдек, жуан жұдырық комиссар Коломицевтің де қырсығы аз тимеді, дей тұрғанмен, табиғатынан әділетшіл, бейнетқор, күндіз тауып, тұнде ішуге көндіккен жалаңаяқ қауым қара түйсік, соқыр сезіммен болса да қын-қыстаудан жаңылмай жол тауып шығуы керек-ті. Бірақ олай болмады, имандай сеніп, аузына қарап ұйыған атаман Қарабастың өзі көш бағдарынан айрылып, сансырап қалды. Қазір Ақжайма жұрты кім екені белгісіз — ак та, қызыл да, алаш та емес, түсініксіз бір тобыр. Әйтеуір айналасына зияны жоқ. Ал Астрахан болса неге басыбайлы біздікі емессің деп, қабакты тігіп отырғаны анау. «Иә бізбен біргесің, иә бізге дүшпансың» дейді. Не деген сорақылық. Төңкерістің осы бір ұраны Ізбасар ұғымына томпактау кеп тұр. Сонда бізбен бірге болмадың деп, өз күйбеңімен жүрген жазықсыз қалың кедейді қырып тастамақ па? Сонда бұл өкіметтің кедейдікі болғаны қайда? Әскер жүрген жерде алдын-ала бал ашу қын, әй-шәйға қарамай қофадай жапырып жіберіп қарап отырады. Оның үстіне теңізші қауымының да құдай сүйер қылышы шамалы: сен ат, мен тұрайын, бұтын саптаған ақтықөз шетінен.

Дегенмен, Митрофаның дұрыс жол сілтеп кетті. Алдағы тұрған жауапты іске оларды жұмылдыра алса, теңізші қауымың жағдайы жөнделгендей сыңай бар. Тығырықтан

алып шығар бірден-бір дұрыс жол осы, басқаның бәрі алмағайып.

Ізбасар жастықтан басын көтергенде, Гүлбаршын да аңдып жатқандай бірге оянды.

— Қалмұратты тұрғыз! Жолға шығамыз! — деді ол қысқа ғана.

Екі айттырмай шұғыл жиналып, тұн қараңғысында Ақкөсеге қарай тартты. Жағдайды ұғындырып, Ахтандарға гез хабар беру керек-ті. Ойы — Гурьевке барып қайт деп нағашысы Пірәліге тағы да қолқа салу. Бірақ ол соңғы кездे ұшты-күйді көзден ғайып болып еді, қосында болса жарап еді деп, өзі де тықырлап келе жатқан. Пірәлі жоқ болып шықты.

Қалмұратты жөнелтуден басқа лаж қалмады. Бір айтқанын екі айтып, миына шегелеп құйып беріп, Гурьев жүргелі жатқан жолаушыларға тәуекел деп қосып жіберді.

2

Шалан басы у-шу, қаптаған кеме, үрпіскен ел, атаман бөлмесінің алды иін тірескен жұрт. «Не болды?» деген Ізбасар сауалына жартымды жауап ала алмай, не болғанын жөнді ұқпаған қүйі ішке енді.

Кең бөлмеде ине шаншар жер жоқ: теңізшілер екі қатар, үш қатар боп иін тіресіп, қалғандары ортаға шүпірлесіп, орын жетпеген енді бір қатары қазандық жанында, есік көзінде тікесінен тік тұр. Бөлме іші көк тұтін, кемебасы көршіктердің езуінде бұрқ-бұрқ еткен бір-бір қалиян. Атаманның жанына кеп жайғасқан Ізбасар бөлмеге Ақжайманың ығайы мен сығайы — кемебасылары түгел жиналғанын көріп іш жиып қалды. Олар ел құлағын үрпіткен шетін жағдай болмаса, бұлайша төрт көзі түгел бас қосуы сирек-ті. Атырауды ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстайтын әрқайсысы өзінше жарты патша «теңіз бөрілері» дегендерің осылар еді.

Ысмайыл әдетіншө езуінен тұқірігі шашырап ышқына сөйлеп отыр. Өзара қақтығыс, болмаса кезекті кәсіп дауы ма деп қалып еді, жоқ Ысмайылдың сөз ауаны басқаға ұқсады, қолындағы умашталып түте-түтесі шыққан газетті басынан асыра сілкілеп, шала бұлініп, шабына сөйлейді.

— Эне! Олар сүйтеді! Жағынсан да, жақпайсың. Отырсаң опак, тұрсаң сопақсың! Уа, сонда олар не қылмадың дейді? Алдыма еңбектеп келмедің дей ме? — Ол қолындағы байғұс газетті жыртылғанша сілкіледі.— Бұл достың

емес, дүшпанның сөзі. Үнтымак емес, жаулық іздеген адамның сөзі. Өздері де бер жағымен ғана жылтырап, ұрынуға себеп таппай жүр еді. Себебін де тауыпты, айта алмай жүрген шерменде ойларын да айтып тыныпты. Араны ашып, енді бізден жақсылық күтпе деп отыр. Бұрын да іргеміз жарасып, сәніміз келісіп жүргені шамалы еді. Енді басымыз пісіп жарытпас! «Тауықсыз да таң атқан»— оларсыз да күнімізді көрерміз. Кең дүниені адам тарылтып ештеңе бітірмес, тек құдай тарылта көрмесін. де.

Ізбасар газетті оқып шошып кетті. Астрахан ревкомының «Жұмысшы тілі» газеті аузынан ақ ит кіріп, көк ит шығып, Ақжайма балықшылары мен олардың атаманы Карабасты жеті атадан жіберіп сыбап салыпты: теңізшілерді қаракшы, жолбасар деген, ал атаманды алаяқ, банды, кой терісін жамылған қасқыр, пролетариат мұддесін саудаға салған сатқын деген. Тап жауына ымыра дегенді білмейтін, қас дүшпанға өрттей тиетін жалаңтөс, ержүрек Астрахан большевиктерінің осы бір пайдасынан зияны, арамдықтары шектен асқан алашобыр топқа тісі батпай отырғанына таң қалып, Астраханның пролетар ісіне адал жұмысшылары мен теңізшілерін Карабасқа қарсы аттанысқа шақырып жар салыпты. Мақаланың сонында Карабастың Астрахан пролетарын улап, шыбындай қырып тастамақ болған қара ниетін бас-қасында болып, көзімен көргендей майын тамызып, әсірелеп жазыпты.

Ізбасар есінен танып, есенгіреп қалды. О, тоба! Астрахан ревкомына не көрінген: мынауысы рас болса, сұмдық қой, ея болудан кетіскені ғой біржола, ендеше кешегі Митрофанычтың ат басын тіреп келісіне жөн болсын, бірақ шал: Карабас қауымы туралы Астраханның пікірі ала-қула екенін қинала айта келіп, «басқалар болмаса, біз түсінеміз ғой» деп күмілжіп еді, сонда басқасы — ревком болғаны ма? Ревкомның пікірі әлгіндей болса — көрер күндері қараңғы, жанған оттарының өшкені ғой. Жок, әлде олардың да арасында алауыздық бір басқа жетерлік, Сергей Мироновичтің өзін тұтқындал тастанады деп отырмады ма, бүйректен сирак шығарған сондай біреулердің үргені ме, газетшілерің де бетімен лағып кететіні болушы еді, әлде солардың бопсасы ма?

Не ойлап, не қоярын білмеген Ізбасардың ошаң етуге шамасы келмеді. Әл-дәрмені құрып, ақылынан адасып, шабынған Үсмайылдың бетіне қарап бір ауыз сөз айтуға батпай, еңсесі екі иіліп мыштай боп отырды. «Құрыдық!

Өлген жеріміз осы! Тірідей қырылдық!» дей берді ол Үсмайылдың айтағына ілесіп елеурей бастаған елдің бетін қайтаруға ілекер таппай.

Ал Үсмайыл болса арқаланып алған, аузынан маржан шашып, желдей есіп отыр. Мұдіруді білмейтін тақ-тақ су жорға шешен дерсің, белқасты. Сөзі қандай, қисыны қандай, алым-шалым қандай, есте жоқ ескі замандарды шарлап, сүйегі қураған қайдағы-жайдағыларды көрінен тірілтіп, бүгінгіге иіп әкеліп, ықыласын жығып аузына қаратып алған елді күбідей күпсіп, қамырдай илегенде, жаны күйген теңізшілердің шыбын жаны шырқырады.

— Да, ағайын! Кешегі Абылхайыр заманында орысқа қарындас, қаттас болмаса да, төскейде малы, төсекте басы қосылған қабырғалас ағайын ел еді ғой деп, көз жасымызды көрер деп, өз еркімізбенен тізгінімізді ұстаттық. Содан не опа таптық? Абжыландай атап, шыбын жанымызды көзімізге көрсетті емес пе? Атаңа нәлет ит жонғарға жылап көріскендей болдық. Иыққа шығып, басқа отырып алған соң не іstemеді? Қазақ атыңды өшірем деп қырғыз атады. Астымен алысқан қатын патшасы Жайыққа дейінгі қара қазақ баласын қылышпен кескілеп турап таstadtы. Атақоныстан айырды. Жерді алды, суды алды, малды алды. Енді алмаған несі қалды? Кәпір қылып шоқындыруы ғана қалды. Тіпті енді келе-тұра жер басып жүргенінді көпсінетінді шығарды!

Үсмайылдың жырғап бергені жаңалық емес-ті, көріп-біліп, бастан өткеріп жүрген басы ашық жайлар. Бірақ соның бәрін жайыла қамтып, топтап толғап бір жерге үйіп-төккенде әділетсіздіктен, басқа шығып басынудан, аяқ асты еткен қорлықтан сай-сүйегің сырқырап, жаның қыдырды. Теңізшілер арасында жүректері қарс айрылып, аh ұрушылар көбейді.

- Атымызды қазақ емес, тозақ десе болғандай екен!
- Тозақ қой. Тозақтан мұның несі артық.
- Кеудеде шықпаған шыбын жан ғана десенші.
- Қара орман, ата қонысынан айрылса, қырдың қышайы айрылды. Қыжылы жоқ, шикі собалақ шетінен, өздерінен көрсін! Біздің кәрі Атырау қара орнында, жау алған жоқ. Несіне қара қобыздей шерледің соның бәрін.
- Алмаса, алады да.
- Аламын деп анттасып отырған жоқ па?
- Да, балық үлескендей болма, түге. Сонымен Астраханның ай мүйіздері не дейді? Шабамыз дей ме?
- Иә, шабамыз дейді. Ұрандасып жатқан көрінеді.

— Тұрысатын жерін айтып па?

— Ту-у, Орағай! Баяғының жырын жырғаған сіз де бала сияқтысыз! Ол қалғалы қашан! Қазір тасаланып келіп, желкеңнен «тарс» дегізбей ме?!

— Сонымен не деп шайнапты? Коқан-лоқы ма, әлде шындаш шабыспақ па?

Ел өзіне қарап салмақ салып отырған соң, көсемсіген ҮІсмайыл сәуегейлік айтты.

— Басқа болмай, мен білетін орысың болса, үрандастып жатқанмен, бүгін-ертең қеуделей қоймас. Ол да аяғы ауыр шабан жүрт. Бірақ жымысқы әрекетін жасап бағады да. Бүтін жүрттың арасына сына қағуға тырысатын шығар. Кешікпей елшілері жетпес деймісің. Өздерінде алты аласы, бес бересіміз жок, біздің жауымыз атаман, атамандарыңды шығарып беріңдер дер.

Көршіктөр темекіден ыстанған, опырылып ойсап қалған тістерін көрсетіп, кеңк-кеңк күліп, қолдарын шығарды.

— Шайнапты! Мә, мынауымды шығартып алдыраң!

— Сонда атаманды шығарып беріп, қарап отырамыз ба екен?! Ес болсайшы шіркіндерде.

— Дәмелерін қарай көр, шіркітердің!

— Көзіме көрсетіндерші, сол мықтыларды. Теніз түбінен қайыршак тергізейін өздеріне!

— Әңгіме аужайы қарадай қағынып, көз алдында ушығып бара жатты. Қолтығына дым бүркіген ақтықөз теңізшілер бетінен қайтармаса, мына түрлерімен бірдеңені бүлдіріп, өмір бойы орны толмас ағаттық істеулері ғажап емес-ті. Ізбасар тамақты қатты жөткірініп, орнына қозғалақтап еді, теңізшілердің назары соған қарай ауды.

— Иә, айт, Ізбасар! Не дейсің?

— Астраханды бәрімізден артық білетін өзіңсің. Мына бәлшевіктер не деп шабынады?

Ашуға булығып, сұп-сұр бол отырған Ізбасар басын көтермesten:

— Бұл газетті кім әкелді? — деп сұрады.

— Жамбай балықшылары. Әнеле! Ана жігіт.— ҮІсмайыл елдің алдын орап, шашаң тіл қатты.— Онда не түр екен? Кімнің әкелгенінде тұрған не бар? Бәленше, түгенше айтты дейтін әңгіме емес, тасқа басылған шындық. Ұрынарға себеп таба алмай жүрген Астрахан бұл жолы себебін келістіріпті. Бір жағынан онысы да дұрыс. Ұшпаққа солар жеткізетіндей көріп едік, енді иегіміз қышымайтын болды.

ҮІсмайылдың кімнің дуалына тас атып отырғаны белгілі еді. Ізбасардың алқымы ісініп, шықшыты шодырайып кетті.

— Жә! Жетті! — дегенде, демі тарылып демігіп қалды да, Үсмайылға жаман адырая қарады.— Оның несіне қуандың? Жау көбейді деп қуанамысың! Жауымыз аз ба еді біздің? Оның жау, солың жау, айнала түгел жау.

Мұндайды күтпеген Үсмайыл қапелімде не дерін білмей тайсақтап қалды.

— Куанып отыр ма екенбіз? Куансақ өстеміз бе?

— Э, қайдан білейін. Жерден жеті қоян тапқандайсың! — Ізбасар орайын тауып, оны бір жасқап алды да, түптеп келгенде Ақжайма теңізшілерінің тағдыры қолдағында — кемебасы көршіктерге бұрылды.— Ағайындар! Ағалар! Атыраудың арқа сүйері де, жоқшысы да өздерің. Ел қуанса да, басы ауырып, балтыры сыздаса да өздерінді ықтайды. Заман аужайы жаман. Ақылды алға салып, айналаға көзді ашыңқырап қарайық. Асығыстық орга жығады. Жауласу қайда қашар дейсің!

— Сонда Астраханың аяғына жығыл дейсің бе?

— Сөздің тонын айналдырма! — деп адырайды Ізбасар дауыс шыққан жаққа.— Сабыр ет, әліптің артын бак деймін. Газеттің сөзі — Астрахан большевиктерінің ойы ма, жоқ па — оған да күмәнім бар. Бұра тартатын телі тентек оларда да жоқ емес. Астрахан екі араға от жағып, аразғып жүргендер де жеткілікті.

Ұзын мойын Құрмаш тізесіне көтеріліп, сырқтай ұзын қолын ілгері созды. Откенде балық таласына мұрындық болған, әлгінде Ізбасардың сөзіне наразылық білдірген сол еді.

— Ізбасар шырағым,— деді ол қалтақ басын дір-дір еткізіп.— Сенің Астраханмен кіндігің неге жабысқанын білмеймін, оқимын деп жүріп нанын көп жедің бе, кепер бөксе, ақбалтыр қыздарымен көп ойнадың ба? Қайдам? Әйтеуір Астрахан десе ішкен асыңды жерге қоясың. Енді кеп, мынау тасқа басылған газет сөзін арамға шығарғандайсың. Олар шабамыз деп әңгірлеп жатса, сен дос боламыз дейсің. Сөнің дос болуыңың арғы түбі — құл болу ғой. Солай ма? Астраханнан жақсылық болады дегенге сенбеймін өз басым.

Есік жақта тұрған Тасбақа Төлеген төрге жылыстап келіп, Ізбасардың құлағына сыбыр етті. Ол: «Мыналардың түрі жаман, әкелерін таныту керек. Жігіттер дайын тұр»,— деп еді. Ізбасар оның сөзін құлаққа ілмей, Құрмашқа шүйлікті.

— Болың ба? Болсан, ендеше мені тында. Неге улаған балық жібердің? Біреу өзіңе сөйтсе, қайтер едің? Шуыл-

дамак түгіл, ендігі қылп барып қолында өлер едің! Солай емес пе?

Ысмайыл түк білмегендей жан-жағына көлгірсіп алақанын жайды.

— Уа, ол балықты жіберіп жүрген кім, ей? Қайсың? Дәуде болса, Ізбасар, сен өзің шығарсың. Эрине, сен ғой. Сау басқа сақина тілеп, көрдің бе, ақыры не болғанын.

— Балықты жіберген мен,— деді Қарабас.— Мен. Бірақ оның соны бұлай болады деп кім ойлапты..

— Ой, Қарағай! Бұлдіріп жүрген өзіңіз екен ғой.

— Кетіскең соң, біржола ат құйрығын кесісу керек те... Жалпақтаң інешіз бар еді?

— Эй, Астрахан талай су ішкен жеріміз. Іргесінде бабаларымыздың моласы жатыр, оны естен шығармаңдар!

— Мәселе балықты жібергенде емес, шорту! Балықтың уланғанында! Миларыңды құрт жеген бе? Осыны түсіну қиын ба? — Белінде браунингі салпақтаған тұла бойында инемен шабақталмаған сау жері жоқ Тасбақа Төлеген бір бүйірден кимелей сөйледі.— Астраханмен араздастыру үшін біреулер балықты улаған! Мәселе сонда... шорту, өңкей!

Ел бір сәт ойланып отырды да, дабырласа бастады.

— Ал енді, Төлегеннің айтқанында жан бар. Біреулер араға от жаққан ғой.

— Кім улады дейсіндер?

— Уа, дүшпан аз ба, шырактарым!

— Элгінде мына Орағаң дұрыс айтты: Астраханның іргесінде бабаларымыз жатыр деп...

— Бабасы жатса, неғып бабасының басында отырмайды. Кім оны артынан теуіп, Астраханнан айдаپ шыққан.

— Эй, опырық, байқап сөйле! Тіліңді сүйреңдете берме, тілсіз қаларсың!

Ысмайыл жалпақ өрнін бір жалап алғып, жылпылдағ сөзге араласты.

— Ағайын! Менің сапардан оралғаным күні кеше. үл мәселе маған қараңғы. Енді-енді ғана түсіне бастадым,— деп өз басын даудан аршып алғып, әңгімені әрі қарай жалғады.— Мына газитте балықты Қарағаң әдейі улап жіберген деп көкіпті. Оның енді келеге келмесі белгілі. Жолда не Астраханда біреулер арандатып жүрмese, кім улайды? Меніңше, ағайын, осы балықтың уланған түгі жоқ. Жол ұзак, күн ыстық болды, аздал иістенген шығар. Астрахан соны әдейі дауға айналдырып, жала жауып отыр ма деп қорқамын.

Қап, мына иттің қорлығын-ай! Қалай-қалай шортандай шоршиды. Қабағы түзеле бастаған елді қайтадан қарынның майындай шайқап, мәндайын апшытып қойды. Сөз айдасты, сыр жасыру дегенді білмейтін теңізшілердің беті жазулы хаттай, оқиын деген адамға тайға таңба басқандай. Әрі мына салпыауыздың кітапқа қарап, бал ашқандай айнакатесіз жорамалдауын қараши. Ертең десант бері қарай жылжыды болды — айтқаным келмеді ме деп, әз-әулие болып аттан сап шыға келмек. Ел арасының шындалп булінуі, масқараның көкесі сонда!

Аурудан жөнді айықпаған Ізбасар ара-тұра басы айналып, ойынан жаңылысып қалып отырды. Сөйтсе де, жағын тістеніп, сыр бермеді. Елді бүгін қолынан бір шығарып алса, қайтадан басын құрай алмасы бесенеден белгілі. Ол көкірегі шуылдан қатты бір құрсініп алып, сөз бастады:

— Не қырсық шалғанын білмеймін, ағайын. Құдай бір айналдырғанды — шыр айналдырады деп... ешкімге тиіспей, қарадан-қарап отырсақ та, құлағымыздан қику арылмады. Неден таптық? Біз кімнің кең тамағына шөгір бол жабысыптық? Астрахан да өзіміз сияқты теңізге телмірген балықшы ел. Не артық, не кемі жоқ — таза өзіміз. Ал бізді олармен жаға жыртыстырып, кетістіргенде, кімге апарып телімек, кімнің бауырына апарып салмақ? Жайықтың казак-орысымен ауыз жалас дей ме?!

— Ойбай, атама! Құрып қалсын!

— Аты өшсін, аты өшкірдің!

— Онымен әмпай болғанша, шайтанмен жолдас болғанымыз көп артық!

— Өйтсек, ата-бабамыздың аруағы атар бізді!

— Елдің қарғысына қалармыз.

— Одан гөрі Ауған ауып, безіп көткеніміздің өзі жақсы.

Жайық казак-орысының атын атағанда теңізшілер төбе шашы тік тұрып, шоршып түсті. Пәленің басы арамқатқыр ақ патшада өкені — олардың қаперінде жоқ. Ол көз жетпес алыста, ал алыстағы адам құл шашып не бітіруші еді, кездескенде жиенін көргендей күлімсіреп сөйлесетін, сендер адап ұл бола білсендер, ақ патша қамқоршы әке болуға әзір деп, аузын ашса көмейі көрінетін, бетінде иманы үйыған шенеуніктерінде де алты аласы, бес бересі жоқ: бар қырсық, пәленің басы мына жота жұнін тікірейткен теріс мойын казак-орыста деп біледі. Ақ патшаның адап ниетін бұрмалап, аяқ асты қып отырғандар солар, оған талай көздері жеткен: бұлар шағынып бара қалса, Орынбор, Астрахан шенеуніктері ақ патшаның жарлығын құнтал,

казак-орыстардың жанын шығарады, бірақ бұлар есіктен шығысыменен білгендерінді істей беріндер дейтінін түсінбейді. Бұл шекаралық аудандарды патша үкіметінің сүттен ақ, судан таза боп, сыбай көршілерді айдалап сап қырылыстырып қоятын сайкал саясаты екенін екі жағы да ақылға сап байыптамайды. Казак-орыстың қазаққа қаны әбден қатып алған: қамшысы дайын, жұдырығы әзір. Қазақтың да оларға деген өшпенделігі — ұрпақтан-ұрпаққа кетерлік. Ізбасар балықшылардың ақ безер де көк безер болғанынан осы аұжайды анық аңғарды. Сонымен бірге ол күзгі ызығықтай бой тітіренткен жайсыз хабардың салқын лебін тағы да анық сезді. Ауған, Ауған асу... Ол пәлекеттің түтіні өшип, шаласы сөнді ме десе, қоз астындағы қоламтасы әлі бықсып жатқанға ұқсайды. Денесі құс еттенгендей, бойы түршігіп сала берді. Эйтсе де, Ізбасар әлгінде бір жүйеге келтіріп алған ойын ақырына дейін айтып шығуға бекінді.

— Элде уәләяттың қолтығына кір дей ме? Ағалап қолтығына кірсек, уәләят бізді қорғай алар ма. Желімізге ық, ығымызға қорған бола алар ма?

О, ғажап, жаңағана Жайық казак-орысының аты аталғанда өре түрегелген теңізшілер уәләят дегенде мойндары қисайып, беттері сопайып ойға шомды.

— Тілдерің байланып қалды ма? Не ойың бар, жамағат! — деді Ізбасар.

Есік жақта біреулер орындарынан мойнын созып, қозғалақтап:

— Не дегенмен, уәләят өзіміз ғой,— десті.— Екі торының алалығы жоқ. Ағайынның азары болғанымен, безері бар ма?

Алқы-талқы боп отырған теңізшілердің көзін шындық-қа жеткізу үшін, бұкпесіз ашық әңгімеге көшуден басқа лажы қалмады Ізбасардың:

Осында біреулер Астраханның пиғылы жаман, бұғинертең шабады деп қорқытып отыр. Бізден он есе, мың есе қуатты жауға тіс батыртпай отырған Астраханның не екенін өздерің де шамалайсыңдар. Елеуреген атаман әскері сол маңға жетер-жетпестен-ақ батпаққа үйеледі. Астраханың шабар болса, уәләятың қорған бола алар ма бізге.

— Оны қайдан білейік. «Тфу!» дегенде түкірігі жерге түспейтін ақ патща тағын қорғай алмай жатқанда... не деп болар.

— Сол уәләят деген кім өзі? Қазақ па, әлде түрік шатыс бірдеңе ме?

— О, иіссіз надан сорлы.

— Қазақ, өзіміздің қазақ та!

— Қазақ бөлініп ел боламыз деп жатқан жоқ па?

— Эй, осы сендей көр надандармен ел болғанша, ешкінің құйрығы көкке жетер!

Балықшылар сөз аралап кетті. Дұрысы да, бұрысы да бар, ауажайылып айдалаға лағушылар да жеткілікті. Сөз ләмдеріне қарап, әуселелерін көрді-білді, пиғылдарын таныды: ак патша, қос өкімет, Керенский дегендердің беті әрмен, сол құрығаннан біржола құрысын. Ал кеңес уәләяттың дақпыртын естігені болмаса, шапағатын әзірше көре алмай жатыр. Әрине, алғашында ел аузын алғанша бәрінің де тілі тәтті: жақсылықты басыңа үйіп-төгеді, бірақ кейін апшысы қуырылып, жері тарылатыны несі екен? Негұрлым көп даурықса, соғұрлым қытымыр болатыны және бар. Бұлардың әзірше көрген-білген үкіметі бір қалыптан шыққандай. Оның қамқорлығынан мандайлары шылқығаны шамалы. Шаруа баққан, еңбегін сатып нан тапқан адамға сол үкіметтің көк тынға қажеті жоқ. Салық деп, салғырт деп, шиеттей бала-шағаның аузынан жырып алғаннан басқа не шапағаты тиді? Құлық-сұмдықты білмейтін, көргенін ғана айтатын елдің аузы осылай қисайды. Дегенмен теңізшілердің біразы уәләятқа іш тартып қалған сыңайлы, не дегенмен өзіміз ғой деседі. Исламайыл сыйырлап жүріп біразының құлағына үшкіріп, бастарын дуалап та үлгеріпті.

— Уәләят жайлы сөз болған екен, ендеше мен айтайды.— Ысламайыл ешкімнен сөз сұрап жалтақтаған жоқ, керексінсе сөйлейтін, керексіз десе қоятын сыңай танытып, тамақты кенеп, бөксесімен бір итініп ілгері жылжып отырды.— Жасырған емен, жалтарған да жерім жоқ. Қазіргі иісі қазақтың занды үкіметі уәләят болса, мен оның занды өкілімін. Кеше бастарыңа әңгіртаяқ ойнатқан қызыл комиссар большевиктердің мандатымен келсе, мен алаштың мандатымен келіп отырмын.— Ол бетіне жарты ай сияқты таңба басылған сары ала қатырма қағазды төс қалтасынан шығарып, елге көрсетті де, қайта жасырды.— Қазір Ресейде он партия, отыз топ бар. Әрқайсысы өз жағына уәждеп жатыр. Зорлық, қысым жоқ Әр адам жүрек қалауымен таңдауға ерікті. Түсіндіру міндетіміз. Үкіметім мені де сіздерге уәләяттың жолын, мұратын түсіндір деп жіберді. Түсіндір деді, түсінбегенге әңгіртаяқ ойнат деген жоқ. Сіздер түсінбей, тескен тау өтіп кетсендер де, өз

бауырларына уәләят тізе батырып, күш көрсетпек емес.

— Опырым! — деді есік жақтан біреу кекетіп.

Төрдегі көздер есік жаққа жалт қарасып еді, әлгі сөзді айтқан мұғалім бала екен. Мойыны үзілердей қылқып, боп-боз болған бала жігіт ел назары өзіне ауғанда, екі беті өртеніп, қып-қызыл болып кетті.

— Не «опырым»? Онымен не айтпаксың? — деді Ысмайыл танаурап.

— Несіне моп-момақан қоңыр қозы боласыз. Сол уәләяттың тепкісіне шыдамай, әне менің нағашыларым көшіп келіп жатқан жок па? Жаудай талаған...

— Таласа, себебі бар да.

— Айтқанына жүрмеген: салық төлемеген. Бар кінәсі сол ғана.

Салық дегеннен зәрезәп болған жер бетінде қазақтай халық жок шығар. Тапқанын талап алып, жағына шыр жүқтүрмай келеді емес пе? Теңізшілер басқа сөзге құлақ қоймай:

— Салық дейді, ол не салық?

— Өзіміз деген уәләят та-салық салмақ па? — деп көздері тікендене бастаған.

Мұғалім бала бір қызарып, бір бозарып, әлсін-әлсін тұтығып, көрген-білгенін баян етті.

— Қаратөбедегі бүкілқазақтық жиында үкімет құрылғын болып, үкіметті ішіндіру, киіндіру үшін ақша керек болып елден жылу жинапты. Біреулер жылу әр шаңырақтан дәuletіне қарай алынсын десе, бай-жарлы дейтін ештеңе жок, үкімет бәрімізге ортақ болса, тұтін басынан бірдей жиналсын деп көмбепті малдылар. Уәләят дәүлеттілерді жақтап шықкан да, әр шаңыраққа жүз сом салық салыпты. Төлей алмағандардың алдарындағы малын айдатқызып алған.

Теңізшілер салықтан басқасын құлақтарының түбінен асырып салып, у-шу болысты.

— Жүз сом, жүз сом дейді... Масқарағой!

— Мынауысы талтұсте талап жеуғой. Сүмдық екен.

— Өйткен уәләятыңың ішін ұрайын.

— Сонда жылдық табысымызды уәләятқа сыпсырып берсек, шиеттей бала-шаға олардың аузын жалай ма?

— «Алашың» алаш емес, алатопан десенші!

— Эй, сонда бұл уәләятың қазақтың үкіметі болды ма, әлде байдың үкіметі болды ма?

— Кімнің жыртсысын жыртса, сонықі болғаны да...

— Эй, бәсө! Бұл неғылған тегін жатқан батпан қүйрық деп едім-ау.

— Ресейдің бүкіл шоң желкесін асырағанымыз аздай, енді бұларың да ел үстінен күн көрмек екен фой.

Сөзінді біреу сөйлесе, аузың қышып бара ма — Ізбасар киіп-жарып әңгімеге араласқан жок, аңыс андып, үнсіз ғана отырды. Тенізшілер бірде тауып сөйлесе, бірде ауып сөйлейді. Ел қамына келгенде шатасқанмен, өз қамына келгенде ешқайсысы шатаспай, есепті шотқа қаққандай тақылдалап отыр. Сәл нәрседен айнып-төгілген жұрт әп-сэтте бір салықтың өзінен-ак уәләятты түкке алғысыз қып тастады. Олар өзі үшін, өз от басы, әрі салса мынау тенізші қауым үшін ойланбай отқа түсуге бар еді де, ал қайдағы бір қаймана қазақтың қамы үшін жерден еңкейіп шөп көтергісі жок-ты. Оның үстіне уәләяттың да кісі сүйер қылышы байқалмады. «Қазағым, қайран жұртым» деп зар илегенмен, сол қазақ үшін несие бір сабак жіп құрбан қылмақ ойы жок. Онымен кімге көсем боп, кімді жарылқамақ. Сонына халықты қалай ілестірмек, ал аузымен әулие болушылар үшпаққа жеткізсе, бұл халықтың мүйізі әлдеқашан көк тірердей болды.

Ізбасар осы бір әңгімені бастап, ушыққан шиканың аузын жарған мұғалім балаға іштей риза болып отыр. Өзін көзге ілмей, санатқа алмай жүр еді. Баяғы абактыда ұшырасқаннан кейін, бір-жар рет тілдесіп, тамыр басып көргенде мұлде ұнамаған, сужүрек пе, қояндай көлеңкесінен үріккен бірдеме, айтатын әңгімесі де — діндар тақуаның құлаққа қонбайтын сандырағы. Бұлар ескі дүние келмеске кетті, жаңа өмірдің аппақ таңы ағарып атып келеді деп, екі өкпені қолға алып, ентігіп жүрсе, оның айтатыны — ақырзаман, жер шарында аллатагаламның о баста орнатқан тепе-тендік заңдылығы бұзылды, бір халық құмырсқадай құжынап көбейіп кетті, екіншісі жалқы құрсақ бол өспей қалды, көп азды жалмауға айналды, бұл пәниде ақырзаманнан басқа әділет орнататын күш жок. Жалғыз ғана сол — алланың әділ кәрі — ақырзаман. Тфу! Не деген сандырак. Бұл адамға ақыл кіре ме десен, күн өткен сайын алжып бара ма, қайтеді? Қол сілтеп, жерге түкіріп кетіп еді, сол баланың мына сөзі қазір жанына майдай жағып отыр.

Осы арада мынау жалғаның жақсы-жаманың өзінен басқа жете білетін жан баласы жоқтай, білекті түріп тастап, көсемдік айтуға кіріскең Үсмайылдың көріктей күмпілдеген кеудесін ойламаған жерден бір басып тастады мына мыңболғыр мұғалімің. «Алаш» өкілі «қап, бәлемін» ішінен

айтып, жағын шайнады: мына күшік балақтан алады деп кім ойлаған. Берекесі пышыраған Ысмайыл шыдай алмай, езуінен көбігін шашып, сөзге килікті.

— Ағайын,— деді ол ақыры есік жақтағы сыбыр-жыбырдың басылуына қарамай.— Азаматтың бетіндегі нұрын көрмей, балағына бір жұққаң кірін көрмейік «Салық, салық» деп ұлардай шуладындар да кеттіңдер. Сол алаш азаматы сендердің бір тілім нандарыңа қарап отырғандай. Жиналған жылу біреудің қалтасына емес, темір сандық қазынаға түседі. Халықтың қамы үшін, өздеріңнің игліктерің үшін жұмсалады. Откен жылы тарыққандарында, биылғы кектемде де «Алаш» өкіметі арбалап астығын, текшелеп тоқашын жіберді. Өзге көр-жерді былай қойғанда. «Алашым» деп көздеріңе жас алғандарынды ұмыттыңдар ма? Ал ол аспаннан жауған тегін бауырсақ деп пе едіңдер? Сол ел үстінен жиналған қаржының шапағаты емес пе! Бөрідей шуылдамай ақылға салыңдаршы. «Алаш» сенің малыңды қайтсін, көлденең көк аттының айтағына ермей, берінің әрісіне көз жүгіртсендерші. «Алаш» салық жиса, сіңіріп кетіп жатқан жок, өздеріңдей тарыққан елдің жыртығына жамау, тесігіне тығын бола ма деп жинап жатыр. Эліптей анық нәрсеге неғып түсінбейсіңдер?!

Ысмайыл әлгінде тосылғанда жәй отырмай, ойын жинақтап жүйеге келтіріп алған екен, бұлтартпас мысал-дәлелдермен шегелей сөйлемді. Ел: жок, олай емес дей алмады. Эншейінде көңіліне жақпаса, бәрінің белінен омырып баса салатын ожар қазактың адал дәм-тұзды аттауға келгенде жүрегі дауаламайтын әдеті емес пе. Қазірде де итке сүйек тастағандай болмашы жақсылыққа қанағат қылып, алдарқанып отырғандай еді.

Бұзылған ел ажарын қайтадан қалпына келтірген Ысмайыл осы бір қолайлы сәтті қолдан шығармайын дегендей, ентігіп үсті-үстіне өңмендей түсті.

— Уа, ағайын, жан-жағыңа көзінді ашыңқырап қараши. Жүрттың азы мен тозы біз бе едік? Бізден ілгері де, кейін де бір жағадан бас, бір женнен қол шығарып, өз алдымызға ел боламыз, жұрт боламыз деп жанталаса шаңырақ көтерісіп жатыр. Олардың бізден несі артық, біздің неміз кем? Артық болса, тек ауызбіршілігі артық, біздей бастары піспей ырың-жырың боп жатқан бірі жок. Элі ақ патшаға алаңдал, орысқа үміттене көз сатамыз. Солар бір ұшпакқа шығаратындар. Уа, ес кіретіндей болды емес пе, небір кеше болсаң да.— Ысмайыл көбіктенген қалың ернін алақанымен бір сұртіп алып, дем алмай қайта

сөйледі.— Осы арада жаңа жүз сомды қөлдей әңгіме еттіңдер. Өзге жұрт бас еркіндігі үшін жанын құрбан қып жатыр, ал біз болсақ жүз сомды әкеміздің қунындаи көреміз. Қалай ел болмақпыш. Оны біреу жеп қоятындаи, ешкім де жемейді, әр соқыр тиын санаулы, халықтың ортақ мұлкіне қол сұкқан ат құйрығына байланады. Ал ол ақша не үшін керек дейсіндер ғой. Ел болдым деп пәтуаласқанмен, айналандағы сұқсындаған жау сені құл қылмаса, ел қылмақ емес. Еркіндік өз-өзінен келмейді, оны қарудың сұсымен, білектің қүшімен тартып алады. Сол себепті әне әскер жиып жатыр. «Алаштың» қазір милициясын есептемегенде, сақадай-сай әскері де бар. Уәләят Ойылда казак офицерлерінің юнкер мектебін ашты. Орыстың ең таңдаулы офицерлерін шақырып, әскер өнерін үйретіп жатыр. Оларға ішіп-жем, киім-кешек керек емес пе екен? Қару жарак керек емес пе екен? Міне, ақша соған жұмсалмак. Ел болып жиылмаса, оған кімнің дәuletі жеткендей. «Алашқа» Куанай қазірет бастаған халықтың игі жақсылары алақанын жайып ақ батасын берді. Кешегі Қаратөбе съезінде «Алашты» өз үкіметіміз, «алаштың» әскерін шын қорғаушымыз, иісі қазақ оларға жатпай-тұрмай қолғабыс етсін деп үкім шығарып, қасиетті ала тудың шашағын сүйіп, ант ішісті емес пе? Ел болмағанда, енді неміз қалды? Осы сапар құдай көз жасымызды көріп, тілегімізді берер, ағайын, ит арпалыс, ырың-жырыңды қойып, ниетімізді акқа бұрып, ала тудың астына басымызды қосайық. Жұдырығың түюлі болса, жау ығады.

Іске болмаса, сөзге келгенде қазекем әзірше алдына жан салып көрген жоқ. Әсіресе соңғы жылдары даланың сөзі көбейіп, отырып алып ауызben орақ ору әдетке айналған. Халықтың қуаты, сорына қарай, тіліне ауып бара жатқандай еді. Ел тағдырын сөйлегендеге сөзден тас қамал соғатын да, ал шындығында, сол ел үшін шөп басын сындырмайтын ешқайсысы. Үсмайылдың сөз орамы басқаша естілді. Уәләят аяғы жерге тимеген қиял емес, аз болсын, көп болсын көзбен көріп, қолмен ұстарлық ісі бар шындық көрінді. Түптеп келгенде Үсмайылдың сөзі де емес, уәләяттың қауымдық іс-әрекеті ел ықыласын өзіне бұрып әкетті.

Тіпті, аппақ қудай, көпті көрген есті қария Түркеш ақсақал да еңсе салып, уәләятты жөптеп шықты.

— Ат тәбеліндегі азғантай балықшы қауым айнып-төгілумен келеміз. Жел қуған қаңбақтай баар жер, қонар сайымыз белгісіз. Айналамен алакөз боп біттік,— не біз

жақпаймыз, не олар жақпайды, текке тентіреп, бет алды сенделуді қойып, ат байлар қазығымызды табатын кез келді. Ысмайыл, сенің сөз ләм, көніл әуенің жүрегіме үяды, шырағым. «Шәу-шәу үрген ит, домалақ үйге кірген ит: Өз ағасын ағаламай, кісі ағасын жағалап, тамак үшін жүрген ит» демекші, басқадан жақсылық дәметпей, жағаласақ та, сағаласақ та өзімізді сағалайық. Ел азаматтары ел болайық деп бәтуаласып жатса, бет алды құла лаққанымыз жөн болмас, өзімізден өзіміз безіп қайда барамыз. У ішсең руыңмен, уәләят мұддесіне атымызды қосайық.

Түркеш қария бекерге шашылмайтын, ойлап сөйлейтін, көненің сынығындай ақылман қария еді. Ел шыбынданап бас шұлғысып қалды.

— Е, міне, дұрыс сөз!

— Елден шығынып қайда барамыз?

— Қара шекпеннің де, казак-орысың да құрысын. Ол бізге ағайын боп жарытпас. Не болса да көппен көрген үлы той.

— Өлсек, елмен бірге өлейік.

Ысмайылдың қабарған қап-қара бетінде жылтырап ай туып келе жатқандай еді. Аруағы үстем боп, анық бел алғандай. Ақыры соның дегені болуы — теңізшілер уәләят жағына біржола аунап тұсуі ғажап емес-ті. Ізбасар қатты булығып, қанына қарайып отыр. Өлсе, берілер ойы жок: мыналар Ысмайылды жөптеп шығар болса, теңізші қауым түгел емес, түгел жиналсын деп дау салмақ. Одан да пәтуа шықпаса, амал жок, өзіне қараган шолғыншы жігіттермен ат қүйрығын кесісіп, қалың жүрттан іргені олшайтып бөлініп тынады. Басқа лажы жок. Көпшіліктің аузы басқа жаққа қисайды екен деп — төңкеріс мұддесіне опасыздық жасай алмайды. Өйткенше өлгені артық. Ендігі жалғыз ғана сенері — қайын атасы Карабас қана, бірақ ол жақ ашпай томсарып үнсіз отыр. Не ойлап отырғанын? Тентек, ақылды шалдың кейде тығырықтан жол тауып шығатыны бар-ды. Ол бір қисайса, ешкімнің түзей алмасы және белгілі. Құдайым соған сана бере көргей-ді.

Ізбасар күтпеген жерден елдің бетін теріске бұрған Түркеш шалдың шаужайынан ала кетті.

— Да, ақсақал, сонда уәләяттың бізді қорғай алатынына иманың кәміл ме?

— Ләпбай?

— Жаман айтпай жақсы жок, ертең екіұдай күн туып, жалаң аяқ су кешер заман туғанда, сол уәләяттың бізді қорғай ала ма?

— Е, оны мен қайдан білейін, көріп келім бар деймісің? Оны мына Үсмайыл айтсын.

Ел Үсмайылды жақтап, ара түсे кетті.

— Милиция, әскері бар деді емес пе?

— Әпицерлер даярлап жатқан көрінеді. Ол әскер бізді қорғамағанда, кімді қорғайды.

Ізбасар таңдайын тақылдата қағып, үзілді-кесілді басын шайқады.

— Ц-к, ц-к... айтакқа ермендер! Ол әскер әуелі өзін қорғап алсын. Қуыршақ ұқіметтің қуыршақ әскері кімге пана болғандай. Аты дардай болғанмен, заты қылдай.

— Олай деме, Ізбасар. Барды жоқ деме,— деп, Үсмайыл ентелей түскенде, Ізбасар қолды сілтеп қалып еді, түюлі жұдырығы Үсмайылдың бетіне тиер-тимес жанап өтті. Оның жұдырығының дәмін талай татқан Үсмайыл жалт беріп, жасқанып қалды. Бұл сотқардан бәрін күтуге болатын: тәбелесе кетуден жүзі жанбайды. Ізбасар да өзін тізгіндеп тоқтатып отыр: батырлық — ден-саулық барда екен, талай жағадан алар жерде батылы бармай, есесін жіберіп, бармақ шайнаумен болды. Баяғы күндей күркіреген күйі болса, бұл әңгіменің немен бітері неғайбіл-ді.

— Солай, солай! — деді Ізбасар езеуреп.— Уәләятың мықты болса, Жайықтың казак-орысымен ауыз жаласып несі бар. Толстов түшкірсе, Жаншаң жәрекімалла дейді. Басқанды түсіндіргенмен, мұныңды елге қалай түсіндіресің? Ел болғандағының сыйқы осы ма?

— Ол саясат! Казак-орыс күшейіп отыр, онымен бет жыртысадың әзірше қажеті жоқ.

— Е, солай дейсің? Казак-орыстың мұраты — ак патшаны тағына қайта отырғызу. Жатса-тұрса содан басқа мұңы жоқ. Ал мақтаған уәләятың ұялас қүшіктей олармен ауыз жаласады. Сонда сендердің де көксегендерің — патшаны тағына қайта отырғызу болмай, немене?

Бұқара байтақ қаншама көрсоқыр надан дегенмен, қазіргі әрі тарт, бері жық, күніне тоқсан түрленетін шымшытырықты түсініп жарытпағанмен, ак патща десе, аза бойы қаза — тітіреніп тік тұратын. Жатса-тұрса жалбaryнып тілейтіні — енді ол әбілетті құдайым көздеріне көрсетпегей. Ізбасар талма жерден біліп жармасқан: ак патшаны атағанда елдің көзі үкідей болып, Үсмайыл да қатердің желі қайдан ескенін түсініп, от басқандай тыпрылап, шоршып-шоршып тұсті.

— Бұл арандату! Арандату! — деді көзі онды-солды жүйткіп.— Еңіреп жүріп кетірген ак патшаны аңсады деген

не сүмдық! Аруақтан қорық! Ауызың қалай барып айтып отырсың! Сенің де, менің де төбемде бір күшті бар, күпіршілік қылма, содан имен болмаса...

Ізбасар жыымиғансып, езуін ырситты:

— Артыңа мұсатыр жаққандай соншама неге мәңкідің?

— Жалған! Жалған күйдірмей қоя ма?

— Жайықтың қаба сақалдарының қолтығына кіріп алғандарың жалған ба?

— Оны түсіндіргем. Уақытша саясат дегенмін...

— Сенбеймін! Оларыңа ешкім де сенбейді! Жайықтың ақ казагымен ауыз жаласқандарың рас па? Рас! Ал ақ казактың мақсаты соқырға таяқ ұсташқандай: мүмкін сіздерге ақ патша тағыма қайта отырғызсандар автономия берем деген болар. Сол үшін жанталасып жүрген шығарсындар?

— Астапыралла! — деп аузына сөз түспеген Ысмайыл жағасын ұстады.

Мына ашық шайқаста Ысмайылды қалай да басынан аттаппау үшін, Ізбасар ештеңеден аянған жоқ: мәселені әдейі май құя ұшындыра сөйледі.

— Э, сасқаныңдан жағанды ұстап, не айтарыңды білмебің бе?! Қайыптан-тайып, казак-орыс күш алып, ақ патша тағына отыра қалса, сендерге автономия емес, мынауымды берер.

— Әдептен аспа, қатын құсап қолыңды шығарма.

— Сендер халықты сатқалы жүрсіндер! — деп Ізбасар өңештей түсті.— Ел болып, етек жауып, тутін түтетуге кім қарсы. Өз қолымыз өз аузымызға қашан жетер екен деп екі көзіміз төрт болғалы қашан? Ал ел бастай ма деген «Алашымыз» Жайықтың казак-орысымен бірігіп алып, өткен күнді қайта орнатамын деп әлек. Оны қөзсіз емессіндер, көріп отырсындар ғой.— Ізбасар жөтел қысқанына қарамай, сөзімді біреу киіп қете ме дегендей, қақалашашила қайта сөйледі.— Ағайындар, шынын айтсам: одай заманда өмір сүріп отырған жоқпыз. Қылыштың жүзіндей құбылған бір кезеңге тап болдық. Орыс қана емес, қазақ та екіге жарылды. Бірі «Алаш» жағында, екіншісі қазақ большевиктері жағында. Эне, анау Жымпітідан «Алаш» ала туын желбіретсе, анау Ордада қазақ кедейлері бас құрап, қызыл ту желбіретіп жатыр. «Алаш» дәулеттілер мен дүмділердің үкіметін орнатып, халықты баяғыша ашсам — алақанымда, жұмсам — жұдырығымда ұстаймын деп жанталасса, бұрынғыдан бар айырмасы, ақ патша өзім болам десе, Орданың кедейі кеңес болам — жалаң-

аяқ пенен қара табанға тендік әперем деп жатыр. «Алаш» енді-енді әскер жасақтауға кіріссе, Орда кедейінің әскері жау шебінде атой салып жүр. Ақ патшаның итаршыларына өрттей тиюде. Осында кезеңде түк білмегендей құлағымызды тас жауып отыру — бізге жараспас, ағайын. Айналаны алакөз қылмай, бір жағына шығатын кез жетті. Кімді қалаймыз, кімнің жыртысын жыртамыз? «Алаштың» етегінен ұстаймыз ба, әлде Кеңеске қол береміз бе? Өздерің көріп отырсындар, «Алаш» мырзалардың, болыстардың, қалталылардың үкіметі, кеңес жарлынықі. Жымпityда үкімет басында Жанша сияқты адвокат, Халел сияқты дәрігер, Салық сияқты жуан қамшы болыс отырса, Ордадағы үкімет басында Сейтқали, Бейсен сияқты өзіміздей жарлы-жақыбайдың балалары отыр. Қайсысына сенеміз, қайсысына қол созамыз? «Алаш» тектілер мен тістілердің үкіметі, қара халықтың көзінің сорасын ағызған жуан мойын, шой желкелерге кіріптар боп қала бермекпіз бе, әлде Кеңес төңіреғіне үйисамыз ба? Автономия аталатын тендікті кеңес үкіметі де бермек. Бірақ ол бай-манапқа емес, тек қара халыққа береді.

— Өтірік! — деп ыршып түсті Ысмайыл.— Большевик автономия бермейді, берсе бұқілrossиялық Құрылтай жиылсы ғана береді.

Сасқанынан Ысмайыл шынын айтты. «Алаш» Ресей қауымның қыын жағдайын пайдаланып, автономия жарияладап жібергенмен, ол әлі Ресей тарапынан зандастырылмаған еді. Зандастырып беретіндегі орталық та жоқ-ты, әрқайсысы өзін Ресейдің қожасы санап, жер-жерде үкімет жарияладап, әуре боп жатқан. Соның бірі Самардағы Құрылтай жиналысы комитеті (Комуч), Челябідегі «Мемлекет кеңесі». Алашорда балықшылары соларға кезек шапқылап, ауыздарын алып, тезірек шикілі-післі Құрылтай жиналысын шақырып автономияны макұлдатып алуға жандарын салып жүрген. Қүреген ескі мемлекет орнындағы үкіметсімактардың үрейі үшқаны соңша: большевиктермен құресемін дегеннің бәрін жарылқамақшы еді. «Автономия сұраудың не екенін кейін көреміз» деп кекесіндерін мұртына жасырғанмен, халдерінің мүшкілдігі Ресейдің бөлшектенуіне лажсыз көнуге мәжбүр еткен. Алашорда көсемдері олардың кейін көрсетеміз деген қайырымына сенбей, жарылқасаң қазір жарылқа деп, шаужайдан алып жатқан. Ал ол кезде революция бесігін қорғап қалу мәселесімен ішкені ірін, жегені желім боп, айналаға бұрылып қарауға мұршасы болмаған большевиктердің программасынан орын алғанмен,

автономия мәселесін кең түрде сөз ете қойған жоқ-ты. Жер-жерден ұлтшылдар бас көтеріп, автономияны берсе қолынан, бермесе жолынан алып жатқаны, ал автономияның патшашил, байшыл болуы, сайып келгенде олардың Ресейдің шет аймактарында пролетариат жеңісін тежей бастағандарына енді анық көздері жетіп, пролетарлық автономия мәселесін қолға алған еді. Ісмайылдың өтірік, большевиктер автономия бермейді деуінің мәнісі осы еді.

— Міне! Міне! — Ізбасар қалтасынан бір бума газет шығарып, айналасына бүрқыратып шашып жіберді.— Міне! Өз көздеріңмен көріңдер! Большевиктің берген автономиясын көріңдер!

Ел газеттерге жармасты. Әйткенмен, қара танитындары шамалы, оқу былай тұрсын, қебісі-ақ газеттің өзін теріс ұстап отыр. Өзгелер ештеңеге түсінбей шелді көздерін сығырайтқанмен, Ісмайыл керек сөзді тез тапты да, қапқара беті одан сайын қабарып кетті. Газетте ұлт істері Халық комиссарының Астрахан мұсылман комитетіне жолдаған радиотелеграммасы басылған еді, онда былай деп ап-анық баяндалған-ды: «Большевиктердің қолдаған жобасы бойынша Совет үкіметі бұрынғы патша заманындағы езілген халықтардың бәріне автономия береді. Әр халық өз тағдырын өзі шешуге ықтиярлы. Қазақ халқы жер ыңғайымен автономия құруға даярлана берсін. Бұл үшін ең алдымен ана тілінде халық сотын, бала оқитын мектептерді ашуға кіріссін...»

Ісмайыл бұған да дау тауып айтатын еді, егер Ізбасар оның көзіне Алашорданың «Қазақ», «Ұран», «Сарыарқа» газеттерін тыққыштамағанда. Олар: «Большевиктер қазақта автономия берді» деген хабарды айқайлатып, жалаулатып жариялаған-ды. «Құдай берді, алаш! Ақ түйенің қарны жарылды; алаш! Шаттан, алаш! Қуан, алаш!» деген сүйіншілеген сөйлемдерден көз тұнатын. «Мәскеуге қазақ автономиясы туралы большевиктік бастықтармен сөйлесуге Халел Досмұхамбетұлы, Жанша Досмұхамбетұлы барған еді. Жуырда олардан Элихан (Бекейханов) телеграмма алды, автономия туралы сөйлесіп, автономияны алып шыққан сол екі сабазың» деп «Алашты» әсіре дәріптеп, айдынын асырғанмен, ол енді жария болған жағдайды өзгерте алмайтын. Большевик қазақ халқына автономияны басқа үкімет-сымақтардан бұрын берді. Енді ол жағына жылан жұмыртқалаған небір суайт болса да жоққа шығара алмайтын шындық еді. Бұл газеттерді Митрофанычтің дер кезінде жеткізіп бергені мұндай абырай болар ма?

Бұл екеудің таласына көздері күә боп, тұтіннің қалай қай жақтан ұйтқығанын аңғарғанмен, жыға түсіне алмаған теңізшілер құлақ тігіп тым-тырыс қана отырған. Үсмайыл күйік орнындағы қап-қара боп, тершіген бетін сипалай берді. Теңізшілер Үсмайылдың іші өткендей екі бұктетілген түрін көріп, енді Ізбасар жаққа қарап құлактарын қалқайта бастаған-ды.

— Да, бұқадай бір-біріңе бас шайқамай, айтсаңдаршы? Ұқтырсаңдаршы?

— Оқыңдар! Тұсіндіріңдер! Бұл не газит?

— Автономия дегеніңді біз қайдан білейік. Ол не екенін қазақшалап ұғындырып айт.

— Анау мұғалім бала оқысын! Сол тұсіндірсін,— деді Ізбасар.

Мұғалім бір сөз алып-қоспай, құран оқығандай баяу, жұп-жұмсақ дауыспен әжептәуір көлемді мақаланы өлеңдетіп оқып берді. Ізбасар араласпайын дегенмен, араласпай отыра алмады: кейбір тұстарда ежелеп, толықтырып отыруына тура келді. Балықшылар:

— Е, «Алаш» біресе биенікі, біресе түйенікі болдығой!

— Түк тұсінсем бұйырмасын...

— Не тұсінбейтіні бар.

— «Алашың» арам тер боп ала алмай жүрген бас еркіндікті большевик өзі-ақ беріпті. Солай емес пе? Әлде мен қате тұсіндім бе?

— Эй, қайдам, бір кәрі қыз сынық сүйем батқанша сенбеймін деген екен. Кім біліпті...

— Әзірше сүт аз, көмір көп, шырактарым.

— Бұлардың айналып келгенде ел алу болдығой,— деп орындарынан сау көтерілді.

Күн енкейіп, көлеңке ұзарып, Атыраудың ұланғайыр айдынына кешкі қызыл сәуле жүгірген шақ еді. Кешкі құрымың мезгілі таянған. Адамға телмірмей, теңізге телмірген балықшылардың одан қымбат, одан маңызды шаруалары жоқ-ты. Сөз сауған құр бекер қысыр әңгімені аяқсыз қалдырып, кәрі Атыраудан қайыр тілеп кәсіптеріне аттанысты.

* * *

Ел тарағанда Қарабас, Үсмайыл, Ізбасар үшеуден-үшеу орындарында ошарылып отырып қалды. Мына бір алмағайып дауда Ізбасар жеңбегенмен, жеңілген жоқ:

қылғынып отырып, есесін жібермеді, соған өзі риза да еді. Ысмайыл көмірдей қап-қара боп отырып-отырып шығып кетті. Қарабас күйеу баласы Ізбасар шамалағаннан ішті боп шықты: сыр алдырып, ләм-мим жақ ашқан жок, не ойлағаны белгісіз, жабулы қазан жабулы күйінде қалды. Ел тарқап, екөуден-екеу оңашаланғаннан соң ғана:

— Иә, аман барып, сау қайттың ба? — деді ол.— Құда, құдағи қуатты ма екен?

— Сәлем айтып жатыр.

— Сәләмат болсын. Неге тез оралдың?.. Өңің жаман емес екен. Тіфә, тіфә! Балгерге көріндің бе?

Ізбасар бақсы-балгерге көріне алмағанын, қыр бойы адам айтқысыз жаман екенін, жүріп болмайтынын, ерсілі-қарсылы шұбырыған қаракұрым әскер екенін айтты.

— Майдан шебінен не жаңалық? Сол баяғы итжығыс па?

— Жоға! — Ізбасардың ширығып жаны кірді.— Казакорыстардың жағдайы мәз емес көрінеді. Қиғаштың бергі бетіне қайтадан қуып тастапты. Арындары баяғыдай емес.

Қарабас көзін қиғаштап, Ізбасарға сеніңкірмей қарағанмен, әлен-пәлән деген жок. Күйеу баласының өзгенің бәрін кішірейтіп, қызылдардың аруағын асырып сөйлейтін әдеті қашаннан. Оған құлағы үйренген. Бүгін де ол қызы дарға шаң жуытпай, тамақтасып бақты. Шынына келгенде, атаманның қызылдардан кет әрі деп безінетін себебі жок: жарлы-жақыбайды жарылқаймын деп жатыр, мұсәпір-мұскінге қарасам, бай мен кедейді тең қылам деп жатыр, ол мұсылман үмбетіне шетін пиғыл емес — шарифатта да солай деген, әрине, теңдік, ағайындық, адамдық адамзаттың әу бастағы жараптандынан бергі арманы емес пе? Оған кім бетін басып теріс қараған. Теңіз үстін ұялаған балықшы қауымның да баяғыдан бауыр басқан үрдісі, ұлгісі, тауқыметтірлігі кеңес заңына сай кеп тұр. Екі аяқ, екі қолдың күшімен мал тапқан теңізшілерге оның бөтендігі жок. Бірақ бұлдірген — ана бір бұқа көз тентек комиссар болды. Бастарына әңгіртаяқ ойнатып, тек аузыма қарап, түшкірсем жәрекімлә деп отырындар дейді. Уа, оның кешегі батаға иесі Алексеевтен не айырмасы болғаны сонда?!

Дегенмен атаман жаратсын, жаратпасын күйеу баласының қызылдармен жаңасқанына ашық қарсылы болған жок. Ізбасар балықшы қауымға зиянға шығар іс істейтіндей ессіз жігіт емес-ті, бірдеме біліп жүрген шығар деп шамалайды.

Гүлбаршын шәй әкелгенде, Карабас:

— Иә, ел іші қалай екен? Не әңгіме бар,— деп құс жастыққа жантая кетті.

Ізбасар осы сапар естіген әңгімелерін жасырмай айтты.

— Теңіз жағалауындағы, аралдағы ел ақ казактардың табанында отыр. Әрлі-берлі шұбырған әскер берекелерін әбден тайдырыпты. Ылау, ат-көлік деп күнде зіркілдейтін көрінеді. Қайда қашып тығыларын білмей жүр. Көбісі қос тігіп, қамыс арасын сағалап жүргенге ұқсайды. Енді біреулері тіпті дүние-мұлкін кемеге тиеп, теңіз түсіп кеткен.

Иә, биыл жаз ортасынан бастап анау Қиғаштан бергі теңіз жағалауында қой-ешкі, сиырларына дейін кемеге, қайықтарына тиеген, көрер көзге оғаш босқындар пайда болған. Алғашқыда адасқан қаздай бірен-саран еді, кейінгі кезде тіпті су бетін бермей, қаптап кетті. Сиырлар да, қой-ешкілер де кеме үстінде тұрып, құрақ жеуге дағдыланып алыпты. Бас-аяғы сырық бойы қайық үстінде баласы қайсы, малы қайсы — айыру қыын, бірге жатып, бірге өледі. Сырт көзге біртүрлі қызық көрінгенмен, баар жер, басар тау қалмадының кері — шын аянышты хал еді.

— Ал қыр қазағы,— деп Ізбасар әңгімесін жалғады.— Конырлықты тастап, құмға ойысқан. Тіпті, ту-у сонау Орда маңында деседі. Соларды ықтап, жан сақтап отырған құсайды.

— Орда қалпынша ма екен?

— Қалпынша. Тіпті күшейіп тұр білем. Казак-орыс олай қарай несие аяқ аттамайды. Жұрт жолын тауып, солай қарай ауып жатыр.

Қазақ большевиктері ту тіккен Ордаға елдің тамшылап кетіп жатқаны рас еді. Қазақтай жер танығыш жан баласы жоқ, қолайсыз болса, арқанмен сүйреп апара аларсың ба? Өзіне қараған жағалау бойындағы ауылдардың біразы солай қарай қоныс аударғанын саңырау емес, атаман өзі де естіп-біліп отыр. Жел боларын желторғай біледі, жауыншашынды адамнан бұрын ала қарға аңғарады, жылан екеш жылан да құрғақшылық алдында күн ілгері ойға құлайды — осы күнге дейін көшу-қонумен жан сақтап келген иісшіл қазақ ештеценің парқын парықтай алмайды деу қисынға келмейді. Демек, елдің зарғып қақсап жүргені тегін емес: қызылдардың кедей-кешікке қолайсыз болмағаны да.

— Кімдер ауыпты?— деп сұрады атаман.

— Кім екенін сұрағам жоқ. Тағы да төрт-бес үй кетіп-ті. Әскер жолынан түнделетіп өтетін көрінеді.

— Ордадағылар «Кел жарылқаймыз» деп азғыратын шығар.

— Кой, жок, ондай әңгіме жок.

— Көшіп барғандардың жағдайы қалай екен?

— Қазір кімге-кім жағдай жасағандай дейсің, әйтеуір қысым көрсетпейді білем, соның өзі де қазір үлкен байлық боп отырған жоқ па?!

Қайын атасының іш қатпарын жақсы біletін Ізбасар құлшынбады, болғанын болғандай күйінде ғана, естіген-білгенін үстемей салғырт қана әңгімеледі. Ол мұның бәрін Қарабастың тегін сұрап отырмағанын іші сезді. Бұрыннан бір түйгені бар ма, әлде бүйректен сирак шығарғандай болған бүгінгі әңгіменден кейін ой түсті ме — көңілінде бір киқым бары анық. Гүлбаршын қүйған коңыр шэй, дастар-қан басындағы жарастық, өз-өзді болып шүйіркелесіп оңаша отыру — бүкпесіз әңгімеге мұрындық болғандай ма, қалай. Ізбасар ептең тамыр басып, сыр тартып көруге бекінді.

— Элгі кесір балықты айтам... қашан жіберіп едіңіз? — деді ол.

— Нені? А-а! Астраханға жөнелтілген балықты айтасың ба? Е, өткенде сен науқастанып жатқанда... бір айдың шамасы болды-ау дедім...

— Неге күте тұрмадыныз?

— Жібер деген өзің емес пе едің?

— Жок, жібергеніңізге қарсы емеспін. Бірақ кімнің қолына апарып тапсыру керегін айтатын едім ғой.

— Қайдан білейін? Әйтеуір Астраханға жетсе болар, керек адамын табар дедім.

— Ой, Қараға-ай! Сіз де бала сияқтысыз. Қызыл Астрахан дегенмен, онда да болмасын дейтіндер аз емес. Солар бір нәрсені бұлдірді ме деп қорқамын.

Ізбасар Қарабастың сынық арбадай қисайып қала беретін көңіліне дық түсірмеу үшін, Астраханда аңыс андып, бұғып отырған төңкерістің қас жаулары туралы таратып, ештеңені ашып айтпады. Патшашыл деймісің, кадет-эсер деймісің, дүниені тәрік қылған анахист-мотростар деймісің — тоз-тоз болған Ресейдің небір аш бөрі, ала шобыры сонда ұя басып жатқан. Ол аздай, татардың үлтшыл «Милләт» қоғамы, Уәлитхан Танашев бастаған бекейлік алашордашылар да қапысын андып, сырттарынан тіс қайраумен жүргендер. Кеше жол бойында, бүгін де, қазір де ойлап отырғаны: бұл іске солардың сұық қолдарының салқыны тиді ме деген қауіп. Олар іс тындыра біletін,

адамдар мен қауымдардың арасына араз отын жағуға келгенде, алдарына жан салмайтын епсек жандар еді. Элде қолтыққа кіріп алып, бұлдіргідей бұлдіріп жүрген Ысмайыл ма? Астрахан, Гурьев төңірегін шарлап, жүріс алған бұл да бір бақайына шаң жүқпайтын қуаяк.

Бүгінгі ашықтан-ашық жанжалдан кейін, қабақ андысып күлбілтелейтін ештеңе жоқ-ты. Избасар осы ойларының шет-шалғайын шығарғанда, Қарабас бір көзін ашып, бір көзін жұмып ойланып қалды. Эйтсе де, пәлен-түген деп ештеңе кесіп айтпады. Ауыз бағу соңғы кезде Қарабастың дағдысына айналып барады: онысы жаман емес, басқа пәле тілден, қызыл тілден өрт шығып тұтандып тұрған заман емес пе, оның үстіне атаманның айтса қайтпайтын бір ұрт, сыңар езу әдеті және бар-ды. Өзі де содан қорынып шапшаңдық істемей, әліптің артын бағып ойланып-толғанып барып сөйлейтінді шығарған. Сонымен бірге ішқатпары да молая түскендей ме, қалай: бұрынғыдай аңқете қалуы сирек, бір тінін ішіне бүккен сынайлы.

Избасар айнала төңіректе болып жатқан қиян-кескі ұрыстар жайлы, патшаның оқалы жаға генералдары қанша аласұрғанмен, большевиктерді мұқата алмай тұрғаны, қайта жағаға сокқан толқындай маңдайлары тасқа тиіп, кері серпіліп жатқандарын жырғай келіп:

— Енді көп ұзамай соғыс біtedі, большевиктердің толық жеңісімен біtedі,— деп төтеден қойып қалды.

Қарабас таңырқағанын сездірмей:

— Е, оны қайдан білдің?— деді.

— Білетін дәненесі жоқ, бастағы бөріктей. Ресей халқының, ормандай орыстың тәң жартысынан көбі — жұмысшы, шаруа — оның бәрі большевик жағында. Қалған бір бөлігі — саудагер не майдагер — кімнің тарысы піссе — соның тауығы. Сонда большевикке қарсы боп отырған патша офицерлері, сосын казак-орыс. Олар құллі Ресейге күл шашып, не қиратады?!

— Иықтан сүйеп отырған ағылшын, жапон бар емес пе? Оны қайтесің?

— И-и, олардің дәм болсын далбаса. Ресейге жаны ашып, өкпесі өшіп отырған дәненесі жоқ. Екі жеп биге шығам ба деп, құр жалаулатып жүр де. Шын жаны ашыса — әскерді неге қаптатпайды, жоқ, әскер бергісі жоқ. Ал қару-жарақ мә, қанша алсаң да деп отыр. Ондағысы орыс өз-өзін қырсын, түтіп жесін, сосын әбден әлсіреген кезде Ресейді пышақпен кескендей ғып бөліп-бөліп алмақ.

Табиғатынан жалпақ есеп, қара ақылға алғыр Қара-

басқа тәптіштеп түсіндіріп жатудың қажеті шамалы еді. Жөн сілтесең болды — ар жағын өзі түгендереп алатын. Ол құс жастыққа шынтақтап, басын қисайтып терең ойға шомып отырды да, мырс етіп күліп жіберді.

— Апыр-ай, ә? Бәсе... ергежейдің елуі жабылып бір большевикке неғып әлдері көлмей жүр десем, сырттай жалпылдалап, іштей мысық тілеулес екен ғой, ой, ант атқандар! Эй, бәсе! Баяғыда көзі ашық оқыған адам айтып еді: бір ел бір елдің басын мұжуді көздейді, біреуді-біреу үшпакқа шығарады деген жәй сөз деп, сонысы рас болды ғой.

Қарабас ауажайылып, бір қыырдан екінші қыырға лаға бастап еді, Ізбасар шаужайлап, алдын орай берді.

— Қараға, екі ортада сенделмей, бір жағын ұстайтын кез келді. Ұзын арқан, кең түсаудың да шегі болмаушы ма еді?!

— Оның рас-ау. Бірақ ешкімді ықтамай, өз-өзімізбен отырсақ қайтеді, әлде отырғызбай ма?

— Бәз бір кезде отырғыза отырғызар да еді, көз түрткі қыла қоймас та еді. Бірақ біздің жағдайымыз басқаша ғой, Қараға. Екі майданың, қызыл оттың ортасында қалдық, ертең майдан ілгері-кейін жылжығанда, біреудің сойылын ұстамаған соң, ешқайсысы аямайды: қолы жетсе, анау да үрып өтеді, мынау да үрып өтеді. Аспаннан жай түскен ақырзаман деп соны айтса болар.

— Оның дұрыс-ау! — Қарабас көкірегі шуылдай ауыр күрсінді. — Осы бір жанжалға араласпай-ақ қойсам деп едім, араластырмай қоятын түрлері жоқ қой. Жан-жақтан сүзеген бұқадай мүйізін оқтаған біреу. Иә, кімді ұстан дейсің?

— Менің көкейімді білесіз ғой.
— Баяғы қызыл Астрахан ба?
— Ел тірлігіне жаңалық әкелсе — тек қызылдар әкелмек? Басқанықі — «көн тырысса, қалпына келедінің кері.

— Иә, оны аңдаймын. Уәләятың да құр далбаса ма дедім. Баяғы төрелік заманын қайта орнатпақ қой. Руру қып бөліп, ел үстіне жатып алмақ та. Одан үшпакқа шыққанымыз шамалы. Қызылыңың еркіндік береміз деп жар шашқаны дұрыс екен. Бірақ құр сөз болмаса жарады. Бір езгіні екінші езгімен ауыстырып, тек сыртын бояп өзгертіп жүрмесе болғаны.

— Түсінбедім...
— Бостандық толық болар ма дегенім де. Ақ патшаның

· әкімшілігі жойылғанмен, орыстың әкімдігі жойылмай ма деп қауітненем де...

Ізбасар ұзақ толғайтын адамдай малдасын құрып, шарт жүгініп отырды. Бұл бір қазақ қауымының арасында етек алған уайымды дерт еді: елдің бір бөлігінің төңкеріс жағына толық шықпай, әрі-сәрі отыруының да, енді бір қайсысының уәләяттың шылауына ілесуінің де сыры, міне, осында. Ақ патшаның зұлым саясаты, әсіресе осыдан аз-ақ жыл бұрын, бірінші дүниежүзілік соғыс алдында ғана американдардың «қызыл түстілерге» істегенін істеу мақсатымен Столыпиннің қазактардың шұрайлы жерлерін тартып алып, өздерін шөл даладағы резервацияларға қамал, біртіндеп тұқымын тоздыру саясаты — ақ патшадан біржола тұңғылдірген. Оған келіп он алтыншы жылдың топаланы жамалды. Переселендер қаптады. Олар шетінен сіңірі шыққан кедей болғанмен, жер беріп, өздерін жарылқап жатқан ақ патшаны жақтап, 16-шы жылғы қырғында қазақтың басына әңгіртаяқ орнатты. Ақ патшаның арамзalары ұлт араздығына жел беріп, отқа май қуюмен болды. Сол бір кез орыс пен қазақ арасы жаман боп кетіп еді, Қазақтар ақ патшадан ғана емес, орыс атаулыдан тұңғыл бастаған. Соның салқыны қазір де күнделікті сезіліп жүрген-ді.

- Сіздікі «сары орыстың бәрі орыс» қой баяғы.
- Е, оның не әбестігі бар, көрмесек бір жөн, көрді ғой бәрін мына шыққыр көз.

— Жок, Карага, әбес деп отырғам жок. Көренеу әділетсіздіктің, кемсітудің тақсіретін тартып, орысқа ішім шемен боп қатқан адамның бірі мен едім. Астраханда болған аз уақыттың ішінде көзім жетті: орыстың бәрі бірдей емес, жақсысы да бар, жаманы да барын түсіндім. Құдай айдал, маған ылғи бір жақсыларын тап келтірді ме, қайдам? Жок, ол мен білетін жеті атамыздан бері қарай жүретін, қит етсе «мал», «сасық» дейтін Алексеев не оның приказчиктері емес, оларға мұлде ұқсамайтын, басқа бөтен орыстармен ұшырастым. Олардың екі айтып, бір айтатыны: біз адам баласымыз, біз теңбіз. Жақсы адам бар, жаман адам бар, бірақ жақсы ұлт, жаман ұлт деген жок. Міне, айтатындары. Большевиктердің сез жүзінде емес, іс жүзінде адам теңдігі үшін күресіп жатқандарына көзім куә болды. Тіпті бізді қойғанда төңкеріске қолұшын беру үшін көзі ашық оқыған ел дейтін сонау венгр, чех, немістердің азаматтары тіленіп келген. Солардың аузынан талай естідім: адамзат тарихында мұндай әділет ұстанған

коғам болған емес дегенді. Бұрып айтады дейтін емес, оларға қалай сенбессің. Большевиктердің адал жандар екеніне иманым көміл. Мені қазақ, орысы аралас бір взводқа командир қойды. Алакөңіл болса, сенбесе, өйтер ме еді. Орыс жігіттерімен талай қан кешіп, сыз окоғтарда бірге түнедік. Қазақ, орыс деген жоқ, жолдас деген ғана сөз бар. Шынында да, жау шебінен бір-бірімізді талай арқалап шықтық. Жоқ, мен басқа, мұлде басқа орысты көрдім. Елді араз қылатын да, дос қылатын да үкімет екеніне көзім жетті. Барлық пәле үкіметте. Үкімет түзелсе, ел де тузелмек!

Ізбасардың өзінің алтын бесік отаны — теңізшілер қауымына қайтып оралғалы бері, бұл Карабасқа күйеу бала, Карабас бұған қайын ата аталғалы бері — ештеңе бүкпей, ашылып сөйлескендері осы еді. Ізбасар көрген-білген, ұққан-түйгендерін бармағына бүкпей түгел сайрап берді. Бұлтартпас дәлелдермен жүйелей сөйледі. Кеңес үкіметінің ниеті таза болмаса, Астраханның өзінде мұсылман комитетін құрып, мұсылмандардан әскер жасақтар ма еді. Ордада тіпті, қазақ үкіметінің әскері пайда болды. Бес қаруы сай өрімдей қазақ жігіттері — қызыл әскерлер. Жауынгерлері де өздері, командирлері де өздері. Екі адамның басы қосылса, осылар қастандық істегелі жүрген жоқ па деп сырттарынан қарауыл қоятын ақ патша әкімшілігі оны істей алар ма еді. Кеңес әскер жасақтандар, үкіметті қолға алындар, өздерінді өздерің басқарындар деп жатыр, одан артық не керек? Одан артық қандай ақиқат болмақ!

Карабас әлі де әр нәрсені түртпектеп сұрай келіп, өзінің де көңілі Астраханнан кет әрі емесін мойындады. Қалай жатсынып, іргесін аулак салады: егер Астрахан да өздері сияқты шетінен теңізші, Атырауға телмірген балықшы болса. Басқа-басқа да, Астраханның жөні бөлек. Астрахан балықшыларына жайлы болған кеңес бұларға жайсыз болмайтынын неге іші сезбесін, сезгенде қандай! Аралары жыртылып, алшақтап кеткені кешегі бір жағдай ғана.

- Сонымен Астрахан дейсің? — деді Карабас.
- Солай Қарға! Жалғыз жол сол. Одан басқа жол жоқ.
- Ол жолды да қырсық шалып тұрғанын-көрмеймісің.
- Е, оны жөндеуге болады да...
- Ендеше, жөнде! — деді Карабас жастықтан басын көтеріп. — Қолыңнан қақтайын, жөнін тап та жөнде. — Ол ойланып барып, қайта сөйледі. — Заман қындалап кетті ме, білмеймін. Тұсінуден қалдым. Жол тауың шығар түрім жоқ. Әр адам заманында деген, біздің заманымыз өтіп,

сөндердің замандарың келді ме, кім біліпті. Көзің мүкіс болса, кеменің құйрығын ұстап не жының бар. Не дे болса, тізгінді бердім өзіңе. Мына зауалды кезеңнен теңізші қауымды аздырмай, тоздырмай алып шығуды тапсырдым саған. Кіммен дос, кіммен қас боласың, қай жағалауға барып жағасың, енді өзің біл. Эйтеуір, көздің ағы мен қарасындей мына халық торғайдай тозбасын, біреудің есігінен сығаламасын. Артық та болмасын, кем де етпе. Аманатым осы!

3

Көк теңіз кең тыныстап, жалпақ көсіліп жатыр. Аспан ашық, аяа таза. Жайықбастан құрғақ, қатқыл, шөл даланың жусан иісі мен ыстық табын таратып сары жел еседі. Теңіз үсті жөңкілген ақжал толқындар, толқындар бір-бірін иықтан итеріп, баржымен қапталдасып жарысып келеді.

Баржы сүйреген қос моторлы бусирдің өрелінде Тасбақа Төлеген де, рубка баспалдағы көлеңкесінде Ізбасар. Аңқасы кеуіп шөлдегендіктен бе, әлде әлсіздіктен бе, қалайы күрешкеден ұрттап ішкен шайдан ак сорпасы шығып, сау-сау терлеп отыр. Ізбасардың өңі бірсыздырғы жаман емес, екі көзі толқыны жосылған теңізде. Мына тосын сапар оған аяқ астынан әл беріп, ширықтырып жібергендей.

Бусирдің сонындағы дәу темір баржыны мұздаған, тұздаған жас балыққа сықа толтырып, Астрахан жұмысшыларына сәлем-сауқат алып келеді. Эрине, бір баржы балық — алты ай жаз бойы жаудың темір қыспағында тілі таңдайына жабысып таршылық тауқыметін шеккен Астрахандай қаланың жұмырына жұқ болып жарытпас, дегенмен «орамал тон емес — жол» деген емес пе, мәселе ықылас-ниетте дағы. Басқа іс түскен қын кезде дос көңілдерін таныса болғаны — бұларға керегі сол ғана. Ізбасар бұл сапарға дәмелі емес-ті, атаман Қарабас өткендегі аунап жығылған алқы-талқыдан кейін тұс көргендей икемге тез келді. Тісқақты кәрі атаман тықыр таянғанын бал ашып болжағандай еді.

Бәрі ойдағыдай, тіпті ойдағыдан бетер үйлесіп, шапшаң жиналып жол шыққалы жатқанда, аяқ астынан бұрқ еткен бір даулы жағдай көңілге көлеңке түсіргендей болды. Үсмайыл жыбырлап жүріп, біраз кемешінің аузын алып, басын біріктіріп үлгерген екен. Әлгілер жиналып келіп,

жүргелі жатқан баржының шәлкісін бермей, жолдарын бөгеді.

— Бұл не сұмдық! Ақ-адал малымызды желге шашкызып...

— Астраханның бізге не өткізгені бар еді. Бермейміз! Жібермейміз!

— Ала жаздай Астраханның қызыл қақbastары үшін тер төғіп пе екенбіз!

— Да! Сендерге қауымның малын шашуға кім рұқсат етті! А-а? —

Кемешілер ерін бауырға алып шапшып, жаман өрекпіді. Елді айтактап салған Ысмайыл бұл дауға алты аласы, бес бересі жоқтай, ештеңеге араласпай анадай жерде шеттеп оқшау тұрды. Бірақ осының бәрі ішіне пышақ айналмайтын сол алаяқ әккінің лаңы екенінде дау бар ма?! Жиналғандардың дені Ысмайыл іш тартып, бүйрек бұрып, бөлектеп жүрген, Қарабас қауымына биыл ғана қосылған Жамбай кемешілері екені айтпаса да көрініп тұр. Мына оңбаған жымысқы ел ішіне іріткі салып, теңізші қауымын бұлдірмесе неғылсын? Откендеңі Қалмұраттың: бұл ауырып жатқанда, Ысмайыл ағылшын көпесін артынан қуып барып, оңаша сөйлесті, әлденелер жырып алып Жамбай кемешілеріне жасырын үлестірді дегені қауесет емес, шын болмаса қайтсін?

Айғай күшнейіп, дау асқындал бара жатқан соң, жанжал басына қылышын сүйретіп атаманның өзі келген. Ауыздарынан ақ ит кіріп, көк ит шығып бетбақтанып алған теңізшілер ет қызумен бетің бар, жүзің бар демей, оған да ши бөрідей шуылдан тап-тап берген. Атаман ойламаған жерден қап-қара боп түтеп кетті де, жарқ еткізіп қылышын суырып алды.

— Енелерінді, тап! Кәне, біреуің бетіме қарап аузынды ашши, кәлләнді қағып алайын табанда,— деді жаман күйініп.

Көптен бері атаман тарапынан мұндай мінез көрмеген ел құйрықты бұтқа қысып, жым болды.

— Бұл балық қалай да Астраханға барады! Мен олардың алдында қарыздармын,— деп алып, ел бұған не дер екен дегендегі құлағын түріп еді: теңізшілер арасынан әлгін-дегі әңгіменің ұшығы: «ел мұлқі», «қауым малы» деген батылсыздау күнкіл естілгенде, қаһарына мінген Қарабастағы да бет бақтырмады.— Қауым малын жұмсау — менің еркім. Ел білгеніңше жұмса деп маған аманат еткен. Ата дәстүрді білмей, көкіп тұрған қайсың бұл!— Қарабас

шауып жіберердей едірендең күңкіл шыққан жаққа мойның созған — ешқайсысы жүзі шыдаپ, еңсе көтере алмады.— Кәне, босқа найқалмай аттаныңдар!— деп Ізбасарға иегімен әмір етті де, топырлаған елді беттен жасқап, қылышты басынан асыра бір зу еткізді.— Кәне, тарқандар! Екінші-лей мұндайларыңды көрмейін!

Игі қадам, куанышты сапардың ажарына көленке түсірген, міне, осы бір оқиға еді. Атаман Қарабас соңғы жылдары істемегенін істеп, күтпеген жерден шарт кетіп, қылышын қынабынан суырды. Онысы дұрыс болды ма, бұрыс болды ма — түптің түбіндегісіне Ізбасардың көзі жетпейді. Табиғатынан бұзба-жарма атаман ата сақалы аузына бітіп, ел тізгінін қолына алғаннан бері ол мінезіменен қоштасып, ақылға жол бергендей еді. Іске өлшемді, ауызға берік, әліптің артын баққандай ұстамды жора танытқан. Бұгінгі көп шуылдақтың әдепсіз, бейпіл мінезі шарасынан шығарып шайқап-төкті. Атаманның ауыз баққан біртоға тұйық мінезін оның шағылғанына, қайраты қайтқанына сайып жал көрсетіп талтаңдаушылар да жоқ емес-ті. Қарабас бүгін бір-ақ сәтте олардың жынын қағып алды.

Алда тұрған сапар өз араларындағы алқы-талқыға қарағанда әлдеқайда маңызырақ еді. Ізбасардың көңілі солай қарай аұытқып, алаңдап келеді. Ақжайма теңізшілерінің ертеңгі тағдыры осы сапардың оң-терісіне тікелей байланысты: екі ара бітісе ме, әлде сол шалқайған күйі шалқайып қала ма? Ізбасар бәрін қолма-қол жайғайтындағай айрықша құлшынып, үлкен сеніммен аттанып еді, енді былай оңаша шығып, ойланып көрсе, мұнысы тіпті де оңай шаруаға үқсамады. Дабыраға еліккіш ел ауыздықты қаршы-қарш шайнап, аттандап отырса керек. Олардың ашуының басына ақ құйып, уын қайтару оңайға түспейтін сыңайлы.

«Шешінген судан тайынбас»— не болса да енді бара көрерміз деп, Ізбасарлар Астраханға төтелеп салды. Қарай саласы арқылы ішке ене алмайтыны белгілі. Оны ақ казактар жаздың басында-ақ иемденіп алған. Еділдің негізгі саласы ту-у сонау Қалмақ қырымен шектес, бұлар ортадағы Беленский саласына үміт артып, иек қышытып келеді: сол сала жаугершіліктен аман болса, Тишков, Қапшық, Көрін арқылы Астраханға төтелеп асып кетпек ойлары.

Аңғарының сұы тайыз, Еділдің кәсіпке қолайлы сағаларының бірі Беленский банкісіне таянғанда, Қара тереңнің бұлағында тұрған зеңбіректері шошайған темір сауыт екі-үш әскери кемені көздері шалды. Қазір дүние астан-кестен болған мынау заманда оның кімнің кемесі екенін — актықі

ме, қызылдықі ме тап басып айыру қын. Бір күні қызылдікі, екінші күні актыкі болып шығуы да оп-оңай. Теніз науқына жетік Ізбасарлар іші қыпымдағанмен, бетен көзге «ұрының арты қуыс» дегізбес үшін, алған беттен тайсалмай қасқайып тарта берді. Жарты аралдай теңкиген дәу кемелер: дүрбі салып бажайлағанмен, бұларды көзге іліп, елең қылмады. Қазір не көп, теніз үстінде беталбаты басы ауған жакқа қаңғыған жолаушы көп, оның бәрін қайдан түгендегендейсің. Ізбасарлар мән-жайды ішке еніп, теніз тамағына іліккенде ғана ұқты. Теніз тамағының жайылма тайыз сұы қаптаған балықшы, Астрахан маңының қазактары. Не ашық тенізге шыға алмай, не елдеріне қайта алмай жіпсіз байланып, шағын айдында құмырсқа илеуіндей боп қамалып отыр. Әлгі әскери кемелер — актың зілмауырлары — ұлы теніздің аузын бағып, елді үлкен суға шығармай қойыпты. Ал іш жақта Еділдің осы ортаңғы сағасы үшін жойқын соғыс басталғалы екі айдың бедері, бір-бірін ала алмай текетірес, ит жығыс түсіп, әбігер асқындан тұр.

— Амалдан өтіп кетуге болмас па? — деген Ізбасардың сауалына жауап екі ұштылау болды.

— Қайдам, шырактарым...

— Еділ мың сағалы. Біреулер қапысын тауып өтіп жатыр, екіншілері тұтылып жатыр. Алай-бұлай деу қын.

— Майдан шебі қай маңда?

— Шамамен Маков, Зеленга маңы. Тишковты актар әлдекашан алып қойды.

Бұл араның сай-сала, өзен жолдарына қанық Ізбасар жағдайды қиналмай-ақ бірден шамалады. Қабақ тіккен жау Астраханды құрылыштан да, тенізден де қаусырып, тықсыра бастаған. Сеніп келген жолы өнмендеп жеткенде, бұлай болса, енді қайтті! Әлде Қалмақ қыры жақтағы «Бас банкіге» қарай жылыстай ма? Ол да жер мойыны алыс, ит арқасы қиянда. Екі өкпені қолға алып, жер айналып жетіп барғанда жабық боп шықса, не амал тапты? Ол «Бас банкі» жағын сұрап көріп еді, тенізшілер ол жақтан да зеңбірек гүрсілі естіледі дегеннен басқа басы ашық ештеңе айта алмады. Демек, ол жақта да майдан қызып жатқаны.

— Разин, Подразин жағы бос па? — деп мошқап еді Ізбасар.

— Ол жағы аман еді, актар Разинді алса, енді ғана алған шығар,— десті балықшылар.

— Ендеше, ол сағаға неғып енбей тұрсындар?

— Ол дегенің казак-орыстардың сүсі емес де. Адым аттатпайды озалдан. Ақтарға ұстап берे ме деп қорқамыз.

Ізбасар баяғыда Астраханда оқып жүргендегі, балығы іргеден, отын-сүс мол, шебі шүйгін, тұрмысқа жайлыштың бір қаптаған жалғас-жалғас аралдарды мекендейген Еділдің осы сағасындағы қазақ, орыс ауыл-селендерін көп аралағаны бар. Тіпті әлгінде сұрап тұрған РАЗИНДЕГІ Шәңкінің бүлігін басуға да қатысқан. Сонда бір байқағаны — ел арасының қырын-қабақ ашылығы еді. Отырған ауылдар іргедегі өзендерді өз меншігі санайды екен де, түсі бөтен өзгеге одан тірі шабақ алдырмайды. Тіпті құдай-дің сүсін қызығанып, қайықпен қалқып өтуге жол бермейтіндері де бар. Бұл жердің қырық ру өзге халқын қойғанда, қазақтарының өзі ала-құла: байдалықпаз, қанлықпаз, көндігерміз, тоқтамыс жұртыймыз, ноғайлымыз, тағы сол сияқты қайдағы бір есте жоқ, ұмыт болған ру-шұрулардың атын атайды. Осы арадан неше замандар табаны аумаған қазақтармен бірге, Нарыннан құлап, көшіп келіп жатқандар да бар. Байырғы қазақтар бұл өңірдің елінің де, кәсібінің де тәсілін алған: неше тілде сөйлейтін, шағыр көз, екі аяқтыға есе бермейтін, мен атайдын — сен тұр бір сімерлер. Ауылдары бір-біріне міңгесіп, қалың, тығыз отырады өздері. Еділ өңірінің науқы жаңадан қоныс аударып, көшіп келіп жатқан қазақтарға жайсыз тиғен сыңайлы. Әсіресе қырдан құлаған қырық үйлі Беріш ауылы едәуір қысым көрген. Теңіздің қылқа тамағындағы Тишков селенің жуан жұдырық казак-орыстары жолдарын бөгеп, ұлы теңізге ұзак уақыт адым аттатпапты. Әлгі байғұстар біраз жыл ауылдан ұзап шыға алмай, сай-саланың шоқал-шоңқайын қағып, өзеннің су татыған қара балығымен азық айырған. Ашыну, намыс дегенниң не екеніне, оның қорқақтан батыр тудыратынын ұлы күш екеніне ел көзі сонда бір жеткен. Бүйтіп көрген күн күрсын, одан гөрі өлгеніміз артық деп, Кірмалайдағы беріш ауылынан Оразбай мен Жанғали атты бұлдіршіндей екі жас жігіт білек түрініп айқасқа шығыпты. Сол екеуі теңіз жолында көлденең жатқан Тишков казак-орыстарымен үзбей бес жыл соғысқан. Соғысты дегенде, кәдімгі танау бұзатын қаражұдырық төбелес. Содан әлгі өлермен екі жас жігіт Тишковтың казак-орысын ықтырып, теңізге жол салыпты. Қазір Белинский саласының бас тармағы сол Кірмалай ауылының қазақтарының қолында. Осы жайды есіне алған Ізбасар:

— Да, Кірмалай ауылынан біреулер бар ма? — деп еді, тұс-тұстан әупірімдескен маңқа дауыстар естілді.

— Ал, бар болса, қайтпек едің?

— Кім керек өзіңе?

— Беленский саласының казак-орысын ықтырып, теңізге жол салған солар емес пе еді. Негіп бұғып отырсындар?

— Э, батырға да жан керек, шырағым.

— Жатқызып-өргізіп, сайрап тұрған өзің кімсің, ей?

Бір-біріне тіркескен ұзын шұбақ керуенниң тұс-тұсынан иек көтеріп едірейіскен ер қаралар біртіндеп көлденендерген баржының жаңына топтала бастады. Ізбасар олардың кірмалайлықтар екенін шамалап, араларында аты шулы телі тентек Оразбай мен Жанғали да бар шығар деп ойлады.

— Faфу етің, ағайын,— деді Ізбасар Маңғыстау мақамымен.— Жүздескен жандар емеспіз, бір-бірімізді тани қоймаспыз. Жалпақ теңізге жайылған дақпыраттарыңа бола сұрап жатырмын. Араларында Оразбай, Жанғалилар бар ма?

Ауыз сылп еткен жауап болмады. Жел мұжіп, су шайған қожыр жартастай бет алдары жарық-жарық, аңғал-саңғал, дәрекі қашалған шомбал жүздер сыр шашпады. Ізбасар жаңсақ басқанын: атүсті ұшырасқан қаймана қазактың құрағанына бола, ешкім өзін шығарып бермейтінін ұкты да, өзінің Забурыннан екенін, тығыз шаруамен Астраханға бара жатқан аужайын аңғартты.

Олар бірі баржы кенерінде, екіншісі көрші кемеде отырып, тілдесті. Екі арада ар-сар еткен дөңбек толқындар. Кемелер бұлтаңдалап, баржы ауыр теңселіп, бір жақындалап, бір алысталап, шайқақтап тұр. Ізбасар кемешілерге жылы жүзбен жылтырай қарады.

— «Тәуекел түбі жел қайық — өтесің де кетесің» деген. Тәуекел десек қайтеді, жігіттер.

Кемешілер ну орман, қалың түлей нар қамыстың ар жағындағы ел жаққа танау төсеп, мойын созды да, шарасыздана құрсінді.

— Ай, қын-ау. Откізбейді ғой...

— Қамыс арасы қаптаған әскер. Құрылықтан да, теңізден де құйылып жатыр. Мына зілмауырлар,— деп, бұланда тұрған көксауыт кемелерге иек қағысты.— Әскерді кешелі-бері екі рет төкті.

— Оның бәрі дұрыс қой.— Көп сөзге жок, так-тұқ Ізбасар амалы жоқтан жылпылданап, сөзуарланып алғанды.— Бірақ ел шетіне жау келіп жатқанда, қол қусырып мына отырыстарыңа тұсінбедім, ағайын. Өздерің жоқта әке-шеше, қатын-балалардың күйі не болмак.

— **Әй, заржақ!** Қоймадың ғой өзің. Онсыз да күйіп тұрғанда... ашыған жерге тұз сеуіп...

Біреу арт жақтан тас лақтырды. Ізбасар зу еткен тастан бұғып қалды да, ештеңе болмағандай ыржандап тұрып сөзді көпсіте берді.

— Кой, жок! Бұларың жарамайды, жігіттер. Тәуекел қылайық. Өтсек өттік, өтпесек қайтып келерміз. Тұяқ серіппей жатқанымыз жараспас. Аман-сау өтсек, еңбектерінді жемеймін.

Бір шама алқы-талқыдан кейін жүргегіне жұн байлаған үш кемеші нартәуекел деп баржының соңына ерді.

* * *

Жолаушылар басты аңғар — Беленский сағасымен жоғарылап барып, үшінші панарадың тұсынан Разин жолына бұрылды. Ондағы көздегендері — майданның әлсіздеу осы қанатынан саңылау табамыз ба деген үміт. Өздері де шамалап келе жаткан, оның үстіне үшінші панарадың шырақшысы да қоштады: әскер біткен Зеленга, Марков бағдарында, жан алысып, жан берісу, не де болса, сол жақта болып жатыр. Ал Разин бағыты әзірше тыныш.

Разин жолы үлкен кемелер, жүк баржылары сирек қатынайтын қуықтай енсіз тар саға. Бірақ арнасы толық, сұы мол. Жар жағалай иін тіресе өскен нар қамысына ит мұрыны батпайтын бір қалың түлей. Қашқын-пысқын, қарақшылардан да құр емес. Тәуекелге бел буып, осы сағаға дендереп енгенде, буксирдің рубкасына Оразбай да келді. Ол қүрек тістен жүрдай, аяқ-қолы салаңдаған шоң мұрын қапсағай қара екен.

— Ілгеріге шолғыншы жібермейміз бе? — деді ол.

— Шолғыншы керек пе?

— Эзірше ертерек, әрине. Бірақ кім -біліпті... Шайтандай бір жағымыздан шыға келе ме деп қорқам.

— Есіл-дерті Астрахан болған казактар теңіз жаққа аңдуши қойды деймісің? Теңізді қалтамызда деп тұрған сияқты ғой.

— Сырт хабардан Жалғызтеректе күзет бар деп естігем.

— Ол қай жер еді?

— Элі алыс. Разинге тақау маңда.

Еділдің барлық сағасы сияқты, Разин тармағы да қырық тарау: келіп құйылып жаткан, жырылып шығып жаткан сай-саласы, айналма бұлтарыс-қалтарыстары көп қалың жықпыл. Ізбасар Оразбайды жол көрсету үшін

E:\18.09.13\edil\edil00.tif_page 325
шакырган. Сөзге жок, қабағының қылыш кірпідей тікірейген шоң мұрын сырғытай серейген үзын жігіт иегінің ұшымен ғана жол сілтеп отырды. Тепсе темір үзердей, қос моторлы мықты бусир бір сәт мігір көрмей, дірдектеген ағынға қарсы дедектеп келеді. Орта жолдан асқанда қас қарайып, көз байланды. Дымқылды қара күздің көзге тұртсе көргісіз, нағыз қара барқын майқара тұні. Аспанда жұлдыз самсағанмен, өзен аңғары көрдей қараңғы. Көлденең бірдемеге соқтығып, тақыр жерде қарадай жазым болудан қорқып, түнмелеге тоқтады. Сырықтай жуан қалың нар қамыстардың арасына тұмсық тіреп, мотордың отын өшірді.

Ел жалпылдатып от жағып, кешкі тамақтың қамына кірісті. Оразбай жалпақ танауын ауаға төсеп, ауыл жақтан ііс тартып тұрды да:

- Жалғызтерек бұл арадан алыс емес,— деді.— Шолып қайтқан жаман болмас еді.
- Епті жігіттер бар ма?
- Шүкір, ол жағы табылады ғой.

Көзге тұртсе көргісіз тастай қараңғы тұнде, бейуақытта, қалың қамысты өзен жиегінен от жалпылдап, қазандағы сүр балықтың тұзды, қышқылтым іісі аңқыды. Кешікпей қазаншылар қазандарын көтеріп баржыға шығарды да, фонарь жарығында топылып тамаққа отырды. Содан қайық, баржылардың күн ұзак жиналған сүйн тәгіп, шайларын ауыздарына ала бергенде, домалақ Жанғали бас болып шолғынға кеткен жігіттер де қайтып оралды. Жалғызтерек түбінде күзет бар екен, кәдімгідей он бес қаралы мықты күзет. Тіпті, қашқанды қуатын, кезіккеннің жолын бөгейтін моторлы баркастары да сақадай-сай.

Мән-жайға қаныққан теңізшілер Ізбасардың аузына қарап еді, ол:

- Абыржымандар, жігіттер. Арғы жағы болмаса, бұл күзеттен аман-сау өтерміз,— деді де қойды.

Жолға көлденең түсіп жатқан күзеттен оның қалай өтетінін серіктері жыға түсінген жок. Тек, шамалағандары: айдаладағы ондай күзеттер сатылғыш келетін, көмейлеріне қызыл балық не қара уылдырық тықсан, тук көрмендей болып қала беретін. Ізбасардың ажарынан, сондай бір сенгені бар шығар деп ойлады.

Таңертең жапырласып ерте ояңғанмен, жөпелдем қозғалып кете алмай, сәске түске дейін кідірді. Киіздей қалың тұман тұмшалап алыпты, аспан-жердің арасы ақ айран, тұманның қоюлығы соншалық — қолмен ұстауға болатын-дай. Күн әбден көтеріліп, қызуына мінген соң ғана, тұман

E:\18.09.13\edi\1\edi0.tfl\page326

ентег сөзге бастады, сонда да толық тарқамай, қамыстар мен ағаш бұтақтардың басында жұлым-жұлым боп ілініп тұрды. Бірақ арна үсті әжептәуір тазарып қалған-ды.

Буксир мұржасынан қара тұтінді желпілдетіп, қатты таңқылдап, Жалғызтерекке жақындей бергенде-ақ: баркасты күзет моторына от алдырып, жолды кес-кестеп арнаның ортасына шықты. Сиренін бақыртып, жолаушыларға жағалауға бұрыл, тоқта деп, пәрмен берді. Өрелде тұрған Ізбасар бөтен мінез танытқан жоқ. Екі айттырмай буксирдің маңдайын суватқа тіреді. Күзет баркасы оларға қапталдаса жанаңқанда, офицер бастаған төрт-бес солдат баржыға секіріп шықты.

— Пашпорт! — деді офицер қысқа ғана.

Ізбасар дайындал қойған буксирдің, баржының паспортын ұсынды. Офицер су көліктерінің іс-қағаздарынан қас тігерліктей ештеңе таба алмай, кітапшаларды қайтарып берді де, құдды бір, әйел құсап ернін шүйіріп қойып, жауаптауға кірісті.

— Иә, қайдан келесіндер? Қайда барасындар?

— Жамбайдан келеміз. РАЗИНГЕ барамыз.

— Онда не бар еді?

— Мынаның барлығын... — Ізбасар баржыны нұсқады. — Шәңкі мырзаның қолына сау-саламат күйінде табыс етуге тиіспіз.

— Ал мұныңызда не бар?

— Жүріңіз ... көріңіз.

Ізбасар күзетті бастап барып, баржы үліктерінің қақпағын ашты. Үлік-үліктің бәрі иін тірескен қактаған, тұздаған, ыстаған балық.

— Басқа нелерің бар?

— Барымыз осы.

— Контрабанда жоқ па?

— О не дегеніңіз?

Офицердің иек әмірімен күзет баржыны тексеруге кірісті. Үлік-үліктерді тімсіген күзетшілердің сүр боп қатып, жүктей сірескен тең-тең балықты көргенде естері кетіп, сыйсындал тімсінудің орнына, сілекейлері шұбырып, тамсана берді. Жігіттер олардың қолтығына бір-бір балықтан сұнгітісімен-ақ, адам байлап апара жатсаң да, бұлардың не деп сұрамайтын халде үліктерден қайта шықты.

— Бөтен ештеңе жоқ, офицер мырза.

— Қаптаған балық...

Ізбасар тексерістен кейін ешқандай күмәнға саңылау қалдырмау үшін, қайдан келіп, кімге не себепті бара жат-

қаның егжей-тегжейлі түсіндіре бастап еді, күзетшілердің өзі-ақ оның сөзін сөйлеп қоя берді.

— Офицер мырза, сіз Шанка мырзаны білмейсіз, Разин-нің құдайы сол. Теніз жағалауарында бірнеше балық батасы бар. Солардан тасып әкеліп жатқаны да. Шанка мырзаның өзі қашып кетіп еді, жақында қайтып оралды.— Тісқақтың кәрі күзетші Ізбасарға бұрылып қолқа салды.— Капитан мырза, бізге ащылар бірдеме қалдырарсыз. Шанка мырзаның мүкәмәлін қан төгіп, азат еткен осы жігіттер. Шанка мырза оны түсінер, сарандық іstemес.

Офицердің енді айтатын сөзі қалмап еді, сүр балықтың иісінен өзінің де көмейі бүлкілдеп тұрды ма, сұраншак күзетшінің бетін қайтармай бұрылып жүре берді. Ізбасар таршылық қылмай, күзетшінің сұрағанын берді.

* * *

Жалғызтеректен ұзап шығысымен, Ізбасар буксирді жағалауға тіреп, жігіттерді жиып алды. Алыстан қарауытқан қалың теректердің арасынан шыныдай тап-таза кекшіл аспанда Подразин шіркеуінің алтынмен апталғандай ақшаңқан мұнаралары жалтырады. Жалғызтерек күзетінен бір өткізуғе өткізген Ізбасар ел шетінің қарасы көрінген соң, енді әр қадамды есептеп баспаса болмайтынын біліп, не істеп, не қоятындарын ақылдаспақ еді.

— Майданың қай манда екенін білдің бе?— деп, Ізбасар әлгінде егде күзетшіге балық тықпалаған жігітке иегін көтерді. Ол осы жайларды сұрап-біліп, басын ашып алуға тиісті еді.

— Майдан Алексеевкада көрінеді. Ар жағы қызылдар деседі. Қызылдар Казенный-Бугорге шоғырланған үқсайды.

Ізбасар бұл араның басты су жолдарының нобайын білгенмен, бұлтарыс-қалтарыстарына жетік емес-ті. Соңдықтан әңгімені ашықтан-ашық ортаға тастап, серіктерінің қабағын бақты. Ендігі салмақ осы араның сай-саласын жатқызып-өргізетін Кірмалай жігіттеріне түскелі тұрған, соны аңғарған Оразбай елден бұрын тіл қатты:

— Немене, Разинге соқпаймыз ба?

— «Өтіріктің қүйрығы бір-ақ тұтам»— онда баратын бет жоқ. Разинге барған да бір, қакпанға түскен де бір.

— Қабансай арқылы өте аламыз ба?— деп Оразбай енді жан серігі Жанғалиға бұрылған еді.

Жанғали басын шайқады:

— Қасқырсай да жібермес. Кеме өткенмен, баржы сыймайды. Ылайсуат арқылы жүрмесек?

— Әй, оның да онып тұрғаны шамалы. Шатақ жер ғой.

Теңізші жігіттер алда құрулы тұрған темір қақпан РАЗИНГЕ соқпай, жалтарып кетудің амалын ойласты. Бұл арада өзен тармағы, тіпті қинаса, балықшы кемелер де амалдап өтетін тар мойын, тұлқі жықпыл сай-сала көп, мәселе — баржының өтуінде болып тұрған, ал баржыға қолайлы кең сағада ақтардың әскери құштері орныққан Алексеевка селені жатыр. Жер жағдайына жетік Кірмалай жігіттері әрі толғап, бері толғап келіп, тоқтамдарын айтты:

— Алексеевка арқылы өтуден басқа лаж жоқ.

Ізбасардың түсі өзгеріп, қабағы қарс түйілді.

— Не жолы? Не жолы басқа амал таппайсыздар?

— Лаж болмай тұр. Баржы өтпейді. Қайырлап итжемеде қаламыз...

— Апыр-ай, ә?

— Солай, капитан. Бар болса жасырады деймісің?

— Жоққа жүйрік жетпейді. Алексеевка болса — Алексеевка! Тәуекел дейміз бе, қайтеміз?

— Ойланыңыз, капитан.

— Менде енді ойланатын жағдай жоқ, сендер айны- масандар болғаны.

Ізбасар соңғы сөзді атусті айтқанмен, аузына бекер алған жоқ-ты. Кірмалай теңізшілерінің енді қатерлі майдан шебін жықпыл-жықпылдармен орағытып өтіп, мұржасынан тұтіні шұбалып, төбесі көрініп тұрған ауылдарына тарап кетуге жағдайлары бар-ды.

— Намысқа тиетін сөз айтып, ол не дегенің, капитан! Біздің әу бастағы уәдеміз басқаша емес пе еді? Екі сөйлеп, қатын боппыз ба! Баста, капитан! Не көрсек те, талаймыздан көрдік!

— Раҳмет, жігіттер!

Олар РАЗИНГЕ жетер-жетпестен Алексеевкаға шұғыл бұрылды. Не болса да, майдан шебін бұзып өтуге бекінген. Ең сенімді дейтін Алексеевкаға шығатын сағаның өзі екі жағы шаппа жарлы, алып емендері арбиған бұтақтарымен арнаға төнген, қықтай қырылған тар қылта екен. Ағаштарға кептеліп, бұтақтарға киліккен баржы жағалаудың жартастарына соғылып азар өтті. Алдарынан ұзын аралдың жиегіне жағалай қоныстанған, етек-жені мол казакорыс ауылы шыға келді. Арна бойы быжынаған кеме, қайық, дүңкілдеген моторлар, қалқыған баржылар. Ал-

Разин жақ беттегі дәу паром жаны жыртылып-айрылған қалың әскер. Жын-шайтанның ойнағына тап болғандай жолаушылардың төбө шашы тік тұрды.

— Е, алла, өзің сактай көр!

— Өлдік! Тұтылдық! — деген қобалжыған үндер естілді.

Ізбасардың жанында рубкада тұрған Оразбайдың түрі қорыққаңнан күл боп кетті. Ізбасар азыратып сирена бергенде, қатты шошынған ол капитанды қолынан шап беріп үстай алды.

— Ойбай, бұл неғылғаның? Тып-тыныш жүре бермей. Көрер көз онсыз да көрді ғой.

Ізбасар Оразбайдың уәжіне құлақ аспай, сиренаны әлсін-әлі боздатудан танбады. Разин беттегі әскерлер, Алексеевкадағы күзеттер, әскер өткізу әбігерімен ерсілі-қарсылы шапқылап жүрген офицерлер, Алексеевка суатында кідіріп тұрған әртүрлі кеме, буксир капитандары ғажаптан сау еткен баржыға аңтарыла қарап, су бетінде жөнкігөн ұсақ-түйек баркастар, қалтқы қайықтар айлапат дәу темір баржыға ысырылып жол бере бастады. Буксир Алексеевкеге тоқтайтындей, жағалауға жанасатын қолайлышуат іздегендей, бір тоқтап, бір жүріп селеннің арғы басына қарай жылыстай берді. Баржының «ГП» деген, яғни гурьевтік маркасы бұл неғып жүрген баржы деп елеңдеткенмен, күдік тудырмады: бұл арада «ГП» маркалы баржылар көп еді. Осы әскердің өзі тегісінен Гурьевтен болатын. Сондықтан оны әскери жүгін түсіретін көзден қағастау, оңаша орын ізdep жүргенге сайды. Әскер тоғысқан жерде біраз уақытқа шейін бірді-бір танып болмайтын қарбалас әбігер етек алатының шапшаң шамалаған Ізбасар берекесіздікті пайдаланып қалмақшы еді. Жағалауға жағатын қолайлышуат іздегендей болып жүріп, ақыры ауылдың шетіне шықты да, қос моторды бар қуатына бірден қосып, өзеннің сүйн аспанға сапырып, ілгері жүйткіп берді. Алғы жақта, аралдың басында, аз ба, көп пе күзет әлде шолғын барын да байқаған. Енді оны үстінен тапап басып өтуден басқа лаж қалмаған еді.

Жар басындағы қарауыл төбеге айналдырған биік еменнің жанындағы моторлы күзет бұлардың дыбысын естіп, елеңдесіп тұрған. Баржының қарасы көрінгеннен-ак, тоқтауға белгі беріп, моторларын тыңылдатып қапталдаса бергенде, темір баржының ернеулерінде қап-қап жүктердің арасында сығалап жатқан теңізшілер Ізбасардың иек ымымен бүрк еткізіп оқ атты. Құзетші баркастың терезесі шалдыр-шалдыр етіп, лезде ағаш рубка шұрық тесік бол-

ды да, капитанына оқ тиді ме, өрелсіз қалған баркас қанаты күйген көбелектей бір орнында шыр айналып, қалбалактап қала берді.

Селен жақтан даң-дұң қарбалас естіліп, әлдеқайдан дұнқ етіп зеңбірек атылғандай болып еді, бірақ зеңбірек оғы айдалаға лағып кетті ме, бұлар оның өзін де, добын да көре алмады. Кешікпей іле-шала іздеріне түскен қуғыншы қос бусирді көздері шалды. Өзен шайқасына жаралған темір сауытты домаланған қос бусир қалағымен су сапырып, өкшелерінен өңмендеп-ақ келеді. Олардың аттатпай қуып жететініне күмән жоқ-ты. Ізбасар қызылдардың мына бір тарыдай шашылған көп аралдардың ар жағында — Казенный — Бугорда тұрғаны рас болса, қол ұштарын беріп ара түсер деген үмітпен сиренаны үсті-үстіне боздатты. Өздері өкшеге байланған қос бусирді мандайдан ұрып, маңайлатпауға қам жасап, жүктөрдің арасында тығулы жатқан жалғыз пулеметті шығарды.

Ізбасар өрелмен өзі болды да, қуғыншылардан қорғануды Тасбақа Төлегенге тапсырды. Ол патшағар мына қатерді бит шаққан құрлы көрмей, қайта осылай болғанына қуанғандай, алақанды ысқылап қойып, билеп басып, ысқырып әндептіп жүр.

— Эй, неғып тұрсың? Неге айтпайсындар! — деп рубкадан мойнын сұғып Ізбасар айқай салды.

— Саспа, капитан! Әлде де жақындасын. Сыбағасын береміз.

Тфу! Бетінің қылышы сояу-сояу бол тікірейіп кеткен Ізбасар есікті тарс жауып алды. Екі көз алда: Казенный-Бугор жақтан көмек жоқ па деп, мойынды созғылайды кеп. Әлдеқайдан дабыр-дұбыр көмескі дыбыстар құлаққа шалынады, бұлардың жәрдемге шақырған дабылын естіді ме — бірі қуып, бірі қашқан айқай-шу даңғаза арасынан оқта-текте мотор үні еміс-еміс естілетіндей. Бірақ мұржасының тұтіні көрініп, көңілге медеу бол, көзге шалынған бірі жоқ. Ал арттағы қуғыншы болса, төкпектетіп келеді. Бір-екі рет асығыстау пулеметтен жауып еді, талып жеткен әлсіз қорғасын баржының палубасына бұршақтай үйілді. Қой боғындаған кей біреулері бықсып, тұтінде жатыр. Мына балық көзіндей алашабыр қорғасыннан адам ажал табады дегенге көрмесең сенетін емессің. Эйткенмен, қапталдағы балықшы кемелердің қабырғасын сөкті ме, тіркеудегі соңғы кеме ішіне су толып, құйрығынан шөмиіп жамбастай бастады.

Тасбақа Төлеген Ізбасардың айғайынан қаймығып, пулеметті қақсатып қоя берді. Бірі қашқын, бірі қуғыншы екі боксирдің арасы сағым сусығандай жыбырлап, мөлдір ауа түте-түте бол, бармақ басында түйір-түйір ұсақ түтіндерге толып кетті. Ойнап жатпағандары, өліспей-беріспейтін жаман шайқас басталғаны көпе-көренеу еді: бұршақтай жауған қалың оқ қуғыншы боксирді көміп жіберді. Әпсәтте рубка қоршауының жаңқасын аспанға атып, күлпарша қылды. Әйтсе де, қуғыншы жүрістен жаңылып, бетінен қайтқан жоқ. Боксирдің қаңқиған биік мандайын далдалап, жан-жақтарын құм толтырған қапшықтармен бітеп алған пулеметшілер жан шыдатар емес: ыссы қорғасынды баржыға бұршақтай төгіп келеді. Қашқындардың жастаған қапшықтарының дал-дұлы шықты, әйтеуір әзірше жарапланған ешкім жоқ. Әлгінде қабырғасы сөгіліп, жарақаттанған балықшы кеме шәлкі үзіп, жетектен бөлініп қалғанда, қуғыншылар у-шу болысты: боксирдің көлденеңдеген кемеге соғылуы ғажап емес-ті. Әлгіден бері қалқаға тасаланып алып, діттеп атқан оқты дарытпаған кәнігі капитан сасқанынан қауіп-қатерді ұмытып, өрелмен әбігерленіп кетіп еді, осыны күткен Тасбақа Төлеген пулеметтен төгіп-төгіп жіберді. Көлденеңдеген кемеден жасқанған боксир жалт бұрылған күйі қайта түзелмей айдалаға лағып кетті.

Іздеріндегі екінші бұксир айтарлықтай қайрат көрсете алмады, енді ғана білекті сыбанып үмтылам дегенде, алғы жақтан қазанынан буы бүркүраған қос қалақты жолаушы пароходының қарасы көрінді. Ол ойбай салып бакырып, айлапат зор даусымен қарадай зәрені ұшырды. Өнешін созып, өңмендеуі тегін емес-ті: палубасында аузын көкке қаратқан ауыр зеңбірегі бар екен. Бұлардың ізіндегі екінші бұксир аяқ астынан қалт тоқтап, бұзылып алып алдыартына қарамастан зытып берді.

«Гильеотроп» командасы бұларды жерден шыққан жандардай үрпісе қарсы алды. Күшін жиып, жақын күндердің бірінде шабуылға шыққалы етек-женді түрініп жатқан жаушебінен, ертеңгі күніміз не болады деп, қорқынышпен көзтігіп отырған аран аузынан бұлардың жырылып шығуы тіпті абыржытып тастағандай.

— Уа, бұл кім десем, ескі таныс болмаса қайтсін!

Буксириден пароходқа аттаған Ізбасар күндей күркіре-

ген таныс дауысты естіп, басын көтергенде, пароходтың үстіңгі палубасынан еңкейіп, сойдақ тістерін акситып айғырдай кісіней құліп тұрған комиссар Коломинцевті көрді. Ізбасар жоғары көтеріліп, онымен құшактасып көрісті.

— Рахмет, комиссар! Бір өлімнен құтқардың. Сіздер болмағанда, бітіп едік...

— Да, бұл жақта неғып жүрсің? Ажал айдан барған ба?

— Не деп болар... бөрінің азығы бір күн ойдан, бір күн қырдан дегендей...

— Ол түсінікті ғой... Иә, дамбалға жібердіңдер білем дегенмен. Жарайды, ештеңе етпес, бас аман болса, дамбал тазара жатар да. Ха-ха-ха!.. Иә, қайдан келесіңдер?

Ізбасар мән-жайды баяндай бастағанда-ак, қарқылдай құліп зілдей алақанмен арқадан қағып қойып тұрған Коломинцевтің тоқпак мұрты жыбырлап, бұқа көзінің аласы көбейіп сала берді. Өтірік-шынды жентектеп шұбыртып жатқан мұны ауызға қаққандай доғарып тастады.

— Жә, жетті! Сонымен, контра Қарабастан келемін де. Тоқта, бәлем! Ерте ме, кеш пе ол суайттың да жағасына қолым бір ілігер. Мен сені тұтқындауға мәжбүрмін, жолдас Жанекенов.

— Ақымақ болма, Коломинцев.

— Тұк ақымақтағы жоқ. Аш-жалаңаш пролетариаттығы да уланған балық жегізіп, қырып салмақсындар ғой. Бұл номерлерің енді жүзеге аса қоймас.

— Есің дұрыс па, Коломинцев, не деп тантып тұрсың... Қайдағы уланған балық?

— Білмеймін, білмеймін... Пролетариат аштан қатса да, ешкімге алақан жайып тіленбейді. Соның ішінде Қарабас сияқты алаяқтан ештеңе дәметпейді. Пролетариаттың да кеудесіне наң піскендей намысы бар. Қазір өзінді тұтқын-даймын да, балығынды суға төктірем.

— Шының ба, Коломинцев?

— Енді қалай деп ең?

— Эскери инспекциядан біреу бар ма мұнда?

— Оны қайтпексің?

— Бар ма? — деп, аяқ астынан ақырып жіберді жаны көзіне көрінген Ізбасар, сосын әй-шәйға қарамай комиссар Коломинцевтің жағасынан шап беріп, бетіне бетін тақап тұрып, аузынан көбігі шашырап, тістене сөйледі.— Ақымақ болма, Коломинцев. Менің қайдан келе жатқанымды сен жақсы білесің, біле тұрып сөйтесің! Ертең әскери инспекцияның

E:\18.09.13\edil+\edil0.tif page 333
алдында артынды жалаңаштайын демесең, доғар мына бассыздығынды.

- Немене? Сен баяғыша солардың қарауында ма едің?
- Е, енді қалай, ойнап жүр деймісің?
- Бірден солай демейсің бе?
- Оны өзің де айтпай түсінуң керек еді ғой...

Екеуі де лезде беттерінен қайтып, киімдерін түзеп, шылым шегісті. Ізбасар Астраханың жағдайын сұрады. Жағдай мәз емес екен: жау жан-жақтан иектеп тұр. Әсіресе Гурьев бағытынан тегеуірін күшейіпті, Жайық казак әскерінің атаманы генерал Толстов аянбай жатырғанға ұқсайды. Еділдің саға-сағасының бәрі солардың қолында, казакорыстар ендігі Қызылжарды алып қойған да шығар... Ізбасар Разин бағытынан көрген-білгендерін айтЫП, жауға ойсырата соққы беруге тілекtestігін білдірді де, кідірмей жүріп кетті. Кірмалай тұсында Оразбай, Жанғалилармен қоштасып, Камардан арқылы Астрахан асты.

* * *

«Астрахан пролетариатына Ақжайма теңізшілерінен сәлем!» деген сияқты плакат ілдіріп, Астраханға жалаулатып баруды ойлаған Ізбасар қаланың қарасы көрінгенде ол ниетінен бас тартты. Алты ай жаз бойы бір күн тыныш ұйықтамай, қорғаныс ұрыстарын жүргізіп жатқан Астрахан әбден титықтап, азып-тозып, кір басып кеткендей еді. Жүйкесі жұқарып, ашынған халыққа бұлардың әсіреқзыл дабырасы көз майлаған алдамшы әрекет болып көрінуі ғажап емес-ті. Олар ү-шусыз қаланың бір шетіндегі айлаққа сүйкене тоқтады да, Ізбасар таныс адамдармен жолығу үшін қалаға кетті.

Ә дегеннен іздегені Митрофаныч еді. Оны орнынан таба алмады, әскери инспекция кенсесіндегілер оның қайда екенін, тіпті жалғаның жарығында бар ма, жоқ па, мұлдем бейхабар болып шықты. Ал осында деген инспекция бастығы Брагинскийді есігінің көзінен тапжылмай екі күн тосты. Майдан шебінен шаң-шаң боп шалдығып оралған Брагинский орнынан үша түрегелген мұнымен ерін ұшымен салғырт амандастып, жанынан өте берген. Қолайлы сэттен айрылса, қолына қайта түсіре алмайтынын білген Ізбасар оның ізінен қалмай кабинетіне бірге ілесе кірді.

- Танымадыңыз ба, Лев Михайлович?
- Жарайды... қолқаңды айта бер.
- Мен Жанекеновпын ғой.

— **Кай Жанекенов? Қай жасақтансың?**

— Гурьев жақтан келдім. Ракуша... ұмытып қалғансыз ба?

Шешініп, айнаның алдына барып, желкесіндегі екі тал шашын тарап, жөнделіп жатқан Брагинский адырақ көздері алақ етіп, еңсеріле бұрылды.

— Жанекенов? Әлгі теңізші жігітпісің? Fafu еткейсің... — Инспекция бастығы оның қолын алғып, арқасынан қағып, темекіден ысталған ұсақ тістерін жалаңаштап езу тартты.— Апыр-ай, ә? Сені әлгі Қарабаста демеп пе еді. Иә, мұнда қайдан жүрсің? Кел, кел отыр.

Ол қоңырау басып, көмекшісінен шай сұратты. Сөйткенше болған жок, телефон қоса шылдырлады. Екі-үш сөзден кейін-ақ Ізбасар телефонның арғы басындағы Сергей Миронович Киров екенін жазбай таныды. Брагинский Қызылжар маңындағы қатты шиеленіскен майдан жағдайын баяндай келіп, қаладағы барлық мекемелерді жауып, Гурьев бағытын тың қүштермен нығайтпаса болмайтынын ұзак түсіндірді. Миронович оған қапелімде көнбеді ме, әлде өз тарапынан басқа жоспар ұсынды ма, әңгіменің аяғы «акылдасалық», «көрелікке» сайып, ұзын арқан, кең тұсау сүйретпемен сүйылып тынды.

Сөзін өткізе алмаған Брагинский басын күйзеле шайқап, мәңдайын умаштап ұзак отырды. Басшылар арасында да бірауыздылық жыл құсындағы сирек құбылыс па деп қалды Ізбасар. Шай ішкен соң ғана, етек-жеңін жиған Брагинский бұған қарай жылыстап, жақындағы отырып, шағынғандай мұңая тіл қатты.

— Жағдай қын, жолдас теңізші. Тыныс күннен-күнге тарылып барады. Теңізден біржола айрылуға айналдық. Флотилия Еділдің сағасында қамалып тұр. Ганюшкин бағыты аяқ астынан ушығып кетті. Казактар ентеleуін қояр емес.— Брагинский аузына апарған шайын кері іркіп, Ізбасарға тесіле қарады.— Бұлардың күшесінде не сыр бар? Ағылшындардың көмегі қалай, білмеймісің?

Ізбасар ағылшындардың биыл жаз Гурьевке аэропландар мен броневиктерді молынан түсіргенін мәлімдеді. Брагинский шайды ұмытып, орнынан турып кетті.

— Әне, әне! Бәсе, солай шығар деп едім өзім де. Айтсам, түсінбейді. Толстов баяғы Толстов емес.

Брагинский телефонның құлағына жармасы да, сылқ еткізіп коя салды. Содан кейін өткендегі Митрофаның арнағы барып қайтқан шаруаның төңірегінен сұртпақтап сыр тартып, Ізбасардың тиянақты жауабын естіп қуанды.

E:\18.09.13\edil+\edil0.tif page 335
Осы тұста Ізбасар Карабастың беріп жіберген сыйлығы туралы құлакқағыс қылып еді. Брагинский абайсызда жылан басқандай шоршып тұсті.

— Ойбай, атама! Балығы құрсын, өткендеңі лаңы да жетеді. Ел дүрліге көтеріліп, аттана жаздады емес пе? Карабас құрысын, есіне салма ешкімнің.

— Ау, ол сыйлықты мен әкеп тұрған жоқпын ба?

— Бәрібір...

— Сонда немене? Суға төк дейсіз бе?

— Суға төк мейлің, қайтып әкет мейлің. Елге енді ештеңе түсіндіре алмайсың.

Ізбасар күреңітіп орнынан атып тұрды.

— Да, мен сендерді түсінуден қалдым, Лев Михайлович. Ракушаға барлау жасағанда сенесіз, десант түсіргенде тағы керекпіз, сонда балықшы қауымның күші адада, еті арам ба? Елдің не жазығы бар? Карабас десе құрақпыштап жыландай жиырыласындар, оның кім екенін өз қөздеріңмен көрген біреуің бар ма? Біле-білсендер, Карабастың сәлемдемесі емес, қара табан балықшы қауымның ықылас-ниеті. Ал ол ықыласты аяққа басар болсандар, өздерің біліндер, онысын бұдан былай мені бекерге қина-мандар!

Ізбасар қатты кетіп еді. Брагинский оның сөзінен емес, бұзылып кеткен түрінен мән-жайды шамалады білем, оны сылап-сипап орнына отырғызды. Ақжайма балықшыларының хал-ахуалынан суыртпактап сыр тартты. Үлкен мәселе мен айналысқан адамдардың ұсақ-түйектерге мән бермейтінін Ізбасар осы жолы анық аңғарды. Бұкіл Астрахан атырабын, қала берді Солтүстік Кавказдың тағдырымен шұғылданып отырған XI дербес армияның әскери инспекциясының бастығы Ақжайма теңізшілері тұрасында мұлде бейхабар болып шықты. Олар ұшарын жел, қонарын сай білетін тұрлауы жоқ, жол үстінен жем қаққан жартылай қарақшы, санда бар да, санатта жоқ біреулер. Соларға бола большевик басымен Ізбасардың отқа түсіп шырылданына тіпті таңқалыс білдірді әжептәуір. Ізбасар: апрай, біреудің тағдыры біреуге бәрібір екен-ау деп, іштей күйзеліп жанын жеді. Басқа уақытта бұлардың мұнына, тіпті мұның сөзіне де құлақ аспай басып-жаншып жүре беретін тұрлері бар екен, бірақ алда тұрған аса жауапты Ракушаға десант түсіру сынды астыртын іс қана Ақжайма теңізшілерінің жағдайымен санасуға мәжбур етіп отырғаны түсінікті болды.

Брагинский Ізбасарды тыңдал-тыңдал алды да, бұл

шиені өз бетінше шеше алмайтынына кешірім өтініп, Кировке телефон шалып, бір тығыз мәселемен бір адамды ілестіріп кіріп шыққысы келетінін білдірді. Еш нәрсені ертеңге қалдырмай табанда шешуге дағыланған мың болғыр Киров сөзге келмеді. Брагинскийге ілесіп, Мироновичке келе жатқан Ізбасардың жүрегі алқымына тығызып, аттай тулады. Апрай, Астраханға келіп, Ақжайма теңізшілері туралы мұнда етек алған пікірді өз көзімен көріп, өз құлағымен естігені қандай жақсы болды. Эйтпесе, сырттан тон пішіп, ауызды ашып аңқырап отырғанда, төбелерінен жәй түскенін бір-ак біледі еken. Ысмайылды иттерін басына қаптап, күстана қылыш жүрсе, бір нәрсені сезіп шырылдайды еken-ау, ол байғұс. Апры-ай, ә! Енді қайтті? Мәселе — айналып келіп, бағына ма, сорына ма, ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс — өлкенің ең жоғарғы әкімі — Мироновичке тірелді. Не дегенмен, онысы жаман болмады, затында еңбекші десе ішкен асын жерге қоятын, кедей мұддесі десе — кеңірдек созатындардың бірі. Алайда, аузы қалай қисаяр? Ізбасар, не дегенмен де, Ақжайма теңізшілерінің тағдыры бүгін не олай, не бұлай, әйтеуір бір жайлы болатынын, түзелмеуге бет алса оны да өз құлағымен естітінін білді. Әрі-сәрі әсіреңкіден ашы болса да, анығы жақсы.

Ойға шомған ала көніл Ізбасар ауладан өтіп, ревкомға қалай келгенін де білмей қалды. Тек емен есікке мандай тірегендеге ғана есін жиды. Тамагы құрғап, аңқасы кепкен ол көмекші әйелдің алдындағы графинді басына төңкеріп, ішіндегі суды түбіне дейін бір-ак жұтты да, жеңінен жұлқылаған Брагинскийге ілесіп ішке енді.

Шашы тікірейген, шағын бойлы нып-нығыз Миронович орнынан балаша атып тұрып, күлімдеп қарсы алды. Ол Брагинскийдей емес, бір қарап жіберіп:

— Ва! Кімді көріп тұрмын! — деп құшағын жая кеп Ізбасарды құшақтады.— Кел-кел, теңізші жолдас. Жоқ боп кеттің ғой. Қайда жүрсің? — Ол өткен-кеткенді еске түсіргендей сәл ойланып қалды да:— Ракуша туралы хабарларың ғажап болды,— деп алып, қарқылдай күліп орнына бір отырып, бір тұрды.— Революцияның қорғаныс советінде тәдқыланды. Ленин жолдастың өзі қатысып, Ракушада осыншама мұнай қоры сақтаулы тұрғанын іргеде отырып білмегенім үшін маған сөгіс берді. Ха-ха-ха! Сен маған жолдас Жанекенов сөгіс әпердің. Атыңды ұмытпастай болғаным содан! Ха-ха-ха! — Ол түрегеліп, Ізбасарды иығынан құшып, қатты-қатты сілкіледі де, жайрандалап барып

орнына қайта жайғасты.— Мен сізге өз атынан сыйлық жолдап едім. Алдыңыз ба?

— Раҳмет, Мироныч, алдым.

— Саған, саған раҳмет, жігітім! Революция атынан раҳмет!— Сергей Миронович қысқа қолдарын жиі-жій сілді кілеп тез-тез сөйлемеп кетті.— Егер біз әрқайсымыз революция үшін осындай жанкештілік қайрат көрсетсек, контрреволюцияның күлін әлдеқашан көкке ұшырған болар едік. Өкінішке қарай, олай болмай түр.— Мироновичтың бәсендеген үні құрсініске ұласты.— Сеніп жүрген кейбір серкелеріміз — кімнің тарысы піссе, соған жалтақтайды, көренеу сатып кетіп жатқандар да жоқ емес. Революцияға табандылық қасиеттілердің ғана қасиетіне айналды. Раҳмет, жігітім!

Мироновичтың мына ықыласынан кейін әлгінде ғана тұла бойы мұп-мұздай болып, жаны түршіккен Ізбасардың іші жылиын деді. Ақжайма теңізшілерінің тағдыры соншалықты шешілмейтін шие көрінбеді. Брагинский балықшылар жағдайын арасына басы артық сөз қоспай, ұғынықты қып, қысқа ғана ықшам баяндады. Сергей Миронович ернін шымшылап ойланып отырды да, Ізбасарға бұрылды:— Солай ма еді, жігітім,— деді.— Сен Қарабаста ма едің? Білсемші...— Сосын қабағын мандайына түйіп алыш, қынжыла сөйледі.— Откендердегілерің не қылғандарың? Елді қырып тастай жаздадындар ғой. Уланып өлгендер де болды. Жұмысшылар ревком алдына мәселені төтесінен қойды.

Ізбасар Мироновичке бұрылып, кірпік қақпай тураларады.

— Бұл — Қарабастың ісі емес, Қарабастың қолымен от көсеушілердің ісі. Қанша қағынып кетсе де, атаман ондай қастандыққа бармайды. Ол да өздерініздей жалаңаяқ пролетариат.

— Пролетариат?

— Иә, пролетариат болғанда да, нағыз жарық өкше қаратабан. Араға сұыққол енген. Қарабастың Астраханға ажар білдіруі біреулерге ұнамаған.

— Ондайлар бар ма еді?

— Жеткілікті ғой.

Миронович орнынан тұрып, қайыс белбеуіне қольынсалып ерсілі-қарсылы сенделді.

— Мынауың ақылға қонады. Бәсе деймін-ау... ашықтан-ашық өз-өзіне жау шақырып, жын ұрыпты ма оны. Біреудің қолымен от көсегенге ұқсайды. Өте ұқсайды...

Брагинский жөткірініп тамағын кенеді.

— НЕ болғанмен, енді елді сендере алмаймыз.

Миронович Брагинский дің тыңғайын іле қоштап:

— Әлбетте, әлбетте! Ел жаман дүрлікті. Арандатушылар да аз болмады. Ревкомға күйе жағып, омырауға жармасушылар да табылды. Газетші жолдастар да май құйып, тым желпілдетіп жіберді,— деп келе жатыр еді, Ізбасар ай-шайға қарамай кимелеп кетті.

— Аңқау елде кінә жок. Тұсіндіруі солай болған. Арамызды ушықтыруға біреулер жан салып баққан, соның байыбына барсандар нетті! Ел ақымақ емес, айтса — әлі де тұсінеді! Неге тұсінбесін!

Миронович бет-аузы әжімге толып, жұмсақ құлімсіреді де, Ізбасардың иығына қолын салды:

— Қызынба, теңізшім, сабыр ет.

Ізбасар отыра беріп, қайта тұрды.

— Жоға деймін! Қарабас, Қарабас дейсіндер, ол жерде Қарабастан басқа да ел бар емес пе? Кәдімгі жарық қол, қаратабан еңбекші. Оны неге ойламайсыңдар?

— Неге ойламайық, ойлаймыз. Бәрін де ойлаймыз. Сабыр ет, теңізшім.— Миронович аяқ астынан бұрқ-сарқ еткен Ізбасарды жайландырып, орнына кеп жайғасты да, қарындашпен ойнап отырып, күтпеген жерден төтелей сауал қойды.— Ал Қарабас жайлы айтшы? Тек, құдай алдындағы шыныңды айт.

Мұндайды күтпеген Ізбасар қапелімде сасқалақтап қалды.

— Қарабас жайлы деймісіз?

— Иә, Қарабас жайлы. Кім, не ол өзі?

Ізбасар қапелімде не дерін білмей, алақанын жайып, абдырап отырды да, бас-аяқсыз бірдемелерді бұтып-шатып айта бастады. «Қыскаша ғана өмірбаянын айтсаңшы» деп Миронович аузына сөз салды.

Бәлі, Ізбасарға ол бұйым ба екен: жазған хат, жаттаған тақпақтай мұдірмей сайрап берді. Бәрін айтты, қысқа деңгенді де құлаққа ілмей, ештеңесін қалдырмай түгел айтты. Брагинский басын шайқап, мырс-мырс құлді.

— Ақыры Қарабасты революционер етіп шығардың білем.

— Лев Михайлович,— деді Ізбасар бет-аузын быж-тыжтып,— басқа болмағанмен, сіз білуіңіз керек еді. Мен сізге өкпелімін.

Бұкпесі жок, ойындағысын түбіне дейін сарқып айтатын теңізшіні басы артық қажетсіз әңгімеден қорғаштады ма — Киров аяқ астынан сөзді басқа арнаға аударды.

— Осы баяғы өзінмен бірге кететін қызыләскердің тағдыры не болды? — деп сұрады ол.

— Аман. Гурьевте. Улатып-шулатып жүріп жатыр.

— Улатқан-шулатқаны қалай?

— Естімеп пе едіңіз? Әлгі өзініз үйлендіруге уәде еткен дәу қара Қажығали деген бар емес пе еді? Сол арбанда жүріп қолға түсіп қалыпты. Атуға апара жатқан жерінен айырып алған. Көп адамды босатқан. Арасында астыртыншыл большевиктер де бар білем. Өл — өзі бір үзак хикая. Гурьев басы жаз бойы у да шу.

— Оны мен неге білмеймін, — деп Миронович иегін көтеріп еді, Брагинский тақ-түқ жауап қатты.

— Ержүрек жігіттер екенінде дау жоқ. Кейде істеген істеріне таң қалмасқа болмайды. Қазір жаңа бағытта жұмыстанып жатыр.

Миронович гимнастеркасын түзеп орнынан тұрды. Заты ол бір орнында шегеленіп үзак отыра алмайтын, жүріп ойлап, ойна келгенін лезде аяғымен жүріп тындыратын, шапшаш, қызба, әсершіл жан көрінді. Үзак жылдар астыртын жұмыстың небір қиямет-қайым сокталаңын басынан өткерген ол, аяқты санап басып, жау арасына жүрудің не екенін білетін: шашың бір күнде ағарып кететін сэттер аз болмайды. Дегенмен ауру қалса да, әдет қалмайды дегендей, оның астыртын істерді жан-тәнімен түсініп, бүйрекі айрықша бұрып тұратын. Содан жақында өзінің опық жей жаздағаны да бар.

Жолдастары оның осындағы бір попқа егіздің сыңарындаи ұқсайтынын айта береді де, бірде мереке күндері қоярда-коймай, қызық үшін әлгі попша киіндіріп, базар алаңына алып шықпай ма? Әсірешіл Миронович те қалай болар екен деп, оншалықты қарсылық білдірмесе керек. О, ғажап! Базардағы жұрт аяғына жығылып, етегінен сүйіп өліп-өшеді. Ол қалада қайта-қайта бүлік шығып, тыныштық жойылып тұрған қын кез-ді. Алқа топты көрсе арқасы қозатын айтұлы шешен елді тыныштыққа шақырып сөз сөйлемей ме! Ел кәдімгідей аузына ұйып, тәубесіне келгендей болады. Алайда, қаладағы аяқ басқаныңды андыған жау — ревком басшысының әлгі бір дос көңілін қимаған балалығын басқаша жөптеп үлгереді. Ойбай, Миронович деп жүргеніміз, қой терісін жамылған қасқыр екен, нағыз поптың өзі екен деген сыпсың таратып, оны осындағы «жершілдік» ауруымен ауырған қарсы күштер әдемі пайдаланып, бұдан шетқақпай көріп жүрген қызыл комиссардың қолымен тұтқындағып, тұрмеге жаптырып та тастайды.

Әйтеуір майданнан алдырған қызыл әскерлердің көмегімен босанып шығады. Сол күндер онсыз да әжімді үртына тағы бір сыйық қосқандай еді.

— Кейбірде осындағы жолдастарға жәй шаруаны желкелеп жүріп істете алмайсың. Ал, әлгі қызыл әскерлер ешкімнің айтуынсыз-ақ алыста жүріп, жүрек қалауымен ерлік істейді. Мұндайды бағалай білуіміз керек, Лев Михайлович,— деп алып Миронович бұдан кейінгі сөзін де соған бағыштап айтты.— Алыстан ат арытып келген мына теңізшінің де көңілін табыңыз. Сенуіміз керек. Сенбеуге хақымыз жоқ. Ақжайма теңізшілері туралы санкция күшін жойсын. Гурьев бағытындағы әскербасыларына Ақжайма теңізшілерінің бізге жау, емес екені түсіндірілсін.

Әлде құшақтауға, әлде қолын қысуға оқталған Ізбасар қорбандаپ орнынан тұра бергенде:

— Тоқтай тұр, теңізшім,— деді де, Брагинскийге тағы да қадап тапсырды.— Жолдастардың шын көңілмен әкелген сый-сыяптын сүрлеп койғанымыз ұят болар. Тез қабылданып алынсын. Дау-дамайдан сак болу үшін санитарлық дәрігерді шақыртыңыздар.

Миронович іле-шала телефонның құлағын бұрап, «Астрахан жұмысшысы» газетінің редакторын шақырды. Ізбасар бұдан әрі күтіп тұра алмай, жалпақ мол денесімен асықтайғана Мироновичты қапсыра құшақтап, қолдарын сілкілей қысты.

— Рахмет, Мироныч. Мұныңызды өлсем ұмытпаспсын. Ақжайма теңізшілерінің еңсесі бір көтерілетін болды. Міне, халық қамын осылай ойламас па!— деп келе жатыр еді, Миронович сұқ саусағын безеп:

— Көшігінді қалындана берме,— деп тоқтатып тастады.— Бұл саған көрсетіп жатқан сеніміміз, пролетар ісіне адал еңбегінің өтеуі. Бірақ саған айтылар сын, қойылар талап та аз емес. Қарабасыңың іш есебі, бас бұлғағы көп. Сөзге қонақ бер, теңізшім. Мені де тыңда. Іргелерінде шу асау, бас тентек Жайық казагы, қала берді Алашорда. Жағдайларыңың мәз емесін түсінem. Екі оттың арасы, бірақ сырт бұлғақ бар да, ішкі нық сенім бар. Біз барлық елге неге төңкерісшіл емессің деп кінә қоюдан аулақпыз. Ол тарих ісі. Мына тарихи күрделі кезеңде адасушылық та болмай қалмайды. Бірақ адасып барып үйірін тапқанға кет әрі деуге және де хақымыз жоқ. Тоқ етері, Қарабасың революция жағына шыға ма, шығара аласың ба?

— Шығады, сөзсіз шығады.

— Онда әкел қолынды!

Олар қоғамға тәңкөріс жасап, сондарына жер қайысқан қол, қалың шеру әскер ілеңтіріп, жаңа, жас мемлекеттің жауларымен жағаласып жүрген елбасылары болғанмен, әлі асау қаны тепшіп, қызыу басылмаған жігіт-желең жастағы жандар еді. Шарт та шұрт қол алысып, кеуде түйістірді.

Сол күні Избасар әкелген балығын түгел өткізіп, «Астрахан жұмысшысы» газетінің редакторына интервью берді. Ол Ақжайма теңізшілері мен Астрахан арасын басқаша әліптең жазуға уәде еткен соң, кідірмей Ақжаймаға жол шығып кетті.

4

Избасар Астраханнан келіп үлгермей жатып, қуанышты ел болып бойға сіңірмей жатып, Атыраудың үсті жын қаққандай үйқы-түйқы болды. Күні-түні Гурьевтен Астраханға қарай әскер, қару-жарак, азық-тұлік тиелген кемелер дамылсыз жосылып берді. Оның ізінше май тиеген баржылар ағылды. Ерсілі-қарсылы жүйткіген осы жойқын бір жұма бойы толас таппады.

Ол аздай, аспанда алашұбар аэропландар қаптады. Гурьевтөн шығып, Астрахан жаққа ұшып-барып қайтады, теңіз бетін шарлап, бұлардың төбесінен бір шүйгіп өтеді. Баяғыдай бомбы тастап алатопалаң қылғандай бейбастақтық жасай қойған жоқ әзірше. Ақыры, көк теңізде ерсілі-қарсылы жөңкіген, мұздай қарулы көк сауыт темір кемелерден жүрек шайлығып, неде болса, олардың көзіне сүйел болмай, қарамызды батырайық деген ниетпен теңізшілер салдауырларын суырып, әскери кемелер маңайлай алмайтын жағалаудың тайызына қарай ойысты. Осы кезде жағалау бойындағы шолғыншылардан қыр жолы да қарақұрым әскер деген хабар жетті. Баар жер, басар таулары қалмаған олар, не құрлыққа дендеп енбей, не теңізбен қоштаса алмай, не құрылық, не су емес, екі ортадағы өліара — Ақкөсенің тар қылтасына келіп мәндай тіреді. Осы арадан ашық күндері дүрбі салып, құрылығынды да, теңізінді де шолып, қарауыл қарасып отырды.

— Басқа хайла жоқ. Жаратқанның өзі жар болғай,— деп, күрең сақалын тарамдап сипағаннан басқа атаманда дәрмен қалмады.

Өмірінде не пәлені көргенмен, мұндайды көрмеген бе, даусына дірілі араласып, өңі жаман жасып, үйілеп күрсіне беретін әдет тапты Карабас. Теңізшілер де қатердің кара

дауылышынан именгендей, бұрынғыдай рай-тырай болғасы ауған жаққа лағып кетпей, үйлығып, шоғырланып, Ақкөседегі шаланның төңірегінен аяқты сыртқа салып, қарға адым ұзап шықпады.

Ал Ізбасар болса, айнала төңіректегі әбігерге сенер-сенбесін білмей аң-таң. Біреу айтса иланбас еді, кеше ғана өз көзімен көріп келіп отыр: Астраханның Гурьевті алмақ болып, десант түсіруге қамданып жатқанын. Тіпті жауапты адамдармен тілдесіп, десант жолының ұсақ-түйегіне дейін нақтылады, сөз байласып келген-ді. Сөйтіп, ауыз ашып жапқанша Жайықтың ақ казагының жөңкілісі мынау. Сонда бұл неғылғаны? Ізбасардың миы жетпей, санасы санға бөлінді.

Өстіп, жан-жаққа құлақ тігіп елеңдесіп отырғанда, мұздай қарулы екі бұксир Жамбай жақтан салып-ұрып жетіп келді. Көліктегі шаланға жанасар-жанаспастан-ак тұла бойы қайыспен айқыш-үйқыш шандылған, жез жаға ротмистр дауыс күшеткіш қаңылтыр дабырамен айғай салды.

— Атаман қайда? Бері шықсын! Жолығысатын шаруда бар!

Қара саны аз, жұпыны тірлігі көзге қораш болғанмен, Қарабас қауымына бұлай өктемдеп келушілер сирек еді. Мыналардың екпіні тау жыққандай ма, қалай? Қарабас жақтырмай қабағын шытқанмен, бұрынғыдай дөңайбат көрсете алмай, серіктегіне бір қарап алып, орнынан тұрды. Дегенмен, басынан-аяғына дейін түгел қара киінген Қарабастың айбыны мысын басты ма — жап-жас ротмистр бұксирден секіріп түсіп, пакет ұсынғанда, атаман қол созбай қағазды иегімен Ізбасарға қарай асырды.

Ізбасар оқып жіберіп Ганюшкин әскери тобының қолбасшысы полковник Сережниковтың бүкіл Жайық казак әскерінің атаманы генерал Толстов атынан әскери ылау үшін кем дегенде адамдармен қоса елу балықшы кеме жіберуді сұрағанын мәлім етті.

Үлдым-жылдым ротмистр тықыршып тұрды.

— Уақыт тығыз, атаман! Бүгін қайтып оралуым керек. Тез шешсеңіз екен. Біржола бұксирге тіркеп сүйреп кетер едім.

Бұл бір күтпеген қын жағдай еді. Ақжайма теңізшілерінің басы тағы да саудаға түсті. Қол үшін берсе, кеше ғана Астраханмен болған пәтуа қараң қалып, бастары пәлеге байланғалы тұр, қол ұшын бермесе, ереуілдеген қалың әскер жайпап жіберуден жүздері жанбайды. Мұн-

дайда көбіне-көп шұғыл кететін бірбеткей атаман айтартытай сабырлылық сақтап, орағыта, тіл қатты:

— Мен көршілеріммен дос-жар қарым-қатыңдаста болғанмен, әскери істерге араласуға уәде берген емес едім.

— Оны мен білмеймін, атаман. Мен орындаушы ғана.

— Ендеше, бастығың Сережниковке осылай деп сәлем айтқайсың.

— Жок, атаман, маған ылау алмай келме деген.

— Ал ылау бермесем ўш?

— Ендеше, басқа шара қолдануға тұра келеді.

— Күш көрсетпексің бе?

— Олай болуы да ғажап емес.

— Ал көрсете ғой.

Атаманның шыдамы осыған ғана жетті. Ол шап етіп қылышына жармасып еді, Ізбасар мен Үсмайыл оны қолтығынан үстай ғалды. Ротмистр аузын қисандатып, шыртшырт шекілдеуік шағып тұрып сөйледі.

— Құрметті атаман, шарға үстаған жасық темірмен ойнап қайтесіз. Оның заманы өткен. Қазір боқмұрын баланың да қолында қарға үркітер бір-бір «тарсылдақ». Біз үстасқалы келген жоқпыз, сен жақсы, мен жақсымен үғынысып тарасқалы келдік. Елу кеме деген сөз бе екен?! Ертең-ақ бұйыртқан ол-пұлдарын кемелеріне сықап тиеп қайтып оралады.

Кап, мына әзәзілдің ақыл айтып, көсемсуін қарашы! Басқа бір жерде кездессең ғой, жұлыныңды жауырыныңдан жармай алатын. Атаман жағын шайнап, тістерін күтір-күтір еткізгеннен асып, еш қайран қыла алмады.

— Жарайды, офицер,— деді амалы таусылып, шарасы құрыған ол.— Ақылдасалық. Елдің талқысына салып көрейік, не дер екен? Сіздер аулағырақ барып тұрындар. Жауабы өзімнен болады.

* * *

Шоқыр шал шаланның қоңырауын қағып, теңізшілерді кеңеске шақырды. Жез қоңыраудың жұмсақ үні толқыны тербелген Ақжайма үстіне кеңінен жайылғанда, шаланнан ұзамай, Ақкөсені шырғалап жүрген теңізшілер бастарын көтеріп, елең етісті де, іле-шала Ақкөсеге қарай құйылды. Шаланның маңы әп-сәтте-ақ қара-құраға толып кетті.

Ұзын қара шекпенінің етегін жерге сүйретіп, ортаға Қарабас шыққанда, сыйғаны кішкентай алаңқайда, сыйғаны көрші кемелерде жайылып отырған жұрт, «Ассалау-

мағалейкүм» десіп өре түрегелді де, әдеттегідей абырдабыр болмай, тез басылды. Олар әскери боксирдің келгеннен бір жайсыздықтың аужайын айтпай түсініп, қобалжып отырған.

Атаман ұзак езбей, әңгіменің тоқ етер түйінін ғана айтты.

— Эне, Жамбайдан боксир кеп тұр. Әскерге ылау сұрайды, не дейсіндер?

Қосурей боп елеңдескен ел әп-сәтте у-шу болды.

— Ылауы несі? Естері дұрыс па?

— Әскер тасы дегені ме? Бораған оқтың астына айдақ қырып салмақ ғой.

— Да, Жайықтың казак-орысына біздің жер басып жүргеніміз салмақ болды білем. Бүйткенше қолдарында өлейікші, сол иттердің.

— Да, түге, тоқта! Майдан қай маңда екен өзі?

— Оны қайтпек ең? Жаназаң асығып, құлшынып отырсың ба!

— Өздері ерікке сала ма, әлде жүрсөң де жүресің, жүрмесөң де жүресің деп тізе батыра ма?

— Көкетай жүре ғой деп жалынып отыр... О несі-ай!

— Ақы төлей ме екен, ақы?

— Біреу басымен қайғы болса, ақы дейді ғой тандайы тақылдала. Ақыда басың қалғыр.

— Танауыңнан таспен жалпитады. Төлем ақысы сол!

— Өле алмай жүрміз бе? Атасына нәлет бармаймыз.

— Пәтуаларың, ақтық сөздерің осы ма?

— Осы, сөз тәмам! Даға тастағалы жүрген артық жанымыз жоқ. Басымыздан қику айырмаған казак-орысқа қол ұшын берсек, қолымыз сынсын! Көрсеткені аз еді бізге.

— Казак-орысқа қол ұшын беріп сүйек сындырғанша, арам қатқанымыз артық!

Еділ-Жайықты иемденіп, қос өзен аралығындағы қыр қазағына казак-орыстың көрсеткен қорлығы ғасырдан-ғасырға ұмтылмастай, үрпақтан-үрпаққа кетердей еді. Қан жылаған жүректер қара тас боп қатып қалған. Елдің ауыз ләмі жанына майдай жаққан Қарабас сыртына сыр шығармай, тағы да ортаға сауал таstadtы.

— Бармаймыз деп ауыз батырлық көрсету онай. Күштеп зорласа қайттік?

— Күштеп көрсін. Олар еркек те, біз қатын ба екенбіз?

— Олардың қолындағы «тарсылдақ» біз де жоқ па екен? Олардан кем тарсылатпаспыз.

— Е, басқа болмаса да, ол жағына мәтібисіңдер той.

— Эй, көп шуылдақ! Шуылдай бермей алды-артынды байқастасаңшы? Казак-орыстың соңында қарақұрым қол, жер қайысқан ауыр әскер түр. Оны неғып есепке алмай, қалайша санаспайсың!

— Эй, шал, ақырзаманды төндірмей, тыныш отыруды білемісің?

Ел дабыры бәсендей бергенде, атаман сол жағында түрған Ізбасарды нұскап:

— Ал мына Ізбасар шекіссек шекісейік, бірақ қолғабыс бермейік деп табандап түр,— деп еді, жалба тымақты шекеден киген жастар жағы әупірімдеп омырауға басты.

— Е, дұрыс. Несінен корқамыз.

— Көрмей жүргеніміз Жайықтың казак-орысы ма еді?

— Сен қылғанға мен қылдым!

Желбас жігіт-желендердің көбін Ізбасардың жел беріп құтыртып жүргенін білетін атаман олардың лепірмесіне дең қоймай, сары тіс сақалардың аужайын андады. Олар қабақ тігіп, міз бақпай үн-түнсіз отыр еді.

— Да, не дейсің?— деп Карабас қайта мошқады.

Екі-үш кемебасы созаландаپ орнынан тұрды.

— Бір есептен жастардың айтқаны да дұрыс. Бұға берсең — сұға береді бұлар. Беттен бір қайтарып тастаған да жөн еді, бірақ оның арты қалай болар. Әскері құрғыры қалтап кетті емес пе?

Екі-үш теңізші отырған орнынан айғай салды:

— Оны басқамыз білмей отырмыз ба? Айтарың болмаса, жә, доғар мылжынды!

— Өзіңіз не дейсіз, Карага? Өз шешіміңді айтыңыз.

Елдің аузы айналып келіп, ақыры «өзіңіз не дейсізге» сайды. Карабас мойнын шарт бұрып, толқыны толықсып, шағаласы шарқ ұрған көк теңізге жаңа көріп тұрғандай телміре ұзак қарады. Құдіреті күшті көктегі құдайдан кейін оның сенері де, сыйынары да осы теңіз. Мойнына қыл шылбыр оралған қысталанда талай қол ұшын берген жарықтық қой. Ақ көбігін аспанға атып ышқына жосылған толқындардың өзі-ақ жөн сілтеп, жол көрсетіп тұратын, Қазір де Карабас құдіретті пірім не айтасың дегендей сол теңізден бір тосын ишара күтіп тұрғандай еді.

Ол сол күйі елге бұрылып қарамастан, теңізге қарап сөйледі:

— Бір тығырыққа кез болдық, ағайын. Жасанып келіп тұрған жауға қолғабыс берсек те қын, бермесек те қын. Қайткенмен, жазықсыз теңізшінің қаны төгілгелі түр.

Канчан жорықпасандар, өздерің біліндер. Ал менің қара ақылым басқаны айтады. Маңғыстау ас дейді, Құланда барып қыста дейді. Бір түнде тік көтеріліп, жым-жылас боламыз. Осыған көнгенің жүресің.

Атаманның бұл шешімі ашық күні аспаннан жай түскен нен кем соқпады әсте. Не дегенмен де, адам су макұлығы емес, алты ай жаз айдын шарлап, толқын жалында теңселіг титықтаған елдің құрылыштағы ағайын-тумамен жүздесіп тіріге сәлем, өліге бата қыламыз ба, жер басып тізе сұтамыз ба деп, от басының қоңыржай тірлігін сағынып, елеңдесіп отырған бір кезі еді: оның үстіне кір жуып, кіндік кескен туған топыракты аяқ астынан қопарылып тастап кету де оңай боп па?! Олар арғы бетте, Маңғыстаудың Кетігінде бір емес, бірнеше рет болған, не өзіңе, не кемең тыныштық жоқ, көз ашқызбайтын құмды дауылы жосыған жел-құздылау жер. 16-шы жылы жергілікті қара шекпені бар, қазағы бар қысталап шығуға рұқсат бермеген соң, мылтық оғын төбелерінен зулатып, жәйін елді қыыр-шиыр етіп кеткен кінәлары да жоқ емес, бір жағынан.

Ел атаманның сөзін құптамаған сыңай танытты. Эупірімдескен жастар жағы да тосырқасып, томсарап қалды. Атаманның мына тосын ұсынысы Ысмайыл мен Ізбасарды да шошытып тастады. Ізбасар бұның соңы не сұмдыққа соқтырады деп қабырғасымен кеңесіп тұрғанда, көңілі жүйрік тісқақты Ысмайыл от басқандай шыр-пыр болды.

— Оныңыз не болғаныңыз, Қараға! Елден кету оңай боп па? Ертеңгіні неге ойламайсыз!

— Ертеңгіні ойлап айтып тұрғаным. Ал бұл елдің ертеңін бұдан жақсы қылам десен — қалай жақсы қылатыныңды түсіндір мына қауымға. Көзімді жеткізсең — сенің соныңнан бүйдалы тайлактай елпендейін.

Ысмайыл еңсеріле ортаға шығып, аяқты нық басып тұрып, нығарлана сөйледі.

— Ел басына зауал туғаны рас. «Екі кеменің құйрығын ұстаған суға кетеді» деген шын сөз. Екі ортада теңселмей, бір жақты ұстайтын кез келді. Кешегі қаракұрттай қаптаған әскерді өздерің көрдіндер. Оған төтеп берер кімің бар? Алысты меңзеп сәуегейсінбей-ак; бүгін-ертеңгі шындықты айтсам: енді бір-жар жұмада қызыл Астраханның орнынан күлін де таба алмайсың. Ал ол не деген сөз? Бүкіл Атырау өңірінде казак-орыс ұstemдік алды деген сөз. Сонда қайда барып тығылып, қайда қашып құтылмақпыз? Құрылышта әскері, теңізде кемесі, әуеде аэропланы — қашсақ құтқара

— Ма? Уа, атайдың босыны неге ойламайсың? Ертеңгі күні кіммен бірге оттап, су суламақсың?! Казак-орысыңда өлсе сенбейтін адамның бірі мына меммін, бірақ өз қолыңды өзің қалай кесерсің? Қалайда қазірден осылардың ығына жығылып, алдын алмасақ, ертеңгі күніміз тірі тозақ болмак.

— Былшылдама! Доғар!

— Ол ақылдыңды басыңа шайнап жак!

— Ат ататып, сүйек сындырта бермендер! Осы еңкейгеніміз де жетті.

Көпті көрген шалдар орындарынан өре түрегеліп, жастарды жасқап таstadtы.

— Уа, шуылдамай тыйыл, түге!

— Небір көzsіз батырды көргенбіз. Бәрінің сүйегі мына су түбінде жатыр. Не деп қыздырасыңдар, онсыз да өртөңгелі тұрғанда...

— Ақылға салыңдар, ақылға!

Шалдардың бірі Үсмайылға бұрылып, сауалын қоя сөйледі:

— Үсмайыл шырағым, ата-бабаң тенізші болмағанмен, өзің тенізші қауымға сіңісп, мұнымызды мұндалап, жоғымызды жоқтап жүрген жайың бар. Жаңағы сөзің көкейге қонғандай. Жайықтың казак-орысымен қасарысуға жағдай жоққа үқсайды. Сонда не дейсің? Казак-орысқа ылау бер деймісің? Осы арасын ашып айтшы.

Ел қабағын танығыш Үсмайыл жөткірініп алып, құлшына кірісті.

— Садағаң кетейін, айналайын халқым. Менің өз басыма түк керек емес, айтсам, сендерге болсын деп айтам. Айналаңа қараңдар да, мынау зауалды шақтан алдырмай-жұлдырмай шығудың жолын қарастыр деймін. Сендердің ешкімге кеуде бастырмайтын өжеттіктерің айдай әлемге аян. Бірақ қазір намысқа шабар кез емес. Казак-орыстың сұрағанын берейік те, бас бағып тыныш отырайық. Үлау сұраған екен, сол да сөз болып па! Үлау дегенді бүгін көріп жүр ме екенбіз? Эрі әншейін сұрап отырған жок, жалға сұрап отыр. Мен өзім-ақ бастап барайын. Еңбектерінді жегізбеуге ант ішнейін!

Үсмайыл елдің бетін жығып алдым деп, ертерек дәмеленіп еді, айтарың қалдырмай айтып, өңештей келіп сөзін тәмамдағанда қоштаушы табылмады. Үлау дегенмен де — майданың аты майдан. Елдің жүзі сазданып, сазарыңқы тартты. Бұл аужайды аңғарған Қарабас көтеріңкі үнмен іле-шала тіл қатты:

— Үа, қайсың бар сөйлейтін? Әлде сөйлеп болдық па? Сөйлеп болсақ, қалатындарың өздерің біліндер де, Маңғыстау асатындарың жолға жиналындар! Найқалуға уақыт жок. Ымырт үйіріле көтерілеміз.

Ысмайыл тағы да шырылдан Карабастың шалғайына оралды.

— Карага! Елдің қамын жейтін, шағын қауымның ертеңін алыстан болжайтын сұңғұла көсемі десем, жұртыңызды неғайбіл қиямет сапарға айдал салғаныңыз не болғаныңыз? Айтпады демеңіз, аттатпайды. Маңғыстауға жеткізбейді. Аэропландармен төбенізден ойнақ салады. Алтындағ асыл басыңызбен осыны неғып түсінбейсіз!

Қарабас енді дау-шараға саңылау қалдырмай кесіп айтты:

— Елді толқытып-айнытпа, Ысмайыл. Жолымыз айрылып, кетіскен жеріміз осы болар. Қалам десен, қал. Іншалла, біз де арам қатпаспыз. Құдайдың көрсеткенін көрерміз.

— Карага, кешіріңіз,— деп Ысмайыл да жабысып қалмады.— Нан ұстайын, құдай алдында да, адам алдында да сізге деген пиғылым бөлекше. Басыңызға не күн тума-сын — қызметінізге әзірмін әрқашан. Сөзімді жұтсам, «әй, кәпір» дерсіз сонда. Бірақ мына алмағайып қатерлі сапарыңызды хош көрмедім. Ілесе алмаймын. Табалаудан аулақ-пын сонда да. Жолдарың болғай деп, жалбарынып тілей-мін. Ал, хош, сау болыңыз!

Ойыны ма, шыны ма Ысмайыл атаманға басы жерге жеткенше еңкейіп тағзым етті де, бұрылып жүре берді. Осы кезде жиынның бір бүйірі сөгіліп өре түрегелді. Олар денінен Ысмайыл ыңғайындағы Жамбай балықшылары еді. Ұзын мойын күдері тақылеттес Құрмаш қолды сілтелеп айқай салды:

— Нағылет Маңғыстауыңа! Көргенбіз. Ана жылы көрсеткен кісліктерін. Маңқа адайлармен сендер-ақ құда болыңдар! Осы тойғанымызға қанағат, елге қайттық, ешқайда бармаймыз. Бастаңыз, Ысмайыл аға!

Елу шақты кеме шаланнан бөлініп шығып, буксирге барып қосылды да, Жамбайға қарай шұбап тартып берді. Қарабас қауымы Ақкөсенің басында ошарылып қалып койды. Ысмайылдардың соңынан сүзіле ұзак қарап қалған Қарабас:

— Мынаның өзі бүйректен сирак шығарғалы дайын жүрген екен фой, білсемші,— деді.— Бақ айдал бара ма, сор айдал бара ма, бір құдайға аян.— Құрсініп алып Ізбасарға

E:\18.09.13\edil+\edil0.tif_page 349
бұрылды.— Сен неғып қойдан қоңыр бола қалдың. Үнің шықпады ғой, тіпті.

— Менің пікірім озалдан белгілі емес пе? Сізге де, Ысмайылға да қосылмаймын. Маңғыстау асатын болсаңыз, мен де бөлінуге мәжбүрмін.

— Е, солай де...

— Енді қалай деп едіңіз, Қараға. Ысмайылдың айтқаны дұрыс — Маңғыстау қол емес.

— Сөйтіп, Ақжайма теңізшілерін ырың-жырың ғып, бірің ойға, бірің қырға тартып әкетіндер.

— Олай емес, ата. Қарабас қауымын сақтаудың бірғана жолы бар, ол — Ақжаймадан табан аудармау. Бір жамандықтың бір жақсылығы бар деген, Ысмайыл біліп бара ма, білмей бара ма — Ақжайма теңізшілерінің ауыртпалығын арқалап кеткендей. Енді казак-орыс әскері ылау сұрап мазалай қоймас. Жатқан жыланның құйрығын баспайық.

Қаһарына мініп, үріп-қауып сөйлегенмен, Қарабас ойланып қалғандай еді.

5

Қараша басталды-ак Атыраудан береке тайды дей бер. Шарт байласқандай, не жеті, не он үш күн қатарынан үзбей азынайтын және сол шама болмайынша аяқ жимайтын жел-құз маусымы басталады, екі-үш күн дамылдаپ алғып, баяғы гөй-гөйіне қайта басады. Арылдаپ-дарылдаپ асты-устіне шыққан теңіз ақ көбікке малышынады, қайық, кемелер секек дертіне шалдыққандай апталар бойы толқын жалында әткеншек ойнайды. Теңіз жалында толқынын жастанып өстім дейтін небір мықтылардың өзі соқпаға шалдығып, бастарын көтере алмайды, ал қайсыбір кездерде теңізшілердің ата жауы — ұштырма соғып, балықшы қауымын жұтқанын жұтып, жұтпағанын басымен қайғығып көк теңізге тарыдай шашып жібереді.

Биылғы қараша ондай болған жок, қара қошқыл жалбыр бұлттар бір түйіліп, бір ыдырап Атырау үстінде маңып жүрді де қойды. Біресе жауының сіркіретеді, біресе қарын қылаулатады, бірақ көрсетер құқайын артына сақтап, сыр бермей жүргендей. Таңертең кемелердің айналасына қарға көтерердей шәуіш ілінеді, шелектегі судың беті қаймыжықтанып тұтасып қалады. Улы-шұлы Атырау құс атаулымен қоштасқан, тек алғашқы шәуішке тоя жайылмайынша кет-

пейтін, кейір жылдары ойық-ойықтарда қыстап та қалатын сұксұр үйректер ғана тобымен ұшып-конып жүр.

Ізбасардың кесіп айтқан сөзіне тоқтады ма, әлде елдің табан аударуға ықыласы жоғын аңдады ма, атаман Маңғыстау ауу туралы мұнан кейін жұмған аузын ашпады. Ол әңгіменің ауызға алынбауына тағы бір себеп табылды: ата-коныстарында бір жайсыздық болды ма, әлде ерсілі-қарсылы шұбалған әскери кемелерден түрткі көрді ме, Маңғыстау жағалауларындағы елсіз аралдарда қыстайтын ит-балық Ақжаймаға қалтап кетті. Балықшылар анда-санда қажеттері үшін атып алғандары болмаса, оларға көренеу көз сұқтарын қадамайтын. Бұл жолы тиіспеуге лаж қалмады: қаптаған итбалық теңізге ау салдырмауға айналды, ауға түскен балықты отап жеп, өздері ауға шырмалып, құрал-жарактарды талқандап бұлдіре бастады. Теңізшілер жасанып шығуға мәжбүр болды. Майға жатып, күп болып семіріп алған мақұлықтар тегіндікпен алдырмайды, қаралықтан көзделеп атпасаң, денесінің басқа жеріне оқ өтпейді. Дегенмен, қарулы жігіттер теңіз үстін мылтық жаңғырығына толтырып, бір жұмада оларды еңсеріп те тастаған еді.

Осы кезде жолаушыдан жолаушыға ілігіп, итбалық соғып Ақкөседен алыстап кеткен Ізбасарларға Үйшік барып қайтқан Қалмұрат та жетті. Танау шелектей, екі езу екі құлақта, үстінің жалба-жұлбасынан түйе үркетін баяғы Қалмұрат емес, қаланың сәнқой, су жұқпас жылпостары құсан мұздай киініп алыпты.

— Ту-у, түрің құрсын! — деді Ізбасар басқа сөз таппай. — Қалада біржола қалып қоймадың ба?

— Қалып қойса да болғандай екен. Тамаша! Қызық! Біздікі жәй әншайін өлмешінің күні екен, аға.

Қалмұрат аяқты аяққа салып қойып, папирос тұтінін ауыздан шенберлендіре шығарды. «Мынауың таза жүлік болғалы тұр ғой. Апрай, адамды терісін сылып қайта қаптағандай аяқ астынан өзгертіп жіберетін бұл қала шіркінде не құдірет бар? Е, оның несіне таңқалады: кеше Астрахан барғанда бұл да осының кебін кимеп пе еді, бір жылға дейін ел бар-ау деген есіне кіріп шықпады емес пе?» Не десін, Ізбасар басын шайқап күлді де қойды.

Есесіне Қалмұрат тапсырманы тап-түйнақтай етіп келіпті. Ахтанмен жолығып, сәлемін жеткізіпті. «Большевиктер дегенің шетінен сондай бола ма? Өздері тамаша азаматтар екен» деп таңдайын қағып отырды.

Теңізші жігіттер ақыры Ақжаймаға жойқын жорық

E:\18.09.13\edil\edil0.tif_page 351
ашқан итбалақтардың тұқымын тұздай құртты. Олар Ақжайма балықшыларына бір қысқа азық боларлықтай напақа қалдырып, көк теңізді кесіп өтіп, Итбалақ, Құланды аралдарына қашып құтылды. Бірақ Ізбасар итбалақтың қайтып келетінін сұлтау етіп, Ақкөсеге қайтып оралмай Ақжайманың тереңіне ленгір тастап, жамбастап жатып алды. Астраханның десант түсіреміз деген уәделі күні жақындаған қалып еді, ішкі ойы: соларды осы арадан күтіп алып, Ракуша сапарына қолғабыс ету. Оның түпкі есебінен бейхабар жігіттер қолдары босап, арқалары кеңігенге мәз, ырай-тырай болып жата берді.

Ауық-ауық тамақ ішіп, үйқы қандырады, ән салады. Эңгіме-дүкен құрады. Кеш болса айналдыратындары қалаға базаршылап барып қайтатын Қалмұрат. Ол да отырған бойы қу жұлын, эңгіменің майын тамызғанда жігіттердің сілекейін шұбартағы. Бір эңгімесі екіншіге ұқсамайды. Қалаға бір барып қайтқанда басынан кешкені бір адамның ғұмырына жетіп артыларлық. Шыны ма, ышқырдан шығарып қисындаған өтірігі ме — түстеп танып, айырып болар емес...

...Ақсырап, аңқасы кеүіп бара жатқан соң, қымыз жұтайын деп базарға бармай ма? Бір ак, бір қызыл ақшам мен екіндінің арасындағы алақанат шақ. Қымызхана у да шу, қымызхана емес, омарта дерсің, белқасты. Қала халқы үйлерінен безіп, осында көшіп келгендей ме, қалай? Қызара бөрткен ел, гу-гу эңгіме, тақпақтаған термеші, күмбірлеген күй. Бөлме-бөлме, қуыс-қуыс ауладай кең үйдің бір жағында жайсандар мен қасқалар, енді бір жағында даурығысқан тоғыз құмалақшылар. Бір бұрышта қолдарындағы ала қағазға телмірген карташылар. Қысқасы, жақсы мен жаман атаулының небір атасы осында еken. Сумандалып зыр қаққан қымызшы келіншектерді қайтерсің. Ененде ұрайын, хор қызы пейішті тастап осында түгел көшіп келгендей ме деп қалғандайсың.

Шөл басып, одан кейін еселенгөн қымыздан бет-аузы балбырап кекірік атып отырғанда...

— Атаңа нәлдеттер, қымызға арақ қоса ма дедім. Бірден басым айналып, мас болып қалдым,— деді Қалмұрат.

— Ойбай, не дегенің, олар сүйтеді. Сүйтпегенде ше?

— Қымызшы келіншектерің әперес емес пе? Арақ қосады. Сенің елден келген базаршы екеніңді білген фой,— деп іліп әкетті эңгімеге сілекейлері шұбырған жігіттер.— Иә, содан?...

— Содан қысыр жыландай қайқандаған қымызшы келіншек: «Иә, елденбісің, қайным?»— деді.

— Иә, елденмін дедім.

— Базаршысың ба?

— Иә, базаршымын....

— Қалтаң қалай?

— Базаршыға қалтаң қалай демей, халың қалай демей-сің бе,— дедім тілім қышып.

— Жігіт адамның қалтасы болса, халы жаман болмайды ғой,— деп әлгі сайтан сықылықтасын келіп. Содан кейін құлағыма сыбыр етті.— Тізе жылытар керек пе?— деп.

— Жатсам-тұрсам арманым сол емес пе? Ойбай, керек дедім.

— Ендеше, сыртқа шығып, бұрышты айнал да күт. Атың кім еді деп сұрап алды да, ендеше өзі келіп, атыңды атап ілестіріп алып кетеді... Мейірім қансын десен, сараңдық істеме!— деп және жымиды.

— Ойбай, не дегенің? Жолына барым садақа. Қалтамдағыны қалдырмай түгел шашам!— дедім.

Қалмұрат қалтасынан папирос шығарып, асықпай тұтатып, ұзак баптап шекті. Содан кейін қаланың қайдағы жоқ өсек-аяңын теріп кетті. Жігіттер әлгі әңгіменің аяғын естігісі кеп өліп отыр. Қалмұрат қайта-қайта сұратып, бұтқа толып бұлданып азар дегенде сезін жалғады.

— Тұр едім,— деп әлгінде үзген жерінен қайта бастады.— Қайдан шыққанын білмеймін, басына орамал бүркенген, үстінде ұзын шапаны бар біреу жеңімнен ұстай алды. Қалмұратпысыз?— деді баяу сызылып.

— Иә,— дедім.

— Ендеше, соңымнан жүріп отырыңыз.

Солай деді де, бетінің көлегейін көтерді, аh деп қалғанымды білемін, басқасын білмеймін, көз алым сағымдай көлбеп, буыным былқ-сылқ боп сала берді. Көрмеген соң сенбейсің; адам баласында да мұндай сұлу болады екен, періште дейсің бе, хор қызы дейсің бе — не десен де сыйады. Әлгі «Мың бір кешеде» хас сұуларды көргенде еркек-ұрғашың түгел талып қалып жатпаушы ма еді, мен де сондай бір кепті басымнан кешірдім. Сұлулық адамды арбайды, құлшынып тұрғанда сайтаныңды қағып алып, дымыңды құртады дегенге сенбеуші едім. Осы жолы көзбен көріп, қолмен ұстағандай болдым. Бұйдалы тайлактайды келіншектің сонынан мәңгіріп ілесіп келем. Ішпей-жемей тойып, болып келем: жүрегім аузынан ыршып шығып, пырр етіп ұшып кететіндей. Тас қараңғы көшелермен жүріп отырып, үлкен бір шарбакқа еніп, аяқтың

ұшымен басып ас үйге ендік. Келіншек есікті, терезені тас бекітіп, шам жақты. Маған: «Шешін!» деді де, үстіндегі киімдерін жұлыш алыш лақтыра бастады.

— Сен де лақтыр! — дейді.

— Нені деймін?

— Мен үстімдегі әр киімімді шешіп лақтырғанда, сен де бір көкқұлақтан лақтырып отыр дейді.

Санасы бірде бар, бірде жоқ есендірек адамда ес бола ма — келіншек жұлыш-шешіп әр киімін лақтырған сайын, мен де бір көкқұлақты еденге ұрдым да отырдым.

— Аяиба, жігітім! Негұрлым көбірек тастасаң, солғұрлым тәтті болады,— дейді әлгі көксөкқан қылымсып.

Бір кезде анадан туғандай жалаңаштанып, күн тимесін қолымен басып тұрып:

— Шаш! Шаш барынды! — деп шыңғырды.

— Сенен аяған мал — мал боп, жан — жан боп жарытпас. Бір ауыз сөзіне жаным садақа! — деп қалтамдағы барымды будыратып шашып кеп жібермейін бе?!

Келіншек будыраған ақшаға шомылғандай мүшелерін бұлтындастып, шырқ көбелек айналып билей жөнелді. Жапырақтай қалқыған ақшалар денесіне, шашына жабысып жатыр. Әлдекайдан жылан арбайтын сиқыршының сазындаі сызылған сыйызғы үні естілді. Келіншек қол созым жерге келіп, сағымдай сусып, мың бұралып тұрды да:

— Шешін, жаным,— дегені.

Қасқыр жейтіндей бәрін ышқырбауланып тастаған бұл ал қапелімде шешіне алсын. Ақыры, әйтеуір үзгенін үзіп, жыртқанын жыртып құтылып шығып, өмірінде істемегенін істеп, секектеп билей жөнелмесі бар ма? Сөйтіп жүріп жалаңаш денелері бір-біріне жібектей оралып, желімдей жабыса бастаған. Одан кейінгісін, өлтір мейлің, білмейді. Есінде жоқ. Сірә, есінен ауған ба, қалай? Естерін тұннің бір үағында, әлде таң алдында есік қағылғандаған жияды. Не істегендері, қалай барғандары белгісіз, бұлар тесектен де, кереуеттен де емес, бір бұрыштан, шелек-табақ арасында дымқыл сыз батпақта жатқан жерінен табылды. Әлдекім аш та аш деп, есіктің топсасын жұлыш алардай боп тұр. Мұндайда киім табылуши ма еді? Екеуі әбүйірлерін қолмен жауып дірдектеп тұрғанда, бір еңгезердей дәүеркек, әлде күйеуі, әлде ашынасы есікті бұзып, жактауды мойнына ілгендей боп кірді де, мұны екі бүктеп астына басып кеудесіне қара алbastыдай қона кетеді. Содан ит тепкісін шығарып сабап, аяқ-қолын буып, тышқан мен атжальман жайланаған бір сасық қораға апарып тастайды. Келесі

күні бір қайырымды адамдар аяқ-қолын шешіп босатып жібереді. Қалмұрат «содан қалған белгі ғой» дегे көз алдындағы көктандакты сипалады. Тындауши жігіттер «Мың бір кешенің» хикаясына бергісіз тамаша серліктің аяғы сәтсіздеу біткеніне бастарын шайқап, өкініш білдірді. Серлік құрған соң, ондайға бақыл боласың да, көлденеңге ұшырамасаң оның не қызығы бар. Жігіттер осылай деп Қалмұратты бір мұсіркеп, бір жұбатып отырып, қымызхананың қай жерде екенін, қымызшы әйелдің жобасын, келіншектің тұр-тұсін тәптіштеп сұрап алысты. Шамасы, қайыптанқайып жол тұсіп Гурьевке бара қалса, Қалмұрат көрген қызықтың бұлар да дәмін тартпақ.

Ізбасар әңгімеге құлақ түріп қойып, шынтақтап жатып ойға шомды. Бұл көксөққанның айтып отырғаны шын ба, өтірік пе? Өтірік болса, күні ертең ақ теріні қара теріге айырбастайтын, бірді-бірге ұратын, жағына жылан жұмыртқалаған нағыз суайт шыққалы тұр екен бұдан. Рас болса, таңқалатын дәнеңе жок: апрай, ол да ғажап емес-ау. Адам баласы жиырмасыншы ғасырдың табалдырығын азып-тозып аттады емес пе? Ізгі мақсаттан көз жазған, іріп-шіріп, тозығы жетіп зеріккен Ресей ұятты етекке түйіп, азғындықтың балшығына белшеден батқаны өтірік пе!? Зинақорлық асқындал шыңына жетті. Оны демократияның бір белгісі деп заң орындары заңдастырып та жатыр. Ана жылы ақ патшаны тақтан төңкеріп, бүкіл ел қарбаласып жатқанда Астраханның бір топ бикештері «Жоғалсын, ұят!» деген ұйым құрып, қолдарына ту ұстап, тыржаланаш көшеге шыққандары бар-ды. Өкімет орындары оларға түк те істей алмады. «Сынықтан өзгенің бәрі жұғады» демекші, бұл дерптің салқыны Ресейдің шет аймақтарына да желдей есіп жеткен-ді. Мұндай дерптен Үйшік басы да құр жаяу емес-ті. Қаланың қызық іздеген жайсандары мен жампоздары «дамбал шешпе» деген секта ашып, азғындықты өршітіп отыр дегенді естігені бар. Қалмұрат сондайлардың біріне тап болмасына кім кепіл?!

Әлде бұл сойқан қала барғанда естігенін — бастан кештім ғып соғып отыр ма? Болмаса, бір пәлеге ұшырап, оңбай таяқ жеп, соны жасыру үшін ойлап тапқан хикаясы ма? Қалай болғанмен, аузы лас мұндайлардан қандай төңкерісші шықпак, төңкеріс бұл нәйістің бәрін жуып, тазалай алар ма?! Әлде ол аспандағы айдай қол жетпес есек дәме, құр алданыш па?

* * *

Өзінен басқа тірі жанды ұнатпай кіржиіп-тыржып қараша айы тұр. Айнала төнірек қорғасын түстес: аспан да сұрғылт, теңіз де сұрғылт, жөңкілген толқындар да сұп-сұры сұржекей. Аспан жер бауырлап жамбастап жатып алған. Таң атып, күн батады демесен, күн көзі жоғалғалы қашан.

Теңіз үстінен ел көшкен жұрттай сән кеткен: құсы ұшпай, балығы шоршымай, жапан түздей құлазып сұлық жатыр. Жайықбастан жағымсыз ызырық жел еседі. «Жел арқаға ауса, мұз ұстасқалы тұр екен» десті жігіттер елеңдесіп. Көзін еңбекпен ашқан, қолы судан кеппеген жігіттер екі-үш күн тыныққан соң, бос жатудан зеріге бастаған.

Емеурін танытқандары болмаса, Ізбасардың қас-қабағына қарап әлен-пәлен дей қойған жоқ. Ал Ізбасардың қабағы қатты салыңқы. Астраханның десант шығаратын үәделі уақыты болып қалды. Соза-соза мойны ұзарып, қарай-қарай көзі талды. Жігіттердің тықыршуында жән жоқ емес: жел терістікке ауып, шімірік білінсе-ақ болды — демі тарылып талықсыған теңіз әп-сәтте тұтасқалы тұр. Апырай, бұл Астраханға не көрінді? Аман болса жарап еді? Кешегі шұбалған қалың нөпір, жойқын күш қара албастыдай төбеден тұншықтырып, бастарымен қайғы болып жатпаса неғылсын? Бірақ өткенде Астраханның анау-мынау жауға ірге алдыратын түрі жоқ, мығым сияқты көрінген.

Ізбасар шырай бермеген соң, бір білгені бар шығар деп, теңізшілер ән-күй, домбыраны ермек қып жата берді. Энді көп айтпайды, айтса қосыла шырқап құнірентіп жібереді. Оның есесіне ұзақ кештер күй тартылады, бөгде дыбыстың бәрі өліп, тек жалғыз домбыраның үні сұңқылдал, барша құлақты баурайды. Ел қыбыр етуге именіп, жөтелін тамағына байлап, демін тындырып отырғаны. Тек күй мен күйдің арасындаған аяқ көсіліп, тізе жазысады. Домбырашы келесі күйді тартарда: кімдікі, қалай, қашан шыққанын баян етеді. Ел тағы да намазға ұйығандай мұлгиді.

Ара-арасында шежіре шертіледі. Ол дегенің шұбарала құн туған небір қиямет-қайым заманда иісі қазақты мәңгүрттіктен сақтаған ата-бабаларымыздың үрпақтан-үрпаққа жағалап ауысқан ауызша тарихы емес пе?! Қарап отырсаң, ата-бабаларымызға осынау жақсы-жаман үрпағын мысықтай тістелеп жүріп, бүгінге аман жеткізу оңай сауда болмапты. Алыстан келетін жау жоқ, жақсылық та, жаман-

дық та көршіден, от оттап, су сулап жер басып жүргенінді ауырлайтын күншілдер де аз болмағанға ұқсайды. Тіпті бірде аңдып жүріп, адам қалдырмай қырғызып та тастаған. Ол халқымыздың «сақ», «қас» аталған ертедегі кезі екен. Әлгі жау елдің падишасы сақтардан тірі қалған жан баласы бар ма, жоқ па, біліп келің деп шолғыншы жіберіпті. Шолғыншылар Хазар теңізінің қамысының арасында, онысы осы кәрі Атырау ғой баяғы, бір аяқ, бір қолы жоқ ғаріп баладан басқа тірі жан қалмағанын айтып келіпті. Падиша түяқ тігер еркек кіндік қалмасын, оның да көзін жойындар деп, шолғыншыларды ізінше қайта қайырыпты. Әлгілер жер-көкті тінтіп, ғаріп баланы таба алмаған.

Сол маңың ит мұрыны өтпейтін қалың нуын бір қаншық қасқыр мекендейді екен. Ғаріп баланы сол бауырына алып, емізіп асырапты. Жауыққан дүшпан біліп қалып, ізіне түскенде, баланы жауырынына өңгеріп алып, күндіз бұғып, тұн жортып, Алтай тауларына қарай қашыпты-мыс. Алтайдың адам аяғы баспаған, айналасы құз-шатқал бір жабайы қойнауы бар екен. Сол араны мекен етіпті. Ғаріп бала қаншық қасқырдың қамқорлығымен ер жетіп, азамат болып, өз кіндігінен он бала сүйіпті. Ғаріп атаның аты Ораз екен деседі. Ал тарыққанда пана болған Алтайдың қойнауын «Откен»—«Ошақ — Ана» атапты. Бабамызға серік болған қаншық қасқырды «Бөрі Ана» атапты. Ал ғаріп атамыздан өрбіген он ұл «Ораздының он ұлы» атанып, өліп-тірілген халқымыздың іргесін қайта қалапты.

Он ұлдың да мынау бәдәуи жалғанда көрмегені жоққа ұқсайды. Қытайлар мойнына шынжырдан шылбыр тағып, құл қып, темір өндіртіпті. Ол кезде Қырым мен Қытай арасында бабаларымыздай тәмірдің тілін білетін жан баласы болмаған. Қытайлар оларға ана тілін ұмыттырып, шын тілінде сөйлетуге күш салған. Бабаларымыз: «Қасақ-қа ана тілін ұмыттыратын күш туған жоқ жер бетінде» деп, тілдерін ұмытпай, көзінің қарашиғындаи сактапты. Ораздының он ұлының басын қосып, қабырғалы ел еткен — А-шина-Алшын деген бабамыз екен.

Өстіп жібектің ағытылған түйініндей боп бір сырдан бір сыр өрбиді ұзақ тұндер.

— Қазактың Жайықты жайлағаны қашан екен? Бір он мың жыл болған шығар жайлы? — деді жастар.

— Бір мыңың не? Күлден топырак, топырактан адам жаралғаннан бері десенші,— дейді шежіреші.— Адам ата, Хауа ана заманынан бері жайлаған жеріміз емес пе? Біз Ақ Жайық — Атыраудың топырағынан жаралған

быз, біз үшін одан өзге жұмак жоқ. Жақсы болсын, жаман болсын туған топырағы әр адамға мысыр шәрі. Біреудің топырағының бізге қажеті шамалы. Туған топырақ бүйирса болғаны да.

Сыр боп, мұң болып шертілетін шежірелер: туған топырақтың қасиеті, оны екі көздің нұрындай алақанға салып аялау, пәледен, жаладан, сұғанақ тілден, сырт көзден сақтау. Ошақ басында отырып айтылған өсиеттер арқылы ғасырлар бойы қазақтың жанына дарыған аталы сөздер, қастерлі үғымдар, міне, осылар.

Ізбасар байыз тауып отыра алмай, бұл әңгімелерді атусті тыңдады. Күпті көңілі алаң болып, далаға бір шығып, бір кірумен құнді батырып, танды атырды. Буксир үні естіле ме деп қарай-қарай көзі талды, тыңдай-тыңдай құлағы ұзарды. Оған жамау — кешелі бері күн қабағы да келіспей, Жайықбастың желі біртінде арқаға ауып алды да, қар жамылған алыс қырлардан ызғырық айдап, қаһарын күшетті. Қоймалжың теңіз суы қаймыжықтанып іліне бастады. Тұнде қатып, құндіз еріп, осылай екі күн тұрды да, үшінші күні олар үйқыларынан оянғанда көрінім жердің қарға көтерердей болып теп-тегіс тұтасып қалғанын көрді. Енді аялдаудың жөні болмады. Айдала ашық теңізде мұз қыспакта қалып қою қаупі төнді.

Жігіттер мықты кемелерді алға салып, қабыршақ мұзды талқандап отырып, үйдей-үйдей сендермен арпалысып, елге қарай жол тартты.

Ізбасар Астрахан бір пәлеге үшырады деп ойлады.

* * *

Бір қиуы қашқан дүниенің құрсауы түспейтін әдеті емес пе? Астыртын ұзак дайындалған шаруаның ақыры «қой, болдымен» тынды.

М. В. Фрунзе телеграмма үстіне телеграмма жөнелтіп, Ракушаға десант түсіру қажеттігін қақсап айтып жатқанмен, Астрахан тарапынан іс ілгері баспады. 1919 жылдың 31 октябрінде қолбасшы төмендегідей бүйірық беруге мәжбүр болды:

«Орал маңындағы IV армияның қимылын, XI армияның сол қанатын қамтамасыз ету үшін белгіленген жоспар бойынша флот командирі Роскольников 10—15-ноябрь аралығында Гурьевке шабуылға шықсын. Орал өніріндегі ақтардың басты тірегін талқандау мақсатымен десант түсірілсін... Бұл операцияны жүзеге асыру үшін X коман-

дарм флоты басшылығына военмор В. Қожановтың отрядын бөліп, Астраханға тез жөнелтсін. XI әскердің командармы — Берхлион да майданға сенімді деген бір эскадрон бөлсін. Жаудың тәбесінен жай түсіру үшін бұл операция аса сақтықпен құпия түрінде жүзеге асырылсын».

М. В. Фрунзе 21 ноябрь 1919 жылды Оңтүстік майданға тағы да телеграмма жолдады:

«Ойыл бекінісін алып, 25-ші дивизия Ілбішіге таяп келді. Жуық күндері Жымпіты орталығы құлайды деген үміт бар. Жаудың қарқынын жойып, біржола бетін қайтару үшін олардың соңғы тірегі — Гурьевті алмай болмайды. 10—15 ноябрьге белгіленген операция жүзеге аспады. XI армияның штабының хабарына қарағанда біздің әскерлер Ганюшкинді алғаннан кейін ғана, флот Гурьев бағытында әрекет істемек. Белгіленген басы ашық операцияны кейінге қалдыру — Жайық бойындағы жеңісіміздің баянды болуына кесірін тигізбесе, септігін тигізбейді.

Гурьевке теңіз жолымен жорық жасауды жеделдетуінізді өтінem».

Фрунзе қажеттігін соншама дәлелдеп, сұрана өтінген операция ақыры жүзеге аспады. Оған нендей себеп болғанына архив деректері ләм-мим жауап қатпайды. Әйткенмен, мұның себебін сол кездерде Астрахан маңында қалыптасқан әскери жағдайларды саралай келіп, жобалауға ғана болады. Өздеріне қарсы дайындалып жатқан бір пәленің ұшығын сезді ме, сезбеді ме, қалай дегенмен де, Жайық казак әскері тап сол операцияның аз-ақ алдында ғана жойқын шабуылға шығып, Астраханың өзіне қауіп төндірді. Ганюшкин, Қиғаш, Бозан суларында жан алып, жан беріскең қанды шайқас басталып кеткен-ді. Астрахан біреуге колұшын беру тұрсын, өз басымен қайғы болды. Ол кезде Ракуша аралына жорық жасауға жағдай жоқ еді.

БЕСІНШІ БӨЛІМ

— Ойбай, көтек!

— Әсекеталла, ақ тоба! Мұнысы кім, ей!

— Жерден шықты ма, көктен түсті ме. Астапыралла!

Шыбынның қанаты күйетіндегі талтүсте ши астында жұн түтіп отырған әйелдер құрт қайнаған қазаның жанында сопайып тұрған еркекті көріп, зәре-имандары қалмады.

— Да, бұл Жанәбіл ауылы ма?

— Иә, не дейін деп едің?

— Кімсің өзің? Ауылда еркек жоқта...

Қажығали ши көлеңкесінде отырған женгелері мен шешесін танып, күлімсіреп ілгері жүрді. Оның шодырайып ісіп, ашылмай қалған дімкәс көзі — бет-әлпетін қисайтып, түрін бұзып жіберген еді. Тума-туыстарының танымай қалғаны содан-ды.

— Апа, танымадыңыз ба? — деді ол ши жанына жақындей келіп тоқтап.

— Көтек, мынау не дейді?

Келіндерінің ортасында жайылып отырған етженді сары бәйбіше үш ұмтылып орнынан азар тұрып, аңырап қоя берді.

— О, құлыным, ақ марқам. Зарым құлағына жетіп, көз жасымды құдайым көрген екен ғой. Құлыным! Ақ марқам!

Хансұлу бәйбіше ботадай боздал келіп, ұлының мойына асылды. Жылап жүріп, Қажығалидың бетінен бет қоймай аймалап, иіскелеп, сүйіп жатыр. Элгінде ғана мұның түрінен шошып, бала тастай жаздаған женгелері де у-шу боп, қозылы қойдай жамырасты.

— Ойбай-ау, өзіміздің дәу қайным екен ғой.

— Бетім! Бізді не қара басты, танымай.

— Кебін киген келмейді, кебенек киген келеді деген осы, е, алла-ай!

— Да, апа, қашанғы сілекейлей бересің баланды? Босат. Бізге де бер.

Қуаныш пен корқыныш бірдей деген рас — келіншектер бір күліп, бір жылады. Ақыры оларға да жол тиіп, Қажығалиды кезек-кезек құшақтап, көздерінің жасын сықты. Баласы бір жағынан, келіндері бір жағынан сүйемелдеп етженді бәйбішені үйге қарай қолтықтап алғып жүрді. Бірақ ол үйге енбей, есік көзіндегі бос күбіге жалп етіп отыра кетіп, сай-сүйекті сыйздатып сұнқылдай жөнелді:

Балам, балам, балам-ай,

Жүрегімдегі жарам-ай.

Карай-қарай жолыңа,
Жапырақтай солды санам-ай!

Қажығали еңкейіп, алақанымен теңселе зарлаған анасының көз жасын сұртті.

— Апа, қойсаңызшы. Аман-есен оралдым ғой...

Қарағай ма екен, тал ма екен,
Анадай сорлы бар ма екен...

Енді қаумалаған келіндер шыр-пыр болысты.

— Қойсаңызшы, апа! Жаман ырым бастамай...

— Ақ түйенің қарны жарылды деп, той жасаудың орнына зарлағаны несі-ай, бұл кемпірдің!

— Тәйт әрі!— деп зекіп таstadtы оларға Хансұлу бәйбіше.— Біреудің зарын біреу қайдан түсінсін. Сендер не білесіндер!— Содан кейін көзімен әлдекімді іздең таба алмаған соң, келіндеріне шаңқ-шаңқ етті.— Іштерінді бала тірегендей неғып тұрсындар, түге! Неге хабар бермейсіндер! Жантасқа адам шаптырындар. Жетсін тез!— деп алып, қайта сарнап әлгі жоқтауын аяқтап барып токтады да, жанында бақандай серейіп тұрған ұлының қолынан сүйді.— Уң, алла жаным-ай! Кешіре гөр, жаратқан...

Қажығали өзін көргенде елдің қорыққанынан, анасының мына жоқтауының астарынан — туған-туыстары оны өлдіге шығарып қойғанын, анасының біреу естірте келсе айтам ба деп жүрген жоқтауын айтып отырғанын ұқты.

Қыс қыстаулары Жылыққұмнан қозы кеш жер көтеріліп қонып, Сағыздың салқын сазында отырған бай да емес, кедей де емес токжарау шағын ауыл абыр-сабыр. Ошақтардан жарыса түтін шұбалып, сары самауырлар қаздай тізіліп, қатар түзеді. Қазандарда май күнірсіп, сүр еттің женсік иісі танау жарды. Есік көзінде абысын-келіндерін зыр қактырып, шаруаны аузымен тындырып отырған Хансұлу бәйбіше жуынып-шайынып жатқан баласын айналып-толғанды да, ізінше шара табақ қымыз алыш, үйге ілесе бірге кірді.

Қажығали дәм ала отырып, әкесін сұрағанда, сары бәйбіше тыржың етті.

— Жүрген шығар.

— Әжіғали, Әмірғали, Темірғалилар қайда?— деп іншектерін жоқтап еді, аласы:

— Әкелерімен бірге,— деп аз-кем түйіліп отырды да, айтпайын-ақ деген жайсыз әңгіменің ұшығын шығаруға мәжбүр болды.— Жақсылыққа ма, жамандыққа бастады ма, білмеймін, шырағым, ата сақалы аузына біткенде әкен

қағынды. «Алашқа» атқосшы болып, еліріп жүр. Алаяқтардың «Тоқа, Тоқа!» дегеніне бөркі қазандай, кісі тыңдаудан қалды. Өзі мейлі ғой, жасарын жасады, асарын асады, қасындағы қыршындай інілерінді айтсаңшы? Жазым бола ма деп зәрем жоқ.

— Сонда «Алашқа» солдат бол жүр ме?

— Солдат па, кәмәндір ме, білмеймін. Тұла бойы сарыала темір, сартылдаған қару. Айлап-апталап жоғалып, ара-тұра бір қатынайды. Онда да бөксө басып отырмай, ат үстінен кетеді. Шаруа жайына қалды. Осы жасқа келгенде бұның не желік екенін!

Хансұлу бәйбіше көз жасын сықты. Бұл Қажығалиға да төбеден тұскендей тосын жәй еді, не ойларын білмей аң-таң.

Өлдіге шығарған адамының тіріліп келгенін естіп, Сағыз өзенінде шомылып жүрген балалар мен иттер жарыса шулап ауылға қарай қиқу салды. Екі-үш қара домалақ есіктен сүріне еніп, таласа келіп Қажығалидың мойнына асылды. Басқалары есік көзінде жылтындастып тұр. Мұнда не қызық болып жатыр дегендей, иттері де тілдерін салақтастып, балалармен қабаттаса есіктен сығалап кетіп жүр. Қажығали ауыл балаларының біразын шырамытқанмен, біразын жыға тани алмады: үлкендері есейіп, кішілері естияр болып қалыпты. Дүние есігін бұл жоқта ашқандар да біршама көрінді. Хансұлу бәйбіше балалардың бәріне бір-екіден кәмпіт ұстасып, барындар деп шығарып салды.

Шәй үстінде Сағыздың былқылдақ сазына табанын соғып қатты шапқан аттың дүбірі алыстан естілді. «Жантас қайынаға ғой. Бауыр неге жаман болсын. Жаны ұшып келеді, байғұстың» десті әйелдер. Ат дүбірі үй сыртына таяғанда, «сүйіншілеп» тұра жөнелген екі-үш әйелдің «Ойбай, қайтеді, қыра ма» деген байбаламы естілді де, іле-шала әкесінің туған інісі Жантас үйге сүріне-қабына енді. Барылдан жылап, балпылдан сөйлей келіп Қажығалиды бас салды: «Жаным, қанатым, құйрығым» деп айналып-толғанып жатыр. Әйелдер ара түсіп ажыратқанмен, інісіне жалт қарағанда көз жасы тізесіне тарс-тарс етіп тамып кетіп отырды.

— Е, алла, рақымың шексіз екен ғой. Біз байғұс не ойламадық?! «От ішінде мақтаны сақтайды» деп... Көп бол тілеп едік, құдайым тілегімізді берді ғой.

Қара ақылға тастай, он-солына жүйрік, шаруакер, қам-көңіл Жантасты Жанәбіл ауылының үлкен-кішісі бірдей

тік тұрып сыйлайтын. Сөйткен Жантас бұзылып кетіп отырғанда, өзге әйелдер де көздерін қоса бұлады.

— Қайтсін-ау, Жанағам. Бауыр оңай бопты ма? Сын жоқ қой...

— Қайынаға, сабыр етіңіз. Құдайым тілегімізді бердіғой. Енді қайт дейсіз? Ойбай-ау, бұл дәу қайнам туралы не ойламадық? Мәтүшкеден қатын алып, қалып қойған шығар деп те ойладық...

Осы ауылдың шаруабасы Жантас болғанда, қазанының қожасы Хансұлу бәйбіше еді. Жанәбіл үрпағының дастарқанының ар-намысын жыртып, ажарын келтіріп отырған екеуінің арасында апалы-інілідей сыйластық және бар.

— Көзжақсым,— деді жеңгесі оны келін боп түскенінде қойған атымен атап.— Көзінді бұлай бермей, әлгі шұнақ ағаңа хабар бер. Есінен аққұла айрылмаса, жетсін!

Жантас дастарқан шетін бұғіп, асығыс асын қайырды.

* * *

Ертеңіне шешесі екеуі түйе арбамен **Жылықұмға** бабаларының ескі қорымына барып, топырағы енді-енді көнере бастаған атасы Жанәбілдің басына дұға қылды. **Жыракта** жүргенде түсіне кіретін туған ауылы қоңыр дөңнің ойында, қалың өскен жыңғыл мен жүзгеннің арасында шеген қыстаулар жападай боп жалпиып-жалпиып шашылып жатыр. Бұл кеткелі уақыт тоқтап қалғандай, бәрі бәз-баяғы қалпында, тек атасы ғана жоқ, атасының орнында нән үйім топырақ қана күреңітіп тұр. **Дүние-ай,** десеңші!

О заман да бұ заман адам баласы ақылға жарыған ба — заты, бір қауым елге қара ақыл, жөн-жосыққа жетік жалғыз бас көтерер де жарайды екен. Марқұм Жанәбіл — аузымен құс тістеген жүйрік болмағанмен, ағайын арасы, айнала төнірекке сыйымды мінезімен-ақ үрерге иті жоқ осы кедей ауылдың сабасына сары өңез жүқтырып, қазанына береке дарытқан адам. Құс төсекте қисайып жатып, шағын ақылымен әргі-бергіні шарлайтын қария намысқа шапты ма, әлде шөп-шалам боп ұсақтап бара жатқан үрпағының қаны жаңарып, сүйек жаңғырсын деді ме, екі ұлының бас көтерері Тоқаға ашылып-шашилып бай ауылдан қалыңдық әперді. Бетіне шаң тимеген бай ауылдың еркесі басынан шарқаты түспей жатып-ақ билеп-төстеп, бетің-жүзің демей ауылдың ерек-үрғашысын бір қауызға сыйғызғандай болған. Жас келіннің астамдығына шамданған ағайындар: «Уа, бұл не болғаны? Не боп барамыз» деп, қарияның

алдына қамшы сыбанып талай келгенде, Жанәбіл ақсакал: «Сендей кержалқауларға көк желкеден түйгіштейтін сондай тоқпақ керек» деп мұртының ұшынан кеңк-кеңк күлетін. Сөйткен келін ақыры елге тұтқа болды. Біреуден ілгері, біреуден кем Жанәбіл ауылы болып отырғаны шындаپ келгенде сол Хансұлудың арқасы.

Хансұлу атасының басына тізесі құмға жашыла отырып, дұғасын ұзак оқыды. Қайтар жолда дөң басында қалып бара жатқан молаға бұрыла қарап, ауыр күрсінді:

— Өлген өліп, тірі улап-шулап тірлігін тірнектеп жүргенмен, алъланың пендесіне шашқан ризығы бас-басыңа емес, бір адамға дари ма дедім. Атам жарықтық осы ауылдың береке-құты еді ғой. Енді ырың-жырың боп, бет-бетімізбен тозбасақ қайтсін,— деген шешесі.

Алмағайып түз тірлігі — жердің отына, қыстың ұзак-қыскалығына, қардың жұқа-қалыңдығына, ең ақыры күннің қалай шығып, қалай батқанына кіріптар. Бір күн аш, бір күн ток, бір күн бар, бір күн жоқ баянсыз тірлік қой озалдан. Үлкендердің тұрлауы жоқ ертеңгі күнді уайымдаپ, көбірек күрсініп, көбірек үйлелейтін қашанғы әдеті де. Қажығали шешесінің уайымын соған сайған.

Олар орта жолда жер астынан теуіп шығып жатқан «Жылы бұлактың» басына аялдады. Анасы әулие бұлакқа нияз байлап, ұлының теріс біткен иығы мен ұшынғандай қорасандақтанып кеткен майып көзін жуып, дем салып, бір құмыра су алып қайтты.

Олар үйге келіп отыра бергенде, Тайсойған жақтан шаң көрінді деген. Кешікпей ат тұяғының дүбірі жер сол-қылдатты. «Солар ғой, иә, солар екен» дескенше болған жоқ, жау қуғандай ентіккен он бес шақты аттылы тарсылдаپ жетіп келіп, аттарынан сау-сау түсе қалысты.

Екі йінінен дем алған Тоқа «Қайда, қайдалап» келіп, киіз үйдің есігін ашып, құшағын айқара жайды. Әкесін екі орап алардай қорбандаған дырау үл шынашақтай шалдың құшағына сыймады.

— Аман жеттің бе, ұлым! Ел шетін бастың ба, әйтеуір. Бәрекелді, қадамың оң болсын!

Әкесі баласын иықтан сәл-пәл жұлмалады да, көздері шоқтай жайнап анталап тұрған інілеріне қалдырды. Әжіғали, Әмірғали, Темірғали, Мірғали ағасына таласа ұмтылды. Бір жақсысы бұлар әйелдердей улап-шулап көздеріне жас алған жоқ, ентігіп тұрып төс түйістіріп, қатты-қатты құшактасты да тыйылды.

Үй иесі Тоқа ұлының жанына төрге жантайысымен,

үй ішінде абыр-сабыр басылып тыныштық орнады. Сары бәйбіше қымыз сапырды. Тоқа бір сапар кесе қымызды демін алмастан бір-ақ сіміріп, ағал-жағал қалмақ мұртының шалғысын сұртті.

— Да, балам, Ерман соғысы біткелі қай заман. Оның бергі жағында ақ патшаң да тағынан тоңқалаң асты, қалынша киініп Керенің де қашып құтылды. Хабар-ошарсыз, да, қайда жүрсің, ұлым? — Әкесі бұл сауалына Қажығалидан қапелімде жауап ала қоймаған соң, ұлының бас-аяғын шола отырып, әңгімені өзі жалғады. — Түрің көресіні көрдім деп отыр. Не болды? Жау қолында тұтқында кеткен жоқпышың?

— Бәрі де болды ғой, әке.

— Э, бәсе! Өзім де сау болмас, көлденең бір пәлеге кезікті-ау деп едім. Жә, ештеңе етпес. Ер жігіттің басына нелер келіп, нелер кетпеген. — Шынашақтай Тоқа бәйбішесіне шолақ танауын делдитті. — Да, бәйбіше, қан шығармай неғып отырсыңдар?

— Мал сойылып жатыр,— деді Хансұлу.

— Э, солай ма еді! — деп, Тоқа жантая кетіп танауына таңқ-таңқ еткізіп насыбай атты.

Қажығали үй ішін көз астымен бағып отыр. Басқа емес, әкесіне таң қалады: Жанәбіл атасының тірі кезінде шәкірттей именшек, көп сөзге әуесі жоқ момын адам еді. Ағайындары би келінге айтқатап айдал салғанда, Хансұлуға тоңқылдап абай-қоқай көрсеткені болмаса, шындаپ қол батырған жан емес-ті. Сөйткен әкесі мұлде өзгерген: төрге етігімен шығып, шәулідей шаңқылдап отырысы мынау. Айналасын айбатымен жасқап, бетіне қаратпай біржола ықтырып алған түрі бар. Жамбасында қылыш, белінде тапанша, алаш әскерінің белгісі ме, әлде шендәрежесін мензейтін бірдеме ме — қарында ай суретті жасыл шұға. О, тоба десенші! Тетелес інілері де бой салып, иық алып, қар басқан бөлтіріктей жылмиып алыпты шетінен. Бәрінің де үсті-басы айқыш-ұйқыш ілінген қару-жарақ. Тіпті он беске әлі толмаған Мірғалидың өзі-ақ кереге бөрікті шекелете киіп, қаршығадай шаншылуын қарай гөр. Әкенің бел алғаны соншалық: ұлдары соның қас-қабағына қараң, ә десе ұша жөнелгелі отыр.

— Шет жағасын естіп жатқан шығарсың. Біз де тыныштықтан айрылдық,— деп Тоқа көзіне түскен сенсең бөрігін алып, тершіген басын сұртті. — Қызылдар екі рет кимелеп еді, екі ретте де бетін қайырдық. Қазір Текеден адым аттап

шыға алмай, қамалып отыр. Өздері де бір шетінен өлөмен екен.

— Шеніңіз не, әке? — деп сұрады Қажығали.

— Шырағым, менде шен жоқ. Генерал да өзім, кемәндір де өзім. Бағынсам бағындым, бағынбасам — «шу қаралуқ!» деп кеттім бетіме! Ешкім әйт-бүт дей алмайды.

— «Алашсыз» ба сонда?

— «Алашпыз», «Алашпыз»... Е, «Алаш» болмағанда, енді кім болмақпыз? Есі дұрыс қазақ баласы «Алаш» болуы керек бүгінде.

— Болмай жүргендер де бар ма?

— Е, ол әлгі аузы толып ас ішпеген, кім көрінгеннің есігінен сығалаған, орыстың теріс оқуынан миы ауысқандар да. Аспанда ай анық, жерде құбыла анық, қазақта «Алаш» анық. Одан басқа біздің үкіметіміз де, сүйенер сүйенішіміз де жоқ. Майданың қара жұмысынан бәлшебек боп қайтады деуші еді? Уа, сен өзің қызылдың оқуын оқып, бұлініп қайтқаннан саумысың!

Тоқа сап-сары тістерін ырситып сылқ-сылқ құлді. Көздері анталаған бөлтірік інілері бір жырқ етіп, тез басылды. Тоқа түрегеліп отырып, өкшесіне шақшасын қағып, танауына таңқылдатып тағы да насыбай атты.

— Біз, шырағым, киіз туырлықты қазақ еліміз. Өле-өлгенше қазақ боп қаламыз. Өзге жұрт не істесе, оны істесін, делқұлы бастентек болып қағынып кетсе де мейлі. Ал біздікі баяғы — Қасым салған қасқа жол, Есім салған ескі жол. Басқа бізге бұйырлаған. Кеудесінде қыбырлаған намысы бар қазақ баласы атқа қонды бұ күнде.

— Қызылдар да тендік береміз деп жатқан жоқ па?

— Бос былшыл! Олар тендік бермейді, тендікті күшпен тартып алады. Осындаі алмағайып кездे жағаласып тартып алады. Билік деген шіркінің тәтті. Өзгені билеп қалған ел ақ болсын, қызыл болсын — билігінен өлсе айрылмайды.

— Көріп кеп отырмын, қызыл дегенің оңай жау емес, әке.

— Иә, солайы солай. Байқап жүрміз. Бірақ аспанға қол жайғаннан жарылқаса қазақты жарылқар еді. Одан үміт үзілді, енді тегін өлмей, жұлқысқанмен жұлқысып, жастығымызды ала өлейік. Іншала, аллаекем бергенін қайтып алмаса, бір жөні болар да.

— Эне, бұл шұнақтың сөзі осы! — деп келе жатыр еді Хансұлу бәйбіше, Тоқаның мұрты тікірейіп, өні өрт сөндіргендей бұзылып кетті. — Тәйт әрі! — деді ол ақырып.—

Неше жерден би болсаң да, азаматтың ісіне араласпай қазан-ошағыңмен бол! О несі-ай! Эне, ана жақта ел тағдыры таразы басында солқылдап тұр. Қазақ боламыз ба, әлде кәпір боламыз ба — неғайбіл. От басында отырып сөндер не білгендейсің, шашты шайтан өңкей!

Дүние-ай десеңші! Күні кеше бүкіл Жанәбіл әулетін аузына қаратқан бәйбішеден бақ тайған, ләм-мии деместен ыдыс-аяғын көтеріп, далаға шығып кетті. Оның есесіне момын әкеге желік бітіп, демімен өрт сөндіргендей. Әлгіден бері үстеріне кірген жан баласы болмады. Есіктен жылтындап кетіп жүрген балалар мен келіндердің ұштықуйлі қарасы өшті.

Тамақ жеп, шай ішісімен, Тоқа күтіп тұрған тығыз шаруасы барын айтып, жолға жиналды. Үй сыртындағы байлаулы аттарға дейін ілесе шыққан Қажығалиға әкесі былай деді:

— Шаршап келген шығарсың, жатып демал. Жантас ағаң баксы-балгер әкеліп қаратар. Енді он-он бес күнсіз үй қарасын көре алмаспыш, асылы. Оңалысымен атқа қонасың, балам. Ел басына түскен ортақ нәубет. Бұл жолға мал да, жан да садақа!

Шынашақтай шал қамыт аяғы талтаңдап барып, ат арқасына жігітше ырғып мінді де, қылышын жарқ еткізіп суырып алды.

— Эскадрон! Қазақ халқының еркіндігі үшін — алға!

Елу-алпыс түяқ от басқандай апыр-тапыр болды да, сапқа тізіліп алып, жұлдыздай аға жөнелді. Шынашақтай Тоқа балаларын, ауылдың қыршындар жастарын ілестіріп алып, жынданай жүйткіп әп-сэтте көзден ғайып боп жоғалды.

Қажығалидың жанында тұрған Жантас ағасы күйзеле күрсінді.

— Тоқаңның түрі, міне, осы. Атыс-шабыс, айғай-сүрен. Бір күн үйде байыз тауып отыру жоқ. Айтқаныңды құлаққа ілмейді. Ақылдыңда қиқым бар ма деп корқам. Мұның соңы не боларын, шырағым...

* * *

Жантас адай, табын арасына аты мәлім әйгілі сынық-шыларға арнайы сәлем айтып ат шаптырып еді, бірде-бірін орнынан таба алмады. Біреулері Көкжар, екіншілері Жымпіты, Қаратөбе шығып кетіпті. Бұл білмейді екен; осыдан біраз бұрын уәләяттан жарлық болып, осы қалай

деген молдаларды, сынықшыларды, бақсы-балгерлерді жидырып алғып, біреулерін әскер бөлімдеріне молдалыққа, екіншілерін майданда жарақаттанғандарға тәуіптікке бекітіп. Қара суды теріс ағызатын окуы күшті ғұламалар уәләят басшыларының жанында қалып, майдан жағдайына тікелей әсер ететін дұғамен шұғылданатын болған. Хасан молда Қалдығайты өзенін дуалап тастап, қызылдар үш рет келіп, үш ретінде де өте алмаған деген ел арасында гу-гу әңгіме бар.

Содан Жантас Бүйрек құмында жалғыз үй отырған өздерінің алыс жамағайыны әпенді Сармантайға ат басын бұруға мәжбүр болған. Ол өзі өмірі қатын алмаған, мал жимаған, үрерге иті жоқ, жер түбі болса да жаяу жүретін, Бүйректегі әулие бейтін күзетіп, соның басына байланған садақа-ниязбен азығын айыратын, азды-кемді сынық салатын қолының епсегі бар бишарадау жан еді.

Бұл келсе, Сармантай қос қабат көрпенің астында тісі тісіне тимей селкілдеп, қатты науқастанып жатыр екен. Шеген үй ашық-шашық, алқа-салқа, айнала маңда тігерге тұяқ, үруге ит жоқ. Жантас «ассалаумағалейкумін» соза әндептің кіріп келгенде, бебеу қағып сарнап жатқан Сармантай өрім-өрім көрпенің астынан басын қылтитты.

- Бұл қайсың?
- Жантаспын ғой, нағашы...
- Өлгеніңнің көрі! Ай, басым-ай, басым-ай! Мейлі, кім болсаң, о бол, шай қойып берші.

Жайшылықта біреуді өзі жұмсамаса, өзін ешкімге жұмсата қоймайтын маңғаздау Жантас шаруасы тіреліп кеп отырған соң, әрі нағашы жамағайынының адам аярлық мүшкіл түрін көріп, екі айттырмай ұшып-қонды. Қақсып қалған шұрық-тесік қауғамен құдықтан су алғып, пұшық танау самауырды толтырып, кетік балтамен сексеуіл отап отырып, айналаға жаны түршіге көз жүгіртті. Кір-қоқыс, ырық-жырық, бей-берекесіздік асқынып, шыңына жетіп. Есік-терезелерді құм басып, есіктен кірген шөп-шалам төрге шашылып, үйдің төбелеріне курай өсіп, ауыз бөлмеге итсигек қаптапты. Қой, жоқ, мұны шайтанның ыбырсыны демесен, адам тұрағы деуге ауыз барап емес. Апырай, Адам ата мен Haуа ананың үрпағына осыншама азып-тозып азғындағандай не көрінді? Элде жарық дүниені тәрк еткені ме бұл әпендінің?! Соңғы кездे ел Сармантайды ақылданан ауысып, жын-шайтанмен жанасты деуші еді, әлде мынау соның шалығы ма?

Жантас кір-қожалақ есік самауырды ішке көтеріп кір-

генде, Сармантай аһілеп-үһілеп төсегінен тұрды. Төрдегі ағаш жәшікті нұскап, ішінен құрсаулы аққұман, ыдыс-аяғын алдырыды. Сосын жастығы астынан қырық түйін жалба-жұлбаны шығарып, әр түйіншегінен саусағының ұшымен бір-бір шымшып алып, шай демдеді. Аққұманнан шайға үқсамайтын, көзді қыштыып, танауды ашытқан жаман иіс мұңкіді. Сармантай басын орамалмен таңып алып, шайға кірісті. Аққұманнан **Жантасқа** татырған жоқ, ол самауырдың ақ суын ғана ұрттап отырды.

Бір кезде Сармантай борша-борша боп терлеп, аяғын көсіліп жантая кетті.

— Мың бол, шырағым. Иманымды үйіріп жатыр едім. Бетім бері қарады. Қай баласың, шырағым? — деп сұрады сосын.

— **Жантаспын** ғой, нағашы.

— **Жантас** болғанда, қай **Жантас**?

— **Жанәбілдің** **Жантасы**. Нағашы болмайсыз ба бізге?

Жұндеген тырнадай сүмпиген, шегір көз, ши мұрын Сармантай қық-қық құлді.

— Жөн-жөн... Жә, келген шаруанды айта отыр.

Жантас келген шаруасын тәптіштеп баяндай бастағанда, сұлық жатқан Сармантай көзін ақшаң еткізіп, жастықтан басын жұлып алды.

— Қак басыңа қойып қалып, төбенің қанын бұрқ еткізейін бе осы! **Жалған** көлгірсуді қашан қоясындар, ә? Әсірке бардың — жоқ! Баймолдаға бардың — жоқ! Ақыры амалың құрып, маған келдің! Екі ортада өтірік айтпасаң — бойыңа асың тарамай ма! Өлмесең өмірем қап! Кет, жоғал! Көрмегенім сен болсын.

Үйінде төсек тартып ауырып жатқан адам мұның бәрін қайдан білді деп, **Жантастың** зәре-иманы қалмады.

— Ойбай, нағашы,— деп кешірім сұрағалы жапақтай беріп еді, Сармантай қолын сілтелеп бет бақтырмады:

— **Жоғал!** **Жоғал!** Ібілістен туған малғұн!

— Ойбай-ау, нағашы, мен-ақ кінәлі болайын. Науқастың не кінәсі бар? Құдай жолы солай демеуші ме еді?

— Құдайда не ақың бар сен шошқаның! — деп ақырды да, Сармантай екінші жамбасына аунап түсіп, теріс қарап жатты.— Жә, бара бер. Кешікпей мен де жетермін. Ал ініңнің майып көзіне мениң дәрменім жоқ. **Жарыпшыққандағы** Қалша кемпірге ұшықтат, болмаса орыстың дәрігеріне қаратындар. Енді бар, жоғал!

Жантас қанша салауатты дегенмен, қит еткеннен жаны көзіне көрінетін қорқақтың қорқағы еді. Сармантайдың

жаман үйінен аяғының ұшымен басып, тәлтіректеп азар шықты. Мұның кешелі-бері басқа бақсыларға ат шаптырғанын көрмей біліп жатқанын есіне алғанда, жол бойы алды-артына алақ-жұлак етіп, қара терге малшынды. Апрай, білмейміз екен ғой, мына Сармантай тірі аруақ екен ғой деп, айттым-қайттымын жеті мәртө қайталап, тәубесіне келді.

Ол-ол ма, келесі күні көргені одан бетер. Жарыпшық-қаннан Қалша кемпірді ілестіріп алып, ауылдың төте жолына түскені сол еді; алдарынан Сармантай қарсы жолықканы. Кебісін қолына ұстап, Сағыз жақтан үйіне қарай аяғы-аяғына жұқпай безіп келеді. Жәй келмей, аяқты шайқап тастап, тайпалып жорға салып келеді және де. Оның қырық өрім жалбасынан бұлардың ат-түйелері үркіп, айдалаға тастап кете жаздағанын қайтесің. Сармантай бұрылып қарамай, жандарынан салдыртып өте шықты.

Жантас «нағашылап» тоқтатпак, көнсө ауылға алып кетпек болып еді, Сармантай кісімісің деп көзіне де ілмestен, басы қалталандаپ жортактаған күйі бел асып кетті. «Мұны шынында да шалық үрган екен ғой» деп ойлады, ол ойын Қалша кемпір де хош көргендей еді. Сонымен Жантас: енді қайтем, тағы да сабылып сынықшы іздеймін бе, төмендегі адайларға бармасам болмайды-ау деп, уайымдап келе жатса, үйдегілер Сармантай сынықты салып кетті деп қарап отыр.

— Не дейді, ойбай? Қашан?

— Кеше кешкісін келген, таң азанда күн шыға бере сынықты салып, шай ішті де, асқа қарамай асығыс жөнелді.

— Бірдеме бердіңдер ме?

— Тай байлан едік. Сендер бердің, мен алдым, ауырсынбасаңдар қыста сойып әкеліп берерсіңдер деп тастап кетті.

— Не дейді? Раң па?

Жантас құлағына сенбей үйге кірсе, төрде шөккен нарадай ошарылып Қажығали жатыр. Әдейі құлқі үшін істегендей қолын қайырып аяғына байлан кетіпті. Он үш күнге дейін қыбыр етпей осылай жатасың деп шарт кесіпті және де.

— Ойпырым-ай! Қажығали қарағым-ай! Қалайсың? — деп оның жанына жүрелей тізе бұкті ағасы.

— Қайдам? Опрыш жіберіп, қайта салды.

— Астапыралла! Опрыш дейсің бе?

— Таңға дейін тары мен қазыға шылады да, таң алдында опырды.

— Жаңыңа тимеді ме?

— Кой, жок. Өзім де білмей қалдым. Қолы жібектей екен.

Сөйтіп, Қажығали буылған күйі он үш күн қозғалмастан жатты. Он үшінші күні қашан шешеміз, кешке шешеміз бе, әлде кесікті уақытын толтырып барып таң алдында шешеміз бе деп отырғанда, Сармантайдың өзі жетіп келді.

— Ө, бәдүға! Ауған теңдей боп әлі жатырмысың? Тұр, кәне!— деп Қажығалидың аяқ-қолын шешіп, бөкседен бір тепті.— Қолыңа балтаны ал да, томар жар!— деп және бұйырды.

Қажығали жөп-жөндем бол қалған қолына таңырқай қарап, иығын-олай-бұлай қиқандатып көрді де, қолына балта алып, басынан асыра жоғары көтергенде, иығы сатыр-күтір еткеннен шошып тосылып қалып еді, «Қорықпа! Сілте!» деген Сармантайдың азы шаңқылын естіп, қисық дәу томарды өші бардай төпелей жөнелді. Балта шырақ та баспастың өзі екен, дегенмен қайратты білектің тегеурініне шыдамай, шабылмай жарылып, мұжіліп ұтасылды. Қажығали маңдайының терін сұртіп, белін жазды. Ауыл адамдары сол кезде ғана майыпты ғайып қылған Сармантайды есіне алған. Бірақ оны айнала жүгіріп үйден де, ауылдан да таба алмады. Тек, ауыл сыртынан тезек теріп қайтқан бір қатын: әлгінде ғана Сармантайдың Бүйрек құмына қарай безіп бара жатқанын айтты.

— О, астапыралла,— деді Жантас отыра кетіп.— Мына әпенді менің жүргімді мезгілінен бұрын жаратын болды.— Сөйтті де, женгесіне жата жалынды.— Ойбай, женеше, осының бәрін мына Сармантай нағашым маған қитығып істеп жүр. Өзің барып алғысынды айтып, алдынан өт. Садақаңды қолыңмен бер. Мен бұдан қорқайын дедім. Мән бермеуші едім байғұсқа... Өзіне аруақ шындалп қонған екен.

Хансұлу женгесі сөзге келмеді, сөзге келетіндей де жөні жоқ-ты: баласының сынығы түсіп, қолы киіз қазықты жерге сіңіретіндей құлан таза айықты. Әсекет алла ақ тоба! Одан артық қандай ақ тілеу болмак. Хансұлу бәйбіше бір қойды сойғызып жіберіп, қуырдақ жасатып, май-шайын, шұбаты мен қымызын өңгеріп, қасына бір-екі адамды ілестіріп алып, осы уақытқа дейін адам санатына қоспай келген Сармантайдың аяғына жығылуға аттанды.

Қалша кемпір дем салып, қаншама үшкіріп, қара қойдың өкпе-бауырымен қанша қағып-соққанмен, Қажығалидың ұшына тиіп ушықкан көзін құлан-таза айықтыра алмады.

Даттанған көне дерт сіре боп күш бермеді. Ісігі тарқап, қорасан дағы кетіп, көзі ашылып, ұясына қайта түскенмен, қараышыңтың ортасындағы тырнақтай ақ айнымай қалып қойды. Сол көзі сынық айнадай бір адамды екеу ғып көбейтіп көрсететін болды. Соның салдарынан ба — Қажығали айналаға бұқадай мандайынан сүзе қарайтын әдет тапты.

2

Жайық өңіріне күз келді. Жалпақ даланың шебі қуарып, өні суалып күлгін тартты. Жайықтың қос қапталын жарыса қаусырған тал-теректер түгел сарғайып, жапырағынан айрылып, сидалана бастады. Өзен беті шөп-шалам, жапыраққа толып, жел қаққан арналар түсін сұтып, жылауықтанып тұрды.

Қара күздің көңілсіздеу осынау бір тұсында Индерді бетке ұстап, Гурьевтен буксирулі баржы шықты. Дәу баржы ауыр жүктен белі қайысып, ернеуі арнаға тиер-тимес бол, ақырын сзып келеді.

Орданың құпия қағаздарында, неге екені белгісіз, дәм болсын «насыбайшылар» атанған, ал уәләяттың шаруашылық іс қағаздарында «Уәләяттің Гурьевтегі тігін шеберханасы» боп тіркелген Ибраһим абзи төңірегіндегі жігіттер түгел осы баржыда. Олар өлік шығарғандай томсарып, бірбірін көз астымен бағып, еріндерінің ұшымен ғана сөйлесіп келе жатты. Бет әлпеттерінде үрей мен үміт табы кезек алмасып, астарынан су шыққандай қатты абыржулы еді.

Шиқан екеш шиқанның да солқылданып сыйдалап барып жарылатын күні болады. Көп те, аз да емес, табаны күректей екі жылға созылған Жайық бойындағы итжығыс шайқастың биыл күз не алдыңғы қыста не олай, не бұлай біржақты болатын толғакты мезгілі пісіп жеткен. Қызыл әскер ала жаздай Оралға күш жиғанмен, ілгері аяқ аттай алмады. Алғашқы жылдары негізгі күштерін Жайықтың оң жағасындағы казак-орыс селендеріне жиған атаман әскері — соңғы кезде Жайықтың қос қапталына қанат жайып, майданды далитып жіберген. Ал қызылдардың жалпақ майданың ұзына бойына шабуылдауға күші тапшылық етті. Эрі казак-орыстар қызылдарды қолайсыз жағдайға қалдыруға әбден төселіп алған-ды: қызылдар оң жағалаумен шабуылға шықса, бұлар сол жағалауға, сол жағалаумен шабуылдаса, оң жағалауға жалт беріп, сынаптай сырғып қолға тұрмайтын болды. Онысымен де қоймай

өстіп бұлтарып жүріп, арс етіп ауыз салатынды шығарды. Откенде ер Чапайдың түбіне солай жетті. Қызылдар Жайықтың оң жағалауын Астрахан күштері мен Орданың қазақ атты әскерінің қарамағына қалдырып, шабуылды неде болса Жайықтың қазақ ауылдары отырған сол жағалаумен өрістепек еді. Ондағы ойы — Толстов армиясына қоршауда қалу үрейін туғызып, аяқты тарта басуға мәжбүр ету. Бірақ негізінен бұл дұрыс жобаның олқылау бір жері — Жайықтың сол жағалауында қазақ ауылдары, уәләяттың әскері тұрған. Оларды қоғадай жапырып, баса-көктеп өтсе, қазақ қауымы түгел атқа қона ма деген қауіп бар-ды. Сондыктан уәләят күштерін қазақтың өзімен соққылап, берекесін тарыдай талқандау — көздеген армандарының бірі еді.

Ибраһим абзи отряды әу баста-ақ уәләяттың іргесінен ор қазу мақсатымен құрылған. Мұндай астыртыншылар уәләяттың айналасында аз емес-ті, бірақ бұлар ойламаған жерден тамаша орналасып алған еді де, екі шоқып, бір қарап жүріп, қыруар шаруа тындырған. Алашорда әскерінің қатарына біршама сенімді жігіттерін де енгізіп үлгерген. Откенде олар уәләяттың ту тіккен ордасы — Жымпітыда ойран салып, «Алаш» басшыларының зәресін қалпақтай қылды. Басқа-басқа, бірақ бетіне қарап, құдайдай сеніп отырған әскерден бұлік шығады деп кім ойлаған. «Алаш» басшылары жерге қарап, қолдарын бастарына қойып, өмірден түңіліп кете жаздады. Бірақ көтеріліс тәжірибесіздік салдарынан сәтсіз аяқталды. Жігіттер қаранды түнде мылтықты гүмпілдете атып, шырт үйқыдағы Жымпітыны аяғына тік тұрғызғаннан артып ештеңе тындыра алмағанды.

Бірақ соның өзі-ақ уәләяттың берекесін аяқ асты қылуға септігін тигізді. «Бір жеңең қол, бір жағадан бас шығарамыз» деп күмпілдесіп жүрген «Алаштың» өзі де бірыңғай еместігі айдай әлемге жария болды. Осыдан кейін «алашшылар» әскерді мықтап қолға алған-ды. Оны Ойыл юнкер мектебін бітірген «алашшыл» жас офицерлермен нығайтып, қадағалауды күшейтіп, тәртіпті қатайтып жіберген. Енді әскер бөлімшелері арасында қайтадан бұлік шығару үміті үзілген. «Алашшыларды» басқа жағынан мұқатуды көздел, астыртыншылар Алашорда мен адай уезі арасындағы алауыздықты пайдаланып қалуға құлшына кіріскең.

* * *

Адайлардың тірлігіне қарап отырып: бұз заманда тентектіктің де пайдасы бар ма деп қалғандайсың. Бұл күнде іісі қазақтан бас еркін алдырмай, ресми түрде ақ патшаның боданы болмаған жалғыз ел — осы адайлар. Тізе батырамын десе, бала-шағаларына дейін атқа қонып, аттанап шыға келеді. Тұрып өлуге бар, тізе бұгуге жок. Адай жұрты тентектігімен өмір бақи айнала-төңірегіне қолайсыз болғанмен, ә дегенге мә деп, ешкімді басындырмаған тәкаппар мінезімен де ауызға іліге бастаған.

Мынау аласапыран төңкеріс кезінде де айтакқа еріп, әркім бір сілтеген бағытқа жүре қоймады.

Откендердегі Орынбордағы «Алаштың» ірге тасын қалаған бүкілқазақтық жиналыстан кейін, батыс уәләятын басқаратын Жанша, Халел Досмұхамбетовтер елге келісімен бүкіл «Алаш» жетекшісі Бекейхановтың әскер жасақтауды кейінге қалдырайық, аласапыран жағдайдың артын бақпасақ бір тосқынға ұшырап қалармыз деген саясатын саясатшылдыққа емес, бойкүйез қорқақтыққа балап, елге жетісімен әскер жасақтауға білекті сыбанып шұғыл кіріскең. Бұл ниетін халық ниеті деп заңдастырып алу үшін Қаратөбе съезін ашып, қазақтың игі жақсыларын түгел жиғанда, бәтуалы жиынның шырқын бұзған, кейін төңкерісшіл большевик атанған Элібек пен адайларды бастап келген Тобанияз болды. Бұлар халық жиынның бәтуасына келіспей, съезді тастап шыққан. Жарайды, Элібектерді Элібек дейік, жөйттің теріс оқуынан басы айналған шоқыншық дейік, ал күншілік жерден қазақ іісі мұңкіген, кең қоныш Тобаниязға не жоқ.

Досмұхамбетовтер жиналысқа «бүкілқазақтық жарлық» деген үйғарым шығартып алғып, кейін салық төлемеймін, солдат бермеймін деп бастары бұлғактаған телі тентектерді шақыртып алғып, шақыруға келмегендерді күшпен айдатып алғып, қараңғы абақтының дәмін татқызып, жеке-жеке тыйған. Қыңырайып көнбей жүрген жалғыз Тобанияз еді. Алашорда оларды алмақ боп өкіл де жіберді, елші де жөнелтті, дөңайбат көрсетіп ықтырмак та болды, бірақ Тобанияз қасарысып, иілікпеді. Алашорданың адайларды шабуға жүрегі дауаламады. Себебі: адайлар басына қару жастанып үйықтайтын жауынгер ел, әрі ауызбірліктері де мықты, Тобанияз ерінің қисайтып ыскырса болды — Буракөлдің ойына бір күнде он мың қаралы қол жиналады. Қатын-баласына дейін соғыс тәсіліне жетік. Еркегі

жоқ ауылдарының өзін құр қолмен ала алмайсың. «Алаштың» адайларға тісі батпай, айласы таусылып, дымы құрыды. Содан әбден кектеніп алған Жаншалар бағынбағаны тұрсын, ту сырттарында отырып қызылдың сөзін сөйлең, Жангелдин сияқты большевикпен иіскесіп, оны қыруар қару-жарак, әскерімен қара жерді шаңдатып Ақтөбе майданына жасырын асырған, өздері ата жолынан айнып, ревком жарияладап, құдайларын ұмыта бастаған адайларды қалай да бір мұқатпак еді.

Ол кезде көктем шыға төменгі адай Сам, Темір, Шалқар көшсе, жоғарғы адайдың Ойыл, Қыл сағаларын жайлайтын. Ал Алашорда болса, Ойылдағы жасағы мен әскери мектебінің күшіне сүйеніп, адайларды Ойылға келтірмеуге бекінді. Көктемде сулы-нұлы Ойылға қарай шұбыла көшкен елдің алдынан мылтықтарын кезенген самсаған сары қол — әупірімдескен адайларды улатып-шулатып кері қуып тастаған. Әскер араласқан жерде зорлық-зомбылық болмай тұруши ма еді, азды-кемді барымта-сарымта, бас жарылып, көз шықпағанмен, жаға жыртылып, қамшының аңы дәмін татқандар аз болмапты. Содан адайлар: «Бәлем, сені ме!» деп қанына қарайып, ант-су ішіскең. Ақсақал-қарасақалдар бас қосқан мәжілісте Ойыл беттегі жайылымдарды қалайда қайтарып алу керек деп, оған көнбесе, «Алаштың» өзін түреміз деп, бәтуа ғып, бет сипасыпты. Содан бері күш жиып, алыстан тың-тыңдал, аңыс андып отырған көрінеді. «Алашты» мұқату үшін не пәленің бәріне буынып-түйініп әзір отырған «насыбайшылар» бұл хабар құлақтарына жетісімен-ақ адайларға қарай құстай ұшқан. Мак-сат үйлескен соң, тез-ақ тіл табысты. Адайларға керегі қару-жарак, пулемет пен оқ-дәрі екен. Бұлар қажеттерін тауып беруге уәде етіп, сөз байласты.

Оның екі арасында Гурьев басын у-шу қылған тағы бір оқиға болды. Не шайтан қолтықтан тұрткенін: әлде зәрулік алқымынан алды ма, әлде шегіне қалса, жолдарында көлденең жатқан адайлар жасқана жүрсін деп, алдын-ала жуасытпақ болды ма, қазанның басында генерал Толстов адай даласының әр түтінінен он сомнан салық жина деп қарулы отряд шығарды. Жаз жайлауына аяқ іліктіре алмай, сіркесі су көтермей ашынып отырған ел: біз атаманға қолғабыс етуден қашпаймыз, бірақ Тобанияз көсеміз не десе сол болады деп, отрядты Буракөлде отырған Тобаниязға алып барған. Тобанияз оларды құшак жайып қарсы алған да, мәре-сәре қонақасы беріп, жастыққа бастары тиген кезде, бірін қалдырмай түгел байлатып тастаған.

Онымен қоймай, Толстовқа елшілік жіберген. Олардың артынып-тартынып келіп, паромнан өткенін қала жұртшылығы түгел көрді. Елшілік Толстовқа: генерал ағзам, адай сен түгіл ақ патшаға да салық төлеген емес, бетіңен қайт, қайтпасаң, тұрысатын жерінді айт та, байлаулы адамдарыңың сүйегін алып қайтуға көлігінді жібер депті. Елшілікті бастап келген шынашақтай Жәнтеке деген шал екен. Атамаңшылар алғашында қитар көз мына ергежейді құлқі үшін жібермеді ме екен деген ойға қалып еді, бірақ сол ергежейден қалды пәлеге. Небір оқалы жағалармен ырғасқанда ауыздыға сөз, аяқтыға жол бермей, қиядан қыстырыған жүйелі сөз, ұтырлы оймен талайды шоңқытып кетті. Генерал Толстов оны обып жіберердей болғанмен, ертеңгі күнін ойлады ма, салықшыларын шақыртып алуға мәжбүр болды. Ол көп жылдар кейін, Францияның бір қонақ үйінде отырып жазған естелігінде адайларға деген ашу-ызасын ашып айтқан-ды: «ең соңғы адайдың сүйегін музейден көрсем — мен армансыз, бақытты адам болар едім» деп.

Осы жағдай жел берді ме: адайлар Ойылды талқандауға бел буып, «насыбайшылармен» бұрынғы келісімді ширата түсті.

Ибраһим абзи жігіттері уәләят әскерлеріне қысқы киім аттандырғалы жатқандарын біліп, жабдықтаушылар Қызылқоға зәру болып отырған қару-жаракты болмай қоса тиеткен. Төрт-бес сайлы тезатар, оқ-дәрі, лимонка-гранаталармен қоса су жаңа ағылшын бесатарлары. Ибраһим абзи іздесең таптырмайтын өзі қолға келіп қонған мына жағдайды пайдаланып қалмақ боп, адайларға қабасақал «насыбайшы»— Жөресті жөпелдем жөнелткен. Гурьев пен Индер арасындағы оңтайлы жерден киім-кешекпен бірге қару-жарактарды да адайларға өткізіп, өздері солармен ілесіп бірге кетуге бекінген-ді. Бұл жоспар — уәләят пен Жайық казак әскерінің көк желкесінен партизан үлгісімен жедел топ құру — жоғары жақта ақылдасылып, мақұлданған өйда бар шаруа еді. Әсіресе ала жаздай Оралда иіріліп тұрған төртінші әскер басшылары мұндай жау тылышың берекесін қашыратын әрекетке зәру боп, қайта-қайта адам салып тықыршып отырған.

Бірақ ойлағаның ойынан шықкан ба — еңбектері еш, айрандары қара су болды. Жаманқаладан шығысымен-ақ Жайықтың Бұқар бет жағалауынан бір топ қарулы отряд қарсы алды да, қапталдарынан қалмай ілесіп отырды. Астыртыншылар санын сокты. Уәләят адамдары қару-

жарақтың жөнелтілгенін Кермекас не Қарабауға хабарлап, сақтық үшін отряд шығарған. Жағдай ойламаған жерден кындалап, бастарына қатер бұлты үйірілді. Жөрес адайларды алып келгенде, алдарынан жасақты отряд шықса, секемшіл тентек адайлардың не деп ойлары, не деп шешері белгісіз. Байғұс Жөрестің басын құмға шаншып кетпесе неғылсын! Іс онымен бітпей, бұларға да күдік туып, бастары пәлеге байланбаса жарады.

Баржыдағы жігіттер ұнжырғасы түсіп, уайым ойлап қарайып отырды. Ендігі жалғыз үміттері Жөрестің иісшіл қарақтылығы ғана. Елірме адайларға ілесіп, көзді тарс жұмып сау ете қалмай, жар астында жау барын сезіп, адайларды аранға ұрындырмай алып кетпесе, жағдайлары қараң. Жөрес те алды-артына қарамай құлаштап қойып кететін актықөздердің бірі еді.

Инеде отырғандай болғанмен, Топайлыға аман жетті. Әскери отрядтың командирі домаланған, тышқан көз Дінәсілов деген пысықай подпоручик екен. Алдын-ала жіберіп күттіріп қойған көлігіне қару-жарақты тиеп ап, жүкті толықтай қабылдап алғанына тілхатын беріп, жөпелдем жүріп кетті. Содан кейін барып астыртыншылар Жөрестің хабар-ошарсыз кеткеніне алаңдаса бастаған: көлденең бірдеме кедергі болды ма, әлде адайлар айнып қалды ма, болмаса бір орнында отырмайтын көшпелі жұрттың жаңа қонысын іздел, далада жол таба алмай сандалып жүр ме деп.

* * *

Топайлының басы абыр-сабыр қарбалас.

Үйшік пен Оралдың арасындағы осы бір казак-орыс ауылы Жайық жанжалы басталғалы бері майданың арқа тірек, сүйеніші іспетті. Әскерге берілген киім-кешек, азық-түлік, оқ-дәрі Гурьевтен осында әкелінеді де, өгіз арба, ат арба, түйе теңдермен Жайық өнірі аталатын жалпақ даладағы әскер тұрактарына жөнелтіледі. Қыр жолы бұл күндері арбасының шиқылынан құлақ тұнған сабылған кірешілер.

Жер ыңғайы солай болды ма, әлде генерал Толстов өзінің туған ауылына бүйрек бұрды ма — Топайлыны майданың тірегі етіп алды. Ол қазір абыр-сабыры мол кіші-гірім қаладан бір кем емес. Жағалауында кеме, баржылар орын жетпей иін тіресіп сығылысып тұр. Жайықтан қос паром салған. Сол арқылы күндіз-түні ілгері-кейін

дамылсыз әскер өтіп, жүк арбалары тасылып қарбаласып жатыр.

Топайлыдағы уәләяттың жүк кеңсесінің адамдары қалған жүкті қашан түсіретіндерін ашып айтпады. Қару-жарактан айрылып, айрандары қара су болған жігіттер ендігісін өртеп жіберсе де бәрібір деп қынқ етпеді.

Інірлетіп паром жаққа барып қайташын Тенізбай:

— Майданда бір жайсыздық болған ба дедім? Тым қапылып жатыр. Казак-орыс қатыны өлгендей түнеріп алған. Жаңа тағы да бір лек әскер өтті,— деп келді.

Жігіттер күн-тұн демей, тоқтаусыз сабылған паром жаққа иек көтерісті. Атты әскер өтіп жатқан сияқты: паром сүйреп таңқылдаған бұксир үнінің арасынан жүген сылдыры, оқыранып кісінескен жылқы шүрқыры, қарлықкан көмейлерінің айғайы мен жеті атадан жіберіп боктасқан дауыстар естіліп қалады. Жайық өнірі, шынында да, шайқалып, толқып, қозғалып кеткендей ме: мың сан аяқтың көмескі дүбірі, қара жолдардан майланбаған арба доңғалақтарының мазаң шиқылы үзіліп-талып құлаққа жететіндей. Жайық үстіндегі алашабыр ақша бұлтқа бір батып, бір шыққан жарты ай еш нәрсені тиянақтап көрсетпей, бұл өнірді жұмбак қимыл, бұлың елеске толтырып жібергендей.

— Эй, Толстовтың үйі қайсы?— деп сұрады жігіттердің бірі.

— Оны қайтейін деп едің? От қоймақсың ба?

— Ененді ұрайынға қойса да болар еді.

Құдайдың құдіреті десеңші: көрер көзден қаймық-қандай қалың ағаш, ну орман арасына жасырынған шағын ауыл Топайлыдан күллі Жайық өнірінің шаңын аспанға көтерген майдан басшысы Толстов шығады деп кім ойлаған. Бұл күнде Топайлы жердің кіндігіндей, ал Толстовтың құдайдан бір кем емес. Оның алдында тоңқайғанда Жайық казагінің басы жерге жетеді.

Ибраһим абзи Жайықтың күмістей жалтыраған айдынына қарап тұрып, «ие, тегін емес бит» деген. Ол жоғары жақта иі қандырылып жатқан қызыл әскердің бұл күздегі жоспарынан хабардар еді.

Тұннің бір уағында баржыдағы жігіттерді Топайлыдағы уәләят жүк қоймасының басшысы еңгезердей зілқара Қалқаманның өзі кеп оятты.

— Ал, жігіттер тез жинала қойындар. Жол түсіп тұр.

— Қайда?

— Жайшылық па, отағасы?

— Жайшылық, жайшылық. Қызылқоғадан шұғыл жүк тасу керек бол қалды.

— Қазір жүреміз бе? Тұн қараңғы. Қауіпті емес, пе?

— Ештеңе жоқ. Қазір-ақ қару-жарап әкеткен керуенді қуып жетеміз. Әскер жүрген жерге не жолаушы еді. Бастарыңдан бір тал шаш түспейді.

Қалқаман үлкен лауазым иесі болмағанмен, уәләяттың арқа сүйер ерқараларының бірі еді. Әскердің барлық жабдығы соның мойнында, ақша, азық-түлік, ат-көлік сынды қыруар дәulet қолында болған соң, саясатпен шұғылданбаса да, ел арасындағы беделі уәләят басшыларының біреуінен кем дегенмен, біреуінен ілгері.

Паромнан өтіп, арбаға қатарласып отыра бергенде Ибраһим абзидан:

— Қару-жарактарың бар ма? — деп сұрады.

— Қазір қарусыз бола ма...

— Е, макұл, ендеше тарттық.

Делбешілер шу дегенде күйлі, мықты аттар сауырлары бұлтаңдалап ала жөнелді де, кос көк арба доңғалағы салдырлап келіп, қасқа жолға түсті. Алдарында жылт еткен сәуле жоқ. Ұшы-қырысыз керілген кең дала тұн көрпесін тасқып жамылып, тырп етпей жатыр. Жыңғылды дөңдер ормандай, жусанды бұйраттар шоқыдай бол ұзарып елестейді. Қасқа жол бағдары еміс-еміс көзге шалынады. Бірақ бұл жүргіншілерге ой-шұңқыры, сыр-қыры мәлім қазақ даласы ғой. Иықтарында мылтықтары шошаңдаған қос сарбаз таралғылары сартылдап іздерінен екі елі қалмай ілесіп келе жатты.

Былай шыға бере;

— Кірешілер Қараөткелге жетті ме екен? — деп сұрады Қалқаман делбешіден.

— Жоқ, жете қоймаған шығар.

— Жете қоймады деймісің? Ендеше Құлкеш ауылына дейін қуып жете аламыз ба, қалай?

— Оған дейін таң да атар. Қараларын көріп қалармыз.

— Ендеше, айда, айналайын.

Қалқаман бәз біреулердей емес, білгенін томсарып ішіне бұқпеген, жол кәдесіне жетік ашық адам бол шықты. Аяқ астынан неге бұлай болғанын жасырмай-ақ айтып отырды. Қызылдар қыркүйектегі Ілбіші түбіндегі сәтсіздіктен кейін тістерін қайрап, енді бізден жақсылық күтпендер, шыққан жерлеріңе қайтадан қазықтай қағамыз деп қаһар шашқанмен, онысы еркектің сертінен гөрі, қатын айғайға көбірек

ұқсаған-ды. Дегенмен, бір басып, екі басып мысықтабандап ішке енуін қоймапты. Қазір Жымпityға салмақ салып тұр, алмай қоймайтын түрлері бар. Сол себепті Қызылқоғадағы үкімет жүгін әуелі Топайлыға, одан Үйшікке шұғыл көшіру керек болыпты. Тығыз жол шығуларының себебі, міне, осы.

Ибраһим абзи өп-өтірік қинала күрсінді.

— Жымпityны алыпты дейсіз бе?

— Жо-ға! Әзірше аман. Әскер тартып жатыр. Әскер үлгерсе, мүмкін ала алмас та. Дегенмен, қызылдың шенгелі күшайді білем.

— Апыр-ай, ә? Қын болған екен.— Ибраһим ағзи күрсініп алып, тағы да бір сауалдың басын қылтитты.— Қызылдар бел алып кетсе, күйіміз не болмақ? Кешірім деген не сөз? Жоқ, әлде құр әншейін дақпырт па?

Бұл сауал жайсыздау соқты ма, Қалқаман ескі қышымасы қозғандай, бет-аузың уқалап алып, тіл қатты:

— Қазір бал ашу қын. Олай да, былай да болуы ғажап емес.— Ол бұрыла қарап, Ибраһим ағзидің тізесіне қолын салды.— Басшыларды болмаса, мені мен сені қайтсін, кешірер. Кешірмесе, онысын да көрдік. Қанатымен су сепкен қарлығаш құрлы жоқпыз ба? Үркердей ұлтымыз үйысып жатқан соң, қадери-қалімізше қолғабыс етсек оның несі айып? Қылша мойны талша, басқа не салса да көтереміз де.

Қалқаман аптығып өзеуремей-ак, әлдекімдердегі ауыз-бен айды аспанға шығармай, өмір шіркінді жақсы-жаманымен қаз-қалпында қабылдайтын ортаңқол қазақ азаматының сөзін айтты. Оны кінәлау қын еді. Әлден кейін әңгіме доғарылып, екеуі де бастары бұлғаңдан қалғи бастады. Мықты аттар түяқтары дүңк-дүңк етіп, сар желіп келеді. Қасқа жол белден бел асып, алысқа меңзегендей. Басқа жұрт қалғып-мұлгігенмен, жамbastарының астына бесатарларын басқан делбешілер сақ отыр. Шамалағандай-ак, Құлкеш ауылының маңында, таң елең-алаңда бұлар әскери керуенді қуып жетті. Олар да түйелерін сүмендетіп, сұyt жүріп келеді екен.

Екі-үш күзет анадайдан-ак бұлардың жолын бөгеді.

— Кімсіңдер?

— Бізбіз...

— Бізің кім?

— Әпесерінді бері жібер,— деді Қалқаман олармен жөн сұрасқаннан ештеңе өнбейтінін түсініп.

Шегірткенің айғырындай ғана оқшырайған, мық шегедей

Дінәсілов Топайлының бас қоймашысын танып, тікірейгегүй жүнін жатқызды:

— Сіз бе едіңіз, Қалеке? Жол болсын!

— Әлей болсын. Қызылқоға шықтық; бірге жүрейі деп іздеріңен қып келеміз.

— Әскермен араласуға тәртіп жок, бірақ сізге рұқсат Қасыңыздағы кімдер?

— Жүкшілерім ғой. Өз адамдарымыз.

* * *

Тәртіп солай ма, әлде көнілдеріне бірдемеден секем алды ма, жолаушылар керуенді ортаға алып, ілгері-кейін күзет қойып, сақ келе жатыр. Бұл екі аралық — даланың өлшемімен иек асты, ел іші болғанымен, жүз шақырымға созылған аты шулы сойқанды жер. Атам заманнан ұрықары, жолбасар қарақшының мекені. Жоғарғы жақта өткел бермейтін, көктемде арнасынан шығып, көл-көсір боп таситын тентек Ойыл осы араға келгенде жуасып, майдаланып барып, құрдымға сіңеді. Тайсойған құмы көлденең сұлап түсіп Ойылдың суын бір өзі қомағайлана қанша жұтқанмен, қолқасына сыймай, құм аяғында Қаракөл сияқты жалпак су, тағы да аты жоқ ондаған көл-көпшіктер пайда болған. Міне, осы ағыл-тегіл су мына құмды, шөлайт өңірді қалың ну, ит мұрны өтпейтін түлейге айналдырып жіберген. Қоғасынан аяқ алып жүргісіз, қамысы сыңсыған қалың ормандай. Жол осы сулы томар, қалың қорыстардың арасымен өтеді. Ал ол батпақты бытпылдық арасында қорсылдаған қабаннан басқа не бары бір аллаға мәлім. Әйтеуір ойдан-қырдан қашқандардың небір аталылары осында. Кейбіреулері су сүзген мұләйім балықшы боп жүр. Оның қайсысы балықшы, қайсысы қарақшы екенін біліп көр мықты болсаң. Қас-қағымда қалай үтеп алғанын білмей де қаласың.

Таң ата қалың жықпылға енген керуен қара жолды шырлап ұзак жүрді. Қез алақ-жұлак, қаруы салдыраған қаптаған әскер болса да, қай бұтаның түбінен мылтық гұрс етеді деп зәре жоқ. Бұл араның жолбасарларының бір бұтаның түбінде сығалап жатып төбеңнен тарс та гұрс жай ойнататын, тұра қашқаныңда жетегіндегі түйені жалғыз оқпен қып алатын машығы бар-ды. Мына қара жол да қарақшыларға қол бергендей қалтарыс-бұлтарысты бүқпа сайлардың үстімен өтетін.

Суға толы, сала-сала батпақты өткелдер жол бөгеп,

олар қанша ентіксе де, ашық-жарықта Кермекасқа жете алмай, екі ортадағы бекетке тұнеуге мәжбүр болды. Сау жүрістен ат-көлік бүйір соғып, қыр арқасына жүк батқан түйелер бақырып, қалжыраған қайсыбіреулері шөгіп қалып жатты.

Бекетте ине шашар орын жоқ, адамға лықа толы екен. Бұл екі ара Меккенің жолындай аяқ із басылмайтын қашанғы әдеті. Қыр қазағы шай-қант ізден, Жайық бойындағы елді мекендерге күні-түні жосылып жатады. Бекетші орнығып қалғандарды жылы орнынан қозғап, бөлмені сый қонақтарға тазартып жатқанда, Қалқаманмен бірге ішке енген Ибраһим мен Тәңізбай өздері жоғалтқан Жөресті көріп, жүректері зырқ ете қалды. Ол сақал-шашы дудадуда боп, бекетшімен гүжілдесіп тұр екен.

— Бұл не? Жалпыға ортақ бекет пе, әлде қара-төре деп мұнда да алалай ма? Жамбас ақымызды төлемеп пе едік?

— Айналайын, кешіре ғөр,— деп бекетші жалынып бәйек болып жатыр.— Эскер, әскери адамдар... оларды келеді деп кім ойлаған?

— Эскер болса қайт дейсің? Олардың ақшасының мөрі басқа да, біздің ақшамыздың мөрі басқа ма?

— Жап аузыңды!

— Аузымды жапқандай сен кім едің!

Тентек Жөрес аузына қақпак қойған адамға жалт бұрылғанда, отряд бастығы Дінәсіловпен бетпе-бет ұшырасты. Офицер оны бастан-аяқ шолып, обып жіберердей емініп тұрды да:

— Мен сені бір жерден көрген сияқтымын ғой, әй!— деді.

— Бөрік базарында кездеспеп пе едік? Неғып ұмытып қалғансың, «әй!»

— Бұл сенің қай әзілің?

— Ал сенің қай әзілің? Жеті тұнде елді дүрліктіріп... Мен бір жандарал шығар десем...

— Жандаралды қайтесің? Мен де саған жетіп жатырмын... Байландар!

— Эй, жігіттер, қойындар, болды, болды!— деп дүрдей Қалқаман араға түсे кетті.—«Ағайын тату болса, ат көп» Осы арада бәрімізге дे орын жетеді. Бекерге жүз шайыспандар.

Қалқаман ақсақалдық айтпағанда, бастарынан сөз асырмайтын тасыр жігіттердің ырғасуы немен тынары белгісіз еді. Сонда да офицер мен Жөрес бір-біріне қасқыр

беттеніп жота күдірейтуден танбаған. Жөрек офицердің жаңында тұрған өзінің қандықөйлек жолдастарын осы кезде ғана байқап, сәл-пәл абыржып қалды. Серіктепі оның неге жері тарылыш шала бұлініп тұрғанын: ешкімнің алдында бас имейтін құдай берген мінезі ме, әлде басқа бір сыр бар ма — ол арасын жете түсінбеді. Ал бұл жайғана басымнан аттатпаймын деген бөріктінің намысы болса — әнтектік еді. Ибраһим абзи:

— Жарайды, жігіттер. Түсінікті ғой. Босатыңдар бөлмені. Мырзалар шаршап келеді,— деп Жөресті қақпалап ауыз бөлмеге қарай ысырды.

Осымен дау-дамай тыйылып, үлкен қонақ бөлме мырзалардың еншісіне тиді. О, тоба, бұл адамның мыстандығын койсаңшы! Жол бойы Қалқаманды майлы шектей айналдырыған Ибраһим абзи жік-жаппар боп қолтығына еніп үлгеріпті, құдды бір, нөкері дерсің — шекпенін көтеріп, зілдей ала қоржының сүйрелеп, ізінен екі елі қалмай жур. Мырзалар жайғасысымен елпілдеп шай қоюға кірісті. Жайылып жастық, иіліп төсек болу кімге жақпаушы еді, бекетшімен қабаттасып ыдыс-аяқ тасып жалпылдаған Ибраһим, тіпті өз-өзінен тырысып-бырысқан Дінәсіловке де ұнады. Шай келгенде ол мырзалармен бірге қонақ бөлмеде қалды.

— Ас салайын ба?

Есік көзінде қол қусырып, екі бүктелген бекетші Қалқаманға жалтақтап еді, шегедей офицер көлденең кимелеп билей-төстей жөнелді.

— Жоқ, астың қажеті жоқ, шай ішеміз де жатамыз. Шөбің бар ма?

- Көп болмағанмен, азды-кем табылып қалар.
- Кірешілерге бер, көліктепіне салсын.
- Мақұл, мырзам. Бірақ ана сарбаздарының ыстық тамақ сұрап, жанды шығарып барады.

— Түк татырма! Сарбаз қонақ емес. Керек болса өздері даярлап ішсін. Қазір мен шығайын,— деп подпоручик қарадай кәрленді.

Далада нағыз сарыала күз — қазан айының жуан ортасы. Бұл өңірде қараша тумай, жел, жауын-шашын сирек, қазан сары майдай тоңазып қана тұрады. Қыс киімін кисең — ыстықтамайсың, жаз киімін кисең — тоңбайсың. Елдің сыртының ала-құлалығы содан. Ыстықтағаннан да, тоңғаннан да емес, жолсоқты боп аңқасы кеуіп қалғандықтан ба, қазір шығам деген офицер қапелімде шайдан басын көтере алмады. Жау қуып келе жатқандай, екі-үш шыны-

аяқты апыл-ғұпты ішіп, мандайы жіпси бергенде, далада шаң-шұң шыққан соң, амалсыз орнынан тұрды.

— Тұнейміз бе, әпесер мырза! — деп сұрады одан Қалқаман.

— Тұнемесек болмас. Көлік соғылып қалды. Жақын жерде ауыл болса, ылау алдыrsақ деп едім.

^{№ 7} Көзі тышқандай жылтыраған шынашақтай шағын офицер аузын қисайтып есінеді де, сыртқа шығып кетті. Далада сарбаздар мен кірешілердің, әлде кірешілер мен бекетшінің арасында бір түсінбеушілік болып, шаң-шұң әлі басылмай жатқан.

— Білші, — деді Қалқаман.

Ибраһим абзи сыртқа шығып кетіп, сарбаздардың шөпке таласып жатқанын айтты.

— Е, түге, — деді Қалқаман бетін сипалап.

* * *

Қалқаман дene бітімі сияқты бет пішімі де мол; кесек пішілген, аңқылдаған есіп сөйлегенмен, іш есебі ішінде, ауызға мұқият адам еді. Ұзак жол бой кенезесі кеуіп қалған ба — мандайынан тер моншақта, күрең шайға әлі еңсе салып отыр. Ара-тұра жан шақырып үhілеп қояды.

Далада шаң-шұң басылып тыныштық орнады: жылқыларды ауыл сыртындағы жайылымға әкете бастаған сияқты, ат тұяғының тықылы, жүген сылдыры соны айтып тұргандай.

— Пысық жігіт екен, — деді Ибраһим абзи.

Қалқаман оның емеурінін айтпай түсінді.

— Э-ә, әпесер мырзаны айтамысың. Бәрі заманына байланысты да, қазір пысық болмасаң, жеп қояды.

— Дегенмен, ұрыншақтау ма дедім. Әлгі жазықсыз жігіттерге абай-қоқайы...

— Ондайы бар сияқты.

— Бұрын танушы ма едіңіз?

— Жоқ, жыға танымағанмен, білем, сырттай көріп жүрем. Бір алыпсатар саудагердің баласы деседі.

Ибраһим аузы қышып мұны неге сұрағанын өзі де түсінбеді. Қажеті жоқ еді, әңгіме аужайын шұғыл басқаға бұрды.

— Тамақ салдырайын ба?

— Салдыр. — Қалқаман бір көккүлақты Ибраһимнің алдына таstadtы. — Аш жатамыз ба? Әпесер жемесе, кересін жесін.

Ибраһим абзи ақшаны беріп, бекетшіге тамақ салғызыды: Өзі шай жабдығын жиыстырып, қолды-аяққа тұрмай жыптылдаған жүр. Мұндайы жоқ-ты, кішіреймеуге келгенде намысы бір басына жетерлік еді. Бірақ көрші бөлмеде Жөрес отырса, жыптылдамасқа не шара. Ол дүлейдің не ойы барын: бекетке адасып келді ме, әдейі жол торып жатқаны ма? Жанындағы ұбалған-шұбалғандары кім? Жер жүтқандай әлгі Теңізбай түскір қайда жоғалып кетті?

Ол түзге шыққан бол, даланы барлады. Аттарды жайылымға әкетіпті, үй сыртынан пысқырынғаны, жүген сылдыры анық естіледі. Сақтық ойлағандары ма — екі атты жібермей, арба жанындағы шөпке койыпты. Сарбаздар түйелер шөккен жерде шашылып қалған ауыр тендерді ырсылдаған-гүрсілдеп бір жерге жиып, әбігерленіп жатыр.

— Бұларың не? Ит жер деймісіндер?

— Оны анадан сұра,— деп сарбаз иегімен Дінәсіловты нұсқап, күңк етті.— Әйтеуір, тыныштық бермейді, енемізді танытып келеді.

Ал Дінәсілов болса қара кеугімде сарбаздарды сапқа тұрғызып, басқа соққандай түгендер, жер-жебіріне жетіп ұрысып, тарыдай қуырып жатыр.

Мына пәле бірдененің ұшығын сезді ме деп, көңіліне қауіп алған Ибраһим ішке ене бергенде, Теңізбаймен қарсы жолықты.

— Анауың білек сыбанып отыр.

— Не дейді?

— Бүгін түннен шығаратын емес. Ел жатысымен сойқанды бастамақ.

— Есі дұрыс па? Сырттағы жасанған әскерді көріп пе өзи?

— Айтадай-ақ айттым, құлағына ілер емес. Барлығы ойластырылған, дайын тұр. Тек сендер араласпаңдар. Түк білмеген болыңдар,— дейді. Мынау бір қын жағдай болдығой. Не істедік, абзи?

Ауыз үйдің есігі алдынан офицердің қарасын көріп, бұлар жым болды. Ол есік көзіндегі күзетке бірдеме деп кідірмегендеге, үстерінен түседі екен. Теңізбай қаптал бөлмеге зып берді.

— Бұл жерде жыбырлап неғып жүрсің?— деді офицер Ибраһимге аларып.

— Не істе дейсіз?

— Сенделмей орын-орындарыңа барыңдар:

— Қалекене тамақ дайындаған жатырмын.

— Жеті түнде ол неғылған тамақ?— Дінәсілов қарадай

апшып, ілестіріп кірген екі сарбаздың бірін қаптал бөлменің, екіншісін төргі бөлменің есігінің алдына күзетке қойды.— Ешкім босқа сенделмесін! Тұзге шығатын болса, бір-бірлеп шықсын.— Ол Ибраһим абзиді иегімен нұскап:— Бұған жүріп-туруға рұқсат,— деді де, төргі бөлмеге енді.

Ибраһим абзи шекпендерін шешіп жатқан екі сарбазға кезек қарады да, тамақ ісі танау жарған ас үйге қарай үзады. Қонақ үймен екі арадағы дәліз қап-қараңғы екен, көзі қарауытты ма, басы айналды ма — ыбырсыған отынның үстіне тәлтіректеп барып отыра кетті, қол-аяғында әл-дәрмен жоқ. Шала қапсырылған есіктің саңлауынан саумал ауа бүркырап тұрса да, тынысы тарылып, тамақ түймелерін ағытты. Қой, бұл өлтіретін шығар, өлген шығармыз, өлмегендे не қалды енді? Е, алла, өзің жар болып, өзің ондай гөр! Оның большевик боп жүргенмен, жанықысылғанда жасырынып аллаға сыйынатыны бар еді. Қазір де ол содан басқа арқа сүйер демеу таппады.

Ол Жөрестің әлгіндегі хабарынан жүрегі тас төбесіне шығып, жаман шошынды. Есі дұрыс па? Жасанып жатқан мынау әскермен қалай шайқасады? Қапысын тапса, жарады, ал таба алмаса ше? Басыңдан қиқу кетпейді дей бер. Шаңынды аспаннан бір-ак қағады. Небір қиямет-қайымды басынан өткерген Ибраһим абзи батылдықтан құралақан болмағанмен, екі шоқып бір қарайтын саусақандай сақ адам еді. Басқалар маңайлай алмайтын талай есіктен білгізбей өтіп, талай тесіктен жымын сездірмей шықты. Оның бәрі аяқты есептеп, еппен басқаның аркасы еді. Ал мына қазақ ағайындар болса, есепке шорқақ, көзжұмба тәуекелшіл шетінен. «Е, алла, өзің онда!»— дейді де, қойып кетеді, артының не боларымен ісі жоқ... Көрдің бе, мына Жөрестің: «Қалай да бүгін тұннен қалдырмаймыз» деп тігіліп отырғанын. Не тындырады, не бұлдіреді — екінің бірі, енді қайт жоқ әйтеуір.

Дәлізге отын алуға шықкан бекетшінің әйелі мұны көріп:

— Ау, сіzsіз бе? Неғып отырсыз?!— деді.

Шектен тыс жөбірек бөгеліп қалғанын шамалаған Ибраһим абзи «басым» деп міңгірлеген болды да, оның сонынан ерді. Ас үйде ыбырсыған ыдыс-аяқ, есіктен төрге дейін шашылған жалпылдақ отын. Бекетші қазандық алдында басы салбырап үйықтап отыр. Әйеліндей көйлек сыймайтын кердең бөксе емес, тыриған арық, көзі бозарған бейшаралау біреу. Ол оянып кетіп, сылп еткізіп аузының сілекейін жиды.

- Мырзалар шай сұратып жатыр ма?
- Жоқ. Шайды тамақтан кейін ішетін шығар.
- Е, ендеше, тамақ та дайын болуға жақын, самауырды тұндырып қойдық.— Қолында шылымы бар Ибраһимге жылыстап жанынан орын берді.— Кел, отырыңыз.

Бекетші одан шылым сұрап шекті. Бекетшілік өмір — біреудің астына төсек салып, ас-суын қамдаған жалтақ өмір байғусты бая-шая ғып, сағын сындырып тастаған ба, қалай? Салғаннан тағдырына мұнын шағып, сарнай жөнелді. Қазақ десең өзіне тиеді, аунап-кунап жатып, бес тынды артық берсе, маңдайыңа шертіп береді. Ал жатқан жерін малдан бетер ластайды: өз үйінде соқыр сабақ жіпті несие шашпайтын, қара судан май қалқытын небір қытыймырлар қазынаның мұлкі, құны төленген дейді де, жаудың малындағы бұлдіреді. Бұл құдайдың жолында кім журмейді, бұл бекетте кім түнемеді дейсің: жақсы да, жаман да түнеді. Ана жылы орыстың жер шолатын геологы жатты. Сақалмұртынан адам шошырлық, жабайы дерсің. Серіктегінен адасып қалып, қаңғып келді. Ішкен тамағы үшін осы үйді, айнала қораны жөндеп берген сол, тек жатпай балаларына қара танытып кетті. Кейін білсе Орынбордан бергі әкімдердің бәрі аяғынан тік тұрып сабылып іздеп жүрген оқымысты бекзат біреу екен. Кетерінде қалай-қалай рақметін жаудырып, алғысын айтты десеңші: «жақсылығыңды өмірі ұмытпаспын» деді, Орынборға келсең тұра біздікіне түс деп, үйінің әдрісін де берді. Әне, сондай адамдар да түнеген! Ал оның есесіне — Қарасай қарапшы не көрсетпеді? Бірде адам баласы аяқ аттай алмайтын қарлы борандада осында бір жұма шықпай жатып алып, серіктегімен күндітүнге ұрып, карта ойнады. Ал бұл болса, ұйқы көрмей, аяғынан тік тұрып, күтіп-бакты. Адам — адам да, хайуан — хайуан емес пе, ал соның өтеуіне рақмет айту орнына, жанына темір күйдіріп басып, көзінен қанды жасын сорғалатты емес пе, иттен жаралған шошқа. Темір күйдіріп баспағанда немене, егер тапа-тал түсте көзін бақырайтып қойып әйелін иемденсе. Сонда мына қарабет әлгі албастының астында жатып, қыңқ етіп қарсылық көрсетсе неғылсын. Еті өліп кеткен бе, әйелі бұл сөзге елең етпей, казан сапырып, сорпаның тұзын татып тұр. Әнебір, әлде төртінші, әлде бесінші таңқы танау сол сойқанның аузынан түсे қалғандай. Оның бәрін кімге барып айтып, кімге барып шағынады. Қабырғаға қан қатып, ішқұсадан айға қарап ұлымасыңа не шара? Бекетші болған соң, айдалада жалғыз отырған соң: күнің үшін төремен де, қарапшымен

де тіл таппасаң және қын. Ағайындарың тығының шығадығой деп күндейді: өрине жаман емеспіз, ішім-жемнен тарышып көрген жоқпыз, бірақ жалғыз үй бекетшінің іш қайғысын біліп жатқан кім бар?

Бекетшілердің даланың жақсысымен де, жаманымен де жең ұшынан жалғасы болатының жақсы билетін Ибраһим оның түнеп жатқан жолаушылармен әмпей-жәмпейі жоқ па деп тамыр баспақ болғанмен, орайын тауып сұрай алмады.

— Қашаннаң бекетшісіз?

— Көп, көп болды,— деді бекетші қолын сілтеп.— Бір он жыл жайлы болған шығар.

— Е, үйренген екенсіз ғой.

— Үйренгендей болдық. Алғашқыда қорқып едік, келе-тұра үйрендік.

— Ордалы жыланның орнындаі айтулы мазасыз жерде екенсіз.

— Айтатыны жоқ. Қызыл өрттің арасы. Іргеде әкім, қоғаның арасы қаптаған қарақшы.

— Корықпай қалай айтып отырсыз? Үкімет біле ме?

— Білмегендегі... бәрі де біледі. Қолдан келер шарапары жоқ. Жаныңнан безген болмасаң, қоғаның арасына бас сұғып көр, қайта шыға алар ма екенсің, жоқ па екенсің?! Ит те болса туған жер деп отырмыз ғой. Қарақшы дегеніңді білмеймін деп әу баста-ақ басты ашып алғанмын. Маған бәрі жолаушы. Жанбасақы төле де, жата бер. Тек бұзықтық жасама. Эйтпесе бұл арада бір күн шыдата ма?

— Мына бір жігіттер жәй жігіттер ме?— деп сұрады Ибраһим.

— Кімді айтасыз?

— Әлгінде орын бермей дау шығарған жолаушылар...

— Е, ит біле ме? Мүмкін жолаушы шығар, мүмкін қарақшы шығар. Қарақшы қарақшымын деп айта ма? Төменгі Жайықтың жігіттеріміз дейді. Бұрын-соңды көрген адамдарым емес.

Ибраһим оның әрі тарт, бері жық бұлтаңынан ештеңе ұғып жарытпады. Екі ауыз сөзге келмей, көлденең біреуге сыр алдыrsa, бекетші бола ма?

* * *

Ибраһим абзи бүгінгі оқиға тап осылай аяқ астынан шапшаң шаң береді деп үш үйықтаса ойламаған еді: ас үйден қонақ бөлмеге шықса, әлгінде шекпендерін шешініп,

жеңілденіп жатқан «Алаш» сарбаздарының өліктей буылып, еденде серайіп жатқандарын көрді.

Зәресі қалпақтай бол қонақ бөлмеге жүгіре енгенде көргені: Жөрес бастаған серайғен төрт-бес жігіт Қалқаман мен офицер Дінәсіловті теңкитіп-теңкитіп буып тастап, жарға арақаларын сүйеп, шылым шегіп, өзара сыйырласып сөйлесіп отыр екен. Ибраһим «сауға, сауға» деп, Қалқаманға ара түспек болғанда, көк желкеден қонжитқан жұдырықтан мұрттай үшты. «Жұлыным үзіліп кетті ме?» деп еді, жок, әйтеуір аман екен, жапақтап Жөреске қараған, ол мұны танымайтындей сырт бұрылып желкесін берді. Жер шамның қаракеуім жарығында мұны аңдамаса аңдамаған шығар деп:

— Ау, ағайын, Қалекенде нелерің бер? Біздің әскерге қатысымыз жоқ, жәй жүрген жандармыз,— деп дыбыстап даусыс танытпақ болып еді, Жөрес:

— Буып тастаңдар!— деп қысқа ғана әмір етті.

Сырықтай серайғен дәу қараның бірі оның қол-аяғын шандып, лақтай тыптырлатып көтеріп әқеп Қалқаманның жанына ыңқ еткізіп тастай салды да, сірі етіктің жалпақ басымен құйрықтан бір тепті. Ал Жөрес болса бұған бұрылып қарамастан, бұрышта таңулы жатқан Дінәсіловке шүйлікті. Оны жағадан алып, мойны жұлынардай қаттықатты сілкілеп қойып, бетіне үңілді.

— Есің кірді ме, жоқ па, ененді үрайын! Сарбаздарыңа қаруды таста деп бұйрық бересің бе, жоқ па? А?

Дінәсілов бірдене дегісі келгендей болған соң, аузына кептелген кір-кір шүберекті босатып еді, офицер езуінен түкірік шашып қалш-қалш етті.

— Шайнапсың! Жолбасар бандит! Тоқта бәлем, сазайынды беремін әлі, тфу!

Бетіне түкірік былш еткенде, Жөрес те оны құлак шекеден аямай жатқызды. Бейшара офицердің басы қабырғаға тарс етіп соғылып, танауынан қан бұрқ ете қалды да, еденге тоңқайып құлап түсті. Жөрестер шамды сөндіріп, өзара күңкілдесіп алып, терезеден даланы бақты.

Даладағылар үйде не бол жатқанынан бейхабар сияқты. Жөрестер жүк жанында көліктерімен бірге сыртта тұнеп жатқан әскердің аңысын андыды ма, әлде біреулерді құтті ме — мойынды кеңге салғандай онша қарбаласа қойған жоқ.

Айтқандай-ақ, әлден кейін бір топ аттылы қыр астынан түйдектеле шауып шығып, лезде бекетті жан-жағынан қоршал алды. Бөріктері қазандай жарбиған біреулер.

Екпіндері мықты болғанмен, салып ұрып жетіп келуге жүректері дауамай, анадайдан айқайлап, ат ойнатып тұрып алды.

— Эй, жандарыңан үміттерің болса, қаруларыңды тастандар да, беріліндер! — деді біреуі маңылдала.

— Берілгендей, кімсіндер өздерің?

— Оны қайтесің! Қаруларыңды тастандар да, бір-бірлеп бері шығыңдар.

— Опырым! Екпінің тау жыққандай екен. Жақындашы бермен, сен маңқа!

Жатқан жерлерінен бас көтертпей бірден жапырып жібермеген соң, етек-жендерін жиып алған қарулы әскерді енді ықтыру қын еді. Оның үстіне қатын ұрыс сияқты көкмылжың тәжіке етек алып, әңгіме тіпті суып бара жатты. Енді уақыт оздырса, жағдайды қолдан шығарып алатынын сезген Жөрес бесатардың дүмімен терезені бір періп, аюдай ақырып далаға атып шықты. Серіктері іле-шала соңынан ұмтылып, аттанға айғай қосты.

— Таста қаруыңды!

— Қолыңды көтер! Жайратам!

— Қыбыр етпе!

Далаға айғайлап атып шыққан Жөрестер әскердің тебесінен гүмпітіп-гүмпітіп мылтық атып жіберген еді. Кимелеп келіп, иіріліп тұрған адайлар қиқулап лап қойды. Ағызып келіп, сойылмен онды-солды сартылдатып өткенде, сұлап-сұлап жатқан сарбаздардың ынқылдаған дауыстары болмаса, қарайған әскерден бас көтерер жан қалмады. Ет қызумен Жөрестің серіктерінің бір-екеуі де ұрылып кеткен екен, қансыраған бастарын ұстап, зар қағып жүр.

— Ененді ұрайын, ылғи ақи! Мандайларыңдағы көз бе, жарғақ па? Қарадан-қарап адамның басын жарып, не қылғаның!

— Қақсама, эй! Миң түсіп қалмаған шығар, бас жарылса бөрік ішінде.

Бөріктері қоқырайған адайлар мәз. Дүниені тәңкеріп гастағандай дарылдап сөйлеп, айқайлап күліп, қирап қалған сарбаздарды қүйрықтан теуіп тұрғызып, жіпке тізіп көгендей бастады. Жігіттер үйде байлаулы жатқандарды да көкпардай сүйрелеп алып шықты. Далада әйт-бүйт деп, бәрін иегінің ұшымен жайғап, әмір жүргізіп тұрған Жөрес екен. Жан баласының сөзін қыртына қыстырмайтын адайлар оның жарлығын екі айттырмай ұшып-қонып жүр. Ибраһим Жөресті даусынан танып, зар илеп қоя берді.

— Ау, шырағым, бізде нең бер? Әскер емеспіз, өз беті-

мізбен жәй жүрген жаңбыз. Әскермен бірге қонды деп өлтіремісің енді?!

Оны көрмей танып, мырс еткен Жөрес сақалың сипалап ырғалып тұрды да:

— Жарайды, босатындар! Бірак бекеттен шығушы болмаңдар. Бар, жоғал! — деді.

Сөйтіп, Ибраһим Қалқаманды азаптан құтқарып арашалап алғып қалды. Олар құдайына тәубә етіп, қара орындарына қайтып оралғанда, екі жігіттің офицер Дінәсіловті тыптырлатып сүйреп алғып бара жатқанын көрді. Адамның кішкентайының тырысқағы екен, далаға шыққанша арпалысып, далаға шыққаннан кейін де саршұнақша шақылдаумен болған, ақыры тілінен тапты білем, мойны жұлынғандай бір бақ етті де, біржола үні өшті.

Адайлар сарбаздарды қолдарын байлаған күйі бекетке қуып тығып, есіктердің сыртын бөренемен бекітіп, қаружарактарды тиеп алғып, таң алаң-еленде ізім-ғайым жоғалды.

Далада тыныштық орнаған соң, бір пысықай терезеден бас сұғып еді, бесатардың дүмі қақ маңдайдан сарт етіп, шалқасынан сұлатып түсірді. Артынша омырауы алқамсалқам, апайтес біреу терезеден ішке үңіліп, өңк-өңк етті.

— Тәбелеріңнен домбы жарсын демесендер, кәне, тоңқайып тырп етпей жатындар!

Тұтқындар мандаларымен жер сүзіп, етпеттерінен бүк түсіп жата-жата қалысты.

* * *

Ұзақ күн бойы тырп етіп түзге шыға алмай, бекет ішін ластап, сасытқан тұтқындар күн еңкейе ғана далаға төгілді. Шалбарларын толтырған ұяттылар ышқыр бауларын жүре ағытып, бұта-бұтаның арасына сіңіп жоғалды. Бекеттің төңірегі нәйіс сасыды.

Жандары қалып, естерін жиған ел енді-енді тілге келе бастаған еді.

— Апыр-ай, кең дүниенің қадірін білмейді екенбіз. Бір заматта зары өтті.

— Тұншығып өлеңін шығармын деп едім.

— Қап, мыналардың қорлығын-ай! Естен кетпестей

ҚЫЛДЫ.

— Эй, жігіттер, бұл-бұл ма, тірі болсаң көрерің әлі алда.

— Иә, жан қалғанына тәуба деңдер.

Танауының астынан жусанды даланың желі есіп тұрмаса, бастығырылып үйіктай алмайтын қыр жігіттері бөріктерін алып самалдап, ауыздарын керіп ауа жұтып, ырай-тырай болысты. Біреудің әйт-шәйтімен жүруге үйренген ел біртіндеп Қалқаманың төңірегіне жиылып, ақылкенес сұрап, бас шұлғыса бастаған.

Бекетші мандайын тоқпақтап, қара аспанды суға алдырып, зарлап жетті бұларға.

— Елге жақсылық істесем, жамандық болып алдыман шығады. Бұл шұнак құдайға не қылдым?! Не жазығым бар? Қор болған басым-ай, шеттей бала-шаға үшін тірнектеп жиғаным көрінгеннің қолында, тістегеннің аузында кетті-ау. Енді қайттім?!

Бекетші басқаға емес, өзге елдің арасында төбедей болған Қалқаманға қарап сөйледі. Қалекен жұлып алғандай:

— Не болды, пәтшағар?— деді.

— Не болғаның көрмей тұрсындар ма? Әне, терезе аңғал-санғал, сынбаған ыдыс қалмады, төсек-орын тұтетүте. Жерге төсейтін жалғыз кілем еді, оны да өртеп кетті. Қазынаның мұлкі еді, енді қайттім, сорлы басым?

— Қазынанікі болса, қазына өзі төлейді де.

— Үкіметің күнде өзгеріп, басынан шіріп жатса, тұтағымды төлер? Сорлатты ғой, мына хайуандар!

— Жә, қақсама!— деп Қалқаман қойнынан табақтай бір керенкені алып, бекетшінің қолына ұстатты да:— Болысыңа жағдайды өзім айтармын, босқа күймессің,— деп оның көңілін тапты.

Бекетші рақметін жаудырып, иіліп-бүгіліп жоқ болды. Қалқаман өзіне қарасты адамдардың басын жиып, атқөліктерін түгендеткен. Адайлар ұзак жолға сүйреуге ауырсынды ма, әлде мәнісін білмеді ме, солқылдақ көк арбаларға тимепті, аттары да аман, тіпті жылы қорада щөпте тұрып, тұғі жылтырап қунап қалыпты. Ибраһим абыз оларды түнде әскердің атынан бөліп алып, бекетшінің мал қорасына оңаша қойғаны мұндай оңды болар ма?!

Түн ортасы ауа буынып-түйініп, әне шығамыз, міне шығамыз деп отырғанда, таң тауығы да шақырды. Олар бекеттен ұзамай жатып-ақ түн шымылдығы түрілді: көрініс үзарып, көкжиекке көлденең сұлаған сұрша бұлтар сендей сөгіліп, таң сызаты біліне бастады. Даланың бір

жері шық, бір жері қырау, жыңғыл үкілері салбырап жылап тұрғандай, ойпат-шұңқырларға түкіріктей бозарған қырау тұрыпты. Тың, жарау аттар беті құмак, асты саз киіздей былқылдаған қара жолды жұмсақ басып, делбе салдырмай, бүйрат-бүйраттың арасымен желдей есіп келеді.

Қалқаман жол бойы жанындағы Ибраһимді қайта-қайта құшақтаумен болды.

— Айналайын-ай, сені маған арашашы болсын деп алла тағаламның өзі жіберген ғой. Сен болмағанда, күнім қараң екен. Жақсылығынды ұмытпаспын, інім. Жер басып жүрсем өтермін,— деп, бір айтқанын екі айтып, зарланып отырды.

Ибраһим өтірік-расы белгісіз, ыңғайсызданып қипаң-сипаң етті.

— Ту-у, Қалеке-ай, айта беріп қайтесіз. Жол шықпа, жол шықсан, не көрсөң де, серігіңмен бірге көр деген бар емес пе? Менің орнында өзгелер де сөйтер еді.

— Жоқ, шырағым,— деп басын шайқап болмады Қалекең.— Үйтпейді. Бас бағады. Шыбындай жаны үшін әкешешені құрбан еткенді көрді мына шыққыр көз. Не көрмеді? Бақырайтып тұрып, бірге туғанын сатқанын да көрді.

«Алаштың» ыстық-суығына араласып, талай тауқыметті бастан өткергенімен, Қалқаман тұндеғідейді көрмегендей. Сірә, қорыққаны да аз болмас, бірақ одан да гөрі жанына батқаны: тірнектеп жиған беделінің ел алдында айрандай төгіле жаздағаны. Ибраһим ара түспегенде, масқара болыш еді.

— Сен маған қосшыбала болсаң қайтеді?— деді ол Ибраһимнің жақсылығын табанда қайтаруды ойлағандай. Ештеңеден кем-тар болмассың.

Ибраһим сықсың етті.

— Онсыз да қосшыбала болып келе жатқан жоқпыш ба?

— Жоға! Басыбайлы... біржола дегенім де.

— А-а? Біржола дейсіз бе?— Ибраһим екі ойлы болғандай желкесін қасыды.— Ықыласыңызға құлдық. Несі бар, болсам болайын,— деп алып, іле-шала қайта айнады.— Ойланайын, отағасы. Салт бас, сабау қамшы болсам, бір жөн... Аяққа оралғы бала-шаға бар дегендей...

— Жарайды, ойлан.

Қалқаман біреуді өзіне жалындырмаса, біреуге жалынатындаиді адам емес-ті: жата-жармасып қолқалаған жок, жәйғана құлаққағыс етті де, қолын кіндігінің үстінен қойып, қалғуға кірісті.

Аттар Кермекасқа апаратын қара шиыр даңғыл тас-
гаққа ілікті. Сары күз сары майдай тамылжып тұр. Аспан
да, жер де, ту-у сонау көкжиекке дейінгі айнала төңірек те,
тіпті қолға үйирдай қоймалжың күн нұры да аршылған
жездей сап-сары. Қаймақтай сары шуақ киімнен өтіп,
арқаны қыздыра бастады. Оқтаудай жараған алмакөк
аттар шуақ пен жел сипаған сауырлары сары алтындей
буланып, сар желіп келеді.

Тұс әдетінде сағымға шомған Кермекастың қарасы
көрінді. Иықтары қисайып, бір жамбастап отырған дел-
бешілер ширап, жол бойы бір оянып, бір қалғыған жолау-
шылар да көзді ашып-ашып алысты. Бірақ қыр жолының
қызыл тұлқідегі бұландаш жеткізбейтін әдеті емес пе. Мұр-
жалары қарауытқан тас қала бұлар ентелеген сайын, іргені
әрі сала ма, қайтеді? Сөйтіп келе жатып жолаушылар
неше саққа жоритындей табиғаттың тосын ишарасына
көздері күә болды.

Бұлар жол ыңғайымен көл жағасына шығып еді. Арғы
жиегі мұнартып шаққа көрінетін Каракөл нұрға толып,
күмістей жалтырап жатыр. Айнадай теп-тегіс айдынында
бөгде бір сыват болсайшы. Ұйыған қатықтай кәдімгі. Аспан
әлемі ақша бұлттарына дейін ап-анық боп, айдын астында
төңкеріліп жатыр. Бейбіт салқар тыныштық, қаймағы
бұзылмаған жабайы сұлулық, мөп-мөлдір таза ауа көкіре-
гінді ашып, көңілінді тербетіп, жанынды әлдилегендей.
Олар төбелеріндегі көрер көзге оғаш әлеметті әуелі айдын
бетінен көріп, сосын барып аспанға назар аударды. Шеке
тұстарында, Каракөлдің аппақ айдынының дәл үстінде
әлде қыр бүркіті, әлде дәу қарақұс пен шүйкедей ғана
алақарға мөлдір ауаны ылайлап, қиғылық салып, апыр-
ғопыр болысып жатыр. Элденеге таласып, тұтісіп жүр ме
десе, жоқ, шағылысып жүргендері екен. Көрсін дегендей
бір емес, қайта-қайта шағылысты. Айырылып кетіп, ар-
тынша айналып қайтып келіп, қанат сабалысып тұрып
жақындасты да, сорғалап құлап барып, шаққа ажырасты.
Сонына қарай-қарай қыр асқан алақарғаның ізінен дәу
қарақұс далбаңдал еріп кетті.

— Ой, әбілет соққыр! Астапыралла! — деп, Қалқаман
жүрегін ұстады.— Астапыралла! Ұлың бар, қызың бар
мұндайды көрген кімің бар...

— Жаман ырым екен,— деді Ибраһим де.

— Айтатыны бар ма? Тфә! Тфә! Көш, пәлекет көш!
Әздеріңің қара басына көрінсін!

— Бұлардан туған кім болды сонда? — деп сұрады Ибраһим.

— Койшы, айналайын! Айтпашы! — деп аза бойы қаза болды Қалекенің.— Мал құлағы саңырау! Біз түк көрген жоқпыз.— Деуін дегенмен, іле-шала Қалекең берекесін бит басқандай боп, мазасы кетіп үнілей бастады.— Ай, заман-ай! Заман-ай! Сұрың жаман. Ақырзаман боларда еркегіне үргашысы, бурасына інгені шөгеді деуші еді. Мұндай сұмдықты кім көрген! Е, алла, өзің жар бола гөр.

Мына көлденең көріністен жаны шошыған Қалқаман ұзак жол бойы ерні жыбырлап дұға оқып, әуелі құдіреті күшті жалғызға, қалса, өлі-тірі аруақтарға сыйынумен болды.

Олар Қызылқоғаға араға бір қонып жетті. «Алаштың» қазақ даласындағы арқа тіректерінің бірі Қызылқоға қала-шығы жолаушыларды абалаған итімен, апақ-сапакта өрісінен қайткан малдың азан-қазан шуымен қарсы алды. Қызылқоға баяғы Қызылқоға емес, тыныштықтан айрылған: көше сендей соғылысқан халық, ерсілі-қарсылы шауып өтіп жатқан атты әскер, шұбалған керуен. Нар, түйелер таптырмайтын әскери көлікке айналған, жәшік-жәшік қару-жарақ, пулеметтер солардың қомдарында. Ғұмырында әскери адам аяқ баспаған қалашықта оқалы жаға полковниктер қаптап жүр. Тіпті бірлі-жарым жеңіл автомобильдің де қарасы көзге шалынады. Қызылқоға бас-аяғы бір жылдың ішінде ортағасырлық мұлгіген тірлікпен хош айтысып даңғазасы мол, әскери сабылған улы-шұлы шаһарға айналғандай.

* * *

1919 жылдың сары ала күзді Атырау-Жайық өніріне бір жаңалық әкелетіндей нышан танытқан. Орал қаласы іргесіндегі алты ай жаз бойғы текетірес екі жаққа да ауыз толтырып айтатында елеулі нәтиже бермеді. Дегенмен, қызылдар күзге қарай тегеуірінді күшейтіп, қаланың айналасын ақтардан тазартып, батыс уәләяттың астанасы Жымпityғa салмақ сала бастағп еді. «Алаштың» негізгі күштері Жымпityғa, Жайық казак-орысының таңдаулы әскери Ілбішіге топталып алып, Жайықтың қос қапталындағы жалпақ шептерін нығайтуға жан салып жатты. М. В. Фрунзе бастаған қызыл майдан қанша өнмендегенмен, Аңқатыдан әрі аса алмай бөгеліп тұрды.

Төңкеріс басталғалы құрылтай жиналысы деймісіз, ел мәслихаты, өкілдік бас қосу, бұқілқазақтық съезд деймісіз — басынан бір күн қиқу арылмайтын уәләят орталығының биылғы құзгі тірлігі ерекше қауырт. Қайтеміз, не істейміз, қайтсек ынтымағы жарасқан ел боламыз деген дабыралы, тартысты ию-қию жиналыстар аз. Оның есесіне Текеден бері лықсып, іргеге таянған қызылдарды қалай тоқтатамыз, уәләят ту тіккен орданы қалай қорғап қаламыз деген қарбалас басым. Дегенмен, дағдылы жиын-жиналыс саябырлағанмен, аяқсып біржола пышақkestі тыйыла қойған жоқ. Көкала туы желбіреген уәләят кеңсесінің алды сабылған ел, ақыл-кеңес сұрауға келген жұрт, баталарын алып, майданға аттанысып жатқан әскер. Уәләят басшылары солардың алдына дамыл-дамыл шығып, жөн сілтеп, әскерлерге аруақ қолдасын, жол болсын айтысып қалып жатыр.

Жымпityның өзі ғана емес, айнала төңірегіндегі жалпақ даланың қара жол, қасқа соқпақтарына да тегіс жан біткендей. Қыр елі, қазақ даласы аяғына мініп, қозғалып кеткендей ме, қалай? Жымпityға құйылып келіп, жайылып шығып жатқан тарам-тарам жолдар қаптаған әскер, ала-құла халық жасағы. Доңғалағы әндектен әскердің қару-жарак, азық-тұлігін тасыған ырдуан арбалар, арқасына оқ-дәрі артып, бүкендең бұлк-бұлк желген қызыл нарлар. Жол сілтеп, пәрмен беріп жүрген штабтың шабармандары болмаса, басқа жұрт мына қым-куыт аласұрған тірліктен қайда баරын білмей басы айналғандай.

Артынып-тартынып, зеңбіректерін сүйретіп Қызылқоғадан жол шықкан казак-орыстың ауыр қолының соңында бір-біріне қосылмай шоқ-шоқ боп төрт-бес жасақ келе жатыр. Солардың бірі — Тоқаның тобы. Бары-жогы — он бес шақты ғана адам. Таңқы танауының қылы едірейген Тоқа айдалада сап түзеп, қаздай тізіліп, шашау шықпай тәртіппен келе жатқан казак-орыс әскеріне сүйсіне қарап, басын шайқады.

— Орыс дегенің соғыстың тәсілін алған халық қой, ененді үрайын. Жүрістерін қараши? Адам қызыққандай. Ал біз болсақ...— Ол бұрыла қарап, ізінен екі елі қалмай бөрінің бөлтірігіндегі жалаңдасып келе жатқан балаларына көз таstadtы.— Біз болсақ, артық шоқпарды ауырсынамыз. Ал бұлар зілдей зеңбіректерін ойдан қырға домалатып

жүргендері. Соны азап деп білмейтіндерін айтсаңшы.— Тоқа қатар келе жатқан Қажығалиға иек қақты.— Қалай, балам, Ерман соғысында сен де аз сүйремеген шығарсың, орыстың бұл зеңбірегін.

Қажығали күлімдеп, ықыластана жауап қатты.

— Несін айтасыз, әке. Мындаған шақырымдар сүйредік қой. Орысың зеңбірегін сүйреп, жер түбіне баруға әзір, оны бейнет көрмейді, екібастан.

— Эне, солай! Эй, бір өлермен халық өздері.

— Орыстан үйренеріміз көп, әке.

— Әрине, оған дау бар ма?

Қарына уәләяttің көк шұға белгісін жапсырған Тоқа тап-түйнақтай казак-орыс сапына еліктегендей, белбеуін қымқа тартып, киімін түзеп, ат арқасына шашыла отырды. Жасақ ала жаздай Ойылда болып, Ойылда отырып әскер жабдығымен шұғылданған Халел Досмұхамбетовке елден әскерге жарамды жылқы жинауға, жігіттер шақыруға қолғабыс етті. Халел малыңды да, адамыңды да бірдей емдейтін оқыған дәрігер, бетіңе бір қарап жіберіп ауруыңды жазбай танитын айрықша зерек адам екен. Бұлар сол әскерге алынған адамдар мен көліктерді майдан шебіне, Жымпity, Қаратөбедегі әскерлерге жеткізіп беріп тұрды. Уәләяttың бас ордасына қауіп төнді деген соң, «Алаштың» іске татырлық барлық құштері осында жөнелтіліп, енді, міне, Жымпity келе жатқандары.

Қайта-қайта насыбай атып, көр-жер қиқым әңгіменің басын шалған Тоқа Жымпityның қарасы көрінгенде, айбатына мініп, бөрікті маңдайына баса киді.

— Ал, жігіттер, кішкене желпініп алайық!

Шаңсыз, күзгі тастақ жол серпіліп сала берді. Қарсы алдарынан маңдай сипап жұмсақ жел есті. Тоқаның оқтаудай жараған күреңі сар желіп, өзгелері бір шоқытып, бір шауып, жұптарын жазбай шағын жасақ түйдектеле жүйткіді.

— Әнгे бас! Сал ұранға!— деп желікті Тоқа.

Қажығалидың ең кіші інісі Мірғали әрі балаң, әрі ашы жінішке дауыспен шырқап қоя берді:

Аттан қазақ! Аттан қазақ!

Аттан, қазақ, майданға!

Елің үшін, жерің үшін,

Жан аяма, тұр сапқа!

Не өлерміз, не қоярмыз —

Ақ өліммен өлейік!

Еңсе басқан ата жаудың,
Әуселесін көрейік...

Бұл соңғы бір-жар жылда тізе қосып, атқа қонған «Алаш» жасақтарының жортуыл әні еді. Олар екпіндеп әндеткен күйі қаздай тізілген казак-орыс сапының жанынан салдырып өте шықты. Кәнігі казак-орыс жауынгерлері оларға мыскылды құлқімен мұртынан жымиды.

* * *

Шағын жасақ Жымпityғa еніп, бір жұма бұрын жауған жаңбырдың қағы әлі кеппеген батпақты көшелермен Орда кенсесіне тұра тартып еді, орталыққа жақындағ бергенде, көшени көлденен буып, иін тірекен қалың қузет кезікті. «Алаш» офицері бұларды көре сала қолды сермелеп қарсы жүгірді.

— Қайт! Қайт! Бұр атыңың басын!
— Уа, не бол қалды?
— Не болғанында нең бар? Кейін білерсің!
— Уа, жолдан келеміз. Қайда тоқтайтынымызды білуіміз керек емес пе?
— Кейін, кейін білерсіз, ақсақал.

Амалсыз ат басын басқа көшеге бұрды. Онда да самсаған сары қол. «Алаш» кенсесін арадан жел өтпестей ғып жан-жақтан түгел қымтап алыпты. Тоқа атынан түсіп келіп, жігіттерден жөн сұрады.

— Есенсіздер ме, жігіттер? Уа, не болып жатыр?
— Қайдансыз, ақсақал?
— Сағыз бойынан...
— Ел іші тыныш па?
— Тыныш, таныш... Бұл не тұрыс? Жайшылық па, әйтеуір?
— Жайшылық... Генерал Толстов келді. Насыбайыңыз бар ма?

Көк бүйра насыбай тандайларына татыған жігіттердің қабактары жазылып, ауыз тиектері ағытылды. Майдан шебінде бір жайсыздау уақиға болыпты. Қыркүйектің бас кезінде Елек қорғанысын жауға алдырып, қызылдардан көресіні көріп, Елек корпусы осында келген еді. Қызыл майдан Жымпityғa кез сұғын қадап, қаттырак өңмендеп тұрған соң, штабтың жарлығымен корпус Жымпityда қалдырылған. Солар «Алашорда» үкімет басшысы Жаншаға бағынбай, әлек салыпты. Тіпті жуырда Жанша корпус

басшыларымен тілге келіп қалса, командир қатты кетіп Жаншаға, қала берді «Алаш» әскерінің намысына тиетін жаман-жаман балағат сөздер айтыпты. Қысқасы, сенің өзің де, әскерің де «қүйрық сұртуге жарамайсың» деген.

Тоқа табанымен шоқ басқандай тыптырлап қалды.

— Қарай гөр, онбағандардың сөзін.

— Айтатыны жоқ. Енесін танытып жіберейік деген екен жігіттер...

— Қап! Аузын бақадай ашыру керек еді.

— Енді генерал Толстов келіп жатыр. Әлгі әпербақанды арыстабай ететін шығар.

Тоқа әңгіменің тоқ етерін түсінген соң, күзетші жігітті шала тыңдал, өзінің көкей құрт ойының шылауына өрді. «Алаш» басшылары «ел боламыз, өз алдымызға түтін түтетеміз» деп жарғақ құлақтары жастыққа тимей, тұшы үйқылары бұзылып сабылып жүр — құдайым оң көзін салып, аруақ қолдағай ләйім, ал Тоқаның өзі болса аянып қалары жоқ — соның жолында мал-жан мүккәмәлі түгел садақа. Бірақ ақылына шетін, көніліне қонбайтын бір жәйт — уәләяттың Жайық казак-орысымен ауыз жаласқаны. Уа, кешегі күні қазақтың көзінен қара қанын шүмектеп ағызған солар емес пе еді?! Ирге сыйбай отырып, көрсетпегені бар ма?! Уәләятта намыс болса, басқаны қоя тұрып, алдымен осылардың жағасында қолы кетпес пе? Жоқ, өйтпеді, түк болмағандай жабулы қазанды жабулы күйде қалдырыды, оны айтасыз, тіпті білегі айқасқан дос боп алып, айдаладағы орыстың мұжығына қас тікті. Уа, сонда бұл халық казак-орыстың жуан жұдырығын ұмытады деп ойлай ма? Мұрны иіс білетіндерден суыртпақтап сыр тартса, «отағасы, мұнда үлкен саясат бар» дейді. Онысы неғылған жұмбак саясат — басына кіріп-шықпайды.

Тоқа сәті түссе Жанша мен генерал Толстовты көріп қалайын деп, бір жігіттерден жөн сұрап еді, олар түсіндіріп жіберді. Қазіргі ел аузындағы үкімет басшылары, ел ағаларына қол бұлғап қалуға құштарлар аз емес екен. Жымпітының Оралға шығатын бас көшесі сендей соғылысып, иін тірексен қарақұрым халық. Орда басы қатын-қалаш, бала-шағасы, итіне дейін қалмай көшеге төгілген. Ұрандар, жалаулар ұстап, әлде өзі біліп жүрек қалауымен айтып тұрғаны, болмаса әдейі үйымдастырып үйретіп қойғаны белгісіз — «Алаштың» гимнін шырқаған дауыстар естіледі. Үкі тағынып, сал-сері боп киінген үйірме артистері де осында. Жиынды қыздырмалатып у-шуды көбейтіп

жүрген солар. Қылыштары саландаған милиция тәртіп орната алмай, ақырып-жекіріп, ерсілі-қарсылы тызактап әбігер.

Атты әскер қоршаған ашық машинадағы ел ағалары орнынан тұрып жапырлаған халыққа ізетпен бас иіп, қол бұлғағанда, Жымпиты көшесі қошаметшіл айқайдан күніреніп кетті. Жасасын, «Алаш!» Жасасын, Жанша! Жасасын, ерікті Ақ Жайық!

Ел едік ежелден еңсесі езілген,
Жұн туды жадырап, бізге енді
Оян, қазак, оян қазак!
Оян қазак,
Атқа қон!—

деген «Алаш» гимнінің ұраны аспанға жаңғырықты.

Тоқа тумысында елікпе, әсершіл адам еді. Ұрандаған дауыстар делебесін қоздырды ма, әлде ел ағаларына деген шын ықыласы ма — Жаншалар жақындай бергенде, өмірінде істемегенді істеп, басынан бөркін жұлып алғып, машинадағылардан көз айырмай сіресіп қатып қалды. Өзгелерден бөлектеу мына бір аттылы шағын жасаққа көзі қарақты Жанша да алабөтен пейіл білдіріп, қолын кеудесінө қойып, басын игенде, тұла бойы ысып-қайнап кеткен Тоқа қолды бұлғалап айғай салды:

— Аруақ қолдасын, інім! Алла тағала жар болсын! Халқындың бақытына жаралған ұл бол!

Көзі жасаураған Тоқа атын тебініп машина соңынан ұмтыла бергенде, милиция шаужайлап жібермеді. Қайтар жолда көңілі тасып, шарасынан асып шайқалып-төгілген Тоқа:

— Ел аузынан тастамаушы еді. Апырай, өзі де келісті-ақ екен, кішіпейілдігін айтсаңшы. Арманым жоқ, көрдім,— деп, таңдайын қағумен болды.

* * *

Уәләят кеңсесінің бөлген пәтеріне түспей, таныс татар саудагерінің үйіне түсті. Әкесінің ескі танысы Уәлитхан құшақ жайып қарсы алды. Жымпитының шетіндегі көк сырлы, биік шарбақты үйдің айлапат ауласы атқа толды. Уәлитханның үй іші, малайлары зыр жүгіріп, самауыр қойып, қазан көтерді, су тасып, монша жақты. Бау-бақша, қора-қопысысымен бір орамды түгел алғып жатқан Уәлитханның мекен-жайында баспана жеткілікті екен, жас-

тарды бөлек үйге түсірді де, Тоқаны үй иесі өзінің қонақ жайына алғып жүрді.

Моншаға шомылғанмен, ұятты дала жігіттері бір бірінен тәнін жасырып, еркін жуына алмады. Денелер тазарғанмен, арлары кірлеп, күнәға батқандай боп шықты.

Кешкі тамақтың үстінде Қажығалиды қожайынның қонақ үйіне шақырды. Әкесі мен Уәлитхан қалы кілем төселген оңаша бөлмеде жамбастап жатып, екеуден-екеу әңгіме аралап, сыр шертісіп отыр екен. Алдарында арақ шарап, қымыз, жүзім. Арақ ішкендей емес, қымызға беккендей, беттері балбырап, қызара бөртіп манаураг жатыр.

— Міне, балам осы,— деді жағасы жайлау Тоқа.

Қажығали келгенге шейін бұл туралы әңгіме болған сияқты. Көңілі өскен әкесі әр жерде мұны мақтан тұтып, көрінгенге көз қылып, көлденең тартатын қолайсыздау әдеттапқан еді, соның ұшығы ма деп ойлады. Әкесімен жасы қарайлас Уәлитхан шынтақтап жатқан күйі бұған бұрылып қарамастан:

— Алғып отыр, шырағым. Қалағанынан құйып ал, ұялма,— деді де, үзілген әңгімесін жалғастырды.

Әңгіме аужайы жалпак жүрттың үйқысын сүйылтқан ел қамы, майдан жайы. Тілеуің кесілгір қызылдардың күзбасында Електі бұзып, Ақтөбе өтіп кеткені қын болды. Қазір уәләяттың бір бүйірі үңірейіп қалғандай. Сол тесікті қалай бітеймін деп Жаншада күндіз күлкі, тұнде үйқы жоқ. Алашорда әскер басшысы полковник Ереклинцевпен бірге уәләяттың жел жағына тұтқан жыртық көрпесін біресе олай тартады, біресе былай тартады. Ереклинцев те қазақ ісіне жан-тәнімен беріліп, нанын адал ақтаған бір мыңболғыр. «Алашпен» бірге тіріліп, өлсем «Алашпен» бірге өлем дейтін көрінеді. Онысина уәләят маңындағылар сене қоймап еді, бірақ Ереклинцев адал еңбегімен сенбеске лаж қалдырмады. Қазір Жанша соғанғана арқа таңып отыр.

Уәлитхан Жаншаны да дәріптеп біраз жерге жеткізіп тастанады. Өжет, алғыр, білімді, ержүрек, тәуекелшіл, бүкілқазақтық I съезде қайтеміз, автономия жариялаймыз ба, әлде милиция жасақтаймыз ба деп «Алаш» басшылары жалтақтап, әліптің артын бағайық деп бәтуа таппай тарасқанда, Жанша автономиясын құрып, милиция тұрмак Қызылқоғадан милиция, Жымпіты мен Ойылдан жас офицерлер мектебін ашып, әр елу адамнан бір адам деп шаужайлап жүріп, әскерін де жасақтап алды емес пе? Ол

үшін жанынан қорықпайтын, жүрекке жұн байлаған батыл болу керек бит. Бәрі дұрыс еді, мына майдан жайы көнілді күпті ғып тұрған.

— Ә, қайғы еткендей ештеңе жоқ. Қызылдар Жымпитетіға неше келіп, неше кетпеді. Соның бірі де. Қойдай шулатып, қайтара қуамыз,— деді Тоқа, Уәлитханның уайымының байыбына бармай.

— Ілләйім, солай болғай да...

— Болады. Көрмеймісің қанша ел жиналғанын. Жасақтың өзі қарақұрым бір әскер. Уа, Уәлитхан бауырым, қара аспанды суға алдырған сенің зарыңа түсінбедім.

— Тоқа-ай, сіз бақытты адамсыз,— деп күрсінді Уәлитхан.

Кажығалидың пайымдауынша, саудагер Уәлитхан әріберіге көзі ашық, көнілі жүйрік, іш қыртысы қалың адам. Қатердің желі қай жақтан соққанын аңдал отыр. Ал әліпті таяқ деп білмейтін әкесі болса, иіс сезбес құр кеуде, «Алаш» үшін турып өлуге бар — мықтылығы сол ғана.

Асқа үй іші: әйелі, баласы мен келіні, бойжетіп он жақта отырған қызы түгел жиналды. Қыз әке-шешесіндей қызыл шырайлы, акқұба емес, қазак даласында күн сінді болып өскендіктен бе — қара торылау. Татардан гөрі қазаққа ұқастау. Бірақ қазак қыздарында аяғының басына қарап қалған именшек емес, ашық-жарқын, кең танауы желбіреп айналаға әдемі көзінің жарқылын шашып отырды. Қымыздың әсері ме, әлде қыздың әсері ме — Қажығалиға үй іші жарық сәулеге толып кеткендей көрінді. Осындағы сауда-саттық кеңесінде жауапты іс атқаратын Уәлитханның бас көтерер жалғыз ұлы қонақжай міnez танытып, дастарқан басын әзіл-қалжынға, көнілді күлкіге толтырып, арағын да, шарабын да үрттатып, шала мас қылды.

Ас қайырылғаннан кейін, ол әкесіне иек қаққандай болып еді, әкесі қызара бөрткен Тоқаға бір қарап алғып, жеткірініп сөз бастады.

— Саудагер болған соң, ішкені алдында, ішпегені артында, аузынан ақ май актарылып отыр дейді ғой білмеген біреулер. Көзімізге күліп, сыртымыздан жұдырық түйетіндер де аз емес бұл күнде. Қайдан білсін, ішкенің ірің, жегенің желім екенін. Саудагерге керегі тыныштық, ал мына алқы-талқы арқаға аяздай батып тұр. Саудагерсің деп қызылың да едіреңдейді, ағың да сұрағанын сол замат сурып бермесең, арқаңнан таспа тіледі. Азды-кемді дәulet көрінгеннің аузында кетіп ырың-жырың болға

айналды. Сауданы қоям ба деген ойда едім, «көрген көргенін істейді, көсеу тұрткенін істейді» деп, өмірбойы дағдыңдан бас тарту қын екен. Қолғабыс қылар адам болмай, Қызылқоғаға жүгімді жеткізе алмай қысылып отырмын, Тоқа. Кірешілерге бас-көз болар қарулы екі-үш жігіт керек еді.

Тоқа сөзге келмей, бас изеп «мақұл» деп айтып салды. Үй иелері орындарынан тұрып, әкелі-балалы екеуі оңашалғанда, Тоқа:

— Әлгі баланы көрдің бе? Осы үйдің кенжесі. Жіп байладым не болса да. Барымды шашсам да, алдым осы саудагерден бір келін,— деді.

— Кімге, әке?

— Кімгесі несі? Өзің тұрғанда, кімге болушы еді. Экенің де келін түсіріп, немере сүйер кезі келді, шырағым.

— Несіне асықтың, әке. Алдағы қырғыннан аман шығамыз ба, жоқ па? Соны ойламадыңыз ба?

— Алалап келгеннен қашсан құтыларсың ба? «От ішінде мақтаны сактайды»— аруақтар жар болғай да... Иншалла...

Олар тіркесіп далаға шығарда, болашақ келіндері кебіс салды. Танауы желбіреген ажарлы әдемі қыз шоқтай жанған көздерін аударып-төңкеріп, әлде абайсыз, әлде әдейі жігітке сүйкеніп те қалды. Қажығалидың жүрегі бұлқынып, тұла-бойы ысып өртеніп, көз алды бұлдырап кетті.

Сыртқа шыққан соң, әлде арақтың кесірінен, әлде қыздың қылығынан шала мас мәңгіріп тұрып, әкесіне құлаққа оғаштау әзіл айтты:

— Мына жіп таққаныңыз — анау-мынау еркекті емшегімен ұрып жығатын ғой.

Әкесі «хе-хе-хелеп» қысқа күлді де:

— Басқаны ұрып жыққанымен, сені жыға қоятын емшек тумаған шығар,— деп салып, талтандал әжетхана жаққа ұзады.

Қажығали шарбақтан сыртқа шығып, Жымпітының қараңғы көшесіне көз салып, әлі де абыр-сабыр, ат тұяғының топыры басылмаған орталық жаққа құлақ түрді. Қалашықтың шеткі көшелері қараңғы болғанмен, орталық орамдарына фонарь ілініпті. Соның жарығы осы жаққа да шашырап жетіп тұр. Апыр-ай, тағдыр дегенге дауа жоқ екен-ау, бұлай болады деп: Жымпітыны көрем, «Алаштың» ардагерлерімен жүздесіп, уәләяттың сойылын ұстап, атқа конам деген үш үйіктаса түсіне кірген бе еді?!

Ол есік алдындағы сәкіге кеп отырды. Іргеден ай сыға-

лады ма: аспанда маңыған алашабыр күзгі бұлттардың сұлбасы көрінді. Мына ара желсіз, тыныш болғанмен, олар батыстан шығысқа қарай құйын қуғандай түйдектеліп, жөңкіп барады. Экесі жіп байлаған қалыңдығының әлгіндеңі қылығы есіне оралды. Сонымен қабаттасып, алыста, Астраханда қалған әйелі Алиса көз алдына келді. Тар кезде табысып, қысылшанда басын сүйеген аяулы жан еді. Қажығали Алисаны әйелі ме, әлде сан тарап өмір шіркін жолайрыққа дейін қол ұстатқан уақытша біреу ме, ол арасын анық ажырата алмағанмен, оны көнілінде құдай қосқан жар қосағы санайтын. Тіпті баласы болуы да ғажап емес-ау. Бейшара аяғым ауыр деп жүруші еді. Не дегенмен, мұның татар қыздарынан салымы болып тұр.

Ал, бірақ жетелеп сүйрелеген мына тағдыр қай қырыдан шығарапы белгісіз.

* * *

Аңқаты мен Шідерті арасында ұлан шайқас жүріп жатты. Күні-тұні зеңбірек дұрсілі саябырламайды. Алма-кезек шабуылдап әзірше ешқайсысы бел ала алмай тұр ма, зеңбірек үні бір жақындағ, бір алыстайды. Кейде үрей тудыру үшін әдейі ата ма, әлде бетімен лаққан қаңғыма снарядтар ма — азыраған сүм тажал Жымпityғa жақындағ кеп жарылып, қала үйлерінің әйнектеріне ән салдырып, қалшқалш қалтыратады. Қала жұрты майдан жаққа құлақ түріп, үрпісіп отыр.

Жымпityғa жиналған жасақты майданға жөнелтпей, таратып та жібермей, жаттықтырып ширатып алмақ па. құнұзын Жымпity сыртындағы биік дөңнің етегінде әскер ойнын ойнатып, аңы терлерін шығарады. Қазағы бар, орысы бар — «Алаштың» офицерлері қаптап жүр. Қағазға түсірілген жобалармен қатар-қатар ор қаздырып, Жымпityның айналасын шұрқ тесік қып ойып таstadtы. «Алаш» өзінің бас ордасы Жымпityны қалай да жауға бермеуге белді бекем буғандай.

Қара дөңнің астындағы терең сай қаптаған әскер аттары. Әскер тәртібіне жаттықпаған арда жылқылар тебісіп, шұрқырасып, атшыларға көнбей у да шу. Окоптегілер өксыз мылтықты тырс-тырс атады да, команда бойынша ордан шұбалып шығып, сайдығы аттарына жүгіреді. Содан жапатармағай ат арқасына қонып, қылыш сурысып, әлгінде өздері жатқан орлардан қиқулап қарғып өтеді. Қазақ жігіттері борсандағ жүгіре алмағанмен, үзенгіге аяқтары ілінісімен-ақ жанып сала береді: орлардан киікше

Қарғып, қылышты онды-солды сілтелеп, командаға құлак аспай, айдалаға лағып кетеді.

Тоқалар күнұзак жаттығып, кешке әдеттерінше қонаға келсе, Уәлітханның кең ауласы абыр-сабыр: көтеріліп көшетіндей түйелер тенделіп, арбалар жүктеліп жатыр. Қала киімін тастап, басында тымақ, аяғында саптама етік — тұз қазағынша киініп алған Уәлітханның ұлы:

— Жақсы келдіңіз, Тоқа. Жол шыққалы жатырмызы, — деді.

Жігіттер кірісіп кетіп, шағын керуенді әп-сәтте жолға дайын қылды. Тоқа уәдесінде тұрып, кенже ұлы Міргали бастаған екі-үш жігітті қосып берді де, шолақ керуен ел орнына отырып, көз байланған шақта қаладан жылыстап шықты. Керуенге Уәлітханның келіні мен қызы бірге ілесіп кетті.

Қажығали мұның: жүк тасу емес, қоныс аударып қашу екенін ұқты. Әріден ойлайтын Уәлітхан: іргеден майданың түтіні шыққан соң, дүние-мұлкін қазақ даласына қарай асырып жатқаны айдан анық еді.

Екі күннен кейін оларды ойнап жатқан жерінен Қаржаубаев деген офицер алды-арттарына қаратпай, тіпті жатқан жерлеріне де соқтырмай, «бол-болға» салып талтүсте тік көтеріп алып жүрді. Жалғыз бұлар емес, екі жүз қаралы жасақ жер өкпесін тепкілеп, жүйткіп берді. Қосатты дамыл-дамыл ауыстырып мінген Қаржаубаев оқ бойы оза шауып, жалаң қылышын тәбесінде ойнатып, аруақ шақырып, әлсін-әлсін ұран салудан танбады.

— Алға! «Алаш» ісі үшін аға!

Әлгінде топ-топ болып құйғытқан қалың жасақ тұра келе мидай араласып кетті. Не болғанын түсінбей, бірбіrine жалтақ-жалтақ қарап, иек қағысады.

— Бұл не? Жайшылық па, отағасы?

— Қайдам, әскери ойынның біз білмейтін бір түрі мәдеп келем...

— Мыначыңыз әскер ойынына ұқсамайды ғой.

— Өзі қайда барамыз?

— Мен білсем, бұл Ойылдың жолы...

— Ойылда бір пәле болды ма екен? Қайтті екен?

Жолда бір түнеп, жасақ ертеңіне ғана Ойылға ілікті. Қаржаубаев түнемеде де ләм-мим ауыз ашып, сыр бермедин. Не болғанын Ойылға келгеннен соң ғана бір-ақ білді. Алдыңғы күні таң елең-алаңда Ойылға адайлар тап беріпти. Ойыл «Алаштың» екінші астанасы сияқты, майданды тың құштермен жабдықтаумен айналысқан арқа тіректерінің бірі

еді. Екі жылдан бері офицерлер дайында отырған юнкер училищесі қызыл майданның қаупі төнген соң, осыдан бір жұма бұрын жедел маршпен Жымпіты жөнелтілген еken. Мұндағы «Алаш» істеріне жауапты Халел Домсұхамбетов юнкер училищесіне жаңадан екі жұз жігіт алдырып, жедел дайындауға кіріскені сол-ақ еken. Өшігіп жүрген адайлар қаланың әлсірегенін біліп қалып, таң алдының талма тұсында тұтқылдан бас салған. Эскерге жаңа алынған, әлі сап жүрісі, әскер тәртібі, команды дегенге бастықпаған бозөкпелер не қауқар қылсын — жау шапты дегенде бет-беттеріне тұра зытқан. Халел шағынғана күзет тобымен машинаға отырып, қашып құтылыпты. Адайлар оны Қызылқоғаның орта жолына дейін атпен күшп, жете алмаған. Адайлар училищедегі екі жұз жігітті: «Елдеріңе қайтыңдар!» деп, ауыл-ауылдарына таратып жіберген де, оку орнының қару-жарағын, іске жарамды деген мүлкін он түйеге артып, Сағыз өтіп, Жем асып кеткен.

Екі күннен кейін күйрекен Ойылға Халелдің өзінен: адайларды ізінен індете қүшп, жазасын беруге арнайы тапсырма алған Қызылқоға милиция мектебінің елу шақты жасағы келіп жетті. Қаржаубаев қанына қарайып, безгек үргандай қалш-қалш еткенмен, адай даласына аттап шығуға батылы бармады. Бұлар тұрсын, аузымен құс тістеген Толстовқа құрық салдырмаған іргелі тентек жүртпен жұдырықпен сейлесіп ешкім абырой тапқан емес. Қаржаубаев уәләят атынан Буракөлде жатып алып, айла-шарғысын асырып отырған Тобаниязға өкпесін айтып хат жазып, шабарман шаптырумен ғана шектелді.

4

Жауын-шашынды қараша айы келді. Жалба-жұлба жауын бұлттары Ақ Жайықтың үстінде ерсілі-қарсылы жөңкіліп, ойдым-ойдым сіркіреп жауып жүрді де, ақыры сылбырақ ақ жауынға айналды. Атырау — Жайық өңірі дымқылды, шық-шыламды боз мұнарға малынды. Сазды тақырларға қак тұрып, ойпаңдар көлшікке айналып, қара жолдар мидай езіліп, жидіп кетті. Ойыл арнасы шарасынан шыға жаздал, күркіреп-сарқырап лайланып жатты.

Жымпітыдан келген екі жұз қаралы жасақ орда басына оралмай, Ойылда қалды. Қаланың әскери тірегі деген де — осылар. Адайлар талқандап кеткен юнкер училищесі қалпына қайтып келмеді. Откенде қашып құтылған Халел Досмұхамбетовтың Ойылға ат-ізін салуға беті бармай, талқандалған мектебінің қабырғасын Қызылқоғада қайта

қалқитуға жан салған хабарының алыс жаңғырығы құлаққа жетіп жатты. Қаржаубаев қанша жанталасқанмен, әскердің санын көбейте алмады. Олар енді Жымпитының біржола үмытып, Ақтөбе жаққа көбірек елеңдейтінді шығарды: ендігі жерде Ойылға қауіп осы тараптан еді.

Жауыны сілбіреген түс пе, кеш пе айырып болмайтын бозамық күндердің бірінде «Алаш» офицері бұлардың жатқан үйіне өз аяғымен келіп, Тоқаны шығарып алып оңаша сөйлесті. Содан Тоқа көз байланған тастай қараңғы іңірде жасағын шұғыл көтеріп, жолсызбен Ойылды өрлең жоғары тартты. Момақан Ойыл адам танығысыз: өткел бермейтіндегі гүрілдеп-сарылдаپ, жойқын толқынын аспанға шашып, буырқанып жатыр. Енді бірер күнде мына ақ жауын айылын жимаса, Ойылдың кенересінен шығып, жалпақ жазыққа аунап төгілетін түрі бар. Жолаушылардың алдынан жел соғып, жаңбыр сабалап бет қаратпай келеді. Бірақ бірде-бірі Тоқаға сауал салып, мошқаған жок, үн-тұнсіз соңынан ілесті де отырды.

Қас қарай олар ықтасын іздел шоқ тоғайға еніп еді, желден қамшау болғанмен, жаңбыр бір жауса, жел шайқаған теректер екі жауып, үстерін малмандай қылды. Сонда да олар тоғай ішіндегі қара жолдың сағыздай созылған батпағын шашадан кешіп, қара аяңмен тоқтамай жүрді де отырды. Бір уақытта алдарынан әдемілеп үйген бір мая шөп кезікті де, таң атқанша сол арадан бұйығып шыға алмады. Аттар ықтасынға үйіріліп, танауды қорсқорс тартып, жас шөпке тұмсықтарын тықты, жігіттер де маяға үңгіп-үңгіп кіріп алды. Жас шөп иісі аңқыған, үядай жып-жылы үңгірде отырып, бойлары жылыған жігіттер сәлден кейін әзіл айтып, бір-бірін қағыта бастаған.

- Енді бір маржа болса ғой, шіркін.
 - Онысын осы арада қыстайтын шығарсың.
 - Маяны жан біткендей селкілдегер едіңіз-ау!
 - Эй, жігіттер, қөңілге қиқым түсірмей қойсандаршы.
- Жеңгелеріңе жете алмай теке сасып жүргенде өзі.
- Эй, Ереке-ай! Сіз үйге қонған күні тұнімен керегелер селкілдеп билеп шығады деседі ғой.
 - Эй, ку балалар-ай! Соғыңдар!

Маяның тұс-тұсынан шиқылдаған құлқі естіледі. Тұз жүріп, дала қонып, ала-құла елмен араласып әр нәрсені көре бастаған жігіттердің беті ашылайын деген. Бοқауызды боратып, небір бейпіл әңгімелерді судай сапырады. Әсіресе орыстың «анекdot» дейтінін үйреніп алып, бір-біріне сыйырлап айтып, құлкіге кенеліп жатқандары.

Қай жақтан екені белгісіз, әйтеуір маяның бір жерінен Тоқа жөткірініп тамағын кенеді. Жақтырмағандағы ишарасы. Алғаш окоп анекдоттарын естігенде аза бойы қаза боп, құлағын басқан Тоқа қазір оған да үйрене бастаған, қалмақ мұртының шалғысынан жымып тыңдал жатады. Эйткенмен, аты үлкен емес де: жекіріп қоймаса, балалардың жүген-құрақсыз бетімен кетер түрі бар. Бұрын араспаған соң білмейді екен: орыстан боктампаз халық жоқ па деді, үлкенінің де, кішісінің де біссіміләсі — «етиаумайт». Олары өздеріне май жакқандай. Соларға еліктеп жастар жағы ауызға ерік бере бастаған ба, қалай?

Жігіттер: «Ит екеш ит те сыртқа шықпайтын мына жауында, жеті тұнде қайда барамыз? Кәмәндірден білу керек еді?»— деп еді, Тоқа естісе де естімеген болды. Содан жігіттер ауылдың шаруа-жай, қам-қарекетіне ойысты.

— Ауыл Жылықұмға көшті ме екен?

— Жантас тебіндікті таптайды деп көшірді деймісің, Сағыздың сазында бүрсендер отыр да.

— Көшпесе, мына ақ жауында малға да, жанға да қынғай.

— Шаруадан қол үздік, жалғыз Жантас жарыла ма? Шаруаны шайқалтып алмасақ жаар еді.

— Тоқаңның діні қатты екен. Ауылды ұмытты ғой өзі біржола.

Жігіттер ат пысқырығынан оянып кетіп, біртіндең танаулары пысылдаپ қалғи бастады. Құдайдың күні ертеңіне де қабағын ашпады: жалба бұлтар баяу маңып, аспаның түбі тесіліп кеткендей себеледі де тұрды. Жасақ жол дорбаларындағы құрғақ ет, қатқан нанмен оразаларын ашып, қайтадан жолға қамданды. Содан мидай езілген балшықты жолмен мұздай салқын жауын астында бір желіп, бір шауып отырып, тұс ауған кезде судан шыққан қара тышқандай боп Елек жолындағы Қарсақты бекетіне жетті.

Бекет орнында да, бекетші жоқ: қоралы-қопсылы, ат-көлік тоқтайтын далиған айлапат шарбақты дәу үй қаңырап бос тұр. Бекетші қашып кеткенге ұқсайды. Айнала төңіректе тігерге тұяқ, үрерге ит көрінбейді. Тоқа жалаңаш еденге шөп төсетіп, от жақтырып, қапшық түбінде қалған-құтқанды жиып-теріп қазан көтертті. Жігіттер малмандай киімдерін отқа қақтап, шұлғауларын жайып кептіріп жатты. Бөлме іші жылы буға толып, көк шөп иіс күштірек аңқыды. Қажығали әкесінің жанына тізе бүгіп, темекіге

қол созғанда, көк шөп үстінде ер жастаңып жатқан Тоқа ұлына бажайлап көз тоқтатты.

— Бір жерің ауырмай ма, балам?

— Жауынға ма — иығым аздап сыздайтын бол жүр.

— Е, ол сынықтың даты ғой. Ештеңе етпес, жазылып кетер. Қабағың ашылмағанға сұрап жатқаным.

— Ол енді қашанғы мінезім емес пе?

— Жоқ, бұрын ондай емес едің. Шет жерден сағыңдыңып, мұжіліп қайтқандайсың. Қайғың бар сияқты ма, қалай? Ондайың болса, жасырмай айт, балам. Әкенің біле жүргені артық етпес.

Ә-ә, не дегенмен, үлкеннің аты үлкен ғой, көзінің қарағы бар екен: көңілінің пәстігін дұрыс шамалапты. Келгелі Қажығалидың ләм-мим деп жақ ашпағаны рас, майданның қара жұмысын айтады, Карпат тауларын әңгімелейді, соғыстың сұрапылын, жол машақатын жырғайды, өзі әскер ісіне машық алып, әбден ысылған түрі бар. Қару-жаракқа қолы ұсынықты-ақ, бесатарыңды жіліктеп бұзып, көзінді ашып-жұмғанша қайта жиып береді, бірақ одан асып басы артық іс қылып, сөз шығарған жан емес. Бір бүйіріндегі Алиса жайын да жеті сандықтың ішінде жабулы үстады. Алайда ол әкесімен ебін тауып сөйлессем бе деп жүрген, соның сәті қазір өзі сұранып тұрғандай еді. Ол темекі тұтінін будақтатып, баяу күрсінді. Әңгімені алыстан толғамақ еді, сөзге шорқақ жігіттен ондай шешендік шықпады да, тоқ етерін ғана айтып салды.

— Мына жүрістерің — жәйсіз жүріс, әке. Құр әурешілік, түбінде өздеріңе зиянға шығады. Қашан айтты демеңіз, бастарың пәлеге қалады.

Тоқа көзін ежірейтті.

— Қызылдар бел алып, жазаңды береді дегенің бе?

— Соның орайы келе жатқанын неғып көрмейсіз. Қызылдарды тоқтатар күш жоқ, алмай қоймайды бәрібір. Балалардың обалына қаласыз. Жаңәбіл үрпағы тоз-тоз болады, екібастан.

— Сандалма! — деп ақырып таstadtы Тоқа.— Ондай көсемдігінді басыңа шайнап жақ. Ақылды болсан, бұрын қайда жүрдің? Кеш, кеш қалдың!

— Кеш емес, әке, қызылдар кешірім жарияладап жатыр.

— Кеш! — Тоқа аяқ-қолын бауырына алып, бір уыс болып түйіліп жатты да, мұртының шалғысын бырт-бырт сындырып, көкірегі шуылдан ауыр күрсінді.— Қайдан білейін,— деді ол әлгі бетінен қайтқандай даусы қоңырлап.— Кейде тұщы үйқым бұзылады — өзімді емес, сен-

дерді ойлан. Айттакқа еріп, шиеттей бала-шаганың обалына қаламын ба деп қорқамын.— Ол санына қыл бұрау салғандай ернін көгерте тістеп ап, жүрегі қарс айрылып aһ үрды.— Ай, сорлы қазағым! Бетінің соры бес елі қазағым! Бағың бір жанбай қойды-ау! Қайда барсаң көргенің — Корқыттың көрі болды-ау. Жолың оңғарылмады, жолыңа тікен біткендей бұл құдайға сонша не жазып ең?— Тоқаның көзінен жас шығып кетті. Ол оны сұрткен жоқ, бармақтай тамшы сорғалап барып бетінің ұшында үзілердей бол дірілдеп тұрды. Танауын тартып қойып қайта сөйледі.— Бұл дүниеге қазақ бол келіп, қазақ бол кету де қияметтің қаймына айналды. Қазақ болмай шоқынып кетсең — басыңа айналған қара бұлт бірден-ақ серпілетін сияқты. Ашып айтпағанмен, ерін емеурінімен соған итермелейтін бір күш бар әйтеуір. Сонда пайғамбар жасына келгенімде шоқын деймісің маған? Жоқ, шоқына алmas Тоқа! Қисық ағашты көр де түзете алмайды, осы қисайған күйім кеттім біржола. Іншалла, бір жөні болар деп үміттенем әлі де. Ал үміт акталмаса не шара — ауыртпалығынды әкетер қоймалдығың боп садақаңа шалындым! Әкенде екі таңдау жоқ. Барым да, нарым да осы.

Қажығали әкесіне қарады да қойды. Пәлен-түген деп сөз термеді: әкесінің азған-тозған жүрттың басын құрап, ел етемін деп жар салып, ұран шақырған «Алашқа» әулиедей табынғанын, ол жолдан шыбын жанды садақаға шалса да тайынбайтынын бұрын да білетін, қазір тағы да көзі жетті. Әкесі танауына насыбай атып, елтігені ме, ойға шомғаны ма — көзін жұмып үнсіз жатты.

* * *

Биылғы күз уәләят үшін айрықша жайсыз басталды. Елек қорғаны сыр беріп алды да, қызылдар Ақтөбені алып қойды. Оның ар жағында тағы нені алғаны, қазақ даласының қай қиырына дейін шұбалып жеткені бір құдайға аян. «Сенгенім сен болсаң, мүйізінді үрайын»— Жайық казак орысының тіріде іргені жауға бермейді деп бөркін қазандайғып жүрген, ең сенімді тірегі — Елек корпусы ері мойнына кетіп, қазақ даласына азып-тозып оралды. Мейлі ғой өлмесе тұрмасын, оған кімнің қабырғасы сөгілер дейсің, бірақ жанға батқан бір жаман жері сол — қызылдар уәләят шебіне кеп сүйкенді. Енді «бәлем, сені ме» деп, қабақ тігіп отырғаны анау. Аңқаты — Шідерті арасында күш байқасқалы да біраз болды. Жә, бітіспес жаудан не қайыр, ал

мына адайлардың қорлығын айтсаңшы: белқасты, желкеден ұрғандай талдырып түсірді. «Жау жағадан дегенде, бөрі етектен» деп, уәләяттың береке-бірлігі шайқала бастағаның басы осы болмаса қайтсін?! Мұның соны қайда апарып соғары бір құдайға ғана мәлім... Міне, айдаладағы бекетші де қашып кетіпті — кеме апатқа ұшыра尔да алдымен атжалман безетінің кері болмаса неғылсын? Кеше кешкісін оңаша шығарып алып сөйлескен белгілі «алашшы» Қаржаубаев: Қарсақты бекетіне барып тос, біреулер келеді, солардың жанында болып, амандығына басыңмен жауап бересің деді. Қарсақтыға келетін кімдер? Бұл не құпия? Апрай, дұрыс болсын, теріс болсын — анық басып, ашық сөйлейтін тірлігі түсініксіз жұмбаққа айналайын деді ме, қалай өзі?

Сіркіреген ак жауын тыйылмады да, күткен адамдары — мұздай қарулы бес-алты кісі сығып алғандай су болып, екі күннен кейін тұн ортасы ауғанда ғана тәбе көрсетті. Орталарында қатырма ак жағасының қыры сынбаған, қою қара сақал-мұртты, күміс көзілдірікті Халел Досмұхамбетов. Мұндай кездесуді күтпеген жігіттер өре түрегеліп, «Халекелеп» қызмет қылды. Халел киімін жаңартып, түк көрмегендей ине-жіптен шыққандай жап-жаңа болп отырды.

Ертеңіне де олар кешке дейін бекетті паналады. Ак жауын қара жерді кір жуғандай аппақ қып, көбігін шығарып, көпіртіп жіберді. Ойыл ойпаң тұстарда арнасынан шығып, жалпақ далаларға жайылды. Тұс кезінде тамаққа отырарда уәләят басшысының нәкерлері — өңкей «Алаш» офицерлері Халелді таба алмай аяқ астынан абыр-сабыр болды да қалысты.

- Ойбай, қайда кетті?
- Қайда? Іздендер, ойбай!
- Кең қоныш қазақшылық-ай, ет иісі шықты деп естерің кетіпті ғой, есалан түгелер.
- Да, Халелді біреу жер деймісің?
- Сен не білесің? Аңдықсан жауы аз ба еді азаматтың? Кәне, атқа қоныңдар?

Жау жоқта аттандалап бекерге әбігер болыпты. Халел ешқайда кетпепті, тіпті бекеттен ұзамаған да, суат маңында Ойылдың лайланып көпіршіген арнасына телміре қарап отырған жерінен тауып, бекетке ілестіріп алып келді. Оны жар басынан басқалардан бұрын көрген жасақшы Тоқаға оңашалап сыр шертті. Халел Ойылға қарап көз жасы тамшылап жылап отыр екен. Таң қалған Тоқаның көзі дөп-дөңгелек болды:

— Ойыр-ай, рас па?

— Оллаңи, рас, Тоқа. Біреу айтса сенбес едім. Өз көзіммен көрдім. Онысы несі екен?

Тоқа түсіне алмай бас шайқаған да қойған. Інір қараңғысында жидіген жолдың балшығын ат тұяғымен жалпайта кешіп, өкірген Ойылдың бойымен жоғары өрлең келе жатып, кенеп шепкенге бүркенген Халелге көз салған Тоқаның ойынан жаңағы сөз шықпай-ақ қойды. Апыр-ай, не болғаны бұл? Ел аузына қараған азаматтардың да қабырғасы сөгілейін дегені ме? Қара алbastы қатердің басқа төнгені ғой, ендеشه? Бой жасырғандай болып түнделетіп келе жатқандары мынау. Кайда барады — ёшкім білмейді, белгісіз бір құпия.

Олар әр жерге түнеп-қонып, екі тәулік бойы осылай салбырап жүрді де отырды. Аттарын жәй бастырып, жол аяңмен асықпай жүрді. Екі күн дегенде алдарынан бір топ қызыләскер жолықты. Олар тоғай ішіндегі орманшы үйіне қарай бастады. Бұлар ат арқасынан сыпрыла бергенде бастарында шошақ бөрік, үстеріне етегі жер сипаған ұзын шекпен киген бір топ салтатты құйынданып келіп, аттарынан сау-сау түсे қалысты. Араларында әсем, келісті киңген қазақ азаматтары да бар. Көзі тұздай, жамбасында қылыши салаңдаған, жігерлі қабасақал командир жетіп келіп, Халелге басын шұлғып ізет етті де, үйге кіруді өтінди. Үйге бар-жоғы төрт-бес адам ғана енді де, басқалары есік алдында екі дай боп, қарама-қарсы сап түзеп тұрды. Қызыл командирлер өз сапының, «алаш» офицерлері Тоқа жасағының алдында ерсілі-қарсылы сенделіп жүр. Қандарын ішіне тартып алған, тілдерін жүтқандай «ым-м» деген үн жоқ. Басшылары сөйткен соң, не жорық — «Алаш» жасағы да көздерімен ішіп-жеп, маңдайынан сүйк сүзілген қызыләскерлерге іштен тынып, жаман көзben осқырына қарайды. Айт десе, тұра ұмтылып бірін-бірін тұтіп жібередей.

Тоқа — бұл не әскер арасындағы тұтқын алмасу рәсімі ме, әлде басқалай себебі бар ма — түкке түсінбеді. Тек сұқаны сүймейтін қызылдармен көрер көзден жыракта оңаша жасырын кездесу ішіне қонбай, қалмақ мұрты жыбырлап кетіп тұр. Бір ши шықса, осы адырақ көз қалмақ мұрттан шығар дегендей, қызыл командирлер бұл жаққа көбірек жалтақтап, «алаш» офицерлері де оның алдын кес-кестеп орағытумен болды. Ал Тоқаның болса сырт көзге ғана түрі түрпідей демесен, шатак шығару каперінде жоқ, өз ойымен өзі боп жүдеп тұрған.

Аспанның түбі тесілгендей қара күздің ақ жауыны дағдылы бұрсаңынан таңбады. Әуден кейін екі жақ та судан шыққан қара тышқандай болды. Сонда да бір-біріне төзімділікке серт еткендей, иектерінен тамшы сорғаласа да, қазықтай қағылған орындарынан бір айнымады.

Кездесу көз байланы аяқталды да, олар тұннің қолайсыздығына, жолдың ауырлығына қарамай, жаңбырлы тұнді бетке алып, қайтадан жол шықты. Күн жүріп, тұн жүріп, Ойылға іліккенде, Қызылқоғаға дейін бірге барасындар деп, Токаларды босатпады. Сарқыраған Ойылдың көпірінен өтіп, Қызылқоғаның жолына тұскен бір орайда үзенгі қағысып қаптарласып қалғанда, Тоқа Халелге көңіліндегі түйткілдің ұшығын айтып салды:

— Халел шырағым, қызылдарға ұрланып барып, ұрланып қайтқандай бол келесің. Мәнін ұқпадым? Олармен дәм-тұзымыз озалдан қарсы емес пе еді?

Халел қалмақ мұрт, арсың-гүрсің қыңыр шалдың төбеден тұскендей сөзінен шошып қалғандай болды да, өнін сұрландырып алып, біраздан кейін ғана ыңыранып тіл қатты.

— Бәрі халықтың қамы, өздеріңің қамдарың, ақсақал.

— Е, сонда біздің қамымызды большевиктермен бірігіп ойлайтын болғансындар ма? Жетіскең екенбіз, жетістірген екенсіндер.

— Койсаңызшы, ақсақал,— деп офицерлердің бірі атымен екі араға кимелеп оны шеттетіп жіберген, алайда Тоқа ер үстінен ентелей түсіп айтартын айтып қалды.

— «Алаш» деп ұрандаған соң, сөздеріңе сеніп, соңдарыңа ердік. «Алаш» үшін жан пида дегенбіз. Айтқанымыз айтқан! Шыбын жан кеудеден бір-бір ұшса да, енді қайту жоқ. Елдің сенімін шайқалтып, үмітін алдай көрмендер! Осыны ойландар!

— Элбette, ақсақал. Оған сөз бар ма.

Екі беті ду етіп ысып кеткен Халел еңсесін көтере алмай, көзін жасырып, басын шұлғыды. Мына қалмақ мұрт шал аш бүйірден біз сұғып алғандай, белқасты. Жүрегі жаншылып, жаны қақсаған Халел абайсызда шашу ұстағандай ыңырсып та жіберді. Кеше ғана ұран шақырып «Алаштың» туын көтерген азамат — осы сапар бармаспын деген жерге амалсыз барып, қызылдардың алдына жығылып, «Алашқа» бітім, елге кешірім сұрап келе жатыр еді. Онысы, тізерлеп, еңіреп сұрап алған кешірімі — мына шалдың сөзінен кейін кешірім емес, халық арманын, ел үмітін сыртынан сату сияқты көрінген. Ол танып, біліп алайыншы

дегендей, ер үстінде жамбастап артына бұрылды. Қалмақ мұрт, шоқша сақалы су-су, таңқы танау кеспірсіз Тоқа әкі иығын қайғы жаншығандай, ат арқасында теңселіп тұқырайып келеді еken. Бұған басын қөтеріп қарамады. Халел оның жүзіне сүйсіне көз тоқтатып, ер үстінде қайтадан түзеліп отырды. Жер дүниедегі жанына балаған ең жақын адамы, асылы да, қимас қымбаттысы да сол көрінді. «Е, қайран жұртым, қазағым,— деді ол.— Жок, дей алмаймын, барсың, тірісің. Ішің жатыр қыз-қыз қайнап. Белқасты, атылмаған жанартаусың. Бойындағы сол қуатың жеткізер-ау сені түбінде мұратқа. Дұрыс жол сілтей алдық па, жок па, білмеймін, әйтеуір сенің бақытың үшін аянып қалған жеріміз жок. Қатеміз болса, кешіргейсің, халқым! Гарихтың өзі қателік сабағы емес пе?! Біздің қателігіміз кейінгі үрпак, сендерге, сабақ болар, бәлкім!»

* * *

Жайық майданының биылғы күзгі жағдайы талайларға ой түсіргендей еді. Жаз бойы Орал үкіметі мәмілеге шақырғанда, сірекіп илікпеген «Алаш» уәләят шекарасына ала бұлт айналғалы қайғы жеп, ойы онға, санасы саққа бөлінген. Қызыл майданның актық шабуылға шығып, қайтып ес жиғызбастай қоғадай жайпап өту үшін, күшін жиып жатқанын да біліп отырды. Толағай басқа қатер бұлты мықтап төнгені анық еді. Ашынған қызыл майдан уәләяттығана емес, жазықсыз елді жайпап жіберуі ғажап емессті. «Алашшылар» оңаша бір мәслихатында өзіміз құрысақта, жазықсыз ел құрымасын деп қызылдармен астыртын мәмілеге шығуға мәжбүр болған. Халел Досмұхамбетовтың бұл сапары — сол алғаш аужай аңдысып, тамыр басу еді. Ол жер болып, түңіліп қайтты. Қызылдың едірең көз, қаба сақал Фрунзе деген басшысы әй-шәйға қарамай, қаруды тастап, толық тізе бүгуді үзілді-кесілді талап етті.

Не дегенмен, Халелдің осы сапары мәмлеке мұрындық болды. «Алаш» қаруды тастамай, қызылдармен келіссөз жүргізе отырып, ақыры өздерімен баяғыдан қырын қабақ Елек корпусын тұтқындалап, қызылдардың жанына жағатын іс тындыра бастаған-ды. Бірақ ол оқиғаға дейін әлі де бір айдай уақыт бар еді.

Ибраһим абзилер ешқайда бұрылмай тура керуен сарайға келіп ат басын тіреді. Керуен сарай қаладан бетер ығыжығы, бөксе басар, ине шаншар жер жок. Дәу қыш дуалдың іші боздаған түйе, кісінеген жылқы, ырдуан құпшегі шиқылдаған арбалар. Біреуі келіп, біреуі кетіп, мидай сапырылысқан ел. Қонак үйден орын жетпеген жолаушылар ашық аспан астында, дуал іргесінде көліктерімен бірге түнеп жатыр. Біреуді-біреу танып болмас айғай-шу, даңғаза, салғыласқан ұрыс, қызылшеke төбелеске бергісіз қолын шығарып, бұтын саптаған лас балағат.

Бұлар аузы-мұрнынан шыққан керуен сарайға сыйылысып енгенмен, бас сүйер орын табуға онша қиналған жоқ. Қалқаман керуен сарайдың кеңсесіне кірді де, бәрін жайғастырып шықты. Аттарына ақыр, өздеріне бір кең бөлменің бұрышынан төсек табылды. Қалқаманның өзі қаладағы таныстарына тоқтады. Бірер жерден жалпылдақ май шам жағылған қаракөленке бөлмеде төрт-бес ерек етікшен, сырт киімшен сұлап түсіп үйіктап жатыр. Тіпті бұлар келіп, жайғаса бастағанда да, біреуі мияулатып жел шығарғаны болмаса, кімсіңдер деп басын көтерген ешқайсысы жоқ.

— Өй, ененді! Сәлемдескен түрлерін қараши! — деп делбеші жігіт танауын басып шиқ-шиқ құлді.

Оның қай жерінен құлкісі келіп тұрғанын. Жолсоқты боп келген жолаушылар етіктерін шешер-шешпестен текеметтің үстіне қөлбей-қөлбей кетісті.

— Аңқа кеуіп қалды, шәй қарастыршы, інішек. Жақсылығынды ұмытпайық,— деп бәрінің атынан Тенізбай тілек білдірді.

Бұл араның ымы-жымына көзі қанық делбеші жігіт жоқ болып кетті де, артынша шәйнегімен бір қима қас күлегеш келіншекті ілестіріп келді.

— Өздерің құйып ішесіңдер ме, жігіттер, әлде өзім құйып берейін бе? — дей келіп, сәкіге тізе бұкті әлгі келіншек.

— Шынашағынды шошайтып, өзің құйып бергеніңе не жетсін, жеңеше.

— Ойпырым, жеңешешілін бұның...

— Е, енді қалай? — Соның арасынша келіншекке әукесі түскен делбеші жігіттің көзі майланып, жалпақ ерні жайылып кетіпти.

— Өңдерің бөтен; бұл жерде бұрын болмаған азамат-



тарсындар ғой, шамасы,— деп келіншек жолаушыларға бір қарап алып, шай құя бастады.— Қаласандар, өзім-ақ қүйип берейін.— Сосын делбеші жігітке бұрылып:— Осы сен, сары бала, көрген сайын жеңге деп желімдей жабыса-сың, қалың малын төлеп, қай ағаңа өз қолынмен алып беріп едің?— деді.

— Бір ағам ерттемей жайдак мініп жүрген шығар да әйтеуір.

— Үйбой, баламысың деген. Мен сені бірдеменің иісін сезіп жағалап жүр ме десем, дәм болсын, босқа далактаң жүр екенсің ғой.

— Жауыр болғандай, жеңгеліктен неге қаштың? Жең-генің бір бұты — ағанікі, бір бұты қайнынікі деген қайда?

— Қарай гөр өзін! Ондайдан да дәмең бар ма еді? Кәне, қатын аларынды ұсташы, байқап көрейін.

Келіншек делбешіге қолын ала ұмтылып еді, бала жігіт шоршып тұсті. Қима қас келіншек сыңғырлай құлді де, «ал, жігіттер, өздерің қүйип іше беріңдер» деп, етегі көлбендең есікке беттеді. Ыстық таба нағмен бірге келген күрең шай, қима қас әдемі келіншек, дөрекілеу болса да ауыл адамдарына кет әрі емес әзіл-қалжың қабағы кату жолсоқты жігіттерді әжептәуір серпілтіп тастады.

Елгезек делбеші жігіт келіншектің орнына отырып, шай қүйды.

— Ішіңдер, ағалар! Шөлдеген шығарсындар. Қазір тағы әкелем. Қысылмаңдар, бәрі тегін, акшасы төленген. Қалекең азамат қой: бәрін өзі жайғап, есептесіп кетіпті. Тамақта әзірленіп жатыр.

Олар шай ішіп, ас жеп, енді қайтеміз, қисаямыз ба деп отырғанда, бір бай киінген, шалғы мұртты, аксары адам кіріп келіп:

— Эй, тұрындар!— деп үйықтап жатқан жігіттерге айғай салып еді, олар қыбыр етіп түяқ серіппеген соң, қамшысының сабымен тұрткілеп оята бастады.— Ей, енерлеріңді пәленше етейін. Қашанғы жатасындар жамбастарың шіріп. Тұрындар! Жүретін уақыт болды. Көлік қаңтарылып күтіп тұр.

Жігіттер бастарын көтеріп, арп-арп етті.

— Үш күннен бері басымыз жастыққа тигені әлгінде. Өл деймісің? Өлтіремісің!

— Өздерінде иман жок екен. Аяушылық деген бола ма?

— Доғарындар, кәне!— деді аксары қызыраңдан.— Менің шаруамды істегендей бұлданасындар ғой, тіпті. Атқарсандар үкіметтің борышын атқарып жүрсіндер. арпыл

дасандар соған арпылдандар! Мен бір алабөтен жетісіп жүргендей. «Әңгімे бұзау емізеді, бұзау таяқ жегізеді», кәне болындар!— деп, мырза есікті қатты серпіп шығып кетті.

Кірешілер боктана-боктана орындарынан тұрды. Әсіресе әлгінде жел шығарған жалпақ қара тұлданып алған: саптама етігін тепкілеп киіп, «Алашты» жеті атасынан жіберіп отыр. Серіктері: «Жәке, қойыңыз, қайтесіз, қазір тілден жазып жатқан аз ба?»— деп басу айтып еді, жалпақ қара. «Мә, өл де маған! Шауып ал»,— деп саусағын шығарды.

* * *

Бастары жастыққа тиісімен жолсоқты болып келген жолаушылар ауызды аңқайта ашып, жарыса корылға басты. Тенізбайдың өзіне қарамай, мұндайды жақтырмайтын шікемшіл әдеті бар-ды. Ұйқысы бұзылып, аунақшып дөңбекшіп жатты да, ақыры болмаған соң далаға шықты. Керуен сарайдың кең ауласы жын көшкендей ыю-кию. Құнұзын бір сейілмейтін келім-кетім тұнге қарай тіпті көбейе түскендей. Тенізбай бей-жай қамсыз адамдай әдетінше езуге шылымды қыстырып алып, қолды қалтаға салып аула ішінде сенделіп жүргенмен, көңілі құрғыр күпті.. Ұйқысын шайдай ашқан да сол жәй ма, кім білсін. Откенде бекеттегі ойбай қырғында Жөреске еріп, шамадан тыс артықтау қимылдалап қойғаны бар. Көз қырына да көбірек іліккен сияқты. Сөйтіп отырып, салып айдал «Алаштың» ту тіккен ордасына жетіп келді: сор айдал келмесе неғылсын?

Тастай қараңғы, қарсақтың ініндей қалтарысы көп керуен сарайдың қонақ үйінің дәлізінде бөлмесін таба алмай Тенізбай адасып кетті. Ана есікті де, мына есікті де ашады, жоқ, өздері жатқан бөлме емес, мұлде басқа. Біреулері кереуетті, жиһазды, сән-салтанатты, екіншілері — кір, лас, ел қоға тәсеніштің үстінде айқыш-ұйқыш айқасып жатыр. Сөйтіп жүріп ол бір таң-тамаша сауықтың үстінен түсті. Кәдімгі той-думанда жастар арасында ойналатын «ақшам», «көрші» ойыны дерсін. Бір еркек бір әйелден тізе басысып, жағалай тізіліп отыр. Еркектерге ақша жасыратын қыз да, қыздарға ақша жасыратын жігіт. Көрер көзге бір оғашы — ақшаны алақанға салмай, ышқырға тығатыны. Жігіттің қолы жақындағанда қыздар етегін басып бажылдалп, ал қыздардың қолын жігіттер оңайлықпен босатпай мәре-сәре. Шыңғыру, бақыру, сылқ-сылқ күлкі, еркегінде де,

Ұрғашысында да ес жоқ, езулерінен сілекейі шұбырып, талып жығылудың аз-ақ алдында жүр.

Теңізбай мына бір есірік ойынды аяғына дейін көре алмады. Танауы астынан есік сарт етіп жабылды да, ұзынтура біреу жауырынымен есікті қалқалап тұрып алды.

- Саған не жоқ, жігітім?
- Жәй, әншайін...
- Қайдан жұрсің?
- Осында жатырмыз. Есіктен адасып қалыптын.
- Ендеше барың.— Ұзынтура кеудеден қақпалаған соң, Теңізбай бұрылып жүре берген, ұзынтура оны женінен тартып қайта тоқтатты.— Мүмкін ойынға қатысқың бар шығар?
- Ол үшін не істеу керек?
- Он сөлкебай...
- Керен бе, Николай ма?
- Екеуі де жүрмейді, тек сөлкебай:
- Қымбаттау екен.
- Сені мен менің ойным емес, қалталылардың ойыны.
- Сонда, ақыры не болады?— деп сұрады Теңізбай қызығып.

Ұзынтура алақанын жайды. Теңізбай оның қолына қалтасының түбіндегі екі сөлкебайдың бірін тастады. Жігіт оны қаптал есікке қарай қақпалай беріп, қысқа ғана баян етті.

— Бұл «Дамбал бау» деген ойын. Басын көрдің ғой... қызығы алда. Қазір бір қыз, бір жігіт орнынан тұрып ортаға шығып, ақша іздейді. Ақшаны дәл тапса, жігіт қыздың, қыз жігіттің дамбалын шешеді. Таппаса, өздерін шешіндіреді. Сөйтіп, бәрі де тыржалаңа қалады. Түгел жалаңаштанған соң, шам сөнеді. Одан кейінгісі белгілі ғой...

- Сонда бұл еркек, әйелдер кімдер?
- Кімдер дерің бар ма? Жалпақ даланың жайсандары мен жампоздары. Шүкір, әуесқойлар табылады, жеткілікті.

Ұзынтура оны шығарып жіберіп, есікті жауып, ішінен үлмектеп алды. Теңізбай көзімен көріп, құлағымен естігенге сенер-сенбесін білмеді. О, әсекет алла, ақ тоба! Біреулер ел деп, жер деп, жан алып, жан беріп аласұрып жүр, ал мыналар болса, көніл құртын күйттеп, өз әкәу-сәкәудерімен мәз. Аспаннан, қүй, тас жаусын, мейлі бәрібір. Қаланың айтатыны жоқ, не сүмдық нәжістік пен кісәпірліктің хан базарына айналып бітті ғой, енді, міне, сол індет далаға да жұғып, іштен іріп, азғындей бастапты. Адамзат

тозарында не лас, не жаман соның бәріне үйір болады деуші еді — мынау соның басы болмаса неғылсын?

* * *

Далада, көліктерінің жаңында, тұнеп шыққан делбеші жігіттер таңертең шай үстінде көрген-білгендерін айтты. Не пәле болғаның: тұнімен ит пен әскер жатпаған, содан таң алдында қалың әскер лек-лек боп, Ойылдың қара жолына түсіп, шапқылап кеткен. Делбеші жігіттер не болса да, бір пәле болды, қызылдар көліп қалып жүрмегей деп кәдімгідей қауіп білдірді.

Енді не істейміз, жамbastap жата береміз бе десіп, жігіттер шайдан кейін түгел көтеріліп, далаға шықты. Керуен сарай тұндеғідей емес, шамалы сиреп қалыпты. Какпа алдында доңғалактары ілініскен өгіз арба жаңында төрт-бес адам гана даурығысып жүр. Оларға қайрылып қарап, мән беріп жатқан жан баласы жоқ. Күн райы кешегідей емес, аспанның теріскей жағына бұлт айналып, аудан жағымсыз дымқыл демі сізіледі.

— Күз басы шындаپ көрінді білем. Жауын болмағай еді,— деді Ибраһим абзи аспанды айнала шолып.

— Енді не сын бар? Мезгілі болды ғой.

— Иә, бәрі мезгілімен болғанға не жетсін. Аллаекем көлденеңін сақтай көрсін.

Топталып келе жатқан бұларды танып жем дорбамен сұлыда тұрған бір-бірінен айнымайтын алмакек аттар оқыранысты. Олардың суаратын уақыты болып, шөліркеп тұрғандары белгілі еді.

— Не істейміз? Қалекең қайда екен? Хабарсыз кетті ғой өзі,— деді мазасызданған Тенізбай:— Қайда болушы еді?— деп делбешіге бұрылғанда, делбеші:

— Келгенде түсетін пәтері бар, сонда шығар,— деді де қойды.

— Пәтері ме, әлде тоқалы ма?

— Қайдам... Қазір етегіне намаз оқитын адам бар деймісің?

Олар көр-жерді әңгіме ғып тұрғанда, көк күйемен Қалқаманның өзі де жетіп келді. Көзі қанталап, қабағы ісініп кетіпті — тұнімен көз ілмеген, үйқысы шала адамның түрі.

— Аман бармысындар, жігіттер,— деп ол көңілдене сәлемдесті.— Жәйлі жатып, жақсы тұрдындар ма? Карындарың ашқан жоқ па?

— Рахмет.

— Өкпе жоқ. Ризамыз.

— Е, ендеңе бопты! — Ол аузын толтырып есінеп алды да, бірден-ақ шаруа қамына кірісті. — Көлік жағы қын болып жатыр. Қалада ат-арба атымен жоқ. Өздеріңе салмақ түсетін түрі бар. Бері жүріндер.

Ол күймеде, бұлар жаяу шаруа жайын әнгімелеп, керуен сарайдың бір бұрышындағы қоймаға келді. Қисық қақпанаңың ар жағындағы ашық аулада қирап, сыннып булінген арбаның неше атасы үйіліп жатыр. Соларды аралап жүріп:

— Осыларды іске жаратпасандар, басқа лаж жоқ. Екі-үш ұста, қолғабысқа төрт-бес кісі қосармын. Өзің бас бол, шырағым,— деп ол Ибраһим абзиге иек артты.

— Oho! Бұл ұзақ шаруа болды ғой, Қалеке.

— Басқа амал жоқ, қарағым. Көлік атаулы майдан шебінде. Жоққа жүйрік жеткен бе.

— Тұнде осы әскер жатпады деп жүр жігіттер. Тыныштық па, әйтеуір? — деп еді Ибраһим абзи, Қалқаман:

— Әскер болған соң, бірі кетеді, бірі келеді. Оны қайтесіндер. Біз бен сіздің шаруамыз қанша оларда. Ісімізді білейік. Тек жүрсөң, тоқ жүресің, — деп біртоға жөн ақыл айтты.

Кешікпей ұсталар да, қолғабыс ететін жұмысшылар да келді. Қолақы жөні Қалқаманмен ауызба-ауыз келісілген соң, иіскесіп, жөн сұрасып жатпай, жұмысқа кіріспе кетті. Кешке қарай үш-төрт ырдуанның құрақ-құрақ сұлбасы дайын болғанда, жұмыс бағытын көзімен көруге қайтып оралған Қалқаман темір құрсаулы, жамау-жамау арбаларды ұстап, шайқап көріп, риза болды.

— Жарайсындар, жігіттер! Осы қарқындарыңдан таймасандар, бұрсігүні жүктеле де бастармыз. Тек, алақолдық болмасын, айналайындар. Еңбектерінді жемеймін.

Қалқаман, тегінде, ебін тауып, кісі жұмсай білетін адам еді. Ұсталар алақанға түкіріп, құлшыныс білдірді.

— Не дегеніңіз? Сөзіңге құлдық!

— Ақысын берсеңіз — бокысын шығарамыз. Қатырамыз ғой.

— Тіпті, Меке өтсеңіз де, міні құрамастай қыламыз.

— Өкпелетпеймін. Айтқаным — айтқан, — деп, Қалқаман бір сөзін екі қайталады.

Сәл-пәл оңаша шыққан соң, Ибраһим абзи оның құлагына сыйырлап жағдай айтты.

— Ұсталықтарында қапы жоқ, екен, қолдары тиғен

жерлері жаңып түсіп тұр, бірақ қыңқыл-сыңқылдары көп. Шаршадық дейді. Агадан сұрайды.

Қалқаман мандайын сипалап ойланып тұрды да:

— Боян болып, беттеріне лағып кетіп жүрмей ме? Бұл өзі қиын халық. Бастарын құрастыра алмай жүрмесек,— деп екі ойлы болды.

— Өлгөнше, бермеспіз. Шөміштен қысамыз фой.

— Ендеңе, өзің біл, өзіңе тапсырдым. Жібертейін,— деп артық сөзге келмеді.

Ұсталардың Ибраһимге қыңқылдаپ жүргендері рас еді. Мынаны қарандаршы: орыс мәдениетінің жақсы жақтары жүқпай, қазаққа жаман жағы жүққанын, біреуге кінә артудың қажеті шамалы: адам баласы табиғатында жаманға жаңы әуес пе деп қалғандайсың. Әуелі оның боктығын үйренді, сосын арағын үйренді. Керісінше, оның қарымын, өнерін, жанкешті еңбеккорлығын үйренсейші. Ұсталар арактың хабарын естісімен күштеріне күш қосылғандай жұмысты жапырып жіберді.

Олар ырду-дырдумен түннің бір уағында тарапты. Мұрты жалба-жұлба, тіс атаулыдан үятты, сұмдық боктампаз, қитар көз шал акқұла мас боп қалды. Өзі айтұлы көк мылжың екен, ақыры көшені басына көтеріп, даракы әнге басты.

Ақ Еділдің қыздары
Күйымшағы сыйдайды...
Әрқайсысы тұрган құт —
Емшектері екі пут.

Не дегенмен, бір ит көйлекті бұрын тоздырған Қалқаманның айтқаны айна қатесіз келді. Қой дегенді қыртына қыстырмаған қитар көз серіктерімен төбелесіп, боктасып, көрместей боп тарады ақыры. Тұрақ-жайсыз, баспанасыз өмір кешіп, аузы барғанша сөйлеп, аяғы жеткенше жүретін Еділ бурлактарының қаңғыбас науқы қазақ даласына да салқынын тигізе бастаған сияқты еді.

Ертеңіне қитар көз жұмысқа түске таман ғана бой көрсетті. Құлге аунаған түйедей үсті-басы топырақ-топырақ, шамасы көшеде құлаған жерінде үйықтап шыққанға ұқсайды. Алайда кейшегі қазан бұзар мінезінің бірі жоқ, жынын алдырған бақсыдай мұләйім, ләм-мим деп жақ ашпастан жұмысына кірісті. Байғұстың обалы нешік, қолы алтын, ісмер-ақ. Ағаштан түйін түйеді, белқасты. Тек, түскі үзіліс кезінде қара шайды терлеп-тепшіп сораптап отырып, танауы астынан мінгір етті.

— Кеше аздап сілтеңкіреп жіберіппін, балалар. Кешіріндер,— деді. Сосын Ибраһимге бұрылды.— Кешіккенім үшін бір пайды кем төлерсің.

Іс басы Ибраһим қитар көзсіз мына шаруаның бітпейтінін шамалап отырған. Кешірген болып, қолын сілтеді.

— Жарайды, оны қойшы, бір есебі болар. Кешегі әндерінізді айтам-ау. Есіме түссе, шегім түйіледі. Бірақ ойымда қалмапты,— деді.

Пұшайман боп отырған қитар көз шал жаны кіріп, жымында сала берді.

— Жұз грамм құй, тағы сайрап берейін. Қажетсінсен, тіпті, жазып ал.

— Иә, жазып алса да болғандай екен.

Шал қызыл иегін жылтаңдатып шықылықтай құлді де:

— Е, айналайын-ай — деп алып, Ибраһимнің бетіне үңілді.— Татарсың ғой, татар малайысың ғой. Э, бәсек Ендеше қорлықты, жоқтықты көп көрген елдің баласы болдың. Сен мені түсінуге тиіссің. Өмір дейміз.— Ол жаюлы алақанына бір, мидай аспанға бір қарады.— Өмір ме осы? Өмір емес, итқорлық. Бетіне былш етіп түкіргің келеді. Мәтфу, саған! Боктағың келеді. Боктаймын да; тілім жара болғанша боктаймын. Бірақ сен маған түк татырма, тағы да ләйліп кетемін. Берерінді жұмыстан кейін берерсің.— Ол тағы да ит өмірді сыбап боп, қолын жайып еді, алақанына тамшы тарс ете қалды.— Басталды, құздің ақ жауыны басталды. Енді бұл ененді үрайын, апта бойы көз аштырмайды,— деді.

* * *

Уәләяттың азық-тұлік, киім-кешек қоймасына айналған тас қораның жаны ығы-жығы қаптаған көлік, жыбырлаған қара-құра халық. Біреулер жүктөрін әкеп түеіріп жатыр, екіншілері тиеп әкетіп жатыр. Ибраһимдер «алаш» офицерлеріне киім тігетін тай-тай мата жиналған шеткі қойманы жылан жалағандай қылуға айналды. Қос-қос нарқоспақ түйе женілген бес-алты ырдуан арба тиеліп бітуге жақын. Жүкті тиеп, басқұрмен шандып, мықтап тұрып бастырады да, үстіне шөп тастайды. Лайсан қара құздің басталғаны рас болды: сірке жауын токтаусыз себелеп тұр. Жер ми батпак.

Жүк тиеуге бас-көз боп жүрген Қалқаманның өзі.

— Басыңқыра! Нығарлаңқыра, Тенізбайжан,— деп, арбаның о жағына бір, бұ жағына бір шығады.

Жүк тиеуге, Тенізбайдан ептіні табу екітәлай екен: қалаған тендері қыз жиған жүкке бергісіз. Шашауы жок, тап-түйнактай. Бірақ жүктің сыймайтын түрі бар.

— Тағы бір-жар көлік таппасаңыз болмайды, Қалеке,— деп алдын-ала қыңқылдаумен болды Тенізбай.

— Кайтейін. Сыйғанынша сыйғыз енді.

— Немене, қалғанын сыймайды деп тастап, кетеміз бе?

— Тастасақ, тастармыз. Арқалап әкете алмаймыз фой бәрібір.

Ине-жіптен жаңа шыққан су жаңа көк мауыт, сусылдаған коверкоттарды жаудың малы болса да, тастап кетуге Тенізбайдың көзі қимайды. Қанша нығарлағанмен, жүкті еңсерे келгенде, әжептәуір матада сыймай қалды. Аузы жомарт Қалқаман да артық дүниені далаға тастай алмай, амалсыз көлік іздең кетті.

Жүкшілердің дені екі-үш күн жұмыстас болып, иіскесіп жер таңысып үлгерген ұсталар еді. Қитар көз, бас тентек шал да алакөбенен осында. Қазір олар Ибраһим мен Тенізбайды қоршап алып, біреуі насыбайын атып, екіншісі шылымын шегіп, көр-жерді әңгіме ғып, әзілдесіп құлісіп түрған.

— «Бір күн дәмдес болғанға, қырық күн сәлем бер» деген. Мына шубектеріңің бір тайын тастап кетсендер қайтеді бізге. Көздеріңдей көріп, айта жүрелік,— деп еді бір ұста, өзгелері әзіл-шыны аралас іліп әкетті.

— Немене, мауыттан кебін киейін деп пе ең?

— Ауызды шақтап ашпайсың ба?

— Бір тайың не, ойбай.

— Түйе сұрасаң — бие береді.

— Эй, сен, түрменің қатықсыз қара көжесіне жерік боп жүрген шығарсың. Үйіңе жеткізбей шілтері есікке тығып жіберсін деймісің?

— Әуелі қолға іліксінші, ар жағын ептерміз...

— Ал, Ибраһим аға, бұған не дейсіз?

— Жомарттығыңызды байқататын бір кез келді білем.

Қысыр сөз қуалаған жай әңгіме ме десе, ұсталардың қолқасы шындалап бұлкілдей бастаған екен. Ибраһим абзи желкесін қасып ойланып тұрды да, қолын бір-ақ сілтеді.

— Эй, мейлі, байдың асын байғұс қызғанады деп... Сөздеріңен садақа! Жүріндер бері!

Аяқты сәнап басатын сақ Ибраһим өзі-өз боп, нартәуекел міnez көрсеткені осы шығар. Онсыз да арбаға сыймай, ептінің езуінде қеткелі түрған дүниені азды күн

дәмдес болып, ақ-адал қызмет көрсеткен кемтар ұсталардан несіне аяйды. Оларды қоймаға ілестіріп барып, бостау буылған бір тенденді жарып жіберіп, кездемені көз мөлшермен құлаштап жыртып, үлестіре бастағаны сол-ақ еді, арт жағынан:

— Эй, бұның не? Соншама шашқандай Қарынбайдың малы ма еді,— деген дауыс шықты.

Бұрылып қараса, алдарында бір көзі жұдырықтай болып іскен, әскери киімі жалба-жұлба біреу түр. Қолында қымқа ұстаған құс мылтық. Бір көрген адамы сияқтанғанымен, Ибраһим оны қапелімде жыға тани алмады.

— Танымадың ба?

Ибраһимнің іші қылп ете қалды.

— Опрай, әпесер Дінәсілов мырза сияқтысыз ғой.

— Э, ұмытпапсың! — Откенде қару-жаракты адайларға алдырам деп, шенінен қағылып пүшайман болған Дінәсілов аяқты сылтып басып, Ибраһимнің жанына келді.— Жаудың малындай онды-солды неге шашасың? Басие үкімет жоқ деп ойладың ба?

— Олай деменіз, мырза. Еңбегінің өтеуіне беріп жатырмын.

— Эй, сылтық, сенің не қимаң қышып түр,— деп қитар шал кимелей беріп еді, Дінәсілов оны құс мылтықтың үнірейген ұңғысымен кеудеден жасқап, ықтырып жіберді де, Ибраһимге қайта енселеді.

— Элгі... анау серігің қайда?

— Кімді айтасыз?

— Элгі анау... бүргедей бүріскен оңбағаның.

— Теңізбай ма?

— Иә, тап соның өзі.

Теңізбайдың аты аталғанда, ұсталар көлік жаққа жалт қарасып еді, Теңізбай арбаның ығында бұтына жібергендей боп-боз болып түр екен. Дінәсілов жерден жеті қоян тапқандай, әй жоқ, шәй жоқ, мылтығын шошаңдатып оның жанына жетіп барды.

— Э, жалда! Қолыма түстің бе, бәлем! Кәне, бері жүр.

Ибраһим Дінәсіловтың мылтығын қағып жіберіп, Теңізбайды қалқалап, екі араға кес-кестеп тұра қалды.

— Уа, Жәке, өлтірсең де айтып өлтірші. Бұл не? Түсін-дірсесің?

— Түр былай! Ісің болмасын. Бұл тыңшы! Қызылдың тыңшысы...

— Не дейді? Оттапсың!

— Өзің оттапсың! Бәлкім, сен де тыңшы шығарсың, кім біліпті.

— Адайлар ақылыңдан адастырған ба? Байқап сөйле, жігітім!

— Былшылдамай, жіт әрі!

Дәнәсілов пен Ибраһим итерісіп ырғаса, бастағанда, төбелеске ұсталар кеп килікті. Әй-шәйға құлақ аспай, Дінәсіловты ортаға алып, итеріп тартып пергілегендеге, сор айдал келген байғус жалба тымақтай қолдан-қолға көшті де, танаудан былшитқан қатты соққыдан аяғы аспаннан келіп, ми батпакқа шалқасынан жалп ете түсті. Бет жок, бет орнында қызыл ала қан. Бишара аяқ-қолын жия алмай, шашы батпакқа малынып, ес-түссіз біршама жатты да, ыңыранып қозғалып, сүйретіліп тұра бастады. Қан түкіріп, қанмен бірге қираған тісін түкіріп, артына бұрылып қарамастан тәлтіректеп жөніне кетті.

Ибраһим «не болдылап» серігінің жанына жетіп келіп еді, бетінің қаны қашқан өң жок, сөл жок Тенізбайдың айтқаны:

— Біттік! Құрыдық! — ғана болды.

— Да, не істеп едің? Ұқтырсаңшы?

— Откенде бекетте... Жереске болысамын деп... көзге түстім білем... Байқап қалған болды ғой, мына сұмырай.

— Әй-и-и! Үм-м! — Ибраһим тісі ауырғандай ыңырсып, жағын ұстады.— Ойбай-ау, қайда жүрдің? Артыңың ондай ласы бар екенін ертерек айтпаймысың!

— Кездесеміз деп ойладым ба? Адайлар байлаң-матап әкеткен соң, сол құрыған беті — құрыған шығар деп едім.

— Қап! Қап! Енді қайттік? Қай тесікке кірдік!

Мұндайда жан сауғалар жалғыз жол не болушы еді, алды-артыңа қарамай қашу, қос құлақты жымып ап, қояндай зыту. Көрер жарығың таусылмаса, сытылып кеткенің, болмаса артыңдан қуып жетіп, ту сыртыңдан тесіп өткен оқтан бір бұтандың түбінде сүйегің құрт-құмырсқаға жем болып, бетің жабусыз қалғаның. Басқа қайран жок. Ибраһимнің көзі тазыдай жұтынған алмакөк бозға сұғынды. Сірәда, тап сол сәтте бір сыңарың. Қалқаман мініп кетпей, қос алмакөк көзге шалынғанда, делбешілерді аударып тастап, жаңбырлы боз далаға сіңіп жоғалмасы негайблі еді. Қас-қағым арасында шығадай басқа мың ой келіп, мың ой кетті. Өзі қашпаса да, Тенізбайды отырғызып жіберсе ше? Адай асар, наны таусылмаса, амалдаң құтылып кетер. Бірақ олай істесе, өзінің басын қатерге байлағаны. Бұлардың бір-бірімен жең ұшынан жалғас екенін білді-ак бол-

ды — жіп ұшы жетектеп отырып, тұп-тура Үйшіктегі шеберханадан бір-ақ шығаратыны басындағы бөркей. Өйтсе, барлық істерінің орта жолда қараң қалғаны. Осы ой оның алабұртынп алып ұшқан көңілін су сепкендей басты. Енді нені болса да, байғұс Тенізбайдың өзі көретін болды, басқа лаж жоқ. Ол серігіне қанша жаны ашығанмен, қол ұшын бере алмайтынын сезді де, бетіне жалтақтаған Тенізбайға:

— Сен мені білмейсің. Сапарға шығарда уақытша ғана жұмысқа жалданғансың, осыдан басқа лаж жоқ,— деді.

Тенізбай бұл сөздің мән-жайын айтпай түсінді. Жағы түскендей, иегі салбырап, беті ұзарып кетті. Не дегенмен де, ысылған тәжірибелі астыртыншы емес пе, сасқалақтан сырт көзге сыр берген жоқ. Ауыр бір күрсінп алып, мұнар басқан жауынды боз далаға шашыла қарап:

— Не ақыл бересің? — деді.

Оның ат арқасына қарғып мініп, құйрықты сыртқа салып кете баруға көнілі ауғаны анық еді.

— Асықпа! Әліптің артын бақ, көрмеген құқайымыз ба? Төтелеп келген қатер болса, оны көрерсің, — деген сияқты қыдырған жанға қурайдай селбеуі жоқ арзан ақылды айта беріп, аузына қайдан түскенін: — Мүмкін, Қалекен бір қайрат қылар, — деп қалған.

— Ол кісі не істей алады?

— Е, істейін десе, істейді ғой. Мына дүние не істепейді, — деп алып, Ибраһим басын шайқады. — Қап! Өзінде де бар. Адам құсап айтсан ғой, ертерек білгенімдегі ғой. Қап!

Олар абырасып тұрғанда, төрт-бес түйе жетектеп Қалқаман да келді.

— Арба табылмады, жігіттер. Түйёге тендеуге тұра келеді.

— Е, оның несі жаман. Түйен арбадан артық болмаса, кем емес, — деп Ибраһим түйелердің бүйдасына жармасы.

Ұсталарды бол да болдың астына алып, өзі қайтып келіп Қалқаманды төніректеп тұрды да, жаңағы тосын оқиғаның бір жерін үлкейтіп, бір жерін кішірейтіп қалдырмай түгел айтып берді. Шен-шекпенінен жүрдай болған Дінәсіловті акталуға себеп ізделп аласұрған, басын тара-шалау үшін не пәледен тайынбайтын жалакор қарау етіп әліптеді.

Қалқаман тыңдал-тыңдал тұрды да, немкурай қолын сілтеді:

— Қыртпасын!

— Милиция шығарам деп кетті.

Өлімші халде, аяғын шаққа сүйреп кеткен Дінәсілов-тің олай деуғе мұршасы келмеген, Ибраһимнің сақтық ойлап, алдын алып тұрғаны еді.

— Милиция емес, неге әскер шығармайды, — деп тұтікті Қалқаман. — Ал, жігіттер, ашық-жарықта шығып кетейік. Жол ауыр. Тездетіндер! — деп асықтыра бастады.

* * *

Кірешілер тез жиналып қаладан шықты, олардың жол шығып кеткенін бөтен көз андамай да қалған сияқты. Әлгіндей емес, өрекпіген көңіл сабасына түскендей болғанмен, көзге ұялаған қорқыныш ізі әлі сейілген жок. Көш бастап келе жатқан Ибраһим де, түйе жетектеген Тенізбай да, су өтпейтін қаудырлак шекпеннің көзге баса киген тымағы астынан ауық-ауық қала жаққа үрейлене жалтақтайды. Әне-міне іздерінен қуғыншы шаң беретін сияқты. Қуғын болса, не істеп, не қоярлары да белгісіз. Тенізбай байғуста сүр жок, бет-аузы бір уыс боп, тірі өліктей құп-ку. Ал Ибраһим абзидің жалғыз ғана арқа таңып сенгені — Қалқаман. Ал ол болса, айнала дүниеден бейхабар, әлде іш қоясын сездірмей ме, керуен сонына ілескен көк арбада шемеледей жайылып отыр. Бесіктей тербеткен солқылдақ арба, шекпеннің сыртынан тырсылдаپ себелеген майда жауын — жанына тыныштық орнатып, ойланбай жүрген ойларын түгендеп алуға қолай тудырды ма, әлде әлдилеп үйқыға шақырды ма — басы бұлғаң-бұлғаң етеді.

Уайым-қайғы жоқта, күн ашық-жарықта ойлайтының болса ойлап ал, мырза, қалғың келсе қалғы, жаның тыншықсын, қысылма. Жағдайынды бұта түбіне көленке үйіріліп, тұн тұндігін жапқан кезде көрерміз. Кай белден асқанда керуенді қып алады деп, артыңа мұсатыр жакқандай тыптырысың әлі-ақ. Керуен сүйреткеннің қадірін сонда біліп, әр адамынды алтынға баларсың. Қуғыншы келгенмен, үркердей ғана санаулы адамынды оңайлықпен бере қояр ма екенсің — Ибраһим, абыз осыны қана қонылтақ көніліне медеу тұтады.

Ибраһим Қалқаманың тамырын басып, реті келсе көніліне қауіп салып, ширатып қою үшін, керуенін тастап оның жанына келді.

— Апырай, Қалеке, жүгіміз көп те, адамымыз тым аз екен. Жолдың да сиқы мынау...

Қалқаман едірейіп, басын селт көтеріп алды.

— Немене, бірдеңеден қаупің бар ма?

— Не деп болады? Үргін-сүргін... Береке биттей азған заман. Өз адамың өзіне сұқтанып, үштеп алудан тайынбайды.

— Оның - рас. Енді қайтеміз? Бұйырғаны біздікі де.

— Кеңсіз-ау, Қалеке. Қабырғаның қайысса да білдірмейсіз. Қапылыста керуенді үрлатып алсақ, мына бізге сын. Жолай ауылдарға соғып, адам жиямыз ба, қайтеміз?

— Қазір сол ауылында ереккінде қалды деймісің? Көбі әскерде... басқасы бұта бұқпалап қашып жүр. Жол тонаушылар да солар... Әуелі құдайға, қалса өздеріне сендей. Тарта берейік, жаратқанның өзі жар болғай...

Ілгері жақтан Ойылдың көпірінен өтетін жердегі шоқ тоғай қарауытты. Шоқ тоғай іркіс-тіркіс созылып барып, Тайсойған құмының қалың түлейіне иек артады. Бір жері тастак, бір жері құмдақ сыйыртпа қасқа жол бірде шағылға, бірде сулы, нұлы сай-салаға, енді бірде жыңғылды, жүзгенді қалындарға соғылып, жалпак құмды иектеп, қайқандайды да отырады. Ибраһим керуен басына қайтып келіп, нартәуекел деп, шоқ тоғайға қарай керуенді каттырақ бастырып, сыйырта аяңдай бергені сол-ақ еді, арттарынан қуғыншының қарасы көрінді. Үш салт атты мылтықтары шошаңдап, ат тұяғымен қара жердің балшығын бората шашып құйғытып келеді. Ибраһим іш жиып, қорыққанынан көзі аппак бол кеткен Тенізбайға қарап «саспа» деп ым қағып, беліндегі қаруларын тузеді. Оның дөң айбат көрсетуінде есеп жоқ емес-ті: әлгі бір кездегідей қысылшаң қала көшесі емес, керілген кең даланың үсті. Такымдарында шу десең ор қояндай орғып жұтынып тұрған бір-бір арғымақ. Әңгіме сен жақсы, мен жақсы мәмілемен бітсе — біткені, бітпесе, қуғыншының қас-қабағына қарап кіріптар болып тұра алмайды, белдегі қандауыздар сөйлейді. Тарстарс еткізеді де, «ұшарымды жел, қонарымды сай біледі» деп, құла тұзге қасқайып тартып береді.

Біреулер хабар берді ме, әлде өзі көрді ме — Қалқаман керуеннен жырылып кейін қалып, қуғыншылардың жолын тосты. Тенізбай болса-болмаса ғой, ал жаңа ғана серігіне дем беріп, қокиленған Ибраһимде де зәре жоқ. Керуенниң тасасынан сықсандап қайта-қайта сығалайды. Айбыны зілбатпан Қалқаман салмақ салып, қуғыншылардың бетін қайтарып тастар ма деп дәмеленеді. Бірақ дәмелері акталмады. Қалқаман бұларға токтаңдар деп белгі беріп, қуғыншыларды ілеңтіріп керуенге беттеді.

Ибраһим керуенді кідіртіп, бойындағы бес қаруын тағы бір түгендер алып, бұларға қарсы жүрді. Жақындай бергенде Қалқаман қолындағы бір жапырак қағазды сілкілеп шарасыздана тіл қатты.

— Уа, мыналар сез түсінер емес. Күйріп барады.

Қалқаманның қолындағы Қызылқоға «Алаш» милиция бастығының пәрмені екен. «Араларыңда талайдан таңбалы болған қызыл тыңшы бар, ұстап шығарып беріндер! Әйтпесе, заң жолымен жазаға тартыласыңдар», — деп уәләяттың бас қоймашысына салмақ салыпты. Милиция бастығы мына тұрған Қызылқоғада отырып, уәләяттың ата жауы — қызылдардың таңбалы тыңшысын соңынан қууға ерініп, қағазын ғана жіберіпті. «Алаштың» тыныштығын күзетіп, тәртіп орнатқаныңа болайын! Мынауыңмен ел берекесін сақтап қарық қыларсың!

— Осыған сеніп тұрсыз ба? — деді Ибраһим.

— Сенейін, сенбейін... пәрменнің аты — пәрмен. Орында масаң пәле болады да...

Қалқаманның ауыз ләмін байқаған Ибраһим енді көз тоқтатып құғыншыларды барлаған: бет-аузының қаны кеппеген Дінәсіловтың өзі бастап келіпті, жаңындағы екеудің біреуіне көзің кідірткенде, аңқайып ашылған аузын жаба алмай қалды. О, тоба, өтірік пе, шын ба? Түсі ме, өні ме? Уәләят әскерінің су жаңа формасын киген Қажығали, кәдімгі Үйшіктің басын алтай жаз бойы аласұргін қылатын дәупірім қара пері Қажығали. Бөрікті шікірейте киіп, ат арқасында тас құдайдай тапжылмай отыр. Ол да, бұ да бір-бірін жазбай таныды. Көр азабын көрген кешегі тұтқын жігіттің жанары үлкейіп, көзі дөп-дөңгелек болып кетті. Ибраһим қапелімде мына тосын ұшырасуға қуанарын, әлде ренжірін білмеді. Бір ойы — әлдекандай заман емес пе, аяқты тарта бас деп, сактыққа шакырып, бүйірден нұқығандай болды. Иә, мына түске дейін киіз, түстен кейін мүйіз дегендей, аласапыран аумалы заманда кімнің ішіне кіріп шыққандайсың, біреу бүгін қызыл болса, ертең ак, бүгін дос та, ертең қас. Ал бірнеше ай бойы ішкендерін ірің, жегендерін желім қылған қазір «алаш» формасына оранған мына жігіттің шекпенінің астындағы жүрегі не деп соғып тұрғаны қараңғы. Эгерки, бул жау боп шықса, онда Теңізбайдың не мұның ғана емес, бәрінің сау тамтығы қалмай, түгел қурығаны.

Тісқақты кәнігі Ибраһим бетінен сызат шығармай абыржыған көңілін тез жиып алып, Дінәсіловке тап-тап берді.

— Ей, әпесер мырза, мұныңыз қалай? Жазықсыз адамды босқа күйдіріп! Басымды арашалаймын деп, біреудің басын мұжімексіз бе сонда?! Нақақ қой!

— Былшылдама! Өз қолыңмен ұстап шығарып бересің! Эйтпесе бірге жүресің!

Шаң-шұң көбейіп бара жатқан соң, шақыртпай-ак Тенізбайдың өзі де бері ойысқан екен. Бір уыс бетінде көзі ақырап, өнді жаман бұзылып кеткен ол ызғарын бұркіп, борандата келді.

— Не, не деп сандалып тұрсың, ей! Менің қылмысымды қашан көріп едің? Тапқан екенсің басыңнаң айналдыратын құрмалдықты. Шатпа, білдің бе? Әуелі мойныма қойып ал.

— Қоямыз, қоямыз, ол жағынан қысылма. Кәне, түс алдыға!

— Иә, жүгіріп барам...

— Эйтпесе, күшпен аламыз. Өзіңе жаман болады.

— Ал алып көр, мықты болсаң!

Тенізбай қаудырлақ шекпенді иығынан сілкіп тастағанда, қолында оқтаулы алтыатар жарқ етті. Жанындағы серіктеріне: «Ұстандар!» деп Дінәсіловтің пәрмен еткені сол-ак еді, не болғанын біреу түсінсе, біреу түсінбеді: құлак шекеден сарт еткен соққыдан Дінәсілов ат арқасынан аяғы көктен келіп ауып түсті. Сылыңғыр қаракер аяғының астында құлап жатқан иесін іскелеп, танауын қор-қор еткізді. Тосырқаған жалғыз ол емес, көк арбадағы бет алды батпактай қабарған Қалқаманның да, өліспей беріспеуге бел буған шегедей Тенізбайдың да, әйтеуір айналадағы көзі бар пендениң бәрінің тілі байланып қалды.

— Жолдарыңнан қалмандар! — деді Қажығали антарылғандарға.

Тоқтап қалған керуен арбаларының доңғалағы шиқылдаپ ілгері жылжыды. Қажығали кенже інісі Міргалидің жанына келгенде, танауының асты енді-енді түктене бастаған жас бала жігіт қорыққанынан ба, ерні дір-дір етіп жылап тұр екен.

— Бұл не қылғаның, аға, — дегенге ғана шамасы келді.

Қажығали ат үстінен созылып, оны иығынан құшактаң кеудесіне басты.

— Болар іс болды. Жылама, жарығым. Басқаша істей алмадым. Жаман ағаңың мойнына қыл тұзак оралғанда, алалап келген ажалдан арашалап қалған адамдар еді әлтілер. Тірідегі қарызымды өтедім. Сөкпе ағаңды. Өзің болсаң да сөйтер едің... Ал, кел, қоштасалық, — деп еді, Міргали шошып кетті.

— Коштасқаныңесі? Аналармен бірге кетпексің бе?
 — Иә, солай, шырағым.
 — Нé дейді, ойбай? Өзінді жаңа көріп тұрғанда, көкеме не бетімді айтамын. Кетер болсаң, өлтіріп кет,— дед, Мірғали боздау мен байбаламды күшетіп келе жатыр еді, Қажығали өмірінде істемегенді істеп қатты жекіп тастады.

— Жарайды! Жетті енді! Еркексің бе, қатынсың ба? Көз жасты бұлайтын кез бе еді қазір!— Мірғали бала дегенмен есті еді, көз жасын тез тыйды.— Қын заман келеді, інішегім,— деді Қажығали оның иығына қолын артып, мұндықоңыр дауыспен:— Бізді қойшы, екі бастан, көретінімізді көріп, қанымызға қаттық. Бесіктен белдерің шықпаған мына сендерге қын. Жастайынан қан кешіп, өлік аттағанның несі жақсы дейсің. Бірақ жанынды аздырмай, адам боп қалу қашан да өзінің қолында. Кел, қоштасайық! Сен енді бала емессің, азаматсың, тек еркектерше жыламай қоштасайық.— Екеудің үстінде бір-біріне кеуде түйістірді. Мірғали көзінен сығалаған жасты шығармай бақты.— Ал қайда жүрсек те, аман болайық. Экеме сәлем айт. Сөкпесін. Мына жүрістен опа таптайтын, елге қайтын! Аман тұрғанда елге оралындар! Жалғыз тілегім осы. Ал хош-сау болындар!

Көнілі бұзылған Қажығали көзінің жасын көрсетпеу үшін, шұғыл бұрылып, атына қамшы салды. Жастайынан әке сонына еріп, қар жамылып, мұз жастанып, майдан азабын белшеден кешкен ертеңгі тағдыры әлдеқандай бала жігіт айдалада, кеудесінде шыбын жанығана барыңырсыған тірі өліктің жанында ағасын көзбен ұзатып, үнсіз егіліп қала барды.

Қажығали керуенді куып жетіп, жолаушылармен ілесіп кетті. Өзінің үялас бөрінің ағанына тап болғанын анық аңғарған «алаш» азаматы Қалқаман бұл адамдардың тегін жандар емес, талтұсте сүйегінді таптырмай жіберуден жүздері жанбайтынын, бір-бірімен жең үшінан мықтап жалғасқан, ак болсын, қызыл болсын, тіпті жолбасар қарақшы болсын, аяктыға есе бермейтін, төмір топшылы тегеурінді топ екенін сезіп, құдайым аман-есен Үйшікке жеткізіп, пәлесінен аулақ қыла көр деп жол бойы әулие-әмбиелердің аруағын теріп, құдайына жалбарынумен болды. Ол бұларға сес көрсету тұрсын, бас терісін сүйретіп аман құтылса, аксарбас айтуға бар еді.

Гурьев басы жау тигендей у-шу, абыр-сабыр. Мұндай бей-берекетсіздік Атырау жағасы қиян түкпірдегі кішкентай қалада бұрын-соңды болып көрген емес. Қаптаған босқын, сабылған әскер, қырғауылдың қанатындағы алашұбар тәңселген халық. Қалада ине шаншыр бос орын жоқ, шағын ғана қыш шаһар ісініп-кебініп ауыз-мұрнынан шығып сыймай тұрғандай. Орал мен Гурьев арасындағы бес жұз шақырымдық Жайық бойының ірілі-ұсақты мекенжайының тұрғыны желден қашқан жея торғайдай бас сауғалап осында ойысқан. Әлі де күні-тұні тоқтаусыз құйылып жатыр. Мал-мұлік, бала-шаға, ат-арбалармен улапшулап босып жүр. Пристаньдерде орын жоқ: ел бір-біріне мінгесіп отыр. Қаланың жатын орындарына сыймаған жұрт жағадағы бос пароход, йесіз кеме, қираған баржыларды үялап алған. Ала таңдан айналдыратындары — кеме капитандары. Соларға сұрағанын беріп қолқа салады, айтатындары: не қаласаң соны ал, қайда апарсаң соңда апар, тек Гурьевтен әкет, обадай жалмап келе жатқан қызыл тажалдан құтқарсаң болғаны.

Жайықтың бетінә пышақ сырты қарға көтерер қабыршақ мұз ұстасқан. Баяғы жүйткіген арна, жөңкілген өзен жоқ. Бірақ, неге екені белгісіз, бір керегі бардай бес-алты буксир Жайық мұзын ту-у сонау теніздің тамағына дейін бұзып, жол салып жүр. Үрпіскен алаң жұртқа соның өзі кәдімгідей алданыш. Баку — Гурьев жолаушы пароходының тұтіні көрінер ме, әлде қыс басында Гурьевке келіп, кері қайта алмай жағада байлаулы тұрған қатынас көліктегі қозғала ма деген есек дәме көңілге демеу. Босқындар топ-топ боп қала әкімшілігіне барып, сөйлесіп, сөз өтпеген жерде алақандарына ақша қыстырып әуре. Көмейі парага бітелген әкімдер — уәде жұтқан антұрған аталмай көмек бергісі бар-ақ, бірақ қолдан келер қайран жоқ. Жайық мұзы күн сайын жамалып қалындалп барады. Теніз тамағына тығызып қатқан мұз тіпті айлапат: Зілмауыр мұз жарғыштарға болмай, қару-жарак әкелген кемелер Гурьевке жете алмай, тенізде босып жүр. Елді күр бекерге дәмелендірмеу керек, дәмелендірген екенсің, мойның үзілсе де тындыр. Күтекүте төзімі таусылған, бір жағынан сұықтан тоңған ел шу шығарып, бірер жерде төбелес жасап, онсыз да берекесі тарыдай шашылған қаланы даңғазаға толтырып жіберген соң, қала әкімшілігі жиналыс ашуға мәжбүр болды.

— Айналайын, бауырлар! — деп әндете бастады сөзін

шоқша сақал шешен қала басқармасы үйінің алдына жи-
налған жұртқа.— Жылы орындарыңдан қозғалып, біздің
қалаға келіп қалыпсындар. Неге қозғалдыңдар деп сөгуден
аулақпыз. Большевиктік қызыл тажалдан үрейлерің ұшып,
тұра қашыпсындар. Иә, ол сұмырайлардың қызықтайтын
дәненесі жоқ, мезгілсіз уақытта келдіңіздер, көмектесейік
десек те, қолдың қысқалығынан көмектесе алар емеспіз.
Жол жоқ. Атырау бітеліп қалып жатыр. Сабыр етіңдер,
ағайын! Ақырына дейін тыңдаңдар! Біз босқын елге жау
емеспіз. Өздерің көріп тұрсындар, сіздерді жауға қалдырып
кетіп жатқан біз жоқ. Аптықпандар! Құдай сабырлықты
сүйген! Келіп қалған жау кәне? Жоқ қой, жоқ! Қызыл-
дардың шабуылы тоқтатылды. Гурьев оларға арам астай.

— Рас па? Шабуыл тоқтатылды ма, өтірік айтпай-
сындар ма?

— Қай жерде тоқтатылды?

— Қызылдар тоқтаса, елден безіп неміз бар, біз де тоқ-
тадық. Тек сөздерің өтірік болмай, рас болсын.

— Рас-рас, бауырлар!— деп шешен құшағын жайып
куанышты дауыспен саңқ-саңқ етті.— Қызылдар бас алатын
болса, жәйімен босқан жазықсыз сіздердің басынды ал-
майды, алдымен мына біздің басымызды алады, әскердің
басын алады. Біз саспай, сіздердің сасқандарыңа жол
болсын.

— Көп сөз — бοқ сөз!

— Сөзбен жемдемей, құдайшылығынды айт! Қызыл
майдан тоқтады ма, жоқ па? Басқасын өзіміз білеміз!—
деп айқай салды ашынған босқындар.

— Тоқтатылды деп тұрған жоқпын ба, мен саған. Неге
әүпірімдейсің! Откізіп қойғаның бардай, өй, бейбастақ!—
Шешен бетіне жел болып келген босқынды тұқыртып
алып, елге қайтадан бетін жалпайта құлімсіреді.— Ағайын-
дар, сабыр сақтандар! Босқа бүлінбендер. Бұлінетіндей
дәнене болған жоқ. Қала басшылары сіздердің қамдарың-
ды ойламай отырған жоқ, ойластырып жатыр. Үй-үйге
орналастырамыз, тамак ішетін орын сайлаймыз. Одан
басқасы да, құдай қолдаса бола жатар.

Бақ жақтан оркестрдің үні саңқылдап коя берді. Мыс
тутіктерден сығылысып шықкан ащы үн аспаны ашық, демі
тоңаз, құлақ шымшыр аязы бар шыңылтыр ауаны жаң-
ғырықтырып жіберді. Ел шешенді тастай беріп, бетін
солай қарай бұрды. Қаланы қақ жарып өтетін бас көшемен
ұзыннан-ұзақ шұбалып қалың әскер сап түзеп, шеру тартып
барады. Жұздік-жұздік болып тырнадай тізілген атты

казак-орыс полкі тыныққан тың күштермен толықтырылып, майданға большевиктерді жоюға аттанып барады. Қала әкімшілігі алабұртқан елді көрсін, білсін, көнілдері орнықсын деп әскер өтетін кезге әдейі шақырған сияқты.

Папахтарын алшасынан киген казак-орыстар ат арқасында қаққан қазықтай шашылады. Қандарына қатқандай өндегі тым сұық. Сақалдары күректей егде казактар мен бұйра кекілдері маңдайында желбіреген жас казактар қатар түзеген. Атаман әскерінің арқа тірегі күздегі шайқастарда қатары едәуір селдіреп сиреген, қайқы қылыш қанішер төменгі Жайық полкі жастармен толықтырылып, кеткен есені қайыруға ант-су ішіп, аттанып барады. Бал ашқыш әскербасылары да майдан жағдайына бір өзгеріс енгізсе, осы тың күш енгізер деп дәмелі.

Босқындар, көшеге шыққан қала жұртшылығы атты казактарға ақ жол тілеп, дұғадан дұға қоймай, шоқынысып жатыр. Иисус жебесін, Мария кейуана тілеулерінді берсін! Ақ іске беттерінді түзегенде, пайғамбардың әулие-серіктерінің аруағы қолдасын! Тұнығымызды лайлаған, берекемізді шайқаған немістердің жансызы — большевиктердің сазайын бере көрініздер! Ордасын отап, шыққан көріне қайта қуып тығып, өздерің аман-есен оралыңдар! Қоштасып, қол бұлғаған қалың қол қара ормандай.

Атты казактар мына үрпіскен сүренсіз босқындарды, алашобыр қала жұртшылығын адам деп көзге іліп бара жатқан жок. Ұзенгіге аяқты шіреп, шекесінен менсінбей қарайды. Бір босқын құтірлес жерлесін көріп, айғайлап тұра ұмтылды.

- Ефим, Ефимушка сенбісің? Тоқта!
- Ау, мұнда неғып жүрсің?
- Қашып келдік...
- Ел орнында ма?
- Эрқилы. Біреу орнында, біреу басы ауған жақта...

Айтып едім, сіздің үй қозғалмады.

— Дұрыс істеген. Бәріміз қашатын болсак, большевиктермен кім соғысады. Өй, теке сақал сұмырай! Жоғал көзіме көрінбей!

Мұрты жаңағана тебіндеген қызыл шырайлы жас казак үзенгісіне оралған шалды кеудеден теуіп мұрттай ұшырды да, бұрылып қарамастан жөніне кете берді. Ел шетіне жау келген соң, Жайықтық казак-орысы жас, кәрі демей, түгел қылышын сайлап ат арқасына қонғандай.

Аландағы у-шу қалың топырдың арасында шұбалған

әскерді көзбен үзартып, бөлінген қойдай бөлектеніп Ахтан мен Жақау тұр. Бөтен, жат жүрттың арасына тап болғандай. Айнала төңірегі қызыл большевиктерге қарғыс айтып, лағынет жаудырып аттанға айғай қосқан. Торғайдай тозған бейшара босқындарға да жел бітіпті: -тұс-тұстан әскерді демеп, өңмендесіп жатыр. Ал қарақұрым әскерде шек жок. Қылыштары жарқылдал, таралғылары сартылдал, лек-лек боп шұбап өтіп жатыр, өтіп жатыр. Ақтық демінің алдындағы тұяқ серпер жанталас екені, әлде күшін артына сақтаған шын мықтылық екені белгісіз — бір тенденсі жок, сұмдық қалтанат. Атты казак полкінен кейін, ылғи бір қара киген, оқалары жалт-жұлт еткен, қандарын ішіне тартып сұрланған кадет офицерлері өтті. Олардың өкшесін баса әлі киіміне қыртыс тұспеген, бет-ауыздары аршылған жұмыртқадай сарыуыз юнкерлер әскадроны көрінді. Шеруді тамамдаған Алашорда бөлімшесі еді. Жұз қаралы қайыстай қатқан қыр жігіттері. Киімдерінде мін жоқ, жағалай оқа, салтанатқа шыққандай тым алабажақ. Ел ду күліп жіберді. Құлген себептері: жұздіктің сонында өркештерінің арасына аяқты пулемет асылған түйелер бар-ды. Былқ-былқ еткен өркештен пулеметтер шешіліп түсіп қала-тындаі еді. Мазақ құмар жұрт сандарын сабалап, қолдарын шошайтты. Саусақпен езуді керіп жіберіп, құлақ тұндырған кекесін ашы ықсырыққа басты.

Бір аяғы жоқ, ақсақ казак балдағың сілкілеп айғай салды:

— Өшір үндерінді! Сендер не білесіндер? Пулемет артқан түйеге құліп тұрсындар ма, ақымақ! Сен олардың майдандағы қимылын көр. Шабуылда да, шегіністе де бірдей. Эрі жақсы бой таса. Он казак өлген жерде бір қазақ өледі. Бәрің солардай соғыса білсеңдер, мұндай күйге душар болмас едік.

Жаңа ғана мазактап кол шошайтқан ел жым болды. Балдақты казакты қоршап алып, енді әңгіме сұрап, әңгіме тындалп тұр. Майдангер казак-орыс Алашорда әскері Жайық казактарына үлкен тірек екенін, генерал Толстовтың өзі олармен санасатынын айта келіп, Сахарная, кейін Ілбіші маңындағы ұрыстарда алашорда отрядтарының ерлікпен ұрысып, казак-орыстар бұғып жатқанда жаудың шебін жайпап өткенін жырғып айтты. «Так что, сендер оларды қомсынбаңдар!» — деп, гүжілдеп ара түсті.

Шешениң сөзіне аяғына дейін құлақ қоймаған жүрт ақыры ырду-дырду боп, бет-бетіне тарап кетісті. Ахтан мен Жақау да үйлеріне қайтты. Қазір олар мұз тасып,

жүгірінді болуды қойған, салқын түскен соң зауытқа мұздың қажеті шамалы. Баржылары жамбастап жағалауда жатыр. Ахтан уақытша кеме жөндеу жұмысына кірген. Қыс басы жаңа түсіп жатқан соң, онда да барып-қайтты демесең, өртенген қауырт шаруа жок.

Олар бір-екі қөшеден кейін танаурап алқынған у-шу босқындарға тап болды. Басын күртесімен бүркеп алып зыр қаққан біреуді жабылып ұрып жүр. Ақыры, әлгі бейшараңың қанын ағызып, сұлатып салды. Сонда да тыншымай, керзі-етікпен кезек-кезек тепкілеп жатыр.

- Атаңа нағылетті өлтіру аз...
- Мойнына тас байладі, суға ату керек!
- Ей, оның не жазығы болды?
- Қап тесер қалташы! Ұры!

Иә, онсыз да жегені алдында, жемегені артында, кекірік атқан Үйшік баукеспелерінің босқындар көбейгелі бері құдайы беріп, наны жүріп тұрған. Тегін май шелпек қылып, үптең жатыр. Босқындар ашынса ашынғандай, үйсіз, күйсіз бейшараларды қит етсе, көзді ала беріп шешіндеріп кетеді, қалталарына сенбей, қолтықтарына тығып жүргендерін ебін тауып, жер соқтырады. Тонап алып, зорлап кетіп, теспей сорып қан қақсатып жатқандары өз алдына.

Ахтандар көз қанықкан ол оқиғаның соңын күтпей, жөндеріне бақты.

* * *

Жақау «насыбайшылар» қайтып оралып, жағалауда жүк түсіріп жатыр деген соң, үйгесіймай отырған Ахтан даға тұра жүгірді.

- Ойбай, жүр. Кеттік ендеңше!

Қалада жүргіншіге көлік жоқ, көшірлер де көзге түспеген соң, жағалау бойындағы көшемен алау-далау бол жаяу тартты. Жақау бір айтары бардай, ағасына көз қығын тастап қойып, жымындалп келеді. Ақыры ол Ахтанның жеңінен жұлқылап:

- Бір нәрсе айтсам; сүйінші бересіз бе? — деді.
- Қандай сүйінші? Ал айта ғой.
- Жоқ, сүйінші бересіз бе?
- Ал бердім... — Ол қалтасынан бес тын мыс бакырды алып Жақаудың алақанына салды.
- Қажығали ағам келді.

Ахтан адымы кесілгендей қалт тоқтады.

- Кайда?
- Баржыда. Тенізбайлармен бірге.
- Не дейді мынау. Рас па?
- Рас, рас.., Өз көзіммен көрдім.

Қас-қабағы жиырылып жазылған Ахтанның екі езуі екі құлағына жетті. Апыр-ай, ә? Қажығали дейді... Таңқалғандай дәнене жоқ, қазір адам аяғы үзарып, ойдан қырға, қырдан ойға құлап жатқан заман, ана жақта «насыбайшылармен» үшірасып, мұның қалада екенін естіп тұра шапқанғой. Қайран, көз көрген қанды көйлек жолдас десеңші. Қолын жүрегіне алып, үшқанғой! Мұның хабарын естігесін қайдан шыдасын!

Жолай халқы құмырсқадай құжынаған «Торговая» көшесінен өте бергенде, біреу шап беріп қолынан ұстай алды. Тістері сап-сары, жалба сақал, көк көз мұжық мұның бетіне қарап, сойған түлкідей ыржан-ыржанғ етеді.

- Мен сізді білем ғой...
 - Немене?
 - Көзіме оттай басылдыңыз. Сосын тоқтаттым...
- Астраханда татар базарында көргем. Сен онда қызыләскер едің. Көрдім де, тани кеттім.
- Шайнапсың, алжыған!
 - Қалай, қалайша?.. Мен танып тұрмынғой. Құдай ақына, міне, крест...

Тұла бойы мұп-мұздай болған Ахтан қолын жұлып алып, кресті сүйіп, құдайын куәге тартып, сонынан ентелеген әлгі мұжықты қеудеден бір түйіп, қайырылмай үзай берді. Мұжық ығы-жығы қалың. елдің арасында, көше ортасында аузы аңқылып тұрды да қалды. Мына жай соңғы кезде Гурьев басы адамға аузы-мұрынан лықа толып кеткеннен бері өзін еркін сезініп қойқандай бастаған Ахтанға сақтықты еске салды, «Жау жоқ дәме — жар астында». Бір жерде Егоров қарсы жолылып, әлгі мұжықтай шап беріп білегінен ала кетсе қайтті? Сен танығанмен, мен танымаймын деп, оны қеудеден итеріп тастай алар ма? Ол тажал тасбакадай жабысып, тырп еткізбес. Ахтан абай болу көрегін ойлады.

Шеберханаға кетті ме, тек Ибраһим абыз ғана жоқ, жігіттердің басқасы төрт көзі түгел терлең-тепщіп, жук түсіріп жатыр екен. Ахтан олардың бәрімен жағалай қол сілкілесіп амандасты да, үлкте әуыр тенді алып соғып жатқан Қажығалиды көріп, ішке секіріп түсті. Екеуі шап беріп құшақтасып, айрылмастай жабысты да қалды.

- Апыр-ай, аманбысын?

- Алла деп, нан жеп...
- Астраханға елге қайтпаған екенің ғой?
- Қайтпайын деген мен жок, бүйірмады. Оны қойшы. Апыр-ай, өзің қалай келдің?
- Сенің осында екениңді жүргі құрғыр сезді де.
- Жарайсың, Қажеке, жарайсың! Енді көріспейтін шығармыз деп едім...

Олар қараңғы, терең үлкте тай-тай жүктің үстінде бір-біріне құлімдей қарап, езулері жаялыштаған жайылып отырды.

Сырттан:

- Шабаш! Тастандар! Үзіліс! — деген Тенізбайдың даусы естілді.

Кешікпей ол жымындалап үлкке түсті де, екі қалтасынан екі шиша шығарып тенінің үстіне қойды. Баржының, бусирдің жігіттері де осында жиналды. Әлгінде бусирдің құйрық жағында иісі бұрқырап, жас балық асылып жатқан-ды, бір жігіт балықты қазанымен ішке көтеріп кірп, алдарына қойды.

- Сіздерді жұмыстарыңнан бөгемедік пе? — деп еді Ахтан, Тенізбай қолын сілтеді:

— Жаңығатын ештеңе жок. Жігіттерге асықпаңдар деп отырмын. Жылымшылап екі-үш күнде тасып бітірсек жетеді. Өмір бойы итінің тасығанымыз осы жүк емес пе? Таусылса кәне?

Тамақтан кейін ол үшеуі оңаша қалып, әңгіме шертті. Ендігі мәселе Қажығалиды орналастыру қамы еді. Тенізбай баяғы мола жақтағы үйді айтты, содан басқа ат басын тірер сенімді жер жоқ деді. Ал әзірше үш-төрт күн осы баржыны паналай тұрсын. Келісім сол болды да, Ахтан кешке дейін Қажығалидың жағында болып, қызыл іңірде үйге қайтты.

Бірақ ол ойлап-ойлап, Қажығалиды баржыда да қалдырмай, мола жақтағы үйге де жібермей, ол қарым-қатынасқа тым шалғайлау еді, үйдің тұсындағы мұз баржыға орналастыруды макұл көрді. Оның көзге оғаш, ештесі жоқ-ты. Үй-күйсіз теңізшілердің көпшілігі қыс көзі қырауда кемелеріне қыстап шығатын, оның үстіне биыл жағалаудағы бос кемелер түгелдей босқындардың өз үйі — өлең тәсегіне айналған. Оларға орын тауып бере алмаған қала әкімшілігі ресми түрде рұқсат еткен-ді.

Мұнысы табылған ақыл болды. Күнде кешкісін барып әңгімелесіп, өткен-кеткенді еске алып шер тарқатысады, Қажығали бұрынғы Қажығали емес, ауылға барып қайт-

қалы мұнға бой алдырыпты, айналып келіп айтатыны. әкесінің, тентек әкенің соңына ерген, көрерге көз керек, үйелмелі-сүйелмелі өрімдегі інілерінің тағдыры. Ертеңгі күндері не болады? Бір төбенің ығында тігерге тұяқ қалмай, баудай түсіп қырылып қала ма? Өз қамың деген айналайын екен, әйтеуір ақтық демің біткенше әлденеден дәме ғып тырбанып жүре бересің, мына ең қыны — жанашыр жақыныңың уайымы көрінді, екібастаң, үрмай-соқпай діңкенді құртатын. Ахтан жақын жолдасын не деп жұбатарын білмеді. «Апрай, қын іс болған екен» деп, Қажығалиға қосыла күрсінеді бар болғаны. «Ал мына орыс ағайындарда, — деп бірауық өзімен-өзі боп, ойын ширатады. — Әкеге бала, ағаға іні қарсы шабуы етек алған дағдылы іс. Тар қылтада қарсы жолықса, бір-бірін жайратудан тайынбайды». Бірак ол мысалмен Қажығалидың көңілін қалай көңшітпек. Жөн таба алмаған Ахтан: бәрін айналып келіп заманға жапты, ол айналайын, мыңқ етпей көтере беретін бір көмбіс шешей ғой. Дегенмен, «Апры-ай, қапылыста әкесімен Қажығали кездесіп қалса, бір-біріне мылтық кезенер ме екен?» — деп ойлады да, өз ойынан өзі үркіп, төбе қүйқасы шымырлады. Сорлы Қажығалидың қайғысын түсіну үшін, бір сәт болса да оның кебін киіп көру керек еді.

Ахтан ауыр ойдан сенделіп, тұнделетіп үйге қайтады. Кейде Жақау ілесіп бірге жүреді, ал көбіне-көп жоктыбарды сұлтау ғып, Қажығалидың жанында түнеп қалады. Сүм баланың іші бірдемені сезетін сияқты. Жаңыл екеуінің төсегі жарасқанына да біраз болған. Қалай болып қалғанын өзі де анық түсінбейді, қуықтай тар бөлмеде қатар жатып, бірге өретін бір еркек, бір үргашыдан не сұрайсын. Кейде Жақау ескі ауруына бағын, үйіне түнемейді. Қуыс үйде екеуден-екеу қалады. Шамасы сондай түндердің бірінде ме екен, аяқ-қолдан ерік кеткен қыз байғұс жалғыз ауыз сауал айтты.

— Ағеке, алдамайсың, ба?

Мұның не дегені есінде жок. Эрине, «алдамаймын» деп ант-су ішкен шығар. Кейін ақылы айыққан соң ойлап көрсе, сонысы әнтек болған сыңайлы. Бейшара қыз мұның кім екенін, не мақсатпен жүргенін де бейхабар. Бір күні контрразведка мойнына қыл шылбыр салып жетектеп алып кетсе, көзінің жасы мөлтендеп қала баратының қайдан білсін?! Неге екені белгісіз, осы бір жай көңіліне жылт еткен қуаныш әкелмей, қабырғасына қара тастай батты да тұрды.

* * *

Арада бір жұма өткеннен кейін «тасқала» жақтағы үйге жиналайық, Қажығали да қалмасын, ақылдасатын шаруа бар деген «насыбайшылардан» хабар жетті. Олар бір-бірінә қол ұшын беріп, тарыққанда арқа сүйеп жүргенмен, тізгіндері бөлек, басқа-басқа жандар еді. Әрқайсының көздеген өз мақсаттары, ашып айта бермейтін астарлы құпиялары бар-ды.

Қалада коменданттық сағат орнаған: кешкі ойнан кейін несие адым аттауға болмайды. Күн батысымен Қажығалиды Жақауға ілестіріп қаланың шетімен жіберген де, өзі аяқ астынан бас қосып, ақылдасардай бұл не шаруа деп, не бол қалды, жайшылық па деп базар арқылы өткен-ді. Көптен бері жабық киім тігетін шеберхана қайтадан жұмысина кірісіпті. Алыстан көз салып бақылады, шеберханаға кіріп-шығып жүрген Ибраһимді көрді. Бәз-баяғы қалыпты, тірлік, көңілге секем алардай оғаш ештеңе байқалмады.

Қызыл іңір кезінде белгілі үйге шакырылған азаматтар түгел жиналды. Тек коменданттық сағатта журіп-тұруға рұқсат қағазы бар Ибраһим ғана біршама кешігіп келді. Ол шай үстінде көр-жерді көйтіп отырды да, дастарқан жиналанған соң, жігіттерді жағалай шолып:

— Біздің адамдар түгел екен,— деді де, Ахтанға бұрылды.— Сіздер түгелсіздер ме?

— Түгелміз...

— Ендеше, көп екенсіндер,— деп бір күліп алды да:— Мына бала кім?— деп Жақауды нұсқады.

— Біздің топтың белді бір мүшесі деп есептеңіз.

— А-а, солай ма? Дегенмен де, айып болмаса, бала шыға тұрсын. Бір мәселе болып тұр.

Ахтан иек қаққан соң, Жақау қарсылық білдірмей, дәлізге шығып кетті. Ибраһим түйме мұртын сипалап кішкене отырды да, татарша мен қазақшаны араластырып, шапшаң сөйлеп кетті.

— Жолдастар! Біз жоқта Ордадан астыртын байланысшы келіп, біраз күтіп қалыпты. Оқасы жок. Ордадағылар, жігіттер сіздерге,— деп өз серіктерін көзімен шолды,— үлкен-үлкен рақмет айтып жатыр. Наградаға да үсынған. «Алаш» пен адайлардың қақтығысын сәтті пайдаланып, адайларды Ойылға айдалап салып үлкен саяси іс тындырық. «Алашқа» халықтың өзі қарсы деген ұғым тудырып, қызылдардың тұсалып отырған қолын шештік. Бәріңе де, алаламай, көп-көп раҳмет. Кеңес үкіметі сіздердің

бұл істерінізді еш уақытта ұмытпайды. Мен мұны кеңес үкіметі атынан айтып отырмын.

Еңбегінді ескеріп, атыңды дәріптеген неге жаман болсын: күнбе-күн андалаған қалың жаудың ортасында ажал аттап, от басып жүрген жігіттердің жүздері ерекше нұрланып, көздөрі шырадай жаңып отырды. Үкіметтің шын алғысын жүректерімен ұғып, жандарымен қабылдағандай. Ибраһим абзи сәл-пәл қобалжығандай қайта-қайта тамағын кенеп жеткірініп алғып, сөзін жалғастырды.

— Мойнымызға жүктелген міндетті абыраймен орындаپ шықтық. Эр нәрсенің басы бар, аяғы бар дегендейін... осымен астыртын үйым жойылады,— дегенде жігіттердің куанғаны, әлде қиналғаны белгісіз, көздері үрпіп сала берді. Адам жеті күннен кейін көрге де үйренеді дегендей, күніне алласына алты мәрте сыйынып, жандарын шуберекке түйіп жүрсе де, астыртын үйымнан көз жазғысы келмейтіндерін аңғартып алды.

— Жойылатыны қалай? Жау дегенің әлі жалын да жықкан жоқ. Ойды-қырды аш бөрідей шарлап жүр емес пе?

— Бәсе деймін, олары қалай?

— Сабыр етіндер, жолдастар. Әлі сүт көп, көмір аз,— деп қолын көтерді Ибраһим.— Жойылды деген жәй сөз; былайша, ресми түрде ғана. Ал іс жүзінде енді біз түгелдей Ахтан Мұхамедиев жолдастың қарамағына өтеміз.— Ол пышак сұратып алғып, омырауындағы жез түймені кесіп алды да, әрі-бері шұқылап, аша алмаған соң, жігіттерге берді. Тәнізбай мен Жөрес түймені балғалап отырып, азар сындырып, ішінен ширатылған титімдей қағазды алғып, Ибраһимге ұсынды. Ибраһим қағазды әуелі өзі оқып, сосын жігіттерге жағалатып жіберді.

Қағазбен Ахтан да танысты. Екі пункттен тұратын қыска ғана бүйрық: 1). «Насыбайшылар» деген бүркінші атпен жүрген Орда тобы орталықтың нұсқауына байланысты түгелдей Астрахан инспекциясының қарамағына көшсін. 2). Орда тобын Ахтан Мұхамедиев қабылданап алсын. Бар-жоғы осы ғана.

Ибраһим қағазды қолына қайтарып алғып, серіктеріне қарап:

— Түсінікті ме, жолдастар,— деді. Серіктері басын изеген соң, қағазды шамға ұстап өртеп жіберді де, Ахтанға бұрылып:

— Бейmezгіл уақытта жинаған себебім осы еді. Мынау біздің топ,— деді Ибраһим серіктерін нұсқап.— Қабылданап

ал. Былай да таныссындар ғой. Бірақ істес болған соң, егжей-тегжей білгеннің артықтығы жок.

Ахтан қайтесіз демеген соң, Ибраһим абзи серіктерін таныстыруға кірісті. Ахтан оларды бір кісідей білемін ғой деп жүрсе, тұк те білмейді екен, ауызды ашып аң-таң болды. Ең жақсы танысы Теңізбайдың шын аты — мұлде басқа боп шықты. Ал Ибраһим дегенінде бер жағындағы бүркеншік лақабы екен. Анырай, мыналарын жәй әншейін көптің бірі емес, астыртын істің тіскәкты әккілері болды ғой деп отырғанда, Ибраһим абзи көтеріңкі шат дауыспен:

— Дидарынды көрсетсөнші, Жөресжан,— деді.

— Көрсететіндей ол не оңған дидар еді,— деп күлді Жөрес.

Бұл баяғы шеберхана жанында насыбай сататын «шал» еді, Ахтанды жазды күні қала сыртына алып шығатын «Индер» қайық моторының капитаны да осы екенін Ахтан қазір жазбай шырамытты.

— Жігіттің төресі сендей-ақ болсын. Көрсет жүзінді,— деп қоймады Ибраһим абзи.

— Бұлданып отыргам жок. Құрмағырдың сыпырылуы оңай болғанмен, жапсыруы қын,— деп бетін олай бір, бұлай бір бұрып сақал-мұртын жұлдып алып, Ахтанға қарады.— Құзырыңызға құлдық, Ахтан жолdas. Бірақ оныңыз не жөнді есім дейсіз, полиция өмірі ізден таптайтын лақап бірдене шығар.

— Жок, шын атым осы,— деді Ахтан.

— Ендеши, сіз әлі тұк көрмеген сарыауыз бала болдыңыз,— деп жымиды Жөрес.— Жөрес — менің сегізінші ме, әлде тоғызыншы ма атым. Полицияға жақсы белгілі лақабым — Шоқыр, Күкірт, Найзағай. Мені олар негізінен осы атпен іздестіреді. Ал менің Жөрес — француз болып кеткенімді қайдан білсін.— Ол шамға бұрылып, жағын көрсетті: шықшытында алақандай қанталаған қара дақ бар екен.—«Жастық-мастықтың» кері,— деп түсіндірді ол.— Бомбы жасаймын деп жүріп, өзімді-өзім жаракатта алдым. Өмірі кетпейді. Ал полиция іздеу қағаздарында басқалардың көзінің, мұрнының қандай екенін жазса, мейтуралы «сол жақ бетінде алақанның аумағындағы қал тәрізді дәріден күйген қаракошқыл дағы бар» деп, тайға таңба басқандай ғып суреттейді. Екі рет осының кесірінен қолға түстім. Қырсыққанда күйіп қалған жерге қыл да өспейді, амалдың жоғынан жұн сақал шал болуға тура келді. Ал саяси көзқарасым — анархист,— деп Жөрес және қосты.— Бірақ большевиктерді толық қуаттаймын. Ибраһим абзи,

осы мен сіздің уағызыңыздан түгелге жуық қаны сорғалаған большевик болып кеткен жоқпын ба? — деп әзілдеді.

— Тұбінде бәрің большевик боласың да.

— Жоқ, ғафу етіңіз, бола алмаспыш. Сіздердің диктатура, бір жұдырықты екінші жұдырықпен айырбастау, ал біздің адам баласына толық еркіндік. Ақылың жеткен жерге дейін сайран салып, дәурен құр! Шектеу жоқ.

Жөрес анахист пе, мейлі, кім болса о болсын, Ахтанға әйтеуір салған жерден үнады. Бетің бар, жүзің бар демейтін тұра, ақжарқын, бір үрттау мінезімен мұны баурап алғандай. Ахтан өзгелерден гөрі қолғабысын көп көрген, біраздан бері таныс-біліс болып, достасып кеткен Тенізбайдың да әргі-бергі өмір тарихына қазір қанығып отыр. Құйрық-жалсыз, жалғызлікті жігіт екен. Бұл қалада істемеген жұмысы жоққа тән. 1914 жылы Үйшікте Жайық бойын қазак-орыстардан тазарту мақсатын көздең, қаланың жайсандары мен жампоздарының желекпе балалары күрған «Ақ Жайық» үйіміна мүше болыпты. Бір рет қаланың басқарма үйінің астына оқ-дәрі қойып, жаруға қатысқан. Сонда Оралға іздең барып, қазак жастары арасында оқ-дәрі жасауға жетіккен Жөресті тауып алып, осында шақырып келген. Сол Жөрес арқылы осы «насыбайшыларға» шыққан. Ибраһим оны: үяда жатқан саусысканның астынан білдірмей жұмыртқасын алғын өте сақ, өте епті деп мақтауын жеткізді.

— Барымыз осы,— деп күлді Ибраһим.— Тым асыра мақтап жібердім бе? Шетінен ауыздыға алдырмайтын, аяқтыға шалдырмайтын сұңғылағып көрсеттім білем. Жо-жоқ, ол дұрыс емес. Кемшілігіміз де шаш етектен. Ол жағын кейін өзің де көре-біле жатарсың. Бір беткей «Алаш-пен» боламыз деп, атаман тобымен байланысымыз шамалы. Қызыл майданға қажетті мәліметтерді дер кезінде жеткізіп бере алмадық. Оны да мойындеймыз. Эйткенмен, жігіттерге «әй, сен!» деуге аузым бармайды. Бас бағып, жан аяған жерлері жоқ. Қын, аса қын кезге тап болдық. Жаппай тінту, тұтқындау жүріп жатты. Өліммен құшақтасып бірге үйіктаған күндеріміз аз болмады. Әйтеуір алдырмай, жұлдырмай аман шықтық: Іргесінен саңлау тауып, уәләяттың арасына ену де оңайға түспеді. Әйтеуір еңбегіміз еш кетпей, бәрі абыраймен аяқталды. Ал қазір жігіттердің от пен судан өтіп, қазанда пісіп, көрікте қайнаң дегендей, илеуі қанған дер шағы. Арзан айлаға алдырмайды, өлөр жерлерін біледі.— Ибраһим бір нәрсе есіне түс-

кендей, сөзін бөліп Тенізбайға иек қакты.— Айтқандай, Қалекең қалай? Сүйиқтық көрсеткен жоқ па?

— Әзірше тойған қозыдай. Асылы ши шығара қоймас.

Олардың уәләят қоймашысы Қалқаманды айтып отырғаны түсінікті еді. Шамасы, жол бойы шетін мінез көрсетпегенмен, қалаға келіп жайланаң соң, бірдеме бықсыта мадеп, ізіне бақылау қойған сыңайлы.

— Ал енді,— деп Ибраһим Ахтанға қарай ұмсына отырды.— Асыра сөкпей бар жақсылық, жамандығымызбен қарамағына ал. Ебін тауып жұмсасаң, жігіттер ұятқа қалдыра қоймас.

Ахтан мына бір ресми мәжіліс сияқты әңгіме соңына келіп тірелгенде, абдырап сасқан жоқ. Өмірдің ашы-тұщысы таңдайына татып, жақсы-жаманды айырып, ысқаяқ болысылып қалған жігіт темекіні езуlep ойланып отырды да, айнала төңірегіне сыйырая қарады.

— Мал емес, зат емес, оның не қабылдалап алатыны бар,— деді қырсығып, қыңыр сейлейтін әдетіне бағып.— Орталық қалай үйғарса, солай болады да. Басымызды қосып, күшімізді біріктірейін депті, онысын теріс дей алмаймын.— Ол Ибраһимге бұрылды.— Жігіттеріңізбен таныстырғаныңыз дұрыс болды. Білмейді екенмін. Ал енді біз өзімізге келсек, не барлаушы, не кәнігі астыртыншы емес, Астрахан ревкомының мұсылман ротасының қызыләскерлеріміз. Бар болғаны осы. «Қысылғанинан қыз болдықтың» кебі. Бізде сіздерге жөн сілтей қоярлықтай үлкен тәжірибе жоқ, қайта, оны өздеріннен үйренбесек. Ал енді көп айтып, көпсіте беріп қайтеміз. Үйшіктегі тірліктеріміз көз алдарында. Қолғабыстарың аз болған жоқ. Бәрінде көп-көп рахмет. Енді бір жағадан бас, бір жеңінен кол шығарып, ыстық-суықты бірге бөлісетін болдық. Оған қалайша қуанбассың.— Ахтан тағы да Ибраһимге бұрыла, қарады.— Ордадан келген жолдастар бұдан былайғы міндеттеріміз туралы хабардар етті ме?

— Жоқ, ештеңе айтқан жоқ. Бәрін сіздің аузыныздан естисіз деген.

— Ендеңе, тоқ етері былай: Ракуша мұнай қоймасын бұліншіліктен сақтау, басты мақсат — осы. Қызыл майдан үлкен қыншылықпен болса да, Үйшікке қарай жылжып келеді. Уақыт кеспейік, бірақ Үйшікті алмай қоймайды бәрібір. Ал атаман әскері шегінгенде, жәй шегінбей Ракуша мұнай қоймаларын не қопарып, не өртеп кетпек. Біз соны болғызбауға тиіспіз. Орталық бізді біріктіргендегі, осындай мақсатпен біріктіріп отыр.

Бұған дейін мұлде басқа шаруамен шұғылданған «насыбайшыларға» бұл тосын тапсырма еді. Олар алдарында тұрған жаңа міндеттің жай-жапсарына ой жүгіртіп, иек сипалап үнсіз отырды. Ориған тыныштықтың қаймағын бұзған Ибраһим абзидің өзі.

— Е, қын шаруа бит. Өте опасный... аллам онғарсын енді... Иә, сонда бұл мәселе қалай жобаланып отыр?

— Ешқандай жоба жок, Ибраһим абзи. Оны мына сіз болыш, біз болыш өзіміз жасауға тиіспіз.

— Жөн... жөн... Қай шамада жүзеге асады?

— Оны да айта алмаймын. Бәрі де қызыл әскердің шабуылына байланысты. Ал оны алдын-ала кім болжап білген. Бар білетінім — қапы қалмай, сақадай² сай болуғана.

— Көмек бола ма? — деп сұрады Жөрес.

— Көмек — қызыләскерлердің шабуылы. Басқа көмек жок. Солар келіп жеткенше, өлсек-тірлесек те қоймаларды бүліншілікке бермеу — біздің міндеттіміз осы.

— Түсінікті...

Ахтан ойын жалғады:

— Қоймаларды бұлдіру бүгін-ертең бола қоймас. Оны ақыр аяқта, бұл жерге табан тірей алмайтындарына көздері жеткен сэтте істейтін шығар. Ал қоймаларды қалай бұлдірудің зұлымдық жоспары бір жабық есіктердің ар жағында ойластырылып жатуы ғажап емес. Онымен бас штабтың өзі шұғылдана ма, әлде контрразведкаға тапсырылды ма, болмаса шегіну бөліміне жүктеді ме — бізге өзірше қараңғы. Ал біз сол жобаны қалай да білуғе тиіспіз. Біліп, егжетегжейіне қанығып барып, қарсы шара қолданбасақ, ісіміздің нәтижелі болуы екіталай. Жауапты қын тапсырма екенін түсінем, жігіттер. Өмірмен қоштасуымыз да ғажап емес. Бірақ бок басында бекерге кетпей, өлсек те, кейінгі үрпақ айтып жүретіндей іс тындыруға міндеттіміз.

Бұл Ахтанның көңілі түкпіріндегі жан қинайтын азапты ойларының бірі еді. Ракуша зобалаңы ауызға алынысымен, осы бір қатерлі өткелге қарай өмірдің өзі қолынан үстап, жетектеп әкеле жатқандай ма, қалай? Ол құпиясын мезгілінен бұрын ертерек айтты ма, әйтеуір неде болса әйшәйға қарамай айтып салды. Өлім деген жақсы сөз бе еді, жігіттердің көз алдын кіреуке шалғандай, жанарлары жасып, өздері бүйіғып сала берді. Бірақ небір алатопан ойраннан жол тауып үйренген жігіттер көңілдері күпті болғанмен, сырттарына сыр бермеді. Жасы үлкен, егделеу, тісқақты Ибраһим өзгелерден бұрын сергіді.

— Жолдастар! Бала емессіңдер, тусінесіңдер — бұл біздің ақтық майданымыз болуы ғажап емес. Салғаннан сол аужай байқалды. Не болса да, сәтімен болғай. Ахтан жолдас дұрыс болжап отыр, тапсырманы орындаپ, шыбын жанды аман сақтап қалу үшін, жаудың пиғылын алдың-ала біліп, соған орай әрекет қылуымыз керек. Басқа жол жоқ. Кәне, кімнің қандай ойы бар? Кімнің қандай ұсынысы бар — ортаға салындар!

Иә өліп, иә тірілетін алдағы күндердің ауыр салмақ, зор жауапкершілігін көңілмен түйсініп, жандарымен үққан жігіттер — шыға шапқа салмай, асқан сабырлылықпен бәрін ақыл елегінен өткізіп, үзак толғанды. Жағдайды дұрыс болжап, ақылды жөн-жоба сілтеген келелі ұсыныстар аз болмады, бірақ көбісі-ақ қатал сараптың таразысына толмады. Аса күрделі қын істе бірден саңлау тауып, сара жолға шығу оңай емес-ті: іздеу, жалықпай, талмай сарылыш іздеу, әрі жәй іздеп қоймай, ең дұрыс тиянақты шешімін табу керек-ті, басқа тандау жоқ. Бірауыздан соған пәтуаласып, таң сібері білініп, шығыс көкжиек құлан иектеніп бозара бастағанда, астыртыншылар ертеңгі тұмандай сейліп бет-бетіне тарасты.

* * *

Ахтан кеме жөндеу ұстаханасына біршама кешігіп келді. Соның өзінде жұмыс әлі бастала қоймаған еken. Жағалауға кеме шығаратын жігіттер кеңсенің маңында шылым шегіп, көр-жерді әңгіме ғып иіріліп тұр. Жаға жақта қаптаған кемелердің маңында кеме жөндеу ұстаханасының иесі — шоқша сақал жиғен көпесті еki офицер алдына салып дедектетіп жүр. Кемелерді тексеріп, қабырғаларына крестеп бормен белгі соғады.

— Бұлар неғып жүр? — деп сұрады Ахтан.

— Ит біліпті ме? Кеме қарайды. Оның неменеге керек еkenін.

— Астарынан су шықты. Қашуға көлік керек. Сол үшін қарайды да.

— Кеме атқа жегетін шана емес қой, қыс көзі қырауда оның не септігі бар?

Жұмысшылар ықтасында күнкілдесіп тұр: жұмысты тоқтаттырып қойған офицерлерді де, әншнейінде бұларға оқ жыландаі оқшыраятын ұстахана иесінің офицердің артына кіргендей болғанын көріп, жеті атадан жіберісті. Дауыс әзірше шығыңқырамайды: танаудың астынан, ернінің

ұшымен ғана сыйбайды. Ара-арасында әлдекімдер қызылдардың бір белдің астына келіп қалғанын тілге тиек етеді. Оған біреу елендесе, екіншілері немқұрай: немене қызылдар біздің бала-шағамыздың аузына тегін ас салар деймісің дейді. Пәлен-түген деу орынсыз: бұларға сын жоқ, көбісі-ақ ойдан-қырдан жиналған маусымдық жұмысшылар. Күндіз жұмысын істейді, кешкісін қолма-қол санап табысын алады, ертең жұмысқа шыға ма, шықпай ма өз еркі. Қыскасы, «ұшарымды жел білсін, қонарымды сай білсін», қаңғы да емес, қаңғыдан айырмасы да шамалы ала-құла жүрт. Сыр ашып, олармен әңгіме жарыстырудың өзі де қауіпті еді.

Ұстахана иесі мен қылыштары салаңдаған қос офицер жағалаудағы кемелерді бастан-аяқ бір сүзіп шығып, кенсеге қарай аяңдады. Ахтан жағында қылыщ кескен ұзын тыртығы бар сұлу мұртты офицерді бірден-ақ таныды. Генерал Кирилловтың қызының жанынан талай көрген, содан дәмелілердің бірі, шамасы. Ахтан танытпау үшін құлақшынды мандайына баса киіп, жұмысшылардың арт жағына кейінрек барып тұрды. Мырзалар бұлардың қарсы алдына келіп тоқтады.

— Ағайындар,— деді ұстахана иесі.— Біз жаңа офицер мырзалармен жағалауға тез шығарылып, жөнделетін кемелерге белгі соқтық. Соларды бүгіннен қалдырмай құрылыққа шығарып, кәтекке қойындар.

— Қанша кеме?

— Жиырма кеме. Екі темір баржы,— деді тыртық бет, сұлу офицер.

— Оho! Көп жұмыс екен. Бүгін-ертең үлгермейміз...

— Қанша күн керек?

— Бір жұма. Күніне үш-төрт кемеден артық шығара алмаймыз. Ал темір баржыларды құрылыққа қою үшін, оншакты түйе керек.

— Түйе болады,— деді сұлу офицер.— Алдымен баржыларды тартасындар, екі күн мұрсат беремін.

Атаман офицерлерімен сөйлесіп тұрған осы ұстахана-ның байырғы жұмысшысы, палуан денелі Рақым деген жалпақ қазақ еді. Осы жұмысқа бас-көз боп, жігітерді үйістырып жүрген сол. Рақым таңдайын қағып, басын шайқады.

— Тым тығыз екен. Ендеңше, түнделетіп істеуге тура келеді, мырзалар.

— Истендер!

Рақым саусағын жыбырлатты.

— Ол үшін қол майлау керек. Онсыз жұмыс ілгері баспайды.

Сұлу офицер бұған не дейсің дегендег ұстахана иесіне — борсаған сары көпеске қарады.

— Рахим! — деп шып-пыр етті ұстахана иесі. — Мен сені өзімсініп арқа таңсам, сен бүйректен сирақ шығара-сың ылғи. Мырзалар өтініп тұрғанда, несіне бұлданасындар.

— Бұлданып тұрған жоқпыш. Біз күшімізді сатып, бала-шаға асырап жүрген адамдармыз, соны ұмытпағай-сындар.

— Эу баста әр кемеге үш сом деп келіспеп пе едік, соларынды аласындар.

— Біз тұнде істеуге, әрі екі күнде бітіруге келіскең жоқпыш.

— Қанша сұрайсындар? — деді офицер.

— Кемелерге бес сом, баржыларға он сом.

— Төле! — деді офицер ұстахана иесін нығыртып. — Жарлы боп қалмассың! Есесін қайтарармыз. — Офицер сәл ілгері шығып, қан толған бетіндегі тыртығы қып-қызыл болып, зілдене сөйледі. — Екі күнде бітірмесендер, менен жақсылық күтпендер. Кешке келіп тексеремін.

— Түйе жіберуді ұмытпаңыз, — деді Рақым.

Офицер мырзалар шекпендерінің етектері даландап-тез жөнелісті. Жұмысшылар Рақымды қоршап алып, жапырласып ризашылықтарын білдірді.

— Жарайсың, Рақа! Ә десе, мә деп, тайсалмадың.

— Азды-кемді бірдеме жырып қалдық. Оған да шүкір.

— Әншайінде әкемізді танытар еді. Сасып жүр екен. Сөзге келмеді, ененді ұрайындар, — деп, беті жайылып ырық-ырық құлді Рақым.

Жұмысшылар аш құрсақ, қызыл қарын бала-шағаның қамы үшін тиын-тебен жырып қалғандарына мәз. Ешқайсысы: ау, ағайын, жұмысшы басымызбен артынан пысып қашқалы жатқан казак-орысқа қол үшін бергеніміз бетімізге салық емес пе деуге жарамады. Жұмысшы намысын жыртқан жан баласы табылмады.

Күні кеше кернейлетіп, сырнаилатып, сап түзеп майданға жөнелген қалың әскерден Ахтанның жүрегі қатты шайлығып еді. Атаман әскері бөрікті қоқырайтып, елге көз қылғанмен, арттары бос екенін енді анық аңғарды. Қызылдарды тоқтатамыз дегенмен, тоқтата алмай, алды-арттарына қарамай қашқалы жатқандары мынау. Сонда бұлар көксауыр мұз жамылып, қатып жатқан теңіз арқылы қашпақ па?

Ахтан өз ойымен өзі болып, елден қалыспай жұмысын істеп жүр. Жағалауда қатып жатқан кемелерге шүйме арқанды байлайды да, ал кеп жабылып құрылыққа тартады. Жәй тартпайды, күш шақырып, айғайлап, әндегіп тартады. Кемелерге сүйретпе арқан байланған соң, Рақым ыргалып-төңсөліп тұрып, лауазға салады.

— Алып-алып, алп еткен,
Орайлары жалип еткен.
Атан жілік, ардалар,
Тіре табан, шіре арқан!
Уа, кәне, тартамыз да-а-а...
Ахохоу, сама пойдет!
Оп! Оп! Оп!

- Ал, кәне, шіре-шіре!
- Кетті, кетті... жылжыды.
- Тоқтатпа! Жабыл, жабылғырдың балалары!
- Уа, аруак, қолдай көр!

Бауырына балдыр жабысып, су сіңген дәу кемелер, әуелі мандайы қаңқып, жағалаудың мұзына иек артады, содан кейін көлденең төсөлген жылмағай бөренелермен бір басып, екі басып құрылыққа жылжиды. Атаман офицері җіберген үш-төрт түйенің де септігі аз болмады. Қабырғасына белгі соғылған кемелер бірінен соң бірі жағалауға қатар-қатар сап түзей бастады.

* * *

Бөрінің аузы емес, аяғы асырайды. Ахтан да астынан су шыққандай бір орнында баяздап ұзақ отыра алмайтын, өз ісін екі аяғымен шайқалып жүріп өзі тындыратын беймазалардың бірі еді. «Насыбайшылармен» кездесуден кейін ол қарадан-қарап үйге сыймады. Құдай-ай, мұндай да азап болады екен. Қайда жүр, не болды, бірдемеге ұрынып қалмады ма деп, жегені желім, ішкені ірің. Бұрын қорықса да, қуанса да өз қотырын өзі қаситын, енді мыналардың амандығын тілеп қарадай қажитын болды.

Жұмыста да береке қалмады. Өткенде құрылыққа шығарылған кемелер мен баржылардың нобайы жөнделіп, қайтадан өзенге түсірілді. Жайық мұзы әлі де талқандалып жатыр; дәу буксирлер, шағын мұзжарғыштар күні-түні дамыл көрмей, мұзды бұзып, қатырмай жанталасып бағуда. Ахтан қарап тұрып ойға шомады: бұлар нәмене теңізбен шегінбек пе деп. Мұнша әскерді теңізбен қалай әкетеді?

Элде дүние-мұлік, қымбат қазыналарын жауға қалдырмаудың амалы ма? Кемелер бір жайлы болған соң, өткендеңі бетінде қылыш кескен тыртығы бар әдемі капитан ізім-файым жоғалды.

Соны ойлағанда генерал Кирилловтың кер маралдай керілген әдемі, бойшаң қызы, көзілдірігі мұрынының үшінә ілінген генерал Кирилловтың өзі есіне түсті. Хабарласам, қатынасып тұрамын деп еді, шаруабасты боп бәрін аққула ұмытты. Соңғы кездескенде генерал әскерден біржола ат-құйрығын кесісіп, бейбіт күйбің тірліктің қамына көшкен сыңай танытқан. Отставкадағы адамның қолында не бар деп, Ахтан одан сырт салып сұына бастаған еді. Енді ойлап тұрса, сонысы бекер болғанға ұқсайды: отставкада дегенмен, кезінде бүкіл Жайық қазак-орыс әскерін ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстаған, таныс-білісі, ескі байланысы мықты тамырлы адам емес пе? Тіпті мәселе онда да емес, Ахтанды бұл ойға қолынан жетелеп әкелген шегіну ісіне бас-көз боп жүрген әлгі бетінде қылыш тыртығы бар сұлу капитан.

Оның генерал қызында ойы бар ма, болмаса басқалай жақындықтары бар ма, әйтеуір Кириллов үйімен алыс берісті екенінде дау жоқ. Мұнай қоймаларын талқандау шегіну бөлімінің қолында болса, ендеши бұл тарапта не істеліп, не қойылатынына бір адам қаңық болса, солғана. Ал оған шықса, тек Кириллов арқылы шығады, басқа жол жоқ. Тісқақты кәрі қақсал мұнымен бейтараптың ойынын ойнап жәй көлгірсіп, мәселе шынға тірелгенде қақпанын сарт еткізіп ұстап беріп жүрмесе.

«Жоқ,— деді Ахтан.— Жоқ. «Сырын білмеген аттың сыртынан жүрме» деген. Керазулармен мұндай ойын ойнауым қауіпті».

Жұмысшылар қыс көзі қырауды елең етпей, кеме майлайтын қарамай қайнатып жатыр. Астында оты лаулап, бұы бүркыраған кісі бойы дәу қазанның сасық иісі ығынан адам жүргізер емес. Күн ашық-жарқын болғанмен, ауада бет қарып, құлак шымшитын әжептәуір шімірік бар. Бұг-жендеген жігіттер беті-қолын үқалап, сасық қазанның маңынан үзай алмай жүр. Алып-жұлып бара жатқан жұмыс болмаған соң, Ахтан тығыз шаруасы барын, кешік-пей қайтып оралатынын айтып, Рақымнан рұқсат сұрады. Ағаш дуалдың тақтайын ысырып, сыртқа шықты да, жар жағалай жөнелді. Жағалау бойы қалың ормандағы қаптаған кеме. Жайықтың ортасы сені дөңгеленіп, қарағыстанып ағып жатқанмен, кеме-кеменің арасы тұтасып қатып қал-

ған кісі көтеретіндей көксіреу мұз. Балық үлескендей улап-шулап, сырғанақты қыздырған ауыл балалары. Қала халқының тен жартысы жар басында сендей соғысып жүр. Қабырғасы бітеу бос кеме жок: босқындар бұтак сайын ұя салып, мекендең алышты.

Ахтан Қажығали мен Жақауды орнынан тапты: бір тақтай балықты алдарына жаңа алыш, қол салғалы жатыр екен. Мұны көкелері келгендей, ұша түрегеліп қарсы алды. Байқайды: Жақау Қажығалиға әбден бауыр басып, жік-жаппар болып алышты. Соны кезде үйге тұнеуді мүлде сиретті. Тамақтан кейін Ахтан Жақауға:

— Он қадақтан кем емес, семіздеу көксерке таба аласың ба? — деді.

Жақау танауды жылт-жылт тартып, басын шайқады.

— Кеше-бүгін ондай көксерке ұстаған жан баласы жоқ. Жүріп тұрған — бершік.

— Мүмкін, үйсіздерге барып қайтарсың.

Жақау екі айттырмай жинала бастады. Үйсіздер қала-ның шетінде әжептәуір жерде өз алдарына бір жұрт болып отырған. Олардан басқа табылмағанмен, балық табылатын. Ахтан Жақауға ақша ұстатаң, не істеу керектігін: генерал Кирилловтың үйіне балық апаратынын, бүгін де, ертең де, жалпы жұма бойы сыртынан сол үйді бағып, кімнің келіп-кеткенін түстеп танып алыш, күндө кешкісін бұған келіп хабарлап тұратынын мүқият түсіндірді.

Жақау басты бір шұлғып, қапты иыққа салып алыш, сыртқа шығып кетті. Екеуден-екеу қалған кезде, Қажығали:

— Балағой. Обалына қалып жүрерміз. Неге жұмса-дың? — деп еді, Ахтан:

— Мұндайдың әкесін көрген бала. Сені де құтқарған сол емес пе? — деп, оның сөзін қош алмады.

Ахтан бұл ойынан нәтиже шығар-шықпасына көзі жетпегенмен, сенімнен гөрі күмәні басым болғанымен, түбінде бір әжетке жарап деп, Кириллов сияқты тамырлы адамды назардан шығармауды жөн көрген.

Қажығали мұнын шақты: етек басты боп езіліп барады, көртшқандай інінде қамалып, қарадай қол-аяғы үйип, сарыжамбас болуға айналды. Төтелеп келген ажал болса, тәмір сандыққа салып сактаса да, алмай қоймайды, мандайға жазылғанын көрер дағы. Одан да сілкініп сыртқа шықса, еңсі көтерілер еді. Көңіл ермек жұмыс табылса, оған не жетсін. Ахтан құп алды да, ертеңіне оны ағаш жарушыларға апарып қосты. Отын жетпеген соң, қала әкімшілігі жағалау-

да шашылған ескі кемелерді бұтарлап бұзуға рұксат еткен. Тиімді жұмысқа сұранушылар көп екен, бірақ тақтайын уштөрт жігіт азар көтеретін шынжырмен шандылып, темірмен құрсалған зілмауыр кемелерді қирату оңай емес-ті. Қайратты жігіттерге зәру отын дайындаушы Қажығалиға қарап жіберді де, екі ауыз сөзге келмеді. Ахтан екі күннен кейін келсе, қолақысы қолма-қол жұмыстан кәдімгідей бүйірлері шығып, қонданып қалыпты: баржы іші толған отын, дастар-қандары сірескен тамақ. Әсіресе Жақаудың құдайы беріпті: тәттіге қойын-қонышын сықап ап, күрп-күрп күйсеп жүр. Өздері бұрынғыдан бетер ауыз жаласып, әмпей-жәмпей болып алыпты. Қажығали тұннің бір уағына дейін ертек айттынға үқсайды. Қажығалидан ертекші шығады деп кім ойлаған, о, тоба! Оның қарымына Жақау ағасына орысша үйретін көрінеді. «Ағамда «к» дейтін дыбыс жок, «куда» дегенді «құда» дейді», — деп Жақаудың ішек-сілесі қатып күліп отыр екен тағы бір барғанында. Келесі бірде, Қажығали көсө иегін сипалап, жымың-жымың етті.

— Ай, Ахтан-ай, бір бұкпен қашанда ішінде-ау, тук білмегендей бетің шылп етпейді. Бір тұтін иісі шығады ғой. Сол рас па? — деді.

— Кім айтты?

— Оны қайтесің, сөз жатушы ма еді.

Әңгіменің не туралы екенін түсінген Ахтан түсін сұтып, сазарған болып еді, Қажығали онысын қаперіне алмады.

— Жасырғаның не болғаның? Сен қуанғанға мен қуанбайды дедің бе? Бөтен санағаның не? — деп, Қажығали кәдімгідей таусылып отыр.

Ахтан күмілжіп, желкесін қасыды.

— Соны қалай айтарымды өзім де білмей жүр едім, — деді Ахтан. — Дұрыс па, теріс пе — анығына көзім жетпейді. Әйтеуір бірдеме болғаны рас.

— Оның несі теріс? Ертең-ак жылмиып қатқан әйел болғалы түр емес пе?

— Оны айтпаймың. Мына жағдаймызды айтамын да. Ертеңгі күні не боларымызды кім біліпті? Обалына қалам ба деп қорқамын. Бейшара бала біздің нендей отпен ойнап жүргенімізді қайдан білсін.

— Ту-у, Аха-ай! Ақырзаманды төндірдің ғой өзің, екібастан. Қашаннан бері мұндай уайымшыл болғансың. Көбі кетіп, азы қалды емес пе? Бірдеме етіп шыдармыз, іншалла. Құсың құтты болсын!

Екеуі сықсима шамның жарығында баржының үлігінде көлденең түсіп, езулерінен көк түтінді сыздықтатып қойып,

дүниөәүи әңгімелерді көйтті деп. «Өмір деген қызық қой!» деп біресе бас шайқасады, біресе тандай қағысады. Өлік аттап, от басқандайсың күнде, ажал көлеңкендей қылтыл-даپ жаңынан екі елі қалмайды, сөйте жүріп, әншнейінде лағнет жаудыратын мына ит өмірдің тәттілігін айтсаншы?! Ненің мұрындық болғанын, ылғи бір жаушаптылап енті-гумен жүретін олар, мына бір қараашың қарапты тұні, өлім мен өмір сияқты қыс пен күз бір-бірін ала алмай арпалысып жатқанда, сезімге салынуға ең бір қолайсыз кезде, қаптаған қалың жаудың арасында отырып өмір жайлы сырласты. Бұл олардың беймаза тірлігінде бола бермейтін сирек құбылыс еді. Әлде жақындаپ келе жатқан майдан, алыстан естілген зенбірек гұрсілі — көнілге үміт отын жақты ма? Әйтеуір қарадан-қарап отырып, ауыз-дарының құлпы ашылды. Жаңылды әңгімелей отырып, Алисаны да еске алысты. Алисаның аты аталғанда, Қажығалидың көзі бір сәт тоқтап қалды да, бет-аузы бұзылып, жанарына тығылған жасты сездірмей мұрынды қайта-қайта осқырта тартты. Жайшылықта білгізбегенмен, іштей мужіліп ойлайды екен ғой, е, аллай! Олар әр нені теріп түннің бір уағына дейін отырды.

* * *

Ахтан серіктерінен бір хабар бола ма деп, барлық шыдамын шақырып, тағы да бір жұма тосты. Ұсақ-түйек өсек-аяндан басқа ауыз сылп етер ешқандай ошар болмады. Откенде әңгіме үстінде Ибраһим абзи өздерінің атаман әскерімен байланысы шамалы екенін сыйзықтатып жеткізіп еді. Бұл үшқалак оған дер кезінде мән бермепті. Сол емеурін шындыққа шығуға айналды: мына қын түйінге жігіттердің азуы шағылғандай ма, қалай? Қала сол баяғы мидай араласқан аласапыран қалпы. Түс кезінде әскер топ-тобымен арғы бетке өтіп жатыр деп, Жақау хабар айтып келгенде, Ахтан отыра алмай Жайықтың жағасына жүгірді. Шынында да, Жайықтың мұзы сіреу бол қатқан жермен зенбірек сүйреген қарақұрым атты әскер арғы бетке шығып, алды шұбалып дөң асып кетіпті. Апрай, бұл немене, әскердің шегінгені ме? Куану орнына Ахтанның маңдайынан суық тер бұрқ етті. «Ұш, жүгір Тенізбайға! Тез жетсін»— болды аузына түскен сөзі.

Екі айттырмайтын қолдаяқтай Жақау құлақшынды маңдайға баса киіп, қалаға қарай жөнеп берді. Ахтан тоңғаннан ба, әлде сасқаннан ба, тісі-тісіне тимей, қалтырай

берген соң, дірдектеп үйге қайтып келді. Бірақ та байыз тауып отыра алмай, сыртқа бір шығып, бір кірді. Мұны көріп Жаңылдың көзі алақандай болды. Жалтақ-жалтақ қарады демесең, ләм-мим үн жоқ. Ахтан оның жанына келіп, қазандық аузына шекелей отырып, темекі тұтатты да, Жаңылдың бетіне үңілді. Бірақ қарсы алдындағы Жаңылды көрген жоқ — оның есіл-дерті басқа жақта еді.

— Не, неге абыржыдың? Не болды? — деді Жаңыл.
— А-а?

Жаңыл жыл құсындай өте сирек тіл қататын. Ахтан кенет үйқысынан шошып оянғандай болды.

— Дірілдеп ұшып барасың ғой,— деді Жаңыл оның қолынан ұстап.

Ахтан темекі ұстаған қолының шошаңдап тұрганын енді ғана байқады. Астапыралла, мұнысы несі? Жүйкесі құрғыр іске жарамсыз болып, әбден жұқарып біткен екен. Үйшікке келгелі осындай дертке ұшырады.

— Мен де адам емеспін бе? Ішіңе жасыра бермей, айтсаңшы. Мені бір мақау көргенің бе?

Ахтан аузынан сөзін түсіріп алғандай аң-таң. Жаңылға әрі ажырая, әрі аңтарыла қарады. Ол байғұстың өзі-өз болғалы мұның бетіне қарап базына айтқаны осы еді. Айтуын айтқанмен, мұның соны не болады деп, Ахтанның қас-қабағын бағып жапақ-жапақ етті. Бұл жұдырық ала үмтүлса, ербендерген қолдары басын далдалауға әзір. Ахтан жастайынан соққы көріп, жалтақ, жасқаншақ болып өскен оның дір-дір еткенін көріп, жаны ашыды. Жайлап қана білегінен ұстап, шашынан сипады. Жаңыл сонда да сеніңкіремей шошынып, шоршып түсіп отыр. Тек Ахтан өзін балаша иіскелеп, иығынан құшақтағанда ғана, көнілі орнығып, оған тығыла түсіп отырды.

— Кешір, жәй сұрағаным ғой,— деді естілер-естілмес қана.

Ахтан оны өзіне тартып, кеудесіне қаттырақ қысты. Бір түрлі жүрегі шымырлап, көнілі елжіреп, шын жақсы көрді. Күтіп-бағып тәрбиелесе, ешкім олқысына алмайтын, жақсы еркекті көркейтер сыланған сылқым келіншек болғалы тұр. Өзі әдемі-ақ. Көзі де алақандай. Сол жақ қабағының түйіскеніне біткен түймедей мені де жұқалаң қасының қимылына қарай бір жирылып, бір созылып астарлы сыр аңғартқандай. Тек жетімдік, жастайынан көрген қаққы-соққы жүнін жығып, шырайын шығармай тастаған. Көздегі алаң-жұлаң қорқыныш, бойдағы жасқан-шақтық әлгі әдемілікті көзден тасалап, жуып-шайып

турғандай. Әнебір кездे екеуден-екеу қалған оңаша тұнде бар айтқаны: «Алдамайсың ба, ағатай?» болған. Шарасыз қыздың жыламсыраған жалынышты үні құлағында сол қалпы қалыпты. Содан бері ол жарытып жақ ашып, еркін-деп тіл қатқан емес-ті. Бақса, екеуі тіпті от басында шүйркелесіп оңаша отырманты да. Сол қателігін жуып-шайғысы келгендей болған Ахтан Жаңылды аяқ астынан айналып-толғанып бәйек болды.

— Жан әйелім... құдай қосқан қосағым... бұл өмірдегі жалғыз қызығым...

О, тоба, Жаңылдың жанын жеп, сарғайып күткені осы жалғыз ауыз сөз емес пе еді? Өзге еркек ә дегеннен қақсайтын ант сөзін бұл боларын болдырып, бояуын сіндіріп барып айтты-ау. Бұған не дерсін, таң қаларсың ба, жоқ па? Ол Жаңылды қайта-қайта иіскеп сүйіп, ынтаzar адал көңілін тежемей, небір әдемі сөздерді үйіп-төкті. Жаңыл үялғанынан қып-қызыл бол, төменшектей бергенмен, Ахтанның аймалағаны, жақсы сөздері жанына майдай жағып, қорғасындаи балқытып, өң мен түстің арасындаи бір күй кешті.

Бөрідей бірде ойда, бірде қырда жортып жүріп, Ахтан әйел көрмеді емес, көрді. Жақсысын да, жаманын да үшырастырды. Бірде бір қиғаш қастың бір түнеп шығып, келесі күні: сені қайдан көрдім, білмеймін деп, танымай танғаны да бар. Корлықтың жаманы сол екен. Жаны жаншылып, қарадай суалып, өліп қала жаздаған. «Көпшілік жер — лас» деген шын сөз, қалалық жерде не болмайды, көз көріп, құлақ естімеген небір сорақылық болып жатады. Ешкім оған жаны ышқынып, жағасын ұстап таң қалмайды, таң қалса да келесі күні-ақ түк көрмегендей үштыкүйлі естен шығарып, біржола ұмытып кетеді. Ахтан сол сорақылардың бәрін демегенмен, біразын көріп, басынан өткергенмен, көп айтып, көп дабыраланатын махабbat дегенді үшырастыра алмаған. Ол бір ел аузына көп жайылған ертегі ме, әйтеуір лақабы бар да, өзі жоқ, көленкедей жылыстап, қолға түспейтін бірдеме ғой. Міне, ол ақыры үйленіп тынды. Үйленгенін өзі де білмей қалды. Жаңылға өліп-өшіп, аусары ауып барады, онысы махабbat па, әлде басқа ма, анығына көзі жетпейді.

Ахтан Жаңылдың шашын сипады.

— Некелеспедік деп көңіліңе алма. Ниет болса, неке қайда қашар дейсің. Тірі болсам, жүрттың табасына қалдырмаспын.

Жаңыл мұның бетіне бұрыла қарап, ризашылығын көз

шарасымен ғана білдірді. Содан кейін ол баяу ғана құрсініп, Ахтанның шодырайған етсіз тізесіне иегін сүйеп, отқа қарап телміріп үн-тұнсіз ұзак отырды. Жанған оттың адамды ойға жетелейтін бір ғажабы бар емес пе? Қайдағы жайдағы ойға оралады: өмір шебердің өзі осы от сиякты бір жанып, бір сөнген нәрсе ғой.

Екеуі от аузында қиялға беріліп, құшактасып отырғанда, Жақау елдір-желдір бол жетіп келді. Бұлар қысылып, етек-жендерін жиып күйбендесяп қалғанмен, Жақау ештеңені ерсі көріп, елең еткен жок. Мән-жайға баяғыдан қанық-танық адам сиякты. Ол қазандық жанына тізе бүгіп:

— Ескі кеменің жанында күтіп тұр,— деді де, ыстық пешке қармақ бол қатып қалған қолын қактады.

* * *

Ахтан етек-женін қағып орнынан тұрды да, алдыартына бұрылып қарамастан сыртқа шықты. Қара сұық дігірлеп, күн жаланып тұр екен. Бір еріп, бір қатып қысыраған қыс қашанғы жылымшылансын, бүгін аяқ астынан тұтігіп, қаһарына мініпті. Езілген кедір-бұдыр жер сол кедір-бұдыр қалпы тақтайдай тарсылдалап қатып қалған. Ғұмыры аш-жалаңаш күн кешіп, тоңу дегеннің не екенін білмейтін Ахтан жағалауға бет-аузымен алысып, азар жетті. Қалтыратып ұшырып алып барады, белқасты.

— Мына күнге не көрінді? Аяқ астынан тұтігіп кетті ғой.

Сөзбен бірге аузынан бір қап бу бұрқ етті. Шолақтонның кереге жағасын тікірейтіп көтеріп алған Тенізбай мыңқ етер емес, ескі қеменің ығында қолды қалтаға салып, шәнип тұр. Тек қасы мен кірпігі ғана ак қырау.

— Әскер өткенін көрдің бе? Бұл не? Шегініс пе?— деді Ахтан дірдендеп.

Тенізбай мұз құрсанған Жайыққа, әлгінде шұбырып әскер өткен тұсқа шаншыла көз қадады. Әскердің өзі тұрсын, қарасы жок, тек мұз үстінің қырауында жосылған қарашұбар ізі, тұсіп қалып шашылған ол-пұлдары ғана жатыр.

— Шегініс болмас, асылы,— деді ол басын шайқап.— Әскер шегінсе, қала неге жым-жырт. Қала әкімдері де қалмай бірге жылыстар еді ғой. Басқа бір себеп болар. Бұлар, дәу де болса, жол бөгеуге аттанған әскер. Ақтөбе жақтан жолды кесіп тастай ма деп, Жем бойын қорғауға

аттанған ғой. Ол жақта да қызылдар бүйірге шашудай қадалып тұр білем.

Теңізбайдың айтқандары Ахтанның аптығын тез басты. Шынында да, соны өзі ақылға салып, неғып салмақтай алмаған. Шегініс болса, қала тып-тыныш жатар ма еді? Әлдеқашан азан-қазан боп, әуені басына көтермес пе? Осы бала екеш балаға аян нәрсеге ақылы жетпей, сасқаны не болғаны? Шынында да, осы был ақылы кәдімгідей кеміді.

— Майданнан не хабар бар? — деді Ахтан.

— Сол баяғы. Жымпityға келіп, малтықты ғой. Бері аса алмай тұр білем.

Бұл кәдімгі дәмі татау татыған ит жылғы хабар. Қызыл майданың Жымпityны төніректегені қашан, бұлардың қарай-қарай көздері талды, соза-соза мойындары ұзарды. Ақыры, тіпті еттері өле бастады, қызыл майдан ғұмырында жетіп болмайтында көрініп, көңілдері торықты. Күз аяғы қалайда бір жаңалық болар деп, елеңдесіп еді, міне, қылышын сүйретіп қысың да жетті, ал қызыл майдан болса, жер түбінде, әлі де шаң беріп, тәбесін анықтап көрсетер түрі жок. Шыдамның да шегі бар емес пе? Кей-кейде осыны ойлағанда аспанға қарап ұлығын келеді. Төзімі сарқылып, жан-дуниесі ширыққан байеу Ахтан бұл күндері осындай бір ширылып ширынжатқан күйде еді.

Әйткенмен, ол көңілінде пісрек келген шешімінен Теңізбайдың мына бір жағасы ғанау жайбаракат қалпына бола бас тартпақ емес. Кармақтанған саусактарын үрлеп-үрлеп алып, Тенесифа таянды.

— Бұл тірлігіміз мәннанап тұрған жок, Теңке, — деді ол. — Түк бітетінде күр сандалбай, бос әуре. Өстіп жүргенде шабуыл басшып кетіп, айдалада жер сабалап қаламыз ба деп қорқамын. Алыстан аужайлағанша, істің бас-қасында болғанымыз жөн. Баратын жерге барып, жеткен — абзалы.

Теңізбай Ахтанға бұрыла қарады.

— Ракушаға ма?

— Иә, Ракушаға.

— Бұл не, бұйрық па?

— Иә, бұйрық десеніз де болады, — деді Ахтан бір бет алған соң көрі шегінбей. — Ибраһим абызиге айтыңыз, жолға қамдансын. Ракушаға қалай, кім боп барамыз? Оны өзі біледі. Документтер мінсіз болсын. Ал Жөресті тауып алып айтыңыз: Ақжаймаға Ізбасарға аттансын. Содан басқа сенеріміз жоқ.

Теңізбай бұл әңгіменің өзіне қатысы жоқтай, Жайық бойына көз қыдыртып тұрып, самарқау тындағы да:

- Жиналуға неше күн пұрсат бересіз? — деп сурады.
- Бір жұма.
- Бір жерден нұсқау болды ма?
- Қажет десең, болды деп есепте. Тоқ етері осы.

Теңізбай ернін жымқырып сәл-пәл ойланып тұрды да, басы артық сөзге келмей: «Ал, жарайды!» — деп, өкшені қадай басып жүріп кетті. Ахтан оны жымиған жылы назармен ұзатып салды. Өзі бір таң-тамаша қызық адам. Десе дегендегі шақшадайдың зоры тұрған бойы, нағыз мықшеге.

7

Ахтан кешкі апак-сапақта Кириллов үйінің кісі бойы биік дуалының қақпасын қақты. Елден бұрын елең еткен дыбысшыл көкжал арлан шынжыры сылдырлап, арсылдап қоя берді. Сосын күзетші шалдың қалтыраған шіңкілдек даусы естілді. Кұлақтан қалған ол байғұс тесіктен сығалап, бір мошқағаның екі мошқап, азар дегенде түсінді де, рұқсат сұрауға қожайынға кетті.

Ахтан көлуін келгенмен, әлі екі ойлы еді, ішке енеренбесін білмеді. Келген есебі дұрыс па, әлде қиял жетегіне еріп жаңсақ басқалы тұр ма? Кириллов ол ойлаған жерден шықса жарады, ай мүйіз аксүйектігіне бағып, жалған намыс шақырып тыраштанып жүрмей. Тіпті шірік қаны қозып, ұстап беруі де ғажап емес-ау. Бірақ Ахтан қаңсыған кәрі шалға оңайлықпен алдырмасына сенді, әрі бүгін-ертең қаладан жырылып кеткелі отырган.

Ол мойнындағы шынжыры болмаса, адам жейтін көкжалдың жанынан жанасалай өтіп, ұзын баспалдақпен екінші қабатқа көтерілгенде, алашорда мундирін бір түзеп алды да, ішке енді.

Кириллов аяғын тізесіне дейін түбіт шәлімен орап, камин алдында кофе ішіп отыр екен. Самарқау ғана бас изеді. Ахтан батпай, есік көзіне тұрып қалып еді, генерал:

- Келіңіз, шешініңіз, құрметтім, — деді.

Даусы тымауратыңырап шыққанмен, үнінен жақтырмаяған кет әрі қабақ байқалмады.

— Сырқаттанып қалғансыз ба? — деді Ахтан оның жанына жайғаса беріп.

— Қыс басында өстетін бір еркелігім бар, аздал тымау-
ратып отырмын.

Генерал сыпайылық сақтап, науқасын жеңілдете сөйле-
генмен, оның қуарған ағарыңқы өнінен әжептәуір сырқаты
бары аңғарылды.

— Иә, күні құрғыр да аяқ астынан қақап кетті ғой...

Орыс адамына сүйк денене емес. Сүйкпен бірге
туған халықпаз ғой. Тубіме мына бір еріп, бір қатқан
жылымық жетті. Оның үстіне Гурьевтің батпағы да бір
көрім екен. Маған тым жақындай берменіз.

— Біздің халық тымауды ауру демейді. Ең жақсы қар-
ғысы — «ауруың тымау болсын».

Кириллов қонағы әзілдеп отырған жоқ па дегендей,
Ахтанға бұрылып қарады да, оның шын айтып отырғанына
көзі жетіп, күлімдеп езу тартты.

— Сенем, сенем,— деді басын шүлғып.— Бұрын сен-
беуші едім, қазір не айтсаңыз да сенемін. Бұл өзі табиғат
ананың қанасынан жаңа шыққан қызық халық екен, шы-
нында да. Өлгені өліп, өлмегені тірі қалып, табиғаттың
өз сарабынан өткен жұрт. Өміршең халық. Келесі топан
сүннан біреу аман қалса, қазақ аман қалар деп ойлаймын.

Ахтан таңырқай қасын керді де, астарлы жымиды:

— Ал, сіздің досыныз мәртебелі Толстов мырзаның
көкейі басқаша: ең соңғы қазақты музейден көрсем деп
армандайтынға ұқсайды.

Ішін жасыра білетін сырбаз Кириллов Ахтанға антарыла
қарады. Ахтан әзіл аралас бұл сөз генералға мұншама
әсер етеді деп ойламап еді.

— Ол енді адайларға байланысты айтылған сөз ғой.
Немене, өзгелер де оны көңіліне алып қалған ба?

— Элбетте! Адайы не, қазағы не? Бәрібір емес пе?!

Кириллов отқа телміріп ойланып отырды да, ернін
сылпі еткізіп, басын шайқады.

— Иә, атаман аузынан қағынып, бір қателік жіберді.
Оның түбінде өзіне үлкен зиянға шығуы ғажап емес. Халық
көтеріліп жүрмесе болғаны да... Адайлар Ойылды тал-
қандаған дей ме, не дейді?

— Иә, сондай қауесет бар.

Сырқатының әсері ме, әлде соңғы кезде мінез шығара
бастаған дала тірлігі көңілін торықтырды ма, Кирилловтың
ой мендеген жүзі сынық көрінді. Ол баяу курсініп алып:

— Майдан шебінен не хабар бар?— деді.

— Оны өзіңіз де біліп отырсыз ғой. Несін сұрайсыз?

Ахтан бұл әңгімені жақтырмағандай, сол мінезімен

майдан ахуалының мақтанарлықтай емесін аңғартып, ал, шын мәнінде, өзіне де беймағлұм жайлардан ши шығарыш алмау үшін, кіржіндеп орнынан тұрып кетті. Кириллов майдан жағдайын айтпай шамалады.

Генерал ұмытып қалған ба — өткенде айтқан саяхатшы Карелин туралы басынан бастап тағы да хикаялай бастаған еді. Аулада ит үргенде, әңгімесін оқыс үзді, оның әлдегеге алағызып отырғаны айдан-анық еді. Іле-шала қызы мен шегініс істерін үйымдастырушы бетінде тыртығы бар сұлу офицер есіктен енді де, бұлармен ерні ұшымен ғана амандасып, төргі бөлмеге өтті. Генерал үзілген әңгімесін қайта жалғамақ болғанмен, сөзінің қисыны қашып, ойын үзіп ала берді. Үй ішінде бір жайсыздық бары анық еді.

Айтқандай-ақ көп ұзамай қалындық пен күйеу жігіт еніп кеткен бөлмеден қатты-қатты дауыстар естіліп, қыздың өксіп жылағаны құлакқа шалынды. Генерал елендеген Ахтанның тізесіне қолын апарып, сабырлыққа шакырды. Кешікпей төргі бөлмеден өрт сөндіргендей болыш сұлу офицер шықты да, шала-пұла киініп, қоштаспастан есікті тарс ұрып шығып кетті.

Генерал оның кеткеніне қуанғандай болар-болмас езу тартты.

— Үйленер алдындағы ырың-жырың ба? — деп сұрады Ахтан.

— Солай болса ғой, — деді Кириллов екіүштау. Сосын түбіт шәлімен тізесін қымтап, отқа ұмсына отырды. — Николай Васильевич қалындығын Порт-Александровскіге¹ аттандыра алмай әуре. Қызым мені жалғыз тастап кеткісі жоқ. Ал менің ешқайда қозғалғым жоқ. Бірақ та батады бергем,

— Порт-Александровскіде не бар? — деді Ахтан түкке түсінбегендей боп.

— Сактық та...

— Демек, біздің қолбасшыларымыздың Гурьевтің мыйғымасына сенбегені мे? Тарапанша тырақайлас қаша бастады деңіз. Бұл әскер арасында іріткі тудыратын нәрсе ғой.

— Жария қылмай жасырын жібереді де. Там-тұмдаң кетіп те жатқан шыгар.

— Гурьевтің шаруасы шынымен біткені ме, күдай-шылығыңызды айтыңызшы, генерал ағзам?

¹ Форт-Шевченко

— Оны неғып түсінбейсіз? — деді генерал таңырқаған бол. — Әрине, бітті. Оңтүстік армия төтеннен шабуылға шықпаса, басқа үміт жоқ. Олай болуы ғайыптың ісі. Бұл бағытта атаманның күші сарқылды. Қызылдар енді бір тықсыртса, Жайық казагы біткелі түр. Қызылдардың найқалуы тегін емес. Асылы, күш жиып жатса керек.

Ахтанның көкшірейген көзі деп-дәңгелек болды. Оның, шынында да, таң қалмасқа лажы жоқ-ты. Бұлардың бірде дара, бірде бірігіп ойлап шеше алмаған шиесін пеш түбінде отырған мына генерал шекілдеуікше шағып берді. Оқығанды қойсанышы бұл, ай, надандық-ай десенші!

— «Алашшылар» не іstemек? Атаман Толстовпен бірге кетпек пе? — Генерал кулана көзін сығырайтты. — Элде қызылдармен келісімге келе ме? Пітуәжа болуға ниет танытқандар бар көрінеді ғой.

— Мен кішкентай адаммын... Ештеңе білмеймін. Басшыларым қалай десе, солай болады да.

— Аузыңа беріктігің ұнайды. Ол қазіргі күні бірден-бір таптырмайтын қасиет.

Мыскылдалап отырған жоқ па деп, Ахтан көз ұшымен генералды бакқан жоқ, бет алды суалған Кириллов ондай ойдан аулақ көрінді. Қажып, шаршап, уайым ойлап отырған адамның сыңайы.

Ахтан тамыр басып көруге оқталды.

— Құрметті генерал, — деді ол бөлме ішінде сенделіп жүріп. — Мен өзім құдайға онша сене бермейтін адаммын. Эйткенмен, сізben ұшырасуыма сол құдіреті қүштінің бір септігі болды ма деп қайранмын. Қысқасы, генерал мырза, көмек керек болса, қысылмаңыз, айтыңыз. Мен қол ұшын беруге әзірмін.

— Қандай мағынада?

— Жанама да тура мағынасында. Жасырып қайтеміз, заманның беті теріске қисайғаның мойында масқа лаж жоқ. Қайта түзелер ме, әлде сол қисайған қалпы қисайып кетер ме — оған көзім жетпейді. Заман ғана емес, адамдар да азып бітті. Бірге жүрген серігіңе де сену қынға айналды. Ертең әскер қозғала қалса, не әлемет боларын кім білген?

— Не болуы мүмкін?

— Оны менен гөрі сіз жақсы білесіз?

— Не жолы орыс әскері вандализмге дейін құлдырайты? — Ол сұрауын сұрағанмен, ойланып барып өзі жауап қатты. — Таңқалғандай да дәнене жоқ, әлбетте. Ол

нышан әр жерден шаң бере бастағандай ғой. Не ақыл қоспақсыз?

— Жок, ақыл қосудан аулақпын. Мен сізге бар-жоғы қолымнан келгенше қызмет етпекпін. Не дегенмен де, мына жатқан — біздің ел. Сіз қонақсыз. Қазақтың даласы кең, ой-шұңқыры белгілі дегендей...

Генерал қолын қусырып, отқа телміріп ойланып отырды да:

— Шын көңіліңізбен айтып тұрсаныз мың да бір рахмет,— деді.— Қазір мына заманда қол үшін берер адам да некен-саяқ. Рахмет. Бірақ маған көмек қерек бола қоймас, мен жылы орнынан қозғалмақ емеспін. Атаманшылар небір безер дегенмен, маған тізе көрсете қоймас. Әскерден де, саясаттан да біржола ат құйрығын кесіскеңмін. Ал саналы өмірімді жолына құрбан еткен орыс армиясы қалай да бірге жүресің деп қыштап жатса, не шара бар, тағдыр тәлкегі деп қабылдаймын да.

— Ол жағын еркіңіз білсін. Менікі тек ақ ниет қана.

— Тұсінем, тұсінем, көп рахмет. Ренжіменіз.— Генерал тың-тыңдағандай көрші бөлмеге құлағын тікті де, Ахтаның жеңінен ұстады.—«Жаман айтпай, жаксы жок», Ларисаға көмек қерек болуы ғажап емес. Жастардың аузы маған ұнамай жүр. Әй, бірақ араласып қайтем, өздері шешсін,— деп қолын сілтеді де, Ахтанға қарады:— Өзің жол шығып баrasың ба?

— Иә, шаруа боп тұр. Бірақ тапсырып кететін адамдарым бар.

— Олай болса, сақтықта қорлық жок, тапсырыңыз. Бірақ өзіңіз көріп тұрғандай әзірше басы ашық ештеңе жок.

— Жарайды.— Ахтан киініп алып, есік алдынан қайта бұрылды.— Ертең кешке келермін. Кездестіріп кеткенім дұрыс болар.

— Сенімді адамдар ма?

— Сенімді, сенімді, қам жемеңіз.— Ахтан генералдың жанына қайтып келіп, шөкелей отырып, каминнен темекі тұтатты да, Кирилловқа көз қығын таставады.— Құрметті генерал мырза, «еруліге — қарулы» деген бар, мен сізге бір базына білдірсем, айып көрмейсіз бе?

— Оқасы жок, айтыңыз... қолдан келсе...

— Соны өзім дे білмей тұрмын. Тек теріс тұсіне көрменіз.— Ол жұтынып алып, темекі тұтінін каминге қарай үрледі.— Әскер шегіне қалса, мұнай қоймаларын құйретуі мүмкін бе? Құйретер болса, қалай құйретпек?

— Оның сізге қажеті не?

— Бұл, не дегенмен, кіндік қанымыз тамған жер. Біз кеткенмен, қаумалаған қалың жүрт осында қалады. Арасында ағайындарымыз да бар. Елдің азығын айырып, әбүйірін жауып отырган жалғызырысы. Біз оның бүлінгенін қаламаймыз.

Қабағы түйіліп, өні сұп-сұр боп кеткен генерал тамағын кенеп креслоға шалқайды. Ахтанның іші қылп ете қалды.

— Мұныңыз аса маңызды стратегиялық мәселе екенін білесіз бе?

— Жоқ.

— Большевиктерді тұншықтыру жоспарында отын, соның ішінде мұнай мәселесі де бар. Қазір олар мұнайға өлердей зәру. Гурьевке ентелегендемина батпағы тізеден қалаға құмар бол отыр деймісің? Ембінің мұнайына қызығып отыр. Арнайы Түркістан майданының құрылуы да содан. Бұл күндері мұнай қызылдар үшін өмірмен бар-бар.

— Оныңын білмедім,— деді Ахтан шын сасып. Сосын түрегеліп белдігін түзеді.— Мен азаматтар қолқалаған соң, сізден өзімсініп сұрап едім. Мәселені тым қынданып жібердіңіз. Мен сізден ештеңе өтінген жоқпын — осыған келісейік.

Ахтан басын изеп қошасты да, бөгелмestен сыртқа шықты. Аспанды бұлт жапқан ба, қар жауып боран болғалы түр ма — көзге түртсе көргісіз тас қараңғы. Ахтан әлде өзіне, әлде генералға өшіккені белгісіз — жағын шайнап, тістеніп алыш, қатты жүріп келеді. «Оңбаған, оңбаған!— деп қояды.— Бұлардың оңғаны бар ма?! Артына май қүйсан да, нәсіліне тартпай тұра ма? Әп-әдемі, жып-жыл-мағай, сіз-біз дегенде майлы қасықтай жылпылдайды. Жатып жастық, жайылып төсек. Ал мақсаттарына керегар бір сөз айтсан болды, тұлан тұтып шыға келеді. Оңбаған!...»

* * *

Әйткенмен, нақ сапар шығар алдында Ахтан Кирилловтың үйіне Жақауды ілестіріп барды.

Ол кешеден бері тыраш генерал Кирилловтың ойша ішін кептіріп еді, жерден алыш, жерге салып. Жеті атадан аямай жіберіп, сыбап та алған. Енді қайтсін: баяғыдан бергі итінген еңбегі зая кетсе. Тыннадай ілмиген генералдың оң жағына бір, сол жағына бір шығып жүргенде, сүйіс-

пеншілігі тасып, жүрегі езіліп бара жатыр деп пе ең, тұбінде бір кәдеге жаарар ма деген есекдәме едіғой. Үміті ақталмаса, бармағын шайнамағанда енді қайтсін. Оңбаған ба, ит пе, мейлі, кім болса о болсын, ал бірақ мұның уәдеге беріктігін біліп жүрсін алжыған кәрі қақсал.

Генерал аулада айбанның ығында боран алардай жылы киініп, шуактап отыр екен.

— Жүріп барам; Иван Яковлевич,— деді Ахтан, қыска аман-саулықтан кейін.— Мен сізге жәрдемші алып келдім.

Кириллов жұнынылау киінген таңқы танау сары баланы көріп, таңырқағанын жасырмады.

— Бұл әлгі бізге балық таситын бала емес пе?

— Иә, сол.

— Рахмет, көмекшініз әрі таныс, әрі сенімді екен,— деді генерал езуін еттеп қайшылад.

— Мысқылыңыз орынды дей алмаймын, генерал мырза. Мәселе үлкен-кішіде емес, іс тындыруында емес пе? Бойжетken қызды мынау аласапыран кезде кез келген еркектің қолына ұстата қоюға менің тәуекелім бармас еді, мәселен.

Генерал өз қателігін түсінді ме, езу тартып, **Жақауға** қолын ұсынды.

— Бәрекелді. Қаласа, бізben бірге тұрсын.

— Тұруына да, келіп-кетіп жүруіне де болады. Солай емес пе, **Жақау?**— Жақау томсарып тіл қатпады.— Эй-теуір керек кезінізде сіздің жаныңыздан табылатына күмәнім жоқ. Ал енді хош-сау болыңыз.

Генерал бірер итініп, сүйретіліп орнынан тұрды. Қолтығынан шиыршықтап оралған шағын бума қағаз алып, Ахтанға ұстатты.

— Мынау сіздің сұрағаныңыз?

— Бұл не? Мен сізден ештеңе сұраған жоқ емес пе ем?

— Сұрағансыз. Осыдан сіздің ағайындарыңызға бір жәрдем тиер болса, мен куаныштымын...

Ахтан оның қолын қатты қысты да, асыға басып көшеге шықты. Аспан ала бұлтты, күн бұлтқа бір батып, бір шығып тас төбеге келіп қалыпты. Қызыл шұнақ аяз әжентеуір бет, шымшиды. Бұлар бүгін жол шығатын **Жайықтың** арғы беті — Бұқар жақ жағалауы қырбық қарға көміліп сұлқ жатыр. Сол ен даладан жаңға жайсыз, ызғырық сұық жел еседі. Ахтанның жыпылдаған шапшаң жүрісіне ілесе алмай **Жақау** желіп келеді.

— Сағынамғой. Екі көзім төрт боладығой. Бірге

ілестіре кетсендерші. Салмағым тұспейді. Тіпті арбаларыңа да мінбейін, жаяу жүріп жетейін.

— Болмайды, Жақаужан. Ілестіретін жер болса, жалындырмай-ақ ілестіріп кетпеймін бе? Оның үстіне қалада шаруаң бар, аса жаупты шаруа.

— Курсын, олардың үйінде тұрғым келмейді.

— Тұрмасаң, тұрмассың. Бірақ күн құрғатпай барып тұр. Генерал мен қызының тағдыры сенің мойнында. Ол — бізге керек адам.

— Аға десе?

— Ту-у, өзің! — Ахтан қайырылып қалт тоқтады. — Мен сені азамат деп, сеніп шаруа тапсырып жүрсем, өзің бала екенсің фой!

— Оны айтпаймын... біреу-міреу қатынаса дегенім де...

— Кім қатынаушы еді?

— Бәлкім, Ақжайма жақтан... Сұраса не деймін?

Ахтан ернін тістелеп ойланып қалды. Ол ғажап емес екен-ау. Жөрес барып жеткенше Ізбасар шыдай алмай біреулерді жіберуі мүмкін еді, әбден.

— Ендеше, Ізбасар ағаның өзі білетін жаққа кетті де... Басқа түк айтпа. Жалпы, тірі жанға тіс жарып ештеңе айтуышы болма.

Ахтанның басына тосын бір ой сап етті де, ол сұық ойдан өзі де тула бойы тітіреніп, шошып қалды. Оны Жақауға айтсам ба, айтпасам ба деп екійлы бол келе жатты да, айтуға бекінді:

— Біз келмей қалғандай болсак, Ізбасар, Ізбасар Жанекенов деген ағанды тауып ал. Ақжайманың балықшысы.

Жақау төбесінен тоқпак ұрғандай қалт тоқтады. Ахтан оған тағы бірдеме дегісі кеп, артына бұрылса, анадай жерде бетін басып, солқылдап тұрған баланы көрді. Әлгі сөзі әнтек болғанын ұғып, жүрегі шымырлап балаға қарай ізімен қайта жүргенде, еніреген Жақау құстай ұшып кеп оның мойнына асыла кетті.

— Кетпеші, аға! Жібермеймін! Кетпеші, кетсөң, өлтіріп кет!

Ахтан көше ортасында жүрелей отырып, баланы тізесіне алып, бода-бода көз жасын сұртті.

— Кетпеуге болмайды, Жақаужан. Оны сен тұсінесің... Көніліңе алма, әлгі сөзді жәй айтып жатқаным фой.

— Жәй деймісің? Жәй ма?

— Әрине, жәй... жәй әншейін.

— Ондай... жаман сөзге... аузың қалай барды? Сен

кетсөң, біздің күйіміз не болады? Жоқ, қалмаймын... өлтірсөң де қалмаймын... бірге ілесіп барамын... сенсіз өмір не өмір...

— Өй, қой! Қызық екенсің?

— Енді өлтірсөң де қалмаймын, айтқаным айтқан...

— Азамат жігіт сөйте ме екен. Қой, ұят болады. Ел қарап тұр.

— Мейлі, қарай берсін...

Көшедегі сиректеу жүрген-тұрғандардың көше орта-сында құшақтасып отырған ол екеуіне қарап өтіп жатқандары рас еді. Себебін білмегенмен, мына бір жүрек толқытар көрініске көңілдері елжіреп жандары ашып, бас шайқасады. Бұл бір амалдың жоғынан әкеден бала, ағадан іні боздап ажырасып жатқан көз жасы мол қатігез кезең еді.

Ахтан мойнынан қолың айырмаған Жақауды салбыра-тып көтеріп алыш жүрді. Орындықтарын жүқалаң қар жапқан саябақтың ішіне енгенде, оны жерге түсірді.

— Ту-у, өзінді қандықөйлек серік деп жүрсем, әлі піспеген шикі бала екенсің ғой. Қалай ғана мен саған құпия шаруаларды сеніп тапсырып жүргенмін.— Ахтан оның бетін сұртіп, бөркінің құлақ бауын байлады.— Шырағым, бұдан былай біліп жүр: еркек деген атың болған соң, еркекше сөйлескен жөн. Өлім бар да қаза бар. Ешкімнің өлгісі келмейді. Ал, бірақ ажал келсе, қатынша көз жасты көлдетіп жалбарынғаннан пайда шамалы. Нені болса да еркекше қасқайып қарсы алу керек.— Ол оны некен-саяқ адам ізі жосылып түскен бақ жолымен жетектеп алыш жүрді.— Иә, біз қыын іске бел байладап барамыз. Одан тірі шығамыз ба, жоқ па — алдын-ала болжау қыын. «Жаман айтпай, жақсы жоқ» деген, мен тек, ең актық жаманын айтып жатқаным ғой. Кім білген, бұйыртса, әлі қайтып оралармыз.

— Оралыңызшы,— деді Жақау оның жеңіне жарма-сып.— Оралыңызшы, құдайдан тілеймін, сау-саламат оралыңызшы!

* * *

Түйелі арба қаладан шығып, мұз жамылған Жайықтың Бұқар жақ бетіне өткенде, жағалаудағы жапырлаған кемелердің әр жерінен үш адам мұзға түсіп, арғы беттегі мұнай кәсіпшілігінің қоймаларына қарай бет алды. Қойма жағалаудан әріректе, жыңғылды, жүзгенді дөңнің басында

жермен-жексен неше бір албарлар ашық аула болып едәуір жерге созылып жатқан. Соңғы кезде күйі тайып, қамыс іргелерінің сылағы түсіп, алақотырланып, қабырғаларында тесік молайып, қақпалары қисая бастаған.

Уш адам түйешімен қойманың Жайыққа қараған ығында ұшырасты. Түйеші еш уақытта қыры сынбайтын, таза қырынған қыналы шолак тонға оранған Ибраһим абзи еді де, қалғандары әртүрлі киінген Ахтан, Тенізбай, Қажығали еді. Олардың жалғанның жарығында көптен бері бір-бірімен жұзбе-жұз жолығысып тұрғандары осы, беттері жыбырлап, күлімсіреп жылы дидарласты. Әсіресе Ибраһим абзи айрықша көңілді еді.

— Ун, жан-ай! — Ол жас жігітше омырауын ашып, еркін тыныстап, Жайықтың арғы бетінде қалған Гурьевке қарады. — Мына қапастан құтылдық па, жоқ па? Қазулы көрдей болды ғой, белқасты. Жұтылып китәр шығармыз деп идик, әйтеуір құтылдық. Жан садақа берсе де артық емес-ау, — деп күлді.

— Сіз құтылдық дейсіз, мен соған әлі сенбей тұрмын, — деді жігіттердің бірі.

— Құтылдық, құтылдық! Сене бер. Қазір тиеніп аламыз да, Ракуша қайдасың деп тартып береміз.

— Бір қапастан құтылып, екінші қапасқа тап болмасақ жарады.

— Енді ол, не дегенмен, мұнданай қапас бола қоймас. Әйтеуір жаналғыш Егоров жоқ қой, солай емес пе, Қажығали?

Қажығали ыржиып басын шұлғыды. Бұл төртеуінің ішінде ең ірісі де, өңі солғын жүдеуі, азыңқырап қалғаны да Қажығали. Бетінің безеулері қаны шығып қызарып, жара-жара боп тұр.

— Келіңіздер, асықпай отырып бір шылым шегелік...

Ибраһим абзи тонының қалтасынан кестеленген, аузың шымшып буған темекі дорбасын шығарды. Иси бүркүраған көк самосат танауға ұрды. Темекіні жуандығын бармақтай ғып орап-орап алысып, қойманың іргесіндегі ықтасын шуаққа тізе бүгісті. Ибраһим абзи, шынында да, басынан жүген сипырғандай емен-жарқын еді.

— Жігіттер-ай! — деді ол кезде құмыққан арманшыл үнмен. — Қашып-пыспай, аяқты алшаңдал басар күнге жетер ме екенбіз?! Зарықтырды ғой әбден. Үй ішімнен хабар алмағалы, хабар бермегелі санап отырсам, биыл үш жыл болыпты. Тірідей жоғалтып отыр ғой ол байғұстар. Еңбегіміз ескерілер ме екен? Кеңес үкіметі сорлы халқыма

тендік береді, кешегі қорлықты ұмыттырып, көсегесін көгертеді деген соң, қайда жіберсе де, бас тартпай тен-тіреп жүргенім.— Ол сөзінің аяқ жағын ыңылдаپ әндеп жіберді:

Ақ Еділдің бойында
Отырып гармонь ойнама,
Диуана боларсың, еркем,
Жүрген сайын ойлама.

Әстіп бір, ешкімнен қымсынбай, айғайлап ән салатын күн болар ма екен?— Ол жалпылдаған жапалақ кірпігіне ілінген жасты шынашағымен шымшып алыш тастанады.— Fafu етіндер, иптәшілер. Большевиктер иыламаш болар, шолай ма? Ал, жарайды, сендер отыра турындар.

Ибраһим абзи тонының етегін қағып, орнынан тұрды да, жорғалай басып қойманың қақпасына беттеді. Ол мына қылығымен жанындағы үш серігін әрі таңқалдырып, әрі ойландырып кетті. Тенізбай кәдімгідей қайран қалып, басын шайқады:

— Абзиға не болған бүгін? Мұндай көнілшектігі жок, тек істі ғана білетін, пысық тақ-тақ адам еді. Білгізбейді екен ғой. Елін сағынып жүр екен ғой, байғұс,— деді.

Ибраһим абзи әлгіндей болғанда, қойма іргесінде ошарылып отырған үшеудің қас-қабағы мүлде басқаша еді. Олар, шынында да, көркап қапасқа айналған қаладан сытылып шыққандарына бір сенбесе, бет түзеген осы сапарларының — әндеп барып, әндеп қайтатын көнілді саяхат болатынына еki сенбеді.

* * *

Ибраһим абзи қанша шапқылағанмен, шаруа бітпеді, біттегі де ыңғай танытпады. Қоймашылардың бірі болса, бірі жок. «Меркурий» мұнай бірлестігінің кеңесі деп аталатын, аты бар да, заты жок, берекесін бит басқан кеңседен алыш шыққан алақандай мөрі бар етектей қағаз түкке татымады. Онда берілсін деп көрсетілген қосалқы бөлшектер қоймада атымен болмай шықты. Ибраһим абзи ақ тер, көк тер боп, арғы беттегі кеңсеге кешке дейін үш барып, үш қайтты, тек қас қарайып, ымырт жабылған кезде, түйелі арбаның қорабын салдырған ұсақ-түйек темір-терсекке шаққа толтырды.

— Апырай, берекелеріңе ит сарыған екен,— деді ол күзетшіге.

Жолаушылар түнгө талас жол шығудан қаймығып, қаладағы жылы ошактарына қайтып баруға да қиынсынып, қойма күзетінің құжырасында түнеп, ертесін таң саз бере елең-алаңнан қозғалуға пәтуаласты. Қойма күзетшісі оған қуанбаса, қарсы болған жоқ. Қоймада тот басқан темір-терсектен бөгде іліп-алар дәнәне болмағанмен, қыс көзі қырауда, екінің бірі мылтығын шошаңдатқан мына алмайып заманда, кімнің адыра қалғыр қойманы күзетіп, жалғыз отырғысы келеді дейсің. Қойманы бір айналып келіп, темір пешке шәйнегін қойған күзетші Ибраһимді іле қоштады:

— Айтатыны жоқ, берекесіздік жайлады ғой. Жалақы алғаннан басқа ешкім ештеңе білмейді. Бас кеңсе Бакуде дегенді естіміз. Ал мұндағылардың не қорып отырғанын бір құдай білсін. Барлығы азып-тозып, іріп-шіріп бітті. Ресейдің енді оңалуы қын шығар.

— Кеңсе дейсің? Баку дейсің? Жер-көктегінің бәрінің құдайы бұл күнде атаман емес пе?

— Эрине, күш кімде болса, билік сонда. Қазір бізге әкіреңдемейтін жан баласы жоқ. Қала әкімшілігі де қожа, полиция да қожа, әскерін айтпағанда...

Қараң отырғанша деп, ауыз ақы сұрамайтын осын-дай үйкі ашар көр-жер әңгіме теріп отырысты. Түннің бір уағында кезек алмастыруға екінші күзетші келді.

— Бұлар кім? — деді ол ешкі көзденіп.

— Өзіміздің адамдар. Ракушаға барады. Бүгін кешігіп жүре алмай қалды.

— А-а? — Көнілі орнығып жайланып отырды да: — Қалада не болып жатқанын естідіңдер ме? — деп сұрады.

— **Жоқ.**

— Не болып жатыр?

— Полиция, контрразведка өріп жүр. Аяқ аттапайды. Әй, ашықауыздар, осыларды да ел тірегі деп жүрміз-ау. Біреу контрразведканың ат қорасына кіріп, ер-тоқымның астына бомбы қойып кетіпті. Әлгі аттың иесі — офицер қопаңдап желе бергенде, пах етіп жарылған да, бұтын бұт, қолын қол ғып, атын бір жаққа, өзін бір жаққа ұшырып жіберген. Сүйегін теріп ала алмапты.

— Эне, айтам ғой: бұл қалада қызылдың тыңшысы биттей өріп жүр деп. Жазда не болғанын білсің: атуға апара жатқан большевиктерді танауларының астынан жырып әкетті емес пе? Ал әнебір қуаяқ Ахтан ба, Ақпан ба — қанша сабылтты дейсіз.

— Асылы, сен бүгін қайтпай-ақ қой, тұтылып қалып жүрерсің.

— Документім бар емес пе, неге тұтылам?

— Қараңғыда оған кім қарап жатыр? Құтырған қасқырдай өзеуреп алған. Таңа-тал түсте ат қораға кіріп бомбы қою деген не сүмдық. Басынғандық қой, масқара ғой!

Құлақтары керен болғандай тымпи ойнап отыра бермей, берісі іштері қылпылдаپ, құттары қашқанын сездірмеу үшін, мына әңгімеге біреуінің ден қойып, өтірік болса да, қоштап жөптеуі керек-ті. Сөзге тісқақтылау Ибраһим абзি араласты.

— Контрразведка деген аты ғана, әйтпесе қой бағып жүрген біреулер ме дедім өздерін. Маңырағаннан басқа қолдарынан түк келмейді ғой, е, алла! Дұрыс айтасың. Осы қалада қызылдың тыңшысы өріп жүр. Ала жаздай құлаққа бір тыныштық болды ма, ойландаршы.

Жолаушылар мен күзетшілер бір-бірін қоштап, тегін нанға құзындаш шүйгітін, шөп басын сындырмайтын, кержалқау контрразведканы да, полицияны да біраз жерге апарып таstadtы. Қызметін атқарып, жұмысын тындырып, бетіне қараған шиеттей бала-шағаның аузына ас салып жүрген адал бейнетқор жанға не керек: тыныштық керек, ал сол тыныштығы құрмағыр көзден бір-бір үшты емес пе?!

Күзетшілер бір-біріне қойманы өткізбек болып тіркесіп сыртқа шыққанда, әңгімеге немқұрай, шала тындағандай боп жатқан жолаушылар бастарын дұр көтеріп алысты. Көздері үнірейіп, үрниісп қалыпты. Қит етсе күйе жүққалы тұрғанда, мына бір зобалаңың аяғы айналып келіп бұларға соғуыға жақап емес-ті.

— Бұл не? Не болғаны?

— Айтпады демендер, қалада жасырын үйым бар дедім ғой. Бұл солардың ісі.

— Жөрес болмағай, осындайға әуес еді,— деп күңк етті Тенізбай.— Ол тілеуің түскірдің бірдемеге килікпесе, ішінے ас батпайтын әдеті.

Бұл сөзден Ахтан көңіліне кәдімгідей құдік алды. Құдік алуға негіз де жоқ емес-ті. Откенде Тенізбай екеуі оны іздең жатқан үйіне барған-ды. Базардың жанында жалғыз-басты соқыр кемпірдің үйінде пәтерде тұрады екен. Сонда Жөрестің не істеп жатқанын көрсөң — төбе шашың тік тұрар еді. Қазан үйде сыйсіма шамның жарығында күйекүйе болып, сыйырайып бірдемелерді дәнекерлеп отыр.

— Не істеп жатсың?— десе,

— Бомбы жасап жатырмын,— дегені.

— Оны қайтесің, жындымысың?

— Керек боп тұр да.

— Эй, айналайын, қашанғы бала боласың? Ондай ойын ойнайтын жастан өткен жоқпышың? — деп Тенізбай жактырмай тыржың еткенде:

— Кой, жок, өзім емес қой. Біреулер сұрап қоймап еді, — деп сөзінің аяғын жуып-шайып жіберген.

Шыны ма, өтірігі ме — ол анархистен бәрін күтуге болатын еді.

Өстіп, не ойларын білмей дағдарып отырғанда, Ибраһим абыз тосыннан ақыл тауып, жігіттердің қабарған қабағын жібітті.

— Уа, жігіттер, бұларың не болғаның? Қатындарың өлгендей... Өлсе, контразведканың бір офицері өлді. Атамнан әрі, өмірем қапсын... Ал, мен білсем, сол қолы қол, бұты бұт болған басқа емес, Егоров жаналғыш. Иә, сол иттің өзі... Қайта, жуып жібермейміз бе!

Жігіттерге ажар кіріп, тіл бітті.

— Ол болса, көрім болар еді.

— Онысын садақаға ақсарбас атаса да артық емес.

— Апыр-ай, сол деп отырмын ғой, сол. «Көп асқанға, бір тосқан», иманын үйіретін кез оған әлдеқашан жеткен... Ал, кәне, келіндер: «Жамбастап тұрып жатқан екенсің, тұрмастай боп қатқан екенсің» деп жаназасын шығарып, бір тартып жіберелік.

Ибраһим абыз жамбас астындағы ала қоржыннан дәушиша самогон шығарып, шамға қаратып шайқап-шайқап жібергенде, шөлмектің ішіне жылт-жылт от қаптап кетті.

— Экеліндер күрешкені!

— Уа, аптықпай, тоқта! Әлгілер келсін. Жасырып ішкендей болмайық.

Күзетшілер көп күттірген жок. Күнраймен жамандасып, құлақтарымен алысып, аһылап-үнілеп ішке кірді. Шыны құшактап отырған Ибраһим абызиді көргенде, беттерінен ай туғандай «охохоласып», «ехехелесіп» мұрттарын жымып, алақандарын ыскылап, мәре-сәре болысты.

— Бастамай өздерінді күтіп отырмыз, жігіттер. Ыдыстарың бар ма?

— Табылады, табылады. Нениң құрметі үшін, ағайындар?

— Нениң құрметі болсын, амандық үшін де.

— Амандық үшін? Бәрекелді. Дұрыс-ак! Тұптің түбінде амандыққа жетер ештеңе жок. Ал енді не дейміз? — Бірінші күзетші қалайы күрешкесін қолына ұстап, мұртын

сипап еді, екіншісі де оны әжуа еткендей айытпай қайталады.— Жолдарың болсын. Көрісуге жазғай. Бұдан былай таныс-біліс бола жүрелік.

Орыс ағайынның осы дәмді алар алдындағы ізеті ғажап: бір сәт демін ішіне тартып тына қалады, сосын шоқынады да, қайдағы-жайдағы есіне түскендей күрсініп қойып, тартып жібереді.

Жолаушылар отты судан кезек-кезек ауыз тиді. Сөйлем, әзілдеп күлдіріп отырған жалғыз Ибраһим абыз ғана. Сөйтіп, кішкентай дәмді бөліп ішіп, қуанышты ұзартып отырғанда, сырттан ат тұяғының дүбірі, іле-шала:

— Эй, қайдасындар?— деп күркіреген бұқа дауыс естілді.

Күзетшілердің бірі мылтығын иығына іле салып, далаға атып шықты. Сырттағы дауыс саңқылдан анық естіліп тұр.

— Кім керек еді?

— Неге орныңда жоқсың?

— Мен орнымдамын. Өзің кімсің?

Келгінші кім екенін түсіндірді ме, әлде документін көрсетті ме — дауыстары күнкілдеп күмілжіп шықты. Содан кейін күзетші әупірімдеп тағы да дарылдай жөнелді.

— Эй, апым-ай, өз азаматтарымыз деймін, кәдімгі жұмысшылар. Ракушаға жүк апарады. Кешігіп жүре алмай қалды. Бұл еолардың түйесі.

Екінші күзетші де шыдай алмай сыртқа шықты.

— Ау, ағайын, сонша мошқадың ғой. Кім керек еді? Біреуді іздесең, кел де көр. Бұл адамдар таңертенең бері осында, тіпті қалаға аттап шыққан жок.

Басында қарқарадай папахы бар, қаба сақал гүжбан казак жерге тұсуге ерініп, ат үстінен еңкейіп ашық есіктен ішке көз тастады. Астындағы жуан торы ыңыранып, теңселіп аяғын теңдеді. Атты казак жолаушыларды дұрыстап көрген-көрмегені белгісіз:

— Танисындар ғой, шамасы,— деп ерні ұшымен керенау мошқады.

— Неге танымайық. Бірге істескен адамды қалай танымайық,— деп күзетшілер ара түсіп, өтірік өжектеп жатыр.— Байырғы жұмысшыларымыз, құбыр жөндеушілер.

— Немене, үрттағансындар ма?

— Ондай кінәміз бар.

— Қалған-құтқан жоқ па?

— Сөзінен садаға, жұқтап қойдық қой.

Казак мұрыны шуылдап ауыр күрсінді де, атын қамшымен тарс еткізіп еді, көң торы шыбын шаққандай көрмеді.

— Қашқан-пысқан көздеріңе түспеді ме? Бір төртбак, күрен сақал.

— Көрсек, өзіміз де хабарлаймыз ғой. Айтылған.

Гүжбан казак атын бұрып, қойма айналып кетті. Күзетшілер оны жеті атадан жіберіп, ішке енді.

— Өй, маубас, малғұн. Ат үстінде үйықтап тұр өзі. Онымен қоймай арақ сұрайды. Қарынды көрдің бе, буаз қатыннан бетер. Мұддемізді қорғайды деп, осыларға да сеніп, жалақы төлеп жүрген бұл үкіметте шайнам ми жок.

* * *

Талай құқайды бастан өткерген жырынды Ахтандар «ұрының арты қуыс» жөнімен іштері қыпымдашты, отырса да, соншалық абдырап саса қойған жоқ-ты. Басқа адамның атына жазылған документтерінен ши шақпасы кәміл. Беттестіре қалса, буларды жұзбе-жұз танитын жалғыз поручик Егорев қана. Ала жаздай іздеріне шам алып түскенде, ұстаптай жер соктырып кетіп жүрген Егоров, енді сау етіп төбелерінен түссе, амал жоқ, тағдырдың тәлкегі демесіне не шара, ал Ибраһим абзи айтқандай «иманы үйірілсе», онда тіпті, бұл қалада айылдарын жимай, шырт-шырт түкіріп журулеріне болады.

Дегенмен олар жайбаракат жата алмай, бүйиртсанда жолда қарсылармыз деп, күзетшілермен қоштасып, түн ортасы ауа жолға шықты. Қаңқиған қара атан мойынды қаздитып алып, қара жолмен сыйдыртып аяңдал келеді. Ибраһим абзи төрт аяқты ырдуан арбаны жақсыладап майлапты, шоқалаққа соғылып, қорабы селкілдеп, тегершігі тастаққа так-так еткенмен, құлақтың құрыш етін жейтін аңы шиқыл атымен жоқ. Айнала жұқалаң қар жапқан теп-тегіс жазық. Сол ақ жазықты ойып тілген қап-қара айдау жол. Аспанда сұрғылт бұлт маңып, ай жүзін жапқанмен, көрініс әжептәуір. Шығысқа қарай сұғына созылған даңғыл жол біраз жерге дейін қарайып көрініп жатыр.

Кейінгі жақта оттары жылтырап Гурьев қалып барады. Тамак жақтан, теңіз аңгарынан мұзжарғыштардың, қуатты буксирлердің үні құлаққа талып жетеді.

Гурьев тұрғындары, атаман әскери биыл қыс басы

қылтиысымен мұз көрпесін жамылған Ақ Жайықпен ноябрь бойы күні-түні алысып бақты. Күн демей, түн демей, өзеннің мұзын ұнтап, күштеп теңізге ағызып, Ақ Жайықтың бетіне шыр жүқтырмай-ақ қойған. Бірақ осыдан бір жұма бұрынғы түтеген қара сұық ақыры табиғат алдында адамның дәрменсіз екенін тағы да көзге шұқып көрсетті. Жайық бір түнде жабысып, буксирлөрді тұрғанын тұрған жерінде қатырып тастады. Енді теңізден алып мұзжарғыштар көмекке келе жатса керек. Атаман әскері Жайықтың мұзымен тегін алысып жатпаған: шегіне қалғандай күн туса, атаман әскерінің жан сауғалар тесігі осы су жόлы ғана.

Жалпы, бүкіл тіршілік көп ұзамай Гурьев басында жан алып, жан беріскең сойқан болатынынан алдын-ала хабар бергендей еді.

Төрт адам қару-жарактарын қаптаған қалың темірдің арасына тығып тастап, Ракуша аралына түн жамылып, бет түзеп келеді. Сол жерде шоқ тастасаң лап ететін, сұйық отын аталатын қыруар байлық дәу шан-цистерналарда бұқтырылып тұр. Сол үшін алапат майдан басталып, адам қаны судай шашылғанына бір жылдың жүзі болды.

Бір қызығы, осы адам айтқысыз алапат соғысқа мұрындық болған — бар-жоғы төрт адам еді — Ахтан Мұхамедиев, Қажығали Жарқынбаев, Ізбасар Жанекенов және Митрофан Митрофанов. Ракуша аралында бай мұнай қоры барын орталыққа хабарлаған солар. Содан кеңес үкіметі әлгі қыруар байлықты қолға аламыз деп, арнайы майдан ашты. Ал енді тоқ етер кезде сол қазына байлықты өрттен, бұліншіліктен қорғап қалуға міндетті тағы да төрт адам боп шықты. Бүкіл майдан боп соғысқанды төртеуі сақтап қалуға тиісті. Ол қолдан келер ме? Осыны ойлаған Ахтанның жүрегі май ішкендей кілкіп, басы шырқ айналып, түйе арбаға сүйене берді. Осы сапар оған түк көрмеген, бейнетпен өткен қызықсыз қысқа өміріндегі актық сапары сияқты көрінді.

АЛТЫНШЫ БӨЛІМ

1

Откен қыс елге жуымай, сіреу мұз арасында теніз қыстаған атаман биыл ішкө енуге мәжбүр болды. Тенізден тыныштық тайды. Гурьев пен Астрахан арасын әскери кемелер ақ көбік қыпқтыңымсыз жөнкіді. Әзірше бұларға килікпей, терендеу тұстан орағытып өтіп жүр. Бірақ бір күні бықбыртты салмасына кім кепіл? Қазір біреуге сенгендей заман ба? Оның үстіне екі жыл жөндеу, майлау көрмеген шаланның тұп тақтайы шіріп, су өне бастаған. Биыл жаз бойы су төгуден жігіттердің қолдары босамады. Шаланға кәдімгідей күрделі жамау-жасқау қажет-ті. Құрылықтың да жағдайы анау айтқан оңып тұрғаны шамалы: қара жолдың шаңын қоқтен келтіріп, ерсілі-қарсылы ойқастаған қалың әскер.

Десе де, Карабас араздасып, ат құйрығын кесісіп кеткен Забурынға жоламады, ел аузында өз атымен атала бастаған Карабас шәлігінде қыстауға бекінді. Ол қазір шәлік дейтіндей емес, кәдімгі жалы күдірейген, жоталы жуан арал. Қамысы қалың ормандай. Іқтасынды, жайлышақ. Карабас екі жылдан бері осы аралға жазда, шілденің ыстық күндерінде балық қатыру үшін мұз көмдіріп, қарауыл қойып жүрген. Қосты сол жерге әкеліп шегерді.

— Эр ауыл ортадан бір-бір кеме шығарып, соған тиеліп үйлеріне қайтсын. Басқа кемелерді қозғамандар. Мұз ілінісімен бәрің осы арадан табылатын бол! Іздеу салдырушы болмаңдар! — деді Карабас.

Атаман айтты — бітті, ежіктеу жоқ. Мақұл дескен ел жағалау бойына шашырай қонған ауылдарына шұбалды. Бірақ аралдың тірлігі одан ортаймады: ешқайда бармай, Карабас жанында қалған қара-құра да аз емес-ті. Ертеңінен бастап жұма бойы Карабас серіктепі аралға қалай болса солай жанасқан кемелерді жар бойына қаздай тізіп, сапқа тұрғызды. Ұзын шұбақ керуен діңгектері бұлғактап, толқын жалына ырғалып, ұзақ маусымнан кейін үң деп демін алып, дамыл тапқандай еді.

Карабас арал ортасындағы қолдан үйілген шағын қарауыл төбенің басынан жар бойындағы кемелердің тізбегіне ұзын қара шапанның етегі желбіреп, сүйсіне қарады.

— Е, алла! — деді ол ұзын қоңыр сақалын сипалап. — Жайлыш қоныс болғай да...

Атаманның жаңындағы дос көнділ серіктегі жаңырлай бас шұлғысты.

— Ілләйім... айтқаныңыз келсін. Жатсақ-тұрсақ ойлайтынымыз — сол ғой. Заманы құрғыр үшіншіп кетті емес пе?

— «От ішінде мактаны сақтаймын» деген. Құдіреті күштінің бір өзі жар болғай.

— «Сақтансан — сақтаймын» деген. Науқы, биыл қыс тыныш үйқы болмайды-ау асылды.

Теңіз беттен қауіп жоқ-ты. Балықшылар қосы Ақкесенің қылтасын қазғылаپ, ішке, саязға еніп кеткен. Көз қырын қадаған дұшпаның әскери кемелері бұл араға жылыстап келе алмайды. Қауіп құрлық жақтан-ды. Бірақ қарауыл төбенің басындағылар ауыздарымен сақтық айтқанмен, бірде-бірі ол тарапқа назар тіккен жоқ, еңселері мұзы бір қатып, қайта түскен көкала толқыны есілген көк теңізде. Содан жаңа ғана оралып, терілері кеуіп ұлгермесе де, жалпақ айдыннан көздерін айыра алатын емес. Барлық арман-ұміттері сонда, көз ашқалы баққан-білгендері сол ғана. Аяқ із басылып, елсіз қалған көк теңіз есік жүрттай құлазыңқы. Тек ар-сар етіп, акжал толқындар ғана жөңкіп жатыр.

Ұзын желбегей қара шапаны желбіреген Карабас теңізге көзі талғанша сұғына қарап-қарап тұрып:

— Е, жаратқан, келесі көктемде ұлы теңізге аманесен аяғын іліктіре көр. Басқа тілегім жоқ,— деді.

«Қараға, мұныңыз тым қысқа тілек қой» деп ешкім айта алмады, оның үстіне киімдерін жұлқылаپ азынаған жел бір сөзді естіртсе, бір сөзді естіртпей берекелерін бөрі тигендей ғып тұрған. Өзгелерден шалымы көш ілгері Қарабас бұл сөзді тегін айтпаған. Айналаны анық болжап, шегіп айтқан-ды. Биыл күз аяғы, қыс басында терістік Атырау жағалауының жағдайы күрт қындалап кетті. Екі жұз шақырым жерде жан алысып, жан беріскең қансокта соғыс жүріп жатыр. Оның аяғы не болары беймәлім. Ақ казак бел алса, осы жолы қызылдарды күйретеміз деген әупірімдері күшті-ақ, қызылдарды қоғадай жайпап болып, бұларға ауыз салмасына кім кепіл? Қызылдар бел ала қалса, Ысмайыл бөліп әкеткен Жамбай балықшыларын бетке ұстап, бүкіл теңізші қауымды жазықты ғып жүрмесе қайтсін? Әйтеуір биыл қыс ұстараның жүзіндегі алмағайып еді.

— Ізбасар шырағым,— деді атаман оған бұрылыш

қарамастан.— Забурынды көз қызыңан шығармағыи. Күн күрғатпай хабар алып тұрғын.

— Айтушыларт Забурын басыныш деседі. Соғыс Қанішкен маңында көрінеді.

— Одан хабарым бар. Жалпы дегенім ғой. Ол жакта көз-кулак болғанын жөн. Әйтептікішінде қалмай, біліп отырайық.

Әскер жолының не екенин көзімен көрген, басынан өткөрген біледі. Атырау бойындағы қыр казағының биылғы көрген азабын ауызben айтып жеткізу қын. Бір күнде колдан-қолға үш рет көшкен ауылдар болыпты. «Аксың ба?», «Қызылсың ба?» деп, қылышын жаландатып жетіп келетін көрінеді. Есінен танған ел «ақ екенін», «қызыл екенін» өзі де білмейді. Келгеннен бері естіп жатыр: қыз-келіндерді қамыс арасына, көне молаларға жасырып ұсташа дағдыға айналғанын. Бір байғұс әйелді еркетін байлаап тастап, солдаттар керіп кетіпті деген де жан түршіктіретін әңгіме бар. Тізе косысып, қауымдақсан балықшы ел әзірше ондай масқараға ұшырай қойған жоқ. Жұдырыққа жұдырық, мылтықтыға мылтық кезеңіп, іргені бермей отыр әзірше. Бірақ «сақтықта қорлық жоқ», неге болса да бақыл, дайын отырған артық ёмес-ті.

Ізбасар соғыс бол жатқан жаққа құлағын тігіп, өзі де елеңдеп жүрген. Екі жұз шақырым дегенің не тәйірі, түкірсе түкірік жеткендей тиіп тұрған жер. Оның үстіне казакорыстар кейін шегініп, қызылдар ілгері басса, қашушы да, куғыншы да бұл араны үстінен басып өтеді. Ізбасар кешке дейін шолғыншы жігіттерді жолға дайындалап, Забурын жаққа жөнелтіп те салды.

* * *

Бұл күндері атаман Карабас сырықтай ұзын қолын артына ұстап аралды көзіп жүруді әдетке айналдырған-ды. Баста шашақты ұзын шалма, үсте ұзын қара шекпен, белде наркескен қайқы қылыш, аяқта саптама етік. Жаңа орын, аралдағы тірлік көнілінен шыққандай, аясы тар қоп-коңыр көзінде жылыұшыраған ризалық мейірім бар. Әйт-бүйт деп, ұсак-түйек жөн айтқаны болмаса, оған тіреліп жатқан шаруа жоқтың қасы. Ізбасар, Ізбасардың серіктерінен ештеңе артылып қалатын емес.

Атаманның жүріс-тұрысында көнілжай жайбаракаттық болғанмен, ара-тұра айналаға көзін қадап, мелшип сұлқ тұрып қалатынына қарағанда, көніл айдыны шайқалған теңіздей мазасыз, сірә.

Ізбасар оны күн еңкейген ұлы бесін кезінде аралдың күнгей жағалауында жападан-жалғыз теңізге телміре қарап отырған жерінен тапты.

— Кел, кел,— деді ол жылысып, жанынан орын беріп.

Биылғы күз бір қызық мінез танытып тұр: күндіз азығнаған жел де, түнде ақтымық, сосын таң азаннан тағы да теңіз сапырған алағай-булағай. Қазір жел басылып, теңіз көлбей созылып, демін алып тыныш жатыр еді.

Қарабас күрсініп алып, далиған Ақжайма өнірін көзбен шолып, сөз бастады.

— Атырау ғой, айналайын ақ Атырау осы да! Қанша қарасам да көнілім тояр емес. Бабаларымыздың өлі аруағы кезіп жүргендей ме? Жосылып сайрап ізі жатқандай ма? Ұранды айғайлары құлағыма келгендей болады. Мына мәндайдағы әжімдей шимайланған толқынында қанша тарих, қанша тағдыр жатыр десеңізші. Есте жоқ ескі заманда «Кәс» деген атамыз болған екен. «Кәспий» сөзі содан шығыпты деседі кәрі құлақ қариялар. Содан бері қанша уақыт озды, жер тозды, ел жаңарды. Біз солардың сырлы аяқ түбіндегі жұқанасымыз да, әншейін. Басыңызға тауқымет төнгенде не хайла тауып едіңіз деп, кәрі Кәспийден ақыл сұрап отырмын.

«Ақылынан алжасқаннан сау ма?» деп Ізбасар атасына күдіктене көз тастады.

— Не деп ақыл қосты?— деді алайда сыр бермей.

— Қоспады. Құлақ қоймай, таскерен боп мелшип жатыр. Кәрі Атырау маған өкпелі ме, білмедім.

Басқа біреу болса Қарабасты ақылынан алжасты дер еді, бірақ үрпек бас бала кезінен оның жанында қазашысы болған Ізбасар абыржыған жоқ. Қарабасты бір кісідей білетін, оның құдайға, дінге, тылсым күшке сенетінін білетін, әрі нышаны бар арқалы екеніне де талай көзі жеткен. Қазір ол кәрі Атырау тіл қатпады дегенде, нышанын айтып отырғанын ұқты. Бірақ мошқап сұрауға батпады.

— Қартайып қүш тайғанда аруақ та қожыраяды екен,— деді ол.— Барлығы қүш-қуатың барда ма дедім. Есірді нағылесті— Қарабас ұзын, сопақ жағына сопайта қойған салалы сақалын сипап, Ізбасарға тесіле қарады.— Мынау қараматау тығырықтан елді жүдепей, жүнжітпей алып шығар қауқар жоқ қазір менде. Әлі де бір шабар қыжылымды білекке жиып, тәуекел деп аттанар ем. Қайда аттанарымды және білмеймін. Сен жассың, заман сенікі. Көзің ашық. Мына елді қанаттыға қактырмай, тұмсықтыға

шоқытпай бір алып шықсан — сен алып шығасың. Бердім тізгінді. Білгеніңді істе. Айтқаным айтқан, бұл сөзіме мынау кәрі Атырау куә.

Атаманның алжымағанмен, торығып отырғаны белгілі болды.

— Ол не дегеніңіз, Қараға? Сіз тұрғанда,— деп келе жатыр еді. Ізбасар, Карабас ақырына дейін айттырмай аузынан қакты:

— Жоқ! Мен тізгінді бердім дедім. Алуға әзірмісің, тәуекелің жете ме?

— Жоқ!

— Неге?

— Корқам. Обалдарына қалам ба деп қорқам.

— Ә-ә,— деді Карабас даусын созып.— Дұрыс. Басқа біреу болса, жармаса кетер еді. Ақылың бар екен. Халық қолыңа әкеліп өзі үстатқан тізгінді үстағың келмейтін кездер болады. Жас болсаң да заманның ажарын дұрыс андалсың. Күн күлактанғандай дүние күңгірттеніп кетті. Не болары белгісіз. Байқаймын, биыл қыс басы үзакқа созылатын түрі бар. Әзірше Атырау үстаспайды-ау дедім. Тәуекел деп Маңғыстау асып кетсек, қайтеді, а?

Ізбасар не сорақыны күтсе де, мұны күткен жоқ еді. Шошып, тіксініп қалды. Бір түнде өлді орнынан көтеріп, Маңғыстау ауып кету Қарабастың қолынан келетін.

— Оу, Қараға! Ол мәселенің басы ашық емес пе? Қан жұтсақ та, туған жерден табан аудармаймыз демеп пе едік. Пәтуа қайда?

— Елді қырып алып журсек, қайттік?

— Кім қырады?

— Иә ақ казак, иә қызыл. Мен ол екеуінен де аяушылық дәметуден аулақпын.

— Маңғыстау ассак шегінген ақ казакқа душар боламыз, ал ашынған әскер кімді аяушы еді.

— Олардың шегінетінін қайдан білдің?

— Түбінде солай болады, Қараға! Бәрі соған қарай келе жатыр. Оны басыңыздағы бәрігіңіздей білініз.

— Ал, қызыл келіп, қызыл қанға бояса, не істедік?

— Жоқ, олар өйтпейді. Еңбекші қауымға қол көтеруге тиіс емес.

— Эй, шырағым-ай, соғыстың аты да, заты да бөлек екенін неғып үқпайсың. Бет-ажарыңа қарап жатпайды олар. Істерін істеп алып «ойбай, қателестік, кешіріндер» деп қарап отырады. Бетке шығарынды топалаң келтіріп

турап тастаған соң, кешірім сұрағанынан не пайда, не қайыр?

Қарабастың Атырауға телміруі тегін болмады, көңіліне мықтап алаң еніпті. Сөз ләміне қарағанда: актардан қорқады, қызылдарға сенбейді. Откенде өкшелері бір көтеріліп барып қалып еді. Ел орнынан қозғалды дегенше, бір жергे табан тіреп тұрақтауы қын дей бер: мандайын тасқа соққанша жел құған қаңбақтай домалай береді. Анау бір жылы ақ патшамен кетіскең ел не болды, әуелі Маңғыстау асты, одан Қызылсу өтті, одан Пірсағат барып, ақыры Ираннан бір-ақ шықты. Із бір түскен соң қын екен, китетсе, желкенді желбіретіп, кеме мандайын түстікке қаратып тұрғандары.

— Қараға! — деді Ізбасар бет алды қайыңың безіндей түйіліп. — Сіз бір толқысаңыз, ел екі толқиды, қазір әрісәрі болғаннан өнетін ештеңе жоқ. Сіздің сол екі оқ күйінді пайдаланып Үсмайыл Жамбай балықшыларын бөліп әкетті. Енді Маңғыстау асамын деп толқитын болсаныз — ел тағы да екіге жарылады. Жұрттың көбі жылы орнынан қозғалмайды. Үркердегі топпен тентіреп Маңғыстау барғанда, не үтпақсыз? «Барған жерің Батырақай, ол да біздің нағашы апай» дегендей.

Қарабас арық көздері ажырайып, еңсеріле бұрылды.

— Ел жылы орнынан қозғалмайды дейсің бе?

— Әлбетте. Жылы ошағын, дүние-мұлқін, қатын-баласын жау қолына тастап, соқа басы сіздің соңыңызға ере қояр ма?! Көпшілік «көппен көрген ұлы той», өлсек қара жұртта өлеміз» деп отыр.

Қарабас күрең сақалын шымшылап, үйілеген алапат теңізге тесіле қарап, ойға шомды.

2

Қиғаш-Ганюшкин шайқасы ойламаған жерден он сегізінші қарашада басталды.

Еділ бойымен болып жатқан қызыл Астрахан Қиғаш бағытынан төнген қауіпке алғашында онша мән бермеген еді. Жо-ға, ол дұрыс сөз емес, шындығында мән беруге мұршалары да, шамалары да келмей жатты: Царицын құлады, орталықпен байланыстырып тұрған жалғыз темір жолға қауіп төнді. Ордадағы қазақ атты әскер полкінің жан кешті қимылына қарамай, сан жағынан басым жау темір жолды әбден бөлшектеп бөліп алды, Деникиннің тандаулы офицерлер қосыны Қалмақ қыры жағынан ентеледі. Сол

киын-қыстау шакта Қиғаш бағытында шағын тосқауыл ұстаудан басқа лаж болмады. Оларға жауды өткізіп жібермей, бөгөп тұру ғана жүктелген. Алты ай жаз бойы балықшы-жасақшылармен тыңайтылған қызыл жауынгерлер өзен сағаларын, өткелдерді бағып, ауыр қорғаныс соғыстарын жүргізді. Еділдің мың сағасының әр саласы бекініс шебіне айналды.

Бірақ күз басында Ганюшкинге арқа тіреген Сопошковтың жеті мың штыкті әскері тегеурінді қымылға көшіп, Қиғашты бұзып етіп, Қызылжар маңына иек артты. Қол созым жерде көрініп тұрган Астраханға емінді. Аяқ астынан бұрқ ете қалған Қызылжар казак-орыстарының бұлігі қызылдар шебін тіпті әлсіретіп таставады.

Енді бұл бағытта салғырттыққа салынуға болмайтыны өз-өзінен түсінікті еді. Каспий флотилиясының негізгі күштері осылай қарай тартылды. Царицын темір жолы жағында жүрген атақты Қожановтың қызыл десант полкі шифрлы телеграммамен шұғыл шақыртылды. Сөйтіп, күш жинақталды да, қызылдар аяқ астынан тегеурінді шабуылға шықты. Майдан шебіне С. М. Кировтың өзі келіп еді. Жауды Қиғаштан, үлкен-кіші Сафоновқадан, Қызылобадан түріп шығып, дүшианның арқа тірегі Ганюшкинді қоршаған соң, бұл бағыттағы шабуылдың ойдағыдай болатынына көзі жеткен, әрі күттірмейтін тығыз щаруасы бар Киров қызыл жауынгерлер алдында сөз сөйлеп, Астраханға қайтып кетті.

* * *

Ганюшкин тас қоршауға тап болды. Теңіз жағалауынан, Қиғаш бойынан, ұрыс сала шегінген ақ гвардияшылар Ганюшкинге арқа тірерміз, сол жерде тағы да бір күш сынап көрерміз деп іш есептерін ішке сақтап келе жатыр еді. Тек Ганюшкинге жеткенде ғана қапқа түсіп қалғандарын бір-ақ білді. Киров алдыңғы күні қызыл әскерін жиып алып, құлашын сермелеп сөз сөйлеп, Астраханға шұғыл қайтып кеткенде, жәй кетпей құлығын асырып кетіпті. Жапан тұз, құм арасымен жылыстатып отырып, Қожановтың қызыл десанттын тірі жанға сездірмей, Ганюшкиннің көк желкесінен бір-ақ түсіріпті.

Ақ гвардияшылар жағдайдың қындығын бірден шамалады да, Гурьевтен көмек сұрап, шұғыл телеграмма жөнелтіп, Ганюшкиннің төнірегіне айнала ор қазып, қара жерге көміліп жатып соғысуға бекінді. Ақ гвардияшылар мен ақ

казактардың қолбасшылары Свешников, Ипатов, Холод-невтер де соғыс айласына жетік жырынды немелер еді, әп-сэтте-ақ Ганюшкинді алынбас қамалға айналдырып үлгерді. Қызылдар оқ атса, олар да іле-шала снарядтарын зулатады. Қызылдар топталып, шынтақтасып алғы шабуылға шықса, олар да штыктарын кезеніп қарсы ұмтылады. Ганюшкин түтіні аспаннан келіп, лапылдан жанып жатты.

Екі күннен кейін Гурьев бағытына әжептәуір ұзап барып қайткан биплан Новобогат жолында Ганюшкинге көмекке қылышы жаландаған жеті жүз атты әскер келе жатқанын хабарлады. Бұл әйгілі баскесер, аты шулы Анохиннің партизан отряды еді. Қоршаудағылар да бұл жайдан хабарсыз болмаса керек, аяқ астынан еңселері жазылып, еліріп сала берді. Ұлкен Ганюшкин өзенінде арғы бетінде окопта жатқан ақ казактар қызылдарға қарап білектерін білец, арттарын қақты.

Десанттымен ұлкен Ганюшкин өзенін сыртынан кеп қоршап жатқан жиырма екі жасар командир Кожанов қобалжулы еді. Анохин отряды келсе, күшті екіге бөлуге мәжбүр. Ганюшкинді қоршаймын деп жүріп, өзі де қоршауда қалуыға жағап емес-ті. Ол қызыл теңізшілерін өзен жағасындағы окопқа жатқызып қойып, атты эскадрондарын өзенінде жағалауындағы қалың қамысқа тығып, шолғыншылары мен резервтерін кең жазық шабындықтағы тасылыш үлгерілмеген маялардың қалқасына тасалап қойып отырған.

Өзі де штабымен дәу маяның жанында. Жағдайды барлап біліп, арқа түстен жаланып келе жатқан жаудың хабарына қаныққан соң, ертеңге белгіленген жаппай шабуылды бүгін түннен қалдырмай бастау керек деп, өзге бөлімдерге шабарман жөнелткен. Анохин отряды көмекке келіп жеткенше Ганюшкинді жермен-жексен ғып, жанышп тастаудан басқа жол жоқ. Бірақ алдын-ала белгілінген жобаны өзгерту деген де қынның қыны, оған басқа бөлімдердің кергіп көне қоюлары да екіталай.

Мая үстінде отырған қарауыл бұлардың штабынан бір бүйір қара дөңнің басында жападан-жалғыз шошайған қазак моласының қалқасында біреудің барын командиріне екі-үш рет құлаққағыс еткенмен, Кожанов оған мән бермеген.

— Эне, эне! — деп қарауыл тағы да шып-пыр болды. — Қарулы. Ганюшкин жаққа дүрбі сап тұр. Моланың ар жағында көлігі де бар сияқты. Мынау тегін жан емес, командир жолдас.

Кожанов тұруға ерініп, мая жанында отырып мойнын

созған — моланы көргенмен, адамды көре алмады. Кауіп-төнгендей де дәнеңе жоқ-ты. Мұншама қалың әскерге жалғыз адам топырақ шаша ма? Қарауыл аспаннан жай төндіріп, шырылдаған болмаған соң, ақыры шолғыншыларды жүмсады.

Олар молаға тақай бергенде, түйе арқасында қара құстай жарбіған біреу тасадан шығып, шолғыншыларға қарсы жүрді. Көп кешікпей үш қызыләскер беті-аузы жұн-жұн, аюдай арбіған төртбак адамды қоршап алғып, алдарына салып айдал келді. Бұл қайдан жүргені белгісіз бес қаруы бойында «жабайы» атанған Пірәлі еді. Ол аспай-саспай жақындаған келіп, мая жанына түйесін шөгерді.

— Жолдас, нәшәндік,— деді «жабайы» әжептәуір орыс тілінде.— Мыналарыңа айт: мылтығын шошаңда та бермесін! Суқаным сүймейді.

Кожанов мына қонақтың өктемдігі мен мығымдығына шарасыз аң-таң болды.

— Кімсің өзің?

— Оны сен менен емес, мен сенен сұрауым керек? Өзің кімсің?

Кайран қалған Кожанов мырс етіп құліп жібере жаздады. Е, бұл жалғанда кім жер баспай жүр: ақымак та, есуас та, жынды да — бәрі де бар. Жұнсақал жалпақты олардың қайсысы деп отырғанда, «жабайының» аспанға шалқая қарап сұқ саусағының шошайтқанын командир көзімен көрді. Бұдан үш-төрт ата бұрын орыс бол үлгерген, фамилиясынан басқа қазақ ештеңесі қалмаған Кожанов, неге екені белгісіз, өзге тұрсын өзінің де есінде жоқ бабаларынша шөп үстінде малдас құрып отыр еді, қонақтың ишарасын бірден түсінді де, анталаған шолғыншыларға: «Кетіңдер!» деп қолын сілтеді.

— Келіңіз, отырыңыз,— деп «жабайыны» жанына шақырды.

— Отыр десең, отырайын...

Иығына қос-қостан қару асынған аю адам қорбандаған кеп, Кожановтың жанына тізе бұкті. Жас командир жымың етті.

— Отағасы, бір басыңызға мұншама қарудың қажеті не?

— Е, қазір адамға емес, қаруға сенетін заман емес пе?

— Жоқ, отағасы, керісінше... сенер жолдасың болмаса, құр қарумен қай алысқа баrasың. Негізі темір емес пе?

— Теріс дей алмаймын... оның да жөн шығар.

«Жабайы» шөп үстіне жамбастап саптама етігінің қонышынан лимонка-гранатаны шығарғанда, екеуінің әнгімелеріне құлақ түріп жайбаракат тұрған қызыл әскерлердің көздері атыздай болды. Тіпті кейбіреулері сасқалақтаң бесатарға жармасып еді. Қожановтың да іші қылп етіп, көзі бозарып сала берген. Ал мына тұрпайы қонақ болса, жайбаракат жайылған қалпы «лимонканы» етіктің өкшесіне тық-тық қағып, ұғынын таңқ еткізіп жұлып алып танаудың насыбай атқанда, қызыләскерлер шектері түйіліп, қулкіден құлап қала жаздады. «Жабайы» олардың неге қулғенін түсінбей жан-жағына көзін ажырайтты.

— Тамақ ішесіз бе? — деп сұрады Қожанов.

— Дәмнен үлкен не бар. Берсеңіз — ішейін.

Қожанов тосын бір сөз айттардағы әдетінше жымың жымың етіп, иегін сипалады.

— Аспанға қол шошайтқаныңыз: төбедегі аспан, аяғыңың астындағы жер кімдікі, көрпенді шақтаң көсіл дегеніңіз бе?

— Дұрыс түсініпсің.—«Жабайы» айнала төңіректі қолымен шолды.—Мынау жалпақ түзде біреуден мен жөн сұрамасам, менен ешкім жөн сұрамайды.

— Жөнімді айтпаймың дегенің бе? Жан-жағыңа бір қараңы, қорықпайсың ба?

«Жабайы» сөзден тосылмай ойланбастан жауап катты:

— Асқақтаған ердің құны — қой боғындағы қорғасын. Ажал жеткен күні өлесің — өлмей қалмайсың. Ал оның кімге бұрын келері бір құдайға ғана аян. Төтелеп келген ажалдан не тәнін сатып, не аяққа жығылып арын сатып, қатын ғана амалдап құтылады, құтылса. Бөріктіге ол бұйырмаған.

Қожанов шөмеледей жалпиып қарсы алдында отырған адамның қоқан-лоқыға ыға қояр осал жан емесін, қазақ даласында көп ұшырасатын жанынан безген акты көздердің бірі екенін шамалады. Онымен сөйлескеннен бірдеме өндірем деп отырған Қожанов жок, жәй әншайін уақыт өтсін дегені.

— Мола басында тұрып Ганюшкин жаққа дүрбі салғанда не көрдіңіз?

— Сіз не көрсөңіз, мен де соны көрдім,— деп алып ол, сақалын сипалап қойып басын шайқады.—Мықтап бекініп алған екен иттер! Қанішкенді оңайлықпен ала алмайсындар.

— Алғанда қандай!

— Өзеннен өткізбейді. Қырып тастайды.

— Шатпа! — деді анадай жерде тұрған қырмасақал, бұқа көз еңгезердей командир. — Сен өзің бізге ақыл айтқандай қай данышпансың! «Тышқан ініне кіре алмай жүріп, құйрығына қалжуыр байлады». Білеміз сендерді...

Бұқадай гүж-гүж еткен әлгі неме «жабайыға» құсын төндіріп өнмендей беріп еді, Кожанов ара тұсті.

— Шақта, Коломицев... Шақта!

Жабайы төбесінен төнген Коломицевке қарап тұрып:

— Мен сені білем фой, қызыл комиссар! — деді.

— Мен де сені білем! Елді қан жылатқан аты шулы баукеспесің. Солай ма? Өзің дуанасың, кімге пір боласың...

— Сен нашар адамсың, комиссар.

— Ну-ну... аузыңды бағып сөйле...

«Жабайы» көзі едірейсе-ак, қолы беліндегі браунингке бірге жүгіретін ұрыншаш комиссармен ілініскісі келмеді. Оны білетін, көргені бар. Карабас екі арасындағы жанжалдан хабардар еді, қазір Карабас бір шақ-шақтың үстінде тісін санап қолына бергенін есіне салғысы келіп бір оқталды да, құрысын, аш бәледен қаш бәле, кесір шығып кетер деп, тілінің ұшына үйірілген ащы кекесінді кері жұтып, мойнын сырт берді.

Жас болса да бас, жас мөлшеріне жараспастай сабырлы Кожанов жаңағы Коломицев пен «жабайы» арасында болған бет жыртысты естімегендей, есітсе де мән бермегендей, өз ойымен өзі боп отыр. Мына қыр қазағының: «Өзеннен өткізбейді, қырып тастайды» дегені көнілінен кетер емес. Жасыратыны жок, өзінің де каупі осы еді: тіке шабуылға шықса, шығын көп болатын түрі бар. Беті бір ілініп, бір еріп, алажентек боп жатқан өзеннен өту де онай сауда емес. Ганюшкиннің басқа жағынан тегеурін күшнейіп, бұл жақтан әскер алынбаса, құр тәуекелдің нәтиже берер-бермесі негайбіл. Кожанов штабқа шабарман шаптырғанда осы қолқасын да қоса айтып жіберген.

Кожанов тосын қонақтан «Ал сонда не істеу керек?» деп ақыл сұрай жаздал барып, намысқа жығылды.

— Сен өзің қожановшылар дегенді естуің бар ма? Царицын түбінде Деникиннің тандаулы офицерлер полкі сасқанынан дамбалшаң қашқан, әй, бірақ сен оны қайдан білейін деп едің. Сенің қызылдарды көріп тұрғаның да осы шығар. Куырдақтың көкесін бүгін күн бата көресің...

Әуеде аңыраған снарядтың жел ыскырған үні естілді. Мая жанындағы десантшылар аспанға қарап ауыз ашып тұрғанда, жақын маңнан жер солқ етті де, ілгері жақтағы

мая көк түтін боп, аспанға бір-ак шұшты. Қосакталған аттар мая жанынан ойбайын салып шыңғырып безіп шықты.

— Өлтірді! Оңбағандар!

— Дәл түсті.

— Қарауыл пунктін күйретті.

— Дәлдеп атты, оңбағандар! Көріп қалған ғой.

— Өзімізге де обал жоқ. Дандайсимыз кеп. Сақтық ойлауды ұмытқансың бәрің, шетінен!

Мая жанындағылар дүрлігісіп тұрғанда екі қызыләскер қарауыл пунктінен жарапы жауынгерді қамыс арасына қарай қолтықташ сүйрей жөнелді. Қожановтың серіктегі жау десанттың маяға тығылып отырғанын иіскең білді, енді мая біткенді жағалай жамсатады деп дабырласып тұрғанда, бет алды қызыл теңбілденіп кеткен командир шабарманың зеңбірекшілерге жүгіртті.

— Мыналар дандайсын депті. Аямай персін зеңбіректен! Әшірсін үндерін! — деп және айғай салды Қожанов.

Сосын десантшыларға маялардан жырақ кетуге әмір етті де, өзі серіктегі ілестіріп, жағалау бойындағы қамыска қарай үзады. «Жабайы» шынтақташ жатқан күйі былқ еткен жоқ. Оны ұмытып кеткендей ешкім еске алмады. Жанжағына қарап жатып «жабайы» өз көзіне өзі сенер-сенбесін білмей, қайран қалды: көзді ашып-жұмғанша айнала қарақұрым әскерге қапташ кетті. Оңнан да, солдан да құмырсқадай қыбырлап жылыстаң барады. Мұншама әскердің маяда тығылып жатқанын неғып аңғармағаны мұның. Кейінректегі сай іші сыңсыған зеңбірек екен, бетке ұстаган қамыс қалқалары селкілдеп биік төбе-төмпелерге тасбақадай өрмелеп жатыр.

«Жабайы» таң қалғаннан жағасын ұстады: бұл орыстың соғыс дегенде ықыласы бөлек, таппайтын бәлесі жоқ. Басқаны білмесе де, соғысуға келгенде ешкімнен ақыл суралмайды әйтеуір.

* * *

«Жабайының» бұл маңға тірелген түк шаруасы жоқ-ты. Қызылдар мен актар соғысып жатыр деген соң, соғысты көруге ғана келген. Өзгелерді жүндей түтіп, бет қаратпайтын орыстардың өз-өзімен қалай соғысатыны таңсық. Соғыс деген ойын емес, окка ұшып жазым болармын деген ой басына кіріп-шықпаған. Соғы кезде жүрегі өлейін дегендей ме, жанынан қорқудан қалып барады. Қазір суралыл

басталады деп жатып, оның басталып кеткенін де сезбей қалды. Дөң басына іліккен зеңбірекшілер зеңбіректерінің жабуларын жұлып-жұлып алып, үнірейген аузын Ганюш-кин жаққа қаратқаны сол-ақ еді, іле-шала жер бір емес, біrnеше рет қатарынан солқ-солқ етті де, зеңбіректердің аузынан қара тұтін шұбалды. Маңқып бей-жай күйсеген жардай қара бура «жарқыным-ау, бұл не сұмдық?» дегендей, иесіне жәудірей қарап боздал қойды.

Жағалау жақтан бір қызыл әскер жетіп келіп, баж-баж етті. Оның сөзінен «жабайының» ұққаны — «кет те кет», не себепті «кет» деп тұрғанын ұқпады. Ақыры қызыләскер жеңінен шап беріп ұстай алып, жағалауға қарай дірдектетіп сүйрей жөнелген соң, соңынан ере түсіп, бурасына «шәуп-шәуп» деп дыбыс берді. Аждадай айбатты қара бура орнынан еңсеріле тұрып, сондарына сұмендеп ергенде, қып келе жатыр ма деп зәресі ұшқан қызыләскер көзі алақтап «жабайыны» тастай қашты. Сөйткенше болған жок, шағырмак күзді аспаннан ұлардай шулаған үрейлі жаман дауыс естілді. Гұрс еткенге бұрылып қараймын дегенде, аяқ астындағы қара жер тақтайдай солқылдан коя берді. О, ғажап. Жаңағы өзі отырған жерге жәй түскендей бар топырағы көк тұтін бол аспанда ілініп тұр. Қамыс арасында, бұта-бұтандың түбінде інге кіргендей бол отырған қызыләскер «бұқ та бұқ» деп ойбайға басқан соң, бурасын шөгеріп жанына жантая кетті. «Әй, мыналар қызық қой,— деп қояды,— жаңағы жеті қат жерді қопарған сұм тажалға қамыс бұйым ба екен?» Бірак, бір ғажабы, жаңағы тажал добы қамысқа жоламай, жазықтағы маяларды жағалай жамсатумен болды. «Жабайы» мұның мәнісін: қызылдар өзен жағалауындағы қамысқа тығылып, ақтардың шебіне қоян-қолтық таянып келген соң, өз адамдарын жазымдаудан қорқып зеңбірекшілердің қамыс арасын ата алмай тұрғанын ұқпады.

Улкен Ганюшкін өзенінің екі жақ бетіндегілер бір-бірін алыстан мұқатып, біраз атысты да, нәтиже шықпаған соң беттерінен қайтты. Көлеңке көшкен ала бұлтты, шағырмак аязды әлі қар тұспеген күзгі далада тыныштық орнады. Дәлірегі — тыныштық Ганюшкінді теріскейінен торыған үлкен Ганюшкін өзені бойындаға орнады, ал зеңбірек гұрсілі Сафоновка, Зормата тарапынан тынбай естіліп тұрды.

Сенге толы Улкен Ганюшкін өзенінің бір жері бітеліп, бір жері қара ағыстанып жатыр. Арғы жиекке орналасып, мықтап бекініп, жамbastап жатып алған ақтардың окоп-

тарынан тұтін сыйзықтайды, ботқа иісі танауды жарады. Келеке қылғаны ма, әлде басқа бір сырғы бар ма, бесатарларын шошайтып, сұңғілеріне папактарын іліп, қарға үркітер қарақшыдай жарбитаңып қойыпты. «Жабайы» енді байқады — өзеннің бергі бетінде бағдарына ленталы телпек киген, омыраулары ашық-шашық десант — теңізшілер екен қаптаған. Мынадай жеңіл киіммен мына шағырмак аязда қалай үсіп кетпей жүргендеріне таңы бар. Бет-аузы, құлак шекелері қып-қызыл олардың да қойдай қоңырлығы шамалы, от жағып, арғы беттегі ақтарды балағат өлеңдермен сыбап отыр.

Киім үшін ағылшынға сатылдың,
Бәтіңке үшін япошкаға сатылдың.
Сатпаған сенің нең қалды?—
Сат Ресейді — туған ананды, онбаған!

Таң-тамаш, боп қамыс кезіп жүрген «жабайыны» шабарман командирдің қосына жетектеп әкелді. Қоста бес-алты адам алдарында жайылған картага үңіліп отыр екен.

— Өткелдерді білемісің? — деп сұрады Қожанов.

«Жабайы» басын изеді.

— Мынадан көрсете аламысың?

Жабайы басын шайқаған соң, Қожанов картаның жиып, серіктерінің біріне ұстатаңып, мына бейтаныс қонақты ілестіріп барып, өткелдерді белгілеп қайтуға бүйрық бере бастап еді, «жабайы»:

— Оның не белгілейтіні бар? Бәрі айдан анық емес пе? — деді қарап тұрмай. — Бар-жоғы бес өткел. Бірі — ана моланың тұсы. Екіншісі — әне тұрған қара терек. Ал үшіншісін қырдан тұскен қара жол көзге шұқып көрсетіп тұрған жоқ па?!

Қожанов тізерлей отыра қап, «жабайының» айтқандарын картага түсірді.

— Бары осы ма? Басқа өткел жоқ па?

«Жабайы» айнала-төңірекке танауын төседі.

— Бұл араның бәрі өткел. Қазір су тайызсыды гой. Кешегі теңіз желі аздап өзен суын көтерген шығар, әйтпесе ат аяқтап өтетін жерлер көп еді. Бірақ өткелден не пайда, бәрін қос қабаттап орлап, пулеметпен бітеп тастаған.

Қызыл командирлер бір-біріне көз астымен қарап, үнсіз ұғысты. Алыстан пароходтың боздаған үні естілгенде, жапа-тармағай дағаға жүгіре шығып, мойнын созып, дүрбі

салысты. Пароходтың үні бар да, өзі жоқ. Алыста қарауытқан шоқ тогайдың ар жағында бір қатерге тап болғандай үсті-үстіне анырап ойбайын салады.

- «Карась» қой. «Карасьтың» үні ғой мынау.
- Боздауы жаман. Көлдененгे кезікпесе қайтсін!
- Мынаусы көмекке шақырған үн ғой, көмекке барамыз ба, қайтеміз?

— Жол бөгеп, жанталасып бері өткізбей жатыр да,— деп қорықты Қожанов.— Қиналса кері қайтар. Өзеннен өтуге көмектесе алмайтын болды. Енді өз күшімізге сенуден басқа лаж қалмады.

Майданның не сорақысын көзімен көріп, басынан өткерген мұрты жаңа ғана тебіндеген жиырма екі жасар атақты командир қариядай сабырлы еді. Десанттың өздерін, қару-жарак, зеңбіректерін өзеннен өткізу үшін қалқымалы көлік, тайыз суда жүзетін женіл пароходтар көмекке келмекші еді. Алдын-ала жасалған пәтуа солай болатын. Бірақ оның бірде-бірі жүзеге асатын түрі жоқ. Жас командир оған абыржымады: майданда ойлағаныңың оннан бірі ойдан шықса, соның өзіне көп шукір.

Кешікпей қарауытқан қалың орманның ар жағынан будақ-будақ түтін көрінді.

- Өртеді! Жібермеді. О, нағілеттер!
- Сабыр, жігіттер! Ойын ойнап жүрген жоқпыз, соғыстың аты — соғыс. Соғыста бәрі болажақ.
- Енді әскерді қалай өткіземіз? Мына сұықта мұзды суға саламыз ба? Онсыз да аяқтарын сүйретіп шаққа жүр. Шетінен көксау.
- Революция үшін отқа да, суға да тұсуге тиіспіз,— деді Қожанов.— Амалың кәне, түсесің!
- Ендеше, не күтіп отырмыз. Лап берейік! Айтпады демеңіз, бүгіннен қалмай өзеннен өтпесек, жағдай мүшкіл, командир!

Қожановтың өз ойы да сол еді. Гурьевтен шықкан Анохин отряды келіп жеткенше, қалай да өзеннің арғы бетіне өтіп алулары керек-ті, әйтпесе жағдайлары күрт қындалап, екі жақпен қабат алысам деп жүріп, күйреп қалуы ғажап емес-ті. Әлгінде осыны айтып, штабқа шабарман жөнелткен. Түстік жақта тарс та гұрс басылмағалы қатарынан екі тәулікке айналды. Бірақ ілгері жылжу жоқ, ақтар өткелдерге бекініп ап, қызылдарды аттатпай тұрған сыңайлы. Қожанов шабарманның хабарын күтпей-ак, шабуылға шыға берер де еді, бірақ зеңбірек гүрслінен

майдан шебі әлі Ганюшкінді қусыра алмай жатқанын көріп, батылы бармай жүрексініп тұрған-ды.

— Қанішкенді теңіз беттен болмаса, бұл жерден ала алмайсыңдар.

Кызыл командирлер арттарына жалт қаасты. Орыс сөзін қазақша жалпайтқанмен, ұғынықты ғып айтып тұрған «жабайы» еді. Командирлердің үнсіз сұрақты кейпін танып, «жабайы» жаңағы айтқанын қайта ежіккеді.

— Қанішкенді оңтүстік теңіз беттен соғу керек. Ол жерде бар-жоғы шағын тосқауыл ғана. Қанішкеннің тұра көкжелкесінен түсесіндер.

— Ол қандай жол? Қайда?

— Ол мұнда жоқ.—«Жабайы» бетіне тықпалаған картаны қолымен қағып жіберді.—Оны мен ғана білемін.

— Бастап баrasың ба?

— Барайын...

— Алдаң тұрған жоқпышың?

— Алдасам, көресіндер де. Жандарындағы ғой. Жаяу әскер жарамайды, тәк ылғи салтатты болсын.

«Жабайы» бұл сезді Кожановқа қарап тұрып айтқан, командир басын изеді де, ақылдасу үшін серіктерін былайырақ оңаша алып шықты. Өзара қысқа ғана кеңескеннен кейін, Кожанов қос жанында отырған «жабайының» жанына келіп тізе бұktі.

— Отағасы,— деді ол,— құпия болмаса, айтыңызшы, бізге не үшін жол көрсетіп, көмек бермек болдыңыз?

— Қанішкендегілер сендердің ғана жауың емес, менің де жауым.

— Қайтпаған кегіңіз бар ма еді?

— Кек те бар, басқа да бар, қайтесің оны.

— Тұсінікті,— деді Кожанов, тұк тұсінбесе де. Адал ниетімен жәрдем көрсетпек болған адамды қолмен ұстаса, көзімен көргенге сенбейтін орыс мінезге салып, бекерге шұқылап, шошындырып алдым ба деп сақынды.— Ал жақсылығың үшін бізден не сұрайсың?

— Ісіміз сәтті бітсін де. Оны кейін айтартмын...

— Дегенмен қазірден құлақ қағыс қып қойыңыз.

— Бір жәшік ок-дәрі.

— Бары сол ма?

— Көпсінбесендер... азын-шоғын граната.

— Ха-ха! Айтқаныңызда тұрып, Ганюшкінге шығарсаныз, мен сізге мына тұрған зеңбіректі сыйлайын.

— Жоқ, зеңбірегің өзіңе,— деп қолын сілтеді «жабайы».

Екеуі шарт та шұрт алақан қағысқанда, - Кожановтың қолы бұтак-бұтак көтыр ағашқа соғылғандай болды. Командир оның жүн басқан шенгелді мықты саусақтарын нұскап: «О-о, нағыз батыр!» деп, лекіте құлді.

* * *

Тапа-талтұсте орнынан тік көтерілген атты әскер бой тасалап жасырынбай-ақ Нарын құмына қарай бет алғын лек-легімен жосылта жөнеп берді. Үлкен Ганюшкин өзенінің жағалауында бекіністе жатқан ақтар еліріп, бөріктөрін аспанға атты. Қарсы алдында, арнаның арғы бетіндегі қызыл теңізшілерге саусақтарын шығарып, бұттарын саптады.

— А-а, солай ма, қызыл иттер! Бұттарыңа жібердіңдер ме, бәлем!

— Токтай тұр, бұл бүрсендегендерің ештеңе емес. Мұз үстінде жалаңаяқ билерсіңдер әлі.

— Коқырайған Кожановының Анохин қышуын қандыра!

Тымак ауада ақ казактардың әр сөзі жаңғырығып ап-анық естілді. Онсыз да сіркелері су көтермей отырған қызыл теңізшілер «полундралай» жаздал шаққа басылды. Бір-екі рет ыздан оқ та жаудырып алды. Содан кейін сен қылғанға мен қылдым деп, сөзben салғыласуға кірісті. Қызыл теңізшілер арасында аузымен от шайнаған небір орақ ауыздар аз емес еді. Неше сан анайы балағаттарды бүршақтай боратты дейсің кеп. Асырып тұсірмесе, бір-бірінен қалысып жатқандары шамалы. Таңертенен бері өзеннің екі бетіндегі окоптарда бір-біріне тұстас жатқан бір ақ казак пен қызыл теңізші мергендіктен сайыс бастаған еді, бас киімдерінен сау тамтық қалған жоқ. Ақыры, ол ойынның соңы ерегеске айналып, енді бір-бірінің қыбыр еткенін қалт жібермей, дәлдеп атып отырған.

Ақтар шебі десантшылардың атты әскерінің тапа-талтұсте дүрліге көтеріліп кетуін бір қыр астына Анохин отрядының келіп қалуына сайған. Кожановтың да көздегені сол еді.. Нарын құмына қарай ұзап шығып, бір төбенің астындағы саймен Ганюшкинге қарай қайтадан шұғыл бұрылып «жабайының» сонынан салған. Қызыл іңірде жол сілтеуші ат басын теңізге әкеп тіреді. Теңіз салқын тартып, қап-қара боп түнеріп жатыр. Мына айсыз, аспанды алашабар бұлт басқан аязды жалтаң түнде үрей шақырып, белекше қарауытады. Толқын сарыны, толқын жалында

тербелген алып сендердің тіс қайраған шақыр-шұқыры құлаққа түрпідей тиеді. Теңіз біраз жерге дейін беті қабыр-шактанып қатып қалыпты.

Қызыләскерлер теңізге маңдай тіреп тоқтады. Жауынгерлердің омыраулары, бас киімдері, қас-қабактары ағалжағал ақ қырау. Бусанып қатты жортып келген аттардың үстінен дем шығып, танауларынан құшак-құшак бу бұрқырайды. Аттар да, адамдар да мынау жансыз, қап-қара тұңғиық теңізге қарап, көздері алақтап шошынып тұр.

— Мынауың қалай, жолдас?

— Теңізбен жұруге тұра келеді.

— Әзілің бе?

— Түк те әзілі жок. Жол теңіз арқылы...

— Есің дұрыс па? Астыңдағыны ат емес, кеме деп тұрмысың?

— Жылқы жануарға кеме болу қын емес. Бірақ аяқтап жұруге тырысармыз. Қанішкен керек болса, амал жок, ересіндер. Қорықсандар, еріктерің білсін.

Жер үстінің сұмдығының бәрін көрдім деп жүрген көкбөрі Қожанов мұндайды — атпен теңіз кешуді көрген жоқ-ты. Қапелімде екі ойлы бол қалды. Мына бір түрі оғаш аю адам жауыз болмағай деген жаман ой да жылт етті. Өзі қайдан келді, неғып жүрген жан, жер астынан шыққандай майдан шебіне қайдан тап болды, арнайы тапсырмамен арандату үшін жіберген әзәзіл болмаса неғылсын? Ал сонда төрт көздері түгел отырып, өздерін не қара басты: милары шайқалып, бастары теріс баққандай көлденең көк аттылының сөзіне сеніп, соңынан тұра шапқандары не болғандары? Айтты-айтпады, егер бұл жаудың жымысқы әрекеті болса, дегендеріне жетті, анқау баланың кебін кигізіп, ондырмай жер соқтырды. Ал сонда мына жол бастаушы неге сеніп келеді, аман құтылам дей ме екен? Әлде әскермен бірге көк теңізге ағып кетуге бақыл жанкешті біреу ме? Кім үшін, не үшін? Шыбын жаның шімірікпей пида қылғандай ақ патшаның не қадірі өтіпті бұған.

Жаза басқаны рас болса, енді түзету қын, кетер бас кетті. Ол әп-сэтте пышыраған ойын жиып алып, аузына қарап ошарылып тұрған әскеріне қатал, қажырлы үнмен саңқ етті.

— Бірің қалмай, бір ізбен соңынан марш!

Шудасы тізесін қаққан қара бура күдіс май табанымен жағалаудың майда мұзын қарш-қарш бұзып, теңізге әжептәуір ұзап барып, бұларды күтіп тұрған: Қожанов тәуекел

деп «жабайының» соынан қойып кетті де, атын шықпыштып, мұзды суды бората шашып, жол сілтеушіні куып жетті. Аяқ асты түсініп болмайтын бірдеме — мұз ба, су ма — қалайы басқандай даңғыр-дұңғыр... сирағына сен соға ма — ара-тұра астындағы аты осқырынып шоршып түсіп, аяғын не баспай, не қоймай тыптыршып билеп кетеді. Кейінгі жақтан бақайын сен қиған аттардың құлын жаңы шығып шыңғырғаны естіледі. Әлден кейін бұған да үйренді ме, тырнадай тізілген әскер теңізді лайлата сапырып, ұзын шұбак саппен жүріп берді. Ат тұяғының қалың шалпылы бір-біріне ұласып, тыскындақ күркіреген үрейлі жаман сарынға айналды. Шашыраған судан қызыләскерлер малмандай болды.

Теңіз кешіп, осылай бір шама жүрген соң, командирдің көңілі орнығайын деді. Жағалаудан көшкөрім ұзағанмен, су әлі тайыз, ат тізесінен асқан жок. Білмеген адамға бәрі қараңғы, теңіз деп қарадай үркігенмен, ол теңіздің де ой-кыры, өткелі болғаны ғой шамасы. Кожанов ілгеріде қаңқайған қара бураның өркеші арасында теңселіп отырған «жабайының» абажадай жауырынына қарап қойып, әлгінде-гі жаман ойы үшін ұялды. Эйтсе де, кешікпей аяқ астынан теңіз терендеп, арна ат саурын шайды. Мынау қайтеді деп, көңілге қауіп үйірілгенше болған жок, аттар дұр сілкініп, жүгендери сылдырлап құрылышқа шыға келді. Бұл кәдімгі теңіз ортасындағы ақ қайраң шәліктердің бірі еді.

«Жабайы» бұлтты аспанды бір барлап алып, будыры жок тақтайдай жазық тас қайраңмен қара бураның шудасын желкілдектіп теңселтіп берді. Қара бура емес, інірде көшкен қара жын дерсің, белқасты. Су өтіп, бұрсендеп тоңған аттар аяқты әлтек-тәлтек басып, оның соынан еңселей ұмтылды да, қара бураның желісіне таралғылары сартылдай шауып, шаққа ілесіп отырды. Тағы да су жалдал, тағы да шәлік қуалаған аттардың еті қызынып, сауырларынан буы бүркүрай бастағанда, жалпақ судың ар жағынан қарауытқан нар қамыстың қалың тұсына келіп, тізгін тартты.

— Келдік. Мынау соңғы өткел. Теңіз сұы аздап көтеріліпті. Откелдің нобайын бойлап өткенмен, кейбір тұстарда ат аяқтамай қалуы ғажап емес. Жігіттер дайын болсын,— деді «жабайы» жаңына келген Кожановқа.

— Откелден өтуге жігіттер үйренген. Дайын.

— Дабырласпасын. Дыбыс шықпасын. Мүйістің арғы бетінде казарма бар.

Кожанов дыбыс шығармауға, аттардың аузын бууға, ақырын ғана сыбырлап бүйрүк берді, бүйрүк әп-сэтте сапты жағалап кетті. Эскер дағдылы әдетімен терең судан өтуге дайындалып, төс айылдары мен өмілдіріктегін қысқартып, басы артық дыбыс шығармай аттарынан үнсіз түсіп-мінді. «Жабайы» тәуекел деп бетті бір сипап алды да, көш бастады. «Жабайының» қаупі айна-қатесіз келді, аттар бір аяқтап, бір жүзіп кетіп отырды... өткел үсті аттың пысқырығына толды. Далада шолғыншы күзет болса, теңіз беттен шыққан оғаш дыбысты естімеулері мүмкін емес-ті. «Шешінген судан тайынбас», енді жолдағы тосқауылды өлім-жітімге қарамай тарсыл-гұрсілді көбейтіп, шабуылмен болса да алудан өзге лаж жоқ-ты.

Кожанов қолбасшылық түйсікпен енді «жабайының» соңынан салпақтап ере бермей, тізгінді өз қолына алмайынша болмайтынын шамалап келе жатыр еді. Құрылыққа ат тұяғы ілінісімен, кейінгілердің өткелден өтіп болуын күтпей, жігіттерді жөпелдем шабуылға бастай жөнелді. Етегінен сұы тамшылаған қызыләскер ит мұрны өтпейтін нар қамысқа салдыр-гүлдір қойып кетті де, өрттей жайпап жүре берді.

Міндетінен құтылған «жабайы» бір ықтасынға түйесін шөгеріп, асықпай тұрып насыбайын атып, қамысы жапырылып тып-типыл болған жазықпен қара бурасын ақырын бастырып, әскер соңынан жетсе, тосқауылды жайпап болып, Кожанов «қайда-қайдалап» мұны іздеп әбігер болып жатыр екен.

— Мен мұндамын. Не керек еді, жолdas нәшәндік?
— Ганюшкин қайда?
— Мынау иек астында жатқан Қанішken болмай, немене?

Тұрған жерлері кейінде ғана құрлыққа айналған, бұрындар теңіз ортасындағы аралдың биіктеу табаны еді, жер бедері көзге шалынбағанмен, аннан да, мыннан да оттары жылтыраған Қиғаш өңірі түгел көз алдарында. Тарсыл-гұрсіл басылғанмен, күндізгі соғыс іздері андалап тұр: кейбір ауылдар тұтіні асманға будақтап лапылдан жанып жатыр. Ганюшкинді де түгелдей өрт жайлаған.

— Мына лапылдан жатқан Ганюшкин шіркеуі екенін көрмеймісіз? Иә, сол!— деді Қожановтың көмекшілерінің бірі.

Алдарында тұтінге булығып түтеген ауылдың Ганюшкин екеніне енді күмәні қалмаған Қожанов иегін сипалап, «жабайыға» күлімсірей бұрылды.

— Жолда басқа кедергі жоқ па, отағасы?

— Болсын-болмасын енді бәрібір емес пе? Қарап түрмайсыңдар фой. Өзің сауыскандай сақ неме екенсің, қалай командир болып жүрсің?

«Жабайы» әлгінде қызыл әскерді теңізге әкеп тірегенде командирдің әрі сасып, әрі бұған күдік келтіргенің айтпай біліп, шымшылағаны еді, бірақ әзілі тіссіз бақаның тістегеніндей жасып шықты. Оны түсінді ме, түсінбеді ме — Кожанов тістері тарсылдақ сакылдай күлді.

— Ха-ха-ха! Жарайсың, отағасы. Азамат екенсің. Сөзінде тұрдың! — Ол иығынан ақыл-ғұпыл қылышын сипырып, «жабайының» мойнына ілді. — Мынау менен ескерткіш. Революция жауларын жайпаған жансерігім еді. Көзімдей көріп, іліп жүр. — Кожанов «жабайының» қолын жұлып алардай қатты-қатты сілікті. — Үлкен қолғабыс еттіңіз. Бұл еңбегінізді совет үкіметі ұмытпайды. Керек десең, ертең штабқа кел — мөр басып, қағаз жазып берейін. Ал аман-сау тұрыңыз.

— Әлгі оқ-дәрімен жарылқайтының қайда?

— Э-ә... Ха-ха! — Ол артына бұрылып қарамай әмір етті. — Мына отағасыға көтергенінше оқ-дәрі, сұрағанының бәрін беріңдер!

Командир «жабайымен» төс түйістіріп, құшақтасып қоштасты да, үзенгіге аяғы ілінер-ілінбестен ат арқасына дік ете қалды. Құла бесті қүйрық шанышып, ауыздықты қарш-қарш шайнап, от басқандай қолды-аяққа түрмай тыптырышып берді. Командир қылышын қынабынан жалт сурып бастан асыра жоғары көтеріп, зуылдата бұлғады да, әлі қатайып бітпеген азы, балаң дауыспен шаңқ етті.

— Кожановшылар! Революция жауларына қарсы — алға-а-а!

Мың сан түяқ жер тепкілеп дүр ете қалды да, иірілген қалың әскер командирдің соңынан шу-у етіп, лап қойды. Шақпақ шаққандай үйкелген ат тұяғынан от шашырады. Қалың нөпір шөбі шабылмаған шабындықты жусатып, қара селдей қаптап ұзап бара жатты. Ауада аттың ашқылтым терінің иісі мен будақ-будақ шаң қалды.

Сол күні ертеден қара кешке шейін Ганюшкиннің көшесінде кескілескен қанды шайқас бір сәт те мігір таппады. Қызыл әскерлер күн еңкейгенде ғана бел алғып, түн ортасы ауа ақтарды біржола жамсатып тынды. Қемекке асыққан Анохиннен жәрдем болмады: ақтардың белі сынып, жапырылып қалғанын көрген ол, майданға енбей,

Нарын құмына қарай жылыштай жөнелді. Ганюшкинде біржола кенес үстемдігі орнады.

* * *

Ұйықтап тұрып, тұс ауа қалап алған оқ-дәрісін қоржынының екі басына теңдеп, «жабайы» жүргелі жатқанында арт жағынан:

— Пірәлі, Пірәлі аға! — деген қарлыққан дауыс құлағына шалынды.

Артына бұрылыш қараған «жабайының» көзіне ешкім көрінбей, жан-жағына аландал тұрғанда, тұтқындар қамалған қамыс қораның есігі солқ-солқ етті.

— Піраға!

Казарманың тепкішегінде кателогтың түбін тықырлап ботқа жеп отырған күзетші етегі даландап қораның есігіне жетіп келді.

— Бұл қайсың? Не керек саған?

Іштен дыбыс шықпады. Қамауда кім де болса, өзін танитын біреудің отырғанын біліп, «жабайы» есік алдына келді. Күзетші оған кет әрі болған жоқ. Жақтаудың саңылауына жабысып, ішке көз тіккенде, қараңғыдан:

— Піраға... Піраға, мен ғой, Карабас, Ізбасарлардың жолдасымын, Үсмайылмын ғой,— деген сыбыр естілді.

Ізінше жырық жақтаудан Үсмайылдың жарық-жарық жалпақ ерні, қылыш едірейген қусырыңқы танауы көрінді.

— Ау, мұнда неғып жүрсің?

— Неге дерің бар ма? Қара басып...

— Бұл кім? — деді күзетші. — Не дейді?

— Біздің адам. Балықшы. Шығаршы, сөйлесейін, — деді «жабайы».

Күзетші желкесін қасып сәл-пәл ойланып тұрды да, есіктің құлпын ашты. Командирдің алдында зор құрметке ие болған «жабайының» қолқасын орындауда тайсалған еді.

Жартылай ашылған есіктің саңылауынан сығылып, қысылып Үсмайыл сыртқа шықты. Карабастың оң қолы, сөзге шешен доп-домалақ Үсмайыл дейтін емес, қарны ортайып, ұрты солып, іші өткендегі көзі шұңғрайіп азып қалыпты. Үстінде бүтін түймесі жоқ, жалаң жамылған офицер бешпенті, көкпенбек бол, тіс-тісіне тимей дірдек қағып тұр. Тұнде әжептәуір жұдырық жеген түрі бар — көзі күп бол, шодырайып ісіп кетіпті. Езуі де қан-қан.

— Шакшаныз бар ма? — болды оның біссімілләдан сұрағаны, оны да иегі илікпей, тілі күрмеліп азар айтты.

Кол-қолына жұқпай қалтылдап тұрып, жаялықтай жалпақ ернін азар тауып насыбай атты. «Жабайы» оған түйе шекпенін жапты. Насыбайдан жаралы ерні удай ашыды ма — Ысмайыл ыңырсып алақанымен аузын басты.

— Онбағандар! Бас-көзге қарау жок. Иттей тепкілеп, хайуан өңкей.— Іле-шала күзетші ұқпасын дегендей шұбырта жөнелді.— Құдай тап қылды, Піраға. Жақсылығыңызды ұмытпайын, мынадан құтқара гөр, ағеке.

— Сор айдал мұнда қайдан жүрсің?

— Сұрама, сұрама! Мына ақырзаманда басқа пәле қайдан дерің бар ма? Тенізде жүрген жерімізден ұстап алып, майданға зорлап айдады емес пе? Қызыл өрттің ортасына апарып тастады да жіберді.

— Кімдер?

— Кімдер болушы еді, ақтар да... Пароходтарына май тасытып қойды.

«Жабайы» соңғы кездерде Карабас, Избасарлардан хабарсыз еді, Ақжайма теңізшілерінің бетке ұстар азаматының бірі — Ысмайылдың сөзіне қалтқысыз сенді. Теңізші қауым зордың күшімен болмаса, өз еркімен бұл жаққа өлсе баспайтыны белгілі. Ысмайыл өлердегі сөзін айтып, жалынып қоймаған соң, «жабайы» күзетшіні онашалап мән-жайды ұқтырды.

— Мына азамат менің танысым. Балықшы, теңізші. Ақтарға қатысы жок. Күшпен көндірген. Оқ астына жұмсап, май тасытқан. Сен оны босат,— деді.

Күзетші басын шайқады.

— Жоқ, босата алмаймын.

— Сен маған сенбеймісің?

— Неге сенбейін... бірақ бастықтан пәрмен болмайынша, босата алмаймын.

— Бастығың командир Кожанов па?

— Иә, сол.

— Ол енді қазір жоқ қой. Болса, менің бір қолқамды жерде қалдырmas еді. Өзің көрдің ғой.

Казармадан екінші күзетші жүгіріп шығып, «не болдылап» бұлардың жанына жетіп келді. Меймандастау ілкі күзетші не болғанны айтып түсіндірем дегенше, әлгі күйгелек неме әй-шайға қарамай Ысмайылды жағадан алып, аяғын жерден-көктен бір келтіріп, сүйреп апарып қораға сұңгітіп жіберді. Ысмайыл жаңдәрмен кері ұмтылып

есікке кептегендеге, дәу аяғымен ыңқ еткізіп іштен бір тепті Арашаға ұмтылған «жабайыны» бет бактырмай қеудеге итеріп салды. Өзі мойны денесімен тұтасқан бір қабан сияқты қайратты пәлекет екен, шынтағымен жайқағанда «жабайы» қаңғалақтап шалқасынан түсे жаздады. Ол:

— Эй, байқа! — деп келе жатыр еді, байқау тұрсын мұны да желкеден алып итеріп жіберді. Бір итеріп қоймай, өршеленіп қайта-қайта итерді:

— Бар-бар, ісің бомасын. Көрдің бе — Қожановтың бір ауыз сөзін арқаланып басымызға шығуын!

Сөйткенше болған жок, дәкір күзетші тымақтай жалпы ете қалды. «Жабайы» көзді ашып-жұмғанша алақаның қырымен шалқая тартып жіберіп еді, күзетші бақ етуге шамасы келмей, кескен теректей жалманынан тұсті. Есікті құлыпташып жатқан екінші күзетші аузын ашып аң-таң. «Жабайы» оны ысырып тастап, есікті кілт-мілті, топсасымен бір-ақ ырғап жұлып алды. Ашу үстінде ҮІсмайылды шығарып алам деп жүріп, есікті аңқайтып ашып тастап, тұтқындарды түгел босатты. Қамаудағылар далаға лап қойып, әуелі есік көзіндегі күзетшіні періп өтті де, іле-шала казармаға еніп, тынығып ұйықтап жатқан өзгелерін далаға дырылдатып сүйреп шықты.

Осы ала құйынның бәрі әп-сэтте қас-қағымның арасында болғаны сонша, қора іргесінде насыбай атуға тізе бүккен «жабайы» не болғанын дұрыстап байымдан та үлгермеді. Тұтқындар естерін енді ғана жиып, қора жанында шөкелеп отырған құтқарушыларына назар аударды: «жабайыны» құшақтап, бетінен сүйіп мәре-сәре. «Жабайы» олардың арасынан Жамбайдың белгілі казак-орысы — Георгий кресінің кавалері, ақсақ есаул Михеевті таныды.

— Рахмет, бауырым. Рахмет!

— Бізге жасаған жақсылығың құдайдан қайтсын.

— Тар жолда әлі талай кездесерміз. Жақсылығыңды ұмытпаспсыз.

— Жарадың, бауырым, жерлестігінді көрсеттің.

Тұтқындар күзетшілерді казарманың жанына қойдай ііріп қойып, білекті сыбанып, өш алуға кірісті. Әлгілердің арасына кезек-кезек қойып кетеді де, жұдырықты ондың солды сілтеп, қанжоса ғып сұлатып салады. Тұтқынға айналған әлгіндегі күзетшілердің әп-сэтте-ақ бет-ауыздарынан қан шүмектеп, үсті-бастарынан сау-тамтық қалмады. Қайыру бермей, күзетшілерге қайта-қайта қол жұмсағанның арасында ҮІсмайыл да бар еді. Белқасты, өрт сөндіргендей тұтігіп алыпты.

— Өй, Ысмайыл, саған не жоқ. Қойсаңшы,— деген соң ғана «жабайы» ол жеңін түсіріп, мұның жаңына келіп тізе бүкті де, шақша сұрады. Насыбайды ерніне қыстырып, шырт-шырт түкіріп отырып:

— Обал жоқ,— деді.— Тыныш елді бұлдірген осылар. Жейтердің азғыруына еріп, абалап. Бұларды келе ғой деп шакырған біреу бар ма?! Адам емес, хайуан шетінен. Қазақтың басына қалай қан жаудырғанын көрерсіндер әлі. Ак патшаға жылап көріскендей боларсындар.

Колға түскен күзетшілерге аяушылық болмайтын аужай байқалды бірден-ақ. Біреулер іштен арқан әкеліп, тұзак жасап, ол сорлылардың мойындарына іле бастады. Казарманың бел ағашына аяқтарын салбыратып асып кететін пиғылдары анық танылды.

— Ойбай-ау, бұларың не?— деді «жабайы» шошынып.— Өздерің де тұтқын болдындар. Тимеді емес пе?

— Үлгермеді, Піраға, үлгерсе, аямайтын еді.

— Қойсандаршы! Ара түссеңші, Ысмайыл.

— Қоймайды.— Ысмайыл орнынан ұмтылып тұра берген «жабайыны» тізеден басып қайта шөгерді.— Элек болмаңыз, Піраға, ара түссең — өзіңе шөйтім. Анау-мынау дейтіні жоқ, қай-қайсысы да қанішер емес пе бұлардың. Бізге не жоқ, бір-бірін тұтіп жесін, мейлі.

Казарма жаңында апыр-топыр, акырғы жанталас басталды. Әлгіндегі жуан мойын қабан күзетші алысқанмен алысып, жұлысқанмен жұлысып бой берер емес. Мойнына тұзак ілдірмей, он келгенін он ұрып, сол келгенін сол ұрып, акыры айналасын жапырып топтан сыйылып шыққанда, мылтық тарс ете қалды да, әлгі қалт тоқтады. Арқасынан, күртесінің үңірейген тесігінен қан бүрк етті. Қабан күзетшінің көзі тоқтап қалды. Тоқтағанда, кора жаңында шөкелеп отырган «жабайының» бетіне тесіле тоқтады.

— Оңбаған, сатқын! Сенің сөзіңе сенген Қожановта ми жоқ. Тоқта, бәлем, сазайынды тартарсың әлі. Тфу! Оңбаған!

Қанды түкірік «жабайының» бетіне былш етті, сол түкірікпен бірге қабан күзетшінің кеудесінен жан шыққан-дай көзі аппак боп айналып кетті де, кескен томардай опырылып гұрс құлады.

Ақ казактар істерін жалғастыра бергенде, «жабайы» бетіндегі түкірікті сипап сұртіп, орнынан тұрып ақсақ есаул Михеевтің жаңына келді.

— Тамыр,— деді ол, сосын әлгіндегі екінші күзетшіні нұсқап.— Мына жігіттің жаңын қиши. Жалғыз қолқам сол.

Сылтық Михеев буырыл бүйра басын салбыратын, сәл ойланып тұрды да:

— Дегенің болсын. Макұл. Жарайды. Мына күзетшіні қол-аяғын байлад, қамап кетіндер,— деп шанқылдал әмір етті.

«Жабайы» казарма жанында болып жатқан сүмдикқа көзі шыдамай, теріс бұрылып кетті де, түйесіне қарай аяндады. Қара бураны жетектеп алып, қамыс арасына сіңіп көзден ғайып болды. Өмірінде талай жаза басып еді, бірақ тап мұндай онбай жер соққаны аз шығар. Біреуге ара түсем деп, жазықсыз талай жанның обалына қалды. Енді, міне, жақсылығы жамандыққа айналып, мойнына қан жүктеген кісәпір халде барады. Бұл өмір шебер не боп кетті өзі! Қарадан-қарап не жетпей қағынды? Аяушылық атымен ұмытылып, біреу біреуді айызы қанып, рахаттанып өлтіретін әдет етек алды. Орыстан ауызбіршілігі мықты ел жок деп ойлаушы еді, ол да арасына араздық кіріп, әбден бұлінейін депті: бір-бірін тірілей бауыздап, қанды қасап қылып жатыр.

«Жабайы» жар басына келіп жайғасты. Қамыстың арасы үядай жылы. Алдында тұндегі әскер тоғытқан жалпақ өткел. Жағалауға қарға көтерердей шәуіш қатқан, қоймалжың арна сүт бетіндегі қаймақтай жыбырлап көз алдында ұстасқалы жатыр. Откелдің ортасынан бу шұбалып, арғы бетті көзден тасалап тұр. Жалғыздықпен бауырласқан «жабайының» жаны осындаи оқшау, бей-жай тыныштықты қалайды. Елге жұғыспай, саяқ жүрген өмірінің өзі жақсы. Тағы боп кетті ме, елді ұғынудан қалды ма, соңғы кезде жүртпен араласса-ақ болды — былшықтан қылшық шығарып, бірдемені бұлдіріп алатын болып жүр.

Қара бура ернімен қабыршақ мұзды ойып, жағалаудан созылып су ішті де, буы шұбалған өткелге қарап тұрып, тітіркене басын сілкіді. Жануар ми шағатын мұздай суға тұсуден қаймығып тұрған сияқты еді. Ол қара бураны шөгеріп мініп, шу-шулеп өткелге түсті. Арнаның ортасынан асып, арғы бетке иек артқанда, бір бүйірден, тұман арасынан, қос қайық жылыстаң шыға келді. Әлгінде тұтқыннан босанған казактар екіге жарылып, қос қайыққа түгел тиеліп алыпты. Тұманды жамылып, асыға ескек шалып, пәлелі жерден аулаққа жытып барады. «Жабайы» олардың жолын кесіп өткен еді. Ілгергі қайықтың тұмсығында шынтақташ шылым шегіп жатқан есаул Михеев үн қатты.

— Да, тамыр, қайда бет алдың?

«Жабайы» Жамбайға қарай қамшысын сілтеді.

— Сыртынан естуім бар еді, күдай жазды — көрістік міне. Сәл кідірсөңші? Көңілім күпті бір сауалым бар. Мына жігіттер: тұнде қызылдарды бастап келген сөн дейді. Сол рас па? Ал менің сенгім жоқ.

«Жабайы» қайықшыларға бұрыла қарап тұрды да, айтар жауабы болмаған соң, қара бураны ілгері тебінді. Ол тайызға шығып, құрылышқа іліге бергенде, көк желкеден мылтық тарс етті. Жоқ, әуелі «жабайының» жаурынын бірдеме қақырата соғып, жұлқып өтті де, тұла-бойы үйіғандай шымырлап жүре берді, мылтық даусын содан кейін барып естіді. Зордың қүшімен бұрылып қарағанда, қайық үстінде Ысмайыл жаңа ғана ту сыртынан бұған оқ кезеген жігіттің бесатарына жармасып жатқанын көрді. Келесі оқ аспанға атылды. «Жабайы» өзін қарауылға байлаған Михеевтің еңгезердей жуан жұдырық ұлы екенін ғана шырамытты.

Осыдан кейін ол былқ-сылқ етіп, ауып кете жаздал, түйенің өркешін құшты. Қара бура тұнде қызыләскер өткен теңіз ортасындағы шәлікпен баяу бұлкілдеп Жамбайға қарай үзай берді.

3

Ысмайыл көрмегенін көріп, тағдырдың мандайға жазған ашы-тұшысын таңдайымен татты. Жамбайдың бір топ балықшыларын айырып алғып, Карабастан бөліп әкеткен соң, өзінің де, сонына ерген қауымының да жағдайы күрт жақсарған. Майдан басшылары ойланбай-ақ иығына ротмистер пагонын ілді. Балықшылар да тегін тамақ, азықтүлік, киім-кешекке кенелді.

Бұларға Қарай тамағында тұрған баржылардан майдан шебіндегі көліктерге, кеме мен пароходтарға май тасу жүктелді. Бәлі, сол да сөз боп па, екі айтқызбай тап-түйнақтай қылып, естігендері алғыс болды. Тек 18 ноябрьде тосыннан басталған қызылдардың шабуылы ғана бастарынан бақтарын тайдырды. Жазым болды ма, тұтқынға түсті ме, болмаса беттеріне бас сауғалап қашып кетті ме — ішке май тасып жүрген теңізшілердің бірде-бірі баржыға қайтып оралмады. Оның үстіне Қарайдағы жағармай базасына теңізден қызылдардың кемелері шабуыл жасап, Ысмайыл бір топ жігіттерімен судан-суға малшынып жаяулап қашып құтылған-ды. Штаб маңын төңіректеген азын-аулақ күндердің ішінде іскерлігімен, шешендігімен, майданның

Киын жеріне үмтүлған өжеттігімен де командирлердің көзіне түсіп бақты.

Алғашқы күндердегі сәтсіздіктерді майданың аумалы-төкпелі тірлігіне сайып, мойындарына су кетіп онша мойи қоймаған, майданды тепе-теңестіруге жанталасып күш салған әскер басшылары Қожановтың Нарын арқылы орағытқан жасырын жорығынан кейін қоршауда қалғандарына көзі жеткен. Олар енді әскердің жиған-терген қымбат мүлік, алтын қазынасының тағдырын ойлауға мәжбур болды. Ол үшін осы өңірдің ой-шұңқырына, әсіресе су жолына жетік сенімді адамдар қажет еді. Сол кезде Үсмайыл аты тағы да ауызға іліккен.

Олар Ганюшкиннің көк желкесіндегі осы мүйіске орнығып алып, бірлі-екілі балықшы кемесін жасырын жөнелтіп жіберіп, енді өздері соңғы жүктөрін тиеп, жолға шыққала отырған. Қызыл әскерлер түнгі қарбаласта казарма сыртындағы қамыс арасындағы қайықтарды байқамады.

Бірі атам деп, екіншісі аттырмаймын деп жүлқыласкан ұлы мен Үсмайылды тұмсықта жатқан есаул Михеев өзі кеп айырды. Үсмайыл ләм демей арашаға мойын-сұнғанмен, еңгезердей тентек үл өңмәндеуін қоймай, ротистер мырзаны жеті атасынан сыйбай бастаған соң Михеев оны жағынан аямай шарт еткізді. Пашка тілжағы байланып, көкпенбек боп қатып қалды. Тек біраздан кейін есін жиған соң барып:

— Тоқта, бәлем! Қолыма одашада бір түсерсің,— деп Үсмайылға тісін шықыр-шықыр қайрады.

— Цыц! Түсіріп кетсін демесең, өш, кәне!

Ақсак есаул бойы тапал, көзге қораң көрінгенмен, сүмдүк қайратты, мірдің оғындарай өжет адам еді. Қайықтағылар жым болды. Осы алашұбар тарғыл топтың бірі Пашканы іштей мақұлдаса, бірі оның кірпік қақпай адам атқан қаныпезерлігіне қайран қалып, бас шайқасып отыр. Өздерін тірілей ажалдан құтқарған адамды құтылышымен оққа байлау жауыздықтың ең сорақысы емей немене? Эйткенмен, бірде-бірі жұмған аузын ашпастан қара бураның үстінде басы бұлғақтап үзап бара жатқан «жабайының» соңғынан көз жазбай ұзак қарасты.

Ғұмыры бәрік дегениңің не екенін білмейтін Михеев бурыл бүйра шашын сілкілеп қойып, жанына Үсмайылды шақырды.

— Бір қателік өтті,— деді ол көкірегі шуылдай күрсініп.— Жаным қаламаған іс еді. Қайтейін. Болары болды. Алдымызды ойлайық. Жамбайға соғамыз ба?

— Жамбайды ендігі алышта қойған шығар.

— Менің де содан қаупім бар. Забурын асқанымыз дұрыс па әлде?

Ысмайыл айналаны шола қарап, ойланып барып тіл қатты.

— Қазір теңізге ұзауға болмайды. Қауіпті. Қызылдар біраз жерді алыш қойған шығар.— Ысмайыл өз ойын қайықтағыларға түгел естірте айтты.— Теңіз ілінгелі жатқанын көріп отырсыздар. Мұз құрсауда қалып қоюымыз да ғажап емес. Сондықтан, жағалаудан ұзауға болмайды. Шоқал сағалап отырмасқа лаж жок. Мына тұманды жамылып Забурынға тез жетіп алсак, арғы жағын көре жатармыз да.

Тоқ етер шешім осы болды да, жігіттер ескекті еңкейе салып, шалқая тартып көсліте күреді. Теңіз үсті будак-будак боз тұман. Ағынсыз өлі қара су, тубі тайыз жағалау тұстарға пышақ сырты мұз ұстасыпты. Ал жаны бар ағынды арналар — қатпай, шым-шым бұлқілдеп, буы шұбалып жатыр.

Олар Жамбайдан аман-есен өтіп, үшінші күн дегенде Забурын қолтығының қатпайтын әйгілі қара суына ілікті. Койнаудың айнала жиегіне ак жалданып мұз қатқанмен, арнаның ортасы айдын сапырған көкала толқын. Балықшы кемелер, жүк баржылары діңгектері бұлғаңдағап бұланда тұр. Әріректен балық батағасының мұржасынан майлы қою тұтін шұбалады. Қаймағы шайқалмаған, алаңсыз мамыра-жай бейбіт тірлік, ыстаған балық иісі аш құрсақ жолаушылардың көңілін елеңдетті.

«Соғамыз ба, соқпаймыз ба?» деп сәл-пәл екіойлы болып тұрысты да, ақыры Забурынғе кідіруге бекінді. Майдан шебі Ганюшкинге ауысқалы баяғы Забурын жок, сабылған әскерден мақұрым, бар-жоғы бір взводқа жетер-жетпесшағын күзет ғана екен. Олардың айтқаны — қацып-пысқандардан естігені: Ганюшкиннің саудасы біткен, әскербасылары түгел тұтқынға түскен, өздері де неғыламыз деп ақыл сұрап адам таппай, азырып отырғанға ұқсайды.

Ысмайыл, Михеевтер жағдайға қаныққан соң, көзге түспей тұрғанда Забурыннан тезірек сыйылып кетуге асықты. Тұнделетіп жолға шықты. Ашы-тұшыны көп татқан ержүрек, ақылды Михеев шын абыржыды.

— Бұл не болғаны, ротмистр мырза. Осымен біткеніміз бе? Патша тағының құрығаны ма? Ісіміз бір ілгері баспай, орыс қаруын құдайтағаланың қай кәрі атты?

Ысмайыл білгенінше жұбатуға тырысты.

Соғыстың аты соғыс, бірде бетін, бірде сыртын береді. Тұңғандаш ештеңе жоқ, бәрі уақытша. Толстов орнында. Оңтүстік армия да бар емес пе?

Бұл гөй-гөйге есаул тұрсын, өзінің де көңілі көншімегі. Гурьевтен Толстов шегінсе, құрығанның көкесі сол — барап жер, басар тау қалмай, тозғындаң айдалада ит-құсқа жем болғандары.

Михеев пен Ысмайыл сыртқа сөз шығарып іш бермен, алыстан тамыр басысып, аужай аңдысып келеді. Гурьевке екеуінің де көрінгісі жоқ. Женіліп, бұралқы иттей сүмендеп қайтып оралғаннан өткен қорлық бар ма? Арыш ашып келдің-ау, кісі екенсің-ау демейді. Мынау қыруар қазынаны қалталарына қуана-куана қотарып алады да, құйрыққа бір теуіп, майданның барса-келмес ит өліміне айдайды да жібереді. Ал мына қазына қолда түрғанда женсе де, женілсе де есептері түгел. Ешкімге кіріптар емес. Олардың жаңа Забурыннан ат-көлік тауып алыш, Гурьевке құрылықпен туралап тартпай, теңіз жиегімен жылыстай беруінде сондай бір әстар бар-ды.

Алдарында Карабас теңізшілерінің жатағы. Өткенде атаманмен жанжалдасып ірге айырысып кеткенмен, ырғасып барып, қайтадан тіл табатынына, тіл таптаған күнде де Карабас тараپынан анау айтқан жауыздық болмайтынына Ысмайылдың сенімі кәміл еді.

* * *

Күн қабағы аяқ астынан айныды. Арқадан ызырық жел есіп, аспанды қорғасын түстес сұрғылт бұлт торлады. Арты әлде жауынға, әлде қарға айналары белгісіз желім сияқты жабысқақ бүркесін себеледі. Алайда не жауын, не қар болмады. Күн көзі қалтырап барып үясына енген кезде, құлақ шымшылаған шыңылтыр аяз білінді.

Қос қайықты жүргіншілер қалтырап тоңа бастаған соң, ықтасын іздей, қамысты бір шағын аралға келіп тоқтады. Сол жерде от жағып, ыстық ішіп, түнеп шығуға бекінді. Таңертең түрғандарында олар өз көздеріне өздері сенбеді. Айнала теп-тегіс, теңіз беті тістесіп табандап қатып қалыпты. Түске таман күн жылынар, бу ұшып, мұз сөгілер деп үміттеніп еді, бірақ құрсанған күн қабағырай бермеді. Аспан ап-ашық боп, күн көзі шакырайып түрғанмен, қызыл шұнақ аяз жамамаса, сынбады. Тұнге қарай суық күшейіп, мұз беки түсетіні, енді бір тұн асса жүре

алмай айдалада аңырап қалатындары анық еді. Олар жөпелдем жолға қозғалды.

Қайықтарды шайқап-шайқап, іргеге желімдей жабысқан мұзды сөгіп, суға салып жіберді де, жапырлай ескек-таяуды қолға алды. Тепсе темір үзетін аптал жігіттерге пышақ сырты мұз бұйым боп па — түске дейін теңізді қақырата сөгіп, әжептәуір жер үзап та кетті. Тек түске таман, әлде күштері шағылды ма болмаса мұз қалындағы ма — қымылдарына кібіртік енді. Қайық бұрынғыдай еркін жылжымай, мұзға кептеле берген соң, жігіттер енді кезек-кезек тұмсыққа асылып тұрып қарсы келген сеніді аяқпен отады. Олардың арманы құнұзак аулақта мұнартқан оқшау аралға жету еді. Күн еңкейе сол аралға таяп келгенде, қайық мұлде ілгері жылжудан қалды. Мұздың әр жері енді кісі көтере бастап еді, олар қайықты мұз үстіне сүйреп шығарып тұмсықты салмақпен опырып, қайықтың өзімен бұзуға кіріскең. Бірақ одан да ештеңе өнбеді. Қызыл іңірде олар қайықты мұзда қалдырып, женіл-желпі заттарын алып аралға жаяу шұбады.

Бұл адам ізі түспеген жабайы аралдардың бірі еді. Жігіттер қамысты отап күрке жасап, тұнімен жалпылдақтан от жағып, жылынып, кептірініп шықты. Олар қанша діттенгенмен, Карабас қосына іліге алмады. Оған әлі де бір күншілік жол бар-ды.

Жүргіншілер енді қайықтан мән кеткенін түсініп, барлық дүние-мұліктерін аралға тасып алды да, қайықтарды жағалауға сүйреп шығарып, кенере тақтайларын отап бұзып ит шана жасауға кірісті. Содан басқа қайран қалмады.

Олар бір жағынан мұз біріксін деп, екіншіден ит шананы құрастыру әлегімен шағын аралда үш күн түнеді. Сол үш күнде аралдағы басы селтиген қамыс, қоғаны жағып тауысып, енді қайықтардың тақтайларына қол салған. Үшінші күні олар ит шаналарға тиеліп алып, жаяу-жалпылап Карабас шәлігіне қарай жол шықты.

* * *

Қарабас қыстағының тірлігі бәз-баяғы қалпында. Жағалау қаптаған кемелер, моторлар, буксирлер. Жігіттер ала таңнан тұрып, мұз қысып, қабырға тақтайларды сөкпесін деп, кемелердің айналасын ойып, мұзын тазалайды. Балталарын тықылдатып, женіл-желпі жөндеу-өндеу жұмыстарын жүргізеді.

Қыстақ шетіндегі ұсталар шеберханасынан араның

— сарылы тынбай естілгелі бірнеше күн. Олар тенізшінің бас құралы ескек-таяу жонуға келісімен-ақ кірісп кеткен-ді.

Екі-үш буксир құрылышпен шектесетін Караколтықтың мұзын талқандап бұзып жүр. Көз алартқан жау келе қалса, сақтықта қорлық жоқ, аралға өте алмасын деп Карабастың істетіп отырғаны.

Қарабас мұз үстінде табаны астаудай саптама етікпен талтиып тұрып, сырғанақ теуіп, шана сырғытып у-шу болып жатқан балаларға алақанымен маңдайын көлегейлеп сыйрая қарап тұрды да, ұзын аяғын аннан-мыннан бір басып, мұз оюшылардың жанына келді.

— Жұмыс он болсын.

— Айтқаныңыз келсін.

— Сәтімен болғай.

— Қыс бүгін бір күнде түсті-ау, Қараға.

— Болатын қыстың болғаны дұрыс. Ішектей ірметілгеннің несі жақсы.— Қарабас жан-жағына мойын созды.— Ізбасарды көрдіндер ме?

— Ізағаң ана жақтағой!

Жігіттер аралдың арғы басындағы мұнара жақты нұсқады. Қарабас «ту-у» деп тыржың етті де, солай қарай жүрді. Бұл Ізбасар бала боп кеткен бе, немене? Орыстың адам азғыруға келгенде бір сайтаны бар ғой. Астраханда бір жыл болам деп, мұлде бұзылды. Ойы да, ісі де бұлінді. Бұлінбегенде немене: құстың сүтіндей зәру қыруар тақтай-ды рәсуга етіп, аралдарға қарауыл қарайтын мұнара салдырып әлектеніп жатса. Ол да ештеңе емес, енді сол мұнара басындағы қарауылдарға жалаумен тіл үйретемін деп әуре. Бұған не дерсің енді, бәрі орыстың миайлан оқуының кесірі.

Орта жолда Ізбасар Қарабасқа қарсы жолықты.

— Ата, кайда баrasыз? Гүлбарышын балық пісті деп хабар берген. Жүріңіз,— деді күйеу баласы.

Қарабас кері бұрылды.

— Немене, сіздер оразаларыңды балықпен ашатын болғансындар ма? Иә, не хабар бар?

— Әзірше бөтен хабар жоқ. Шеткі шәліктегілер айтады: Қанішкен жақтағы гүрсілдің тыйылғанына екі күн болды деп. Не болып, не қойғанын?

— Ал құрылыш бойы қалай екен?

— Осыдан екі-үш күн бұрын бір топ атты әскер етті. Қазір тыныш.

— Кері шұбалған әскер көзге түспеді ме?

— Жоқ, түспепті.

— Ендеше, қызылдарды ысырып, әрі асты дей бер. Ізбасар жауап қатқан жоқ. Өзінің де кеудесіне ас батырмай жүрген күмән-күдігі — сол. Мына қыс басының аласапыраны там-тұмдағы құлаққа жетіп тұрған хабар-ошарды үзіп тастады. Эу баста Ганюшкиннің мықты қоршауға алынғанын естіп еді, кейін Гурьевтен көмек барған соң, не болғаны белгісіз. Ақтар қайтадан бел алып кетті ме?! Гурьевтен де ызың жоқ. Қалмұратты Қарақол-тықтан өткізіп, арғы бетке қарауылға қойып еді, одан да ләм-мим ошар болмай тұр.

Олар майы жүзген бір табақ балықты алдарына ала бергенде, қарауыл мұнарадан ентігіп күзетші жетті.

— Шеткі шәліктен хабар берді. Аралға қарай бір топ қарулы адам келеді деп...

— Эскер ме?

— Эскер. Араларында офицерлері де бар көрінеді.

— Ақ па, қызыл ма? — деді Қарабас.

— Ақ, актың әскері...

Ізбасардың үкі көзі дөңгеленіп кетті, Қарабас шашалып қалды.

— Қанішкенді талқандаған соң, енді бізге ауыз салмақ қой, шамасы.

— Сіз актан емес, қызылдардан көбірек қорқушы едіңіз ғой, Қараға?

Қарабас қолын сілтеді.

— Эй! Қызылы не, ағы не, бәрібір! Айтқаным айтқан, қазаққа екеуінен де опа жоқ. Дәу, де болса, жолға жетік ҰІсмайыл бастап келе жатқан шығар.

Ізбасар мен Қарабас асығыс-үсігіс далаға шығып, мәнжайды анық-қанық білу үшін қарауыл мұнараның жанына келді. Жігіттер жаман хабардан қасқыр көрген ешкідей үрпісіп қалыпты. Мұнараның басында бет-аузы сұықтан қызыл талқан болып тұрған жалаушы шеткі шәліктен жеткен хабарды өз аузымен қайталап айтты.

— Көрінген әскери топтың қанша адам екенін айтсын, олардың соңында келе жатқандары жоқ па, оны да білсін. Тез хабарла!

Жалаушы жігіт Ізбасардың пәрменін екі айттырмай жалауын онды-солды бұлғалап, келесі мұнараға хабар берді. Олар одан әрі жөнелтті. Бес минуттан кейін жалаушы төмен еңкейіп:

— Отыз шакты адам. Басқа қара-құра көзге шалын-

байды. Забурын жақ көз жетер жерге дейін тыныш,— дейді.

Хабарға қаныққан Ізбасар енді іле-шала қайыра бұйрық жөнелтті.

— Жанжалға бармасын. Эскерден келген іздерімен кері қайтуды талаң етсін. Оған көнбесе, аралға аяқ аттапасын. Екінші мұнарадағылар көмекке барсын!

Жалаушы жігіт қайтадан хабар жөнелтті. Шеткі мұнара аралдан он шакырымдай жерде еді. Сол жердегі күзетпен ауызба-ауыз сөйлескендегі лезде хабар алып түрғандарына Карабас іштей таң қалып, Ізбасардың бекер әуре болып жүрмегеніне енді ғана көзі жеткендегі еді.

— Елді құлақтандырамыз ба, Қараға? — деді Ізбасар.

— Елді бәрліктіріп қайтеміз. Әліптің артын бағайық. Отыз шақты адамға күзетші жігіттердің өздері де жарап қалар.— Карабас мұнараға иек қақты.— Елді де анау жалаумен жинауға бола ма?

— Элбетте! — деп күлімсіреп бас шүлғыды Ізбасар.— Қолма-қол жинаймыз. Қазір құрылықтағы мұнаралар да біздің не деп сөйлесіп жатқанымызды естіп-біліп түр. Айтсақ болды — дабыл қағады.

Теңіз үстінде талай қақтығыс көріп, жаугершілікке еті үйренген теңізшілер отыз шақты адам деген соң, онша абдырай қоймап еді. Дегенмен ел шетіне жау келуі дағдылы тыныштықтың шырқын бұзды. Кешке салым бұлар жар шашып ешкімді құлақтандырмаса да, арғы бетте жар басында шашылған ауылдардан не болғанын біліп қайтуға хабаршылар, қару-жарактарын асынған балықшылар аралға шұбырып келе бастады. Аралдағылар да қаруларын майлап-сайлап, етек-женді түрініп отырған.

Тек, күн еңкейе ғана: «Эскер тобы тұтқындалып, қару-сыздандырылды. Не істеу керегіне бұйрық күтеміз» деген жылы хабар жетті. Содан кейін ғана ел ауыл-ауылдарына тарасты.

* * *

Шеткі шәліктегі тұтқындарды жеркепеге қамап тастап, атаманға сұранып болмаған екеуін — ҮІсмайыл мен есаул Михеевті ғана екі күннен кейін желкеден мылтық кезеп аралға алдарына салып айдал келген. Офицер шенін тағынған ағал-жағал ҮІсмайыл талағы тарс айрылып, ісіп-кеуіп қатты қорланғандай еді. Атаман есігінің алдында иірілген теңізшілерге көз салмай, кекірейіп өте шықты. Теңізшілер еріндерін шығарып, оның сыртынан жырқ-жырқ етті.

- Ойбай, мынауың мықты ғой.
- Шекесінен қарайды, ой, ененді! Тайдың тасағындай болған неме!
- «Алашпын» деп жүріп, нағыз қылышынан қан тамған әпесер болып шықты ғой мынауың.

Бұл мысқылды құлағы шалған Үсмайыл шабараға көтеріле беріп, артына бұрылыш жаман көзбен сазара қарады да, еңкейіп ішке енді.

Қарабас та Үсмайылдың келе жатқанын естіп, калың бөстектің үстіне қонып, кәрі бүркіттей қаһарын шашып, қабарып отырған-ды. Тұтқындардың сәлемін алмай, маңдайы астынан оқ жыланша оқшырайды. Айдаң келген күзетшілердің бірі әуелі Үсмайылды, сосын есаул Михеевті тобықтан қағып, тізелеріне жалп-жалп еткізді. Үсмайыл бетіне қан толып күренітіп кетіпті. «Баяғы жарты әулие әуеніңе басқансың ба, ақымак!» дегенді өзі айтпағанмен, Қарабасты ішіп-жеген бұқа көзі айтты.

Қарабас оның не дегенін айтпай ұқты ма, әлде Үсмайылды көргеннен бері буып отырған кәрі жыны қозды ма — езуінен көбік шашып орнынан атып тұрды.

— Басқа теңізшілер қайда? Тұбіне жеттің бе, онбаған! Көздерін құрттың ба, ауызбен орақ орган сен найсан!

Ол Үсмайылдың міңгірлеген жауабын құлағына ілмей, үй ортасында бағанада ілүлі тұрған сегіз өрме қамшыны жұлып алып, оны қыр арқадан осып-осып жіберді де, қайтып барып бөстегіне жайғасты.

Үйдегі теңізшілер айызы қанғандай жымың-жымың етісті. Қарабас олардың ажарынан жұрт көнілінен шыққан бір сауапты іс тындырғанын ұқты. Жаңағы қамшыдан кейін белін жаза алмай бұк түсіп отырған Үсмайыл қорс етіп еді, алақаны қанға толып шыға келді. Жұні жығылған ол атаманға мұләйім көз тастады.

— Обалың жок! — деп ажырайды Қарабас. — Бұл саған аз әлі. Терінді сыпыртқызамын тірідей, айтпады деме. Ұйып отырған елді әзәзілдей азғырып бір-бірінен айырдың. Сонда не үшпаққа жеткіздің? Қайда қазір олар?

— Қайда болушы еді? Отының қасында, ошағының басында...

- Опым!
- Сенбесеніз — барып көріңіз. Оларға түк те болған жок. Азын-аулақ напака, мал тапқаннан басқа.
- Өзің неғып иттей тентіреп журсің?
- Тентіреп жүргем жок. Жаупты сапардан оралып

келемін. Кемеміз теңізде қатып қалып, Үйшік асып бара-
мыз.

— Үйшік ассан, асып жүре бермедің бе? Бізде нең
бар?

— Көзкөрген ғой. Қол ұшын берер деп... Толстов
ағзам ол жақсылығыңызды ұмытпас еді.

— Мынауың кім? — деді Қарабас оның жанында намаз
ұйығандай жүгініп, тым-тырыс отырған казак-орысты
нұскап.

— Георгий кресінің толық кавалері есаул Михеев.

— Қанішкен жақта не бол жатыр?

— Білмейміз. Біздің оған қатысымыз жок. Теңіздің
арғы бетінен сапардан келеміз.

Қарабас «Бұған не дейсің?» дегендей, бір бүйір оқшау-
тұрған Ізбасарға қарап еді. Ізбасар ләм-мим ауыз ашпады.
Ұсмайыл Қарабастың қаһарынан сескеніп, көзді жұмып
тисе терекке, тимесе бұтаққа деп өтірікті қоя берген, қызы-
ғы — сонысы айдалаға лағып кетпей, бір жобадан шыққан
да сыңайлы. «Қанішкеннен қашып келеміз» десе, жығылған
үстіне жұдырық деп мына қара албастының тірідей түтіп
жейтін түрі бар. Генералдың атын атап, бетке ұстаған
соң ғана, көсілген аяғын жиды ма, қайтті?!

— Қандай қолғабыс керек? — деді Қарабас баяғы түгін
сыртына шығарған қалпы.

— Көлік керек, заттарымыз ауырлау еді.

— Ол не зат?

Ұсмайыл оның не зат екенін айтуға аузы бармағандай
айдап әкелген күзетшіге бұрылды. Палуан денелі жалпақ
бет күзетші сайрап берді:

— Ойбай, айтары жок! Текше-текше, жәшік-жәшік
алтын-күміс. Мұның бәрін қалай көтеріп жүргендерін.
Білезік дейсің бе, сырға-сақина дейсің бе? Миколай сөлкебайы
деймісіз, жок зат жок. Көз қарығады. Соқыр бол
қала жаздадым. Мұндайды кім көрген.

— Рас па? — деп қайыра мошқады Қарабас.

— Рас, Қараға! Бір өтірігі жок.

Қарабас көзін Ұсмайылға қадады.

— Бұл неғылған батпан қүйрық? Неғылған қазына?
Ел тонағансындар ма? А-а?.. Эй, естімісің?

Сазарған Ұсмайыл жауап қатуға асықпады. Жалпақ
ернін алақанымен бір сүртіп алғып, әр сөзі сатулыдай
сызданып азар-азар жақ ашты.

— Қазына... мемлекеттікі...

— Қай мемлекеттікі? Қазір мемлекеттен көп нәрсе жок, ағылшын ба, ақ патша ма?

— Білмеймін, Қараға. Білсем де айта алмас едім. Бар білетінім — осының мұртын сындырмай генерал Толстовтың қолына өткізуім керек.— Ол жанындағы серігін иегімен мезгеді.— Қазынаның әмандығына басымен жауап беретін мына кісі.

Қарабас дардай басымен су жұқпас, әккі түлкі Үсмайылдың қисынды өтірігіне иланып қалғандай еді. Ізбасардың пікірін білгісі кеп оған қараса, пеш түбіндегі тіреуге сүйенген күйеу баласы бұл шаруаға қатысы жоқтай, ойы алты қырдың астында боп, айдалаға қарап тұр. Өз бетінше ешқандай үйғарымға келмеген Қарабас:

— Жарайды, апарып тамактандырындар,— деді.

Тұтқындарды алып кеткеннен кейін Қарабас, Ізбасар, өзге серіктерімен ақылдаса келіп, Үйшікке асам десе жолдарын бөгеп қиянат қылмайық, көмектесіп қол ұшын берейік деген пәтуаға тоқасты.

* * *

Тұнде шолғыншы жігіттер Ганюшкин маңындағы қанды шайқастың егжей-тегжей хабарын жеткізді. Ізбасар қуанғаннан таң атуын күте алмай, тұннің бір уағында Қарабастың есігін қақты.

Қарабас шолғыншы жігіттің сөзін сақалын шымшылап отырып, үн-түнсіз тыңдады. Ол қуанған жок, қайта әлденеден ішін жиып, үркіп қалғандай еді. Көздері қыдырып, үзак ойланып барып:

— Е-е, солай де,— деді.— Енді қызылдар бері қарай лықсиды десенші.

— Иә, сөйтеді, Қараға.

— Ел қалай көріп жатыр?

— Қалай көруші еді, дұрыс көреді де. Қызылдың бай-батша, қисық-қыңыр болмаса, жайын елге зияны жокқа үқсайды. Ат-көлік алса да, қайтарып береді, не үкімет төлейді деп қолына тілхатын ұстатады. Сонысымен-ак елдің аузын алып болды. Ақ казактарда ол жок қой. Берсөң қолынан, бермесөң жолынан. Тек білек сыбануғой олардікі. Ел қуанысып жатыр.

Қарабас шолғыншының әңгімесін аяғына дейін тыңдал, не дұрыс, не бұрыс демей, үн-түнсіз шығарып салды.

— Қарағаңың қабағы салқын ғой,— деді шолғыншы есік алдына шықкан соң, Ізбасарға таңырқай қарап.

— Үлкен кісілер қуанышын жасыра біледі де. Қарағанды қайтесің, қартайды, байыбын бажайлап түсініп те жатқаны шамағы. Ал өздерің қызылдармен тез байланысқа шығыңдар. Бері қарай жылжитын болса, балықшылар қолұшын беруге әзір деңдер.

Ізбасар оған бар білген-түйгенін айтып, таң алакөбенде жолға аттандырып салды.

Ертеңіне олар Ысмайыл, Михеевпен тағы да біраз ырғасып, аужай аңдысып көріп еді, олар бір айтқанын екі айтып, сыр алдырмады. Кешегі пәтуа — пәтуа боп қала берді. Бірақ олар, неге екені белгісіз, асықпады. Алдымен қыр жолын барлап алайық, қауіпсіз екеніне көз жеткізгенде ғана жүреміз десті. Не істесендер оны істендер, бірақ теңізшілер мекенінен тезірек кетіңдер деп, екеуін шеткі аралға қайтарып жіберді.

Сөйтіп жүргенде екі күннен кейін, арғы беттегі қарауыл мұнарасындағы күзетші Қалмұрат жұн сақал Жөресті ілестіріп келді. Көзінің сәл-пәл қысықтығы болмаса, қазак дейтін емес, күйектей күрең сақал шикіл сарының өзі. Қазақшаны, орысшаны, тағы бір тілді араластыра сейлеуіне қарағанда, не қазақтан орысқа, не орыстан қазаққа айналған дұбара шата ма дегендейсің. Сабазыңың ісі де, сөзі де түйеден түскендей кесек екен.

— Бітті! Толстов шоңқиды! Көті күншығысқа қарады, қызыл әскер тағы бір тықсырса, теңізге тоғытылғалы түр. Ау, товарищтер, сендердің қаннен-қаперсіз мынау отырыстарына жөн болсын. Ана жакта жан алып, жан берісп жатса, сендер мұнда шуақтап отырсын гар ғой. Жасағың қайда? Давай кеттік, аттандық! — болды ә дегендегі сөз ауаны.

— Ахтандар қайда?

— Қайда болушы еді? Ракушада. Сендерді тосып, көздері төрт болып отыр. Бүгін-ертең мұнай қоймалары үшін қан майдан басталады. Бар сеніп отырғандары сендер.

Ізбасардың маңдайынан шым-шымдаپ тер шықты мына әңгімені естігендеге. Құдай ұрып кешігіп қалған екенбіз деп зәресі үшқан. Бақса, Жөрес әдейі төндіріп, әсіре қиқулатып отыр екен. Жүрегі орнына түсті, әйткенмен көптен күткен сын сағаттың соққаны белгілі еді. Енді көп ұзамай Ракуша мұнай қоймасы үшін, жан алысып, жан берісетін қызыл қырғынның басталары күмәнсіз еді. Ол екі-үш күннен кейін жол шығуға уәде етті.

Жөрестің хабарын естігенде Ізбасардың сасқаннан жаны көзіне көрінгені тегін емес-ті. Қазір жол шығуға ең бір қолайсыз кез. Неге болса да бақыл, айтқанын екі етпейтін серіктері жоқ емес, бар, бірақ аяқ астынан бір ауыз уәжге келмей, үдерे көтеріліп, атқа қону қайын атасы Қарабас екі арасын қындастып жіберетіні көміл. Оның үстіне шеткі шәлікке Ысмайыл адамдарының жастанып жатып алуы да көңілге құпті. Бұлар ұзасымен балықшы қыстағын басып алып, ойларына келгенін істеуден жүздері жанар деймісің, ол нағіллеттердің.

Ізбасар қинала келіп, бір айла ойлап тапты. Ойбай, Жайық бойындағы Парховинск батағасының ар жағындағы қолтықта балық суға сыймай жатыр екен деген қауесет таратты. Балық десе танауы желбіреп отыратын теңізшілер құлақ қайшылаپ, елендесе қалысты.

— Парховинск батағасы ол балыққа неғып өздері ие бола алмаи отыр,— деп, күмән айтты Қарабас.

— Ойбай-ау, Қараға! Онда өзі жөні тұзу ел қалмады ғой. Біразы Үйшікке көшіп кетті. Батаға құрыды ғой,— десті бұлар.

Теңіз бойында Гурьевке ең жақын Парховинск батағасы осыдан екі-үш жыл бұрын тұп орнымен күйіп кетіп, ойсырап қалған-ды. Биыл ол батағадан желкенін қалқытып теңізге шыққан теңізші де болмады. Балық балықшының ғана напақасы, Қарабас әйт-бүйт деп әүсесі ауған теңізшілерді бетінен қақпады

Жігіттер жол шығу қамына, сапарға дайындыққа шұғыл кірісті. Ізбасар тізгінді өз қолына алған соң, желпілдегеннің бәріне ыңғай бермей, сенімді-сенімді деген азаматтардың ғана атын атады. Сөйтіп, алпыс қаралы адам мұз үсті кәсібіне жөпелдем әзірленіп, буынып-түйінді.

Әзірлік табандаған бір жұмаға созылды. Аулар жамалды, сүймендер шындалды, шаналар жөнделді, аттар тағаланды. Бас білетін жегіс аттарымен бірге тандалып асаулар үйретілді. Теңізшілер теңізге кеткенде ала жаздай иесіз қалып, қамысты, қоғалы қалың түлейлер мен шоқ-шоқ аралдарды шет жайлап тағы боп алған жылқылардың шетінен сауырына қол тигізбейтін шу асау болатын әдеті. Мойнына арқан оралса, шыбыны шырқырап, қосаяқтап көкке тік шаншылады. Эбден бас білгенше қамыттан қамыт, доғадан доға қалмайды, өзін де, иесін де әбден сілікпесін шығарып титықтатып бітеді. Оның үстіне

тенізшілердің теңіз кәсібіне аттанарда істемесе көңілі көншімейтін ырым-жырымдары тағы бар. Барлық ау, тор, құрал-жарактарын оттан өткізіп аластайды. Өздеріне мұздық, аттарына қос-қостан таға соғады. Сосын келіктеріне сырып тұрып, қатырып жабу тігеді. Бірде-бір ат жабусыз мұз кәсібіне жарамайды. Екі-үш күннен кейін-ақ дірдектеп, үсіп өледі. Осы дайындықтың өзі бір жұмаға молынан созылды.

Ізбасар аттанар күн таянған сайын, не істерін білмей қатты қыпылдаپ жүрген. Шеткі шәліктен басына ақ құйсан да ордалы жыландай інінен шықпай қойған Үсмайылдардан қаупі зор. Не қылады, аралдан ит қосып қуып шыға ма, қайтеді? Сөйтіп жүргенде олар Жайыққа жетіп қалайық, бірге ала кетсін деп сөз салыпты. Сұрағанға — тілеген дегендей, Ізбасар қуанбаса, қарсы болған жоқ.

Сөйтіп, торларын өңгерген, шебін тиеген, қазан-ошағын артқан отыз шақты шана бірінің ізімен бірі қаздай тізіліп, жағалау бойының ықтасынымен Жайыққа қарай жол тартты. Күн жылды да емес, сұық та емес — емен-жарқын. Жайықbastan ат кекілін сипайтын маңдай жел бар. Мұз бекіген, қауіпсіз. Атар кек шыны мұзды тағаларымен кірш-кірш ойып, борт-борт желіп келеді. Жылды киінген, тонға оранған жігіттер щеп үстінде жантайып, көлбеп түсіп жатыр. Мұндай шерулердің өз қындығымен қатар, өз қызығы, өзінің бір жанға жайлыш рахаттары болады. Жігіттер былай шыға беріп, қоңырлап әнге басты.

Дүние пелде, пелде, пелде өтеді,
Тұбіне сүм жалғанның кім жетеді?
Бір күні қазған ордай келсе ажал,
Теректей тұбін кескен көлбетеді.

Сыздықтаған жалқы дауыс қайырымға келгенде қолдаушысы көбейіп күмпілдеп сала берді.

Еділ-Жайық белдері-ай да,
Аға да женге, елдер-ай да.
Еділ-Жайық, Еділ-Жайық
Косылған арна, көлдер-ай!

Серіктерімен алдыңғы шанада көш бастап келе жатқан Ізбасар артына бұрылып жымың еткенде, адырақ көзінің айналасы мейірімді әжімге толды. Ол ержүрек, аңғал, екі сөзді білмейтін, достасуыңа да, тұрысуыңа да бар бұл қауымнан бөлек басқа өмір сүре алмайтынын қазір анық

сезді. Енді-енді байқап жүр: бұл өзі айнала жүрттан кәсібі де, мінезі де, ырым-жырымы да, түсінік-тірлігі де басқаша қауым. Ру-шырумен ісі жок, бәрі бір атаның баласындаи... Аузың бір күні май, бір күні қан мынау қын-қыстау теңіз өмірі оларды мұң-щері бір үялас күшіктей ғып жіберген. Бәз біреулер бұларға да іргеден көз сықситып құдіктенеді-ау. Иә, теңізші қауым осы соңғы екі-үш жыл төңкеріспен бір келісіп, бір кетісіп алқы-талқы күй кешті. Оның аныы, мәнәйі себептері де жоқ емес. Міне, енді ақыры солар ақ жолға бет түзеп, кедей мұддесі үшін жан пида сапарға жол шықты. Қадамдарың сәтті болғай да, ілләйім!

Олар жолда мұз үстіне от жағып, қазан көтеріп, ерулеп алды да, түні бойы кідіріссіз жүрді. Жол аяң, бұлан қүйрық булкілден асып жан қинамаған аттар әлі тың. Жүре су ішіп, жүре оттап, кейінгісі алдыңғы шанаға иек сүйеп, шашау шықпай тастүйін боп келеді. Күміс табақтай жарқырап ай туды. Жұлдыздар шақырайды. Түн ортасы ауа олар қалың қамыс арасынан оттары жылтырап, иттері шәуілдеген Парховинск батағасы жанына жылыстап өтө бергенде, Ізбасар Үсмайылға: «Ал осы арадан қалмайсындар ма?» деп еді, Үсмайыл: «Балық аулайтын жерлеріңе бірге барайық. Жайықтың сағасы ар жағында тиіп тұрғой, ақысына болса да жеткізіп саларсындар» деп саудаласа бастады.

Балық аулау деген жәй әншейін желеу ғана еді. Енді бұдан былай Үсмайыл адамдары масыл, керек десеніз, кесір болатын тұрі бар. Бұлардан қалай да төзірек құтылмаса болмайды: Ізбасардың ойы жаманға ауды.

Ол кенет Жайық беттен ат басын шұғыл бұрып, Атыраудың мұзы сірескен айдынына салды. Бір жайсыздықты іші сезген арам Үсмайыл Ізбасарға қапталдаса беріп:

- Да, Ізбасар, мұның не? Қайда барамыз,— деді.
- Қайда болушы еді. Ұйыққа да ...
- Бұл кезде теңіз ортасында ұйық бола ма?
- Ол макұлық не сенің айтқаныңмен, не менің айтқаныммен жүре ме екен? Қайда боларын өзі біледі де.
- Алыс па?
- Қызылдың шұңғылында. Он шақырымдай жер. Қалғыларың келсе, түсіп қалындар.

Парховинск батағасынан әжептәуір үзап кетіп еді. Мына мидай мұз үстінде Үсмайылдардың жырылып қалуға құлықтары болмады.

Аттарды бір сағаттай жәлдірте айдаپ, сірескен мұз жалдарға келіп маңдай тіреді де, балықшылар шаналары-

нан сау-сау түсө қалысты. Жәй түскен жок, теңізші жігіттер әр шанаңда бір-бірден отырған Ысмайыл адамдарын жұмарлап астарына баса түсті. Ізбасар не істегелі ойы барын, тым болмаса қабак қағысымен де білдірген жок-ты. Кек теңіздің қалтарыс-бұлтарысында жау түсіріп үйренген жырынды жігіттер бәрін айтпай-ақ түсініп, айтқызбай-ақ тындырды әп-сәтте. Ысмайыл адамдарын қарузыздандырып, мұз төбенің жанына сүйрелеп алып келді. Әлгі байғұстардың зәрелері үшты: теңіз қарақшылары тонаған адамдарын мұз жалдарының астына тығып, көміп кететін әдеттері еді.

— Ау, Ізбасар, мұның не? Не істегелі жүрсің? — деп бажақтады Ысмайыл.

— Әлгінде Парховинскіден қал дедім, қалмадың. Енді қайт дейсің? Мына мұз төбелерде қыстайсыңдар! — деді Ізбасар.

Ысмайылдың шыбын жаны шырқырап шыж-быж болды.

— Сен, немене, жолбасар қарақшы ма едің? Ау, ағайын, құдайдан қорықсандаршы.

— Өш, оңбаған!

Тасбақа Төлеген оны төбеден бір қойып, табанда үнін өшірді де, Ізбасардың жанына келді.

— Қайтеміз, мұз астына үкітеміз бе?

— Қой, жок, қарғыстарына қалармыз.

— Шешіндіріп алайық. Бұлар бәрібір жақсылығынды білмейді. Мейлі жолда үсіп өлсін.

— Қайтесің, обал болар. Айдалада қалдырып сазайын бердік қой. Осы да жетер.

Тасбақа Төлегенниң ашы ысқырығы құлақ тұндырды. Теңізшілер шаналарына қарғып мінді де, құйындай үйтқып ә дегенше көзден ғайып болды. Ысмайыл серіктерімен айдалада иттей ұлып қала берді.

* * *

Жағалаудың қалың қамысты ықтасынына ілігіп, Жайыққа қарай бет түзер алдында Ізбасар серіктерін гүгел от жанына шақырды. Мұз үстіндегі темір ошақтан от жалпылдаپ, от үстінде қылқазан асулы тұр. Жігіттер казаннан күрешкемен батырып алып, ысылдаپ-пысылдаپ қара шай үрттап жылынған болысып жатыр. Суарылып, жем жеген аттар бір сәт тыныштықты пайдаланып, көздерін ашып-жұмып мұлги бастаған.

— Жігіттер! — деді от жанында шекелеп отырған

Ізбасар серіктегін жағалай шолып.— Мен сіздерді балыққа барамыз деп алыш шықтым. Ешқандай балықтың жоғын көбінің ішің сезіп келеді. Біз кеңес үкіметінің тапсырмасын орындағалы барамыз. Неге алдадың, алдын-ала ұғындырып, неге алдымыздан өтпелін демендер. Ана жакта...— Ол Қарақолтықтағы балықшылар қосын меңзеді.— Сөз таратып, сыр шашуға болмады. Енді мына жырақта айтып тұрғаным.

- Өй, сол да сөз бе екен! Сен басшы, біз қосшы.
- Тесіктау өтсек те, өзіңмен біргеміз.
- Сен жөн десен, жөн болғаны. Басқа сөз жоқ!— деді бір топ әзаматтар.

Бұлардың дені Ізбасардың ішек-қарны аралас, бұл сапардың мақсатынан алдын-ала хабардар арқа сүйеген серіктегі еді. Ал басқалары бұлардың ығына жығылып, ыңғайында жүрген көнілдес жігіттер болғанмен, қапелімде не дерлерін білмей, аңтарылып бір-бірінің аузын бақты. Ақыры, егделеу, қисық бет Қасирен деген тенізші тіл қатты.

- Сонда, балық атымен жоқ дедің бе?
- Жоқ, Қасирен аға. Жоқ! Біз балық аулағалы шыққан жоқпыш.

Ол бір өлген-тірілгенін білмейтін, аса ержүрек, бірақ бір қисайса, бүкір ағаштай түзелмейтін қыңыр адам еді. Ол мойнын бір жағына қисайтып алыш ортаға шығып, Ізбасардың алдынан көлдененде олай бір, бұлай бір өтті.

— Балық жоқ, балыққа шыққанымыз жоқ дейсін баяғы?

- Иә, солай, Қасирен аға.
- Әзілдің де небір түрі болушы еді, бірақ мұндай әзілді көрсем көзім шықсын. Айтсаң, түсінбейтін бе едік. Барсақ — барамыз дейміз, бармасақ — бармаймыз дейміз. Мен сені дана ма десем, шикі бала бол шықтың ғой.

Ізбасардың серігі Тасбака Төлеген езуіне жабысқан темекі тұқылын тұқіріп тастап, ілгері аттады. Баста маңдайға жапырайта киген матрос теллегі, үсте бушлат, ашық омыраудан кеуде жұні үрпиген мына патшағарды адам дермісің, әлде сұық өтпейтін темір дермісің.

- Өстетініңді біліп ілестірмейін деп едім. Болдың ба? Эй, Қасирен аға, жетті енді. Қыс артыңды, кәне!— деді ол жарық-жарық қарлығыңқы дауыспен.— Орта жолға келіп тұрып, дау шығару ырымға жаман. Бірің қалмайсың, ересің. Ермеймін дегенің былай шық, кәне. Оңаша сөйлесемін...

Ұзынынан емес, көлденеңінен өскен Тасбақа Төлегеннің мінезін білетіндер жым болысты. Эйткенмен, қисық Қасирен әлі де терісі шаптырып, қитығып түр еді.

— Қайда барамыз? Жөн айтпайсындар ма, тұсіндірсендерші.

Тасбақа Төлеген жуан мойнын артына сықырлата бұрды:

— Өй, жазған! Түлен тұртіп тұр екен сені. Ештеңе жок, бара білерсің!

Көпшілік арасынан Қалмұраттың наразы даусы естілді.

— Ізбасар ағам төңкерісті тұсініп, көңіл қалауымен, анық санамен істеу керек дейді... Ал, сіз болсаңыз...

— Жә!— деп Тасбақа Төлеген оны қолын сілтеп сей-летпей тастады.— Ерік берсе, сендер төңкерісті мылжыңға айналдырасындар. Сананды кейін түзей жатарсың. Ал қазір төңкерісті білек күшімен қорғау керек боп тұр. Жүре-тіндерің жүресің! Жүрмейтіндеріңді мойындарыңа тас байлап өз қолыммен суға атам, тоқ етері сол!

Бұл сөз Жөрестің жанына майдай жақты да, ол жымын-жымың етіп Тасбақа Төлегеннің арқасынан қақты. Мәселе-ленің басы бір ауыз сөзбен шешіліп қалғандай еді, ел сөл-пәл ошарылып тұрды да:

— Қой, жок, не көрсек те өздеріңмен бірге көрдік.

— Еркек қойдай бөлініп қайда барамыз, бір білген-дерің бар шығар.

— Көппен көрген ұлы той.

— Кеңес үкіметі өз үкіметіміз. Жан пида. Ал бас-таңдар!— деп жапырласып бері аунап түсті.

— Э, бәсе, солай демейсіңдер ме?

Тасбақа Төлеген көзді қысып қойып, сылқылдай күліп Ізбасардың жанына келді. Ізбасар бұл алқы-талқыға қуан-баса, қиналып тұрмаған. Қайта, қазірден көңілді күпті қылмай мәселенің басын ашып алғаны дұрыс. Ол әлі тоқетер сөзін айтқан жоқ-ты. Ел оның аузына қарады.

— Ағайын!— деді Ізбасар көңілденіп.— Үкіластарыңа ракмет. Өзім де осылай болады фой деп ойлағам. Діттеген жерден шықтындар. Қасирен ағадан басқа бірде-бірін қайда барамыз, неге барамыз деп мошқаған жоқсындар. Оған да рахмет. Бізге сенгендерің шығар. Бірақ қазір қай-да, неге бастап бара жатқанымызды айтпасам, кейін сен-дер де, өзім де өкінішке қалармын.— Ол бұрылып қара-барқын тұн құшағына көмілген Жайық жаққа қол сілтеді.— Жайықтың арғы бетінде Ракуша деген арал, аралда

мұнаи қоймасы барын білесіндер. Шегінген казак-орыс тегін кетпей, сол мұнайды маған да жоқ, саған да жоқ қып, өртеп кетпек. Қенес үкіметі сол мұнайды өртетпей аман сақтауды бізге сеніп жүктеді. Эрине, оңай, шаруа дей алмаймын. Қантөгіс болары хак. Қайсы біреулерміздің ел бетін қайтып көре алмауымыз да ғажап емес. Сол себепті, жолдастар, ешқайсынды қыстамаймын, еріктілерің ғана еріндер. Кейін, бұларға неге ердім деп, өкінбейтіндерің ғана еріндер.

Ел абыр-дабыр боп, бір гулесіп, бір басылды. Теніз үстінде талай сойқанды бастан өткерген, күнде бір өліп, бір тірілетін теңізші қауымға шайқас дегенің көрмей жүрген құқайы емес-ті. Көшілігі арқаланып, еліріп шыға келді.

— Майың болса — майыңа, қаның болса — қаныңа баста. Біз әзір.

— Ененді ұрайын, казак-орыс зорлығың өтіп еді, әуселенді бір көрейін.

— Казак-орыстың танауын жапыратын кез келді, жігіттер!

Өңкей сен ат, мен тұрайын теңізші жігіттер-алаканға түкіріп, қопандасып жатқанда, бір өлеусіреген жінішке дауыс жасқана үн қатты.

— Эйелім жақында босанған... бала-шағам көп еді. Мен бармайыншы. Рұқсат етіндер, азаматтар.

Жігіттер қарағайдай серейген, қапсағай Әліпкеобын жіберердей одырайыса қарады. Шыдамсыз қызба біреулер бетің-жүзің демей, балағаттап та жіберді. Өзгелері оны кісі өлтіретін әзілмен шымшылай бастағанда, Әліп неге айттым халге түсіп, жерге тірілей көміліп шөгіп бара жатыр еді, Ізбасар құтқарды.

— Рұқсат, Әлеке,— деді ол. Сосын жаңа Үсмайыл адамдарынан алынған дүние-мұлікті, әсіресе асыл қазынаны бір мысқалын төкпей-шашпай елге жеткізуге, елге жеткізгенде де, ешкімнің қолына бермей, бұлар қайтып оралғанша жамбасына басып, көзінің қарашығындай сақтауды қадала тапсырды.— Байқа! Қылша мойын — талша. Үкімет мұлкі. Басыңмен жауап бересің,— деді.

Олар казак-орыстардың бұйымдарын Әліптің шанасына жүктеп, жанына тағы екі жігіт қосып беріп, елге қайтарып жіберді де, өңкей сыбай-салтаң жаланған жігіттер Жайық жаққа еңсеріле бұрылды. Ойын ойнағалы бара жатқан жоқ, алда не күтіп тұр: сор ма, бақ па? Мерейлері үстем боп, Атыраудың қатқақ мұзын ат тағасына қарш-қарш тілдіріп, айғайлай шырқап, Ақжайма — Қарақолтықтарына

қайтып оралар ма, әлде өзиз бастары Жылойдың бір бұтасының түбінде ит жемеде қалар ма? Әншейіндегі ажалдың бетіне түкіргендегі боп жүретін арқайын, бұла жігіттер Жайықтың сұлбасы деңдеп көрінгенде, қазекемнің көп айтатын: өмір бар да, қаза барын естеріне алғандай еді.

Алыс көкжиек бозарып, Жайық үстінде алакеуімденіп таң атып келе жатты.

6

Түйелі төрт жолаушыны Ракуша поселкісі абалаган иттерімен қарсы алды. Бұл не деген қаптаған ит екенін: ауыл сыртынан шаужайлағаннан кеңсеге дейін қалмай ілесіп барды. Иттер айрықша ілтипат білдірген соң, көшедегі кемпірдің тісіндей некен-саяқ жүргіншілер де бұларға назар аударды.

— Да, қайдан келесіндер? Қайда барасындар?
 — Гурьевтен...
 — Гурьев басы тыныш па?
 — Не жаңалық?
 — Майдан қай манда екен? Қызылдар қыр астында деген рас па?

— Кеңсе қай жерде?

— Эне-у, сорайған мұржаның қарсы алдында.

Ракушаның бұрын қандай болғаны Ахтан мен Қажығалиға қараңғы, ал бұл өңірмен білістес Ибраһим абыз мен Теңізбай болса, күйзеліп бас шайқаумен келеді.

— Аршыған жұмыртқадай ауыл еді. Опыр-ай, азып кеткенін-ай. Мұншама жүдепсесе қайтеді екен?

— Қой, біздің халықта пәтуа бар ма? Бір-жар жылда танымастай қылышты ғой.

Бұл — Ембі мұнайын игеру үшін Атырау теңізі жиегінегірgetасын шетелдіктер қалаған поселке. Көшелерінен, үйлерінен, поселкенің сырт пошым, жобасынан ағылшын иісі аңқып тұрғандай. Мынау жабайы жалпақ дала ағылшын артықшылығын танысын деп, әдейі көз қылу үшін салынғандай еді. Айтты-айтпады, құдайшылығына келгенде, поселкенің қапысы жоқ-ты: әдемі, ықшам, көз сүйсінерліктең таза болатын. Кәсіпшілік иесі Невельді көзбен көрген жан баласы жоқ, ол қалталы кәрі шал әлде Шотландияда, әлде Скандинавияда тұрады деген сырт қауесет қана еститіндері. Бұл араны игерген оның қолбала приказчиктері. Бірақ олар төңкерістің келесі күні-ақ жел ұшырған қаңбактай ізім-ғайым жоғалды. Тіпті бірлі-жарым отан-

дастарына бұрылып қарауға да шамалары келмеді. Сөйтіп Ракушада екі-үш неміс семьясы қалып қойды. Кейін кәсіпшілік Бакудегі шетелдік «Меркурий» мұнай бірлестігінің қарамағына көшіп тынды. Содан бері поселке адам танығысыз азып ұлгерген. Үйлердің сылағы түсіп, көшелерді құм басыпты. Бұтактары торғай үясынан көрінбейтін ағаштар жалаңаштанып, жудеп, қурай бастапты. Кәсіпшіліктердің жабылуы, жұмыссыздық та әсерін тигізді ме — шеткеректегі барактар қаңырап босап, мал қораға айналыпты.

Кеңседе оларды қай тілде сейлейтінін ұғып болмайтын, беті-аузы жұн-жұн доп-домалақ әзіrbайжан қарсы алды. Басқа тірі жан көзге шалынбады. Бұлар кеңсе бастығының қайда екенін: бір жаққа кеткенін, әлде үйықтап жатқанын ақыры түсініп жарытпады. Бар тындырғандары — жұмысшы барагына тұрақтауға рұқсат алды.

Поселкенің шет жағындағы жұмысшы баражы да кіркожалақ, аңғал-саңғал. Қараңғы дәлізі ыбырсыған лас. Есік алдындағы шуакта ойнап жүрген екі-үш бала түйе арбамен сықырлап келіп қалған бұларға мұрындары пышылдал, аң-таң қарап тұрысты да, ішке зытып берді. Іле-шала барактан мұрты салбыраған еңгезердей отағасы шықты.

- Жол болсын, ағайын.
- Әлей болсын... Ассалаумағалейкум.
- Қайдан келесіндер?
- Қаладан. Гурьевтен. Осында жіберіп еді.

Досан дәліздің ашық есігінен ішке басын сұғып, айғай салды:

- Марфа! Ау, Марфа, қайдасың?
- Марфа тәтей дүкенге кеткен,— деп қыстырылды балалардың бірі.
- Ә-ә, солай ма? Ендеше, қазір келіп қалар. Үйге кіріндер, жігіттер.

Оның жай ғана қазақы ауыз ишарасына жігіттер елең еткен жоқ. Дәліздегі қара-құраға қарағанда, барактағы жан басы әжептәуір көрінді. Арғы бас тұпкі жақтан гармонь үні, гармоньға қосылып аңыраған мас адамның даусы құлакқа келді. Ахтандар поселкеде бос пәтірлер қантап тұрғанда, мұншама жұрттың баракқа үйлішіп отырғанына таң болып еді, оның мәнісін салқы мұрт Досан қолма-кол түсіндірді.

— Біздің қысқа есептелмеген, ағылшын жобасымен салынған үйлер ғой. Ала боран, отын шақ келер емес. Одан гөрі мына баражымыз жөндем. Тар болғанмен, жып-жылы,

ұядай. Әрі көпшілік іші, өз думанымыз өзімізде дегендей...

Пәлі, күні кеше ең жайлап, шет конып жүрген мына қазақтың ауыз ләмін қарай гөр: «өз думанымыз өзімізде» дейді, көпшіл, ортақшыл бола қалуын.

— Бұларың кім?

— Кім керек еді саған, Яшка?

— Кімсіндер деймін, ей?

— Киінсеңші, сұық тиіп өлесің ғой. Өзіміздің адамдар.

Каладан...

— А-а!— Удай мас, басы қылжыңдаған Яшка денесі көк теңбіл бол мәйкешең есік алдында дірдектеп тұр.— Не бол жатыр? Толстовың бұтына жіберді ме?

Жолаушылар онымен сөйлесіп пәтуа таппасын біліп, сырт беріп еді, Яшканың көзі ақшаңдал сала берді.

— Кәне, сабаздарым, документтерінді әкеліндер. Кайдан ұшып келген көкек екендерінді көрелік. Әкеліндер, әкеліндер!

— Қой, Яшка, саған не жок? Осман тексерген.

— Осман, Осман! Ол мақау не білуші еді? Кәне, қағаздарыңды көрсетіндер, көкештерім.— Ол қаладағы «Меркурий» бірлестігі бөлімшесінің мөрі басылған қағазды аударып-төңкеріп, жолаушыларға қайтарып берді де, кесірлене мырс етті.— Мына сабаздарың қолдарына қараңдар. Суға малғандай акжем. Бір дақ жок. Мұндай мұнайшыны көрсем көзім шықсын.

— Мұнайшы мына сендей ағып-тамып тұруы керек пе?— деп шыныдай шытынай қалды, әшейінде сабырлы Ибраһим абзи:

— Иә, мендей болады! Мендей!

— Онымен не айтпақсың?— деді Ибраһим тіксініп.

— Түк те. Бірлестіктің ол шірік кенсесінде мына көкең де істеген. Сендердей жұмысшыларды көрген емеспін. Мына қағаздарың жалған. Біреудің көмейін тығындағ сатып алғансындар.

Есік алдына біраз қара-құра жиналып қалып еді. Қызыл шырайлы өңкиген толық шикіл жігіт бұлардың қағаздарына көз жүгіртіп шықты да:

— Не әкелдіндер?— деп, арбадағы темір-терсектерді көрді.— Жарайды, орналаса беріндер.

Яшка оған да арп-арп етті.

— Генрих Фрицович, сен бүйте берсең, бір күні кәсілшіліктен айрыласың! Айтпады деме! Маған десең, түп орнымен тың-типыл бол күйіп кетсін — бәрібір. Қылшығым да қисаймайды. Жыласаң сен жылайсың, ақымақ!

Аяғын әлтек-тәлтек басқан Яшка жырық галошын сүретіп, әріректе жел шайқаған әжетханаға қарай үзады. Жиналған жұмысшылар оның бет албаты үргенін жақтырмай күнк-күнк етісті.

— Мынау не деп оттайды? Түсінсем бұйырмасын.

— Зәрің басыңа шапса, оттамақ түгіл, үріп кетерсің.

— Кәсіпшілік күйгенде кімге пайда, кімге зияң?

— Э-ә! — Генрих Фрицович ырқылдай күліп қолын сілтеді де, мейлінше нашар орыс тілінде түсіндірген болды. — Откенде қалаға барып келді емес пе? Біреулерден әскер шегінсе, біздің мұнай айыру заводын өртейді дегенді естіпті. Ешкімді тістемейтін мұнайдыа нелері барын. Яшка айтады: әскер келсе келгені, келмесе контразведка жансыздарын жиберіп, өртетеді деп. Мына кіслерге күдіктеніп, шырылдал тұрғаны сол ғой.

Бет-аузы мұнайдың кірінен қара секпілденген Федот атай таңдайын тақ еткізді.

— Э-ә, Фрицович, Яшканың сөзіне бекер мән бермейсің. Сен орыстарды білмейсің. Орыс күйінбесін, күйінсе ештеңеден тайынбайды.

Генрих Фрицович оған бей-жай қарады да қойды. Содан кейін ол жолаушы жігіттерге бұрылып, қаланың жағдайын сұрады. Ибраһим абзи ар жағында не пиғылы барын; қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған мәңгі тыныштық орната әңгімеледі.

— Сайра, сайра! — Федот атай жақтырмай танауын тыржитты. — Немене, бізді көрсокыр, қара надан көргенің бе? Эне, Доссордан қатынаған жұмысшылар айтып отыр: барлық әскер бергі бетте, Жемге қарай шұбалып жатыр деп. Шегінбегенде — бұл не?

— Білмеймін, атай. Біз кеткенде қала басы тыныш еді.

Майданның анық-қанығынан бейхабар, айналаны тек ұзынқұлақ қауесеттен ғана бажайлап, қаладан бір бүйір оқшау, әскер жолынан жырақ Ракуша жұртының құлағы елеңдеп, елегізіп отырғаны анық байқалды.

Әжетханадан оралған Яшка тағы да үйреншікті байбаламына басты. Бұл жолы ол жолаушыларды жайна қалдырып, Генрих Фрицовичке соқтықты.

— Түптең келгенде, сен немчураға бәрібір. Кенес үкіметі келсе, бөксене бір теуіп, кәсіпшілікті тартып алатынын білесің. Одан гөрі казак-орыс өртеп кетсін дейсің ғой, баяғы. Солай-солай! Сыртың жымиғанмен, ішкі пиғылың белгілі, сен онбағанның.

Федот атайдының желкеден түйіп, итеріп жіберді.

— Кет, жоғал! Аузыңа келгенде оттамай!

Генрих Фрицович Яшканың ғайбатына қабак шытып апшыған жок, жымып қойып, жағдай айтты.

— Бұл кәсіпшіліктердің маған қаншалықты тиесілі екенін жақсы білесіндер. Мен де өздеріңдей қолы күс жұмысшымын. Менікі іргетасын өз қолымызбен қалаған іштен шыққан шұбар жылан — кәсіпшілік бұлініп, қор болмасын. Дұрыс түсініңдер, ағайын!

— Несіне ақталғандай боласың. Білеміз ғой,— деп күнк етті Досан.

Жайрандап Марфа да жетті. Алды да, арты да жастықтай теңкиген нағыз орыс маржасы. Әдемі қып-қызыл, бетінен қаны тамып тұрғандай. Тайсалмай, омырауымен қағып өтердей боп жақындап келгенде, еркектер екіге жарылып жол берді.

— Қайда жұрсің, Марфа? Күтіп қалды ғой, мына жігіттерді орналастыр.

— Күтсе неғылады? Май емес шығар еріп кететін. Қайсыларың? Бері жүріңдер,— деп, бұрылып қарамастан шайқандай басып ішке енді. Соңдарына ілескен бұлардан сұрап қойып келеді.— Нешеусіңдер өздерің? Ә-ә! Қанша боласындар? Бірге жатасындар ма?

Марфа қабырғасына жағалай ағаш нар орнатқан дағарадай кір-кір бөлмені ашып берді. Жігіттер білекті сыйбанып жіберіп, бөлмені тазартуға кірісті. Баспаналары шаң-тозаңнан арылып, бір жайлы болғанда, Қажығали төсек алуға келсе, әлгіндегі Яшка Марфанның алдында тізерлеп жылап отыр.

— Марфа! Марфуша! Мені тірідей өлтірдің ғой, ішіп кететін болдым ғой.

— Неге ішесің? Ішпе!

— Қалай ішпеймін өртеніп күйіп баратсам. Аясаншы.

— Мен сені бір кезде аяғам. Білесің! Одан не өнді?

Көзімді көкпенбек қылғаннан басқа...

— Ол енді қызғаныштан, сүйгендіктен ғой...

— Неге қызғанасың? Қызғанба!

— Қызғанба дейді? Қалай қызғанбассың...

— Немене, құдай маған жылтыраған бет бергеніне кінәлімін бе? Ұрғашы көрсө, төбеттей жаланған ерек біткеннің көзін ойып ал дейсің бе маған!— Марфа Қажығалидан қымсынған жок, қайта үдете түсті.— Қарайтын бірдемем болған соң қарайды да. Қарасын, мейлі!

— Көз болған соң, қарайды, әрине. Мен оған қарсы.

ма екенмін. Кеп — сенің көрінген ереккек бөксенді қайшылайтыныңда болып тұрған жок па?

- Ескі әуеніңе қайта бастың ба?
- Шындық бет тіледі. Өтірік емес қой, Марфа.
- Сенімен сөйлесіп отырған мен ақымақ. Жоғал, оңбаған!

Марфа оны шашынан алардай бол тұра үмтүлғанда, Яшка қолын қағып жіберіп, кері шегініп кетті.

- Ну-ну, қолыңа ие бол.
- Жоғал, көзіме көрінбей, сен төбет! Құсығын ит жалап бұта түбінде жататын сендейлердің бұты бір тын. Тіпті бұлбұлдай сайрап басымды қатыруын! Мә, саған! Сене қойдым...

— Еркекті жанының тазалығымен емес, басқасымен өлшетін әйелсің ғой. Сырың мәлім маған.

— Мәлім болсам — неге жолайсың, жолама! Басыңмен батып кететініңді біле тұрып, не сор сені айдал жүрген, ендеши. Жоғал, сілімтік!

Марфа кеудеден түйіп қалғанда, жалт берген Яшка табалдырыққа сүрініп кетіп, дәлізге аяғы жерден-көктен бір келіп, омақаса ұшып шықты. Дәліздегілер көз таныс, үйреншікті бұл жайға ха-ха-ласты да, тез тыйылды. Яшка алыстан шабынып, әйелді қорқытпайтынмен қорқытты.

— Сен қатынды астыма салып, шыңғыртпасам маған кел. «Көкешім, Яшка», — деп ыңырсытармын әлі...

Марфа оған: «Тұт!» деп ернін шығарды да, есікті тарс еткізіп жауып алды. Есікті қатты серіпкені соншалық — жақтау ағаш солқ етіп, босағада именіп тұрған Кажығалиды жаман көзben атқан Марфа шымылдықтың ар жағына барып, мұрнын тартып, қорсылдап жылай бастады.

— Өсітеді... еститінім осы. Әліне қарамай, анауысын саптаған біреу. Кез-келгенге көз тұртқі болып, бүйткен өмір құрсын. Одан да тұншығып өлгенің артық. Е-е-е-е... Әй, сен, босағада мөлиіп неғып тұрсын? Неге келдің?

- Төсекке...
- Неме-ен-еге?
- Төсек, төсек алуға деймін.
- Ту-у, ант атқыр! Төсек дегенге... хи-хи-хи... Кел бері.

Кажығали төсеніштерді апарып, жамылғы-жастықтарға қайтып келгенде әлгіндегі көз жасын көлдеткен Марфа жоқ, қытырлатып сухар шайнап, сылқылдай құліп отыр.

— Әй, ант атқыр, зәремді алдың ғой. Желімдей жа-

бысқан ана пәледен құтылдым ба, жоқ па деп отырсаң, сен келіп... төсек дейсің. Хи-хи-хи... Ойласаң таппассың.— Марфа сөрелерден мыжылған көпшік, жамылғы, сартаптанған ақжаймаларды суырып алыш, Қажығалиға үстата бастады. Аяғының үшіна тұрып жоғарғы сөрелерге қол созғанда көйлегі бөксесіне түрліп кетіп еді:— Неге емініп тұрсың!— деп Қажығалиға бұрыла қарап шаңқ етті. Сосын кеудесі мен бөксесіне жиырылған көйлегін жөндеп, күрсіне басын шайқады.— Эй, төбеттер-ай, бәрің бір қалыптан шыққандайсың ғой, қайтейін?!

* * *

Астыртын шаруамен жүрген жігіттер бас-аяғы бір жұманың ішінде поселкенің ішкі-тыскы тірлігіне егжеттегжей қанықты. Айналадағы Доссор, Мақат, Ескене кәсіпшіліктерінен өндірілген Ембі мұнайы ат арбалар, түйелі керуендермен осында келіп құйылып жатады екен. Мұнай таситын кіре жолдары тізеден балшық, қантардың қара суығында да қатпайтын қап-қара лай. Кіре тартқан адамдар да, көліктегі де, ат-арбалар да қара майға сұңғіп шыққандай үсті-бастары малшынған қара күйе. Тесік тамақ бәрің кір-қожалақ қара құлға айналдырып тыныпты.

Атырау алқабының жақсы-жаман хабар-ошары Ракушаға осы кірешілер арқылы ғана жетеді.

— Ойбай, қара жолдың бойы қаптаған әскер. Жемге қарай шұбалып кетіп жатыр, кетіп жатыр. Таусылар емес.

— Жемде не бар екен?

— Ойбай, не барын айта ма? Сұрайтындары — Сағыз, Жем, Темір. Жол көрсет дейді. Ат-көлік мінеді. Басқалай тыныш. Ел қашып, ойға құлап жатыр.

— Бұл не? Шегінгендері ме? Кеткендері ме?

— Ит біліпті ме? Ойыл, Қызылқоға жақ та қаптаған қалың әскер деседі.

— Кәсіпшіліктерге тиіскен жоқ па?

— Жоқ, кәсіпшіліктер аман. Жұмысшыларды зорлап әскерге алады деген қауесет тарап еді, өтірік болды.

Кірешілердің хабары көп те, хабарының пәтуасы жоқты. Бұл не — шегіну ме, жортуыл ма, әлде майдан шебінің Атырау өңіріне бетпе-бет тақап келген қарбаласы ма — басын ашып айта алмайды.

Қыр төсіндегі қара жолдың бәрі поселкедегі мұнайдан керосин, бензин, мазут айыратын заводқа келіп түйіседі.

Завод дегенде — лас, айналасы, ауласы қара майдан көлкіген, барлық жұмысын қолмен, қара күшпен атқаратын жабайы қарабайыр ғана завод. Поселкедегі жұмысшы қолының деңі осында. Айрылған май әрқайсысы он екі қанат ак ордадай күмбезді шандарға толтырылады да, әрі қарай теңіз ортасындағы аралға құбыр арқылы жөнелтіледі.

Жұмысшылар арасында актар шегінсе, бетіне қараган жалғыз заводты өртеп кете ме деген алаң бар.

Балалары сықаған Досан кешкісін шайға шақырып, шүйкедей ғана сұп-сүйкімді жеңгейдің қолынан дәм таттырып отырғанда, осы қауіп ауыздарына көбірек оралды.

— Апырай, ел қырылмаса жарады.

— Эңгіме тегін емес қой. Жел болмаса, шөп басы қимылдай ма?

— Заводты өртесе, поселке түгел кетеді де.

— Досеке, обалына қаларсыз, мына бала-шағаңызды бір жаққа жібере тұрмайсыз ба?

— Үйбой, ол жақта не оңып тұр дейсің. Эйтеуір бір кер заманға қез келтірді, ақыры қайыр да...

Шайдың соң жағына қарай әлгіндегі Федот атай келді. Ойқы-шойқы қалың беті тары шашқандай секпіл-секпіл: қайсысы секпіл, қайсысы қара майдың дағы екенін айыру қын. Шай алмай, темекісін тұтіндеп, қаптаған аяқ киімнің арасына босағаға кеп шөкелей отырды. «Жалығып кеттім, әңгіме тыңдауға келдім» дейді. Оқта-текте көлденең сұрақ қойғаны болмаса, килікпей әңгімені сабырмен үн-түнсіз тыңдады.

Ахтандар бөлмесіне келген соң, көрген-білгендерін сарапқа салып, түннің бір уағына дейін көз ілмеді. Көңілге шөгірдей қадалған бесенеден белгілі баяғы жалғыз сауал: не істеу керек, мұнай қоймаларын бұліншіліктен қалай сақтап қалады?

— Елді көтермей болмайды.

— Иә, ел елендесіп, құлақ қайшылап отыр. Бастаушы болса — қостаушы табылатын түрі бар сияқты.

— Қарулы әскерге қарсы тұрудың не екенін білесің гой. Обалдарына қалармыз.

— Қойманы қорғау керек болса, сүйтеміз, басқа амал жоқ.

— Щыға шақпанның желігі алысқа бармаушы еді.

Жәй ентікпе бол жүрмесін.

— Жігіттер, күлте-бұлтені қойып, ашық сөйлесу керек. Ерсе ерді, ермесе қойды.

— Аха, сіз не дейсіз?

Астыртыншы жігіттер Ахтанға қарады. Ол сырттағы движок ырғағына орай біресе парлаң, біресе сыйсиган электр шамының жарығында басын ^{төм} ^{піләк} салбыратып, әңгімеге араласпай отырған. Шуылдай ^{пілесін} күрсініп, бетін уқалады.

— Басым жетер емес, ағайындар. Корғауға тиісті қойма бір жерде де емес, екі жерде болып отыр. Поселкедегі қойманы қорғаймыз ба, әлде аралдағы қойманы қорғаймыз ба? Қайсысына жарыламыз? Ақылым жетер емес.— Ол темекі тұқылын тақасымен езгілеп өшіріп, орнынан тұрып, әрі-бері сенделіп жүре бастады. Сырт күйін шешіп, женілденген соң байқады жолдастары — дөнесінен күн көрінген, қырым еті жоқ, көкбақа арық жігіт екенін. Бірақ әлжуаз осы шарғы денедегі мұқалмас жігер мен тегеурінге таң қалмауға болмластай да еді. Ахтан іле-щаля жұдырықты шошайта түйіп алып, сөйлеп кетті.— Бірақ қайтсек те қорғауға тиіспіз. Бүкіл қызыл армия аш-жа-лаңаштыққа, өлім-жітімге, оққа үшқанына қарамай осында осы мұнай үшін өңмендеп келеді. Өлдім-талдым деп жеткенде, мұнайдың орнын сипап қалса, не болмақ. Не бетімізді айтамыз? Соны ойландар, жігіттер. Қын екенін білемін, бірақ болмсты болдыруға тиіспіз.— Ол орнына қайта жайғасып, бір уыс боп шұңқиіп отырды.— Байқаған шығарсындар, елдің заводты жауға беріп, өртетіп қойғысы жоқ, қарсылық көрсетпек ойлары да бар ма деп қалдым. Ендеше, осы іске мұрындық болып, елді көтеруіміз керек. Көптің аты — көп, көп батыра да, шығара да алады. Қойманы қорғай алмасақ, біздің арыстанша алысып, жеке батыр болып өлгеніміздің құны көк тиын. Қазір обалсауапты түгендейтін заман емес. Өмір қыл үстінде, я бүк, я шік. Адал, шын жұмысшы болса, өз өкіметіне қалай жаны ашитынын көрсетсін. Қайратын қазір көрсетпесе, қашан көрсетеді? Алайда әзірше асыра дабыраның қажеті жоқ. Аңысын андып, абайлаپ әрекет етіңдер. Кешегі кеңес өкіметінен қалған, жасырынып жүрген большевиктер жоқ па екен? Соны білген жөн: Эрине, жұмысшылармен жалғастыратын сенімді адам тапсақ, тіпті жақсы болар еді.

Тұрғындар

* * *

Ертеңіне Ахтан «мен қайтып оралғанша ешкіммен жуыспандар» деп, тұндегі сөзінен аяқ астынан айнып, аралға ол-пұл апарғалы жатқан Досанмен бірге ілесіп кетті.

Шудасы желкілдеген жардай қара атан темір-терсек тиелген ырдуан арбаны қара жолмен қиқаландата сүйреп көліп, аралға май айдайтын құбыр төсөлген биік ат-жалға шықты. О, ғажап! Күн қабағы, айнала төңірек қолма-қол өзгеріп сала берді. Алдарынан азырап сұық жет есті. Куні көзі мына араға алабөтен қабақ тіккендей ерекше жарқырап, жалт-жұлт еткен ақшаги сәуле көз қарықтырды. Бұл не десе, сөйтсе: айнала көкала мұзы сірескен жалпақ теніз. Сол теніздің үстіне топырак төгіліп, ат арба өтетіндегі жол салыныпты. Қолдан үйілген атжал теніздің алыс өріне қарай бұлақтып созылып жатыр.

— Аралға дейін осылай ма? — деп сұрады Ахтан.

— Жок, орта жолға дейін. Арғы жағының сұы терең бол, топырак шақ келмеді. Құбырды баған ашаларға отырызу — эй, бір жұмыстың сорлысы екен — өліп қала жаздасты.

— Қазір құбыр май айдал тұр ма?

— Жок, май айдаса, бір жері бұрқырап, бір жері шұрқырап фонтан бол жатады. Теніздің де енесін ұрып біттік.

Ахтан енді ғана байқады: атжалдың айналасының мұзы жолбарыс терісіндегі актандак, алашұбар екен. Күн көзіне шағылып, мұз үстінен көкжасыл сәуле үшқындан жатқандай.

— Немене, майды қыста айдамай ма?

— Неге айдамасын, айдағанда қандай. Аралдағы шандар аузы-мұрнынан шығып бұқтырулы тұр. Сосын қайдан айдасын. Осы кезді пайдаланып, құбырларды жөндең алмасақ, ертең жазда тірі азап қой.

Арбада аяғы салбырап отырған Досанның аузы сөзде болғанымен, көзі құбырда: май шашыраған жерлерге түсे қалып, шұқылап көреді де, ертең жөндеуге қажет деген темір-терсектерді түсіріп тастап кетеді.

Ахтан теніз ортасынан жол салып, мұржалардан құбыр тартқан, түйелі арбаны көш-көлігімен жүргізіп қойған мына бір бұрын-соңды көрмеген айлаіпат тірлікке шын таң қалып келе жатыр еді.

— Біз орысты көрген соң, орыс-орыс деп таңдай қағамыз. Оның мына ағылшын-немісінің қасында жіп есе алмай ма деп қалдым. Мыналардың шалымы сұмдық. Істің ығытын біледі, ақшаны да аямай шашады. Енді мына қарашы? Толқыны есілген теніз ортасынан жол салу деген кімнің ойына келген. Қой, жок, бұл бір оқу-тоқуы мол, өте пысық шаруакер халық. Сорлап отырған біз екенбіз. Екі

сөздің бірінде «ата, ата жолы» дейміз. Лағнет дегің келеді. Сол ата жолы не үшпакқа жеткізді? Ең соны — аяғы-мыздың астында жатқан мына қыруар байлықты да біл мептік. Міне, біреулер соны жер түбінен іздеп келіп, тасып әкетіп жатыр. Эй, сорлы, бетінің соры бесбатпан қазақ.— Ашуға булықкан Досан қалтасынан темекі, дорбасын шығарып, шылым орады. Содан сабасына түскендей, аузы-мұрнынан темекі түтінін сыздықтатып бей-жай күйде отырды.— Ана бес баланы окуға беріп, сауат аштырып жатырмын. Басым жерге жеткенше оқытсам деймін. Кащены түк сезбес түйе атанып жүре береміз.

Ахтан осында келгелі бері бөренедей дырау Досанның сырты тұнып тұрган сабыр болғанмен, іш қыжылы ішінде, отты, намысшыл азамат екенін байқаған. Өзі елді бөтен-сіп жатырқамай, орыс, неміс арасына сініп алыпты. Біреулер өзгеге көрші-сыбай көже тамыр болса-ақ, өзінің кім екенін ұмытып, шүлдірлеп шыға келеді ғой, ал бұл болса керісінше, наң үшін намысын сатпай, қазақпен қазақша, орыспен орысша ұғысқан қара ақылдың адамы сияқты. Оның жаңағы айтқандары Ахтан үшін де тосын жайлар еді.

— Кызылдар ұлтты ұлтпен, жұртты жұртпен теңестіреміз деп жатыр емес пе,— деді Ахтан.

Досан бетін тыжырып, басын шайқады.

— Жарайды, ұлт пен ұлтты, бай мен жарлыны теңер. Ал ақылды мен ақымақты, арлы мен арсызды, жақсы мен жаманды қалай теңейді?! Бір қолындағы бес саусағың да бірдей емес. Жәй сөз ғой. Көзін сатпай, адал тер төккен адамға қашанда наң табылған...

Күн тастебеге келгенде, атжал таусылып, құбыр асылған қадалар басталды. Беті жып-жылтыр боп тегіс қатқан мұзды айдынға іліккенде, арба доңғалағы зырылдан женілдеп сала берді. Қос өркеші баладай, қаз мойын қара атана жырық танауын желге төсеп ап, желісті күшетті. Жылтыр май табаны мұзға таятындағы емес. Құбырлардан тамшылаған қара май мұз үстін қаражол ғып тастапты.

Досан «әйт, шу-у!» деп делбені қаттырақ қағып қойып, ыңылданап әнге басты.

Орынбор, Тұздебенің, ахау, тұзын көрсөң,
Жылойдың таң қадарсың қызын көрсөң, ай...

Ел бұл өңірді «Жылой» деп атап, ежелден әніне, жырына, күйіне арқау еткен. Теңіз жағалауларының ши, қамысы қалың, малға ықтасын жайлы қоныс, елдің ұғымынша, аттылы түсіп, жаяу жатып қарағандай Атыраудың

қарақат көз сұлу қыздары да осында. Салқы мұрт Досан ағай әлгінде дұрыс кейіді: қызын айтып, қымызын айтып жыргап жүріп, арбаны астында ен дүниені елеңдеткен қыруар байлыктан жатқанын білмепті. Шетелдік біреу кеп, бөстегінің астында жатқан қазынаны шұқып шығарғанға дейін сезбей, әлеудейга мәз болып жүре беріпті.

Жол бойы одар көк зеңгір аспанға шығып алғып, той тойлан, асыр салған қарғаларды көріп таң қалып келе жатты. Бір-бірін қуалап, қарқылдасып қарық болып жүр. Неден жетіскендерін? «Күн сұytар ма екен? Ойпырмай!» деп қойды Досан. Күн еңкейе, шынында да, қарсы беттен ызырық есті де, мұз жамылған қамшаусыз жалпақ айдын үстіне сұық мұнар жайылды. Суыққа шындалған теңіз мұзы шытынап, ана жерден де, мына жерден де гұрс-гұрс жарылып, жым-жырт айдын үстін жылт-жылт сәулеге толтырып жіберді.

Жыртиып барып көкжиектегі көкала бұлтқа күн батты. Күн батар-батпастан тас төбеден сұық шақырып, құлақтанып ай түрді. Аралдағы үйлердің мұржаларынан кешкі астың кою түтіні жарыса будақтады.

7

Дарбаза алдындағы күзет бұларды кідірткен жоқ.

Қарғаның үясындай шағын арал үйме-жүйме, аяқ басар бос жер жоқ. Үйлері, кемелері, мұнай сақтайтын күмбезді айлапат дәу шандары бір-біріне мінгесіп, сығылысып түр. Аралға сыймағаны мұз үстінде шашылып жатыр. Алакандай ғана шағын арал мұржалардан жарыса будақтаған түтінге тұншырып, оған бензин, керосин, мазут иісі қосылып, құмыққан сасық ауа қолқа қабады.

Олар түйелі арбаны кеменің ықтасынында қалдырып, ыбырсыған тақтай, сом-сом темірлердің арасымен сығылысып өтіп, мұржасынан түтіні сыздықтаған оқшау бөткениң қыраулы терезесін қақты.

— Бұл кім?

— Мен ғой, Митрич.

Бет-аузы жүннен көрінбейтін, денесі айбак-сайбақ еңкіш шал есік ашты.

— Э-ә, келіп қалдың ба? Кошала, кошала. Төрлетіндер. Ұзак жүрдіндер ғой.

— Ұзак жүргенімізді қайдан білдіңіз?

— Әлгінде мұнара басындағы қарауылдар келе жатқандарыңды айтқан.

— Иә, құбыр жағаладық. Көр-жер түсірдік дегендей.

— Күні тұскірің қақап кетті ғой. Үсіп қалған жоқсындар ма? Отқа жақындаңдар.

Митрич қазандықтың қақпағын ашып, ішіне жаңқа толтырды да, шам жақты. Қас-қабағына мұз қатқан, үстібастары аксіреу қонақтар қазандық алдына отыра кетіп, қолдарын отқа қақтады. Ахтанның етік қысқан үлкен башпайы сұғып-сұғып алды да, тызылдағ аши бастады.

— Ох! Аяғымды үсітіп алдым білем,— деп ол етігін тез шешіп, бармағын уқалауға кірісті.

Митрич барын жиып-теріп дастарқанға қойып, шай қамдады. Көлденеңге көзі қимайтын бір шиша самогонын да әкелді. Досан татып алмады. Ал Ахтан болса сұратпай-ақ стақанды аузына төңкере салды.

— Ішіңде қарағанда, орыс арасында болғансың ғой,— деді Митрич.

— Қалалықпын.

— А-а!

Орыстың жұтып алған соң, ақыл-есін жиып, ойға шоматын әдеті. Митрич те Досаннан құрылықтағы, Ахтанның қаладағы жаңалықтарды сұрап біліп, өмір жайлы тебірене толғады.

— Иә, бір қын заман болды ғой. Аштық, жоқтық, қантөгіс. Қайсысының дұрыс, қайсысының бұрыс екенін... Ертеңгі күннің не әкелерін болжап болар емес.

Шайдан кейін Досан түйесін қарауға кеткенде, Ахтан өз ойымен өзі боп тұнжырап отырған шалға:

— Сізге бір кісілер дұғай-дұғай сәлем айтты,— деді.

Шал естімегендей теріс қараған күйі міз бақпай отырып-отырып, бір кездे барып:

— Кімдер?— деді.

— Митрофаныч... Ізбасар дегендер...

— Есімде жоқ. Оларың кім еді?

— Астраханнан.

Шал түзеліп отырып, Ахтанға бажайлап көз тоқтатты.

— Немене, Астраханнан келдің бе?

— Иә... сол кісілер сәлем айтты.

Шал тәбеле көзін тігіп, сақалын шымшылады.

— Оларың кім болды екен, ә? Жадымда қалмапты.

— Көктемде осы үйде болған бір орыс, бір қазақ.

Аузыңызға кеп тығып, мына кереуетке шандып байлаң кететін... Енді есіңізге түсті ме?

Шалдың баар жер, басар тауы қалмады білем, шарасыздана күрсініп:

— Иә, не дейсін? Не қолқаң бар? — деді.

— Қызыл әскер қыр астында. Енді бір ұмтылса, Гурьевке ілігері кәміл^{наше} — Ахтан біресе дауыстап, біресе сыйырға көшіп асыға-аптыға баяндады. — Толстов әскері шегіну алдында. Енді бір тегеурін болса, бұл өңірден табандарын жалтыратады. Бірақ жәй кетпей, мұнай қоймаларын тыптипыл^{тып} өртеп кетпек. Қоймаларды өртке бермеуіміз керек. Бұл — кенес үкіметінің бұйрығы.

— Өртейтіні рас па екен?

— Рас, рас болғанда қандай?

Ахтан қолтығынан шытырлаған шырышық қағазды алып, шалдың алдына жайды. Шал көзілдірігін киіп, қағазға үңілді де, күйзеле басын шайқады.

— Ах, онбағандар! Қоймада несі бар екен. Мыналар тіпті динамит қойып жармақ қой. Онбағандардың пигылын!

— Солай... — Ахтан қағазды қойнына тығып, шалдың көзіне тікендей тесіле қарады. — Ал не істейміз? Қандай кенесініз бар?

— Қын шаруа. Қын шаруа, — деп, шал дағдарып, алақанын жайды. — Қойманы бұзушылар жәй келмейді, әскермен келеді. Осында да бір взводтай құзет бар. Командирі бір қанішер онбаған. Өздерің қанша адамсындар?

— Азбыз. Бірақ көмек келе ме деген үміт бар.

— Қын екен, қын шаруа екен.

— Оңай емесін білеміз. Бірақ қоймаларды өлсек-тірілсек те буліншілікке бермей, корғап қалуға тиіспіз.

Сырттан келе жатқан Досанның тықыры естілген соң, олар әңгімені кілт доғарды. Ертеңіне жолға шығар алдында сәтін тауып оңаша жолығып, бірер күннен кейін поселкеге баратынын, сонда жата-жастана ақылдасармыз дегенді айтты Митрич.

* * *

Көр-жерді сұлтау етіп, екі күннен кейін поселкеге қатынаған қарт большевик Митрич түнде бұлардың бөлмесіне секпіл бет Федот атай мен алаңқөз жынды сүрей Яшканы ілестіріп келді. Федот Елисеев сырбаз сабырлы еді де, Яшка көздері ойнақшып аласұрып тұрған.

— Вот, қызық! — деді ол екі езуі екі құлағына жетердей боп. — Кім ойлаған? Мен бұларды басқаға жорыш жүрсем. Дегенмен тегін адам еместерінді сездім гой. Құдайшылығыңызды айтыңызшы, Федот атай.

— Сәлематсыздар ма, жолдастар! — деді Федот Елисеев бөлмедегілерді құлімсірей көзімен шоғын. — Митричтегі естіп қуанып жатырмыз. Өз адамдарымыз екенсіндерді Аянып қалмаспыш, ток етері.

— Токта, сабыр ет, — деді Митрич жымында. — Асат пай жатып құлдық деме, ол әңгімеге әлішкелерміз.

Айбақ-сайбақ еңкіш шал алдыңғы күндегідей емес ақжарқын, көңілді еді. Бір айтып, екі айтып, көзін сұғырайтып қойып, әншнейіндегі сауысқандай сақтығын ұмытып, желдей есіп отыр. Федот атай осы мұнай кәсіпшіліктерін аяғымен түгел аралап шыққан кәрі жұмысшы, қарт большевик, Ракуша поселкесінде совдеп құруға атсалысқандардың бірі еken. Сонау бір кезде Гурьевтен келген ақ казактар төңкеріс жасайтын күні елде болмай, Баку жакқа жол шығып кетіп, алалап келген ажалдан аман қалған. Жалғыз баласын совдеп мүшелерімен бірге атып жіберіпті.

— Сол балаға жылай-жылай шалдың көз жасы таусылды. Солай ма, Федот? — деді Митрич, сырына қанық жолдасын демеген боп.

Федот атай басын изегенде, көз жасы сақалына тамып-тамып кетті.

— Кешіріңіздер, жолдастар! — деді ол көзін сұрткілеп, қайта-қайта мұрнын тартып. — Кешіре көріңіздер. Мен сондай жылауық жаман шалмын.

— Оқасы жок.

— Сабыр, Федот, сабыр...

— Көкелер, қолыма қару ұстасындаршы, қалғанын өзім білем...

— Арманың сол болса, қазір-ақ тауып берейін, — деп еді Яшка, Митрич оған саусағын біледі:

— Мен саған табармын! Қайдан шығып, қайда кіргеніңді білмей қаларсың, аузыңа ие бол! — Зекіп-зекіп алдып, Яшканы да таныстырды. — Мынау біздің Яшка. Аузын бассан, арты сөйлейтін айыбы болмаса, былайша жаман жігіт емес. Өзіміздің адам.

— Өзінізді неге таныстырмайсыз?

— Татарға тілмаш қажет емес. Жағаласпа! — Митрич күректей сақалын салалап Ахтанға бұрылды. — Міне, барымыз осы. Аз деп қомсынба. Аз болсақ та, саз дегендей...

Ахтан «Елді көтеруге болмай ма?» деп тамыр басып көріп еді, Яшка «Болады! Жайықтың казак-орысына тіс қайрап жүргендер аз емес» деп өзеурегенмен, шалдар: ана жылғы қырғыннан кейін елдің жүрегі шайлығып қалды деп, солқылдақтық білдірді. Сосын елді көтергенмен, оның

салмағы, жауапкершілігі деген де бар. Үйрың-жырың ала-құла елді басқару, бір арнаға салу қындығы өз алдына, ал қолтыққа дым бүркіп аттандастып шығарып, қырып алып жүрсе, елдің бетіне қалай қарайды. Көпшілікке кепіл бола алмайды, ал өздерінің жеке бастары төңкеріс жолына садақа. Неге болсын — тірі өлімге айдан салсаң да әзір. Бір қоздағ, бір басылған әнгіме айналып келіп осыған сайды.

— Сонда екі Ракушаның қайсысын қорғаймыз? Екеуінде де қойма бар. Поселкені ме, әлде аралды ма? — деп сұрады Митрич.

— Екеуін де, жолdas Зяблинцев, екеуін де...

— Оған күш жете ме?

— Жетпейтінін білем. Бірақ болмасты болдырмасқа амал жоқ.

— Қару-жарак бар ма?

— Көп болмағанмен, азды-кемді бар. Табылады.

Олар бар-жоқты таразыға салып, ақылдаса келіп: мына шағын топпен екі қойманы бірдей қорғауға шама жоқ екенін, не болса да майдың негізгі қоры жинақталған осы поселкені қорғау керек дегенге ойыса бастап еді, Яшка көзі шатынап орнынан атып тұрды.

— Ал арал ше, арал? Аралды беріп қоймақпыз ба? Онда қанша пұт мұнай бар, Митрич?

— Он төрт миллион пүттың шамасы.

— Айрылған мұнай ғой?

— Әлбетте. Таза бензин, керосин, мазут.

— Эне, көрдіңдер ме? Ембінің барлық байлығы аралда.

Оны қалай бұлдіртіп қоямыз.

— Енді не істе дейсің? — деді Митрич.

— Күзетті тұтқындал, аралды алдын-ала тазарту керек.

— Олай істеуге бола ма? — деді Ахтан елеңдеп.

— Аралда бір взводтай күзет бар, — деп алып, Митрич ойланып мандайын қасыды. — Өздері бейғам... Біразы теңіз үстінде балық аулаумен жүреді. Осы Яшканың сандырағында жан бар ма дедім. Аралды қолға түсіріп алсак, жауға бермей қорғануға әбден болады.

— Аралға енетін жол бар ма?

— Откенде қалай енсендер, солай енесіндер де. Әрине, тексереді. Бірақ жол табармыз.

— Қанша адам боп барған жөн?

— Адам көптік етпес еді де. Бірақ көпті қайдан табармыз? Алымды он шақты жігіт жетіп қалар. Одан көп болса, аралға өткізбейді. Көзге шалынып қаласындар.

— Менің сақадай бес жігітім бар,— деді Яшка.

— Ол қандай жігіттер?

— Қайтесіз, Митрич, барғанда көре жатарсыз.

Астыртын тосын жайға жаны құмар Ахтан бұл арекетке көнілі құлап елігіп қалғанмен, өзі саусақпен санаулы шағын күшті бөліп жіберіп, не анда жоқ, не мұнда жоқ күйге ұшыраймыз ба деп, іш жиып отырған, бір жағынан. Бірақ басып алып, аралға жау жібермей қолда ұстап қалса да, тақияға тар келмес еді.

— Корғаныс жақсы дедіңіз бе, Митрич?

— Мен енді әскери адам емеспін. Арадың сырты сым қоршау, қаптаған баржы. Жау келер жақ жап-жазық мұз. Одан артық қандай қолайын сұраймыз? Тек әуелі аралды қолға түсіріп алайық та.

Орайы келген істі сәті түсіп тұрғанда, қолдан шығарып алуға болмайтын. Ахтан толғанып келіп, тәуекелге бел буды.

— Ендеше, былай, жолдастар. Менің серіктерім Қажығали, Тенізбай, Ибраһим сіздермен бірге болады. Операцияға жауапты — Ибраһим абзи. Көпті көрген кәнігі астыртыншы. Соның айтқанымен жүріп-тұрасындар. Бізде өзім білем болмайды. Тәртіп қатаң!

— Ал өзіңіз ше?

— Біз Федот атай екеуміз осында қаламыз. Поселкені қорғауды ұйымдастырып көреміз. Бұлдіруші отряд алдымен осында мандай тірейтін шығар деп ойлаймын. Төтеп бере алмасақ, аралға қарай шегінеміз. Басқа амал жоқ,

Ахтанның шапшаңдығына, батылдығына, тапқырлығына бөлмедегілер ұйып қалған сияқты еді. Ақыл жетпейтін, бас қатырар қын мәселенің шешімін тез тапты. Басқаша істеу мүмкін емес-ті.

— Дұрыс, дұрыс.

— Осыдан басқа жол жоқ.

— Келістік! — десті бәрі бір ауыздан.

Митрич сезік тудырмай аралға енудің тамаша жобасын айтты. Қайтар жолда бұл өзі де шаққа ілініп тұрған құбырдың аралға жақындау жердегі мұржаларын түсіріп кетеді. Олар арбаға тиеліп сол жерге келіп қешке дейін құбыр жөндейді де, күн батқан соң аралға қонаға сұранады. Күн ұзак сұыққа тоңып, көз алдарында қыбырлап жүрген адамдардан күзет күмәндانا қоймас. Аралға жіберер.

Осыған пәтуаласып, тарқай бергенде, Яшка орнынан тұрып келіп Ахтанның шынтағынан ұстады.

— Сіз Ахтансыз ба?



— Қай Ахтанды сұрайсың?

— Контрразведка осында келіп, Ахтан деген, фамилиясы есімді жок, қызыл чекист жасырынып жүрген жок деп тімсінгені есімде. Жаздай қала басын бөрі тигендей ушу қылған сіз бе?

— Болсақ болармыз,— деді Ахтан жымынып.

Яшка алақанын шарт еткізді.

— Әне! Бұлардың тегін жандар емесін айтпап па едім, Федот атай? Жарайсың, жігітім! Жүрген соң, айналанды осылай ушу ғып жүру керек.— Ол Ахтанды иығынан құшақташ қатты-қатты қысты да, есікке қарай жұдырығын түйіп, екілене сөйледі.— Болдырамыз! Болдырмай қоймаймыз. Танытамыз әкелерін! Эй бір жұдырық қышығалы көп болып еді.

Митрич таң атуын күтпей, тұн ішінде аралға асығыс жүріп кетті.

* * *

Ойға алғаныңың ілуде біреуі жүзеге асатын қым-киғаш өмір емес пе бұл дегенің. Арада күн өтпей жатып дүниенің астан-кестені шығып, тұнімен күпілдескен пәтуа адыра қалды. Әуелі өрістегі қара атан тұсауын үзіп таптырмай кетті. Одан қыыр-шиыр боп, басқа көлік жегіп құбыр тиеуге кірісті.

Федот атай «жұмысшылар күтіп қалды» деп тықырлаған соң, Ахтан жол шыққалы жатқан серіктерімен қоштасып заводқа жөнелді. Дәу қазан, айлапат шандарға толы май-май заводтың қағаберіс бір бөлмесінде бет-ауыздары қара күйе, он бес шақты жұмысшы тосып отыр екен. Ахтан жағалай қол алысып амандастып шықты да, төрдегі арбиған жаман үстелдің жанына келіп тұрды.

— Міне, осы жолдас,— деді сөзге шорқақ Федот атай жұмысшыларға Ахтанды нұқрап.

Ахтан жұмысшыларға, жұмысшылар Ахтанға бірауықсын көзбен тосырқай қарап қалысты. Ахтан олардың жүзінен көңілге медеу ештеңе таппады. Тістері қап-қара, көрер көзге тыриған ап-арық Ахтанның де әсері анау айтқан болмады.

— Ал сайра!— деді бір жұмысшы аяғын көсіліп.

Төбеден сау ете қалған бұларға сенбеді ме, әлде күмән-күдіктері бар ма — жұмысшылардың қабағы салқын көрінді. Федот атай оларды құлақтандырып, басын жиғанмей, ештеңе айтып жарытпады ма — беттерін бері қаратады.

алмаған сияқты. Бишара қарадай қысылдын, басын көтере алмай, жұдышына жеткіріп берекесі пышырап тұр. Қабақ таныссын Ахтан жаңағы жұмысшының көкесініне мән бермей, басынан асыратсалды...

— Құлаевымыз сенде, ал жарылқа! —
Канын ішінде тартып, сұп-сұр болған Ахтан:

— Жолдастар! — деп түгін шығарып тікірейе қалды. — Мен сендерді, сендер мені білмейсіндер. Не айтпағымнан да хабарларың жок. Аман-саулық сұраспай жатып, бұл не кекесін? Сөзге қонақ берсендерші әуелі.

— А-а, әдепсіздік көрсетіп ұнамай қалған еkenбіз ғой? Ендеше, жөнінді тап. Сені шақырған біз жоқ.

— Жә, жетті! — деп атып тұрды қызыл шырайлы еңгезердей жігіт. — Кер жақтанба! Сендердікі тек теріс шаптыру-ау! Ұят емес пе? Арамызға адам келген еken... немене, адамша сөйлесуге жарамайтын халге жеткенбіз бе? — Ол қолын умаштап Ахтанға ыңғайсыздана қарады. — Кешіріңіз, жолдас. Біздің жігіттердің енді осындай бас асаулықтары бар. Мына ит өлім қиян түкпірде кісі көрмей, шамалы жабайы бола бастадық бәріміз де.

— Сөйлегің келсе, өз атынан сөйле, Тарас! Біз үшін тілмәш болма!

Тарас оның сөзін естімегендей құлағына де ілмеді.

— Жігіттер шамалы қобалжулы, оны да түсініңіз... — Тарас Федот атайды иегімен нұскады. — Федот атай айтады революционер келді деп. Төбeden түскен ол қандай революционер деп біз таңбыз. Баяғыда осында біреу болған — айдаудан қашып жүрген большевикпін деп. Нағыз алаяқ еken, жер соктырып кетті. Қой терісін жамылған тыңшылардың да небір аталыларына көзіміз қанық. Не болмады дейсің мұнда. Бәрі де болды.

Ахтан жұмысшылардың тоң-торыс қабағының сырын енді ғана аңғарды.

— Э-ә, олай болса, Федот атай шатыстырған еken, — деді ол сәл-пәл езу тартып. — Революционер дегенің... ойбай, ондай болу қайда? Мен бар-жоғы ХІ-ші дербес армияның қызыләскерімін.

— Ол қайдағы әскер?

— Астрахандағы.

— Иә, содан...

— Паспортыңыз?

— Ол паспортпен мен қазір бұл жерде адым аттап жүре алmas едім. Паспортым он бірінші армияның штабының сейфінде.

— А-а! Бакудің банкісінде менің де екі пұт алтынның бар.

— Жолдастар! — деді Ахтан қыжырының тұрса да, барынша сабыр сақтап.— Сенесіндер ме, сенбейсіндер ме, мейілдерің! Сендерді алдағалы тұрған мән жоқ. Мен шабуылдан келе жаткан, бүгін чертен осы өңгре аяқ басатын қызыл әскердің тапсырмасымен келіп шұрмын. Атаман әскери шегінгенде, кәсіпшіліктірді, әсіресе мұнай қоймаларын бұлдіріп кетпек ойы бар екені бізге белгілі болды. Соны болғызбау мақсатымен келдім. Ал оған қол ұшын бересіндер ме, бермейсіндер ме өздерің шешіндер! Әңгіменің тоқ етері осы.

Жұмысшылар естігендерін ой елегінен өткізгендей, бірауық томсарып, үнсіз отырды.

— Бұлдіретіндері рас па? Әлде жай дақпырт па? — деп бір жұмысшы күдік білдіріп еді, Ахтан:

— Рас, сенбесендер, мә, өз көздеріңізben көрініздер! — деп қолтығына тығып келген чертежді жұмысшыларға қарай лақтырып жіберді.

Жұмысшылар шиыршықтаулы қағазды үстел үстіне жайып анталасқанмен, қаптаған таяқша мен сзықшадан ештеңе үға алмай, беталды босқа лақты.

— Мына үш бұрыш не?

— Үш бұрыш емес, ол қойма, ақымак!

— Ендеше мына тұрған завод болды дағы.

— Ал мынау басы қалқып тұрған сен. Қалай айнай-пай салған дейсің, а?!

Ауыз қышытқаннан асып, жөнді ештеме ажырата алмаған жұмысшылар ақыры Тарасқа жалтақтаған. Ол үстел үстіне ентескен көп шуылдақты шынтағымен ысырып тастап, чертежді бастан-аяқ бір шолып жіберді де:

— Тоқтат, жырқылдауды, ақымак өңкей! — деп айғай салды. — Біреуді келекелеп тіс ақситқаннан басқа не білесіндер, енелерінді үрайын, шетіннен. — Ол чертежді жоғары көтеріп, сілкіп-сілкіп қалды. — Қойманы да, заводты да динамит қойып күлін көкке ұшырмак. Чертежда бес тонна деп көрсетіліпті, оның не екенін білесіндер ме?

Жұмысшылар көздері бақырайып жым-жырт болысты.

— Ойбай, енді не істедік? — деді біреуі үрейленіп.

— Не істейтіндерінді ойланындар! — деп ақырды Тарас.

— Сен ақыра бермей, мықты болсаң, ақылыңды айт.

— Шетіннен сұңғыла сендерге ақылдың қажеті не?

— Қарулы казактарға не істей аласың? Өртейді де кетеді. Қыңқ дей алмайсың.

— Сонда семья не болады? Семьяны кім асырайды? Бетіне қарап отырғанымыз осы завод емес пе? Ол өртенсе, қолымызды қөтеріп басымыз ауған жаққа қаңып кетеміз де.

Далада дан-дун етіп шың қағылды. Жұмысшылардың көзі атыздай болды. Ойбай, бұл не пәде? Өрт дей ме? Оқсадық қой ендеше! Олар жаңырласа далаға үмтүлғанда, завод ауласында қолына қос бесатар үстап, артына алақжұлак қарап, құстай ұшып келе жатқан Яшкаға бетпе-бет жолығысты.

— Неменеге бұзаулап жатсыңдар? Әлемдік революцияның мәселесін шеше алмай жатырсыңдар ма? — деп ақырды ол.— Эне, казактар! Казактар келе жатыр. Тез қарулан!

— Қайда? Қанша?

— Қанша екенінде нең бар! Қаптап келеді...

Яшка қолындағы қос бесатарды жұмысшыларға лақтыра салып, аяғы-аяғына жұқпай жүгіре жөнелді де, тасдуалдың тесігінен өтіп, жоқ болды. Жұмысшылар көздері алақтап, Ахтанды қоршап алды.

— Не істейміз, жолдас? Не ақыл бересің?

— Заводты қорғаймыз ба, әлде...

— Қару-жарак бар ма?

Ахтан соңғы күндері жатпай-тұрмай ойлап, іштей дайындалып жүрген сын сағат тап осылай аяқ астынан сау ете қалады деп күткен жоқ еді. Бетінің қаны қашып, сұп-сұр боп кетті.

— Эрине, қорғаймыз,— дегенді қалай-солай айта салып, баспалдақпен жүгіріп заводтың төбесіне шықты.

Осыдан бір жұма бұрын өздері келген қара жолмен папактарын мандайларына бастыра киген жетпіс қаралы атты казак мылтықтарының сұңгілері шошандап, бұлаң күйрықпен келе жатыр. Сондарында белдері қайқаңдаған екі-үш түйе. Шамасы динамит артып келе жатқан тұрлери. Өздері ауыл сыртындағы тобылғылы адырдан бері шығып, төте қара жолға түсіпті. Тұла-бойын суық жайлағандай Ахтанның денесі дірілдеп, иек-иегіне тимеді. Ең бір қолайсыз кезде келулерін қарашы. Қап, қапыда басты-ау.

Көзімен жан қысылғандағы жалғыз арқа тірегі серіктерін іздеп еді: олар кенсенің жанындағы қарағаш бағының тасасымен құбыр тиеген арбалы екі түйені жетектеп бері қарай ойысыпты. Ахтан жанұшыра заводтың төменгі жағында өз алдына бір ауыл болып, оқшау тұрған мұнай коймасына қарай қол сілтеді. Олар мұның шырылдан қол

бұлғағанын бір шамадан кейін гана үғып, солай қарай шұғыл бұрылып жөпелдем жөнелді.

Ахтан Ракуша поселкесінде бекер жаттай бір жұмыс заводты, қойманы қорғаудың жай-жапсарымен жетеп танысқан. Қорғауға толық жағдай бар-ды. Завод та, қоймада неміс ыждағаттылығымен тыңғылықты салынған: кит етсе лап етіп өртенгелі тұрған завод пен қоймаға несие адам өтті, мал сүйкенбеу үшін жан-жағы орланып, ордын ішінен қос-қабат тұрпі сым тартылған. Ол аздай завод қыш дуалмен айнала түгел қоршалған еді.

Ахтан заводтың төбесінен түсіп, аулада өзіне қарап аңырап, абдырап тұрған жұмысшылардың жанына келді.

— Келе жатыр. Жетпіс қаралы адам. Түйеге артқан динамиттері де бар.

— Не істейміз?

— Қорғану керек. Қорғану керек, басқа амал жоқ.

— Тым көп екен. Әрі мұздай қарулы. Қорғана аламыз ба?

— Күш біріктірсек, қорғана аламыз. Заводты бермеуге болады.

Яшка мен Федот атай шаң-шаң бол дуалдың тесігінен қару-жарак енгізіп жатыр еді. Өгіздей өңкіген Тарас айғай салды:

— Шалтай-балтайға уақыт жоқ! Давай, қаруланыңдар! Бала-шағамызben сауын сиyrдай желініне қарап отырған жалғыз заводты беріп қоямыз ба? Жетті, бұл казактардың басынғаны. Заводты бермейміз!

Жұмысшылар жапырлай тұра жүгіріп, бар қаруды пыشاқ үстінен бөлісіп алды. Тен жартысы қолдарына ештеңе ілікпей, солпиып бос оралды. Жердің жарығынан шыққандай тұла-бойы топырақ-топырақ Яшка көздері алақтап, Ахтанның жанына ентігіп жетті.

— Жолдас, Ахтан! — деді ол, оның фамилия, әлде аты екенін анық ажырата алмай. — Тәжірибеліз бар адамсыз. Билікті қолға алыңыз, әйтпесе базарға айналады. Босқа қырыламыз.

— Патрон қанша?

— Аз, өте аз. Түгел таратып бердім. Бір уыстан келеді бар болғаны.

— Ал, өзің тұла бойыңа түгел асынып алыпсың ғой, бос жерің қалмапты.

— Ол мен ғой,— деп ыржың етті Яшка.— Маған патрон өте көп, өте көп керек.

Шынында да, Яшканың тұла бойы самсаған қару еді:

айқыш-үйқыш патрон ленталары, белде алтынтар, қолда бесатар. Кеудесі де тас тыққандай томпайып тұрған соң, Ахтан бұл не деп ашып көрсө, саудыраған «лимонкалар» екен.

— Жарайсың,— деді Ахтан.— Қаруың жеткілікті екен. Ендеше, қасына екі-үш жігіт ал да, ана тұрған құбырдың тәбесіне орналас. Ескертпеді деме, бар салмақ сендерге түседі.

— Құп!— деп жөнеп берген Яшканы:

— Тоқта!— деп кідіртіп қойып Ахтан завод ауласында біреуі қарулы, біреуі қарусыз ошарылып тұрған үстібастары кір-кір, май-май жұмысшыларға бұрылды.— Жолдастар! Енді мен кім, сен кім деп тәжікелесіп жатуға уақыт жоқ. Заводты қорғау керек. Қажет болса, содан кейін анықтаса жатармыз. Менің командалды тыңдандар!— деп ашы дауыспен ақыра үн қатты Ахтан.— Қарулы жұмысшылар дуал бойына оналасындар! Менің бүйрығымсыз атпайсындар! Патрон аз, бір де-бір патрон зая шығындалмасын, жігіттер. Қайталап ескертемін: өз еріктеріңмен әрекет жасаушы болмандар. Біз келе жатқан жауды бір жеңсек — жалғыз ғана тәртіппен, ұйымшылдықпен ғана жеңеміз. Бір сәтке өздерінді саптағы қызыләскермін деп сезініңдер. Сіздердің енді қызыләскер екендерің де рас. Ал іске сәт, жолдастар!

Қарулы жұмысшылар бүкшендей басып, завод дуалына беттегенде, қарусыз топ шу ете қалысты:

— Ал біз ше? Біз не істейміз?

— Бізге босқа қарап тұр деймісің, әлде өл деймісің!

Айтқанын екі етпей жұмысшылардың жүгіре басып жөнелгеніне көңілі марқайған Ахтан жымың етті.

— Жолдастар! Сіздер қару жоқ деп неден сасып тұрсындар. Пролетариаттың ұлы көсемі: «Жұмысшының басты қаруы — тас!» деген емес пе еді? Не көп — тас көп. Қаруланындар! Жинаңдар темір-терсекті қақпаның алдына!

Ахтан дуалды жағалай біреуі аяғы астына бөшке, темір шан, тактай-сөре, қыш кірпіш қойып орналасып жатқан жұмысшыларды шолып шығып, заводтың қақпасын жаптырған кезде, қарусыз жұмысшылар зыр жүгіріп, завод ауласындағы неше түрлі темір-терсек атаулының бәрін сүйреп әкеліп, дуал жанына үйіп жатыр еді.

* * *

Завод ауласында абыр-сабыр, журіс-тұрыс басылып, бірауық тыныштық орнады. Тыныштық орнасымен, посел-

кениң бас көшесімен ит біткенді абалатып, дәнбекшіп, лықсып келе жатқан ат түяғының дүбірі, жүген сылдыры, ара-арасында шаңқ етіп қалған адам даусы анық естіліп тұрды. Әлгі дүбір жақындаған сайын әлде сұықтан, әлде қорыққаннан дуал тасасындағы жұмысшылар тұрғаны тұрған қалпы қыбыр етпей, темірдей сіресіп қатып қалды. Әлгіндегі қап-қара беттерін, кір-кір киімдерін қырау жауып, өндерін бозарта бастапты. Бұл өлім-жітімді бетпе-бет қанды шайқас алдындағы ең қын тыныштық еді. Ахтан оны талай басынан өткерген. Шындығында жеңу не жеңілу соғыс үстінде емес, одан бұрын, арпалыс алдында-ақ нышан беретін: не болып, не қоятынын жауырыныңмен күнілгері сезетінсің.

— Темекі тартындар,— деді Ахтан мынау бір ауыр тыныштықты сейілту үшін.

— Бұл арада темекі тартуға болмайды.

— Ештеңе жок. Өлсек те әндептіп өлейік.

Ахтан алдымен темекіні өзі орап алды да, дорбасын жағалатып жіберді. Тарас оны жаңа көріп тұрғандай жаңында отырып, жағының жұні үрпіп, иегі дір-дір еткен Ахтанға қарады:

— Тоңып отырсыз ба, командир жолdas!

— Мен бе — командир?

— Енді қалай?.. Әрине, сіз.

— Рахмет,— деді Ахтан темекіні бір езуінен бір езуіне ауыстырып.— Ал дірілдеуім тоңғаннан емес, шайқас алдында үстайтын осындай безгегім бар. Қазір тарқайды.

— Шайқасты көп көрдіңіз бе?

— Нансаңыз, өмір бойы көріп келе жатқаным сол. Жүйке жұқарған әбден.

Өгіздей өңкиген, бала сияқты Тарас оның сөзіне шæk келтірген жок. Қайта, айтқанына қалтқысыз сеніп, оған сүйсіне қарады. Ол ықыласы ауып Ахтанға жан-тәнімен біржола беріліп болған-ды.

Завод қақпасының алдына текшеленіп жиналған, Яшкалар орналасқан құбырдың ар жағынан тыныштықты бұзып бір нәрсе даңғұр-дұңғыр етті. Бөшке ме, бірдеме — зыр қағып ұзак даңғырлады. Тарас ұшып тұрып, құбыр жаққа жұдырығын түйді.

— Қап! Әлгіні бекер жібердіңіз. Яшка ғой. Бірдемені булдірмей жүрмесе, ішіне ас батпайды ол соққанның.

Құбыр жақтан Яшка да, Федот атай да көзге шалынбады. Әйтеуір құбырдың ар жағында бір тықыр бары анық. Бір кезде төбе боп үйілген текшениң төбесіне бірінен

соң бірі қарайып үш бөшке шықты. Олардың не керегі болғанын, неге шығарып жатқанын ешкім түсінген жоқ.

Темекі шегіп, сәл-пәл сабасына түскен жұмысшылар оқыс дүр ете қалысты.

— Эне! Эне!

— Ал шықты! Көрінді!

— Ененді үрайын, кереге бөрік, жөке сақалдар!

Әлгінде Ахтанның жанына жиналған жұмысшылар орын-орындарына қайта жайғасты.

— Қаруларыңды көрсетпендер, әзірше жасырып ұстаңдар,— деп дауыстады Ахтан.

Іле-шала поселкениң кең көшесінен завод қақпасы алдындағы алаңға казак-орыстар лек-легімен төгілді. Әлгіндегі шубалған сылбыр топ емес, аттарының басы қашаңдалап, ауыздықпен алысып ойнақшып келеді. Өздері папахтарын алшысынан киіп, аруақтанып, ат үстінде шалқалап шалжыып алған шетінен. Нені болса да, бет қаратпай, жайпап өтердей мығым топ.

Ауыл мен заводтың арасы 150 метрдей теп-тегіс топырақты жазық еді. Қазір сұықтан тақтайдай таңқылданап қатып қалыпты. Тағалы ат түяғынан жалт-жұлт үшқын шашырайды. Казактар үйисип, топталған күйі 50 метрдей жерге жақындалап келіп, аттарының басын тартты.

Қабырғалы қалың топ сәл-пәл қағылды да, олардың арасынан аттылы екі офицер мен бір жаяу шықты. Жаяуды алдарына салып, аттарын ақырын бастырып, өздері оның соңынан жүрді.

Жұмысшылар гу ете қалысты.

— Ойбай, мыңау Генрих қой! Ох, оңбаған! Осы екен рой бастап әкелген.

— Өй, сатқын неме!

— Опасыз немчура!

Генрих Фрицовичтің қолын ербендетіп, соңындағы аттылы екеумен салғыласып келе жатқанын естіп, жұмысшылар сап тыйылды. Оны зорлап, желкелеп әкеле жатқаны анық еді.

Генрих Фрицович қақпаға әжептәуір жақындалап келіп, айғай салды:

— Ау, ағайындар! Қақпаны неге жапқансындар? Ашындар! Босатындар деп жатыр, босатындар заводты. Кайтындар үй-үйлеріңе!

Жұмысшылар арасынан біреу сауал тасталды.

— Босатқанда не іstemексіндер?

Генрих Фрицович қолын ербендетіп шыж-быж боп күйіп-пісті.

— Оны қайтейін деп едің? Оның саған не керегі бар? Мейлі, өртесін, күлін көкке ұшырсын. Кімнің мүлкін қорымақсындар? Кімге жандарың ашиды? Невель мырзаға жандарың ашымай-ақ қойсын. Босатындар деп жатыр заводты. Кәне, тез босатындар!

Жұмысшылар дуал тасасынан гу-гу етісті.

— Сені ме, тоқта бәлем, опасыз немчура!

— Казактарды ілестіріп келдің бе, онбаған!

— Бізді көрсоқыр надан деймісің? Пиғылдарың белгілі.

Жұдырықтай төрт-бес тәмір дуал үстінен зу ете қалды, Генрих Фрицович басын бұғып ұлгерді де, зілдей жұмыр втулка оның артында тұрғандардың аттарының маңдайына сарт-сұрт соғылды. Аттар шыңғырып ыршып түскенде, үстіндегі офицерлер ауып қала жаздады. Өздері түсіп қалмағанмен, бастарындағы едірейген кереге беріктері ұшып-ұшып кетті. Аттары басын шайқап, тізгін бермей кейінгі топқа қарай ала қашты.

Генрих Фрицович көк желкеден тұнерген казак-орыс тобына алақанын жайып сарнап қоя берді.

— Заводты босат дейсің? Қалай босатамын. Маған бағынып жүрген бұлар бар ма? Көзімше немчура деп күнде балағаттайды. Екі күннің бірінде өлтіреміз деп қорқытады. Ал сендер маған заводты босат дейсіндер. Бұл менің де, жұмысшылардың да заводы емес, айдаладағы алжыған бір қалталы кәрі шалдікі. Заводта нелерің бар, көкештерім. Қайтесіндер? Қойсандаршы!

Атының маңдайынан қанын тамшылатып қайтып келген офицердің бірі оны қамшысының сабымен желкеден нұқыды:

— Былшылдама! Аш заводтың қақпасын.

Ат көрмеген бишара желкесінен тәнген офицерден бір қорықса, омыраулаған аттан екі қорқып, зәресі ұшқан Генрих Фрицович құлап тұрып, сүріне-қабына қақпаға қарай ұмтылды.

— Фрицович, жақындарма! Ажалың бізден болады.

— Қойындар деймін, айналайындар! Тентек болмаңдар. Ашындар қақпаны! — Генрих Фрицович жетіп келіп қақпаны жүлқылай бастады. — Ашындар деймін! Ашындар, ойбай! — Генрих Фрицович бір кезде: — Мені кіргізіп алындаршы, — деп жалына сыйырлады да, іле-шала есікті қос қолымен сабалап берді. — Эй, сендер, естимісіндер?

Ашындар дедім ғой есікті. Тарас, бармысың? Неге тыймай сың мына бұзықтарды.

Генрих Фрицович Таастың атын бекер атамай, есік көзіндегі тесіктен сығалап тұрғанын байқап әдейі атаған. Тарас жанындағы Ахтанға иек қақты.

- Кіргізіндер деп тұр ғой. Кіргізіп алсақ қайтеді?
- Қандай адам еді өзі? Сенімді ме?
- Өй, өзіміз ғой. Әлгісінің бәрі жай байбалам. Зорлап әкелген ғой. Есікті ашайық та, кіргізіп алайық.
- Қауіпті емес пе? Казактар лап қойып, кимелеп кетіп жүрмей ме?

Бірақ ол ойлары жүзеге аспады. Бұлардың пифылын іскеп білгендей, әлгінде аттан құлай жаздаған шоң мұрын есаул он бес шақты казак-орысымен жақындал келіп, есік ашылса болды, лап қоюға дайын тұрған.

— Жоқ, болмайды,— деді Тарас оларды көріп, қозғай берген қақпаның бел темірін орнына қайта апрып. Содан кейін қақпаға бетін тақап сыбыр етті.

— Генрих, аша алмаймыз. Қақпаның төбесінен асып түс.

Генрих немісше, орысша, қазақша боқауызды қардай жаудырды. Қақпаны әрлі-берлі тоқпақтап алғып, бір кезде жоғары қарай жанталаса өрмелегендеге, сыртынан андып тұрған казак-орыстар аттарын тебініп, лап қойды. Ахтан «жаудырындар!» деп айттып үлгергенше болмады, темір бұршақша борады. Әп-сэтте қақпаның алды апай-топай, ұмар-жұмар болды да қалды. Аттар шыңғырды, адамдар ойбайлады, үш-төрт казак аттың арқасынан тымақтай ұшты. Бет-аузын қан жуған топ басындағы офицер екі қолымен бетін басып, теріс айналып сансырап кетті. Бірақ бөркін маңдайына баса киген қабасақал, шоң мұрын есаул қақпаға жетіп үлгерді. Ажалына көрінді ме — Генрих қақпаның тор көз темірінен қапелімде аяғын шығара алмай сәл-пәл кібіртікеп қалып еді, тағдырдың жазмышина сол қас қағым жеткілікті болды. Есаул үзенгіге түрегеліп, қыр арқадан қақырата шауып, ағызып өте шықты.

Генрих қақпа басында біресе еңкейіп, біресе шалқайып теңселіп тұрды да, етпетінен сұлқ түсіп, аяқ-қолдары салбырап көлденең темірге ілініп қалды. Мойнынан сыздықтаған қызыл қан пышақ сырты қырау жапқан қара жерге шып-шып тамды. Адамның қалай жантәсілім ететінің көбісінің алғаш көріп тұрғандары еді. Жұмысшылардың біразы жүздері шыдамай теріс қарады, екіншілері жылап

жіберді. Енді біреулері әлде аяныштан, әлде қорқыныштай иек иегіне тимей қалш-қалш етті.

Алғашқы бет шарпысу осылай басталды. Ол казак орыстарға оңайға түспеген сияқты. Екі-үш адамы ат арқа сынан ауып, аттарынан айрылып қалды. Біреуін әлдөлі, әлде ес-түссіз күйі қолтықтап сүйреп әкетті. Генрихтің қанын ішіп, көп ерлігіне тағы бір ерлік қосқан шон мұрын қабасақал есаул ғана атын тыптырыштып топ алдында әл ойқастап тұрған.

— Эй, ессіздер! Ана өліктерінді жинап алындар! — дег дауыстады ол.— Корықпаңдар! Ешкім тимейді, бәрімді христианбыз.

Тарас Ахтанға қарап еді, Ахтан басын шайқады:

— Оған енді екі дүние бірдей, қайда тұрғаны бәрібір Тарас күйіп кетіп, қақпа саңылауынан айғай салды

— Сен оңбағанға жұғысты болған қайдағы христиандық! Аузыңды былғама, оңбаған! Рақымшыл бола қалуын..

Есаулдың қалың сақалының арасынан маржандай аппак тісі аксаң етті.

— Сайрап қал әзірше. Қалай сайрағаныңды кейін көрермін.

— Жазықсыз жанның қанын төктің. Енді бізден жақсылық күтпе, сен ит! Қанға — қан, жанға — жан!

— Пох! Корқытуын. Корыққаннан қацып барамын. Жә, жетті! — дег гүжілдеді есаул.— Қаруларың бар ма?

Жұмысшылар шыдай алмай тағы да бір дүркін темір жаудырып еді, олары есаулға жетпей, екі араға түсіп босқашығын болды. Есаул аппак тістерін ақситып, тағы да қарқарқарқ күлді.

— Пох, пох! Мықты екенсіндер.— Ол атын тебініп, бір қолын жоғары көтеріп, сәл-пәл ілгері басты.— Тоқтаңдар! Эңгіме бар. Тоқ етері былай: сендерде алты аласы, бес бересіміз жоқ. Жер-суымыз, дініміз бір ағайын жандармыз. Жаңа жатқан жері жарық болғыр ана неміс бишара дұрыс айтты: кімнің жыртысын жыртып, кімнің қорығын қори-сындар. Сендерді теріс жолға салып азғырып, арандатып жүрген большевиктер. Есітіп келеміз: араларында үштөртеуі сүмендеп жүрген көрінеді. Ағайындар, сендерге жаным ашып айтамын: бекерге бок басында өлесіндер. Өлімге татитын нәрсе болса бір жөн. Біреудің азғырғанына еріп, бастарыңа пәле шақырып нелерің бер? Анау большевиктерді шығарып беріңдер де, жөндерің тараңдар! Бекерге қан төгудің қажеті не? Ойланып, жауап берулеріңе бес-ак минут пұрсат!

Есаул айтарын айтты да, аттың басын бұрып топылып тұрған казактарға қарай үзады. Тарас іле-шала бірдеме деп жауап қайтаруға оқталып еді, Ахтан оны тоқтатып тастады.

Жұмысшылар арасында жым-жырт тыныштық орнады. Дуалдың қабыргасына сүйеніп отырып, бір-біріне көз астымен қарап қойып темекі орады. Дағаның сұықтығы, ауадағы шімірік аяз қайда кеткені белгісіз. Бөріктерін көтергенде жіпсіген мандайлардан бу бұрқырады. Шыбын жанды шырқыратқан-мына бір қысылтаяң жағдайдың әсері ме, әлде күн жылынайын деді ме — қаңтардың сирек кездесетін май тоңғысыз шуақты күні тамылжып тұрғандай еді.

Ахтан ым қағып, жұмысшыларды жанына жинағы. Оның елді шақырғанынан көңіліне секем алған Тарас:

— Сенбендер! Сенуші болмаңдар! Казактар алдайды, кейін бірімізді қалдырмай кескілеп турал тастайды,— деп салғаннан шыр-пыр болды.

Ахтан қаны шығып сөгілген жалак ернін бір жалап алып, жігіттерге қарады.

— Жолдастар!— деді ол.— Жаудың беті жаман. Көріп тұрсындар. Бұл кескілестен аман қалуымыз де екіталай. Күштесе, заводты алмай қоймайды, қалай да алады. Сондықтан... обалдарыңа қалмайың. Қалағандарың үйлеріңе қайтындар.

— Ал өзіңіз ше?
 — Менің үйім жоқ екенін білесіндер ғой.
 — Оған қысылмаңыз. Үй табылады.
 — Ниеттеріңе рахмет, маған кетуге болмайды. Партияның бүйрүғы солай. Тек шығарып бермесендер болғаны.
 — Ол не дегеніңіз?
 — Бізді жау көргеніңіз бе?
 — Енді бізге опасыз болу қалып па еді.
 — Сонда қалай? Казактармен жалғыз шайқаспақсыз ба?

— Олармен көп болып та, жападан-жалғыз да талай шайқасқам. Сыралғы бауырлар ғой. Іншалла дейін, оңай-лықпен беріле қоймасын. Естерің біраз тандырармын.— Ахтан бөркін бастыра киіп, орнынан тұрды да, әуелі аспанға, сосын сағатына қарады.— Бұлар неге кешікті?— деді сосын өз-өзімен сөйлескендей боп.

— Бұларың кім, жолдас Ахтан?
 — Біреулер келуші ме еді?— десті жұмысшылар.

— Иә, келуі керек. Бұғін-ертең қызыл әскер не көмек келуге тиіс еді.— Ол тікенек көкшіл қөзімен жұмысшыларды жағалай шолды.— Ағайындар, кешке дейін қолғабыс етіндер. Кеңес үкіметі атынан өтінемін.

— Рас па? Шын ба? Көмек келетіні?

— Арандатқалы тұрғам жоқ. Рас. Көмек келе жатыр. Жолда... Эне-міне шаң беріп қалар.

— Ендеше, көмек келе жатса, не әңгіме бар. Қорғана-мыз. Берілмейміз.

— Көрдіңіз ғой, темірдің өзімен-ақ қалай жамсатқанымызды. Шүкір, құр қол емеспіз. Қару-жарак та бар емес пе?

— Кешке дейін алдыра қоймаспыз. Шыдармыз.

— Раҳмет, достар,— деп, Ахтан бірін сүйіп, бірін құшып жұмысшыларды жағалай жүріп раҳметін айтқанда, көзінен ыстық тамшылар ыршып-ыршып кетті. Ол көз жасын жасырған жоқ.

— Жыла! Жылап ал, командир! Женілдейді,— деді біреу.

Ахтан мұрнын қайта-қайта тартып, көз жасын сұртіп, жұмысшыларға күлімсірій қарады да:

— Жолдастар!— дегенде, әлгінің арасынша танауды бітіп, маңқылдап қалды.— Көзіме жас алғанымды дұрыс түсініндер, ағайын. Қорыққанан емес, әсте. Бұл бір емес, талай өліп-тірілгенмін. Куанғаннан жыладым. Қалай қуанбассың? Қалай жыламассың? Көздеріңмен дұрыстап көрмеген кеңес үшін жан пида деп жатсандар! Ол дегенің мына сені мен менің, сені мен мен сияқты езілгендердің, қорланғандардың өкіметі ғой. Өзіміздің өкімет қой. Жанжынан бөрідей анталаған қалың жауға -бой бермей, неліктен бәрін жағалай жайпап, күйретіп келеді дейсің? Мына сіздер сияқты қалың жұрт, жұмысшы қауым қолдағандықтан. Содан! Тек қана содан! Міне, осыны менің үгітімнен емес, өз жандарыңмен түсінгендеріңе қуандым.— Ол жеткірініп алыш, қайта сөйледі.— Міне, мына тұрған завод! Эне, ана тұрған қойма! Олардың не екенин білесіндер ме, жолдастар! Кеңес үкіметінің бұдан былайғы өмірі соларға байланысты! Отынның жоқтығынан қару-жарак заводтары, майданға әскер таситын поездар тұрып қалып жатыр. Сол себепті де кеңес өкіметі шығынға, өлімжітімге қарамай, осы мұнайға үміт артып отыр. Сондықтан біз заводты да, қойманы да бұліншіліктен сақтап қалуға тиіспіз. Бұл революция көсемі — Ленин жолдастың тапсырмасы.

— Ленин?

- Ленин жолдастың дейсіз бе?
- Лениннің өзінің, көсеміміз Лениннің,— деді Ахтан нығарлап.
- Сонда Ленин жолдастың біздің заводты білгені ме?
- Элбетте! Енді қалай деп ең,— деп келе жатыр еді Ахтан, әлгіндегі есаул айғай салып әңгірлеп қоя берді.
- Эй, неғып бұғып отырсыңдар! Уақыт бітті. Неге жауап бермейсіңдер? Кәне, не дейсіңдер?
- Қазір, мырзам, қазір. Ақылдасып жатырмыз,— деп ыржалақтап үн қатты Тарас.— Сәл-пәл кідіре тұр, жауап болады.— Ол аузын аңқайта ашып, Ахтанға бұрылды.— Не дедіңіз? Ленин жолдас бізді біледі дедіңіз бе?
- Ахтан айтқалы тұрғанынан өзі қатты толқыды ма, мойның қылғындырған көйлегін ағытам деп, ағыта алмай тамақ түймелерін жұлып алды.
- Жолдастар! Мен Ленинді көргем жоқ. Бірақ Ракуша мұнайын қорғандар деген телеграммасын өз көзіммен оқыдым. Оны осы сапарға аттанар алдында Миронич жолдас өз қолымен көрсетті.
- Миронычіңіз кім?
- Киров па?
- Иә, Сергей Миронович Киров.
- Сіз ол кісіні білесіз бе?
- «Білесіз бе?» дейді бұл, біреу көрдім, жүздестім деп тұrsa.
- Иә, жолдастар, ол кісімен жүздесудің маған бір емес, біrnеше рет сәті түсті. Ракушаны қорғау туралы кеңес үкіметінің тапсырмасын сол кісінің өз қолынан алдым. Көрдіңдер ме, мәселенің қайда жатқанын. Демек, маған бас бағуға, беттен қайтуға жоł жоқ. Ал, осы ұлы істе бірге болам дегендерге қошала. Еңбектерің ескерусіз қалмас.
- Бірден осылай түсіндіріп айтпайсыз ба? Көсем тапсырмасы демейсіз бе!
- Оған мұрша бердіңдер ме?
- Жұмысшы өкіметінің мұддесі үшін жан пида.
- Жұмысшылар қатарларының сирексіп қалғанын аңғарып, түгендей бастап еді, үш-төрт жігіт жоқ бол шықты. Домаланған шарғы бойлы біреу олардың қашып кеткенін айтты.
- Қашан кетті?
- Элгінде...

— Қап, неге айтпадың? Мұрындарынан қан жалататын едік қой.

— Қолдарында қару жоқ. Құр темір. Онымен кімді киаратады. Түсіну керек...

— Немене, сен де зытпақсың ба?

— Ойымда бар еді. Енді командирдің әлгі сөзінен кейін кетпеймін. Өлсем өздеріңмен бірге өлемін.

— Жә, жолдастар! Ондай-ондай болмай қоймайды,— деп қобалжып қалған жұмысшыларға басалқы айтты Ахтан.— Қалғанымыздан жарылқасын. Ал орындарына барыңдар! Бәрінді революция рухы жебегей!

* * *

Жұмысшылар арасында сөзі өтімді Тарас өз-өзінен Ахтанның он қолы болып алғып алғып еді. Ол салқы мұртының ұшынан жымышып, алақанды ыскылап, саңылаудан далаға көз салды.

— Эй, шоң мұрын! Бері кел. Сөз бар.

Есаул астындағы атын ақырын бері бастырды.

— Немене? Айта бер!

— Айтсам, жер жастанбай тұрғанда жөндерінді табыңдар. Эйтпесе әкелерінді танытып, сақалдарыңды талдап жұламыз.

— Тоқ етер жауабың сол ма.

— Ал сол. Неғыласың? Кесіп ал.

— Эй, сасық хохол! Арқаларынан талай таспа тілгем, осы сөзінді ұмытпа, бәлем!

— Мә, мынауымды иіске!— деп Тарас жұдырығын біледі.

Жаңы күйген есаул шоқ басқандай шыр-пыр болды. Атын тыптыратып, топ алдында ерсілі-қарсылы ойқастады да, қылышын жарқ еткізіп сурып алғып, айқай салды.

— Жұздік! Шабуылға дайын-дал!

Жерге түсіп, темекі шегіп жайбаракат тұрған казактар сарт-сұрт атқа қонды. Есаул «жұздік!» деп жар салғанмен, казак-орыс тобы түгел қозғалмай, жиырма шактығана аттылысы бөлініп шығып, есаулдың жанына кеп қатар түзеді. Есаул дуалдың әр түсын көзеп, әлдене деп бүйрық беріп жатты. Алаң у-шуға, қейіндегі топтың шабуылшыларға дем берген қолпашина толып, абыр-дабырдан ештеңе естілмеді. Ақыры, шабуылшылар көздерін

E:\18-09-13\edil\edil0.tif_page 553
аспанға тігіп, шоқынып алды да, завод қақпасына қарай лап қойды.

Осы кезде аспаннан жай түскендей зәрені алып, әлдене жерді дүңк еткізіп, даңғырлап қоя берді. Қылыштары жалаңдап шабуылға ұмтылған казактар іргедегі биік құбыр текшесінен өздеріне қарай зырқырай жөнелген дәу темір бөшкелерді көріп ошарылып қалт тоқтады. Жойқын күшпен жүйткіген мына пәлелер соғылар болса, өздерін де, аттарын да ондырмасы белгілі еді. Шабуылды жөніне қалдырып, аттарының басын бұрып алақтап қаша жөнелгенде, жаман салдырлап жындан жүйткіген темір тажалдар аттатпай қуып жетіп, қырып жібере жаздады. Үркіп шошыған аттар шыңғырып аспанға тік шапшыды. Екі-үшеуі иелерін лақтырып тастап, шығандап безіп кетті. Бір-екеуі иесімен бірге аяғы аспаннан келіп құлап түсіп, мертігіп тұра алмай қалды.

Ал ішіне кесек толтырылған үшінші бөшке кейінгі жақта тұрған казактар тобына қарай бұрылғанда, әлгілер екіге жарыла қашты да, дәу бөшке ауыл шетіндегі қыш қойманың қабырғасына соғылып барып тоқтады.

Масқара болған казак-орыстар ызадан терісіне сыймай қүйіп-пісті. Ал қорғаныста жатқан жұмысшылар көңілдері тасып, марқайып қалып еді. Құбыр төбесінен екі езуі екі құлағында Яшка жұдырығын бұлғалап, жігіттерді батылдыққа шақырды. Еңсөлөрі көтерілген жұмысшылар балық ұлескендей абыр-дабыр болысты.

— Давай, Яшка! Даңғырлағынды даңғырлат тағы да!

— Мынауың анау-мынау бомбыдан кем емес. Лактыр тағы бір-екеуін!

— Жалғыз өзің жайпай бер! Бізге жұмыс қалдырып қайтесің.

Бұлар бөрікті аспанға атып, дабырласып жатқанда, казактар арасында жаман айқай етек алған еді. Бөшкеден зәре-имандары қалмай, намыстары аяқ асты болған олар — бұтқа жіберген долы қатындан, шаж-баж етісіп абаласып тынған да, енді заводты жайына қалдырып, құбыр текшесіне қауіптене қарап тұрған. Ілгері шыққан екі-үш аттылы баса-көктемей, құбыр текшесін абайлап алыстайғана шолды. Қорғанысшылар оларды мазактап у-шу болысты.

— Э, қанша батыр болсаң да, жан тәтті ме екен? Қорқайын дедің бе?

— Дамбалға жібердіңдер ме, бәлемдер!

— Ойбай, жақында ма, бомба бар!

— Яшка, қызық болсын, зәрелерін тағы бір ұшыршы!

Казактар құбыр төбесіндегі Яшкаларды көрді ме, әлде жай қоқан-лоқылары ма — теңше жаққа тарсылдатып оқ атты. Олардың ештеңе көрмегені, бұлары жәй көз алдау — маневр екенін жұмысшылар келесі сәтте-ақ түсінді. Он шақты аттылы топтан жырылып шығып, дуалға қарай жұлдызша акты. Сол-ақ екен, кейінгі таптағылар жарылып жіберіп, дуалға оқ жаудырды. Бетпе-бет келгелі бері мылтықа тендік тигені осы — қалың оқ дуалдың үстінен зу-зу етті. Біреулері қыш қабыргаларға кірш-кірш қадалып, екіншілері аула ішіндегі темірлерге соғылып, бұршақ жауғандай жаман тарсылдалап кетті. Мәлдір ауа шүрк тесік бол, күкірт сасыды. Нысанаға байланып, өздеріне оқ атылғанын жұмысшылардың алғаш көріп тұрғаны еді. Қыбыр етуге шамалары келмей, қабыргаға жабысып, орынорындарында сіресіп қатты да қалды. Біреулері қорыққанынан қолындағы қаруларын да түсіріп алды. Қорғаныстағылардың осы бір шарасыздығын пайдаланып, шабуылға шыққан он шақты аттылы ағып отырып дуалға жетіп, дуал іргесіне аттарынан топ-топ түсे қалысқан.

Ахтан абайсызда жауды іргеге жіберіп алғанына өкінді. Олар баса-көктеп дуалдан асып өтпегенмен, от қоюы, қабырганы жаруы, тағы бір пәлелерді ойлап табуы ғажап емес-ті. Оның үстіне өзің сүйкенген дуалдың ар жағынан ата жау дүшпаныңың тықырлап жүргенін есту қарадай құтынды қашыратын. Жаумен қоян-қолтық жағаласып көрмеген жұмысшылар дуалды беріп қойғандай салдары суға кетіп, еңселерін көтере алмай тұрған.

— Яшка! — деп жанұшыра айқай салды Ахтан.

Ол Яшканың мылтық атқанын естіген жоқ. Тек ілешала дуал сыртындағы аттардың бөрі тигендей опыр-топыр болғанынан, біреуінің қарғып өтердей дуалға аяғын асып, жанұшыра шыңғырып шалқасынан аунап түскенінен, дуал іргесіндегі адамдардың ойбайладап дүркірей бастағанынан құбыр төбесіндегілердің әрекетін анғарды.

Дуал сыртындағылар аттылысы аттылай, жаяуы жаяу-лай тырқырай қашты. Қашып бара жатып, біреу желкесінен тиген оқтан мәндайымен жер сүзе құлап, құлаған жерінде қыбыр етпей, сұлап қалды да, ат арқасынан ауған екіншісі үзенгіге сүйретіліп кетті.

— Динамит!

Казактардың көзіне ілікпей құбыр арасында тасаланып жатқан Яшка орнынан атып тұрып айқай салды. Ахтан дуалдың ар жағында бірдеменің шыртылдалап жанып жат

канын естіп, серіктерін ілестіріп бұқшаңдап тұра қашты. Іле-шала табан астары солқ етіп, жер ойылғандай жаман гүрсіл құлак тұндырды. Дуал іргесінен көк түтін аспанға тік шанышылды. Қыш дуал теңселіп майысып барып, екі жерінен шытынып жарылды да, сәл қисайғанмен, құламай орнында тұрып қалды. Казактар динамитті іргеге терең қазып көмуге үлгере алмай, бүркей салып тұра қашқан болды. Эйтпесе дуалдың жұқанасы да қалмайтын еді.

Яшка дуалдың қылы қисаймағанын көріп, еліріп айғай-лап берді.

— Эй, казактар! Осы тойғандарыңмен қайтындар енді. Жалғыз Генрих үшін үшеуінді жайратқанымды көрдің ғой. Тек, солай болады, бір басқа үш бас! Қорықпасандар келіндер!

Казактарға Яшканың қорлығы өтіп тұрған. Бірақ оқ өтпейтін құбырдың арасына бекінген оған ештеңе істей алмай, жақтарын шайнап, жерге түкірумен болды.

Заводты мандайдан шабуылмен ала алмайтыны, алғанмен өлім-жітімнің шектен тыс көп болатыны көпекөренеу еді. Казактар ошарылып тұрып, үзак кеңесті. Шеттеу шығып оңашаланған офицерлер, есаулдар бірауық ыдырап, қайта шоғырланғанда, Ахтаның көзінің оты жарқ етті. «Егоров!» деп қалай дауыстап жібергенін өзіде анғармады. «Егоров, не жолы сол Егоров?» Ол босаға саңлауынан көзі суланып қанша сұғынса да, көптің арасынан оның қараң-құран ұлбасын шырамытқанмен, әлгіндей анық көре алмады. Иә, сол! Сол, Егоров! Уа, атаңа нағлет! Тағы да тар кезде кесе-көлденең жолықтың ба?

Офицерлер қорғанысшылар құр қол емес, әжептәуір қарулы екеніне, әрі өліспей, беріспеуге бекінгендеріне, арада қантөгіс боп, жүрекке кек қатқан соң, енді тірідей алдырмайтындарына көздері жетіп, үзенгі серіктерінен айрылып, қандары басына шауып, ызадан көздері қарауытып дуалға тіке шапқалы тұрған казактарды қой-қойлап азар қойдырып, басқа амал іздестіруге кіріскең. Қалың қосын үшке жарылды да, біреуі заводтың қақпасын бағып, орнында қалды. Қалған екеуі онтайлы жерді көзеп, заводты қос қапталынан айнала орағытты.

Шығыс ірге қауіпсіз еді: ол жақ мұнай қалдықтары тоғытылған, қырық градус аязда да беті тобарсып бір қатпайтын үйелеме қара балшығы белден сасық көлшік-ті. Оған тәуекелдері барып, ат жалдай қоюы екі нак. Ал, ауыл жақ ірге де қауіпсіз еді: заводтың ол тараптағы ұзын қабырғалары тіпті мықты, тас бітеу, одан қалса, айнала оралған

қыш дуал бар, оның сырты темір тор мен мал өтпейтін терең арық. Казактар заводты тастай беріп, қоймаға тап берсе, ең қыны сол еді. Ал қойма болса, ормен орланған, түрлі сыммен торланған ашық аланда. Ол жерде бас сауғалайтын қалқа болар ештеңе жоқ-ты. Қорғаушылар да бар-жоғы жеті-сегіз ғана адам. Олардың қалай орналасқанын — қорғануға қолайлы жер тапты ма, жоқ па — оны да білмей Ахтан қатты тықыршыды. Жалғыз ғана көнілге демеуі — пулеметтері бар еді. Ол енді тиімді жерге тасалағанда білсе, дұшпанның бетін бір тоқтатуға тоқтататын.

Әйткенмен, мазасы кетіп, елегізген Ахтан шыдай алмай ақыры Тарасқа:

— Қарулы бес адам ал да, қоймаға көмекке бар. Мүмкіншілігінше атысқа килікпендер, — деді.

Тарас екі айттырмай ұша жөнелді. Бірақ ол ұзамай жатып-ак пулеметтің сақылдаған үні естілді. Дауыстары анық құлаққа шалынып тұрғанмен, завод ауласынан ол жақта не болып жатқаны мүлде көрінбеді. Құбыр текшелері үстіндегі Яшка мойнын созып қарап жіберіп: санын шапалақтап, балаша сақылдай күлді.

— Э, бәлем! Солай ма! Танаудан тарс еткізді ме? Қашты. Тырақайлады. Ха-ха-ха! — Ол завод алдындағы аланда ошарылып тұрған казактарға жұдырығын білеп, айғай салды. — Ей, казактар! Осымен концерт бітті. Есің барда елің тап. Әйтпесе, қазір шабуылға шығып, әкелерінді танытамыз!

Ахтан оған «арандатпа, тыныш отыр» деп саусағын кезеді. Өздері де терілеріне сыймай ісініп-кебініп, не істерге білмей аласұрған ақкөз адуын жандардың шабына ши жүгіртіп, шамына тиюдің қажеті жоқ-ты. Шетінен кеуделеріне нан піскен немелер намысқа салса, ештеңеге қарамай апай-топайларын шығарып, жапырып кетулері ғажап емес.

Бөлініп шашыраған казак-орыстар завод ауласы алдына қайта жиналды. Аз-кем көңес құрды да, аттарының басын бұрып, келген іздерімен кері шұбады. Кеңсе жанына барып топылғанда, түнегелі жүр ме деп, завод дуалынан қарауыл қараған жұмысшылар қобалжып қалып еді, бірақ казактар ол араға ұзак кідірмей, ауыл сыртындағы қара жолға қарай бетtedі.

Уң! Зілбатпан жүк иықтарынан түскендей жұмысшылар дуал іргесіне жүрелеп отыра кетті. Қол-аяқ салдырап, белдері талып қажып қалыпты, қыбыр етіп жерден еңкейіп

шөп көтеруге шамалары жоқтай. Тарас оларға қарап жіберіп, ауаны жаңғырықтыра қарқылдай күлді.

— Ау, ағайын, бұл не отырыс, қатындарың өлгендей. Куанбаймыз ба? Жендік емес пе? Жендік қой!

Жұмысшылар не болғанын енді ғана шындаپ түсінгендей көздері жылтырап, құлімсірет орындарынан тұрып, бір-бірін құшақтап жеңіспен құттықтай бастаған. Оның соны жамыраған у-шу, даурыққан даңғазаға айналып кетті. Біреулері көздің жасын сыйымдаپ, тіпті боздал жылап жүр.

— Женіс құтты болсын!

— Бірге болсын. Құдай қолдады әйтеуір.

— Жұмысшы жұдырығын таныттық!

— Бәлем, өздеріне де сол керек. Құдайларың ұмыттайын деген екен. Енді адыраңдамай аяқты аңдаپ басатын болды.

— Жолдастар, командирге рахмет деңдер! Соның арқасы. Біз өзіміз не бітіруші едік.

Жұмысшылар Ахтанды қоршап алып құшақтап, кезек-кезек қолын сілкіледі.

— Енді көзіміз жетті, большевик екеніце!

— Сендей командир болса, қорықпай шайқасуға болады.

— Жарайсың, жолdas Ахтан! Тайсалмадың!

Ахтан күн еңкейе қайтадан құлақ шымшылаған аязды елең етпей, аузынан буы бұрқырап, жалаңбас тұр еді. Бетінің қып-қызыл жұқа терісі ұртына жиырылып, құлімсіреп езу тартты.

— Бұларың артық, жолдастар. Мен бірде-бір оқ шығарған жоқпын. Барлығын өздерің тындырдындар. Әр саққа тартпай, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығара білдіндер. Ұйымшылдық — ұлы күш, оған төтеп берер қамал жоқ. Солай, жігіттер! Женістеріңмен! Алғашқы женістеріңмен!

Әуелі біреуінің, сосын екеуінің, ақыр аяғында бәрінің дуалға сүйелген баспалдақ тақтайда теріс қарап етпеттеп тұрған жұмысшыға көздері тұсті де, әңгіме сап тыйылды. Екі-үш жігіт әлгі жұмысшыны сол серейген қалпы көтеріп әкеліп, жүрттың алдына шалқасынан жатқызды. Бейшара әлдеқашан жантәсілім еткен бе — бетін түгелдей қырау басып кетіпті. Бірақ оның әлгіндегі домаланған кішкентай жұмысшы екенін айыру қын емес-ті. Жігіттер бастарынан бөріктерін алып, мойындары салбырап тағзым етіп, үн-түнсіз тұрды.

— Бала-шағасы бар ма ед? — деп сұрады Ахтан.

— Жоқ. Бірақ... кім біліпті: бар да шығар. Маусымдық кәсіпте жүргендер.

Жігіттер қақпа басында ілінген Генрихті де түсіріп алып, жаңағы азаматтың қатарына жатқызды. Оның екі бүктетіліп қатып қалған денесі жазылмады. Мәйітке қаруға жүздері шыдамаған жігіттер сырт айнала берді.

Сөйтіп тұрғандарында дауыс салып аңырап, кострюльж көтерген қатындар, топ торғайдай ұшып-қонып жыптырлаған балалар, ел жүгіргенге қосыла жүгіріп ауыл иттері жетті. Балалар папалап әкелерін іздең, қатындар байларының атын атап шақырып, абыр-дабыр болды да қалысты. Іздеген жоғын тапқаны қуанып, қапелімде таба алмағандары көз жасын көлдетіп ойбайға басып жатыр.

— Ойбай, бармысың? Қайдасың, тірімісің?

— Түгел қырылып қалды ма десек...

— Элгі біздікі қайда? Никифор? Никифорды көргендерің бар ма?

— О-о, жаным-ай! Сорлап қалған сорлы басым-ай!

— Папа! Папа, қайдасың?

— Ау, Андрюша, мен мұнданын!

— О-о! Тірімісің, жаным. Ақымақ басым... кеше неге ренжіттім деп...

— Таң атқалы нәр сыйған жоқсындар. Аштан қатындар ғой, байғұстар!

Жоқшылар іздегенін тауып, қойдай жамыраған айқайшу біртіндеп саябырси бастады. Саған¹ түбін тырнаған қасықтардың тықыры, ашқарап ауыздардың асығыс сылпылы естілді. Эйелдер байларын жоғалтып тапқандай болып, құшақтап, олардың қомағайланған қарбытқандарына сүйсіне қарап, көз жастарын үнсіз бұлап отыр. Әкелерің тізелеріне қонжып көнілі көншігендегі балалардың екі көзі — ұшында найзасы жарқыраған бесатарларда. Әлгінде ғана ала бөтені жоқ, бір анадан туғандай айырғысыз ел қазір шоқ-шоқ боп, өз үяларына жеке қонғандай бөлініп-бөлініп отыр. Иә, ұя! Ұя! Басқаша деу қын. «Адам бақытының өзі осы ұяда шығар» деп ойлады қақпа жанында состиып жападан-жалғыз қалған Ахтан. Ешкім оны елеп, көзге ілген жоқ, тамаққа бас қойған жұмысшылар да жаңа ғана бетіне қарап шоқынғандай болған командирлерін үшты-күйлі ұмытты. Ол жылыстаң қақпадан сыртқа шығып кетті.

Жаңа ғана қантөгіс болған қақпа алдындағы топыра-

¹ Саған — кастрюля.

E:\18.09.13\edil+edi10.tif\page 559
ғына май сіңген Құмдауыт алаң түк көрмегендей жымжырт. Тек алапат ізі қара жерді қисық жазудай шимайлаған ат тұяғы мен шашылған қаннан аңғарылады.

Ахтан дуалдан былай шығып, қойма жаққа көз салып еді, түйелі қос арбаға тиеліп Қажығалилар келе жатыр екен. Мұны көрісімен атандарға қамшы басып салдыртып жетіп келіп, сау-сау түсे қалысты. Жандарына Яшканың жолдастарын ілестірген серіктерінің төрт көзі түгел, қайдан жүргені белгісіз, Марфа да солармен бірге.

— Иә, амансыңдар ма?
— Шүкір, бас-қарын түгел әйтеуір.
— Қалай, қын болды ма?
— Қой, жок, бізге онша көп едірейген жок. Бір-екі рет дарылдатып едік, жоламай тайып тұрды.

— Бізден емес, мына Марфадан қорықты,— деп құлді Ибраһим.— Жеті атадан шандарын қағып, қарғысты боратты дейсің! Ұялғаннан беттері шиедей болды білем өздерінің. Әйтеуір тез жоғалды!

Жігіттер сұыққа тоңып, үрпигендері болмаса, былайша көңілді көрінді. Ешкімге дес бермейтін адудын Марфа, серіктеп Ахтанның кім екенін ұқтырып тастаған ба — мысықтай боп сөз айта алмай бүгжендең тұр.

— Марфа болмағанда жағдаймыз неғайбыл еді,— деп әзілден тыйылмады Ибраһим абзи.— Алып келген ыстық ботқасына тойып алып, айқайға бастық дейсің бір...

— Сіз де айтады екенсіз, ағай,— деп қолын сілтеп, теріс айналып кетті Марфа.

Ибраһим неліктен қоймай әзілдең, Марфа не себепті тайсақтап ұялғанын, Қажығалидың бір шекесіне жапсырып алған бөркін неге мыжғылап кеткенін Ахтанның аңғаруға мұршасы болған жок. Себебі дуал ішінде түсініксіз айғай етек алып, әйелдер шаң-шұңды көбейтіп бара жатыр еді. Не боп қалды деп, бұлар шапшаң басып қақпаға келсе, өз көздеріне сенер-сенбесін білмеді. Әйелдер байларын есікке қарай сүйреп, еркектері жүлкынып көнбей жүр.

— Жүр дегенсін, жүр! Кәне, тұс алдыма!
— Жоға, мен сені әкетпей қойман. Құтырайын деген екенсің!
— Ойбай, әдірем қал! Соғыс сенің не теңің? Тамағының тоқтығы мен жылы пештің түбін біл.
— Заводың құрысын! Неге тұп орныменен күйіп кетпейді.
— Тарас, Тарасушка! Көкетай, қойындар деймін,

қырылып қаласындар. Тым болмаса бізді, шиеттей бала-шағанды ойласаңшы.

— Көгершінім, күйеуінің аяғына тұсау болма. Болар іс болды. Енді қайту жок. Сережканы алғып, үйге қайт.

— Эй, енді бар ма — сен қақбасты әкетпей қойман. Кәне, бірдеме көргің келмесе, жаныңың барында жүр былай!

Әйелдер қақпа алдында тұрған Ахтанды көріп, еркектерін тастай сала бұған жан-жақтан тап-тап берді.

— Елді бұлдіріп жүрген осы. Осы сұмырай!

— Кекпенбек болған түрін қараши, жексүрүнның! Өй, Ийуда құсаған оңбаған!

— Эй, тыныш елді азғырып нең бар-ей, ә!?

— Азғырғанға ерген біздің есаландарда да шәйнэм ми жок.

— Бұтынды бір-бірлеп жұлып алмасын десен, а, ну-ка, қаранды батыр жаныңың барында!

Тарас қатынын тастай беріп, тұра жүгіріп ара түсті.

— Эй, қатындар! А, ну-ка, болды енді! Еркектің шаруасына араласпаңдар. Біз істесек — бірдемені біліп істеп жүрміз.

— Ойбай, мына жандайшапты қара.

— Сені шақырған біреу бар ма? Кет жоғал, өгіздей өңкимей!

— Әңгірлемей ана өз қатыныңа ие бол.

Әйелдер оны шынтақпен итеріп тастап, баса-кектеп келіп Ахтанды қоршап алды. Ахтанның беліндегі салпылдаған алтыатар, қан-сөлсіз сұп-сұр өңі, тесіле қараған суық көзі әйелдердің аптығын сәл-пәл басқандай еді. Бірақ олар тез айығып, іле-шала қайтадан күшіне бастады. Екі омырауы екі жастықтай қызыл шырайлы әдемі дәу келіншек қайқы ернін одан бетер қайқитып, бүйірді таянып, жүлкіншіп ілгері шықты.

— Мына біздің ақымак байларымызды арандатып, ажалға итермелеп жүрген, дәу де болсаң, сен сұмырай ғой! А-а?! Жерден шықтың ба, көктен түстің бе — қайдан келген пәлесің? — Ол қатар-қатар жатқызып, беттерін жауып қойған өліктерді нұсқады. — Мыналардай сұлатып салып қоймақсың ғой. Сен оңбаған, олардың артында семьясы, шиеттей бала-шағасы бар екенін білемісің? Оларды кім асырайды? Сен асырайсың ба?! Түте-түтенді шығарсын демесен, аман-сау тұрғанында, кәне, жоғал! Жалтырат табанынды! — Дәу келіншек Ахтанды кеудеден итеріп жіберді. — Большевик болмак түгіл, одан өткен бол-

саң да, кет дегенсін — кет! Батыр қаранды! Бар, қырылар болсандар, өздерің қырылындар! Бізден аулак! Неге бедір ейесің? Бедірейме! Көзінді шұқып алсын деп тұрмысын!

Шабынған дәу келіншек саусағын тігіп Ахтанға оқтала бергенде, еркектердің сыртынан Марфа мысықша ытырына шығып, дәу келіншектің шашынан шап беріп ала кетті. Бір-екі рет бетке тартып-тартып та жіберді. Сосын оны итеріп тастап, әупірімдескен өзге әйелдерге тұра ұмтылды да, әп-сэтте бықпирттай тиіп ықтырып тастады. Өзі кереметтей қайратты да екен: қолы тигенін қанбақтай үйіріп, аяғын аннан-мыннан бір бастырды.

— Кәне, қайсың барсың! Ілгері атташи, тұра шашынды жұлып қолыңа берейін!

Тайсактаған әйелдер ілгері баспағанмен, құдай берген қаруы — аузымен орақ орудан әсте тыйылмады.

- Сені кім шақырды, әй, тастанды!
- Бәрі болып, енді большевик болуың қалып па еді?
- Көрінгенге әзір төсек, көксайқал!

— Мен сайқал болсам, алдымен өздерің байларыңа ие болып алындар, білдіндер ме! Қайсысына барып жалындым екен. Төбеттей жаланып соңымнан қалмайтын өздері. Әй, қатындар, кәне, байсыз қалмайын десендер жабындар ауыздарынды. Әйтпесе, қазір кез келгенін мандайынан шертіп, таңдал тұрып, тартып аламын. Естиін дегендерің осы ма еді, әй, торғайдай миы жок, қарабет өңкей! Сен ақымақтар кімге қожаңдағандарынды білесіндер ме? Ахтан жолдас болмаса, байларыңың басында жаназа оқып отырар едіндер. Казактар әлдеқашан кеспедей кескілеп, турап тастайтын. Тіпті, қарай гөр, бұлардың есіруін! Әй, сен, түйедей болған Дуся, не деп аұзыңа келгенді оттадың жаңа? Большевиктің кім екенін білесің бе өзің? Білмейсің! Мен де білмеймін. Ендеши, құр босқа абаламай аузыңа ие бол! Сен қатынды ма — шашынды талдал жұлармын әлі. Құр босқа сандалмай, одан да, кәне, үй-үйлеріңе тез жөнеліндер, барларынды қазанға салып, мына азаматтарды тамактандырындар! Әл-дәрмен жисын. Казактар сол кеткеннен біржола кетті деп пе ең?! Ертең сақалдары көсеудей боп қайтып келер. Ашының дәмін тату еркектің ғана мандайына жазылған ба, байларынды кескілеп тастамай аман болсын десендер, ертең аяқ-табағынды көтеріп түгел көшеге шығасың. Ол онбағандарды кастрюльдермен жайпаймыз.

Әйелдер жым болды. Ешқайсысы жұмған аузын ашып, дауыс көтеріп дау айта алмады. Бұл әйел байғусты қой-

саңшы: ашуланбасыңа да қоймайды, ашудана да алмайсың. Әлгінде, тірідей тұткелі тұрган олар ыдыс-аяқтарын қолтықтаң, Ахтанның жанынан аяқтарының үшімен басып именіп өтті. Кішірейіп, кешірім сұрағандары да жоқ емес.

- Кешіріңіз, бізден бір білместік өтті.
- Шашы ұзын да, ақылы қысқа деген осы да.
- Кек тұтпаңыз, ғафу ете көргейсіз.

Осы бір айқай-шу үстінде жұмған аузын ашпаған Ахтан оларды жылы шыраймен бас изеп шығарып салды.

8

Күн ұзак әлсіз шуағын төккен жылтима күн қызарып, талаурап барып көкжиектегі қара қошқыл бұлтқа батты. Бірден-ақ аспан жалаңаштанып, қызыл шұнақ аяз дігірлең сала берді. Ая тиген жерін қарып түсердей тұтігіп алды.

Төтенше жағдай болса айттырмай-ақ барак жанына жиналасыңдар деп, Ахтан жұмысшыларды үй-үйіне қайтарды. Шаршаған, тоңған адамдарды ііріп үстап тұрудың қажеті жоқ-ты. Өмірлерінде алғаш рет жауға қаратып мылтық кезенген, заводты бермей, әупірім казактарға бел алдырмай поселкеден куып шықтының кебін киген жұмысшылар алшандай басып, үйлеріне тарады. Жағалары жайлауға кетіп, айғайлап сөйлеп, ауаны жаңғырықтырып, көшені басына көтеріп ұзап барады. Мерейлері үстем болған жеңістің қызуы, иықтарындағы қарудың желі бар — аязды бит шыққан құрлы көрмей, кеуделері көйлектеріне шаққа сыйғандай ма, қалай?!

Барақтың есігі алдында балаларын шалғайына орап, түстен бері екі көзін завод жақтан айырмай дірдектеп тұрган Досанның келіншегі күйеуінің аман-есен қалқып келе жатқанын көргенде, аяғын баса алмай құлап тұсті. Балалары тұра жүгіріп ақ қырауға оранған әкесінің мойнына асылды.

- Оу, бәйбіше, саған не болған,— деп, Досан жүгіріп келіп келіншегін жерден көтеріп алды.
- Ой, жүрегім... Сені көре алмаймыз ғой деп едік.
- Қой, ол не дегенің? Көппен көрген ұлы той.
- Адам өлді ме?
- Жоға! Жәй, алыстан аспанға атысып тарастық. Шайың дайын ба? Тоңып келдік...

Шүйкедей келіншек басын шұлғып ішке қарай жүгірді. Досан әр кездегі қолы ашық жомарттығына бағып, өзімен бірге келгендерді түгелдей дастарқанына шақырды.

Досанның қиттай бөлмесі тағы да аузы-мұрнынан лықа толды. Орын жетпегендер есік көзінде түрегеліп тұрды. Бұрын араласы жоқ Марфа осы үйдің әйеліндей-ақ шай қамына белсene кірісіпті, самауырдың жанында Досанның келіншегімен жарыса шай құйып, тасияқ жөнелтісіп лыпты отыр.

— Марфа! Ашырақ болсын, қою құй! — дейді орын жетпей есік көзінде тікесінен тік тұрған Яшка.

— Немене, ашыдан бөтен қуығыңа жақпай ма?

— Ашысы тәуір. Командир маған бүгін тұн көз ілмейсің деді. Солай ма, жолдас Ахтан? Эне! Жалпы, Марфа, сен бүгін ерледің. Нағыз аю қатын екенінді таныттың. Осы бетіңнен қайтпа. Қалжыңды қойып сені біржола қатын ғып алсам ба деген ойға қалып тұрмын.

— Кешіктің, көгершіңім. Мені алып қойды.

— Кім, ойбай?

— Оны қайтпексің? Менің басыма құрық тұсті, шырағым. Енді дәмеленбе.

Олардың өтірік-шыны аралас қалжыңы көп дабырдың арасындағы бір дабыр боп елеусіз қалып қойды. Ел күн үзак бастан кешкенін, көрген-білгенін, түйсінген-сезінгенін айтып, бір-біріне сөзге қонақ бермей даурығысып жатқан. Тіпті сөйлемейтін Федот атай да қызып кетіп, қолын сілтеп қалғанда, біреудің аузына апара берген шыныаяғын шалдыр еткізіп қағып түсірді. Оған қысылған Федот атай жоқ:

— Яшканың не істегенін қөрдіндер ме? — деп әңгірледі. — Әкелерін танытты емес пе? Жарайсың, Яшка. Анаңың ақ сүтін бір актадың. Елдің ақ батасы жаусын. Қалаған қызыңды қатын ғып ал.

— Марфа тұрғанда қызды қайтем, ойбай...

— Жарайды, Марфанды алсаң, Марфанды ал. Аузы шок демесен, былайша жақсы қатын. Бабын тапсан, жіптіктей болады.

— Ха-ха-ха!

Даңғаза дабыр саябырлаған бір сэтте даладан құйқылжыта ойнаған гармонының үні естілді. Іле-шала «әп!» деп қолпаштап көтермелеген, безілдете ысқырған дауыстар құлаққа шалыңды. Біреулердің көшеде думандатып жүргені анық еді. Мұндай күні неғылған думан? Еш нәрсеге бүйірі ортайып, қабырғасы қайыспайтын қандай бейғам жандар?

Яшка көзі жалтырап далаға жүгіріп кетті де, ізінше ентігіп қайта оралды.

— Өзіміздің жұмысшылар. Қатын-қалашына дейін қалмай, бәрі осында шұбырып келеді.

Отырғандар бұл қалай деп, әу десіп үлгергенше, гармоньды құйқылжытып, аяқпен жер тепкілеген қалың нөпір дүрліге кеп баракқа енді. Есіктен еңгезердей Тарастың, тағы да өні таныс екі-үш жұмысшының жүздері көрінді. Қолдарында кеуделеріне қысып алған бір-бір құты самогон.

— Кешіріндер, ағайындар! — деді Тарас гүр-гүр етіп. — Үйде елегізіп отыра алмадық. Қатын, бала-шаға түгел жанымызда, бірақ бірдеме жетіспейтін сияқты. Жасырынып, жалғыз ішетін маскүнем емеспіз. Мына құрмағырда тамақтан өтпейді. — Ол самогонды сілкілеп шайқап-шайқап қойды. — Қатындардың крещениеге дайындаған дәмдері еді. Крещениенің көкесін бүгін бастан өткердік емес пе? Енді аянатын не қалды?! Қыскасы, ағайындар, дәм бөліскелі келдік. Неге екенін білмеймін, өздерінді көмесем тұра алар емеспін. Сондай бір сағыныш сезімі оянды кеудеде. — Тарас көмейден біршама жіберіп алған сияқты еді: бөрікті шекеден киіп, қызара бөртіп тұр. Ол баракты басына көтере айғай салды. — Кәне, ағайындар! Шығарындар, столды дәлізге! Еден ойылғанша билейміз!

Бір-жар жерде ғана сауыс-сауыс шамы бар қаракеуім дәлізге қуатты лампочкалар ілінді. Еден асығыс сыпырылып, су бүркіліп, барактың есіктері сарт-сұрт ашылып-жабылып, үстел, орындықтарды дарылдата сүйреп дәлізге шығара бастады. Әп-сэтте-ак үстел үсті ыдыс-аяққа, нешетүрлі тағамға, ащы-тұшы басыртқыға сықап, үйіліп қалды. Марфа бастаған әйелдер стакан қойып, нәлбек¹ жайып, тұздалған қиярларды тіліп, дастарқан жасап аяқ-аяқтарына жүқпай ұшып-конып жүр.

Шаңы бүрқыраған дәліз адамға лықа толы. Жұмысшылар жалғыз келмей, әйелдерін, бала-шағаларын, иттеріне шейін ілестіріп келіпті. Үстелге отыруға шыдамай, гармонь құйқылжып, біреулер еденинің шаңын аспанға көтеріп, аяқ-қолды сабалап билей жөнелісті.

— Эй, тапырақтамай тоқтай тұрындар, түге!
— Тоқтауға болмайды, қатындар! Қан қызып барады.
— Эрі, әрірек билендер! Шаң көтермей...

Бір кезде әйелдердің дастарқанға шақырған дауыстары естілді. Ел екі айттырмай жапырласа келіп, үстелге жайғасты. Тарас дастарқан төріне Федот атайды жетектеп.

¹ Нәлбек — тарелка.

әкеп отырғызды. Федот атай қарсылық білдіріп еді, «Сенің орның осы. Қыбыр етпе, шал!»— деді. Оның жанына жолдас Ахтанды орналастырып, өзі баласын алдына алыш, әйелін құшақтап қарсы бетке жайғасты. Сосын;

— Ал құйындар!— деп әмір етті. Сәлден кейін:— Құйылды ма?— деп қайта мошқады.

— Құйылды! Құйылды!

— Жарлық болса, ауыз дайын!

— Ендеше, Федот атай тілегін айтып, батасын берсін.

Федот атай орнынан тұрып, бәркін қолына алыш, шашы сирек қүйкасы көрінген тәбесін сипалады.

— Не дейін, балалар? Куаныштарың құтты болсын! Жауды осылай жапыра беріндер! Өлі-тірі аруақтар демеп-жебей берсін!

Стакандар шықыр-шықыр етті. Федот атай, тағы басқалары көздерін тәбеле төңкеріп шоқынып алысты да, тартып жіберді. Тарас ұлын әйелінің қолына беріп, еалдыр-гүлдір орнынан тұрды.

— Тағы да құйындар!— деді ол, соламайымен аузына тығып жіберген тұзды қиярды күтір-күтір шайнап.— Отыр, Федот атай,— деп, әлденеге қозғалақтап жатқан шалды иығынан басып тырп еткізбеді.— Отыр! Келістіріп айта алмадың, Федот атай. Сен аруақтарынды тықпалай берме! Олардың жөні бәлек. Ал бүгінгі әңгіме мүлде басқаша!

— Білмейді екенбіз, сен өзің туа біткен шешен екенсің рой!

— Адамның өзгеруі оп-опай екен-ау. Осының өзі Тарас па, жоқ басқа ма?

— Ал сілте! Ішек-қарныңды актар.

Тарас салқы мұртты сипап қойып, жан-жағына мойнын созып, айнала қарады.

— «Адамның өзгеруі оп-опай» деген қайсың? Хоп, қайсың болсаң да, тауып айттың. Иә, адамның өзгеруіне үзак уақыттың қажеті шамалы екен. Ағайындар, кеше қандай едік, мылтық асынған бір казакты көрсек, іннен-інге кіретінбіз. Рас қой! Ал бүгін не істедік! Әупірімдеген казак-орыс әскерін айдаш шықтық. Бұның не құдірет екенін ойландар, ағайын. Міне, гәп осында!— Ол әлде күлімсірегені, әлде жыламсырағаны белгісіз, серіктеріне қарағанда беті бұзылып, түрі өзгеріп кетті.— Бұл не өзгеріс? Мұндай ерлік бізге қайдан келді? Басым жетпейді. Жүреғім сезгенмен, сендерге түсіндіріп айта да алар емеспін. Бар билетінім — өзгеріс мына отырған бірін танығанмен, бірін

танымайтын төрт жігіт арқылы келді.— Ол Ахтанды, Ибраһимді, Теңізбайды нұсқап, көзін қыдыртып жүріп Қажығалиды үстелдің арғы басында Марфаның жаңында отырған жерінен тапты.— Рақмет, жолдастар!— Ол стақанды жоғары көтерді.— Жеңіс үшін алайық, ағайын! Казактарды жеңгеніміз үшін емес, алдымен өз-өзімізді жеңгеніміз үшін алайық!

Стақандар сықырлап, жұтқыншақтар қылқ-қылқ етті, тыныс көнегендей рахаттана үйілген дыбыстар естіліп, басытқылар күрт-күрт шайналды. Төменгі жақтан Марфа ма, әлде басқа ма — әнді созып кеп жіберді.

О, полюшка, поле,
Горька травушка...

Әп деген алғашқы тынысынан-ақ жүрегінді дір еткізетін, бір қуаныш, бір мұңға толы көне әнді әйелдер қолдарын қеуделеріне қусырып, бастарын бір-біріне сүйеп ап зарлай жөнелісті. Шиеттей бала-шаға мен жар қосағынан жастай айрылып жесір қалған, небір қын-қыстауды басынан өткерген бейнетқор орыс аналарының шері еді бұл. Қазір де мына бір асып-тасқан қуаныш үстінде сезімтал жүректер бастарына айналған қасіреттің ұшығын алдын-ала сезгендей ме, қалай? Әнді бастап отырған Марфаның даусы әсіресе ерекше. Көп дауыстың арасынан бір бөлек айрықша естіледі. Кою да емес, ашы да емес, жүрегіңе мұн құйғандай тап-таза қоңыр дауыс. Бір кезде әйелдер әнді шыңғыра шырқап, шарықтатып апарып қайырмасына тіреп «үй!» дегенде, еркектер де үйілеп алып, құңіреніп қоя берді. Қосыла жамыраған көп дауыстан төбенің тақтайы солқылдап, барактың қабырғалары сықырлағандай болды. Әннен кейін тер шығып, шері тарқаған жұрт дабырласып, әңгімеге бас қойды.

Марфа бет алды ойқы-шойқы еңгезердей Қажығалиды үстел астынан қол созып тізесінен жабыса ұстап, тығыла түсіп отыр. Аузына тамақ салып, қолымен жемдемеді демесен, асты-үстіне түсіп жаны жоқ. Қажығали болса қысылғаны ма — иығы еңсейіп, басын көтермейді. Бірақ Марфаның жаңынан бұл жалғанда ажырағысы жоқ: келіншектің сипағаны, сүйкенгені жаңына жағып барады. Аратұра Марфа алақандай көкпенбек көздері мөлдіреп мұның бетіне үздіге қарайды, сүйткенде жігіттің көз алды мұнартып, басы айналып кетеді. Қайсысынан мас болып қалғанын — арақтан ба, келіншектен бе — ол арасын анық білмейді, әйтеуір мас. Көз алды қалқып жүзіп отыр.

Бұлардың қарсы алдындағы Яшка өз көзіне өзі сенбегендей аң-таң.

— Марфа, мұның не болғаның? — деді ол ақыры тілге келіп.

— Мұның солай болғаны...

— Есің дұрыс па? Маған көз ғып істеп отырғаның ба әлде?

— Иегің қышымасын. Әлгінде айтпап па едім, басым байланды деп.— Ол Қажығалиды қолтығынан алғып, жігіттің иығына басын сүйеді.

Яшка оған көзі ағарып қараң отырды да:

— Жұр, билейміз,— деді.

— Несі бар? Билеме болады,— деп, Марфа омырауын түзеп орнынан тұрып, ілесіп жүре берді.

Үстелдің арғы басында би басталып жатқан. Гармоньшы мас болып қалды ма, әлде гармоньның бір жерінде кінәрат бар ма — әйтеуір бір бастап, бір тоқтап келістіре алмай әуре. Еңселері солай қарай ауған ел орындарынан тұрып дәлізде сабылып жүр. Досан насыбайды танауға ытқытып жіберіп, Ахтанды арқаға қағып-қағып қойып, бірдеме айтуға оқтала бергенде, ортаншы ұлы жүгіріп келіп әкесінің мойнына асылды. Іле-шала шүйкедей жеңгей де бұлардың жанына келді. Ол бір базынасы бардай Ахтанға жалтақтап қарай берді де, ақыры көкейіндегісін айтып тынды.

— Қарағым, шиеттей бала-шағамен елден көшіп келіп, бөтен жүрттың арасында отырмыз. Жанашыр бірге туған да жок. Мына ағанды қынға салып, қинай берме, айналайын.

— Да, бәйбіше, не деп тұрсың? Қинаған қайның баекен? Бәрі өзімнен емес пе?

— Сонда да... «сақтансаң — сақтаймын» дегендейін...

— Жарайды, жеңгей,— деп Ахтан Досанға бұрылды,— Досеке, енді ешқайда шықпайсыз. Жеңгей мен бала-шағалардың жанында боласыз.

— Е, сонда мен елдің бетіне қалай қараймын?

— Жарайды, қарайтындей елдің бетінде ай туып келе жатқан жоқ. Айтты ғой, қайным. Бітті! — деп тұжырды шүйкедей жеңгей.

Марфа ентіге жүгіріп келіп Ахтанды қолтықтай алды да, еркіне қаратпай сүйрелей жөнелді.

— Жүріңіз, командир жолдас. Жүріңіз. Ел шақырып жатыр.— Келіншек Ахтанды сүйрелеп келе жатып, жанжағына жалтақ-жалтақ етті.— Қажығали қайда? Көрген жоқсың ба?

— Сең өзің оны меншіктеп алғаннан саумысын?

— Қайтейін? Ғашық боп қалдым. Сіз ұрыспайсыз ба, жолдас командир.

— Әйелі барын айтты ма, ол онбаған?

— Болса қайтейін. Өзгеге бай керек те, маған бай керек емес пе екен? Қашанғы көрінгенге қолжаулық болам?

Ахтаның андағаны: осы бір ақжарқын, көлденең көз аузын тамсанып бір сұқтанбай қалмайтын, денелі де айтартылғатай сүйкімді келіншектің жаза басқаны да, қатесі де аз болмаған сыңайлы, ал өзі болса онысын өзгелердей өтірік қылымсып жасырмайды да. Сонысымен де кінәсіне кешірім тілеп алғандай еді.

Ахтанды жұрт қолдан-қолға тигізбей, әрі қарай сүйреп әкетті де, Марфа көзімен Қажығалиды іздеді. Оны сырттан, есік алдынан, аспандағы ай бетін көмкере бастаған үлпа бұлтарға қарап темекі шегіп тұрган жерінен тапты.

— Неғып тұрсың? — деп жабыса кетіп, оның қеудесіне басын сүйеді.— Иша! Салқын екен. Тер қатар, жұр ішке кірейік.

Дәліз бұрынғыдан бетер дүрлігісіп кетіпті. Ала шаң, кек түтін. Төбедегі дәу лампочка ортеке ойнап тұр. Ортада біреу бас-аяғын сабалап, еденді өршелене тепкілеп жатыр. Үсқырып, қышқырып қошеметтеген дауыстан құлақ тұнартылғы, белқасты. Барактың едені тәбесімен бірге желп-желп етіп тұргандай.

— Ә-ә! Бәрекелді!

— Өнерің өссін!

— Жігіт болсаң, осындай бол!

— Міне, билеген соң, осылай билеу керек те!

Елдің аузының суын құрытып таң-тамаша қып жатқан кім десе, Ахтан екен. Оның енді бишилігінде дау жок-ты. Жастайынан Астрахан базарының қызығы мен шыжығың бірдей көріп өскен ол жын-шайтанша биле десен де, аузыңды аштырып, көзінді жұмдырары хақ. Ахтан қазір адам көрмеген, екінші рет өзі де қайталауы неғайбыл бір сұмдық қимыл жасап, бас-аяғын құйындана сабалай жөнелгендеге, елтіген ёл алақанды жаңғырта ұрып қолпаштап бақты.

— Ох, ох!

— Асс, асс... Ой, жаса! Бас! Бас!

— Ex! Ex! Oх! Oх!

Өрттей жалындаған қызба Марфа мына сұмдықты көргенде, шыдап тұра алмай, ортаға жұлқынып шықты. Гүлді орамалды иыққа түсіріп, қайқандап шапшаң бір айналды да, бүйірді таянып алып, өкшені тепкілеп берді

дайсің бір. Пора-пора болған Ахтан келіншектің екпініне ілесе алмай, сырт қағылуға мәжбүр болды. Марфа бишілерді ортаға шақырып, иін тірескен жұртты жағалап жүрді де, Қажығалиды шап беріп қолдан үстай алып, ортаға сүйреді. Қажығали табандап баққанмен, қошеметші жұрт оны қояр да қоймай, Марфандың жанына итеріп шығарды. Қажығали бетінің белеулері қызырып, қысылғаннан қатты күреңтіп кетті. Топ арасына қайта енейін десе, бас сұғар саңлау жоқ. Оның үстіне жұрт құлшына қошеметтеп, алақанды жаңғырта соғып жатыр. Қажығали жанын қоярға жер таптырмай, үйіріп алып бара жатқан Марфандың сонынан амалсыз қорбандал еді, онысы көрер қөзге ерсі екенін түсініп, әрі ел жапырлап күле бастаған соң, тез тыйылды.

— Биле, дөңгелен!

— Би білмесең, тапырақта!

Қажығали құлағына дейін қызырып, елге шарасыздана алақанын жайып, ыржың-ыржың етті.

— Негып тұрсың, билесеңші!

— Билей білмесең, өлең айт.

— Этеш боп шақырасың ба, есек боп ақырасың ба, әйтеуір бір өнерінді көрсет!

Ортаға алып шыққан жігітінің үмітін ақтамағанына Марфандың да көңілі оянсып қалғандай еді. Ол биден тыйылып, ел қатарлы жәйғана қол соғып тұрған. Қанша ұялып қысылғанмен, мұншама жұрттың көңілін қалдыруға дәті бармаған Қажығали бір кездे кеудесіне жел толтырып алды да, тисе — терекке, тимесе — бұтакқа деп, дарылдағы қоя берді.

Ах, тачанка, ростовчанка,
Наша гордость и краса.
Коньармейская тачанка —
Все четыре колеса.

Жаңағана төбесімен үй тіреп, не істерге білмей бір қызырып, бір бозарған жігітке жырқ-жырқ күле бастаған жұрт селт етіп, құлағын қайшылап аяқ астынан сілтідей тынды. Бұрын естіп-көрмеген, сөзі тосын, ырғағы жаңа әуен еді. Бірде-бірі қошеметтеп қосыла алмай, ауыздары ашылып, аңқиып қалды. Қажығали жалғыз өзі ортада дарылдағы тұр. Әлгіндей емес, азды-кемді еңсесін түзеп, даусы да қалтырауын қойып, өлеңнің сөзін де біршама икемге келтіріп, дұрыс айта бастады. Ол әннің екінші шумағын қайырмасына қайта жеткізгенде, ел кимелеп өздері-ақ іліп әкетті.

Ах, тачанка, ростовчанка,
Наша гордость и краса...

Қажығали қойғанмен, жұрт қоймай, жаңағы әннің
қайырмасын қайта-қайта қайталай берді. Ақыры:

- Бұл не өлең?
- Қайдан үйрендің?
- Кім шығарған? — деп жамыраса кеп, Қажығалиды
коршап алысты.

Қажығали екі езуі екі құлағына жайылып, құлім қақты.
Жалпақ айдыны шымырлап аққан Ақ Еділ, Еділдің екі
бетінде керілген кең жазық далалар, сол далада жер жас-
танып, бұлт жамылып, ашық аспан астында түнейтін
тынымсыз жорық құндері есіне оралды. «Тачанканы»
сондай бір жорықтың кезінде Тынық Дон жақтан көмекке
келген қызыләскерлерден үйреніп еді, көнілі соққан бір зәу
сэттерде ылғи да ыңылдалап айтып жүретін.

— Бәлі, сіздер білмейді екенсіздер ғой,— деді ол қау-
малаған жұртқа таңқала қарап.— Қызыләскердің әні ғой.
Еділ бойы түгел шырқайды. Тачанка деген құйындай
жүйткіген пулеметті арба ғой.

Далада движок қақалып, лампочкалар жыпылықтай
бастаған соң, түннің бір уақыты бол көзге үйкі тығылып,
есінеуі көбейген ел біртіндеп үй-үйіне тарқасты. Қарсыз,
аязды, қысқы көшеде аңыраған гармонь үні, әндектен
жұмысшылардың даусы поселкенің тұс-тұсынан әлі де көп
уақытқа дейін естіліп тұрды.

Барак босап қалды. Үстел-орындықтарды бөлме-бөл-
меге қайта кіргізіп, темекі тұқылына, қоқыр-соқырға үйіліп
қалған дәлізге су шашып, сәл-пәл сыпрып-сирып, бір
жөнге келтіргендей болғанда, ел аяғы басыла бере қол-
ғабыс етіп жүрген Қажығалиды Марфа көзді ала беріп, зат
жинайтын бөлмесіне жып етіп кіргізіп алды да, есікті
ілмектер-ілмектеместен мойнына асыла кетті. «Сүйші,
сүйші» деп қойып, өзі есінен танып өліп-өшіп сүйіп жатыр.
Қажығалидың ернінен ерін, бетінен бет қалдырмады.
Құшырланып, қыршып-қыршып сүйеді де, бір сәтке бұын-
буынан әл кеткендей ентігіп қалады.

Қажығали оны қолына көтеріп алып, шымылдықтың
ар жағына алып барып, үйілген көрпе-жастықтардың ара-
сына ұмар-жұмар құлады. Марфа еш қарсылық білдірмей,
ернін тосып алқынып қана жатыр. Тек етекке қол салғанда
ғана, ол Қажығалидың білегінен шап беріп ұстай алды.

— Қойши, жаным, өйтпеші. Менің сенен аяйтыным
жок, бәрі сенікі. Тек өйтпеші... өтінем. Бір-біріміздің демі-

мізге еріп, сүйісп қана жатайықшы. Мен албасты ғашық боп қалдым ғой. Ойда жоқта тас төбемнен сау етті. О, құдіреті күшті жаратқан! Не деген рақат еді...

— Неменеме ғашық болдың?

— Соны білсем не дейсің? Көрдім де — есімнен тандым. Қазір менен не ақыл сұрайсың. О, құдіреті күшті жаратқан. Не деген рақат еді..., кеудеме жаз орнағандай болды ғой. Сүйіші, жаным, сүйіші. Алтыным, асылым, қазынам, баға жетпес байлығым менің...

* * *

Ахтан түннің бір уағында шырт үйқыдан шошып оянды. Неге оянғанын өзі де түсінбеді. Біреу түр-түрлап жұлқылаған сияқты болды ма, әлде түс көрді ме? Иә, түсі... түсі білем, бір жаман түс көрген сияқты ма, қалай? Әйтеуір тұла бойында діріл, көңілде қорқыныш табы бар. Бір ғажабы — ол кешегі болары болып, бояуы сіңген оқиғамен сабактасып жатқандай. Айтқандайын... Уа, бәдүға, оны қалай ұмытқан!

Шынында да, казактардың енді қайтып жоламастай түңіліп кеткен ештеңесі жок, ертең қару-жарағын сайлап, қатарын молайтып қайтып келмесіне кім кепіл? Көп шарпысуға бармай, поселкеде де түнемей, келген іздерімен жөпелдем кері кеткендерінде де бір кеп бар сияқты. Кеше кешкісін Марфа қатындарға «ертең бірің қалмай көшеге шығасың, казактарды кастрюльдермен жайпаймыз» деген жок па еді? Бұл не: әйтеуір өгіз оғы далбаса ма, әлде ауызға құдай салып тұр ма, болмаса ертеңгі күннің бал ашқандай анық болжамы ма? Жай ғана қатардағы Марфандың ойы жеткенге мұның ойы неғып жетпеген. Дүниені біржола тындырып тастағандай мұның қам-қарекетсіз, аяқты көсліп шалжып жатқаны несі?!

Ол қараңғы бөлмеде сипалап жүріп, киімін тауып киініп, сыртқа шықты. О, ғажап! Даңа айтса танығысыз, қарқылаулап жер түгел ағарып қалыпты. Қара майға, мазутқа белшесінен малшынған кір-қожалақ поселок түгел әктең, жаңалап тастағандай аппақ. Ауада қолқанды қауып, аңқып тұратын бензин иісі атымен жок, саумалдай тап-таза. Жайықbastan аздап жел білініп, қар сәл-пәл үйтқып, құстың қындей қырышықтанып түйір-түйір боп жауып тұр.

Ахтан поселкені аралап, ауыл сыртындағы қара жолға қарай шықты. Мақсаты — күзетті тексеру еді. Ауыл шетіндеңі окшау тұран клубтың жанында Яшка жігіттерімен

төрт көздері түгел от жағып ояу отыр екен. Өркеші шатырмен таласқан жардай қара атан ықтасында шөпті күрт-күрт күйсеп, басына қонған қарды сілкіп тастап жәйімен тұр. Жігіттердің өздеріне тапсырылған шаруаға ұқыптылығы Ахтанға ұнады.

— Қалай, жігіттер, тыныштық па?

— Тыныш, тып-тыныш...

— Қалай ойлайсындар? Казактар орала ма, жоқ па?

— Оралуы да, оралмауы да ғажап емес.

— Бір кетуін кетті ғой. Бірақ ойларында не барын кім білген? Қызылдар тықсырып, жандарын көздеріне көрсетпесе, қайтып оралудан жұздері жаңар дейсің бе?

— Жаман айтпай, жақсы жоқ, қайтып оралғандай болса, не істейміз?

— Аяғына жығылар деймісің? Дұрыстап тұрып қарсы аламыз.

Ахтан ауыл сыртында ағараңдап сұлқ жатқан жазыққа көз қыдыртты.

— Оларды сағынып тұрган мен жоқ. Қаралары сол батқан күйі біржола батса екен. Бірақ мен білетін казакорыс болса оңайлықпен кете қоймас. Артына бүккен бір құқайлары болар. Келе қалғандай болса, поселкеге кіргізбеген жөн болар еді.

Жігіттер мәселеңің жәй әңгіме емес, ертеңгі күндері үшін аса маңызды шаруа екенін түсініп, ауыл сыртына ойлы жұзбен көз жүгіртті. Яшка да бөркін алып, төбесін қайта-қайта қасып, қатты мазаланып тұр.

— Поселкеге жолатпаған әлбетте жақсы болар еді. Бірақ өзі шағын күшті шашыратып алмаймыз ба,— деп қауіп айтты ол ақыры.— Поселок дегенмен де айналасы ат шаптырым. Қорғау оңай болмайды.

— Әлбетте, әлбетте,— деп қарсылық білдірmedі Ахтан.— Олардың завод пен қоймаға ұмтылатындары айдан анық. Көкейлерін тескен сол ғой. Бірақ салғаннан иектетіп қоя бермей, әр қадымдарын мұң қылып, біраз жұлмалассақ дегенім де. Ол казактарың поселкеге енсе, жәйін елге тиісіп, ауылға от қоюы да ғажап емес.— Ол бұрылып ауылдың арғы бетіндегі мұржалары сорайған завод жаққа көз тікті.— Шіркін заводқа дейін біраз тұтелесек, тамаша болар еді.

Яшка ойланып барып, жауап қатты:

— Несі бар? Қажет десеніз ауыл шетіне қорғаныс құруға әбден болады. Әрине, қазір жер қопарып, окоп қазу қын. Бірақ оқ жетер, оқ жетер жерден құбыр үйіп, бекініс

жасап алуға болады. Сосын темір бөшкелер де тамашағой. Оқ өтпейді, доңғалатып жүріп гүмпітеміз.

— Олай болса, қатып кетер еді,— деп қуанып қалды Ахтан.— Казактардың ең қауіптісі — шабуылы. Қайыру бермей баса-көктеп кетуі ғажап емес. Ат арқасынан бір гүсіріп алсақ, тайталасуға болады.

— Ендеше, қара жолдың бойына баррикада жасайық.

— Дұрыс айтасың, баррикада! Жұмысшылар патша әскерін баррикадамен-ақ сілесін қатырған. Ендеше, ұрыста тұрыс жок. Кірісіндер, жігіттер. Таң атқанша әлі қашан? Біраз шаруаның басын қайырамыз.

Ахтан бұрылып кете бергенде, Яшка оған тосын сауал қойды.

— Жолдас, Ахтан, осы Ракушада кеңес үкіметі жеңді кеңес орнықты деп айта аламыз ба?

Ахтан бұл мәселені түптең ойлаған жоқ-ты. Яшканың сауалының астарында қандай мән барын бірден андай алмай, сәл күмілжіп барып жауап қатты.

— Эрине, кеңес үкіметі орнады... орнады деуге толық қақымыз бар.

— Ендеше, қызыл жалау неге тікпейміз?

— Иә, айтқандай,— деп Ахтан күлім қақты.— Бәсекеймін-ау, неге көтермейміз?! Тіпті ойға келмепті.

— Қызыл жалау тігуге рұқсат қой?

— Әлбетте, тігіндер! Жағалай тігіндер! Желбіресін жұмысшы қанына боялған қызыл ту!

Кырбық қар жер бетін тегіс жауып, аяз білініп аяқ асты сықырлай бастады. Ахтан баракқа тақай бергенде, көше жақтан түйелі арбаның тарсылы естілді. Жігіттер құбырғасуға аттанды ма, әлде завод жаққа жалау тігуге кетіп бара жатқандары ма — әйтеуір салдырлаған арба үнімен қабат шырқалған ән құлаққа жетті.

Ах, тачанка, ростовчанка,

Наша гордость и краса...

Ахтан миығынан жымиды. Құдай-ау, Қажығалидан ән шығады деп кім ойлаған? Сырын ішіне бүгіп жүр екен пәлекет. Мұндай әнді қашан, кімнен үйренді десеңші? Көрдің бе, елдің қолма-қол қағып алып, «Ах, тачанкалап» бара жатқанын. Не дегенмен де, өзі бір оқ қағары бар, иті ілгері басқан ырысты жігіт. Әйелге дегендегі аузының салымын айтсаңшы — құрық салдырмайтын небір кекірт-керік сұлуулар оның аяғын жууға әзір — мұнда не сыр барын?!

Бөлмеге келсе, жігіттер қорылдаң қатты ұйықтап жатыр

екен. Ахтан үшеуін де оятып тұрғызып алды. Серіктегі оған үйқылы-ояу сыйырая қаасты.

Ибраһим абзи, Тәңізбай екеуің киін,— деді Ахтан. Түйе арбаны жегіндер де, қара жол бойына шолғынға шығындар. Кешегі казактар тегін кетпеген сияқты. Қайтып орала ма деген қаупім бар.

Жігіттер артық-ауыз сөзге келмей, үнсіз киініп, барактың ығында сабанды тұрган қара атанды ырдуан арбаға жекті де, ауыл сыртындағы қара жолға қарай бет түзеді?

0

Құбыр жолына қарай-қарай аралдағы Митричтің көзі талды. Үйшігіне кіреді де, бөксе басып отыра алмай, іле-шала сыртқа қайта шығады. Мидай жазық құбыр жолында қыбырлаған жаң, көз сүрінер қара жоқ. «Апрай, бұларға не болды?— деп мазасызданады шал.— Кеше келулері керек еді. Міне, бүгін тағы да түс ауып барады. Тірі жаң жоқ. Көлденең бір пәлеге үшырамаса неғылсын?»

Шал үйшігіне кіріп, қазандық астына жаңқа толтырды. Пеш үстіндегі шәйнегі буы бұрқылдалап, төгіліп-шашылып сарқылдалап қайнап тұр. Бұл оның бүгіндікке нешінші рет қайнауы екенін бір құдай біледі. Шай ішуге оқталғалы қашан, бірақ тамағынан қару су өтетін түрі жоқ. Шал тере-зенің қырауын тырнағымен үгіп, көздей тесіктен құрылых жаққа тағы да көз жүгіртті. Жоқ, түяқ серпіп тырп еткен тірі жаң жоқ.

Аяғына оралып, еркелеген жазықсыз жалғыз серігі тарғыл мысықты «өй, нағлет!» деп аяғымен теуіп жіберіп, орнынан тұрды. Ол казарма жанынан өте беріп, атын ертеп жатқан поручик Озоринді көргенде ғана, өзінің бұлай қарай неге келе жатқанына аң-таң болды.

— Қайда жол шықтыңыз, Митрич,— деді Озорин.

— Сіріңке бітіп қалып,— деп қалтасын қақты шал.— Жігіттер өздерінде ме?

— Жоқ. Мұз үстінде. Мә!— деп поручик сіріңке тас тады.— Ауырмайсыз ба — көрінбейсіз ғой?

— Кәріліктің несі сән дейсің? Тұла бойым түгел қак сайды.— Шал ыңқылдалап иығын уқалады.— Қазан қайнатар бірдеме ұстап жатыр ма жігіттер? Алабұғаның жемге шабатын кезі ғой, нақ қазір.

— Әй!— деп қолын сілтеді поручик.— Еріккеннің ермегі де, әйтеуір уақыт өткізу. Кой деп, тыңдата алмай-ак қажыдым.

— Еті үйрәнген кәсіптері, қайдан қойсын. Қазір ештеңе емес, жазда көрсөніз — бірі қалмай түгел теңіз кезіп кетеді. Күзет бетімен қалады.

Озорин қолды бір сілтеп атына мінді де, қақпаға қарай аяңдады. Бұл бір әдемі, сәнкөй офицердің арал күзетіне келгеніне екі-үш айдың жүзі ғана болған. Келісімен бетімен кеткен күзетке тәртіп орнатам деп қатты кірісп еді. Онысы босқа төккен арамтер болды білем. Атыраудың иен ортасындағы шалғай аралдың бірыңғай тірлігінің өзі адамды қарадай жидітіп жіберетін әдеті. Жүріс-тұрыс молайып, аяқ-қол ұзарған жаз айлары ештеңе емес: кемелер қатынап, келім-кетім жиілейді, оқта-текте болса да басына орамал тартқанды көріп, алыстан иісін иіскелегенге мәз болып, ыржандасып қалады. Ал ең қыныны — айнала тәніректі сіреу мұз қоршаған, тірі жан аяқ ізін салмайтын ішектей шұбалған мына ұзак қыс, әбден зеріктіріп жібереді. Бір күнің бір күніңден айнымай, ақыры аптаның күндерінен шатысып тынасың. Жалғыз ғана еңсе көтеріп, көңіл сергітетін күн — айына бір рет азық әкелуге Гурьевке қатынайтын сапар. Мен барам да, мен барам деп таласып пышаққа түсे жаздайды. Азық-тұлік әкелуге кеткендердің қаланың қақпасынан аттасымен іздейтіндері арақ пен әйел. Содан кейінгі шаруалары — сауда: жабылып жүріп, жаз бойы жиып-терген балықтарын, күзетшілердің көнетоз киімдерін сатады, соның бәріне арақ алады. Сапаршылар қаладан оралған соң, аралдағылар бір жұма бас көтермей жатып іshedі. Ара-тұра күзетшілер не жасырынып, не бастықтарынан сұранып, Ракуша, Ескене сияқты поселкелерге арақ іздең кетеді. Арақ жүрген жерде не опа болушы еді: күзет арасында жанжал, төбелес, бір-біріне қару кезенушілік етек алған. Бірде екі солдат аракқа сылқия тойып алып, қарауыл мұнарасына жан баласын жуытпай, бұқіл командамен күнұзак атысқаны бар. Құдай сақтағанда, әйтеуір өлім-жітім болған жоқ. Тексеру кезінде күзетшілердің араққа қару-жаракты сатып жібергендері ашылып қалып, бұрынғы күзет бастығы содан ақсады.

Поручик Озорин тізгінді қаттырақ тартып, күзетті тәртіпке иген сияқты еді. Бірақ ол қыжылы алғашқы кездегі жәй әншнейін тыз етпе болды ма, аралдың тірлігі қайтадан қожырай бастаған тәрізді. Күзетшілер бет-бетімен лағып, мұз жағалап қармақ салып жүр. Поручик сүйекке сіңген ол дағдыны тыя алмады. Тыя алмаған себебі: күзетшілердің ерігіп жүрген ештеңесі жоқ-ты. Балық аулап, қазан қайнаттырып, бұқіл командаға ыстық сорпа ішкізіп

отырған. Бұл жерде шөміштен қысқаннан абырой таппасың белгілі.

Шет шығандағы мұндай жабайы аралда емес, қызырқын, қатын-қалашы көп ырду-дырдудың қалың ортасында болуға жаралғандай әдемі, сұлу Озориннің де зеріге бастаған сыңайы бар. Балыққа тойып, түс мезгілінде бір мызғып алғаннан кейінгі ермегі аулада тұрып семіріп, мейіздей қатқан ақ боз аты. Ертелі-кеш соны төңіректейді, сылап-сипап, жалын сүзіп, құйрығын тарап атының жанынан шықпайды. Түс ауа ақбоздың құйрығын түйіп, ер салып кешкі салқынмен өзін де, атын да акқырау ғып аралды екі айналып шығады. Естулерінше, ақбоз — бір үлкен тойда жүлде алған жүйрік. Десе дегендей, өзі де көруге көз керек, оқтаудай жарап жұтынып тұрған жануар, су шайқамайтын тайпалған жорға. Тағасымен мұз қарпың, ізіне боран соқтырып жұлындаі суырылып жүлдизша аққанда көзің сүйсініп, таңдай қақпасыңа лаж жоқ.

Митрич аяңдап отырып жағалауға шықты. Күзетшілер дәу темір баржының ықтасынында бүттарының арасынан көздей-көздей ойық тесіп алып, жылтырауықтарын жылтылдатып қармақ салып отыр. Айналалары шашылған балық. Дүниенің бар бояуын үстіне жиған көк ала, қызыл барқын, көк жасыл алпауыз алабұғалардың бірі желбезек қағып әлі тыптырлап жатыр, екіншілері сексеуілдей сіресіп мұзға жабысып қатып қалыпты.

- Кәсіп қандай болсын!
- Айтсын... көрінбейсіз ғой, атай?
- Көзге сүйел боп қайтемін. Жатырмын апанымда. Кәріліктің күні құрысын.
- Иә, биыл алдырыңқырадыңыз білем...
- Қармағыңыз бар ма? Келіңіз, отыра қалыңыз.
- О, оған денсаулық көтермейді, шырактарым. Мына аяғы құрғыр бүгілмей қалды. Майланбаған тегершіктей шиық-шиық етеді.— Шал аузынан буы бұрқырап құрк-құрк жетелді.— Мына күні құрғыр да аяқ астынан ұшынып кетті ғой.
- Иә, айтатыны. Жоқ.
- Қазандық балық алыңыз, қария.
- Рахмет, рахмет.

Тұнімен қылауытқан қар басылғанмен, айнала төңіректі пышақ сырты ақ ұлпамен көмкеріп кетті. Мұз үстінде адам ізі жосылып жатыр. Күн қабағы да кешегідей емес, бүгін түгі бетіне шығып тұтігіп тұр. Күзетшілер қаншама жылы киінді дегенмен, қолдары қармақ боп үсіп-тоңып,

беттері көкпенбек бол көгеріп кетіпті. Эйтсе де балық қызығынан бас тарту ойларында жоқ, тайлы-таяғына дейін қалмай топылып осында жүр. Тіпті мұнара басындағы қарауыл да қармақшылар жанында. «Өздерін қырғауылдай соғып, қаптаң алатын бір дер шақ екен» деп ойлады Митрич. Келеміз деп уәде байласқан серіктерінің кешігіп жатқанын еске алған шал құбыр жолына көз сүзіп, басын шайқап терең күрсініп қойды. «Апрай, бұларға не болды? Жәй кешіксе жарап еді?»

Балық қызығына берілген қармақшылар тоңып жаурасада, орындарынан тырп етіп қозғалмаған соң, босқа сандалғаң бір-екеуі жар басына қазан көтеріп, балық асуға кіріспті. Ошақтан от жалпылдаған, қазаннан бу бұрқырап, ауаға балық сорпасының иісі тарай бастады. Қармақшылар қармағын қимағанмен, қазан жаққа танауды төсеп жалтақ-жалтақ қарап отыр. Мұнара басындағы қарауылын тастап қаңғып жүрген күзетші айналып үйіріліп қазан маңынан шыргалап шыға алар емес. Жас балықтың бұрқыраған тәтті иісі екі-үш алабұға алыш, лашығына қарай ойыса берген шалды да жолынан айнытып, өзіне қарай еріксіз сүйреді!

- Ох! Ох!
- Пай! Пай!
- Кетті! Кетті біздің қоппа!
- Отрысты қара.

Поручик Озорин тұл бойында бір мін жоқ жұтынған ақбозымен жел тұрғызып, қармақшылардың жанынан дауылдатып өте берді. Көз жауын алатын сүмбідей жануар сіреу мұзды тағасымен қарш-қарш тіліп, ізіне боран туғызып, құстай ұшып, жұлдыздай ағып барады. Озорин ат арқасында қаққан қазықтай шаншылып отыр.

- Пай-пай! Сәйгүлік деп осыны айт!
- Аяқты қалай-қалай тастайды, шіркінің!
- Мына біздің мақтансақтың отырысын қарандар!
- Немене, мұнда атын баптауға келген бе? Бізге қыр көрсеткені ме? Ененде ұрайын! Өл де маған...
- Көзге күйік қылмай, мұсатыр беріп ақбозының аяғын аспаннан келтірейін бе осы?!
- Сұлуулығынан басқа ол жануарда не кінә бар? Мұсатыр беріп қатырғыш болсан, поручиктің өзін қатыр.

Күзетшілердің өз командирі туралы пікірі онша емес-ті. Оның шыр жұқпаған тесік қалта екенине қарамай, бай-патшадай паңдығын, таңертең қырынғанда иіссу шашып, бетіне опа жағатын сәнқойлығын айтып, сыртынан сып-

сыңдал әжүа етісті. Әйткенмен, күзетшілердің наразылығы осындай күнкіл-сұңқілден аса қойған да ештеңесі жок-ты.

— Эй, қасқа бала, қасқаң қайнайды ғой. Тез зыт! — деп ақыл қосты қармақшылар, әлі де айналышықтан қазан жанынан шыға алмай жүрген қарауылға.

Қарауыл қолтығына шикілі-пісілі бір-екі алабұғаны тыға салып, поручик аралды айналып келгенше, орнына жету үшін қарауыл мұнарасына қарай томпаңдады.

Қармақшылар балықты түсіріп, енді ғана ауыздарына ала бергенде, мұнара басындағы күзетші данғырлатып шың қақты. Қармақшылар мұнара жаққа одырайсты.

— Ененді үрайын, мынаған жын қөрінді ме?

— Балығымызды жегізбейін деді ғой.

Күзетші батыс бетке қолын сілтелеп қойып, әлдекіммен айқайласып сөйлесе бастады. Асылы, шың қағылған соң, поручик Озорин қарауыл мұнарасына бұрылса керек. Айтқандай-ақ, іле-шала оның мұнараға өрмелеген қарасы да көзге шалынды. Поручик Жайық бетті дүрбімен ұзақ шолды.

Сәлден кейін күзетші дабырлатып тағы да дабыл қақты. Мұз үстіндегі қармақшылар абыр-сабыр болысты: казармаға қайтайын десе балықты көздері қимайды, қайтпайын десе данғырлаған дабыл жан қояр өмес.

— Мына қырсықты қарашы! Басқа уақыт құрып қалғандай.

— «Кедейдің аузы аққа тисе, мұрны қанайды» деген осы.

— Қой, жүріндер, ағайындар! Мына дабыл тегін дабыл өмес.

Күзетшілер балықтарын қолтықтап казармаға қарай шұбалды. Поручик Озорин казарманың алдында ызадан қып-қызыл боп тырсыип тұр екен.

— Қаруғ-а-а! — деп жанұшыра айғай салды ол.

— Не боп қалды?

— Жайшылық па, поручик мырза?

— Жап аузыңды! Бол, тез! Онбаған өңкей!

Күзетшілер апылып-қапылып бесатарларын көтеріп есік алдына шыққанда:

— Сап түзе! — деп ақырды поручик.

Күзетшілер сапты да ұмытып қалған ба, орындарын габа алмай, бір-біріне әрі тұр, бері тұр десіп, әбігер болыс-ғы. Мұны көрген поручик зығырданы қайнап, намыстан қалш-қалш етті.

— Сендерді де біреу әскер дейді-ау. Әскер емес қаң-

E:\18_09_13\edil\edil0.tif page 579
ғыбас тобырсындар! Тфу! Өздерің жақсылықты білмейтін хайуан екенсің шетінен.— Ол жақын тұрған біреудің қолынан бесатарды жұлып алып, аузын күнге қаратып, ұңғысына үңілді.— Тфу! Өрмекші жұмыртқалай бастапты!— Поручик бесатарды анадай жерге қарастіне лақтырып жіберді.— Мынауың қару емес, көсеу! От алмайтын да шығар.— Ол күзетшілерге тыжырына қарады.— Қалай азғындаған кеткенсіңдер? Сендерді қасиетті Ресейдің солдаты деп айтуға ауыз бармайды,— деп алып, бесатарсыз қалған күзетшіге шүйлікті.— Ал сен найсан гаупфахтыда шірисің.

Мұрты салбыраған карт күзетші қып-қызыл мұрнын бір үқалап алып, тіл қатты:

— Дабылды жай қақтыңыз ба, поручик мырза? Аманшылық па?

Поручик Озорин оның сап тәртібін бұзып, рұқсатсыз сөзге киліккеніне тыжырынып қалғанмен, мән-жайды түсіндіруге мәжбүр болды. Жайық беттен мұз жағалаған отыз шақты ат шананың қарасы көрінді. Сырт тұрпат, киім киістеріне қарағанда балықшыларға ұқсайды. Алайда, анық-қанығына көз жеткізу үшін алдарынан шолғыншы жіберу қажет. Ол екі күзетшінің атын атап, саптан шығарды да, не істеу керектігін түсіндірді: алдарынан шығып кім екендерін біледі, балықшылар болса кері қайтсын, бұл жақта оларға тірелген шаруа жок. Ал басқа шаруамен жүрген өз адамдары болса, арнайы рұқсат берілгенше кідіре тұрсын.

Екі күзетші торшолақты жегіп, шанамен шолғынға аттанды.

Айлы күні аманда, бейсеует жолаушылардың қарасы көрінуі аралдағыларды кәдімгідей алаңдатып тастаған еді. Олар үй сыртындағы күресін төмпеге көтеріліп, күн астында Жайықтың қалың қамысты жағалауын ықтасындаң қаздай тізіліп келе жатқан көп шанаға көз тікті. Қызыл мұрнын, салқы мұрт карт күзетші көзі суланып қарап-қарап тұрды да:

— Мыналар тегін адамдар емес, поручик мырза,— деді.— Бұл манда балықшы қауым атымен болған емес. Ең жақын дегені Порховинск батағасы. Олар бұл жаққа аяқ баспайды. Жоқ, бұлар балықшы емес. Мынауың кәдімгі қарақұрым қарулы қосын ғой.

— Кірешілер емес пе?

— Олар мұнан не алады?— Карт күзетші поручиктің дүrbісін алып, жолаушыларды шолды.— Жоқ, кірешілер

емес. Ұксамайды. Кіреші болса, кірелері қайда? Түгел жайдак шанамен келеді.

Озорин оның жау шақырып тықыршығанына онша мән бермегі. Откенде Үйшікке барып қайтқанда шегініс болуы ғажап емес, әскер мұліктегі Атыраудың орта тұсында тұрған мұз жарғыштарға тасылады, не Маңғыстауға кіремен жөнелтіледі дегенді естігені бар-ды. «Сол кірешілер емес пе?» деп көнілі алаң боп тұрғаны.

— Кезектесіп қарап, көз жазбандар! — деді де ол корғанғандай жағдай болса не істеу керегін алдын ала анықтап алу үшін, аралды аралап кетті.

Айналасын тұрпі сыммен торлаған, теңіз ортасындағы тақиядай ғана шағын арал. Мұнай құятын дәу-дәу шандар, не заманнан бері құрлықта қайырлап жатқан, екі қабырғасын үңгіп отқа жаға бастаған үйдей-үйдей ағаш кемелер, жамбастаған темір баржылар, жүк сүйрейтін буксирлер өз алдына. Көнілі алаң поручик оның бірде-бірін көрген жоқ. Орынбордан шегінді, Оралдан азар дегенде жан сауғалап сыйылып шықты, енді Гурьевке де табан тіреп тұрактай алмай, ит байласа тұрғысыз құла тұз, иен жапан Маңғыстауға ойыспақ. Бұл не болғаны, не деген бітпейтін шегініс бұл? Асқан дәuletті болмаса да, мұқтаждық көрмей ішіп-жеуіне жететін мал-мұлкі бар орта шаруаның баласы Озоринге Орынбор маңындағы туған селеніне қайтып оралып, түнде қыз оятып, қызық дәурен кешуден өзге арман жоқ-ты. Бірақ соның көзден бір-бір үшқан түрі бар, күннен күн өткен сайын Кучумкасына жақындау орнына, арқаны сырт салып алыстап барады. Бұл не болғаны, ойпырм-ай? Содан басқа айтары жоқ, ол қазір де басын шайқап құрсініп қана қойды.

Күзет дауыстап шақырып, іздең жатқан соң, Озорин ентігіп казарма жанына қайтып оралды.

— Н-не, не боп қалды?

— Шолғыншыларға тоқтамады. Шанашылар күп, шолғыншылар қашып келеді.

Қар жамылған теп-тегіс жалпақ айдын үстіндегі әрекет жәй көзге де анық көрініп тұрғанмен, Озорин көзіне дүрбі апарды. Шолғыншылар торшолакты сабалап далбақтап қашып келеді. Ізіндегілер онша өңмендей қоймаған — үзак жолдан қажып болдырған ба — өздерінің ауыздарынан, көліктерінің танауынан бу бұрқ-бұрқ етеді. Озорин олардың қолдарында қаруы барын, өздері өңкей қазақ екенін анық айырды.

— Қазақтар ғой. Бұларға не жоқ?

— Қазір оларға да жел біткен. Көресіні осылардан көреміз әлі.

— Кімдер? Қайдан жүргөн адамдар?

— Мен бірдеме білсем, Қарабастың қағындылары,— деді кәрі күзетші.— Өздері бізбен көптен араз. Қарымта қайырмак та.

— Ендеше, дұрыстап қарсы алайық. Сыбағасын берейік, бәлемдердің,— деп мықтымсыған Озорин басына папахын бастыра киіп еді, кәрі күзетші шырылдаپ қоя берді.

— Ол не дегеніңіз, поручик мырза? Сіз оларды білмейді екенсіз. Мына Атырауды жұдырығында бір уыс қып ұстап тұрған қанішер қарақшы емес пе шетінен. Олардың жанында қызылдың өзі айналайын қарағым.

— Енді не істе дейсің?

— Зыту керек, поручик мырза! Зыту!

Екі-үш күзетші казарма ауласынан аттарды шығарып, төрт аяқты арбаларды жеге бастап еді.

— Эй, сендер не істегелі жүрсіндер?— деп айғай салды Озорин.— Немене, жаудың қарасы көрінді деп тұра қашпақсындар ма?

— Дайын тұрсын да...

— Оларға тиіспеніз,— деп ара түсті кәрі күзетші.— Дұрыс істеп жатыр. Дайын тұрғаның артықтыры жок.

— Немене сендер, қарабайыр балықшыдан зәрелерің үшін. Эскер аттарың қайда? Пулемет бар емес пе?!

— Оларда пулемет жок па екен? Болғанда пулеметтің көкесі соларда — шетелдік...

Сол екі арада сүрініп-қабынып жағалауға іліккен шолғышылар аралды басына көтеріп ойбайға басты:

— Ойбай! Карабас, Карабас қарақшылары. Елу қаралы адам... мұздай қарулы... Пулеметтері бар.

Озорин, шынында да, Қарабасты, Қарабас теңізшілерінің кім екенін білмеуші еді. Ол қазір әскер басымен қайдағы бір балықшылардан серіктерінің зәре-құты қашып, іннен-інгे кіргендей болғанына намысы келді. Ол айғайлап жекіп, күзетшілерді жар жағасына қарай бастап алып жүрді. Майданнан алған азын-аулак тәжірибесіне сүйеніп, аралдың жағалауына, кеме-қайықтардың арасына шеп күрді. Жалғыз пулеметті жар басында жамбастап жатқан кеменің биігіне орналастырды. Содан кейін жәрдемшісіне ақбозын алдырып, арқасына конып, келсең кел деп, жар жиегінде қасқайып тұрды.

Поручик Озорин әдемі гана емес, айбарлы да батыл

жігіт еді. Әркімнің кеудесіне бір аяқ ас сыйды дегендей, тәрбиесі болмады — тәрбиесі болғанда артына қол ерткен қайқы қылыш сарыала жағалы қолбасшы шығуы да ғажап емес-ті. Оның келе жатқан жаудан жасқанбай, қасқайып қарсы тұрғаны — әлгінде абыржыған күзетшілерге дем беріп, қайратына қайрат қосқандай еді. Күзетшілер ширығып, қактығысқа қолайлы жерлерден орын сайлай бастаған.

Жалба тымақ балықшылар ештеңеден бейхабар жандардай мылтығы андалаған тосқауылдың аранды аузына өздері кеп түсердей-ақ, беттерінен танбай төтелеп тарта берді де, тек оқ жетер жерге жақындағанда ғана жалт беріп, екіге жарылып, аралды қос қапталынан орағыта бастағанда, Озорин сасқанынан тамағына тас кептелгендей, даусы шықпай, екі қолын ербенде берді. Бір кездे ғана барып:

— Күзет! Екіге жарыл! — деп айғай салды.

Күзетшілер оның айғайынсыз-ақ өздері де екіге жарылып, жар жағалап бұқпаңдап жүгіре бастаған. Озорин біресе он қапталға, біресе сол қапталға атын тепкілеп есі шықты. Жалғыз пулеметті қайда апарарын білмей аласұрды. Сөйтіп тұрғанда теңізшілердің әрекетін көріп, олардың қандай жандар екенін енді ғана түсінгендей, иек-иегіне тимей тұла бойы қалтырап қоя берді. Олар аттарын жөпелдем туарып, мұз үстіне қалмақбаулап иіре салып, тұс-тұстан шаналарды беттеріне қалқалап аралға қарай жылжи бастаған.

— Көрдіңіз бе? Мен сізге не деп едім. Білмейсіз, білгеннің тілін алмайсыз,— деп бажылдады кәрі күзетші.— Қазір әкемізді танытады. Түгел тұтқындайды. Сосын Ауғанға апарып құлғып сатып жібереді.

— Бажылдама! Жүр бері! Тез!

Озорин жәрдемшісі, пулеметші және кәрі күзетшіні ілестіріп мұнай қоймаларына қарай жүгірді. Кәрі күзетшіні арбаларды әкелуге жіберді де, өзі жолшыбай жер-жерде шашылып жатқан дәу арқаның бірін тақымына қысып сүйрете кетті. Лашығының жанынан өте бергенде Митрич шал бұларға қарсы жолықты.

— Эй, шал, жау тиіп жатқанда, сен үңгірінде неге тығылып отырсың?

— Қандай жау? Өздерің не істегелі жүрсіндер?

Шал олардың жаман пиғылын айтпай танып, бірге ілесе жүрді. Озорин арқанды дәу темір шандардың жанына бір жерге үйгізіп, жәрдемшісіне бензин табуға бұйырды.

Бензин көп іздетпей-ақ, сол мандағы ескі бөшкелердің бірінен қезіге кетті. Жанталасып жүріп шүйме арқанды бензинге малышты да, бір ұшын жәрдемшісінің қолына ұстасып:

— Кәне, өрмелे! — деп шаның төбесіне шығатын темір баспалдақты нұскады.

— Ау, ағайын, не істегелі жүрсіндер? — деп шыр-пыр болды шал.

— Не істегенді қазір көресің! Жаның барда жоғал бул арадан.

— Ау, қойсаңдаршы! Бұларың адамшылық емес қой, — деп Митрич арқанға жармаса кетіп еді, Озорин жетіп келіп:

— Мынаны қарай гөр! — деп, жағасынан ұстап сілкіледі де, итеріп жіберді.

Шал шалқасынан түсті. Екі-үш ұмтылып орнынан тұра алмай, ақыры азар дегенде басын көтерді.

— Ау, ағайын! Бұларың не? Карап тұрган мұнайдың не жазығы бар? Елдің мандай тер, табан ақы еңбегі мой.

— Өшір үніңді! Жатқан жерінде жаныңды жаһаннамға жіберсін демесен!

Аралдың тұс-тұсынан гүрс-гүрс мылтық атылып жатты. Жаны мұрнының ұшына келіп, көзі алақтаған Озорин-нің тапанщаға қол созуға мұршасы жок еді, мұршасы болғанда атып тастаудан жүзі жанбайтынын сезген шал көзге сүйел болмай, шаның тасасына қарай еңбектеді.

Жәрдемші бензин тамшылаған арқанды сүйреп темір күмбездің төбесіне шығып, бұрандалы қақпақты ашты да, арқаның ұшын шаның ішіне жіберді.

— Бол! Тез! Төмен тұс!

Жәрдемші жерге тұсер-тұспестен Озорин сіріңке шағып, арқанды тұтатып жіберді. Бензин сіңген арқан лау етіп, жалактаған от жоғары қарай өрмелей жөнелді. Осымен қойманың да, аралдың да саудасы бітіп еді. Қазір от шанды дағы бензинге тиеді де, шан жарылады, ол көлесі шанды талқандаپ солай жағалап кетеді де, қас-қағымда бұқіл арал өрт құшағына оранады. Одан балықшылардың да аман қалуы екіталай. Енді тек ебін тауып, аман-есен сыйылып шығуғана қалды.

Озорин атына конып, серіктепі пулеметті қолдасып агадай жерде кәрі күзетші алып келген арбаға қарай жүгіре бергенде, шаның қақпағына жетіп қалған отты

күртесімен сабалап жатқан шалды көріп, жүректері тоқтап қала жаздады. Озорин тапаншасын жұлып алып, жалма-жан атып жіберді. Екінші, әлде үшінші атқанда ғана шал біресе шанның ішіне құлайтындағы еңкейіп, біресе шалқа-сынан шалқалап барып, ақыры шан қақпағының тасасына жантая кетті. Серпіліп, шегеріліп қалған от қайта лаулады.

— Ал кеттік! — деп Озорин атына қамшы басты.

Сұмдық апаттың төнгенін ұққан Митрич шанның екінші жағындағы баспалдақпен төбеле өрмелеп шығып, лебі ғана жуықтаса болды лап етіп аспанға атқалы тұрған бензинге таяп қалған отты жанталаса кері бір серпіп тастап еді. Арқадан ба, кеудеден бе денесін оқ тесіп өтті де, екі аяғынан әл кетіп, шанның қақпағынан ұстаған күйі қисая барып құлады. Бірақ ол есінен танған жоқ-ты. Себебі, шандары шүпілдеген бензинге от ерні жуысса-ак болды — жыл он екі ай бойы тірнектеп жиған қазынаның, бар өмірін сарп еткен ісінің қас-қағымда күл боп көкке ұшатыны белгілі еді. Онымен бірге өзінің де мәңгі-бақиға жоғаларын, мынау қасиетті жер-ананың бетінде сүйегі тұрсын, тырнағы да қалмай, көк түтін боп әуеге ұшып кететінін анық сезді. Ол кеудесінде қыбырлаған жаны барда отты қақпаққа қарай қалай да өткізбеу керегін жанымен ұғып жандармен қарманса да, қарға адым ілгері жылжи алмады. Жылымшылап аққан қанмен бірге әлі құрып, қуаты семіп бара жатқандай. Оның үстіне шанның күмбезді төбесі бұдырсыз тегіс, көктайғақ сырғанак еді. Не шынтаққа, не тізеге тіреу таба алмай сорлады. Дегенмен шал қақпаққа қарай өршелене жанған оттан көз айырмай жатып, ілдалдан тырбанып жылжи берді. Ақыры қып-қызыл шүйме арқанға шеңгелді салды да, төмен қарай домалап сырғи жөнелді. Шанның аузынан сұрылған арқан бір құшақ от боп темір қабырғалармен сусып барып жалп етіп жерге түсті де, шал күмбездің темір шарбағына соғылып сұлқ қалды.

Үш-төрт серігімен аралдан аман-есен сыйылып шыққан поручикке жолай тағы да екі-үш күзетші қосылған. Арбаға сыйғандарынша тиеліп ап, қос торыны кезек қамшылап алды-арттарына қарамай зытып берді. Поручик Озорин ғана шан қашан жарылады, қашан аралды өрт алады деп, артына қайта-қайта үміттене жалтақтап келе жатқан. Шан жарылмақ түгіл, түтіні де шықпаған соң, әлгі шалдан бір пәле келгенін түсініп, ернін қыршып алып, қан түкірді.

Кешкі апак-сапақта теңізшілер естерін жиып, куғыншы шығаралып дегенше, олар Ракушаға қарай үзап қара үзіп кетті.

Ізбасарлар інір қараңғысында әлсіз ғана дыбыс берген шалды шанның керене теміріне кептеліп, тірі өлік боп жатқан жерінен тауып алды. Ес-түссіз Митрич таң атқанша тілге келген жок.

10

Ракуша поселкесінің таңы әлдекандай жайсыздықтан алдын-ала хабар бергендей, шұбаландаپ керіліп-созылып азар атты. Күн көзі көкжиектегі бұлыңғыр шаңыттан көп уақытқа дейін шыға алмай, әрі-сәрі боп құмырып тұрды. Ақыры, шыққанмен де, не жарыққа, не жылуға жарытқаны шамалы — науқас адамдай кіртиіп қабағын ашпады.

Ахтан бастаған жұмысшылар түгелдей поселке шетіндегі клуб маңына шоғырланып, ішке бір кіріп, бір шығып сабылысып жүр. Клубтың маңдайына төгілдіріп қызыл жалау іліпті. Мұржасынан қара тутін будақтап жатыр.

Жұмысшы жасағы сыйғаны клубта, сыймағаны далада көшеге лаулатып мазут жағып, жылынып отырғанда, қара жолдың бойынан түйенің бақырған үні естілді. Кешікпей мойны, шудасы, өркеші, әйтеуір тұла бойындағы бөлек-салактың бәрі жалпылдаپ, тапырақтап шауып келе жатқан түйенің өзі де көрінді. Жұрт атанды да, оның үстіндегі Тенізбайды да бірден-ақ жазбай таныды. Таныды да мына шабыстың тегін емесін іштері сезіп, өндери құп-қу болып сала берді. Тенізбай жолдағы шашылған құбырдан үркіп, ілгері баспаған атанды тастай салып клубқа қарай жаяу жүгірді. Бұлар да ентелеп ілгері шығып тұр еді.

— Зеңбірек, зеңбірек әкеле жатыр! — деді Тенізбай анадайдан ойбайлад.

- Қайда, қай жерде?
- Ескенеден бері шықты.
- Сандары қанша?
- Көп, кешегіден көп...
- Ибраһим абзи қайда? — деді Ахтан.

— Ол кісі мені жіберді де, өзі жөл торып қалды. Сендерге сәлем айтты.

Жігіттер, неге екені белгісіз, бастарынан бөріктерін алды. Қар жауғалы қабағы сынғандай болған күн рапы қайтадан тұлан тұтып түтіге бастаған-ды. Бет-ауыздары шаңытып, жақ жүндері үрпиіскең жігіттер Ахтанға қарады. Ахтан тағы да кешегінше безгек үрғандай қалтырап кетіп тұрган. Ол казак-орыстардың жер түбінен неге зеңбірек жетектеп келе жатқандарын айтпай-ақ түсінді.

Ахтан аузына қарап, тосылып тұрған серіктеріне бұрылды.

— Зеңбірек дегенің, әрине, ойыншық емес,— деді ол.— Завод пен қоймаға нәубет төнді білем. Оларды қорғап қалуымыз екіталай. Ал бірақ олардың сыртында өзіміз де бар емеспіз бе? Казак-орыстың қылышына құрбан болмай, өз басымызды қорғап қалу да аз шаруа емес. Эйел, бала-шағаларды тез әкету керек.

— Қайда?

— Айлаққа! Қамыс арасына.

Поселкенің шығыс жақ бетінде, күмбезді шандардың ар жағындағы қамыс арасында, көз тасада ауылдың қайықтары, мұнай жабдығына қажет моторлар, баржылар тұрған шағын айлақ бар-ды. Айлақ басында уақытша баспанана жарайтын екі-үш үй де болатын. Ахтан түйе жетектеген Досан мен тағы бір қазақ жігітіне әйелдерді, бала-шағаларды тез сонда әкетуге бұйырды да, өзі енді біршама уақыттан кейін қырғын шайқас болатын бекініс шебіне бетtedі. Іші ит ұлығандай боп келеді. Казак-орыстар зеңбірек әкеле жатса, жағдайдың шындалы қындағаны. Осы өңірдегі мұнай айыратын заводты, күмбезді шандарға бұқтырулы қыруар мұнайды қорғап қала алмайтын болды.

Ахтан жасақты үшке бөліп, біріне Тарасты, екіншісіне Яшканы басшы тағайындал, өзі серіктерімен ортаға орналасып, қара жолдың бойындағы бекініске жайғасты. Бекініс кәдімгідей әжептәуір еді. Ахтан жігіттерді жинап алып, шегінгендей жағдай болса, қалай шегіну керектігін және завод маңында қай жерде тоқайласатынын түсіндіріп, шепке жайғасуға бұйрық берді.

Жасақтың көбін екі қапталға жіберіп, ортада, шабуылдың нағыз өтінде, өздері: Ахтан, Қажығали, Теңізбай, тағы да бес-алты жұмысшы қалды. Неде болса салмақтың ауыр басын өздеріне алмақ. Жанға демеу жалғыз пулеметті де осында қалдырды. Қажығали оған құбырдың төбесінен орнықты орын таба алмай әуре болып жатыр.

— Пулеметіңді көрсетпе. Жасыра тұр,— деді Ахтан.

— Жасырам ғой. Әуелі орын сайлап алайын.

Әр адам өзіне қолайлы орын тауып, құбыр маңындағы ыбыр-жыбыр басылып, айнала төңірекке құлаққа үрған танадай тыныштық орнады. Жұмысшылар қарсы алдарындағы қара жолдың бойына, одан әрідегі төбелері қардан тұтасқан жыңғылды бүйраратқа көз тігіп үнсіз қалысты. Кешікпей жүзге жуық атты казак қара жолмен шұбалып

келіп, ауыл шетіндегі алаңға төгілді. Алаң ортасындағы бекініс шебін көріп, аттарының басын тежеді. Өздерінің азды-кемді абыржыған, таңырқаған түрлері бар.

Аласұрған Ахтан көзімен зеңбіректі іздеген. Оны таба алмай, тіпті қуанып та қалғандай еді, бірақ кейінгі жаққа келіп, шеткепі бөлек тұрған жайдак қос атты көргенде, көңілі сұлқ түсті. Көрмесе де солардың зеңбірек сүйреткен аттар екенін айтпай таныды.

— Зеңбірек біреу болды ғой,— деді Ахтан әлде қуанғаны, әлде ренжігені белгісіз, жарықшак дауыспен.— Сен екеу демеп пе едің?

— Екеуі екеу еді.— Жанында қатар жатқан Теңізбай да ілгері қарай мойнын созды.— Өз көзіммен көргем... Ибраһим абзи біреуін жайратқан ғой, шамасы...

Бастарында папахтары қоқырайған, ақшыл шолақ тондарының белін шарт буған, қаба сақал еңгезердей казактардың соғысуға құлқы жоқ сияқты еді. Аттарынан түсіп, үсті-бастарын қағып, енді біреулері ер-тұрмандарын жөндейп, шылымдарын шырып жайбарақат тұр. Тек командирлер ғана топталып алып, жан-жаққа қолдарын сілтелеп, бұлар жатқан бекініске саусактарын шошайтып қойып алдағы шайқас жайын қызу талқылай бастағандай. Ахтан қолын созып Қажығалиды шынтағынан тартты.

— Энебір ортадағыға көзің жете ме?

— Қайсысы?.. Қайсысын айтасың?

— Эне-әне... танымадың ба?

— Жоқ, танымадым.

— Өй, сен де... Өтірік айтады екенсің. Таяғы батпаған ғой, шамасы... Егоров емес пе?!

— Қойшы-ей, не дейді?

— Мә, дұрыстап қара,— деп Ахтан дүrbісін үсынды.

Қажығали көзіне дүrbіні апара беріп, қопаң етіп орнынан бір қозғалып жатты.

— Апырай, сол, соның өзі!— деп, Ахтанға аңтарыла қарады да, дүrbіге қайта тесілді.— Сол! Соның өзі. Бұл онбаған мұнда қайдан жүр?— Қажығали дүrbіні Ахтанға қайтып беріп, жанындағы пулеметіне қол созды.

— Асықпа. Сабыр ет.

Ахтан оның иығына қолын салды. Қажығали ол бірдеме айта ма деп тосып жатса, Ахтанның есіл-дерті мүлде басқа жакта екен. Қажығали қарсы алдында топтасып тұрған казак-орыстарға тесірейе көз тікті, бірақ бір тажабы оларды көрmedі. Ойына қайдағы-жайдағы оралды. Ғажап! Ға-

жап демесіңе не шара. Бұл не — тағдыр тәлкегі ме, жазмыш па? Әлде қашсан құтылмайтын құдіреті күштінің езу үшін емеуріні ме?! Өткен көктемде, бағына ма, сорына ма, осылай қарай дәм айдап Астраханнан аттап шығысмен, осы бір Егоров деген қызылкөз пәлеге душар болды. Сол ақыр аяғы ізіне шам алып түскен жаналғышына айналды. Қалай қашпасын, қайда жалтармасын — тағдырдың өзі жетектеп әкеліп, бір-біріне маңдайларын тық еткізіп түйістіре береді. Енді мұны жазмыш демей не дерсің? Екі рет ол онбағанның құрулы қақпанына түсіп, әйтеуір жарығы сөніп, наны таусылмаған соң, жырылып шықты. Көрмегені жоқ, көр азабынан басқаның бәрін көрді. Көзден айрылды, жанары суланып, бұлдырап жатқаны соның қырсығы. Енді, міне, ойламаған, күтпеген жерден тағы да үшінші рет жолығысып отыр. «Ер кезегі — үш кезек» демеуші ме еді, асылы осы актық кездесулері шығар, бұл жолы не ол, не бұл қалайда бір жайлы болмай қоймайды, реті. Тағдырдың өзі соған иіп әкеп тұр емес пе? Апрай, бұл не құдірет: о бастан жұлдыздары қарсы боп туып, бір-біріне жер басып жүргізбеуге ант-су ішіскең бе?!

* * *

Зеңбірекшілер қос атпен жалғыз зеңбіректі әскердің алдына сүйреп шығып, шыр айналдырып аузын жасақшылар бекінісіне қаратты да, аттарды туарып алып кетті. Зеңбірекшілер қолды-аяққа тұрмай зыр қаға бастады. Аузы аспанға қараған зеңбіректің ұнғысын шөгеріп, қарсы алдарындағы құбыр текшесіне дәлдеді. Оның дәлдігін бір сары ала жаға офицер тексеріп, түзету енгізді. Содан кейін зыр жүгіріп, жәшіктегі снарядтарды тасуға кірісті.

Бекіністегі жігіттер Ахтаннан, ал Ахтан болса қарсы алдарында өздеріне дайындалып жатқан ажалға арбалғандай аңыра қарап тұрды да, тек снаряд ұнғыға сарт етіп салынған кезде ғана, сәл-пәл есін жиғандай аузымен де емес, қолымен төмен түсіндер дегенді білдіріп, өзі де тасаға басын бұқты.

Аяқ астынан жан түршігерлік бір әлемет басталды да кетті. Әлдене құлак тұндыра гұрс етті де, сұлқ җатқан қара жер тітіреніп шоршып түсті. Иек астарынан бір құшак жалын аспанға атылды. Жалынмен бірге бір төбе топырак әуеге тік шаншылды. Ізінше топырак қара жерге тырсылдап қайта жауды да, аспанда шаң мен тұтін бұлт боп қалып

кійды. Алғашқы снаряд бекініске жетпей алаңың ортасына түсіп жарылды. Үрейі демесең, тірі жанға залалы болған жок.

Бұл әрекетке казактар қарқылдай құліп, зеңбірекшілер бір-біріне айқайласып, шыж-быж болып, нысананы қайтадан дәлдеуге кірісті. Бұл оңбағандар заводты бұзып, қойманы өртеу үшін емес, елді қанды қасап қып қыру үшін бекініп келген бе, қалай? Басқаны жиып қойып, қол созым жерден зеңбірегін туралап тесе атып, жасақтардың басына ақырзаман орнатпақ. Өзіңе өлім сайлап жатқанда, қайрат көрсете алмай, кімге сыйынарынды, не істерінді білмей, ажалынды күтіп көзің бақырайып босқа жатқаннан өткен қорлық жок екен. Одан жағаласып жүріп, қансырап өлгениң көп артық. Жаурағандай иек-иегіне тимей дірілдеп тұрган Ахтан серіктерінің бет алды құл болып кеткенін көріп, жырық тістерін көрсетіп, ыржың етіп езу тартты.

— Ажал жетпей, өлім жоқ, жігіттер! Қорықпандар! Кәне, темекі орайық! — деді. — Олар білгендерін істесін. Ал біз баптап тұрып темекі шегіп алайық.

Өзінді ойрандағалы жатқандарға құр қарап отырғаннан гөрі мынау табылған ақыл болды. Темекі орап, құнжыңдасып жатқанда зеңбіректің екінші атылғанын байқамай да қалды. Тек снаряд ауада жел тұрғызып, төбелерінен аңырап өткенде ғана бұға-бұға қалысқан. Олар снарядтың оқшау тұрган клубтың қабырғасына қалай соғылып, қалай құл талқан қылғанын көздерімен көрді. Клубтың өзі ме, шатыры ма желп етіп көтеріліп, қайта тұскенде, қабырғаның сылағы сау-сау етіп, кірпіштері ұшып-ұшып кетті. Тұтіні будақтаған пештің мұржасы жалп етіп құлап түсті. Колында ұстаған ожауы бар, жасаққа тамақ дайындал жүрген Марфа далаға жүгіре шығып, ожауын бұлғалап бажбаж етті де, ішке қайта кіріп кетті. Алғашқы қара қошқыл тұтінді жел ықтырып әкеткенде, клубтың апан аузындағы үңірейген қабырғасы көрінді.

Келесі снаряд тағы да бекініске жетпей жарылды. Зеңбірекшілер шаж-баж етіп, бір-бірінің бетін тырнай жаздады. Тек төртінші снаряд қана бекіністің іргесіне соғыла жарылып, қара жердің қыртысын аспанға лақтырды. Бар болғаны үш-төрт тұрба құлап түсті де, бекіністің міні кұрамады. Зеңбірекшілер ақыры діттеген нысананы тапқанына қуанғандай, снарядты бірінің соңынан бірін үсті-үстіне зулатты. Эп-сэтте-ак құбыр үйіндісінің тас-талканы шықты. Дәу темір құбырлар жаңқадай аспанға атылып, екі бүктетіліп, омырылып түсіп жатты. Ахтан мына арадан

опа таппасын біліп, серіктерін шегіндіріп әкетіп, іргедегі келесі бекініске өтіп алған-ды. Зенбірекшілер күлі шыққан бос бекіністі атуды тоқтатып, «қайтеміз?» деп басшыларынан пәрмен күтіп, дағдарып тұрды. Алыстан қашалықты алымды болғанымен, жақыннан зенбіректің мұлт жіберетін осалдығы бар-ды, бір жағынан тағы да нысанаға дөп түсе алмай рәсua боламыз ба деген қауіптері де жоқ емес-ті.

Офицерлер оңашаланып, өзара кеңес құрды: майданның жағдайы екі үдай, шыбықтай майысып қалт-құлт етіп тұрысы мынау. Қызылдардың ертелі-кеш шепті әйтеуір бір бұзып өтетіні бастағы бөріктей, ол тіпті бүгін-ертең болуы да ғажап емес, ендеши, бұлар әскерден жырылып қалуы да, өз беттерінше бөлек шегінуі де әбден мүмкін. Ал ондай жағдайда зенбірек те, снаряд та ауадай қажет. Ісірапшылыққа әсте жол беруге болмайды. Бұлдан әкелген снарядтарды әлгінде босқа шығындағанда, шырылдан жандары шыға жаздағаны сол себепті еді. Енді, мына жағалай шошайған бекіністерді атар-атпастарын білмей екіойлы боп күмілжіп тұрғандары. Әйткенмен, зенбіректен басқа сүйеніштері де жоқ-ты: шабуылға шықса — жайрап қалу қаупі бар. Не болса да зенбірекпен құйретуге пәтуаласты. Мына жалба тымақ жасақты қалайда бекіністен бөрліктіріп қуып шығу керек-ті. Сәті болайын дегенге не дауа бар: келесі снарядтар қолмен қойғандай бекіністерге дәл түсіп, жағалай акырзаман орнатып, ойрандай бастады. Ахтан жасақты шегіндіріп әкетуге мәжбүр болды: өздері клуб тасасына, Таразтар баққа, Яшка шеткі көшеге ығысты.

Ахтан жасақты шегіндіріп, өзі елдің ең сонында бекінішебінде қалғанда, кеткелі жатқан Тенізбайдың жеңінен үстап кідіртті:

— Апыр-ай, қын болды ғой, Тенке,— деді жау шебін шолып тұрған ол қамыға күрсініп.— Қиратып барады. Түбімізге жететін болды. Не ақылың бар айтатын?

— Қайдан білейін, Ақыл жетпей тұр емес пе?

— Екеуміздің біреуіміз осы арада қалуымыз керек. Я мен, я сен!

— Апыр-ай, Ахтан-ай!— Шегедей Тенізбайдың көздері аппақ боп ағарып кетті.— Мұның енді тірі өлімге жұмсағаның ғой. Жарық күнге енді жетеміз бе дегенде...

— Зенбірек тұрғанда, жарық күнді көруіміз екіталай, Біз екеуміз ғана емес, түгел қырыламыз.

— Маған сен қал деп тұрғаның ба?

— Жасақты сен қабылда ал, ендеши, мен қалайың,

— Жо-жоқ, о не дегенің.— Тенізбай көзі жоқ адамдай

Ахтанның қолын сипалап тауып, жеңінен үстады.— Жоқ, саған болмайды. Неге тұсіңбейін, тұсінемін ғой. Бір есептен осылай болғаны да жөн. Ендеше, ал кел қоштасайық.

Олар бір-бірін құшақтап біршама үнсіз тұрды. Содан кейін Ахтан не істеу керегін тұсіндірді.

— Олар қазір ілгері жылжиды. Дұрыстап жасырынып ал да, атты әскерді үстіңнен өткізіп жібер. Біз клуб жанынан кетпейміз. Бәрі ойдағыдай болса, шегінуіде жағдай жасаймыз.

Ойы мұлде басқаға ауған Теңізбай оны шала тыңдады.

— Фамилиям Жайықбаев екенін білуші ме едің? Жайықбаев. Соны ұмытпа,— дегенде, көз жасы моншақтап тұрды.— Ал тез кет! Қолдан келгенше аянбаспын. Мені күтем деп арандап қалмаңдар. Жүре беріңдер.

Ахтан артық сөзге келмей, клубқа қарай бұқпандай жөнелді.

Жасақтарды бекіністен тұріп тастаған зеңбірекшілер шегінгендердің соңынан іле-шала клубқа, Яшкалар барып жасырынған шеткі көшеге, сосын баққа қарай тағы да қос-қос снаряд жөнелтті. Содан кейін ауылдың арғы шетінде мұржалары сорайған заводты нысанаға алды. Төрт-бес дүркін атқаннан кейін завод бықсып жана бастады.

— Қап! Оқсатты-ау. Мыналардың қорлығын-ай!

— Байлап тұрып сабағандай қылды, белқасты.

— Хош бол, завод! Өз қолымызben тұрғызып едік. Сақтай алмадық.

— От әлі май қазандарға жеткен жоқ. Май қазандарға жетсе, бір-ақ қопарылады. Ертең орнын да таба алмайсың.

Мұнай қоймалары да заводтың кебін кие ме деп, Ахтан қатты қобалжып тұр еді.

— Өрт қоймаға жалғасып кетіп жүрмей ме?— деп сұрады.

— Жоқ, жалғаса қоймас. Арасы әжептәуір алыс қой. Бірақ одан не қайыр? Қазір зеңбірекпен оны да талқандайды да.

Заводтың жағдайы мынау, енді мұнай қоймасы өртенсе, бұл арада жан салып қорғайтындей ештеңе қалған жоқ. Жауған оққа кеуде төсемей, қаша ұрыс салып, адамдарды сақтау жағын ойластырганы абзал. Ол жаңағы Теңізбайды тірі өлімге жұмсағаным қате болды ма деп, тіпті шақырып қайтарып алғысы да келді. Бірақ казак-орыстар атқа қонып қалған екен. Бөріктерін маңдайларына баса киіп, шабуылға шығуға команда күтіп әзір тұр. Зеңбірек бітірер ісін бітіріп,

тынышталыпты. Поселкенің үстін тұтін көлгейлей бастап еді, зеңбірекшілер оқ шығындауға, казак-орыстар қикулап шабуылға шығуға содан ғана жасқанып тұргандай. Көлбендең көз байлаған тұтіннің арқасында мұнай қоймалары зеңбіректің кәрінен әзірше аман. Енді қорғай алса — мұнай қоймаларын ғана қорғайды. Ал завод гұрс-гұрс жарылып, жалыны аспанға шашылып лапылдаپ жанып жатқан. Ахтан енді шегінсе, қоймаға қарай шегіну керектігін ескертіп Яшкаға кісі жіберді де, осы клуб жанында казак-орыстармен дұрыстап жағаласуға бекінді.

Клубтың көше жақ сыртын Яшкаларға қалдырып, бақ жақтағы аланды бақты. Клубтың терезелерін түгел қирайтып, жігіттерді оңтайлы орындарға жайғастырды. Казак-орыстар аттарын ақырын бастырып, бері жылжыды. Бұрынғы бекініс алдына шашылған темір құбырлардан аттары үркіп азар өтті. Содан қирап, күл-талқаны шыққан ескі бекіністің жанына келіп тағы да кідірді. Жасақшыларды қалай жаншып тастаудың жөнін таппай бастары дал бол тұргандай. Ашық даладағы атусті соғысқа казак-орыс қаншалықты жанып түссе, жатып алып, аңдысып соғысуды суқаны сүймейтін. Қазір үй-үйге, таса-тасаға тығылып алған мына жасақтан оншалықты айыл жимағанымен, түбінде қансоқтағып қофадай жапыратындарына кәміл сенімді болғанымен, өлім-жітім көбейіп кете ме деп жасқанып тұрган-ды.

Көшениң арғы бетінен Яшка алақтап жүгіріп келді.

— Иә не болды?

— Неге бұлар шабуылға шықпайды? Не күтіп тұр?

— Ит біле ме? Ойлансын, қайда асырып барасың, Уақыт жетеді.

Ахтан күлімсірегендей болғанмен, көздері үрейлі Яшканың өңі құп-қу еді.

— Олар сендерге бас салмақ! — деді ол ентігіп. — Алдымен сендерді жайпайды. Жасақты бөліп жіберіп жеке-жеке жаншымак.

— Оны қайдан білдің?

— Бала кезден ерін қымылын оқитыным бар. Бәрін болмағанмен, ептең түсінемін. Олар қазір клубқа шабуыл жасамақ, тез кетіндер!

Ахтан елең етіп ойланып қалды, Яшканың сөзінде жанбар еді. Тіпті ол казактардың ым-жымына түсінбегеннің өзінде олардың ортаға сыналап кіріп, жасақты екіге бөліп тастауды ойластырып жатулары ғажап емес-ті. Бұл ой көкейіне қонған соң, Ахтан ұзак толғанып жатпастан,

жігіттерін ың-шыңсыз жиып, лықсып келген қою тутіннің астымен келесі үй — кеңсөнің тасасына ойысты.

Яшканың айтқаны айна қатесіз келді. Казактар топталып тұрды-турды да, бір кезде қикулап клубқа лап қойды. Эп-сэтте-ақ клубты қоршап алғып, ашық терезелерден ішке қарай «лимонканы» зытырды. Дағарадай клубтың шатыры желпілдеп, есік-тесігінің бәрінен көк тутін далаға бұрқ-бұрқ етті. Осы кезде кеңсөнің үлкен дәлізінің терезесіне жабысып тұрған Ахтан шыдай алмай, «Ат!» деп айқай салды. Қажығали етікпен бір періп терезені жақтауымен үшырып жіберді де, іле-шала пулеметті сақылдатып берді. Клубтың жаңы жын қаққандай ойран-ботқан болды. Аттар шыңғырды, адамдар бақырды, ат пен адам топырлап бірінің үстіне бірі үйме-жүйме құлады. Екі жақтан бірдей оқ астында қалған казак-орыстар аттылысы аттылай, жаяулысы жаяулай дүркіреп кері қашты. Ойран қырғын бұдан да жаман болатын еді, үй арасында көлбендеген тутін көз байлап, нысананы дұрыс көрсетпеді. Ахтан қарсы беттегі Яшка бастаған жасақшылар көшеге төгіліп, қашқан казактардың сонынан тұра қуғанын көріп, айғай салды:

— Қайт! Ененде үрайын, Яшка! Атып тастасын демесен қайт, кәне!

Яшка көше ортасында ошарылып, дауыстың қайдан шыққанын білмей жан-жағына алак-жұлақ етті. Ахтан терезеден көшеге қарғып түсті.

— Қайт! Жындымысың, антұрған, қайда барасың?

— Кумаймыз ба?

— Куғанды көрсетемін, мен саған. Қайт, деген соң, қайт!

Яшка бүйрекқа онша түсінбесе де, жігіттерін бетінен қайырып, бұрынғы орындарына қайта жылысты. Сол сәт оқ тиіп, көше ортасында тыптырлап жатқан атының тасасына тығылған казак-орыс оның жігіттерінің біреуін жалманынан түсірді. Қажығали казак-орысты пулеметтен көміп жіберді.

— Қап! Мынаның ақымақтығын қараши?

Ахтан жоқ жерде бір адамын шығындаған алған Яшкаға кіжінді. Ал олар болса жаралы жолдастарын сүйрелеп, үй тасасына қарай ойысқан.

— Өзің бері келші! — деп Қажығали Ахтанды қолынан ішке сүйреп енгізді. — Клубта біреулер бар сияқты.

Шынында да, ат арқасынан түсіп қалған екі-үш казак естерін жиған соң, клуб терезесінен жылтындағы бастап еді. Бұларды көре салып, үсті-үстіне гүмпілдетіп мылтық

атты. Терезе ойынына ала боран орнатып, қарсы қабырғаны шүрк тесік қылса да, жарға тасаланып алған бұл екеуі қыбыр етпеді.

— Козгалма. Мейлі, ата берсін,— деді Ахтан.

Әлгілер атып-атып, селт еткен қара көрмеген соң, өліп қалды ма, әлде бір жаққа жылыстап кетті ме деп, терезеге кептеліп сыртқа бас сұққанда, Ахтан жалма-жан алты-атардан тарс еткізіп еді, казак-орыс екі бұктетіліп сұлаپ түсіп, терезенің ойынына асылып қалды.

Өздері салған тұтіннің кесірінен өздері жапа шегіп, шығынға ұшыраған казактар клубты бетке ұстап, қалқа қылуға тырысты. Аттарын тастап, пулеметтерін сүйретіп, ілгері ентелей бастады. Ахтан Яшкаға белгі берді де, кеңсені жайына қалдырып, жалма-жан баракқа қарай жылыстап кетті. Барак қаңырап бос қалыпты. Терезелерді талқандап, одан да әжептәуір бекініс жасап алды. Барак пей кеңсенің арасында ашық алаң бар еді, сол жерден тағы бір тосып алмақ болды. Сөйтіп жатқанда алаң-жұлаң етіп Яшка да жетті.

— Ана жақта бірдеме болды!— деп Яшка қара жолдағы бекініс жаққа қолын сілтеді.— Элдене жарылды. Казактар дүрлігісіп кері жүгірді.

— Басқа не көрдің?!

— Бар көргенім осы.

Ахтан абайлап терезеге барып, бекініс жаққа мойнын созды. Ауыл үстінен шұбалған тұтін поселкенің тең жартысын тұмшалап, көзден тасалап тастапты. Ахтан басынан бөркін алдып, жақтауға сүйеніп үнсіз тұрды. Оның көзінен сорғалаған жасты көріп, Яшка шошып кетті.

— Не болды, жолдас командир?

Қажығали да бұрышқа мәндайын сүйеп, мырс-мырс жылап тұр еді. Яшканың көзі одан сайын атыздай болды.

— Түсіндірсөндерші, не болды, ойбай?

Ахтан оны жеңін ұстап, құшақтап кеудесіне қысты.

— Жолдасымыздан айрылдық,— деді көзі қып-қызыл Ахтан.— Тамаша жігіт еді. Ер жігіттің өлімімен өлді. Зенбіректерді жою үшін, әлгінде құбыр арасында жасырынып қалған. Міне, өмір дегенің осы.

Яшка не болғанын енді ғана түсініп, өлгеннің құрметіне тағзым етіп бөркін алмақ болып еді, басынан құлақшыны табылады.

— Сабыр етіндер, жігіттер,— деді ол бет әлпеті өзгеріп.— Біз де бір жолдасты беріп алдық. Бұл дүниелік болуы екіталай. Қайтеміз енді. Бұл казактармен байланыс-

пау керек еді, байланысқан соң, не болса да мандаға жазғанды көреміз де. Жалғыз олар емес, бәріміз де өмірмен коштасуымыз ғажап емес. Оған не деп болар енді?!

— Рахмет, Яшка,— деді Ахтан, оны иығынан қатты қысып тұрып.— Азамат еженсің. Тек осы сөзің үшін ғана большевиксің. Жігіттерге зенбірек құрығанын, Теңізбайдың ерлігін естірткін. Енді қорқатын дәнеңе жоқ. Тістесіп бағамыз.

Яшка серіктеріне кетті. Казак-орыстар ауыл сыртын біржола тастап, клуб пен кеңсе маңына топталды. Кеңесті ме, әлде дамылдағандары ма — сол маңда үзак кідрді. Аттары ашық алаңда, ауыл сыртындағы баяғы бекініс жанында иіріліп тұрды. Ахтан олар тынығып, әл-қуат жиып алып баракқа шабуыл жасайтын шығар деп күткен. Айтқанындай, казактар кеңсенің ығында бұларды көзбен мөлшерлеп топылып тұрды да, жан-жаққа шашырап баракты айнала қоршай бастады. Барак пен кеңсенің арасы әр жерінде құрылыска саз алған ойма шұңқырлары бар курайлы, соранды жазық еді. Казактар жер бауырлап жылжып келіп, сол тасаларға бекініп алды да, бұларды алыстан көздеп ата бастады. Оқтарының бірі жетсе, бірі жетпей тұр.

Ахтан казактардың бұл тәсіліне қайран қалды. Баракты шындалап алатын ойлары болса, бір тобы бұларды бас көтертпей атқылап, екіншілері шабуылға шығулары керек-ті. Олай болмады. Ахтан осының мәнісіне түсіне алмай, әрісәрі боп тұрғанда, Таразтан шабарман келді.

— Казактар теңіз жақтан орағытып, қоймаға қарай бет алды!

Ахтан казак-орыстардың мына айласының астарын бірден ұқты да, сөзге келмей Қажығалиды және төрт-бес жігітті ілестіріп алып, қоймаға қарай аттанды. Олар апалақтап ауыл сыртына шыққанда, жиырма шақты атты казак бақты айналып өтіп, қойма жақтағы ашық алаңға жаңа төгіліп жатыр еді. Бұлар жанұшырып қоймаға қарай жүгіргендеге, әлгілер аттарын тебініп қопандаса беріп еді. Қажығалидың пулеметін көріп ошарылып тұрып қалғанда, Ахтандар қоймаға қарай жылыштап өтіп кетті.

Казактар алаңға үстемдік етті. Олар бұл жаққа неге келді, қойманы басып алмақ болды ма, әлде жасақты сырт жағынан орамақ па — ол арасы қараңғы. Не қоймаға, не Таразтар жатқан баққа қарай өңмәндемей, не істеу керектігін ақылдасқандай алаңның ортасында иіріліп үзак тұрды. Сырт қарағанда казактардың шайқасуға

~~Көліктары оңша~~ жоқ сияқты. Бірақ осы тұрыстарының өзі де аса қауіпті. Жасақты бөліп тастап, бері қарай күштартса, бар-жоғы жеті-сегіз адамның төтеп бере алмасы анық.

Ахтан жасақтың бірі қалмай, қалай да қоймаға қарай өтсін деп, Тарас пен Яшкаға байланысшы жіберді. Жол будақтап жанып жатқан завод арқылы еді. Алғашқыда лапылдал, бұрқ-бұрқ жарылған завод қазір бықсып тутіндеп қана жатқан.

Жіберген адамы барып жетті ме, жоқ па — ~~күн көк~~ жиекке ілінгеншे ешбір хабар болмады. Ауыл ішінде атыс күшейген сайын, Ахтанның мазасы кетіп, бөксесі жер иіскемей отырған. Бір кезде бықсып жанған завод жақтан кастрюльдерін көтерген Марфа көрінгенде, Ахтан оның алдынан тұра жүгірді.

— Хабаршы жетті ме?
— Жетті, жетті.... хабарланды.
— Енде, неге шегінбейді?
— Қайдан білейін. Табандасып атысып жатыр. Қазір заводтың іргесіне таянды.

Ахтанның тызақтап тұрғаны — мұнай қоймалары мен ауылдың арасына казактар күш тартып, қойманы шабуылдай ма деген қауіп еді. Бірақ жасақшылар сияқты казактар да басқару тізгінін айрылып, соғыс жөн сілтеуге келмейтін өз бетімен жүріп жатқан сияқты еді. Ал мына аландығы казактар офицерлер желкелемесе, өз беттерінше жерден шөп көтермейтін ниет аңғартып, аттарынан түсіп, қар үстіне от жағып ыстық ішуге қамданып жатты.

Қас қарайып, көз байланған кезде, әлі бір жанып, бір сөніп айналаға алакеуім сәулесін шашқан завод арқылы жасағын ілестіріп Яшка мен Тарас қоймаға ілікті. Поселке түгелдей казактардың қолына көшіп, бұлар қары сықырлаған аязды тұнде ашық аспан астында қалды. Таңертеңней нәр татпаған жігіттердің көбі аш екен, Марфанның ботқасын жалап-жұқтап қойды.

Олар жан-жағы орланып, сыммен қоршалған қойманың қақпасы алдындағы жалғыз будканы паналады. Ахтан жігіттердің саны азайып қалғанын байқап, сұрауға бата алмай отыр еді, Тарас пен Яшканың өздері баян етті: әр жасақтан өлгені бар, жарапанғаны бар төрт-бес адамнан шығын болыпты. Жүре алмаған ауыр жаралыларды ауылға жасырып кетіпті. Ал жеңіл жаралылар қолдарын, бастарын таңып алып, саптан шыққан жоқ. Төрт-бес адам

адасып қалғаны, әлде тұтқынға түскені, болмаса қашып кеткені белгісіз — ізім-тайым.

Ахтан қару-жаракты, патрондарды санатты да, еңесі түсіп тұнжырап қалды. Жасақтың жартысынан көбі қалта түбін қакқан, құрқол, өзгелердің де мандайы шылқып жетісіп тұрғаны шамалы. Яшка Ахтанның түрі бұзылып, қатты қапылып отырғанын көріп:

— Торыққандай ештеңе жок, жолдас командин. Тұнде жорыққа шығамыз,— деді.— Патрон табамыз. Өлгендерден жинап алармыз тақа болмаса.

Жасақтың қалтасын қақтырып, патрондарды ортаға үйдірді де, Ахтан жөтеліп қойып сөз бастады:

— Ағайын,— деді ол. Сосын даусы қалтырап:— Тұрандар,— деді.— Талай қанжоса ұрысты көргем, бірақ тап бүгінгідей шайқасты көргем жок. Біз бүгін тағы да жеңіп шықтық. Казактар бізді жапырып жаншып кете алмады. Поселкені тастасаңдар — менің бүйрығым бойынша тастадыңдар. Эйтпесе олар бізді ауылдан қуып шыға алмайтын еді. Аяқ астынан бас қосқан, қарусыз қарабайыр жасақтың әскерге осыншама төтеп беруінің тарихта мысалы бар ма, жок па білмеймін, әйтеуір өз басым естіп-көрмеген оқиға. Қысқасы, кейінгі үрпақ айтып жүретіндегі іс істедіңдер. Оны кейінгілер бағалайтын шығар деп ойлаймын... Біздің революция, пролетариат өкіметі алдында арымыз таза! Ал енді...— Ахтан алдында, тақтай едендегі қос бөрік толы патронды көзімен нұсқады.— Бар байлығымыз осы. Жаудың бетін бір қайыруға жете ме, жетпей ме негайбыл. Қарулы жаумен құрқол жағаласып болмайды. Жолдастар, сіздерге кеңес өкіметі атынан көп-көп раҳмет! Қолдарыңнан келгенше аянған жоқсыңдар! Енді сіздерді құрқол отқа айдауға арым бармайды.

Будканың ішінде, есік алдында, ішке сыймай сыртта тұрған жұрттың арасында бір сәт сілтідей тыныштық орнады. Кейбір жұмысшылар сөз астарына түсінбей, көз астымен бір-бірінің қас-қабағын бағысты. Бұрышқа қысылып қалған Тарас орнынан қозғалактап, көпшіліктің кекейіндегі сауалын қойды:

— Раҳмет дегеніңізді қалай түсінеміз? Бізге кет дегеніңіз бе?

— Босқа құрбан болудың қажеті қанша? Бала-шағаларыңыздың жанына барыңыздар.

— Ал, өздеріңіз ше?

— Біз бұл қойманы актық деміміз, қасық қанымыз

қалғанша қорғауға тиіспіз. Бұйрық солай, басқаша істеуге хақымыз жоқ.

— Біз — біз дейсіз... — Федот атай тұтығып, орнынан атып тұрды.— Бізің бар-жоғы екі адам емес пе? Онымен не қиратпақсың?!

Ахтан жасақшылардың ықыласын танып, жымып езу тартты.

— Махамбет атамыз айтқандай: азды көпке тенгерген, аз болсақ та сазбыз. Мына сабазың,— ол Қажығалидың құшағына алып, арқасынан қақты.— Үш ай бойы атаман контрразведкасымен жалғыз алысып, жеңіп шықты. Өртесең от, батырсаң су алмайтын мықтың осы.

— Оның сөз емес.— Федот атай түтігіп басын шайқады.— Бүйтетін болғанда, әу баста бастамау керек еді. Бастаған еkenбіз, енді аяғына дейін пешенеге жауғанды бірге көреміз. Өмірдің қарапайым заны солай. Төрт көзіміз түгел отырып, сендерді қырғызып тастап, ертең қалай жер басып жүреміз. Елге қай бетімізben қараймыз? Кенес үкіметіне не дейміз? Жоқ, ондай, қарабет болар жайым жоқ. Өз басым ешқайда бармаймын. Не көрсем де өздеріңмен бірге көремін. Өлсем — сұрауым жоқ.

Жасақшылардың кету-кетпеу алқы-талқысы үзакқа, түннің бір уағына дейін созылды. Жұмысшылар Ахтандарды қаптаған жаудың додасына жалғыз тастап кетуге көздері, қимады, біреулері кетуден үзілді-кесілді бас тартса, екіншілері жан сауғалаған қорқақ атануды ар көріп, намысқа жығылды.

— Да, бұларың не? Бізді қор көргендерің бе? Мыналар батыр да, біз катын ба едік?!

— Намыс сендерде ғана да, бізде намыс жоқ па?

— Да, қойындар деймін! Бала-шағаны ойландар! Өмір осымен таусылғалы тұрған жоқ.

— Босқа қырылып кімді мұқатпақсың! Ақылға келіңдер, жігіттер. Сендерді қорқақсың деп, кінәлап тұрған ешкім жоқ. Жағдай солай!

Ауылға жортуылдарынан ештеңе өнбей, Яшкалар түннің ортасында құр қол қайтып оралды. Казак-орыстар өлілерін түгел жинап алып, бұрыш-бұрышқа күзет қойып, аяқты қия бастырмапты. Бұдан кейін дәмелері үзіліп, алақанға қарап қарусыз қалған жұмысшылар кетуге мәжбүр болды. Оларды желкелегендей ғып, Досанның түйе арбасына отырғызып жіберді. Эйелдерден көнбей, жасақшылармен бірге қалған жалғыз ғана Марфа. Ол ешқайда

бармайтының бірден-ақ ашып айтты. Яшка оған дүрсे қоя берді.

— Немене, казактарды ожауыңмен жамсатпақсың ба? Байқа, бұл саған кенірдекін алатын, қатын төбелес емес!

— Мені Ахтан жолдастың өзі қалдырған.

— «Ахтан жолdas...» Жанаса кетсең, бөксендең үйкейсің, саған қай еркек қарсы тұруши еді. Аяғанды білмейтін ақымаксың, Марфа. Ертең казактар кезекке қойып керсе қайтесің? Әлде керегіп жүргені сол ма?

— Ой, іріген ауыздың сөзін! Мені соларға беріп қойып, түрмаксың ба? Өйткенше еркек болмай, жер жастан.

— Ex, Марфа! Марфа! Соны көрмей-ақ, ана жаққа сенен бұрын жөнеп берсем екен...

* * *

Жасақты таратқан соң қойма жанында бар-жоғы он бес шақты адам қалды. Ахтан әр жерге күзет қойды да, басқаларына мызғып алуға рұқсат етті. Өзі көрер таңды аяғында тік тұрып, көзімен атқарды.

Таң керіліп-созылып, әдетінше боз мұнарға малынып, бұлыңғырланып атты. Шағын жасақ не әкелетіні беймәлім жаңа таңды түрпі сым керілген биік жалдың іргесінен ор қазумен қарсы алды. Ауыл әлі үйқыда. Казактар әр жерге күзетін қойып, айылдарын жимай жайбарақат жайылып жатыр. Жасақшылар орын қазып, қар үстімен кәстрөлін дарылдатып сүйреп жүріп тамак үлестірген Марфандың ботқасын жалап-жұқтап болған кезде ғана, поселке жақтан казактардың дауыстары естіліп, төбелері қылтындағай бастады. Кешікпей түгел атқа қонып, аувыл іргесіндегі жазық алаңға төгілді. Таң асқан аттарының жүрісі ширак, өздері кешегідей емес қутындастып, әлеңкедей жаланып алыпты. Күн астына көздерін сыйырайтып, қаз-қатар тізілген күмбезді шандарды, сым қоршаудың жанында тонырақ жастынып жатқан жасақшыларды жағалай шолды.

Бір бөлек оқшау тұрған офицерлерден нұскау алып, екі-үш атты казак ілгері шығып, жасақшыларға қарай жортты. Папахтары бұлғаңдап таянып келіп, аттарының басын тартты.

— Ал ағайындар! — деп тіл қатты ілкісі. — Жазықсыз жандардың қаның төге береміз бе, әлде мәмілеге келіп қоямыз ба?

Бекіністің әр жерінде шашыраңқырап жатқан Ахтан, Тарас, Яшка орындарынан тұрып, мәмілешілердің тұсына келді. Яшка Ахтанға бір қарап алып тіл қатты:

— Қантөгіске біздің де зауқымыз жок. Койсак, коялық. Ал не істе дейсіндер?

— Үсіп шашырмай, үйлеріңе қайтындар. Біреуіңнің басынан бір тал шаш түспейді. Бәрінді де түгел кешірдік.

— Бізді несіне үгіттейсің. Үйіміз өнегінде тұр. Үйлеріңе қайтатын болсаңдар, өздерің қайтындар! Сонда қантөгіс те, бәрі де тоқталады.

— Ойбай, ақымағым-ай! Құрып қаласындар ғой.

— Кім құритынын бір құдай біледі.

— Ендеңе, біз парызымыздан құтылдық. Өз обалда-рың өздеріңе!

— Қолынан екі келсе, бірін қыл!

Бұл әңгімені мәмілекерлер басшыларына жеткізісімен, сарыала жаға офицерлер аттарының іші қорқылдаған саптың алдында әрлі-берлі ойқастай бастады. Эскер ілгерікейін лек-легімен жосылып кетті де, қойманы жан-жағынан қаусырмалай, ұзын шұбақ шеп құрды. Олар ет қызумен лап қойып, басып-жаншып өтетін дағдылы қикулы шабуылана дайындалып жатты.

Жасақтың басына сын сағат төнді. Күмбезді алып шандарды әлжуаз арқаларымен қалқалап, сым қоршауды жағалай жатқан он бес қаралы адам — шеп құрған казактардан көздерін айырмай, орын-орындарында сіресіп-сіресіп қатып қалды. Таңғы ауадағы шімірік аязды, жамбастарына жастанған қатқақ тоң жердің ызғарын сезген жок. Көбелері сөгілген күс-күс қолдар бесатардың құндағын құрсаудай сығымдаپ, көздері ілгері сұғынып, бүкіл еңесімен казактарға қарай ентелесіп тұр. Біреу «Аттан!» десе болды — бірі қалмай орларынан атып-атып шығып, қаптаған жауға тап беретіндей. Яшка болмағанда мына сірескен күйлері шайқасқа дейін-ақ діңкелеп бітетін еді. Шептің бір қырынан Яшка жіңішке ашық әдемі дауыспен әндептіп қоя берді.

— Ах, тачанка, ростовчанка,
Наша гордость и краса.
Коньярмейская тачанка —
Все четыре колеса.

Алдыңғы күні Қажығали шырқаған әннің басқа сөзі есінде қалмаған ба — Яшка тек қайырмасын ғана қайталағы. Соның өзі жүрттың көнілін елең еткізуге молынан жарады. Жасақшылар естен танғандай әлі ештеңе болмағанына, өздерінің кеуделерінде жаны бар тірі екеніне көздері жеткендей мойнын созып жан-жағына қаасты. Сөйтіп

Отырып, Яшқаға қалай қосылып кеткендерін де аңдармай қалды. Міне, ғажап — әнмен бірге бойларына қуат құйылып, әлгінде ғана денені үш буып байлағандай сирестіріп тастаған қорқыныш сейіліп, жүректеріне ыстық қан жүгіріп, сол ыстықпен бірге қеудеге өжеттік, батылдық оралды. «Өлем бе, не болам» деген ой ізім-ғайым жоғалды. Сым қоршаудың ұзына бойындағы ор үсті жаңғырыққа толды.

Ах, тачанка, ростовчанка,
Наша гордость и краса...

Сайланып шабуылға әзір тұрған казак-орыстар шыңылтыр қыскы ауаны күнірентіп жіберген әннен қаймығып, тосылып қалғандай еді. Жасақшылар тамақты жырта айқайлап, өршелене түсті. Бірақ ол тасқындай домалағалы тұрған жойқын шабуылды бір сәтке кідірткенмен, біржола тоқтата алмады. Шаң-шүң командалар беріліп, ауада қылыштар жарқылдап, аттар ерсілі-қарсылы шоқытып, па-паҳтардың төбесі шошаңдаса бастады. Ізінше ұзын шұбақ атты қосын «уралап!» «аттандал!» ілгері лап қойды. Көzsіз батыр, ержүрек дегенмен де, жеңістің талай дәмін татқанмен, маңдайдан ұрған жұдырықтан беттері қайтқан кездері де аз болмаған казактар өршелене ілгері ұмтылғанда-ақ, шепті жарып өтуге қолайлы олқы тұстарды көзben іздеген. Ат үстінде жел тұрғызып келе жатқан олар — корғаушысы сирек орта белге қарай топталып ентелей берген-ді. Осы жерде пулеметін ор ішіне жасырып, Қажығали жалғыз жатқан. Казактар жақындай бергенде пулеметті шығара сап сақылдатып қоя берді. Кенеттен жаңбырдай жауған қалың оққа ұрынған топтың астан-кестені шықты: аттар омақаса құлап, казактар ер үстінен ұшып-ұшып кетті. Оларды ат тұяғымен тапап ілгері ентелегендер және тоңқалаң асты. Оқ тиіп, құлын жаны шығып шыңғырған екі-үш ат сым қоршау жанындағы орды тұмсығымен сүзе құлап, мойны астына кетіп, аяғы аспаннан келді. Байқаусыз пулемет оғына тап болған казактар аттарының басын бұрып, тез кері жалтарды.

Бірақ Ахтандар жатқан қорғаныс шебінің жағдайы онша емес-ті. Казактар сым қоршауды қылышпен турап өтіп, окоптарға ілігіп, жасақты атпен тапап, қылышпен кескілеп жатқан. Қажығали пулеметін сүйрелеп солай қарай тұра ұмтылды. Дүниені басына көтеріп айғайлап, боктаған Яшқа оны лезде қуып жетіп, басып озды. Бұйра шашы жалпылдап аяғын аннан-мыннан бір басып құстай ұшып барады. Пулеметті көріп казактар сырт қағыла берді.

Ахтанда не өң, не тұс жок, бет алды әлемтапырақ. Шеткі төрт-бес орды казактар насты-устіне келтіріп ойрандағы кетіпті. Окоптардан жазым болған жасақшылардың біреуің нің қолы, екіншісінің аяғы қарайады. Анадай жерде Марфа саусағын тістелеп, қалш-қалш етіп боздап тұр.

— Тый, тый көз жасынды! Әйтпесе жоғал бұл арадан! — Ахтан оған жер тепкілеп ақырды да, іле-шала Қажығалиға бұрылды. — Коршауды бұзды. Қауіпті жер осы ара: Сен осында қал,— деп, қауіпті сол қанатты пулеметтің еншісіне қалдырып, өзі жігіттерді орта тұска қарай ілестіріп алып кетті.

Арқасы мұздап, жаны түршіккен Қажығали өліктер қарауытқан орларға жуығысы келмей қипақтағанмен, жансақтар басқалай қолайлы орын таппаған соң, ортадағы окопқа бұрылып еді. Ор түбінде шөкелеп отырған Таасты көріп, жүрегі зу ете қалды. Тарас жарға арқасын сүйеп отыр, көкшіл көздері ағы ақ, қарасы қара күйінде көкке тігіліп қалыпты. Тек езуінен жылымшыладап аққан қан болмаса, жазым болды дейтіндей емес. Қажығали бетін басып, теріс айналып кетті. Неге екені белгісіз, оның жүзінен иманы тамған ибалы, үялшақ, әдемі әйелі, алдыңғы күні жеңіс тойын тойлағанда әкесінің тізесіне мініп отырған сүйкімді ұлы көз алдына келді. «Алдағана жазған-ай! Жетім қалдыңдар-ау!» — деді күйзелгеннен жүрегі қарс айрылып. Біреудің мырс-мырс жылағанын құлағы шалып, арт жағына бұрылып қараса, Марфа екен: баяғы орнынан екі елі жылжымай бұк түсіп отыр.

— Неғып отырсың? — деді бұл. — Саған бұл арадан жет деп еді ғой. Казактар қазір тағы да шабуылға шығады.

— Мейлі, шықсын. Жаңым артық па?

Қажығали пулеметін сүйретіп оның жанына келді. Екі көзі бұлаудай Марфа дауыс салып еңіреп қоя берді.

— Қанды қасап қып қырып салды ғой. Не жазығы бар еді жазғандардың! Кім үшін? Не үшін?

Қажығали оны қолтығынан алып орнынан түрғызды.

— Соғыс деген осы, Марфа. Қазір барсың, қазір жоксың. Ендігі шабуылдан кейін не боларымызды кім біледі? Бармыз ба, жокпыш ба!

— Құрысын, бүйткен соғысың құрсын! Қарғыс атсың! Кім ойладап тапқан мұны, ергізде екі дүниенің қызырын көрмегір! — Марфа екі бетін кезек шапақтаған, құдайдан медет тілеп, әлдекімдерге қарғыс жаудырды да, Қажығалидың жеңінен үстай алып, оның көзіне көзін тақады. — Кетейікші тезірек, қарғыс атқан мына жерден. Бұл бол-

маса күл болсын. Енді не қалды қудалада қорғайтын. Бәрі бітті! Құрыңы! Аман тұрғанымызда жүр кеттік! Кім білгенді, жарығымыз таусылмаса, әлі де оттап, су сулармыз.

— Қажығали басын шайқады.

— Немене, кетуге бастығыннан қорқамысың?

— Жок, корыққаниң емес. Парыз, қарыз деген бар, шырақым. Ал сен баралй... Бұл жерде енді кідіруге болмайды.

Казакхорыстар бұрынғы шебіне қайтып барып, аттарынан түспей іірілгей тұр. Жүректері шайлығып, жүндері жығыльы қалған ба, қайда шабуылға шығу ойларында жок сияқты. Оның есесіне үштөрт пулеметші жаяулап ілгері жылжыпты. Жаудың пифының оку қын емес-ті: жасақшыларды пулеметтөлемен бас көтертпей жер жастандырып тастан, сол сатті пайдаланып атты шабуылға шығу. Қажығали көзімен ұнтағылды жер іздеп, бос қалған окоптардың бірінен келіп жайғасты. Бірақ шағын ор еркін қозғалуға таршылық еткен соң, сол жерде жатқан сабысының күрекпен айналасын үңгіп кеңейтіп жатқанда, оның жанына Марфа келді.

— Казактар шабуылға шықпақ па?

— Негып жүрсің? Тезірек кетсеңші енді!

— Ешқайда кетпеймін.— Марфа Қажығалидың сөзін бит шаққан құрлық көрмей, орға сырғып түсе бастады.— Кума мені. Бәрібір кетпеймін. Не көрсем де өзіңмен бірге көремін. Сенсіз маған бұл өмірдің құны көк тиын.

Ол тар окоптың ішінде Қажығалиды қапсыра құшақтап демі біткенше ернінен тұншықтырып сүйді де, окоптың түбіне, Қажығалидың аяғының арасына отыра кетті. Қажығали оның төбесінен төніп, есенгірегендей тенселіп тұрып қалды.

— Ұрсаң да, өлтірсең де кетпеймін. Өлсем.— сениң жаныңда өлемін.

Марфа оның ерніне алақанын апарып еді, Қажығали әйелдің алақанын бетіне басып, бір сәт үн-түнсіз отырды. Марфа оның түрлідей тікірейген шашын сипады да, мұп-мұздай қолын жігіттің ашық омырауына тығып жіберді. Қажығали әйел қолының сұықтығын сезген жоқ. Бір ересен жабайы қүшденесін түршіктіріп жіберді. Марфанды белінен сыйымдап, айналымға келмейтін тар окоптың ішінде ұмаржұмар қылатында екі иінінен дем алып, ентіге түсті.

— «Ех, Марфа! Марфа! Уақыт барда неге өсітпедің! Діңкемді құрттыңғой...»

Эйел оның бәзеу-бәзеу бетін шөп-шөп сүйіп, өзі икемделіп бара жатты.

— Катында ес бола ма? Етегін жел ашпаған біреудей-ақ сонда бұлданғаным-ай. Киямет қайымның есік қағып тұрғанын мен байғұс білсемші. Қолыңдан қакпаймын, не істесен де еркің білсін, құдайым мақшарда жолықтырғай.

Пулемет қалқанына шалдыр етіп соғылып, зыңбетіп шоршып тұскен оқ дүниенің бас-аяғына келтіріп, естерін тез жиғызды. Жаудың пулеметшісінде қажындағы жеп юктан боран соқтыра бастапты. Қажығали жөпелдеп тез кірісті де, бір-біріне тігілген қос пулемет әп-сәтте иттей абаласты. Ор түбінде аяғына оралған Марфа кедергі болып, пулемет қалқанына дұрыс жасырына алмаған Қажығалидың кез алдынан әлдене шыбындай қараң етті де, бетін ойсыратып осып түсті. Ол тызылдал, қан дірдектемікоя берген бетін алақанымен басам дегендे, қолынан пулеметті шығарып алды. Марфа бақырып жіберіп тұруға үмтүлғанда, Қажығали оны тізесімен қеудесінен басып қыбыр еткізбеді де, белінен «лимонканы» жұлып алып, құлаштай лактырды. Екі ара граната жететіндей жер емес-ті. Бірақ қары ұзын Қажығали қарымды еді. Граната пулеметшілерге жақындал барып жарылды. Пулеметшілер сасқалақтап кері шегінгенде, Қажығали ордан атып шығып, екінші «лимонканы» зымыратты. Онысы пулеметшінің төбесінен асып барып бүрк етті. Қажығали пулеметін сүйрелей жөнеліп әлгілердің ізіне тұскенде, казактардың қатары өрт шыққандай у-шу болды да, ұмар-жұмар қара тасқын бері қарай лықсыды. Қажығали адамды да, басқаны да емес, қаптаған қалың аттың тұяғына тас байлағандай серендерген аяқтарын ғана көрді. Ол артта қалған окопқа шегініп үлгермеді, пулеметті алдына тосып, бір төмпенің жанына жантая кетті.

Пулемет оғы тұскен жерден аттар шоқ басқандай шыңғыра шоршыды: құлын жаны шығып аспанға тік қарғып шалқалай құлады, екіншілері мұрттай ұшып, тұмсығымен жер сүзді. Мойны астына кетіп, қүйрығымен кек тіреп шаншылып қалғандары қаншама. Адамдар да ат арасынан жалп-жалп етіп түсіп жатты. Бірақ ентелеген қалың нөпір азаяр емес-ті. От бүркіген пулемет қақалып үлгере алмады. Әсіресе сол қанаттан бір тобы дұрсілдетіп қоян-қолтық келіп қалған еді. Қажығали «лимонкаға» жармасты. Зымыраған жұдырықтай темір олардың қарсы алдарынан бүрк етіп қара жердің қыртысын аспанға лактырды. Қопарылған топырақпен бірге аузына көбік қатып,

арындаштарың келе жатқан аттар жоғары көтеріліп барып, аяқтары көктен-жерден бір келіп омырыла құлап, бөксесімен жер сзып сүйретіліп қалды. Қажығали келесі «лимонканы» жіберді. Ол гұрс еткенде, әлде түтін, әлде түтін мен топырақ арасынан аты бір жаққа, адамы бір жаққа бөлініп үшіп бара жатқанын көзі көрді. Қажығали белдігін сипап ештеңе таба алмаған соң, пулеметіне қарай шегіне беріп еді, осы кез түсініксіз бір таңғажайып жағдай болды. Заулан қеліп қалған казактар аттарының басын оқыс бұрып, жөпейдем жауылға қарай тырағайлай қашты. Өз көзіне өзі сенбей, бұл не тақап деп түрғанда, жағалау жақтағы атжадан бері ғасып, ғожаптар мағай жалпылдаپ шауып келе жатқан шанаңыларды көрді. Ылғи бір серейген серейген жалба тымактар мылтықтарын кезеп үстап, біреуі шанаалы, біреуі жаяу аспанды жаңғырықтыра қиқулап, ілгері өнмендеп келеді.

Қажығали олардың Ізбасарлар екенін үқты. Басқаны үфуға шамасы келген жок: оларға қарай екі-үш адым аттағанда, аспан жерге, жер аспанға шыққандай көз алдында дүние шыр айналды да, тәлтіректеп барып құлап түсті.

* * *

Ахтан Ізбасар теңізшілерін шырамытып «Көмек келді! Көмек!»— деп аттанға айғай қосып уралап тұра үмтүлғанда, окоптан шығып соына ілескен қара-құраның тым аз болғанына таң қалды. Аңы айғаймен ауаны жаңғырықтырып, аяғы-аяғына жұқпай шабуылшыларға қарай елден бұрын ентелеген Яшка. Көзілдірігімен алысып, құлап-тұрып Федот атай тордан шырмалып шыға алмай жүр. Ал окоптың арғы басынан бөріктері қалқиған бір-жар қарағана көзге шалынды. Бірақ куаныш артына қаратпай Ахтанды қолынан сүрелей дедектетіп ілгері ала жөнелді. Алақ-жұлақ етіп Ізбасарды көзімен іздеді. Ол да мұны қайдалап жанұшырып келе ме — тым ілгері озып кеткен екен. Ахтанды көріп қол бұлғап, кері жүгірді. Қырышық қар жапқан жазықта Ахтан әлі құрығаннан ба, әлде жердің тайғағынан ба шатқаяқтап адымын аша алмаса, ал аяғына мұздық байлаған Ізбасар көк мұздакты табанымен қаршыған ойып, аннан-мыннан бір басып желіп келеді. Әлгіндеғана ақ казактар ат ойнатқан ғалаңың ортасында екеуі құшактаса кетті.

— Ахтан!

— Ізбасар!

Екеуі бір-бірінің бетіне қарап алып, қайта құшактасты.

Бір бірін қатты-қатты қысып, арқадан қағып, айнала беріп қайта құшақтасып қапелімде ажыраса алмады.

— Амансыңдар ма, әйтеуір? Тірімісіндер?

— Шүкір... шүкір.

— Жете алмай келеміз. Кешігіп қалған жоқпыз ба?

— Енді сәл-пәл кешіккендерінде бітіп едік. Дер кезінде жеттіндер. Әйтеуір қойма аман.— Ахтан қар жамылып томсарған күмбезді қоймаларға иек қағып, Ізбасардың шынтағынан ұстады.— Әйтеуір бермедік. Сактаң қалдық.

— Арал да аман. Өртегелі жатқан жерінен құтқардық.

Поселке жақта тарс-тұрс атыс басталып кетті де, бұлар әңгімелерін ұзіп, елең етті. Казактар шеткі үйлердің тасасына тығылып алып, теңізшілерді ауылға енгізбей түрекен. Екеуі ауылға қарай аякты шапшандата басты.

— Өздері қанша?— деп сұрады Ізбасар.

— Елу шақты бар шығар.

— Е, ендеңе, қазір түріп шығамыз.

— Байқаңдар. Пулеметтері бар.

— Ол итің бізде де аз емес.

«Теңіз қарақшылары» атанған ұрыс-қағысқа тіскәкты көнігі балықшылар бұлардың келгенін құтпей, аттарын туарып тастап, шаналарды бетке қалқа қып, тұс-тұстан баспалап ауылға ене бастаған да екен. Екінші бір тобы бაқ арасымен сыналай кіріп алып, қоян-қолтық қеп, өкпе тұстан жармасқан. Теңізшілердің қарымын байқады ма — онсыз да кешелі-бері сілікпесі шыққан казак-орыстар айтарлықтай қарсылық көрсете алмай, ауылдың аргы басына қарай қағыла берген. Эйткенмен, тегеурінді теңізшілер оларды қара жолға шығуға үлгертпей, поселкенің терістік сыртындағы құрылышқа топырақ алатын терең шұнқырларға қуып тықты. Казак-орыстар шұнқыр-шұнқыр арасындағы жықыл-жықылмен тарыдай шашылып өтіп жатты. Дер кезінде шегініп үлгермей, жолдары кесілген казактардың екінші шағын тобымен осы шұнқырда жан алысып, жан беріскең қатты шайқас болды. Аттылары қарлы далаға қарай асып кетті де, жаяулары бас сұғар басқа тесік таппай, осы бытқылға бекініп алып кешке дейін атысты.

Ахтан мен Ізбасар ақ казактарды поселкеден қуып шыққан соң, ауыл ішінің кешелі-бері қан майдан боп қан төгілген жерлерін аралауға шықты. Поселке кәдімгідей жүдеп қалыпты: шеткі екі-үш үй, клуб құліғана қалып, тұп орнымен күйіп кетіпті. Тек жалын шалған пешінің мұржаларығана сорайып тұр. Олар жағалап отырып ауыл сыр-

тындағы құбырлы бекініске жақындай бергенде, бір топ қарға дүрліге үшты да, тұмсықтары қан-қан екі шибөрі құйрықтарын бұтына жымып, қалың жыңғылға қарай қағылды. Дал-дұлы шыққан зенбіректің жаны шашылған өлік. Көз тоқтатып қарауға жүздері шыдамады. Құзғын қарғалар өліктердің бетің шұқып тастапты, қорқаулар бір-екеуін шеткегі сүйреп апарып жарып жепті. Жаны түршіккен Ахтан шыдай алмай аспандағы қарғаларға оқ атып, ауыздарының қанын жалап арттарына бұрыла қарап тұрған қорқауларға кіжіне ұмтылып, үркіте қуып қайтып келді. Қайтып келді де, өліктерді аударып, аппақ бол үсіп кеткен беттеріне үңіліп Тенізбайды іздеді. Оның қылышпен кескіленген басы жоқ денесін киімінен ғана таныды да, көтеріп апарып шанаға салды. Неге екені белгісіз, ойынан тарс шыққан Қажығали осы қазір есіне оралып, Ахтаның дегбірі кетіп, құты қашты. Шанаға жантая беріп, атқа қамшы басты. Ізбасар шанаға азар ілікті.

«Апайрай, бұл адамды қойсайшы. Өзінің басы бүтін, ден-қарыны түгел болған соң, Қажығалиды үшты-күйлі ұмытқанын қараши». Әлгінде бұлар ұрандаған теңізшілердің айғайына айтақ қосып жанталаса ұмтылғанда, ол байғұс окоптан шықпай қалып еді. Бір пәлеге ұшырамаса қайтсін?! «Қап! Қап!»— деп келеді жүрегі суылдаған Ахтан, одан гөрі өзінің өлгені көп артық еді. Шындаған келгенде, осы қойманы кеуде салып, денесімен бітегендей қорғаған сол емес пе еді?! Арысым-ай, арыстаным-ай!

Корқылдақ мес торының кекілін жалпылдатып бақтың сыртындағы ашық аланға шыға келгенде, біреуді қолына көтеріп, ауыл шетіне жақындаған қалған Қажығалиды көріп Ахтан шанадан қарғып түсіп тұра жүгірді. Бетіне жұдырықтай қан, қатқан Қажығали Марфанды аяқ-қолын салаңдатып көтеріп келеді. Шанадан апыл-ғұптыл түсіп, құшақтай алған Ізбасармен ол иек ұшымен ғана амандасты да, тірі адамдай көкшіл көздері мөлдіреген Марфандың жүзіне үңілді.

— Оқ тимеген. Денесі сап-сау. Жүрегі жарылды ма, байғустың. Қусам да кетпеп еді. Жазым болды ақыры,— деді Қажығали.

— Талып жатқан жоқ па?

— Жоқ, әлдекашан жантәсілім еткен.

— Экел, шанаға жатқызайық,— деп еді Ізбасар, Қажығали басын шайқады:

— Өзім көтеріп апарайын. Иманды болғыр. Жақсы адам еді...

Кажығали әлде жарақаттан, әлде қайғыдан сансыраған есін әлі толық жия алмай тұрғандай еді. Кісіге қарағанда көзі қиғаштанип, тізесі бүгіліп теңселіп кетіп тұр. Сонда да әйелді қолынан тұсірмей, ауылға қарай көтеріп алғып кетті. Оның жүзінде жеңіске шаттану, Ізбасардың келгеніне қуану атымен жоқ, ол серіктерін жыға танымай шала шырамытқан сияқты еді.

Ахтан мен Ізбасар мінезі оғаштау көрінген қарағайдай алғып жігітті көздерімен ұзатып салып, жұндес мес торының ығында тұрып темекі орады.

— Кажығали мені танымады ма, қайтті? — деп сұрады Ізбасар.

Ахтан темекі тұтінін аузы-мұрнынан бұрқ-бұрқ еткізіп, Кажығалидың соңынан сүзіле қарап тұрып үйілеп ауыр күрсінді.

— Бұл сұргінде есінен бір рет танбаған адам аз шығар. Көресіні көрді ғой бәрі де.— Ахтан еңесін көтеріп оқса ұшқан аттардың, казактардың өлігі шашылған алаңға, одан әрі қойма жанындағы жасақтың жартысынан көбі қырылып қалған окопқа қарады да, Ізбасардың шынтағынан ұстады.— Қан көп төгілді, тым көп төгілді. Өтеуі қайтар ма, жоқ па?

— Неге қайтпасын,— деді Ізбасар.— Жаңа заман теңдік, бақыт алғып келеді. Өтеуі сол емес пе?!

Ахтан күрсініп тағы да өліктер шашылған алаңға, кешелі бері жасақшылар бекінген окоптарға, қоймалардың томсарған темір күмбездеріне, тұп орнымен тып-типыл бол өртеніп, сорайып мұржасы ғана қалған заводқа, өлігін жинап жатқан ауылға, аспанды қара бұлттай торлаған құзғын қарғаларға, бұлыңғырланып барып бұлтқа батқан өрт қызыл күнге жағалай көз қыдыртты.

Екі жыл бойы жас кеңес өкіметі қол созған Атырау жағасындағы мұнайлы өнірге жеңіс — өлім-жітімнің молдығы қабырға қайыстырып, еңсе жаздырмаған қантардың осындағы бұлыңғыр кешінде келді. Қызыл іңірде поселке сыртындағы жықпышты шұңқырдан ақ казактардың қалған-құтқанын түгел жайратып, жаралыларын шанаға тиеп, тірілей қолға тұскендерін желкелеп айдалап теңізшілер поселкеге қайтып оралды. Тұтқындардың арасында иығынан жараланған поручик Егоров та бар еді. Ай жарығында барак алдына сапқа тізілген оларды жағалап жүрген Ахтан оны тани кетіп, қалт тоқтады.

— Поручик Егоров!

Ахтан өз көзіне өзі сенбей, оның бетіне бетін тақады.

E:\18.09\2014\Audio\600

Сүйкіт жириң шашы мандайын жапқан жалаңбас Егоров етек-женін сәл-пәл жиып, бойын тіктегені болмаса, беті бұлк етіп сыртына сыр шығармады. Егоровтың атын есітіп Қажығали олардың жанына келді. Алты ай жаз бойы Үйшіктің қара түрмесінде көр азабын тартқызыған ата жауының бетіне антарыла қарап-қарап тұрып, жүзі шыдамай ол сырт айналып кетті. Ахтан сапты бастан-аяқ жағалап шығып, поручиктің жанына қайтып келді де:

— Осымен ойын тәмам, Егоров! Ортаға шық! — деді.

— Немене, ел көзінше атпақсың ба?

— Қаласаң — оңаша атайық. Одан не өзгереді? Енді саған қалай атылғаның бәрібір емес пе?

Денесі сырықтай тіп-тік Егоров аяқты санай басып ортаға шықты. Ахтан анталған теңізшілердің арасында, Ізбасардың жанында тұрған Қажығалиды тауып алыш:

— Қолыңа бердім. Не істеймін десен — еркін, — деді.

Қажығали шошып кетті.

— Ат дегенің бе? Жо-жок, атама! Мойныма қан жүктеп, обалына қалар жайым жок, екі бастан...

— Ол бізді аяп па еді?

— Қинама, Ахтан. Өтінем... Мен оны істей алмаймын.

— Әй, ақымак!

Ахтан белінен тапаншасын асыға суырып, сатыр-сұтыр оқтады да, жайлап басып Егоровтың жанына барды. Шашы бетін жауып салбырап тұрған Егеров басын қақшаң еткізіп, бойын қайта тіктеп алды.

— Асқактама, поручик! Сенің еңсенді басу маған боктан да оңай. Қажет десем — жалындырып жылатар да едім. Бірақ сенің орыс офицерінше намысқа жығылып, тік тұрып өлгің келген екен. Бердім қалауынды. Мә, өзің атылыш өл. Осыдан басқа жеңілдігім жок.

Ахтан алақанына салып тапанша ұсынды. Егоров еңсе бермегендей болғанмен, есендіреп қалған екен: біразға дейін ештеңенің мәнісіне бармай, тапаншаға үңірейе қарап тұрды да, абылап қана қолын созды. Ахтан: «Тентек болма, Егоров. Дұрыстап өле біл» деп ескертті де, браунингін қолына алыш, оның көк желкесіне барып тұрды.

Егоров шыбын жаннан баз кешкен безер емес-ті, өмірді сүйетін, Ресейдің қамы деп косетек бол шапқылап жүріп үйленуге де, көніл тоқтатып біреуге шындал ғашық болып та үлгермеген, жастық шағы шаны шұбалған майдан жолында өтті. Салқын қанды, салауатты ақыл иесі — поручик құр дәме, негізсіз қиялдан да аулак-ты: мандайымен жер ұрып, жалынып жыласа да кешірім болмайтыны айдан

анық, жұлдыздан жарық. Ажал ен-таңбасын салып, алалап келді. Киямет қайым күні жаналғышы боп басқа емес, майдан жолында кездейсоқ жолығысып, ә дегеннен жұлдыздары келіспеген Ахтан мен Қажығали болды. Егоров қанша тырбынса да оларды жеңе алмады, ақыры женіліп тынды. Сығыр көз қыр қазактары өзінен алымды да, шалымды да болып шықты. Жалғыз мұның ғана емес, жанына балаған Ресейдің де күні батты. Ішіне қан қатқан бұратаналар ши бөрідей шулап кеп, ақыры арыстандай Ресейді жығып еді. Енді мына опасыз тірлікте артқа қарап алаңдал, қимайтындей да дәнене қалған жоқ-ты.

Егоров осы ойын жанына азық етіп, еңсесін тіктеп аспанға қарады. Толық ай алашабыр бұлттың арасына бір батып, бір шығып зырғып барады. Аспан да, ай да суық, жат, бөтен көрінді. Ол күбірлеп дұғасын оқып, тапаншаның тұтқасын алақанына қаттырақ қысты да:

— Хош, мандай соры бес елі, бақытсыз Ресей! — деп тапаншаны самайына тақады да, шүріппені басты.

Тапаншадан бар-жогы қарға үркіп-үркіместей болмашы дыбыс шықты да, Егоров шашы жалбырап етпетінен сұлаң тусты.

Таң алдында жапалақтап қар жауды да, оның соны алақаншықтанып барып, ақыры текебүрқақ жаман борасынға айналды. Жел ішін тартып аш бөрідей ұлыды. Қара жолдарда беттері бір ашылып, бір жабылған өліктер шашылып жатты. Атырау өніріне тфу деген түкірігің жерге түспейтін, көз ашқызбас ала боран жайсыз қыс келді.



МАЗМҰНЫ

БІРІНШІ БӨЛІМ	3
ЕКІНШІ БӨЛІМ	83
ҮШІНШІ БӨЛІМ	205
ТӘРТІНШІ БӨЛІМ	264
БЕСІНШІ БӨЛІМ	357
АЛТЫНШЫ БӨЛІМ	473

Литературно-художественное издание

Анес Сараев

ДВУРЕЧЬЕ

Роман

На казахском языке

Редакторы *M. Асылғазин*

Суретшісі *F. Лұқманов*

Көркемдеуші редакторы *Ә. Тілеулиев*

Техникалық редакторлары *P. Винокурова, Н. Күшинарева*

Корректоры *C. Ыбраева*

ИБ № 4556

Теруге 29.08.90 жіберілді. Басуға 18.10.91 қол қойылды.
Форматы 84×108¹/₃₂. Қағазы № 2. Қаріп түрі «Тип таймс».
Шырыңқы басылыс. Шартты баспа табағы 31,92. Есептік
басылу табағы 34,63. Шартты бояу көлемі 32,87. Тара-
лымы 30 000 дана. Тапсырыс № 1778. Еркін ырықсыз
баға 23 сом.

Казақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпа-
рат министрлігінің «Жалын» баспасы, 480124, Алматы
қаласы, Абай даңғылы, 143-үй.

Казақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпа-
рат министрлігіне қарасты «Кітап» полиграфиялық кәсіп-
орындары өндірістік бірлестігінің Кітап фабрикасы,
480124, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 93-үй.